

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ
МИНИСТРЛІГІ
Ы. АЛТЫНСАРИН АТЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ БІЛІМ АКАДЕМИЯСЫ**



**ТІЛДІК ПӘНДЕРДІ ЖӘНЕ ЖМБ ОҚУ ПӘНДЕРІН АҒЫЛШЫН
ТІЛІНДЕ ОҚЫТУДЫ ЖЕТІЛДІРУ ЖӨНІНДЕГІ ӘДІСТЕМЕЛІК
ҰСЫНЫМДАР» ТАҚЫРЫБЫНДА ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР**

**Нұр-Сұлтан
2021**

Ұлттық білім академиясының Ғылыми кеңесімен баспаға ұсынылды.
(2021 жылғы «14» қыркүйек № 14 хаттама)

Тілдік пәндерді және ЖМБ оқу пәндерін ағылшын тілінде оқытуды жетілдіру жөніндегі әдістемелік ұсынымдар – Нұр-Сұлтан: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2021. – 960 б.

Методические рекомендации по совершенствованию обучения языковым предметам и учебным предметам ЕМН на английском языке – Нур-Султан: НАО имени Ы. Алтынсарина, 2021. – 960 с.

Жұмыста тілдік пәндерді және ЖМБ оқу пәндерін ағылшын тілінде оқытуды жетілдіру жөніндегі мониторинг нәтижелері, ЖМБ оқу пәндерін ағылшын тілінде толық енгізу режимінде оқыту сапасы туралы материалдар жинақталған. Мониторинг құралы, әдіснамасы, мониторинглеу механизмі ұсынылған. Сонымен оқыту процесінде қашықтықтан оқыту технологияларын пайдалану бойынша халықаралық және отандық тәжірибелер зерделеніп талдау жасалған. Тілдік пәндерді деңгейлік оқыту мониторингі нәтижесі және тілдік пәндерді оқытуды ұйымдастыру бойынша, сондай-ақ ЖМБ оқу пәндерін ағылшын тілінде оқытуда қашықтықтан оқыту технологияларын қолдану туралы әдістемелік ұсынымдар әзірленген.

Әдістемелік ұсыныстар облыстық (аудандық) әдістемелік орталықтардың/кабинеттердің басшылары мен әдіскерлеріне, білім беру жүйесінің ұйымдарының басшыларына, мектеп мұғалімдеріне арналған.

КІРІСПЕ

Көптілділік мәселесі – Қазақстан үшін ғана емес, бүкіл әлемнің алдында тұрған көкейкесті мәселелердің бірі, себебі, жаһандандыру және киберкеңістікке шыққан заман тілдерін білуді талап етеді. Көптілділік (полилингвизм) – нақтылы коммуникативтік жағдайдың әсер етуімен белгілі бір әлеуметтік ортада, мемлекетте бірден үшжәне одан да көп тілде сөйлей білушілік. Мұның өзі жеке адамның көптілділігі және ұлт пен ұлыстың көптілділігі болып бөлінеді. Көптілділіктің үш тілді меңгеру дәрежесі сол адамның немесе бүтіндей халықтың өмір сүрген тілдік ортасы, әлеуметтік, экономикалық, мәдени өмірі, тұрмыс-тіршілігі секілді көптеген факторларға байланысты. Ұлттық құрамы бірыңғай, бір ғана этнос мекендейтін мемлекетте көптілділік сирек кездеседі. Онда жеке адамның ғана көптілділігі ұшырасады. Көптілділік: жаппай көптілділік, ішінара көптілділік болып бөлінеді. Сондықтан тілдерді оқыту мәселесі бүгінгі таңдағы өзекті мәселелердің бірі.

Еліміздің әлемнің дамыған мемлекеттер қатарынан орын алу үшін бәсекеге қабілетті, жан-жақты дамыған жас ұрпақты қалыптастыру мәселесі алға шығып отыр. Өйткені, тек бәсекеге қабілетті азаматтар ғана Отанымыздың тұрақты дамуына, бәсекеге қабілеттілігіне өз үлесін қоса алады. Шығармашылық тұрғыдан ойлайтын, ой-өрісі, дүниетанымы дамыған, Қазақстан қоғамының әлеуметтік-экономикалық, рухани қалыптасуының жаңа міндеттерін іс жүзіне асыруға дайын жас ұрпақты тәрбиелеудің негізгі факторларының бірі – мектепте көптілді және билингвалды білім беруді жолға қою.

Көптілді білім – көп мәдениетті тұлғаны қалыптастырудың өзегі. Қазақ тілі – мемлекеттік тіл, ал орыс тілі мен шетел тілдерінің бірін білу тұлғаның ой-өрісін кеңейтеді, оның «сегіз қырлы, бір сырлы» тұлға болып дамуына жол ашады, ұлтаралық қатынас мәдениетін, толеранттылық және планетарлық ойлауының қалыптасуына мүмкіндік туғызады. Бүгінде тілдерді оқытуда көптеген жаңа әдіс-тәсілдер бар екені белгілі. Солардың бірі – тілдерді аудармасыз оқытуда тиімді әдіс-тәсілдерді пайдалана отырып, көптілділік саясатты ұстану.

Осы орайда тілдерді оқытуда келесі міндеттерді ұсынуға болады:

- ✓ Тілдерді аудармасыз оқыту арқылы меңгерту әдістерін ұсыну;
- ✓ Тілдерді Д.Петровтың кез келген тілді 16 сағатта меңгертуге бола алатын әдістемесін негізге алу;
- ✓ Тілдерді оқыту арқылы тыңдаушы психологиясын зерделеу;
- ✓ Тілді оқыту және тілдің фонетикалық интерпитациясына талдау жасау;
- ✓ Тілдерді аудармасыз оқыту барысында қолданылатын әдіс-тәсілдерді ұсыну;
- ✓ Кез келген тілді меңгеру техникаларына сараптама жасау;
- ✓ Тілдерді жетік меңгерген полиглот ғалымдардың еңбектеріне сүйену;
- ✓ Тілдерді меңгеруде туындайтын қиындықтарға тоқталу;

✓ Тілдерді аудармасыз меңгертудегі басшылыққа алынған әдістемелерді көрсету;

✓ Д.Петров әдістемесі негізінде қазақ тілін 16 сабақ шеңберінде аудармасыз меңгеру әдістемесін талдау (*Қазақ тілін аудармасыз оқытумен қатар ұйқас сөздер арқылы оқыту әдістемесін ұсынуға болады*);

✓ Қазақ тілін ұйқас сөздер арқылы меңгерту әдістемесін ұсыну;

✓ Тілдерді тиімді интербелсенді әдістер арқылы оқыту әдістемесін анықтау және т.б.

Тілдерді оқыту, көптілділікті меңгертуді жолға қою – бүгінгі таңдағы орта білім жүйесінде педагогикалық үрдістің негізгі бағыттарының бірі. Педагогикалық жұмыстың осы бағытындағы мәселелер, оларды шешу жолындағы ұмтылыстар, ізденістер нәтижесінде көптілді және билингвалды білім беру саласында біраз тәжірибе жинақталды.

1. Толық енгізу режимінде ағылшын тілінде оқытылатын «Физика», «Химия», «Биология» және «Информатика» оқу пәндері бойынша оқыту сапасы

Толық енгізу режимінде «Физика», «Химия», «Биология» және «Информатика» оқу пәндерін ағылшын тілінде оқыту ерекшеліктері

«100 нақты қадам» Ұлт Жоспарындағы 79-қадамдағы негізгі міндеттердің бірі орта мектептің жоғары сыныптарында және ЖОО-да ағылшын тілінде білім беруге өту болып табылады. Орта мектептің жоғарғы сыныптарында үш тілде білім беруге көшу жаратылыстану-математика бағытындағы кейбір оқу пәндерін ағылшын тілінде оқытуды көздейді.

Үш тілде білім беруге қатысты бағдарламалардың бірі - «Үш тілде білім беруді дамытудың 2015-2020 жылдарға арналған жол картасы».

Үш тілде білім беруді дамыту жол картасы білім алушылардың мемлекеттік тілді - қазақ тілін, қазақ тілімен тең ресми тіл ретінде қолданылатын орыс тілін және әлемдік қоғамдастыққа ойдағыдай кірігу құралы ретінде ағылшын тілін меңгеруге ықпал ететін білім ортасын жақсартуға бағытталған.

Онда бәсекеге қабілетті тілдік тұлғаны қалыптастыру және адам капиталын дамытуды жалпы білім беру салаларында үш тілді оқытып және меңгертуді қамтамасыз ету іс-шараларын кезең кезеңмен жүзеге асырудың негізгі бағыттары сипатталған.

Аталған жол картасында 7 стратегиялық бағыт қарастырылған. Олар:

1. Нормативті құқықтық базаны жетілдіру тармағында үш тілді оқытудың бірыңғай тіл стандартын әзірлеу, тіл пәндерінің оқу бағдармаларына өзгерістермен толықтырулар енгізу, CEFR-тіл оқытудың халықаралық стандарты негізінде деңгейлеп оқытудың бағдарламасын әзірлеу, екінші оқу тілі ретінде орыс тілін деңгейлік оқытудың моделі және іс-шаралар жөніндегі жоспарлары белгіленген.

2. Ғылыми-зерттеу қызметі тармағында үш тілде білім беру зерттеулерін жүргізу, гранттық қаржыландыруға қатысты ғылыми-зерттеу жобаларының жыл сайынғы конкурсын өткізу, үш тілде білім беру практикасын жақсарту үшін зерттеулер нәтижелерін енгізудің мониторингін жүргізу және т.б. жоспарларды іске асыру көрсетілген.

3. Әдіснамалық және оқу-әдістемелік қамтамасыз ету тармағында мектепке дейінгі балалар үшін жаратылыстану пәндерін және ағылшын тілін біріктіріп оқытудың оқу-әдістемелік құралдарын әзірлеу, сөздіктер дайындау, мектептер мен ЖОО-ы үшін үш тілді оқыту бағдарламасы мен оқулықтар дайындау және т.б. жауапты істер жоспарланған.

4. Институционалдық қолдау бойынша іс шаралар тармағында «Болашақ» бағдарламасымен маманданған түлектердің білім беру саласында сабақ беруін міндеттеу, оқыту қазақ немесе орыс тілінде емес орта білім беру

ұйымдарында қазақ тілінде, орыс тілінде және ағылшын тілінде үйірме ұйымдастыру бағыттары белгіленген.

5. Кадрларды даярлау және біліктілікті арттыру тармағында білім беру ұйымдарын педагог кадрлармен қамтамасыз ету, үш тілде білім беретін мамандарды даярлау, біліктілікті арттыру жұмыстарын қолға алу, онлайн курстарын ұйымдастыру түрлі жобаларды іске асыру сипатталған.

6. Ақпараттық сүйемелдеу тармағында үш тілде оқытатын медиалық өнімдерді жасау, үш тілде білім беру жүйесінің жай күйін аталған мәселелер бойынша баяндама жасау жөніндегі іс шаралар жоспарланған. Жоспарланып, оны орындау мерзімі нақты көрсетілген. Сонымен бірге биология, химия физика және информатика пәндерін ағылшын тілінде оқытуды жоспарлап, пән мұғалімдеріне ағылшын тілін үйрену курстарын ұйымдастыру және білім беру ұйымдарында кезең кезеңмен іс шараларды орындау міндеттері жоспарланып, көптілді білім беру мақсатында орындалуға тиіс тармақтарында басты стратегиялық бағыттар көрсетілген.

2008 жылы «Қазақстан Республикасында көптілді білім беруді дамытудың тұжырымдамасын» Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университет әзірледі.

Көптілді білім беруді дамыту Тұжырымдамасы – оқу орындарының әр түрлерінде көптілді білім беру идеясын, сонымен қатар оның дамуының негізгі кезеңдері мен бағытын жүзеге асырудың нормативтік-құқықтық, теориялық-әдіснамалық, ғылыми-әдістемелік және оқу-ұйымдастырушылық қамтамасыздандыруды анықтайтын көзқарастар жүйесі.

Тұжырымдамада көптілді білім беруді нормативтік-құқықтық, ғылыми-әдістемелік және оқу-ұйымдық қамтамасыз ету мен оны жүзеге асырудың кезеңдері қарастырылады. Құжат үш тілде білім беруді енгізудің бастапқы кезеңіне арналған

Елбасының 2001 жылғы 7 ақпанында № 550 Жарлығымен бекіткен «Тілдерді қолдану мен дамытудың 2001-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына» сәйкес 2010 жылы Абылайхан атындағы халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінің ұжымы «Қазақстан Республикасында шеттілдік білім беруді дамыту тұжырымдамасын» әзірленген

Тұжырымдама «тілді» және «өзге тілді» оқытуды қарастырады. Тілді оқыту қазақ және орыс тілдерін ана тілі және екінші тіл ретінде оқытуды, ал басқа тілді оқыту ағылшын тілін шетел тілі ретінде оқытуды көздейді. Орта, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудегі үш тілді меңгеру деңгейлерінің ауқымын анықтау тұжырымдаманың ерекшелігі болып табылады.

Тұжырымдамада еліміздегі тіл саясатының негізгі талаптарына орай «Үштұғырлы тіл» мәдени жобасын жүзеге асырудың теориялық және технологиялық жағынан қамтамасыз етуге байланысты үш тілді оқытудың ұлттық деңгейлік өрнегін жасау, көптілді білім берудің ғылыми-әдістемелік

тұрғыдан жүзеге асырудың себеп-салдары қарастырылған. Сондай-ақ бұл құжатта біріншіден, қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретінде дамуы; екіншіден, орыс тілін ұлтаралық тіл ретінде сақтау; үшіншіден, жаһандық экономикалы табысты интеграциялау тілі тұрғысында ағылшын тілін үйрену мақсатындағы практикалық тұрғыда шешу жолдары белгіленген.

Тұжырымдамада «үштілділік» ұғымына теориялық тұрғыда түсініктеме берілген. Тілдердің әлемдік тәжірибедегі қолданысын ескере отырып, білім беру жүйесін ұйымдастыру мен құрылымдық интеграциялауға, білім беру процесін басқарудың озық технологияларын игеруге, оның икемділігін әртараптандыруға және өзгеруге бейімделуіне мүмкіндік беретін жалпыға бірдей стандарттарды енгізуді көздейтін нормативтік-құқықтық база елдің әлеуметтік-экономикалық дамуының шарттары мен даму қарқыны екендігін сипаттаған.

Тұжырымдама мазмұны былайша өрнектелген:

- қазақ және орыс тілдері ана тілі ретінде А1 деңгейден С2 деңгейіне дейінгі аралық;

- қазақ және орыс тілдерін екінші тіл ретінде оқытатын орта мектептің бастауыш сыныптарда В2 деңгейіне дейін жеткізу, ал ЖОО-да С2 деңгейіне дейін меңгерілуі тиіс;

- кәсіптік білім беру В2 деңгейінен бастау.

Сонымен бірге деңгейлік білім беру жүйесі кестесінің өрнегі былайша түзілген:

А1 –мектепке дейінгі білім беру.

А2 –В1 –төменгі бастауыш (1 –4 сыныптар).

В2 – негізгі білім (5 –10 сыныптар).

С1 –С2 –(орта техникалық кәсіби білім мен жоғарғы кәсіби білім).

Барлық елдерде тілді меңгеру деңгейлері А1-А2 міндетті болып саналады. Арнайы сертификат беріледі. Испанияда С1-деңгейінің меңгерілуі 10-ыншы сыныптан соң емтихан негізінде анықталады. Францияда 3 рет тестік емтихандардан өтеді: бірінші шет тілі (ағылшын тілі В1-В2 деңгейлері бойынша), екінші шет тілі А1 деңгейінде, ал үшінші шет тілі (тағы да бір шет тілі) А1 деңгейлерін меңгеру бағаланады.

Елімізде үш тілде білім беру жүйесі негізінде кез келген қазақстандық азаматтардың екінші (Т2) және үшінші (Т3) шет тілдерін меңгеруіне басымдық берілуде, яғни еліміздегі тіл саясаты бір мезгілде үш тілді қарым-қатынас құралы ретінде қолдана білуіне ерекше мән беріп отыр[3,17Б.].

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 988 қаулысымен бекітілген «Қазақстан Республикасының білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» жаратылыстану-математика бағытындағы «Физика», «Химия», «Биология» және «Информатика» оқу пәндерін ағылшын тілінде және тілді кіріктіріп оқытуды көздейді .

Осы бағдарлама іс-шараларының бірі мектептердің дайындығын, ата-аналардың және білім алушылардың қалауын ескере отырып, мектептерде оқу пәндерін ағылшын тілінде оқыту болып табылады.

Ағылшын тілі халықаралық тіл. Бүгінгі күні ағылшын тілі АҚШ, Ұлыбритания, Канада, Австралия сияқты дамыған елдердің ресми тілі. Бұл әлемдік білім кеңестігіне еркін кіріп, ғаламдық ақпаратты, жаңа өнімді технологияларды меңгеруге бастау болатын тіл.

178 көптілді елдің ішінде үш тілде білім беруді табысты жүзеге асырушы 5 елді бөліп қарастыруға болады. Бұл елдердің PISA-2015 халықаралық емтиханы бойынша нәтижелері, оқытудың бір тілі ғана пайдаланатын елдермен салыстырғанда, жоғары.

1-кесте. Көптілді мемлекеттердің PISA-2015-тегі нәтижелерін ЭЫДҰ-ның орташа көрсеткіштермен салыстыру

Мемлекет	Оқу сауаттылығы	Математика сауаттылығы	Жаратылыстану сауаттылығы
Финляндия	526	511	531
Нидерланды	503	512	509
Швейцария	492	521	506
Испания	491	492	483
Люксембург	481	486	483
ЭЫДҰ б-ша орташа мәні	493	490	493

Қазақстан Республикасының алыс жақын елдермен саяси экономикалық және мәдени қатынастарын қалыптастырып, Интернет жүйесін жетілдіруге ықпал етеді. Тіл тек қана қарым қатынас құру құралы ғана емес, ол ел мен елдің мәдениетін, тарихы мен рухани байлығын тануда үлкен рөл атқарады.

Толық енгізу режимінде «Физика», «Химия», «Биология» және «Информатика» оқу пәндерін ағылшын тілінде оқыту үшін Халықаралық білім беру классификациясының стандарты негізінде оқыту керек.

Халықаралық білім беру классификациясының стандарты - **ISCED** тілдерді оқыту бағдарламасы[165]. Білім берудің халықаралық стандартты классификациясы (ISCED) - ЮНЕСКО -ның сыныптауы мен сипаттамасы бойынша мектептегі білім беруге деңгейі енгізілген. Білім беру классификациясы: топтау, бөлу, жіктеу. Еуропа елдерінде 2011-2014 жылдан бері осы бағдарлама қолданысқа ие.

ISCED деңгейлік оқыту бағдарламасының қысқаша мазмұны бойынша 3 жастағы балалар үшін көпір → 0 деңгей (ең төменгі деңгей А₁)

балабақша+отбасы бірлігі. А1 ең төменгі «0» деңгейді аяқтаған оқушы тілді оқуды 1-сыныпта жалғастырады.

ISCED – 1 бағдарламасында төменгі сыныптарда білім беруді белсендіру, фундаменталды дағдыларын қалыптастыру *оқылым және жазылым* әрекеті сызбасында және математика пәнін меңгеру көрсетілген. Бұл деңгейде ана тілінде базалық білім алады және бір шет тілінде білімін дамытады. Бағдарламада қарастырылған оқу материалдары 5 жастан 10 жасқа дейін тілді оқытуға байланысты жіктелген.

ISCED – 2 бағдарламасы орта білімге негізделген. Бұл құжат тілді оқыту төменгі сыныпта алған білімді жалғастыру мақсатында қарастырылған. Бағдарламада бірнеше пәнді оқытумен қатар шет тілін оқытуға қатысты ұстанымдар, әдістер қамтылған.

Аталған бағдарламада 11 жастан 12 жасқа дейінгі білім алу көрсетілген (Еуропа елдеріндегі оқыту осы бағдарламаны түрлі бағытта жүргізеді).

ISCED – 3 бағдарлама мазмұны орта білімді толықтыру деңгейлерін қамтиды. Бұл ЖОО-на дайындық бағдарламасы ретінде қарастырылған. *Бағдарлама құрылымы арнайы мамандық пәндерімен байланысты тізілген.* Тілді оқыту 15-16 жастан басталады және 2 не 3 жыл оқытылады.

ISCED – 4 бағдарламасы орта білім беру аяқталған соң ЖОО-да толық дайындықтан өтуі және оқушының тілдік дағдысын дамыту жолдарын қамтиды.

ISCED – 5 қысқа мерзімдік бағдарлама. Бұл бағдарлама мазмұны кәсіби білім беру және құзіретін қалыптастыру. Оны практикаға негіздеу (ЖОО-ға дейін), яғни В1-С1 деңгейлерінде білім беру ұстанымдары мен әдістеріне құрылған.

ISCED – 6 бағдарламасы ЖОО-да С1-С2 деңгейлерін меңгеруге байланысты жасалған.

Яғни, жалпы білім берудің келесі деңгейлері бар:

Мектепке дейінгі тәрбие (0 деңгей сәйкес ISCED)

Бастауыш жалпы білім беру (сәйкес 1 деңгей ISCED) - оқу ұзақтығы - 4 жыл

Негізгі жалпы білім (сәйкес 2 деңгей ISCED) - оқу ұзақтығы 5 жыл

Орта жалпы білім беру (сәйкес 3 деңгей ISCED) - оқу ұзақтығы - 2 жыл

Қазақстан Республикасының білім беру процесіне «Биология», «Химия», «Физика» және «Информатика» пәндерін ағылшын тілінде оқыту ISCED – бағдарлама негізінде жүзеге асуы қажет.

Қазақстан Республикасының білім беру процесіне «Биология», «Химия», «Физика» және «Информатика» пәндерін ағылшын тілінде оқыту ISCED – 3 бағдарлама негізінде С1 -С2 -деңгейде жүзеге асуы қажет.

Толық енгізу режимінде «Физика», «Химия», «Биология» және «Информатика» оқу пәндерін ағылшын тілінде оқыту ерекшеліктерін анықтау

үшін шетелдің және қазақстандық ғалымдардың ғылыми еңбектерін зерделедік.

Соңғы жылдары оқу пәндерін ағылшын тілінде оқыту аспектілері қазақстандық ғалымдар іске асырған ғылыми жобалар аясында зерттелді. 2008 жылы қорғалған Б.А.Жетписбаеваның «Үштілді білімнің теориялық-әдістемелік негіздері» тақырыбындағы диссертациялық зерттеуінде оқу пәндерін ағылшын тілінде оқытудың әдістемесіне тоқталады.

Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясында 2009-2011 жылдары «Көптілді білімнің жаңа білім беру парадигмасы контексінде қызмет көрсетудің ғылыми-әдістемелік негіздері» тақырыбында орындалған іргелі және қолданбалы ғылыми жобада ағылшын тілінде және оқу пәндерін шет тілінде оқыту мәселелеріне тоқталады. Тақырып жетекшісі п.ғ.д. Кабдолова К.Л.[167].

Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясында п.ғ.д. К.Н.Булатбаеваның басшылығымен 2012-2014 жылдары аралығында «Көптілді білімді орта және жоғары мектеп жүйесінде ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету» атты зерттеуі орындалды.

Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің профессоры, п.ғ.д. Б.А.Жетписбаеваның басшылығымен «Мектеп-ЖОО» жүйесінде көптілді білім сабақтастығын ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету, «Шетел тілдерін ертеден оқытудың ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету», «Көптілді білім (колледж-ЖОО) жағдайында инженерлік кадрларды үзіліссіз тілдік даярлауды қолдау» атты ғылыми зерттеулер жасалды.

Бұл зерттеулерде өзекті болған мектептегі тілдік емес пәндер бойынша оқулықтар мен оқу құралдары мазмұнын когнитивтік-коммуникативтік технологияларды есепке алу арқылы, мектеп пен ЖОО тілдік пәндер бойынша функционалды коммуникативтік технологияны есепке алу арқылы, мектептегі тілдік пәндер бойынша бірыңғай тақырыптық минимум мазмұнын, бейіндік мектепке арналған үш тілдегі оқулықтар мазмұнын жобалаудың ғылыми әдістемелік негіздері; «мектеп- ЖОО» жүйесінде тілдерді оқытудың деңгейлік жобасы негізіндегі көптілді білім сабақтастығының дидактикалық негіздері; орта және жоғары мектепте көптілді білім алу үшін үш тілдік жүйелердің лексикалық-грамматикалық құралдарының; үштілді функционалды лексикалық грамматикалық минимумның (орта және жоғары мектепте көптілді білім алу үшін); тілдік пәндерді оқытудың функционалды-коммуникативтік технологияларын және тілдік емес пәндерді оқытудың когнитивтік-коммуникативтік технологияларының жасалуына байланысты.

Ғылыми-зерттеу жұмысы, Қазақстан Республикасындағы тілдік білім практикасы ана және мемлекеттік (қазақ) тілдерінің, ана және орыс тілдерінің, ана және шетел тілдерінің, мемлекеттік (қазақ) және орыс тілдерінің, мемлекеттік (қазақ) және шетел тілдерінің, орыс және шетел тілдерінің

балансын орнатуға бағдарлану қажет кезде, көптілді тұлға категориясын зерделеуді көздейді.

Осы салада практикалық іске асырудың негізгі механизмі ретінде «білімді екі рет қабылдау» қағидасы болып табылады: нақты тілдік пәндерді зерделеу арқылы тілдік білім алу (қазақ, орыс, ағылшын) және жеке пәндерді оқыту, мысалы, ағылшын тілінде, жаратылыстану пәндерін (физика, информатика, химия, биология), қоғамдық-гуманитарлық пәндерді – қазақ немесе орыс тілдерінде.

Шетелдердің ғалымдарының жазылған ғылыми еңбектерін қарастырдық. Marsh, David «*CLIL/EMILE - Еуропалық контекст*» еңбегін пайдаландық.

CLIL тұжырымдамасын жасауға қысқаша тарихи шолу (пәндік-тілдік интеграцияланған оқыту) осы жалпы еуропалық шегінің айыру белгілерін түсінуге және оны түрлі формаларды қолдануға көмектеседі. Қолдану формалары CLIL (пәндік-тілдік интеграцияланған оқыту) Канада терминологиясына сәйкес жартылай енгізу бағдарламалары болып есептелетін канадалық енгізу бағдарламаларынан модульдік принциптерге негізделген перспективасы төмен жобасына дейін, мұнда бағдарламаның бір бөлігі бірінші тілде оқытылады (Я1), ал екінші бөлігі екінші тілде (Я2) оқытылады. Тілдік емес пәндерді екінші тілде оқытуға (Я2) оқу уақытының 15% бөлінетін, мақсатты тілді қолдану дәрежесі төмен, екінші тілде оқытуға (Я2) оқу уақытының 15% бастап 50% дейін мақсатты тілді қолдану дәрежесі орта және екінші тілде оқытуға (Я2) оқу уақытының 50% астам бөлінетін интенсивті CLIL бағдарламалары бар.

Сонымен қатар, шолуда бала бақшадан бастап және университетпен және жоғары оқу орнынан кейінгі біліммен аяқтап жиынтығында білімнің барлық деңгейлерін қамтитын бағдарламалар үлгілері келтірілген. 12 еуропалық елдерінің практикалық мысалдарын талдау пәндік-тілдік интеграцияланған оқыту (CLIL) негізінде жасалған табысты практиканың кең алуандығын көрсетеді.

Арнайы тарауда тілдерді игеруге және халықтың түрлі топтарына арналған білімді жақсартуға оңтайлы әсер ететін аталған бағдарламалардың практикалық пайдасын қарастырылады.

Құжат соңында табысты тәжірибелерді жинақтау бойынша ұсыныстар берілген.

Marsh, David «Кәсіби әрекет үшін қажет құзыреттерді интеграциялау» еңбегінде пәндік-тілдік интеграцияланған оқыту (clil) техникалық және кәсіптік білімде іске асыру бойынша практикалық қадамдарды ұсынады, өйткені тек екітілді білімнің кейбір нысандары дұрыс бейімдеу барысында тек қана элитарлық білім алу үшін ғана емес, барлық оқушыларға тиімді болып есептеледі.

Аталған кітап қолайлы стиль мен формада жазылған, институционалдық, жағдаяттық және нәтижелілік параметрлерді қамтитын үш тараудан тұрады.

Бұл кітаптың мазмұнын қадамға бөліп қарастыру арқылы оқырманға өзін-өзі тексеру парақтарындағы сұрақтар сериясын, сонымен қатар мамандарға комментарийлері бар талқылауға арналған мәселелерді ұсынады. Мысал ретінде, мақсаттары, міндеттерін іске асыру, кәсіпқорлар рөлі және қызметкерлер (команда түрінде оқыту үшін маңызды) арасындағы қатынастар, сонымен қатар мұғалімдер біліктілігін арттыруға қатысты мәселелер қарастырылатын тарауды алуға болады.

Сондай-ақ, мұғалімнің құзыреттілігі мен тілдік қажеттіліктерді талдауды қоса есептегенде түрлі аспектілерді бағалау қарастырылады.

Пәндік-тілдік интеграцияланған оқыту (Clil) бағдарламаларының барлық түрлері үшін екітілді оқыту негізі болатын оқушы мен мұғалім арасында өзара ықпалдастықты орнату қажет, өз әдістемелерін жинақтау мақсатында мұғалімдерге толтыру үшін сауалнамаларды беру қажет, сонымен қатар, кейін қолдануға керек болатын түрлі техника мысалдарын беру қажет.

Clil оқыту үдерісіндегі ерекше рөлін есепке алу арқылы пән мұғалімдері мен тіл мұғалімдері арасындағы өзара қатынастар бойынша пайдалы кеңестер беріледі.

Аталған еңбек екітілді бағдарламалары бойынша жұмысты бастайтындарға арналғанға қарамастан ол базалық тренингтерді жүргізу үшін, персоналды үйрету және қолданыстағы бағдарламаларды талдау үшін пайдалы болуы мүмкін.

2010 жылы Еуропалық кеңестің әзірлеген *«Жаратылыстану циклы пәндерін зерделеу/оқыту үшін қажет оқыту тілін игеру дағдыларын сипаттау элементтері (негізгі білімді аяқтаған соң)»* еңбегінде жаратылыстану бағытындағы пәндердегі тілдік аспектілерді қолдану бойынша ұсыныстарды қамтиды[171]. Бақылау сұрақтары ғылыми дискурске тән ерекшеліктерін қамтиды, бұл жаратылыстану циклы пәндерінің мұғалімдері үшін тілдік аспектілерді оқытуда пайдалы болуы мүмкін.

Зерттеу мына тараулардан тұрады:

- ғылыми білім құрылымдарының компоненттері бойынша бақылау мәселелерінің тізімі;

-жаратылыстану циклы пәндері бойынша әдістемелік құзыреттер компоненттері бойынша бақылау сұрақтары тізімі.

Сонымен қатар ғылыми білімді жинақтау, құрылымдау және сақтау мәселелері қарастырылады:

-жаңа (және ескі) білімдерді ұсыну, талқылау;

- білімдерді бағалау;

- ғылыми білімдерді нақтылау туралы пікірлері.

Зерттеуде жаратылыстану циклы пәндерін зерделеу үшін қажет арнайы тілдік және семиотикалық құзреттіліктер қарастырылады.

2010 жылғы Council of Europe «Көптілді және мәдениетаралық білімдегі бағалау» еңбегінде.

Аталған құжатта бағалаудың түрлі аспектілері сипатталады, көптілді бағдарламаларда қолданылатын бағалау және құзыреттілік мақсаттары анықталады, сондай-ақ арнайы бағдарламаларды практикалық қолдану мәселелері талқыланады. Мұнда бағалау неден тұратыны туралы түсініктеме беріледі, бағалауға сұраныс, нәліктен түрлі жағдайда әртүрлі бағалау - формативтік және суммативтік қолданылады және оқушыларды қалай бағалауға болатындығы туралы айтылады. Аталған құжат көптілді және мәдениетаралық білімге қатысты сипатталған бағалау үдерістерінің және бір тілден екінші тілге ауысумен (translanguaging) қатар билингвальды және үштілді бағдарламаларда түрлі тілдерді басқару бойынша бір қатар кеңестердің қамтылуына байланысты бұл еңбек пайдалы болып табылады.

Түрлі еуропалық бағдарламалар тәжірибесі негізінде (көптілді Швейцарияны қоса есептегенде) авторлар бағалау үрдісінде тек қана бір мақсаттық тілді қолданудың біртүлдік идеологиясы шегінен шығатын әдістерді сипаттайды, сондай-ақ, жауаптармен ауысу үшін екі немесе үш тілдегі диалог туралы айтады.

Толық енгізу режимінде «Физика», «Химия», «Биология» және «Информатика» оқу пәндерін ағылшын тілінде оқыту ерекшеліктерін анықтауда Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясында төменде әзірленген әдістемелік құралдарды пайдаланылды.

1. Оқушыларға қосымша білім берудің бағдарламаларын және жоғары сыныптарда ағылшын тілінде оқытылатын пәндер бойынша сыныптан тыс жұмыс бағдарламалары. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2016. – 321 б. .

2. Үш тілді білім беруге өту бойынша дайындық жұмыстарын ұйымдастыру үшін негіз ретінде қолданыстағы оқу бағдарламаларына талдау жүргізу бойынша (талдамалық анықтама). – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2016. – 256.

Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі

ұлттық іс-қимыл жоспарына сәйкес оқу жетістігін сырттай бағалау рәсімі шеңберінде білім алушылардың функционалдық сауаттылығы зерттелген. Мемлекеттік бағдарламаға сәйкес жалпы білім беретін мектеп оқушыларының халықаралық салыстырмалы зерттеулердегі нәтижелерін (оқушылардың білім жетістіктерін бағалау жөніндегі халықаралық бағдарлама -PISA), 4 және 8-сынып оқушыларының математика және жаратылыстану саласындағы сауаттылығын бағалау (TIMSS), («Оқу және мәтінді түсіну сапасын зерделеу») (PIRLS) және жаратылыстану-математика пәндері бойынша білім беру оқу бағдарламаларын жетік меңгерген оқушылардың үлесін арттыру қарастырылады. Сондай-ақ, үштілді білім берудің нормативтік және құқықтық базасын жетілдіру мақсатындағы Жол картасы бойынша қолданыстағы Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты(2012) мен оқу

бағдарламаларына (2013) талдау жасалады. Сараптамалық анықтамада зерттеудің нәтижесі көрсетілген.

3. Ағылшын тілін және жаратылыстану-математика бағытындағы пәндерді (информатика, физика, химия, биология, жаратылыстану) кіріктіріп оқыту. Оқу-әдістемелік құрал. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2016. – 94 б.

Оқу-әдістемелік құралда ағылшын тілін және жаратылыстану-математика бағытындағы пәндерді (информатика, физика, химия, биология, жаратылыстану) оқытудың принциптері, әдістері, түрлері және педагогикалық технологиялары, сонымен бірге CLIL технологиясы (тілдік-пәндік кіріктіріп оқыту), ағылшын тілін және информатика, физика, химия, биология, жаратылыстану сабақтарында кіріктіріп оқыту барысында оқушылардың білімін бағалау жүйесі қарастырылған. Сонымен қатар кіріктіру сабақтарының үлгілері, қазақ және ағылшын тілдерінде информатика, физика, химия, биология, жаратылыстану пәндерінің терминологиялары берілген.

Сонымен бірге «Информатика», «Физика», «Химия», «Биология», «Жаратылыстану» пәндерінің «Ағылшын тілі» пәні мазмұнымен түйісу шегін анықтау; ағылшын тілі пәнімен ЖМБ пәндерін кіріктіріп оқытудың ұстанымдары мен әдістеріне сипаттама беру; кіріктіріп оқытуды ұйымдастыру түрлерінің ерекшелігін белгілеу; ЖМБ пәндердің мазмұнын кіріктіру негізінде ағылшын тіліне кіріктіріп оқытудың педагогикалық технологияның мәнін ашу; ЖМБ пәндерді және ағылшын тілін кіріктіріп оқытуды ескере отырып тілдік құзыреттілікті бағалаудың ерекшеліктері қарастырылады.

4. Шағын жинақты мектептің біріктірілген 5, 6-сыныптарында ағылшын тілін кіріктіре оқыту. Әдістемелік құрал. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2013. – 65 б.

Әдістемелік құралда шағын жинақты мектептің біріктірілген 5, 6-сыныптарында ағылшын тілін кіріктіре оқытудың теориялық аспектілері мен әдістемелік жүйесі ұсынылған.

5. Мектептердің оқу үдерісінде CLIL-технологияны қолдану бойынша әдістемелік ұсынымдар. Әдістемелік ұсынымдар. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2018. – 73б.

CLIL-технологиясын қолдану бойынша әдістемелік ұсынымдарда технологияның тұжырымдамалық аппараты берілген. Бұл технологияны қолдану саласындағы табысты тәжірибелер, CLIL-технологиясы аясында тілдік және тілдік емес пәндердің өзара әрекеттесуіне арналған әдістемелік ұсыныстар сипатталған.

Бұл әдістемелік ұсыныстар CLIL-технология негізінде ағылшын тілін және жаратылыстану бағытының пәндерін (информатика, физика, химия, биология, жаратылыстану) интеграцияланған оқыту әдіснамасының негізгі ережелерін сипаттау мен түсіндіруге бағытталған. Осы мақсатқа жету үшін келесі міндеттер қарастырылған:

- CLIL-технологиясының мақсаты мен бағыттарын нақтылау;
- CLIL-технологиясын қолданудағы табысты тәжірибелер;
- CLIL мәнмәтіненде тілдік және тілдік емес пәндердің өзара әрекеттесуін ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар;
- CLIL мәнмәтіненде білім алушылардың тілдік және пәндік құзыреттіліктерін бағалау ерекшеліктерін сипаттау.

6. «Физика», «Химия», «Биология» және «Информатика» оқу пәндерін ағылшын тілінде оқыту процесінде терминологиялық аппаратты қолдану. Әдістемелік ұсынымдар – Нұр-Сұлтан: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2020. – 172 б.

Әдістемелік ұсынымдарда «Физика», «Химия», «Биология» және «Информатика» оқу пәндерін ағылшын тілінде оқыту процесінде терминологиялық аппаратты қолдану бойынша әдістемелік ұсынымдар берілген. Сонымен бірге Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептерінде ағылшын тілінде «Физика», «Химия», «Биология» және «Информатика» оқу пәндерін жүргізетін педагогтердің табысты тәжірибелерін жүйелеу негізінде әзірленген. Бұл нұсқаулықта ағылшын тілінде жүргізілетін ЖМБ оқу пәндері бойынша сабақтарда терминологияны оқытудың заманауи әдістерін, тәсілдері мен принциптерін тиімді пайдалану бойынша ұсынымдар берілген.

7. ЖМБ оқу пәндерін ағылшын тілінде оқытуда «ішінара енуді» ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар – Нұр-Сұлтан: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2020. – 172 б.

ЖМБ оқу пәндерін ағылшын тілінде оқу кезінде ішінара енгізу процесін ұсынады. Жинақта оқу пәндерін ағылшын тілінде ішінара енгізу режимінде оқытатын жалпы білім беретін мектептердің саны, сондай-ақ осы процесте ішінара енгізуді ұйымдастыруға арналған ұсынымдар берілген.

8. Білім алушылардың ЖМБ пәндерін ағылшын және оқыту (қазақ және орыс) тілдерінде оқуларының білім сапасын мониторингілеу нәтижесі бойынша әдістемелік ұсынымдар – Нұр-Сұлтан: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2019. – 168 б.

Жұмыста Білім алушылардың ЖМБ пәндерін ағылшын және оқыту (қазақ және орыс) тілдерінде оқуларының білім сапасын мониторингілеу механизмі, рәсімдері мен құралдары ұсынылған. Сонымен қатар құралда мониторинг қорытындыларына және мұғалімдерге арналған сауалнама нәтижелеріне, мұғалімдермен, білім алушылармен жүргізілген фокус-топтардың нәтижелеріне талдау берілген. Білім алушылардың ЖМБ пәндерін ағылшын және оқыту (қазақ және орыс) тілінде оқудың білім сапасын мониторингілеу нәтижесі бойынша әдістемелік ұсынымдар әзірленген.

9. Қазақстан Республикасындағы үштілді білім саласындағы ғылыми зерттеулер нәтижелері бойынша әдістемелік ұсынымдар. Әдістемелік

ұсынымдар. – Нұр-Сұлтан қ.: Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2019. – 152 б.

Қазақстандағы үш тілде білім беру саласында арнайы ғылыми зерттелген еңбектер мен олардың нәтижелеріне аналитикалық шолу жасалып, әдістемелік ұсынымдар әзірленді. Бұл әдістемелік ұсынымдар мұғалімдерге, оқу орындарының басшыларына, әдіскерлерге, Білім басқармаларының басшылары мен қызметкерлеріне және арнайы осы саланы зерттеуші жас ғалымдарға арналған.

10. Жаратылыстану-математикалық бағыттағы пәндерді ағылшын тілінде оқыту бойынша әдістемелік ұсынымдар. Әдістемелік ұсынымдар. - Нұр-Сұлтан қ.: Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2019.-176 б.

Жаратылыстану-математикалық бағыттағы пәндерді ағылшын тілінде оқыту бойынша бойынша әдістемелік ұсынымдар мұғалімдерге, білім беру ұйымдарының басшыларына, әдіскерлерге, Білім басқармасының басшылары мен қызметкерлеріне арналған. Аталған санаттағы қызметкерлер әдістемелік ұсынымдарды ЖМБ пәндерді ағылшын тілінде оқытуды әрі қарай дамытуға пайдалана алады.

Әлемдік білім беру іс - тәжірибесінде көптілді және билингвалды білім беру жаңалық емес. Ғылыми әдебиеттерде көптілді және билингвалды білім беру ұғымдарына көптеген анықтамалар берілген. Мысалы:

Билинг – білім алу саласындағы екінші тілді меңгеру, ал мультимәдениет – түрлі мәдени ортада өзінің мәдени сұраныстарын бірнеше мәдениет тоғысында қанағаттандыра алу қабілеті, яғни бірнеше тілді меңгеруге бағытталған білім.

Билингвалды білім – білім алу саласында екі тілді - ана тілін (Т1) және екінші (Т2) шетел тілін пайдалана білу.

Билингвалды оқыту – ана тілінен екінші тілге өтудегі аралық кезең. Қазақстан Республикасында үштілді білім беруді оқытуды енгізу кезеңінің басталуымен білім берудің инновациялық, көптілді моделін құру мақсатында ағылшын тілінде «Физика», «Химия», «Биология» және «Информатика» оқу пәндерін оқыту үшін жаңа терминдер мен ұғымдар, әдістер мен тәсілдер енгізілді.

Әлемде үштілді білім берумен салыстырғанда билингвалдық оқыту кеңінен таралған, оның шеңберінде негізгі құзыреттерді көрсете отырып, билингвалдық мұғалімдер үшін әртүрлі стандарттар жасалды.

Бұл құзыреттер мұғалімдердің деңгейі мен дайындығын анықтауға көмектеседі.

Сонымен бірге көптілді білім беру орын алған.

Көптілді білім беру – үштен көп тілдерді әртүрлі пәндерді оқыту үшін ресми түрде пайдалану, оқыту процесінде, кемінде, үш тілді пайдалану: ана тілін, өңірлік немесе ұлттық тілді және халықаралық тілді (ЮНЕСКО, 1999),

адамдардың жергілікті, мемлекеттік және жаһандық деңгейде білім алушылардан қоғамның толыққанды мүшесіне өтуін жүзеге асыратын оқыту процесі (Хорнбергер, 2009)

Аталған бағдарламаны орындаудың негізгі жолдарының бірі пәнді (информатика, физика, химия, биология) және тілді кіріктіріп оқыту.

Тілдік ортаға енгізу (ағылш. Language immersion programme) - пәндерді екінші тілде оқыту арқылы екінші (шетел тілі болуы міндетті емес) тілді оқыту бағдарламасы.

Мақсаты - оқушылардың тілдік құзыреттіліктерін дамыту немесе бірінші тілдің біліміне қосымша ретінде екінші тілді меңгеру сапасын арттыру

Пән мен тілді кіріктіріп оқыту (CLIL) - пәндік мазмұнын (тарих, физика және т.б.) оқушылардың екінші немесе үшінші тілінде оқыту әдістемесі.

CLIL тіл арқылы пәнді оқып-үйрену және оқытылатын пән арқылы тілді үйренуге басты назар салады. CLIL түрлі білім беру контексттерде – балабақшаның ересек тобынан ЖОО-ға дейін қолданылады.

Бұл тәсіл бір мезетте екі пәнді бірдей оқытуды жүзеге асыруға мүмкіндік береді, алайда негізгі назар тілге де, тілдік емес пәнге аударылады. Пәндік-тілдік кіріктіріп оқыту ұстанымында бірінші тіл, екінші тіл, үшінші тіл ұғымдары қалыптасқан.

Бірінші тіл (T1) қазақ тілі (орыс тілі немесе өзге ұлттық тіл). T1-ді баланың заңды өкілі бастауыш және негізгі орта білім беру деңгейінің оқу тілі ретінде таңдайды.

Екінші тіл (T2) орыс немесе қазақ тілдеріне қатысты болып, оқытудың қосымша тілі ретінде қолданылады.

Үшінші тіл (T3) әрқашан ағылшын тіліне қатысты қолданылады

Көптілді білім беру модельдерін «Биология», «Химия», «Физика» және «Информатика» пәндерін ағылшын тілінде оқытуда қолдануға болады.

Халықаралық тәжірибеде көптілді білім беру модельдерінің негізгі екі тобы бар: әлсіз (weak) және мықты (strong).

Әлсіз модельдер оқушылардың бір ғана тілді қолдануына әкеледі.

Ал мықты модельдер оқушылардың бірнеше тілді еркін меңгеруіне көмектеседі.

Әлсіз топқа үш модель жатады: дәстүрлі модель, өтпелі модель, тілдік ортаға мәжбүрлеп енгізу («sink or swim» тәсілі). Әлсіз топтың үш моделі 190-кестеде берілген.

2- кесте. Әлсіз топтың үш моделі

Дәстүрлі модель	Өтпелі модель.	«sink or swim» тәсілі
Оқыту тілін пайдаланылып, шетел тілі пән ретінде аптасына 2-3	Аз ұлттармен мен иммигранттарды қоғамда ассимиляциялауға арналған.	Тілдік ортаға мәжбүрлеп енгізу де («sink or swim» тәсілі) аз ұлттар мен

<p>сағат оқытылады. Нәтижесінде, оқушылар бір тілді болып қала береді. Бұндай модель әсіресе шетел тілін күнделікті қарым-қатынаста қолдануға мүмкіндігі жоқ өңірлерде (елдерде) тиімсіз. Ол кеңес үкіметінен кейінгі мемлекеттерде, соның ішінде Қазақстанда да кең таралған.</p>	<p>Оқушылар оқуды ана тілінде бастайды да, бірте-бірте екінші тілге (Т2) көшеді. Бұл жағдайда Т2 - елдің мемлекеттік тілі. 7-сыныптан оқушылар тек Т2-де ғана білім алады. Бұл модельдің басты шарты – екі тілді (Т1+Т2) мұғалімдердің болуы. Нәтижесінде, оқушылар ана тілін сабақта аз қолданып, екінші тілде сөйлейді. Мұндай модель АҚШ-та испан иммигранттары үшін қолданады.</p>	<p>иммигранттарға арналады. Алдыңғы модельмен салыстырғанда, бұнда оқушылар 1-сыныптан Т2-де білім алады. Мұғалімдер оқушылардың ана тілін рецептивті деңгейде ғана (тыңдалым және оқылым) біледі. Оқушылар ана тілін үйде ғана қолданады. Бірте-бірте оқушылар үйде де Т2-ні қолдануға көшіп, ана тілін аз қолданады да, тек бір тілді (Т2) ғана сабақта еркін меңгереді.</p> <p>Қазір бұл модель сирек қолданылады, өйткені иммигранттар мен аз ұлттардың құқығын бұзады және оқушылардың ынтасына кері әсер етеді</p>
--	--	--

Тілдік ортаға енгізудің мықты модельдер тобы 3 модельден тұрады.

Тілдік ортаға енгізу моделі екі тілдің функционалдық сауаттылығын қалыптастыру мақсатында мектеп оқушыларына арнап әзірленді. Оқушылардың бірінші тілі (Т1) – бұл жағдайда елдің ресми тілі. Екінші тілдің (Т2) елдегі мәртебесі, абыройы мен экономикалық маңызы жоғары. Оқушыларға екі тілді қандай жағдайда пайдалану түсінікті болу үшін бірінші және екінші тілдерді әртүрлі мұғалімдер оқытады. Екінші тілден сабақ беретін мұғалім осы тілді ана тілі деңгейінде немесе еркін (С1-С2) меңгеруі тиіс. Т2-де оқыту барысында мұғалімдер тек Т2-ні ғана қолданады және аударманы қолданбайды. Осындай оқытудың нәтижесінде, оқушылар екі тілді де еркін меңгереді. Мұндай модель әлемнің көптеген елдерінде (Канада, АҚШ, Жапония, Италия, Испания және т.б.) пайдаланылады.

Тілдік ортаға енгізудің үш түрі қолданылады: ерте, аралық, кешірек. Тілдік ортаға енгізудің түрлері 191- кестеде берілген.

3- кесте Тілдік ортаға енгізудің түрлері.

Тілдік ортаға енгізудің ерте түрі	Тілдік ортаға енгізудің аралық түрі	Тілдік ортаға енгізудің кешірек түрі
Тілдік ортаға ерте енгізу бағдарламасы балабақшада, балалар бес жасқа толғанда басталады.	Тілдік ортаға аралық енгізу бағдарламасы да Т1-де балабақшадан басталады.	Тілдік ортаға кешірек енгізу бағдарламасы 7-сыныптан басталады.
1-2 сыныптарда оқушылар толықтай Т2-де білім алады.	Тілдік ортаға ерте енгізу бағдарламасымен салыстырғанда, оқушылар балабақшадан 3-сыныпқа дейін білімді тек Т1-де ғана	Осы кезге дейін 1-сыныптан күн сайын 45-60 минуттан сабақ өту нәтижесінде оқушылардың Т2-де деңгейде оқудың белгілі бір

	алады. Т2 балабақшада пән ретінде күніне 30-60 минуттан оқытылады.	тәжірибесі қалыптасады.
3-сыныпта Т1 деңгейі пәнде оқытылады, ал 4-сыныпта басқа пәндер Т1-де (деңгейінде) оқытыла бастайды.	Пәндерді Т2-де оқыту әдетте 4-сыныптан басталады.	
5-сыныпқа қарай екі тілде оқытылатын пәндердің саны теңеседі (50%/50%). Кейбір мектептерде Т1-де оқыту 5 және 6 сыныптарда 20%-дан 60-70%-ға дейінгі аралықта болады.	4-сыныптан Т1 және Т2-де оқытылатын пәндердің арақатынасы бірдей болады (50% де 50%)	
7-сыныптан оқушылар Т2-де оқытылатын пәндерді өздері таңдай алады.		9-11 сыныптарда Т2-де оқытылатын пәндер таңдау бойынша оқытылады.

Екі жақты модельде бір сыныптағы Т1 және Т2-де сөйлеушілер саны бірдей болады. АҚШ-та испан тілі Т1 және ағылшын тілі Т1 болып табылатын оқушылар бір сыныпта білім алады. Бұл модель екі себеп бойынша тиімді болып есептеледі. Біріншіден, оқушылар бір уақытта екі тілді меңгереді. Екіншіден, өзге тілдер мен тілдік мәдениеттерге деген құрмет сезімі қалыптасады. Екі жақты модельдің екі түрі бар: 90/10 және 50/50 (2.1) 90/10 бағдарламасы 1-5 сыныптарда жүзеге асырылады, содан соң уақыт 50/50 бағдарламасының типі бойынша үлестіріледі (2.2) 50/50 бағдарламасы 1-11(12) сыныптарда жүзеге асырылады

Дәстүрлі екі тілді модель ресми түрде көптілді болып табылатын елдерге (Сингапур, Люксембург) арналады. Бір ресми тіл қолданылатын елдерде жүзеге асырылатын тілдік ортаға енгізу және екі жақты модельдерге қарағанда, дәстүрлі модельде екі немесе одан да көп тіл қолданылады. Келесі айырмашылық бағдарламаның ауқымдылығына байланысты. Тілдік ортаға енгізу және екі жақты модельдер жекелеген мектептерде қолданылады.

Әлемде көптілді білім берудің әлсіз және мықты модельдері бар. Қазақстанда, негізінен, әлсіз модель қолданылып келеді

Ал дәстүрлі екі тілді модель білім беру жүйесін толық қамтиды. Еуропада мұндай мектептер CLIL-мектептер деп аталады. Дәстүрлі екі тілді модель, әдетте, оқыту тілдерінің біреуі халықаралық (ағылшын) тілі болып табылатын халықаралық мектептерде қолданылады

«Физика», «Химия», «Биология» және «Информатика» оқу пәндерін ағылшын тілінде оқыту толық және ішінара еңгізу арқылы жүзеге асады.

Толық еңгізу - сабақтың барлық кезеңдерін ағылшын тілінде өткізуді білдіреді, бұл нақты мектеп жағдайын, мұғалімдердің, оқушылардың және ресурстардың дайындық деңгейін ескере отырып негізделген.

Ішінара еңгізу - бұл сабақтың жеке кезеңдерін, терминологияны, элективті курстардың жекелеген бөлімдерін, пәндік үйірмелер және басқа іс-шараларды ағылшын тілінде жүргізу.

Біздің қарастырып отырғанымыз толық еңгізу режимінде «Физика», «Химия», «Биология» және «Информатика» оқу пәндерін ағылшын тілінде оқыту.

«Физика», «Химия», «Биология» және «Информатика» оқу пәндерін ағылшын тілінде оқыту немесе кіріктіріп оқыту әдісі жалпы барлық дидактика тәрізді, қазіргі кезде қиын кезеңнен өтуде. Жалпы орта білім берудің мақсаттары өзгерді, жаңа оқу жоспарлары және пәндерді кіріктіріп оқытудың жаңа тәсілдері әзірленуде. Ал білім беру мазмұнын жаңарту оқытуды ұйымдастырудың дәстүрлі емес әдістері мен түрлерін, сондай-ақ түрлі пәндерді кіріктіріп оқыту сабақтарын қолдануды талап етеді. Сол себепті де білім берудің жаңа технологиялары пайда болуда, олардың бірі – CLIL пәндік-тілдік кіріктіріп оқыту технологиясы.

Елімізде үштілді білім беруді еңгізумен бірге пайда болған осындай ұғымдардың бірі – оқытудың пәндік-тілдік кіріктіру әдісі немесе CLIL. Оқытудағы пәндік-тілдік кіріктіру әдісі (бұдан әрі – CLIL) – бұл шетел тілі құралдарының көмегімен пәнді оқыту әдісін сипаттау үшін қолданылатын кең ұғым. Бұл тәсілдің басты мақсаты – пәнді оқу мен шетел тілінен тілдік дағдыларды жақсарту.

CLIL - екі мақсатты көздейтін оқыту әдістемесі:

1. Екінші немесе үшінші тіл арқылы пәнді оқыту
2. Пән арқылы тілді оқыту.

Тіл мен пәнді кіріктіріп оқыту ең алдымен тілдік іс-әрекеттің төрт түрін (тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым) меңгеруге бағытталған.

Жаратылыстану бағытындағы пәндерді оқыту контексінде еліміздегі ең маңызды тіл – ағылшын тілі болып саналады, ағылшын тілін оқыту үрдісіне кіріктіруді еңгізу – ең алдымен, оқушының сабақ үстінде дамуы мен оның психологиялық жағдайын ескере отырып, оқытуды нығайту мүмкіндіктеріне бағытталған. Жалпы білім беретін жаратылыстану-математика бағытындағы мектеп мұғалімдері үшін, орта білім беру мазмұнын жаңарту негіздерінің бірі, үштілді білім беруде заманауи CLIL әдісін белсенді қолдану өте тиімді. “CLIL әдісі: арнайы пәндерді ағылшын тілінде оқыту процесінде пән мен тілді кіріктіре оқыту”.

CLIL технологиялары шет тілін басқа пәндерді оқытуда оқудың қажетті құрал ретінде қарастырады. Яғни тілді үйрену кез келген пән саласы арқылы

жүргізіледі, демек CLIL шетел тілі сабағы емес, шетел тілінде өтетін пән сабағы.

Сонымен бірге оқушылардың тілдік қарыс-қатынастағы қажеттілігі мен мүмкіндіктерін ана тілінде ойлануларына жағжай жасайды. CLIL кезінде тіл мазмұнды зерттеу құралы ретінде қолданылады, ал мазмұн өз кезегінде тілді үйрену үшін ресурс ретінде қолданылады. CLIL оқыту әдістемесі үшін білім алушылардың ана тілінде емес оқытылатын пәндер қағидаты негіз болып табылады.

Мақсатты тіл – оқу материалын меңгеру құралы. CLIL технологиясының негізгі ұғымдарының ішінде шетелдік ғалымдар оның «4C» деп аталатын келесі міндетті компоненттерін ажыратады:

- шетел тілі арқылы пәнді, ерекше терминологиялық базаны оқудың кең спектрін және одан әрі кәсіби қызметке дайындықты қамтамасыз ететін пәндік мазмұндық компонент (Content);

- коммуникативтік дағдыларды дамытуға, шетел тілін тереңірек үйренуге жағдай жасайтын және алынған құзыреттерді қолданбалы мақсаттар үшін пайдалану мүмкіндігін беретін әлеуметтік-тілдік компонент (Communication);

- білім алушылардың мотивациялық құрамын арттыруға, әр түрлі оқу стратегияларын, оқу қызметінің нысандары мен түрлерін игеруге және пайдалануға ықпал ететін танымдық-оқыту компоненті (Cognition);

- мәдениетаралық қарым-қатынас дағдыларын дамытуды, басқа елдер мен халықтардың мәдениеті мен өзара қарым-қатынасының ерекшеліктерін оқу мен түсінуді білдіретін мәдени компонент (Culture).

CLIL арқылы оқыту міндетті оқу бағдарламасында да, бейресми қызметте де қолданылады. Бір пәнді оқыту бірнеше жылға дейін созылуы мүмкін. Оқытудың әдісі ретінде CLIL-мен оқытудың икемділігі, ең алдымен, мақсатты тіл арқылы оқытуға арналған уақыт мөлшерінің өзгеруінен көрінеді. CLIL арқылы оқыту жағдайында мақсатты тілді оқытудың қарқындылығы әртүрлі болуы мүмкін. Оны жаһандық, мемлекеттік және жергілікті тіл қажеттіліктерін ескере отырып, аз қарқынды және қысқа мерзімді, қарқынды және ұзақ мерзімді оқытуды ұйымдастыру үшін пайдалануға болады. Сонымен қатар, CLIL-мен оқытудың дәстүрлі тіл сабағына ешқандай қатысы жоқ, дәстүрлі сабақта тіл одан әрі пайдалану үшін оқытылады және тілді жақсы білу мақсат болып табылады. Пән мен тілді кіріктіріп оқыту жағдайында тіл үйренудің өзі мақсат емес. Тілді оқушылар қызықты және қол жетімді тақырыптардың көмегімен белсенді түрде оқиды.

CLIL-дің үш моделі белгілі:

- soft (жұмсақ) CLIL, language-led деп аталады, арнайы контексттің лингвистикалық ерекшеліктеріне назар аударылады;

- hard (қатты) CLIL немесе subject-led, оқу жоспарындағы пәндердің 50% - ы шетел тілінде оқытылады;

– үшінші модель осы модельдер арасындағы орташа позицияны алады және кейбір пәндер шет тілінде оқылған кезде қолданылады (partial immersion) [184].

Оқытылатын пәнге тілді «ішінара» және «толықтай енгізу» ретінде CLIL технологиясы негізінде оқытуды ұйымдастырудың әртүрлі нұсқалары болуы мүмкін


Тілдік ортаға «ішінара енгізудің» ерекшеліктері:

- негізгі оқу пәні («Физика», «Химия», «Биология» және «Информатика») бірінші тілде оқытылады (мектептің оқу тілі);
- мақсатты тілде сабақтың жеке кезеңдері өткізіледі (ұйымдастыру кезеңі, білімді өзектендіру, сабақты бекіту, рефлексия және т. б.);
- мақсатты тілде пәндік терминология оқытылады;
- мақсатты тілде пән бойынша элективті курстардың жеке бөлімдері оқытылады.

Тілдік ортаға «толығымен енгізу» кезінде:

- негізгі оқу пәні («Физика», «Химия», «Биология» и «Информатика») мақсатты тілде оқытылады (бізде ағылшын тілі);
- сабақтың барлық кезеңдері мақсатты тілде өткізіледі (жаңа материалды түсіндіру кезінде ерекше жағдайларға жол беріледі);
- негізгі оқу пәндері бойынша сабақтарда пәндік терминологияны қолдану дағдылары пысықталады;
- мақсатты тілде сыныптан тыс іс-шаралар өткізіледі;
- мақсатты тілде оқу пәні бойынша элективті курстар оқытылады.

Толық және ішінара енгізу ерешеліктері



CLIL шеңберінде шетел тілін ана тілінде сөйлейтін немесе CEFR:

Ішінара енгізу сабақтың жеке кезеңдеріне мән беруді қажет етеді. Пәндік терминологиямен жұмыс жасау міндетті. Пән бойынша элективті курстардың жеке бөлімдерін ағылшын тілінде оқытуға болады.

Толық енгізуде сабақтың барлық кезеңі ағылшын тілінде өтеді. Пәндік терминологияның сөйлеуде қолдану дағдыларына назар аударылады. Яғни «Физика», «Химия», «Биология» және «Информатика» сабақтары немесе оқу пәні бойынша элективті курстар толық ағылшын тілінде өтеді.

Сабақты өткізуге 9 шкаласы бойынша B2 - C1 төмен емес деңгейде шетел тілін білетін және CLIL саласында әдістемелік құзыретке ие пән оқытушыларына басымдық беріледі.

Қорытындылай келе, CLIL пәндік-тілдік кіріктіріп оқыту әдісі ретінде екі нәтижеге қол жеткізу: *шетел тілін және пәннің мазмұнын меңгеру үшін бір оқу бағдарламасы аясында екі пәннің әдістемелік үйлестірілген бірлестігі болып табылады.*

ЖМБ пәндерін ағылшын тілінде оқытуда *белсенді әдіс-тәсілдерді қолдану* оқушылардың сөздік қорын кеңейте отырып, жаңалық ашуға, әртүрлі бақылаулар, тәжірибелер жүргізуге ынталандырады. Қарапайым көрсетулер, тәжірибелер оқушыны өз бетімен ізденуге, танымдық және шығармашылық икемділіктерін дамытуға бағыттайды. Сонымен қатар, алған білімі өмірге деген қажеттілігін қанағаттандыру мақсатында меңгерілуі қажет екендігі оқушы санасына сіңіріледі.

Тіл мен пәнді кіріктіріп оқыту жағдайында, тілді білу пәннің мазмұнын зерделеудің құралы болып табылатынын есте сақтау қажет. Бұл жағдайда зейін арнайы мәтіндердің мазмұнына, сонымен бірге пәнге қажетті терминдерге де аударылады.

Ең бастысы оқушының ағылшын тілін меңгерудегі сөздік қоры толығыады, сөйлеу дағдысы қалыптасады.

Оқушылар сабақта оқушының ағылшын тілін меңгерудегі сөздік қорын қалыптастыруда төмендегі әдіс-тәсілдер қолданылады:

- терминдерді есте сақтау үшін «From Start to Finish» ойынын жүргізу маңызы жоғары. Ойын кезінде оқушылар топтарға бөлініп, физикалық терминдердің қазақша, ағылшынша аудармаларын дұрыс тауып, баспалдақ түрінде орналастыру арқылы есте сақтай алады;

-«Find the terminology» (терминдерді тап) ойыны барысында ағылшын әріптерінің орындары ауыстырылып, оқушы дұрыс жазылуын табуы қажет;

- «Tarsia» (Тарсия) әдісі арқылы оқушылар ағылшын тіліндегі анықтамаларды оқып, сәйкес орындарға терминдерді қояды;

-«Matching» (сәйкестендіру): қазақ-ағылшын терминдерінің немесе ережелердің дұрыс сәйкестендірілуіне негізделген;

-«True and False» (ақиқат және жалған) ойыны барысында оқушылар өздері сұрақ құрастырып, ағылшын тілінде айтылған анықтамасының дұрыс не бұрыстығына байланысты бір-бірінен жауап алады;

-«Cards» ойын әдісінде таратылып берілген парақшаларға сәйкес қандай тапсырма берілгенін анықтап, аудармасының жауабын табуы тиіс;

-Individual work «Who you fast?» – үй тапсырмасын тексеру барысында, яғни өткен тақырыптың терминдерін еске сақтау мақсатында қолданылады.

Толық енгізу режимінде «Физика», «Химия», «Биология» және «Информатика» оқу пәндерін ағылшын тілінде оқыту тек шетел тілінде жүргізіледі. Сондықтан, оқушының айналасында ағылшын тілді ресурстар неғұрлым көп болса, соғұрлым пәнді оқуда ағылшын тілін тезірек және тиімді меңгереді. Оқушының сабақты меңгеру сапасы артады.

Әрине, толық ендіру күнделікті өмірде күн сайын шетел тілінде сөйлесуді білдіреді. Алайда, күніне екі сағат болса да, ағылшын тілінде сабақ өту жақсы нәтиже береді.

Сабақта толық ендіру әдісін қалай қолдануға болады?

«Физика», «Химия», «Биология» және «Информатика» оқу пәндерін ағылшын тілінде ақпараттық - кәсіби салада техникалық ғылымға қызмет етеді және ғылыми-кәсіби салада маңызды.. Сондықтан бұл тек «Физика», «Химия», «Биология» және «Информатика» оқу пәндерін ағылшын тілінде білуді ғана емес жоғары тілдік құзыреттілікті талап етеді. Сабақ материалын шетел тілінде түсіндіру ғылыми және лингвистикалық тұрғыдан сауатты болуы керек.

«Физика», «Химия», «Биология» және «Информатика» оқу пәндерін ағылшын тілінде оқытатын мамандарды дайындауда жазба және ауызша қарым-қатынастың арнайы дағдылары:

-сұрақ қоя білуі,

- есептер шешімін дұрыс негіздей алуы,

-ғылыми-техникалық мәтіндердің мағынасын қатесіз баяндай білуі сияқты дағдылар қажетті.

Әйткенмен іс-тәжірибе көрсеткендей шетел тілінде физиканы оқытуда тек осы мәселе ғана емес қосымша келесідей мәселелер кездеседі:

а) оқу пәніндегі білім мазмұнын меңгерудің артуымен қатар білім алушыларда осыны меңгертудегі тиісті тәсілдердің болмауы;

ә) сабақтарда шығармашылыққа басымдылық берілетін жаңа инновациялық тәсілдерді қолдануға бөлінетін уақыттың аздығымен шектелуі.

Толық енгізу режимінде «Физика», «Химия», «Биология» және «Информатика» оқу пәндерін ағылшын тілінде оқытуда қолданылатын әдістердің ерекшеліктері:

- аудио мәтіндерді тыңдап қойылған сұрақтарға жауап береді, түсінгенін айтады;

- физикалық құбылыстарды, процестерді демонстрациялауға интернет желісінен алынған видео материалдар көрсетіледі;

- физикалық құбылыстар кескіні көрсетіліп, осы құбылысты ауызша баяндау ұсынылады.

Мәтінмен жұмыс:

Физика бөлімдері бойынша мәтіндерді бір тілден екіншісіне аударып ауызша мазмұнын айту қарастырылады.

Практикалық сабақтарды жүргізу үшін:

- есептер шығару;
- аудио мәтіндер бойынша сұрақтарға жауап беру;
- видео материалдар бойынша пікірталастыру, физиканың қандай да бір бөлімін қортындылау үшін белгілі бір тақырып бойынша эссе жазу және т.с.с.

Тіл оқыту бағдарламасына пәнді оқыту кіріктірілген, ал тақырыптық материалды талқылау үшін тілдік ортаға ену қажеттілігі оқылатын тақырып аясында тілді қолдануға ынталандыруды айтарлықтай арттырады. Мұндай сабақтар білімді меңгеруді ынталандыру және пәндік қажетті біліктерді дамыту бойынша көп жұмыс жүргізуді қарастырады. Бұған тек қана нақты пәнді зерделеу және тілді оқыту үшін қажетті арнайы іріктеліп алынған мәтіндерді оқу мүмкіндік жасайды, олар: лексикалық және грамматикалық бірліктер мен құрылымдар, тілдік іс-әрекеттің барлық түрлері: оқылым, айтылым, жазылым тыңдалым.

Жұмыс барысында оқушылардың қарастыратын тілдік материалының көлемі едәуір көптігі, балалар пәндік қажетті терминдермен өздерінің сөздік қорларын толықтырады.

Мұғалім сабақтардың пәндік мазмұнын ойластыруы, оқу курсының құрылымымен сәйкестендіруі және түрлі ресурстарды қолдану арқылы, тақырыпты толықтыратын немесе пысықтайтын материалды мұқият іріктеуі қажет.

Сонымен қатар тапсырмалардың түрлі деңгейлерін пәндік мазмұнға сәйкес етіп, оны түсінуге, тексеруге және талқылауға болатындай негіздеп әзірлеуі тиіс.

Кіріктірілген сабақта келесі элементтер болуы тиіс:

- тілдік іс-әрекеттердің дағдыларын (тыңдалым, айтылым – монологтік, диалогтік тілдесу, оқылым, жазылым) қалыптастыру мен дамытуға бағыттау;
- оқушыларды тілдік аспектілерді (сөздің айтылуын, лексиканы, грамматиканы); сабақтың кешенді мақсаттарын (ағылшын тілінде тілдесуге үйрету, ағылшын тілін қолдану арқылы танымдық іс-әрекетке оқыту) меңгерулеріне бағыттау;
- сабақ мақсаттарының оқу тақырыбына, ағылшын тілін оқыту бағдарламаларының және сол сыныпқа арналған оқу жоспарының талабына сәйкестігі;
- сабақтың оқу тақырыбы бойынша тілдік жаттығу материалдарын қолдану және тілдік жаттығуларды сабақтың мақсатына жетуге бағыттау;
- сабақтың негізгі практикалық мақсаттарына жетуге бағыттау; оқушыларды тілдік жаңа материалмен жұмыс істеуге дайындау; фонетикалық дағдыларды дамыту;

– **тыңдалымға үйрету:** қойылған мақсатқа жету үшін мұғалімнің қолданған тәсілдері; аудиомәтінмен жұмыс істеу кезеңдерінің әдістемелік негізделуі; мәтінді қабылдауға (тілдік қиындықтарды болдырмау, тілдік тапқырлыққа, алдын-ала білуге үйрету) дайындықты ұйымдастыру; қабылдау қызығушылығын ынталандыратын мақсатты тапсырма қою; магнитофон (күйтабақ ойнатқыш) қолдану; тыңдауды тиімді пайдалану; көзбен көру, көркем бейне, суретті көрнекіліктерді және тілдік және мағыналық тіректерді пайдалану;

– **айтылымға үйрету:** сөйлеуге арналған диалог-үлгілер, мәтіндер (ауызша, жазбаша), материалдарды іріктеу; ОТҚ, көрнекіліктер пайдалану; оқушыларға көмек ұйымдастыру және диалогтік (монологтік) пікір айтуды құрастыруды басқару; тірек түрлерін (жоспар, логикалық-синтаксистік сызбанұсқа, тірек сөздер, бастамасы және соңы және т.б.) қолдану; мұғалімнің қолданған ойын тәсілдері мен проблемалық тапсырмаларының тиімділігі;

– **оқылымға үйрету:** оқу техникасы дағдыларын және оқығанды түсіну біліктерін қалыптастыру; мәтін алды, мәтін кезіндегі және мәтіннен кейінгі кезеңдерде түрлі тәсілдерді, тапсырмаларды және жаттығуларды қолдану; мәтін бойынша жұмыс істеудің әр кезеңі міндеттерінің дұрыс шешілуі; түсінуді бақылауға арналған (ұсынылған сұрақтардың дұрыс жауабын табу, тірек сөздер негізінде мәнмәтінді суреттеу) тиімді әдістемелік тәсілдерді пайдалану; мәнмәтінді ауызша сөйлеуді дамытуға арналған негіз ретінде қолдану, оқытудың бұл сатысында мәтінді осылайша қолданудың мақсаттылығы; жаттығулардың тиімділігі;

– **жазылымға үйрету:** тәсілдер мен тапсырмаларды қолданудың дұрыстығы; оқытудың мақсатымен сәйкестігі (жазбаша мазмұндау, диалогтегі қақпа сөздердің кеңеюі, аннотация жазу; аудару, болашақта хабарлама, баяндама жасаудың жоспарын құрастыру, неғұрлым маңызды сөйлемдерді анықтау, жоспар, тезистер, тірек сөздер және сөз тіркестерін оқу процесінде конспект құрастыру).

Әдістемелік ұстанымдарды жүзеге асыру:

– ағылшын тілін оқушылармен тілдесу құралы ретінде үнемі қолдану;

– оқушыларды тек ағылшын тілінде сөйлеуге бағыттау үшін олардың ойлау қабілеттерінің негізі ретінде ана тілін пайдалану;

– неғұрлым күрделі материалды, тілдің стилистикалық, фразелогиялық ерекшеліктерін түсіндіру, оқушыларды өз пікірлерін айтуға дайындалуда көмек көрсету, ағылшын тілінде тілдесудегі қателіктердің нәтижесін салыстыру үшін тілдік бірліктің мәнін, мағынасын анықтау процесінде ана тілін қолдану;

– ана тілінде айтылған өзінің пікірлерін ағылшын тілінде қайталау; оқушылардың ана тілін қолдану (үнемі немесе қажетті тілдік құралдардың жетіспеуі жағдайында ғана).

Оқытудың мақсаттарына жету үшін келесі тұжырымдарды есте сақтау қажет:

1. Сабақта тілдесу әрекетінің барлық түрлерін дамытуға жағдай жасалуы тиіс.

Тыңдалым дағдысын дамыту үшін материалдың бір бөлігі аудиомәтін түрінде, сөйлесім дағдысын дамыту үшін – диалог және әңгімелесу арқылы берілуі тиіс. Тыңдалымды жазумен байланыстыруға болады (мысалы, кесте толтыру, сызбанұсқа құрастыру, бос орындарды толтыру).

Оқылым дағдыларын дамыту үшін оқушылардың жас ерекшеліктеріне және тілдік дайындық деңгейіне сәйкес келетін түрлі стильдегі түпнұсқалық мәтіндер іріктеп алу қажет. Мәтіндер көлемі жағынан онша үлкен емес бөліктерге бөлініп және суреттермен, сызбанұсқалармен, карталармен көркемделіп берілген жағдайда жақсы қабылданады.

Білім алушылардың сөздік қорын толықтыру және арнайы терминдермен таныстыру бойынша жұмыс үнемі жүргізіліп отыруы тиіс.

Сұрақ қою және жауап беру, өз ойын, пікірін айту, басқалардың пікірін тыңдау біліктерін қалыптастыру (рөлдік ойындар, проблемалық жағдаяттар, дебаттар және т.б.).

Оқушылардың білім жетістігін бағалау: «Физика», «Химия», «Биология» және «Информатика» оқу пәндерінің ағылшын тіліндегі материалдарды, ағылшын тілінде сөйлеу дағдылары мен біліктерін меңгеру деңгейі; сұрақ-жауап жұмысының, жаттығулар мен тапсырмалардың орындалуының, тестілеу, суреттермен, таратпа материалмен жұмыс істеудің тиімділігі.

Осымен, ағылшын тілі және физика, химия, биология, жаратылыстану, информатика пәндерін кіріктірілген оқыту барысында оқушылардың білімдерін бағалау жүйесі:

- 1) ағылшын тіліндегі сөз қорын толықтыруға;
- 2) өз ойын және ақпаратты ағылшын тілінде ауызша жеткізе білу біліктерін дамытуға;
- 3) мұғалім мен оқушының сөзін, аудио/бейнетаспаны тыңдау, ағылшын тілінде тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсіну біліктерін қалыптастыруға;
- 4) зерделеніп отырған тақырып бойынша ағылшын тілінде оқылған мәтінді түсінуге;
- 5) қажет жағдайда ақпаратты жазбаша нұсқасында жеткізуге бағытталуы тиіс.

«Физика», «Химия», «Биология» және «Информатика» оқу пәндерінің мазмұнын ағылшын тілінде түсіне және түсіндіре білуі.

Қазақстан Республикасының білім беру процесінде «Биология», «Химия», «Физика» және «Информатика» пәндерін ағылшын тілінде пилоттық режимде 153 мектеп ҚР БҒМ 31.11.2017 жылғы № 556 бұйрығына сәйкес (ҚР БҒМ 06.11.2014 ж. № 455 бұйрығына 4-қосымша) оқытады [185].

Қазақстанда үш тілде білім берудің 3 эксперименталды алаңы: «Дарын» РҒТО желісіндегі 33 мектепте, 20 Назарбаев зияткерлік мектебі және 30 Білім Инновация Лицейінде жүзеге асырылады.

«Физика», «Химия», «Биология» және «Информатика» оқу пәндерін ағылшын тілінде оқытуды толық енгізу ерекшеліктерін анықтау үшін қазақстанда оқу пәндерінің ағылшын тілінде оқыту тәжірибесін қарастырайық.

20 Назарбаев зияткерлік мектебі және 30 Білім Инновация Лицейі үш тілді пәндерді оқыту тілдері ретінде пайдаланатын көптілді білім берудің моделін қолданады.

Білім Инновация Лицейінде 9-сыныптан, қазақ тілді ортаға кешірек енгізу бағдарламасы жүзеге асырылады, бұнда орыс тілінде оқытылатын топтар оқу бағдарламасының 46%-ын қазақ тілінде оқиды. Қалған пәндер ағылшын тілінде оқытылады. Ал орыс тілі пән ретінде оқытылады.

Назарбаев зияткерлік мектебі оқушыларды пәндерді ағылшын тілінде оқуға 4 жыл бойы қарқынды түрде дайындайды, ал Білім инновация лицейі 4 айлық қарқынды тілдік дайындықты жүзеге асырады

Назарбаев зияткерлік мектебі және Білім инновация лицейі тілдік пәндер жүктемесінің көлемі, жалпы білім беретін мектептерге қарағанда, екі есе артық. Назарбаев зияткерлік мектебі мен Білім Инновация Лицейінде Т2 және Т3 бойынша апталық оқу жүктемесі 4-5 сағатты, ал жалпы білім беретін мектептерде 2-3 сағатты құрайды.

Т2 бойынша оқушылардан Назарбаев зияткерлік мектебінде С1 деңгейі, Білім инновация лицейінде В2-С1 деңгейі, жалпы білім беретін мектептерде В2 деңгейі күтіледі.

Т3 бойынша оқушылардан Назарбаев зияткерлік мектебінде С1 деңгейі, Білім инновация лицейінде В2 деңгейі, жалпы білім беретін мектептерде В1 деңгейі күтіледі. Назарбаев зияткерлік мектебіндегі және Білім инновация лицейіндегі тілдік оқытудың ерекшеліктері 192-кестеде берілген.

4-кесте. Назарбаев зияткерлік мектебіндегі және Білім инновация лицейіндегі тілдік оқытудың ерекшеліктері

НЗМ-дегі тілдік оқытудың ерекшеліктері	БИЛ-дегі тілдік оқытудың ерекшеліктері
3 тілді тілдік пән ретінде оқыту	4 тілді пән ретінде оқыту
Пәндерді үш тілде оқыту	Пәндерді екі тілде оқыту
Т1-ді 12-сыныпқа дейін оқу тілі ретінде пайдалану	Орыс тілінде оқитын сыныптарда Т1-ді 9-сыныпқа дейін оқыту
Ағылшын тілінде білім алуға ұзақ уақыт дайындау (4 жыл)	Ағылшын тілінде білім алуға қарқынды тілдік дайындық (4 ай)
Пәндерді ағылшын тілінде оқытуды 11-сыныптан бастау	Пәндерді ағылшын тілінде оқытуды 7-сыныптан бастау
Қазақ тілін оқыту үлесін бірте-бірте азайту	Қазақ тілінің оқыту тілі ретіндегі үлесін бірте-бірте арттыру
Қазақ тілдік ортаға ерте жастан енгізу	Қазақ тілдік ортаға кешірек енгізу

Математиканы Т1-де оқыту	Математиканы Т3-те оқыту
Екі бағытта (ЖМ және ҚГ) пәндерді ағылшын тілінде оқуға бірдей сағат санын бөлу	Бағыттар (ЖМ және ҚГ) бойынша пәндерді ағылшын тілін оқуға әртүрлі сағат санын бөлу
Ағылшын тілінде ана тілі деңгейінде сөйлейтін мұғалімдердің болуы	Ағылшын тілін ана тілі деңгейінде сөйлейтін мұғалімдердің болмауы
Мектепті бітіргенде ағылшын тілінің күтілетін деңгейі – С1	Мектепті бітіргенде ағылшын тілінің күтілетін деңгейі – В2
Сыныптан тыс шараларды үш тілде ұйымдастыру	Сыныптан тыс шаралар 4 тілде ұйымдастыру
Билингвалды топтық оқытуды қолдану.	Тілді жетік білетін мұғалімдердің пәндерден сабақ беруі.

«Физика», «Химия», «Биология» және «Информатика» оқу пәндерін ағылшын тілінде оқытуды толық еңгізу үшін көптілді білім беруді табысты жүзеге асырып жатқан 5 елдің тәжірибесін толықтай көшіру мүмкін емес, өйткені үш тілдің әртүрлі тілдік топтарға жатуы, өңірлердің арасында тілдік айырмашылықтардың болуы, ағылшын тілі ортасының болмауы, қала мен ауылдар арасында ресурстық айырмашылықтардың болуы Қазақстандағы тілдік жағдайдың ерекшеліктеріне жатады.

Үш тілде білім беруді одан әрі енгізу ғылыми-әдістемелік базаны терминологияны біріздендіру тұрғысынан дамытуды, ағылшын тілін пән мен тілді кіріктіріп оқыту және пәнге бағыттап оқыту әдістерін ескере отырып, әдістемелік сүйемелдеуді жетілдіруді, үш тілде білім беруді енгізу процесін нығайту мақсатымен жүйелі түрде толық енгізу режимінде «физика», «химия», «биология» және «информатика» оқу пәндерін ағылшын тілінде оқыту ерекшеліктерін нақтылауды қажет етеді.

«Физика», «Химия», «Биология» және «Информатика» оқу пәндерін ағылшын тілінде оқыту (CLIL) әдісін қолдана отырып оқыту кезінде оқушылардың тілдік дайындық деңгейін анықтау қажет екенін атап өткен жөн. CEFR «тілдерді меңгерудің жалпыеуропалық шеңберіне» сәйкес оқушылар базалық пайдаланушыдан төмен емес деңгейде екінші және үшінші тілдерді меңгеруі қажет. Бұл дегеніміз оқушылар мұғалімнің және сыныптастарының күнделікті қарым-қатынас жағдайында сөйлеген сөздерін есту арқылы түсінуі керек. Өздерін және басқаларды таныстыра білу, сұрақтар қойып, оларға жауап беру. Қысқа және қарапайым мәтіндерді нақты, оңай болжанатын ақпаратты табу арқылы түсіну. Қарапайым қысқа мәтіндерді жазу оларға нақты, оңай болжанатын ақпаратты табу. Қарапайым қысқа жазбалар мен хабарламаларды жазу.

«Физика», «Химия», «Биология» және «Информатика» оқу пәндерін ағылшын тілінде оқыту сабақтарында, мүмкін болса, оқуға керек, материалдың көп бөлігін анимация түрінде қолданып, аудио мәтін түрінде ұсынылуы мүмкін, оқытудың іздеу әдістерін қолдана отырып, материалды диалог пен әңгіме арқылы түсінуге болады.

Оқу материалын таңдау кезінде тыңдауды жазумен біріктіруге болады (кестелерді толтыру, сызбаларды құру, бос орындарды қалпына келтіру), оқушылардың жас ерекшеліктеріне және тілдік дайындық деңгейіне сәйкес келетін стиль бойынша әр түрлі аутентикалық мәтіндерді таңдау қажет. Сондай-ақ, аудио және бейне материалдарды пайдалануға болады.

Мәтіндер кішкене бөліктерге бөлініп, суреттермен, диаграммалармен, карталармен және т. б. сүйемелденсе жақсы қабылданады.

Халықаралық сарапшылар үш тілде білім беруді өңірлік ерекшеліктер мен әртүрлі нұсқаларды ескере отырып, басты кезеңдер мен индикаторлармен бірге ұзақ мерзім ішінде енгізуді ұсынады.

Алайда, мұғалімдер үш тілде білім беруге, соның ішінде пәндерді ағылшын тілінде оқытуға кедергі келтіретін бірқатар мәселелерді атап көрсетті:

- бірыңғай әдістемелік-нұсқаулық құжаттың болмауы;
- мұғалімдердің тілдік және әдістемелік дайындық деңгейінің төмен болуына байланысты психологиялық кедергілердің болуы.

Жоғарыда зерттелген зерттеулер негізінде толық енгізу режимінде «Физика», «Химия», «Биология» және «Информатика» оқу пәндерін ағылшын тілінде оқытудың ерекшеліктері анықталды.

«Толық енгізу режимінде ағылшын тілінде оқытылатын «Физика», «Химия», «Биология» және «Информатика» оқу пәндері бойынша оқыту сапасы» әдістемелік ұсынымдарында оқу пәндерін ағылшын тілінде оқыту үшін төмендегі ұсыныстар ұсынылады:

1. Оқу пәндерін ағылшын тілінде оқыту үшін оқушыларды ағылшын тілінде білім алуға ұзақ уақыт дайындау;
2. Пәндерді ағылшын тілінде оқытуды ішін-ара енгізуді 7-сыныптан бастау;
3. «Толық енгізу режимінде ағылшын тілінде оқытылатын «Физика», «Химия», «Биология» және «Информатика» оқу пәндері бойынша оқытуды 10 сыныптан енгізу;
4. Тілді жетік білетін мұғалімдердің оқу пәндерден сабақ беруі яғни ағылшын тілін еркін (C1-C2) меңгеруі тиіс (Сабақты өткізуге 9 шкаласы бойынша B2 - C1 төмен емес деңгейде шет тілін білетін маман өткізеді).
5. «Физика», «Химия», «Биология» и «Информатика» оқу пәндері немесе оқу пәні бойынша элективті курстар жыл бойы толық ағылшын тілінде өтуі (оқу пәнінің бойынша сабақтың барлық кезеңі) қажет.
6. Пәндік терминологияның сөйлеуде қолдану дағдыларына назар аударылады.
7. «Физика», «Химия», «Биология» және «Информатика» оқу пәндерін ағылшын тілінде оқытын оқушының деңгейі B2 - C1 төмен емес деңгейде болу керек.

«Физика», «Химия», «Биология» және «Информатика» оқу пәндері бойынша оқыту сапасы» әдістемелік ұсынымдарында оқу пәндерін ағылшын тілінде оқыту үшін Қазақстандық мектептер мен ЖОО-лардың үш тілде білім беруге дайындығына тоқталдық. Яғни:

- оқушылардың әлсіз тілдік дайындығы, ағылшын тіліне бөлінетін сағат санының аз болуы (аптасына 2 сағат) және ауызекі ағылшын тілін қолдануға қажетті тілдік ортаның болмауына байланысты оқу сапасының төмендеу қаупі;

- үш тілде білім беру барлық оқушыларға жарамды болмауы мүмкін;

- үш тілді білім беруге бірден өту баланың психологиялық және физикалық жағдайына кері әсер етуі мүмкін;

- тілдерді оқытуда мектеп пен ЖОО бағдарламаларының арасында сабақтастықтың болмауы: мектеп түлектері тілді қажетті (B2) деңгейде білмейтіндіктен, ЖОО-да мектепте өткен бағдарламаны қайта өтеді.

Үш тілді білім беру жүйесін бағдарламалық қамтамасыз етуге арналған ғылыми зерттеулер келесілерді ғылыми негіздеуге бағытталған:

- үш тілді білім берудің электронды контентін жасау;

- үш тілді білім беруді бағдарламалық ілеспе жасау республикалық жүйесін құру;

- *Coursera* типі бойынша бұқаралық ашық онлайн-курстарды дайындау және енгізу бойынша бағдарламалық кешенді құру.

Толық енгізу режимінде «Физика», «Химия», «Биология» және «Информатика» оқу пәндерін ағылшын тілінде оқытатын педагогтер кәсіби әлеуметтік желілерде тіркеліп, төменде көрсетілген цифрлық платформаларды қолдана алады:

- <https://www.khanacademy.org/>;

- <https://bilimland.kz>;

- <https://www.stem.org.uk/>;

- <https://www.pinterest.com/>;

- [Quizlet.com](https://quizlet.com/);

- <https://quizlet.com/238550914/heat-transfer-flash-cards/>;

- <https://quizlet.com/238550914/flashcards>.

ТОЛЫҚ ЕНГІЗУ РЕЖИМІНДЕ ЖМБ ОҚУ ПӘНДЕРІН АҒЫЛШЫН ТІЛІНДЕ ОҚЫТУ САПАСЫН ЗЕРДЕЛЕУ ЖӘНЕ ТАЛДАУ

«Биология», «Химия», «Физика» және «Информатика» пәндерін ағылшын тілінде пилоттық режимде 153 мектеп ҚР БҒМ 31.11.2017 жылғы № 556 бұйрығына сәйкес (ҚР БҒМ 06.11.2014 ж. № 455 бұйрығына 4-қосымша) оқытады.

2017-2018 оқу жылында «Жаңартылған білім мазмұнын пилоттық енгізу туралы «ҚР Білім және ғылым министрінің 2014 жылғы 06 қарашадағы бұйрығына толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 31 қазандағы №556 бұйрығы негізінде

жаратылыстану-математикалық бағыттағы пәндерді ағылшын тілінде оқытуға толық енгізу тәртібінде, 532 елдің орта білім беру ұйымы белгіленген жаратылыстану математика бағыты пәндерін оқыту бойынша пилоттық жоба іске қосылды (5-кесте).

5-кесте. 2017-2018 оқу жылында толық және ішінара енгізілген мектептер саны

Облыстардың атауы	Толық енгізу	Ішінара енгізу
Нұр-Сұлтан қаласы	14	13
Алматы қаласы	22	5
Ақмола облысы	7	15
Ақтөбе облысы	0	72
Алматы облысы	8	0
Атырау облысы	5	10
Шығыс Қазақстан облысы	14	9
Жамбыл облысы	3	44
Батыс Қазақстан облысы	6	0
Қарағанды облысы	10	46
Қостанай облысы	6	10
Қызылорда облысы	16	0
Маңғыстау облысы	3	23
Павлодар облысы	25	21
Солтүстік Қазақстан облысы	11	47
Оңтүстік Қазақстан облысы	3	61
Барлығы	153	376

153 мектепте пән мұғалімдері төрт жыл бойы толық енгізу тәртібінде ағылшын тілінде жаратылыстану математика бағыты пәндерін оқытады және 379 мектепте ішінара енгізу тәртібінде «Биология», «Химия», «Физика» және «Информатика» пәндерін ағылшын тілінде оқыту элементтерін енгізу жүргізіледі.

2019-2020 оқу жылында 8-11 сыныптарда «Физика», «Химия», «Биология», «Информатика» оқу пәндерін ағылшын тілінде оқыту ата-аналарының пікірін ескере отырып, білім алушылардың, педагогтардың және білім беру ұйымдарының дайындығына қарай мектептің педагогикалық кеңесінің шешімі негізінде жүзеге асырылады.

8-10 сыныптарда ағылшын тілінде жаратылыстану-математика бағыты оқу пәндерін оқыту білім берудің жаңартылған мазмұнының оқу бағдарламалары бойынша жүзеге асырылады. Осы оқу жылында жаратылыстану-математика бағыты пәндерін ағылшын тілінде оқытуға 3252 мектеп көшті, оның ішінде 251 мектеп толық енгізілген, 3001 мектеп ішінара енгізілген.

Ағылшын тілінде төрт пәнді оқытатын 7 728 пән мұғалімі жұмыс істейді, 8-ден 11-сыныпқа дейін 213 319 оқушы жаратылыстану-математика бағыты пәндерін ағылшын тілінде оқиды.

2020-2021 оқу жылында жаратылыстану-математика бағыты оқу пәндерін ағылшын тілінде оқытуға 32826 мектеп көшті, оның ішінде 552 мектеп толық енгізілген, 30826 мектеп ішінара енгізілген. Онда 11796 педагог жұмыс істейді, 400 мыңнан астам оқушы білім алады (6-кесте).

6-кесте. 2020-2021 оқу жылында жаратылыстану-математика бағыты оқу пәндерін ағылшын тілінде оқу туралы мәліметтер

	мектеп	білім алушылар	педагогтер саны	қосымша ақы алатындар
Барлығы	4366	534429	11796	11381
толық енгізу	552	124441	1869	1568
ішінара енгізу	3826	409708	9927	9786

«Физика» оқу пәні бойынша ағылшын тілінде 4040 мектеп білім береді, оның ішінде 573 мектеп толық енгізілген, 3611 мектеп ішінара енгізілген. Ал, «Биология» оқу пәні бойынша ағылшын тілінде 4366 мектеп білім береді, оның ішінде 620 мектеп толық енгізілген, 3780 мектеп ішінара енгізілген.

«Химия» оқу пәні бойынша ағылшын тілінде 3342 мектеп білім береді, оның ішінде 480 мектеп толық енгізілген, 2715 мектеп ішінара енгізілген. Ал,

«Информатика» оқу пәні бойынша ағылшын тілінде 4366 мектеп білім береді, оның ішінде 573 мектеп толық енгізілген, 3957 мектеп ішінара енгізілген.

«Биология», «Химия», «Физика» және «Информатика» оқу пәндері бойынша ағылшын тілінде оқу туралы мәліметтер 7-кестеде берілген.

7-кесте. «Биология», «Химия», «Физика» және «Информатика» оқу пәндері бойынша ағылшын тілінде оқу туралы мәліметтер

	«Физика» оқу пәні	«Химия» оқу пәні	«Биология» оқу пәні	«Информатика» оқу пәні
мектеп саны	4040	3342	4366	4366
толық енгізу	573	480	620	573
ішінара енгізу	3611	2715	3780	3957

Мұғалімдердің біліктілігі, еңбек жағдайлары және кәсіби дамуы сапалы білім беруде маңызды рөл атқарады.

Мұғалімдердің білім сапасы және олардың жұмыс істеу мүмкіндігі мектеп жүйесінің бәсекеге қабілеттілігінің маңызды көрсеткіші болып табылады. Пән мазмұнын сәтті оқыту ең алдымен тілді меңгерумен байланысты, ал тілді тереңдетіп оқыту пән мазмұнына байланысты. Тілді білу деңгейіне негізделген зерттеулер (L1, L2, L3) және когнитивті дамыту пән мазмұны мен тілді зерттеуге ықпал етеді.

«Биология», «Химия», «Физика» және «Информатика» оқу пәндері бойынша ағылшын тілінде оқытатын мектептерде жұмыс істейтін мұғалімдер үшін басты критерий - тек екінші емес, үшінші тілді білу, біздің жағдайда ағылшын тілін білу. Үш тілге баса назар аударылады, өйткені Қазақстан екі

тілді (қазақ-орыс) мемлекет. Тілдер бойынша жалпы еуропалық анықтамалық жүйеге сәйкес, CLIL технологиясын қолданатын мұғалімдер ең төменгі B2 деңгейіне ие болуы керек.

Тілдік құзыреттілік CLIL технологияларын қолдану арқылы көрінеді, кейбір жағдайларда пәнді ағылшын тілінде оқыту үшін B2-ден жоғары деңгей қажет болуы мүмкін. 8 кестеде CEFR сәйкес ағылшын тілін оқыту деңгейлерінің салыстырмалы деңгейі берілген.

Демек, жаратылыстану-математика бағытында оқу пәндерін ағылшын тілінде оқытатын мұғалім үшін тек тілді білу жеткіліксіз, өйткені үштілді білім берудің ерекшеліктерін, ағылшын тілінде оқытылатын пәндерді ескеру қажет, сонымен қатар қажет олардың пәнаралық интеграциясын қамтамасыз ету қажет. Біздің еліміздегі жаратылыстану математика бағыты оқу пәндерін ағылшын тілінде оқытатын педагогтер туралы мәліметтерді 8-кестеден көруге болады.

8-кесте. CEFR деңгейіне сәйкес ағылшын тілін оқыту деңгейлерінің салыстырмалы деңгейі

CEFR деңгейі	Деңгей — дескриптор		Сын ып	Ағылшын тілін білу деңгейі
Негізгі	A1	Жарамды деңгей	1	A1-ге қарай жұмыс
			2	A 1 төмен
			3	A 1 орта
			4	A 1 жоғары
	A2	Шектіге дейінгі	5	A 2 төмен - орта
			6	A 2 орта - жоғары
Орташа	B1	Шекті деңгей	7	1 төмен
			8	1 орта
			9	1 жоғары
			10	2 төмен - орта
	B2	Шекті ілгері деңгей	11	2 орта - жоғары

Толық енгізу режимінде 11796, ішінара енгізу режимінде 1869 педагогтер оқытады, олардың ішінде мамандар төмендегі деңгейлерді: режимінде A1 – 202, A2 – 213. B1 – 2219, B2 – 4987, C1 – 4003, C2 – 172 меңгерген.

9-кесте. 2020-2021 оқу жылында жаратылыстану-математика бағытындағы оқу пәндерін ағылшын тілінде оқытатын мұғалімдердің ағылшын тілін меңгеру деңгейлері

педагогтер саны	педагогтер саны	қосымша ақы алатындар	педагогтердің тілді A1, A2, B1, B2, C1, C2 деңгейлерінде меңгерулері
толық енгізу режимінде	11796	11381	A1 – 202, A2 – 213
ішінара енгізу	1869	1568	B1 – 2219, B2 – 4987

«Физика», «Химия», «Биология» және «Информатика» оқу пәндерін оқыту білім алушылардың бойында табиғат құбылыстары мен заңдылықтары туралы ұғым қалыптастырады, табиғатты танудың ғылыми әдістерін ашады, тәжірибеге бағдарланған дағдыларды дамытып, тұлғалық сапасын және құндылықтар жүйесін қалыптастырады.

7-сыныптан бастап білім саласы құрамына жаратылыстану білім беру бағытының: «География», «Биология» «Физика» және «Химия» пәндері кіреді.

Қазіргі жаратылыстану-ғылыми білім берудің мақсаты – табиғат құбылыстарын зерттеуде жүйелілік, сабақтастық принциптерін түсіну, ғылыми парадигманың өзгеруі жағдайында ғылыми дүниетаным мен әлемнің заманауи көрінісін қалыптастыру.

Жаңартылған мазмұндағы оқу бағдарламалары білім алушыларда міндеттерді анықтау, бақылау, болжау, жіктеу, талдау сияқты табиғатты танып, білу дағдыларын қалыптастырады.

Жалпы орта білім беру деңгейінде оқытылатын «Физика», «Химия», «Биология», «География» пәні бойынша оқу жүктемесі 10-кестеде көрсетілген.

Пәннің атауы	Сынып	Жалпы жүктеме, сағат			
		Үлгілік оқу жоспары (жаңартылған мазмұн)		Үлгілік оқу жоспары (төмендетілген жүктемесімен)	
		апталық	жылдық	апталық	жылдық
Физика	10-сынып (ЖМБ)	2	68	3	102
	10-сынып (ҚГБ)	1	34	2	68
	11-сынып (ЖМБ)	2	68	3	102
	11-сынып (ҚГБ)	1	34	2	68
Химия	10-сынып (ЖМБ)	2	68	3	102
	10-сынып (ҚГБ)	1	34	2	68
	11-сынып (ЖМБ)	2	68	3	102
	11-сынып (ҚГБ)	1	34	2	68
Биология	10-сынып (ЖМБ)	2	68	3	102
	10-сынып (ҚГБ)	1	34	2	68
	11-сынып (ЖМБ)	2	68	3	102
	11-сынып (ҚГБ)	1	34	2	68
Информатика	10-сынып (ЖМБ)	2	68	3	102
	10-сынып (ҚГБ)	1	34	1	34
	11-сынып (ЖМБ)	2	68	3	102
	11-сынып (ҚГБ)	1	34	1	34

Қазақстан Республикасының мектептерінде жаратылыстану математика бағытындағы оқу пәндерін ағылшын тілінде оқыту сапасын зерделеу және талдау үшін сауалдама жүргізілді.

Сауалнаманың сұрақтары келесі категориядағы респонденттерге арналған («Биология», «Химия», «Физика» және «Информатика» оқу пәндері бойынша ағылшын тілінде сабақ беретін мұғалімдер):

- физика пәні мұғалімдері;
- химия пәні мұғалімдері;
- биология пәні мұғалімдері;
- информатика пәні мұғалімдері,
- ата-аналар.

Онлайн-сауалнамаға жаратылыстану математика бағыты пәндерін ағылшын тілінде пилоттық режимде оқытатын 153 мектептің мұғалімдері (ҚР БҒМ 31.11.2017 ж.№ 556 бұйрық) қатысты.

Жаратылыстану математика бағыты пәндерін ағылшын тілінде оқытуға көшу үшін белгілі бір оң алғышарттар болды: ең алдымен, бұл «Биология», «Химия», «Физика» және «Информатика» оқу пәндері бойынша ағылшын тілінде оқыту, педагогтар, білім алушылар мен ата-аналар арасында түсіндіру жұмыстарын жүргізу және кейіннен олардың ниеті, білім беру ұйымдарының көшуге дайындығы: материалдық-техникалық ресурстардың болуы, ағылшын тілінде жаратылыстану математика бағыты пәндерін оқыту бойынша тілдік курстардан өткен педагогикалық кадрлар.

Республиканың «Биология», «Химия», «Физика» және «Информатика» оқу пәндері бойынша ағылшын тілінде сабақ беретін мұғалімдерге сауалнама жүргізілді.

Талдау келесі критерийлер бойынша жүргізілді: ағылшын тілінде оқытылатын пәндер, инвариантты және вариативті білім алушылар саны, жаратылыстану математика бағыты пәндерін ағылшын тілінде оқытатын мұғалімдер және олардың біліктілігі.

Сауалнама жүргізілгенде келесідей біліктілік санатының критерийлері ескерілді:

- екінші санат;
- бірінші санат;
- жоғары санат;
- «педагог»;
- «педагог-модератор»;
- «педагог-сарапшы»;
- «педагог-зерттеуші»

Жаратылыстану-математикалық бағыттағы пәндерді ағылшын тілінде оқыту бойынша сауалнамаға физика, химия, биология, информатика пәндерінің 645 мұғалімі қатысты (11 - кесте).

11-кесте - Онлайн-сауалнамаға қатысқан жаратылыстану-математика бағыты пәндерінің мұғалімдері бойынша мәліметтер

Оқытылатын пән атауы	барлығы			оқыту қазақ тілінде		оқыту орыс тілінде	
	барлығы	ауыл	қала	барлығы	ауыл	қала	
Физика							
Химия							
Биология							
Информатика							

Барлығы							
---------	--	--	--	--	--	--	--

Баланың басты ұстазы- ата-ана екенін ескерсек ата-аналардың пікірі өте маңызды. Сондықтан толық енгізу режимінде «Физика», «Химия», «Биология» және «Информатика» оқу пәндерін ағылшын тілінде оқыту оқушылар мен ата-анаға қалай әсер етіп отыр? Ата-ананың Физика», «Химия», «Биология» және «Информатика» оқу пәндерін ағылшын тілінде оқытуға, сабақ үлгеріміне қатысты қандай ұсыныстары бар? т.б., Физика», «Химия», «Биология» және «Информатика» оқу пәндерін ағылшын тілінде оқыту туралы пікірін білу үшін оқушы баласы бар респонденттерге «Сіз бір немесе бірнеше жаратылыстану-математикалық бағытындағы пәндерді (химия, физика, биология, информатика) ағылшын тілінде оқу идеясын қолдайсыз ба?» деген сауал қойдық.

Республика бойынша сауалға 21314 ата-ана қатысты, Респонденттердің ең көбі Алматы облысы, саны- 6547, Ақмола облысы, саны- 2803 және ең азы Алматы қаласы, саны -96, Қостанай облысы, саны-153, Солтүстік Қазақстан облысы, саны-159.

Сауалнамаға жауап берген ата-аналардың 56,5% «Физика», «Химия», «Биология» және «Информатика» оқу пәндерін ағылшын тілінде оқытуды қолдайтынын, 32,6% пәндерді ағылшын тілінде оқытуды қолдамайтынын, 12,8% жауап беруге қиналатынын көрсеткен (12- кесте).

12- кесте. «Физика», «Химия», «Биология» және «Информатика» оқу пәндерін ағылшын тілінде оқытуға ата-аналардың көзқарасы


регион	қолдаймын	қолдамаймын	жауап беруге қиналамын	респондент саны
Ақмола облысы	51,4%	35,0%	13,6%	2803
Ақтөбе облысы	59,5%	29,3%	11,2%	634
Алматы облысы	61,3%	29,8%	8,9%	6547
Алматы қаласы	63,5%	28,1%	8,3%	96
Атырау облысы	59,7%	33,2%	7,2%	2388
ШҚО	55,1%	33,3%	11,6%	303
Жамбыл облысы	60,1%	30,5%	9,4%	1027
Маңғыстау облысы	60,5%	31,1%	8,4%	1375
Қостанай облысы	37,3%	49,0%	13,7%	153
Қызылорда облысы	57,1%	31,7%	11,1%	315
Нұр-Сұлтан қаласы	55,2%	34,6%	10,2%	679
Павлодар облысы	57,4%	25,3%	17,3%	399
СҚО	40,0%	46,0%	46,0%	159
Түркістан облысы	64,5%	28,4%	7,1%	1573
Шымкент қаласы	62,1%	27,6%	10,3%	681
Қарағанды облысы	59,4%	28,0%	12,6%	729
БҚО	55,7%	33,6%	10,7%	1453
Барлығы	56,5%	32,6%	12,8%	21314

«Физика», «Химия», «Биология» және «Информатика» оқу пәндерін ағылшын тілінде оқытуды қолдайтын ата-ананың ең жоғары көрсеткіші Түркістан облысының (64,5%) үлесіне тиген. Ал ең төменгі көрсеткіш Қостанай облысы (37,3%) көрсетіп отыр.

Бұдан оқушылардың «Физика», «Химия», «Биология» және «Информатика» оқу пәндерін ағылшын тілінде оқуына ата-аналардың пікірінің арақатынасының алшақтығын байқауға болады.

Оқу пәндерін ағылшын тілінде оқытуды қолдамайтын ата-аналардың пікірінің басымдығын Қостанай облысы (49,0%) , Солтүстік Қазақстан облысы (46,0%) құрайды.

Жаратылыстану-математикалық бағытындағы пәндерді (химия, физика, биология, информатика) ағылшын тілінде оқу идеясына ата-ананың пікірі



90 суретте «Физика», «Химия», «Биология» және «Информатика» оқу пәндерін ағылшын тілінде оқытуға ата-аналардың көз-қарасы берілген. Суреттен Қазақстан Республикасындағы сауалнамаға жауап берген ата-аналардың көпшілігі «Физика», «Химия», «Биология» және «Информатика» оқу пәндерін ағылшын тілінде оқытуды қолдайтынын көреміз. Сонымен бірге «Физика», «Химия», «Биология» және «Информатика» оқу пәндерін ағылшын тілінде оқытуды қолдамайтын ата-аналарда бар.

Оның себептерін қарастыратын болсақ, ең алдымен, тілдік ортаның қалыптасуына қатысты болуы мүмкін. Өйткені Оңтүстік өңірлерге қарағанда Қостанай облысында орыс тілді ортаның басым екендігі баршаға мәлім.

Педагогтердің біліктілігін арттыру - оқыту мен оқыту сапасын арттыру үшін жаңа білім алуға, сондай-ақ бұрын алған кәсіби білімдерін, біліктерін, дағдылары мен құзыреттерін қолдауға, кеңейтуге, тереңдетуге және жетілдіруге мүмкіндік беретін кәсіптік оқыту нысаны.

Курстарды педагогтердің біліктілігін арттырудың білім беру бағдарламаларын іске асыратын келесі білім беру ұйымдары өткізеді: «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымы, «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы, «Бөбек» Ұлттық ғылыми-практикалық білім беру, сауықтыру орталығы, Түзеу педагогикасы ұлттық ғылыми-практикалық орталығы, Адамның үйлесімді дамуы Ұлттық институты, Ұлттық ғылыми-практикалық дене тәрбиесі орталығы, «Атамекен» ҚР Ұлттық кәсіпкерлер палатасы, меншік нысанына қарамастан және Жарғыға сәйкес курстар өткізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын жоғары оқу орындары, заңды тұлғалар, сондай-ақ облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының әдістемелік кабинеттері.

Біліктілік - тиісті кәсіби қызмет түрі шеңберінде жұмыстарды орындау үшін қажетті кәсіби білім, іскерлік, дағды және жұмыс тәжірибесінің жиынтығы. Сабақтың сапасы ұстаздың біліктілігіне қатысты.

«Физика», «Химия», «Биология» және «Информатика» оқу пәндерін ағылшын тілінде оқытатын мұғалім респонденттерге «Педагогтердің оқытатын пәні бойынша біліктілікті арттыру курсынан өту, өтпеуі туралы мәлімет?» деген сауал қойдық. Бұл сауалға жауап берген Республиканың мұғалімдерінің саны – 1613, оқытатын пәні бойынша біліктілікті арттыру курсынан өткені -76, 4%, өтпегені 23,5%.

Мәселен, Қостанай облысы бойынша педагогтердің оқытатын пәні бойынша біліктілікті арттыруы көрсеткіші -93,3%, Ақтөбе облысында 88,9%, Павлодар облысында 88,5%. Осыған жуық көрініс Алматы қаласында 86,2%, Қызылорда облысында 83,3%.

«Физика», «Химия», «Биология» және «Информатика» оқу пәндерін ағылшын тілінде оқытатын мұғалім респонденттердің біліктілікті арттыру курсынан өтпегендер де кездеседі, мысалы: Ең жоғары көрсеткішті Шымкент қаласы 50%, Нұр-Сұлтан қаласы 48,6%, көрсетеді, қалған аймақта көрсеткіштер төменірек. «Физика», «Химия», «Биология» және «Информатика» оқу пәндерін ағылшын тілінде оқытатын мұғалім респонденттерінің оқытатын пәні бойынша біліктілікті арттыруын 8- суреттен көре аласыздар.

«Физика», «Химия», «Биология» және «Информатика» оқу пәндерін ағылшын тілінде оқытатын мұғалім респонденттерінің оқытатын пәні бойынша біліктілікті арттыруы.

№	Педагогтердің оқытатын пәні бойынша біліктілікті арттыру курсынан өту, өтпеуі туралы мәлімет			
	Өңірледің атауы	Респонденттер саны	иә	жоқ
	Ақмола облысы	103	73,8%	26,2%
	Ақтөбе облысы	36	88,9%	11,1%
	Алматы облысы	419	64,9%	35,1%
	Атырау облысы	45	66,7%	33,3%
	БҚО	109	82,7%	17,3%
	Жамбыл облысы	151	77,5%	22,5%
	Қарағанды облысы	28	82,1%	17,9%
	Қызылорда облысы	84	83,3%	16,7%
	Қостанай облысы	15	93,3%	6,7%
	Маңғыстау облысы	168	76,2%	23,8%
	Түркістан облысы	278	75%	25%
	Павлодар облысы	26	88,5 %	11,5%
	СҚО	33	78,8%	21,2%
	ШҚО	36	80,6%	19,4%
	Нұр-Сұлтан қаласы	35	51,4%	48,6%
	Алматы қаласы	29	86,2%	13,8%
	Шымкент қаласы	18	50%	50%
	Барлығы:	1613	76,4%	23,5%

«Физика», «Химия», «Биология» және «Информатика» оқу пәндерін ағылшын тілінде оқытатын мұғалім респонденттерден мектептерде ағылшын тілінде оқытылатын жаратылыстану-математика бағыты пәндері бойынша тілдік және пәндік құзыреттіліктерге диагностика жүргізу жиілігіне талдау, сондай-ақ тілдік немесе пәндік құзыреттіліктердің жоғарылауына/төмендеуіне талдау жүргізілді (9).


«Физика», «Химия», «Биология» және «Информатика» оқу пәндерін ағылшын тілінде оқытатын мұғалім респонденттерінің оқытатын пәні бойынша білім алушылардың тілдік құзыреттіліктеріне жүргізілген диагностика.

Педагогтердің сабақ беретін пәні бойынша білім алушылардың тілдік құзыреттіліктеріне диагностика жүргізілуі туралы көрсеткіші

№	Өңірледің атауы	Оқу жылының			жыл бойы	жүргізілмейді
		басында және соңында	басында	соңында		
1.	Ақмола облысы	52,4%	1%	3,9%	36,9%	5,8%
2.	Ақтөбе облысы	50%	5,6%	8,3%	36,1%	0%
3.	Алматы облысы	55,1%	6%	5,5%	28,4%	5%
4.	Атырау облысы	46,7 %	6,7%	13,3%	28,9%	4,4%

5.	БҚО	47,3%	8,2%	6,4%	30%	8,2%
6.	Жамбыл облысы	47,7%	4,6%	9,9%	33,1%	4,6%
7.	Қарағанды облысы	50%	7,1%	0%	35,7%	7,1%
8.	Қызылорда облысы	40,5%	4,8%	7,1%	40,5%	7,1%
9.	Қостанай облысы	66,7%	6,7%	0%	20%	6,7%
10.	Маңғыстау облысы	46,4%	9,5%	11,9%	25%	7,1%
11.	Түркістан облысы	40,3%	7,6%	11,5%	30,2%	10,4%
12.	Павлодар облысы	46,2%	7,7%	3,8%	42,3%	0%
13.	СҚО	33,3%	6,1%	12,1%	39,4%	9,1%
14.	ШҚО	41,7%	11,1%	16,7%	27,8%	2,8%
15.	Нұр-Сұлтан қаласы	48,6%	5,7%	0%	45,7%	0%
16.	Алматы қаласы	48,3%	24,1%	10,3%	17,2%	0%
17.	Шымкент қаласы	33,3%	0%	16,7%	50%	0%
Барлығы:		46,3%	7,2%	8,1%	33,3%	4,6%

«Физика», «Химия», «Биология» және «Информатика» оқу пәндерін ағылшын тілінде оқытатын мұғалім респонденттерінің оқытатын пәні бойынша тілдік құзіреттіліктерге диагностика жүргізуі туралы мәлімет



91-суреттегі диаграммадан оқу жылының «Физика», «Химия», «Биология» және «Информатика» оқу пәндерін ағылшын тілінде оқытатын мұғалім респонденттерінің оқытатын пәні бойынша жылдың басында және соңында көп жүргізілмейтіні, жыл бойы үздіксіз диагностика өткізілмегені, тіпті диагностика өткізбейтін мектептерде бар екенін көреміз.

2020-2025 жылдарға арналған БҒДМБ іске асыру аясында «Негізгі құзыреттілік ретінде оқушылардың үш тілде сөйлеу дағдылары дамиды».

Сондықтан білім алушылардың тілдік құзыреттіліктерін анықтау, белгілі бір сыныпты таңдау, тілді меңгеру деңгейін анықтау, сондай-ақ білім алушылардың пәндік құзыреттілігін анықтау кезінде жол берілмейтін факт болып табылады. мектеп ішіндегі бақылау жоспарына оқу жылы ішінде міндетті түрде диагностиканы жүйелі өткізуді қарастыру қажет. **Тілді меңгеру деңгейі жоғары білім алушы ғана Физика», «Химия», «Биология» және «Информатика» оқу пәндерін ағылшын тілінде сапалы оқу мүмкіндігі болады.**

Білім берудегі мультимедия – таным процесінің жоғарылауына септігін тигізетін, білім беру мазмұнын интерактивті формада ұсынатын, дидактикалық ақпаратты-бағдарламалық құрал.

Мультимедиялық кабинет – арнайы бағдарламалармен қамтамасыз етілген интерактивті тақтаны, компьютерді және фото, бейне, графиктер, анимация және дыбыстың көмегімен нысандарды, үдерістерді және құбылыстарды ұсынуға мүмкіндік беретін жергілікті желіден тұратын бөлме.

Мультимедиа – пайдаланушыға диалогтық режимде әр текті деректермен (графика, мәтін, дауыс, бейне) жұмыс істеуге мүмкіндік беретін аппараттық және бағдарламалық құралдар кешені.

Мультимедия – жаңа бағыт, бұл компьютердің ақпараттың көптеген түрімен жұмысы, оған жоғары рұқсатты түсті графика, жүгіртпе және аққыш түстері бар динамикалық эффектілер, дауыстардың дыбысталуы және синтезделген әуенінің дыбыстары, толық түсті видеоклиптер және видеофильмдер кіреді. Мультимедиялық технологияларды тиімді қолдану білім беруде болашағы бар бағыт болып табылады. Қазіргі заманғы ақпараттық технологияларды пайдалану өз білімін көтеру тиімділігін арттыратыны сөзсіз. Оқыту мен білім беруді жылдамдатуда мультимедияны қолдану оқушылардың оқуға деген ынтасын, белсенділігін, қызығушылығын, оқу тапсырмаларын игеру мүмкіндіктерін көтереді.

14-кесте. Оқу пәндерін ағылшын тілінде оқыту үшін оқу кабинеттердің мультимедиялық жабдықталуы

№	Оқу кабинеттерінің мультимедиялық жабдықталуы туралы көрсеткіш				
	Өңірлердің атауы	Респонденттер	тек пәндік кабинет	барлық кабинеттер	мектепте бәріне ортақ бір орын
1.	Ақмола облысы	103	24,3%	47,6%	28,2%
2.	Ақтөбе облысы	36	22,2%	36,1%	41,7%
3.	Алматы облысы	419	23,6%	35,6%	40,8%
4.	Атырау облысы	45	24,4%	55,6%	20%
5.	БҚО	110	20%	41,8%	38,2%
6.	Жамбыл облысы	151	15,2%	50,3%	34,4%
7.	Қарағанды облысы	28	39,3%	50%	10,7%
8.	Қызылорда облысы	84	13,1%	28,6%	58,3%
9.	Қостанай облысы	15	26,7%	60%	13,3%
10.	Маңғыстау облысы	168	19,6%	24,4%	56%
11.	Түркістан облысы	278	21,6%	29,1%	49,3%

12.	Павлодар облысы	26	26,9%	50%	23,1%
13.	СҚО	33	21,2%	30,3%	48,5%
14.	ШҚО	36	38,9%	36,1%	25%
15.	Нұр-Сұлтан қаласы	35	17,1%	57,1%	25,7%
16.	Алматы қаласы	29	44,8%	44,8%	10,3%
17.	Шымкент қаласы	18	22,2%	16,7%	61,1%
Барлығы:		1613	24,7%	40,8%	34,3%

Қазақстан Республикасындағы оқу кабинеттерінің мультимедиалық жабдықталуы туралы сауалнамаға 1613 респондент жауап берген. Оның ішінде тек пәндік кабинет 24,7%, барлық кабинеттер 40,8%, мектепте бәріне ортақ бір орын 34,3% жабдықталғанын респонденттердің берген жауабынан көреміз. Сауалнамаға жауап берген Алматы облысының 419 респондентің 23,6% тек пәндік кабинеттік, барлық кабинеттер 35,6%, мектепте бәріне ортақ бір орын 40,8% деген пікірлерін көреміз. Түркістан облысының респонденттері-барлығы 278, тек пәндік кабинет-21,6%, барлық кабинеттер -29,1%, мектепте бәріне ортақ бір орын-49,3% деп жауап берген. «Физика», «Химия», «Биология» және «Информатика» оқу пәндерін ағылшын тілінде оқыту үшін оқу кабинеттердің мультимедиалық жабдықталуы міндетті. 92-суретте Оқу пәндерін ағылшын тілінде оқыту үшін оқу кабинеттердің мультимедиалық жабдықталуы берілген. «Физика», «Химия», «Биология» және «Информатика» оқу пәндерін ағылшын тілінде оқытқанда яғни, жаңа материалды меңгеру сабағында, зертханалық жұмыс орындауда, есептер шығару сабақтарында, тақырып пен тарауды оқуды аяқтау кезіндегі қайталау сабақтарында, білімді тексеру сабақтарында мультимедиялық қондырғылар кеңінен қолданыс таба алады. 3-суреттен оқу пәндерін ағылшын тілінде оқыту үшін оқу кабинеттердің мультимедиалық жабдықталуын көресетілген. Диаграммадан Қазақстан Республикасының мектептерінің көбінде барлық пәндерге ортақ бір Оқу кабинеттері бар екенін байқаймыз.

Оқу пәндерін ағылшын тілінде оқыту үшін оқу кабинеттердің мультимедиалық жабдықталу деңгейі



Қазіргі кезде ағылшын тілімен компьютер, телекоммуникациялық құралдарды меңгеруді уақыттың өзі талап етеді, тіпті кейінгі жылдары олардың рөлі зорая түсуде.

«Физика», «Химия», «Биология» және «Информатика» оқу пәндерін ағылшын тілінде оқытқанда білім алушылардың тілдік құзыреттіліктерін дамытуда мультимедиялық жабдыкталуы лексиканы оқып үйретеді; сөйлеу ырғағын; диалог, монолог және рөлдік ойындарды; грамматикалық құрылымдарды түсіндіріп, оқушылардың есінде сақтауға көмектеседі.

Оқыту мақсаттарын жүзеге асыруда оқу кабинеттерінің мультимедиалық жабдыкталуы бірнеше қызмет атқарады. Ол оқытуды дараландыруға, оқытудың тиімділігін артыруға және материалдық ресурстарға кететін шығындарды азайтуға да мүмкіндік береді. Оқу кабинеттерінің мультимедиалық жабдыкталуы оқу әрекетінің өнімділігін, білім алушының оқуға деген ынтасын арттырумен қатар, тың оқу материалы жинақталған аса маңызды ақпарат көзі болып табылады. Яғни, электрондық түрде пән мазмұнын (мәтін, кесте, сызба, диаграмма, бейне) беру арқылы ақпараттық қызмет атқарады, танымдық әрекеттер үрдісін басқаруға мүмкіндік береді. Оқу кабинеттерінің мультимедиалық жабдыкталуы оқытуды тиімділейді, яғни өздік жұмыс тапсырмаларын орындау барысында ақпаратты іздеуге кететін уақытты үнемдейді. Бұл білім алушының шығармашылықпен жұмыс істеуіне, басқа тапсырмаларды орындауына, уақытын оқу материалын көбірек игеруге жұмсауына мүмкіндік береді. Сондықтан білім алушының білім жетістігі жоғары болуы үшін «Физика», «Химия», «Биология» және «Информатика» оқу пәндерін ағылшын тілінде оқытатын мектептерде оқу кабинеттерінің мультимедиалық жабдыкталуы міндетті.

Қазақстан Республикасы білім беру жүйесінің ахуалы мен дамуы туралы ұлттық баяндамада (2019 жылдың қорытындысы бойынша). – Нұр-Сұлтан: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі, «Ақпараттық-талдау

орталығы» АҚ, 2020. – 366 бет.) 2016 жылдан бастап мемлекеттік күндізгі мектептерде оқытушы құрамға деген қажеттілік 42%-ға өсті деп жазылған. 8 кестеден күндізгі жалпы білім беретін мектептердегі мұғалімдерге сұраныс динамикасы көруге болады. Қазақстан Республикасы білім беру жүйесінде 2019 жыл бойынша 7 705 мұғалім жетіспейді. Оның ішінде Информатика – 328, Физика -430, Химия – 393, Биология- 171, Ағылшын тілі - 1 098. 11 кестеде Күндізгі жалпы білім беретін мектептердегі мұғалімдерге сұраныс динамикасы берілген.

15 - кесте. Күндізгі жалпы білім беретін мектептердегі мұғалімдерге сұраныс динамикасы, адам

Пәндер	2016	2017	2018	2019
Барлығы	4 480	4 952	5 267	7 705
Информатика	217	151	198	328
Физика	299	273	321	430
Химия	259	271	315	393
Биология	4	129	136	171
Ағылшын тілі	445	563	701	1 098

Сондықтан «Физика», «Химия», «Биология» және «Информатика» оқу пәндерін ағылшын тілінде оқытатын мұғалімнің сапасына ғана емес санына назар аударуды қажет етеді. «Ақпараттық-талдау орталығы» берген мәліметтерді ескере отырып жоғары оқу орындарында «Физика», «Химия», «Биология» және «Информатика» оқу пәндерін ағылшын тілінде оқытатын және «Ағылшын тілі» оқу пәнін оқытатын мамандықтар дайындау қажет.

Қазақстан Республикасында «Биология», «Химия», «Физика» және «Информатика» пәндерін ағылшын тілінде пилоттық режимде оқыту сапасын қарастырайық.

Ақмола облысы

2020-2021 оқу жылында *Ақмола облысы бойынша толық енгізу режимінде* 8-11 сыныптарда ЖАРАТЫЛЫСТАНУ МАТЕМАТИКА БАҒЫТЫ пәндерін ағылшын тілінде оқытатын мектептер 11 ауданда және 2 қалада орналасқан, білім алушылар саны - 1983 инвариантты компонент пәндері бойынша 375 оқушы білім алады.

Ең көп оқушы Целиноград ауданында 845 білім алушылар, инвариантты компонент пәндері бойынша барлығы 216 білім алушы оқиды. Степногорск қаласыныңдағы 596 оқушы *толық енгізу режимінде* физика пәнінен ағылшын тілінде білім алады, 107 оқушы инвариантты компонент пәндері бойынша оқиды. 2020-2021 оқу жылында Ақмола облысы бойынша толық енгізу режимінде 8-11 сыныптардағы Физика пәнін ағылшын тілінде оқыту бойынша 01.06.2021 жылғы мәлімет 16- кестеде берілген.

16 - кестеде. 2020-2021 оқу жылында *Ақмола облысы* бойынша толық енгізу режимінде 8-11 сыныптардағы Физика пәнін ағылшын тілінде оқыту бойынша 01.06.2021 жылғы мәлімет берілген.

№	Облыс атауы (қала)	Жаратылыстану математика бағыты пәндерін толық режимде ағылшын тілінде оқытын білім алушылар саны	Ағылшын тілінде оқытылатын пән	
			Физика	
			инвариантты, білім алушылар саны	вариативті, білім алушылар саны
1.	Атбасар ауданы	51	0	12
2.	Бурабай ауданы	33		5
3.	Көкшетау қаласы	21	0	0
4.	Сандықтау ауданы	8		
5.	Буланды ауданы	10	0	0
6.	Шортанды ауданы	118	0	8
7.	Ақкөл ауданы	102	25	0
8.	Целиноград ауданы	845	216	0
9.	Біржан сал ауданы	34	3	
10.	Жақсы ауданы	26	0	0
11.	Зеренді ауданы	139	8	10
12.	Ерейментау ауданы	84	16	
13.	Степногорск қаласы	596	107	0
	Барлығы	1983	375	147

Ақмола облысы бойынша Жаратылыстану математика бағыты пәндерін ағылшын тілінде оқытатын мұғалімдер және олардың біліктілігі: педагог-модератор -32, педагог-сарапшы-36, педагог-зерттеуші-36, педагог-шебер-2. Оның ішінде Степногорск қаласы педагог-модератор -15, педагог-сарапшы-7, педагог-зерттеуші-2, педагог-шебер-2. 13- кестеде 2020-2021 оқу жылында *Ақмола облысы бойынша толық енгізу режимінде* 8-11 сыныптардағы Жаратылыстану математика бағыты пәндерін ағылшын тілінде оқытатын мұғалімдер және олардың біліктілігі бойынша мәлімет берілген.

17 - кесте. 2020-2021 оқу жылында *Ақмола облысы бойынша толық енгізу режимінде* 8-11 сыныптардағы Жаратылыстану математика бағытыпәндерін ағылшын тілінде оқытатын мұғалімдер және олардың біліктілігі бойынша 01.06.2021 жылғы мәлімет

Облыс атауы (қала)	Жаратылыстану математика бағытыпәндерін ағылшын тілінде оқытатын мұғалімдер және олардың біліктілігі							
	екінші	бірінші	жоғары	педагог	педагог-модератор	педагог-сарапшы	педагог-зерттеуші	педагог-шебер
Атбасар ауданы	1			1	1	3		
Бурабай ауданы					1		2	
Көкшетау қаласы	0	0	0	0	0	0	1	0
Сандықтау ауданы	1	2	0	0	0	0	1	0
Степногорск қаласы	1	5	6	5	16	8	2	2
Буланды ауданы	0	0	0	0	0	0	1	0
Шортанды ауданы	0	2	0	0	4	1	1	0
Ақкөл ауданы	0	1		1	4	1	2	0
Целиноград ауданы	2	3	1	1	5	20	15	0
Біржан сал ауданы	1	1	0	0	0	1	2	0
Жақсы ауданы	0	0	0	0	0	1	0	0
Зеренді ауданы	0	3	0	0	0	2	3	0
Ерейментау ауданы	0	0	0	0	2	2	2	0
Барлығы	6	16	7	7	32	36	36	2

Жамбыл облысы

2020-2021 оқу жылында *Жамбыл облысы бойынша толық енгізу режимінде* 8-11 сыныптарында Жаратылыстану математика бағытыпәндерін ағылшын тілінде оқытатын мектептер Тараз қаласында орналасқан, білім алушылар саны - 858 инвариантты компонент пәндері бойынша 791-оқушы білім алады.

Дарынды балаларға арналған мамандандырылған ІТ лицей-интернатта-158, барлығы инвариантты компонент пәндері бойынша оқиды.

Үштілде оқытатын мамандандырылған дарынды балаларға арналған мектепте 84- оқушы білім алады, оқушылардың барлығы инвариантты компонент пәндері бойынша оқиды.

37 – кестеде 2020-2021 оқу жылында Жамбыл облысы Тараз қаласы бойынша толық енгізу режимінде 8-11 сыныптардағы Информатика пәнін ағылшын тілінде оқыту бойынша 01.06.2021 жылғы мәлімет берілген.

Аудан атауы (қала)	ЖМБ пәндерін толық енгізу режиміндегі мектептердің саны мен атауы	Білім алушылар саны	Ағылшын тілінде оқытылатын пән	
			информатика	
			инвариантты, саны	вариативті, саны
Тараз қаласы	Дарынды балаларға арналған мамандандырылған IT лицей-интернаты	158	158	158
	Үштілде оқытатын мамандандырылған дарынды балаларға арналған мектеп	84	84	0
	Дарынды ер балаларға арналған мамандандырылған «Білім-инновация» лицей-интернаты	367	367	139
	Айша бибі атындағы дарынды қыз балаларға арналған «Білім-инновация» лицей-интернаты	249	249	0
		858	858	297

38- кестеде 2020-2021 оқу жылында Маңғыстау облысы бойынша толық енгізу режимінде 8-11 сыныптардағы Информатика пәнін ағылшын тілінде оқыту бойынша 01.06.2021 жылғы мәлімет.

Облыс атауы (қала)	ЖМБ пәндерін толық енгізу режиміндегі мектептердің саны мен атауы	Білім алушылар саны	Ағылшын тілінде оқытылатын пән	
			Информатика	
			инвариантты, саны	вариативті, саны
Қызылорда қаласы	№5 мектеп-лицей	91	0	1
	№7 мектеп-лицейі	225	0	5
	№9 мектеп-гимназия	291	4	2
	№10 мектеп-лицей	61	0	0
	№12 IT-мектеп-лицей	173	0	3
	№23 мектеп-лицей	289	1	1
	№ 43 орта мектеп	147	2	0
	№172 орта мектеп	154	0	2
	№261 орта мектеп	211	3	0
	№264 мектеп-лицей	197	0	1

	№212 мектеп-гимназия	96	4	0
	№1 мектеп-гимназия	57	0	2
Барлығы		1992	14	17

54 А- кесте. 2020-2021 оқу жылында *Маңғыстау облысы бойынша толық енгізу режимінде* 8-11 сыныптардағы Информатика пәнін ағылшын тілінде оқыту бойынша 01.06.2021 жылғы мәлімет

Павлодар облысы

2020-2021 оқу жылында Павлодар облысы бойынша толық енгізу режимінде 8-11 сыныптардағы Жаратылыстану-математика бағытындағы пәндерді ағылшын тілінде оқытын оқушылар саны - 1321, инвариантты компонент пәндері бойынша 838 оқушы білім алады.

Ақсу қаласы, Ақтоғай ауданы, Павлодар ауданы, Шарбақты ауданы және Павлодар қаласында «Информатика» пәні ағылшын тілінде пилоттық режимде оқытылады.

39 - кесте. 2020-2021 оқу жылында *Павлодар облысы бойынша толық енгізу режимінде* 8-11 сыныптардағы информатика пәнін ағылшын тілінде оқыту бойынша 01.06.2021 жылғы мәлімет

№	Аудан атауы (қала)	ЖМБ пәндерін толық енгізу режиміндегі мектептердің саны мен атауы	Білім алушылар саны	Ағылшын тілінде оқытылатын пән	
				информатика	
				инвариантты, саны	вариативті, саны
1	Ақсу қаласы	6	168	11	5
2	Ақтоғай ауданы	6	83	11	0
3	Павлодар ауданы	2	9		18
4	Шарбақты ауданы	11	1037	816	116
5	Павлодар қаласы	1	24	0	24
6	Павлодар облысы	26	1321	838	163

2020-2021 оқу жылында *Павлодар облысы бойынша толық енгізу режимінде* 8-11 сыныптардағы ЖМБ пәндерін ағылшын тілінде оқытатын мұғалімдер: педагог-модератор -10, педагог-сарапшы-7, педагог-зерттеуші-25, педагог-шебер-4.

Түркістан облысы

2020-2021 оқу жылында Түркістан облысы бойынша толық енгізу режимінде 8-11 сыныптардағы ЖМБ пәндерін ағылшын тілінде оқыту

бойынша мектептердің саны-3. Кентау қаласының №3 "Білім-инновация" ер балалар лицей-интернаты, ондағы білім алушылардың саны-214.

Түлкібас ауданының үш тілде оқытатын мамандандырылған мектеп-интернаты, оқушы саны -224.

М.Тасова атындағы үш тілде оқытатын мамандандырылған №12 мектеп-интернаты, ондағы білі алушылардың саны- 435.

Жалпы облыс бойынша білім алушылардың саны- 873. Информатика пәнін ағылшын тілінде оқыту бойынша 60 білім алушы инвариантты компонент пәндері бойынша оқиды.

Солтүстік Қазақстан облысы

2020-2021 оқу жылында Солтүстік Қазақстан облысы бойынша толық енгізу режимінде 8-11 сыныптардағы Жаратылыстану-математика бағытындағы пәндерді ағылшын тілінде оқыту бойынша мектептердің саны - 51. Ондағы білім алушылардың саны - 1215. Информатика пәнін ағылшын тілінде оқыту бойынша 77 - инвариантты компонент пәндері бойынша оқиды.

40- кесте

№	Аудан атауы (қала)	ЖМБ пәндерін толық енгізу режиміндегі мектептердің саны	Білім алушылар саны	Информатика	
				инвариантты, саны	вариативті, саны
	Петропавл қаласы	5	443	10	391
	Қызылжар ауданы	3	51	2	1
	Мамлют ауданы	12	188		57
	Ғабит Мүсірепов атындағы аудан	1	25		
	Тимирязев ауданы	2	19		19
	Айыртау ауданы	8	156	19	44
	Тайынша ауданы	11	206	33	9
	Жамбыл ауданы	8	110	12	220
	Аққайың ауданы	1	17	1	

Солтүстік Қазақстан облысы	51	1215	77	741
---------------------------------------	-----------	-------------	-----------	------------

Барлық елдерде тілді меңгеру деңгейлері А1-А2 міндетті болып саналады. Арнайы сертификат беріледі. Испанияда С1-деңгейінің меңгерілуі 10-ыншы сыныптан соң емтихан негізінде анықталады. Францияда 3 рет тестік емтихандардан өтеді: бірінші шет тілі (ағылшын тілі В1-В2 деңгейлері бойынша), екінші шет тілі А1 деңгейінде, ал үшінші шет тілі (тағы да бір шет тілі) А2 деңгейлерін меңгеру бағаланады. Біздің елде оқушылардың тілді білу деңгейі қалай анықталады, «Биология», «Химия», «Физика» және «Информатика» пәндерін ағылшын тілінде пилоттық режимде оқытуда оқушылардың деңгейі анықталды ма? Анықталса деңгейі қандай? Қазақстар Республикасында *толық енгізу режимінде* 8-11 сыныптардағы Физика, Химия, Биология пәнін ағылшын тілінде оқытқанда оқушылардың тілдік деңгейі анықталмайды.

41- кесте. Мектеп бітірушілердің ҰБТ нәтижелері көрсеткіштерінің облыстар бойынша бөлінуі (ауыл мектептерін бітірушілер)

№	Облыс	Барлығы				
		Барлығы	Каз.	Орыс.	Ағыл.қаз.	Ағыл. орыс
1	Ақмола	1053	563	490	0	0
		%	53,47	46,53	0,00	0,00
2	Алматы	8277	7198	1079	0	0
		%	86,96	13,04	0,00	0,00
3	Ақтөбе	1825	1668	157	0	0
		%	91,40	8,60	0,00	0,00
4	Атырау	2139	1984	155	0	0
		%	92,75	7,25	0,00	0,00
5	Батыс Қазақстан	2133	1848	285	0	0
		%	86,64	13,36	0,00	0,00
6	Маңғыстау	2926	2881	45	0	0
		%	98,46	1,54	0,00	0,00
7	Шығыс Қазақстан	2970	2435	535	0	0
		%	81,99	18,01	0,00	0,00
8	Жамбыл	4069	3761	308	0	0
		%	92,43	7,57	0,00	0,00
9	Қарағанды	1626	1294	332	0	0
		%	79,58	20,42	0,00	0,00
10	Қызылорда	2918	2798	120	0	0
		%	95,89	4,11	0,00	0,00
11	Түркістан	12750	12237	512	1	0
		%	95,98	4,02	0,01	0,00

12	Қостанай	1395	701	694	0	0
		%	50,25	49,75	0,00	0,00
13	Павлодар	964	654	310	0	0
		%	67,84	32,16	0,00	0,00
14	Солтүстік Қазақстан	1367	575	792	0	0
		%	42,06	57,94	0,00	0,00
15	Нұр-Сұлтан қ.	828	605	221	1	1
		%	73,07	26,69	0,12	0,12
16	Алматы қ.	30	3	27	0	0
		%	10,00	90,00	0,00	0,00
17	Шымкент қ.	1480	1228	250	2	0
		%	82,97	16,89	0,14	0,00
Барлығы		48750	42433	6312	4	1
		%	87,04	12,95	0,01	0,00

Ұлттық тестілеу орталығының сайтынан ҰБТ статистикалық мәліметтерден мектеп бітірушілердің ҰБТ-ны ағылшын тілінде тапсырған нәтижелерінің көрсеткіштері (ауыл мектептерін бітірушілер) бойынша 2020 жылы 48750 білім алушы тест тапсырған, оның 42433 қазақ тілінде, 6312 орыс тілінде, 5 ағылшын тілінде. 5-білім алушының 4-і қазақ сыныбының, Түркістан облысы-1, Нұр-Сұлтан-1, Шымкент-2 қаласыны, 1 орыс сыныбының Нұр-Сұлтан қаласының оқушылары. Мектеп бітірушілердің ҰБТ нәтижелері көрсеткіштерінің облыстар бойынша бөлінуі 23-кестеде берілген Түркістан облысының білім алушысы 1-оқушы :100-129 балл. Нұр-Сұлтан қаласының 2-білім алушысы, Шымкент қаласының 1 білім алушысы:70-99 балл, Шымкент қаласының 2-білім алушысы 50-69 балл жинаған.

Ұлттық тестілеу орталығының сайтынан ҰБТ статистикалық мәліметтерден мектеп бітірушілердің ҰБТ-ны ағылшын тілінде тапсырған нәтижелерінің көрсеткіштері (қала мектептерін бітірушілер диаспорамен) бойынша 2020 жылы 56875 білім алушы тест тапсырған, оның 37653 қазақ тілінде, 19053 орыс тілінде, 169 ағылшын тілінде. Ағылшын тілінде ҰБТ тапсырған оқушылардың 104 –қазақ сыныбының, 65-орыс сыныбының оқушысы.

Яғни, ҰБТ- тапсырған оқушылардың 66,20% қазақ тілінде, 33,50% орыс тілінде, ағылшын тілінде қазақ сыныбының оқушыларының 0,18%, орыс сыныбының 0,11% тапсырды.

42- кесте. Мектеп бітірушілердің ҰБТ нәтижелері көрсеткіштерінің облыстар бойынша бөлінуі (қала мектептерін бітірушілер диаспорамен)

№	Облыс	Барлығы				
		Барлығы	Каз.	Орыс.	Ағыл.қаз.	Ағыл. орыс
1	Ақмола	1697	861	834	2	0
		%	50,74	49,15	0,12	0,00
2	Алматы	2859	2205	648	5	1
		%	77,12	22,67	0,17	0,03
3	Ақтөбе	3653	2851	798	4	0
		%	78,05	21,85	0,11	0,00
4	Атырау	2374	1619	746	3	6
		%	68,20	31,42	0,13	0,25
5	Батыс Қазақстан	2158	1430	728	0	0
		%	66,27	33,73	0,00	0,00
6	Маңғыстау	2316	1769	546	1	0
		%	76,38	23,58	0,04	0,00
7	Шығыс Қазақстан	3704	2274	1429	1	0
		%	61,39	38,58	0,03	0,00
8	Жамбыл	2617	2024	579	12	2
		%	77,34	22,12	0,46	0,08
9	Қарағанды	4727	2437	2274	12	4
		%	51,55	48,11	0,25	0,08
10	Қызылорда	2243	1896	338	9	0
		%	84,53	15,07	0,40	0,00
11	Түркістан	3562	3041	521	0	0
		%	85,37	14,63	0,00	0,00
12	Қостанай	1474	557	917	0	0
		%	37,79	62,21	0,00	0,00
13	Павлодар	2118	959	1137	13	9
		%	45,28	53,68	0,61	0,42
14	Солтүстік Қазақстан	1005	361	634	5	5
		%	35,92	63,08	0,50	0,50
15	Нұр-Сұлтан қ.	5899	3443	2425	16	15
		%	58,37	41,11	0,27	0,25
16	Алматы қ.	7901	4555	3327	13	6
		%	57,65	42,11	0,16	0,08
17	Шымкент қ.	6568	5371	1172	8	17
		%	81,78	17,84	0,12	0,26
Барлығы		56875	37653	19053	104	65
		%	66,20	33,50	0,18	0,11

Түркістан қаласының 1-оқушысы 100-129 балл, Ағымдағы жылы мектеп бітірушілердің ҰБТ нәтижелері көрсеткіштерінің облыстар бойынша бөлінуі (қала мектептерін бітірушілер диаспорамен)

ҰБТ-ны ағылшын тілінде тапсырған нәтижелерінің көрсеткіштері (қала мектептерін бітірушілер диаспорамен) бойынша 2020 жылы 56875 білім алушы тест тапсырған, оның 104 қазақ сыныбы, 130-139 баллды 3-оқушы, 100-129 баллды 43-оқушы, 70--99 баллды 41-оқушы, 50-69 балл 13-оқушы, 1-49баллды 4-оқушы алған. 65орыс сыныбының оқушыларының, 100-129 баллды 21-оқушы, 70--99 баллды 30-оқушы, 50-69 балл 10-оқушы, 1-49баллды 4-оқушы алған.

43 - кесте ҰБТ-ны ағылшын тілінде тапсырған нәтижелерінің көрсеткіштері

№	Область	Барлығы		1-49балл		50-69 балл		70--99 балл		100-129 балл		130-139 балл		
				Ағыл. қаз.	Ағыл. орыс	Ағыл. қаз.	Ағыл. орыс	Ағыл. қаз.	Ағыл. орыс	Ағыл. қаз.	Ағыл. орыс	Ағыл. қаз.	Ағыл. орыс	
		Барлығы	Ағыл. қаз.	Ағыл. орыс	Ағыл. қаз.	Ағыл. орыс	Ағыл. қаз.	Ағыл. орыс	Ағыл. қаз.	Ағыл. орыс	Ағыл. қаз.	Ағыл. орыс	Ағыл. қаз.	Ағыл. орыс
1	Ақмола	1697	2	0	0	0	1	0	1	0	0	0	0	0
	%		0,12	0,00	0,00	0,00	50,00	0,00	50,00	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00
2	Алматы	2859	5	1	1	0	1	1	2	0	1	0	0	0
	%		0,17	0,03	20,00	0,00	20,00	100,00	40,00	0,00	20,00	0,00	0,00	0,00
3	Ақтөбе	3653	4	0	0	0	1	0	2	0	1	0	0	0
	%		0,11	0,00	0,00	0,00	25,00	0,00	50,00	0,00	25,00	0,00	0,00	0,00
4	Атырау	2374	3	6	0	1	0	0	2	2	1	3	0	0
	%		0,13	0,25	0,00	16,67	0,00	0,00	66,67	33,33	33,33	50,00	0,00	0,00
5	Батыс Қазақстан	2158	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0
	%		0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00
6	Маңғыстау	2316	1	0	0	0	0	0	1	0	0	0	0	0
	%		0,04	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	100,00	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00
7	Шығыс Қазақстан	3704	1	0	0	0	0	0	0	0	1	0	0	0
	%		0,03	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	100,00	0,00	0,00	0,00
8	Жамбыл	2617	12	2	0	1	0	0	3	1	8	0	1	0
	%		0,46	0,08	0,00	50,00	0,00	0,00	25,00	50,00	66,67	0,00	8,33	0,00
9	Қарағанды	4727	12	4	0	0	1	0	7	3	4	1	0	0
	%		0,25	0,08	0,00	0,00	8,33	0,00	58,33	75,00	33,33	25,00	0,00	0,00
10	Қызылорда	2243	9	0	0	0	0	0	0	0	9	0	0	0
	%		0,40	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	100,00	0,00	0,00	0,00
11	Түркістан	3562	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0
	%		0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00
12	Қостанай	1474	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0
	%		0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00
13	Павлодар	2118	13	9	0	0	4	2	5	3	4	4	0	0
	%		0,61	0,42	0,00	0,00	30,77	22,22	38,46	33,33	30,77	44,44	0,00	0,00
14	Солтүстік Қазақстан	1005	5	5	0	0	0	0	2	4	3	1	0	0
	%		0,50	0,50	0,00	0,00	0,00	0,00	40,00	80,00	60,00	20,00	0,00	0,00
15	Нұр-Сұлтан қ.	5899	16	15	2	2	1	5	8	6	5	2	0	0
	%		0,27	0,25	12,50	13,33	6,25	33,33	50,00	40,00	31,25	13,33	0,00	0,00
16	Алматы қ.	7901	13	6	0	0	4	0	5	3	3	3	1	0
	%		0,16	0,08	0,00	0,00	30,77	0,00	38,46	50,00	23,08	50,00	7,69	0,00
17	Шымкент қ.	6568	8	17	1	0	0	2	3	8	3	7	1	0
	%		0,12	0,26	12,50	0,00	0,00	11,76	37,50	47,06	37,50	41,18	12,50	0,00
Барлығы		56875	104	65	4	4	13	10	41	30	43	21	3	0
		%	0,18	0,11	3,85	6,15	12,50	15,38	39,42	46,15	41,35	32,31	2,88	0,00

44-кесте 2020-2021 оқу жылындағы республика бойынша толық енгізу режимінде 8-11 сыныптардағы Физика пәнін ағылшын тілінде оқыту бойынша 01.06.2021 жылғы мәлімет

	Қаз.	орыс	1-49балл		50-69 балл		70--99 балл		100-129 балл		130-139 балл	
Барлығы	Ағыл.қаз.	Ағыл. орыс	Ағыл.қаз.	Ағыл. орыс	Ағыл.қаз.	Ағыл. орыс	Ағыл.қаз.	Ағыл. орыс	Ағыл.қаз.	Ағыл. орыс	Ағыл.қаз.	Ағыл. орыс
56875	104	65	4	4	13	10	41	30	43	21	3	0
%	0,18	0,11	3,85	6,15	12,50	15,38	39,42	46,15	41,35	32,31	2,88	0,00

Аудан атауы (қала)	ЖМБ пәндерін толық енгізу режиміндегі мектептердің саны мен атауы	Білім алушылар саны	Ағылшын тілінде оқытылатын пән							
			Физика		Химия		Биология		Информатика	
			инвариант, саны	вариативт, саны	инвариант, саны	вариативт, саны	инвариант, саны	вариативт, саны	инвариант, саны	вариативт, саны
Ақмола облысы	74	1983	375	147	256	86	512	207	430	132
Ақтөбе облысы	2	273	14	4	12	10	13	8	7	4
Атырау облысы	13	752	37	0	13	0	12	0	5	0
Жамбыл облысы	4	858	791	341	789	109	807	250	858	297
Павлодар облысы	25	1321	780	332	716	172	826	128	838	145
Қызылорда облысы	12	1992	21	11	14	13	12	12	14	17
Қостанай облысы	37	1464	562	438	461	150	495	42	449	120
Маңғыстау облысы	5	619	541	15	360	98	387	238	517	223
Түркістан облысы	3	873	202	7	200	0	100	2	60	2
Шымкент қаласы	33	17851	317	70	233	75	235	46	203	40
	208	27986	3640	1365	3054	713	3399	933	3381	980

45-кесте Жаратылыстану-математика бағытыпәндерін ағылшын тілінде оқытатын мұғалімдер және олардың біліктілігі

№	Аудан атауы (қала)	Жаратылыстану математика бағытыпәндерін ағылшын тілінде оқытатын мұғалімдер және олардың біліктілігі											
		Екі нші	Бірі нші	Жоғ ары	Пед атог	аоғ - мод ерат аоғ	сара - лшц аоғ	зерт теу аоғ	- шеб				

1.	Ақмола облысы	4	16	7	7	32	36	36	2
2.	Ақтөбе облысы				1	1	1	2	77
3.	Атырау облысы	0	4	1	23	9	12	10	3
4.	БҚО					3	13	3	
5.	Жамбыл облысы		1	1	2	4	5	6	3
6.	Павлодар облысы	3	1	5	4	10	7	25	4
7.	Қарағанды облысы	0	0	0	0	0	0	0	0
8.	Қызылорда облысы	2	4	3	4	9	21	28	1
9.	Қостанай облысы	7	6	4	0	12	19	17	6
10.	Маңғыстау облысы		1		1	12	6	3	4
11.	Түркістан облысы	0	0	2	1	1	3	4	0
12.	СҚО	2	7	3	5	17	35	20	
13.	Алматы қаласы	2			4	8	2		4004
14.	Шымкент қаласы	8	11	18	6	26	39	120	7
15.	Барлығы	24	44	41	49	116	149	251	107

ТІЛДІК ПӘНДЕРДІ ЖӘНЕ ЖМБ ОҚУ ПӘНДЕРІН АҒЫЛШЫН ТІЛІНДЕ ОҚЫТУ САПАСЫН АРТТЫРУ БОЙЫНША ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР ӘЗІРЛЕУ

Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаев 2017 жылдың 31 қаңтарындағы «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Қазақстан халқына Жолдауында үш тілді оқуға кезең-кезеңмен көшу мәселесі айтқан болатын.

Жаратылыстану бағытындағы пәндерді оқыту контексінде Қазақстандағы ең маңызды шетел тілі – ағылшын тілі болып саналады, сондықтан да кіріктіріп оқытудың негізін ағылшын тілі сабақтары алады. Ағылшын тілін оқыту үрдісіне кіріктіруді енгізу - ең алдымен, оқушының оқу кезеңінде дамуы мен оның психологиялық жағдайын ескере отырып, оқытуды нығайтуға бағытталған.

Еліміздегі білім алушылар халықаралық олимпиадаларға да көптеп қатысуда, көбінесе осы олимпиадалар мен ғылыми жобалар ағылшын тілінде қорғауды қажет етеді. Көп жағдайда пәнді жақсы меңгерген оқушылар

ағылшын тілін жетік білмегендіктен осындай мүмкіндіктерге қол жеткізе алмай жатады. Осы кедергілерді жою мақсатында, жалпы орта білім беретін мектептерде жүргізілетін пәндерді үш тілде негіздей отырып өткізген тиімді.

Ағылшын тілін танымдық және қарым-қатынас құралы ретінде қолданып, тілдік тәжірибеде жетілдіру мақсатында жасалған жұмыстар оқушының белсенділігін арттырады және пәнге деген қызығушылығын, өзін - өзі бақылау мен бағалауға дайындығын дамытады.

Қазақстан Республикасының халықаралық ынтымақтастықта жедел қарқынмен даму кезеңінде әлемдік экономикаға жан-жақты ену кезеңінде, ағылшын тілін меңгерген, күнделікті және кәсіби салада оны тиімді пайдалана алатын мамандарға деген сұраныс көбеюде. Қазіргі кезде оқушыларға пәнді қазақ тілімен бірге орыс және ағылшын тілінде оқытудың әртүрлі деңгейлеріне сәйкес оқытудың жаңа технологияларын, ақпараттық және компьютерлік жүйелер арқылы ізденіс жұмыстарын жандандыра түсудің барлық мүмкіндіктері жасалған.

Білімді өзге тілде алу оңайға соқпасы анық. Сондықтан әр сабақ сайын терминдер мен анықтамаларды қайталап отыру жақсы нәтиже беретінін естен шығармау керек. «Қайталау – білім анасы» деген сөздің астары да, осы үштілде білім алуға нағыз қажетті ұғым.

Білімді өздігімен қалыптастыру - тұлғаны дамытатыны, өздігімен құрастырылған білімнің есте ұзақ мерзімде сақталатындығы тәжірибе жүзінде дәлелденіп келеді. Қайталау мен жаттауға негізделген білім тек есте сақтау дәрежесінде болса, құрастырылған білім білім үйренушіден түсіну, қолдану, талдау, ақпарат негізінде жаңа мазмұн құрастыру және бағалау сияқты белсенді әрекеттерді талап етеді. Осы грамматикалық материал тіл жүйесінен тыс дүниетанымдық тақырыптарды оқытуға негіз болуы тиіс [187].

Жаратылыстану бағытындағы пәндерді ағылшын тілінде оқытудың бір әдісі – бинарлық модель. Бинарлық модель екі пән мұғалімінің өзара қарым-қатынас жасауынан тұрады. Мұндай сабақтарды жоспарлау барысында байланысты пәндер мұғалімдерінің ынтымақтасып жұмыс істеуі емес, тілдік пәннің және тілдік емес пәннің мұғалімдерінің бірігіп сабақ өткізуі қиындық туғызады. Мысалы, кез келген тақырып бойынша екі мұғалім бір мезгілде сабақ өткізуі қажет. Бинарлық модельмен сабақ өткізу барысында мынадай мақсаттар орындалады:

1. Білім алушылардың іс-әрекетіне қойылатын талаптардың бірлігі және туындаған проблемаларды қарастыру тәсілінің бірдей орындалуы.
2. «Физика», «Химия», «Биология», «Информатика» пәндерінің мұғалімдері – ағылшын тілі мұғалімі – білім алушылар» үшбұрышына ортақ мақсаттың бірігуінен оқу материалын қабылдау, бақылау белсенділігі артады, логикалық ойлау дамиды, мидың жұмыс істеуі қарқыны артады.
3. Оқушылардың түрлі нұсқаларда берілген теориялық білімді: жедел және жан-жақты ойланған нақты шешім қабылдауды стандартты емес жағдаяттарда пайдалана білу білігін тәрбиелеу [188].

Сабақтың дәстүрлі формаларына қарағанда бинарлық модель оқу материалын неғұрлым терең және сапалы меңгеруге жағдай жасайды. Бинарлы сабақтар оқушыларға теориялық дайындыққа жаңаша көзқараспен қарауға және оны зерделеудің теориялық білімді нақты өмірде пайдалану үшін қажет екенін түсінуге көмектеседі. Бинарлық сабақ өткізу барысында екі мұғалімнің іс-әрекетінің сәйкестігін келесі нұсқада ұсынуға болады.

45-кесте. Бинарлық сабақ өткізу барысындағы сәйкестік

«Биология» пәні мұғалімі	«Ағылшын тілі» пәні мұғалімі
Тақырып материалы бойынша сұрайды	Биологиялық терминдер арқылы орындалған тілдік дағдылардың меңгерілуін қадағалайды
Өтілген тақырып бойынша білім алушыларға сұрақтар қояды	Ағылшын тілінде тілдік іс-әрекеттің төрт түрін: айтылым, жазылым, оқылым, тыңдалым әрекеттерін дамытуға арналған оқу тапсырмаларын орындау барысында тақырып бойынша теориялық тапсырмаларды пайдалану тәсілдерін түсіндіреді
Өтілген тақырыпқа байланысты биологиялық терминдерді екі тілде қайталауды сұрайды	Өтілген тақырыпқа байланысты биологиялық терминдердің екі тілде дұрыс айтылуын қадағалайды
Теориялық материалдарды қабылдау және сапасын бақылау	Тілдік құзыреттіліктерді меңгеру деңгейінің
Білім алушылардың практикалық жаттығуларды түсініп орындауларын, теориялық тапсырмаларды тәжірибеде дұрыс пайдалануларын бақылайды	Тілдік дағдыларға жаттығу процесі барысында оқушыларға ағымдық нұсқаулықтар береді

Сабақты қорытындылау барысында бекіту сабағы ретінде бинарлы модель әдісін қолдану өте тиімді болып табылады. Біріккен жұмыс барысында мұғалімдер оқушылардың біліміндегі олқылықтарды жақсы байқайды.

Бинарлық модель арқылы кіріктірілген сабақтардың типі ортақ болып келеді. Мысалы:

– оқу бағдарламасымен қарастырылған ұғымдарды, жаңа ұғымдарды меңгеруі бойынша жұмысты ұйымдастыруға бағытталған жаңа білім қалыптастыру;

– оқу бағдарламасына сәйкес оқушылардың бойында нақты біліктер мен дағдыларын қалыптастыруға бағытталған біліктер және дағдыларға үйрету;

– функционалдық сауаттылықты арттыру;

– оқу тоқсанының, жылының аяғында немесе бағдарламаның ірі тақырыптарын зерделеу барысында білімді тереңірек меңгеруге, қорытындылаудың және жүйелеудің жоғары деңгейіне бағытталған білімді қайталау, жүйелеу және жинақтау, біліктерді бекіту;

– білім, білік және дағдыларды кешенді, ауызша және жазбаша бақылауды жүзеге асыратын білімдер және біліктерді бақылау және тексеру сабақтарын іріктеу

Пәндерді кіріктіре оқытуды ұйымдастыруда білім алушылардың жас ерекшеліктерін еске ала отырып, оларды тұлға ретінде дамытуға және олардың шығармашылық ойлауын қалыптастыруға тірек болатын тілдік және пәндік білімнің тоғысуы арқылы әлемнің сан түрлі болмысын таныту мүмкіндігі пайда болады.

Жаратылыстану бағытындағы пәндерді ағылшын тілінде оқыту жаңа мүмкіндіктерге, әлемдік ғылым кеңстігіне жол ашады. Бүгінгі таңда ғылыми зерттеулердің нәтижелері мен соңғы жетістіктері ағылшын тілінде көбірек қолжетімді екені рас. Сондықтан да ағылшын тілін меңгеру, әсіресе техника мен технология салаларын қамтитын «Физика», «Химия», «Биология», «Информатика» пәндерін ағылшын тілінде оқыту медицина, биотехнология, фармакология, робототехника салаларындағы мамандықтарға кәсіби бағдар беруде, әлемнің озық оқу орындарына оқуға түсуге, әлемдік ғылыми әдебиеттер мен жаңалықтарды білуге үлкен роль атқарады.

Дегенмен сабақты екі жыл ағылшын тілінде жүргізгеннен білім алушының бәрі бірдей ағылшын тілінде жоғары деңгейде меңгереді деу қиынырақ. Пәндерді оқытуда барынша функционалдық білім беруді естен шығармау керек. Өйткені жаратылыстану бағытындағы пәндердің мазмұны тікелей өмірмен байланысты.

Мысалы, «Биология» пәнін ағылшын тілінде жүргізу үшін өтетін тақырыпты күнделікті қарапайым өмірден алатын тәжірибемен салыстыру керек. Өтетін тақырыпты ықшамдап алып, ағылшын тілінде түсіндіру үшін сөйлемдерді қысқа, әрі қарапайым сөздермен берген дұрыс. Мысалы, сабақты қорытындылауда:

«Look at the picture. Complete the sentences with the word and phrases from the box немесе complete the word, complete the crossword» сияқты тапсырмаларды беру ұсынылады.

«Биология» пәнін ағылшын тілі пәндерімен ақпараттандыру негізінде кіріктіре оқыту әдісі ұсынылады:

-биологиялық терминдердің ағылшын тілдеріндегі аудармаларымен бірге үйрету, глоссариймен жұмыс істеу;

-әртүрлі ақпарат көздері мен әдебиеттерді пайдалану, ондағы мәліметтерді үш тілде пайдалану;

-пәндік мазмұн сабақтастығын сақтай отырып үш тілдің үндесуін қамтамасыз ету.

Тілдік мақсаттардың бір қатарын пән мазмұнына сай оқу мақсаты ретінде қарастыруға болғанымен, мазмұнмен тілдің бөлінуі оқушылардың мазмұнға да, тілге де баса назар аударуына көмектеседі. Мысалы:

I choose 5 them from my biology program. They are:

1st theme: омырқалы және омыртқасыз жануарлардың сыртқы құрылысындағы ерекшеліктер.

2nd theme: жасуша ағза құрылысының негізгі бөлшегі.

3rd theme: зат тасымалдануының тірі ағзалар тіршілік әрекеті үшін маңызы.

4th theme: дихотомиялық әдіс, дихотомиялық кілттерді қолдану.

5th theme: өсімдіктердің тыныс алуы.

Жаратылыстану бағыты пәндерін ағылшын тілімен байланыстыра оқыту білім алушылардың сөздік қорын кеңейте отырып, ғылыми жаңалықтарды іздеуге, бақылаулар, тәжірибелер жүргізе отырып, пәндік біліммен қатар ағылшын тілін үйренуді тездетеді.

Сонымен қатар сабақ барысында қосымша берілетін биологиялық терминдер сөздігі оқушының сөз қорын қалыптастыруда өз көмегін тигізеді. Қазіргі кезде пәнді қазақ тілімен бірге орыс және ағылшын тілінде оқытудың түрлі деңгейлеріне сәйкес оқытудың жаңа технологияларын, ақпараттық және компьютерлік жүйелер арқылы тіл үйренумен пән мазмұнын меңгерудің барлық мүмкіндіктері жасалған.

Ағылшын тілі мен тақырыпты қатар меңгерту үшін терминдерді, сөйлемдер мен сөз тіркестерін бірнеше рет қайталау қажет.

Белгілі бір тақырыптың аясындағы лексикалық жүйе – белгілі бір семантикалық фрагментті білдіретін семантикалық сөздер мен сөз тіркестерінің топтары. Ағылшын тілінде оқыту процесі кез-келген иерархиялық ұйымдастырылған танымдық құрылымға негізделген болса сөздерді есте сақтау жағы жемісті болады. Бұл құрылым зерттелетін немесе өтілетін материалдарды құрайтын - бөлім, бөлімше, тақырыптардан тұрад.

Қазіргі кездегі білім берудің мақсаты тек білім беру ғана емес, сонымен қатар жастарды болашақ қоғамдағы өмірі үшін қажетті негізгі құзыреттерді қалыптастыру болып табылады.

Пәнді шет тілінде оқыту ұғымы білім алушылардың пән бойынша белгілі бір білімді шет тілінде меңгеру құралы ретінде пайдалануды ұсынады. Жаратылыстану бағытындағы пәндерді ағылшын тілінде оқытудың жақсы жақтары:

- білім алушыларды пән бойынша білім алуға ынталандырады;
- «Химия», «Физика», «Биология», «Информатика» сынды күрделі пәндерді оқуға деген ынтасы мен қызығушылығы артады;
- Жаратылыстану бағытындағы пәндер бойынша да, ағылшын тілі бойынша да ақпараттық ой-өрісі мен сөздік қоры кеңейеді;
- білім алушыларды оқу пәндері бойынша қажетті әдебиеттерді және басқа да ақпарат көздерін өз бетінше іздеуге ынталандырады.

Көптілділікті жоспарлы түрде дұрыс енгізу мектеп түлектеріне кез-келген ортада коммуникативті, кез келген жағдайға бейімделген, білімді тұлға болып шығуға мүмкіндік береді.

Көптілділік-көп мәдениетті тұлғаны қалыптастырудың негізі. Көптілді адамды әр түрлі қарым-қатынас жағдайларында шет тілдерін қолдана алатын, түсінетін және білетін адам деп атауға болады.

Жаратылыстану бағытындағы пәндер бойынша ағылшын тілінде сапалы білім беру үшін, пәндік біліммен қатар шет тілін меңгеруді қамтамасыз ететін функционалдылық, коммуникативтілік, жүйелілік қағидаттары сақталуы қажет.

Когнитивті-коммуникативті әдіспен жасалған функционалдылық, коммуникативтілік және жүйелілік қағидаттары үлкен мазмұнға ие.

Жаратылыстану бағытындағы пәндер ағылшын тілімен байланыстыра оқыту оқушылардың сөздік қорын кеңейте отырып, жаңалық ашуға, әртүрлі бақылаулар, тәжірибелер жүргізуге құлшындырады. Қарапайым тәжірибелер білім алушыларды өз бетімен ізденуге, танымдық және шығармашылық икемділіктерін дамытуға бағыттайды. Сонымен қатар, алған білімі өмірге деген қажеттілігін қанағаттандыру мақсатында меңгерілуі қажет екендігі оқушы санасына сіңіріледі. Ең бастысы оқушының ағылшын тілін меңгерудегі сөздік қоры толығады, сөйлеу дағдысы қалыптасады.

Қоғамның бүгінгі әлеуметтік талабы – жаратылыстану бағытындағы пәндер бойынша ғылыми дайындықтың әлдеқайда жоғары деңгейін қамтамасыз ету; сонымен қатар білім беруде осы бағыттағы пәндерді ағылшын тілінде оқытуды жүзеге асыру. Қазіргі таңда келешек ұрпақты интеллектуалды тұлға етіп дамыту, көптілді меңгерту – білім беру жүйесінің өзекті мәселесі болып отыр. Ағылшын тілінде білім берудің тағы бір әдісі – кіріктіріп оқыту.

Қазіргі кезде білім берудің жаңа технологиялары пайда болуда, олардың бірі – CLIL пәндік-тілдік кіріктіріп оқыту технологиясы.

Пәнді ағылшын тілімен байланыстыра оқыту оқушылардың сөздік қорын кеңейте отырып, жаңалық ашуға, әртүрлі бақылаулар, тәжірибелер жүргізуге құлшындырады. Қарапайым көрсетулер оқушыны өз бетімен ізденуге, танымдық және шығармашылық икемділіктерін дамытуға бағыттайды. Сонымен қатар, алған білімі өмірге деген қажеттілігін қанағаттандыру мақсатында меңгерілуі қажет екендігі оқушы санасына сіңіріледі. Ең бастысы оқушының ағылшын тілін меңгерудегі сөздік қоры толығады, сөйлеу дағдысы қалыптасады. Сабақ барысында қосымша берілетін химиялық терминдер сөздігі оқушының сөз қорын қалыптастыруда өз көмегін тигізеді.

Жалпы білім беретін жаратылыстану-математика бағытындағы мектеп мұғалімдері үшін, орта білім беру мазмұнын жаңарту негіздерінің бірі, үш тілді білім беруде заманауи CLIL әдісін белсенді қолдану өте тиімді. CLIL технологиялары шет тілін басқа пәндерді оқытуда оқудың қажетті құралы ретінде қарастырады.

Ең алғашқы рет шет тілде білім беру әдісін CLIL деп атаған Дэвид Марш деген ғалым болатын. CLIL–пән мен тілді кіріктіріп оқыту.

CLIL технологиясы екінші немесе үшінші тіл арқылы пәнді оқыту және пән арқылы тілді оқыту сияқты екі мақсатты көздейтін оқыту әдістемесі.

CLIL технологиялары шет тілін басқа пәндерді оқытуда оқудың қажетті құрал ретінде қарастырады. Яғни тілді үйрену кез келген пән саласы арқылы жүргізіледі, демек CLIL шет тілі сабағы емес, шет тілінде өтетін пән сабағы.

CLIL технологиясын енгізудің түрлі амалдарын сипаттайтын терминдердің тұтас бір қатары бар, мысалы: толық тілдік ену, ішінара тілдік

ену т.б. Оның негізгі қағидаларын анықтауда түрлі еуропалық елдерде мәдени және тілдік ортасын қамтитын, пәндік және білімділік міндеттерді шешуге бағытталған оның 4 негізгі қыры бөліп көрсетіледі. Осы 4 қырының әрбіреуі білім алушылардың жасына, әлеуметтік-лингвистикалық ортасы мен CLIL ену дәрежесіне қарай түрліше жүзеге асырылады.

CLIL технологиясы бойынша оқытудағы негізгі қағидалар болып табылатындар:

- CLIL ұғымы шегіндегі қағидалар. Оларға пәнаралық байланыстар, сонымен қатар тілдік құзыреттілік, тек білім алу емес, сонымен қатар жаңа білімдерді өмірде пайдалану, яғни, функционалдық сауаттылықта дамыту жатады.

Әрі қарай үлгі ретінде CLIL технологиясы элементтеріне негізделген сабақ жоспары ұсынылады

The topic of the lesson: «Infectious diseases and their prevention measures»
«Жұқпалы аурулар және олардың алдын алу»

learning objectives: describe the features of diseases caused by protozoa, fungi, bacteria, viruses and measures for their prevention

Оқу мақсаты: қарапайымдылар, саңырауқұлақтар, бактериялар мен вирустар қоздыратынмен туындайтын аурулардың ерекшеліктерін сипаттау және алдын алу шараларын сипаттау.

The role of the English language (CLIL part):


Оқудағы ағылшын тілінің маңызы:

1) Forming general notion on the topic «Infectious diseases and their prevention measures» - «Жұқпалы аурулар және олардың алдын алу» тақырыбы бойынша жалпы түсінік;

2) Developing basic speaking skills (clichés, conversational phrases of agreement/disagreement) - Сөйлеу дағдыларын дамыту

3) Training reading skills in English (scanning, skimming and detailed reading as a home task)- Ағылшын тілінде оқу дағдысын дамыту

This article has the main focus on CLIL-part of the lesson. Consequently, it deals with the role of the English language – Сабақта негізінен CLIL-бөлімдеріне көбірек бөлінеді. For example, before writing the topic of the lesson, the students may be given a picture below – Мысалы, сабақтың тақырыбын жазар алдында төмендегідей картинка көрсетіледі.



Pic. 1. Warm-up phase of the lesson – guessing the topic of the lesson
1-сурет. Тақырыпты анықтау үшін берілген сурет.


After that the students can share their knowledge on the topic of the lesson and work with the text below – Осыдан соң білім алушылар келесі мәтін бойынша өз білімдерімен бөліседі.

What are infectious diseases? – Жұқпалы аурулар деген не?

Жұқпалы аурулар - бұл бактериялар, вирустар, саңырауқұлақтар немесе паразиттер сияқты ағзалар тудыратын аурулар. Көптеген микроағзалар біздің денемізде өмір сүреді. Олардың кейбіреулері әдетте зиянсыз немесе тіпті пайдалы болып келеді. Бірақ кейбір түрлері ауру тудыруы мүмкін. Төмендегі суретте олардың қалай дамидыны бейнеленген.

Әртүрлі паразит ағзалар жұқпаларды қоздырушылар болуы мүмкін. Ауру қоздырушылары: вирустар, бактериялар, қарапайымдар (біржасушалы ағзалар), патогендік саңырауқұлақтар. Жұқпа қоздырушылары ағзаға әртүрлі жолмен түсуі мүмкін. Бірақ көбінесе олар адам денесіне асқорыту және тыныс алу жолдары арқылы енеді. Тері арқылы, қан соратын жәндіктер шаққан кезде, жарақаттанғанда және т.б. жағдайда енетін қоздырушылар да бар.

Зақымданған ағзаға қоздырушылардың қандай топқа жататыны, қай жолмен түскені маңызды емес. Жұқпаның ағзаға қаншалықты зиян келтіруі де оның ену жолдарымен байланысты емес. Белгілі бір жұқпалар өлімге апарып соғуы мүмкін, кейбір жұқпалар аса қауіпті емес. Себебі адам ағзасы көп жағдайда жұқпалармен күресе алады.



2-сурет. Паразиттердің дамуы

Ағылшын тілінде:

На английском: Infectious diseases are disorders caused by organisms — such as bacteria, viruses, fungi or parasites. Many organisms live in and on our bodies. They're normally harmless or even helpful. But under certain conditions, some organisms may cause disease.

Some infectious diseases can be passed from person to person. Some are transmitted by insects or other animals. And you may get others by consuming contaminated food or water or being exposed to organisms in the environment. Signs and symptoms vary depending on the organism causing the infection, but often include fever and fatigue. Mild infections may respond to rest and home remedies, while some life-threatening infections may need hospitalization.

Қазақ тілінде:

Кейбір жұқпалы аурулар адамнан адамға жұғады. Ал кейбіреулері жәндіктер немесе жануарлар арқылы жұғады. Кез келген адам тамақ немесе су арқылы жұқпалы ауруларды жұқтырып алуы ықтимал.

Аурулардың белгілері мен сиптомдары ағзаның ерекшеліктеріне қарай әртүрлі болуы мүмкін, бірақ көп жағдайда адамның ыстығы көтеріліп, шаршау сезімі болады. Жеңіл түрлері үй жағдайында, дем алып, күтіну арқылы да емделеді, ал кей түрлері ауруханаға жатып емделмесе асқынып кетеді.

Екпе арқылы оба, күл, лейшмания сияқты көптеген жұқпалы аурулардың алдын алуға болады.

Ағылшын тілінде:

Symptoms

Each infectious disease has its own specific signs and symptoms. General signs and symptoms common to a number of infectious diseases include:

Fever
Diarrhea
Fatigue
Muscle aches
Coughing
When to see a doctor
Seek medical attention if you:

Have been bitten by an animal
Are having trouble breathing
Have been coughing for more than a week
Have severe headache with fever
Experience a rash or swelling
Have unexplained or prolonged fever
Have sudden vision problems

Қазақ тілінде:

Симптомдары

Әрбір жұқпалы аурудың өзіндік белгілері мен симптомдары бар.
Бірқатар жұқпалы ауруларға тән жалпы белгілер мен белгілер:

Жоғары температура
Иш өту
Шаршау
Бұлшықеттердің ауруы
Жөтел

Қай уақытта дәрігерге жүгіну керек?

Егер сізде:

Жәндіктер шағып алғанда
Тыныс алу қиындаса
Бір аптадан артық жөтел болса
Қатты бас ауруы болғанда
Денеді қышу пайда болса
Түсініксіз әрі ұзақ лихорадка болса
Ісік пайда болса

Көздің көруі нашарласа дереу медициналық көмекке жүгіну керек.

1. True or False (өтірік/шын):

1. Cholera is not a contagious disease - Холера жұқпалы ауру емес

2. Amoebic dysentery is a contagious disease - Амеба дизентериясы жұқпалы ауру.

Reflexive table on the feedback of the lesson on biology

What I knew before	What I got to know	What I would like to know more

«Биология», «Химия», «Информатика», «Физика» пәндерін ағылшын тілінде оқытуды енгізу осы салалардағы әлемдік білім кеңістігіне енуді, техникалық және технологиялық салаларды дамытуды мақсат етуден туындап отыр.

Бұл пәндерді кіріктіріп оқытудың ұстанымдарының басты мақсаты – білім алушылардың ойлау қабілетін дамытуға бағытталған.

Білім алушыларға сапалы білім мен тәрбие берудегі негізгі міндеттерді сапалы шешуге мүмкіндік беретін оқу процесін кіріктіруді құрастыру, келесі мүмкіндіктерге жағдай жасайды:

1) пәнішілік байланыстан көппәндік байланыстарға өту білім алушылардың әрекет тәсілдерін бір нысаннан басқаларға көшірулеріне, оқу процесін толығырақ түсінулеріне және қоршаған әлемнің толық

бейнесін құрастыруларына мүмкіндік береді;

2) пәндерді кіріктіру құрылымындағы проблемалық жағдаяттардың көлемін ұлғайту, мектеп оқушысының ойлау әрекетін белсендендіреді және оны оқудың тұлғалық нәтижелеріне жетуге жетелейді;

3) кіріктіру білім алушыға мақсаттан нәтижеге дейінгі аралықта жүргізілген барлық әрекеттердің орындалу процесін бақылауына, әлемнің тұтас бейнесін қалыптастыруына және жұмыстың әр кезеңін саналы қабылдауына мүмкіндік береді;

4) кіріктіру метапәндік ұстанымын жүзеге асыру арқылы, сабақтың ақпараттық көлемін ұлғайтады;

5) кіріктіру білім алушылардың түрлі пәндерді оқу барысында жасаған қорытындыларын қалыптастыра отырып және оқытудың тұлғалық тәсілін жүзеге асыра отырып, нақты бақылауларды дәлелдейтін немесе тереңдететін жаңа факторлар табуға мүмкіндік береді;

6) кіріктіру оқу-танымдық әрекетті белсендендіруге көмектеседі, оқушылардың білім алу үшін көп күш жұмсауларын жеңілдетеді және шаршағыштықты болдырмайды, ынталандыру құралы болып табылады;

7) оқу материалдарын кіріктіру білім алушылардың шығармашылығын дамытуға, алған білімдерін өмірдің нақты жағдаяттарында қолдана білулеріне жағдай жасайды.

Кіріктірілген сабақтарды әзірлеу және өткізу бірнеше кезендерден тұрады:

1-кезең: «Биология», «Химия», «Информатика», «Физика» оқу пәндерін ағылшын тілінде оқыту кезінде жалпы ұғымдарды түсіндіруде пәндер бойынша оқу бағдарламаларын қабыстыру. Пәндер бойынша оқу бағдарламаларын талдау, ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді ұсыну барысында

мұғалімдермен оны зерделеу, пысықтау, жинақтау және бақылау кезінде оқушылар білімін кіріктіруді талап ететін материалдар іріктеліп алынады.

2-кезең: «Биология», «Химия», «Информатика», «Физика» оқу пәндері бойынша өзара байланысқан тақырыптардың кіріктірілген мазмұнын қарастыру, пәнаралық байланысы бар сабақтың тақырыбы мен мақсаттарын таңдау. Мысалы, «Химия» және «Физика» пәндерінде термодинамика заңдарын, атомдық құрылыс т.б. тақырыптарды өткенде пәнаралық байланысты ұтымды пайдалануға болады.

3-кезең: Кіріктірілген сабақтың түрін таңдау. Сабақтың жоспарын құру, бақылау әдістері және мектеп оқушыларының оқыту әдістері мен тәсілдерін бағалауды анықтау.

Сабақ тиімді және нәтижелі болу үшін ағылшын тіліндегі тақырыпқа қатысты мәтіндердің аудио-, видеожазбаларын тыңдау және көру арқылы оқу сапасын арттыруға мүмкіндік жасауға болады. Мысалы, «Биология» сабақтарында өсімдіктер, жануарлар тіршіліктері туралы, жұқпалы аурулар, дұрыс тамақтану тағы басқа толып жатқан ағылшын тіліндегі материалдарды тыңдау арқылы пәндік біліммен қатар ағылшын тілін үйрену әрекеті тезірек жүзеге асырылады. Мұғалім сабақты материалдың бір бөлігі аудиожазба түрінде ұсынылатындай, ал оқытудың ізденіс әдістерін қолданумен материалдың диалог пен сұхбат арқылы келетіндей етіп жоспарлауына болады. Сонымен қатар, жазбаша тапсырмаларымен де үйлестіре алады (есептер шығару, формулаларды қолданып есептер шығару, кестелерді толтыру, периодтық кестелерді қолдану, сызбаларды құру, өткізген жерлерін қалпына келтіру).

Ағылшын тілінде оқытуда әсіресе «Химия, «Биология» пәндерінде мүмкіндік көбірек болады. Мысалы химия сабағында Менделеевтің периодтық кестесіндегі химиялық элементтердің атауларын жаттауда, биология сабақтарында өсімдіктер мен жануарлардың бинарлы атауларын жаттау арқылы тілдік құзыреттіліктерін дамытуға жол ашылады.

Сабақта ойын элементерін пайдалану оқушылардың ой-өрісін, танымдылық белсенділігін арттырады. Дегенмен ойынды үнемі, ұзақ пайдалануға, ұзақ уақытқа созуға болмайды. Ойын белгілі бір уақытта жүзеге асырылып, ынтаны жоғалтатындай болмауы керек.

Ойын-сабақ барысында білім алушы өзін тұлға ретінде көрсете біледі, оның іс-әрекеті өзінің қабілеті мен деңгейіне байланысты көрініс беріп отырады. Мысалы, «*tic-tac-toe*» «крестик нолик» ойыны бойынша жеңген жолақта қазақ тілінде де ағылшын тіліндеде қосылыстардың аттарын, формулаларын атай алады. Қосылыстардың атауын ағылшын тілінде жаттаған оқушылар келесі тапсырманы жылдам орындай алады.

«*Серпілген сауал*» әдісі- тақырыптың түсіну деңгейін арттыруға және талқылау дағдыларын дамытуға қол жеткізу үшін сыныпқа сұрақтар тасталады. Сұрақтарды ағылшын тілінде қоя отырып шарды немесе допты оқушыларға кезекпен-кезек лақтыра отырып жауабын алуға болады.

An element is a metal or a _____(non-metal)
Iron, copper, sodium are _____ (metals)
Oxygen, silicon, carbon are ____ (non-metals)
Most of elements in Periodic Table are _____(metals)

Химиялық заттардың екітілді этимологиясы-химиялық символдардың, заттардың, құрал-жабдықтардың қазақша/орысша және ағылшынша/латынша/немісше т.б. атауларының бірлігін көрсететін әдістемелік жиынтық. Көптеген терминдер, химиялық элементтердің, химиялық заттардың, зертханалық құрал-жабдықтардың атаулары интерноцияналдық сипатта қолданылады.

Сынауық-пробирка (латынша.proba–орыс тілінде испытывать, проверять, қазақша сынау, байқау дегенді көрсетеді)
Сүзгі-фильтр / filter (латынша. filtrum –орысша войлок,сүзу)
Колба (немісше. Kolben)
Flask (латынша. flasko – орысша контейнер, склянка)
Burner (англ. to burn – жану)
Элемент / element (латынша. elementum – алғашқы зат)
Атом / atom (грекше. atomos – бөлінбейтін)
Формула / formula (латынша. formula – химиялық жеке заттар молекуласының құрамын химиялық таңба және сан арқылы белгілеу)
Реакция / reaction (латынша. re- қарсы, action – әрекет,қимыл)
Диссоциация / dissociation (латынша.dissociatio – ыдырау, бөліну)

«Химия» пәнін оқытуда сабақты ағылшын тілінде түсіндіргенде мындай әдістерді қолданған жөн: сөзбе-сөз аудару, сөздерді ауыстырып қолдану, көрнекілік көрсету, билингвалді қосымшалар, билингвалді салыстыру. Бұл әдістердің барлығы химиялық мәліметтерге сүйеніп орындалады және жаратылыстану бағытындағы география, биология, физика пәндерімен пәнаралық байланысты жүзеге асырады.

Билингвалді сәйкестендіру-химияны екі тілде оқытуда химиялық элементтер, заттар, құралдардың атауын қазақ тілінде және ағылшын тілінде сәйкестендіріп табу. Бұл әдістің қарапайым сөздікпен аударғаннан айырмашылығы кестелер мен сызбанұсқалар арқылы қазақша баламасының мәліметтерімен салыстыру арқылы аудармасын жаттай алады. Билингвалды салыстыру кезінде оқушы химиялық қосылыстардың, терминдердің, номенклатураның бір мезгілде қазақ және ағылшын тілінде атап, көрсетуіне болады. Бұл әдісте көбінесе тапсырмаларды кестелер түрінде берген жөн.

Коммуникативтік ойын адамға басқа адамдардың алдында өзін толық және тіпті күтпеген жерден ашуға мүмкіндік береді. Мектептегі шет тілі сабақтарында ойын технологияларын белсенді қолдану өте маңызды. Ю. Я. Пучкованың айтуынша, «ойынның жігерлі қарқыны адамның ойлау жылдамдығын дамытуға мүмкіндік береді, бұл оның тілдік материалды есте

сақтауға дайындығын, адамның сөйлеу қарқынын дамытады. Шет тілі сабақтарында ойнау кезінде балалар сөйлеу әрекеттерін қолдана алады, дағдыларын автоматтандырады және қабілеттерін кеңейте алады» .

Сабаққа қысқа мерзімді жоспар жасаған кезде пән мұғаліміне оқу мақсаттарын да, тілдік мақсаттарын да тұжырымдап алуы ұсынылады. Пәнді-тілдік кіріктіре оқытуда мәтінмен жұмыс істеумен қатар, сабақта сөйлеу ісәрекеттерінің барлық түрлері болуы керек. Оқу материалын таңдап алғанда білім алушылардың жас ерекшеліктеріне және тілдік дайындық деңгейіне жауап беретіндей, стилі жағынан алуан түрлі түпнұсқалық мәтіндерді таңдау қажет. Төмендегі берілген тапсырмалар типтері ұсыныс ретінде беріледі:

- сұрақ-жауап, анықтамалар, терминдер;
- нақты ақпаратты іздестіруге бағытталған тапсырмалар;
- сөзді табуды көздейтін ойындар;
- мәтін бойынша сызбанұсқалар түріндегі сұрақтар.

Химия сабақтарында иондық теңдеулерді жазғанда да қосылыстарды ағылшын тілінде жазу арқылы да химиялық білімдерін және тілдік дағдыларын дамытуға көп көңіл бөлу ұсынылады. Бұл мақсатта викторина әдісін қолдануға болады. Төмендегі суретте үлгі ретінде ағылшын тілінде иондық теңдеу құру кестесі берілген.

QUESTION 1

Build the formula for: aluminium sulfate

1

H^+ K^+ Cu^+ Ag^+ Na^+ I^- Cl^- F^- NO_3^- OH^-
 NH_4^+ Ba^{2+} Mg^{2+} Cu^{2+} Pb^{2+} HCO_3^- CH_3COO^- CO_3^{2-} SO_4^{2-}
 Fe^{2+} Zn^{2+} Ca^{2+} Al^{3+} Fe^{3+} O^{2-} S^{2-} PO_4^{3-}

Al^{3+} Al^{3+} SO_4^{2-} SO_4^{2-} SO_4^{2-}

$Al_2(SO_4)_3$

Жаратылыстану бағыты пәндерін ағылшын тілінде оқытқанда негізгі талаптарды да ұмытпаған жөн. Қазіргі заман талабына сай 10-11 сынып білім алушыларын бейіндік бағытына қарай кәсіптік бағдар бере отырып, таңдаған мамандықтарына қарай қызығушылықтарын арттыру ұсынылады.

Қазіргі жағдайда мамандарды кәсіби даярлаудың белгілі бір деңгейіндегі сапасы мен бағыты еңбек нарығында оның бәсекеге түсу қаблетінің негізгі шарты болып табылады.

Мамандық таңдау тек қана оқу орынын бітіріп, диплом алу емес, негізгі өмірлік табысы екенін саналарына сіңіру қажет.

«Химия», «Биология» пәндерін оқытуда медицина саласына, технология, фармакология, ауыл шаруашылығы мамандарына бағыт беруге болады. «Физика», «Химия» пәндерінде ғарыш, машина, ІТ, құрылыс, радио-техника салаларына бағыттауға болады.

Жаратылыстану бағыты пәндерін оқытуда басты назарда ұстайтын мемлекеттің тілдік саясаты келесіге негізделеді:

- мектеп түлектерінің қазақ тілін 100% меңгеруіне қол жеткізу;
- орыс тілін меңгерудегі жетістіктерді жоғалтпау және оларды еселеу;
- әлемдік ғылыми, мәдени қарым-қатынас тілі ретінде, үшінші ағылшын тілін меңгеру.

Үштілді білім беруді дамытудың 2015-2020 жылдарға арналған Жол картасын дайындауда үштілді білім беру процесін енгізумен қатар жүретін тәуекелдер, атап айтқанда қоғамның үштілді білім беру саясатын қабылдамауы, пән мұғалімдерінің енжар немесе тіпті теріс ұстанымдары орын алды, бірақ Қазақстандағы үштілді білім берудің қазіргі жағдайын талдау педагог кадрлардың дайын болмауы – негізгі тәуекел екенін көрсетіп отыр. Үштілде білім беруді енгізу шеңберінде педагогтарды дайындау және олардың біліктілігін арттыру бағдарламасын іске асыруды; педагогтарды дайындаудың түрлі формаларын қолдануды, шетелдерде ұзақ мерзімді тағылымдамалардың өткізуді, республикалық, облыстық семинар-тренингтер өткізуді талап етеді.

Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында «Негізгі құзыреттілік ретінде үш тілде білім алушылардың коммуникативтік дағдылары дамитын болады. Мектептерде педагог кадрлардың дайындығына қарай және оқушылар мен ата-аналардың қалауын ескере отырып, жекелеген пәндерді үш тілде оқытуға біртіндеп көшу қамтамасыз етіледі», - делінген.

Ағылшын тілін жетік меңгере отырып, пәндік білімді меңгеруді естен шығаруға болмайды.

Жаратылыстану бағытындағы пәндерді ағылшын тілінде меңгеру үшін әр сабақта тақырыпқа байланысты терминдерді қайталап, тест сұрақтары, диалогтық қатынас арқылы тілдік дағдыларды дамыта отырып, әлемдік әдебиеттерді үздіксіз оқу керек.

Ағылшын тілін меңгеру әлемдік ғылым кеңістігіне бағыт беретін жол. Сондықтан жаратылыстану-математика бағытындағы пән мұғалімдеріне ағылшын тілін үздіксіз үйретіп, өзін-өзі үздіксіз дамытуды жолға қою ұсынылады.

Көп мәдениетті жан-жақты тұлға-бұл қарым-қатынасқа ашық адам. Қарым-қатынас үшін ашықтық әр түрлі ұлттардың өкілдерімен еркін қарым-қатынас жасау мүмкіндігін білдіреді, сондықтан көпмәдениеттілік пен көптілділіктің негіздері мектепте де қалануы керек.

Сондықтан ағылшын тілінде – халықаралық қарым-қатынас тілінде пәндерді оқытуға көшу қажетті және уақыт талаптарына жауап беретін, ақылға қонымды және мүлдем қисынды болып көрінеді.

Адами капитал сапасын арттыру бойынша «100 нақты қадам» Ұлт Жоспарындағы 79-қадамдағы негізгі міндеттердің бірі орта мектептің жоғары сыныптарында және ЖОО-да ағылшын тілінде білім беруге өту болып табылады. Орта мектептің жоғарғы сыныптарында үш тілде білім беруге көшу жаратылыстану-математика бағытындағы кейбір оқу пәндерін ағылшын тілінде оқытуды көздейді.

Осы іс-шараларды жүзеге асыру үшін мектептердің дайындығын, ата-аналардың және білім алушылардың қалауын ескере отырып, мектептерде «Физика», «Химия», «Биология» және «Информатика» оқу пәндерін ағылшын тілінде оқыту жүзеге асуда.

«Толық енгізу режимінде ағылшын тілінде оқытылатын «Физика», «Химия», «Биология» және «Информатика» оқу пәндері бойынша оқыту сапасы» әдістемелік ұсынымдары үш бөлімнен тұрады.

«Толық енгізу режимінде «Физика», «Химия», «Биология» және «Информатика» оқу пәндерін ағылшын тілінде оқыту ерекшеліктері» бөлімінде оқу пәндерін ағылшын тілінде оқытудың халықаралық және отандық тәжірибесін зерттеп, оқу пәндерін ағылшын тілінде оқыту Халықаралық білім беру классификациясының стандарты негізінде қарастырылды.

Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясында әзірленген «Физика», «Химия», «Биология» және «Информатика» оқу пәндерін ағылшын тілінде оқыту үшін әзірленген әдістемелік құралдардың негізі әдістемелік ұсынымдарда ескерілді.

Назарбаев зияткерлік мектебіндегі және Білім инновация лицейіндегі тілдік оқытудың ерекшеліктері анықталып оқу пәндерін ағылшын тілінде оқыту үшін қарастырылды.

Жоғарыда зерттелген зерттеулер негізінде Толық енгізу режимінде «Физика», «Химия», «Биология» және «Информатика» оқу пәндерін ағылшын тілінде оқытудың ерекшеліктері анықталып ұсынылды.

«Толық енгізу режимінде жаратылыстану-математикалық бағыттағы оқу пәндерін ағылшын тілінде оқыту сапасын зерделеу және талдау» бөлімінде Республиканың «Биология», «Химия», «Физика» және «Информатика» оқу пәндері бойынша ағылшын тілінде сабақ беретін мұғалімдерге жүргізілген сауалнаманың нәтижесі берілді.

«Биология», «Химия», «Физика» және «Информатика» оқу пәндерін ағылшын тілінде оқыту, педагогтар, білім алушылар мен ата-аналар арасында

түсіндіру жұмыстарын жүргізгенен кейіннен олардың оқу пәндерін ағылшын тілінде оқытуға көз-қарасы, білім беру ұйымдарының оқу пәндерін ағылшын тілінде оқытуға көшуге дайындығы: материалдық-техникалық ресурстардың болуы, ағылшын тілінде жаратылыстану математика бағыты пәндерін оқыту бойынша тілдік курстардан өткен педагогикалық кадрлар туралы аймақтар бойынша мәліметтер топтастырылды.

«Толық енгізу режимінде жаратылыстану- математикалық бағыттағы оқу пәндерін ағылшын тілінде оқыту сапасын арттыру бойынша әдістемелік ұсынымдар әзірлеу» бөлімінде оқытудың принциптері, әдістері және педагогикалық технологиялары қарастырылады, үлгі ретінде ұсыныстар берілді.

«Толық енгізу режимінде ағылшын тілінде оқытылатын «Физика», «Химия», «Биология» және «Информатика» оқу пәндері бойынша оқыту сапасы» әдістемелік ұсынымдарында оқу пәндерін ағылшын тілінде оқыту үшін төмендегі ұсыныстар ұсынылады:

- Оқу пәндерін ағылшын тілінде оқыту үшін оқушыларды ағылшын тілінде білім алуға ұзақ уақыт дайындау;

- Пәндерді ағылшын тілінде оқытуды ішін-ара енгізуді 7-сыныптан бастау;

- «Толық енгізу режимінде ағылшын тілінде оқытылатын «Физика», «Химия», «Биология» және «Информатика» оқу пәндері бойынша оқытуды 10 сыныптан енгізу;

- Тілді жетік білетін мұғалімдердің оқу пәндерден сабақ беруі яғни ағылшын тілін еркін (C1-C2) меңгеруі тиіс (Сабақты өткізуге 9 шкаласы бойынша B2 - C1 төмен емес деңгейде шет тілін білетін маман өткізеді).

- «Физика», «Химия», «Биология» и «Информатика» оқу пәндері немесе оқу пәні бойынша элективті курстар жыл бойы толық ағылшын тілінде өтуі (оқу пәнінің бойынша сабақтың барлық кезеңі) қажет.

- Пәндік терминологияның сөйлеуде қолдану дағдыларына назар аударылады.

Бүгінгі таңда өзге ұлт өкілдеріне тілдерді меңгерту әдістерінің бірі – «билингвалды әдіс». Жалпы «билингвизм» – терминіне тоқталар болсақ, бұл – қостілділік, дербес екі тілде бірдей ойлап, жаза білетін өнер адамдардың психологиясын зерттейтін тіл білімінің әлеуметтік саласы. Әсіресе, екі тілді қатар пайдаланатын өнер қайраткерлерінің шығармашылығына ерекше назар аударатын ғылыми бағыт [3].

«Билингвизм» дегеніміздің сөзбе-сөз мағынасы – бір қоғам шегіндегі екі немесе одан да көп тілдердің өмір сүруі мен қызмет етуі. Билингвизмнің қазақша баламасы – «қостілілік». Қостілілік қазақтың «қос» («екі» сөзімен мәндес) және «тіл» (адамдардың қарым-қатынас құралы) дегенді білдіреді.

Сол секілді тіл динамикасын бейнелейтін заңды үрдістердің бірі – «вариативтілік». Вариативтілік ұғымы – бір нәрсенің бір немесе бірнеше нұсқаларының болуы. Бұл сөздің этимологиясы латын тілінен аударғанда «*variativus*» – «өзгермелі», «*variatus*» – «әртүрлі», одан әрі «*variare*» – «өзгерту» – «әртүрлілік» деген мағыналарды білдіреді.

Қорыта айтқанда вариативтілік өзгермелі деген сөз.

Сондай-ақ, тілдік вариативтіліктің әлеуметтік лингвистика интерпритациясы дегендегі «интерпритация» сөзіне түсінік бере кетсек, «Интерпретация» (*interpretation*) – 1) нақты тілде ұсынылған кейбір синтаксистік аяқталған мәтіннің мағынасына түсініктеме беру; 2) мәліметтерді, әдетте, программада немесе оның қандай да бір үзіндісінде (операторда) агрегациялаудың, алгоритмдік мәнін автоматты түрде табу мен талдауды орындау дегенді білдіреді. Сондай-ақ, «Интерпретация» (лат. *interpretatio* - түсіндіру, түсіндіру) – гуманитарлық білім ретін» де ауызша сөйлеумен қатар жазбаша түрде де белең алады.

Осы ретті «Интерпритация» түсінігіне нақтырақ тоқтала кетсек. Бүгінгі таңда аталған термин әртүрлі ғылым салаларында да көптеп қолданылып жүргені түсінікті. Тіл білімінде аталған терминді алғаш рет прагалық лингвист ғалымдар енгізген. Бұл дегеніміз байланысқа түсетін тілдің тілдік нормаларынан ауытқуы. Дегенмен, «интерпритация» терминіне түсінікті

У.Вайнрайх берген. Алғашында «Интерпритация» термині «әрекет», «өзара әсер» ретінде ғылымның нақты саласында көптеп кездесе бастады. Тіл білімінде интерпритация бір тілдің екінші бір тілге әсерінің бірізділігін білдіреді. В.А.Виноградовтың интерпритациясын біз көптілділіктің әсерінен екенін білеміз. Бұл феноменды ауызша және жазбаша тілден байқауға болады.

Интерпритация көбіне тілдер мен халықтар байланысқа түскен кезде пайда болады. Екі немесе бірнеше тілдерді меңгергенде қабылдау функциялары пайда болады. Бір тіл екінші бір тілді ығыстырып өзінің тілдік нормаларына бағындыруға тырысады. Бұл үдеріс көбіне көптілділік салдарынан пайда болады.

Ғылыми-техникалық аударма тілін зерттеуші ғалым А.Л.Пумпянскийдің пікірінше, дұрыс дыбыстамаудың негізгі себептеріне мыналар жатады:

- ана тілі мен екінші бір тілдегі дыбыстардың араласуы;
- сәйкестікті дұрыс пайдаланбау;
- орыс және қазақ тілдеріндегі балама аудармалардың лексикалық, грамматикалық мәнін дұрыс пайдаланбау;
- тілдің аударма жасау заңдылығын білмеу және т.б.

Сол секілді басқа да ғалымдардың пікіріне сүйенсек, интерпритацияның бірнеше түрлері бар. Атап айтар болсақ: фонетикалық; семантикалық; лексикалық; грамматикалық; орфографиялық; стилистикалық; лингвоэлементтанушылық және әлеуметтік мәдениетаралық болып келеді. Осы арада біз тек фонетикалық интерпритацияға тоқталып өтсек. Байланыстағы тілдердің арасында интерпритация әдісі оң және бұрыс тұстан белең алады. Бұрыс интерпритациялық әдіс ретінде байланыстағы тілдердің фонемалары мен олардың әртүрлі үндестілігі мен фонемалық жүйенің сәйкес келмеуі. Осы ретте интерпритацияның белең алу көрінісі көбіне ұқсастықпен және байланысқа түсетін тілдердің генетикалық жақындастығымен анықталады. Фонетикалық бұрыс интерпритация дегеніміз, бұл алдымен үйреніп отырған тілдік жүйенің, атап айтар болсақ, дыбысталып тұрған фонетикалық жүйе түсінігіндегі және екі немесе одан да көп тілдердің есту мен айту машықтары арқылы көрініс беретін өзара әрекеттесу нәтижесінде тілдік нормасындағы нормаларының бұзылуы немесе дұрыс дыбысталмауы деп айтсақ та болады. Сонымен қатар тілде фонетикалық интерпритация оң тұстарда да көрініс таба алады. Мәселен, байланыстағы тілдердің дыбыстық фонемалардың артикулярлық-акустикалық ұқсастығын тоқталсақ. Айту, жеткізу машықтары тілдің артикулярлық базасымен қатар қалыптасады. Ғалым Л.Р.Зиндердің пікіріне сүйенер болсақ, артикуляциялық база өз алдына артикуляциялық және фонетикалық дағдылардың жиынтығын көрсетеді. Оның қалыптасуы алдымен тілдің фонематикалық жүйесіне байланысты және ерекше назар аударатын жайт. Оның дифференциалдық белгілерінен, сол тілде пайдалануы болып табылады.

Дегенмен, Л.Р.Зиндер: «Артикуляциялық база фонеманың артикуляциясы негізінде дифференциалдық белгінің жиынтығы ретінде емес, тұтас бірлік ретінде қалыптасады», – деп атап айтқан. Осы мағынада, айту бағдарламасы ретінде әлдеқайда маңызды «берілген тілдің белгілерін айыра алуда пайда

болатын қандай мүшелер және қаншалықты белсенділік танытатындығын, сондай-ақ, аталған тілде әртүрлі мүшелердің үйлесу мүмкіндігін ескеріле алады», – деген. Ғалым З.Н. Джапаридзе болса артикуляциялық базаны «айту нұсқасындағы» және сөйлеу мүшесіне бағытталуға «айту бұйрықтары» (жүйке импульстері), әкелетін айту қозғалысына сәйкес орындарды, жадында сақтауды» қарастыруды ұсынады.

Нақтылап айтсақ, ағылшын, орыс тілдерінің фонетикалық ерекшеліктерін меңгергенде, әртүрлі қиындықтар туындап отыратындығы белгілі. Әсіресе, айту, сөйлеу кезінде дыбыстау қателіктерінің жіберіліп жатқандығын да байқаймыз. Бұл ретте ағылшын, орыс және қазақ тілдерінің фонетикалық жүйесінің әртүрлігіне байланысты екендігін де естен шығармған жөн.

Өзге тілді меңгеруде фонетикалық интерпитациямен қатар интонациялық интерференцияның да әсерін ескерген жөн. Екінші бір тілді меңгеру барысында интонацияның бұзылуы мен екпіннің дұрыс қойылуын байқауға болады. Бұл көбіне ағылшын тілін меңгерген тұста байқалады. Осы ретте интерпретацияның барлық түрлері көп таралған. Дұрыс қойылмаған екпін мен интонация, яғни дауыс ырғағы сөйлеуде шетелдік акцент береді. Сонымен қатар дұрыс қойылмаған екпін мен дауыс ырғағы сөйлемді дұрыс жеткізбегендіктен, тындаушы тарапынан түсінбеушілік туындатуы мүмкін. Мысалы: «Мен жүзуді ерекше ұнатымын» деген сөйлемді «Плавание – мой самый любимый вид спорта» деген сөйлемдерге тоқталсақ. Бұл ретте екі тілдегі сөйлемді жеткізуді салыстырар болсақ, қазақ тіліндегі сөйлем орыс тіліндегі сөйлемге қарағанда әлдеқайда жоғары ырғақпен айтылады. Осы ретте қазақ тілінде берілген сөйлем орыс тілінде берілген сөйлемге қарағанда әлдеқайда эмоционалдық тұрғыдан айтылады.

Қорыта айтар болсақ, тілді оқыту мәселесі бүгінгі таңда өзекті мәселелердің бірі. Сонымен қатар, тілді оқытып меңгерту барысында көптілділік мәселенінде тілдің фонетикалық интерпитациясында да түрлі фонетикалық өзгерістер арқылы сөйлемді өзге тілде дұрыс жеткізуіміз қажет.

Көптілді білім берудегі Қазақстанның маңызды даму стратегиясы

Көптілділік адамзат дамуының маңызды бағыты ретінде бұрыннан белгілі. Бүгінде басқа жерде адамдар тек бір тілде сөйлейтін елдер бар деп елестету мүмкін емес. Шындығында, бір ғана ұлт өмір сүретін өркениетті мемлекеттер жоқ. Кезкелген көпұлтты мемлекеттің қалыпты жұмыс істеуі үшін екі тілділік пен көптілділіктің қалыптасуы өте маңызды.

Қазақстан Республикасының тіл саясаты бойынша Қазақстан–көпұлтты мемлекет қатарына жатады. Еліміздегі әртүрлі ұлт өкілдері бір үлкен тату отбасында өмір сүріп, басқа ұлт өкілдерінің тілдерімен танысып, олардың тілдерін үйренетіндігімен қалыптасты. Р.Б.Әбсаттаров және Т.С.Садықов жүргізген сауалнама бойынша (сауалнамамен Қазақстанның 5 облысынан 1392 респондент қамтылды) «Әрбір респондент кемінде бес түрлі ұлт өкілдерімен көршілес тұратынын хабарлады, сұралғандардың 83,1%-ының басқа ұлт өкілдерінің арасында жақын достары, 50%-дан астамы–жақын туыстары,

91,9%-ы-басқа ұлт өкілдерін үйлеріне қонақ етеді және өздері де қонаққа баратындығын білдірген».

Қазақстан білім беруінің маңызды стратегиялық міндеті, бір жағынан, қазақстандық үздік білім беру дәстүрлерін сақтау, екінші жағынан, мектеп түлектерін халықаралық біліктілік қасиеттерімен қамтамасыз ету, олардың лингвистикалық санасын дамыту, оның негізінде – мемлекеттік, Ана тілін және шет тілдерін меңгеру жатыр.

Қазақстанда елімізде тұратын халықтардың тілдерін үйренуге үлкен көңіл бөлінеді. Мұнда қазақ тілі – мемлекеттік тіл, ал орыс тілі – ұлтаралық қатынас тілі. Мемлекеттік бағдарлама бойынша оқу бағдарламалар мен оқулықтар елімізде алты тілде: қазақ, орыс, ұйғыр, өзбек, түрік және неміс тілдерінде шығарылады. Шет тілдері барлық мектептерде оқытылады. Егер оқыту мемлекеттік, қазақ және ұлтаралық қатынас тілінде, мектептерде, колледждер мен ЖОО-ларда орыс тілдерінде жүзеге асырылатынын, ал барлық оқу орындарының оқу жоспарларында орыс тілінен басқа кемінде бір шет тілін оқып-үйрену көзделгенін ескеретін болсақ, Қазақстанда қазірдің өзінде екі тілді ахуал қалыптасты және көптілді білім беру үрдісі бар деп айтуға болады.

Қазір Қазақстанда негізінен екі тілділік ұлтаралық қарым-қатынас мәдениетінің маңызды бағыты ретінде орнықты. Ана тілінен басқа, басқа адамдардың тілін білетін адам көптеген басқа адамдармен сөйлесуге, басқа адамдардың ана тілінде дамыған материалдық және рухани байлыққа қосылуға, оның тарихымен, мәдениетімен жақынырақ және тереңірек танысуға мүмкіндік алады.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.А. Назарбаевтың 2009 жылы «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты халыққа Жолдауында елдің және оның азаматтарының бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету мақсатында «Тілдердің үштұғырлығы» мәдени жобасын кезең-кезеңімен іске асыру ұсынылғанын, оған сәйкес үш тілді: мемлекеттік тіл ретінде қазақ тілін, ұлтаралық қатынас тілі ретінде орыс тілін және жаһандық экономикаға ойдағыдай кірігу тілі ретінде ағылшын тілін дамыту қажеттігін атап өтті [4].

Елбасы Н. Назарбаевтың пікірінше «...Қазақстан өзінің көпұлтты халқымен бірегей және мықты. Оның жерінде бірегей көпмәдениетті кеңістік қалыптасты ... Қазақстанның көпмәдениеттілігі–қоғам дамуының прогрессивті факторы. Қазақстан халықтарының Еуразиялық тамыры шығыс, Азия, Батыс, Еуропа легін біріктіріп, көпмәдениетті дамытудың бірегей қазақстандық нұсқасын жасауға мүмкіндік береді».

Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша 2013 жылдан бастап республика мектептерінде 1-сыныптан бастап ағылшын тілін оқыту енгізілді. 5 жылдан кейін бұл оқушылар пәндерді ағылшын тілінде оқи бастайды деген ой болды. Осы уақытқа дейін осындай жұмысты жүзеге асыру үшін білікті кадрлар даярлау қажет болған. Алайда бұл идея қаншалықты жүзеге асыты? Оның нәтижесін уақыт көрсетер.

Көптілділік – белгілі бір әлеуметтік қауымдастық (ең алдымен мемлекет) шегінде бірнеше тілді қолдану; жеке тұлғаның (адамдар тобының) әрқайсысы нақты коммуникативтік жағдайға сәйкес таңдалатын бірнеше тілді қолдануы.

Көптілділік–көп мәдениетті тұлғаны қалыптастырудың негізі. Көптілді адамды әртүрлі қарым-қатынас жағдайларында шет тілдерін қолдана алатын, түсінетін және білетін адам деп атауға болады. Шет тілін үйрену әлі сол тілде білім алу туралы дегенді айтпайды. Көптілді білім беру туралы оқытылатын шет тілінде басқа да оқу пәндері, мысалы, тіл әдебиеті, Елтану және т.б. оқытылатын жағдайларда айтуға болады.

Ю. Н. Карауловтың теориясына сүйене отырып, біз тілдік тұлғаның кейбір деңгейлерін ажыратамыз. Оқытудың шекті деңгейіне арналған көптілді тұлғаның төменде келтірілген жалпыланған дайын моделі біз нақтылаған фонетикалық, лексикалық және грамматикалық минимумдармен байланысты, сараланған.

Дайындық моделі. Көптілді тұлғаның вербалды–семантикалық деңгейі.

1. *Француз және орыс тілдерінің дыбыстарын, дыбыстық тіркестерін айтуға, қабылдауға және ажыратуға дайындық:*

- сөздердің шекарасын ажыратуға, Француз (соңғы буында) және орыс (ауыспалы)екпінінің ерекшелігін сезінуге және ажыратуға дайын болу;
- меңгерілетін тілдердің интонациялық құрылымдарын ажыратуға дайын болуы.

2. *Үш тілдің белгілік жүйесін қолдана отырып, номинацияларға әзірлік (жеке тұлғаның үш тілдің дыбыс кешендерінің заттары және құбылыстарымен байланысу қабілеті):*

- француз және орыс тілдерінде лексиканы қабылдауға дайындық;
- үш тілде сөздерді таңдауға дайын болу;
- зерттелетін тілдерде лингвистикалық терминологияны қолдануға дайын болу.

Көптілді тұлғаның тезаурустық деңгейі.

3. *Француз және орыс тілдерінің грамматикалық құрылымдарын қабылдауға дайындық:*

- Вьетнам, француз және орыс тілдерінде ауызекі сөйлеуге дайындық;
- орфография нормаларын білу;
- үш тілде жазбаша сөйлеуге дайындық;
- сөйлеуде грамматикалық модельдерді түсінуге және көбейтуге дайын болу.

Көптілді тұлғаның мотивациялық деңгейі.

4. *Оқу және қайталау сапасы:*

- күнделікті қолданылатын мәтіндерді шығаруға және қабылдауға дайын болу, яғни «қарапайым тілді» меңгеру;
- риясыз сөйлеу қарқынына ие болу;
- диалогті қолдауға, репликаларды ажыратуға, сұрақтар қоюға дайын болу;
- оқылған мәтінді қайталауға дайын болу;

- бағдарлама көлемінде айтуға және тақырып бойынша өз пікірін білдіруге дайын болу.

Көптілді тұлғаның қалыптасу деңгейлері белгілі бір дәрежеде шартты, өйткені олар әртүрлі комбинацияларға ие болуы мүмкін.

Шет тілдерін оқытудың негізгі мақсаты ақпараттық, коммуникативтік және зияткерлік қажеттіліктері, қабілеттері мен құзыреттіліктері бар көп мәдениетті көп тілді тұлғаны қалыптастыру. Бұл оған шет тілді таным, шет тілді қарым-қатынас және шет тілді шығармашылық субъектісі ролінде мәдениетаралық қарым-қатынас және кәсіби-тілдік қызмет жағдайында табысты әрекет етуге мүмкіндік береді.

Көптілді құзыреттілік бірнеше шет тілдерін меңгеру ғана емес. Көптілді құзыреттілік – бұл лингвистикалық білім жүйесіне ие болу, әртүрлі тілдердің лингвистикалық ұйымдастырылуындағы ұқсас және әртүрлі тілдерді анықтай білу, тілдің жұмыс істеу тетіктерін және сөйлеу әрекеттерінің алгоритмдерін түсіну, метакогнитивті стратегияларды және дамыған танымдық қабілеттерді меңгеру. Көптілді құзыреттілік – бұл белгілі бір тілдерді білудің қосындысы емес, бірақ пайдаланушы сенетін құзыреттіліктің бірыңғай күрделі, жиі асимметриялық конфигурациясы. Ол шет тілдерін үйренудің әдістері мен процесін түсінуді жақсартады, жаңа жағдайларда қарым-қатынас жасау және әрекет ету қабілетін дамытады. Көптілді құзыреттілік бұрын таныс емес тілдердің негіздерін өздігінен меңгеру бойынша іс-әрекеттерді мүмкін етеді және сәтті етеді, сондықтан көптілділік құзыреттілігін бірнеше шет тілдерін меңгеру ретінде ғана емес, сонымен қатар шет тілдерін үйрену қабілеті, «тіл сезімі», шет тілдерін өздігінен үйренуге деген ықылас пен қабілет ретінде қарастыруға болады.

Екі тілділік пен көптілділік туралы айтқанда, ағылшын тілінің кеңейу тенденциясын атап өтуге болмайды. Қазіргі уақытта республикада ағылшын тілі кеңінен дамып келеді. Ағылшын тілін белсенді қолдану аймағы кеңейуде. Әлем халықтары қазірдің өзінде әлемнің барлық дерлік тілдерінің англолизациясында көрінетін ағылшын тілінің кеңейуіне алаңдаушылық білдіруде.

Егемен Қазақстанның даму жылдары қоғамда қостілділік пен көптілділік қазақ тілінің құқықтары мен қадір-қасиетіне нұқсан келтіріп қана қоймай, оның дамуы мен ілгерілеуі үшін барлық қажетті жағдайларды жасайтынын көрсетіп отыр.

Қазақстан Республикасының тіл саясатының тұжырымдамасы орыс тілін ғылым мен техниканың әртүрлі салалары бойынша негізгі ақпарат көзі, жақын және алыс шетелдермен байланыс құралы ретінде анықтайды. Мемлекеттік тілді, қазақ тілін дамыту, орыс тілін сақтау және дамыту, көптілді білім беру саясатын жүзеге асыру – аса маңызды, бірақ қиын міндет. Бұл мәселені қоғамның барлық мүшелерінің күшімен бірлесіп шешуге болады.

Көптілді білім беру арқылы құзіретті тұлғаны қалыптастырудың алғышарттары

Бүгінгі күннің басты талабы құзіретті тұлғаны қалыптастыру болып отырғаны айдан анық. Еліміз білім саласында бәсекеге қабілетті тұлға

қалыптастыру үшін алдымен ол тұлға әлемдік білім саласына бет бұрып, өз еңбегінің жемісін паш ету үшін әлемдік аренаға көтерілуі қажет. Сондықтан да біреше тілді меңгеру күзиретті тұлға үшін басты міндет. Бүгінгі кезең біріншіден, динамикалық қарқынды даму үстінде. Бұл дегеніміз, қазіргі әлем дамуының негізгі ерекшелігі. Күні кеше әлемдік экономика және саясат тұрақты (статикалық тұрғыда) әрі болжауға тұрарлықтай дамыған.

Біріншіден, қазіргі заманның негізгі ерекшелігі – динамика болғандықтан, яғни бүгінгі жастар өзгерістерге, тұрақсыздыққа, белгісіздікке және болжаусыздыққа дайын болуы керек.

Екіншіден, ақпараттың мейлінше өсуі де үдеп келеді. Бүгінде ақпараттың жетіспеушілігі емес, керісінше, оның адам миының мүмкіншіліктерінен шамадан тыс көптігі проблема болып отыр. Әр саладағы ақпарат әрбір 4 жылда ескіріп отырады. Сол секілді әр салада ақпарат әрбір 4 жылда екі есе ұлғайып отырады. Дамудың мұндай қарқыны сақталатын болса, онда, ғалымдардың пікірі бойынша, жақын болашақта ақпарат әрбір 76 күнде екі еселенетін болады.

Үшіншіден, ақпараттық коммуникациялардың жаңа формалары, яғни коммуникациялық жылдам құралдардың дамуы (интернет, ұялы байланыс және т.б.). Интернет арқылы сауда жасау және оқу, білім алу бүгінде күнделікті өмірдің бір бөлігіне айналып кеткені өтірік емес.

Постиндустриалды заман экономикасының ерекшеліктері. Бұл жерде экономикалық шекаралар жойылған әлем (жаһандану) десек те болады. Сол секілді, әлемдік деңгейде еңбек бөлу процесінің дамуы. Барлық жұмыс жасаушылардың тек 15 %-ы тауар өндіру саласында қамтылған болса, қызмет көрсету саласында 85%-ы жұмыс жасайды. Кәсіптер үйреншікті қасиеттерінен айрылып, басқа кәсіптердің ерекшеліктерін иемденуде. Кәсіптер әр 4 жылда 25%-ке өзгеріп отырады.

Төртіншіден, әлеуметтік ерекшеліктер. Адам қоғамының қызмет көрсету қоғамына айналуы. Адамдардың бос уақытының ұлғаюы және демалу мәдениетінің дамуы. Гендерлік саясат (әйелдер рөлінің өсуі). Қоғамдағы тұлға рөлінің өсуі.

Бесіншіден, интеллектуалдық өзгерістер. Адам миының мүмкіншіліктерін бұрынғыдан тиімді пайдалану. «Өзің жасап ал!» идеясының кең етек алуы. Тұлғаны бағалауда интеллектуалды коэффициенттен (IQ) эмоционалды коэффициентке (EQ) көшу.

Алтыншыдан, білім жүйесіндегі өзгерістер. Репродуктивтік оқытудан конструктивтік оқуға көшу. Білімдік парадигмадан таным процесіне қатысушылардың белсенді әрекеттерін талап ететін әрекеттік парадигмаға көшуі. Бұны оқу процесінің мазмұнын зерттеу жұмыстары құрайды. Мақсаттың өзгеруі: интеллектуалдық тұлғадан рефлексивтік тұлғаға ауысуы.

Жетіншіден, бүгінгі күнгі маманға қойылатын талаптар. Дамыған елдердің экономикасы символикалық аналитиктерді көптеп қажет етуде. Символикалық аналитиктер деп кез келген жағдайда жұмыс жасай алатын, проблеманы айқындай біліп, оны шешу жолдарын белгілеп, стратегиялық

бағыттарды айқындай білетін мамандарды атайды. Қазақстан экономикасы да білімін пайдаланып, жұмыс жасай алатын, білімді нақты жұмысқа айналдыра білетін символикалық аналитиктерді қажет етеді.

Сегізіншіден, білім алушылар оқуды аяқтағанда қандай құзырлылықтарды меңгеруі керек. Проблемаларды шешуге дайын болуы қажет екенін біледі.

Өзіндік тұрғыдан танымдық әрекеттерге дайын болуы. Тұлға аралық қарым-қатынасқа дайындық (қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде) тілдерді білуі мен меңгеруі арқылы жүзеге асырылады.

Сондай-ақ, бүгінгі күнде бәсекеге қабілетті құзіреттілігі жоғары маман дайындауда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды тұтынушы деңгейінде тиімді қолдану дайындығын да меңгерген тиімді. Бұл ретте, біріншіден, әлеуметтік өзара әрекеттесуге дайындық; екіншіден, қазақстандық идея мен өзінділікті қалыптастыру негізінде өз Отаны үшін жауапкершілікті өзіне жүктеу дайындығы; сол секілді, үшіншіден, өзін-өзі дамыту, өркендету, жүзеге асыруға дайын болғаны абзал.

Көптілді білім беру арқылы құзіретті тұлғаны қалыптастырудың алғышарттарын дамытуда *интербелсенді әдістемелерді сабақ барысында қолданған тиімді*. Яғни, интербелсенді оқу білім процесінің бұрынғы біржақты түсінігін (*әрекет жасаудың негізгі тұлғасы педагог болып табылатын және «үйрету», «білім беру» секілді етістіктерді қолданатын бағдарламаға бағытталған, бағдарламацентристік*) екіжақты, диалогиялық түсінікке ауыстырады. Интербелсенді оқу таным процесін негізгі әрекетті білім алушы (*білім алушыцентристік*), өздігімен атқаратын «білім игеру» деп таниды, мұнда «үйрену», «тану», «оқу» сияқты етістіктермен: «*Үйрету мүмкін емес, тек үйрену ғана ықтимал*» қағидасы қоланылады.

Интербелсенді оқудың негізгі қағидаларына: таным ортасын құрастыру; әрекет арқылы үйрену/үйрету; өзінділік пен дербестікті қалыптастыру; өмірмен байланыстыруларды жатқыза аламыз. Осы ретте, интербелсенді әдістеменің негізгі қағидасына тоқталып кетсек, интербелсенді әдістеме әрекет арқылы және әрекетпен үйретуге негізделеді. Бұнда: адам бірінші кезекте өз қолымен жасағанды есте сақтап, игереді. Яғни: «Маған айтып берсең – ұмытып қаламын, көрсетсең – есте сақтаймын, өзіме жасатсаң – үйренемін!» (Конфуций) деген принципті ұстанған жөн. Осы ретте интербелсенді оқудың әдістеріне тоқталып өтсек, оларға: интербелсенді лекциялар мен семинарлар; пікірталастар; ойындар (оқу, рөлдік, іскерлік, өндірістік, имитациялық және т.б.); кейс-стади; тренингтер; оқытудың компьютерлік технологияларын жатқызуға болады.

Көптілді білім беру арқылы құзіретті тұлғаны қалыптастырудың алғышарттарында интербелсенді әдістеде қолданылатын дидактикалық тәсілдеріне тоқталып өтсек. Тілді меңгертуге қатысты әр сабақта келесідей дидактикалық тәсілдерді қолданған тиімді болар еді. Оларға: «ой қозғау», «Т-кестесі», «Венн диаграммасы», «болжау», «кластерлер», «оңай және қиын» сұрақтар кестесі, «ойлан», «жұптас», «пікірлес», «алдын ала берілген атаулар», «үлкен шеңбер», «қос шеңбер», «атаулар туралы үш сұрақ», «еркін жазу», «білемін», «білгім келеді», «білдім», «Дөңгелек үстел», «Үш қадамды сұхбат»,

«Топтық зерттеу», «Кең көлемді лекция», «сұрақ қою», «қайтадан сұрақ қою», «қос жазба күнделігі», «үш жазба күнделігі», «белгі қойып оқу (INSERT)», «Жигсо», «Жигсо-2», «қайшыланған пікірталас», «аквариум», «Эссе жазу» және басқаларын жатқызуға болады.

Интербелсенді оқуда қолданылатын зерттеу жұмыстарының нысандары мен тәсілдеріне: «жобалау»; «аннотациялау және рецензиялау»; «ғылыми жұмыстарға пікір жазу»; «әдебиет көздерін талдау картасын құрастыру»; «ғылыми пікірталас пен диспуттар ұйымдастыру»; «портфолио құрастыру»; «кейс-стади», «мақала», «реферат», «сценарий жазу»; «идеялар аукционын өткізу»; «презентациялау»; «өз ғылыми-зерттеу жұмыстары бойынша ғылыми аппарат құру»; «сауалнамалар», «тестер», «диагностикалық құралдар», «жоспарлар», «бағдарламалар әзірлеу»; «тәжірибелер жасап, олардың сандық және сапалық көрсеткіштерін айқындау» және т.б. жатқызуға болады.

Бүгінгі таңда көптілді білім беру арқылы күзиретті тұлғаны қалыптастырудың алғышарттарына тоқталғанда білім түрлеріне тоқталмай өтпеу мүмкін емес. Сондықтан, білім түрлеріне тоқталатын болсақ, бүгінгі күні ғалымдар бір ауыздан дерлік білімнің негізгі екі түрін көрсетеді. Олар: репродуктивтік және конструктивтік білім.

Философ Джон Дьюи, психологтер Жан Пиаже мен Лев Выготский, математик және логик Алфред Уайтхэд, педагог Т.Лешкевич, философ Владимир Данченко және басқалар білімнің бұл түрлері өз қасиеттері бойынша бір-біріне қарама-қарсы деп есептеген. Бұған қоса білім берудің де екі үрдісін ажыратуға болады. Олар: репродуктивтік тұрғыдан білім беру өткен дәуірдің әдістемесіне жатса, конструктивтік тұрғыдан білім игеру – бүгінгі және ертеңгі күннің білімі деп қараған.

Репродуктивтік білім дегеніміз – бұл ырықсыз, бәсеңді (пассив түрдегі) түйсінуді (қабылдауды) білдіреді; мұнда үйренушінің субъективтік және өзіндік түсінігіне жол берілмейді. Репродуктивтік білім «түрлендірусіз, еш өзгертусіз қайталау» деген ұғымды меңзейді.

Репродуктивтік білім есте сақтау және қайталауға негізделеді, мұнда қарастырылатын мәлімет білім алушы тұрғысынан аз мөлшерде өзгертіліп, интерпретацияланады. Сондай-ақ, репродуктивтік білімде бағдарлама (оқытудың, пәннің бағдарламасы) негізгі рөл атқарады («бағдарлама центристік» білім), өйткені мұндай білім шәкірттің жеке тұлғасына бағытталмай, жоғары жақтан белгіленген оқытудың бағдарламасына арқа сүйейді: «бағдарламада қалай келтірілсе, солай оқыту керек» деген қағиданы ұстанады. Репродуктивтік білімде басты тұлға – үйретуші («ұстазцентристік» білім), өйткені ол білім алушының мүдделерін ескермей, үйретушіге (ұстазға) бағытталады.

Осы ретте репродуктивтік білімнің түрлеріне тоқтала кетсек. Біріншіден, бұған сипаттаушы білімді жатқызамыз. Олар *біріншіден*, қайталауға негізделген сипаттауға бағытталады. Негізгі сипаты: көрнекілік; *екіншіден*, түсіндіруші білім. Оған объективтік дәлелдемеге ұмтылады. Негізгі сипаты: дәлелділік (өз көзқарасының дұрыстығын дәлелдеу).

Көптілді білім беру арқылы күзiреттi тұлғаны қалыптастырудың алғышарттарындағы конструктивтік білім беруге тоқталатын болсақ, конструктивтік білімде басты назар «пән» немесе «бағдарламаға» емес, үйренуші (шәкірт) тұлғасына аударылады, ал ұсынылған білім тұлғаны өзгерістерге ынталандырады. Бұнда: шәкірт алған білімді (ақпаратты, мәліметті, ұғымды, т.с.с.) өзіндік тұрғыдан өзгертсе, оның үйренген білімі шәкірт тұлғасын да өзгертеді (дамытады, өсіреді).

Сол себепті де конструктивтік білімді кейде түрлендіруші білім деп те атайды. Неліктен «конструктивтік» деп аталатындығына тоқталып өтсек. Білім алушы өздігімен ақпарат, фактілер, ережелер мен қағидалардан дербес (өзіндік) мағына, түсінік, ой, идея, тұжырым құрастырады;

Конструктивтік білім шәкіртті рефлексия (ой-толғаныс) арқылы өзін-өзі «түрлендіруге», өзінің тұлғасын өзгертуге ынталандырады;

Конструктивтік білім тұлғаға өзін-өзі түрлендірудің(өзгертудің) айқын да анық мақсаттары мен құралдарын беріп қана қоймай, сонымен бірге оларды тұлғаның тұла бойына сіңіріп, оны өзін-өзі жетілдіру ісіне жұмылдырады.

Көптілді білім беру арқылы күзiреттi тұлғаны қалыптастырудың алғышарттарында *неліктен конструктивтік білім бүгінгі күннің өзекті мәселесі болып табылады?* Сипаттаушы және түсіндіруші білімдер қаншалықты қажетті болса да олар әлемді өзгерте алмайды, өйткені әлем тек адамның түрлендіруші әрекеттері арқылы өзгере алады, яғни оқытуда басты назарды тұлғаның жеке қасиеттері мен белсенді әрекеттеріне, оның қолынан келетін істерге аудару қажет.

Осы ретте *конструктивтік білімнің негізгі сипатына тоқталып өтсек.* Бұл ретте, түрлендіруші ықпалдың (әрекеттердің) тиімділігі оның адамды өзін-өзі түрлендіру ісіне жұмылдыра білуіне байланысты деуге болады. *Сол себепті де конструктивтік білімнің негізгі сипаты ретінде оның әрбір білім алушыға жағымдылығы мен қызықтылығы танылады.*

Адамның көңілін өзіне тартпайтын, қызықсыз білім табиғатынан конструктивтік емес болады. Сондықтан, *«Қалайша қызықты жасауға болады?» деген сұрақ туындары хақ.* Адам өзі үшін мағыналы деп шешкен нәрселер ғана оны өзіне тартып, оның қызығушылығын тудырады. «Қызықты» дегеніміз адамның жеке басының мүддесін ескеретін, «мен» тұрғысынан маңызы бар нәрселер. Сол себепті де конструктивтік білімнің барлық жүйелері әр адам үшін маңызды деген өмірлік проблема немесе проблемалар жиынтығы төңірегінде шоғырланады. *Ұстаздың басты мақсаты: шәкіртке сабақтағы аңгіменің (тақырыптың) оған қажетті (ол мағыналы деп есептейтін) нәрселер жайында болатындығын сезіндіру.*

Ойымызды жинақтай келе, көптілді білім беру арқылы күзiреттi тұлғаны қалыптастырудың алғышарттарында репродуктивтік білім мен конструктивтік білім беруді салыстыратын болсақ:

1-кесте. Репродуктивтік білім мен конструктивтік білім беру туралы

<i>Репродуктивтік білім</i>	<i>Конструктивтік білім</i>
<i>Жоғарғы жақтан күштеу</i>	<i>Тұлғаның өзін-өзі көрсете білуі мен дамуы</i>
<i>Еркіндікке жол бермейтін тәртіп (үйретуші тарапынан белгіленген)</i>	<i>Еркін түрде әрекеттесу, үйренушілердің өздері қабылдаған ережелерді (тәртіпті) ұстану</i>
<i>Кітаптар (оқулықтар) бойынша үйрену</i>	<i>Тәжірибе арқылы үйрену</i>
<i>Қайталау арқылы жүйеленбеген (арасында байланысы жоқ) біліктер мен дағдыларды қалыптастыру</i>	<i>Өмірде қажетті мақсаттарға жету үшін біліктер пен дағдыларды игеру</i>
<i>Бұлыңғыр болашаққа дайындау</i>	<i>Бүгінгі күннің мүмкіншіліктерін мейлінше пайдалану</i>
<i>Статикалық (өзгерістерге ұшырамайтын) мақсаттар мен материалдар</i>	<i>Әлемнің күнделікті өзгерістерге толы динамикасы</i>

Қорытындылай айтар болсақ, көптілді білім беру арқылы күзіретті тұлғаны қалыптастырудың алғышарттарында репродуктивтік білім мен конструктивтік білім беруді қатар алып жүруде екеуі де тиімді екенін айта кеткен жөн.

Қазақстандағы көптілділік мәселесі

Қазақ тілін өзге ұлт өкілдеріне үйретуде түрлі әдіс-тәсілдерді қолдана отырып тілді жылдам меңгеруге негізделген әдістемелік тұрғыдан жазылған ғылыми еңбек бар. Қазақ тілін оқытуды қарастырғанда, Э.Д.Сүлейменова, Қ.Қадашева А.Алдашеваның «Қазақ тілі. Кешенді оқу құралы» [5], Г.Б.Туреханова Н.К.Абдрахманованың, Ш.Қ.Құрманбаеваның, С.Қазыбаев және т.б. ғалымдардың еңбектерін атап өтуге болады.

Қазақ тілін оқыту әдістемесін зерттеу барысында Т.Аяпованың [6], З.Күзеквананың [7], Р.Нұртазинаның [8], Х.Қарабаеваның [9], Ж.Жеткізгеннің [10], Г.Әлімбековтың [11], Ж.Нұржанның [12], Д.Петорвтың [13], А.Рахымбердиевтің [14], Ә.Исабаевтың [15], Б.Құлмағамбетованың [16] және т.б. еңбектері қолданылды.

Тілдерді оқытудың өзіндік орнын межелеп, өзге ұлт өкілдеріне қазақ тілін ешбір қиындықсыз меңгертуде материалдарды талдау барысында хронологиялық, салыстырмалы – жүйелі зерттеу және ғылыми баяндау әдіс-тәсілдері қолданылды.

Тілдерді екінші тіл ретінде оқытуды зерттеу нәтижесі барысында төмендегідей тұжырымдарды қорғауға ұсынуға болады:

- аудармасыз оқыту ұғым ретінде қабылданады;
- әдіс-тәсілдер көркемдік, философиялық қырынан қаралады;
- аудармасыз оқыту әдісі бұрын арнайы қарастырылмағандықтан да осы мәселе әдістемелік ұсынымдаманың ғылыми ой-пікірлер арнасында бүгінгі егеменді, тәуелсіз ұлттық таным мен ұлттық эстетика тұрғысынан зерттеліп талданады;
- тілдерді оқыту зерттеу мен зерделеудің басты арқауына айналады;

- тілдік, әдістемелік көрініс табуының қыр-сыры ашылады;
- аудармасыз оқыту әдісі басқа тілдермен байланыста зерттелінеді.

Тілдің фонетикалық интерпритациясы

Қазақстан Республикасының Призеденті Н.Ә.Назарбаев Қазақстан халқына Жолдауында «Қазақстан халқы дүние жүзінде үш тілді бірдей пайдаланатын ел ретінде көрінуі тиіс. Бұлар – қазақ тілі, яғни, мемлекеттік тіл, орыс тілі – ұлтаралық қатынастар тілі және ағылшын тілі – әлемдік экономиканың сәтті қолданысындағы тілі» делінген [17]. Бүгінгі таңда елімізде «көптілділік» мәселесі көкейкесті мәселелердің бірі болып отыр.

Сондықтан қазақ тілін оқыту, сонымен қатар көптілділікті меңгертуді жолға қою – бүгінгі таңдағы орта білім жүйесінде педагогикалық үрдістің негізгі бағыттарының бірі. Педагогикалық жұмыстың осы бағытындағы мәселелер, оларды шешу жолындағы ұмтылыстар, ізденістер нәтижесінде көптілді және билингвалды білім беру саласында біраз тәжірибе жинақталды.

Көптілді және билингвалды білім беру үлгісін енгізудің идеялық негізіне Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқы Ассамблеясының XII сессиясында: «Бізге кейбір пәндерді оқыту бір мезгілде қазақ тілінде де, орыс тілінде де жүргізілуі туралы ойласу керек. Бұл – біздің бүкіл білім беру жүйеміз үшін жаңа міндет» деген.

Көптілді білім беруді келесідей жіктеуге болады:

- көптілді білім беру – бұл мектептегі оқу пәндерін екі немесе одан да көп тілдерде оқыту;
- билингвалды білім беру – оқу және оқудан тыс жұмыстардың негізгі бағыттарын екі тілде іске асыру, педагогикалық үрдісте екі тілді оқыту құралы ретінде пайдалану.

Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептерде үш тілді білім беру моделін енгізудің өзектілігі келісіндей:

- бүгінгі қазақстандық қоғамдағы көптілді, көп мәдениетті тұлғаға деген сұраныстың артуы;
- ұлттық мектеп бітірушілерін жалпы қазақстандық және әлемдік білім және ақпарат кеңістігіне кіріктірудегі мәселелерді шешу қажеттілігі;
- болашақ ұрпақты қазақстандық патриотизмге, ұлтаралық қатынас мәдениетіне тәрбиелеудің өзекті мәселеге айналуы;
- аз ұлт өкілдерінің этникалық ерекшеліктерін сақтаумен бірге олардың жалпықазақстандық экономикалық, әлеуметтік-мәдени үрдістерге толыққанды қосылуына жағдай жасау;
- мектеп бітірушілерінің коммуникативтік және ақпараттық құзырлықтарының жеткілікті деңгейіне қол жеткізу;

Өзекті мәселелерді жүзеге асыру үшін басты мақсат – Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті орта білім стандарттары талаптары деңгейінде үш тілде білім меңгерген, көптілді коммуникативтік құзырлықтары қалыптасқан, көп мәдениетті, рухани-адамгершілік қасиеттері дамыған тұлғаны тәрбиелеу.

Қазақ тілінің өзге ұлт мектептерінде оқытылуы – мемлекеттік тілдің өркендеп дамуына, келешекте ғылым тіліне айналуына жол ашу деген сөз. Қазақ тілін оқыту бірнеше жылдардан бері төмендегідей арнайы ережелерді басшылыққа ала отырып, кезең-кезеңмен жүзеге асырылып келеді. Бұнда:

- пәннің білім мазмұнын анықтау. Дамытушылық ұстанымдарын басшылыққа алып, оқуға пайдаланатын материалды нақтылау;
- бағдарлама оқушыға қиындық туғызбау үшін оны шамадан тыс толықтырып, күрделендірмеу;
- оқушының өздігінен жұмыс істеуіне, ой-өрісін кеңейтуіне мән беру;
- жыл бойы білім сапасын үздіксіз бақылауға алып, диагностикалық талдау жүргізу;
- қазақ тілі пәнінен оқыту – әдістемелік оқу құралдарын әзірлеу, оқытудың оқу-материалдық базасын нығайту және т.б.

«Тілі бірдің – тілегі бір», «Тіл тағдыры – ел тағдыр» екендігін, ел бірлігінің негізі – тіл бірлігіне қол жеткізу жолында қызмет ету парыз. Ендеше жас ұрпақтың қазақ тіліне деген сүйіспеншілігін, өзге тілдерді оқып-білуге деген қызығушылықтары мен ұмтылыстарын арттыру арқылы білім алушылардың Отанға деген махаббатын оятып, өз тағдырын ел тағдырымен мәңгілікке байланыстыратын ұрпақ болып қалыптасуына қол жеткізу – басты міндет.

Бүгінгі заманның талабына сай ғылым мен техника қарқын алып, алға дамыған кезеңде, ағылшын, орыс тілдерін жетік меңгеру заман талабына айналы отыр. Әлемік мәдениет пен ғылымды меңгерген жастарымыздың тілді жетік біліп, шетелде біліктіліктерін жетілдіру бүгінгі күн тәртібіндегі мәселелердің бірі. Сондықтан жастарымыз тілді жетік меңгерген кезде ғана өзіне-өзі сенімді азамат болып қалыптасып, болашақ ұрпағына өз пайдасын тигізері мәлім. Осы ретте тілдерді оқыту мәселесіне келер болсақ, аталған мәселе біршама ізденсіті талап етіді.

Тілді меңгерту барысында жүйелі жұмыстар жасаған жөн. Орыс тілді аудиторияға қазақ тілін меңгерту барысында оқытушыға шығармашылық тұрғыдан жан-жақты ізденісті талап етеді. Сондықтан мұғалім өзінің алдына: тыңдаушының ой-өрісін кеңейту, қазақ тілінде өз ойын жүйелі, сауатты жазуға машықтану, қазақ халқының тарихы мен әдет-ғұрпын танып талаптануға, сонымен қатар Отанды, табиғатты және т.б. жан-жақты терең танып білуге талпындыру керек.

Тілдерді оқытуда біріншіден, презентациялар, демонстрациялар, модульді сабақтарды қолданған дұрыс. Екіншіден, сабақ барысында тыңдаушылардың белсенділігін арттырып отырған орынды. Үшіншіден, уақытты ұтымды пайдаланған жөн және т.б.

Тілдердің қоғамдық қызметін кеңейтіп, оның маңызын, қажеттілігін табиғи түрде арттыру, жан-жақты дамытудың бірден-бір жолы тілді үйретудің сапасына қатаң талап қою, тіл үйренушілердің өздігінен білім алуын ұйымдастырумен бірге оның нәтижесіне тұрақты бақылау жасау. Бақылау

жасау дегеніміз адам өзінің алдына қойған мақсатына қарай жүзеге асыратын әрекеттердің дұрыстығын қадағалау керек.

Қай тілді болмасын меңгерудің тиімді жолы – заман талабына сай сабақтарды электронды оқу құралдарын, интерактивті тақтаны және т.б. пайдалану арқылы оңтайлы білім беру.

Тілді меңгерушілер мәтіндерді, электронды оқу құралдарын компьютерлік жабдықтардың көмегімен тыңдап, көріп берілген тапсырмаларды орындау арқылы оқыған мәтінін есте сақтап, оны бекіту әрекеттерін жасайды. Сондықтан тыңдаушы электронды оқулықтардағы мәтінді оқып, сол мәтінге тиесілі жаттығуларды орындап отырса, алынған тапсырмадағы жағдаяттар күнделікті өмірмен байланысты болса, тілді меңгеру жеңілдігі туындар еді. Жоғарыда аталғандарды саралай келе, бұдан мынадай нәтижелерге қол жеткізуге болады. Біріншіден, тыңдаушылар сөздікпен, мәтінмен жұмыс жасауға машықтанады. Екіншіден, сұрақ-жауап әдісін пайдалану арқылы ойын жүйелі жеткізіп, сөйлеуге машықтанады. Сонымен қатар мәтінге қатысты берілген тапсырмаларды орындату, үш тілде глоссарий жазу, топтық және жұптық жұмыстар жасату арқылы да тілді меңгерер еді.

Заман талабына қарай тілімізге жаңа терминдер мен жаңа сөздер еніп жатқаны жасырын емес. Көптеген сөздер ағылшын тілдерінен кіріп, күнделікті тілідік айналымға да қалыпты еніп жатыр. Сондай терминдердің бірі «CEFR».

CEFR дегеніміз не?

«Адам өлшей алмайтын нәрсені бақылай алмайды» (You can 't control what you can' t measure) принципімен құрылған – бағдарламалық және техникалық әзірлеу саласына ғана емес, сондай-ақ ағылшын тілін үйренуге де қатысты белгілі америкалық инженер-программист том Демарконның дәйексөзі. Оқу нәтижелерін қалай өлшеуге болады?

Бұл үшін стандарттардың ресми шкаласы бар, оны шет тілін үйреніп, үйрететін кез келген адам білуі керек.

Еуропа Кеңесі қабылдаған ағылшын тілін меңгеру деңгейін сипаттауға арналған халықаралық стандарт **the Common European Framework of Reference for Languages (CEFR)** деп аталады. Бұл шкала алты деңгейге арналған тілдік қабілеттердің сипаттамаларының жиынтығы болып табылады және кез келген тілге қолданылуы мүмкін: **A1 (бастаушы деңгей) - ден C2-ге дейін (тілді жетік меңгеру деңгейі)**. Бұл бөлу, әрине, оқытушылар, білім алушылардың өздері, қабылдау комиссиялары үшін де жұмысқа қабылдау кезінде тіл білімін бағалайтын компаниялар үшін де ыңғайлы.

CEFR сипаттамалары бүкіл әлемде оқыту мен білім беруде қолданылады. Тілді үйренуде нақты мақсаттар қоюға, білім мен құзыреттілік деңгейін анықтауға, нәтижелерді салыстыруға және бағалауға сүйенетін стандарт көрсеткіштері.

CEFR – бұл шет тілінде қаншалықты жақсы сөйлейтіндігіңізді және сол тілді түсінетіндігіңізді сипаттау тәсілі. Ұқсас мақсаттары бар бірнеше ұқсас жүйелер арасында: шет тілдерін оқыту кеңесі (ACTFL) әзірлеген шет тілдерін оқыту стандарттары, канадалық тіл деңгейін бағалау критерийлері (CLB) және

тілдік дайындық мәселелері бойынша ведомствоаралық дөңгелек үстел (ILR). CEFR жүйесі белгілі бір тілдік тестке байланысты емес. CEFR – кез келген еуропалық тілге қолдану үшін арнайы әзірленген жалпы Еуропалық жүйе, сондықтан оны білім алушылардың ағылшын, неміс тілі және т.б. біліміңізді бағалау үшін пайдалануға болады.

CEFR критерийлерін 1990 жылдары Еуропа Кеңесі барлық Еуропа елдерінің тілдік мектеп оқытушылары арасындағы ынтымақтастықты дамыту жөніндегі ауқымды бастама аясында жасады. Еуропа Кеңесінің тағы бір мақсаты білім беру мекемелерінің басшылары мен қызметкерлеріне үміткерлердің тілді меңгеру деңгейін бағалау үшін қажетті нақты критерийлерді беру болды. Бұл жүйе оқу және бағалау процесінде қолдануға арналған.

CEFR белгілі бір тестке байланысты емес және кез келген деңгейде шет тілін қолдана отырып, не істей алатыныңыз туралы бірқатар мәлімдемелер. Мысалы, B1 деңгейі бар білім алушы туралы ол «өзіне таныс немесе қызықты тақырыптар бойынша қарапайым, дәйекті мәтін жасай алады» деп айтуға болады. Кез келген шет тілінің оқытушылары бұл мәлімдемелерді білім алушының біліміндегі олқылықтарды бағалау және жою үшін қолдана алады.

CEFR құру тарихы

1970 жылдары шет тілін меңгерудің ресми стандарттарының қажеттілігі туралы айтылды. Бұған дейін оқытуда «**preliminary**», «**intermediate**» немесе «**advanced**» – дерексіз, бұлыңғыр, субъективті жіктеу «орташа деңгейден төмен», «сіздің орташа деңгейіңіз» **сияқты категориялар қолданылды**. Осы ұғымдарға әркім өз мазмұнын салды.

Сондықтан шет тілін оқытуға немесе үйренуге қатысы бар кез келген адам түсінетін әмбебап жүйе қажет болды.

Лингвистердің алдында нақты және өлшенетін оқыту стандарттарының жүйесін әзірлеу, білім алушылар, оқытушылар және оқулықтар мен оқу құралдарын шығарушылар үшін ағылшын тілінің білім деңгейлерін қалыптастыру міндеті тұрды. Сондықтан оқытудың нақты және егжей-тегжейлі жолын ұсынатын, шет тілін білу деңгейін ресми түрде растауға мүмкіндік беретін деңгей тұжырымдамасын құру ұсынылды.

Алғаш рет CEFR шкаласының жобасы 1997 жылы жарық көрді және бірқатар зерттеулер мен нақтылаулардан кейін **алты деңгей сипаттамасының (A1-C2) соңғы, ресми нұсқасы** 2001 жылы енгізілді және содан бері бүкіл әлемде қолданыла бастады.

CEFR жүйесіне сәйкестік неге маңызды?

Бүгінгі таңда Еуропада CEFR шет тілін білу деңгейін, атап айтқанда академиялық ортада сипаттаудың стандартты әдісі ретінде жиі қолданылады. Көптеген еуропалықтар сияқты бірнеше тілді үйренгендер үшін CEFR жүйесі түйіндемеде екі немесе одан да көп тілдерді ұсынудың ыңғайлы стандартталған әдісін ұсынады. Мектептерде немесе университеттерде CEFR бүкіл Еуропа үшін стандартты жүйе ретінде қызмет етеді және оны ешқандай шектеусіз пайдалануға болады.

Алайда, корпоративті ортада CEFR соншалықты кең қолданылмайды. Егер білім алушы өзінің түйіндемесінде CEFR-ды кәсіби мақсаттар үшін қолдануды шешсе, оған деңгей сипаттамасын, стандартталған тест нәтижесін және тілдік дағдыларды қолданған жағдайлардың мысалдарын (шетелде оқу, шетелде жұмыс істеу және т.б.) қосқан дұрыс.

CEFR жүйесін кімдер қолданады?

CEFR жүйесі Еуропада мемлекеттік білім беру саласында да, жеке тілдік мектептерде де тілді оқытуда кеңінен қолданылады. Көптеген елдерде ол шет тілін оқытуда қолданылатын алдыңғы бағалау жүйелерін алмастырды. Еуропадағы білім министрліктерінің көпшілігі барлық орта мектеп түлектеріне арналған білім беру мақсаттарына, олардың білімінің CEFR жүйесіне сәйкестігін, мысалы, бірінші шет тілі үшін B2 және екінші шет тілі үшін B1 деңгейін қамтиды. Жұмысқа орналасатын ересектердің ағылшын тілін білу деңгейін бағалау үшін көптеген еуропалық ұйымдар TOEIC сияқты стандартталған тесттерді қолданады.

Еуропадан тыс жерлерде CEFR жүйесі аз қолданылады, дегенмен Азия мен Латын Америкасының кейбір жекелеген елдері оны білім беру жүйелеріне қосқан.

CEFR деңгейін қалай білуге болады?

CEFR деңгейін білудің ең жақсы тәсілі – дұрыс құрастырылған стандартталған тест тапсыру. Ағылшын тілінде EF SET – бұл ағылшын тілінің деңгейін анықтаудың ең жақсы нұсқасы, өйткені бұл CEFR жүйесіне сәйкес келетін ақысыз онлайн мәтін. Тест тапсыру және CEFR деңгейін білу үшін білім алушыға 50 минут қажет болады.

CEFR жүйесіндегі басқа еуропалық тілдердің білім деңгейлерін бағалаудың барлық кең таралған тестілері CEFR жүйесіне сәйкес келеді. Тест нақты тілге байланысты таңдалады. Мұндай сынақтар туралы ақпаратты Еуропаның ресми білім беру тілдік қауымдастықтарынан мысалы, француз тіліне арналған Франсез Альянсы, испан тіліне арналған Сервантес институты немесе неміс тіліне арналған Гете Институтынан алуға болады. Еуропалық емес тілдердегі деңгейді анықтау үшін CEFR жүйесі әдетте қолданылмайды.

CEFR жүйесіне сын

Көптеген мұғалімдер алдымен CEFR-ды деңгейлердің кеңдігі үшін сынға алды. Алты деңгейдің әрқайсысында дағдылар мен қабілеттердің сипаттамасы бар. B1 деңгейіне жеткен оқушының білімі B2 деңгейін игерген оқушының білімінен мүлдем өзгеше, бірақ оның деңгейі B1 деңгейі ретінде анықталады. Практикалық тұрғыдан алғанда, сабақтарды әзірлеу және оқушыларды бағалау үшін мұғалімдер алты деңгейдің әрқайсысын кіші деңгейлерге бөлуі керек.

Еуропадан тыс көптеген елдерде мұндай кең таралған сынақтар бар. Бұл сынақтарды жалпы стандартталған жүйеге сәйкестендіру іс жүзінде мүмкін емес деп саналады, сондықтан қолда бар тесттер бастапқы түрінде қолданылады. Ағылшын тілі үшін атап айтқанда, стандартты деңгейді бағалауға арналған ең кең таралған тесттер CEFR жүйесінен өзгеше.

CEFR бойынша ағылшын тілін білу деңгейлері

Үш деңгей (А, В, С) негізге алынған, олардың әрқайсысында 1 және 2 сандарымен тиісінше белгіленетін екіден бөлінеді.

CEFR сипаттамасы көптеген құжаттарды қамтиды және онда **үш негізгі кесте бар. Олар:**

1. **Global scale** – деңгейлер арасындағы негізгі айырмашылықтардың жалпы сипаттамасы;

2. **Self-assessment grid** – бұл өз дағдыларын өзін-өзі бағалауға арналған кеңейтілген кесте, онда әр деңгей үшін стандарттар келесі критерийлер бойынша берілген: оқу, тыңдау, дыбыс интерфейсі, дыбыс өндірісі, жазу және т.б.

3. **Spoken language use – Qualitative aspects** – бұл кесте бес негізгі параметр бойынша сөйлеу дағдыларын сипаттайды. Олар:

Range (спектр, әртүрлі сөздер мен сөз тіркестерін қолдану ауқымы)

Accuracy (дұрыс сөйлеу)

Fluency (еркін сөйлеу)

Interaction (тиімді өзара әңгімелесу үшін ауызша және вербальды емес параметрлерді бағалау)

Coherence (сөз байланысы)

Біріншіден, Еуропалық Одақта қолданыс тапқан CEFR шеттілдерін меңгеру деңгейлерінің жүйесі негізінде әзірленген мақсатты тілдерді деңгейлік оқыту болып саналады. Аталған шкаланың басты ерекшелігі, ол сөздердің немесе грамматикалық құрылымдардың қандай да бір жиынтығын білуге негізделмей, оқылып жатқан тілді белгілі бір деңгейге жеткізе алатындығы. Сондықтан, CEFR шкаласы әмбебап болып есептеліп, оны кез келген тілге қолдануға болады.

CEFR жүйесінде білім алушылардың білімі мен біліктілігі ішінара алты деңгейден тұратын ірі үш санатқа (категорияға) бөлінеді:

А Қарапайым меңгеру

A1 Күнкөріс деңгейі

A2 Бастапқы деңгей

В Жеткілікті меңгеру

B1 Бастапқы деңгей

B2 Бастапқы ілгеріңкі деңгей

С Еркінмеңгеру

C1 Кәсіби меңгеру деңгейі

C2 Жоғары деңгейде меңгеру

Білім алушылар оқылым, есту арқылы қабылдау, ауызша және жазбаша сөйлеу барысында меңгеруі тиіс білімдер мен біліктер сипатталады.

Қазақстанның үш тілде оқыту моделі CEFR аналогі емес, бірақ, аталған құжатты негізге ала отырып, оның идеяларымен негізгі ережелерін ұлттық білім беру жүйесінің нақты жағдайларына бейімдейді.

2-кесте - CEFR (Common European Framework of Reference – Шет тілін меңгерудегі жалпы еуропалық құзыреттіліктер) сәйкес үштілде оқытудың

салыстырмалы деңгейлері

CEFR деңгейлері			Сыныптар	Ағылшын тілі (Т3)	Сыныптар	Қазақ тілі (Т2) Орыс тілі (Т2)	
Базалық	A1	Күн көріс деңгейі	1-сынып	A1 Бағытындағы жұмыс	A1	1-сынып	A1 бастапқы
			2-сынып	A1 төмен		2-сынып	A1 орташа
			3-сынып	A1 орташа		3-сынып	A1 ілгерілеген
			4-сынып	A1 жоғары		4-сынып	A2 бастапқы
	A2	Бастапқы деңгей	5-сынып	A2 төмен-орташа	A2	5-сынып	A2 орташа-ілгерілеген
			6-сынып	A2 орташа-жоғары		6-сынып	B1 бастапқы
			7-сынып	B1 төмен		7-сынып	B1 орташа
Орташа	B1	Бастапқы деңгей	8-сынып	B1 орташа	B1	8-сынып	B1 ілгерілеген
			9-сынып	B1 жоғары		9-сынып	B2 бастапқы
			10-сынып	B2 төмен-орташа	B2	10-сынып	B2 орташа
			11-сынып	B2 орташа-жоғары		11-сынып	B2 ілгерілеген

Мақсатты бағдарлар орыс-қазақ және қазақ-орыс тілдері тән Қазақстандағы тілдік жағдайды есепке ала отырып анықталады, соңғысы бірте-бірте өзінің ауқымын кеңейтеді. Бұнда ағылшын тілі бір қадам артта, себебі, қазақ және орыс тілдері табиғи лингвистикалық ортада оқытылады. «С» деңгейіне келетін болсақ, ол аталған кестеге кірмейді, себебі, ол тілдік білім берудің мектеп сатысына арналмаған.

Үш мақсатты тілді оқытудағы келесі әдістемелік тәсіл – грамматикалық-аударма әдістеріне негізделген тәсілдерге балама ретіндегі **коммуникативтік тәсіл**.

Грамматика мен аударма әдістерінің негізгі кемшіліктері – тілдерді оқыту барысында барлық басымдықтар грамматикаға, лексиканы механикалық меңгеруге, оқылым мен әдебиеттік аудармаларға беріліп, біртекті тапсырмалар ұсынылуында: ережелер жаттау, мәтінді оқу, аударма, жаңа сөздерді есте сақтау, мазмұнын айту, мәтін бойынша жаттығулар. Нәтижесінде, жылдар бойы беске оқыған бала грамматиканың барлық ережелерін біледі және жақсы сөздік қорға ие болса да, дегенмен Қазақстанда өмір сүріп отырғандықтан, шетелдіктермен ағылшын тілінде сөйлесе алмайтындығы байқалды.

Аталған жағдайлар неге орын алуда? Біріншіден, білім алушының бойында тілді үйренуге деген үрей мен қорқыныштың барлығы, себебі мәтіндерді жүгіртпелі оқып, сауатты әңгімелесу – бұл екі түрлі нәрсе. Екіншіден, егер білім алушы сөздерді нақты жағдай барысында орынды және сауатты пайдалана алмаса, сөздік қор ауқымдылығы, оның көптігі білім алушыға көмектеспейді. Сол себепті, сөйлесу және коммуникативтік дағдыларды дамыту маңызды.

Коммуникативті тәсілдің негізгі талаптары коммуникациялық процесті оқу үдерісімен үйлестіру болып, дәлірек айтқанда, оқу үдерісі негізгі параметрлері бойынша нақты қарым-қатынас процесіне сәйкес келеді.

Қарым-қатынас қажеттілігі мен ынтасына қаты бір жағдайда туындайтынын есте сақтаған жөн, сондай-ақ, қарым-қатынас формасымен байланыс мазмұны – аталмыш жағдайдың жауабы болып отыр. Тілді қолданудың әрбір әрекеті әлеуметтік қызмет салаларының біріне жататын нақты жағдай контекстінде жүзеге асырылады. Білім алушылардың әрекет етуі, қажет салаларды таңдау қызметі оқыту үдерісіндегі жағдайларды, мақсаттарды, міндеттерді, тақырыптарды және мәтіндерді таңдауда, тестілеуді құрастыруда және білім беру қызметін жоспарлауда маңызды рөл атқарады.

Коммуникативтік көзқарас ұстанымынан мұғалімдерге, бағдарламалар, оқулықтар, оқу құралдарын әзірлеушілерге келесі сұрақтарға жауап беру ұсынылады:

- Білім алушылардың коммуникациялардың қандай салаларында қарым-қатынас жасауларына тура келеді?
- Білім алушы қандай жағдайларға тап болуы мүмкін?
- Білім алушылар қарым-қатынастың нақты салаларында қандай тақырыптарды/тақырыпшаларды қозғауы қажет?
- Орынға, қарым-қатынас қатысушыларына, заттарға, оқиғалар мен іс-әрекеттерге қатысты қандай арнайы түсініктерді әр тақырып шеңберінде қозғайалады/қажет/қозғайды?
- Оқыту тілі қандай коммуникативтік тапсырмаларды орындайды?
- Тілді меңгерушіге коммуникативтік міндеттерді табысты орындау үшін қандай дағдылар және қаншалықты деңгейде қажет?

Үш мақсатты тілдерді оқытудағы келесі әдістемелік тәсіл – **мәдениетаралық – коммуникативтік тәсіл**. Аталған тәсіл тілдерді оқыту барысында мәдениетаралық қарым-қатынасқа талап етілетін жеке тұлға қасиеттерін дамытуға назар аударылатындығын білдіреді. Аталған тәсіл тұрғысынан келесі сұрақтарға жауап беру ұсынылады:

- Білім алушының тіл үйренуіне қандай әлеуметтік-мәдени білім мен тәжірибе қажет?
- Оқып жатқан тілінде коммуникацияны жүзеге асыру үшін өз елі және тілін оқып жатқан ел туралы қандай жаңа әлеуметтік-мәдени білімді игеруі қажет?
- Тиісті мәдениетаралық құзыреттілікті дамыту үшін білім алушы отандық және шетелдік мәдениеттер арасындағы қарым-қатынас туралы нені білуі қажет?

Үш тілде оқытуда қолданылатын негізгі тәсілдерді ұсынғаннан кейін:

- Тіл мен мәдениетті қоса зерттеу принципін;
- Білім беру мазмұнындағы қазақ (мемлекеттік) және орыс тілдері арасындағы теңгерімдік принципін;
- «қосарлы білім» принципін ұстанған дұрыс.

Ауызекі тілді қолданудың сапалық аспектілері

3-кесте. Жалпы базалық деңгейлер

Осы кестедегі диаграмма ауызша сөйлеуді бағалау үшін жасалды. Онда тілді қолданудың әртүрлі сапалық аспектілеріне назар аударады

	ДИАПАЗОНЫ	Дәлдік	ЖЫЛДАМ ОҚУ	Өзара әрекеттесу	Сәйкестік
C2	Мағынаның неғұрлым нәзік реңктерін дәл жеткізу, түсініксіздікті баса көрсету, саралау және жою үшін әртүрлі тілдік формаларда идеяларды қайта құру арқылы икемділікті көрсетеді. Сондай-ақ идиомалық өрнектер мен сөз тіркестерін жақсы біледі	Күрделі тілді дәйекті грамматик алық бақылауды қолдайды, тіпті егер назар аударылма са да (мысалы, перспекти валық жоспарлау, басқалард ың реакциясы н бақылау).	Ол өздігінен және ұзақ уақыт бойы табиғи сөйлесу ағынымен өзін білдіре алады, кезкелген қиындықтард ан аулақ бола алады немесе айналып өте алады, сондықтан әңгімелесуші оны әрең түсінеді.	Вербалды емес және интонациялық сигналдарды қабылдау және қолдану арқылы оңай және шеберлікпен өзара әрекеттесе алады, шамасы, көп күш жұмсамайды. Бірлескен дискурсқа өз үлесін толығымен табиғи бұрылыспен, сілтемелермен , кеңестермен және т. б. қосыла алады	Әртүрлі ұйымдастырушы лық модельдер мен қосқыштар мен басқа да өзара байланысты құрылғылардың кең спектрін толық және дұрыс қолдана отырып, дәйекті және тұтас дискурс жасай алады.
C1	Көптеген тілдерді жақсы біледі, бұл оның айтқысы келетін нәрсені шектемей, жалпы, академиялық, кәсіби немесе бос уақытты тақырыптардың кең ауқымында өзін тиісті стильде нақты	Грамматик алық дәлдіктің жоғары дәрежесін дәйекті түрде қолдайды; қателер сирек кездеседі, оларды анықтау қиын және	Өзін еркін және өздігінен, күш-жігерсіз білдіре алады. Тек концептуалды күрделі тақырып тілдің табиғи, тегіс ағымына кедергі келтіруі мүмкін	Сөзді алу немесе сақтау үшін түсініктемеле рден бұрын қол жетімді дискурсивті функциялар жиынтығынан тиісті сөйлемді таңдай алады және өз ойын басқа	Ұйымдастыруш ылық шаблондардың, коннекторларды ң және өзара байланысты құрылғылардың бақыланатын қолданылуын көрсететін айқын, тегіс, жақсы құрылымдалған сөйлеуді жасай

	көрсетуге мүмкіндік береді	олар пайда болған кезде түзетіледі		спикерлердің ойымен шебер байланыстыра алады	алады
B2	Нақты сипаттамаларды бере алатын, көптеген жалпы тақырыптар бойынша көзқарастарды білдіре алатын, сөздерді көп іздемей, сөйлемдердің кейбір күрделі формаларын қолдана алатын тілдің жеткілікті ауқымына ие	Грамматикалық бақылаудың салыстырмалы түрде жоғары дәрежесін көрсетеді. Түсінбеушілікті тудыратын қателіктерге жол бермейді және көптеген қателіктерін түзете алады	Сөйлеу үзінділерін біркелкі қарқынмен ойната алады; ол шаблондармен өрнектерді іздегенде тартынуы мүмкін, бірақ біршама ұзақ үзілістер болады	Сөйлесуді бастай алады, қажет болған кезде өз кезегін алады және қажет болған кезде сөйлесуді аяқтай алады, дегенмен ол әрдайым талғампаз бола бермейді. Таңыс негіздегі талқылауға көмектесе алады, түсінуді растайды, басқаларды қатысуға шақырады және т.б.	Ол өзінің мәлімдемелерін анық, дәйекті дискурста байланыстыру үшін шектеулі құрылғыларды қолдана алады, дегенмен ұзақ мерзімді хабарламада шыдамды болуы мүмкін
B1	Қарым-қатынас жасау үшін жеткілікті тілді, отбасы, хобби және қызығушылық, жұмыс, саяхат және ағымдағы оқиғалар сияқты тақырыптар бойынша кейбір ауытқулар мен ескертулермен өзін білдіру үшін жеткілікті лексиканы біледі	Жиі қолданылатын «процедуралардың» репертуарын және алдын ала болжанатын жағдайларға байланысты шаблондарды дәл қолданады	Грамматикалық және лексикалық жоспарлаумен жөндеудің кідірісі өте айқын болса да, әсіресе еркін өндірістің ұзақ кезеңдерінде жұмыс істей алады.	Таңыс немесе жеке қызығушылық тудыратын тақырыптар бойынша қарапайым жеке сөйлесулерді бастай, қолдай және аяқтай алады. Өзара түсіністікті растау үшін біреудің айтқанының бір бөлігін қайталай алады	Қысқа дискретті қарапайым элементтер сериясын нүктелердің сызықтық тізбегіне байланыстыра алады

A2	Күнделікті қарапайым жағдайларда шектеулі ақпаратты беру үшін жатталған фразалармен, бірнеше сөз топтарымен және формулалармен сөйлемдердің негізгі үлгілерін қолданады	Ол кейбір қарапайым құрылымдарды дұрыс қолданады, бірақ негізгі қателіктерді жүйелі түрде қабылдайды	Оны кідірістер, жалған бастамалар және қайта құру өте айқын болса да, оны өте қысқа мәлімдемелерде түсінуге болады	Сұрақтарға жауап бере алады және қарапайым мәлімдемелерге жауап бере алады. Ол сізді қашан қадағалайтынын көрсете алады, бірақ сөйлесуді өз қалауы бойынша жүргізу үшін жеткілікті түсінуге сирек қабілетті	Сөз топтарын «және», «бірақ» және «себебі» сияқты қарапайым сөздермен байланыстыра алады
A1	Жеке мәліметтер мен нақты жағдайларға байланысты өте қарапайым сөздер мен қарапайым тіркестер бар	Есте сақталған репертуардағы бірнеше қарапайым грамматикалық құрылымдар мен сөйлем үлгілерін тек шектеулі бақылауды көрсетеді.	Өте қысқа, оқшауланған, негізінен алдынала оралған сөздерді, өрнектерді іздеуге, аз білетін сөздерді артикуляциялауға және қарым-қатынасты қалпына келтіруге үлкен кідірістермен басқара алады	Жеке деректер туралы сұрақтар қойып, оларға жауап бере алады. Ол қарапайым түрде өзара сөйлесе, тілдесе алады, бірақ байланыс толығымен қайталауға, парафразға және түзетуге байланысты болуы мүмкін	Сөздерді немесе сөз топтарын «және» немесе «содан кейін» сияқты өте қарапайым байланыстырушы қосқыштармен байланыстыра алады

Үш тілде білім беретін ұйымдарының жетекшілері үшін төмендегі мәселелерге көңіл бөлу ұсынылады:

- Үш тілде сөйлей білу немесе тілдерді оқыту үдерісінде болу;
- Үш тілді теңгерімді пайдалануға ұмтылу;
- Үш тілде оқытуға оң көзқарас таныту және өз ұжымыңызды ынталандыру.
- Үш тілдікті табысты жүзеге асыру үшін мамандарды іріктеуге басым көңіл бөлу.
- Үш тілді оқытуды жүзеге асыру барысында мұғалімдерге

және олардың кәсіби дамуына қолдау көрсету.

– Үш тілді білім беруді жүзеге асыру барысында мұғалім, ата-ана мен білім алушылар арасындағы ынтымақтастықты қолдау.

Үш тілде білім беретін мектептің мұғалімдері үшін:

– Үш тілді меңгеруге және оларды түрлі жағдайларда пайдалануға талпыну;

– Екінші немесе үшінші тілді оқыту әдістерін, оның ішінде CLIL технологиясын зерттеу және қолдану;

– Екінші немесе үшінші тілді оқыту әдістері бойынша біліктілікті тұрақты түрде арттыру;

– Мақсатты тілде тілдік және тілдік емес пәндерді оқыту барысында білім алушыларды ынталандыруға көңіл бөлінуі керек.

Үш тілде білім алатын мектептің ата-аналары үшін:

– Ата-аналар Т2 және/немесе Т3 тілдерін жетік меңгермегендігіне қарамастан, олар балаларға оң көзқарас және тіл үйренудің артықшылықтарын танытулары қажет. Балалармен бірге теледидар (бағдарламаларды, мультфильмдерді, бастапқы кезеңде субтитрмен фильмдерді) көру және Т2/Т3 тілдерінде кітаптар оқу ұсынылады.

– Үш тілді білім беруді жүзеге асыру барысында білім беру ұйымдарының жетекшілерімен, мұғалім және білім алушылармен ынтымақтастықты қолдау қажет.

Үш тілде оқыту үдерісін ұйымдастыру үшін дайын формаларды күтуге болмайды. Әрбір білім беру ұйымы өз мүмкіндіктері мен ресурстарынан шығулары қажет.

Аймақтық ерекшеліктерін, өз әлеуеті мен ресурстарын ескере отырып, үштілді оқытуға ауысу туралы шешім қабылдаған мектеп, үштілді оқытуды жүзеге асырудың ең қолайлы үлгісін таңдайды. Олар:

– Орыс тілі басымдыққа ие аймақтарда орыс тілінде сөйлейтін балаларға арналған қазақ тіліне көшу бағдарламасы енгізілуі қажет. Қазақ тілінде сыныптан тыс іс-шаралар өткізуге болады.

– Оқыту аралас тілде өтетін мектептерде бір немесе екі сыныпта тілді екі жақты үйретудің эксперименттік моделін енгізу ұсынылуда. Аталған үлгі барысында қазақ және орыс сыныптарындағы білім алушылардың тең саны бір сыныпта оқытылады. Білім алушылар қазақ тілінде «Қазақстан тарихы», орыс тілінде «Дүниежүзі тарихы» пәндерін бірге оқи алады. Бұл екі тілдің параллельді оқытуды жеңілдетеді және өзге тілдерге құрметпен қарауды қалыптастырады.

– Үш тілде білім беруді енгізуге дайын мектептерде ағылшын тілі мамандары болмаған жағдайда элеуметтік-гуманитарлық цикл пәндерін және қысқа модульдерді, сабақ элементтерін, факультативтік сабақтарды ағылшын тілінде оқытуға болады.

– ЖМЦ барлық пәндері бойынша білікті мамандар болмаған жағдайда, бір пәнді даярлығы бар мұғалім оқыта алады.

– Сондай-ақ, кішкене модульді немесе пән терминологиясын

ағылшын тілінде оқытуға немесе ағылшын тіліндегі материалдарды ішінара пайдалануға болады.

– Қажетті ресурстары жоқ ауылдық мектептерде ағылшын тілін оқыту әдісі ретінде қашықтан интерактивті оқытуды пайдалануға болады.

– Оқулықтар болмаған жағдайда дербес оқу материалдарын әзірлеу ұсынылады.

– Оқу тілі мақсатты тілдермен (оқыту өзбек, ұйғыр және тәжік тілдерінде) сәйкес келмейтін мектептер үшін білім алушылар оқу материалдарын оқыту тілінде (Т1) оқыған және Т2 және Т3 (қазақ, орыс, ағылшын тілінде) талқылаған уақытта «Translanguaging» стратегиясын қолдануға болады.

Үш тілде білім беруге көшу үшін шешілуі тиіс мәселетілдерді оқытуды және мақсатты тілдерде оқытуды қамтамасыз етуге дайын **білікті мамандардың болуы** қажет. Осы мақсатта білім беру ұйымы педагогикалық мамандарды жүйелі түрде оқытуды жүзеге асыруы қажет, оның ішінде:

– Үш тілде білім беруді енгізу үшін педагогикалық мамандар қажеттілігін бақылау;

– пән мұғалімдерін қайта даярлау курстары мен тағылымдамаларға жіберу;

– ағылшын тілінде сабақ жүргізуге дайын, оның ішінде жоғары оқу орындарының педагогикалық мамандықтарының көп тілді топтарын бітірген пән мұғалімдерін іздеу және тарту;

– ағылшын тілінде сабақ өткізу үшін екінші мамандықтың қысқартылған білім беру бағдарламалары бойынша мұғалімдерді оқыту.

Үш тілде білім беру міндеттерін табысты жүзеге асыруға, мұғалімдердің кәсіби деңгейін жоғарылатуға тілдік пәндер мұғалімдерінің және мақсатты тілдерде сабақ жүргізетін пән мұғалімдерінің командалық жұмысы мүмкіндік береді. Мұғалімдердің командалық жұмысы үш тілді оқытудың тәсілдерін, принциптерін, оқу стратегияларын зерттеу және талқылау, бірлескен жоспар құру және жұмыстарды талдау (оның ішінде кесілген тақырыптарды) мақсатындағы жүйелі кездесулер сынды түрлі іс-шаралар ретінде (оның ішінде білім алушылардың жетістіктері мен қиындықтарын талдау) жүзеге асырылуы мүмкін; арнайы білім беру қажеттіліктері бар білім алушыларды анықтау, аталған білім алушыларға қолдау көрсету бойынша жоспар әзірлеу; мұғалімдер тәжірибелерін тарату; тәлімгерлік; сабақтарға өзара қатысу; бейнежазба және сабақты талдау; оқу материалдарын жасау; ата-аналар мен жұмысты ұйымдастыру; сыныптан тыс және мектептен тыс іс-шаралар.

Мұғалімдердің командалық жұмыстары үштілді білім беруді **оқу-әдістемелік қамтамасыз ету** мақсатында құрылған **шығармашылық топтардың** форматы бойынша жүргізілуі мүмкін. Үштілді білім беретін мұғалімдердің аталған шығармашылық бірлестігі оқулықтарды, ОӘЖ, терминологиялық сөздіктерді, әдістемелік нұсқауларды, тілді және пәнді кіріктіріп оқыту бойынша ұсынымдамаларды, бағалау және мониторинг материалдарын, ағылшын тілі пәндері бойынша сыныптан тыс сабақтарға

арналған бағдарламаларды әзірлеумен және сараптаумен айналысуы мүмкін.

Үш тілді білім беруді *әдістемелік қамтамасыз ету*, оны табысты жүзеге асырудың шарты ретінде мақсатты тілдерді оқытудың технологиялары мен әдістерін енгізу мен меңгеруге, пәндерді мақсатты тілдерде оқытуға, бағалау технологиялары мен мониторингке байланысты. Негізгі технологиялар мен әдістерге, деңгейлік және коммуникативтік тәсілдерге, «білімнің қосарлы кіруі» принципіне негізделген технологиялар, CLIL технологиялары, сабақтан тыс жұмыстар жатады.

Тілді оқытуға деген *деңгейлік тәсіл* тиісті әдістер мен технологияларды таңдауды анықтайды. Тілді деңгейлеп оқыту барысында алдыңғы қатарға тілдік даярлықты бірегейлендіру, тілдерді оқытудың түрлі кезеңдеріндегі процестердің сабақтастығы, тілдерді оқу үдерісінің үздіксіздігі жатады.

Жоғарыда айтылғандай, тілдерді оқыту Еуропа Кеңесінің «Тілдерді меңгерудегі жалпыеуропалық құзыреттіліктер: оқу, оқыту, бағалау» атты CEFR құжатының негізінде жүзеге асырылады. Мақсатты тілдердің мұғалімдеріне аталған құжатты практикалық қызметінде: тіл біліктілігін бағалау барысында оқу бағдарламаларын, оқу-әдістемелік әдебиеттерді, бақылау – өлшеу материалдарын құрастыру және т.б. пайдалану ұсынылады. Мысалы, белгілі бір оқыту мақсаттарын таңдау үшін деңгейдің егжей-тегжейлі сипаттамасы талап етілуі мүмкін. Ол деңгейлер бойынша тіл біліктілігінің негізгі аспектілерін көрсететін жеке кесте ретінде ұсынылған (4-кесте).

4-кесте - A1 деңгейіне арналған аспектілер бойынша білім мен біліктілікті анықтау үшін өзін-өзі бағалау параметрлері мен критерийлері:

Түсіну	Тыңдалым	Күнделікті қарым-қатынас жағдайындағы, мен туралы, менің отбасым және жақын адамдарым туралы сөйлескенде, баяу және анық сөйлесу барысында жеке таныс сөздер мен өте қарапайым тіркестерді түсінемін
	Оқылым	Жарнамалардағы, плакаттардағы немесе каталогтердегі танысатуларды, сөздерді және өте қарапайым сөйлемдерді түсінемін
Айтылым	Диалог	Егер, менімен әңгімелесуші менің сұрағым бойынша өз сөзін қайталаса немесе оны түсіндірсе, айтқым келген сөйлемді құрастыруға көмек берген жағдайда диалогқа қатыса аламын. Мен, өзіме қызықты және білетін тақырыптар шеңберінде қарапайым сұрақтар қойып және оларға жауап бере аламын
	Монолог	Қарапайым сөздерді және сөйлемдерді пайдалана отырып, тұрғылықты жерім мен білетін адамдарым туралы айтып бере аламын
Жазылым	Хат	Мен қарапайым ашық хаттарды жаза аламын (мысалы, мерекемен құттықтау), формулярларды толтыруды, өзі аты-жөнімді, азаматтығымды енгізуді, қонақ үйдегі тіркеу парақшасына мекенжайымды жаза аламын

Тәжірибелік қызметте белгілі бір мақсаттарға байланысты анықталған деңгейлер және санаттар жиынтығына назар аударуға болады. Аталған талдау оқыту модульдерін бір-бірімен және жалпы еуропалық құзыреттіліктер жүйесімен салыстыруға мүмкіндік береді. Сөйлеу әрекеттерінің негізінде жатқан, санаттарды бөліп алудың орнына, коммуникативтік құзыреттіліктің белгілі бір аспектілері негізінде тілдік мінез-құлықты бағалау қажеттілігі пайда болуы мүмкін. Мысалы, 5-кесте айтылымды бағалауға арналған, сондықтан, ол тілді қолданудың түрлі сапалы аспектілеріне бағытталған.

5-кесте - А1 деңгейі үшін айтылымды бағалау параметрлері мен критерийлері

ДИАПАЗОН	Өзіңіз туралы ақпаратты ашуға және белгілі бір нақты жағдайларды баяндауға қызмет ететін сөздердің және сөз тіркесінің өте шектеулі қоры бар
НАҚТЫЛЫҚ	Жаттап алынған бірнеше қарапайым грамматикалық және синтаксистік конструкцияларды есте сақтауды шектеулі бақылайды
ШАПШАҢДЫҒЫ	Жаттап алынған бірліктер арасынан жекелеген пікірлерді және қысқаша өз ойын айта алады. Орынды сөйлемді іздеу, бейтаныс сөздерді айту, қателерді түзеу мақсатында көптеген үзілістер жасайды
ӨЗАРА-ІС- ӘРЕКЕТ	Жеке мәндегі сұрақтарды қойып, өзі туралы айта алады. Әңгімелесушінің сөзіне қарапайым түрде жауап қайтара алады, бірақ, тұтастай алғанда, қарым-қатынас қайталауға, өз сөзімен айтуға және қателерді түзетуге байланысты болады
БАЙЛАНЫСТЫЛ ЫҒЫ	Сөздерді және сөздер тобын сызықтық реттілігін білдіретін «және» «кейін» жалғаулықтарымен байланыстыруға болады.

Оқытудағы *коммуникативтік тәсілдер* оқыту материалдарын іріктеуді және ұйымдастыруды, яғни, тақырыпты, қарым-қатынас салаларын, жағдайларын айқындайды. Бұл принцип тек айтылымға ғана таралып қоймай, сонымен қатар, айтылымға, оқылымға және жазылымға оқыту барысында тілдің лексикалық, грамматикалық, фонетикалық құралдарымен жұмыс жасауда жүзеге асырылады. Мысалы, оқылым кезінде басты назар мазмұнды-мәндік жағына аударылады, ол үшін коммуникативтік мәндегі тапсырмалар кеңінен қолданылады.

Мұғалім қарым-қатынас жасау өнерін үйретеді, қарым-қатынас стратегиясына баулиды. Бұнда: әңгімеге қалай араласуға, әңгімені қалай аяқтауға, үзілістер орнын толтыра алуға, әңгімені тоқтатуға немесе жалғастыруға, бір нәрсені түсінбеген жағдайда абыржымауға және анықтауға; серіктестің әсерін алдын ала анықтауға, қалай ұнауға, әңгімелесушіге нені айтпау және көрсетпеу керектігі сияқтыны ескеруі керек. Қарым-қатынас процесінде басты назар тілдік форманы түсінуге емес, мазмұнға аударылады. Тілдік қарым-қатынастың мазмұнды аспектісі (не туралы айтылуда, хабардар етілуде) тілдік аспектіге қатысы бойынша басым болып табылады. Тілдік аспект, білім алушылар мүдделерінің төңірегінде қалады, себебі қарым-қатынас

барысында тілдік әдептілік емес, тілдік өзара әрекеттестік маңызды. Тілдің жекелеген ішкі жүйелерін меңгеру (лексика, грамматика, фонетика) бағынышты рөл атқарады және тілді мәдениетаралық қарым-қатынас құралы ретінде пайдалану мүмкіндігін қалыптастыруға шектеулі үлес қосады.

Оқытуды пәндік – тілдік интеграциялаудың технологиялары

Мақсатты тілде сабақ жүргізетін пән мұғалімдері осы технологияларды меңгеру бойынша оқытудан өтулері қажет. Оқыту бағдарламасына келесі тақырыптарды енгізу ұсынылады (6-кесте):

6- кесте. Оқытуды пәндік-тілдік интеграциялау технологияларының бағдарламасы

Тақырып	Тақырып мазмұны
Оқытуды пәндік-тілдік интеграциялау технологияларының теориялық негізі	Оқытуды пәндік-тілдік интеграциялау технологияларының қалыптасуы және дамуы. Кәсіби проблеманы шешу құралы ретінде пайдалану жағдайының моделі. «Тілдерді сіңіру» әдісі. Контекстік оқыту
	CLIL принциптері мен базалық элементтері: Content and Language Integrated Learning: content (мазмұн: кәсіби білім, зерттелуші сала қызметімен байланысты дағдылар мен түсініктер); communication (қарым-қатынас: тілді бір уақытта меңгеруді үйрену үшін тілді пайдалану); cognition (таным: тіл мен мамандықтың абстрактілі және нақты түсініктерін қалыптастыруды қамтамасыз ететін ойлау дағдыларын дамыту); culture (баламалы көзқарастарды құрметтеу мен бөтен және өз мәдениетін қабылдау және түсіну)
	CLIL тәсіліне сәйкес оқыту түрлері: soft CLIL (арнайы пәндер мазмұнындағы жекелеген тақырыптар бойынша сабақтарда оқыту); hard CLIL (жартысынан көбі оқытылатын жартылай енгізу бағдарламалары); modular CLIL (белгілілен сағаттарда пән оқытылады)
	CLIL модельдері: theme-based courses, adjunct/linked courses, sheltered subject matter instruction, second language medium courses
Оқытуды пәндік-тілдік интеграциялау технологияларын тәжірибеде қолдану	Түрлі типтегі білім беру ұйымдарында CLIL технологияларын пайдалану арқылы сабақты жоспарлау
	Интеграцияланған оқыту процесінде CLIL технологияларын жүзеге асыру. Аудио және бейне подкастар. Флеш-анимациялар. Веб-квестер. Пікірталас клубтары. Тақырыптық және жобалық «Тілдік енгізу»
	CLIL технологияларын қолдану нәтижелерін бақылау және бағалау

Материалдық – техникалық қамтамасыз ету

Тілдерді оқытудың заманауи процесін тілдік ортаны ұйымдастыруға мүмкіндік беретін арнайы кабинеттерсіз және тілдік лабораторияларсыз елестету мүмкін емес. Лингафондық жабдықтарды, компьютерлік ОҚ және ақпараттық-коммуникациялық оқу құралдарын пайдалану үшін техникалық жағдай жасау ерекше рөл атқарады. Тілдік лабораториялар мен кабинеттердің ерекшелігі – олар оқу құралдарын, сонымен қатар, техникалық оқу құралдарын кешенді пайдалануды қамтамасыз етеді.

Оқу үдерісін материалдық-техникалық қамтамасыз етуге қойылатын заманауи талаптар:

1) кітап баспа өнімдерінің (кітапханақоры) тізімі;
2) демонстрациялық баспа нұсқаулықтарының тізімі: түрлі пәндік, сюжеттік, тақырыптық суреттер, алфавит (қабырға кестесі), грамматикалық материалдардың негізгі бөлімдеріне арналған грамматикалық кестелер, аса көрнекті мәдениет қайраткерлерінің, ОТЕ (оқу тілінің елі) жазушылардың портреттері, шет тіліндегі географиялық карталар, ОТЕ жалаушалары, ландшафт, қала, ОТЕ жекелеген көрікті жерлерінің суреттері бейнеленген суреттер жиынтығы;

3) техникалық ОҚ тізімі: а) мультимедиялық компьютер (компакт-дискілерді оқу-жазу, дыбыс, бейне кіріс/шығыс, ғаламторға кіру мүмкіндігі). Компьютер акустикалық колонкалармен, микрофон және құлаққаптармен, қолданбалы бағдарламалар пакетімен жарақтандырылған; б) лазерлі принтер; в) көшіру құрылғысы; г) сканер; д) телекоммуникация құралдары, оның ішінде электрондық пошта, теле-конференция, жергілікті және аймақтық желілер. Олар қажетті қаржылық және техникалық жағдайлар болған жағдайда, білім беру ұйымдарын материалдық-техникалық қамтамасыз ету шеңберінде құрылады; е) бейнемагнитофон, дыбыс жазғыш; ж) теледидар; з) лингафондық құрылғылар;

4) компьютерлік және ақпараттық-коммуникациялық құралдар тізімі: электрондық оқулықтар, мультимедиялық оқыту бағдарламалары және оқулықтар. Олар тілдік материалмен жұмыс, сондай-ақ, тілдік қызметтің негізгі түрлерін дамыту үшін де пайдаланылуы мүмкін. Олар білім алушыларды даярлаудың ағымдағы және қорытынды бақылау жүйесін құруға техникалық мүмкіндік беруі қажет. Ойын компьютерлік бағдарламаларын сыныпта және үйде жұмыс істеу үшін пайдалануға болады;

5) экранды және дыбыстық құралдардың тізімі: стандартта көрсетілген пәнге сәйкес келетін аудиожазбалар, бейнефильмдер; слайдтар (диапозитивтер); грамматикалық материалдың негізгі бөлімдеріне сәйкес келетін фолья-кестелер.

Оқыту құралдарын мұғалім тек біліп және ие болып қана қоймай, сонымен қатар, оларды жұмыс тәртібінде ұстап тұру, тиімді пайдалануы қажет.

Отандық тәжірибеден

Қазақ халқының тарихында балаға тіл үйрету әдісіне көңіл бөлу ұлы ағартушы Ы. Алтынсариннен басталғаны белгілі. Сол заманнан бүгінге дейін қазақ тілін меңгерудің қазіргі деңгейіне жету жолында бірқатар ғалымдар әртүрлі мәселелерді қарастырып, «Қазақ тілі» оқыту саласының дамып, жетілуіне елеулі үлес қосқаны анық.

Әрине, қазақ тілін оқытудың жаңа жолдарын іздеу қоғамдағы әлеуметтік өзгерістерге байланысты әр кезеңде өз дәрежесіне сай сұраныста болғандықтан, қазақ тілін меңгертуде қолданылатын әдіс-тәсілдер жүйесі де уақыт талабына сай өзгертіліп, қарқынды дамытылып отырған.

Өзге ұлт өкілдеріне қазақ тілін үйрету мәселесі ХХ ғасырдың 30 жылдарында қолға алынып, түрлі оқулықтар, оқу құралдары, бағдарламалар шығарыла бастады.

Қазақ тілді емес аудиторияға мемлекеттік тілді үйрету мәселесімен айналысқан және айналысып жүрген ұстаздар, тілшілер, ғалымдар көптеп саналады. Кеңес заманында қазақ тілін екінші тіл ретінде оқытудың әдістемелік аспектілері ғалымдар Ш.Х.Сарыбаев, Т.Шонанов, С.Жиенбаев, И.В.Маманов, Ғ.Бегалиев, Р.Әміров, Н.Оралбаева, Р.Сыздық, Қ.Қадашева, Т.Аяпова, Ж.Адамбаева, Ш.Бектуров, К.Сариева, Ф.Ахметжанова, М.Жанпейісова, Ф.Оразбаева, Қ.Бітібаева, Ж.Н.Сүлейменова, Б.Катембаеваның және т.б. еңбектерінде және т.б. ғалымдардың зерттеулерінде көрініс тапқан.

Қазақ тілін оқыту әдістемесі саласына айрықша көп еңбек сіңірген көрнекті ғалым, өзге ұлт өкілдеріне қазақ тілін оқыту жолдарын зерттеген – Шамғали Харесұлы Сарыбаев еді. Ол 1933 жылдан бастап қазақ тілін орыс мектептерінде оқыту мәселесін арнайы қарастыра бастады. Ш.Сарыбаев өзінің бірнеше жылдық зерттеу жұмысының нәтижесінде 1941 жылы жарық көрген «Орыс мектебінде қазақ тілін оқыту тәжірибесінен» атты еңбегінде сұрақ-жауап, сан әдіс, аударма, сұрақ-жауап, анализ-синтез, көрнекілік және т.б. әдістерін ұсына отырып, тіл үйретудің тиімділігін тәжірибе жүзінде дәлелдейді. Артынша 1943 жылы «Методика преподавания казахского языка в русской школе» атты тақырыпта кандидаттық диссертация қорғады. Аталған диссертация қазақ тілін оқыту әдістемесінен арнайы қорғалған тұңғыш ғылыми жұмыс болды. Ғалым орыс мектебінде қазақ тілін оқытудың ғылыми негізін салумен қатар, осы еңбегі арқылы оқытудың тәжірибесіне де көңіл бөледі. Өз еңбегінде ғалым сан әдісті қолданып, оқу материалдарын білім алушының сапалы, жүйелі, тиянақты түрде меңгеруіне жол ашты.

Сонымен қатар, оқыту қазақ тілінде жүргізілмейтін мектептерде қазақ тілін үйрету жолдарын қарастырған ғалым, оқу-ағарту, тіл мен әдебиет, білім салаларына елеулі үлес қосқан талантты әдіскерлердің бірі – Телжан Шонанов болды. Т.Шонановтың еңбектерінде мектептегі білім беру жүйесі, әдістеме, тіл мәселелері қаралады. 1933 жылы ғалымның қазақ тілін орыс мектептерінде оқытуға байланысты «Учебник казахского языка для русской школы» деп аталатын еңбегі жарық көрді.

Оқыту қазақ тілінде жүргізілмейтін мектептерде қазақ тілін оқыту мәселелеріне, әсіресе тіл дамыту, арнайы тақырыппен жұмыс жүргізу, сабақ өткізу әдісі, сөйлеуге үйрету, кітап оқу, жазу жұмыстары туралы мағлұматтар бере отырып, қазақ әдістемесі мәселелерін зерттеп, ғылыми еңбек жазған тілші-ғалым – Сейіл Жиенбаев. Ол – бірнеше оқулықтар мен әдістемелік оқу құралдарының авторы.

1930 жылдары оқулықтармен қатар қазақ тілін өзге ұлт өкілдеріне меңгертуге арналған бағдарламалар да шығарыла бастады. Ол жөнінде әдіскер-ғалым К.Жақсылықова нақтылы дерек береді: «Выявлено, что первые программы и разработки уроков по казахскому языку были составлены в 1930 году видными учеными-языковедами С.Аманжоловым, Ш.Сарыбаевым,

Т.Шонановым, и многими другими». Сол кезеңнен бастап қазақ тілін оқыту әдістемесінің мәселелеріне қатысты ғылыми мақалалар да жазыла бастаған.

Сондай-ақ, қазақ тілін қазақ тілді мектептерде оқыту әдістемесінің қалыптасуына әсерін тигізген алғашқы тілші-ғалымдардың бірі – М.С.Лапатухин. Ғалымның көптеген жылдардағы жүргізген зерттеу еңбегінің нәтижесі 1940 жылы шыққан «Очерки по методике казахского языка в русской школе» деген еңбегінде жарық көрді. Аталған еңбек орыс мектептеріндегі қазақ тілінің рөлі, қазақ тілі сабағына қойылатын талаптар, сабақтың құрылымы, орфоэпияға, ауызша сөйлеуге, жазуға үйрету, лексика және грамматика, қазақ тілінен сыныптан тыс жұмыстар т.с.с. бөлімдерді қамтиды. М.С.Лапатухинның еңбегі орыс мектептерінде қазақ тілін оқыту әдістемесінің тұңғыш үлгісі болды.

1958 – 1960 жылдары Ы.Маманов пен С.Жиенбаев, Г.Бегалиев, И.Ұйықбаевтың дәстүрлі әдістемені ұсынған ғылыми еңбектері жарық көреді. Осы еңбектердің жалғасы ретінде профессор Ә.Жүнісбектің балабақша балалары мен бастауыш сынып білім алушыларына арналып жазылған еңбегін айтуға болады. Бұл – мектеп жасына дейінгі балалардың тіл үйренуге қызығушылығын, танымын, қабілетін арттыруға көмектесетін, ересектер дәрісханасында пайдалануға өте тиімді ойын құралы.

1987 жылы Республикамызда қазақ тілін оқытуды жақсарту туралы үкімет қаулысы қабылданып, қазақ тілін оқытуға арналған оқулықтар мен оқу құралдарын, тілашарлар мен сөздіктерді, бағдарламалар шығару мәселесіне көп көңіл бөліне бастады. Қазақ тілін дамытуға үлкен бағыт-бағдар жасалып, жұмыстар жүргізілді.

Оқыту қазақ тілінде жүргізілмейтін мектептердегі қазақ тілін оқытудың зерттелу тарихы 30-жылдардан басталып, ғалымдар сан жылдар бойы өз үлесін қосты. Алайда, әр уақыттың өз талабы болғандықтан, қазақ тілін меңгерту ісі қашан да өзекті мәселелердің бірі болып қала берді.

1990 жылы қазақ тілі мемлекеттік тіл дәрежесін алғаннан кейін қазақ тілін оқытуға көзқарас өзгерді. Қазақ тілін үйренуге көңіл бөлініп, бағдарламалар, оқулықтар, оқу құралдарын жазу, оқу орындарының барлығында қазақ тілін оқыту мәселесі қолға алынды.

1996 жылы «Ана тілі» баспасынан Н.Оралбаева және К.Жақсылықованың авторлығымен қазақ тілін оқытудың жаңа жолдары қарастырылған. «Орыс тіліндегі мектептерде қазақ тілін оқыту әдістемесі» атты еңбегі басылып шықты. Бұл еңбекте тілдік материалды ғылыми принцип негізінде тандау және сұрыптауда: 1) сөздердің қолдану жиілігі; 2) сөздердің жеңіл-қиындығы; 3) сөздердің синонимдік қасиеті; 4) сөздердің тақырып қажеттігіне сәйкестігі; 5) екі тілге ортақ сөздерді санатқа кіргізбеу; 6) сөздердің сөзжасамдық қабілеті; 7) сөздің тілдің дыбыстық ерекшелігін қамтуы; 8) сөздің білім алушының психологиялық ерекшелігіне сәйкестігі; 9) сөздің оқулықта қайталану жиілігі қасиеттеріне ерекше көңіл бөлінген. Сонымен қатар аталған еңбекте қазақ тілін орыс мектептерінде оқытудың лингвистикалық, психологиялық, дидактикалық негіздері, тарихи дамуы қарастырылған. Қазақ тілі әдістемесі пәні, оның

міндеттері, мақсаттары, қазақ тілін басқа ұлттарға оқыту әдістері, сабақтың құрылысы мен түрлері жүйелі, анық, нақты түрде берілген.

1998 жылы басылып шыққан Т.Аяпованың «Қазақ тілі» атты үш кітаптан тұратын еңбегінде: 1) мақсаттары (не үшін оқыту керек?); 2) мазмұны (нені оқыту керек?); 3) ұйымдастырылуы (қалай оқыту керек?); 4) құралдары (ненің көмегімен оқыту керек?); 5) оқыту кезінде білім алушылардың білімді меңгеру деңгейі, ақыл-ойының дамуы мен тәрбиеленуі арасындағы ұштастық мәселелері қарастырылған. Сондай-ақ, автордың пікірі бойынша, оқу құралы АҚШ-та басылған «70 қадам арқылы қазақ тілін үйреніңіз» атты оқу құралының жалғасы болып саналады және бұл кешенді оқулықтың мақсаты – «бүкіләлемдік ең өзекті және ұтымды оқыту әдістерін қолдана отырып, білім алушы білімін тереңдетуге көмектесу және сөйлеуге үйретуге» болып табылады.

Әрине, әрбір тіл үйренуші өзінің тілді үйренуге деген сұранысын қанағаттандыру үшін тілдік білімінің жиынтығы негізінде тілдік құралдарды дұрыс және адекватты пайдалана білуі керек. Осы орайда А.Алдаштың «Қазақ тілі» атты еңбегінде әртүрлі сөйлеу жағдаяттарында қолданылатын тілдік білім етістік формалары арқылы жинақталып берілген. Аталған оқу құралын тілді үйретудің барлық деңгейлерінде пайдалануға болады [18].

Қазақ тілді емес аудиториясында қазақ тілін үйретудің әдістемесі туралы айтар болсақ, ең алдымен, тілдерді оқыту жүйесінің құрылымына тоқтала кетейік (7-кесте).

7-кесте. Тілдерді оқыту жүйесі



Жоғарыда тіл үйрету әдістемесінің ең негізгі категориясына жатады, өйткені оны жүзеге асыру оқу үдерісінің ұтымдылығын арттырады. Оқытудың ұстанымдары дегеніміз – оқу үдерісіне қойылатын талаптарды және оқыту жүйесін (мақсатын, міндетін, әдісін, құралын, ұйымдастыру тәсілдерін, оқу үдерісін) анықтайтын қалыпты жағдай. Қазіргі әдістемеді әдіскер-ғалымдар тілді неғұрлым белсенді үйретуге қажетті түрлі ұстанымдарды ұсынады. Бүгінгі таңда қандай тіл үйрету ұстанымдары бар дегенге, зерттеуші-ғалымдар тарапынан 40-қа жуық түрі бар деген де пікірлер айтылып жүр.

Шетел тілдерін үйретудің әдістемесін зерттеуші ғалым А.Н.Щукин оқытудың ұстанымдарын төмендегіше үлкен төрт топқа бөліп жіктеуді ұсынады және осылардың әрқайсын одан әрі ішінара жіктейді (8-кесте).

8-кесте. Ғалым А.Н.Щукиннің оқытудың ұстанымдарын төрт топқа бөліп жіктеуі



Тіл үйрету барысында *дидактикалық ұстанымдардың* ішінде *саналылық ұстанымының* алатын орны зор. Тіл үйренуші, алдымен, тілдік бірліктер мен олардың қолданылуы туралы ережелерді үйренеді. Артынан жаттыға келе оларды автоматты түрде жүйелі қолдануға ұласады. *Белсенділік ұстанымы* бойынша оқытушының аз, тіл үйренушінің көбірек сөйлегені басты назарда болады. Тындаушы белсенділігін жетілдіру үшін үйретудің ойын, жарыс, көрнекілік түрлері қолданылады. *Көрнекілік ұстанымы* – кең тараған ұстанымдардың бірі. Сезім мүшелері арқылы нені қабылдауға болады – соның бәрі көрнекілік қызметіне жұмсалады. Аталған ұстанымның тілдік және тілдік емес деп аталатын екі түрі бар. Тіл үйрету сабақтарында көрнекілік ұстанымының төмендегі қызметі анықталады: 1) Үйретушілік; 2) Бақылаушылық; 3) Ұйымдастырушылық. *Беріктік (тұрақтылық) ұстанымы* тіл үйренушілердің оқу материалын қаншалықты түсініп, түрлі жағдаяттарда қолдануынан көрінеді. *Түсініктілік ұстанымы* материалдардың қаншалықты деңгейде игерілгенінен көрінеді, әрі бұл ұстаным берілетін материалды нақтылы жоспарлап, әркез толықтырып, өңдеп отыруды қажет етеді. Оқытушының кәсіби құзыреттілігі оқытушы бойында төрт түрлі қабілеттіліктің болуын көздейді. Олар: қатысымдық, ұйымдастырушылық, бағалаушылық, гностикалық (тіл үйренушінің үйрену қабілетіне талдау жасап, жұмыс істеуге қолайлы ахуал туғыза білуі).

Лингвистикалық ұстанымдардың ішінен тіл үйретудің *жүйелілік және функционалдық* ұстанымдарының маңызы зор.

Психологиялық ұстанымдарда ынталандыруға көбірек назар аударылады. Бұл ұстанымдарды қоғамдық қажеттілік тудырып отыр.

Жеке әдістемелік ұстаным бойынша қатысымдық, тіл үйренушінің ана тілін ескеру, оқытудың кәсіби бағытталуы, оқытудың жағдаяттық-тақырыптық тұрғыдан ұйымдастырылуына баса мән беріледі. Соңғысында шетел тілінің бай тәжірибесінде тілді қарапайым деңгейде үйрену үшін тұрмыстық және әлеуметтік-мәдени деңгейде білу үшін негізгі бес тақырып: өзі туралы, достары мен таныстары туралы, отбасы туралы, өз жұмысы туралы және бос уақытта немен айналысатыны туралы айта білу ескеріледі.

Әдіскер-ғалым Рая Әбдісүлейменова «Қазақ тілін техникалық жоғары оқу орындарында оқыту әдістемесі» еңбегінде тіл үйретуде мақсатқа жеткізетін бірден-бір ұстанымдар ретінде төмендегі түрлерін атап өтеді:

1. *Мақсаттылық ұстанымы. Оның негізі сабақтың, үйрететін сөздердің, тапсырмалардың нақты мақсатқа негізделуінен туындайды.*

2. *Жүйелілік ұстанымы бойынша тіл үйрену үшін сөздерді жаттаудың маңыздылығын ескертеді.*

3. *Белсенділік ұстанымында тілдесім әрекетінің маңызы зор болады.*

4. *Түсініктілік ұстанымында материалдың сандық та, сапалық жағы да қадағаланады.*

5. *Саналылық ұстанымы бойынша тіл үйренуші сөз мәнін сезім арқылы түйсінеді.*

6. *Теорияның практикамен байланысы ұстанымы.*

7. *Көрнекілік ұстанымы.*

8. *Ғылымилық ұстанымы.*

9. *Қатысымдық ұстанымы бойынша сөйлеу әрекетінің барлық түрі: тыңдалым, жазылым, оқылым, айтылым, сөйленім жүзеге асады.*

Әдіскер педагогикалық принциптерге баса ден қояды. Оның өзін былайша саралайды:

1) Оқытушының білімі жоғары болуы;

2) Оның дайындығының жоғары болуы;


3) Қажет құралдардың жеткілікті болуы;

4) Оқытушы-тыңдаушы арасындағы түсінушіліктің болуы;

5) Оқытушының кәсіби жетілген, әдістемені жетік меңгерген маман болуы.


Педагогикалық ұстанымдарға қоса өзге тілді аудиторияда аталған әдістерді қолдану арқылы нәтижеге жету жолының жақындай түсетінін ескертеді (9-кесте):

9-кесте. Педагогикалық ұстанымдарға қоса өзге тілді аудиторияда қазақ тілін меңгертуде нәтижеге жету жолы



Белгілі ғалым Қарлығаш Қадашева «Қазақ тілін оқыту әдістемесі» атты еңбегінде жаңаша жаңғыртып оқытудың тәсілдерін өзгертіп, әдістемелік түрлері мен ұстанымдарын жетілдіру қажеттігін алға тартады. Ғалым ұстанымның негізгі үш түрін ұсынады (10-кесте):

10-кесте. Қ.Қадашева ұсынған ұстанымның негізгі үш түрі:



Когнитивті ұстаным – танымдық оқыту теориясы, жеке адамның интеллектуалдық қызметін дамытады. Ең көңілге қонымдысы: автор тіл үйретуде ережелер мен грамматикалық тұлғаларды тереңдете меңгерту маңызды емес екеніне тоқталады. Жалпы, әдіскер-ғалым әр ұстанымды бөлшектеп көрсетеді.

Когнитивті ұстанымдар: 1) өзінен-өзі пайда болатын әсер; 2) контекске үйрету; 3) қошаметтеу; 4) стратегиялық қуаттылық.

Аффективті ұстанымдар (автор эмоция, ішкі және сыртқы сезім әсерінен есіне сақтау деп түсіндіреді): 1) тілдік «Мен»; 2) өзіне-өзі сену және тәуекел жасау.

Лингвистикалық ұстанымдар: 1) мәдениет пен тілді байланыстырып оқыту; 2) тіл аралығы; 3) коммуникативтік құзырет [19].

Жоғарыда саралап кеткеніміздей, қазіргі уақытта қазақ тілін екінші тіл ретінде үйрету әдістемесінде тіл үйрету ұстанымдарының нақты мақсатқа жетуге бағытталған амал-әрекеттің жиынтығы екені аңғарылады.

Мемлекеттік тілді деңгейлеп меңгерудің негізгі шарттары

Тіл үйрету әдістемесі – жаңа мәселе емес. Бұл сұрақ сан ғасырлар бойы ұстаздар мен ғалымдарды, тілшілерді толғандырып жүр. Ұлы ағартушы Ыбырай Алтынсариннің қазақ балаларына орыс тілін үйрету әдістемесін құрастыруға кіріскені және ағартушының бұл еңбегі орыс тілін үйретуге бағытталғанымен, неше жылдар бойы ғалымдардың назарында жүргені де белгілі. «Қалай оқытамын? Неден бастаймын?» – деген Ы.Алтынсариннің алдына қойған сұрақтары әлі де өзекті екендігінде дау жоқ.

Қазақ халқының тарихында балаға тіл үйрету әдісіне көңіл бөлу ұлы ағартушы Ы. Алтынсариннен басталды десек, бүгінгі деңгейге жету жолында басқа да бірқатар ғалымдар әртүрлі мәселелерді қарастыра келіп, қазақ тілін оқыту саласының дамып, жетілуіне елеулі үлес қосуда. Қазақ тілін дамыту жолындағы ғалымдардан Ш.Х.Сарыбаев, И.В.Маманов, Ғ.Бегалиев, С.Жиенбаев, Т.Аяпова, Ш.Бектуров, К.Сариева, А.Жүнісбеков, Ф.Р.Ахметжанова, М.Жанпейісова, Ф.Оразбаева, Қ.Бітібаеваны және т.б. атауға болады. Осындай ғалымдардың еңбек етуінің арқасында бүгінгі күні тілді

оқытудың мемлекеттік тұжырымдамасына, стандартына, типтік бағдарламасына сай белгілі бір жүйеге құрылған, нәтижеге бағытталған, мақсатты жұмыстар атқарылып жатыр.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілін оқыту жүйесінде теориялық білім мен практикалық дағдыны тең ұстау, сөйлеу қызметіне баса назар аудару бағыты күн санап өсіп келеді. Тілдерді меңгертуде қолданылатын әдіс-тәсілдер жүйесі де уақыт талабына сай өзгертіліп, дамытылып, тереңдетіліп отырылады. Жалпы тілдерді меңгеруде берілетін білім мазмұны білім алушының ғылыми-теориялық ойлауын, сөйлеу дағдыларын, коммуникативтік құзіретін дамытуға қызмет етіп, оның қазақ тілінде белгілі бір тақырыпқа байланысты топтастырылған ұғымдар мен айқын сөйлем түріндегі байламдар жасау қабілетін қалыптастыруы тиіс. Бұл мақсатқа жету және алға қойылған міндеттер дұрыс шешілуі үшін арнайы зерттелген оқыту технологиялары жасалып, оларды жасау мен қолданудың әдіснамалық негіздері кең арнада анықталуы қажет.

Ф. Оразбаева: «Қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде оқытылуының құқықтық жақтарын мемлекеттік реттеу ұстанымдары айқындаса, ғылыми-әдістемелік бағытын «ҚР Жалпы білім беретін мектептердің даму тұжырымдамасы» мен «Жалпы білім беретін мектептердегі білім мазмұны тұжырымдамасы» дәйектейді. Осындай тұғырнамалық құжаттардан бастау алған қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесін бекітетін бірнеше факторлар бар. Бірінші фактор – қазақ тілін үйренуге қажеттілік тудыратын тиімді жолдарды анықтай отырып, оған ықпал ететін мотивтерді толық және жан-жақты іске асырумен байланысты. Тілді меңгерудегі мотивация соңғы нәтижеге бағытталғанда ғана алға қойылған мақсатқа жетуге болады, яғни оқушы тіл үйренген соң қандай жетістіктерге қолы жеткендігін білгені абзал. Оқушы тілді үйренерде өзінің болашақ өміріне: әлеуметтік мәртебесіне, бәсекеге қабілетті болуына, мансабының өсуіне және кәсіби деңгейде білікті маман иесі болатындығына сенім артуы шарт. Екінші фактор – мектептерде тілдерді үйрету әдістемесіне қажет технологиялар мен қазіргі уақыт сұранысына орай жаңа бағыттарды дұрыс жолға қоюмен байланысты болады. Осындай себептердің барлығы білім жүйесінде «Қазақ тілі» пәнінің әлеуетін арттырып, тілді меңгерту әдістемесін жаңартып, жаңғыртып отыруды қалайды. Бұл осы саладағы жетістіктер мен жетіспеушіліктерді қайта қарап, бүгінгі күнге сай мәселені дұрыс таңдап, іске қосуды қажет етеді. Осы бағытта республиканың тілші-ғалымдарының қатысуымен қазақ тілін үйрету әдістемесін жетілдіру мақсатында дүние жүзіндегі өркениетті елдердің екінші тілдерді меңгерту әдістемесіндегі озық үлгілер сараланып, мемлекеттік тілдің қоғамдық, әлеуметтік қызметі мен орнына сәйкес жаңа бағыттар айқындалды. 1991 жылы Швейцарияның Рюшликон қаласында өткізілген тілді меңгерудің жалпы европалық компетенцияларын жасау мәселелері қарастырылған Үкіметаралық симпозиумда бастау алып, Европаның барлық елдерімен Ресейде тестіден өткізілген «Жалпы европалық тілдік қоржын» (European Language Portfolio) бағдарламасына назар аударылды. «Жалпы европалық тілдік қоржын» - тілдік

дамудың деңгейін бағалауға қойылатын келісілген ортақ талаптарды сипаттайды», – деп көрсетеді.

Қазіргі кезде тілді оқытудың білім мен коммуникативтік біліктілік деңгейін анықтайтын өлшемдер әлемдік әдістемеде ұсынылып, деңгейлер өлшемі талданды. Олардың әрқайсысының өзіндік ерекшеліктері бар. Яғни, Еуропалық деңгей жүйесін дайындау барысында көптеген мемлекеттерде түрлі зерттеулер жүргізіліп, әдістемесі іс жүзінде байқаудан өткізілді де, нәтижесінде тілді үйренгені және меңгерілгендігі туралы деңгейлер белгіленді. Бұл жүйе үшірі – А, В, С деңгейінен тұрады және әрбір ірі деңгейі кіші деңгейге бөлінеді. Деңгейлердің осылай бөлінуі әрбір адамның тілді қандай деңгейде үйренгенін көрсетеді.

Жоғарыда айтылып отырған Еуропалық деңгейлер жүйесіне сәйкес қазақстандық әдістемеші-ғалымдар да өзге ұлттарға қазақ тілін үйрету үшін алты деңгейді ұстанады. Ол деңгейлер жүйесі А1, А2, В1, В2, С1, С2 деп аталатын үш ірі деңгейден тұрады. Деңгейлердің жіктелуін 11-кестеден көруге болады.

11-кесте - Тілді білу деңгейлерінің жіктелуі

Қарапайым деңгей	А1 Бастапқы игерім
Негізгі деңгей	А2 Қалыптасу қарсаңындағы игерім
Орта деңгей	В1 Қалыптасқан игерім
Ортадан жоғары деңгей	В1 +терендетіле қалыптасқан игерім
Жоғары деңгей	В2 Ілгерілей қалыптасқан игерім
Жетік деңгей	В2 +Терендетіле, ілгерілей қалыптасқан игерім, С1 Кәсіби игерім

Деңгейлердің жіктелуі мемлекеттік тілді бастауыш сыныптарындағы оқушылардың А1 деңгейінде, орта буындағы оқушылардың А2 деңгейінде, мектептің жоғары сынып, сондай-ақ техникалық және кәсіптік білім беру мекемелері оқушыларының В1 деңгейінде, жоғары оқу орны студенттерінің В2 деңгейінде, жоғары оқу орнынан кейін білім алатындардың С1 деңгейінде игеруін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Бұл деңгейлердің сипаттамасы 10-кестеде көрсетілген.

12-кесте. Еуростандарт деңгейлерінің қысқаша сипаттамасы

Тәжірибелі қолданушы	С2	Оқығанын, не естігенін ешбір қиындықсыз бәрін түсіне алады. Түрлі жазба және ауызша мәліметтерден нақты деректерді іріктеп алып, тыңдаушыға түсінікті етіп жеткізе алады. Кез келген тақырып бойынша дайындықсыз және жылдам күрделі тұрақты сөз тіркестері арқылы өз ойын жүйелі жеткізіп береді
	С1	Күрделі және көлемді мәтіндерді түсінеді. Ойлана отырып жылдам сөз тауып, ешбір дайындықсыз өз ойын жеткізе алады. Әлеуметтік, кәсіби және білімдік қызметінің шеңберінде тілді тиімді қолдана алады. Күрделі тақырыптар бойынша да өз ойын жүйелі жеткізе алады

Дербес қолданушы	B2	Нақты немесе абстрактілі тақырыптар бойынша, сондай-ақ кәсіби қызығушылығына байланысты берілген көлемді, күрделі мәтіндердің негізгі мазмұнын түсіне алады. Тілді жақсы білетін адамдармен еркін сөйлесе алады. Түрлі тақырыптар бойынша өз ойын нақты жеткізе алады. Мамандығы бойынша пікірталасқа қатыса алады. Мемлекеттік тілдегі газеттердегі ақпараттар жөнінде қысқаша түсінік бере алады
	B1	Нақты, әдеби тілінде және рет-ретімен, сонымен қатар жұмысы немесе оқуына, т.б. сондай таныс тақырыптарға байланысты жазылған мәтіннің негізгі мазмұнын түсінуі мүмкін. Өзіне қызықты таныс тақырыптар бойынша немесе арманы, тәжірибесі және деболған оқиғалар туралы күнделікті қолданылатын сөздер арқылы айтып бере алады. Мемлекеттік тілде жазылған іс-қағаздарды толтыра алады
Тіл үйренуді жаңа бастап келе жатқан қолданушы	A2	Жеке тіркестер мен күнделікті жиі қолданылатын (өзі немесе отбасына, жұмысына байланысты қарапайым ақпарат) сөздерді түсінеді. Күнделікті кездесетін тақырыптарға байланысты жай сөйлемдер арқылы қиын емес мәселелерді шеше алады. Өз ойын қысқа сөйлемдер арқылы жеткізеді. Жай сөйлем түрінде қысқаша айтылған сөйлемдерді, хабарландыруларды түсінеді
	A1	Қысқа, таныс сөздер мен жай сөйлемдерді түсініп, күнделікті тұрмыста қолдана алады. Өзін немесе өзгені таныстыра алады және адамның жеке өзіне байланысты (мекенжайы, отбасы туралы т.б.) сұрақтар қоя алады, дәл сондай сұрақтар арқылы өзіне қатысты мәліметтерді бере алады. Егер сөйлеушісі асықпай және анық сөйлеп, қиындық туған жағдайда көмектесе алатын болса, бұл деңгейде сөйлейтін адам жай сөйлемдер арқылы диалогке түсе алады

Алдымызға нақты мақсат қою үшін жоғарыда аталып кеткен деңгейлердің толық сипаттамасы қажет болуы мүмкін. Осы 6 деңгей бойынша тілді үйренудің негізгі аспектілерін төмендегі кестелерден көруге болады.

13-кесте - A1 (Бастапқы игерім)

Түсіну	Тыңдалым	Мен күнделікті өзіме, отбасыма немесе қасымдағы адамдарға асықпай және анық айтылған жеке таныс сөздер мен өте шағын сөйлемдерді түсінемін
	Оқылым	Мен хабарландыру және плакаттарға немесе түрлі каталогтарға жазылған таныс атаулар, сөздер, сондай-ақ таныс сөздері бар жай сөйлемдерді оқығанда мағынасын толық түсінемін
Сөйлесу	Диалог	Егер менімен сөйлесіп отырған адам түсінбей қалған сөздерімді асықпай, баяу қайталап немесе басқа сөзбен түсіндіріп, маған ойымды жеткізуге көмектесе, мен ол адаммен сұхбаттаса аламын. Өзіме таныс және өзімді қызықтыратын тақырыптар бойынша сұрақтар қойып, дәл сондай сұрақтарға жауап бере аламын
	Монолог	Жай сөйлемдер арқылы өзімнің тұратын жерім, таныстарым туралы айтып бере аламын

Жазу	Жазылым	Мен шағын (мысалы, мейраммен, туған күнімен құттықтау) ашық хаттар жаза аламын, формуляр толтыра аламын, өзімнің тегімді, ұлымды, мекен-жайымды қонақүйдің тіркеу парағына енгізе аламын
------	---------	--

14 - кесте-А2 (Қалыптасу қарсаңындағы игерім)

Түсіну	Тыңдалым	Өзіме қатысы бар (өзім туралы, отбасым, сатып алынған заттар, тұратын жерім, жұмысым туралы) жеке тіркестермен шағын сөйлемдерді түсінемін. Көлемі жағынан шағын, анық айтылған хабарландыруларда не туралы баяндалғанын түсінемін
	Оқылым	Мен көлемі жағынан шағын, жай сөйлемдермен жазылған мәтіндерді түсінемін. Жарнама, мәзір, кесте сияқты күнделікті кездесетін сөз және сөйлемдерден қажетті ақпараттарды таба аламын. Жеке тұлғаға қатысты хаттардың мағынасын түсінемін
Сөйлесу	Диалог	Өзіме таныс және қызметіме байланысты тақырыптар бойынша ақпаратпен алмаса аламын. Тұрмыстық тақырыптарға қатысты шағын сөйлемдер арқылы диалогке түсе аламын, бірақ көмексіз, өз бетімен әңгімелесе алмаймын, өйткені барлық сөздерді түсіне бермеймін
	Монолог	Жай тіркестер мен сөйлемдер арқылы өзімнің отбасым және басқа адамдар туралы, өмірім жайлы, оқуым, бұрынғы не қазіргі жұмысым туралы әңгімелерге қатыса аламын
Жазу	Жазылым	Шағын хаттар мен хабарламаларды жаза аламын. Өзіме қатысы бар (біреуге алғыс білдіру сияқты) шағын хаттар жаза аламын

15-кесте-В1 (Қалыптасқан игерім)

Түсіну	Тыңдалым	Жұмыста, мектепте, демалыс орындарында, т.б жерлерде күнделікті естіп жүрген таныс, әдеби тілде айтылған сөздерді түсінемін. Радио, телебағдарламаларда көрсетілген оқиғалардың не туралы және менің жеке немесе кәсіби қызығушылығымға байланысты айтылған әңгімелерді түсінемін. Бірақ ол үшін сөйлеушінің тілі нақты және баяу болуы қажет
	Оқылым	Күнделікті және кәсіби қатынастарда жиі қолданылатын тілдік материалындағы мәтіндерді түсінемін. Жеке бір тұлғаға арналып жазылған оқиға туралы, сезім, ниет білдірілген хаттарды түсінемін
Сөйлесу	Диалог	Мен күнделікті естіп жүрген және мені қызықтыратын (мысалы, «отбасы», «хобби», «жұмысым», «саяхат», т.б.) тақырыптар бойынша алдын ала дайындалмай, емін-еркін сөйлесе аламын
	Монолог	Бір нәрседен алған әсерім, басымнан өткен оқиғалар, арманым, тілегім туралы жай сөйлемдер арқылы шағын мәтіндер құрастыра аламын. Өзімнің көзқарасымды және тілегімді шағын түрде негіздей аламын. Болған оқиға туралы немесе кітап, көркем фильмнің желісі туралы оған өз ойымды қосып айта аламын

Жазу	Жазылым	Мен өзіме таныс немесе өзімді қызықтыратын тақырыптар бойынша жай сөйлемдер арқылы мәтіндер құрастыра аламын Өзіме қатысты, тебірену, әсер алу сияқты сезімдерді білдіретін хат жаза аламын
------	---------	--

16- кесте-В2 (Тереңдетіле қалыптасқан игерім)

Түсіну	Тыңдалым	Тақырыбы өте таныс, күрделі аргументациямен оқылған көлемді баяндамалар мен лекцияларды түсінемін. Болған оқиғаларға байланысты көрсетілген барлық жаңалықтармен репортаждарды түсінемін. Кейіпкерлері тек әдеби тілде сөйлеген көптеген фильмдердің не туралы екенін түсінемін.
	Оқылым	Мен қазіргі проблемаларға байланысты жазылған, авторлары атақты немесе ерекше ойды білдіретін мақалалар мен мәліметтерді, қазіргі қарасөзбен жазылған шығармаларды түсінемін
Сөйлеу	Диалог	Дайындықсыз, сол тілде сөйлейтін адамдармен емін-еркін сөйлесе аламын. Өзіме таныс мәселе бойынша өткізілетін пікір таластарға қатысып, өз ойымды білдіре аламын
	Монолог	Мені қызықтыратын көптеген мәселелер бойынша өз ойымды түсінікті және нақты жеткізе аламын. Өзекті кестенің жалғасы мәселелер бойынша «дұрыс» және «бұрыстығын» анықтай отырып, өз ойымды білдіре аламын
Жазу	Жазылым	Мені қызықтыратын көптеген мәселелер бойынша түсінікті толық мәлідемелер жаза аламын. Кез келген мәселелерді нақтылай немесе «дұрыс» және «бұрыстығын» көрсете отырып, эссе немесе баяндамалар жаза аламын. Хат жаза отырып, өзіме өте маңызды оқиғалар мен алған әсерлерімді ерекше көрсете аламын

17-кесте-С1 (Кәсіби деңгейде білу)

Түсіну	Тыңдалым	Логикалық құрылымы мен мағыналық байланысы нақты көрсетілмеген ашық түрде жазылған мәліметтерді тыңдап, мағынасын түсінемін. Теледидардан көрсетілетін барлық бағдарламалар мен фильмдерді емін-еркін көре отырып, фильмнің немесе бағдарламаның не туралы екенін айтып бере аламын
	Оқылым	Көркем әдеби шығармалардың мағынасын түсінемін және олардың стилистикалық ерекшеліктерін ажырата аламын. Менің жұмысыма ешбір қатысы жоқ көлемді, арнайы мақалалар мен техникалық нұсқаулықтарды оқығанда мағынасын түсінемін
Сөйлеу	Диалог	Мен дайындықсыз және қажетті сөздерді іздеп отырмай, жылдам өз ойымды білдіре аламын. Өз ойымды жеткізе аламын және кез келген әңгімеге кірісіп кете аламын
	Монолог	Күрделі тақырыптарды түсінікті жеткізіп, құрамдық бөліктерін бір тұтас етіп, қажетті бөлімдерін жалғастыра отырып, қорытынды жасай аламын

Жазу	Жазылым	Мен өз ойымды жазбаша түрде білдіре отырып, көзқарасымды толық жеткізе аламын. Хаттарда, шығармалар мен баяндамаларда күрделі мәселелерді, маңызды деп есептейтін мәселелерді жіктеп толық түсіндіре аламын. Мен қажетті тілдік стильді қолдана аламын
------	---------	--

18-кесте-С2 (Жетік білу деңгейі)

Түсіну	Тыңдалым	Өзіме қатысы бар немесе басқа біреулердің кез келген әңгімелерін өте жақсы түсінемін. Тіл иеленуші адамның жылдам айтқан сөзін, оның сөйлеген сөзіндегі жеке ерекшеліктеріне дағдыланған жағдайда, ол адамды жақсы түсінемін
	Оқылым	Кез келген мәтіндерді, сондай-ақ абстракт түрінде жазылған, композиция не тілдік жағынан күрделенген (нұсқаулар, арнайы мақалалар көркем әдебиеттер) мәтіндерді емін-еркін түсінемін
Сөйлесу	Диалог	Кез келген әңгімеге не пікірталасқа емін-еркін қатыса аламын, түрлі сөз тіркестерін қолдана аламын. Өз ойымды тез жеткіземін және кез келген сөздің мағынасын түсіндіре аламын. Егер тілдік құралды қолдануда қиындықтар кездесетін болса, ешкімге білдірмей өз ойымды басқа сөздермен жеткізе аламын
	Монолог	Кез келген жағдаятқа байланысты қажетті тілдік құралдарды қолдана отырып, өз ойымды емін-еркін тез және дәлелді етіп жеткізе аламын. Өзімнің мәлімдемемді тыңдаушы назарын аударып отырып, маңызды мәліметтер жазып немесе есте сақтауға мүмкіндік жасайтындай етіп дайындай аламын
Жазу	Жазылым	Қажетті тілдік құралдарды қолдану арқылы көңілге қонымды етіп және ретімен жазбаша түрде өз ойымды жеткізе аламын. Мен күрделі хаттар, есептер, баяндамалар немесе мақалалар, сондай-ақ резюме және кәсіби жұмыстармен көркем әдеби шығармаларға пікір жаза аламын

Кестеде көрсетілгендей, бұл жүйе бойынша үйренуші құрылымы мен мазмұны жағынан түрлі мәтіндерді оқып түсінеді, әртүрлі сөйлеу жағдаяттарында еркін сұхбаттасып, теле, радио арқылы берілген хабарларды еркін қабылдап, өз ойын жазбаша эссе, түйін, сын, пікір түрінде бере алады, тілдің әртүрлі стилінде сөз саптай алады. Оқытудың түпкі нәтижесінде үйренуші «тіл иесі» деңгейіне дейін көтеріледі.

Әрбір деңгейде тіл үйренуші: тыңдалым, оқылым, айтылым, сөйлесім, жазылым сияқты сөйлеу әрекетінен өтеді. Бұл сөйлеу әрекеттеріне төмендегідей анықтама беруге болады:

Тыңдалым – дыбысталып жатқан сөйлеуді бір сәтте қабылдау қызметі. Тыңдалым оқушының сөйлеу әрекетінің дамуына стимул бере отырып, оқыту үдеріс дұрыс басқаруды қамтамасыз етеді. Оқушы тыңдалым арқылы жаңа тілдік, сөйлеу және елтанымдық материалдармен танысып, сөйлеу әрекетінің барлық түрлеріне қатысты дағдысы мен шеберлігін дамытады.

Оқылым – мәтіндегі жазылған ақпаратты алуға бағытталады, яғни жаттығуды оқи отырып, тапсырманы түсіну үшін қажет. Сондай-ақ мәтіннің мазмұнын айту үшін ең алдымен, оны оқу керектігі белгілі. Жалпы алғанда, оқылым – тілді меңгерудің бір тәсілі, сөздік қорды көбейтудің құралы; оқылым – грамматикалық құрылымдарды есте сақтауға мүмкіндік береді; сол тілде сөйлеуге, айтылымды жетілдіруді қамтамасыз етеді.

Айтылым – қабылдау және сөйлеудің туу үдерісімен байланысты. Барлық адамның сөйлеу ағзалары бірдей болғанымен, артикуляциялық базасы түрліше. Мұнда орфоэпияға көп көңіл бөлген жөн, өйткені қазақ тіліндегі сөздердің барлығы жазылуына қарай айтыла бермейді.

Сөйлесім (тілдесім) – сөйлеу әрекетінің түрі. Тыңдалымға кері үдеріс. Бұл ретте коммуникативтік дағдыға үлкен назар аударылуы керек, яғни қарым-қатынасты бастау, өз серіктесіне қарым-қатынастың жалғасын табу үшін стимул беру.

Жазылым – айтылған мәтіндегі сөздер мен сөйлемдерді сауатты жазуға бағытталады. Жазылым арқылы оқушылардың сөздік қорын көбейтуге болады. Сондай-ақ, оқушылар өзінің жеке басына қатысты хат жаза білуге; құжаттарды толтыруға үйренеді; ұсынылған тақырып көлеміндегі мәселелер бойынша өз ойын қысқаша жазбаша білдіре алады.

Осындай сөйлеу әрекеттері арқылы қазақ тілін өзге ұлттарға үйрету барысында балалардың психологиясына назар аудару қажет, өйткені тіл дамыту мәселесі психологиямен тығыз байланысты. Тілді қатысымдық тұрғыдан меңгерту бірнеше психологиялық факторлар арқылы жүзеге асады.

Тілдік қатынастың психологиялық негізі тіл арқылы ойды айту, жеткізу, қабылдау, сезіну құбылыстарымен байланысты болғандықтан, сыртқы объективтік шындықтың әсерінен адамның есту, көру сезімдері дамып, адамның ойлау қабілеті артады. Ойлау тіл арқылы сыртқа шығып, тіл адамның ойын екінші бір адамға жеткізеді. Белгілі бір тілде сөйлеу үшін сол тілдің тілдік құралдарын саналы дұрыс қолдана білуі керек. Оны дұрыс қолданудың басты ережесі көзбен көру, құлақпен есту, мимен ойлау арқылы іске асады. Тілдік коммуникацияның психологиялық негізі күрделі, себебі ол адамның ойлау жүйесі мен байланысты.

Тілдік және қатысымдық тұлғалар ойлау жүйесінің нәтижесінде дұрыс қолданылып, тілдегі сөйлесім әрекеті арқылы жүзеге асады. Сондықтан тілді үйрету барысында әрбір баланың жеке қабілетін, саналығы еске алынып, жан-дүниесі ескеріледі. Тіл үйретушінің ойлау дағдысын бекітуге күш салуы қажет. Тілдік қатынастың психологиялық негізі – тілді оқыту барысында тіл үйренушінің сана-сезіміне әсер етіп, оның қажеттігі мен маңызын түсіндіріп, пәнге деген дұрыс көзқарас қалыптастырады.

Психологтердің ойынша, тіл дамыту әрекетінің барлық сатысында қарым-қатынас жасау, пікір алысу болуы керек. Қарым-қатынастың түпкі негізі – адамдардың бір-бірімен пікірталасуында. Адамдардың арасындағы қарым-қатынасты қамтамасыз ету ең алдымен тілге байланысты. Яғни, тіл – адамдар арасындағы қарым-қатынастың негізі болуымен қатар пікірталастың құралы.

Жалпы білім беретін мектептерде мемлекеттік тілді оқытудың ерекшеліктері

«Тіл туралы», «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарымен «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында белгіленген міндеттереліміздің білім беру жүйесінде көп тілді меңгерген дара тұлға қалыптастыру мақсатын жүзеге асырудың ұтымды жолдарын анықтауды талап етіп отыр. Бұл үш тілді қатар білуге арналған тіл саясатына сәйкес мемлекеттік тілдің доминанттық рөлін күшейтуге келіп саяды. Республиканың әдіскер-ғалымдарының қатысуымен тілді меңгерту бойынша өркениетті елдердің тәжірибесі мен отандық озық дәстүрлер үйлестіріле отырып, өзге тілді мектептің негізгі орта деңгейінде қазақ тілін оқытудың жаңа бағыттары белгіленді.

Әлемдік білім кеңістігінде орныққан «Шетел тілдерін деңгейлеп меңгертудің еуропалық жүйесінде» белгіленген тілді игерудің 6 деңгейі мен олардың сипаттарының негізінде, Қазақстан Республикасының өзге тілді жалпы білім беретін орта мектебінің 1-11-сыныптарында қазақ тілін үйретудің 5 деңгейлік құрылымы (19-кесте) айқындалды.

19-кесте. Жалпы білім беретін мектептерде қазақ тілін үйретудің деңгейлері

Қарапайым деңгей	Бастапқы қарапайым игерім А1	А1-1-сынып
Бастапқы деңгей	Бастапқы орта игерім А1.1 Бастапқы толық игерім А1.2 Бастапқы жетік игерім А1+	А1.1-2-сынып А1.2-3-сынып А1+-4-сынып
Негізгі деңгей	Қалыптасу қарсаңындағы бастапқы игерім А2.1 Қалыптасу қарсаңындағы толық игерім А2.1.1 Қалыптасқан игерім А3.1.2	А2.1-5-сынып А2.1.1- 6-сынып А3.1.2-7-сынып
Орта деңгей	Қалыптасқан орта игерім А2.2 Қалыптасқан толық игерім А2+	А2.2-8-сынып А2+-9-сынып
Ортадан жоғары деңгей	Тереңдетіле қалыптасқан игерім В1.1	В1.1-10-сынып
	Тереңдетіле қалыптасқан игерім В1.2	В1.2-11-сынып

Орыс тілді мектептерде қазақ тілін деңгейлеп оқыту жүйесінің мақсаты – қарапайым және бастапқы, негізгі, орта және ортадан жоғары деңгей бойынша базалық және пәндік құзыреттерді жүзеге асыра отырып, қазақ тілін қатысымдық тұрғыдан меңгерту; сөйлесім әрекетінің түрлеріне сай оқушыны тілдік білім негізінде әдеби тілде сөйлеуге, сауатты жазуға үйрету арқылы дара тұлғаның тілдік қабілетін дамыту; бір-бірімен сабақтас, жүйелі

тақырыптарды коммуникативтік тұрғыдан ұсына отырып, оқушыларға қазақша тілдік қатынасты игерту.

Қазақ тілін деңгейлеп оқытудың мақсатына орай мынадай міндеттер іс жүзіне асырылуы қажет:

- қазақ тілін коммуникативтік тұрғыдан меңгерту: оқушының өз ойын, пікірін, көзқарасын еркін, дұрыс, нақты (ауызша және жазбаша) жеткізе білуін іске асыру;

- оқушылардың қазақша дұрыс, түсінікті сөйлеуі мен сауатты жазуын жүзеге асыру;

- өзге тілді мектеп оқушыларының білімін тілдік, танымдық, лингво-мәдениет танымдық, ұлттық-әлеуметтік, өркениеттік-әлемдік тұрғыдан тереңдетіп, қазақ тілін ұтымды игерудің, коммуникативтік бағытын жүзеге асыру;

- жеке, қоғамдық-әлеуметтік, бағдарлы бағыттағы жағдаяттарды жан-жақты ескере отырып, қазақша тілдік қатынасты бағдарлы түрде жүзеге асыру.

Тілді деңгейлеп меңгерудің білім мазмұнын айқындауда басшылыққа алынатын басты ұстанымдары мыналар:

1. Білім мазмұнының оқыту мақсаттарына сай келуі;
2. Білім мазмұнының аутенттілігі, шынайы өмірге сәйкестілігі;
3. Ұсынылатын материалдың тіл үйренуші деңгейіне сай келуі;
4. Сөйлесім әрекетінің барлық түрінің өзара бірлікте жүзеге асырылуы;

5. Жаттығу жұмыстарының жүйелі түрде берілуі;

6. Тілдік материалдың кешенді түрде ұсынылуы;

7. Білім мазмұны мен әдістемені дара тұлғаны қалыптастыруға бағыттау.

Бұл ұстанымдар тіл үйренудің барлық деңгейінде жүйелі түрде дамытылып отырылатындықтан, әр оқушының алғашқы қадамынан бастап, оның білім, білік, дағдысын жетілдіреді және бекітеді.

Осы деңгейлерге сәйкес қазақ тілінің күтілетін нәтижелері ақпараттық, коммуникативтік, проблеманың шешімін табу секілді түйінді құзыреттіліктердің қалыптасуына мүмкіндік тудыратын қарапайым, бастапқы, негізгі, орта және ортадан жоғары деңгейлердің өзара сабақтас сатылары бойынша анықталады.

Қазақ тілінің қатысымдық тұрғыдан деңгейлік меңгерту тіл үйренушінің төмендегідей коммуникативтік біліктіліктерін дамытуға мүмкіндік береді.

1. Лингвистикалық біліктілік.

2. Тілдік-әлеуметтік біліктілік.

3. Дискурстық біліктілік.

4. Стратегиялық біліктілік.

5. Мәдени-әлеуметтік біліктілік.

Аталған біліктіліктер тіл үйренушінің өз деңгейіне сәйкес әрекеттермен ізденістерді көрсетеді. Нақтылап айтсақ, тіл үйренушінің:

- *Лингвистикалық біліктілігі* лексика-грамматикалық, фонеткалық

синтаксистік, стилистикалық нормаларға сай еркін сөйлей, жаза білуі арқылы бағаланады.

- *Тілдік-әлеуметтік біліктілігі* тілді қолданушылардың басқа адамдармен, топтармен кәсіби түсінікті және қарым-қатынас жасау деңгейі арқылы аңғарылады.

- *Дискурстық біліктілігі* мәтіндерді, тілдік материалдарды, сөйлемдер мен тілдік бірліктерді өзара байланыстыра дұрыс, жүйелі қолдана білуінен көрінеді.

- *Стратегиялық біліктілігі* бағалаушының тілді білудегі, қолданудағы кемшіліктері мен қателіктерін, білмейтін тұстарын айқындай отырып, оларды жетілдіруге бағытталған өзіндік ізденісімен, әрекетімен өлшенеді.

- *Мәдени – әлеуметтік біліктілігі* мәдени ұлттық ерекшеліктерді сол тіл арқылы бейнелей білуінен көрінеді.

- *Қазақ тілін меңгертудегі деңгейлердің нәтижесі мына мәселелерді қамтиды:*

- *Қарапайым және бастапқы деңгейде* күтілетін нәтиже: күнделікті жағдаяттарда қарапайым тілдік дағдыларды өз мүмкінінше пайдаланып, қазақ тілінде қатысымға түседі.

- *Негізгі деңгейде* күтілетін нәтиже: ауызша және жазбаша ақпараттар алмасуда тілдік бірліктерді дұрыс, орынды, сауатты жазады және пайдаланады.

- *Орта деңгейде* күтілетін нәтиже: өз ойын әдеби тілде түсінікті әрі еркін жеткізеді, сауатты және дұрыс жазады.

- *Ортадан жоғары деңгейде* күтілетін нәтиже: қоғамдық ортада, әртүрлі әлеуметтік жағдайларда өз көзқарасын білдіріп, оны қысқаша дәлелдеп, қазақша тілдік қатынасты жан-жақты игереді».

Тілді меңгерудің халықаралық стандарты негізіндегі мемлекеттік тілді «балабақша – мектеп-колледж-жоғары оқу орны» үздіксіз оқыту жүйесі орыс тілді мектептерге 2010-2011 оқу жылынан енгізіле бастады.

Еуропалық жүйеге сәйкестендірілген тілдік деңгейлер жалпы білім беретін орта мектептің 1-11-сыныптары бойынша сараланды. Негізгі және орта деңгейлердің тіл игеру игерімдері айқындалды. Негізгі және орта деңгейлердегі базалық білім мазмұны тілдік деңгейлер бойынша түзілді. Оқушының білім, білік, дағдыларына қойылатын талаптар негізгі және орта деңгейлердің ерекшеліктерін ескере отырып, сөйлесім әрекетінің бес түрі бойынша сараланды. Әр сыныптағы бағдарлама материалдары тілдік бөлім, қатысымдық-сөйлесімдік бөлім және мәдениетаралық қарым-қатынас бөлімі бойынша нақтыланып ұсынылды.

Негізгі мектепте бала бастауыштан алған білімін жалғастырып, білім мазмұнын «қоршаған орта» тақырыптары арқылы толықтырып, грамматикадан алған білімдерін тәжірибеде дұрыс қолдануға дағдыланады. Жоғары сыныптарда тілдік конструкцияларды сөйлеу әрекетінде еркін қолдану, тілдің фонетикалық, лексикалық, морфологиялық, синтаксистік құрылымын, стилистикалық ерекшеліктерін танып, оны теориялық жүйелеу мен өздігінен

сөздік қорын байыту әрекетін қамтамасыз етуі қарастырылады.

Қазақ тілін оқытудың мақсаты – негізгі және орта деңгейлер бойынша қазақ тілін қатысымдық тұрғыдан меңгерту; оқушыны өз ойын айқын, түсінікті жеткізуге үйрету, коммуникативтік қабілеті дамыған дара тұлғаның дамуына мүмкіндік жасау.

Қазақ тілін оқытуда оқушының қатысымдық құзыреттілігін (компетенттілігін) қалыптастыру мәселесін шешудің алғышарты – қатысымдық құзырет минимумын (ауқымын) анықтау.

Осы мақсатты жүзеге асырудағы оқу пәнінің міндеттері:

- оқушыларды сөйлесім әрекетінің түрлерін әлеуметтік ортада қолдана білуге үйрету;
- оқушылардың тілдік дағдысы мен ойлау қабілетін дамыту;
- қарым-қатынас әдеби нормаларын меңгерту;
- күнделікті өмір жағдаяттарында қазақ тілін орынды қолдана білуге дағдыландыру;
- оқушыны қазақ халқының мәдениетімен, әдебиетімен, ұлттық салт-дәстүрімен таныстырып, мәдени ортада пайдалануға баулу;
- оқушылардың шығармашылық қабілетін дамытып, іскерлік дағдыларын жетілдіру;
- оқушылардың қазақ тіліне қызығушылығын дамыту, қазақ еліне, мемлекеттік тілге деген құрмет сезімін тәрбиелеу;
- қазақ тілінде еркін қарым-қатынас жасауға дағдыландыру;
- өздігінен ізденуге, қазақша тыңдаған ақпарат бойынша ой қорытып, мәдени, ресми қатынасқа бейімдеу;
- сөздіктің көмегімен көркем шығармалардан үзінділерді оқу;
- публицистикалық және ғылыми лексиканың дұрыс қолданылуын тануға үйрету.

Мектептің негізгі орта деңгейінде меңгерілетін тілдік және қатысымдық бірліктер 2 деңгейге жіктеліп берілген. Білім деңгейлерін ішкі кезеңдерге бөлу білім беруді дара тұлғаға бағдарлау ұстанымына сай іске асады. Бір деңгейдің алғашқы сатысында білім мазмұнын игере алмаған оқушы бейімдеу, дамыту, психологиялық үйлесімділік ұстанымдары негізінде келесі сатыда тиісті мазмұнды меңгеруге мүмкіндік алады.

Қазақ тілді емес мектептердегі «Қазақ тілі» пәнінің білім мазмұны қатысымдық-әрекеттік, қатысымдық-функционалдық, функционалдық сауаттылықты қалыптастыру, ұлттық ерекшеліктерді ескеру, оқу материалдары мазмұнының аутенттілігі, шындық өмірге сәйкестігі; оқушының тілді білу деңгейіне сай келуі; білім мазмұнының жеке тұлғаның өзін-өзі дамытуға, оның өзіндік және шығармашылық қабілетін арттыруға, қажетті іскерліктері мен дағдыларын қалыптастыруға бағытталған оқыту ұстанымдарын басшылыққа ала іріктелген. Яғни:

- үздіксіздік ұстанымы оқытудың барлық сатыларының арасындағы жалғастықты әдіснама, мазмұн, әдістеме және технология сабақтастығы тұрғысынан оқытуды қамтамасыз етеді;

- оқытудың әрекетшілдік негіздегі ұстанымы оқушыларды оқу-танымдық әрекетке белсенді қатыстыру арқылы жаңа білімдерді ашуын, өзін-өзі бағалау мен өз әрекетін өзі бақылай алу дағдыларының қалыптасуын қамтамасыз етеді;

- пәнаралық байланыс ұстанымы мәтіннен ақпаратты тауып алу тәсілі, мәтінді мағыналық бөліктерге бөлу, негізгі және қосалқы ойды ажырата алу және т.б. (әдебиетпен байланыс); өзектілік тәсілі, салыстыру, жүйелілік, қарсы қою, себеп-салдарлық байланысты анықтау және т.б. (ана тілімен байланыс) жұмыстар арқылы жүзеге асырылады;

- түсіністік ұстанымы қазақ тілін оқыту барысында оқушылардың психологиялық-физиологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, психологиялық үйлесімді жағдай тудыруға мүмкіндік жасайды. Оқушылардың қарым-қатынас жасауына және олардың өз жетістігін сезінуіне мүмкіндік беретін тілектестік ниетті ұстану оқу үдерісі тиімділігінің маңызды шарты болып табылады;

- оқушылардың тұлғалық жетістіктерін ескеру ұстанымы түрлі деңгейдегі күрделі тапсырмаларды шешуге, өздік жұмыстарды орындауға, оқыту мотивінің тұлғалық-мәнділігін қалыптастыруға, оқытудың ұтымды технологиясы мен оқу материалдарын таңдауға және бейімдеуге, білім деңгейлері әртүрлі оқушылардың жоспарланған нәтижелерге жетуіне мүмкіндік береді;

- шығармашылық ұстанымы оқушылардың түрлі шынайы жағдаяттарда жаңа типтегі міндеттерді өздігінен шешу қабілетін, құзыреттілікке бағытталған тапсырмаларды орындау білігін қалыптастыруға мүмкіндік тудырады.

Бастауыш білім беру деңгейінде мемлекеттік тілді оқытудың **мақсаты** – тілді меңгерудің халықаралық стандарттары негізінде қарапайым және негізгі (негізгі деңгейдің алғашқы игерімі) деңгей бойынша қазақ тілін қатысымдық тұрғыдан меңгерту; сөйлесім әрекетінің түрлеріне сай оқушыны тілдік білім негізінде түсінікті сөйлеуге, сауатты жазуға үйрету арқылы дара тұлғаның тілдік қабілетін дамыту.

Бұл мақсаттан төмендегідей міндеттер туындайды:

- оқушыларға сөйлесім әрекетінің түрлерін күнделікті қарым-қатынас деңгейінде меңгерту;

- оқушылардың тілдік дағдысы мен білігін дамыту;

- қарым-қатынас әдебінің қарапайым нормаларын меңгерту;

- ойын жағдаяттарында қазақ тілін қолдану арқылы оқушыларды жаңа әлеуметтік тәжірибеге қатыстыру;

- оқушыны сөйлесімдік қарым-қатынастың жаңа тәсілдеріне (қазақ тіліндегі), қазақ халқының мәдениетіне, ұлттық-мәдени сөйлесім ерекшелігіне баулу;

- оқушылардың оқу білігін, шынайы өмірлік жағдаяттарда алған тілдік білімдерін шығармашылықпен пайдалануға дайын болу білігін қалыптастыру;

- оқушыларды қазақ халқының балаларға арналған әндерімен,

тақпақтарымен және ертегілерімен, фольклорымен, көркем әдебиетімен, ойындарымен таныстыру;

- оқушылардың қазақ тіліне деген қызығушылығын дамыту, қазақ еліне, мемлекеттік тілге деген құрмет сезімін тәрбиелеу.

Жалпы білім беретін ұйымдардың бастауыш білім беру деңгейінде мемлекеттік тілді меңгерту мақсатында айқындалған бұл міндеттер «Тіл туралы», «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңдары мен «Қазақстан -2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында белгіленген міндеттерден туындап отыр. Елбасы жүктеген тапсырма тілді оқытудың ұтымды әдістері мен тәсілдерін, тиімді жолдарын анықтауды талап етеді. Осыған байланысты Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының базасында республиканың әдіскер-ғалымдарының қатысуымен қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде меңгерту, яғни қазақ тілді емес жалпы білім беретін ұйымдарда жүретін «Қазақ тілі» пәнін оқыту бағдарламалары дайындалды. Бұл бағдарламалар тілді меңгертудің халықаралық стандарттарына негізделіп, өркениетті елдердің тәжірибесі мен отандық озық дәстүрлерді үйлестіре отырып әзірленді.

Тілді меңгертуді деңгейлерге және игерімдерге бөлу білім беруді дара тұлғаға бағдарлау ұстанымына сай іске асады, яғни әрбір игерім бойынша білім мазмұнын анықтағанда оқушылардың жас және психофизиологиялық ерекшеліктері есепке алынады.

Тілдік бөлім қазақ тілінің фонетика, лексика, грамматика салаларынан білім беріп, тілдік деректермен, заңдармен және ережелермен таныстырады. Тілді меңгеруде фонетика, лексика, грамматиканың орны ерекше, өйткені онсыз ойды жинақтап сөйлемге айналдыру, байланыстырып жеткізу мүмкін емес. Ол оқушылардың өзге тілде сөйлесімді дұрыс құрастыра алуына; айтылған сөзді бақылап, талап етілген грамматикалық форма мен құрылымды саналы түрде құра алуы үшін керек. Сондықтан тілдік бөлім толыққанды тілдесімге жетудің құралы ретінде қарастырылады. Бірақ үйренетін тілдің ауқымындағы грамматикалық жүйе туралы ережелер, категориялар, ұғымдар туралы білімдер сол тілді меңгергендіктің көрсеткіші бола алмайды. Үйреніп отырған тілде шынайы коммуникациялық тілдесімге түскенде ғана сол тілде сөйлеу сауаттылығына қол жеткізіледі. Сол себепті қатысымдық-сөйлесімдік бөлімнің атқарар қызметі зор. Бұл бөлімде сөйлесім әрекетінің бес түрі бойынша меңгерілетін білік – дағдылар, әрекет түрлері айқындалған. Мәдениетаралық қарым-қатынас бөлімінде өтілетін тақырыпқа қатысты қазақ балалар әдебиетінің қарапайым үлгілері (санамақтар, тақпақтар, әндер, жұмбақтар, жаңылтпаштар, ертегілер), қазіргі балалар әдебиетінің үлгілері, мәтіндер берілген.

Жалпы, айта кетерлік мәселе – мемлекеттік тіл ретіндегі «Қазақ тілі» пәнінің білім мазмұнын іріктеуде қатысымдық-әрекетшілдік; қатысымдық-функционалдық; тілдік білімді функционалдық тұрғыдан сұрыптау; ұлттық ерекшеліктерді ескеру; оқу әдебиеті мазмұнының аутенттілігі, шындық өмірге сәйкестігі; оқушы деңгейіне сай келуі; білім мазмұнының жеке тұлғаның өзін-

өзі дамытуға, оның өзіндік және шығармашылық қабілетін арттыруға, қажетті іскерліктері мен дағдыларын қалыптастыруға бағыттау *ұстанымдары* басшылыққа алынды.

Орыс тілді мектептердегі қазақ тілі пәнінің оқу бағдарламасының жоғарыда анықталған құрылымы мен құрамына қарай әр игерім бойынша білім мазмұнына ұсыныс жасауға болады.

Мемлекеттік тілді меңгертуде пәннің білім мазмұнын және оқушыларда қалыптасуы тиіс білік, дағдыларды анықтаумен қатар, оқытудың ұстанымдары мен әдістерін нақтылаудың да маңызы ерекше.

Өзге тілді мектеп оқушыларына мемлекеттік тілді меңгертуде негізге алынатын дидактикалық ұстанымдар екі бағытта белгіленді.

1. Мемлекеттік тілді меңгертудің дәстүрлі ұстанымдары.

2. Мемлекеттік тілді меңгертудің арнайы ұстанымдары.

Мемлекеттік тілді меңгертудің дәстүрлі ұстанымдарына дидактика ғылымында негізін Я.А.Коменский, Ж.Ж.Руссо, И.Г.Песталоцци және К.Д.Ушинский қалаған, қаншама жылдық тарихы бар жалпы дидактикалық ұстанымдар жатады.

Оқыту үдерісінде кез келген пән бойынша оқушылардың білім, білік, дағдыларын қалыптастыруда, ең бастысы, оқушыларды ғылыми білім мен қаруландыру міндеті аса маңызды. Осы орайда *оқытудың ғылымылығы* ұстанымы жетекші рөл атқарады. Бұл ұстаным бойынша оқушыларға берілетін білімнің мазмұнының ғылымның қазіргі даму деңгейіне сәйкестігі, оларға заттар мен құбылыстардың заңдылықтарын ұғындыру және олардың арасындағы себеп-салдарлық байланысты ашу ескеріледі. Бастауыш мектепте кез келген пәнді оқытуда оқушылардың қарапайым ғылыми зерттеу дағдыларын қалыптастыру, заттар мен құбылыстардың негізгі және жанама белгілерін ажырату, қоршаған әлемде және табиғатта болып жатқан құбылыстарды түсіну, салыстыру, талдау, жіктеу, жүйелеу, жалпылау білік, дағдыларын меңгерту мақсаттары көзделеді.

Оқушыларды ғылыми біліммен қаруландыруды көздесек, оның жүйелілігімен сабақтастығы, бірізділігі де ескерілуі міндетті. Бұл орайда дидактиканың *оқытудың жүйелілігі мен бірізділігі* ұстанымы жүзеге асырылады. Аталған ұстаным оқытудың ғылымылығы ұстанымымен тығыз байланыста жүреді. Оқытудың жүйелілігі мен сабақтастығын, бірізділігін қамтамасыз ету үшін әрбір пән бойынша берілетін білімнің мазмұны мен көлемін анықтағанда ұғымдық-ақпараттық материалдардың белгілі бір жүйемен берілуін, сабақтастығын, біртіндеп тереңдетілуін және кеңейтілуін, сондай-ақ оқушылардың білімді меңгеру әрекеті белгілі бір сатымен (мысалы: ынталандыру, алғаш көру – байқау, қабылдау – түсіну, ұғым құру, есте сақтау, қорытынды шығару немесе тұжырым жасау, т.б.) іске асырылуын ескеріп отыру керек.

Бастауыш сынып оқушыларының тілдік білік, дағдыларын қалыптастыруда басты рөл атқаратын, басты орында тұратын ұстаным – *теория мен практиканың байланыста болуы* ұстанымы. Оның мәні – оқушыларға

теориялық білім беріп қана қоймай, сол білім, білік, дағдыларын күнделікті жаңарып, өзгеріп жатқан өмірде, кез келген жағдаятта емін-еркін қолдана білуін қамтамасыз ету. Ол үшін күнделікті оқыту үдерісінде әрбір пәннен берілетін теориялық білімді өмірдегі жағдайлармен байланыстырып, практикалық жағына бағыттап отыру керек. Сондықтан теория мен практиканың байланыста болуын қамтамасыз ету үшін әрбір пән бойынша берілетін білімнің мазмұны мен көлемін анықтағанда теориялық қағидалардың, заңдылықтар мен ережелердің, яғни ұғымдық-ақпараттық материалдардың бала өмірінде кездесетін түрлі проблемалық мәселелерді шешуге көмегі тиетіндей, бала оны қолдана алатындай практикалық маңызы ескерілуі тиіс. Сондай-ақ оқушылардың оқу материалын тек жаттап қана алмай, оның мән-мағынасын терең түсінуін қамтамасыз ету міндетті боп саналады.

Психологиялық зерттеулерде анықталғандай, балаларға берілетін білімнің көлемі мен мазмұны олардың өмірден жинаған тәжірибесіне, таным деңгейіне және психикалық тұрғыдан дамуына лайықталуы тиіс. Сондай-ақ олардың сұраныстары мен қабілеттері де ескерілуі керек. Өйткені бала ақпараттарағынынан өзіне қажеттісін әрі түсініктісін ғана қабылдай алады. Сондықтан бастауыш сынып үшін оқушылардың *жас ерекшеліктерін ескеру* ұстанымы басшылыққа алынуы қажет. Бұл ұстанымның мәні – бастауыш сынып оқушыларының ұғымына жеңіл, психологиялық ерекшеліктеріне сай келетін, білім деңгейлеріне лайықталған және олардың өмір тәжірибесін есепке алатын материалдардың қамтылуы.

Білім беруді оқушылардың жас ерекшеліктеріне бағдарлау ұстанымы мен үндес келетін *білімнің жеңілден ауырға, қарапайымнан күрделіге, нақтыдан белгісізге қарай берілуі* ұстанымын да ескерудің маңызы зор. Осы орайда ұлы ұстаз Абайдың: «Адам ата-анадан туғанда есті болып тумайды: естіп, көріп, ұстап, татып ескерсе, дүниедегі жақсы, жаманды таниды да, сондайдан білгені, көргені көп болған адам білімді болады» деген дана сөздерінен адам табиғатының, болмысы мен танымының қалыптасуының өзі осы ізбен жүретінін байқауға болады. Егер оқу үдерісі, балаларға білім, білік, дағдыларды игерту осы ұстанымға негізделсе, нәтижелі болатыны анық. Бұл оқушылардың келешекте негізгі білім беру сатысында ғылым негіздерін (жаратылыстану, математика, физика, химия пәндерін) меңгеруге дайындық жасауға да септігін тигізеді.

Оқытудың нәтижелілігін арттырып, оқушылардың тілдік сауаттылығын (тыңдау, сөйлеу, оқу және жазу, т.б.) қалыптастыруда басшылыққа алынатын негізгі ұстанымның бірі – *білімнің беріктігі* ұстанымы. Бұл ұстанымның мәні – оқушылардың меңгерген білімдерінің берік әрі тиянақты болуы. Ол жоғарыда аталған ұстанымдардың өзара байланысын қамтамасыз еткен жағдайда ғана іске асады, яғни аталған ұстанымдардың барлығына тәуелді болып келеді. Оқушылардың алған білімі жүйелі, берік, тиянақты, терең болуы үшін мынадай мәселелер ескерілуі тиіс:

– өтілген тарауларды, тақырыптарды үнемі қайталап отыру:

а) күнделікті сабақ барысында;

ә) белгілі бір тақырыпты немесе тарауды, бөлімді аяқтаған уақытта;

б) тоқсан аяғында;

в) оқу жылының басында және соңында;

– өтілген тақырыпты практикалық жаттығулармен (ауызша, жазбаша тапсырмалар, жаттығулар, тәжірибелік-бақылау жұмыстары, т.б.) байланыстырып отыру;

– оқушылардың білім сапасын есепке алып отыру (тексеру және бағалау), кемшіліктерін анықтап, тиісті жұмыс жүргізу;

– өтілген оқу материалындағы өзекті мәселелерді, негізгі ережелер мен ұғымдарды есте сақтауларын қамтамасызету.

Мектептегі оқу-тәрбие үдерісінде *мәдениеттендіру және ізгілендіру* ұстанымының алар орны айрықша. Бүгінгі оқушы – оқу-тәрбие үдерісіндегі орталық тұлға, ертеңгі Қазақстан Республикасының азаматы, еліміздің саяси, экономикалық, әлеуметтік дамуына өз үлесін қосатын қызметкер немесе жұмысшы. Сондықтан да олардың тілдік сауаттылығын қалыптастырумен қатар, мәдени-рухани дамуына, яғни оқушылардың жалпы мәдениетін көтеруге баса көңіл бөлініп, жеке бас гигиенасынан бастап, жалпы халықтық мәдениет туралы мәліметтер беруге дейін мән берілуі керек. Сондықтан әрбір пән бойынша берілетін білімнің мазмұны мен көлемін анықтағанда ұғымдық-ақпараттық материалдар мен шектелмей, әдебиет, сәулет, өнер, ғылым салаларынан да белгілі бір деңгейде мағлұматтардың енгізілуін ескеру қажет.

Мемлекеттік тілді меңгерудің арнайы ұстанымдарына тұлғалық-бағдарлы оқыту ұстанымы, қатысымдық (коммуникативтік) тұрғыдан оқыту ұстанымы, қатысымдық (коммуникативтік) тұрғыдан оқыту ұстанымы, тұтастық ұстанымы, әрекеттік ұстанымы, аутентикалық тұрғыдан оқыту ұстанымы, шығармашылық ұстанымы жәнет.б.жатады.

Тұлғалық-бағдарлы оқыту ұстанымы. Бұл ұстанымының мәні – оқушылардың өмірлік іс-әрекет тәжірибесіне жүгіну, әр оқушының өзіндік ерекшелігі мен қабілетін және даралығын мойындау (И.С.Якиманская). Бұл ұстаным бойынша барлық оқыту жүйесі оқу әрекетінің субъектісі – оқушының даралық сипатына, мотивіне, шынайы өмірлік қажеттілігіне, мүмкіндігіне, бейімділігіне, әлеуметтік-мәдени дамуына орай құрылуы тиіс.

Қатысымдық (коммуникативтік) тұрғыдан оқыту ұстанымы. Бұл ұстанымның негізіне И.И.Бим, Ф.Ш.Оразбаева, Е.И.Пассов, В.Л.Ляховицкий және т.с.с. ғалымдардың еңбектері басшылыққа алынды. Қатысымдық тұрғыдан оқыту ұстанымының мәні – қоғамда, күнделікті өмірде түрлі әлеуметтік рөлдерді атқару, кез келген өмірлік жағдаяттар мен проблемалық мәселелерді шешу үшін коммуникацияның түрлі нысандарын, әдістерін қолдануға үйрету, қарым-қатынас жасауда мемлекеттік тіл ретінде қазақ тілін, ұлтаралық қатынас тілін және шетел тілін меңгерту болып табылады. Бұл ұстаным білім беру үдерісінде басшылыққа алынатын барлық ұстанымдардың негізіне алынады. Себебі, тілді меңгертуде грамматизациядан арылуға бірден-бір мүмкіндік беретін жүйе тілді сөйлеу мәдениетімен, тіл мәдениетімен бірлікте қарастыру.

Тұтастық ұстанымы. Тұтастық ұстанымының оқушылардың оқу және жазудағы сауаттылығын қалыптастыруда атқаратын рөлі зор. Оқушыны оқуға және жазуға үйрету сөйлесім әрекетінің барлық түрлерін бір тұтастықта, өзара бірлікте қарастырғанда ғана күтілгендей нәтиже береді. Сол себепті бұл ұстаным «сөйлесім әрекетіне қатысты бірнеше жұмысты қатар қамтиды. Олар: оқу, жазу, ауызша сөйлеу, тыңдау, қайталау, жауап беру. Бұл ұстанымның ерекшелігі: бір сабақтың үстінде осы жұмыстардың барлығын жүйелі түрде қолдана отырып, олардың арасынан ең басты біреуін таңдап алу және қалған жұмыстың түрлерін осыған бағындыра білуден көрінеді. Сонда бір сабақтың өзінде ортақ (өзек) пайда болады да, қалған бағыттар сол басты орталыққа жұмыс істеу мақсатында жүргізіледі, сөйтіп, оқушының алған білім, білік, дағдыларында тұтастық, бүтіндік пайда болады».

Шығармашылық ұстанымы. Шығармашылық ұстанымы пәндік білім, білік, дағдыларды меңгертуде сабақты шығармашылық үдеріс ретінде құруды мақсат етеді. Оқыту үдерісінде жұптық, топтық жұмыс түрлеріне, біріккен шығармашылық тапсырмалар мен жобаларды орындауға үлкен мән беріледі. Белгілі бір қатысымдық міндеттерді шешу барысында оқушылардың өз тілек-емеуріндерін іске асыруға мүмкіндігі болады. Оқу үдерісінде оқушылардың алдыңғы сабақтарда алған білім, дағды, біліктерін жаңа жағдаятта қолданаалуына қажетті дағдылары дамытылады. Пәнді интеллектуалдық және шығармашылық тұрғыда меңгертуге қойылады.

Әрекеттік ұстанымы. Сөйлесімдік қарым-қатынас, өз кезегінде, қарым-қатынас жасаушы адамдардың «әлеуметтік әрекеттесуі» жағдайында адамдардың өз міндеттерін шығармашылық әрекетпен шешуіне қызмет етіп, «сөйлесім әрекеті» арқылы іске асатындықтан, тілді қатысымдық тұрғыдан меңгерту әрекетшілдік сипатқа ие болады. Жұмыс барысында қазақ тілін қатысымға бағыттап оқытудың әрекеттік мәні «әрекетке негізделген тапсырмалар» арқылы іске асырылады. «Әрекетке негізделген тапсырмалар» жүйесі ойын, имитациялық (еліктеу) және еркін қарым-қатынасқа негізделіп құрастырылады және «осы жерде және дәл қазір» жағдайында жүзеге асырылады. Олар тілдік сауаттылықты қалыптастыруға, тілді меңгеруге мүмкіндік береді.

Коммуникативтік құзіреттерінің қалыптасуы ұстанымы. Оқушылардың коммуникативтік құзіреттерін қалыптастыру бірнеше құзіреттермен сабақтастықта жүзеге асырылады. Мәселен, лингвистикалық құзірет тілді сөйлесім әрекетінің құралы ретінде пайдалануға дайын болуы арқылы қалыптасады. Прагматикалық құзірет қарым-қатынас жағдаятындағы коммуникативтік мазмұнды жеткізуге дайын болуды білдіреді. Когнитивтік құзірет коммуникативтік-танымдық әрекетке дайын болуды білдіреді. Ақпараттық құзірет қарым-қатынастың мазмұндық пәнін меңгеруді білдіреді. Коммуникативтік құзірет, оның іске асуын қамтамасыз ететін сөйлесім әрекетінің барлық түрлерінде – тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым, тілдесім де қалыптасып, тілді қажетті деңгейде меңгертуге ықпал етеді.

Аутентикалық тұрғыдан оқыту ұстанымы. Бұл жерде тек өмірден

алынған оқу материалы ғана емес, табиғи қарым-қатынас тудырудың әдістемелік мақсатына орай оқу жағдаяттары маңызды саналады. Олар оқушылардың сөйлесім әрекеттерін қалыптастыруға бағытталып беріледі. Ол үшін сабақ үдерісінде «тілді шынайы қолдануға» дайындық жасалады. Жұмыс барысында қатысымға бағытталған аутентикалық оқыту сөйлесім арқылы оқушылардың өзара әрекеттесуіне арналған тапсырмалар негізінде жүзеге асырылады. Олар жұптық немесе топтық жұмыс түрінде орындалады. Қатысымға бағытталған аутентикалық оқыту оқушылардағы «ақпараттың теңсіздігі» жағдайында құрастырылған тапсырмаларды пайдалану арқылы жүзеге асады.

Интерактивтік оқыту ұстанымы. Интерактивті (inter – өзара, akt – әрекеттесу) оқыту ұстанымы оқыту үдерісінің барлық оқушылардың тұрақты, белсенді, өзара қарым-қатынас арқылы әрекет етуін жүзеге асырады. Оқушы мен мұғалім оқытудың тең құқылы субъектісі болып табылады. Мұнда жұмыстың нәтижесінен оны шешу үдерісі маңызды саналады. Себебі интерактивті оқыту ұстанымының мақсаты – оқушылардың өздігінен жауап іздеуге бейімделуі. Қазақ тілін орыс тілді оқушыларға меңгертуде қатысымдық-әрекеттік бағыт әдіснамалық тұжырым ретінде ұсынылатындықтан, интерактивті оқыту ұстанымы ұсынылып отырған әдістемелік жүйенің барлық деңгейінде көрініс тауып отырады. Себебі жағдаяттық тапсырмалар, рөлдік ойын тапсырмалары, сұқбаттық тапсырмалар, күзіреттіліктерді қалыптастыратын тапсырмалардың барлығы интерактивті түрде орындалады. Бастауыш мектепте білім мазмұнын жетілдіруде, оқу-тәрбие процесін ұйымдастыруда жоғарыда аталған ұстанымдардың қай-қайсысының да қызметі ерекше. Себебі, бұл ұстанымдардың негізінде анықталған білім мазмұны оқушылардың берілген білімді жүйелі, терең, берік, сабақтастықта және біртұтастықта, ғылыми білімдер жүйесін практикамен байланыста, жеңілден ауырға, қарапайымнан күрделіге, нақтыдан белгісізге қарай жүретін бағытта белсенді түрде әрі қызығушылықпен меңгеруін қамтамасыз ете алады және ең бастысы, олардың функционалдық сауаттылығының қалыптасуына жағдай жасайды.

Сонымен, мемлекетте жүргізіліп отырған тіл саясатының бір бағыты ретінде аталған бағдарламаны жүзеге асыруда жалпы орта білім беретін мектептердегі қазақ тілі пәнін оқыту тенденцияларының алатын орны ерекше екенін байқап отырмыз.

Бүгінгі таңда өзекті болып отырған «тілді аудармасыз» оқыту мәселесі талай оқытушы-ғалымдарды ойландырып жүргені сөзсіз. Әрине, бұл орынды да. Себебі, Қазақстанда тұрып, қазақ тілін үйренем деушілер саны жылдан-жылға көбейіп бара жатқандығы да жалған факті емес. Осындай үдерісте елімізде өзге ұлт өкілдеріне қазақ тілінде білім беруге машықтанған мамандар қаншалықты деген ой мазалайды? Қазақ тілді мамандардың әлемдік тілдерді оқыту әдістемесін меңгеру деңгейі қандай? Тілді үйретуде қаншалықты бәсекеге қабілетті мамандарға үміт арта аламыз? Әрине, тілді меңгертуде түрлі әдіс-тәсілдерді пайланатындығымды білеміз. Оқыту әдісінің мәні, әдіс және

тәсілдерінің арақатынасында. Сондықтан, «Қалай оқыту керек?» дейтін дәстүрлі дидактикалық сұрақ заңды түрде оқыту әдісінің категориясын шығарады. Жалпы әдіс – жоспарланған мақсат пен соңғы нәтиженің арасын байланыстыратын оқу процесінің өзегі. Оның жүйедегі айқындаушы рөлін «мақсат – мазмұн – форма – оқыту әдісінің құралдары» көрсететіндігі белгілі.

Әдіс гректің «metodos» деген сөзінен алынған, табиғат құбылысын және әлеуметтік өмірдің жағдайын зерттеу немесе таным жолы, құбылыстарды оқып білу жолдарын, әдіснамалық теория танымы мен шындықты зерттейтін тәсіл. Философия әдісті белгілі түрде іс-әрекетті ретке келтіретін, мақсатқа жету тәсілі ретінде қарастырады. Тұтастай алғанда, әдіс – практикалық және теориялық әрекеттерді шындығында меңгеруге бағытталған нақты міндеттерді шешудегі операциялардың, бірдей тәсілдердің жиынтығы.

Педагогтер оқыту әдісі туралы түсінікті әртүрлі етіп дәлелдеді. Біреулері оны «танымды басқаға беру әдісі» (Д.И.Тихомиров) немесе мұғалімнің іс-әрекеті мен әдіс-тәсілі (Н.В.Ельницкий) деп қарастырса, С.А.Ананьев оқыту әдісін «білім беру тәсілдерінің үйлестіру жиынтығы» деп көрсетеді.

Оқу-танымдық іс-әрекетіне сәйкес оқыту әдісі құбылыстың мәнін танып білудегі әдіс-тәсілі ретінде қарастырады. Осы түсініктегі әртүрлі дефиницияларды негізге ала отырып, мынадай тоқтамға келеміз: оқыту әдісі – бұл оқушы мен оқытушы арасындағы жүйелі, өзара байланысқан білім мазмұнын меңгеруге арналған іс-әрекет жүйесі.

Оқыту әдістері – тарихи категория, олар білім беру мазмұны мен мақсатының ауысуына байланысты өзгереді. Америкалық педагог К.Керр оқыту әдіс сапасындағы төрт «төңкерісті» бөліп көрсетеді (1972). Біріншісі – үлгі болып мұғалім саналады. Бұнда – ата-аналар кәсіби мұғалімдерге орын берді, екіншісі – ауызша сөздерді жазбашаға ауыстырды, үшіншісі оқуға баспа сөздерін кіргізді, төртіншісі – осы кезде болып жатқан автоматтандыру мен компьютерлендіру оқыту процесіне енгізуді болжады.

Америкалық педагог К.Керрдың оқыту әдісінің төртінші түрін басшылыққа алсақ. Әрине, ғылым мен техника қарқынды дамыған заманда тілді неліктен техника құралдарымен уақытты ұтымды пайдалана отырып жылдам меңгермеске? Бүгінгі таңда дәстүрлі оқыту әдісінен сәл де болса ауытқып, дәстүрлі емес әдістерді көптеп қолданып жүрміз. Аталған әдістердің біріне тілді ғаламторда жария етілген сайттар арқылы жылдам меңгеру. Әлбетте, қай тілді меңгермес бұрын оны оқу мен оқытуда көптеген қиыншылықтар туындайтындығы мәлім. Ғаламтордағы сайттарға сүйене отырып, полиглот мамандардың меңгерген әдіс-тәсілдерін зерттеп-зерделеп көріп сараптама жасауға тура келді. Бірнеше полиглоттардың ішінен Александр Петровтың ағылшын тілін тез арада үйрену әдістемесін басшылыққа алған жөн.

Жалпы тілді аудармасыз оқыту әдісінде тірек сөздерді сөз тіркестері ретінде беріп оны қайта-қайта қайталату және оған ассоциация жасату арқыры меңгерткен орынды. Тілді тірек сөздер арқылы меңгертіп, есте сақтатқан соң, мәтінмен жұмыс әдісін пайдалануға болады. Мәтін – өте күрделі тілдік құрылым екендігін ескере отырып, мәтін тек сөзден емес, сонымен қатар кесте,

диаграмма, сурет сияқты визуалды бейнелерден тұруы мүмкін. Осыған байланысты мәтіндерді екі түрге бөліп қарауға болады. Олар: тұрас мәтіндер және жадағай (тұтас емес) мәтіндер. Тұтас мәтін түрлері: Сипаттау (көркем және техникалық); Мазмұндау (әңгіме, есеп, репортаж); Түсіндіру (интерпретация); Дәлелдеу (ғылыми түсініктеме, негіздеме); Нұсқау беру (ережелер, жұмысты орындауға қатысты нұсқаулар); Жадағай (тұтас емес) мәтіндерге: толтыруға арналған түрлі формалар; ақпараттық парақшалар; Кестелер мен сызбалар; Диаграммалар, карталар; Билеттер; Жарнамалар; Мәзірлер; Журналдың негізгі беті, постерлер жатады. Аталған мәтіннің түрлерін тиімді пайдалана отырып, тілді оқыту әдістерін де әр оқытушы өз шеберлігіне қарай ұтымды пайдалануға болады.

Сондай-ақ, тілді оқытуда функционалдық сауаттылық пен оқу сауаттылығын да басшылыққа алған жөн. Бұл ретте сауаттылық – оқу, жазу, санау және құжаттармен жұмыс жасай алу дағдылары; Минималды сауаттылық – қарапайым хабарламаларды оқу және жазу дағдылары; Функционалды сауаттылық – адам өзінің оқу және жазу дағдыларын әлеуметтік ортада қарым-қатынас жасауда қолдана білу қабілеті. Яғни, адамға өзін қоршаған әлеуметтік ортамен қарым-қатынасқа түсуге мүмкіндік беретін және сол ортаға тез, әрі жайлылықпен бейімделуге жағдай туғыза алатын сауаттылық деңгейі. Тілді үйренушілерге тірек сөздер мен сөйлемдерді жаттату арқылы тыңдаушылармен әртүрлі жұмыстар жүргізе отырып функционалдық сауаттылықтарын да дамытуға болады. Функционалдық сауаттылық мазмұны келесі құзіреттіліктерден көрінеді. Олар: Оқу, жазу сауаттылығынан; Жаратылыстану ғылымындағы сауаттылықтан; Математикалық сауаттылығынан; Компьютерлік сауаттылығынан; Денсаулық мәселесіндегі сауаттылықтан; Құқықтық сауаттылығынан тұрады.

Осылардың ішінде мәтінмен жұмыс барысында оқу сауаттылығын қалыптастыру маңызды. Оқу сауаттылығы жазба мәтіндерді түсіну, өз мақсатына жету үшін оның мазмұнын қолдану, қоғам өміріне белсенді қатысу үшін білімі мен мүмкіншіліктерін дамыту қабілеті.

Тілді оқыту әдістерінің енді біріне «Синквейн (бес жолды өлең)» әдісі де пайдалануға болады. Француздар синквейн деген өлеңді ойлап тапқан (француз тілінде бес санын білдіреді). Кейбіреулердің айтуынша еркін аудармада бұл сөз «бес шабыт» деген мағына береді екен. Синквейн жай өлең емес, белгілі бір ережелерге сәйкес жазылған өлең. Бұл тәсілді мәтін мазмұнымен таныс болған соң, білім алушытердің тақырыпқа қатысты түсінігін тексеру, тақырыпқа қатысты көзқарасын білдіру және ойын түйіндеу үшін қолдануға болады. Бұл ретте тыңдаушыларға қажетті сөздерді жаттату арқылы өздігінен сөздерден сөз тіркестерін, сөз тіркестерінен сөйлем құрату арқылы олардың тілге деген қызығушылықтарын арттыра отырып тілдерді оқытып үйретуге болады. Мәселен, Оны жазу ережелері:

Бірінші жолы тақырыпқа қатысты ұғым әдетте зат есім (қоғам).

Екінші жолы осы зат есімді айқындайтын және білім алушының ол туралы түсінігін сипаттайтын екі сын есім (әділ, рухани).

Үшінші жолы ұғымның әрекетін, ықпалын өзгерісін көрсететін үш етістік (дамыды, өркендеді, көркейді).

Төртінші білім алушының ұғымға немесе оқиғаға қатысты көзқарасын білдіретін төрт сөзден тұратын сөйлем (қоғам әділ, рухани дамыды, өркендеді, көркейді).

Бесінші жолы адамның осы ұғымға қатысты сезімдерін ассоциацияларын көрсететін зат есім, әдетте бірінші сөздің синонимі (көпшілік).

Тілдерді оқытуда «Фактілер мен пікірлерді» де орынды пайдалануға болады. Ақпаратпен жұмыс жасау барысында тыңдаушылар фактілер мен пікірлерді ажырата алуы маңызды. Факті – ол шынайы оқиға, құбылыс. Өмірде болған, болып жатқан нәрсе. Фактілердің екі түрі бар. Ғылыми және күнделікті. Ғылыми фактілер – әрдайым көптеген бақылаулар мен эксперименттер, тәжірибиелерге негізделіп, жалпыланған білімнің қорытындысы. Ал күнделікті фактілер адамның қоршаған ортаны қабылдау нәтижесі. Кез келген фактінің жалған не шындық екенін тексеруге болады. Тілді аудармасыз оқытуда тыңдаушылар өз ойын жеткізуде схема-карта әдісін пайдалана отырып, фактілер мен пікірлерін алғашында сызба картаға сызып, одан әрі тірек сөздерді қолдану арқылы сөйлем құрап, өз ойларын жеткізуге де дағдыланады.

Тыңдаушылар өз пікірлерін ортаға сала отырып, сол пікірді айтуға талаптанады. Ал пікір дегеніміз – бір нәрсе туралы пайым. Мәселеге, құбылысқа немесе оқиғаға қатысты жеке көзқарас, бағалау ақпараты.

Пікір – субъективті, факт – объективті.

Пікір шынайы болуы үшін фактілерге сүйену қажет және оның шынайылығының негіздемесі болуы керек.

Тілдерді оқытуда «PRES тәсілін» де қолдануға болады. Мәселен, мәтінді оқып болған соң, білім алушы аталған тәсіл негізінде өз ойын білдіреді.

Позиция: «Менің ойымша...», немесе «Мен деп санаймын» деген құрылымдарды қолданып мәселеге қатысты өз пікірін айтып, көзқарасын түсіндіреді.

Негіздеу: «Өйткені.....» деген сөзден басталатын сөйлем құрылымын пайдаланып, өз ұстанымының неге негізделгенін түсіндіреді.

Мысыл келтіру: ойын «мысалы, ...» сөзімен жалғастырып, өз көзқарасын қолдайтын мәліметтер, фактілер мен дәлелдемелер келтіреді.

Қорытынды: ойын «сонымен, сондықтан, сөйтіп..», «мен деп санаймын» сөйлемімен жалғастырып, өз пікірін жинақтап, қалай әрекет жасау керектігі туралы қорытындыға келеді.

Сонымен қатар «ТТСК» (тұжырым, талдау, синтез, кілт)» әдісін де орынды қолдануға болады. «ТТСК» деген не? Мәтінді талқылауға, оқуға және жазуға бағыттауға көмектесетін он сұрақтан тұратын жиынтық.

Сондай-ақ, тілді оқытуда «ИНСЕРТ» әдісін де тиімді пайдаланған орынды. Ағылшынша дыбыстық шартты белгі. Толық аудармасы – интербелсенді жазу жүйесі, тиімді оқу және ойлану», тиімді оқу мен ойлауға арналған жазудың интербелсенді жүйесі. Бұл тәсіл білім алушыға оқыған мәтіні бойынша өз түсінігін реттеуге, бақылауға мүмкіндік береді.

Мәтінмен жұмыс жасағанда «Мәтінмен жұмыстың төрт ресурс әдісін» ұсынуға болады.

Ұсынылып отырған әдіс артықшылықтары:

Тыңдаушының мәтінмен жеке жұмыс жасауына мүмкіндік береді;

Мәтіннен алған білімін өздігінен бағалай алады;

Мәтінмен өмірді байланыстыруына мүмкіндігі бар сыни ойлауын дамытады.

Тілдерді оқытудағы «ЖИГО» әдісінің ерекшеліктері:

Бұл тәсіл негізінде білім алушы өздігінен ұғынады, меңгере алады;

Меңгерілген ақпаратты басқа топ мүшелеріне түсінікті етіп жеткізеді;

Мәтінмен өздігінен жұмыс жасау дағдысы дамиды;

Жаңа ақпаратпен жұмыс жасау барысында ынтасы артады;

Белгілеу, тұжырымдау және мәтінге сұрақ қоя біледі;

Басқаларды естиді және тыңдай біледі;

Ақпаратты қысқа да, нұсқа жазбаша бере алады;

Өзінің және топ мүшелерінің білім алуына жауапкершілікпен қарайды;

Таным әрекеті үдерісінде қарым-қатынас шеберлігі артады.

Тілдерді оқыту мәселесінде «Менталды карта» әдісін тиімді пайдалануға болады. Аталған әдістің артықшылығы ақпаратпен жұмыс жасау кезінде мәтіндегі негізгі идеяларды есте сақтауды жеңілдететін сызба түрінде көрсету жолы. Картаның ортасына басты идея орналастырылады, ал одан кілт сөздері бар тармақтар шығарылады; Нәтижесінде ерекше және жарқыраған шырмауық тәріздес сызбалар шығады. Ол жақсы есте сақталады; Бұл әдісті жүргізуде арнайы «XMind» бағдарламасын қолдануға болады. «XMind» бағдарламасын пайдалан отырып, мәтінмен жасалынған жұмысқа қысқаша тоқталсақ, бұл тәсілді, басқаша ойды, әңгімені жазып алу техникасы деп атауға болады.

Жазу өте жылдам өтеді және оның өзіндік ерекшеліктері бар. Жұмысты жеке және топта жасауға болады. Көп ойды бір уақытта мида сақтау, психофизиологиялық тұрғыдан мүмкін емес, сол себептен ойды көрініс ретінде көрсету келесі ерекшеліктермен айқындалады.

Олар: *көптеген ұғым, элементтер жеңіл танылып, олардың өзара байланыстары көрінеді;*

Ассоциациялық ойлау дамып, қайталау тез және тиімді түрде өтеді;

Негізгі ой айқын көрініске ие бола алады;

Білім алушылардың сандық сауаттылықтары артылады.

Сол секілді «Коуч үдерісін практикада қолдануға» да болады. Жалпы «Коучинг» термині алғаш рет 1830 жылы Оксфорд университетінде «Нұсқаушы немесе Тренер» ретінде білім алушыны емтиханға үйретуші «Жетелеуші» сленг мағынасында қолданылды.

Коучинг адамдардың қабілеттері мен біліктіліктерін және іс-әрекетті дамытудың пайдалы жолы.

Коучинг – кәсіби оқудың бір түрі, ол – оқытушының қызметіне бағытталған ең тиімді оқу үдерісі. Коучинг үдерісі тәжірибесі, өтілім деңгейі

әртүрлі оқытушылардың үздіксіз дамуына ықпал етіп, басқару үдерісін табысты өзгертіп, ұжымның кәсіби дамуын қамтамасыз етеді.

Коучинг өзінің тиімділігін іс-тәжірибеде қолданылуы кезінде:

Оқыту үдерісіндегі жалпы (жоспарлау, моделдеу, құрастыру, жүзеге асыру, байланыстыру) мәселелерді шешудегі тәжірибеге жолбасшы бола біледі;

Оқу стратегияларын (тәсілдері мен амалдарын) таңдау мен жүзеге асыру арқылы оқуға деген қызығушылықтың артуы, білім сапасының көтерілуі байқалады;

Оқытушының (кез келген тәрбиешінің) өзінің ішкі түйсігіндегі болмыстық қажеттілікті тану арқылы функционалдық сауаттылығын жетілдіруге бағытталған ішкі факторды дамытуына мүмкіндік береді.

«Коучинг үдерісін тәжірибеде қолданған кезде Коучинг құралдарына: қарым-қатынас жасау, сұхбаттасу, бағалау, жоспарлау, бағамдау құралдары және тағы басқаларын жатқызуға болады.

Коучинг әдістері – осы құралдарды қолдану өнері немесе құралдарды қолланудың тәсілі. Коучингтің міндеті – ең жақсы, сенімді және тексеруден өткен коучинг әдістерін және құралдарын басқаруға ұсыну.

«Коучингтегі құралдардың жиынтығы» Жоспарлау: коучинг адамдардың ішкі жан-дүниесіндегі ең жақсы нәрсені сыртқа алып шығуға мүмкіндік береді. Коучингтегі өзара қарым-қатынастағы басты басымдылық коучингке қатысушыға бағытталып, таңдалған әрекеттер бақыланып отырады.

Қорыта айтар болсақ, тілді үйренем деушілердің ең басты қасиеті оқығалы отырған тілге деген қызығушылығы болуы керек. Содан соң оқытушы түрлі әдіс-тәсілдерді оңтайлы пайдалану арқылы алдына қойған мақсатына жетуге болады. Бұл ретте оқытушы жан-жақты ізденісте болып ұтымды әдістің кез келгенін орынды пайдалан алса, алдына қойған мақсатына жетері сөзсіз. Сондықтан тілдерді оқыту барысында қолданылған әдіс-тәсілдердің қай қайсысы болмасын тіл үйренем деушілер үшін қолайлы пайдалануға болатындығы сөзсіз.

Өзге ұлт өкілдеріне қазақ тілін оқытуда мәтінмен жұмыс әдісін қолданға өте тиімді. Яғни, мәтін – өте күрделі тілдік құрылым екендігі белгілі. Мәтін тек сөзден емес, сонымен қатар кесте, диаграмма, сурет сияқты визуалды бейнелерден тұруы мүмкін. осыған байланысты мәтіндерді екі түрге бөліп қарауға болады. Олар: тұрас мәтіндер және жадағай (тұтас емес) мәтіндер болып бөлінеді.

Тұтас мәтін түрлеріне: Сипаттау (көркем және техникалық); Мазмұндау (әңгіме, есеп, репортаж); Түсіндіру (интерпретация); Дәлелдеу (ғылыми түсініктеме, негіздеме); Нұсқау беру (ережелер, жұмысты орындауға қатысты нұсқаулар) және т.б. жатады.

Сол секілді жадағай (тұтас емес) мәтіндерге: толтыруға арналған түрлі формалар; ақпараттық парақшалар; кестелер мен сызбалар; диаграммалар, карталар; билеттер; жарнамалар; мәзірлер; журналдың негізгі беті, постерлер жатқызуға болады да өзге ұлт өкілдеріне қазақ тілін меңгертудің тиімді әдістерінің бірі болып саналады.

Өзге ұлт өкілдеріне қазақ тілін меңгертудің әдістерінің енді біріне тілдерді оқытуда жазу және оқу сауаттылығын арттыру тәсілдерінің орны ерекше деуге болады. Осы ретте функционалды сауаттылық пен оқу сауаттылығына тоқталып өтсек.

Жалпы сауаттылық дегеніміз – оқу, жазу, санау және құжаттармен жұмыс жасай алу дағдылары; Минималды сауаттылық – қарапайым хабарламаларды оқу және жазу дағдылары;

Функционалды сауаттылық – адам өзінің оқу және жазу дағдыларын әлеуметтік ортада қарым-қатынас жасауда қолдана білу қабілеті. Яғни, адамға өзін қоршаған әлеуметтік ортамен қарым-қатынасқа түсуге мүмкіндік беретін және сол ортаға тез, әрі жайлылықпен бейімделуге жағдай туғыза алатын сауаттылық деңгейі.

Тілдерді меңгертудің әдістеріне саралай келе, білім алушытердің функционалды сауаттылық мазмұны келесі құзіреттіліктерден көруге болады. Олар: оқу, жазу сауаттылығынан; жаратылыстану ғылымындағы сауаттылықтан; математикалық сауаттылығынан; компьютерлік сауаттылығынан; денсаулық мәселесіндегі сауаттылықтан; құқықтық сауаттылығынан және т.б.

Осылардың ішінде мәтінмен жұмыс барысында оқу сауаттылығын қалыптастыру маңызды. Оқу сауаттылығы жазба мәтіндерді түсіну, өз мақсатына жету үшін оның мазмұнын қолдану, қоғам өміріне белсенді қатысу үшін білімі мен мүмкіншіліктерін дамыту қабілеті.

Фактілер мен пікірлерді пайдалану барысында ақпаратпен жұмыс жасау барысында білім алушылар фактілер мен пікірлерді ажырата алуы маңызды.

Білім алушыларға факті мен пікір туралы түсінік берген соң, оларды үштікке бөліп, мәтін бойынша төмендегідей тапсырма беріледі.

№1 білім алушы мәтінде берілген фактілердің астын сызады.

№2 білім алушы осы фактілерге қатысты айтылған пікірлердің авторы мен мазмұнын белгілейді.

№3 білім алушы мәтінде бағалау ақпараты бар екендігін анықтауға мүмкіндік беретін маркер сөздердің астын сызады.

Тілдерді меңгертудің әдістерінің тиімді әдістерінің бірі - «Кейс-стадий» әдісін қолдану.


20-кесте.

Кейс-стадий технологиясы



Кейс-стадий технологиясын қолданған кезде, білім алушыға жағдаяттық тапсырма мәтіні ұсынылады. Мәтінде білім алушының сол жағдайды түсіне отырып, өздігінен саралау жұмыстарын жүргізе, жағдайдан ойын дәлелдей отырып шығу қажет. Бұл ретте білім алушы жинақтаған білімін фактіге сүйене отырып, өз ойын дәлелдеуі қажет. Аталған әдіс-тілді меңгеру барысында білім алушыға өздігінен ізденуді, көптеген сөздерді есіне түсіріп, білмеген сөздерін сөздіктің көмегімен есте сақтауға мүмкіндік береді. Тілдерді меңгеру барысында берілген әдісті жоғары сыныптарда пайдаланған тиімді.

21-кесте. Тілдерді оқыту барысында «Миға шабуыл» әдістерін қолдану



«Миға шабуыл» әдісі білім алушыларға тақырыптан ауытқымай, өз ойын жүйелі жеткізу үшін қажет. Бұл әдісті көбіне шешен сөйлеуде қолдануға

болады. Білім алушы көпшілік ортада ойын жүйелі жеткізу үшін «қалай сөйлеу керек» және «қай жерде сөйлеу керек» деген мәселе төңірегінде ойланғаны дұрыс. Сызбада берілгендей, білім алушы елдің айтарын тыңдап барып сөйлей алуы мәдениеттілік көрінісін білдіреді. Тыңдаушы сөзін бөлмей сөйлеуі сөз әдебін сақтағаны дұрыс. Сонымен қатар сөйлеуші әр сөзді дұрыс, анық айтқаны жөн. Сол секілді паразит сөздерді қоспай, әдеп сақтап, сөйлеушінің алдында өзін-өзі ұстай білуі тиіс. Берілген суреттегі «Миға шабуыл» әдісі тілдерді меңгеруде де өз септігін тигізери анық.

Тілдерді оқытуда «Эссе жазу» технологиясын қолдану

Эссе француз тілінен «essai», ағылшын тілінен «essay», «assay»-талпыныс, жазушылық сынама, очерк; латын тілінен «exagium» – ойлау дегенді білдіреді.

Эссе философияның, эстетиканың, әдеби сынның, публицистиканың, көркем әдебиеттің тұрақталған, қалыптасқан тұжырымдарға жаңа қырынан қарап, өзінше толғап, әрі дағдыдан, әдеттен, көне соқпақтардан бөлек, тың болжамдар мен түйіндеулерге құрылатын жанры. Әдебиеттегі Эссе – соны пікірлерге көбірек мән беріліп, оқырманды ой теңізінде жүздіретін таңдай қақтыратын, өзінше ойлап-сезіну қажеттілігін туғызатын, қаныңды қыздырып, рухани әлеміңе азық сыйлайтын, дүние құбылыстарын өткір қабылдауымен ерекшеленетін көркем туынды. Эссе табиғаты сыршыл сезімге, тіл бояуларының айрықша салтанатына, әшекейлі композицияға құрылады. Өзгеше бітімді бұл өнер туындысында эссеші интеллектуалдық байлығын, аңғарымпаздығын, жарқын, тапқыр ойлылығын, өмір саяхатындағы көрген-білетін, сезінген-түйгенін, тәжірибелерін жомарттықпен жайып салады. Эссе сипатында туған туындыларға батыл болжамдар мен өткір ұсыныстар, пікір жарыстырулар мен талас тудыратын жорамалдар, ойлар, көкейге қонымды, таным көкжиегін кеңейтуге қозғау саларлық байламдар тән.

Эссенің түрлеріне тоқталар болса. Олар: *Салыстырмалы эссе; Пайымдық эссе; Көркем-әдеби эссе болып бөлінеді.*

Эссе құрылымы. Эссе бұл шағын көлемді ой бөлісу, қандай болса мәселені еркін баян ету, дәлелді зиятты ізденіс. Эссе бір мәселе немесе сұрақ бойынша жеке көзқарасты білдіріп, алдын ала немесе мәселені қанағаттанарлықтай баяндалуына үміттенбейді. Әдетте, эссе бір нәрсе туралы жана, субъективті рең беретін сөзді және философиялық, тарихи-биографиялық, публицистикалық, әдеби-сын, ғылыми-көпшілік, баллетристикалық сипатта болуы мүмкін.

Эссенің құрылымдық бөліктері. Эссе тақырыбы эссенің мақсатын, эссенің өн бойында не сұралып отырғандығын, қандай мәселені қозғайтындығын көрсетеді.

1. Кіріспе – берілген тақырыптың мәнін ашатын бөлім. Бұл бөлімде қандай сұрақтарға жауап іздейтіндігіміз анықталады.

2. Неізігі бөлім – негізгі ой мен мәселеге байланысты аргументтер жинақталған бөлім. Негізгі бөлімде дәлелдер, дәйектемелерді, түрлі

статистикалық мәліметтер мен схемаларды қолданып тақырыпты ашады, көтерілген мәселені айқындап, оның туу себептерін көрсетеді.

3. Қорытынды – тақырып бойынша түйін. Қорытындыда жаңа ой енгізілмей, дәлелдемелер бойынша түйін шығарады, шешу жолдарын көрсетеді.

Тілдерді меңгеру барысында білім алушы өз ойын жүйелі жеткізу үшін эссе жазу технологиясын пайдаланған жөн. Бұл технологияның артықшылығы білім алушы өз ойын жүйелі жеткізу арқылы жазба тілін дамытады.



Тілдерді оқыту барысында суретте берілген оймен эссе жұмысын жазуды білім алушыларға меңгерткен маңызды.

Жұмысты жазбас бұрын ең алдымен эссенің тақырыбын анықтап алғаны дұрыс. Әдетте тақырыпты сұрақ түрінде алғаны дұрыс. Себебі білім алушы сол сұрақтың жауабын беруде ойын жүйелі жеткізуге дағдыланады.

Тақырыпты айқындап алғаннан кейін эссенің жоспары құрылуы керек. Жоспар құру білім алушыға тақырыптан ауытқымауға септігін тигізеді. Эссенің 30%-ы кіріспе бөлімде жазылуы керек. Кіріспеде тақырып туралы жалпы шолу беріледі.

Эссенің негізгі бөлігі 60%-дан тұрады. Негізгі бөлімде білім алушы ойын фактілерге негіздей отырып дәлелдеуге тырысады. Өздігінен дәлелдеген ойын басқа ойлармен, фактілермен салыстырады. Салыстырып болған соң, сол ойды сұрақ қою және сол қойылған сұраққа жауап беру арқылы ойын тұжырымдап жазады. Сондай-ақ негізгі бөлімде білім алушы ойын дәйектеп, теңдестіріп, цитаталарды, афоризмдерді қолдану арқылы ойын әдеби сөздермен көркемдеп

жеткізуге тырысады. Сол секілді эссенің негізгі бөлімінде тақырыпты ашатын фактілер пайдаланылады. Фактілер аргументтермен берілуі керек.

Эссенің қорытынды бөлімінде жазылған жұмыс туралы қорытынды пікір шығарылады. Қорытынды эссенің 10%-ын құрайды.

22-кесте. Тілдерді оқытуда «Тест тапсырмаларын орындау технологиясын» қолдану



Тілдерді оқытуда «Тест тапсырмаларын орындау технологиясын» қолдану да тиімді әдістердің бірі саналады.

Берілген технологияны мәтінмен жұмыс барысында пайдаланған дұрыс. Бұнда білім алушы мәтінде оқи отырып кейіпкердің мінез-құлығын көрсетеді. Ой желісінде кездеспейтін оқиғаны анықтайды. Автордың айтпақ ойын көрсетеді. Мәтінге сай тақырып немесе сөйлемді анықтайды. Мәтіндегі ақпаратты қолдана білуге үйренеді.

23-кесте. Қазақ тілін оқытуда «Ғылыми бағытта білім беру» әдістерін қолдану



Өзге ұлт өкілдеріне қазақ тілін меңгертудің әдістерінің біріне «Диктант жазу әдістемесін» қолдануға болады.

Аталға әдістің өз тиімділігі бар. Диктант түрлеріне тоқталып өтсек.

Оған: *Аударма диктант.*

Тыңдау диктанты.

Сөздік диктант.

Терме диктант.

Шығармашылық диктанттар жатады.

Аударма диктантының мәні – білім алушының, тыңдаушының негізгі сөздердің аудармасын білуін тексеру, өтіп кеткен не өтіп отырған сабақ бойынша жаңа сөздерді меңгерту, олардың жазылуын есте сақтап, бекітуге мүмкіндік беру. Мәселен, Юрта – переносное жилище с покрытием из войлока у тюркских и монгольских кочевников. Этимологическое значение происходит от общетюркского слова «jurt». В переводе это означает «народ», «земля», «родина».

Аудармасы:

«Киіз үй – жүннен жасалған жамылғысы бар түркі және моңғол көшпелілерінің тұрғын үйі. Этимологиялық мағынасы жағынан ол жалпытүріктік «jurt» сөзінен бастау алады. Аударылғанда бұл «халық», «жер», «Отан» мағынасын береді».

Тыңдау диктанты бойынша мағынасын, негізгі мәліметті, деректерді, датаны толыққанды беруі тиіс, ал сөздерді, етістіктерді, 25 %-ға дейін ауыстырып беруге жол берілді.

Сөздік диктанты. Орфографиялық ерекшеліктерді сақтай отырып, бірге, бөлек, қосарлана жазылатын сөздердің жазылу емлесін меңгертуге бағытталған.

Жазылуға арналған сөздер: Әмбебап, әрқашан, әл-ауқат, хәл-ахуал, әлдекім, әлдебір, әртүрлі. Менің, адамның, қалыңның, аңшылық, тоңазытқыш, үңгір. Көшпелі, көшбасшы, көші-қон және т.б. Сөздік диктантта сонымен қатар «Қосарланып жазылатын сөздерді толықтырыңыз», «Дұрыс нұсқасын тексеріңіз» және т.б. мысалдар беріледі.

Қазақ тілін оқутудағы диктанттардың енді біріне: «Терме диктант», «Фразалық тіркестерді теріп жазыңыз», «Өзіңізді тексеріңіз», «Мәтінді тыныс белгілерін орнастастыра отырып көшіріңіз» және т.б. жатқызып оны сабақ барысында тиімді пайдалануға болады. Сол секілді бүгінгі таңда «Шығармашылық диктантты» да жазғызу тәжірибеленіп жүр. Бұл деген білім алушының сауаттылығына қоса, сыни ойлау қабілетін арттыруға бағытталған жан-жақты тапсырма түрі болып табылады. Сонымен қатар бүгінгі таңда «Кластерлік мәтін» деген ұғым дегенді де пайдаланады. Бұл дегеніміз, білім алушылардың өздері тақтаға тақырыпқа қатысты ең болмағанда бір-бірден ассоциация тудыратын сөздерді жазып шығады. Сосын сол сөздерді жинақтап, 3-4 сөйлемнен тұратын мағыналық мәтін құрастыруы керек.

Қазақ тілін меңгертудің әдістерінің енді біріне «Бейнетаспаны қолдану әдістерін» пайдаланған тиімді. Бейнетаспамен сабақ өткізуде: Мұғалім видеоманитофон мен теледидарды қолдана білу керек; Бейнетаспа бұзылмаған

болу керек және дауысы анық шығу керек; Сыныптағы оқушыларды теледидарды жақсы көре алатындай етіп отырғызу керек;

Видеомен сабақ өткізудің 1-тәсіліне берілетін тапсырмада:

ҮЗІНДІНІ ҚАРАП ШЫҒЫП, МАЗМҰНЫН ЖАЗДЫРУ. Бұл жерде білім алушылар видеодан 5-10 минут көрсеткен фильм, хабар, репортаж т.б. үзінділерінің мазмұнын сұрауға не жаздыруға болады.



Мәселен, “АЛДАР КӨСЕ” ФИЛЬМІНЕН №1 -
ҮЗІНДІ

“АЛДАР КӨСЕ” ФИЛЬМІНЕН №1 – ҮЗІНДІ
бойынша үлгі-сұрақтар:

1. Қарагөз бен оның әкесі қайда тұрады?

Жаманбайдың ауылына тұрады.

2. Қараша тауды қар алғалы қанша жыл болды?

Отыз жылдан асты.

3. Бұл таудың етегін қар шалғалы неше жыл болды? Оған да отыз жыл өтті.

4. Бұл таудың басынан бұлақ аққалы неше жыл болды?

Оған 20 жыл болған шығар.

5. Қара орманыңыз бүлініп, алып еменіңіздің құлағаны да қиын болған екен.

Бұл өлкенің бораны ұйытқып соққанда, ну бағыңды түп тамырымен қопарып кетеді.

6. Алдар көсе қалың малдың қанша болатынын қалай сұрады?

Видеомен сабақ өткізудің 2-тәсілінде:

ВИДЕОНЫҢ ДАУЫСЫН ӨШІРІП КӨРСЕТУ; Бұл жерде балаларға 5-10 минут үзінді көрсетіп, не туралы сөйлескендерін сұрап, сөйлеткізу жолымен пайдалана аламыз. Кейіннен дауысын шығарып, басынан бастап қайта көрсетіп, кімнің дұрыс айтқанын айтуға болады.

Видеомен сабақ өткізудің 3-тәсілі:

ЭКРАНДЫ ЖАУЫП, ДАУЫСЫН ТЫҢДАТУ; Экранды көрсетпей, сөйлескен адамдардың не істеп жатқандарын, олардың кім екенін (қарт, жас, ер кісі, әйел) және оқиғаның қай жерде өтіп жатқанын балалардан сұрауға болады.

Видеомен сабақ өткізудің 4-тәсілі:

МАЗМҰНЫН ЖАЗДЫРЫП, КИНО КӨРСЕТУ; Яғни, мұғалім алдын ала 5-10 минуттық үзіндінің мазмұнын шығарып, сыныпқа таратып береді. Балалар оқып болған соң, теледидарды қосып, оларға киноны көрсету керек. Бала болатын нәрселерді білгендігі үшін жорамал жасай алады.

«АЛДАР КӨСЕ» ФИЛЬМІНЕН №2 – ҮЗІНДІ.

«АЛДАР КӨСЕ» фильмінен №2 – үзінді бойынша бос орындарға керекті сөздерді қойыңыз.



Өткен заманда бір бақытсыз _____ өмір сүріпті. Сіздерге сол адамның тағдыры туралы сыр шертейін. Оның басында _____, жанында жарығы, бауырында _____, не мал-жаны болмапты. Ол өзінің _____ кезіп жүріп,

адамдарға _____ , шаттық пен күлкі сыйлапты. Аңқау байғұс елдің _____ - _____ көтереді екен. Ешкім оның _____ түбінде не жатқанын білмеді. _____ араша түсіп, бай біткенді алдап өмір сүріп жатты. Бірақ алдаумен _____ өзгертіп, _____ аш қарынды тойдыруға болмайтынын ол байғұс кеш түсініпті.

Қажетті сөздер: адам, адам, баспанасы, баласы, туған жерін, қуаныш, жүрегінің, көңіл-күйін, кедейлерге, дүниені, күлкімен.

Видеомен сабақ өткізудің 6-тәсілі:

ДҰРЫС-БҰРЫСЫН ТАПТЫРУ;

Бұл тәсіл бойынша киноны көріп болған соң алдын ала дайындалған қағазды таратып береді. Мұнда кино туралы сөйлемдер (хабрлы не сұраулы) берілген. Сөйлемдер дұрыс немесе қате берілген. Дұрыс сөйлемнің соңына «Д» белгісін қойса, қате сөйлемнің соңына «Қ» белгісін қояды.

Видеомен сабақ өткізудің 7-тәсілі:

КӨРГЕН ҮЗІНДІ БОЙЫНША СҰХБАТ ҚҰРАУ; Бұл тәсіл бойынша киноны көріп болған соң оқушыларға сұхбат құрау тапсырылады және сұхбатты рөлмен ойнатуға болады.

Видеомен сабақ өткізудің 8-тәсілі:

ЕКІ ОҚУШЫ (НЕМЕСЕ ЕКІ ТОП) АРҚЫЛЫ ЖҮЗЕГЕ АСАДЫ; Бұнда біреуі құлағын естімейтіндей етіп теледидарға қарап отырады, ал екіншісі киноның дауысын еститіндей болып, теледидарға теріс қарап отырады. Кейін 5-10 минут өткен соң екеуі бірігіп киноны құрастырады. Біреуі естігендерін айтса, екіншісі көргендерін айтады.

Видеомен сабақ өткізудің 9-тәсілі:

КИНОНЫҢ ЖАЛҒАСЫН ЖОРАМАЛДАЙ БІЛУ; Бұнда кассетаны қойған соң, 5-10 минуттан кейін тоқтатып, бұдан әрі не болатын сұрауға болады.

Қорытындылай келгенде, қазақ тілін оқытуда әртүрлі әдіс-тәсілдерді тиімді пайдалану арқылы тілді жылдам, әрі тиімді меңгертуге болады.

Шетел тілін оқыту ерекшеліктері

Кәсіптік орта білім беретін оқу орындарында шет тілін оқыту оқу процесіне белгілі бір ерекшелік енгізеді. Білім алушылар, неге біз тілді үйренуіміз керек, бұл қандайда бір мамандыққа немесе мамандыққа байланысты ма деген сұрақтарды жиі қояды. Бұл сұрақтың жауабы көбінесе жалпылама сөздермен шектеледі. Алайда, бұл пән көбінесе оны тікелей білу үшін емес, білім алушыларға еңбекқорлықты тәрбиелеу және жұмыс істеу, қарым-қатынас жасау, қажетті ақпаратты табу қабілеттерін қалыптастыру үшін зерттелетіні жасырын емес. Басқаша айтқанда, «шет тілі» пәнінде жалпы құзыреттер қалыптастыруы керек. Өйткені, біртұтас жаһандық өзара байланысты және өзара тәуелді әлемде өмір сүріп жатырмыз, онда ұлттық шекаралар бұлыңғыр, халықтың, капиталдың, тауарлардың ағындары әртүрлі бағыттарда еркін қозғалады. Белгілі бір адам қай елде жұмыс істейтіні немесе оның серіктестері қай елде болатыны белгісіз. Сондықтан шет тілін білу қазіргі заманғы адамның, болашақ маманның маңызды, негізгі құзыреттілігінің біріне

айналады. Білім алушы қарым-қатынас жасай алады, өзін, эмоциясын, сезімдерін, көзқарасын білдіре алады, оның қаншалықты сәтті болатынына, кәсіби іс-әрекеті қаншалықты тиімді, басқа адамдармен қарым-қатынасына байланысты болады. Бұл толеранттылық, қарым-қатынас жасау қабілеті, басқа адамдармен қарым-қатынас жасау, техникалық құжаттамамен жұмыс істеу сияқты құндылық бағдарларын қалыптастыратын жаңа буын стандарттарына назар аударатын маңызды сәттердің бірі.

Білім алушылар үшін басым міндеттердің бірі – сөйлеуді үйрену және шынайы сөйлеуді біршама түсіну, шет тілінен қорықпауды үйрену, қателік жасаудан қорықпау, ана тілінде техникалық құжаттамамен жұмыс істей білу болып табылады, ал бұл жақсы демеу болуы мүмкін, алайда шет тіліндегі құжаттамаларда ескеру қажет өз ерекшеліктері бар.

Өйткені, егер өмірде ағылшын тілін білу қажет болатын жағдай болса, оқушы грамматикалық қателіктермен түсіндіре алады, сонымен қатар оның сөйлеу дағдылары оған көмектесе алады. Демек, білім алушылар шет тілін базалық деңгейде (негізгі модуль) іс жүзінде меңгеруі және оны өз еңбегін қолдану саласында пайдалана білуі тиіс, атап айтқанда: жабдықтар мен материалдардағы жазуларды, олардың техникалық сипаттамаларын, аспаптардың сипаттамаларын, нұсқаулықтарды, пайдалану нұсқаулықтарын, т.б. оқи алуы тиіс.

Қарым-қатынас жасау үшін тілді қолданыңыз (кәсіби модуль). Бағдарламада практикалық сабақтардың болуы шет тілінде ауызша және жазбаша түрде қарым – қатынасты жүзеге асыру үшін білім алушылардың сөйлеу әрекетінің әртүрлі түрлерін – тыңдау, сөйлеу және оқуды меңгеруін көздейді. Бұл ретте хат тілдік материалды жақсы меңгеруге және ауызша сөйлеу мен оқу саласындағы дағдылар мен іскерліктерді дамытуға ықпал ететін оқытудың маңызды құралы болып қала береді. Білім алушылар белсенді лексикаға енетін жаңа сөздер мен терминдерді үйренеді және олардың графикалық бейнесін игеруі керек. Жазбаша сөйлеу саласында білім алушылар өз ойларын жазбаша түрде жеткізе алады. Хат бекітуші болып табылады, өйткені меңгерілетін тілдік материалды (фонетикалық, лексикалық және грамматикалық) жазу барысында білім алушылар жақсы есте сақтау үшін қажетті оқу қызметін орындайды. Сондықтан хат жазу білім алушылардың өзіндік жұмысын орындау үшін қолданылады (жазбаша мәлімдемелер, жазбаша әңгімелер немесе мәтінді қайталау, жағымды, теріс немесе сұрақ түрінде ұсыныстар жасау, тақырып бойынша диалогтер, хабарламалар жасау, жобалық жұмыс, адамдарды, заттарды, ғимараттарды сипаттау және т.б.). Мұндай үй тапсырмалары жиі кездеседі: кез келген мәтіннен сөз, фраза, сөйлем жазып, сөз дәлдігімен, бейнесімен, жарықтығымен, ерекше болмысымен таң қалдырды. Жобалармен жұмыс орындау кезінде өздігінен жұмысты дамытады, білім алушылардың *шығармашылық ойлауы, өздігінен жұмыстың белгілі бір интеллектуалдық, коммуникативтік дағдыларын, жұмыс істеуді үйренеді мәтіндік материалмен бөлісу, басты ой шеттілдік мәтінінде, жинақтауға, жұмыс істеуге анықтамалық материалдармен, талдау дұрыстығын және*

бірегейлікті интернеттен ақпаратты алу және бейімдеу үшін сол немесе өзге жағдайларды меңгереді.

Белгіленген нормаларына сәйкес келетін оқу іс-әрекетін ұйымдастырудың әдістері мен формаларын таңдауда қиын міндет тұр, мұнда негізгі назар коммуникацияны дамытуға, адамның қарым-қатынас жасау қабілетіне, тілді меңгеруге бағытталған процесінде қарым-қатынас жасау. Шет тіліндегі білім беру стандарттары мұғалімді өз ойлары мен сезімдерін ауызша және жазбаша түрде білдіруге қабілетті адамды тәрбиелеуге бағыттайды. Кәсіби қызметтегі шет тілі курсының негізгі идеясы – білім алушылардың қарқынды сөйлеу және интеллектуалды дамуымен оқытатын курстың бағдарламасында кәсіби қызметтегі шет тілінде көрініс тапты. Сондықтан кәсіби қызметтің шет тілі сабақтарында оқыту сөйлеу құзіреттілігін қалыптастыру қажеттілігін ескере отырып құрылуы керек, яғни іс жүзінде лексикалық және грамматикалық материалдарды бекіту ретінде тыңдау, оқу, сөйлеу, жазу сияқты іс-әрекеттерді дамыту.

Бағдарламада курс аяқталғаннан кейін білім алушылар келесі дағдыларды игеруі керек:

- ✓ хабарлама тақырыбын, ойдың даму логикасын түсіну, сөйлеу ағынынан қажетті ақпаратты алу (тыңдау);

- ✓ диалог жүргізе білу, кез келген жағдайда монолог құра білу (сөйлеу);

- ✓ лексикалық материалды және тілдік болжам элементтерін (оқылым) қолдана отырып, таныс емес мәтіннің мазмұнын түсіне білу;

- ✓ қажетті тілдік құралдарды (хат) пайдалана отырып, әртүрлі тақырыптарға өз жазбаша мәтіндеріңізді жасай білу.

Сөйлеу құзіреттілігін қалыптастыру ұзақ және күрделі процесс болып табылады және лексикалық, грамматикалық дағдыларды дамытумен жүйелі, мақсатты, органикалық түрде біріктірілуі керек.

Сөздердің лексикалық және грамматикалық мағыналарын игере отырып, білім алушылар айналадағы шындықтың тілде қалай көрінетінін түсінеді, ал экспрессивті сөйлеуді құру тәсілдерін игерген кезде олар адамның ішкі әлемі тілде қалай көрінетінін сезінеді.

Егер білім алушы сөйлеудің фонетикалық ерекшеліктерін, лексикалық және грамматикалық мағыналардың экспрессивті реңктерін сезіну қабілетіне ие болса, сөйлеу жалпы игеріледі. Мұндай дағдыларға аударма тапсырмаларының көмегімен қол жеткізуге болады.

Білім алушылар сөздің мағынасы мен сұлулығын сезіну, мәтін авторының көңіл-күйі мен эмоцияларын қабылдау, сөйлеу мақсатына сәйкес бейнелі құралдарды таңдау, белгілі бір тақырыпта мәтіндер құру қабілетіне ие болады.

Мұғалім осы идеяларды басшылыққа алуы керек.

«Еліктеу инстинктін» үнемі дамыту үшін сабақта тілге қатысты атмосфераны құруға мүмкіндік беретін тілдік материалды таңдауы керек. Үлгілі мәтіндердің көмегімен білім алушылар осы атмосфераға бой алдырады, тілге және оқуға қызығушылық танытады. Бұл тілдік инстинкті дамытуға,

сөйлеуді эстетикалық қабылдауды дамытуға мүмкіндік береді.

Шет тілі сабақтарында мұғалім экспрессивті құралдармен жұмыс істеуге үнемі назар аударуы керек. Мысалы, мәтіндердің, эпитеттердің, салыстырулардың, метафоралардың, білім алушылардың өз нұсқаларын өздері таңдап, содан кейін оларды шынайы авторлық құқықпен тексеруі үшін қолданылуы. ■

Зерттелген барлық тілдік құбылыстар ерте ме, кеш пе сұранысқа ие болуы қажет. Сондықтан білім алушылар мәтіндегі сөздердің қызметі мен рөлін нақты түсінуге үйрету керек.

Оқушылар монологиялық мәлімдеме жасаған кезде, мысалы, салыстыру, инверсия, біртекті мүшелермен сөйлемдер және т.б. қолдану міндетті.

Оқушылар диалогтерді, мәтіндерді қолданады, арнайы лексиканы дамытады, жауап береді және әртүрлі сұрақтар түрін жасайды. Мұнда олар зерттелетін тақырып бойынша әңгімеге дайындалуда. Бұл кезеңде білім алушылар презентациялық жобалардың түрін анықтайды. Олар: іскерлік ойын, баяндамалар, сұхбат, түрлі кейіпкерлердің диалогтері, жарыстар, өнімді көрсету және т.б. Үшінші кезеңде білім алушылар өз жобаларын қорғайды. Сонымен қатар, олар өзара көмек, өзара көмек, ынтымақтастық, сұхбаттасушымен ымыраға келу, өзін-өзі бағалау және зерттелетін тілге деген қызығушылық сияқты қасиеттерді дамытады, бұл болашақ маман үшін өте маңызды.

Сабақтарда мотивацияны арттыру үшін жұмысты ұйымдастырудың әртүрлі формалары қолданылады: жұмыс топқа, жұппен, жеке, алдыңғы; ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, проблемалық оқыту технологиясы, іскерлік ойын қолданылады. Шет тілін кәсіптік білім беруде оқыту іс-шаралар тек сабақтарда ғана емес, сонымен қатар сабақтан тыс уақытта да болады. Олимпиадалар, техникалық мәтін аудармашыларының конкурстарын, пәндік апталықтарды өткізу дәстүрге айналды. Егер білім алушылардың белсенділігі төмен болса, онда басқа сынып білім алушылары осы іс-шараларға қуана қатысуы мүмкін және өздері ұйымдастырушылар болып табыла алады.

Ағылшын тілі сабақтарының кәсіби бағыттылығы пәнді оқуға деген қызығушылықты арттырады, жұмыс берушілердің талаптарына жауап беретін мамандарды даярлауға мүмкіндік береді деген қорытынды жасауға болады.

Тілді үйретудегі отандық, әлемдік тәжірибелер мен қалыптасқан ұстанымдар

Д.Петров әдістемесі негізінде қазақ тілін 16 сабақ шеңберінде меңгеру әдістемесі (А1, А2 деңгейінде)

Жалпы білім саласында «Біз қалай үйренеміз?» деген сұрақтар туындауы орынды. Осы ретте Қытай ойшылы Конфуцийдің: «Маған айтып берсең - ұмытып қаламын, көрсетсе – есте сақтаймын, өзіме жасатсаң - үйренемін», - дегені еске түседі.

24-кесте. Оқытудың кейбір тәсілдерін қолданғанда мәліметтің есте сақталуы
(А. Маслоудың идеялары бойынша Н.Сандерстың кестесі)

Оқу әрекеттері	Есте сақталу көрсеткіші
Дәріс	5%
Оқу	10%
Аудио- және видео құралдарды, интерактивті тақтаны қолдану	15%
Көрсету (көрнекіліктер: жобалар, кестелер, схемалар, суреттер)	30%
Пікірталас	50%
Практикалық іс-әрекеттер	75%
Үйренген білімді дереу қолдану, басқаларды үйрету	90%

(«Бетель» лабораториясының зерттеуі негізінде, АҚШ, Мэн штаты)

Таным процесінің барысында Вильям Глассердің пікірінше біз білімнің 10%-ын оқығанда, 20% -ын тыңдағанда, 30% -ын көзбен көргенде, 50% -ын көзімізбен көріп, тыңдағанда, 70% -ын пікір таластырғанда, 80% -ын тәжірибе жасағанда, 95% -ын басқаларды үйреткенде игере аламыз.

Білім беру барысында рубриканы да орынды қолданған жөн. Рубрика дегеніміз – шәкірттер орындаған жұмыстардың қандай болуы керектігін (параметрлерін белгілеу) және қандай бағаға тұрарлық екендігін нақты түрде айқындау, бағалаудың дәл талаптарын (критерийлерін) таңдау және тағайындау. Шәкірттердің жұмыстары субъективті тұрғыдан бағаланбауы үшін жұмыстарға қойылатын талаптарды алдын ала айқындап алуы оқушылардың өз жұмысында озық үлгілерге сүйеніп, қалай жазу керектігін есте ұстап, жұмыстарды сол тұрғыдан орындауына жол береді. Бұл өз кезегінде шәкірт жұмыстарының сапасын арттырады.

Сол секілді критерийлердің келесі ережелерге сай болғандығы дұрыс. Критерийлер үшеуден кем болмауы керек. Критерийлер оқушыларға алдын ала белгілі болуы керек, яғни критерийлер шәкірттермен бірлесіп құрастырылуы керек. Мұғалім ұсынған критерийлер оқушылар тарапынан толық қабылдануы қажет. Бағалаудың әрбір түрі мен әрекеті үшін бөлек критерийлер қажет. Критерийлер жазбаша түрде келтірілуі керек. Критерийлерді алдын ала жариялап, сонымен бірге сынып қабырғасына іліп қойған орынды. Төменде қандай да болмасын тақырыпқа жазылған эссенің бағалау критерийлері келтіріледі. Осы ретте тілдерді оқытуда эссе жазу технологиясын тиімді пайдалануға болады. Аталған жұмысты тексеріп өз бағасын әділ қою үшін оған арнайы рубрика жасалады. Мәселен,

Эссені бағалауға арналған әмбебап РУБРИКА. «Өте жақсыға» бағалану үшін эссе келесідей талаптарға сай болуы керек:

Өзіндік, тың пікірлер келтіру (мұғалімнің лекциясын немесе оқулықты қайталамай). Тезистерді ұтымды дәлелдермен растау (бұл жерде дәлелдердің санын нақты түрде көрсетуге болады). Өз тезистеріне қарсы дәлелдерді келтіру және соларды жоққа шығару. Нақты айқындалған кіріспе, негізгі бөлім және қорытынды бөлімнен құралу. Ұқыпты және қатесіз жазылу. Көлемі 150-250-ге дейін сөздер (немесе ХХ дейін белгілерден немесе Х бетке дейін) болуы.

«Жақсыға» бағалану үшін эссе келесідей талаптарға сай болуы керек:

Өзіндік пікірлер келтіру (мұғалімнің лекциясын немесе оқулықты қайталамай). Тезистерді нанымды дәлелдермен растау (мұнда дәлелдер «өте жақсыға» жазылған жұмыстан аздау болуы мүмкін). Нақты айқындалған кіріспе, негізгі бөлім және қорытынды бөлімнен құрылуы. Ұқыпты және қатесіз (немесе Х қатеден аспау) жазылу. Көлемі ХХ дейін сөздер (немесе ХХ дейін белгілерден, немесе Х бетке дейін) болуы.

«Қанағаттанарлыққа» бағалану үшін эссе келесідей талаптарға сай болуы керек:

- нақты тезистерден тұруы;
- тезистердің тұжырымдармен дәлелденуі;
- нақты айқындалған кіріспе, негізгі бөлім және қорытынды бөлімнен құралуы;
- таза және белгіленген қате санынан аспай жазылуы;
- көлемі ХХ дейін сөздер (немесе ХХ дейін белгілерден, немесе Х бетке дейін) болуы.

Төмендегідей болса, эссе «қанағаттанарлықсыз» деп бағаланады:

- тезистік тұжырымдары жоқ;
- өз пікірін растайтын дәлелдер келтірілмеген;
- кіріспе, негізгі және қорытынды бөлімдер нақты айқындалмаған;
- ұқыпсыз жазылған, грамматикалық және орфографиялық қателері бар;
- көлемі белгіленген сөздер немесе белгілерден (беттерден) кем болуы.

Қазақ тілін оқытуда «**ПОРТФОЛИО**» әдісін де пайдалануға болады. Портфолио – білім алушының жыл (тоқсан, семестр) бойы жасаған жұмыстары және жетістіктерінің айғағы мен дәлелі. Портфолио білім алушының даму прогресі мен жетістіктерін көрсетіп, бұл процесті жан-жақты талдау мүмкіншілігін береді. Бұнда: білім алушылар өз оқуын бұрынғыдан да сәтті түрде ұйымдастырып, мақсаттарын тереңірек түсініп, жұмыстарына өзгерістер енгізіп, оқудағы өз жетістіктерін көреді. Портфолиода білім алушы өзінің жыл (тоқсан, семестр) бойы атқарған жазба жұмыс үлгілерін сақтап, оқу мерзімі аяғында үйренгені туралы есеп берген кезде портфолионы дәлел ретінде қолдана алады.

Портфолио – білім алушының оқу процесіне қалайша қатысатындығын көрсететін жұмыстарының жиынтығы ретінде оқудың тиімділігі деңгейін айғақтайды, оқу процесінің білім алушылар үшін қандай нәтиже беретіндігін көрсетіп, олармен *кері байланыс* құру тәсілі болып табылады. Бұған қоса

портфолио білім алушылардың бірлесе жұмыс жасап, ұстаздармен әрекеттесуге септігін тигізеді, өйткені ол шәкірттердің жетістіктері мен дамуының динамикасын талдау жұмысына білім алушылардың өздері мен ұстаздың қатысуын талап етеді.

Портфолионың міндетті бөлімдері мен рубрикаларының тізімі келесідей болуы керек:

- Білім алушының өзі туралы;
- Білім алушының өзі туралы мәлімет (бір беттен кем емес қысқаша түйіндеме; 3 фотосурет: жеке, жанұямен, жолдастарымен),
- Пән бойынша алдына қойған мақсаттары мен күтетін нәтижелері (бір беттік эссе);
- Пәнді игерудегі жұмыс жоспары (бір беттік эссе);
- Пәнді игеруде колданатын әдіс-тәсілдері (бір беттік эссе);
- Пәннің теориялық мазмұны;
- Терминологиялық сөздік (глоссарий) – 20 атаудан кем емес;
- Жеке - 10 есімнен кем емес, оқу материалдары (әр тақырып бойынша 3 беттен кем емес тірек лекциялары);
- Жұмыс үлгілері;
- Пән тақырыбында жазған бір ғылыми-әдістемелік мақала (5 беттен кем емес);
- Шығармашылық жұмыстар (әр сабақта жазған эсселер: лекция - 30, семинар - 15, өзі құрастырған ойсергектер мен топтарға бөлу тәсілдері - екеуден кем емес);
- 100-ден кем емес тест сұрақтары;
- пән бойынша 10 сұрақтан кем емес сауалнама құрастыру;
- бірге оқитын жолдастарының озық жұмыс үлгілері – 10-нан кем емес;
- Жетістіктері, жаңалықтары (келтірген жаңа ақпараттары, өздігімен анықтаған заңдылықтары);
- Ең ұтымды шыққан жұмыстары, марапаттаулары;
- Ой-толғаныс. Өзінің ой-толғаныстарын көрсететін әрекеттерді сипаттау (1 сабақ талдау – 2 беттік эссе, 1 пікірталас ұйымдастырып, оның сценарийін жазу, 2 интервью мәтіндерін келтіру - әрқайсысы 2 беттен кем емес, 1 сауалнамаға жауап беру - 2 беттен кем емес);
- өз жұмысы туралы есептері - әрқайсысы 2 беттен кем емес 3 эссе, оқу процесі туралы ой-толғаныстары (әрқайсысы 2 беттен кем емес 3 эссе, 2 хат, 3 пікір);
- Пәнді оқу/игеру процесіндегі өзінің рөлі туралы ой-толғанысы - 3 беттік эссе;
- Пәннің маңызы туралы ой-толғанысы - 3 беттік эссе, өзін-өзі бағалау - 3 беттік эссе.

25-кесте. Портфолионы бағалау критерийлері

Критерийлер	Жоғарғы балл
Барлық бөлімдер мен тапсырмалардың толықтығы	20

Өздігімен қосымша бөлімдер кіргізу	10
Портфолионы құрастыруда зерттеу әдістерін қолдану	10
Портфолионы құрастырудағы өзінділік пен дербестік	20
Материалдарды безендіру	10
Портфолионың пайдасы туралы қорытындылар жасау	10
Бірге оқитын жолдастарының пікірлері	10
Портфолионы таныстыру (жариялау, презентациялау)	10
Барлығы	100

Білім саласында жоғарыда көрсеткен әдіс-тәсілдердің барлығы қазақ тілін өзге ұлт өкілдеріне меңгертуде тиімді пайдалануға болады.

Осы ретте жалпы тілдерді меңгертуде тиімді пайдаланып жүрген әдістердің бірі – орыс ұлтының белгілі полиглоты Дмитрий Петоровтың кез келген тілді 16 сабақ негізінде біліп, үйреніп шығуға болады деген әдістемесін ұстанып жүр. Полиглоттың Астанаға келген бір сапарында қазақ тілін меңгеруге қатысты нұсқама да бергені мәлім.

Орыстың лингвист-оқытушысы Дмитрий Петоровты біреулер ғұлама десе, енді біреулер шарлатан дейтін де кездер болады. Дегенмен, Д.Петров 30-дан аса шетел тілін меңгеріп, оннан аса авторлық еңбегі бар екені белгілі. Полиглот қазақ тілін меңгеруде йога әдісі көмектесетіні қолданған жөн дейді «Sputnik Казахстан» арнасына берген сұхбатында. Кейбіреулер полиглотты «тірі гугл-аудармашы» деп те атайды. Дмитрий Петровтың есімі сонау тоқсаныншы жылдардағы лингвист, филолог, аудармашылардың аузынан тастамаған. Атақты орыс аудармашы-синхронисі, «Культура» каналының жүргізушісі Дмитрий Петровтың әлемнің отызға тарта тілде еркін сөйлеуі кімді болмасын қызықтырары анық. Оның озық әдістемесі негізінде кез келген тілді небәрі 16 сабақта меңгеруге болатындығы «Гиннестің рекордтар» кітабына енгізілген. Осы ретте полиглот Дмитрий Петровтың қазақ тілін осы аралықта меңгеруге болады деген көзқарасы тілді үйренуге деген көпшіліктің қорқынышы мен күмәнін сейілтері анық.

Кез келген тілді меңгермес бұрын Дмитрий Петров нақтырақ айтқанда «Маған қаншалықты қажеті бар?» деген басты мәселе төңірегінде осы сұрақтың жауабын табу керек екендігі туралы нұсқау білдіріп кеңес береді. Кез келген тілді өз сенімінен тыс күштеп үйрету әрекетінен нәтиже шығаруға болмайды. Лингвистің айтуынша қазақ тілі өзінің септік категориясымен ерекше. Бұл деген тілдегі септік жалғауларының сан жағынан көптігі тілді меңгерем деушілердің үрейін туғызары хақ.

Дмитрий Петровтың айтуынша: «Я изучал книги, по которым преподают казахский язык. Обычно книги пишут академики, ученые, филологи, лингвисты, которые привыкли общаться с себе подобными. Они не думают, что их читает простой человек, который по жизни занимается своим делом. Если первая фраза в учебнике казахского языка будет такая: «Особенности семантически-морфологической концепции», то естественно, будет одно желание – закрыть книгу», – дейді лингвист.

Д.Петров өзі де академиялық ортадан шыққан тұлға болғандықтан, яғни, университет оқытушысы ретінде көптеген өзінің әріптестерінің әдістемелерін қабылдай алмайды. Ол өзінің тренингтері мен кітаптарында көбіне «good news» (жағымды жаңалықтар) принципін қолданады.

Сондай-ақ, Д.Петров: «Казахский язык «вызывает ужас» у многих людей благодаря мифам, которые существуют по его поводу. Например, в казахском – семь падежей, это кажется сразу сложным. А нужно ведь объяснять и говорить: «Зато предлогов нет. Вот такая хорошая новость», - деп түсіндіреді Дмитрий Петров.


Сол секілді лингвист тілді меңгеруге деген әртүрлі үрей тудыратын ойларды сейілтуге тырысып: «...что падежная система заменяет использование предлогов, в отличие от русского языка. В этом ее особенность и легкость», - дейді. Лингвист қазақ тіліндегі жағымды жаңалық ретінде кездесетін «мурской», «женский», «средний» родтардың және шет тіліндегі сияқты дұрыс емес етістіктердің қазақ тілінде жоқтығы тілді меңгеруше деген ойдың жағымды жаңалығы деп тілге тиек ете келе: «Человека нужно не пугать, а радовать», - деген.

Осылайша, қазақ тілін меңгеруге деген алғашқы қадам жасалды. Яғни, тілді меңгеруге деген күдік сейілді.

Полигот қазақ тілінің ортасына кіруге ниет білдіргендерге өзінің азаматтығына қарамастан қабылдауға кеңес берді.

Д.Петовтың 16 сабақ шеңберінде кез келген тілді оқып меңгеруге болады деген әдістемесін сүйенсек.

26-кесте. Аталған кесте негізінде қазақ тілін меңгерту ұсынылады

		РОССИЯ 		
		ВОПРОС	УТВЕРЖДЕНИЕ	ОТРИЦАНИЕ
WILL	I } LOVE ?	I } WILL LOVE	I } WILL NOT LOVE	Б У Д У Щ Е
	YOU } LOVE ?	YOU } WILL LOVE	YOU } WILL NOT LOVE	
	WE } LOVE ?	WE } WILL LOVE	WE } WILL NOT LOVE	
DO	HE } LOVE ?	HE } LOVE	HE } DON'T LOVE	Н А С Т О Я Щ Е
	SHE } LOVE ?	SHE } LOVES	SHE } DOESN'T LOVE	
	THEY } LOVE ?	THEY } LOVE	THEY } DOESN'T LOVE	
DOES	I } LOVE ?	I } LOVED	I } DID NOT LOVE	П Р О Ш Е Д Ш Е
	YOU } LOVE ?	YOU } LOVED	YOU } DID NOT LOVE	
	WE } LOVE ?	WE } LOVED	WE } DID NOT LOVE	
DID	HE } LOVE ?	HE } LOVED	HE } DID NOT LOVE	
	SHE } LOVE ?	SHE } LOVED	SHE } DID NOT LOVE	
	THEY } LOVE ?	THEY } LOVED	THEY } DID NOT LOVE	

Етістіктердің шақ категориясын оқытуда пайдалану.

Д.Петров технологиясы бойынша қазақ тілін аудармасыз оқыту әдістемесі

Сұрақ қою		<i>ма? ме? ба? бе? па? пе</i>		Сендіру		Жоққа шығару ма, ме +й			Жоқ, емес			Шақ катего риясы			
Мен Сен +Сіз Ол	(а, е, й) }.....+e +{	- <i>мын,- мін</i> -сың,- сің -сыз,- сіз -ды, - ді	ма? ме? ба? бе? па? пе?	Мен Сен Сіз Ол	(а, е, й) }.....+ e+{	- <i>мын,-мін</i> -сың,- сің -сыз, -сіз} -ды, - ді	Ме н Сен Сіз Ол	}...+(м а, ме)+	(а, е, й) {	- <i>мын,мін-</i> - сың, - сің -сыз, -сіз -ды, - ді		Келер шақ			
Мен Сен Сіз Ол	}..+іп+(ып){	(отыр, тұр, жатыр жүр)	<i>мын,- мін</i> сың, - сің -сыз, - сіз}	ма?м е? ба? бе? па? пе?	Мен Сен Сіз Ол	}..+іп+ (ып){	(от ыр, тұр, жат ыр жүр)	<i>мын, мін</i> сың, сің сыз,с із}	Ме н Сен Сіз Ол	}..(ып) +іп+{	(отыр жаты р тұр жүр)	ған, ген, қан кен	}+ <i>жо</i> қ{-	пын пін сың, сің сыз, сіз	Осы шақ
Мен Сен Сіз.... ңіз} Ол	}(ды, ді, ты, ті+{	- <i>м</i> -ң, -ңыз, -	ма?м е? ба? бе? па? пе?	Мен Сен Сіз... . ңіз} Ол	}(ды, ді, ты, ті+{	- <i>м</i> -ң, -ңыз, -	Ме н Сен Сіз Ол}ған, ген, қан, кен{		жоқ	пын пін сың, сің сыз, сіз		Өткен шақ		

Д.Петров әдістемесі бойынша қазақ тілін аудармасыз оқыту әдістемесі

Қолданатын тапсырмалар	
1-сабақ	Автордың пайымдауы бойынша бір аптаның көлемінде тілді меңгеру жеткілікті дейді. Ол үшін біріншіден мотивация, ниет пен түрткі қажет. Көптеген адамдар қазақ тілінде бірнеше сөздер тізбегін білгенмен, одан сөйлем құрап өз ойын жинақтап айтуға қиналатындар да бар. Бұл курсың ерекшелігі айлап, жылдап созылмайды. Оқытудың көп бөлігі үйге тапсырма беріп, өз бетінше жұмыстар жасауға бағытталған. Қатысушылардан сұралатыны күніне 5-10 минут белгілі жаттығуды қайталауды талап етеді. Оны автор әр сабақтың соңында беріп отырады. Сөйлеудің 90%-ы 300 сөзбен қатысты айтылады екен. Автор бірінші сабақта Love (любить), жақсы көру етістігіне қатысты жұмыстар жүргізеді. Аталған етістікке қатысты шақ пен жақ категорияларын қолданылады. Осы ретте тыңдаушылар белгіленген ереже бойынша тілді меңгеруге машықтанады.
2-сабақ	Екінші сабақта автор есімдіктерді пайдаланып аудармасыз оқыту методикасын ұсынады. Бұл жерде «мен», «сен», «сіз», «ол», «біз», «сендер», «сіздер», «олар» есімдіктері «кім?» «кімдікі» деген сұрақтарға жауап беру арқылы сөйлету әдістемесі жүзеге асырылады.
3-сабақ	Үшінші сабақта өткен екі сабақта өтілген материалдар қайталауы. «Не?» «Қандай?» «Кім?» «Қайда?» «Қашан?» «Не үшін?» «Неге?» «Қалай?» деген сұрақтарға жауап беру бойынша сабақ пысықталады.
4-сабақ	Төртінші сабақта схема бойынша өзіңіз жайлы айтуға дағдыланыңыз деген тапсырма беріледі де жаңа сөздер қайталау арқылы жадында сақтауға тырысады. Сабақта бірінші сабақта өтілген схема қайталанып, осы шақ, келер шақ, өткен шақ материалдары пысықталып айтылады.
5-сабақ	Бесінші сабақта өткен сабақтарды қайталатып, еске түсіру арқылы: «кім?» «Кімді?» «Кімге?» «Кімдікі?» сұрақтарына жауап беруді дағдыландырылады. Схеманы қайталату арқылы автоматты түрге жеткізу. Тілді үйреткен кезде ассоциация арқылы есте сақтату, кеңістікті сезіну, комфортты сезіну, білуден ләззат алу секілді психологиялық жұмыстар да жүргізіледі. Рай категориясын меңгерту арқылы: Қандай? деген сұрақтарға жауап бергізе отырып сұрақтарға жауап қайтарылады. Аталған схеманы автоматты жаттатқанша меңгерту керек
6-сабақ	Алтыншы сабақта бірінші сабақта өтілген схема бойынша сөйлетуге тырысамыз. Қосымша схема бойынша жаңа сөздер қосылып сол сөздерді пайдалану арқылы тыңдаушылар өз ойларын айтуға тырысады.
7-сабақ	Жетінші сабақта бірінші сабақта өткен материалдарды қайталап, үстеулерді меңгертеміз. Үстеулерге қатысты сөйлемдер құрастырып, диалог құрастырамыз.
8-сабақ	Сегізінші сабақта «кейін», «дейін», «маңында», «жанында», «қасында» секілді көмекші сөздер мен шылаулар қосылып сабақ пысықталады. Бірінші сабақта аталған схема негізінде сөйлету және жазба жұмыстары жүргізіледі.
9-сабақ	Тоғызыншы сабақта «апта күндерінің», «ай аттары» мен «тәулік мерзімдері», «жыл мезгілдері», «демалыс және жұмыс күндері» мен қатар «сандар мен санау» қосылады. Бірінші сабақта өткен тапсырма тағы да пысықталып қайталауы.

10-сабақ	Оныншы сабақта «ризашылық білдіру» сөздері мен сөз тіркестері қолданылып сөйлету жұмыстары жүргізіледі. Бірінші сабақта негізге алынған материал қайталанып, еркін сөйлеуге, ойын еркін жеткізу жұмыстары жүргізіледі.
11-сабақ	Он бірінші сабақта грамматикалық құрылымдар беріледі. Тілдесім жүргізіліп бірінші сабақтағы материалдар қайталады. Қажетті етістіктерді пайдалана отырып сөйлетуге, ойларын айқызуға тырыстырады.
12-сабақ	Он екінші сабақта тілдің лексикалық тылықтырулары жүргізіледі. Жаңа сөздерді пайдаланып тыңдаушылар өз ойларын айтуға, жеткізуге тырысады. Бірінші сабақтағы кесте бойынша жұмыстар жүргізіледі. Пайдалы сөздер мен сөз тіркестерін есте сақтауға арналған жұмыстар мен пысықтау жаттығулары жасалады.
13-сабақ	Он үшінші сабақта бірінші сабақта өткен материалдарды қайталау арқылы көмекші сөздерді пайдалана отырып сөйлемдер құрастырамыз. Тыңдармандардың өз ойларын еркін айтқызуға дағдыландырамыз.
14-сабақ	Он төртінші сабақта телефон арқылы сөйлесу жаңа сөздер меңгеріледі. Бірінші сабақтағы сызба бойынша жұмыстар жүргізіледі. Себеп мәнді сөйлемдерді пайдалана отырып өз ойларын айттыруға дағдыландырады.
15-сабақ	Он бесінші сабақта есімдіктерді қолданып сөйлемдер қолданылады. Бірінші сабақта өткен материалдар қорытылып схема бойынша жұмыстар жүргізіледі.
16-сабақ	Он алтыншы сабақта қалау райын қолданып сөйлемдер құратылады. Демеулік шылауларды қоланып сөйлемдер құрасытырылып, оған жауаптар беріледі.

Негізгі құпия қандай?

Неліктен кейбір адамдар тілдік білім деңгейін біртұтас деңгейде көтере алмайды. Сөз тіркесі мен сөздіктерде қазақ тіліне аудару қиынға соғады?

«Оқу тілдері – 50% таза психология және 50% таза математика» екендігін Петров дәлелдеуге тырысады. Жаңа нәрсені үйренуді бастағанда, ағзаның табиғи реакциясы жиі кездеседі, біз өз ойларымызды білдіре алмасақ, дем алуымыз қиын болады дейді автор. Бұл адамның жеңуге үйрену керек блоктары, – деді Дмитрий Петров, әр тілдің өзіндік түсі мен иісі болады, сондықтан ол бұлшықет органы туралы емес, – деп жауап беремін.

Тырнақтарды түзетіңіз

Оқырман Петровтың бір оқуын немесе тек оқу кітабының сиқырлы таяқ емес екенін және «Интурузияны» жасамайтынын ескертеді.

16 сағаттық курс – бұл негізгі деңгей, ол оны 14 күн бойы қалыптастырып меңгерту қиын емес.

Қазақ тілін оқып үйрену үшін автор әлі күнге дейін кітапты шығармады. Дегенмен, оның телевизиялық аналогы YouTube-да оңай табылуы мүмкін – орыс тілінен «TilasharentER» шындық шоуы бірнеше жыл бұрын желіге келді.

«Менің үлкен өкінішіміме байланысты, мектепте оқыған көптеген адамдар тіл мен білімге деген сүйіспеншілікке ие емес, керісінше бас тартады». Ақыр соңында, біз емтиханды беске дейін алу үшін тілдерді үйретпейміз, бірақ еркіндік пен қарым-қатынастың рахатына бөленеді. «Дәлелдеуді қиындатып, күш-жігер жұмсау керек, содан кейін бәрі шығады», - дейді Дмитрий.

Lyrical digression «Өзіңе сеніңіз», – әлеуметтік желілерді, дүйсенбіден бастап сейсенбіден бастап ештеңе істей алмай-ақ, қазір адамға қол жеткізуге тырысады. Ризашылығымызды көтеру үшін, біз жаңа елдердің тілін үйренудің әдемі әлеміне жиі бойлап келеміз, яғни, біз «спричен зей дотч» немесе «сөйлеу тілі» дегенімізді қалайша көрсетеміз.

Екі аптадан кейін қазақ тілін қалай үйренуге болады? Дмитрий Петровтың сөздерін қорытындылай келе,

➤ Біріншіден, адамға психологиялық блоктардан құтылу қажет. «Бұл тыныс алу жаттығуларына немесе йогаға көмектеседі», – деді Дмитрий Петров.

➤ Екіншіден, қазақ тілін қандай мақсатпен меңгеруді алдыңызға қойдыңыз?

➤ Үшіншіден, тілді жүрегіңмен жақсы көру керек.

➤ Төртіншіден, тілдердің күрделілігі туралы ойдан шығарылған аңыздардан арылған қажет.

➤ Бесіншіден, екі апта бойы қазақ тілін толық меңгеріп кетем дуді күтпеу керек.

Білім алушы тек білімнің негізгі қабатын қабылдау үшін 14 күн қажет. Өзге тілдердің бәрін біл, өз тіліңді құрметте. Меңгерілмеген материалды екі аптадан кейін қайталап көру ұсынылады.

Кез келген тілді соншалықты жетік білмесек те, 16-сабақ көлемінде кез келген тілде сөйлеуге, түсінуге мүмкіндік алуға болады деген ойды бірнеше полиглот ғалымдар тілге тиек етіп кеткен. Мәселен, ғалым Дмитрий Петровтың әдістемесін басшылыққа алсақ, ол кез келген тілді түсінбестен, ол тілмен таныс болмастан, сол тілді 16-сабақта меңгеріп шығуға болады дейді. Бұдан да басқа ғалымдар осындай пайымдауларға тоқтаған.

Бүгінгі таңда тілді білу мәртебе емес, ол өмір талабына айналып отырғаны мәлім. Сол секілді Д.Петров кез келген адам полиглот бола алады деген тұжырымға тоқтаған.

Осы ретте бұл қандай әдіс деген ойға келуіміз мүмкін. Бұл жерде біріншіден, жағымды атмосфера орнатқан жөн. Яғни, тілі үйренем деушілердің, тілді үйренуге деген құштарлығын қалыптастыру керек. Әрине меңгергелі отырған тілді үйренушінің бойында үрей, қорқыныш сынды сезімдермен қатар өздерін толыққанды сезінуден аулақ болатын сезімдері ұялауы мәлім. Сондықтан бұндай комплекстен арылып, тілді үйренуге деген позитивтік көзқарас туындату бұл алғашқы қадамдардың бірі болып саналады. Тілді үйренуден қорқақтаудың қажеті жоқ. Керісінше үйренгелі, меңгергелі отырған тілге деген құрметпен қарап, сол тілге деген сүйіспеншілікпен қараған жөн. Сонда ғана алыңызға қойылған тілді үйренем деген мақсатқа жету жолдары қысқармақ. Бұл біздің алымызға қойғалы отырған алғашқы принципіміз.

Екінші принцип, меңгергелі отырған тілде бірінші күнен бастап сөйлеуге тырысу керек.

Тілді үйренушіге деген жеке көзқарас пен бірлесе жұмыс жасау бұл біздің алымызға қойған негізгі мақсаттарымыздың бір болып саналады.

Қазақ тілін (B1, B2 деңгейінде) ұйқас сөздер және деңгейлік тапсырмалар арқылы меңгерту әдістемесі

B1, B2 деңгейінде Қазақ тілін оқыту әдістемесінде «Қазақ тілін ұйқас сөздер арқылы оқыту» әдістемесін қолданған тиімді. Жалпы ұйқас сөздерді жаттау сөздік қорды молайтудың бір жолы. Жеке сөздердің белгілі бір мөлшерін жаттап алмай тұрып, үйрену мүмкін емесекендігі белгілі. Тіл үйрену әдістемесінде сөздік қорды толықтырудың бірнеше жолдары бар: тақырыптық топтарға бөлу арқылы сөз жаттау, мәтіндегі түсініксіз сөздерді жаттау, орысша - қазақша ұйқас сөздерді жаттау және т.б. осылардың ішінде ең жеңілі – ұйқас сөздер. Жатталуы оңай әрі тез, көп күш жұмсамайды әрі қазақты. Сондықтан ұйқас сөздерді өтіп жатқан сабақ ортасында сергітпе тәсіл ретінде қолданған тиімді. Оны тіл үйрену кезінде балаларға ғана емес, ересектерге де пайдалануға болады.

А.Ильясованың «Орысша-қазақша ұйқас сөздер» [20] атты қазақ тілін үйренушілерге арналған сергітпе көмекші құралында автор ұйқас сөздерді меңгертуді жеті топқа бөліп қарастырған. Осы ретте автор: «Тыңдаушы ұйқас сөздерді жаттай отырып, өздерінің грамматикалық білімдерін де жетілдіруге мүмкіндік алады. Өйткені ондағы ұйқас сөздер грамматикалық мағынасына қарай сөз таптарына топтастырылған. Онда қазақ тілінің зат есім, сын есім, сан есім, етістік, үстеу, шылау атты сөз таптарына қатысты ұйқастарға құрастырылған», - дейді.

Тіл – жүйе, тіл – құрылым. Әсіресе ақпаратты жүйелі түрде қабылдауға үйренген ересектерді өзге тілге үйреткен кезде, тіл жүйесіне сүйеніп отырған жөн. Жүйеленген білім оңай сіңеді және ұмытылмайды. Зат есімнің бірнеше тақырыптық топтарға бөліп берілуі үйренушілердің оқу материалдарын жүйелі қабылдауына мүмкіндік береді.

Ұйқас ішіндегі белгіленген бір сөзге қай сөз табына жататындығы, морфемалық құрамы және сипаты жөнінде лингвистикалық талдау жасалынған. Бұның тіл үйренуші үшін берері мол. Олар ұйқас сөздерді жаттаумен қоса оң жақтағы қарамен белгіленген мәліметке зер салу арқылы грамматикалық білімдерін де жетілдіріп отырады. Атап айтқанда тіл үйренуші бір сөз туралы бірнеше грамматикалық ақпарат ала алады. Сөздің морфологиялық құрамы, қай сөз табына жататындығы, мағыналық, тұлғалық түрлері, тақырыптық топтары.

Қазақ тілін аудармасыз меңгерту әдістемесінде қазақ тілін ұйқас сөздер арқылы меңгерту оңтайлы әдістердің бірегейі деп санауға болады. Ұйқас сөздер арқылы қазақ тілін оқытуды былайша саралауға болады.

Зат есімнен жасалған ұйқастар:

Адами қасиеттер, дүниетанымға байланысты ұйқастар:

Героизм – батырлық Смелость – батылдык Нищета – пақырлық Близость – жақындық Поэтичность – ақындық Мудрость – хакімдік Бабые дело – қатындык	Меценант – мият Стыд – ұят Копыто – тұяқ Вид - сияк
Ум-ақыл Посева –дақыл Бахил –бақыл Да -мақұл	Ласка-мейір Намерение –пейіл Прогулка – сейіл Память-зейіл және т.б.

Дене мүшелері атауларына қатысты ұйқастар:

Рука-қол Дорога-жол Избыток –мол Тот- сол Будь- бол Он- ол Поправляйся –тол Глянь –шол	Нога-аяқ Палка- таяқ Режко- саяқ Пожалел –аяп Поблизости –таяп Краска -бояқ
Сердце –жүрек Лопата-күрек Опора –тірек Особый –ерек Источник –дерек Нужно -керек	Лоб- маңдай Неба-таңдай Какой –қандай Такой-сондай Как скотина – малдай Как старик- шалдай Обманывай-алдай және т.б.

Туыстық атауларға байланысты ұйқастар:

Первенец- тұңғыш Терка-қырғыш Ломкий- сынғыш Ленейка –сызғыш Знающий –білгіш Вешалка - ілгіш	Дед –ата Благословление –бата Ребенок вне брака – шата Ошибка – қата (диал.) Ткань –мата Покоси –ота Старшая сестра -апа
Муж-күйеу Поддержка- сүйеу Кто-то –біреу Сдирать шкуру -іреу	Старик –қарт Договор –шарт Тяни –тарт Красный –нарт (ист.) және т.б.

Киім-кешек атауларына байланысты ұйқастар:

Брюки –шалбар Есть скотина – мал бар Деревья – талдар Старика –шалдар Дети – балдар (ауыз. сөйл. диалект)	Шапка-қалпақ Боязливый –жалтақ Грязь – салтақ Колючка – жантақ Ханский трон – хан тақ
---	---

Обманет –алдар Воин - сардар	Каждое сословие – әр тап Зарабатывай! – мал тап!
Платье –көйлек Бутылка – шөлмек Хобби –ермек Поделит -бөлмек	Трикотаж –тоқыма Не читай – оқыма Овод –оқыра Призывая - шақыра

Мамандық, кәсіп иелерінің атауларына байланысты ұйқастар:

Секретарь – хатшы Стража – сақшы Продай – сатшы Найди – тапшы Конник – атшы Постучи – қақшы Попробуй - татшы	Сотрудник – қызметкер Кандидат – үміткер Парни – жігіттер Кости –жіліктер Порезки –тіліктер Пиявки – сүліктер Узнай –біліп бер
Продовец – сатушы Лежащий – жатушы Стреляющий – атушы Ошибающийся – шатушы Утопающий - батушы	Работник – жұмыскер Преступник – қылмыскер Наездник – мініскер Гулящий – жүріскер Он – деловой (человек) – ол - іскер

Қоғамдық-саяси лексика ұйқастары:

Оборона –қорғаныс Употребление – қолданыс Былое дело – болған іс Обман – алданыс Обманное дело – жалған іс Задумье – толғаныс Битва – арпалыс Отпор – тойтарыс	Площадь – алаң Голый –жалаң Твой город – қалаң Водоросль – шалаң Детский балаң Беру алам Солома - сабан
Улица – көше Доля – есе Пияла –кесе Постели – төсе Сколько – неше Если покушает – жесе	Конкурс – бәйгі Известный – әйгі Горный – сайлы Удобный – жайлы Жирный – майлы Горе – қайғы және т.б.

Жан-жануарлар атауларына байланысты ұйқастар:

Лиса –түлкі Смех –күлкі Ежик – кірпі Спичка – шырпы Вид – тұрқы (Его) усы - мұрты	Волк – қасқыр Находчивый – тапқыр Твердый – қатқыл Будь осторожен – сақ тұр Рядом встать! – Сап қыл!
Медведь – аю Богатеть – баю Улизнуть – таю Развешивать – жаю Полоскать –шаю Наедать – тою	Заяц – қоян Мушкетер – ноян Очень сильный – жоян Сказь – баян Рак – шаян Известно – аян

Орнамент - ою	Проснись! – Оян! және т.б.
---------------	----------------------------

Табиғат құбылыстары, нысандары атауларына байланысты ұйқастар:

Дождь – жаңбыр Зажги – жандыр Жилистый –шандыр Лепешка – тандыр Водоросль – балдыр	Лед –мұз Соль –тұз Скала – құз Сто – жүз Мы – біз След – із Степь - тұз
Мороз – аяз Мелкий – таяз Чаю мало - шай аз Язь – қаяз Мало задумки – ой аз	Отгон – жайылым Отдача – қайырым Разница – айырым Сын богача – бай ұлым және т.б.

Тағам атауларына байланысты ұйқастар:

Мед – бал Родинка – қал Ложки – сал Скот – мал Аренда – жал Возьми - ал	Сметана –қаймақ Зона – аймақ Кривоногий – маймақ Брусочек – қайрақ Пристань – айлақ Жеребенок – тайлақ
Жир – май Месяц – ай Чай – шай Который –қай Богатый – бай Грязь - лай	Варенье – тосап Пара- қосақ Очаг –ошақ Освободившись – босап Это все! – Осы-ақ! және т.б.

Ай, апта, мезгіл, өлшем атауларына байланысты ұйқастар:

Пятница –жұма Сват – құда Потерпи – шыда Ну прямо – жүдә (диал.)	Месяц – ай Впадина – сай Масло- май Жеребенок – тай Лужа – лай Который – қай Простой – жай
Август –тамыз Жевачка – сағыз Настоящий – нағыз Заявление – арыз Слей - ағыз	Май – мамыр Корень – тамыр Тесто – қамыр Спокойствие – сабыр Могила – қабір Почет – қадір және т.б.

Өнер-білім, мәдениет саласындағы атауларға байланысты ұйқастар:

Знание – білім Кусочек – тілім Прорубь – жылым Сигарета – шылым	Крылья – қанат Категория – санат Требование – талап Неосторожно – ағат
--	---

Учение - ілім	Информация - ақпарат
Искусство – өнер	Учить – оқу
Угаснет – сөнер	Вязание – тоқу
Придет – келер	Клевать – шоқу
Поверит – сенер	Перейти – өту
Пояс - кемер	Ругать – жеку
	Добраться – жету және т.б.

Жеміс-жидек, көкөніс, өсімдік атауларына байланысты:

Смородина – қарақат	Перец – бұрыш
Рана – жарақат	Достаток – ырыс
Стихия – алапат	Правильно – дұрыс
Польза – шарапат	Доход – кіріс
Награда - марапат	Слизь - шырыш
Фрукт – жеміс	Цветок – гүл
Победа – жеңіс	Зола – күл
Ровный – тегіс	Деньги – пұл
Впадина – еңіс	Сделай – қыл
Осадок в душе - беріш	Сын - ұл және т.б.

Тұрмыстық заттар, бұйымдар және құрал-сайман атауларына қатысты ұйқастар:

Шторы – перде	Доска – тақта
Память – зерде	Вата – мақта
На земле – жерде	Побереги – сақта
Раскачай - тербе	Запакуй – қапта
	Затоптай
Петля –тұзақ	Попона – тоқым
Долго ұзақ	Крошка – қоқым
Лосуток – құрақ	Убоина – соғым
Цель – мұрат	Сожалей – опын және т.б.
Спроив – сұрап	
Но - бірақ	

Сын есімнен жасалған ұйқастар:

Аккуратный – ұқыпты	Активный – белсенді
Подталкивал – нұқыпты	Завтрашний – ертеңгі
Ждал – күтіпті	Народ верил – ел сенді
Закончился - бітіпті	Взвешано – өлшенді
	Придти бы – келсем-ді
Актуальный өзекті	Негодный – жарамсыз
Очередной – кезекті	Безвыходный – амалсыз
Сам прошел – өзі өтті	Безкрепости – қамалсыз
Зайчатый – көжеккі	Беззаботный – алаңсыз
Обрадовал – мәз етті	Не устойчивый – табансыз және т.б.

Сан есімнен жасалған ұйқастар:

Один – бір	Два – екі
Вид – түр	Ряд – реті
Грязный – кір	Нагруби – жекі

Стать – тұр Бей – ұр Просто - құр	Крепись – бекі Болтай - көкі
Три- үш Сила – күш Летай – ұш Птица – құс Грязь – күс Сон түс	Четыре – төрт Пожар – өрт Болезь – дерт Клятва – серт Возьми с собой – ерт және т.б.

Есімдіктерден жасалған ұйқастар:

Я – мен Недр – кен Чин – шен Ширина – ен Ты – сен Терпи – көн Десять - он	Вы – сіз Собери – тіз Осень – күз Сто – жүз Чужбина – түз Скала - құз
Она – ол Рука – қол Дорога – жол В избытке – мол Приплод – төл Сок – сөл Пустыня - шөл	Мы – біз Вырви – үз Вы – сіз Девочка – қыз След – із және т.б.

Етістіктен жасалған ұйқастар:

Видеть –көру Плести –өру Следовать –еру Давать –беру Лечение –дәру Парад –шеру Собирать -теру	Встреча –жолығу Нарастание – мольғу Полнеть –толығу Печалиться – торығу Умолять - жалыну
Болтать – көку Ругать –зеку Бранить – жеку Укрепиться – беку Добраться – жету Перейти - өту	Думай – ойла Играй – ойна В памяти –ойда Гравюра –ойма Склад –қойма және т.б.

Үстеуден жасалған ұйқастар:

Вчера – кеше Сколько – неше Пиала – кесе Умножаться – есе Если покушать - жесе	В этом году – биыл Собирись – жиыл Попроси – қиыл Замолчи – тыйыл Табун - үйір
Всегда – ылғи Уклон – ылди Передвигаясь – жылжи	Внутри – іште Не пей – ішпе Кусай – тісте

Улыбнись – жыми Прыгнув - ырғи Скользнув - сырғи	Делай – істе В обед – түсте Надави – күште (Кому-то) три – үште және т.б.
--	--

Шылаудан жасалған ұйқастар:

До – дейін После – кейін Прогулка – сейіл Намерение - пейіл	Около – жуық Холодно – суық Мочевой пузырь – қуық Унины – уық Родив - туып
До – бұрын Қоса – бұрым Обычай – ырым (Моя) тайна - сырым	Хуже –бетер Хватит – жетер Угроза – қатер Сахар – шекер және т.б.

В2 деңгейінде тілдерді оқытуда тыңдаушылардың сөздік қорын байытуға, көпшілі алдында сөйлей алуына, оқу және жазылым дағдыларын одан әрі тереңдетуге, сыни ойлауына ерекше назар аударылады. Оқытудың қазіргі заманғы жаңа технолоиясының бірі – қазақ тілін деңгейлік тапсырмалар арқылы оқыту. Деңгейге бөліп оқыту кезінде білім алушытердің теориялық дайындығын, оқуға деген ынтасын, дара қасиетін ескеру қажет. Тиімді нәтижеге жету үшін білім алушытің білімі мен деңгейіне байланысты тақырыптар қамтылуы қажет. Деңгейлік тапсырмалар ауқымы өте кең. Деңгейлік тапсырмалар құрамы тыңдалым, оқылым мәтіндері, қызықты грамматика, эссе жазу, іскерлік ойындар, трениентер, коучингтер т.б. жүйесін қамтиды.

Деңгейлеп оқыту білім алушыларға қойылатын талаптардың әртүрлілігі арқылы жүзеге асады. Деңгейлеп оқыту әр білім алушының өз мүмкіндіктерін барынша пайдалана отырып, білім алуына жағдай жасайды әрі мүмкінді береді. Деңгейлеп оқыту белгілі бір тақырыпқа бағытталады.

Сабақ барысында оқылым, жазылым мәтіндерімен қатап тыңдалым, сыни ойлау тапсырмалары да беріледі. «Тыңдалымда» білім алушытер аудиоүнтаспаны мұқият тыңдап алдарындағы тест тапсырмаларына жауап береді. Бұл деген тілді жылдам меңгеруге өз үлесін қосады деуге әбден болады.

«Жазылым» мәтінінен білім алушылар оқып отырып, сыни ойлауға бағытталған тапсырмалардың шешімдерін табуға өз септігін тигізеді.

«Топпен жұмыс» барысында білім алушылар бірін-бірі тыңдауға, сұрақ қоюға үйренеді. Топтық жұмыс арқылы ынтымақтастыққа баулимыз.

Топ мүшелерінің ынтымақтастығы мен белсенділігінің арқасында топ табысты нәтижеге қол жеткізеді, сондықтан да практикалық сабақтарда топпен жұмыс жасаған да орынды.

Топпен жұмыс жасағанда постер қорғауда білім алушыларға өздерінің білім – ғылымға құштарлығы қандай және ұлттық құндылықтарды қаншалықты құрметтейді деген сұрақтарға жауап беру ұсынылады.

«Жазылым» жұмысында «Ұлттық құндылық, салт–дәстүр, білім, ғылым» деген сөздерге ассоциациялар жазылып, сол сөздермен сөйлем немесе сөз тіркестерін құрастырады.

Рефлексия/Кері байланыс кезінде білім алушылар дәптерге алақандарының суретін салып, оны «Бес саусақ» әдісі бойынша толтырып, берілген сұрақтарға жауап жазады:

Ш (шынашақ) – ойлау үрдісі. Мен бүгін қандай білім мен тәжірибе жинақтадым?

Ш (шылдыр шүмек) – мақсаттың жақындығы. Мен бүгін не істедім және қандай нәтижеге жеттім?

О (ортаңғы) – көңіл-күй жағдайы. Бүгінгі көңіл-күйім қандай болды?

С (сұқ саусақ) – қолдау көмек. Мен бүгін топтастарыма қалай көмектесемін, немен қуанттым және қалай қолдадым?

Б (бас бармақ) – сергектік, физикалық қалып. Бүгін менің физикалық жағдайым қандай болды?

Сабақты қорытындылап айтар болсақ, біртұтас ұлт болып, ұлттық кодымызды сақтау үшін болашаққа қалай қадам басатынымыз, санамызды қалай өзгерту керектігі жайлы Елбасының мақаласында анық әрі дәл айтылған.

Білімді бәрінен де жоғары қоятын ұлт қана табысқа жететіндігін баса айтып кеткен. Осы келелі мәселелерді қозғау арқылы білім алушының сыни ойлау қабілетін дамыта отырып, қатысымға түсуге мүмкіндік береміз.

Коучинг әдісімен сабақ өткізуде өмірде белгілі бір мақсатқа, позитивті тұжырымдалған нәтижелерге жету ұйғарылады. Коучинг бүкіл мәселенің жалғыз да тиімді шешімі болмайды, дегенмен тілдерді оқытуда сол мәселелерді барынша тиімді шешуге орасан зор мүмкіндік беретін оқытудың жаңа технологиясы болып табылады.

Қорыта айтқанда, тілдерді В1, В2 деңгейінде ұйқас сөздер арқылы меңгертуде пайдалануға болатын оңтайлы әдістердің бірі. Себебі, аталған әдісті тілді меңгертуде пайдалану арқылы тыңдаушының тілдік қоры молайып, ой-өрісі дамымақ. Сол секілді ұйқас сөздер жылдам жатталатын болғандықтан, аталған әдістемені пайдалану өз нәтижесін береді деген ойдамын

Қазақ тілін тиімді интербелсенді әдістер арқылы (С1, С2 деңгейінде) оқыту әдістемесі

С1, С2 деңгейінде тілдерді оқытуда интербелсенді оқыту әдістерін қолданған тиімді.

Жалпы «ИНТЕРБЕЛСЕНДІ ОҚУ/ОҚЫТУ ДЕГЕНІМІЗ НЕ?»

Бүгінгі күннің ерекшеліктерінің, тіпті проблемаларының бірі ақпараттың *«ақылға сыймайтын шамадан тыс, игеруде адамның биологиялық мүмкіншіліктерінен артық»* мөлшерде дамуы. Сол себепті де оқу/оқыту қысқа мерзімде ақпараттың көлемді бөлігін тиімді түрде ұсынатын, сол ақпаратты жоғарғы деңгейде игерте алатын және практикада бекіте алатын әдістерді қолдануды талап етеді.

Бұл талап білім саласында тұлғалық дамуды оқудың/ оқытудың негізі ретінде қарастырады. Бұл ұстаным білімді игеру процесіне қатысушылардың (үйренуші мен үйретуші) бұрнағы авторитарлы-коммуникативтік қарым-қатынасын гуманитарлы-коммуникативтік қарым-қатынасқа өзгертіп отыр. Егер кешегі күні таным процесін біз «білім беру», «оқыту», «үйрету» деп түсінсек, бүгін бізге бұл түсініктерді «білім алу/игеру», «оқу», «үйрену» деп өзгерту керек.

Дәстүрлі «білім беру» өз мақсаты мен мағынасын нақты белгіленген (мемлекеттік стандарттарда көрсетілген пәндер мен сабақтардың аумағында) білім жиынтығын игерумен шектейді. Ал инновациялық көзқарас оқу/үйренудің негізін тек пәндер емей, ойлау мен рефлексияға негізделген интербелсенді әдістер құрауы керек деп түсінеді. Интербелсенді әдістер педагогикалық тәсілдердің өзгеруіне алып келіп, оқушылардың өздік және өзіндік дамуына, олардың өз мүмкіншіліктері мен ұстанған құндылықтарын түсінуге және бағалауға жетелейді.

Оқытуда авторитарлық пен үстемдікті, үйретушінің мызғымас беделін, монологті, күштеуді демократиялық коммуникациямен алмастыру қажет. Ол дегеніңіз оқуда/оқытуда интербелсенді әдістер мен технологияларды қолдану арқылы іскерлік ынтымақтастық қарым-қатынастар орнату, жағымды психологиялық орта құрастыру, солар арқылы үйренушілер өз біліміне деген жауапкершілікті нығайтады.

Интербелсенді (интерактивті) оқу/оқыту бірінші мезетте білім игеру процесіне қатысушылардың тиімді қарым-қатынасына негізделеді. Ағылшын тілінен келген «*интерактив*» сөзі де осы ұғымды білдіреді: «*inter*» дегеніміз «өзара» мағынасында, ал «*act*» - «*әрекет жасау*» дегенді білдіреді.

Басқаша айтқанда, «интербелсенді» дегеніміз біреумен қоян-қолтық қарым-қатынаста болу, онымен бірлесе әрекет жасау, диалог құру.

«Интербелсенді» дегеніміз диалог арқылы үйрену/үйрету, яғни «үйретуші – үйренуші», «үйренуші – үйренуші», «үйренуші – өзімен өзі» форматтарында жасаған қарым-қатынас («әңгіме», «сұхбат», «бірлескен әрекеттер»).

Интербелсенді оқу/оқыту білім игеру процесін келесідей ұйымдастыруға ынталы: барлық үйренушілерге бірлескен таным процесіне белсенді араласуға мүмкіндік жасау; әрбір үйренушінің өзінің үйренгені мен өз білімі туралы түсініктерін ортаға салып, бірлесе талқылап, олар туралы ой толғауына мүмкіндік жасау.

Сонымен интербелсенді оқу/оқыту бірлесе үйрену идеяларын ұстанады. Бірлесе үйренуде әрбір үйренуші танымның (оқу, үйренудің) ортақ мағынасына және аяққы нәтижесіне өз үлесін қосып, басқалармен өзінің білгенімен, идеяларымен, ойларымен алмасады, тиімді нәтижеге (білімге) қандай бірлескен үйрену/оқу әрекеттері арқылы жете алатындығын анықтайды.

Мұндай қарым-қатынастағы бірлескен әрекеттер бірін-бірі жақтыру, өзара сыйласымдық пен қолдау атмосферасында өтіп, тек қана жаңа білім игеруге жағдай жасап қана қоймай, сонымен бірге таным процесін өзара

ынтымақтастық пен бірлесу деңгейлеріне көтереді, яғни қарым-қатынас пен оның негізгі нысаны диалогті танымның басты құндылығына айналдырады.

Интербелсенді оқу/оқыту диалогтік қатынасқа негізделеді, ал диалог өз кезегінде өзара түсіністікке, бірлескен әрекеттерге, таным процесінде туындаған мәселелер мен проблемаларды бірлесе шешуге алып келеді.

Интербелсенді оқуда/үйренуде білім алушылар келесідей білім, білік, дағды, құзырлық, машықтарға:

- *терең ойлануға;*
- *ақпаратты өздігімен түсініп, оны таразылап, екшеп, оның ішінен керектісін таңдап алуға;*
- *ақпаратты жан-жақты талдауға;*
- *өздігімен жаңа түсінік пен білім құрастыруға;*
- *пікірталастарға қатысып, өз ойы мен пікірін дәлелдеуге;*
- *басқа да балама пікірлерді ескеруге;*
- *шешім қабылдауға, қиын мәселелерді шешуге;*
- *жауапкершілікке (өз біліміне, өміріне);*
- *басқалармен тиімді қарым-қатынас құруға үйренеді.*

Интербелсенді оқу/оқыту келесі жұмыс түрлері мен әрекеттер арқылы: *бірлескен жұмыстар (жұптық, топтық, бүкіл аудиторияның),*

- *жеке және бірлескен ізденіс,*
- *зерттеу жұмыстары,*
- *ситуативтік және рөлдік ойындар,*
- *ақпараттың әртүрлі көздерімен жұмыс жасау (кітап, лекция, интернет, құжаттар, мұражай, басқа адамдар: мамандар, т.б.),*
- *шығармашылық жұмыстар, т.б. жүзеге асырылады*

Өз кезегінде бірлескен жұмыс әдістері өзін-өзі мен басқа адамдарды танудың құралы болып, олар дүниетаным қалыптастырып, тұлғаның өзіндік дамуы мен басқалардың іс-әрекеттері мен олардың себептерін түсінуге ықпал жасайды.

27-кесте. Интербелсенді оқу/оқытудың негізгі қағидалары мен мақсаттары

Қағидалар	Мақсаттар
<i>Орта қалыптастыру</i>	<i>Білім алушы оқып/үйренуде өз әрекеттерінің жемісті екендігін сезінетін жағдайлар жасау; Үйренушілер арасында ашық, еркін, шығармашылық қарым-қатынас орнату; Үйренушілерге білімді дайын күйде бермей, оны ізденуге бағыт-бағдар сілтеу.</i>
<i>Бірлескен әрекеттер арқылы үйрету/үйрену</i>	<i>Үйренушілерге білімнің өзіндік әрекеттер арқылы ғана тиімді түрде меңгерілетіндігін дәлелдеу; Үйренушілерді белсенді әрекеттерге баулып, олардың білім игеру әрекеттерін ұйымдастыру.</i>

Өмірмен байланыстыру	- <i>Үйрету/үйренуді практикалық әрекеттерге негіздеу, пән мен тақырыпты күнделікті өмірде туындайтын проблемаларды шешу деп қарастыру.</i>
Өзінділік пен дербестікке баулу	<p><i>Үйренушілердің дайын жауаптарын қанағат тұтпай, оларды ой-толғаныс арқылы өзіндік пікір құрастыруға, проблема шешуде өзіндік тұрғыдан жауап табуға ынталандыру (егер шәкірт жауап бере алмаса, дұрыс жауапты өзі беруге асықпай, оны басқа үйренушілердің табуына ықпал жасау);</i></p> <p><i>Үйренушілерде сыни және аналитикалық ойлау дағдыларын қалыптастыру (күмәндану, ақпараттан әртүрлі мағынаны көре білу, өзіндік түсінікке ұмтылу, дәлелдеме келтіру).</i></p>

C1, C2 деңгейінде тілдерді тиімді интербелсенді әдістер арқылы оқыту әдістемесінде интербелсенді оқуды ұйымдастыру ережелеріне тоқталсақ.

Бірінші ереже. Аудиторияны жұмысқа дайындау.

Аудитория (сынып бөлмесі, кабинет) үйренушілердің еркін түрде жұмыс жасауына қолайлы болуы керек. Мәселен, әр сабақта үйренушілер шағын топтар құрамын сан рет өзгертуі ықтимал, сол себепті де парталар мен үстелдер олардың емін-еркін қозғалуына кедергі болмауы қажет. Парталарды қоюдың да көптеген тәсілдері бар. Ең бастысы үйренушілердің бір мезгілде сабақ жүргізушіні көре отырып, топ ішіндегі жұмысқа белсене араласуға мүмкіндік алуы керек. Тиімді жұмыс жасау үшін аудиторияда тақта (оған қоса жылжымалы немесе интерактивті тақталар болса тіпті жақсы), қол астында бор, қағаз (А-1 және А-4 форматтардағы), маркерлер болғаны дұрыс.

Екінші ереже. Топқа бөлу.

Әр сабақта үйренушілерді шағын топтарға бөліп, сол арқылы олардың бірлесе жұмыс жасауына қолайлы жағдай жасау керек. Шәкірттерді шағын топтарға 4 адамнан бөлген тиімді. Олардың партаны жағалай бір-біріне бет қаратып отырғаны дұрыс. Топқа бөлу әдетте кездейсоқ түрде жасалынады. Алайда жыл бойы бір шәкірт басқалармен барлық сабақтарда топ құрамында жұмыс жасап шығуы керек. Мұндағы басты мақсат – үйренушілердің бір-бірімен тиімді қарым-қатынас құрып, ортақ тіл таба білуіне ықпал жасау. Топқа бөлуді әрекетке негіздеп, қызықты қылып өткізген жөн.

Үшінші ереже. Мақсаттарды және күтілетін нәтижелерді айқындау.

Әр сабақтың басында қарастырылатын тақырып бойынша ұстаз өз тұрғысынан сабақтың мақсаттарын айқындап, үйренушілерден қандай білім, білік, дағды, әрекеттер күтетіндігін жеткізеді. Сонан соң үйренушілердің өздері де сабақтан нендей нәтиже күтетіндерін құрастыруды талап еткен орынды. Бұл әрекет әр үйренушіде өзінің сабаққа тікелей қатысы бар екендігі туралы ойды нақтылап, оларды «Сабақта мен қандай білім ала аламын? Ол үшін мен қандай жұмыс пен әрекеттер атқаруым керек?» деген сұрақтар төңірегінде ой-толғаныс жасауға шақырады.

Төртінші ереже. Жұмыс ережелерін қабылдау.

Сабақ басында жұмыс ережелерін қабылдап, оларды әрі қарай қатаң ұстану үйренушілерді тәртіпке шақырып, тиімді әрі үнемді түрде жұмыс жасауға қолайлы. Ол үшін әрбір шағын топ бұл мәселені 1-2 минут талқылап

алғаннан кейін, олардың ұсыныстарын көлемді параққа (флип-чарт, плакат) түрлі-түсті маркерлермен жазып, аудиторияның көрнекті жеріне іліп қоюға болады. Ұстаз тарапынан емес, өздері құрастырып қабылдаған ережелерді үйренушілер мейлінше қадағалауға тырысады. Ережелер сан-алуан болуы мүмкін, мәселен, жұмыс регламенті, реті мен тәртібін анықтайтын, алайда олардың дені бірлескен жұмыста сыйласымды қарым-қатынас құруға бағытталғаны жөн. Мәселен,

- «Біреу сөйлегенде, оның сөзін бөлмейік!»,
- «Тұлғаның жеке басын сынамай, көзқарас пен пікірді сынайық!».
- «Кешікпейік!».
- «Қысқа да нұсқа сөйлейік!».
- «Уақытты үнемді әрі тиімді пайдаланайық!».
- «Берілген тақырыптан ауытқымайық!».
- «Біз үшін әрбір пікір құнды!».
- «Жекелей жұмыс жасағанда, бір-бірімізге бөгет жасамайық!».

Бесінші ереже. Сенім және жұмыс атмосферасын қалыптастыру.

Үйренушілерді психологиялық тұрғыдан интербелсенді оқуға дайындау қажет. Әдетте сабаққа келгендердің бәрі дерлік оқуға белсене араласып кетуге дайын емес, өйткені олардың өздерін ыңғайсыз, әрі дискомфортты сезінуі мүмкін. Мұның себептері де баршылық:

- өзіне көтеріңкі жауапкершілік жүктеуі және содан қаймығу,
- жүрексіну, оң нәтиженің шығуына күмәндану, жазалаудан немесе күлкі/мазаққа жығылудан қаймығу,
- еріншектік пен шаршағандық (мәселен, бірінші сабақта ұйқысын аша алмау немесе соңғы сабақта шаршау),
- назарын жинақтай алмау (мәселен, үзіліс кезіндегі оқиғалардың немесе алдыңғы сабақтың әсерінде болу).

Үйренушілердің сабақ барысында барлық шарттылықтардан арылып, ойлау аппаратын белсенділендіріп, жұмысқа толық ниеттеліп, қызу кірісіп кетуін бірінші мезетте ойсергектер арқылы жүзеге асыруға болады. Ойсергектер арқылы аудиториядағы үйренушілер өздерін жеңіл сезінеді, ашылады, әрқайсысы біртұтас ұжымның өкілі ретінде алда күтіп тұрған бірлескен күрделі жұмысты атқаруға дайындалады.

Ойсергектер келесі мазмұнда болуы мүмкін:

- Жағымды психологиялық сезім/көңіл қалыптастыратын әрекеттер.
- Логикалық ойлауға негізделген тапсырмалар (есептер, мәселелер, жұмбақтар).
- Көңіл көтеретін ойын түріндегі іс-әрекеттер.
- «Өзіңді таны» тақырыбындағы психологиялық тестер.

Алтыншы ереже. Барлық үйренушілер жұмысқа қатысуы керек.

Интербелсенді оқу аумағында өтетін сабақ мақсаттарының бірі бірлесе жұмыс жасау болғандықтан, әр қатысушының жұмысқа белсене қатысқандығы абзал. Үйренушілердің білім игеру жұмысының, оның ішінде әсіресе бірлескен жұмыс әрекеттерінің қызықты әрі тартымды екендігіне көздерін жеткізгені

дұрыс. Сол себепті де сабақтың басты тәсілі ретінде топтық жұмыстарды тану керек.

Жетінші ереже. Тыңдай білу: барлық пікірлер тыңдалуы керек.

Суырылып алға шығып сөйлегеннен гөрі, тыңдай білген қиын да шығар. Топтық талқылау кезінде барлық үйренушілердің өз пікірін келтіріп, басқалардың оны мұқият тыңдап, оның пікірін сыйлап, санасатын жағдай жасап отыру қажет. Барлық қатысушылардың пікірі тыңдалуы керек. Топтық бірлескен жұмыстан соң (талқылау, пікірлесу, ой қозғау, тапсырманы бірлесе орындау, т.б.) әр топқа өз пікірі мен көзқарасын жариялау мүмкіндігін беру керек. Ол үшін топ атынан бір үйренуші (сөйлеуші, шешен, спикер, капитан, т.б.) берілген уақыт ішінде өз ойлары мен ұйғарымдарын ортаға салады.

Сегізінші ереже. Жазбаша жұмыстар.

Үйренудің басты мақсаты – тұлғаның дамуы, оның ішінде әсіресе ойлау қабілеті мен шығармашылық дағдылардың өркендеуі. Ал жазу (жазба жұмыстары) – ойлаудың шырқау биігі. Жазуда үйренуші сонымен қатар «МЕН» тұрғысынан өзінің ішкі жан дүниесін ашып, оны асқақтата түседі. Сол себепті де әр сабақта жазу жұмыстарын жиі қолданып отырған орынды. Ал үйренушінің бүгінгі сабақта нендей және қандай дәрежеде білім алғанын, оның өсуі мен дамуын, яғни оның білімін бағалауды тек жазбаша жұмыстарды орындауынан ғана объективті түрде білуге болады. Жазу жұмыстары оқушы білімін бағалаудың дәлелді нысаны.

Тоғызыншы ереже. Кері байланыс.

Кері байланыс дегеніміз сабақтың соңында оның тиімділігі мен қандай дәрежеде өткендігі туралы үйренушілердің пікірлері.

Олар:

- «Сабақ қалай өтті: қызық болды ма?»»,
- «Сіз үшін сабақтың құнды жайттері қандай болды?»»,
- «Бүгін не нәрсеге үйрендіңіз (білдіңіз)?»»,
- «Бүгінгі үйренгеніңіз Сіз үшін болашақта қажет болады деп ойлайсыз ба?»»,

➤ «Осы тақырып бойынша тағы да не білгіңіз келеді (қандай ақпарат көздерін оқисыз)?»»,

➤ «Қандай сұрақтарыңыз бар?»»,

➤ «Сабақтың өту барысы бойынша қандай пікірлеріңіз/ұсыныстарыңыз бар?» деген сұрақтарды әдетте ауызша талқылағаннан кейін, оларға жазбаша жауап берумен жалғастырады (мәселен, «Шығу парақтары» тәсілі бойынша). Үйренушілердің пікірлері мен қойған сұрақтары оқытушы тарапынан ескеріліп, келесі сабақ соларға жауап берумен басталуы керек.

Кері байланыс ұстаз бен шәкірттердің арасында сенімге негізделген қарым-қатынас орнатуға бағытталады. Сонымен қатар ол өткен сабақты бағалау мен талдаудың, келесі сабақты жоспарлаудың тиімді түрі.

ИНТЕРБЕЛСЕНДІ ЛЕКЦИЯНЫҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАЛАРЫ

Интербелсенді лекцияда ақпарат дайын күйінде берілмейді.

Интербелсенді лекция үйренушінің қандай да бір тақырып немесе мәлімет бойынша бірлескен әрекеттер негізінде (топтық пікір алмасу, талқылау, пікірталас, ой қозғау және т.б.) білім алушыларға өзіндік пікір мен көзқарас қалыптастыруға бағытталады. Интербелсенді лекцияда негізгі қағида «беру», «үйрету» емей - «**ұсыну**» болады. Ұсынылған мәлімет бойынша білім алушылар бірлескен белсенді әрекеттер арқылы өздігімен жаңа білім құрастырады.

Интербелсенді лекция тақырыпты дамытуға, тереңдетуге бағытталады.

Дәстүрлі монолог түріндегі лекция «білім алушылардың қарастырылатын тақырып бойынша білімі мен деректері жоқ немесе жоқтың қасы» деген қағиданы ұстанады. Сол себепті де дәстүрлі лекция ақпараттың көп мөлшерін «беруге» мүдделі. Білім алушылар мұнда әдетте бәлсенді (пассив) әрекеттер атқарады: тыңдайды, көшіреді.

Интербелсенді лекцияның негізгі ұстанымы келесідей болады: «Білім алушылар қарастырылатын тақырып бойынша сабаққа дайындалып келген, олардың белгілі бір білімдері бар болғандықтан, лекцияда сол білімдерді дамыту және тереңдету керек».

Білім алушылар оқу бағдарламасында берілген ақпарат бойынша лекция тақырыбы мен негізгі мәселелерінің қандай екендігін, оған қандай әдебиет көздері арқылы дайындалуға болатындығын, ол бойынша қандай тапсырмалар берілгендігін жақсы біледі. Сол себепті де олар лекцияға шама-шарқынша дайындалып келеді. Ал лекция олардың білгеніне негізделіп, сол білімдерін өрбітуді мақсат тұтады.

Интербелсенді лекцияда материал басылған түрде (қағаз, электрондық тасуышта, слайд) беріледі.

Дәстүрлі лекцияда оқытушы ақпараттың негізгі көзі болғандықтан білім алушылар көбіне-көп оның айтқанын көшірумен айналысады.

Мұндай бәсенді (пассив) әрекеттер білім алушылардың лекция материалын терең меңгеруге жол бермейді: білім алушылар көп жағдайда өздерінің үйренуін лекция мәліметтерін есте сақтау, қайталау мен жаттау әрекеттерімен ғана шектейді.

Интербелсенді лекцияның мәтіні ауызша оқылмай, жазбаша үлестірмелі материал түрінде (немесе электрондық түрде) таратылып беріледі. Оқытушы лекцияны ауызша түрде білім алушылар тарапынан туындаған сұрақтарға жауап бергенде, лекция тақырыбын толықтырғанда ғана келтіруі мүмкін. Сол арқылы уақыт та үнемделіп, білім алушылар да оқу материалын өздік тұрғыдан игеру әрекеттеріне белсене араласады.

Интербелсенді лекция диалог түрінде өтеді. Қарым-қатынас келесі форматтарда өтуі мүмкін:

- *оқытушы – білім алушы/білім алушылар,*
- *білім алушы – білім алушы,*
- *білім алушы – тақырып,*

➤ *білім алушы – басқа пікір (зерттеуші, оқулық, т.б.).*

Интербелсенді лекцияда **ой қозғау мен өмірден алынған нақты ситуацияларды талқылау және шешу тәсілдерін** қолданған тиімді.

Интербелсенді лекцияда материал тұтастай емес, бөлшектеліп беріледі.

Дәстүрлі лекцияда оқытушы лекцияны ауызша оқып, білім алушылардан тыңдау немесе конспект жасау (көшіру) сияқты бөлсенді (пассив) әрекеттерді атқаруды талап етеді. Интербелсенді лекцияда әдетте мәтін бірнеше бөлімге (тиімді мөлшері 3-4 бөлік) бөлінеді. Қағазға басылып, үлестермелі материал түрінде таратылып берілген бөлімдерді оқу мен зерттеу барысында білім алушылар белсенді әрекеттер атқарады: олардың қатарына туындаған қиын мәселелер мен сұрақтарды келтіру, берілген мәлімет бойынша өз түсінігі мен пікірін қалыптастыру, лекцияның тұжырымдарын өзара талқылау, кесте толтыру, жоспар жасау, графиктер сызу, т.б. әрекеттер кіреді. Бұл белсенді әрекеттер жеке және бірлесе жұмыс жасау форматтарында өтеді.

Интербелсенді лекцияда **білім алушылардың бірлескен жұмысы қолданылады.**

Білім алушылардың белсенді әрекеттері бірлескен жағдайда өтуі керек: берілген тапсырмалар шағын топ немесе жұп қатарында орындалады. Білім алушылар лекцияның бір бөлімін оқып болған соң, жекекелей жұмыс жасап, сонан кейін жұптасып (немесе шағын топ құрамында) өз түсініктері мен туындаған ойларымен бөліседі: олардың жаңа білімі мен өзіндік пікірлері осындай ойталқы нәтижесінде пайда болады.

Интербелсенді лекцияда **жаңа білім білім алушылардың ой-толғанысы арқылы құралады.**

Лекцияда білім алушылар қарастырылған материал бойынша:

- *«Мен сабақта не үйрендім?»*,
- *«Бұл білім маған қандай пайда келтіреді?»*,
- *«Бұл білімді қалайша қолдануға болады?»*,
- *«Бұл білім маған не үшін керек?»*,
- *«Бұл білімді әрі қарай қалай дамытамын/жалғастырамын?»*,
- *«Тағы да не білгім келеді?»* деген сұрақтар ауқымында ойланып, өз жауаптарымен бір-бірімен бөліскені орынды. Осындай ой-толғаныс нәтижесінде білім алушы лекция материалы бойынша жаңа білім құрастырады.

С1, С2 деңгейінде тілдерді тиімді интербелсенді әдістер арқылы оқыту әдістемесінде интербелсенді лекцияда бағалау жазба жұмыстары арқылы жүзеге асырылады. Білім алушылардың сабақта қалайша жұмыс жасағандығын, оның материалды қандай деңгейде игергендігін білу мақсатында лекция аяғында жазба жұмыстарын (ауызша ой-толғаныс әрекеттерінен кейін) орындау керек.

Интербелсенді лекция **кері байланыспен аяқталады.**

Кері байланыс дегеніміз сабақтың соңында білім алушыларға бірнеше сұрақ қойып, олардың ойларын, қандай сұрақтары мен мұқтаждары бар

екендігін, өткен сабақ туралы пікірлері қандай екендігін анықтау. Бұл жауаптар алдағы сабақтарды жоспарлауда қолданып, келесі сабақты білім алушылардың пікірлері негізінде құрастыруға бағыттайды.

C1, C2 деңгейінде тілдерді тиімді интербелсенді әдістер арқылы оқыту әдістемесінде интербелсенді лекция құрылымының үлгісі.

I. «Проблеманы айқындау» кезеңі.

Оқытушы лекцияның мақсаттарын, негізгі идеяларын, сұрақтары мен түсініктерін нақты айқындап, оларды білім алушыларға ұсынады, сабақ соңында білім алушылардың лекцияны өз мақсаттарына жету тұрғысынан талдап, оны бағалайтындығын ескертеді.

Білім алушыларға тапсырма.

Лекция басында қарастырылатын тақырып (сұрақ, ақпарат) бойынша білім алушыларға қандай білімдері, ойлары мен пікірлері, игеруге қиындық туғызатын қандай проблемалары бар екендігін сұрақ қою немесе тапсырма беру арқылы анықтайды.

Жеке жұмыс.

Әр білім алушы *«Менде осы тақырып бойынша қандай білім, ойлар мен ұстанымдар бар? Қандай мәселелерді игеру мен үшін қиын болды?»* деген сұрақтар төңірегінде берілген уақыт ішінде (2 минуттан 6-ға дейін) жекелей ой қозғайды, ойларын дәптерлеріне жазып қояды.

Бұл жазбаларын білім алушы сабақ бойы толықтырады; сабақ соңында бастапқы жазғандарына қайта оралып, оларды қорытынды жазбасымен салыстырады, сол арқылы өз білімін қандай деңгейде жетілдіргендігін анықтайды, ой толғайды.

Топтық (немесе жұптық) жұмыс.

Шағын топ ішінде немесе жұптасып білім алушылар жазғандарымен бөліседі, білгендерін толықтырады, (сабақ мақсатына қарай 3-тен 10-минутқа дейін уақытта) проблемаларды анықтайды.

Бұл жерде басты мәселе білім алушының талқыланатын тақырып бойынша алдын ала (сабаққа дейін) өздігінен дайындалу, силлабуста көрсетілген тапсырмаларды орындау, ұсынылған әдебиетпен танысу жұмыстары қандай деңгейде болатындығы жөнінде.

Топтық жұмыста білім алушылар талқылау мен ой бөлісу арқылы білімдерін өрбітіп қана қоймай, қиындық туғызған проблемалардың тізімін анықтап, жазып қояды.

Жариялау. Оқытушы әрбір топтан бір білім алушының ауызша жауап беруін сұрайды. Жариялауда барлық топтардың жауаптары тыңдалғаны дұрыс, алайда уақыт тапшы жағдайда оқытушы бір топтың жауабымен шектеліп, басқалардан жауапты қысқаша толықтыруды немесе онымен келісетін/келіспейтіндігін ғана сұрауы мүмкін.

Қорытындылау.

Оқытушы тақтаны (немесе плакатты) екі бағанға бөліп, сол жағын *«Не білеміз?»*, ал оң жағын *«Қандай проблемалар бар?»* деп атап, білім алушылардың жауаптарын жазады.

Әрі қарай сабақта білім алушылар айқындаған проблемалар мен сұрақтар қарастырылады. Бұл жерде басты назарды маңызды және күрделі мәселелерге аударып, жекелеген проблемаларды білім алушылардың өздік жұмыстарында шешуге тапсыруға тұрарлық.

II. «Проблеманы шешу» кезеңі.

Сабақтың бұл кезеңінде оқытушы білім алушылардың топтарына өздері айқындаған және таңдап алған проблемалар бойынша лекция ұсынады. Қағазға басылған лекция мәтіні білім алушыларға таратылып беріліп, оның бөлімдер бойынша оқылатындығы ескертіледі.

Жеке жұмыс.

Лекцияның әр бөлімін оқығанда білім алушыларға белсенді амалдарды орындау тапсырылады. Бұл әрекеттер лекцияны көшіру немесе конспектілеу сияқты жұпыны емей, ойлану арқылы мәтінге өз қатысын айқындап (бұрыннан білетін, жаңадан білген, маңызды немесе түсінуде қиындық туғызатын жерлерін анықтау), өзінде туындаған сұрақтарды жазу, өз түсінігі мен комментарийлерін келтіру секілді күрделі мазмұнда болуы керек.

Топтық жұмыс.

Білім алушылар лекцияның әр бөлімін оқығаннан кейін, шағын топ ішінде (2-4 минут) өз ойларымен бөлісіп, білгендерін толықтыру жұмысымен айналысады.

III. «Проблема шешімін қолдану» кезеңі.

Сабақтың бұл кезеңінде оқытушы білім алушылардың өздерінің қандай білім алғандарын айқындап, өздерінің жаңа біліміне баға беру процесін ұйымдастырады, сабақтан кейін жаңа білімді өздігімен толықтыру мен жетілдіру ісімен қалайша айналысатындығы туралы ойларымен бөлісуге шақырады.

Топтық (немесе жұптық) талқылау.

Білім алушылар топ ішінде немесе жұп болып білгені мен үйренгенін тұжырымдайды, өзара пікір алмасады, олардың практикада қолданысын талқылайды (3-5 минут).

Кері байланыс (Жеке пікірлер).

Оқытушы талқылаудан кейін 1-2 білім алушы өз ойларын ауызша келтіруді сұрайды.

Бағалау.

Білім алушылардың сабақта қалайша жұмыс жасағандығын білу және олардың алған білімдерін анықтау мақсатында оқытушы оларға жекелей жазу жұмысын орындауды тапсырады. Оқытушы жазба жұмыстарын тексеру үшін жұмысты жинап алады немесе олардың портфолиода көрініс табу керектігін ескертеді.

Үй жұмысы/Өздік жұмыс.

Сабақта меңгерген жаңа білімдерін тереңдету мақсатында оқытушы білім алушыларға силлабуста келтірілген өздік жұмыс тапсырмаларын орындауды ескертіп, жұмыс нәтижелерін жазбаша түрде (мәселен, 3-5 беттік эссе немесе кесте, схема, график, жоспар, т.б. түрінде) келесі сабақта өткізуді тапсырады.

C1, C2 деңгейінде тілдерді тиімді интербелсенді әдістер арқылы оқыту әдістемесі интербелсенді лекцияның түрлері.

Проблемалық лекция. Проблемалық лекцияларда қарастырылып жатқан тақырып бойынша бір-біріне қарама-қарсы пікірлер мен көзқарастар немесе қалыптасқан түсінікке қайшы теориялар келтіріледі. Бұл жерде басты мақсат білім алушыны үйреншікті қалыптан шығарып, білім игеру процесін өзіндік тұрғыдан ұйымдастыру болып табылады: білім алушы келтірілген пікірлерді таңдау мен дәлел келтіру арқылы өзіндік түсінік қалыптастырады.

Проблемалық лекцияда басты назар күрделі теориялық мәселелерге аударылып, пікірталас тудыратын сұрақтар қойылады, олардың ішінен біреуін таңдауды талап етіліп, білім алушылардың өзіндік пікір қалыптастырылуына жол беріледі. Бұл әдіс білім алушыларды проблемалық сұраққа жауап іздеуге ынталандырып, зерттеу жұмысына баулиды. Мұндай ізденіс барысында білім алушылардың өздері де проблемалық (екіұшты, дәлелдеуді қажет ететін, пікірталас туғызатын, түсінікке қиын және т.б.) сұрақтарды қойып, оларға өздігімен жауап беру тұрғысынан ізденеді. Сол себепті де проблемалық лекция диалогке және зерттеу процесіне ұқсас.

Пікірталас лекциясы.

Лекцияның бұл түрінде күрделі немесе жан-жақты қарастырылмаған, әрі сан алуан шешімдері бар, білім алушы тарапынан көптеген сұрақтар туғыздыратын өзекті теориялық және практикалық проблемалар талқыланады. Пікірталас лекциясында оқу материалы жан-жақты талқыланып, түрлі позициялар тұрғысынан қарастырылады және бағаланады.

Мұндай пікірталасқа білім алушылардың барлығы дерлік араласады. Пікірталас лекциясында білім алушылар түрлі көзқарастар мен позицияларды салыстыру және талдау, оларды таңдау мен баға беру дағдыларын қалыптастырады. Олар ғылыми дискуссия жүргізу әдістемесімен танысып, өз ұстанымдарын қорғау және де қарсы жақтың пікірін сынау мақсатында дәлелдер келтіруді әрі оларды қолдануды үйренеді.

Лекцияда оқытушы күрделі әрі екіұшты мәселелер бойынша білім алушылардың пікірлері мен оларды айғақтайтын дәлелдерді келтіруді сұрайды. Бұл жерде оқытушы бір білім алушының жауабын тыңдағаннан кейін аудиторияға «Бұл ұстанымға қарсы/келіспейтін пікірлеріңіз бар ма?» деген сұрақ қойып, қарама-қарсы позицияларды анықтап алуы керек, өйткені бұлай жасамаған жағдайда пікірталастың әрі қарай болуы екіталай.

Білім алушылар орындарынан қысқа түрде өз көзқарастарын жақтайтын пікірлер келтіреді, қарсы жаққа сұрақтар қояды. Лекция мазмұны осы дәлелдерді өрбіту, дамыту, тереңдету бағытында өрбиді. Қысқа (2-3 минуттық) дискуссияның өзі оқу процесін жандандыра түседі, білім алушылардың белсенділігін арттырып, олардың сабақ тақырыбын терең игеруіне мол септігін тигізеді. Әрине, оқытушы бұл жерде білім алушылардың сұрақтарын лекция мақсатына сәйкес бағыттап отыруы керек, өйтпегенде пікірталастың жүйесіз, ретсіз сипат алуы да мүмкін.

Пікірталас лекциясына дайындық барысында оқытушы келесі мәселелерге жіті назар аударуы керек:

- пікірталас тудыратын негізгі мәселелер мен проблемаларды анықтау;
- пікірталас туғызатын сұрақтарды алдын ала дайындау;
- білім алушылардың ой-толғанысын тудыратын проблемаларды анықтау;
- пікірталасты жандандыратын мысалдар мен дәлелдерді дайындау.

Пікірталас лекциясының соңында оқытушы негізгі позициялардың артықшылықтары мен кемшін жерлеріне қысқаша тоқталып, пікірталасқа қорытынды жасайды. Әрине, мұнда мәселе «*Кім жеңді?*» сұрағы төңірегінде емес, тек «*Өз позицияңызды, ұстанымыңызды айқындай алдыңыз ба?*» жайында болуы керек.

Лекция-консультация.

Лекцияның бұл түрі конференция түрінде ұйымдастырылған лекцияға ұқсас. Консультацияның *талқылау, кеңесу, жәрдемдесу, кеңес беру* деген ұғымдарды білдіретіндігін ескерсек, лекция-консультация да осы мағына аумағында болады. Лекция-консультация білім алушыларға тек жаңа ақпарат пен проблема шешудің жолдарын ұсынып қана қоймай, сонымен бірге оларды игеруде туындаған мәселелер мен қиыншылықтар төңірегінде білім алушылардың жеке танымдық тәжірибесі тұрғысынан ұйымдастырылады. Лекция-консультацияда басты назар теориялық және практикалық тұрғыдан күрделі мәселелерге аударылады. Сол себепті мұндай сабақтарда тақырып жан-жақты және ауқымды түрде қарастырылмай, оның тек негізгі бөлімдері ғана талқыланады.

Білім алушы тарапынан қиын сұрақ туындағанда, оқытушының дұрыс жауап беруге асықпай, оны шешуге басқа да білім алушыларды қатыстырып, басқалардың тәжірибесімен танысқандығы жөн. Мәселе мұнда дұрыс жауапты дайын күйде бермей, білім алушыларды ізденіске ынталандырып, игі нәтижеге апаратын бағдарды меңзеп, жол сілтеуде. Сонымен қатар проблеманы шешудің жолдарын талқылағаннан кейін оқытушы білім алушыларды өздік жұмыс пен ізденіске бағыттап, оларға ақпарат көздерін (әдебиет, интернет, мақалалар, басылымдар, т.б.) ұсынады.

Лекция-консультация пікірталас ұйымдастырғанға да қолайлы. Білім алушылардың сан қилы идеялары мен мүдделерінің қарама-қайшылықтарын қақтығысқа келген соң, олардың жақындауы мен тоғысуы нәтижесінде жаңа көзқарастың пайда болуы ықтимал.

Лекция-конференция.

Конференцияны бір жақтың сұрақтар қойып, екінші тараптың жауап беруі деп түсінген жөн. Мұндай лекциялар білім алушыларды сұрақ қою білігін қалыптастыруға бағытталады. Әдетте семинар және практикалық сабақтарда білім алушылар оқытушы тарапынан қойылған сұрақтарға жауап берумен шектеледі. Алайда сұрақ қою – танымпроцесінің тиімді тәсілдерінің бірі, ол білім алушылардың оқу материалын игеру және оны практикалық тұрғыдан қолдана білу деңгейін көрсетеді.

Лекцияның бірінші бөлімінен кейін білім алушылар өздерінде пайда болған сұрақтарды жазып алып, кейінірек оларды оқытушыға қояды. Лекцияның келесі бөлімдері білім алушылардың сұрақтарына жауап беру форматында өтеді.

Сұрақ-жауап-пікірталас.

Оқытушы лекция алдында (мысалы, бір күн бұрын) алдын ала берілген тапсырмаға сәйкес білім алушылардың лекция тақырыбы бойынша жазбаша сұрақтарын жинап алып, лекцияның бастапқы бөлімдерін осы сұрақтарға жауап беру форматында жүргізеді. Лекцияның кейінгі бөлімдерінде оқытушы даулы мәселелер төңірегінде білім алушылардың пікірлерін сұрап, шағын пікірталастар ұйымдастырады. Лекцияның келесі бөлімінде оқытушы пікірталас кезінде туындаған сұрақтарға жауап береді. Лекция соңында оқытушы пікірталастың қорытындысын келтіреді.

Лекция - пресс-конференция.

Пресс-конференцияны өткізгенде сабаққа бір немесе бірнеше оқытушылар, не болмаса мамандар шақырылып, олар лекция тақырыбы бойынша білім алушылардың сұрақтарына жауап береді. Оқытушы мұндай лекцияда білім алушылар мен мамандардың арасында делдал болып, талқылау процесін ұйымдастырушы рөлдерін орындайды. Лекция соңында оқытушы қатысушылардың көзқарастары мен пікірлерін қорытындылайды.

Пресс-конференцияны өткізгенде рөлдік ойын элементтерін қолданған тиімді. Мәселен, мұнда білім алушылар сұрақ қойғанда белгілі баспасөз агенттіктері (Қазақпарат, Франс Пресс, CNN) немесе газеттердің («Егемен Қазақстан», «Жетісу», «Таймс») тілшілері рөлдерін орындауы мүмкін.

Сұрақ-жауап-талдау лекциясы.

Мұндай лекцияда оқытушы алдымен білім алушыларға тақырып бойынша өз сұрақтарын қояды: сұрақтар білім алушылардың қызығушылығын тудыру үшін проблемалы немесе даулы болуы керек. Аз уақыт талқылаудан кейін білім алушылар берілген сұрақтарға өз жауаптарын келтіреді. Осыдан кейін оқытушы білім алушылар жауаптарын талдап, туындаған қиын мәселелердің шешімін ұсынып, қателерді түзету жолдарына тоқталады.

Қатені түзету лекциясы.

Мұндай лекциялар білім алушыларды шұғыл түрде (уақыттың тапшылығы мен оқытушы тарапынан тікелей көмектің жоқтығын ескере отырып) талдау жасап, шешім қабылдауға және ақпаратты бағалауға бағыттайды. Оқытушы білім алушыларға сабақ тақырыбында әдейілеп қате жіберетіндігін ескертеді. Білім алушылардың міндеті – қатені тауып, оны түзетудің мүмкін жолдарын ұсыну.

Екі оқытушының лекциясы.

Бір тақырып бойынша лекцияны екі оқытушы оқиды/жүргізеді. Мұндай лекция екі оқытушының бір-бірімен және білім алушылармен жасалған диалог түрінде өтеді немесе пікірталас сипатын қабылдайды.

Семинар сабақтарында C1, C2 деңгейінде тілдерді тиімді интербелсенді әдістер арқылы оқыту әдістемесі.

Семинар сабағы тақырып бойынша оқу материалдарын игерудің қорытынды кезеңі болып саналады. Сол себепті де мұндай сабақта білім алушылардың өздік жұмысы қорытылып, бағаланады.

Лекция сабағымен салыстырғанда семинарда салмақ толығымен білім алушы жағына ауысады, білім алушы бұл сабақтарда негізгі рөл атқарады. Семинар сабағында білім алушылар теориялық мәселелерді тереңінен қарастырып, оларды практикада қолдану дағдыларын қалыптастырады. Білім алушылар талқыланатын проблеманы *түсіндіру, талқылау, талдау және бағалау* әрекеттері арқылы өз пікірлерін, ұстанымдары мен позициясын келтіреді: семинар сабағын топтық талқылау мен пікірталас арқылы ұйымдастырған тиімді.

Семинар сабағының тағы да бір ерекшелігі келесідей: әр білім алушы қарастырылатын мәселелерді талқылауға тең құқылы және белсенді түрде қатыса алады. Ал оқытушы мұнда білім алушылардың пікірлерін қорытындылаушы, күрделі мәселелерді айқындаушы, кеңес-консультация беруші рөлдерін атқарады.

Семинар сабақтарында теориялық мәселелер практикалық тұрғыдан қолдану аясында қарастырылып меңгеріледі. Ғылыми проблеманы талқылау практикада кездескен ситуацияларды мысал ретінде келтіру немесе кемшіліктерді сынау түрінде ғана өтпейді, мұндай жұмыстар талдау (анализ) әрекеттерін қолдануды талап етеді. Сабақта білім алушылар жүйелі түрде ойлау, негізгі мәселелердің аясында нақты баяндау, логикалық тұжырымдау, басқалардың пікірін сыни тұрғыдан бағалау сияқты біліктерін көрсете білуі керек.

Семинар сабақтарында теориялық оқу материалын меңгерудің келесі тиімді нысандарын қолдануға болады: *проблемалардың шешімін табу, ақпаратты (статистикалық көрсеткіштер, ғылыми көзқарас, тұжырым, заңнамалық ережелер, т.б.) талдау мен бағалау, практикалық ситуацияларды жан-жақты талқылау мен оларды шешу жолдарын қарастыру.*

Семинарға дайындалу барысында білім алушылар силлабустарда келтірілген өздік жұмыс тапсырмаларын орындап, қосымша әдебиетпен (ғылыми журналдардағы мақалалар, интернеттегі мәліметтер, жаңа ресми құжаттар, ғылыми басылымдар, т.б.) танысуы керек.

Семинар сабақтары белгілі бір ғылыми проблеманы немесе пәннің бір бөлімін тереңінен және жан-жақты қарастыру мен талқылауға арналып, білім алушыларды келесі тәжірибе, білік, дағды, машықтарды қалыптастыруға бағытталады:

- абстрактылық, логикалық және сыни ойлау қабілеттерін қалыптастыру;
- танымның методологиялық және әдістемелік тәсілдерін практикада қолдану мен оларды жетілдіру;
- бірлесе жұмыс жасау (топ ішінде, команда құрамында) дағдыларын жетілдіру;
- кез келген ақпаратты талдау қабілеттерін, таңдау жасау, қорытындылау мен шешім жасау біліктерін қалыптастыру мен жетілдіру;

➤ теориялық білімді практикада, өндірістік ситуацияларда қолдану біліктерін жетілдіру;

➤ қарастырылатын проблемалар бойынша өз ойы мен пікірін қысқа, айқын, дәлелді түрде жеткізу;

➤ кез келген білімді өздігімен игеріп, оның негізінде шығармашылық арқылы жаңа түсінік пен білім құрастыру.

C1, C2 деңгейінде тілдерді тиімді интербелсенді әдістер арқылы оқытуда семинар сабағы құрылымының үлгісі.

«Проблеманы айқындау» кезеңі.

Сабақ басында оқытушы білім алушыларға талқыланатын проблеманы (проблемаларды) ұсынып, сол мәселе бойынша білімдерін, пікірлері мен көзқарастарын анықтау мақсатында оларға келесі тәртіппен төмендегідей тапсырмаларды орындауды ұсынады:

Жеке жұмыс.

Әр білім алушы *«Мен осы тақырып бойынша не білемін? Бұл мәселе бойынша ойларым мен ұстанымдарым қандай?»* деген сынды сұрақтар төңірегінде берілген уақыт ішінде (1-3 минут) жекелей ойланып, өз идеяларын қағазға түсіреді.

Топтық жұмыс.

Шағын топ ішінде білім алушылар жазғандарымен бөлісіп, талқылау ұйымдастырады, өз ойларын толықтырады, оларға өзгерту енгізеді. Топтық талқылау нәтижесінде білім алушылар бәріне де ортақ, жалпылама бір шешімге тоқталуы керек. Бұл жұмысқа уақыт көбірек беріледі (шамамен 5-7 минуттай).

Жариялау.

Кезекпен әрбір топтан бір білім алушы (шешен, спикер) топ тұжырымдарын ауызша жария қылады.

Қорытындылау.

Оқытушы немесе оқытушының сұрауы бойынша бір білім алушы талқыланатын проблема бойынша бүкіл аудитория келтірген негізгі деректер мен проблемалардың қысқаша тізімін тақтаға (плакатқа) жазады.

Негізгі проблеманы айқындау.

Тақтаға жазылған тізім ішінен білім алушылар оқытушының ұйымдастыруымен ең өзекті проблеманы таңдайды (проблемалардың бірнешеу болуы да мүмкін; мұндай жағдайда әр топ сабақтың келесі кезеңінде жеке проблеманы қарастыру ісімен шұғылданады).

«Проблема шешу» кезеңі.

Сабақтың бұл кезеңінде білім алушы топтары өздері айқындаған және таңдап алған проблеманы шешу жұмысымен айналысады. Оқытушы шешімнің теориялық мағлұматты практикалық кеңістікке аудару тұрғысынан орындалуы керектігін баса ескертеді (мақсат теорияны еске түсіруде емес, ол білімді қажетке жаратуда болып табылады).

Топтық жұмыс.

Білім алушылар шағын топ ішінде (10-20 минут) проблеманы шешу ісімен шұғылданады. Оқытушы оларға мәліметті жан-жақты қарастырып,

зерттеп, игеруге тиімді белсенді тәсілдерді ұсынады (мәселен, *Ой қозғау, Рөлдік ойын, т.б.*). Жұмыс нәтижесі графикалық түрде көлемді қағазға (плакат, А3 форматындағы қағаз) түрлі-түсті маркерлермен түсіріліп, қабырғаға ілінеді.

«Проблема шешімін қолдану» кезеңі.

Сабақтың бұл кезеңінде оқытушы білім алушылардың өздерінің жаңа біліміне баға беру процесін ұйымдастырып, болашақта (сабақтан кейін, ертеңгі күні) жаңа білімді қалайша өздігімен толықтыру және жетілдіру ісімен айналысатындығы туралы ойларымен бөлісуге шақырады.

Презентация.

Кезекпен әрбір топтың атынан бір білім алушы (шешен, спикер) ортаға шығып, берілген уақыт ауқымында (1,5-2 минут) плакатта келтірілген өз тұжырымдарын жария қылады, оларды қорғайды, оқытушы мен басқа топтардың сұрақтарына жауап береді.

Қорытындылау.

Оқытушы әр топ келтірген шешімдердің тиімді жақтарына тоқталып, қысқаша комментарий береді. Өз тарапынан проблема шешудің басқа да жолдарын ұсынады, сол тұрғыдан білім алушыларды өз тұжырымдарына толықтыру мен өзгертулерді енгізуді сұрайды.

Толықтыру.

Білім алушылар топ ішінде (2-3 минут) өз ұсыныстарын тағы да бір рет сараптап шығып, жасаған өзгертулері жайында аудиторияны хабардар етеді.

Бағалау.

Білім алушылардың алған білімдерін анықтау мақсатында оқытушы оларға жекелей жазу жұмысын орындауды тапсырады (6-10 минут). Жазу жұмысының *Эссе, Еркін жазу, Дөңгелек үстел, т.б.* тәсілдері арқылы жүзеге асырылуы орынды.

Жариялау.

Білім алушылар топ ішінде өздерінің жазғандарын әріптестеріне оқып береді. Әр топтан бір жұмыс (білім алушының қалауы немесе басқа білім алушылардың тілектері бойынша) бүкіл аудиторияға оқылады. Оқытушы барлық білім алушылардан жазба жұмыстарын жинап алуына болады немесе тек өзіне тексеру үшін керекті жұмыстарды жинап алып (мәселен, оншақты жұмыс), қалған жұмыстарды қабырғаға іліп қойып, үзілісте білім алушылардың олармен танысуды және бағалауды (мәселен, ұнаған жұмысқа жағымды комментарий жазылған стикер іліп қоюға болады) сұрайды.

Оқытушы тексеру үшін жиналып алынбаған жұмыстар білім алушылардың портфолиосында болуы керектігі туралы ескертеді.

Үй жұмысы.

Сабақта меңгерген жаңа білімдерін тереңдету мақсатында оқытушы білім алушыларға тапсырмалар беріп, олардың орындалуын жазбаша түрде (мәселен, 3-4 беттік эссе немесе кесте, схема, график, жоспар, т.б. түрінде) келесі сабақта өткізуді тапсырады.

Кері байланыс (Қорыту).

Оқытушы сабақта қарастырылып, өз шешімін тапқан проблемалар және сабақтың қалайша өткендігі туралы бір-екі білім алушының («Ұнады – ұнамады, Пайдасы бар – пайдасы шамалы, Қызық – қызық емес» тұрғысында) пікірін сұрайды (1 минут).

C1, C2 деңгейінде тілдері тиімді интербелсенді әдістер арқылы оқыту әдістемесінде пікірталас әдістемесін қолдану. Пікірталаста екіжақты шешімі бар проблеманы келтіргеннен кейін, оқытушы білім алушылардың осы мәселе төңірегіндегі өз ойларын қағазға түсіріп алып, өз көзқарасын айқындауын сұрауы керек. Бұл жерде білім алушылар «Т-кестесін» қолданып, оқытушы ұсынған проблема (немесе сұрақты) жазып алғаннан кейін дәптерін екіге бөліп, сол жақ бағанға бірінші көзқарасты жақтайтын, ал оң жақтағы бағанға екінші көзқарасты негіздейтін дәлелдерді келтіреді. Осыдан кейін олар өздерінің қай позицияны жақтайтындығын кестенің астына жазып қояды.

Мысалы: Әлемдік дағдарыстың салдары Қазақстан экономикасының дамуын бәсеңдетпей ме?

<i>Бәсеңдетеді</i>	<i>Бәсеңдетпейді</i>
<p><i>Қазақстан экономикасы шикізат шығаруға бағытталған</i></p> <p><i>Қазақстан экономикасы 80%-ке Ресеймен байланысты</i></p> <p><i>Қазақстан экономикасында әлі де нарықтың өзін-өзі реттеу механизмі қалыптаспаған</i></p>	<p><i>Қазақстан экономикасы әлемдік нарықтың толыққанды мүшесі емес</i></p> <p><i>Қазақстанда бағалы қағаздар нарығы қалыптаспаған</i></p> <p><i>Қазақстанда алтын қоры жеткілікті мөлшерде</i></p> <p><i>Өкіметтің шаралары экономиканы тығырықтан алып шығады</i></p>

Ұстанған позиция: Әлемдік дағдарыстың салдары Қазақстан экономикасының дамуын бәсеңдетпейді.

Осыдан кейін білім алушылар үш үлкен топқа бөлінеді: бірінші пікірді (мәселен «иә»), екінші пікірді жақтағандар («жоқ» деген көзқарасты ұстанғандар) және «мүмкін» деген көзқарасты ұстанғандар. Білім алушылар топтарда өз көзқарастарын дәлелдейтін тұжырымдарды талқылап, олардың тізімін жасайды. Әрбір топ бүкіл топ атынан сөйлейтін спикерді таңдайды. Осыдан соң топ спикерлері кезекпен өз дәлелдерін аудиторияға белгіленген уақыт ішінде (1-2 минут) жеткізеді. Спикер сөйлеп болған соң, қарсы жақтардың сұрақ қоюына болады, оларға жауапты тек спикер ғана бермей, топтың басқа да мүшелері де қайыруына болады. Осылайша үш топ та өз дәлелдері мен уәждерін келтіргеннен кейін қарсыластар бір-біріне қол соғып, орындарына отырып, пікірталастан кейін бағанағы проблема жөнінде өз ойларын эссе түрінде жазбаша келтіреді.

Пікірталастың ережелері: спикер сөйлегенде, оның сөзін бөлмеу керек; қарсы жақтың көзқарасына жағымсыз тұрғыдан сын және пікір айтпай, тек олардың көзқарасын айқындайтын сұрақ қана қоюға болады.

C1, C2 деңгейінде тілдерді тиімді интербелсенді әдістер арқылы оқыту әдістемесінде оқытудың интербелсенді әдістемесі бойынша сабақ ЖОСПАРЫ

Сабақтың тиімділігін арттырып, онда қарастырылатын оқу материалы білім алушылар тарапынан қызу қолдау тауып, сабақты қызықты өткізу үшін оқытушы келесідей сұрақтарға жауап беруі керек.

Сабақ мақсаттары.

Білім алушылар тақырып бойынша қандай арнайы білім мен түсініктерді оқып, игереді? Олар бұл білім мен түсініктерді қандай әрекеттер арқылы оқып, игереді? Бұл білім мен түсініктер білім алушыларға қалайша қажет болады?

Білім алушылар ойлану нәтижесінде өз ойын тиянақтап, оны дәлелді түрде жеткізе ме? Олар тақырып бойынша өз өмірінен мысалдар келтіре ме? Білім алушылар бірнеше идеяларды салыстырып немесе қарама-қарсы қоя ма? Олар белгілі бір көзқарасты ұстанып, оны дәлелдей әрі қорғай ала ма? Олар проблеманы шешудің ең тиімді (немесе басқа, өзгеше) жолын қарастыра ма? Білім алушылар өздерінің тақырып бойынша тағы да не білгісі келетінін анықтай ма?

Білім алушылардың шағын топтары өз әрекеттерін қалайша жоспарлап, ұйымдастыра алады? Шағын топтар талқылау нәтижесінде көп варианттардың ішінен дұрыс шешім таба ала ма? Білім алушылар топ ішінде бір-бірінің пікірін сыйлап, олармен санаса ма? Топтар жағымды қарым-қатынасқа деген бейімділігін қалайша көрсетеді? Топ ішінде білім алушылар өз *ойларын* басқаларға қалайша икемдейді? Олар топ құрамында бірін-бірі оқыту мен дамытуға қалайша атсалысады? Білім алушылар жұп және топ жұмысында шығармашылық атмосфераны қалыптастыруға деген ұмтылысын қалайша (қандай әрекеттер арқылы) білдіреді?

Алғышарттар (пререквизиттер) – *Осы сабақты терең игеру үшін білім алушылардың не біліп, жасай алуы қажет?*

а) *Білім алушылар қандай тақырыптарды (мазмұнды) бұрыннан білуі керек?*

б) *Білім алушыларда қандай арнаулы аналитикалық (талдау), сыни және шығармашылық ойлау қабілеттері бар болуы керек? Олар қандай оқу тәсілдерін қолдана білуі қажет?*

Бағалау.

Білім алушылардың сабақта алған білімді терең түсінгендігінің (білгендігінің) дәлелі мен айғағы қандай болады?

а) Білім алушылардың тақырып мазмұнын игергендігінің дәлелі қандай болмақ?

ә) Білім алушылардың сабақ барысында қалайша жұмыс жасағандығының (белсенді немесе белсенді емес), басқалармен қандай дәрежедегі қарым-қатынас құра білгендігінің дәлелі қандай болмақ?

б) Білім алушылардың практикада (кеңірек алғанда: өмірде) ойлау және таным тәсілдерін, дағдыларын қолдана алатындығының дәлелі қандай болмақ? Ойлаудың қандай түрлерін оқушылар қолдана алады? Білім алушылардың ойлана білу дәрежесі қандай деңгейде екендігін қалайша

айқындауға болады? Білім алушылар өздігімен оқу және топта жұмыс жасау тәсілдерін практикада қалайша қолдана біледі? Олардың бұл жұмысы қойылатын талаптарға сәйкес келетіндігін қалайша айқындауға болады?

Қажетті материалдар. Сабақта қандай материалдар (мәтіндер, көрнекілік, оқытудың техникалық құралдары, т.б.) қолданады ?

Уақытты меңгеру. Сабақтың әрбір кезеңіне және тапсырмаларды орындауға қанша уақыт беріледі?

C1, C2 деңгейінде тілдері тиімді интербелсенді әдістер арқылы оқыту әдістемесіне байланысты сабақ барысы.

«Проблема айқындау» кезеңі. Білім алушыларды оқытудың негізгі сұрақтары мен мақсаттарын құрастыруға қалайша ынталандыруға болады?

а) Білім алушылардың ойын тақырып бойынша қалайша бағыттауға болады? Олардың қызығушылығын қалайша тудыруға болады? Білім алушылардың бұрынғы білімдерін есіне түсіруін қалайша ынталандыруға болады? Оларды тақырып бойынша сұрақтар құрастыруға қалайша бағыттауға болады?

ә) Білім алушылар берілген тапсырманы орындау үшін қандай интербелсенді тәсілді қолданады (жеке, топпен, аудиториямен)?

«Проблема шешу» кезеңі. Білім алушылар тақырып мазмұнын қалайша зерттейді (қарастырады, игереді)?

а) Сабақта қандай оқу материалы (мазмұн, мәтін) зерттеледі?

ә) Оқу материалының (мазмұн, мәтін) мағынасын түсіну үшін білім алушылар қандай интербелсенді тәсілдерді қолданады (жеке, топпен, аудиториямен)?

«Проблема шешімін қолдану» кезеңі. Білім алушылар сабақта алған білімдер мен мағыналарды қалайша қолдана алады?

а) Білім алушылар сабақта үйренгенін/білгенін алдымен топ ішінде, сонан кейін аудитория ауқымында қандай интербелсенді тәсілді қолдана отырып талқылайды? Олар үйренгенін өз тәжірибесі аумағында (өмірде) қалайша нақты түрде қолдану туралы қалайша әңгімелеседі?

ә) Білім алушылар сабақта не нәрсеге үйренгенін/білгенін корсету үшін (есеп беру үшін) қандай жазу тапсырмасын (тәсілін) орындайды?

Қорытындылау/Кері байланыс. Білім алушылар келесі сұрақтарға қалайша жауап беруі мүмкін?

Сабақ бойынша қандай тұжырымдар мен қорытынды жасауға болады? Сабақ бойынша қандай шешімге келуге болады? Білім алушылар бұл сабақта өздеріне пайдалы және тиімді білім алды ма?

Сабақты толықтыру/Өздік жұмыс: Бұл сабақ білім алушылардың білімдерін өздігімен қалайша жалғастыруға ықпал етеді? Сабақ аяқталғаннан кейін білім алушылар білімдерін қалайша жетілдіре алады? Олардың тағы да қандай сұрақтарға жауап беріп, оларды зерттеуі керек/мүмкін? Білім алушылар тағы да нені білгісі келеді?

Сабақтан кейінгі ізденіс пен зерттеуде қолдануға тиімді әдіс-тәсілдер: Интервью, сауалнама өткізу, дербес зерттеулер, бірлескен (шағын топ

құрамында) зерттеулер, эссе, шығарма, тест сұрақтарын құрастыру, плакаттың жоба, сахналық қойылым, видео камераға (немесе ұялы телефонға) түсіру, шолу, пікір сұрау, мәлімет (ақпарат) жинау, өз үйренгендерін басқа мысалдар арқылы көрсету, жоспар құру, жоба жазу.

(Сабақ жоспарын құрастыруда «Сыни ойлауды оқу мен жазу арқылы дамыту» жобасының идеялары қолданылды)

СЕМИНАР САБАҒЫНЫҢ ЖОСПАРЫ:

Пән: «Кәсіби қазақ тілі».

Тақырып. «Бүгінгі күні идеалды маман қандай болуы қажет?»

Топ: «Заңгер» мамандығының 1 курс білім алушылары.

Мақсаты: Білім алушылар «Бүгінгі күні маманы қандай болуы қажет?» деген сұраққа жауап беріп, идеалды маманның ерекшеліктері мен қасиеттері туралы өзіндік пікір қалыптастырады.

Жабдықталуы: дәріс материалдары, флип-чарттар, маркерлер.

Сабақ барысы:

«Проблеманы айқындау» кезеңі. Сабақ басында оқытушы білім алушыларға проблемалық ситуация ұсынып, олардың пікірлері мен көзқарастарын анықтау мақсатында төмендегідей тапсырмаларды орындауды ұсынады:

Жеке жұмыс. Әр білім алушы «*Бүгінгі күні идеалды тәрбиеші қандай болуы қажет?*» деген сұрақ төңірегінде берілген уақыт ішінде жекелей ойланып, өз идеяларын қағазға «Ой қозғау» тәсілі бойынша түсіреді.

Топтық жұмыс. Шағын топ ішінде білім алушылар жазғандарымен бөлісіп, талқылау ұйымдастырады, өз ойларын толықтырады, оларға өзгертулер енгізеді.

Аудиториялық жұмыс. Топтардың келтірген жауаптары тақтаға жазылады, білім алушылар жазылған жауаптарды талқылайды.

«Проблема шешу» кезеңі. Топтық жұмыс. Білім алушылар екі топқа бөлінеді. Оларға тақырып бойынша қосымша мәтін таратылып беріледі. Білім алушылар мәтінді өз ойлары мен таңдап алған ұстанымдарын талқылау және дәлелдер жинақтау жұмысында қолданады.

Жұмыс нәтижесі графикалық түрде плакаттарға (флип-чарттарға) түрлі-түсті маркерлермен түсіріліп, қабырғаға ілінеді.

«Проблема шешімін қолдану» кезеңі. Презентация. Кезекпен әрбір топтың атынан бір білім алушы ортаға шығып, берілген уақыт ауқымында (2 минут) плакатта келтірілген өз тобының тұжырымдарын жария қылады, оларды қорғайды, оқытушы мен екінші топтың сұрақтарына жауап береді.

Талқылау. Білім алушылар «*Идеалды маман қандай болуы қажет?*» деген сұрақты бүкіл аудитория болып жан-жақты талқылайды.

Бағалау. Білім алушылардың алған білімдерін анықтау мақсатында оқытушы оларға «*Бүгінгі күні идеалды маманы қандай болуы қажет?*» деген тақырыпқа эссе жазуды тапсырады (10 минут).

Жариялау. Білім алушылар топ ішінде өздерінің жазғандарын әріптестеріне оқып береді. Әр топтан бір жұмыс бүкіл аудиторияға оқылады. Оқытушы барлық білім алушылардың жазба жұмыстарын бағалау үшін жинап алады.

СӨЖ. Сабақта меңгерген жаңа білімдерін тереңдету мақсатында оқытушы білім алушыларға «Мен қалайша идеалды маман боламын?» тақырыбына эссе жазып (3 беттік), келесі сабақта өткізуді тапсырады.

Қорытындылау. Оқытушы сабақта қарастырылып, өз шешімін тапқан проблемаларға қысқаша тоқталып, бір-екі білім алушыдан сабақтың қалайша өткендігі («*Ұнады – ұнамады, Пайдасы бар – пайдасы шамалы*» тұрғысында) туралы пікірін сұрайды.

ЛЕКЦИЯ САБАҒЫНЫҢ ЖОСПАРЫ

Тақырып: Интербелсенді әдістемеді оқу мақсаттарын айқындау.

Сабақ түрі. Лекция.

Қарастырылатын сұрақтар:

Интербелсенді оқуда/оқытуда оқу мақсаттарын айқындау мәселесі.

Блум таксономиясының танымдық деңгейлері.

Сабақ мақсаты. Білім алушылар сабақ мақсаттарын кұрастыру туралы теориялық мәліметтермен өздігімен танысып, оларды өзара талқылап, өзіндік түсінік қалыптастырады, мақсаттарды практикада қолдану мәселелерін қарастырады.

Алғышарттар (пререквизиттер). Осы сабақты терең игеру үшін білім алушыларда интербелсенді әдістеменің негізгі идеялары мен дидактикалық ұстанымдары туралы түсініктері болып, олар «Білемін, білгім келеді, білдім», «Қос жазба күнделігі» және «Ойлан, жұптас, пікірлес» тәсілдерімен өздігімен және бірлесе жұмыс жасай алуы қажет.

Бағалау. Оқытушылардың сабақта алған білімді терең түсінгендігінің (білгендігінің) дәлелі мен айғағы ретінде олардың сабақ соңында «Мен сабақта не білдім?» тақырыбына эссе жазулары болады.

Қажетті материалдар. Сабақта лекция мәтіні, флип-чарттар, А-4 форматындағы қағаз, маркерлер, скотч қолданылады. **Уақытты меңгеру.** «Проблеманы айқындау» кезеңі – 10 минут. «Проблема шешу» кезеңі – 24 минут. «Проблема шешімін қолдану» кезеңі – 16 минут.

Топқа бөлу. Білім алушылар 4 адамдық шағын топтарға атақты педагогтердің есімдері бойынша бөлінеді (Ы.Алтынсарин, Спандияр Көбеев, Макаренко, Монтессори, Руссо, т.б.).

САБАҚ БАРЫСЫ. I. «Проблема айқындау» кезеңі.

№1 тапсырма. Қарастырылатын тақырып (сұрақ, ақпарат) бойынша білім алушыларға «Блум таксономиясы туралы не білесіздер?» деген сұрақ қойылады.

Жеке жұмыс. Әр білім алушы «*Менде осы тақырып бойынша қандай білім, ойлар мен ұстанымдар бар?*» деген сұрақ төңірегінде берілген уақыт ішінде (1 минут) жекелей ой қозғайды, ойларын дәптерлеріне жазады.

Топтық жұмыс. Шағын топ ішінде білім алушылар бір-бірімен жазғандарымен бөліседі, білгендерін толықтырады, проблемаларды анықтайды (2 минут).

Аудиторлық жұмыс. Әр топтан бір білім алушы берілген сұраққа ауызша жауап береді. Қалған білім алушылар олардың жауаптарын талқылайды, толықтырады (2 минут).

№2 тапсырма. Білім алушыларға «Блум таксономиясы бойынша не білгілеріңіз келеді?» деген сұрақ қойылады.

Жеке жұмыс. Әр білім алушы берілген сұрақ төңірегінде берілген уақыт ішінде (1 минут) жекелей ой қозғайды.

Топтық жұмыс. Шағын топ ішінде білім алушылар өз жауаптарын ортаға салады, оларды талқылайды (2 минут).

Аудиторлық жұмыс. Әр топтан бір білім алушы берілген сұраққа ауызша жауап береді. Оқытушы олардың жауаптарын тақтаға жазады (2 минут).

II. «Проблеманы шешу» кезеңі. Тапсырма. Білім алушыларға лекция мәтіні таратылып, оны «Қос жазба күнделігі» тәсілі көмегімен оқу және талқылау тапсырылады. Қағазға басылған лекция мәтіні білім алушыларға таратылып беріліп, оның төртке бөліп оқылатындығы ескертіледі.

Жеке жұмыс. Білім алушылар лекцияның бірінші бөлімін оқып, «Қос жазба күнделігін» толтырады (4 минут).

Топтық жұмыс. Білім алушылар шағын топ ішінде өздерінің «Қос жазба күнделіктерін» оқиды, ойларымен бөлісіп, білгендерін толықтырады (2 минут).

Жеке жұмыс. Білім алушылар лекцияның екінші бөлімін оқып, «Қос жазба күнделігін» жалғастырады (4 минут).

Топтық жұмыс. Білім алушылар топ ішінде «Қос жазба күнделіктерін» оқиды, ойларымен бөлісіп, білгендерін толықтырады (2 минут).

Жеке жұмыс. Білім алушылар лекцияның үшінші бөлімін оқиды, «Қос жазба күнделігін» толтырады (4 минут).

Топтық жұмыс. Білім алушылар шағын топ ішінде «Қос жазба күнделіктерін» оқиды, ойларымен бөлісіп, білгендерін толықтырады (2 минут).

Жеке жұмыс. Білім алушылар лекцияның төртінші бөлімін оқып, «Қос жазба күнделігін» толтырады (4 минут).

Топтық жұмыс. Білім алушылар шағын топ ішінде өздерінің «Қос жазба күнделіктерін» оқиды, ойларымен бөлісіп, білгендерін толықтырады (2 минут).

«Проблема шешімін қолдану» кезеңі.

Тапсырма. Білім алушыларға «Ойлан, жұптас, пікірлес» тәсілдері көмегімен «Сабақ тақырыбы бойынша не үйрендіңіздер?» сұрағына жауап беру тапсырылады.

Жұптық талқылау. Білім алушылар жұп болып білгені мен үйренгенін тұжырымдайды, өзара пікір алмасады, олардың практикада қолданысын талқылайды (4 минут).

Аудиториялық жұмыс. Білім алушылар берілген сұрақ бойынша өз ойларын бүкіл аудиторияға жариялап, оларды өзара талқылайды, сабақ басында келтірген пікірлерімен салыстырады (3 минут).

Бағалау. Білім алушылардың сабақта қалайша жұмыс жасағандығын білу және олардың алған білімдерін анықтау мақсатында оларға «Не білдім?» тақырыбына жекелей эссе жазу тапсырылады (7 минут).

Жариялау. Білім алушылар топ ішінде өз жазғандарын бір-біріне оқып береді. Оқытушы жазба жұмыстарын тексеру үшін жинап алады.

28-кесте. Тілдерді оқытудағы сабақ кезеңдері және қолдануға тиімді тәсілдер

Сабақ кезеңдері	Сабақ кезеңінің негізгі мақсаттары	Қолдануға тиімді тәсілдер
Проблеманы айқындау	<p>Оқытушы: Білім алушыларды жаңа білім қабылдауға және игеруге белсенділендіреді.</p> <p>Білім алушылар: Тақырып бойынша өз мақсаттарын айқындайды.</p> <p>Тақырып бойынша өз өмірлеріне тікелей қатысы бар нақты проблемаларды айқындайды.</p> <p>Проблема бойынша өздерінің бұрынғы білімдерін есіне түсіреді, оларды салыстырады, байланыстырады.</p> <p>«Не білемін?», «Не білгім келеді?», «Жаңа білімнің маған берер пайдасы қандай болмақ?» секілді сұрақтарға жауап іздейді.</p>	<p><i>Ой қозғау, Т-кестесі, Болжау, Кластерлер, Оңай және қиын сұрақтар кестесі, Ойлан, жұптас, пікірлес, Алдын ала берілген атаулар, Үлкен шеңбер, Қос шеңбер, Атаулар туралы үш сұрақ, Еркін жазу, Білемін, білгім келеді, білдім, Дөңгелек үстел, Үш қадамды сұхбат, Топтың зерттеу кезеңі.</i></p>
Проблеманы шешу	<p>Жаңа білімді іздену мен зерттеу кезеңі. Мұнда проблеманы шешу жолдары қарастырылады.</p> <p>Оқытушы: білім алушыларға білім алудың белсенді тәсілдерін ұсынады;</p> <p>білім алушылардың өздігімен жаңа мәліметті жан-жақты қарастырып, зерттеп, игеруіне қажетті жағдайлар жасайды.</p> <p>Білім алушылар: жекелей, жұппен, топпен</p>	<p><i>Ой қозғау, Т-кестесі, Болжау, Кластерлер, Оңай және қиын сұрақтар кестесі, Ойлан, жұптас, пікірлес, Еркін жазу, Кең ауқымды лекция, Сұрақ қою, қайтадан сұрақ қою, Бірін-бірі оқыту, Қос жазба күнделігі, Білемін, білгім келеді, білдім, Белгі қойып оқу (INSERT), Жигсо, Үш қадамды сұхбат, Топтық зерттеу</i></p>

	<p>жаңа ақпаратпен танысады; мәлімет бойынша пікір алмасады, ой жарыстырады, талқыға салады; жаңа ақпарат туралы өзіндік пікір қалыптастырады; <i>«Қалайша жаңа білімге үйренемін/ оны түсінемін /игеремін?»</i>, <i>«Қандай тәсілдерді қолданған тиімді?»</i>, <i>«Бұл мәлімет туралы менің ойым/түсінігім/қатысым қандай?»</i> деген сұрақтарға жауап беруге ізденеді.</p>	
<p>Проблеманың шешімін қолдану</p>	<p>Үйренгенді айқындау және бағалау, проблема бойынша шешім қабылдау. Оқытушы: - білім алушылардың жаңа мағлұмат бойынша ойланып, ол жөнінде өзара пікір алмасу мен талқылау жұмысын ұйымдастырады. Білім алушылар: - сабақта білгендері мен үйренгенін тұжырымдайды; - олардың қолданысы туралы ойланады, пікірлеседі; - өзінің жаңа біліміне баға береді; - жаңа білімді нақты бір проблема шешуде қолданады; <i>«Не білдім/үйрендім?»</i>, <i>«Бұл білім маған не үшін керек?»</i>, <i>«Бұл білімнің қолданысы қандай?»</i>, <i>«Бұл білімді ары қарай қалай дамытамын/ жалғастырамын?»</i>, <i>«Тағы да не білгім келеді?»</i> деген сұрақтарға жауап беруге ізденеді; сабақта не нәрсеге үйренгендігі және қалайша жұмыс жасағандығы туралы есеп береді.</p>	<p><i>Ой қозғау, Т-кестесі, Болжау, Кластерлер, Оңай және қиын сұрақтар кестесі, Ойлан,жұптас, пікірлес, Еркін жазу, Білемін, білгім келеді, білдім, Дөңгелек үстел, Үш қадамды сұхбат, Пікірталас, Топтық зерттеу, Эссе, Үлкен шеңбер, Қос шеңбер, Аквариум, Жеңілдетілген анықтама/түсіндірме.</i></p>

Қазақ тілін оқыту принциптері:

1. Қазақ тілін оқытудың ғылымилық принципі
2. Жүйелілік принципі
3. Көрнекілік принципі
4. Саналылық пен белсенділік принципі
5. Тереяны практикамен байланыстыру принципі
6. Түсінуге жеңіл қолайлылық принципі
7. Оқытудың психологиялық ерекшелігін ескеру принципі

1. Қазақ тілін оқытудың принциптері. Қазақ тілін оқытудың барысында мұғалім оқытудың формалары мазмұнын, міндеттерін шешуде, әдістемені анықтауда дидактикалық принципті басшылыққа алады.

Принцип – латын сөзі, «основа, первоначально-руководящая идея», қазақшасы – оқытуда басшылыққа алатын идея, қағида. Қазақ тілін оқытудың барлық сатысында бағыт беретін негізгі жұмыс бағыты осы.

2. Қазақ тілін оқытудың ғылымилық принципі. Қазақ тілінің негізгі салаларын оқыту да ғылыми фактілерге, дәлелдеулерге, ұғымдарға, басқа сөзбен айтқанда, ғылыми принципке негізделеді. Профессор Ә.Исабаев: «Білім алушыларға берілетін тілдік мәліметтер төмендегі өлшемге сәйкес болуы; меңгерілетін объектінің термині анық болуы қажет. Мәселен, төртінші және бесінші сынып білім алушыларына берілетін және онымен таныстырылатын терминнің аясын аса ғылыми дәрежеде кеңейтіп беруге болмайды: айталық дауысты дыбыстарды – вокализм деп, дауыссыз дыбыстарды – консонантизм деп түсіндіруге келмейді. Сондай-ақ қосынды дауыстыларды – дифтонгит деп түсіндіруге болмайды. Сондықтан да қазақ тілінен нақтылы білім беруде, сол сынып деңгейіне ғана сиятын терминдерді ғана пайдалануға болады», - дейді. Сонымен қатар меңгерілетін тақырыптарды өзіндік белгілерінің, анықтамалар мен ережелерінің, берілетін практикалық дағдылардың дәл, анық болуы мектеп білім алушыларының тілдік материалды жан-жақты түсінуіне септігін тигізеді. Сөйтіп, қазақ тілін оқыту барысында оқытушы берілетін білімнің (тақырыптың) ғылыми жағына, оның зерттелуі, тарихи даму ерекшелігі, ғылыми фактілер, анықтамалар, терминдерді білім алушылардың жас ерекшелігіне қарай түсінікті айту арқылы жүргізеді.

3. Жүйелілік принципі. Қазақ тілін оқытуда оқытушының бірінші басшылыққа алатыны – әр сыныптың жас ерекшелігіне байланысты білім көлемінің бір жүйеде берілуі. Бағдарламада берілген материалдың орналасу жүйесі бастауыш сыныпта, орта және жоғарғы сыныпта көрсетілген. Берілген материалдар сабақтаса отырып, толықтырылып, кеңейтіліп, сатыдан-сатыға өткен сайын тереңдеп ғылыми жағынан байып отырады. Мысалы: 6-сыныпта «Зат есім» тақырыбы бойынша алдымен анықтамасы, сұрақтары, мағыналары, түрлері оқытылса, 7-сыныпта «Зат есімнің түрленуі» тақырыбымен толықтырылады. Яғни, зат есімнің көптелуі, тәуелденуі, септелуі, жіктелуімен сабақтастырылады. Бағдарламада көрсетілген тәртіптелген өзара байланысты білім жүйесі ғана жас ұрпаққа іс жүзінде пайда келтіріп, әрі қарай білімді терең игеру жүйесіне түседі. К.Д.Ушинский: «Тек жүйе ғана бізге өзіміздің

білімімізді бақылауымызға толық билік береді. Үздік-үздік өзара байланыссыз білімге толы бас, ішінде барлық заттары шашылып жатқан, онан қожасының өзі де ештеңе таба алмайтын қоймаға ұқсайды, ішінде білімсіз жүйесі ғана бар бас, барлық жәшіктерінде жазуы бар, ал жәшіктері қаңырап бос жатқан дүниеге ұқсас». К.Д.Ушинский жүйелілік қана өз білімімізді толық меңгеруімізге мүмкіндік береді деп санаған. Бірімен-бірі байланыспаған әртүрлі мәліметтердің үзінділері түріндегі білімнен адам өзіне керегін тез таба да, пайдалана алмайды деген болатын. Сондықтан білім алушыға оқытылуға тиісті тілдік мәліметтер әбден ойластырылған, тілдің табиғатына сай, олардың бір-бірімен байланыстылығының негізінде берілуі керек. Жүйелілік принципі жана материалды түсіндіруде, білім мен дағдыларды бекітуде, біріккен сабақ құрылымында, білім мен дағдыларды тексеруде, пысықтау мен қайталауда, үй тапсырмасын беруде және оны тексеріп, еске түсіруде іске асырылады.

4. *Көрнекілік принципі.* Көрнекілік принципі пәнді оқыту ісінде өте маңызды орын алады, тілді оқытуда ерекше қызмет атқарады. К.Д.Ушинский таныс емес бес сөзді қаншама қайталап қиналатын білім алушы сурет арқылы көрсетілген жиырма сөзді лезде үйреніп алады деп бекер айтпаған. Он рет айтқаннан бір рет нақтылы көрсеткеннің пайдалы екеніне ешкім де таласпайды. Сондықтан мұғалім қазақ тілі сабағында көрнекілікті өте ұтымды қолдануы қажет.

Көрнекілік принципі білім алушылардың қазақ тілінен берілген білімді көрнекілік арқылы оқытуға бағыт береді. Ең алғаш оқытудағы көрнекілік туралы айтып, құнды пікір қалдырған Я.А.Коменский болатын. Оның көрнекілік туралы айтқан «Алтын ережесінде»: «...бала сезімі қабылдай алатын нәрселердің барлығын сезім әсерлерін туғыза білдірген жөн: көруге болатынды көзге көрсет, естуге болатын нәрсені құлақ қойып тыңдасын, иісін иіскеп білсін, дәмін татып көрсін, қолына ұстап нәрсенің қатты, жұмсақтығын, т.б. байқасын...» – деген болатын [21]. Білім алушы қазақ тілінен берілген білімді /схема, таблица, плакат, сурет т.б./ көріп қана қоймайды, арнаулы сұрақтарға жауап іздеп, ең маңызды қасиеттерін білуге ұмтылады. Көрнекіліктің түрлері көп. Әр тақырыптың ыңғайына қарай көрнекілікті таңдауға болады. Көрнекіліктің түрлерін педагогиканың дидактика тарауында көрсеткен:

1. *Жаратылыс көрнекілігі.* Білім алушыларды табиғатқа экскурсияға апару арқылы шағын әңгіме, мазмұндама, шығарма жаздыру;

2. *Көлемдік көрнекілік:* фото, суреттер, картиналар, диафильм, диапозитив, кинодан фрагмент, т.б. көрсету арқылы тақырыпқа байланысты әңгіме құрастыру.

3. *Дыбыстық көрнекілік:* күйтабақ, грампластинка, магнитофон, үзінді оқып, талдату.

4. *Графикалық символдық көрнекілік:* картина, схема, таблица, диаграммалар.

Қазақ тілі сабағына тақырыптың ыңғайына қарай, жоғарыда айтылған қажетті көрнекілік таңдалады.

Көрнекі құралдар білім алушыны қызықтыру қызметін де атқарады. Ол білім алушы зейінін ұйымдастыруда да маңызды. Сонымен бірге әрі көру, әрі есту, әрі ойлау сияқты бірнеше сезіну түрлерінің қатысы тілдік мәліметтің ұзақ сақталуына әсер етеді.

5. *Саналылық пен белсенділік принципі.* Мектеп білім алушыларына қазақ тілінен білім беру барысында олардың саналы түсіну қабілеті дамытылып отырылады. Тілдік фактілерге байланысты мәліметтерді білім алушылар жаттанды түрде емес, саналы түрде меңгеруі керек. Саналы түрде меңгеру үшін мынадай жұмыс түрлері іске асырылады:

1) Тілде берілетін мәліметтерді жеке түсіндіріп, ол мәліметтерді өз түсінігі бойынша айтқызып отыру. Түсіндіру кезінде объектілердің өзіндік белгілері толық қамтылуы қажет;

2) Түрлі жаттығу жұмыстарын жүргізу арқылы білім алушылар тапсырманы еркін орындауы керек;

3) Күнделікті, тоқсандық және жылдық қайталаулар кезінде өткен материалдарға байланысты сұрақтарға толық жауап болуы тиіс;

4) Орфография мен орфоэпияға байланысты дағдыларды шартына қарай орындай білуі керек;

5) Күнделікті өмір қажетіне қарай практикалық дағдыларды саналы түрде меңгеруі керек.

Білімді саналы меңгерту – мұғалімнің білімдарлығы, түсінігінің айқын дәлдігі, жеткілікті түсіндіруінен көрінеді. Білімді саналы меңгерген білім алушы өз белсенділігін оқудың бүкіл барысында көрсете алады. Саналы көзқарас білімді саналы меңгерумен бірге, білім алушының іскерлік пен дағдыны саналы меңгеруге қалыптастырады. Бұл принцип – қағида, қазақ тілінен беріліп отырған білімді шеберлікпен айқын да, анық түсіндіргенде, таным процесінің аяқталу барысында /жаңа білімді түсіндіргеннен кейін/ белсенділік танытады.

Белсенді білім алушы алған білімін жаттығу кезінде де көрсете алады. Белсенділіктің көрінбеуі жайында академик Ю.К.Бабанский: «Сабақ үстінде белсенділіктің көрінбеуі – оқытушы білімді саналы игермегенін, «формализм» ең алдымен, айқын ситуацияға сәйкес методикалық әдіс-тәсілді таңдай білмеуінен көрінеді», – дей келіп, екіншіден, мұғалімнің білім алушылармен қарым-қатынасының нашарлығынан – деп, олардың сабаққа деген ықыласын, ынта-жігерін жоятынын айтады. Қазақ тілі сабағында білімнің төмен берілуі, білім алушының психологиясымен санаса алмаған, педагогикадан да хабары шамалы, методиканы жете білмеуден болады. Ғалымдардың пікірінде, мұндайды – «оқытудағы формализм» дейді. Білімді саналы да, сапалы игерген білім алушылар – сабақта үнемі белсенділік көрсетіп отырады.

6. *Теорияны практикамен байланыстыру принципі.* Мектепте қазақ тілінен алынған теориялық білімді күнделікті өмір қажетіне қолдана білу теорияны практикамен байланыстыру принципі болып табылады. Білім алушыларға қазақ тілінен теориялық білім мен практикалық дағдылар беріледі. Осы алған білімдерін кеңейте отырып, оны күнделікті өмірде қажетіне

жаратады. Білім алушыларға диалогтік сөйлемді меңгертумен бірге монологтік сөйлеу де үйретіледі. Білім алушылар ауызша мазмұндаудың бірнеше түрлерін де меңгереді. Сонымен бірге ауызша және жазбаша тілін дамытуға, жылдам әрі саналы мәнерлеп оқуға, әртүрлі баяндамалар жасауға және іс қағаздарының алуан түрлерін жазуға дағдыландырылады. Қазақ тілінен берілетін теориялық білім мына сияқты практикалық мақсаттарды жүзеге асырады:

- 1) тілден алған теориялық білімін ауызша және жазбаша мақсатта қолдана білу;
- 2) түрлі талдаулар жасай білу;
- 3) орфография мен орфоэпиядан алған білімді ауызша және жазбаша түрде сауатты іске асыру.

7. *Түсінуге жеңіл қолайлылық принципі.* Дидактиканың түсінуге жеңіл қолайлылық принципінің де маңызы зор. Бұл сабақтың алғашқы күнінен бастап үнемі сақталуға тиісті. Мысалы, алғашқы үйретілетін сөзді таңдауда бір буынды сөзді үйрету мен көп буынды сөзді үйретуді салыстырып, білім алушы оның қайсысын тез үйренеді деген сұраққа тәжірибелі мұғалімдер бір буынды сөзді білім алушы тез үйренеді деп жауап береді. Бұл алғашқы сабақтарда қолданылса, сол қалыпта қалуы мүмкін емес. Себебі барған сайын оны күрделендіру принципін ұстану керек. Бұл – бір сыныптағы әр сабақта, әр сыныпқа көшкен сайын тілдік материалды оқыту процесінде қолданылатын принцип. Бұл принцип білім алушылардың жас ерекшеліктерін, білім дәрежесі мен сынып түрлерін ескере отырып, мұғалімнің түсіндіруі, оқулық тілі және оның баяндау желісі сияқты үш түрлі ерекшеліктерді басшылыққа алады. Қазақ тілінен берілетін теориялық білімнің анықтамалары мен ережелері, терминдері мен өзіндік белгілері, жасалу жолдары мектеп білім алушыларының қабылдау, ойлау сияқты психикалық қасиеттеріне лайықты түсіндіріледі. Түсінуге жеңіл қолайлылық принципін іске асыруда мұғалім мынадай әдістемелік жүйені пайдаланады: Алдымен қазақ тілінен тақырыптарды дәл таңдап алып, оны жеңіл мысалдармен түсіндіреді; тілдік тақырыптардың өзіндік белгілерін анықтайтын мысалдар көрсетіп, оларды талдайды; тақырыптың өзіндік ерекшеліктерін білім алушыларға айтқызып, ауызша мысалдар келтіртеді; бұл мысалдарына талдау жасатады; талдау үстінде тақырыптың өзіндік белгілерін саралап айтқызып, қорытынды пікір шығаруға төселдіреді.

8. *Оқытудың психологиялық ерекшелігін ескеру принципі.* Әр сыныптың өз білім деңгейі болатыны белгілі. Сонымен қатар білім алушының өзіндік жас ерекшелігі мен психикалық ерекшелігі бар. Сондықтан да қазақ тілін оқытуда осы ерекшеліктер ескеріліп, тілдік материал соған лайықталып беріледі. Білім алушының психикалық ерекшелігі мен білім деңгейінен оның білімді қабылдау мүмкіндігі туады. Ал ол оқу материалының білім алушының қабылдау мүмкіндігіне сәйкес болуын талап етеді. Қазақ тілін оқытуда осы принцип сақталса, ол білім алушының тақырыпты меңгеруіне қолайлы жағдай болып табылады. Тілді оқытуда бұл қағида сақталмағанда, түрлі қолайсыз жағдайлар болуы мүмкін. Мысалы, білім алушының әлі келетін немесе әлі келмейтінін есепке алмай, бірден қиын материалды көп етіп беру арқылы білім алушыда

тақырыпты меңгеру қолымнан келмейді деген пікір туғызуға да болады. Ол оқыту ісінің нәтижесіздігін туғызады. Сондықтан білім алушының психикалық ерекшеліктерімен санасып отыру мұғалімге ерекше міндет жүктейді. Сонымен білім алушыларға қазақ тілінен теориялық білім мен практикалық дағдылар беруде олардың психикалық қасиеттері, оқуға бейімділігі, икемділігі мен дайындық дәрежесі ескеріледі. Күнделікті сабақ үстінде білім алушылардың осындай ерекшеліктеріне орай жұмыс істеу тәртібі белгіленеді. Білім алушыларға өткен материал мен жаңа материалдың байланысын таптырып, тақырыптың өзіндік белгілерін қаншалықты меңгергендіктерін мұғалім бақылап отырады. Нашар және орта меңгерген білім алушылармен сабақ үстінде түрлі жұмыстар жүргізіледі. Алдымен үйге берілген тапсырмаларды бақылап, тексереді. Содан кейін жаттығудың шартын дұрыс және бұрыс орындағандарына назар аударады. Өткенді еске түсіру мақсатында талдау жұмыстарын жүргізеді. Өтілген тақырып әбден меңгеріліп болған соң, жаңа материал түсіндіру, көрсету арқылы әңгімеленеді. Білім алушылардың өздеріне материалдар оқытылады. Бұдан кейін өтіліп отырған материал жеке-жеке сұрақтар бойынша еске түсіріледі. Тақырыпты білім алушылардың өздері айтып, қорытындылайды. Материалға лайықты жаттығу жұмыстары жүргізіледі. Осы сияқты жұмыстар жүйесі негізінде әрбір білім алушының оқуға деген бейімділігі мен икемділігі арта түседі.

Қазақ тілін жан-жақты меңгеруде ақпараттық технологиялардың мүмкіндігін тиімді қолдана білу, сабақ жүргізудің жаңа оқыту әдістерін әзірлеуге көп көңіл бөлінуде. Үйретілетін тілдік материалдарға, жалпы оқу бағдарламасына өзгерістер еніп, бұрынғыға қарағанда күрделеніп, тілді үйретудің әдіс-тәсілдері де жетілдірілуде. Яғни, тіл үйретуге жаңа талаптар қойылып отыр. Ол – инновациялық білім берудің қажеттілігі, түрлі оқыту технологияларының оқу үдерісіне енгізілуі.

Сондай-ақ, инновация – дегеніміздің өзі жаңа әдістемелік, амал-тәсілдерді, құрал-жабдықтарды, жаңа концепцияларды жасап, оларды дұрыс қолдана білу. Ал, инновациялық технологиялар деген сөзге түсінік беретін болсақ, «инновация» – жаңа, жаңалық енгізу, өзгеріс деген мағынаны білдіреді екен. Ағылшын ғалымы Роджерс «инновация – нақтылы бір адамға жаңа болып табылатын идея», – дейді, олай болса, әр жаңалықтан біз жүйелі міндетіміздің жүзеге асуын күтеміз. Бұл ұғым туралы Қазақстандық ғалым Н.Нұранбетов «инновациялық үрдіс деп отырғанымыз – білім беру мекемелерінің жаңалықтарды жасау мен меңгеру, таратуға байланысты бір бөлек қызметі» деп жазады, ендеше инновация дегеніміз білім, тәрбиелеу жұмысына жаңалықты енгізу, яғни, жаңа әдістемелік-тәсілдерді, амалдарды, құралдарды, жаңа концепцияларды жасап, оларды қолдану деп анықталған. Ал технология деген сөзді педагог ғалым Беспальков өзінің «Слагаемое педагогическое технология» деген еңбегінде былай деп түсіндіреді: «Оқу тәрбие процесінің алдын ала жүйелі түрде жоспарлануы және оның тәжірибеде жүзеге асуы – белгілі бір педагогикалық жүйенің тәжірибеде жүзеге асу жобасы». Технология қарапайым тілмен айтқанда, жүзеге асатын ғана, нақты мақсаттардың алдын ала

ойластырылған нақты жобасы, яғни, белгілі педагогикалық жүйенің тәжірибеде жүзеге асатын жобасы. «Технология» техника терминінен шыққан, екі мағынасы бар:

1. өндіріс құралдарының жиынтығы.
2. бір істі орындағанда қолданылтын тәсілдер жиынтығы.

Бүгінгі таңдағы біздің міндетіміз білім алушыны жеке тұлға ретінде дамыту, оқу үдерісіне жаңа технологияны енгізу. Бұл ұғым біздің өмірімізге берік еніп келеді, дегенмен оның мән-мағынасы туралы пікірлер сан алуан. Түсіндірмелі сөздікте бұл қандай да болсын істегі шеберлік, өнердегі амалдардың жиынтығы деген.

Келесі кезекте қазақ тілін оқытуда пайдаланылатын жаңа тиімді технологиялар туралы да айтып өтейік.

Заман талабына сәйкес, қазақ тілін қазақ тілді емес мектептерге меңгерту мақсатында көптеген жаңа технологиялар енгізіліп, нәтижесінде ғылыми еңбектер мен жаңа оқулықтар жарық көрді. Монографиялар мен оқу кешендері де жеткілікті басылып шықты. Бұған ғалымдардың жинақтаған мол тәжірибесі, іздену жұмыстары айқын дәлел.

Тілді жан-жақты, жете үйрету үшін белгілі бір әдісті ғылыми тұрғыдан жете меңгермей, табысқа жете қою қиын екенін бұл саламен айналасатын мамандардың көпшілігі айтуда.

Оқыту қазақ тілінде жүргізілмейтін мектептерде қазақ тілін тиімді оқыту үшін технологияны таңдап алуға, оны қолдануға міндетті түрде басты назар аудару қажет. Себебі дұрыс таңдалған және оны жете түсіне отырып дұрыс қолданылған технологиялар арқылы әр мұғалім тілді үйрету барысында алдына қойған мақсатына жете алады.

Технологиялар заман ағымына сай пайда болып, өзгертіліп отырғанымен, оның тиімді әдіс-тәсілдері көп жылдар бойы қолданыста жүреді.

Қазіргі кезде жаңа оқыту технологиялары көп таралуда.

Білім беру саласында отандық әдіскер ғалымдардың қазақ тілін оқытуға арналған технологиялардың ішінен кеңінен таралғандары: М.М.Жанпейісованың «Модульдік оқыту технологиясы», Ф.Оразбаеваның «Қатысымдық технологиясы», Н.Ж.Құрманның «Дамыта оқыту технологиясы», Ж.Сүлейменова мен Ә.Әлметованың «Сұхбаттық технологиясы», «Ж.Қараевтың «Деңгейлеп оқыту технологиясы», Г.М.Кусаиновтың «Новая педагогическая технология: методология, теория и практика» және т.б.

Технологияның тиімділігі, оның болашағы, маманның психологиялық ерекшелігіне, іскерлігіне байланысты. Бұдан шығатын басты талап субъектінің мән бере оқуы, жеке бастың даму диагностикасы, жағдайларды жобалау, ойлы ізденістер диалогі, оқулықтағы тапсырмаларды өмірмен байланыстырып беруі.

Оқу процесіндегі негізгі инновациялық технологиялары:

1. Кейс –технология;
2. WEBтехнология;
3. Компьютерлік технология;
4. Коммуникациялық технология;

5. Ақпараттық технология;
6. Интерактивтік әдіс технологиясы;
7. Мультимедия технологиясы;
8. Телекоммуникация немесе электронды оқыту технологиясы және т.б. жатады.

Қазіргі кезде қала мұғалімдері өз іс-тәжірибесіне блоктік-модульдік, коммуникативті технологиялар, оқу мен жазуды сын тұрғысынан ойлау арқылы дамыту, қазақ тілін өзге ұлт өкілдеріне еуростандарт негізінде оқыту сияқты жаңа технологияларды енгізуде.

Олардың ішінде кейінгі жылдары сабақтарда қолданып жүрген И.Кубаеваның «Қазақ тілін өзге ұлт өкілдеріне еуростандарт негізінде оқыту» технологиясын атап өтуге болады. Педагогика ғылымдарының докторы И.Кубаева аталған технологиясының өзге ұлт өкілдеріне мемлекеттік тілді үйретуде нақты нәтижеге жетуге болатынын атап көрсеткен.

Қазіргі уақытта И.Кубаеваның екінші тілді оқытудағы Ван Ек, Джим Тримнің халықаралық әдістемелері және ұлы педагог Ы.Алтынсариннің тәжірибесін пайдаланған. Аталған әдістеменің ерекшелігі – еуростандарт негізінде жасалуында. Тілдерді оқытудың бұл стандарты әлемге жарты ғасыр бұрын, ал Қазақстанда бірнеше жылдар бұрын әйгілі болған. Стандарттың негізгі принципі – тілді үйретуде лексикалық құрам мен грамматикалық категориялардың санын азайту, мысалы, бастауыш сатыда білім алушының 1500-1600 сөз білгені жеткілікті. Автор барлық қазақ тілі грамматикасын түсінікті, қысқа түрде 35 ережеге (кілттерге) біріктірген. Білім алушы қолындағы 35 грамматикалық кілтпен білімге жол табады. Бұл технология бойынша терминдер, грамматикалық ұғымдар түсіндірілмейді, тек білім алушылар тілдің сол моделін (формасын) есте сақтау үшін тілдік бірліктер кестелер мен модельдер арқылы беріліп отырады. Мысалы: «Ударения всех слов казахского языка падают на последний слог» немесе «если к казахскому слову прибавить окончание *«лар»*, то получишь множественное число. Слово+ -лар = мн. ч.: *балалар*, *аналар*, *апалар*», «Прибавив к нему же- ға, вы получите только направление, и ни при каких условиях ничего другого: *балаға*, *апаға*, *анаға*». Осы тәрізді *-да/-де,та/- те* жалғауларының қай кезде жалғанатыны туралы қысқа ереже беріледі. Мысалы, 5-сынып білім алушыларына суретпен жұмыс жасау кезінде мынадай тапсырма берілді:

1. Жалғауларды дұрыс жалғау арқылы сөйлемдер құра немесе әңгіме жаз (*Балалар стадионға бара жатыр. Стадионда жарыс болады...*),

2. Көпше түр формасын есте сақтағаннан кейін «Хайуанаттар бағында» атты диалог құрастырды (- Мынау аңдардың аты қалай? – Бұл – тауешкілер, ал анау жерде қояндар жүр...) Тапсырманы орындау барысында білім алушылардың ережелерді түсініп, практикада дұрыс қолдана алғандарын байқауға болады. Әр сабақта өткен ережелерді мысал арқылы қайталап, бекітіп отыру дағдыға айналады.

Сондай-ақ тәжірибеге сүйеніп, сөздерді мағынасын ажырату арқылы жаттаудың тиімділігін айта кетуге болады. Мысалы, «желтоқсан – декабрь. Жел

– ветер, тоқсан – девяносто. Значит, впереди нас ожидает девяносто холодных дней». «Қазақ» сөзінің мағынасын: 1) «Қазақ»- «ақ қаз»- белый гусь. Неге ақ қаз? – Баяғыда тыныш отырған елге жау шапты. Сонда қазақ ерлері «ақ қаздарға» ұқсап, ақ киім киіп алып, елін қорғауға шықты. Қазақтар «ақ қазды» және аққуды киелі деп санайды; 2) «Қазақ»- «қас сақ». Неге «қас», «сақ»? Қас-реальный, действительный – деп түсіндіреді.

Ең алғашқы сабақтардың бірінде, И.Кубаева көрсеткендей, қазақ тілін үйренудің кейбір жеңіл де ұтымды сәттерін тандап алған жөн. Олар:

I. Грамматикалық заңдылықтарға тоқталу:

1. Қазақ тілінде *род* категориясының болмауы;

2. Екпіннің тек сөздің соңғы (99,9 %) буынына түсуі;

3. Баяндауыштың сөйлемнің аяғында тұратындығы және негізгі мағынаны беретіндігі;

4. *Приставкалардың* болмауы, олардың ерекше тәсілмен берілетіндігі;

5. *Предлогтердің* мүлдем болмауы, олардың да өзгеше тәсілмен көрсетілетіндігі;

6. «*Кім?*» сұрағының қазақ тілінде тек адам атаулыға ғана қойылатындығы, өзгелердің барлығына «*Не?*» сұрағының қойылатындығы; білім алушыларға «түркі тілін зерттеуші ғалымдар ең жоғарғы тіршілік иесі – адам, оның санасына (разум) байланысты «кім?» деген сұрақ қойылады» деген пікірлерін де қоса айтқан жөн.

7. Қазақ тілінің үндестік заңына бағынатындығы.

II. Орыс тілінде оқытатын мектеп білім алушылары үшін сауатты жазу өте күрделі мәселе. Білім алушылардың диктантта жіберетін қателері қазақ тіліне тән «ұ», «ү», «қ», «ң», «ө», «і» әріптеріне байланысты болып келеді. Осы орайда, И.Кубаеваның келтірген төмендегі кестесі білім алушыларға үндестік заңын оңай түсіндіруге көмектеседі.

Жуан: о ұ а ы қ ғ һ
----- ң

Жіңішке: ө ү ә і е к г

Яғни бірінші қатардағы дыбыстардың екінші қатардағы дыбыстармен араласып кетпейтіндігі айтылады. Қатемен жұмыс сабақтарының бірінде жоғарыдағы кестені пайдаланып, білім алушы өз қатесін былай деп түсіндірді: «Шәкірт – жіңішке сөз, себебі *ә, і* дыбыстары жіңішке дауысты дыбыстар. Олар екінші (жіңішке) қатардың дыбыстары, сондықтан бұл сөзде «қ» емес, «к» әрпі жазылады, ал «білім алушы» сөзі – жуан о,ы,у дыбыстарынан тұрғандықтан, қ әрпі жазылады». 5-сынып білім алушылары жоғарыдағы әріптердің жазылуында да гармония барын аңғарып, көптеген мысалдар келтірді.

III. Өзге ұлт өкілдерінің балаларына қазақ тіліндегі шақ категориясын түсіндіріп, оны практикада дұрыс пайдалана білуді үйретуді аталған автордың технологиясы бойынша оңай жүзеге асыруға болады.

Өткен шақ : основа глагола + -ды/-ді, -ты/- ті

Келер шақ: основа глагола + -а,-е,-й+ -ды/- ді, -ты/-ті

Осы шақ: основа глагола + -ып/-іп или- п + или жатыр, или отыр, или тұр, жүр.

Жоғарыдағы формула тәріздес кестені түсініп алған білім алушылар етістіктерді әр шақта дұрыс қойып, сауатты сөйлеуге талпынады.

Бүгінгі күні Қазақстандағы «Сорос – Қазақстан» жәрдемімен жүзеге асырылып отырған оқытудың американдық үлгірінің бірі – «Оқу мен жазу арқылы сыни тұрғыдан ойлау» технологиясы. Жеке тұлғаның өздігінен жетілуі, білім алушылардың білім стандартын меңгеруі, есте сақтау дағдыларын қалыптастыруы, сөйтіп, жеке іскерлігін дамыту үшін «Оқу және жазу арқылы сыни тұрғыдан ойлау» технологиясын пайдаланған жөн. «Оқу мен жазу арқылы сыни тұрғыдан ойлау» бағдарламасының білгенін өмірде пайдалана алатын шәкірт тәрбиелеуде алатын орны ерекше.

Сыни тұрғыдан ойлау дегеніміз не?

Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлау стратегиялары бойынша жүргізілетін жұмыста: білім алушылардың өздігінен тұжырым жасау; ойын шыңдау, кез келген даму деңгейіне байланысты мәселелерге сыни көзбен қарау; ұқсас құбылыстар арасынан тиімдісін таңдай білу; күрделі мәселелерді шеше білу; пікірталасты жүргізе білу қабілеті қалыптасады.

Осының бәрі өздігінен білім ала білуін, сын тұрғысынан ойлау іскерлігін, кейбір әдістемелік тәсілдерді дағдыға айналдыруын қалыптастырады. Сабақ барысында тақырыпты толық меңгерту үшін сын тұрғысынан ойлау стратегияларының әдіс-тәсілдерін пайдалану.

Сыни тұрғыдан ойлауды дамыту технологиясы үш кезең бойынша жүзеге асады:

1. Қызығушылықты ояту.

Үй. Ассоциациялық қатар жазу. Әрбір топ өз ассоциацияларын атап шығады. Оқытушы ассоциацияларды ақ қағазға түсіріп отырады.

2. Мағынаны ажырату. Мәтінмен жұмыс. Қолданатын стратегия – Инсерт. Кестені толтыру (29-кесте).

29- кесте. Мәтінмен жұмыс

Білемін	Жаңа сөздер	Қарама-қайшылық	Сұрақтар
---------	-------------	-----------------	----------

Кесте бойынша жұмыс жеке-жұпта-топта орындалғаннан кейін әр топтан спикер кестені оқиды.

3. Ой-толғаныс. Ассоциациялық қатарды толықтыру.

Синквейн әдісі (бес жолды өлең құрастыру) «Үй».

Бес жолды өлеңді қорғау. Барлық топ бес жолды өлеңдерін тақтаға іледі. Әр топтан спикер шығып, жұмыстарын қорғайды.

Сын тұрғысынан ойлаудың нәтижелері:

- әдіс түрлері; белсенді практикалық іс-әрекетте болу; басқалармен қарым-қатынас жасай білу; басқаларды тыңдай білу; қажет болса өз көзқарасын өзгерту; топтық тұжырымға келе білу; топ алдына шығып, өз

тұжырымын айта білу; қисынды ойлау қабілеттері; қорғай білу дағдылары қалыптасады.

Мұндай стратегияларды сабақта қолдану жеке тұлғаның дамуына жағдай туғызады.

Сондай-ақ қазақ тілін оқыту әдістемесі туралы сөз болғанда, бұл проблеманың ішінен басқа ұлт өкілдеріне қазақ тілін оқыту мәселесін жеке бөліп қарастырмаса болмайды. Өйткені, қазіргі таңдағы көп жұмыс істеліп, жан-жақты қарастырылып отырған проблема – орыс аудиториясында қазақ тілін оқыту проблемасы. Сонымен қатар, бұл мәселе тілдік коммуникацияның тікелей зерттеу объектісі бола келіп, қазіргі кезеңде өзекті мәселе болып отырған қазақша сөйлеуге үйретудің тиімді жолдарын табуға көмектеседі [22].

Оқыту әдістері – тарихи категория, олар білім беру мазмұны мен мақсатының ауысуына байланысты өзгереді.

Д.Әлімжанов, Ы.Маманов та өз еңбектерінде: «...Қазақ тілін оқыту әдістемесі – қазақ тілін оқытудағы мұғалімдердің озық тәжірибелерінің қорытындыларына негізделген оқыту әдістерінің жиынтығы туралы ғылыми пән», – дей отырып, тілді оқыту әдістемесін жан-жақты қарастырады.

Профессор Н.Құрман: «Қазақ тілін оқытудың қалыптасқан дәстүрінен басқа, ішкі әр саласына байланысты өзіндік ерекшеліктері, өз бедері, өз әдіс-тәсілдері бар. Қазақ тілін оқыту әдістемесі пәні – жалпы түрде қазақ тілін оқыту десек те, іштей оның әрбір саласы өзінің нақты нысанасын бөліп алады. Сондықтан да қазақ тілін оқыту үдерісі өзінің даму жолын, даму бағытын, ішкі және сыртқы даму мүмкіншіліктерін арнайы зерттеу барысында анықтап алуға ұмтылады. Осы айтылғандар әдіснамалық негіздердің болуы қажет екенін дәлелдей алады», – дейді [23].

Қазақ тілін оқыту әдістемесіне жаңа үрдіс алып келген ғалым Ф.Ш.Оразбаеваның 2005 жылы жарық көрген «Тілдік қатынас: теориясы және әдістемесі» атты еңбегінде қатысым әдісін теориялық тұрғыдан одан әрі дамытылып, қазақ тілін үйретудің қағидалары белгіленген.

Бұл жердегі қатысымдық деген сөз коммуникативтік дегенді білдіреді. Ғалым: «Қатысымдық әдіс дегеніміз – білім алушы мен оқытушының тікелей қарым-қатынасы арқылы жүзеге асатын; белгілі бір тілде сөйлеу мәнерін қалыптастыратын, тілдік қатынас пен әдістемелік категорияларына тән басты белгілер мен қағидалардың жүйесінен тұратын; тіл үйретудің тиімді жолдарын тоғыстыра келіп, тілді қарым-қатынас құралы ретінде іс жүзіне асыратын әдістің түрі», – деген анықтама береді. Демек, мұндағы алға қойған озық әдістеріміздің бірі – қатысымдық оқыту болмақ. Қазақ тілін өзге ұлт аудиториясында оқытудағы қатысымдық әдістің алғаш ғылыми негіздемесін жасаған профессор Ф.Ш.Оразбаева оқылым, тыңдалым, жазылым, айтылым, тілдесім процестерінің сөйлеу және ойлау механизмдеріне байланысты аспектілерінің әдістемелік жүйесін қалады.

Қатысымдық әдістің басты белгісінің бірі – тілді үйретуді күнделікті өмірде жүзеге асыру, сабақты практикалық жағынан жан-жақты қамтамасыз ету. Мұнда оқу сырттай немесе жеке ара күйде іске аспайды, адамдардың іс

жүзіндегі өзара іс-әрекеті үстінде, ауызба-ауыз сөйлесуі, тілдесуі арқылы болады.

Ф.Оразбаева еңбегінде: «Тілдік қатынас жүзеге асу үшін, айтылған не жазылған хабардың қабылданып, оған жауап қайтарылуы, яғни істің ортақ атқарылуы басты шарт. «Сөйлесім» осы шартты және ортақ тілдік әрекетті аңғаратын сөз» дей келіп, «Адам не туралы сөйлейтінін, тіл арқылы нені жеткізетіндігін білгенмен, тілді, сол сияқты сөйлеуді өзіне бағындыра алмайды, яғни сөйлесім әрекеті, адамның сөйлеу тілі өзіне тәуелді емес, ол – табиғат берген, жаратылыстан туған күрделі процесс. Адам сөйлеуді жетілдіреді, дамытады, соның заңдылықтарын қарастырады, бірақ сөйлеу тілін өзі жасай алмайды. Осыдан сөйлеудің, тілдің қоғамдық-элеуметтік сипаты аңғарылады. Хабардың қай түрі болса да шындыққа құралу керек, сонда ғана тілдік қатысым өздігінен дамиды және сөйлеу «информацияны қабылдау, оған жауап қайтару, қайта жауап алу) қатысымдық құбылыстың мәнін ашады, адамдар арасындағы байланыс бола алады», деп ой қорытады да, сөйлесім әрекетінің бес түрін «оқылым, жазылым, тыңдалым, айтылым, тілдесім) көрсетеді [24].

Ф.Оразбаева басқа ұлт өкілдеріне қазақ тілін оқыту барысында қолданылатын қатысымдық әдісті өзіндік принциптер арқылы ажыратады. Олар:

1. Тіке байланыс
2. Адамның жеке қабілетін ескеру
- 3.Сөйлесуге үйретуде жүргізілетін жұмыстардың түрлерін айқындау
4. Сатылап даму
5. Динамикалық өзгеру
6. Өзектілік

Қатысымдық әдістің пайдаланудың тиімді жолы – оның тіке байланысқа негізделіп, адаммен – адамның тікелей қарым-қатынасы арқылы тілді үйретуді жүзеге асыруында. Тілді оқытуда үйренуші мен үйретушінің арасында бір-бірімен көзбе-көз кездесу, ауызба-ауыз тілдесу, яғни, тікелей қатынас болмаса, сөйлесім әрекеті де іске аспайды. Тілді үйретуге байланысты қандай бағыт-бағдарды тандап алу керек, оған қатысты орындалатын жұмыстармен тапсырмалар қандай, оны іске асыруда бұл жұмыс түрлерінің алатын орны мен қызметі қандай дегенді анықтап белгілемей, алға қойған мақсатқа жету мүмкін емес.

Ғалым Қ.Қадашева: «Жаңаша жаңғыртып оқыту, жоғары белсенділікті дамыту және деңгейлік оқыту әдістемелерін жоғары дәрежеде дамыту оқытудың техникалық және электронды құралдарын жан-жақты пайдаланғанда ғана толық орындалады», – дейді [25]. Яғни, оқытудың жаңа техникалық және электронды құралдарын тиімді пайдалану оқытушының шеберлігіне байланысты.

Профессор Ә.Исабаев: «Қазақ тілінен білім беру әдістері сан алуан. Осы әдістерді әдістемеде жіктеп көрсетудің мәні зор. Жіктеп көрсетуде, біріншіден, білім алушыға берілетін білімнің сапасы артады, екіншіден, білім алушымен

жүргізілетін жұмыстың дәлдігі нығаяды, үшіншіден, мұғалімнің атқаратын жұмысы жеңілдейді.

Бүгінгі күні мультимедиаға ұсынылған жаңа аудиовизуалдық техникалық құралдар әдістемесі қазақ тілі мұғалімдерінің тілді оқытуға жаңаша қарауын және өз әдістерінің жетілдірілуін талап етеді. Бұдан бірнеше жыл бұрын «оқытудың техникалық құралдары», «лаборатория» ұғымы – үнтаспа, оқу теледидарын пайдаланумен, лингафон кабинетіндегі сабақтармен немесе техникалық және нақты ғылымдар саласындағы зерттеулермен ғана байланысты болып келді, бірақ тілді оқытуда компьютерді, сондай-ақ интернет желісі ресурстарын пайдалануға ешқандай мүмкіндік болмады. Қазір қазақ тілін оқытушылардың қарамағында компьютерлік техниканы қолдануға негізделген ОТҚ-ның (оқытудың техникалық құралдары) бірнеше түрі бар. Ал мұндай күрделі техникалық жүйені меңгеру арнайы дайындықты қажет етеді.

Қазақ тілінен білім беру әдістерін топтастыру әдістемесінің соңғы жетістіктері негізінде төмендегі әдістерге назар аударған жөн:

1. Мұғалімнің түсіндіргенін кітаптан қарау – анықтама, түсініктер, жоспар, конспект, тезис, газет, журнал, сөздікпен, т.б. жұмыстар;

2. Көрнекілік әдіс, экскурсия, таблица, сурет, схема, карточка пайдалану т.б.;

3. Техникалық құралмен жұмыс жүргізу әдісінің бірі – демонстрациялық әдіс: экран бейнесі арқылы диафильм, кино, фрагмент, т.б. Техникалық құралмен жұмыс жүргізу әдісінің тағы бір түрі: кодоскоп, эпидоскоп, компьютермен жұмыс, т.б.;

4. Жаттығу әдісі, ауызша, жазбаша және суретпен жұмыс, тақтамен жұмыс, өздігінен атқаратын жұмыс, қайталау, пысықтау кезінде ұлттық ойын элементтерін пайдалану жұмысы;

5. Проблемалық оқыту әдісі. Проблемалық оқыту әдісі білім алушылардың өздігінен еңбек етуіне, алған білімін жаңа тілдік материалдармен ұштастыра білуге үйретіп сол пәнге қызығушылығын арттырады.

Жалпы тілді үйренудің ғалымдар үш жүйесі бар екенін атап өткен.

Олар:

1. *Тілді тікелей үйрету әдісі.* Білім алушылардың өз ана тілінің фактілеріне сүйенбей, басқа тілді тікелей үйрену деген сөз, яғни түрлі көрнекіліктер, экскурсиялардың көмегімен сөйлеу тілін үйретеді. Аталған әдістің пайдалы жағы осы, ал кемшілігі – білім алушыны ана тіліне сүйенбей оқытады. Тіл үйренуде мұндай әдіс қиындық келтіреді, өйткені білім алушы басқа тілді ең алдымен өз тіліне аудару (ойша болса да) жолымен үйренеді.

2. *Аударма әдісі.* Білім алушының ана тілі арқылы іске асады. Білім алушы екі тілдің фактілерін салыстырады, бір тілден екінші тілге аударарды.

3. *Аралас әдіс.* Тілді тікелей үйрену әдісінде ауызша жаттығу жұмысы бірінші орында болып, ал кітаппен жұмыс ең соңында болса, салыстырмалы әдісте жазбаша жаттығу жұмысы (мәтінмен, кітаппен жұмыс) қатар жүріп отырады, грамматикалық ерекшеліктерге де көңіл аударылады. Демек, кітаптан оқып үйренген және оның мағынасына түсінетін білім алушыға сол тілдің

сөйлеу тілін (ауызекі) үйрену қиынға түспейді. Дегенмен, тілді тікелей үйрену мен сөйлеу тілін де қатар үйренген әлдеқайда тиімді екенін өмір өзі көрсетіп отыр. Сондықтан көптеген мамандар қай тілді болмасын аралас әдіс арқылы үйренген тиімді деп есептейтін.

Алайда қазіргі таңда өзекті болып отырған «тілді аудармасыз» оқыту немесе «тікелей әдіс» мәселесі талай оқытушы-ғалымдарды ойландырып жүргені сөзсіз. Әрине, бұл орынды да. Себебі, Қазақстанда тұрып, қазақ тілін үйренем деушілер саны жылдан-жылға көбейіп бара жатқандығы да жалған факті емес. Осындай үдерісте елімізде өзге ұлт өкілдеріне қазақ тілінде білім беруге машықтанған мамандар қаншалықты деген ой мазалайды? Қазақ тілді мамандардың әлемдік тілдерді оқыту әдістемесін меңгеру деңгейі қандай? Тілді үйретуде қаншалықты бәсекеге қабілетті мамандарға үміт арта аламыз? Осы ретте мазалаған осы сұрақтың жауабын іздестіріп көрсек. Әрине, тілді меңгертуде түрлі әдіс-тәсілдерді пайланатындығымызды білеміз. Оқыту әдісінің мәні, әдіс және тәсілдерінің арақатынасында. Сондықтан, «Қалай оқыту керек?» дейтін дәстүрлі дидактикалық сұрақ заңды түрде оқыту әдісінің категориясын шығарады. Жалпы әдіс – жоспарланған мақсат пен соңғы нәтиженің арасын байланыстыратын оқу процесінің өзегі болып табылады. Оның жүйедегі айқындаушы рөлін «мақсат – мазмұн – форма – оқыту әдісінің құралдары» көрсететіндігі белгілі.

Сонымен, қазақ тілін оқыту мәселесіне тоқталу үшін оқыту қазақ тілінде жүргізілмейтін мектептерде қазақ тілін оқыту ерекшеліктерін қарастырып өтейік.

Тіл адамдардың ойын білдіретін, пікір алысатын, бірін-бірі түсінуге қажетті, бір-бірімен қатынасты жүзеге асыратын тілдесу құралы болғандықтан, тілді оқытудың өзіндік ерекшеліктері болатындығы белгілі. Тіл тек тілдесу құралы ғана емес, ол – тіл иесі халықтың мәдениетін, ұлттық ерекшелігін білдіретін құрал. Сондықтан кез келген тілді өзге ұлт өкіліне меңгерту белгілі бір нақты мақсатты көздеп; соған байланысты туындайтын міндеттерді шешуге бағытталады.

Әлемдік әдістеме ілімінде тілді өзге ұлтқа үйрету үшін қалыптасқан «деңгейлік оқыту» ұғымыпайда болған. «Деңгей» сөзі термин ретінде алғаш кезде тек математика ғылымында аталып жүрген. Математикада бұл термин «өлшеу құралын», «шаманы» белгілейді. Деңгейлік идеясы шет елдерде педагогика ғылымына 1920 жылдың басында енген екен. Кейіннен бұл терминге Еуропалық елдері ерекше көңіл бөле отырып, деңгейді тілді екінші тіл ретінде оқытуға қолдану жолдарын қарастыра бастады.

1991 жылы Швейцарияның Рюшликон қаласында өткізілген тілді меңгерудің жалпыевропалық компетенцияларын жасау мәселелері қарастырылған Үкіметаралық симпозиумда бастау алып, Еуропаның барлық елдері мен Ресейде тестіден өткізілген «Жалпыевропалық тілдік қоржын» (European Language Portfolio) бағдарламасына назар аударылды. «Жалпыевропалық тілдік қоржын» – тілдік дамудың деңгейін бағалауға қойылатын келісілген ортақ талаптарды сипаттайды», – деп көрсетеді [32].

Қазіргі кезде тілді оқытудың білім мен коммуникативтік біліктілік деңгейін анықтайтын өлшемдер әлемдік әдістемеде ұсынылып, деңгейлер өлшемі талданды. Олардың әрқайсысының өзіндік ерекшеліктері бар. Яғни, Еуропалық деңгей жүйесін дайындау барысында көптеген мемлекеттерде түрлі зерттеулер жүргізіліп, әдістемесі іс жүзінде байқаудан өткізілді де, нәтижесінде тілді үйренгені және меңгерілгендігі туралы деңгейлер белгіленді. Бұл жүйе үш ірі – А, В, С деңгейінен тұрады және әрбір ірі деңгейі кіші деңгейге бөлінеді. Деңгейлердің осылай бөлінуі әрбір адамның тілді қандай деңгейде үйренгенін көрсетеді.

Тілдерді оқытуда қолданатын әдістер

Тілдерді оқытуда «Имитациялық ойынды» қолдану. Имитациялық ойын сабақтарына мыналар жатады: іскерлік ойындар, машиналық модельдердегі ойын сабақтары және дизайн, жеке және инновациялық ойындар, «контурлық» іскерлік ойындар және жағдайларды модельдеу, ұйымдастырушылық-белсенділік, іздеу-тестілеу, проблемалық-бағытталған, рөлдік педагогикалық және басқарушылық ойындар.

Имитациялық емес ойынға мыналар жатады: нақты жағдайларды талдау, баллинт тобы, топтық психотерапия, топтық және жеке жаттығулар, имитациялық жаттығу, кейс-технология, миға шабуыл, нақты жағдайларды шешу, синектика, ситуациялық әдістер, ситуациялық талдау және оқу-жаттығу тобы.

Имитациялық емес сабаққа мыналар жатады: топтық консультациялар, дискуссия (топтық дискуссия, дебат, пікірталас-сайыс, сараптама тобының отырысы, коллоквиум, «дөңгелек үстел» әдісі, «сұрақ – жауап» әдісі, «клиника» әдісі, «лабиринтті» әдісі, эстафеталар, миға шабуыл, қиылысты пікірталас, прогрессивті дискуссия, рәсім «ақырын талқылау», пікірталас, симпозиум, синдикат, сот отырысы, тақырыптық пікірталас, оқу, дау-диалог форумы өтті), ойын-жаттығу, ұжымдық шығармашылық қызметі, 101 кеңес беру (топтық, жеке), лекция (бинарлы дәріс, интерактивті дәріс, дәріс-визуализация, диалог-дәріс, кеңес- дәріс, дәріс-пресс-конференция, арандату дәрісі, проблемалық дәріс).
5. Мәтін бойынш а сұрақ тар құрас тыра білу	5.2.5.1 мәтін мазмұнын түсінуге, нақты ақпараттарды анықтауға бағытталған сұрақтар құрастыру	6.2.5.1 мәтіннен негізгі және қосымша ақпаратты, көтерілген мәселені анықтауға бағытталған нақтылау сұрақтарын құрастыру	7.2.5.1 мәтін бойынша проблемалық сұрақтар құрастыру	8.2.5.1 перифразаның түрлі тәсілдерін қолдана отырып, мәтін бойынша сұрақтар құрастыру	9.2.5.1 мәтінде көтерілген мәселеге оқырманның қарым- қатынасын анықтауға арналған талқылау сұрақтарын құрастыру
6. Оқы лым strate гияла рын қолда ну	5.2.6.1 оқылым стратегияларын қолдану: жалпы мазмұнын түсіну үшін оқу, нақты ақпаратты табу үшін оқу	6.2.6.1 оқылым стратегияларын қолдану: комментарий жасау, іріктеп оқу, рөлге бөліп оқу	7.2.6.1 оқылым стратегияларын қолдану: комментарий жасау, іріктеп оқу, зерттеп оқу	8.2.6.1 оқылым стратегияларын қолдану: комментарий жасау, іріктеп оқу, талдап оқу	9.2.6.1 белгілі бір мақсат үшін оқылым стратегия ларын тиімді қолдана білу
7. әртүрлі ресурс	5.2.7.1 энциклопедия лар, балаларға	6.2.7.1 энциклопе дия, сөздік,	7.2.7.1 ғаламтор, энциклопедия,	8.2.7.1 ғаламтор, энциклопедия,	9.2.7.1 ғаламтор, энциклопе

көздерін ен қажетті ақпарат алу	арналған газет-журналдардан қажетті ақпаратты ала білу	балаларға арналған газет-журналдардан қажетті ақпараттарды алу, авторына сілтеме жасау	газет-журналдар, оқулықтардан алынған деректерді қолдану, авторына сілтеме жасау	газет-журналдар, оқулықтардан алынған деректерді дәлел ретінде қолдану, авторына сілтеме жасау	дия, газет-журналдар, оқулықтар, ғылыми еңбектерден алынған деректерді дәлел ретінде қолдану, авторына сілтеме жасау
---------------------------------	--	--	--	--	--

3) жазылым:

	5-сынып	6-сынып	7-сынып	8-сынып	9-сынып
1. Жоспар құру	5.3.1.1 берілген мәтінге сәйкес кіріспе, негізгі және қорытынды бөлімдерді қамтитын қарапайым жоспар құру	6.3.1.1 әртүрлі жанрдағы мәтіндерді жазу үшін құрылымын ескере отырып, қарапайым жоспар құру	7.3.1.1 әртүрлі жанрдағы мәтіндерді жазу үшін құрылымын ескере отырып, күрделі жоспар құру	8.3.1.1 тақырып бойынша материал жинақтап, тезистік жоспар құру	9.3.1.1 жинақталған материалдар негізінде көзделген мақсатқа сәйкес ауызша және жазбаша мәтіндер үшін күрделі жоспар құру
2. Әртүрлі жанрда мәтіндер құрастыру	5.3.2.1 жанрлық ерекшеліктері не сай ресімделуі мен құрылымын сақтап, хат, жарнама, хабарландыру құрастырып жазу	6.3.2.1 жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай құрылымын сақтай отырып, мінездеме, құттықтау, өмірбаян құрастырып жазу	7.3.2.1 жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай көркемдегіш құралдарды орынды қолданып, шағын мақала, нұсқаулық, әңгіме құрастырып жазу	8.3.2.1 жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай тілдік құралдарды орынды қолданып, мақала, аннотация, тезис құрастырып жазу	9.3.2.1 мақсатты аудиторияның қызығушылығын ынталандыру үшін әртүрлі жанрда мәтіндер құрастыру
3. Жазба жұмыстарын әртүрлі формада ұсыну	5.3.3.1 сюжетті суреттердің (фотосуреттер) желісі бойынша әңгіме құрастыру	6.3.3.1 ұсынылған тақырып бойынша деректер жинақтай отырып, графиктік мәтін (диаграмма, кесте, сызба) түрінде құрастыру	7.3.3.1 мәтін құрылымын (кіріспе бөлім, жалпы мәлімет беру, детальді мәлімет беру) сақтай отырып, графиктік мәтін (шартты белгі, сурет, сызба) түрінде берілген процесті сипаттап жазу	8.3.3.1 мәтін құрылымын сақтай отырып, графиктік мәтіндегі (диаграмма, кесте) деректердің маңызды тұстарын анықтап жазу	9.3.3.1 мәтін құрылымын сақтай отырып, бірнеше графиктік мәтіндегі (диаграмма, кесте) деректерді салыстыру, маңызды тұстары мен үрдістерді (тенденция) анықтап жазу
4. Эссе жазу	5.3.4.1 эссенің кіріспе, негізгі, қорытынды бөлімдерін сақтай отырып, өзіне таныс адамды,	6.3.4.1 эссе тақырыбынан ауытқымай, абзац түрлерін жүйелі құрастырып,	7.3.4.1 эссе құрылымы мен даму желісін сақтап, тақырыпқа байланысты берілген мәселенің оңтайлы шешілу	8.3.4.1 эссе құрылымы мен даму желісін сақтап, мәселе бойынша ұсынылған шешімнің	9.3.4.1 эссе құрылымы мен даму желісін сақтап, көтерілген мәселе бойынша

	белгілі бір мекен мен оқиғаны сипаттап не суреттеп жазу	көтерілген мәселе бойынша келісу-келіспеу себептерін айқын көрсетіп жазу («келісу, келіспеу» эссесі)	жолдары немесе себептеріне өз көзқарасын жазу (дискуссивті эссе)	артықшылығы мен кемшілік тұстарын салыстыру, өз ойын дәлелдеп жазу (аргументативті эссе)	екіжақты пікірді немесе жағдаятты талқылау, біреуіне таңдау жасап, өз ойын дәлелдеп жазу (аргументативті эссе)
5. Оқылым және тыңдалым материялдары негізінде жинақы мәтін (компрессия) жазу	5.3.5.1 оқылым және тыңдалым материалдары бойынша негізгі ақпараттарды сақтай отырып, жинақы мәтін жазу	6.3.5.1 оқылым және тыңдалым материалдары бойынша негізгі ойды білдіретін сөйлемдерді іріктей отырып, жинақы мәтін жазу	7.3.5.1 оқылым және тыңдалым материалдары бойынша тірек сөздер мен сөз тіркестерін синонимдік қатармен ауыстыра отырып, жинақы мәтін жазу	8.3.5.1 оқылым және тыңдалым материалдары бойынша мәтіннің баяндау желісін сақтап, әр бөлігінен алынған ақпараттардан жинақы мәтін (аннотация, тезис) жазу	9.3.5.1 оқылым және тыңдалым материалдары бойынша автордың негізгі ойын сақтай отырып, перифраз тәсілдері арқылы жинақы мәтін (аннотация, тезис) жазу
6. Мәтіндерді түзету және редакциялау	5.3.6.1 мәтіндегі орфографиялық қателерді сөздіктерге сүйене отырып, түзету және редакциялау	6.3.6.1 мәтіндегі орфографиялық және пунктуациялық қателерді сөздіктерге, емле ережелеріне сүйеніп, түзету, редакциялау	7.3.6.1 мәтіндегі сөздердің тақырыпқа сай орынды қолданылуын тексеру, синонимдік қатармен ауыстыра отырып, лексикалық түзетулер енгізу, редакциялау	8.3.6.1 БАҚ материалдары негізінде стильдік ауытқуларды, орынсыз қолданылған сөз оралымдарын талдап, стильдік түзетулер жасау, редакциялау	9.3.6.1 жазба жұмысын абзацтар мен бөліктерге бөлу, ойын (ақпарат, идея) дұрыс жүйелеп, логикалық түзетулер енгізу, редакциялау

5) әдеби тіл нормаларын сақтау:

1. Орфографиялық норма	5.4.1.1 қазақ тілінің дыбыстар жүйесін, үндестік заңын, емлелік ерекшеліктерін ескере отырып, орфографиялық нормаға сай жазу	6.4.1.1 тақырып бойынша жеке сөздер, бірге, бөлек және дефис арқылы жазылатын сөздерді орфографиялық нормаға сай жазу	7.4.1.1 жалғаулар мен шылаулардың ерекшелігін ескере отырып, үндестік заңына сәйкес орфографиялық нормаға сай жазу	8.4.1.1 тақырып бойынша бас әріппен жазылатын күрделі-құрама атауларды орфографиялық нормаға сай жазу	9.4.1.1 мәнмәтін бойынша тілдік бірліктерді орфографиялық нормаға сай жазу
2. Орфоэпиялық норма	5.4.2.1 сөз ішіндегі және сөз аралығындағы ілгерінді, кейінді және тоғыспалы ықпал заңдылықтарына сәйкес айта білу	6.4.2.1 екпіннің түрлерін (сөз екпіні, тіркес екпіні, логикалық екпін) сөз және сөйлем ішінде орынды қолдану	7.4.2.1 сөйлеу тіліндегі интонация, кідіріс, логикалық екпіннің мәнін түсініп қолдану	8.4.2.1 сөйлеу ағымындағы интонацияның құрамдас бөліктері: әуен, әуез, тембр, қарқын, кідірісті сөйлеу мәнеріне сай қолдану	-
3. Лексика	5.4.3.1 тура және	6.4.3.1 көнерген сөз,	7.4.3.1 фразеологизм,	8.4.3.1 сөздік қор және	9.4.3.1 стильдік

лық норма	ауыспалы мағыналы сөздерді, көп мағыналы сөздер, омоним, антоним, синонимдерді көркемдік ерекшеліктері не сай қолдану	эвфемизм, дисфемизм, неологизм, термин, диалект сөз, кәсіби сөз, табу сөздердің қолданыс аясын түсіну және ажырата білу	мақал-мәтелдердің эмоционалды мәнін, көркемдік ерекшеліктерін түсініп қолдану	сөздік құрам ерекшеліктерін түсініп қолдану	ерекшелік терге сай тілдік бірліктерді дұрыс қолдана білу
4. Грамматикалық норма	5.4.4.1 жұрнақ арқылы жасалған туынды сөздерді және күрделі сөздерді ауызша және жазбаша тілдесім барысында қолдану; 5.4.4.2 зат есімдердің мағыналық түрлерін мәнмәтін аясында жалғаулар арқылы түрлендіріп қолдану; 5.4.4.3 сын есімдердің, шырай түрлерінің көркемдік ерекшелігін тану, сын есімді зат есім орнына қолдана білу; 5.4.4.4 сан есімнің мағыналық түрлерін ажырата білу, сан есімді зат есім орнына қолдана білу; 5.4.4.5 төл сөз, төлеу сөз, автор сөзінің жасалу жолдарын, қызметін білу, төл сөзді төлеу сөзге айналдыру	6.4.4.1 сөйлемдегі есімдіктің қызметін түсіну, есімдікті зат есім, сын есімнің орнына қолдану; 6.4.4.2 етістіктің етіс түрлері мен салт-сабақты етістіктердің тіркесімдік мүмкіндігін ауызша және жазбаша тілдесім барысында қолдану; 6.4.4.3 үстеудің мағыналық түрлерін ажырату, синонимдік қатарларын түрлендіріп қолдану	7.4.4.1 етістіктің есімше, көсемше, тұйық етістік, шақ, рай түрлерін тілдесім барысында қолдану; 7.4.4.2 еліктеуіш сөздердің мәнмәтіндегі қолданысын түсіну. 7.4.4.3 шылау түрлерін ажырата білу, орынды қолдану; 7.4.4.4 одағай түрлерін ажырата білу, қолдану; 7.4.4.5 оқшау сөздердің қызметін түсіну, ажырата білу	8.4.4.1 сөз тіркесінің байланысу тәсілдері мен түрлері, есімді, етістікті сөз тіркестерін ажырату, қолдану; 8.4.4.2 тұрлаулы және тұрлаусыз сөйлем мүшелерінің сөйлем жасаудағы өзіндік орнын, қызметін түсініп қолдану; 8.4.4.3 сөйлем ішінде бірінғай мүшелер мен айқындауыш мүшелерді қолдана білу; 8.4.4.4 жай сөйлемдерді айтылу мақсаты мен құрылымдық ерекшелігіне сай қолдану	9.4.4.1 құрмалас сөйлем жасалу жолдарын, түрлерін білу; 9.4.4.2 салалас құрмалас сөйлемдердің мағыналық түрлерін ажырата білу, түрлендіріп қолдану; 9.4.4.3 сабақтас құрмалас сөйлемдердің мағыналық түрлерін ажырата білу, түрлендіріп қолдану; 9.4.4.4 аралас құрмалас сөйлемдердің жасалу жолдарын білу, қолдану
5. Пунктуациялық норма	5.4.5.1 төл сөз, төлеу сөз, автор сөзінің тыныс белгілерін дұрыс қолдану	6.4.5.1 қазақ тіліндегі тыныс белгілерінің түрлері мен қызметін (даралаушы) түсіну, дұрыс қолдану	7.4.5.1 сөйлем соңында және сөйлем ішінде қойылатын тыныс белгілерін (даралаушы және ерекшелеуші) дұрыс қолдану	8.4.5.1 сөйлем соңында қабаттасып қойылатын тыныс белгілерін дұрыс қолдану	9.4.5.1 құрмалас сөйлемнің тыныс белгілерін (даралау шы, ерекшелеуші, ойдың аражігін ажырата тын) ережеге сай қолдану

Оқу бағдарламасы негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9-сыныптарына арналған «Қазақ тілі» оқу пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасының ұзақ мерзімді жоспарына сәйкес жүзеге асырылады. Ұзақ мерзімді жоспарда барлық сынып бойынша әр тарауда қамтылуы тиіс оқу мақсаттарының көлемі белгіленген.

Тоқсандағы бөлімдер мен бөлімдер ішіндегі тақырыптар бойынша сағат сандарын бөлу мұғалімнің еркіне қалдырылады.

Жалпы орта білім беру деңгейінің жаратылыстану-математикалық бағыттағы 10-11-сыныптарына арналған жаңартылған мазмұндағы «Қазақ тілі» пәнінің ерекшеліктері

Қазақ тілі пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

10-сынып – аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағатты;

11-сынып – аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағатты құрайды.

Оқу мақсаттары мұғалім мен білім алушыларға болашақ қадамдары жөнінде өзара ой бөлісуге, оларды жоспарлау мен бағалауға мүмкіндік беретін бірізділік пен сабақтастықты көрсететін 4 бөлімнен тұрады:

- 1) тыңдалым және айтылым;
- 2) оқылым;
- 3) жазылым.
- 4) әдеби тіл нормасы

«Тыңдалым және айтылым» бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

- 1) болжау;
- 2) әртүрлі жанрдағы мәтіндерді талдау;
- 3) негізгі ойды анықтау;
- 4) тыңдалым материалы бойынша сұрақтар құрастыру және бағалау;
- 5) сөйлеу мәдениетін дамыту;

«Оқылым» бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

- 1) ақпаратты түсіну;
- 2) мәтіннің стильдік ерекшелігін тану;
- 3) мәтіннің жанрлық ерекшелігін ажырату;
- 4) мәтіндерге салыстырмалы талдау жасау;
- 5) мәліметтерді өңдей білу;
- 6) әртүрлі ресурс көздерінен қажетті ақпарат алу.

«Жазылым» бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

- 1) әртүрлі ресурс көздерінен қажетті ақпарат алу;
- 2) жазба жұмыстарын әртүрлі формада ұсыну;
- 3) эссе жазу;
- 4) оқылым және тыңдалым материалдары негізінде жинақы мәтін жазу;
- 5) шығармашылық жұмыс;
- 6) мәтіндерді түзету және редакциялау;

Әдеби тіл нормасы бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

- 1) орфография;

- 2) орфоэпия.
- 3) лексика
- 4) грамматика
- 5) пунктуация

Оқу пәнінің 10 - сыныптағы базалық мазмұны:

1) тыңдалым және айтылым: мәтін үзінділері бойынша болжам жасау, өз біліміне сүйеніп тақырыпты жалғастыру; мамандандырылған тар аядағы арнайы мәтіндердегі (дәріс, интервью, пікірталас, мақала) мақсатты аудиторияға арналған терминдер мен ұғымдарды, тілдік оралымдарды талдау; тыңдалған мәтіндегі ақпаратты ғаламдық мәселелермен байланыстыра білу; мәтінде көтерілген мәселені (қоғамдық - саяси) талдай отырып, негізгі ойды анықтау; мәтінде көтерілген мәселеге автор мен оқырманның қарым – қатынасын ескере отырып, сұрақтар құрастыру және бағалау; коммуникативтік жағдаятқа сай көпшілік алдында тиісті сөйлеу әдебін сақтай отырып, дұрыс сөйлеу тілінің лексикалық, фонетикалық – морфологиялық, синтаксистік ерекшеліктерін ажыратып, орынды қолдану;

2) оқылым: әртүрлі графиктік мәтіндердегі (кесте, диаграмма, сызба, шартты белгі) мәліметтерді талдау, негізгі үрдістерді анықтау; ғылыми - көпшілік және публицистикалық стильді тілдік құралдар арқылы тану (терминдер, тілдік оралымдар, өзге стиль элементтері); әртүрлі стильдегі мәтіндердің жанрлық ерекшеліктерін таба білу; ауызекі сөйлеудің стильдік бедерін дұрыс қолдану; публицистикалық шығарма тілінің стильдік бедерін дұрыс қолдана білу; ресми ісқағаздары тілінің сөз бедерін дұрыс қолдана білу; көркем әдебиет тілінің сөз бедерін дұрыс қолдана білу; әртүрлі стильдегі мәтіндердің тақырыбын, мақсатты аудиторияға сәйкес қызметін, құрылымын, тілдік ерекшелігін салыстыра талдау (фонетикалық деңгей, лексикалық деңгей, морфологиялық деңгей, синтаксистік деңгей негізінде); мәтіндегі негізгі ойды анықтау, көтерілген мәселеге баға беріп, мәліметтер мен пікірлерді өңдей білу; белгілі бір мақсат үшін оқылым стратегияларын жүйелі қолдана білу; БАҚ, энциклопедиялық, ғылыми – көпшілік деректерді ала білу, сілтеме жасау жолдарын білу;

3) жазылым: жоспар түрлерін құру (қарапайым, күрделі, тезистік); ауызекі сөйлеу стилінде әлеуметтік жағдайларға сай мәтін құрастыру; ресми қарым - қатынас аясында ресми құжат түрлерін жазу: сенімхат, кепілхат, өтінім, тапсырыс, келісімшарт, еңбек шарты, шарт, еңбек келісімі және т.б.мәтіндер құрастыру; ғылыми стильдің стильдік және жанрлық ерекшеліктерін ескере отырып, баяндама, мақала, лекция, баяндама тезистері, аннотация, түйіндеме, рецензия мәтіндер құрастыру; публицистикалық стильдің стильдік және жанрлық ерекшеліктерін ескере отырып, мақала, репортаж, сұхбат, ақпарат, информациялық хабар, очерк, памфлет жазу; көркем әдебиет стилінің стильдік және жанрлық ерекшеліктерін ескере отырып мәтіндер құрастыру (таңдау бойынша); мәтін құрылымын сақтай отырып, әртүрлі графиктік мәтіндегі деректерді салыстырып, маңызды тұстары мен үрдістерді талдап жазу; эссе түрлерінің құрылымын сақтай отырып, көтерілген мәселе бойынша өзіндік

пікір жаза білу; оқылым және тыңдалым материалдары бойынша негізгі ақпаратты іріктей отырып, түртіп жазу (конспектілеу); әртүрлі тақырып бойынша көркемдегіш құралдарды ұтымды қолданып, шығармашылық жұмыстар (өлең, хат, әңгіме, шығарма) ұсына білу; жазба жұмысын абзац пен бөліктерге бөлу, ойын (ақпарат, идея) дұрыс жүйелеп, логикалық және стильдік түзетулер енгізу, редакциялау;

4) әдеби тіл нормалары: орфографиялық нормаға сай жазу; сөздерді фонетикалық принцип негізінде жазу; сөздерді морфологиялық - фонематикалық принцип негізінде жазу; сөздерді тарихи - дәстүрлік принцип негізінде жазу; сөйлем соңында қойылатын тыныс белгілерді дұрыс қою (нүкте, сұрау белгісі, леп белгісі, көп нүкте); сөйлем ішінде қойылатын тыныс белгілерді дұрыс қою (үтір, нүктелі үтір, жақша, қос нүкте, тырнақша, сызықша).

Оқу пәнінің 11-сыныптағы базалық мазмұны:

1) тыңдалым және айтылым: мәтін үзінділері бойынша болжам жасау, тиісті ақпаратты анықтай білу; мамандандырылған тар аядағы арнайы мәтіндердегі (дәріс, интервью, пікірталас, мақала, бейнебаян) мақсатты аудиторияға арналған терминдер мен ұғымдарды, тілдік оралымдарды, мәтін үзінділерін талдау; тыңдалған мәтіндегі ақпаратты ғаламдық (отандық) мәселелермен байланыстыра білу, салыстыру; мәтінде көтерілген мәселені, автор позициясын (қоғамдық - саяси, ғылыми) талдай отырып, негізгі ойды анықтау; мәтінде көтерілген мәселеге автор мен оқырманның қарым - қатынасын ескере отырып, талқылау сұрақтарын құрастыру және сыни тұрғыда бағалау; коммуникативтік жағдаятқа сай көпшілік алдында дұрыс сөйлеу, тыңдаушыларға ықпал ете білу, шешен сөйлеу; сөйлеу тілінің лексикалық, фонетикалық – морфологиялық, синтаксистік ерекшеліктерін ажыратып, орынды қолдану;

2) оқылым: әртүрлі графикалық мәтіндердегі (кесте, диаграмма, сызба, шартты белгі) мәліметтерді салыстырып талдау, негізгі үрдістерді анықтау; таза ғылыми және публицистикалық стильдерін тілдік құралдар арқылы тану (терминдер, ұғымдар, шартты белгілер, синтаксистік құрылымы); әртүрлі стильдегі мәтіндердің жанрлық ерекшеліктерін таба білу; ауызекі сөйлеудің стильдік бедерін дұрыс қолдану; публицистикалық шығарма тілінің стильдік бедерін дұрыс қолдана білу; ресми ісқағаздары тілінің сөз бедерін дұрыс қолдана білу; көркем әдебиет тілінің сөз бедерін дұрыс қолдана білу; Әртүрлі стильдегі мәтіндердің тақырыбын, автор көзқарасын, мақсатты аудиторияға сәйкес қызметін, құрылымын, тілдік ерекшелігін салыстыра талдау (фонетикалық деңгей, лексикалық деңгей, морфологиялық деңгей, синтаксистік деңгей негізінде); мәтіндегі негізгі ойды анықтау, берілген мәліметтер мен пікірлерді өңдеу және толықтыру; белгілі бір мақсат үшін оқылым стратегияларын жүйелі қолдана білу; БАҚ, энциклопедиялық, ғылыми - көпшілік, ғылыми еңбектерден деректерді ала білу, сілтеме жасау, дәйексөз келтіру жолдарын білу;

3) жазылым: жоспар түрлерін құру (күрделі, тезистік, тірек-схема түріндегі жоспар); ауызекі сөйлеу стилінде әлеуметтік жағдайларға сай мәтін құрастыру; ресми қарым - қатынас аясында ресми құжат түрлерін жазу: сенімхат, кепілхат, өтінім, тапсырыс, келісімшарт, еңбек шарты, шарт, еңбек келісімі, мәтіндер құрастыру; ғылыми стильдің стильдік және жанрлық ерекшеліктерін ескере отырып, баяндама, мақала, лекция, баяндама тезистері, аннотация, түйіндеме, рецензия, мәтіндер құрастыру; публицистикалық стильдің стильдік және жанрлық ерекшеліктерін ескере отырып, мақала, репортаж, сұхбат, ақпарат, информациялық хабар, очерк, памфлет жазу; көркем әдебиет стилінің стильдік және жанрлық ерекшеліктерін ескере отырып мәтіндер құрастыру (таңдау бойынша); мәтін құрылымын сақтай отырып, әртүрлі графиктік мәтіндегі деректерді салыстырып, маңызды тұстары мен үрдістерді талдап жазу, өзіндік тұжырым жасау; көтерілген мәселе бойынша академиялық тұрғыдан эссе жаза білу, мәселенің артықшылықтары мен кемшіліктерін талдап жазу; оқылым және тыңдалым материалдары бойынша түртіп жазудың (конспектілеудің) әртүрлі жолдарын меңгеру арқылы негізгі ақпаратты іріктеу; әртүрлі тақырып бойынша көркемдегіш құралдарды ұтымды қолданып, шығармашылық жұмыстар (өлең, әңгіме, естелік, шығарма) ұсына білу; жазба жұмысын абзац пен бөліктерге бөлу, ойын (ақпарат, идея) дұрыс жүйелеп, логикалық және стильдік түзетулер енгізу, редакциялау;

4) әдеби тіл нормалары: мәнмәтін бойынша тілдік бірліктерді қазіргі орфографиялық нормаға сай жазу; сөздерді фонетикалық принцип негізінде жазу; сөздерді морфологиялық-фонематикалық принцип негізінде жазу; сөздерді тарихи-дәстүрлік принцип негізінде жазу; сөйлеу ағымындағы интонацияның құрамдас бөліктері: әуен, әуез, тембр, қарқын, кідірісті сөйлеу мәнеріне сай қолдану; әлеуметтік-саяси шешендік қатынас аясында сөз әдеби мен сөйлеу мәнерін дұрыс қолдану; мәтін нормаларын сақтап жазу (мәтін құрылымы, абзац, мәтін бөліктері, тақырып); мәтін және мәтін үзінділері деңгейінде тыныс белгілерін қолдана білу.

Оқу мақсаттарының жүйесі

Бағдарламада «оқу мақсаттары» төрт саннан тұратын кодтық белгімен белгіленді. Кодтық белгідегі бірінші сан сыныпты, екінші және үшінші сандар бөлім және бөлімше ретін, төртінші сан бөлімшедегі оқу мақсатының реттік нөмірін көрсетеді. Мысалы, 10.2.1.4. кодында «10» - сынып, «2.1» - екінші бөлімнің бірінші бөлімшесі, «4» - оқу мақсатының реттік саны.

Оқу мақсаттарының жүйесі бөлім бойынша әр сыныпқа берілген:

1) тыңдалым және айтылым:

Білім алушылар...		
	10-сынып	11-сынып
1. Болжау	10.1.1.1 - мәтін үзінділері бойынша болжам жасау, өз біліміне сүйеніп тақырыпты жалғастыру	11.1.1.1 - мәтін үзінділері бойынша болжам жасау, тиісті ақпаратты анықтай білу
2. Әртүрлі жанрдағы мәтіндерді талдау	10.1.2.1 - мамандандырылған тар аядағы арнайы мәтіндердегі (дәріс, интервью, пікірталас, мақала) мақсатты аудиторияға арналған	11.1.2.1 - мамандандырылған тар аядағы арнайы мәтіндердегі (дәріс, интервью, пікірталас, мақала, бейнебаян) мақсатты аудиторияға арналған терминдер мен

	терминдер мен ұғымдарды, тілдік оралымдарды талдау	ұғымдарды, тілдік оралымдарды, мәтін үзінділерін талдау
3. Негізгі ойды анықтау	10.1.3.1 - мәтінде көтерілген мәселені (қоғамдық –саяси) талдай отырып, негізі ойды анықтау және ғаламдық мәселелермен байланыстыру	11.1.3.1 - мәтінде көтерілген мәселені (қоғамдық –саяси, ғылыми) талдай отырып, негізі ойды анықтау және ғаламдық мәселелермен салыстыру
4. Тындалым материалы бойынша сұрақтар құрастыру және бағалау	10.1.4.1 - мәтінде көтерілген мәселеге автор мен оқырманның қарым - қатынасын ескере отырып, сұрақтар құрастыру және бағалау	11.1.4.1 - мәтінде көтерілген мәселеге автор мен оқырманның қарым - қатынасын ескере отырып, талқылау сұрақтарын құрастыру және сыни тұрғыда бағалау
5. Сөйлеу мәдениетін дамыту	10.1.5.1 - коммуникативтік жағдаятқа сай көпшілік алдында тиісті сөйлеу әдебін сақтай отырып, дұрыс сөйлеу.	11.1.5.1 - коммуникативтік жағдаятқа сай көпшілік алдында дұрыс сөйлеу, тыңдаушыларға ықпал ете білу, шешен сөйлеу.

2) ОҚЫЛЫМ:

Білім алушылар...		
	10-сынып	11-сынып
1. Ақпаратты түсіну	10.2.1.1 - әртүрлі графиктік мәтіндердегі (кесте, диаграмма, сызба, шартты белгі) мәліметтерді талдау, негізгі үрдістерді анықтау	11.2.1.1 - әртүрлі графиктік мәтіндердегі (кесте, диаграмма, сызба, шартты белгі) мәліметтерді салыстырып талдау, негізгі үрдістерді анықтау
2. Мәтіннің стильдік ерекшелігін тану	10.2.2.1 - ғылыми - көпшілік стильді тілдік құралдар арқылы тану (терминдер, тілдік оралымдар, өзге стиль элементтері)	11.2.2.1 - таза ғылыми стильді тілдік құралдар арқылы тану (терминдер, ұғымдар, шартты белгілер, синтаксистік құрылымы)
3. Мәтіннің жанрлық ерекшелігін ажырату	10.2.3.1 - көпшілікке арналған дәріс, интервью, мақала, очерктің құрылымы мен рәсімделуін білу, жанрлық ерекшеліктерін талдау.	11.2.3.1 - таза ғылыми стильдегі дәріс, интервью, мақала, баяндама, тезис, аннотация, рецензияның құрылымы мен рәсімделуін білу, жанрлық ерекшеліктерін талдау.
4. Мәтіндерге салыстырмалы талдау жасау	10.2.4.1 - әртүрлі стильдегі (ғылыми, ресми іс - қағаздар, публицистикалық, көркем әдебиет, ауызекі сөйлеу стилі) мәтіндердің тақырыбын, мақсатты аудиторияға сәйкес қызметін, құрылымын, тілдік ерекшелігін салыстыра талдау	11.2.4.1 - әртүрлі стильдегі (ғылыми, ресми іс - қағаздар, публицистикалық, көркем әдебиет, ауызекі сөйлеу стилі) мәтіндердің тақырыбын, автор көзқарасын, мақсатты аудиторияға сәйкес қызметін, құрылымын, тілдік ерекшелігін салыстыра талдау
5. Мәліметтерді өңдей білу	10.2.5.1 - мәтіндегі негізгі ойды анықтау, көтерілген мәселеге баға беріп, мәліметтер мен пікірлерді өңдей білу	11.2.5.1 - мәтіндегі негізгі ойды анықтау, берілген мәліметтер мен пікірлерді өңдеу және толықтыру
6. Әртүрлі ресурс көздерінен қажетті ақпарат алу	10.2.6.1 - БАҚ, энциклопедиялық, ғылыми - көпшілік, ғылыми еңбектерден деректерді ала білу, сілтеме жасау жолдарын білу	11.2.6.1 - БАҚ, энциклопедиялық, ғылыми - көпшілік, ғылыми еңбектерден деректерді ала білу, сілтеме жасау жолдарын білу, дәйексөз келтіру

3) жазылым:

Білім алушылар...		
	10 - сынып	11 - сынып

1. Өртүрлі жанрда мәтіндер құрастыру	10.3.1.1 - ғылыми - көпшілік стильдің жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай тілдік құралдарды орынды қолданып, мақала, интервью, нұсқаулық жазу.	11.3.1.1 - таза ғылыми стильдің жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай тілдік құралдарды орынды қолданып, мақала, интервью, тезис, аннотация, рецензия жазу.
2. Жазба жұмыстарын өртүрлі формада ұсыну	10.3.2.1 - мәтін құрылымын сақтай отырып, өртүрлі графиктік мәтіндегі деректерді салыстырып, маңызды тұстары мен үрдістерді талдап жазу	11.3.2.1 - мәтін құрылымын сақтай отырып, өртүрлі графиктік мәтіндегі деректерді салыстырып, маңызды тұстары мен үрдістерді талдап жазу, өзіндік тұжырым жасау
3. Эссе жазу	10.3.3.1 - қажетті клишелер мен лексикалық құрылымдарды қолданып, көтерілген мәселе бойынша өз ойын дәлелдеп эссе жазу («келісу, келіспеу» эссесі, дискуссивті эссе, аргументативті эссе)	11.3.3.1 - қажетті ақпараттарды орынды қолданып, көтерілген мәселе бойынша өз ойын дәлелдеп эссе жазу («келісу, келіспеу» эссесі, дискуссивті эссе, аргументативті эссе)
4. Оқылым және тыңдалым материалдары негізінде жинақы мәтін жазу	10.3.4.1 - оқылым және тыңдалым материалдары бойынша негізгі ақпаратты іріктей отырып, түртіп жазу (конспектілеу)	11.3.4.1 - оқылым және тыңдалым материалдары бойынша түртіп жазудың (конспектілеудің) өртүрлі жолдарын меңгеру арқылы негізгі ақпаратты іріктеу
5. Шығармашылық жұмыс	10.3.5.1 - өртүрлі тақырып бойынша көркемдегіш құралдарды ұтымды қолданып, шығармашылық жұмыстар (өлең, хат, әңгіме, шығарма) ұсына білу	11.3.5.1 - өртүрлі тақырып бойынша көркемдегіш құралдарды ұтымды қолданып, шығармашылық жұмыстар (өлең, әңгіме, естелік, шығарма) ұсына білу
6. Мәтіндерді түзету және редакциялау	10.3.6.1 - жазба жұмысын абзац пен бөліктерге бөлу, ойын (ақпарат, идея) дұрыс жүйелеп, логикалық және стильдік түзетулер енгізу, редакциялау	11.3.6.1 - жазба жұмысын абзац пен бөліктерге бөлу, ойын (ақпарат, идея) дұрыс жүйелеп, логикалық және стильдік түзетулер енгізу, редакциялау

4) әдеби тіл нормасы:

Білім алушылар...		
	10 - сынып	11 - сынып
1. Орфографиялық норма	10. 4.1.1 – мәнмәтін бойынша тілдік бірліктерді орфографиялық нормаға сай жазу	11.4.1.1 - мәнмәтін бойынша тілдік бірліктерді орфографиялық нормаға сай жазу
2. Орфоэпиялық норма	10. 4.2.1 - сөйлеу ағымындағы интонацияның құрамдас бөліктері: әуен, әуез, тембр, қарқын, кідірісті сөйлеу мәнеріне сай қолдану	11.4.2.1 - сөйлеу ағымындағы интонацияның құрамдас бөліктері: әуен, әуез, тембр, қарқын, кідірісті сөйлеу мәнеріне сай қолдану
3. Лексикалық норма	10.4.3.1 - белгілі бір тақырып аясында сөздерді іріктеп, түрлендіріп, талғаммен қолдана білу	11.4.3.1 - белгілі бір тақырып аясында тілдегі көркемдік құралдарды орынды пайдалану: көркемдеу, айшықтау, дәлелдеу, сөздерді сұрыптайбілу(образды - эстетикалық)
4. Грамматикалық норма	10. 4.4.1 - сөзжасамдық және синтаксистік нормаларды сақтай білу	11.4.4.1 - мәтін нормаларын сақтап жазу (мәтін құрылымы, абзац, мәтін бөліктері, тақырып)
5. Пунктуациялық норма	10. 4.5.1 - сөйлем және мәтін деңгейінде тыныс белгілерін қолдана білу	11.4.5.1 - мәтін және мәтін үзінділері деңгейінде тыныс белгілерін қолдана білу

Осы оқу бағдарламасы қосымшада берілген жалпы орта білім беру деңгейінің жаратылыстану – математикалық бағытындағы 10-11- сыныптарға арналған «Қазақ тілі» оқу пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасының Ұзақ мерзімді жоспарына сәйкес жүзеге асырылады.

Тоқсандағы бөлімдер және бөлімдер ішіндегі тақырыптар бойынша сағат сандарын бөлу мұғалімнің еркіне қалдырылады.

Жалпы орта білім беру деңгейінің қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы 10-11-сыныптарына арналған жаңартылған мазмұндағы «Қазақ тілі» пәнінің ерекшеліктері

Қазақ тілі пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

10-сынып – аптасына 2 сағат, оқу жылында 68 сағат;

11-сынып – аптасына 2 сағат, оқу жылында 68 сағат.

Оқу мақсаттары мұғалім мен білім алушыларға болашақ қадамдары жөнінде өзара ой бөлісуге, оларды жоспарлау мен бағалауға мүмкіндік беретін бірізділік пен сабақтастықты көрсететін 4 бөлімнен тұрады:

5) тыңдалым және айтылым;

6) оқылым;

7) жазылым.

8) әдеби тіл нормасы

«Тыңдалым және айтылым» бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

1) болжау;

2) әртүрлі жанрдағы мәтіндерді талдау;

3) негізгі ойды анықтау;

4) тыңдалым материалы бойынша сұрақтар құрастыру және бағалау;

5) сөйлеу мәдениетін дамыту;

«Оқылым» бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

1) ақпаратты түсіну;

2) мәтіннің стильдік ерекшелігін тану;

3) мәтіннің жанрлық ерекшелігін ажырату;

4) мәтіндерге салыстырмалы талдау жасау;

5) мәліметтерді өңдей білу;

6) әртүрлі ресурс көздерінен қажетті ақпарат алу.

«Жазылым» бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

7) әртүрлі ресурс көздерінен қажетті ақпарат алу;

8) жазба жұмыстарын әртүрлі формада ұсыну;

9) эссе жазу;

10) оқылым және тыңдалым материалдары негізінде жинақы мәтін жазу;

11) шығармашылық жұмыс;

12) мәтіндерді түзету және редакциялау;

Әдеби тіл нормасы бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

б) орфография;

7) орфоэпия.

8) лексика

9) грамматика

10) пунктуация

Оқу пәнінің 10-сыныптағы базалық мазмұны:

1) тыңдалым және айтылым: мәтін үзінділері бойынша болжам жасау, өз біліміне сүйеніп тақырыпты жалғастыру; мамандандырылған тар аядағы арнайы мәтіндердегі (дәріс, интервью, пікірталас, мақала) мақсатты аудиторияға арналған терминдер мен ұғымдарды, тілдік оралымдарды талдау; тыңдалған мәтіндегі ақпаратты ғаламдық мәселелермен байланыстыра білу; мәтінде көтерілген мәселені (қоғамдық-саяси) талдай отырып, негізгі ойды анықтау; мәтінде көтерілген мәселеге автор мен оқырманның қарым-қатынасын ескере отырып, сұрақтар құрастыру және бағалау; коммуникативтік жағдаятқа сай көпшілік алдында тиісті сөйлеу әдебін сақтай отырып, дұрыс сөйлеу тілінің лексикалық, фонетикалық-морфологиялық, синтаксистік ерекшеліктерін ажыратып, орынды қолдану;

2) оқылым: әртүрлі графикалық мәтіндердегі (кесте, диаграмма, сызба, шартты белгі) мәліметтерді талдау, негізгі үрдістерді анықтау; ғылыми-көпшілік және публицистикалық стильді тілдік құралдар арқылы тану (терминдер, тілдік оралымдар, өзге стиль элементтері); әртүрлі стильдегі мәтіндердің жанрлық ерекшеліктерін таба білу; ауызекі сөйлеудің стильдік бедерін дұрыс қолдану; публицистикалық шығарма тілінің стильдік бедерін дұрыс қолдана білу; ресми ісқағаздары тілінің сөз бедерін дұрыс қолдана білу; көркем әдебиет тілінің сөз бедерін дұрыс қолдана білу; әртүрлі стильдегі мәтіндердің тақырыбын, мақсатты аудиторияға сәйкес қызметін, құрылымын, тілдік ерекшелігін салыстыра талдау (фонетикалық деңгей, лексикалық деңгей, морфологиялық деңгей, синтаксистік деңгей негізінде); мәтіндегі негізгі ойды анықтау, көтерілген мәселеге баға беріп, мәліметтер мен пікірлерді өңдей білу; белгілі бір мақсат үшін оқылым стратегияларын жүйелі қолдана білу; БАҚ, энциклопедиялық, ғылыми-көпшілік деректерді ала білу, сілтеме жасау жолдарын білу;

3) жазылым: жоспар түрлерін құру (қарапайым, күрделі, тезистік); ауызекі сөйлеу стилінде әлеуметтік жағдайларға сай мәтін құрастыру; ресми қарым-қатынас аясында ресми құжат түрлерін жазу: сенімхат, кепілхат, өтінім, тапсырыс, келісімшарт, еңбек шарты, шарт, еңбек келісімі және т.б.мәтіндер құрастыру; ғылыми стильдің стильдік және жанрлық ерекшеліктерін ескере отырып, баяндама, мақала, лекция, баяндама тезистері, аннотация, түйіндеме, рецензия және мәтіндер құрастыру; публицистикалық стильдің стильдік және жанрлық ерекшеліктерін ескере отырып, мақала, репортаж, сұхбат, ақпарат, информациялық хабар, очерк, памфлет жазу; көркем әдебиет стилінің стильдік және жанрлық ерекшеліктерін ескере отырып мәтіндер құрастыру (таңдау бойынша); мәтін құрылымын сақтай отырып, әртүрлі графикалық мәтіндегі деректерді салыстырып, маңызды тұстары мен үрдістерді талдап жазу; эссе түрлерінің құрылымын сақтай отырып, көтерілген мәселе бойынша өзіндік

пікір жаза білу; оқылым және тыңдалым материалдары бойынша негізгі ақпаратты іріктей отырып, түртіп жазу (конспектілеу); әртүрлі тақырып бойынша көркемдегіш құралдарды ұтымды қолданып, шығармашылық жұмыстар (өлең, хат, әңгіме, шығарма) ұсына білу; жазба жұмысын абзац пен бөліктерге бөлу, ойын (ақпарат, идея) дұрыс жүйелеп, логикалық және стильдік түзетулер енгізу, редакциялау;

4) әдеби тіл нормалары: орфографиялық нормаға сай жазу; сөздерді фонетикалық принцип негізінде жазу; сөздерді морфологиялық-фонематикалық принцип негізінде жазу; сөздерді тарихи-дәстүрлік принцип негізінде жазу; сөйлем соңында қойылатын тыныс белгілерді дұрыс қою (нүкте, сұрау белгісі, леп белгісі, көп нүкте); сөйлем ішінде қойылатын тыныс белгілерді дұрыс қою (үтір, нүктелі үтір, жақша, қос нүкте, тырнақша, сызықша).

Оқу пәнінің 11-сыныптағы базалық мазмұны:

1) тыңдалым және айтылым: мәтін үзінділері бойынша болжам жасау, тиісті ақпаратты анықтай білу; мамандандырылған тар аядағы арнайы мәтіндердегі (дәріс, интервью, пікірталас, мақала, бейнебаян) мақсатты аудиторияға арналған терминдер мен ұғымдарды, тілдік оралымдарды, мәтін үзінділерін талдау; тыңдалған мәтіндегі ақпаратты ғаламдық (отандық) мәселелермен байланыстыра білу, салыстыру; мәтінде көтерілген мәселені, автор позициясын (қоғамдық-саяси, ғылыми) талдай отырып, негізгі ойды анықтау; мәтінде көтерілген мәселеге автор мен оқырманның қарым-қатынасын ескере отырып, талқылау сұрақтарын құрастыру және сыни тұрғыда бағалау; коммуникативтік жағдаятқа сай көпшілік алдында дұрыс сөйлеу, тыңдаушыларға ықпал ете білу, шешен сөйлеу; сөйлеу тілінің лексикалық, фонетикалық-морфологиялық, синтаксистік ерекшеліктерін ажыратып, орынды қолдану;

2) оқылым: әртүрлі графиктік мәтіндердегі (кесте, диаграмма, сызба, шартты белгі) мәліметтерді салыстырып талдау, негізгі үрдістерді анықтау; таза ғылыми және публицистикалық стильдерін тілдік құралдар арқылы тану (терминдер, ұғымдар, шартты белгілер, синтаксистік құрылымы); әртүрлі стильдегі мәтіндердің жанрлық ерекшеліктерін таба білу; ауызекі сөйлеудің стильдік бедерін дұрыс қолдану; публицистикалық шығарма тілінің стильдік бедерін дұрыс қолдана білу; ресми ісқағаздары тілінің сөз бедерін дұрыс қолдана білу; көркем әдебиет тілінің сөз бедерін дұрыс қолдана білу; әртүрлі стильдегі мәтіндердің тақырыбын, автор көзқарасын, мақсатты аудиторияға сәйкес қызметін, құрылымын, тілдік ерекшелігін салыстыра талдау (фонетикалық деңгей, лексикалық деңгей, морфологиялық деңгей, синтаксистік деңгей негізінде); мәтіндегі негізгі ойды анықтау, берілген мәліметтер мен пікірлерді өңдеу және толықтыру; белгілі бір мақсат үшін оқылым стратегияларын жүйелі қолдана білу; БАҚ, энциклопедиялық, ғылыми-көпшілік, ғылыми еңбектерден деректерді ала білу, сілтеме жасау, дәйексөз келтіру жолдарын білу;

3) жазылым: жоспар түрлерін құру (күрделі, тезистік, тірек-схема түріндегі жоспар); ауызекі сөйлеу стилінде әлеуметтік жағдайларға сай мәтін

құрастыру; ресми қарым-қатынас аясында ресми құжат түрлерін жазу: сенімхат, кепілхат, өтінім, тапсырыс, келісімшарт, еңбек шарты, шарт, еңбек келісімі және т.б.мәтіндер құрастыру; ғылыми стильдің стильдік және жанрлық ерекшеліктерін ескере отырып, баяндама, мақала, дәріс, баяндама тезистері, аннотация, түйіндеме, рецензия мәтіндер құрастыру; публицистикалық стильдің стильдік және жанрлық ерекшеліктерін ескере отырып, мақала, репортаж, сұхбат, ақпарат, ақпараттық хабар, очерк, памфлет жазу; көркем әдебиет стилінің стильдік және жанрлық ерекшеліктерін ескере отырып мәтіндер құрастыру (таңдау бойынша); мәтін құрылымын сақтай отырып, әртүрлі графиктік мәтіндегі деректерді салыстырып, маңызды тұстары мен үрдістерді талдап жазу, өзіндік тұжырым жасау; көтерілген мәселе бойынша академиялық тұрғыдан эссе жаза білу, мәселенің артықшылықтары мен кемшіліктерін талдап жазу; оқылым және тыңдалым материалдары бойынша түртіп жазудың (конспектілеудің) әртүрлі жолдарын меңгеру арқылы негізгі ақпаратты іріктеу; әртүрлі тақырып бойынша көркемдегіш құралдарды ұтымды қолданып, шығармашылық жұмыстар (өлең, әңгіме, естелік, шығарма) ұсына білу; жазба жұмысын абзац пен бөліктерге бөлу, ойын (ақпарат, идея) дұрыс жүйелеп, логикалық және стильдік түзетудер енгізу, редакциялау;

4) әдеби тіл нормалары: мәнмәтін бойынша тілдік бірліктерді қазіргі орфографиялық нормаға сай жазу; сөздерді фонетикалық принцип негізінде жазу; сөздерді морфологиялық-фонематикалық принцип негізінде жазу; сөздерді тарихи-дәстүрлік принцип негізінде жазу; сөйлеу ағымындағы интонацияның құрамдас бөліктері: әуен, әуез, тембр, қарқын, кідірісті сөйлеу мәнеріне сай қолдану; әлеуметтік-саяси шешендік қатынас аясында сөз әдеби мен сөйлеу мәнерін дұрыс қолдану; мәтін нормаларын сақтап жазу (мәтін құрылымы, абзац, мәтін бөліктері, тақырып); мәтін және мәтін үзінділері деңгейінде тыныс белгілерін қолдана білу.

Оқу мақсаттарының жүйесі

Бағдарламада «оқу мақсаттары» төрт саннан тұратын кодтық белгімен белгіленді. Кодтық белгідегі бірінші сан сыныпты, екінші және үшінші сандар бөлім және бөлімше ретін, төртінші сан бөлімшедегі оқу мақсатының реттік нөмірін көрсетеді. Мысалы, 10.2.1.4. кодында «10» - сынып, «2.1» - екінші бөлімнің бірінші бөлімшесі, «4» - оқу мақсатының реттік саны.

Оқу мақсаттарының жүйесі бөлім бойынша әр сыныпқа берілген:

1) тыңдалым және айтылым:

Білім алушылар...		
	10-сынып	11-сынып
1. Болжау	10.1.1.1 - . мәтін үзінділері бойынша болжам жасау, өз біліміне сүйеніп тақырыпты жалғастыру	11.1.1.1 - мәтін үзінділері бойынша болжам жасау, тиісті ақпаратты анықтай білу
2. Әртүрлі жанрдағы мәтіндерді талдау	10.1.2.1- мамандандырылған тар аядағы арнайы мәтіндердегі (дәріс, интервью, пікірталас, мақала) мақсатты аудиторияға арналған терминдер мен ұғымдарды, тілдік оралымдарды талдау	11.1.2.1 - мамандандырылған тар аядағы арнайы мәтіндердегі (дәріс, интервью, пікірталас, мақала, бейнебаян) мақсатты аудиторияға арналған терминдер мен ұғымдарды, тілдік оралымдарды, мәтін үзінділерін талдау

3. Мәтіннен ақпаратты анықтау	10.1.3.3-тыңдалған мәтіндегі ақпаратты ғаламдық мәселелермен байланыстыра білу, астарлы ойды анықтау	11.1.3.3- тыңдалған мәтіндегі ақпаратты ғаламдық (отандық) мәселелермен байланыстыра білу, салыстыру, факті мен көзқарасты ажырата білу
4. Негізгі ойды анықтау	10.1.4.1- мәтінде көтерілген мәселені (қоғамдық-саяси) талдай отырып, негізгі ойды анықтау және ғаламдық мәселелермен байланыстыру	11.1.4.1- мәтінде көтерілген мәселені, автор позициясын (қоғамдық-саяси, ғылыми) талдай отырып, негізгі ойды анықтау
5. Тыңдалым материалы бойынша сұрақтар құрастыру және бағалау	10.1.5.1 - мәтінде көтерілген мәселеге автор мен оқырманның қарым-қатынасын ескере отырып, сұрақтар құрастыру және бағалау	11.1.5.1 - мәтінде көтерілген мәселеге автор мен оқырманның қарым-қатынасын ескере отырып, талқылау сұрақтарын құрастыру және сыни тұрғыда бағалау
6. Сөйлеу мәдениетін дамыту	10.1.6.1 - коммуникативтік жағдаятқа сай көпшілік алдында тиісті сөйлеу әдебін сақтай отырып, дұрыс сөйлеу	11.1.6.1 - коммуникативтік жағдаятқа сай көпшілік алдында дұрыс сөйлеу, тыңдаушыларға ықпал ете білу, шешен сөйлеу

2) ОҚЫЛЫМ:

Білім алушылар...		
	10-сынып	11-сынып
1. Ақпаратты түсіну	10. 2.1.1 - әртүрлі графиктік мәтіндердегі (кесте, диаграмма, сызба, шартты белгі) мәліметтерді талдау, негізгі үрдістерді анықтау	11.2.1.1 - әртүрлі графиктік мәтіндердегі (кесте, диаграмма, сызба, шартты белгі) мәліметтерді салыстырып талдау, негізгі үрдістерді анықтау
2. Мәтіннің стильдік ерекшелігін тану	10.2.2.1 - ғылыми-көпшілік және публицистикалық стильді тілдік құралдар арқылы тану (терминдер, тілдік оралымдар, өзге стиль элементтері)	11.2.2.1 - таза ғылыми стильді тілдік құралдар арқылы тану (терминдер, ұғымдар, шартты белгілер, синтаксистік құрылымы)
3. Мәтіннің жанрлық ерекшелігін ажырату	10.2.3.1 – көпшілікке арналған дәріс, интервью, мақала, очерктің құрылымы мен рәсімделуін білу, жанрлық ерекшеліктерін талдау	11.2.3.1 – таза ғылыми стильдегі дәріс, интервью, мақала, баяндама, тезис, аннотация, рецензияның құрылымы мен рәсімделуін білу, жанрлық ерекшеліктерін талдау
4. Мәтіндерге салыстырмалы талдау жасау	10.2.4.1- әртүрлі стильдегі (ғылыми, ресми іс-қағаздар, публицистикалық, ауызекі сөйлеу, көркем әдебиет стилі) мәтіндердің тақырыбын, мақсатты аудиторияға сәйкес қызметін, құрылымын, тілдік ерекшелігін салыстыра талдау	11.2.4.1 - әртүрлі стильдегі (ғылыми, ресми іс-қағаздар, публицистикалық, ауызекі сөйлеу, көркем әдебиет стилі) мәтіндердің тақырыбын, автор көзқарасын, мақсатты аудиторияға сәйкес қызметін, құрылымын, тілдік ерекшелігін салыстыра талдау
5. Мәліметтерді өңдей білу	10.2.5.1 - мәтіндегі негізгі ойды анықтау, көтерілген мәселеге баға беріп, мәліметтер мен пікірлерді өңдей білу	11.2.5.1 - мәтіндегі негізгі ойды анықтау, берілген мәліметтер мен пікірлерді өңдеу және толықтыру
6. Оқылым стратегияларын қолдану	10.2.6.1 - белгілі бір мақсат үшін оқылым стратегияларын жүйелі қолдана білу	11. 2.6.1 - белгілі бір мақсат үшін оқылым стратегияларын жүйелі қолдана білу
7. Әртүрлі ресурс көздерінен қажетті ақпарат алу	10. 2.7.1 - БАҚ, энциклопедиялық, ғылыми-көпшілік деректерді ала білу, сілтеме жасау жолдарын білу	11.2.7.1 - БАҚ, энциклопедиялық, ғылыми-көпшілік, ғылыми еңбектерден деректерді ала білу, сілтеме жасау, дәйексөз келтіру жолдарын білу

3) жазылым:

Білім алушылар...

	10-сынып	11-сынып
1. Жоспар құру	10.3.1.1-жоспар түрлерін құру (қарапайым, күрделі, тезистік)	11.3.1.1 -жоспар түрлерін құру (күрделі, тезистік, тірек-схема түріндегі жоспар)
2. Әртүрлі жанрда мәтіндер құрастыру	10.3.2.1 - ғылыми-көпшілік стильдің жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай тілдік құралдарды орынды қолданып, мақала, интервью, нұсқаулық жазу	11.3.2.1 -таза ғылыми стильдің жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай тілдік құралдарды орынды қолданып, мақала, интервью, тезис, аннотация, рецензия жазу
3. Жазба жұмыстарын әртүрлі формада ұсыну	10.3.3.1 - мәтін құрылымын сақтай отырып, әртүрлі графикалық мәтіндегі деректерді салыстырып, маңызды тұстары мен үрдістерді талдап жазу	11.3.3.1- мәтін құрылымын сақтай отырып, әртүрлі графикалық мәтіндегі деректерді салыстырып, маңызды тұстары мен үрдістерді талдап жазу, өзіндік тұжырым жасау
4. Эссе жазу	10.3.4.1 - қажетті клишелер мен лексикалық құрылымдарды қолданып, көтерілген мәселе бойынша өз ойын дәлелдеп эссе жазу («келісу, келіспеу» эссесі, дискуссивті эссе, аргументативті эссе)	11.3.4.1 - қажетті ақпараттарды орынды қолданып, көтерілген мәселе бойынша өз ойын дәлелдеп эссе жазу (дискуссивті эссе, аргументативті эссе)
5. Оқылым және тыңдалым материалдары негізінде жинақы мәтін жазу	10.3.5.1 - оқылым және тыңдалым материалдары бойынша негізгі ақпаратты іріктей отырып, түртіп жазу (конспекттеу)	11.3.5.1 - оқылым және тыңдалым материалдары бойынша түртіп жазудың (конспекттеудің) әртүрлі жолдарын меңгеру арқылы негізгі ақпаратты іріктеу
6. Шығармашылық жұмыс	10.3.6.1 - әртүрлі тақырып бойынша көркемдегіш құралдарды ұтымды қолданып, шығармашылық жұмыстар (өлең, хат, әңгіме, шығарма) ұсына білу	11.3.6.1 - әртүрлі тақырып бойынша көркемдегіш құралдарды ұтымды қолданып, шығармашылық жұмыстар (өлең, әңгіме, естелік, шығарма) ұсына білу
7. Мәтіндерді түзету және редакциялау	10.3.7.1 - жазба жұмысын абзац пен бөліктерге бөлу, ойын (ақпарат, идея) дұрыс жүйелеп, логикалық және стильдік түзетулер енгізу, редакциялау	11.3.7.1 - жазба жұмысын абзац пен бөліктерге бөлу, ойын (ақпарат, идея) дұрыс жүйелеп, логикалық және стильдік түзетулер енгізу, редакциялау

4) әдеби тіл нормасы:

Білім алушылар...		
	10-сынып	11-сынып
1. Орфографиялық норма	10. 4.1.1- мәнмәтін бойынша тілдік бірліктерді орфографиялық нормаға сай жазу	11.4.1.1-мәнмәтін бойынша тілдік бірліктерді орфографиялық нормаға сай жазу
2. Орфоэпиялық норма	10. 4.2.1 - сөйлеу ағымындағы интонацияның құрамдас бөліктері: әуен, әуез, тембр, қарқын, кідірісті сөйлеу мәнеріне сай қолдану	11.4.2.1 - сөйлеу ағымындағы интонацияның құрамдас бөліктері: әуен, әуез, тембр, қарқын, кідірісті сөйлеу мәнеріне сай қолдану
3. Лексикалық норма	10.4.3.1 - белгілі бір тақырып аясында сөздерді іріктеп, түрлендіріп, талғаммен қолдана білу	11.4.3.1- белгілі бір тақырып аясында тілдегі көркемдік құралдарды орынды пайдалану: көркемдеу, айшықтау, дәлелдеу, сөздерді сұрыптай білу (образды-эстетикалық)
4. Грамматикалық норма	10. 4.4.1- сөзжасамдық және синтаксистік нормаларды сақтай білу	11.4.4.1- мәтін нормаларын сақтап жазу (мәтін құрылымы, абзац, мәтін бөліктері, тақырып)
5. Пунктуациялық норма	10. 4.5.1- сөйлем және мәтін деңгейінде тыныс белгілерін қолдана білу	11.4.5.1- мәтін және мәтін үзінділері деңгейінде тыныс белгілерін қолдана білу

Осы оқу бағдарламасы қосымшада берілген жалпы орта білім беру деңгейінің жаратылыстану-математикалық бағытындағы 10-11-сыныптарға арналған «Қазақ тілі» оқу пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасының Ұзақ мерзімді жоспарына сәйкес жүзеге асырылады.

Тоқсандағы бөлімдер және бөлімдер ішіндегі тақырыптар бойынша сағат сандарын бөлу мұғалімнің еркіне қалдырылады.

«Қазақ әдебиеті» пәнін оқытудың ерекшеліктері

«Қазақ әдебиеті» пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

- 5-сынып – аптасына 2 сағат, оқу жылында – 68 сағат;
- 6-сынып – аптасына 2 сағат, оқу жылында – 68 сағат;
- 7-сынып – аптасына 2 сағат, оқу жылында – 68 сағат;
- 8-сынып – аптасына 3 сағат, оқу жылында – 102 сағат;
- 9-сынып – аптасына 3 сағат, оқу жылында – 102 сағат.

«Қазақ әдебиеті» пәндік білімнің мазмұны бөлімдерге бөлінген: түсіну және жауап беру, анализ және интерпретация, бағалау және салыстырмалы анализ, сонымен қатар, дағдыларды қалыптастыратын бөлімшелерден тұрады. Бағдарламаның бұл бөлімі пән бойынша оқу мақсаттарынан тұрады.

«Түсіну және жауап беру» бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

- 1) көркем шығарма мазмұны мен пішіні;
- 2) әдеби шығарманың тұжырымдамасы;
- 3) көркем шығармадағы образ;
- 4) шығарма үзінділерімен жұмыс.

«Анализ және интерпретация» бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

- 1) әдеби шығарманың композициясы;
- 2) автор бейнесі;
- 3) көркем шығарманың тілі;
- 4) шығармашылық жұмыс.

«Бағалау және салыстыру» бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

- 1) тарихи және көркемдік құндылығы;
- 2) заманауилығы мен жаңашылдығы;
- 3) әдеби эссе;
- 4) әдеби сын.

5-сыныпқа арналған «Қазақ әдебиеті» пәнінің базалық білім мазмұны:

1) түсіну және жауап беру:

әдеби шығарманың фабуласы мен сюжеттік дамуы, кейіпкерлер портреті мен образы, шағын көлемді үзінділерді мәнерлеп оқу, жатқа айту, әдеби шығарманың тақырыбы мен идеясы;

2) анализ және интерпретация:

салыстыра суреттеулер мен қарама-қарсы суреттеулерді табу, шығармадағы тілдік бейнелеу: теңеу, эпитет, ауыспалы мағынадағы сөздер, қайталау, өлең құрылысы, эпикалық шығармадағы автор бейнесі, көркем шығармадан алған әсерін сипаттап авторға хат, өлең жазу;

3) бағалау және салыстыру:

шығарманың тарихи құндылығын бағалау, кейіпкерлерді шынайы өмірмен салыстырып бағалау, әдеби эссе, сыни хабарлама жазу.

Оқытылатын көркем шығармалар тізімі:

1) «Керкұла атты Кендебай» ертегісі;

2) «Қобыланды батыр» жыры;

3) Асан қайғы «Асан қайғының жерге айтқан сыны» аңызы;

4) Дулат Бабатайұлы «О, Ақтан жас, Ақтан жас» өлеңі;

5) Ыбырай Алтынсарин «Қыпшақ Сейітқұл», «Атымтай Жомарт», «Дүние қалай етсең табылады?» әңгімелері;

6) Ахмет Байтұрсынұлы «Егіннің бастары» мысалы, «Адамдық диқаншысы» өлеңі;

7) Бердібек Соқпақбаев «Менің атым Қожа» хикаяты;

8) Марат Қабанбай «Бауыр» әңгімесі;

9) Тынымбай Нұрмағамбетов «Анасын сағынған бала» әңгімесі;

10) Нұрдәулет Ақыш «Нағыз әже қайда?» әңгімесі;

11) Джек Лондон «Мексика ұлы» әңгімесі.

6-сыныпқа арналған «Қазақ әдебиеті» пәнінің базалық білім мазмұны:

1) түсіну және жауап беру:

әдеби шығарманың жанрын, фабуласын, сюжетін анықтау, шығармада көтерілген әлеуметтік-қоғамдық мәселе, идеясы, кейіпкерлердің типтерін тек тұрғысынан сипаттау, көркем шығармалардан орта көлемді үзінділерді мәнерлеп оқу, жатқа айту;

туған өлкенің табиғаты және тарихы сипатталатын поэтикалық, прозалық шығармаларды білу; туған өлкеге арналған бір өлеңді жатқа мәнерлеп оқу, өлкетану аясында прозалық үзінділер жазудың алғашқы дағдыларын меңгеру;

2) анализ және интерпретация:

шығарма композициясындағы белгілі бір эпизодтың алатын маңызына негіздеме жасау, әдеби көркемдегіш құралдарды пайдаланып шығармадағы табиғат көрінісін, оқиға орнын, кейіпкер бейнесін сипаттап жазу, шығармадағы көркем ауыстырулар: метафора, кейіптеу, метонимия, гипербола, литота, аллегория, антитеза, градация, арнау;

туған өлкенің ақындары мен жазушыларының шығармашылығы туралы деректер жинау және презентация дайындау. Мәтіннің ақпараттылық, оның көркемдік, тілдік ерекшеліктері негізінен өлкетану сипаттамаларын талдау;

3) бағалау және салыстыру:

кейіпкерлерді өзара салыстыру, тарихи және көркемдік құндылығына баға беру, кейіпкерлер жүйесінің заманауи жаңашылдығын өзара салыстырып баға беру, әдеби эссе жазу, сыни хабарлама жасау.

Оқытылатын көркем шығармалар тізімі:

1) «Аяз би» ертегісі;

2) «Алып Ер Тұңға» жыры;

3) Әл Фараби «Қашықтасың туған жер», «Тіршілікте құрыштай бол төзімді» өлеңдері;

4) Доспамбет жырау «Қоғалы көлдер, қом сулар», «Айналайын, Ақ Жайық» толғаулары;

5) Абай Құнанбайұлы «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін», «Ғылым таппай мақтанба» өлеңдері, қара сөздері: «Бірінші сөз», «Жетінші сөз», «Отыз бірінші сөз»;

6) С. Торайғыров «Шығамын тірі болсам адам болып», «Шәкірт ойы» өлеңдері;

7) С. Мұратбеков «Жусан иісі» әңгімесі;

8) О. Бөкей «Тортай мінер ақбоз ат» әңгімесі;

9) Қалмақан Әбдіқадыров «Қажымұқан» хикаяты;

10) А. Алтай «Прописка» әңгімесі;

11) Е. Жүніс «Менің атым -Тәуелсіздік» өлеңі;

12) Р. Ғамзатов «Ана тілі» өлеңі, «Менің Дағыстаным» әңгімесі.

7-сыныпқа арналған «Қазақ әдебиеті» пәнінің базалық білім мазмұны:

1) түсіну және жауап беру:

әдеби шығарма сюжетінің құрамдас бөлшектерін талдау, әдеби шығармадағы тұлғалық болмысты гуманистік тұрғыдан талдау, кейіпкерлердің типтерін жасалу тәсілдері тұрғысынан анықтау, көркем шығармадағы кейіпкер бейнесі, үзінділерді жатқа айту;

өңірде шығатын газет-журналдарды білу, энциклопедия ұғымын түсіну;

2) анализ және интерпретация:

шығармадағы эпизодтар мен бейнелерді салғастыру, эпикалық, поэзиялық, драмалық шығармадағы автор бейнесі, шығармадағы көркемдегіш құралдар: символ, синекдоха, эпифора, анафора, аллитерация, ассонанс, риторикалық сұрақ қолданысы, шығармадағы оқиға желісін өзіндік көзқарас тұрғысынан дамытып жазу;

туған өлке туралы, шындық көзқарас тұрғысынан адамдар туралы мақалалар мен очерктердің ақпараттылығы, мазмұнының тереңдігі, эмоционалдық әсері тұрғысынан талдау, энциклопедияға қажетті материалдарды іріктей білу, өлкетанудың бағыттарын анықтау, өлкетанудың бағыттары бойынша электрондық энциклопедия құрастырудың ұжымдық жұмысына қатысу;

3) бағалау және салыстыру:

кейіпкерлердің іс-әрекеті мен автор берген портреттік мінездемесі, тарихи және көркемдік құндылығын, әдеби жанр түрлерінің даму барысы, жаңашылдығы, шығарманы ұлттық құндылығы, әдеби эссе жазу, әдеби шығарманың эстетикалық құндылығы туралы сыни шолу жазу.

Оқытылатын көркем шығармалар тізімі:

1) Қазтуған жырау «Қазтуғанның қонысымен қоштасуы»;

2) Орхон-Енисей ескерткіштері «Күлтегін» жыры;

3) «Қыз Жібек» жыры;

- 4) Жиёмбет жырау «Еңсегей бойлы Ер Есім»;
- 5) Ш. Қанайұлы «Зар заман»;
- 6) С. Аронұлы «Сүйінбай мен Қатағанның айтысы»;
- 8) Жамбыл Жабаев «Зілді бұйрық»;
- 9) М. Жұмабаев «Батыр Баян»;
- 10) М. Әуезов «Көксерек»;
- 11) Қ. Қайсенов «Жау тылындағы бала»;
- 12) С. Сарғасқаев «Тәмпиш қара»;
- 13) М. Шаханов «Нарынқұм зауалы»;
- 14) Медетбек Темірхан «Тәуелсізбін» өлеңі;
- 15) Т. Әбдіков «Қонақтар»;
- 16) А.С. Пушкин «Ескерткіш».

8-сыныпқа арналған «Қазақ әдебиеті» пәнінің базалық білім мазмұны:

1) түсіну және жауап беру:

шығарманың жанрына байланысты сюжеттік желілер, эпилог, прологтар, әдеби шығарманың идеясы мен пафосын ұлттық мүдде тұрғысынан ашу, көркем шығармадағы кейіпкерлерді сомдауда тура және жанама мінездеулер, көркем шығармалардан алған үзінділерді орынды қолдану;

2) анализ және интерпретация:

композицияны тұтастан бөлшекке, бөлшектен тұтасқа қарай талдау, автор бейнесі мен кейіпкерлер қарым-қатынасының тілдік көрінісі, шығармадағы көркемдегіш құралдары: психологиялық параллелизм, перифраз, сатира, ирония, гротеск, эллипсис қолданысы, автор стилі, шығармадан алған үзінділерді өңдеп креативті жазу;

3) бағалау және салыстыру:

шығарманың тақырыбы мен идеясы, тарихи және көркемдік құндылығы, шығармадағы материалдық және рухани құндылықтарды заманауи тұрғыда салыстыру, жаңашылдығы, шығарманың көркемдік-идеялық құндылығының гуманистік тұрғысы, әдеби эссе, шығармада жазылған әдеби сын-пікірлерге сүйене отырып, өзіндік сыни пікір жазу.

Оқытылатын көркем шығармалар тізімі:

1) Қорқыт «Байбөрі баласы Бамсы-Байрақ туралы жыр», Қорқыттың нақыл сөздері;

2) Ахмет Йассауи «Даналық кітабы»;

3) Ақтамберді жыраудың «Күлдір-күлдір кісінетіп», «Балаларыма өсиет» толғаулары;

4) Шалкиіз жырау «Би Темірге бірінші толғауы»;

5) Мұрат Мөңкеұлы «Үш қиян», «Сарыарқа» өлеңдері;

6) Ш. Құдайбердіұлы «Еңлік-Кебек» дастаны, «Жастарға» өлеңі;

7) М. Дулатов «Бақытсыз Жамал» романы;

8) Б. Момышұлы «Ұшқан ұя» әңгімесі;

9) Д. Исабеков «Әпке» драмасы;

10) М. Мақатаев «Аққулар ұйықтағанда» поэмасы;

11) Т. Ахтанов «Күй аңызы» әңгімесі;

12) Ж. Сахиев «Айдағы жасырынбақ», «Дабыл» фантастикалық әңгімелері;

13) Р. Мұқанова «Мәңгілік бала бейне» әңгімесі.

9-сыныпқа арналған «Қазақ әдебиеті» пәнінің базалық білім мазмұны:

1) түсіну және жауап беру:

әдеби шығармаға сюжеттік-композициялық талдау, әдеби шығармадағы психологизм, көркем шығарманың идеясына сай кейіпкерлер жүйесі, көркем шығармалардан алған үзінділерді шығармашылық жұмыстарда қолдану;

2) анализ және интерпретация:

эпикалық, поэтикалық, драмалық мәтіндердегі композициялық амалдар, автор бейнесінің идеялық-стистикалық тұтастырушы ретіндегі рөлі, шығармадағы әдеби тілді құбылту мен айшықтаудың (троп пен фигура) түрлері, автор стилі, автор стиліне сүйене отырып, шығармашылық жұмыс жазу;

3) бағалау және салыстыру:

шығарманы басқа өнер түрлеріндегі осы мазмұндас туындылармен салыстыру, тарихи және көркемдік құндылығын бағалау, шығармадағы ұрпақтар сабақтастығы көрінісін заманауи тұрғыда салыстырып, жаңашылдығына баға беру, әдеби эссе жазу, әдеби шығарманы қазақ әдебиеті мен әлем әдебиеті үлгілерімен салыстыра талдау, шағын сын мақала жазу.

Оқытылатын көркем шығармалар тізімі:

1) Ж. Баласағұн «Құтты білік»;

2) Шешендік өнер: Майқы би мен Мөңке бидің шешендік сөздері, Өнет баба «Не арсыз? Не ғайып? Не даусыз?»;

3) Төле би «Ердің бақыты – әйел», Әйтеке би «Қасқакөл дауы», Қазыбек би «Кім жақын? Не қымбат? Не қиын?»;

4) Сырым Датұлы «Балаби мен Сырым»;

5) Бұқар жырау «Тілек», «Әй, Абылай, Абылай», «Асқар таудың өлгені»;

6) «Біржан-Сара» айтысы;

7) Нысанбай жырау «Кенесары – Наурызбай»;

8) Махамбет Өтемісұлы «Махамбеттің Баймағамбетке айтқаны», «Мен, мен, мен едім», «Бағаналы терек»;

9) Ш. Уәлиханов «Ыстықкөл күнделігі»;

10) І. Жансүгіров «Құлагер» поэмасы;

11) Б. Майлин «Шұғаның белгісі» хикаят;

12) Ғ. Мүсірепов «Ұлпан» романы;

13) Т. Айбергенов «Сағыныш», Ф. Оңғарсынова «Өлең, мен сені аялап өтем»;

14) Н. Айтұлы «Бәйтерек» поэмасы;

15) К. Гамсун «Аштық» романы.

Оқыту мақсаттарының жүйесі

Бағдарламада «оқыту мақсаттары» сан мен әріптен тұратын кодтық белгімен белгіленді. Кодтық белгідегі бірінші сан сыныпты, әріппен берілген

белгі дағдыны (түсіну және жауап беру, анализ және интерпретация, бағалау және салыстыру), әріппен қоса берілетін сандар бөлімшедегі оқыту мақсатының реттік нөмірін көрсетеді. 7.2.1.2 кодында: «7» – сынып, «2.1.» – бөлім мен бөлімше, «2» – оқыту мақсатының реттік саны.

Оқыту мақсаттарының жүйесі бөлім бойынша әр сыныпқа берілген:

1) түсіну және жауап беру:

Білім алушылар:					
	5-сынып	6-сынып	7-сынып	8-сынып	9-сынып
1. Көркем шығарманың мазмұны мен пішіні	5.1.1.1 әдеби шығарманың жанрына қарай фабуласы мен сюжеттік дамуын сипаттау	6.1.1.1 әдеби шығарманың жанрын, фабуласын, сюжетін анықтау	7.1.1.1 әдеби шығарма сюжетінің құрамдас бөлшектерін талдау	8.1.1.1 әдеби шығарманың жанрына байланысты сюжеттік желілерін, эпилог, прологтарды анықтау	9.1.1.1 әдеби шығармаға сюжеттік-композициялық талдау жасау
2. Әдеби шығарманың тұжырымда масы	5.1.2.1 әдеби шығарманың тақырыбы мен идеясын анықтау	6.1.2.1 әдеби шығармада көтерілген әлеуметтік-қоғамдық мәселені идеясы арқылы түсіндіру	7.12.1 әдеби шығармадағы тұлғалық болмысты гуманистік тұрғыдан талдау	8.1.2.1 әдеби шығарманың идеясы мен пафосын ұлттық мүдде тұрғысынан ашу	9.1.2.1 әдеби шығармадағы психологизмді анықтау
3. Көркем шығармадағы образ	5.1.3.1 көркем шығармадағы кейіпкерлер портреті мен іс-әрекеті арқылы образын ашу	6.1.3.1 әдеби туындыдағы кейіпкердің типтерін тек тұрғысынан сипаттау	7.1.3.1 көркем шығармадағы кейіпкерлердің типтерін жасалу тәсілдері тұрғысынан анықтау	8.1.3.1 көркем шығармадағы кейіпкерлерді сомдауда тура және жанама мінездеулерді жіктеу	9.1.3.1 көркем шығарманың идеясына сай кейіпкерлер жүйесін анықтау
4. Шығарма үзінділерімен жұмыс	5.1.4.1 көркем шығармалардан шағын көлемді үзінділерді мәнерлеп оқу, жатқа айту	6.1.4.1 көркем шығармалардан орта көлемді үзінділерді мәнерлеп оқу, жатқа айту	7.1.4.1 көркем шығармадағы кейіпкер бейнесін ашып, үзінділерді жатқа айту	8.1.4.1 көркем шығармалардан алған үзінділерді өз көзқарасын дәлелдеу үшін орынды қолдану	9.1.4.1 көркем шығармалардан алған үзінділерді шығармашылық жұмыстарда қолдану

2) анализ және интерпретация:

Білім алушылар:					
	5-сынып	6-сынып	7-сынып	8-сынып	9-сынып
1. Әдеби шығарманың композициясы	5.2.1.1 әдеби шығармадағы екі нәрсені салыстыра суреттеулер	6.2.1.1 шығарма композициясындағы белгілі бір	7.2.1.1 шығармадағы эпизодтар мен бейнелерді салғастыру	8.2.1.1 композицияны тұтастан бөлшекке, бөлшектен тұтасқа қарай талдау	9.2.1.1 эпикалық, поэтикалық, драмалық мәтіндердегі композициялы

	мен қарама-қарсы суреттеулерді табу	эпизодтың алатын маңызына негіздеме жасау			қ амалдарды талдау
2. Автор бейнесі	5.2.2.1 эпикалық шығармадағы автор бейнесін анықтау	6.2.2.1 эпикалық, поэзиялық шығармалардағы автор бейнесін анықтау	7.2.2.1 эпикалық, поэзиялық, драмалық шығармадағы автор бейнесін анықтау	8.2.2.1 автор бейнесі мен кейіпкерлер қарым-қатынасының тілдік көрінісін талдау	9.2.2.1 автор бейнесінің идеялық-стилистикалық тұтастырушы ретіндегі рөліне талдау жасау
3. Көркем шығарманың тілі	5.2.3.1 шығармадағы тілдік бейнелеу, суреттеу құралдарының (теңеу, эпитет, ауыспалы мағынадағы сөздер, қайталау, өлең құрылысы) мағынасын анықтау	6.2.3.1 шығармадағы көркем ауыстыруларды (троптардың: метафора, кейіптеу, метонимия, гипербола, литота, аллегория, антитеза, градация, арнау) анықтау	7.2.3.1 шығармадағы көркемдегіш құралдардың (символ, синекдоха, қайталау түрлері: эпифора, анафора, аллитерация, ассонанс, риторикалық сұрақ) қолданысын талдау	8.2.3.1 шығармадағы көркемдегіш құралдардың (психологиялық параллелизм, перифраз, сатира, ирония, гротеск, эллипсис) қолданысын талдай отырып, автор стилін анықтау	9.2.3.1 шығармадағы әдеби тілді құбылту мен айшықтаудың (троп пен фигура) түрлерін талдай отырып, автор стиліне баға беру
4. Шығармашылық жұмыс	5.2.4.1 көркем шығармадан алған әсерін сипаттап авторға хат, өлең жазу	6.2.4.1 әдеби көркемдегіш құралдарды пайдаланып шығармадағы табиғат көрінісін, оқиға орнын, кейіпкер бейнесін сипаттап жазу	7.2.4.1 шығармадағы оқиға желісін өзіндік көзқарас тұрғысынан дамытып жазу	8.2.4.1 шығармадан алған үзінділерді қайта өңдеп креативті жазу	9.2.4.1 автор стиліне сүйене отырып, шығармашылық жұмыс жазу

3) бағалау және салыстыру:

Білім алушылар:					
	5-сынып	6-сынып	7-сынып	8-сынып	9-сынып
1. Тарихи және көркемдік құндылығы	5.3.1.1 шығармадағы эпизодтар арқылы тарихи құндылығын бағалау	6.3.1.1 шығармадағы кейіпкерлерді өзара салыстыра отырып,	7.3.1.1 кейіпкерлердің іс-әрекеті мен автор берген портреттік мінездемені салыстырып,	8.3.1.1 шығарманың тақырыбы мен идеясын осы тектес басқа шығармалар мен салыстырып,	9.3.1.1 шығарманы басқа өнер түрлеріндегі осы мазмұндас туындылар мен салысты

		тарихи және көркемдік құндылығына баға беру	тарихи және көркемдік құндылығына баға беру	тарихи және көркемдік құндылығын бағалау	рып, тарихи және көркемдік құндылығын бағалау
2. Заманауилығы мен жаңашылдығы	5.3.2.1 кейіпкерлерді шынайы өмірмен салыстырып бағалау	6.3.2.1 кейіпкерлер жүйесінің заманауи жаңашылдығын өзара салыстырып баға беру	7.3.2.1 әдеби жанр түрлерінің даму барысына, жаңашылдығына заманауи тұрғыдан баға беру	8.3.2.1 шығармадағы материалдық және рухани құндылықтарды заманауи тұрғыда салыстырып, жаңашылдығына баға беру	9.3.2.1 шығармадағы ұрпақтар сабақтастығы көрінісін заманауи тұрғыда салыстырып, жаңашылдығына баға беру
3. Әдеби эссе	5.3.3.1 шығармадағы кейіпкерді өзіндік құндылығы тұрғысынан талдап, әдеби эссе жазу	6.3.3.1 шығармадағы кейіпкерлер қарым-қатынасын отбасылық құндылық тұрғысынан талдап, әдеби эссе жазу	7.3.3.1 шығарманы ұлттық құндылық тұрғысынан талдап, әдеби эссе жазу	8.3.3.1 шығарманың көркемдік-идеялық құндылығын гуманистік тұрғыдан талдап, әдеби эссе жазу	9.3.3.1 шығарманың идеясын ғаламдық тұрғыдан талдап, әдеби эссе жазу
4. Әдеби сын	5.3.4.1 оқырманның рухани дүниесіне шығарма әсерін талдай отырып, сыни хабарлама жазу	6.3.4.1 шығармада көтерілген мәселенің әлеуметтік рөлі туралы сыни хабарлама жасау	7.3.4.1 әдеби шығарманың эстетикалық құндылығы туралы шағын сыни шолу жазу	8.3.4.1 шығарма бойынша жазылған әдеби сын-пікірлерге сүйене отырып, өзіндік сыни пікір жазу	9.3.4.1 әдеби шығарманы қазақ әдебиеті мен әлем әдебиеті үлгілері мен салыстыра талдап, шағын сыни мақала жазу

Осы оқу бағдарламасы негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9-сыныптарына арналған «Қазақ әдебиеті» оқу пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасының ұзақ мерзімді жоспарына сәйкес жүзеге асырылады. Ұзақ мерзімді жоспарда барлық сынып бойынша әр тарауда қамтылуы тиіс оқу мақсаттарының көлемі белгіленген.

Тоқсандағы бөлімдер мен бөлімдер ішіндегі тақырыптар бойынша сағат сандарын бөлу мұғалімнің еркіне қалдырылады.

Жалпы орта білім беру деңгейінің қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы 10-11-сыныптарына арналған жаңартылған мазмұндағы «Қазақ әдебиеті» пәнінің ерекшеліктері

«Қазақ әдебиеті» пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

10-сынып – аптасына 3 сағат, оқу жылында 102 сағатты;

11-сынып – аптасына 3 сағат, оқу жылында 102 сағатты құрайды.

«Қазақ әдебиеті» пәндік білімнің мазмұны бөлімдерге бөлінген: түсіну және жауап беру, анализ және интерпретация, бағалау және салыстырмалы

анализ, сонымен қатар, дағдыларды қалыптастыратын бөлімшелерден тұрады. Бағдарламаның бұл бөлімі пән бойынша оқу мақсаттарынан тұрады.

«Түсіну және жауап беру» бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

- 1) көркем шығарма мазмұны мен пішіні;
- 2) әдеби шығарманың тұжырымдамасы;
- 3) көркем шығармадағы образ;
- 4) шығарма үзінділерімен жұмыс;
- 5) қазақ әдебиетіндегі ұлттық құндылықтардың әлемдегі орнын білу.

«Анализ және интерпретация» бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

- 1) әдеби шығарманың композициясы;
- 2) автор бейнесі;
- 3) көркем шығарманың тілі;
- 4) шығармашылық жұмыс;
- 5) қазақ және әлем әдебиетіндегі құндылықтар.
- 6) «Бағалау және салыстыру» бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:
- 7) тарихи және көркемдік құндылығы;
- 8) заманауилығы мен жаңашылдығы;
- 9) әдеби эссе;
- 10) әдеби сын.

Оқу пәнінің 10-сыныптағы базалық білім мазмұны:

1) түсіну және жауап беру: әдеби шығарманың сюжеттік-композициялық құрылысын талдау арқылы идеялық мазмұнын терең түсіну; әдеби шығармадағы көтерілген мәселелерді ұлттық мүдде тұрғысынан ашу; көркем шығармадағы кейіпкерлер жүйесін жинақтау мен даралау; көркем шығармалардан алған үзінділерді ғаламдық тақырыптағы мәселелермен байланыстыру; шығармадағы ұлттық құндылықтардың әлемдік тақырыптармен үндестігін ашу;

2) анализ және интерпретация: әдеби шығарманың композициясын уақыт пен кеңістік тұрғысынан талдау; шығармадағы авторлық идеяның өмір шындығымен байланысы; шығармадағы автор стилі мен көркемдегіш құралдардың қызметін ашу; көркем шығармадағы көтерілген мәселелерге талдау жасау арқылы өзіндік пікірін қосып, шығармашылық жұмыс жазу; әлем және қазақ әдебиетіндегі құндылықтардың үндесуін талдап, өзіндік ой қорыту;

3) бағалау және салыстыру: шығарманы мазмұндас туындылардың үлгілерімен салыстырып, тарихи және көркемдік құндылығын бағалау; көркем шығармадағы көтерілген мәселелердің жаңашылдығына сыни тұрғыдан баға беру; шығарманың идеясын жалпыадамзаттық құндылық тұрғысынан талдап, әдеби эссе жазу; шығарманы идеялық жағынан мазмұндас туындылармен салыстыра отырып, әдеби сын жазу.

10. Оқытылатын көркем шығармалар тізімі:

1) Абай Құнанбаев «Сегіз аяқ», «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы», «Көңілім қайтты достан да, дұшпаннан да», «Сабырсыз, арсыз, еріншек», «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым», «Болыс болдым, мінеки», «Лай суға

май бітпес қой өткенге» өлеңдері; Он жетінші қарасөз, Отыз екінші қарасөз, Отыз үшінші қарасөз, «Ескендір» поэмасы;

- 2) Жүсіпбек Аймауытов «Ақбілек» романы;
- 3) Ә. Кекілбаев «Аңыздың ақыры» повесі;
- 4) М.Мағауин «Шақан - шері» романы;
- 5) Ш.Айтматов «Боранды бекет» романы;
- 6) Ұ.Есдәулетов «Біз түркілерміз»;
- 7) Қ.Жұмаділов «Тағдыр» романы;
- 8) Шахмардан Құсайынов «Томирис» драмасы;
- 9) Ш. Мұртаза «Тәуекел той» әңгімесі.

11. Оқу пәнінің 11-сыныптағы базалық білім мазмұны:

1) түсіну және жауап беру: әдеби шығарманың сюжеттік-композициялық құрылысын талдау арқылы көтерілген ғаламдық мәселелерді терең түсіну; әдеби шығармадағы көтерілген мәселелерді қазіргі өмірмен байланыстырып, ұлттық мүдде тұрғысынан ашу; көркем шығармадағы кейіпкерлер жүйесін жинақтау мен даралау арқылы өмір шындығын көрсету; көркем шығармалардан алған үзінділерді ғаламдық тақырыптағы мәселелермен байланыстырып, шығармашылық жұмыстарда қолдану; шығармадағы ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтардың әлемдік тақырыптармен үндестігін ашу;

2) анализ және интерпретация: әдеби шығарманың композициясын жанрлық ерекшеліктерін айқындап, уақыт пен кеңістік тұрғысынан талдау; автор бейнесінің шығарманың негізгі идеясымен байланысын айқындау; шығармадағы көркемдегіш құралдардың образ жасаудағы орны; көркем шығармадағы ғаламдық тақырыптарға креативті ой қосып, шығармашылық жұмыс жазу; қазақ әдебиеті мен әлем әдебиетіндегі ортақ бағыт, әдеби ағым, жалпыадамзаттық құндылықтарды анықтау, талдау жасау;

3) бағалау және салыстыру: шығарманы ғаламдық тақырыптармен салыстырып, тарихи және көркемдік құндылығын бағалау; көркем шығарманың жаңашылдығын ғаламдық тақырыптармен байланыстыра отырып, сыни тұрғыдан баға беру; шығарманың идеясын көркемдік-эстетикалық құндылық тұрғысынан талдап, әдеби эссе жазу; шығарманы идеялық жағынан мазмұндас әлем әдебиеті үлгілерімен салыстыра талдап, әдеби сын жазу.

12. Оқытылатын көркем шығармалар тізімі:

- 1) С.Сейфуллин «Сыр сандық» өлеңі;
- 2) И.Есенберлин «Қаһар» романы;
- 3) А.Сүлейменов «Бесатар» повесі;
- 4) С. Елубай «Жалған дүние» романы;
- 5) Қасым Аманжолов «Өзім туралы» өлеңі;
- 6) М. Әуезов «Абай жолы» роман-эпопеясы;
- 7) Т.Молдағалиев «Бауырлар» өлеңі;
- 8) М. Райымбекұлы «Көшбасшы» поэмасы;
- 9) Эрнест Хемингуэй «Шал мен теңіз» повесі.

Оқу мақсаттарының жүйесі

Бағдарламада «оқу мақсаттары» төрт саннан тұратын кодтық белгімен белгіленді. Кодтық белгідегі бірінші сан сыныпты, екінші және үшінші сандар бөлім және бөлімше ретін, төртінші сан бөлімшедегі оқу мақсатының реттік нөмірін көрсетеді. Мысалы, 10.2.1.4. кодында «10» - сынып, «2.1» - екінші бөлімнің бірінші бөлімшесі, «4» - оқу мақсатының реттік саны

Оқу мақсаттарының жүйесі бөлім бойынша әр сыныпқа берілген.

1) түсіну және жауап беру:

Білім алушылар...	10-сынып	11-сынып
1.Көркем шығарманың мазмұны мен пішіні	10.1.1.1 - әдеби шығарманың сюжеттік-композициялық құрылысын талдау арқылы идеялық мазмұнын терең түсіну	11.1.1.1 - әдеби шығарманың сюжеттік-композициялық құрылысын талдау арқылы көтерілген ғаламдық мәселелерді терең түсіну
2.Әдеби шығарманың тұжырымдамасы	10.1.2.1 - әдеби шығармадағы көтерілген мәселелерді ұлттық мүдде тұрғысынан ашу	11.1.2.1 - әдеби шығармадағы көтерілген мәселелерді қазіргі өмірмен байланыстырып, ұлттық мүдде тұрғысынан ашу
3.Көркем шығармадағы образ	10.1.3.1 - көркем шығармадағы кейіпкерлер жүйесін жинақтау мен даралау	11.1.3.1 - көркем шығармадағы кейіпкерлер жүйесін жинақтау мен даралау арқылы өмір шындығын көрсету
4.Шығарма үзінділерімен жұмыс	10.1.4.1 - көркем шығармалардан алған үзінділерді ғаламдық тақырыптағы өзекті мәселелермен байланыстыру	11.1.4.1 - көркем шығармалардан алған үзінділерді ғаламдық тақырыптағы өзекті мәселелермен байланыстырып, шығармашылық жұмыстарда қолдану
5.Қазақ әдебиетіндегі ұлттық құндылықтардың әлемдегі орнын білу	10.1.5.1 - шығармадағы ұлттық құндылықтардың әлемдік тақырыптармен үндестігін ашу	11.1.5.1 - шығармадағы ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтардың әлемдік тақырыптармен үндестігін ашу

2) анализ және интерпретация:

Білім алушылар...	10-сынып	11-сынып
1. Әдеби шығарманың композициясы	10.2.1.1 - әдеби шығарманың композициясын уақыт пен кеңістік тұрғысынан талдау	11.2.1.1 - әдеби шығарманың композициясын жанрлық ерекшеліктерін айқындап, уақыт пен кеңістік тұрғысынан талдау
2. Автор бейнесі	10.2.2.1 - шығармадағы авторлық идеяның өмір шындығымен байланысы айқындау	11.2.2.1 - автор бейнесінің шығарманың негізгі идеясымен байланысын айқындау
3. Көркем шығарманың тілі	10.2.3.1 - шығармадағы көркемдегіш құралдар мен айшықтау амалдарының қызметін талдау	11.2.3.1 - шығармадағы көркемдегіш құралдар мен айшықтау амалдарының қызметін талдай отырып, автор стилін анықтау
4.	10.2.4.1 - көркем шығармадағы	11.2.4.1 - көркем шығармадағы

Шығармашылық жұмыс	көтерілген мәселелерге талдау жасау арқылы өзіндік пікірін қосып, шығармашылық жұмыс (эссе, әңгіме, өлең, әдеби және еркін тақырыптарға шығарма) жазу	ғаламдық тақырыптарға креативті ой қосып, шығармашылық жұмыс (эссе, әңгіме, өлең, әдеби және еркін тақырыптарға шығарма) жазу
5. Қазақ және әлем әдебиетіндегі құндылықтар	10.2.5.1 - әлем және қазақ әдебиетіндегі құндылықтардың үндесуін талдап, өзіндік ой қорыту	11.2.5.1 - қазақ әдебиеті мен әлем әдебиетіндегі ортақ бағыт, әдеби ағым, жалпыадамзаттық құндылықтарды анықтау, талдау жасау

3) бағалау және салыстыру:

Білім алушылар...		
	10-сынып	11-сынып
1.Тарихи және көркемдік құндылығы	10.3.1.1 - шығарманы мазмұндас туындылардың үлгілерімен салыстырып, тарихи және көркемдік құндылығын бағалау	11.3.1.1 - шығарманы ғаламдық тақырыптармен салыстырып, тарихи және көркемдік құндылығын бағалау
2.Заманауилығы мен жаңашылдығы	10.3.2.1 - көркем шығармадағы көтерілген мәселелердің жаңашылдығына сыни тұрғыдан баға беру	11.3.2.1 - . көркем шығарманың жаңашылдығын ғаламдық тақырыптармен байланыстыра отырып, сыни тұрғыдан баға беру
3. Әдеби эссе	10.3.3.1 - шығарманың идеясын жалпыадамзаттық құндылық тұрғысынан талдап, әдеби эссе жазу	11.3.3.1 - шығарманың идеясын көркемдік-эстетикалық құндылық тұрғысынан талдап, әдеби эссе жазу
4. Әдеби сын	10.3.4.1 - шығарманы идеялық жағынан мазмұндас туындылармен салыстыра отырып, әдеби сын жазу	11.3.4.1 - шығарманы идеялық жағынан мазмұндас әлем әдебиеті үлгілерімен салыстыра талдап, әдеби сын жазу

Осы оқу бағдарламасы қосымшада берілген жалпы орта білім беру деңгейінің қоғамдық-гуманитарлық бағытындағы 10-11-сыныптарға арналған «Қазақ әдебиеті» оқу пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасының Ұзақ мерзімді жоспарына сәйкес жүзеге асырылады.

Тоқсандағы бөлімдер және бөлімдер ішіндегі тақырыптар бойынша сағат сандарын бөлу мұғалімнің еркіне қалдырылады.

Жалпы орта білім беру деңгейінің жаратылыстану-математика бағыттағы 10-11-сыныптарына арналған жаңартылған мазмұндағы «Қазақ әдебиеті» пәнінің ерекшеліктері

«Қазақ әдебиеті» пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

10-сынып – аптасына 2 сағат, оқу жылында 68 сағатты;

11-сынып – аптасына 2 сағат, оқу жылында 68 сағатты құрайды.

«Қазақ әдебиеті» пәндік білімнің мазмұны бөлімдерге бөлінген: түсіну және жауап беру, анализ және интерпретация, бағалау және салыстырмалы

анализ, сонымен қатар, дағдыларды қалыптастыратын бөлімшелерден тұрады. Бағдарламаның бұл бөлімі пән бойынша оқу мақсаттарынан тұрады.

«Түсіну және жауап беру» бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

- 1) көркем шығарма мазмұны мен пішіні;
- 2) әдеби шығарманың тұжырымдамасы;
- 3) көркем шығармадағы образ;
- 4) шығарма үзінділерімен жұмыс;
- 5) қазақ әдебиетіндегі ұлттық құндылықтардың әлемдегі орнын білу.

«Анализ және интерпретация» бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

- 1) әдеби шығарманың композициясы;
- 2) автор бейнесі;
- 3) көркем шығарманың тілі;
- 4) шығармашылық жұмыс;
- 5) қазақ және әлем әдебиетіндегі құндылықтар.

«Бағалау және салыстыру» бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

- 1) тарихи және көркемдік құндылығы;
- 2) заманауилығы мен жаңашылдығы;
- 3) әдеби эссе;
- 4) әдеби сын.

Оқу пәнінің 10-сыныптағы базалық білім мазмұны:

1) түсіну және жауап беру: әдеби шығармаға сюжеттік-композициялық талдау жасау арқылы идеялық мазмұнын түсіну; әдеби шығарманың жанрлық табиғатын тану; көркем шығармадағы кейіпкерлер жүйесін жинақтау мен даралау; көркем шығармалардан алған үзінділерді шығармашылық жұмыстарда қолдану; ұлттық құндылықтардың маңыздылығын контекстермен үндестіру;

2) анализ және интерпретация: әдеби шығарманың әртүрлі композициялық ерекшеліктерін талдау; автор бейнесінің шығармадағы белгілі бір оқиғадағы көрінісі; шығармадағы көркемдегіш құралдардың орны мен қызметін ашу; көркем шығармада көтерілген мәселелерге талдау жасау арқылы шығармашылық жұмыс жазу; қазақ әдебиеті мен әлем әдебиетіндегі ортақ құндылықтарды анықтау;

3) бағалау және салыстыру: шығарманың тарихи және көркемдік құндылығын анықтап, бағалау; көркем шығармадағы көтерілген мәселелердің жаңашылдығына баға беру; шығарманың идеясын адамгершілік құндылық тұрғысынан талдап, әдеби эссе жазу; ғылыми еңбектерді негізге ала отырып, әдеби сын жазу.

Оқытылатын көркем шығармалар тізімі:

1) Абай Құнанбаев «Сегіз аяқ», «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым», «Лай суға май бітпес қой өткенге» өлеңдері; Он жетінші қарасөз, Отыз екінші қарасөз, «Масфұт» поэмасы;

2) М.Сәрсекке «Қаныш Сәтбаев» роман-эссе;

3) А.Кемелбаева «Шашты» әңгімесі;

4) Т.Сұлтанбеков «Көшпелі алтын» ғылыми фантастикалық әңгіме;

- 5) Оразақын Асқар «Шетте жүрген бауырларға» өлеңі;
- 6) Ш. Мұртаза «Бесеудің хаты» драмасы;
- 7) Ж.Бөдеш «Жалғыз» поэмасы.

Оқу пәнінің 11-сыныптағы базалық білім мазмұны:

1) түсіну және жауап беру: әдеби шығармаға сюжеттік-композициялық талдау жасау арқылы жанрлық ерекшелігін түсіну; әдеби шығарманың жанрлық ерекшелігін өзге жанрлармен салыстыра отырып талдау; көркем шығармадағы кейіпкерлер жүйесін жинақтау мен даралау арқылы өмір шындығын көрсету; көркем шығармалардан алған үзінділерді, қанатты сөздер мен дәйексөздерді шығармашылық жұмыстарда қолдану; ұлттық құндылықтардың маңыздылығын ғаламдық тақырыптағы контекстермен байланыстыру;

2) анализ және интерпретация: әдеби шығарманың жанрына қарай композициялық ерекшеліктерін айқындау; шығармадағы авторлық идеяның өмір шындығымен байланысы; шығарма идеясы мен көркемдегіш құралдардың байланысын ашу; әдеби туындыдағы көтерілген мәселелерге өзіндік көзқарас тұрғысынан шығармашылық жұмыс жазу; әлем және қазақ әдебиетіндегі ортақ құндылықтардың үндестігін талдау;

3) бағалау және салыстыру: шығарманы әлем әдебиеті үлгілерімен салыстырып, тарихи және көркемдік құндылығын бағалау; көркем шығармадағы заман көрінісі мен қазіргі заман көрінісін салыстырып бағалау; шығарманы көркемдік-эстетикалық құндылық тұрғысынан талдап, әдеби эссе жазу; шығарманы идеялық жағынан мазмұндас туындылармен салыстыра отырып, әдеби сын жазу.

Оқытылатын көркем шығармалар тізімі:

- 1) О.Бөкей «Атау кере» повесі;
- 2) Ж.Әбдірашев «Дала, сенің ұлыңмын» өлеңі;
- 3) Б.Мұқай «Өмірзая» романы;
- 4) Лира Қоныс «Тиын» әңгімесі;
- 5) М. Әуезов «Абай жолы» роман-эпопеясы 1, 2-том;
- 6) Қ.Мырзалиев «Қызыл кітап» поэмасы;
- 7) С.Балғабаев «Тойдан қайтқан қазақтар» комедиялық драмасы.

Оқу мақсаттарының жүйесі

Бағдарламада «оқу мақсаттары» төрт саннан тұратын кодтық белгімен белгіленді. Кодтық белгідегі бірінші сан сыныпты, екінші және үшінші сандар бөлім және бөлімше ретін, төртінші сан бөлімшедегі оқу мақсатының реттік нөмірін көрсетеді. Мысалы, 10.2.1.4. кодында «10» - сынып, «2.1» - екінші бөлімнің бірінші бөлімшесі, «4» - оқу мақсатының реттік саны.

Оқу мақсаттарының жүйесі бөлім бойынша әр сыныпқа берілген:

1) түсіну және жауап беру:

Білім алушылар...	10-сынып	11-сынып
1.Көркем шығарманың мазмұны мен пішіні	10.1.1.1 - әдеби шығармаға сюжеттік-композициялық талдау жасау арқылы идеялық мазмұнын түсіну	11.1.1.1 - әдеби шығармаға сюжеттік-композициялық талдау жасау арқылы жанрлық ерекшелігін түсіну

2.Әдеби шығарманың тұжырымдамасы	10.1.2.1 - әдеби шығарманың жанрлық табиғатын тану	11.1.2.1 - әдеби шығарманың жанрлық ерекшелігін өзге жанрлармен салыстыра отырып талдау
3.Көркем шығармадағы образ	10.1.3.1 - көркем шығармадағы кейіпкерлер жүйесін жинақтау мен даралау	11.1.3.1 - көркем шығармадағы кейіпкерлер жүйесін жинақтау мен даралау арқылы өмір шындығын көрсету
4.Шығарма үзінділерімен жұмыс	10.1.4.1 - көркем шығармалардан алған үзінділерді шығармашылық жұмыстарда қолдану	11.1.4.1 - көркем шығармалардан алған үзінділерді, қанатты сөздер, дәйексөздерді шығармашылық жұмыстарда қолдану
5. Қазақ әдебиетіндегі ұлттық құндылықтардың әлемдегі орнын білу	10.1.5.1 - ұлттық құндылықтардың маңыздылығын контекстермен үндестіру	11.1.5.1 - ұлттық құндылықтардың маңыздылығын ғаламдық тақырыптағы контекстермен байланыстыру
2) анализ және интерпретация:		
	10-сынып	11-сынып
1. Әдеби шығарманың композициясы	10.2.1.1 - әдеби шығарманың композициялық ерекшеліктерін талдау	11.2.1.1 - әдеби шығарманың жанрына қарай композициялық ерекшеліктерін айқындау
2. Автор бейнесі	10.2.2.1 - автор бейнесінің шығармадағы белгілі бір оқиғадағы көрінісін анықтау	11.2.2.1 - шығармадағы авторлық идеяның өмір шындығымен байланысын анықтау
3. Көркем шығарманың тілі	10.2.3.1 - шығармадағы көркемдегіш құралдардың орыны мен қызметін талдау	11.2.3.1 - шығарма идеясы мен көркемдегіш құралдардың байланысын талдау
4. Шығармашылық жұмыс	10.2.4.1 - көркем шығармада көтерілген мәселелерге талдау жасау арқылы шығармашылық жұмыс (эссе, әңгіме, өлең, әдеби және еркін тақырыптарға шығарма) жазу.	11.2.4.1 - әдеби туындыдағы көтерілген мәселелерге өзіндік көзқарас тұрғысынан шығармашылық жұмыс (эссе, әңгіме, өлең, әдеби және еркін тақырыптарға шығарма) жазу
5. Қазақ және әлем әдебиетіндегі құндылықтар	10.2.5.1 - қазақ әдебиеті мен әлем әдебиетіндегі ортақ құндылықтарды анықтау	11.2.5.1 - әлем және қазақ әдебиетіндегі ортақ құндылықтардың үндестігін талдау

3) бағалау және салыстыру

	10-сынып	11-сынып
1.Тарихи және көркемдік құндылығы	10.3.1.1 - шығарманың тарихи және көркемдік құндылығын анықтап, бағалау	11.3.1.1 - шығарманы әлем әдебиеті үлгілерімен салыстырып, тарихи және көркемдік құндылығын бағалау
2.Заманауилығы мен жаңашылдығы	10.3.2.1 - көркем шығармадағы көтерілген мәселелердің жаңашылдығына баға беру	11.3.2.1 - көркем шығармадағы заман көрінісі мен қазіргі заман көрінісін салыстырып бағалау
3. Әдеби эссе	10.3.3.1 - шығарманың идеясын адамгершілік құндылық тұрғысынан талдап, әдеби эссе жазу	11.3.3.1 - шығарманы көркемдік-эстетикалық құндылық тұрғысынан талдап, әдеби эссе жазу
4. Әдеби сын	10.3.4.1 - ғылыми еңбектерге сүйене отырып әдеби сын жазу	11.3.4.1 - шығарманы идеялық жағынан мазмұндас туындылармен салыстыра отырып, әдеби сын жазу

Осы оқу бағдарламасы қосымшада берілген жалпы орта білім беру деңгейінің жаратылыстану-математикалық бағытындағы 10-11-сыныптарға арналған «Қазақ әдебиеті» оқу пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасының Ұзақ мерзімді жоспарына сәйкес жүзеге асырылады.

Тоқсандағы бөлімдер және бөлімдер ішіндегі тақырыптар бойынша сағат сандарын бөлу мұғалімнің еркіне қалдырылады.

2.3 «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнін оқытудың ерекшеліктері

«Қазақ тілі мен әдебиеті» пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

5-сынып – аптасына 5 сағат, оқу жылында – 170 сағат;

6-сынып – аптасына 5 сағат, оқу жылында – 170 сағат;

7-сынып – аптасына 5 сағат, оқу жылында – 170 сағат;

8-сынып – аптасына 5 сағат, оқу жылында – 170 сағат;

9-сынып – аптасына 5 сағат, оқу жылында – 170 сағат.

«Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнінің оқу мазмұны 5 бөлімге бөлінеді. Бөлімдерді бөлімшелер құрайды, олар сыныптар бойынша күтілетін нәтижелер түрінде оқыту мақсаттарынан тұрады.

Оқыту мақсаттары арқылы мұғалімдер сөйлеу қызметінің төрт дағдысын (тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым) қалыптастырады, сонымен қатар, оқушылардың жетістігін бағалайды және оқытудың келесі кезеңі туралы ақпарат береді.

Оқыту пәнінің мазмұнын 5 бөлім құрайды:

- 1) тыңдалым;
- 2) айтылым;
- 3) оқылым;
- 4) жазылым;
- 5) тілдік бағдар.

«Тыңдалым» бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

- 1) болжау;
- 2) назарын шоғырландырып тыңдау;
- 3) сөздер мен сөз тіркестерінің мағынасын түсіну;
- 4) көркем шығармаларды тыңдау;
- 5) негізгі ойды анықтау;
- 6) тыңдалым материалдары бойынша жауап беру.

«Оқылым» бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

- 1) мәтіндегі ақпаратты анықтау;
- 2) стильдік ерекшеліктерді анықтау;
- 3) көркем шығармаларды оқу;
- 4) мәтіндерге салыстырмалы талдау жасау;
- 5) қосымша ақпарат көздерінен алынған мәліметтерді оқу;
- 6) өзіндік көзқарасын білдіру және бағалау.

«Жазылым» бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

- 1) әртүрлі стильде мәтіндер құрастыру;
- 2) эссе жазу;
- 3) көркемдегіш құралдарды қолданып жазу;
- 4) мәліметтерді жинақтау;
- 5) орфография және пунктуация.

«Айтылым» бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

- 1) сөздік қорының алуандығы;
- 2) сөз мәнері мен сөйлеу этикеті;
- 3) орфоэпиялық нормаларды сақтау;
- 4) мәтіннің негізгі аспектілерін анықтау және талқылау;
- 5) сенімді және еркін жауап беру;
- 6) визуалды материалдар арқылы тілді дамыту.

«Тілдік бағдар» бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

- 1) сөз таптары;
- 2) сөйлем.

5-сыныпқа арналған «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнінің базалық білім мазмұны:

- 1) тыңдалым:

тірек сөздер арқылы болжау, негізгі мазмұнын түсіну, нақты ақпаратты анықтау, күнделікті тұрмыстық тақырыптарға байланысты сөздердің мағынасын түсіну, көркем әдеби мәтіндердің мазмұнын түсіну, негізгі тақырыпты анықтау, сұрақтарға жауап беру;

- 2) айтылым:

жаңа сөздерді олардың синонимдерімен, антоним, омонимдерімен қатар қолдану, ойын жеткізе білу, амандасу мәнері мен ұлттық этикет формалары, қазақ тіліндегі төл дыбыстары мен үндестік заңы, мәтіндердің мазмұнына жоспар құру, берілген сұраққа лайықты жауап беру, шағын диалогке қатысу, иллюстрацияларды сипаттау;

- 3) оқылым:

негізгі ақпаратты анықтау, хат, хабарлама, жарнама мазмұнын түсіну, стильдік ерекшелігін анықтау, көркем әдеби шығармаларды түсіну, тақырыбын анықтау, мәтіндердің тақырыбын, мазмұндық құрылымын салыстыру, қосымша ақпарат көздерінен тақырыпқа байланысты мәліметтерді ала білу, тақырып бойынша үйренген сөздерін қолдана отырып, мәтінде көтерілген мәселеге өз көзқарасын білдіру;

- 4) жазылым:

ресми стильдің тілдік ерекшеліктері мен талаптарына сай хабарлама, хабарландыру, хат жазу, эссе құрылымын сақтай отырып, адамды, табиғатты, белгілі бір оқиғаны сипаттап жазу, жазба жұмыстарында сипаттау, бейнелеу құралдарын қолданып жазу, мәліметтерді жинақтай отырып, тақырып бойынша постер жасау, үндестік заңына сәйкес орфографиялық нормаға сай дұрыс жазу, сөйлем соңында қойылатын тыныс белгілерді орынды қолдану;

- 5) тілдік бағдар:

сөз таптары: жалпы және жалқы есімдерді ажырата білу, жалғау түрлерін дұрыс жалғау, заттың түрін, түсін сапасын білдіретін сын есімдерді ажырата білу, сан есім (бірліктер, ондықтар, жүз, мың) атауларын білу, жіктеу, сілтеу, сұрау есімдіктерін орынды қолдану, болымды және болымсыз егістіктер, мекен және мезгіл үстеулер, ыңғайластық қатынасты білдіретін және қарсылықтық қатынасты білдіретін жалғаулықтардың қызметін білу;

сөйлем: хабарлы, сұраулы, лепті сөйлемдердің жасалу жолдарын білу, құрастыру.

6-сыныпқа арналған «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнінің базалық білім мазмұны:

1) тыңдалым:

мәтіннің бастапқы бөлігін тыңдау арқылы тақырыпты және көтерілетін мәселені болжау, мәтіннің негізгі мазмұнын түсіну, негізгі және қосымша ақпараттарды анықтау, тұрмыстық-әлеуметтік тақырыптарға байланысты жаңа сөздер мен тірек сөздердің мағынасын түсіну, әңгіме, хикаялардың және шағын поэзиялық шығармалардың мазмұнын талдай отырып кейіпкерлерге сипаттама жасау, мәтін тақырыбы арқылы негізгі ойды анықтау, тыңдалым материалдары бойынша шынайы өмірмен байланыстырып жауап беру;

туған өлкенің табиғаты және тарихы сипатталатын поэтикалық және прозалық шығармаларды білу;

2) айтылым:

тура және ауыспалы мағынадағы сөздерді қолдану, ойын әсерлі, мазмұнды жеткізу, тақырып бойынша диалогті бастау, жалғастыру, аяқтаудың ұлттық сөз әдебі мен сөйлеу этикеті формаларын білу, сұраулы, хабарлы, лепті және бұйрықты сөйлемдердің интонациялық ерекшелігін ескеріп айту, шағын көлемді мәтіндегі жеке эпизодтарды сипаттау және тілдік ерекшелігіне салыстыру жасау, диалогке қатысушылар өзара түсінісіп, ойларын толықтырып отыру, сюжетті суреттердің желісі бойынша әңгіме құрастыру;

туған өлкенің ақындары мен жазушыларының шығармашылығын білу; Мәтіннің ақпараттылық сипаттамаларын талдау;

3) оқылым:

мәтіндегі негізгі және жанама ақпаратты анықтау, ресми стильдегі мәтіндердің стильдік ерекшелігін анықтау (күнделік, мінездеме, түсініктеме, өмірбаян, түйіндеме, орта көлемді шығармаларды түсіну, тақырыбы мен негізгі ойды анықтау, мәтіндердің тақырыбына, мазмұндық құрылымына сүйене отырып, түрлерін салыстыру, қосымша ақпарат көздерінен тақырыпқа байланысты мәліметтерді мәтін мазмұнымен салыстыру, қарама-қайшы ақпараттарды анықтау, мәтінде көтерілген мәселені шынайы өмірмен байланыстыру;

туған өлкеге арналған бір өлеңді жатқа мәнерлеп оқу;

4) жазылым:

мәтіндердің стильдік ерекшелігін сақтай отырып, күнделік, мінездеме, түсініктеме, өмірбаян жазу, эссе тақырыбының желісінен шықпай, әрбір абзацты жүйелі құрастыру, жазба жұмыстарында теңеу, эпитет сөздерін қолданып жазу, мәліметтерді жинақтай отырып, тақырып бойынша постер, сызба-кестелер жасау, үндестік заңын ескеріп, орфографиялық нормаға сай дұрыс жазу, сөйлем соңында қойылатын тыныс белгілерді орынды қолдану;

олардың шығармашылығы туралы деректер жинау және презентация дайындау. Өлкетану аясында прозалық үзінділер жазудың алғашқы дағдыларын меңгеру;

5) тілдік бағдар:

сөз таптары: деректі және дерексіз зат, көптік мәнді есімдерді ажырата білу, жазбаша, заттың сипатын, көлемін, салмағын, аумағын білдіретін сын есімдерді ажырата білу, реттік сан есімдер мен жинақтық сан есімдерді қолдана білу, өздік, болымсыздық, белгісіздік, жалпылау есімдіктерін орынды қолдану, етістіктің шақтарының (нақ осы шақ, ауыспалы осы шақ, жедел өткен шақ, ауыспалы келер шақ) қызметін білу, сын-қимыл (бейне) және мөлшер үстеулерді орынды қолдану, талғаулықты немесе кезектестік мәнді білдіретін және себеп-салдарлық қатынасты білдіретін жалғаулықтардың қызметін білу;

сөйлем: жазба жұмыстарында сөйлемдегі сөздердің орын тәртібін сақтай отырып жай сөйлем құрастыру.

мәтіннің ақпараттылық, оның көркемдік, тілдік ерекшеліктері негізінен өлкетану сипаттамаларын талдау.

7-сыныпқа арналған «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнінің базалық білім мазмұны:

1) тыңдалым:

мәтін үзінділері арқылы оқиғаның дамуын болжау, мәтіннің негізгі мазмұнын түсіну, ақпараттың өзектілігін анықтау, әлеуметтік-мәдени тақырыптарға байланысты қажетті сөздер мен сөз тіркестерінің мағынасын түсіну, повестердің және лирикалық поэзиялық шығармалардың тақырыбы мен идеясын талдау, сөйлеушінің дауыс ырғағы мен сөйлеу мәнері арқылы негізгі ойды анықтау, өз пікірін өзгелердің пікірімен салыстыра отырып жауап беру;

өңірде шығатын газет-журналдарды білу;

энциклопедия ұғымын түсіну, өлкетанудың бағыттарын анықтау;

2) айтылым:

мақал-мәтелдер, терминдер мен неологизмдерді орынды қолдану, мәтін мазмұнын дамыту, кеңес беру, ұсыныс жасау, өтініш, талап, ету, бұйрық берудің түрлі формалары мен жағдаяттарына сай ұлттық сөз әдебі мен сөйлеу этикеті формаларын қолдана білу, екпін түрлерін сөз және сөйлем ішінде орынды қолданып айту, шығармадағы кейіпкерлерге автор берген мінездеменің тілдік құралдарын талдау, коммуникативтік жағдаяттың талаптарына сай «сөйлеуші → тыңдаушы» позицияларын еркін ауыстыру, кесте, диаграмма, шартты белгілер, суреттер мен сызбаларда берілген ақпаратты сипаттау;

туған өлке туралы, шындық көзқарас тұрғысынан адамдар туралы мақалалар мен очерктерді ақпараттылығы, мазмұнының тереңдігі, эмоционалдық әсері тұрғысынан талдау;

өлкетанудың бағыттары бойынша электрондық энциклопедия құрастырудың ұжымдық жұмысына қатысу;

3) оқылым:

кесте, диаграмма, сызба, шартты белгілер түрінде берілген ақпаратты түсіну, ресми-іскерлік (өтініш, нұсқаулық, ресми құттықтаулар, ұсыныстар) салаға қатысты мәтіндердің тілдік ерекшелігін талдау, прозалық және поэзиялық шығармалардағы кейіпкердің іс-әрекетіне немесе лирикалық кейіпкердің образын талдау, мәтіндердің идеясын, мақсатты аудиториясын салыстырып талдау, қосымша ақпарат көздерінен алынған мәліметтерді кесте,

диаграмма, сызба, шартты белгілер түрінде ұсыну, мәтінде көтерілген мәселеге өз ойын дәлелдеп жеткізу;

туған өлке туралы, шындық көзқарас тұрғысынан адамдар туралы мақалалар мен очерктерді оқу;

Энциклопедияға қажетті материалдарды іріктей білу;

4) жазылым:

мәтіндердің жанрлық және стильдік ерекшелігін сақтап, өтініш, түйіндеме, ресми құттықтаулар жазу, эссе құрылымы мен дамуын сақтап, көтерілген мәселе бойынша келісу-келіспеу себептерін айқын көрсетіп жазу, жазба жұмыстарында теңеу мен метафораны қолданып жазу, тақырып бойынша мәліметтерді жинақтап, презентация түрінде ұсыну, тақырып бойынша сөздердің маңызды бөліктерін дұрыс жазу (күрделі сөздер), оқшау сөздерге қойылатын тыныс белгілерді орынды қолдану;

5) тілдік бағдар:

сөз таптары: мәтіндерден көмекші есімдерді ажырата білу, салыстырмалы, күшейтпелі, асырмалы шырайлардың қызметін білу, топтау сан есімдерін, одағай түрлерін орынды қолдану, етістіктің шақтары (бұрынғы және ауыспалы өткен шақ, мақсатты және болжалды келер шақ) мен қалау райдың қызметін білу, мақсат және себеп-салдар үстеулерді орынды қолдану, септеулік шылаулардың қызметін білу;

сөйлем: жазба жұмыстарында ыңғайлас, қарсылықты, түсіндірмелі салалас құрмалас сөйлемдерді құрастыру.

8-сыныпқа арналған «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнінің базалық білім мазмұны:

1) тыңдалым:

мәтін тақырыбы, тірек сөздер, иллюстрациялар арқылы көтерілетін мәселені болжау, мәтіннің негізгі мазмұнын түсіну, детальді ақпараттарды анықтау, оқу-еңбек тақырыптарына байланысты күрделі сөздер мен тұрақты тіркестердің мағынасын түсіну, орта көлемді прозалық, драмалық және поэзиялық шығармалардан үзінді тыңдау, тақырыбы мен идеясын талдау, тірек сөздер, автор көзқарасы мен көңіл күйі арқылы негізгі ойды анықтау, деректер келтіре отырып, дәлелді жауап беру;

2) айтылым:

тұрақты тіркестер мен көркемдегіш құралдарды қолданып, ауызша мәтіндер құрау, көңіл-күйді білдіруде ұлттық сөз әдебі мен сөйлеу этикеті формаларын қолдана білу, сөз ішіндегі және сөз аралығындағы ілгерінді, кейінді және тоғыспалы ықпал заңдылықтарын ескеріп айту, идеялық жағынан ұқсас мәтіндердегі оқиғалар желісін салыстыру және талдау, тақырып бойынша өз пікірлерін сенімді дәлелдеу және қойылған сұрақтарға еркін жауап беру, кесте, диаграмма, нұсқаулық шартты белгілер мен сызбаларда берілген ақпаратты талдау, баға беру;

3) оқылым:

перифраз түрінде берілген сұрақ арқылы қажетті ақпаратты анықтау, публицистикалық стильдің (мақала, интервью, қысқа очерк, жолдаулар) тілдік

ерекшеліктері арқылы мәтіндердің жанрын анықтау, прозалық және поэзиялық шығармалардың композициялық құрылымын анықтау, кейіпкердің іс-әрекетіне немесе лирикалық кейіпкердің образына баға беру, мәтіндердің түрлерін, тілдік ерекшеліктерін салыстырып талдау, қосымша ақпарат көздерінен алынған мәліметтерді қолданып, мәтінге өзгеріс енгізу, тақырып бойынша бірнеше мәтінде көтерілген мәселелерді салыстырып, баға беру;

4) жазылым:

мәтіндердің жанрлық және стильдік ерекшелігін сақтап, шағын мақала, пікір, интервью жазу, эссе құрылымы мен дамуын сақтап, берілген мәселенің оңтайлы шешілу жолдарын ұсыну, жазба жұмыстарында символ мен кейіптеу түрлерін қолданып жазу, тақырып бойынша мәліметтерді жинақтап, эссе жазуда тиімді қолдану, тақырып бойынша сөздердің маңызды бөліктерін дұрыс жазу (жеке сөздер, бірге, бөлек және дефис арқылы жазылатын сөздер), сөйлем ішінде қойылатын тыныс белгілерді орынды қолдану;

5) тілдік бағдар:

сөз таптары: болжалдық және бөлшектік сан есімдерді орынды қолдану, еліктеу сөздерді орынды қолдану, етістіктің шартты рай және бұйрық рай қызметін білу, күшейткіш үстеулерді орынды қолдану, демеулік шылаулардың қызметін білу, ауызша және жазба жұмыстарында орынды қолдану;

сөйлем: жазба жұмыстарында себеп-салдар, талғаулы, кезектес салалас құрмалас сөйлемдерді құрастыру.

9-сыныпқа арналған «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнінің базалық білім мазмұны:

1) тыңдалым:

тыңдалатын мәтіндегі фразалар мен дәйексөздерді талқылай отырып, тақырып пен көтерілетін мәселені болжау, мәтіннің негізгі мазмұнын түсіну, ақпараттың шынайылығы мен нақтылығын анықтау, әлеуметтік-қоғамдық тақырыптар аясында айтылған сөздер мен термин сөздердің мағынасын түсіну, орта көлемді прозалық, поэзиялық шығармалардан үзінді тыңдау, көтерілген (тұрмыстық, әлеуметтік, қоғамдық) мәселені анықтап, өз пікірін білдіру, мәтіннің мақсатты аудиториясын, автордың негізгі ойы мен көзқарасын анықтау, көтерілген мәселеге сыни көзқарасын білдіру;

2) айтылым:

мақсатты аудиторияға арналған ауызша мәтіндер құрау, коммуникативтік жағдаяттарға байланысты сөйлеу этикеті формаларын дұрыс таңдай білу, сөйлеу тіліндегі интонация, кідіріс, логикалық екпіннің мәнін түсініп, өз ойын жеткізу, шығарманың идеясы мен мазмұнына байланысты «автордың ойын» бағалау, тақырып бойынша қажетті аргументтерді орынды қолдану, диалогте, полилогте сенімді сөйлеу, кесте, диаграмма, шартты белгілер мен сызбаларда берілген ақпараттарды өзара салыстырып бағалау;

3) оқылым:

мәтіндегі ақпараттың өзектілігін анықтау, қорытынды жасау, ғылыми стильде (аннотация, пікір, тезис, мақала, баяндама, презентация) жазылған еңбектердің тілдік және жанрлық ерекшелігін анықтау, прозалық және

поэзиялық шығармалардағы автордың ойы мен көтерілген мәселені анықтап, оқырманға әсерін бағалау, мәтіндердің стилін, жанрлық ерекшеліктерін талдау, қосымша ақпарат көздерінен алынған мәліметтерден қорытынды жасау, өз көзқарасын білдіру, мәтінде көтерілген мәселені ғаламдық мәселелермен байланыстыра отырып сыни тұрғыда баға беру;

4) жазылым:

мәтіндердің жанрлық және стильдік ерекшелігін сақтап, шағын мақала, аннотация, шолу, нұсқаулық жазу, эссе құрылымы мен дамуын сақтап, өз ойын дәлелдеп жазу, жазба жұмыстарында афоризмдерді тиімді қолданып жазу, түрлі стильдегі мәтіндер құрауда мәліметтерді жинақтап, дереккөздеріне сілтеме көрсетіп жазу, тақырып бойынша бас әріппен жазылатын күрделі, құрама атауларды дұрыс жазу, сөйлем ішінде қойылатын тыныс белгілерді орынды қолдану;

5) тілдік бағдар:

сөз таптары: өздік, өзгелік, ортақ және ырықсыз етістің қызметін білу, мекен және мезгіл үстеулерді орынды қолдану, ыңғайластық қатынасты білдіретін және қарсылықтықатынасты білдіретін жалғаулықтардың қызметін білу, ауызша және жазба жұмыстарда орынды қолдану;

сөйлем: жазба жұмыстарында (шартты, қарсылықты, мезгіл, себеп, қимыл-сын, мақсат бағыныңқы) сабақтас құрмалас сөйлемдерді құрастыру.

Оқыту мақсаттарының жүйесі

Бағдарламада оқыту мақсаттары кодтық белгімен берілген. Кодтық белгідегі бірінші сан сыныпты, екінші және үшінші сан бөлім мен бөлімше ретін, төртінші сан оқыту мақсатының реттік нөмірін көрсетеді. Мысалы, 7.2.1.2 кодында: «7» – сынып, «2.1.» – бөлім мен бөлімше, «2» – оқыту мақсатының реттік саны.

Оқыту мақсаттары:

1) «Тыңдалым»:

Білім алушылар:					
Дағдылар	Оқыту мақсаттары				
	5-сынып	6-сынып	7-сынып	8-сынып	9-сынып
1. Болжау	5.1.1.1 тақырыпты тірек сөздер арқылы болжау	6.1.1.1 тірек сөздер, мәтіннің бастапқы бөлігін тыңдау арқылы тақырыпты және көтерілетін мәселені болжау	7.1.1.1 мәтін үзінділері арқылы оқиғаның дамуын болжау	8.1.1.1 мәтін тақырыбы, тірек сөздер, иллюстрациялар арқылы көтерілетін мәселені болжау	9.1.1.1 тыңдалатын мәтіндегі фразалар мен дәйексөздерді талқылай отырып, тақырып пен көтерілетін мәселені болжау
2. Назарын шоғырландырып тыңдау	5.1.2.1 тыңдалған мәтіннің негізгі мазмұнын түсіну және нақты ақпаратты анықтау	6.1.2.1 тыңдалған мәтіннің негізгі мазмұнын түсіну, негізгі және қосымша ақпараттарды анықтау	7.1.2.1 тыңдалған мәтіннің негізгі мазмұнын түсіну, ақпараттың өзектілігін анықтау	8.1.2.1 тыңдалған мәтіннің негізгі мазмұнын түсіну, детальді ақпараттарды анықтау	9.1.2.1 тыңдалған мәтіннің негізгі мазмұнын түсіну, ақпараттың шынайылығы мен нақтылығын

					анықтау
3. Сөздер мен сөз тіркестерінің мағынасын түсіну	5.1.3.1 күнделікті тұрмыстық тақырыптарға байланысты жаңа сөздер мен тірек сөздердің мағынасын түсіну	6.1.3.1 тұрмыстық әлеуметтік тақырыптарға байланысты жаңа сөздер мен тірек сөздердің мағынасын түсіну	7.1.3.1 әлеуметтік мәдени тақырыптарға байланысты қажетті сөздер мен сөз тіркестерінің мағынасын түсіну	8.1.3.1 оқу-еңбек тақырыптарына байланысты күрделі сөздер мен тұрақты тіркестердің мағынасын түсіну.	9.1.3.1 әлеуметтік қоғамдық тақырыптар аясында айтылған сөздер мен термин сөздердің мағынасын түсіну
4. Көркем шығармаларды тыңдау	5.1.4.1 фольклорлық және шағын көлемді көркем әдеби мәтіндердің мазмұнын түсіну	6.1.4.1 әңгіме, хикаялардың және шағын поэзиялық шығармалардың мазмұнын талдай отырып кейіпкерлерге сипаттама жасау	7.1.4.1 повестердің және лирикалық поэзиялық шығармалардан үзінді тыңдау, тақырыбы мен идеясын талдау	8.1.4.1 орта көлемді прозалық, драмалық және поэзиялық шығармалардан үзінді тыңдау, тақырыбы мен идеясын талдау	9.1.4.1 орта көлемді прозалық, поэзиялық шығармалардан үзінді тыңдау, көтерілген (тұрмыстық, әлеуметтік, қоғамдық) мәселені анықтап, өз пікірін білдіру
5. Негізгі ойды анықтау	5.1.5.1 тірек сөздер, жетекші сұрақтар арқылы негізгі тақырыпты анықтау	6.1.5.1 тірек сөздер, жетекші сұрақтар, мәтін тақырыбы арқылы негізгі ойды анықтау	7.1.5.1 тірек сөздер, сөйлеушінің дауыс ырғағы мен сөйлеу мәнері арқылы негізгі ойды анықтау	8.1.5.1 тірек сөздер, автор көзқарасы мен көңіл күйі арқылы негізгі ойды анықтау	9.1.5.1 мәтіннің мақсатты аудиториясын, автордың негізгі ойы мен көзқарасын анықтау
6. Тыңдалым материалдары бойынша жауап беру	5.1.6.1 тыңдалым материалдарының мазмұны негізінде сұрақтарға жауап беру	6.1.6.1 тыңдалым материалдарының мазмұны негізінде шынайы өмірмен байланыстырып жауап беру	7.1.6.1 тыңдалым материалдарының мазмұны негізінде өз пікірін өзгелердің пікірімен салыстыра отырып жауап беру	8.1.6.1 тыңдалым материалдарының мазмұны негізінде деректерді келтіре отырып, дәлелді жауап беру	9.1.6.1 тыңдалым материалдарының мазмұны негізінде көтерілген мәселеге сыни көзқарасын білдіру

2) «Айтылым»:

Білім алушылар:					
	Оқыту мақсаттары				
Дағдылар	5-сынып	6-сынып	7-сынып	8-сынып	9-сынып
1. Сөздік қорының алуандылығы	5.2.1.1 тақырып бойынша меңгерген жаңа сөздерді олардың синонимдерімен, антоним, омонимдерімен қатар қолдану, ойын жеткізе білу	6.2.1.1 тура және ауыспалы мағынадағы сөздерді қолдану, ойын әсерлі, мазмұнды жеткізу	7.2.1.1 мақал-мәтелдер, терминдер мен неологизмдерді орынды қолдана отырып, мәтін мазмұнын дамыту	8.2.1.1 тұрақты тіркестер мен көркемдегіш құралдарды қолданып, ауызша мәтіндер құрау	9.2.1.1 берілген тақырыпқа сай сөздерді орынды қолдана отырып, мақсатты аудиторияға арналған ауызша

					мәтіндер құрау
2. Сөз мәнері мен сөйлеу этикеті	5.2.2.1 қазақша амандасу мәнері мен ұлттық этикет формаларын пайдалану	6.2.2.1 тақырып бойынша диалогті бастау, жалғастыру, аяқтаудың ұлттық сөз әдебі мен сөйлеу этикеті формаларын білу	7.2.2.1 кеңес беру, ұсыныс жасау, өтініш, талап, ету, бұйрық берудің түрлі формалары мен жағдаяттарына сай ұлттық сөз әдебі мен сөйлеу этикеті формаларын қолдана білу	8.2.2.1 түрлі жанрдағы көркем мәтіндерге сүйене отырып, көңіл-күйді білдіруде ұлттық сөз әдебі мен сөйлеу этикеті формаларын қолдана білу	9.2.2.1 коммуникативтік жағдаяттарға байланысты сөйлеу этикеті формаларын дұрыс тандай білу
3. Орфоэпиялық нормаларды сақтау	5.2.3.1 ауызша мәтіндер құрауда қазақ тіліндегі төл дыбыстардың дыбысталуын, үндестік заңын ескеріп айту	6.2.3.1 ауызша мәтіндер құрауда сұраулы, хабарлы, лепті және бұйрықты сөйлемдердің интонациялық ерекшелігін ескеріп айту	7.2.3.1 ауызша мәтіндер құрауда екпін түрлерін сөз және сөйлем ішінде орынды қолданып айту	8.2.3.1 ауызша мәтіндер құрауда сөз ішіндегі және сөз аралығындағы ілгерінді, кейінді және тоғыспалы ықпал заңдылықтарын ескеріп айту	9.2.3.1 коммуникативтік жағдаятқа сай сөйлеу тіліндегі интонация, кідіріс, логикалық екпіннің мәнін түсініп, өз ойын жеткізу
2. Заманауи лығы мен жаңашылды ғы	5.3.2.1 кейіпкерлерді шынайы өмірмен салыстырып бағалау	6.3.2.1 кейіпкер лер жүйесінің заманауи жаңашылд ығын өзара салыстыры п баға беру	7.3.2.1 әдеби жанр түрлерінің даму барысына, жаңашылдығ ына заманауи тұрғыдан баға беру	8.3.2.1 шығармадағы материалдық және рухани құндылықтар ды заманауи тұрғыда салыстырып, жаңашылды ғына баға беру	9.3.2.1 шығармада ғы ұрпақтар сабақтасты ғы көрінісін заманауи тұрғыда салысты рып, жаңашылдығ ына баға беру
3. Әдеби эссе	5.3.3.1 шығарма дағы кейіпкерді өзіндік құндылығы тұрғысынан талдап, әдеби эссе жазу	6.3.3.1 шығарма дағы кейіпкерле р қарым- қатына сын отбасы лық құндылық тұрғысына н талдап, әдеби эссе жазу	7.3.3.1 шығарманы ұлттық құндылық тұрғысынан талдап, әдеби эссе жазу	8.3.3.1 шығарманың көркемдік- идеялық құндылығын гуманистік тұрғыдан талдап, әдеби эссе жазу	9.3.3.1 шығарма ның идеясын ғаламдық тұрғыдан талдап, әдеби эссе жазу
4. Әдеби сын	5.3.4.1 оқырман ның рухани дүниесіне шығарма эсерін талдай отырып, сыни хабарлама жазу	6.3.4.1 шығарма да көтеріл ген мәселенің әлеумет тік рөлі туралы сыни хабарлама жасау	7.3.4.1 әдеби шығарма ның эстетикалық құндылығы туралы шағын сыни шолу жазу	8.3.4.1 шығарма бойынша жазылған әдеби сын-пікірлерге сүйене отырып, өзіндік сыни пікір жазу	9.3.4.1 әдеби шығарма ны қазақ әдебиеті мен әлем әдебиеті үлгілері мен салыстыра талдап, шағын сын мақала жазу

Осы оқу бағдарламасы негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9-сыныптарына арналған «Қазақ әдебиеті» оқу пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасының ұзақ мерзімді жоспарына сәйкес жүзеге асырылады. Ұзақ мерзімді жоспарда барлық сынып бойынша әр тарауда қамтылуы тиіс оқу мақсаттарының көлемі белгіленген.

Тоқсандағы бөлімдер мен бөлімдер ішіндегі тақырыптар бойынша сағат сандарын бөлу мұғалімнің еркіне қалдырылады.

Жалпы орта білім беру деңгейінің қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы 10-11-сыныптарына арналған жаңартылған мазмұндағы «Қазақ әдебиеті» пәнінің ерекшеліктері

«Қазақ әдебиеті» пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:
10-сынып – аптасына 3 сағат, оқу жылында 102 сағатты;
11-сынып – аптасына 3 сағат, оқу жылында 102 сағатты құрайды.

«Қазақ әдебиеті» пәндік білімнің мазмұны бөлімдерге бөлінген: түсіну және жауап беру, анализ және интерпретация, бағалау және салыстырмалы анализ, сонымен қатар, дағдыларды қалыптастыратын бөлімшелерден тұрады. Бағдарламаның бұл бөлімі пән бойынша оқу мақсаттарынан тұрады.

«Түсіну және жауап беру» бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

- 6) көркем шығарма мазмұны мен пішіні;
- 7) әдеби шығарманың тұжырымдамасы;
- 8) көркем шығармадағы образ;
- 9) шығарма үзінділерімен жұмыс;
- 10) қазақ әдебиетіндегі ұлттық құндылықтардың әлемдегі орнын білу.

«Анализ және интерпретация» бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

- 11) әдеби шығарманың композициясы;
- 12) автор бейнесі;
- 13) көркем шығарманың тілі;
- 14) шығармашылық жұмыс;
- 15) қазақ және әлем әдебиетіндегі құндылықтар.
- 16) «Бағалау және салыстыру» бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:
- 17) тарихи және көркемдік құндылығы;
- 18) заманауилығы мен жаңашылдығы;
- 19) әдеби эссе;
- 20) әдеби сын.

Оқу пәнінің 10-сыныптағы базалық білім мазмұны:

1) түсіну және жауап беру: әдеби шығарманың сюжеттік-композициялық құрылысын талдау арқылы идеялық мазмұнын терең түсіну; әдеби шығармадағы көтерілген мәселелерді ұлттық мүдде тұрғысынан ашу; көркем шығармадағы кейіпкерлер жүйесін жинақтау мен даралау; көркем шығармалардан алған үзінділерді ғаламдық тақырыптағы мәселелермен байланыстыру; шығармадағы ұлттық құндылықтардың әлемдік тақырыптармен үндестігін ашу;

2) анализ және интерпретация: әдеби шығарманың композициясын уақыт пен кеңістік тұрғысынан талдау; шығармадағы авторлық идеяның өмір шындығымен байланысы; шығармадағы автор стилі мен көркемдегіш құралдардың қызметін ашу; көркем шығармадағы көтерілген мәселелерге талдау жасау арқылы өзіндік пікірін қосып, шығармашылық жұмыс жазу; әлем және қазақ әдебиетіндегі құндылықтардың үндесуін талдап, өзіндік ой қорыту;

3) бағалау және салыстыру: шығарманы мазмұндас туындылардың үлгілерімен салыстырып, тарихи және көркемдік құндылығын бағалау; көркем шығармадағы көтерілген мәселелердің жаңашылдығына сыни тұрғыдан баға беру; шығарманың идеясын жалпыадамзаттық құндылық тұрғысынан талдап, әдеби эссе жазу; шығарманы идеялық жағынан мазмұндас туындылармен салыстыра отырып, әдеби сын жазу.

10. Оқытылатын көркем шығармалар тізімі:

1) Абай Құнанбаев «Сегіз аяқ», «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы», «Көңілім қайтты достан да, дұшпаннан да», «Сабырсыз, арсыз, еріншек»,

«Қалың елім, қазағым, қайран жұртым», «Болыс болдым, мінеки», «Лай суға май бітпес қой өткенге» өлеңдері; Он жетінші қарасөз, Отыз екінші қарасөз, Отыз үшінші қарасөз, «Ескендір» поэмасы;

- 2) Жүсіпбек Аймауытов «Ақбілек» романы;
- 3) Ә. Кекілбаев «Аңыздың ақыры» повесі;
- 4) М.Мағауин «Шақан - шері» романы;
- 5) Ш.Айтматов «Боранды бекет» романы;
- 6) Ұ.Есдәулетов «Біз түркілерміз»;
- 7) Қ.Жұмаділов «Тағдыр» романы;
- 8) Шахмардан Құсайынов «Томирис» драмасы;
- 9) Ш. Мұртаза «Тәуекел той» әңгімесі.

11. Оқу пәнінің 11-сыныптағы базалық білім мазмұны:

1) түсіну және жауап беру:әдеби шығарманың сюжеттік-композициялық құрылысын талдау арқылы көтерілген ғаламдық мәселелерді терең түсіну; әдеби шығармадағы көтерілген мәселелерді қазіргі өмірмен байланыстырып, ұлттық мүдде тұрғысынан ашу; көркем шығармадағы кейіпкерлер жүйесін жинақтау мен даралау арқылы өмір шындығын көрсету; көркем шығармалардан алған үзінділерді ғаламдық тақырыптағы мәселелермен байланыстырып, шығармашылық жұмыстарда қолдану; шығармадағы ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтардың әлемдік тақырыптармен үндестігін ашу;

2) анализ және интерпретация: әдеби шығарманың композициясын жанрлық ерекшеліктерін айқындап, уақыт пен кеңістік тұрғысынан талдау; автор бейнесінің шығарманың негізгі идеясымен байланысын айқындау; шығармадағы көркемдегіш құралдардың образ жасаудағы орны; көркем шығармадағы ғаламдық тақырыптарға креативті ой қосып, шығармашылық жұмыс жазу; қазақ әдебиеті мен әлем әдебиетіндегі ортақ бағыт, әдеби ағым, жалпыадамзаттық құндылықтарды анықтау, талдау жасау;

3) бағалау және салыстыру: шығарманы ғаламдық тақырыптармен салыстырып, тарихи және көркемдік құндылығын бағалау; көркем шығарманың жаңашылдығын ғаламдық тақырыптармен байланыстыра отырып, сыни тұрғыдан баға беру; шығарманың идеясын көркемдік-эстетикалық құндылық тұрғысынан талдап, әдеби эссе жазу; шығарманы идеялық жағынан мазмұндас әлем әдебиеті үлгілерімен салыстыра талдап, әдеби сын жазу.

12. Оқытылатын көркем шығармалар тізімі:

- 1) С.Сейфуллин «Сыр сандық» өлеңі;
- 2) И.Есенберлин «Қаһар» романы;
- 3) А.Сүлейменов «Бесатар» повесі;
- 4) С. Елубай «Жалған дүние» романы;
- 5) Қасым Аманжолов «Өзім туралы» өлеңі;
- 6) М. Әуезов «Абай жолы» роман-эпопеясы;
- 7) Т.Молдағалиев «Бауырлар» өлеңі;
- 8) М. Райымбекұлы«Көшбасшы»поэмасы;
- 9) Эрнест Хемингуэй «Шал мен теңіз» повесі.

Оқу мақсаттарының жүйесі

Бағдарламада «оқу мақсаттары» төрт саннан тұратын кодтық белгімен белгіленді. Кодтық белгідегі бірінші сан сыныпты, екінші және үшінші сандар бөлім және бөлімше ретін, төртінші сан бөлімшедегі оқу мақсатының реттік нөмірін көрсетеді. Мысалы, 10.2.1.4. кодында «10» - сынып, «2.1» - екінші бөлімнің бірінші бөлімшесі, «4» - оқу мақсатының реттік саны

Оқу мақсаттарының жүйесі бөлім бойынша әр сыныпқа берілген.

1) түсіну және жауап беру:

Білім алушылар...		
	10-сынып	11-сынып
1.Көркем шығарманың мазмұны мен пішіні	10.1.1.1 - әдеби шығарманың сюжеттік-композициялық құрылысын талдау арқылы идеялық мазмұнын терең түсіну	11.1.1.1 - әдеби шығарманың сюжеттік-композициялық құрылысын талдау арқылы көтерілген ғаламдық мәселелерді терең түсіну
2.Әдеби шығарманың тұжырымдамасы	10.1.2.1 - әдеби шығармадағы көтерілген мәселелерді ұлттық мүдде тұрғысынан ашу	11.1.2.1 - әдеби шығармадағы көтерілген мәселелерді қазіргі өмірмен байланыстырып, ұлттық мүдде тұрғысынан ашу
3.Көркем шығармадағы образ	10.1.3.1 - көркем шығармадағы кейіпкерлер жүйесін жинақтау мен даралау	11.1.3.1 - көркем шығармадағы кейіпкерлер жүйесін жинақтау мен даралау арқылы өмір шындығын көрсету
4.Шығарма үзінділерімен жұмыс	10.1.4.1 - көркем шығармалардан алған үзінділерді ғаламдық тақырыптағы өзекті мәселелермен байланыстыру	11.1.4.1 - көркем шығармалардан алған үзінділерді ғаламдық тақырыптағы өзекті мәселелермен байланыстырып, шығармашылық жұмыстарда қолдану
5.Қазақ әдебиетіндегі ұлттық құндылықтардың әлемдегі орнын білу	10.1.5.1 - шығармадағы ұлттық құндылықтардың әлемдік тақырыптармен үндестігін ашу	11.1.5.1 - шығармадағы ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтардың әлемдік тақырыптармен үндестігін ашу

2) анализ және интерпретация:

Білім алушылар...		
	10-сынып	11-сынып
1. Әдеби шығарманың композициясы	10.2.1.1 - әдеби шығарманың композициясын уақыт пен кеңістік тұрғысынан талдау	11.2.1.1 - әдеби шығарманың композициясын жанрлық ерекшеліктерін айқындап, уақыт пен кеңістік тұрғысынан талдау
2. Автор бейнесі	10.2.2.1 - шығармадағы авторлық идеяның өмір шындығымен байланысы айқындау	11.2.2.1 - автор бейнесінің шығарманың негізгі идеясымен байланысын айқындау
3. Көркем шығарманың тілі	10.2.3.1 - шығармадағы көркемдегіш құралдар мен айшықтау амалдарының қызметін талдау	11.2.3.1 - шығармадағы көркемдегіш құралдар мен айшықтау амалдарының қызметін талдай отырып, автор стилін анықтау
4. Шығармашылық жұмыс	10.2.4.1 - көркем шығармадағы көтерілген мәселелерге талдау жасау арқылы өзіндік пікірін қосып, шығармашылық жұмыс (эссе, өлең, әдеби және еркін тақырыптарға	11.2.4.1 - көркем шығармадағы ғаламдық тақырыптарға креативті ой қосып, шығармашылық жұмыс (эссе, әңгіме, өлең, әдеби және еркін тақырыптарға

	әңгіме, өлең, әдеби және еркін тақырыптарға шығарма) жазу	шығарма) жазу
5. Қазақ және әлем әдебиетіндегі құндылықтар	10.2.5.1 - әлем және қазақ әдебиетіндегі құндылықтардың үндесуін талдап, өзіндік ой қорыту	11.2.5.1 - қазақ әдебиеті мен әлем әдебиетіндегі ортақ бағыт, әдеби ағым, жалпыадамзаттық құндылықтарды анықтау, талдау жасау

3) бағалау және салыстыру:

Білім алушылар...		
	10-сынып	11-сынып
1.Тарихи және көркемдік құндылығы	10.3.1.1 - шығарманы мазмұндас туындылардың үлгілерімен салыстырып, тарихи және көркемдік құндылығын бағалау	11.3.1.1 - шығарманы ғаламдық тақырыптармен салыстырып, тарихи және көркемдік құндылығын бағалау
2.Заманауилығы мен жаңашылдығы	10.3.2.1 - көркем шығармадағы көтерілген мәселелердің жаңашылдығына сыни тұрғыдан баға беру	11.3.2.1 - . көркем шығарманың жаңашылдығын ғаламдық тақырыптармен байланыстыра отырып, сыни тұрғыдан баға беру
3. Әдеби эссе	10.3.3.1 - шығарманың идеясын жалпыадамзаттық құндылық тұрғысынан талдап, әдеби эссе жазу	11.3.3.1 - шығарманың идеясын көркемдік-эстетикалық құндылық тұрғысынан талдап, әдеби эссе жазу
4. Әдеби сын	10.3.4.1 - шығарманы идеялық жағынан мазмұндас туындылармен салыстыра отырып, әдеби сын жазу	11.3.4.1 - шығарманы идеялық жағынан мазмұндас әлем әдебиеті үлгілерімен салыстыра талдап, әдеби сын жазу

Осы оқу бағдарламасы қосымшада берілген жалпы орта білім беру деңгейінің қоғамдық-гуманитарлық бағытындағы 10-11-сыныптарға арналған «Қазақ әдебиеті» оқу пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасының Ұзақ мерзімді жоспарына сәйкес жүзеге асырылады.

Тоқсандағы бөлімдер және бөлімдер ішіндегі тақырыптар бойынша сағат сандарын бөлу мұғалімнің еркіне қалдырылады.

Жалпы орта білім беру деңгейінің жаратылыстану-математика бағыттағы 10-11-сыныптарына арналған жаңартылған мазмұндағы «Қазақ әдебиеті» пәнінің ерекшеліктері

«Қазақ әдебиеті» пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

10-сынып – аптасына 2 сағат, оқу жылында 68 сағатты;

11-сынып – аптасына 2 сағат, оқу жылында 68 сағатты құрайды.

«Қазақ әдебиеті» пәндік білімнің мазмұны бөлімдерге бөлінген: түсіну және жауап беру, анализ және интерпретация, бағалау және салыстырмалы анализ, сонымен қатар, дағдыларды қалыптастыратын бөлімшелерден тұрады. Бағдарламаның бұл бөлімі пән бойынша оқу мақсаттарынан тұрады.

«Түсіну және жауап беру» бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

- 6) көркем шығарма мазмұны мен пішіні;
- 7) әдеби шығарманың тұжырымдамасы;
- 8) көркем шығармадағы образ;
- 9) шығарма үзінділерімен жұмыс;
- 10) қазақ әдебиетіндегі ұлттық құндылықтардың әлемдегі орнын білу.

«Анализ және интерпретация» бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

- 6) әдеби шығарманың композициясы;
- 7) автор бейнесі;
- 8) көркем шығарманың тілі;
- 9) шығармашылық жұмыс;
- 10) қазақ және әлем әдебиетіндегі құндылықтар.

«Бағалау және салыстыру» бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

- 5) тарихи және көркемдік құндылығы;
- 6) заманауилығы мен жаңашылдығы;
- 7) әдеби эссе;
- 8) әдеби сын.

Оқу пәнінің 10-сыныптағы базалық білім мазмұны:

1) түсіну және жауап беру: әдеби шығармаға сюжеттік-композициялық талдау жасау арқылы идеялық мазмұнын түсіну; әдеби шығарманың жанрлық табиғатын тану; көркем шығармадағы кейіпкерлер жүйесін жинақтау мен даралау; көркем шығармалардан алған үзінділерді шығармашылық жұмыстарда қолдану; ұлттық құндылықтардың маңыздылығын контекстермен үндестіру;

2) анализ және интерпретация: әдеби шығарманың әртүрлі композициялық ерекшеліктерін талдау; автор бейнесінің шығармадағы белгілі бір оқиғадағы көрінісі; шығармадағы көркемдегіш құралдардың орны мен қызметін ашу; көркем шығармада көтерілген мәселелерге талдау жасау арқылы шығармашылық жұмыс жазу; қазақ әдебиеті мен әлем әдебиетіндегі ортақ құндылықтарды анықтау;

3) бағалау және салыстыру: шығарманың тарихи және көркемдік құндылығын анықтап, бағалау; көркем шығармадағы көтерілген мәселелердің жаңашылдығына баға беру; шығарманың идеясын адамгершілік құндылық тұрғысынан талдап, әдеби эссе жазу; ғылыми еңбектерді негізге ала отырып, әдеби сын жазу.

Оқытылатын көркем шығармалар тізімі:

1) Абай Құнанбаев «Сегіз аяқ», «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым», «Лай суға май бітпес қой өткенге» өлеңдері; Он жетінші қарасөз, Отыз екінші қарасөз, «Масфұт» поэмасы;

- 2) М.Сәрсекке «Қаныш Сәтбаев» роман-эссе;
- 3) А.Кемелбаева «Шашты» әңгімесі;
- 4) Т.Сұлтанбеков «Көшпелі алтын» ғылыми фантастикалық әңгіме;
- 5) Оразақын Асқар «Шетте жүрген бауырларға» өлеңі;
- 6) Ш. Мұртаза «Бесеудің хаты» драмасы;
- 7) Ж.Бөдеш «Жалғыз» поэмасы.

Оқу пәнінің 11-сыныптағы базалық білім мазмұны:

4) түсіну және жауап беру: әдеби шығармаға сюжеттік-композициялық талдау жасау арқылы жанрлық ерекшелігін түсіну; әдеби шығарманың жанрлық ерекшелігін өзге жанрлармен салыстыра отырып талдау; көркем шығармадағы кейіпкерлер жүйесін жинақтау мен даралау арқылы өмір шындығын көрсету; көркем шығармалардан алған үзінділерді, қанатты сөздер мен дәйексөздерді

шығармашылық жұмыстарда қолдану; ұлттық құндылықтардың маңыздылығын ғаламдық тақырыптағы контекстермен байланыстыру;

5) анализ және интерпретация: әдеби шығарманың жанрына қарай композициялық ерекшеліктерін айқындау; шығармадағы авторлық идеяның өмір шындығымен байланысы; шығарма идеясы мен көркемдегіш құралдардың байланысын ашу; әдеби туындыдағы көтерілген мәселелерге өзіндік көзқарас тұрғысынан шығармашылық жұмыс жазу; әлем және қазақ әдебиетіндегі ортақ құндылықтардың үндестігін талдау;

6) бағалау және салыстыру: шығарманы әлем әдебиеті үлгілерімен салыстырып, тарихи және көркемдік құндылығын бағалау; көркем шығармадағы заман көрінісі мен қазіргі заман көрінісін салыстырып бағалау; шығарманы көркемдік-эстетикалық құндылық тұрғысынан талдап, әдеби эссе жазу; шығарманы идеялық жағынан мазмұндас туындылармен салыстыра отырып, әдеби сын жазу.

Оқытылатын көркем шығармалар тізімі:

- 1) О.Бөкей «Атау кере» повесі;
- 2) Ж.Әбдірашев «Дала, сенің ұлыңмын» өлеңі;
- 3) Б.Мұқай «Өмірзая» романы;
- 4) Лира Қоныс «Тиын» әңгімесі;
- 5) М. Әуезов «Абай жолы» роман-эпопеясы 1, 2-том;
- 6) Қ.Мырзалиев «Қызыл кітап» поэмасы;
- 7) С.Балғабаев «Тойдан қайтқан қазақтар» комедиялық драмасы.

Оқу мақсаттарының жүйесі

Бағдарламада «оқу мақсаттары» төрт саннан тұратын кодтық белгімен белгіленді. Кодтық белгідегі бірінші сан сыныпты, екінші және үшінші сандар бөлім және бөлімше ретін, төртінші сан бөлімшедегі оқу мақсатының реттік нөмірін көрсетеді. Мысалы, 10.2.1.4. кодында «10» - сынып, «2.1» - екінші бөлімнің бірінші бөлімшесі, «4» - оқу мақсатының реттік саны.

Оқу мақсаттарының жүйесі бөлім бойынша әр сыныпқа берілген:

1) түсіну және жауап беру:

Білім алушылар...	10-сынып	11-сынып
1.Көркем шығарманың мазмұны мен пішіні	10.1.1.1 - әдеби шығармаға сюжеттік-композициялық талдау жасау арқылы идеялық мазмұнын түсіну	11.1.1.1 - әдеби шығармаға сюжеттік-композициялық талдау жасау арқылы жанрлық ерекшелігін түсіну
2.Әдеби шығарманың тұжырымдамасы	10.1.2.1 - әдеби шығарманың жанрлық табиғатын тану	11.1.2.1 - әдеби шығарманың жанрлық ерекшелігін өзге жанрлармен салыстыра отырып талдау
3.Көркем шығармадағы образ	10.1.3.1 - көркем шығармадағы кейіпкерлер жүйесін жинақтау мен даралау	11.1.3.1 - көркем шығармадағы кейіпкерлер жүйесін жинақтау мен даралау арқылы өмір шындығын көрсету

4.Шығарма үзінділерімен жұмыс	10.1.4.1 - көркем шығармалардан алған үзінділерді шығармашылық жұмыстарда қолдану	11.1.4.1 - көркем шығармалардан алған үзінділерді, қанатты сөздер, дәйексөздерді шығармашылық жұмыстарда қолдану
5. Қазақ әдебиетіндегі ұлттық құндылықтардың әлемдегі орнын білу	10.1.5.1 - ұлттық құндылықтардың маңыздылығын контекстермен үндестіру	11.1.5.1 - ұлттық құндылықтардың маңыздылығын ғаламдық тақырыптағы контекстермен байланыстыру
2) анализ және интерпретация:		
	10-сынып	11-сынып
1. Әдеби шығарманың композициясы	10.2.1.1 - әдеби шығарманың композициялық ерекшеліктерін талдау	11.2.1.1 - әдеби шығарманың жанрына қарай композициялық ерекшеліктерін айқындау
2. Автор бейнесі	10.2.2.1 - автор бейнесінің шығармадағы белгілі бір оқиғадағы көрінісін анықтау	11.2.2.1 - шығармадағы авторлық идеяның өмір шындығымен байланысын анықтау
3. Көркем шығарманың тілі	10.2.3.1 - шығармадағы көркемдегіш құралдардың орыны мен қызметін талдау	11.2.3.1 - шығарма идеясы мен көркемдегіш құралдардың байланысын талдау
4. Шығармашылық жұмыс	10.2.4.1 - көркем шығармада көтерілген мәселелерге талдау жасау арқылы шығармашылық жұмыс (эссе, әңгіме, өлең, әдеби және еркін тақырыптарға шығарма) жазу.	11.2.4.1 - әдеби туындыдағы көтерілген мәселелерге өзіндік көзқарас тұрғысынан шығармашылық жұмыс (эссе, әңгіме, өлең, әдеби және еркін тақырыптарға шығарма) жазу
5. Қазақ және әлем әдебиетіндегі құндылықтар	10.2.5.1 - қазақ әдебиеті мен әлем әдебиетіндегі ортақ құндылықтарды анықтау	11.2.5.1 - әлем және қазақ әдебиетіндегі ортақ құндылықтардың үндестігін талдау

3) бағалау және салыстыру

	10-сынып	11-сынып
1.Тарихи және көркемдік құндылығы	10.3.1.1 - шығарманың тарихи және көркемдік құндылығын анықтап, бағалау	11.3.1.1 - шығарманы әлем әдебиеті үлгілерімен салыстырып, тарихи және көркемдік құндылығын бағалау
2.Заманауилығы мен жаңашылдығы	10.3.2.1 - көркем шығармадағы көтерілген мәселелердің жаңашылдығына баға беру	11.3.2.1 - көркем шығармадағы заман көрінісі мен қазіргі заман көрінісін салыстырып бағалау
3. Әдеби эссе	10.3.3.1 - шығарманың идеясын адамгершілік құндылық тұрғысынан талдап, әдеби эссе жазу	11.3.3.1 - шығарманы көркемдік-эстетикалық құндылық тұрғысынан талдап, әдеби эссе жазу
4. Әдеби сын	10.3.4.1 - ғылыми еңбектерге сүйене отырып әдеби сын жазу	11.3.4.1 - шығарманы идеялық жағынан мазмұндас туындылармен салыстыра отырып, әдеби сын жазу

Осы оқу бағдарламасы қосымшада берілген жалпы орта білім беру деңгейінің жаратылыстану-математикалық бағытындағы 10-11-сыныптарға арналған «Қазақ әдебиеті» оқу пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасының Ұзақ мерзімді жоспарына сәйкес жүзеге асырылады.

Тоқсандағы бөлімдер және бөлімдер ішіндегі тақырыптар бойынша сағат сандарын бөлу мұғалімнің еркіне қалдырылады.

2.3 «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнін оқытудың ерекшеліктері

«Қазақ тілі мен әдебиеті» пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

5-сынып – аптасына 5 сағат, оқу жылында – 170 сағат;

6-сынып – аптасына 5 сағат, оқу жылында – 170 сағат;

7-сынып – аптасына 5 сағат, оқу жылында – 170 сағат;

8-сынып – аптасына 5 сағат, оқу жылында – 170 сағат;

9-сынып – аптасына 5 сағат, оқу жылында – 170 сағат.

«Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнінің оқу мазмұны 5 бөлімге бөлінеді. Бөлімдерді бөлімшелер құрайды, олар сыныптар бойынша күтілетін нәтижелер түрінде оқыту мақсаттарынан тұрады.

Оқыту мақсаттары арқылы мұғалімдер сөйлеу қызметінің төрт дағдысын (тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым) қалыптастырады, сонымен қатар, оқушылардың жетістігін бағалайды және оқытудың келесі кезеңі туралы ақпарат береді.

Оқыту пәнінің мазмұнын 5 бөлім құрайды:

- 1) тыңдалым;
- 2) айтылым;
- 3) оқылым;
- 4) жазылым;
- 5) тілдік бағдар.

«Тыңдалым» бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

- 1) болжау;
- 2) назарын шоғырландырып тыңдау;
- 3) сөздер мен сөз тіркестерінің мағынасын түсіну;
- 4) көркем шығармаларды тыңдау;
- 5) негізгі ойды анықтау;
- 6) тыңдалым материалдары бойынша жауап беру.

«Оқылым» бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

- 1) мәтіндегі ақпаратты анықтау;
- 2) стильдік ерекшеліктерді анықтау;
- 3) көркем шығармаларды оқу;
- 4) мәтіндерге салыстырмалы талдау жасау;
- 5) қосымша ақпарат көздерінен алынған мәліметтерді оқу;
- 6) өзіндік көзқарасын білдіру және бағалау.

«Жазылым» бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

- 1) әртүрлі стильде мәтіндер құрастыру;

- 2) эссе жазу;
- 3) көркемдегіш құралдарды қолданып жазу;
- 4) мәліметтерді жинақтау;
- 5) орфография және пунктуация.

«Айтылым» бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

- 1) сөздік қорының алуандығы;
- 2) сөз мәнері мен сөйлеу этикеті;
- 3) орфоэпиялық нормаларды сақтау;
- 4) мәтіннің негізгі аспектілерін анықтау және талқылау;
- 5) сенімді және еркін жауап беру;
- 6) визуалды материалдар арқылы тілді дамыту.

«Тілдік бағдар» бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

- 1) сөз таптары;
- 2) сөйлем.

5-сыныпқа арналған «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнінің базалық білім мазмұны:

- 1) тыңдалым:

тірек сөздер арқылы болжау, негізгі мазмұнын түсіну, нақты ақпаратты анықтау, күнделікті тұрмыстық тақырыптарға байланысты сөздердің мағынасын түсіну, көркем әдеби мәтіндердің мазмұнын түсіну, негізгі тақырыпты анықтау, сұрақтарға жауап беру;

- 2) айтылым:

жаңа сөздерді олардың синонимдерімен, антоним, омонимдерімен қатар қолдану, ойын жеткізе білу, амандасу мәнері мен ұлттық этикет формалары, қазақ тіліндегі төл дыбыстары мен үндестік заңы, мәтіндердің мазмұнына жоспар құру, берілген сұраққа лайықты жауап беру, шағын диалогке қатысу, иллюстрацияларды сипаттау;

- 3) оқылым:

негізгі ақпаратты анықтау, хат, хабарлама, жарнама мазмұнын түсіну, стильдік ерекшелігін анықтау, көркем әдеби шығармаларды түсіну, тақырыбын анықтау, мәтіндердің тақырыбын, мазмұндық құрылымын салыстыру, қосымша ақпарат көздерінен тақырыпқа байланысты мәліметтерді ала білу, тақырып бойынша үйренген сөздерін қолдана отырып, мәтінде көтерілген мәселеге өз көзқарасын білдіру;

- 4) жазылым:

ресми стильдің тілдік ерекшеліктері мен талаптарына сай хабарлама, хабарландыру, хат жазу, эссе құрылымын сақтай отырып, адамды, табиғатты, белгілі бір оқиғаны сипаттап жазу, жазба жұмыстарында сипаттау, бейнелеу құралдарын қолданып жазу, мәліметтерді жинақтай отырып, тақырып бойынша постер жасау, үндестік заңына сәйкес орфографиялық нормаға сай дұрыс жазу, сөйлем соңында қойылатын тыныс белгілерді орынды қолдану;

- 5) тілдік бағдар:

сөз таптары: жалпы және жалқы есімдерді ажырата білу, жалғау түрлерін дұрыс жалғау, заттың түрін, түсін сапасын білдіретін сын есімдерді ажырата

білу, сан есім (бірліктер, ондықтар, жүз, мың) атауларын білу, жіктеу, сілтеу, сұрау есімдіктерін орынды қолдану, болымды және болымсыз етістіктер, мекен және мезгіл үстеулер, ыңғайластық қатынасты білдіретін және қарсылықтық қатынасты білдіретін жалғаулықтардың қызметін білу;

сөйлем: хабарлы, сұраулы, лепті сөйлемдердің жасалу жолдарын білу, құрастыру.

6-сыныпқа арналған «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнінің базалық білім мазмұны:

1) тыңдалым:

мәтіннің бастапқы бөлігін тыңдау арқылы тақырыпты және көтерілетін мәселені болжау, мәтіннің негізгі мазмұнын түсіну, негізгі және қосымша ақпараттарды анықтау, тұрмыстық-әлеуметтік тақырыптарға байланысты жаңа сөздер мен тірек сөздердің мағынасын түсіну, әңгіме, хикаялардың және шағын поэзиялық шығармалардың мазмұнын талдай отырып кейіпкерлерге сипаттама жасау, мәтін тақырыбы арқылы негізгі ойды анықтау, тыңдалым материалдары бойынша шынайы өмірмен байланыстырып жауап беру;

туған өлкенің табиғаты және тарихы сипатталатын поэтикалық және прозалық шығармаларды білу;

2) айтылым:

тура және ауыспалы мағынадағы сөздерді қолдану, ойын әсерлі, мазмұнды жеткізу, тақырып бойынша диалогті бастау, жалғастыру, аяқтаудың ұлттық сөз әдебі мен сөйлеу этикеті формаларын білу, сұраулы, хабарлы, лепті және бұйрықты сөйлемдердің интонациялық ерекшелігін ескеріп айту, шағын көлемді мәтіндегі жеке эпизодтарды сипаттау және тілдік ерекшелігіне салыстыру жасау, диалогке қатысушылар өзара түсінісіп, ойларын толықтырып отыру, сюжетті суреттердің желісі бойынша әңгіме құрастыру;

туған өлкенің ақындары мен жазушыларының шығармашылығын білу; Мәтіннің ақпараттылық сипаттамаларын талдау;

3) оқылым:

мәтіндегі негізгі және жанама ақпаратты анықтау, ресми стильдегі мәтіндердің стильдік ерекшелігін анықтау (күнделік, мінездеме, түсініктеме, өмірбаян, түйіндеме, орта көлемді шығармаларды түсіну, тақырыбы мен негізгі ойды анықтау, мәтіндердің тақырыбына, мазмұндық құрылымына сүйене отырып, түрлерін салыстыру, қосымша ақпарат көздерінен тақырыпқа байланысты мәліметтерді мәтін мазмұнымен салыстыру, қарама-қайшы ақпараттарды анықтау, мәтінде көтерілген мәселені шынайы өмірмен байланыстыру;

туған өлкеге арналған бір өлеңді жатқа мәнерлеп оқу;

4) жазылым:

мәтіндердің стильдік ерекшелігін сақтай отырып, күнделік, мінездеме, түсініктеме, өмірбаян жазу, эссе тақырыбының желісінен шықпай, әрбір абзацты жүйелі құрастыру, жазба жұмыстарында теңеу, эпитет сөздерін қолданып жазу, мәліметтерді жинақтай отырып, тақырып бойынша постер,

сызба-кестелер жасау, үндестік заңын ескеріп, орфографиялық нормаға сай дұрыс жазу, сөйлем соңында қойылатын тыныс белгілерді орынды қолдану;

олардың шығармашылығы туралы деректер жинау және презентация дайындау. Өлкетану аясында прозалық үзінділер жазудың алғашқы дағдыларын меңгеру;

5) тілдік бағдар:

сөз таптары: деректі және дерексіз зат, көптік мәнді есімдерді ажырата білу, жазбаша, заттың сипатын, көлемін, салмағын, аумағын білдіретін сын есімдерді ажырата білу, реттік сан есімдер мен жинақтық сан есімдерді қолдана білу, өздік, болымсыздық, белгісіздік, жалпылау есімдіктерін орынды қолдану, етістіктің шақтарының (нақ осы шақ, ауыспалы осы шақ, жедел өткен шақ, ауыспалы келер шақ) қызметін білу, сын-қимыл (бейне) және мөлшер үстеулерді орынды қолдану, талғаулықты немесе кезектестік мәнді білдіретін және себеп-салдарлық қатынасты білдіретін жалғаулықтардың қызметін білу;

сөйлем: жазба жұмыстарында сөйлемдегі сөздердің орын тәртібін сақтай отырып жай сөйлем құрастыру.

мәтіннің ақпараттылық, оның көркемдік, тілдік ерекшеліктері негізінен өлкетану сипаттамаларын талдау.

7-сыныпқа арналған «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнінің базалық білім мазмұны:

1) тыңдалым:

мәтін үзінділері арқылы оқиғаның дамуын болжау, мәтіннің негізгі мазмұнын түсіну, ақпараттың өзектілігін анықтау, әлеуметтік-мәдени тақырыптарға байланысты қажетті сөздер мен сөз тіркестерінің мағынасын түсіну, повестердің және лирикалық поэзиялық шығармалардың тақырыбы мен идеясын талдау, сөйлеушінің дауыс ырғағы мен сөйлеу мәнері арқылы негізгі ойды анықтау, өз пікірін өзгелердің пікірімен салыстыра отырып жауап беру;

өңірде шығатын газет-журналдарды білу;

энциклопедия ұғымын түсіну, өлкетанудың бағыттарын анықтау;

2) айтылым:

мақал-мәтелдер, терминдер мен неологизмдерді орынды қолдану, мәтін мазмұнын дамыту, кеңес беру, ұсыныс жасау, өтініш, талап, ету, бұйрық берудің түрлі формалары мен жағдаяттарына сай ұлттық сөз әдебі мен сөйлеу этикеті формаларын қолдана білу, екпін түрлерін сөз және сөйлем ішінде орынды қолданып айту, шығармадағы кейіпкерлерге автор берген мінездеменің тілдік құралдарын талдау, коммуникативтік жағдаяттың талаптарына сай «сөйлеуші → тыңдаушы» позицияларын еркін ауыстыру, кесте, диаграмма, шартты белгілер, суреттер мен сызбаларда берілген ақпаратты сипаттау;

туған өлке туралы, шындық көзқарас тұрғысынан адамдар туралы мақалалар мен очерктерді ақпараттылығы, мазмұнының тереңдігі, эмоционалды әсері тұрғысынан талдау;

өлкетанудың бағыттары бойынша электрондық энциклопедия құрастырудың ұжымдық жұмысына қатысу;

3) оқылым:

кесте, диаграмма, сызба, шартты белгілер түрінде берілген ақпаратты түсіну, ресми-іскерлік (өтініш, нұсқаулық, ресми құттықтаулар, ұсыныстар) салаға қатысты мәтіндердің тілдік ерекшелігін талдау, прозалық және поэзиялық шығармалардағы кейіпкердің іс-әрекетіне немесе лирикалық кейіпкердің образын талдау, мәтіндердің идеясын, мақсатты аудиториясын салыстырып талдау, қосымша ақпарат көздерінен алынған мәліметтерді кесте, диаграмма, сызба, шартты белгілер түрінде ұсыну, мәтінде көтерілген мәселеге өз ойын дәлелдеп жеткізу;

туған өлке туралы, шындық көзқарас тұрғысынан адамдар туралы мақалалар мен очерктерді оқу;

Энциклопедияға қажетті материалдарды іріктей білу;

4) жазылым:

мәтіндердің жанрлық және стильдік ерекшелігін сақтап, өтініш, түйіндеме, ресми құттықтаулар жазу, эссе құрылымы мен дамуын сақтап, көтерілген мәселе бойынша келісу-келіспеу себептерін айқын көрсетіп жазу, жазба жұмыстарында теңеу мен метафораны қолданып жазу, тақырып бойынша мәліметтерді жинақтап, презентация түрінде ұсыну, тақырып бойынша сөздердің маңызды бөліктерін дұрыс жазу (күрделі сөздер), оқшау сөздерге қойылатын тыныс белгілерді орынды қолдану;

5) тілдік бағдар:

сөз таптары: мәтіндерден көмекші есімдерді ажырата білу, салыстырмалы, күшейтпелі, асырмалы шырайлардың қызметін білу, топтау сан есімдерін, одағай түрлерін орынды қолдану, етістіктің шақтары (бұрынғы және ауыспалы өткен шақ, мақсатты және болжалды келер шақ) мен қалау райдың қызметін білу, мақсат және себеп-салдар үстеулерді орынды қолдану, септеулік шылаулардың қызметін білу;

сөйлем: жазба жұмыстарында ыңғайлас, қарсылықты, түсіндірмелі салалас құрмалас сөйлемдерді құрастыру.

8-сыныпқа арналған «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнінің базалық білім мазмұны:

1) тыңдалым:

мәтін тақырыбы, тірек сөздер, иллюстрациялар арқылы көтерілетін мәселені болжау, мәтіннің негізгі мазмұнын түсіну, детальді ақпараттарды анықтау, оқу-еңбек тақырыптарына байланысты күрделі сөздер мен тұрақты тіркестердің мағынасын түсіну, орта көлемді прозалық, драмалық және поэзиялық шығармалардан үзінді тыңдау, тақырыбы мен идеясын талдау, тірек сөздер, автор көзқарасы мен көңіл күйі арқылы негізгі ойды анықтау, деректер келтіре отырып, дәлелді жауап беру;

2) айтылым:

тұрақты тіркестер мен көркемдегіш құралдарды қолданып, ауызша мәтіндер құрау, көңіл-күйді білдіруде ұлттық сөз әдебі мен сөйлеу этикеті формаларын қолдана білу, сөз ішіндегі және сөз аралығындағы ілгерінді, кейінді және тоғыспалы ықпал заңдылықтарын ескеріп айту, идеялық жағынан ұқсас мәтіндердегі оқиғалар желісін салыстыру және талдау, тақырып бойынша

өз пікірлерін сенімді дәлелдеу және қойылған сұрақтарға еркін жауап беру, кесте, диаграмма, нұсқаулық шартты белгілер мен сызбаларда берілген ақпаратты талдау, баға беру;

3) оқылым:

перифраз түрінде берілген сұрақ арқылы қажетті ақпаратты анықтау, публицистикалық стильдің (мақала, интервью, қысқа очерк, жолдаулар) тілдік ерекшеліктері арқылы мәтіндердің жанрын анықтау, прозалық және поэзиялық шығармалардың композициялық құрылымын анықтау, кейіпкердің іс-әрекетіне немесе лирикалық кейіпкердің образына баға беру, мәтіндердің түрлерін, тілдік ерекшеліктерін салыстырып талдау, қосымша ақпарат көздерінен алынған мәліметтерді қолданып, мәтінге өзгеріс енгізу, тақырып бойынша бірнеше мәтінде көтерілген мәселелерді салыстырып, баға беру;

4) жазылым:

мәтіндердің жанрлық және стильдік ерекшелігін сақтап, шағын мақала, пікір, интервью жазу, эссе құрылымы мен дамуын сақтап, берілген мәселенің оңтайлы шешілу жолдарын ұсыну, жазба жұмыстарында символ мен кейіптеу түрлерін қолданып жазу, тақырып бойынша мәліметтерді жинақтап, эссе жазуда тиімді қолдану, тақырып бойынша сөздердің маңызды бөліктерін дұрыс жазу (жеке сөздер, бірге, бөлек және дефис арқылы жазылатын сөздер), сөйлем ішінде қойылатын тыныс белгілерді орынды қолдану;

5) тілдік бағдар:

сөз таптары: болжалдық және бөлшектік сан есімдерді орынды қолдану, еліктеу сөздерді орынды қолдану, етістіктің шартты рай және бұйрық рай қызметін білу, күшейткіш үстеулерді орынды қолдану, демеулік шылаулардың қызметін білу, ауызша және жазба жұмыстарында орынды қолдану;

сөйлем: жазба жұмыстарында себеп-салдар, талғаулы, кезектес салалас құрмалас сөйлемдерді құрастыру.

9-сыныпқа арналған «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнінің базалық білім мазмұны:

1) тыңдалым:

тыңдалатын мәтіндегі фразалар мен дәйексөздерді талқылай отырып, тақырып пен көтерілетін мәселені болжау, мәтіннің негізгі мазмұнын түсіну, ақпараттың шынайылығы мен нақтылығын анықтау, әлеуметтік-қоғамдық тақырыптар аясында айтылған сөздер мен термин сөздердің мағынасын түсіну, орта көлемді прозалық, поэзиялық шығармалардан үзінді тыңдау, көтерілген (тұрмыстық, әлеуметтік, қоғамдық) мәселені анықтап, өз пікірін білдіру, мәтіннің мақсатты аудиториясын, автордың негізгі ойы мен көзқарасын анықтау, көтерілген мәселеге сыни көзқарасын білдіру;

2) айтылым:

мақсатты аудиторияға арналған ауызша мәтіндер құрау, коммуникативтік жағдаяттарға байланысты сөйлеу этикеті формаларын дұрыс таңдай білу, сөйлеу тіліндегі интонация, кідіріс, логикалық екпіннің мәнін түсініп, өз ойын жеткізу, шығарманың идеясы мен мазмұнына байланысты «автордың ойын» бағалау, тақырып бойынша қажетті аргументтерді орынды қолдану, диалогте,

полилогте сенімді сөйлеу, кесте, диаграмма, шартты белгілер мен сызбаларда берілген ақпараттарды өзара салыстырып бағалау;

3) оқылым:

мәтіндегі ақпараттың өзектілігін анықтау, қорытынды жасау, ғылыми стильде (аннотация, пікір, тезис, мақала, баяндама, презентация) жазылған еңбектердің тілдік және жанрлық ерекшелігін анықтау, прозалық және поэзиялық шығармалардағы автордың ойы мен көтерілген мәселені анықтап, оқырманға әсерін бағалау, мәтіндердің стилін, жанрлық ерекшеліктерін талдау, қосымша ақпарат көздерінен алынған мәліметтерден қорытынды жасау, өз көзқарасын білдіру, мәтінде көтерілген мәселені ғаламдық мәселелермен байланыстыра отырып сыни тұрғыда баға беру;

4) жазылым:

мәтіндердің жанрлық және стильдік ерекшелігін сақтап, шағын мақала, аннотация, шолу, нұсқаулық жазу, эссе құрылымы мен дамуын сақтап, өз ойын дәлелдеп жазу, жазба жұмыстарында афоризмдерді тиімді қолданып жазу, түрлі стильдегі мәтіндер құрауда мәліметтерді жинақтап, дереккөздеріне сілтеме көрсетіп жазу, тақырып бойынша бас әріппен жазылатын күрделі, құрама атауларды дұрыс жазу, сөйлем ішінде қойылатын тыныс белгілерді орынды қолдану;

5) тілдік бағдар:

сөз таптары: өздік, өзгелік, ортақ және ырықсыз етістің қызметін білу, мекен және мезгіл үстеулерді орынды қолдану, ыңғайластық қатынасты білдіретін және қарсылықтықатынасты білдіретін жалғаулықтардың қызметін білу, ауызша және жазба жұмыстарда орынды қолдану;

сөйлем: жазба жұмыстарында (шартты, қарсылықты, мезгіл, себеп, қимыл-сын, мақсат бағыныңқы) сабақтас құрмалас сөйлемдерді құрастыру.

Оқыту мақсаттарының жүйесі

Бағдарламада оқыту мақсаттары кодтық белгімен берілген. Кодтық белгідегі бірінші сан сыныпты, екінші және үшінші сан бөлім мен бөлімше ретін, төртінші сан оқыту мақсатының реттік нөмірін көрсетеді. Мысалы, 7.2.1.2 кодында: «7» – сынып, «2.1.» – бөлім мен бөлімше, «2» – оқыту мақсатының реттік саны.

Оқыту мақсаттары:

1) «Тыңдалым»:

Білім алушылар:					
Дағдылар	Оқыту мақсаттары				
	5-сынып	6-сынып	7-сынып	8-сынып	9-сынып
1. Болжау	5.1.1.1 тақырыпты тірек сөздер арқылы болжау	6.1.1.1 тірек сөздер, мәтіннің бастапқы бөлігін тыңдау арқылы тақырыпты және көтерілетін мәселені	7.1.1.1 мәтін үзінділері арқылы оқиғаның дамуын болжау	8.1.1.1 мәтін тақырыбы, тірек сөздер, иллюстрациялар арқылы көтерілетін мәселені болжау	9.1.1.1 тыңдалатын мәтіндегі фразалар мен дәйексөздерді талқылай отырып, тақырып пен көтерілетін мәселені

		болжау			болжау
2. Назарын шоғырландырып тыңдау	5.1.2.1 тыңдалған мәтіннің негізгі мазмұнын түсіну және нақты ақпаратты анықтау	6.1.2.1 тыңдалған мәтіннің негізгі мазмұнын түсіну, негізгі және қосымша ақпараттарды анықтау	7.1.2.1 тыңдалған мәтіннің негізгі мазмұнын түсіну, ақпараттың өзектілігін анықтау	8.1.2.1 тыңдалған мәтіннің негізгі мазмұнын түсіну, детальді ақпараттарды анықтау	9.1.2.1 тыңдалған мәтіннің негізгі мазмұнын түсіну, ақпараттың шынайылығы мен нақтылығын анықтау
3. Сөздер мен сөз тіркестерінің мағынасын түсіну	5.1.3.1 күнделікті тұрмыстық тақырыптарға байланысты жаңа сөздер мен тірек сөздердің мағынасын түсіну	6.1.3.1 тұрмыстық - элеуметтік тақырыптарға байланысты жаңа сөздер мен тірек сөздердің мағынасын түсіну	7.1.3.1 элеуметтік - мәдени тақырыптарға байланысты қажетті сөздер мен сөз тіркестерінің мағынасын түсіну	8.1.3.1 оқу-еңбек тақырыптарына байланысты күрделі сөздер мен тұрақты тіркестердің мағынасын түсіну.	9.1.3.1 элеуметтік - қоғамдық тақырыптар аясында айтылған сөздер мен термин сөздердің мағынасын түсіну
4. Көркем шығармаларды тыңдау	5.1.4.1 фольклорлық және шағын көлемді көркем әдеби мәтіндердің мазмұнын түсіну	6.1.4.1 әңгіме, хикаялардың және шағын поэзиялық шығармалардың мазмұнын талдай отырып кейіпкерлерге сипаттама жасау	7.1.4.1 повестердің және лирикалық поэзиялық шығармалардан үзінді тыңдау, тақырыбы мен идеясын талдау	8.1.4.1 орта көлемді прозалық, драмалық және поэзиялық шығармалардан үзінді тыңдау, тақырыбы мен идеясын талдау	9.1.4.1 орта көлемді прозалық, поэзиялық шығармалардан үзінді тыңдау, көтерілген (тұрмыстық, элеуметтік, қоғамдық) мәселені анықтап, өз пікірін білдіру
5. Негізгі ойды анықтау	5.1.5.1 тірек сөздер, жетекші сұрақтар арқылы негізгі тақырыпты анықтау	6.1.5.1 тірек сөздер, жетекші сұрақтар, мәтін тақырыбы арқылы негізгі ойды анықтау	7.1.5.1 тірек сөздер, сөйлеушінің дауыс ырғағы мен сөйлеу мәнері арқылы негізгі ойды анықтау	8.1.5.1 тірек сөздер, автор көзқарасы мен көңіл күйі арқылы негізгі ойды анықтау	9.1.5.1 мәтіннің мақсатты аудиториясын, автордың негізгі ойы мен көзқарасын анықтау
6. Тыңдалым материалдары бойынша жауап беру	5.1.6.1 тыңдалым материалдарының мазмұнын негізінде сұрақтарға жауап беру	6.1.6.1 тыңдалым материалдарының мазмұнын негізінде шынайы өмірмен байланыстырып жауап беру	7.1.6.1 тыңдалым материалдарының мазмұнын негізінде өз пікірін өзгелердің пікірімен салыстыра	8.1.6.1 тыңдалым материалдарының мазмұнын негізінде деректерді келтіре отырып, дәлелді жауап беру	9.1.6.1 тыңдалым материалдарының мазмұнын негізінде көтерілген мәселеге сыни көзқарасын

			отырып жауап беру		білдіру
--	--	--	-------------------	--	---------

2) «АЙТЫЛЫМ»:

Білім алушылар:					
Дағдылар	Оқыту мақсаттары				
	5-сынып	6-сынып	7-сынып	8-сынып	9-сынып
1. Сөздік қорының алуандылығы	5.2.1.1 тақырып бойынша меңгерген жаңа сөздерді олардың синонимдерімен, антоним, омонимдерімен қатар қолдану, ойын жеткізе білу	6.2.1.1 тура және ауыспалы мағынадағы сөздерді қолдану, ойын әсерлі, мазмұнды жеткізу	7.2.1.1 мақал-мәтелдер, терминдер мен неологизмдерді орынды қолдана отырып, мәтін мазмұнын дамыту	8.2.1.1 тұрақты тіркестер мен көркемдегіш құралдарды қолданып, ауызша мәтіндер құрау	9.2.1.1 берілген тақырыпқа сай сөздерді орынды қолдана отырып, мақсатты аудиторияға арналған ауызша мәтіндер құрау
2. Сөз мәнері мен сөйлеу этикеті	5.2.2.1 қазақша амандасу мәнері мен ұлттық этикет формаларын пайдалану	6.2.2.1 тақырып бойынша диалогті бастау, жалғастыру, аяқтаудың ұлттық сөз әдебі мен сөйлеу этикеті формаларын білу	7.2.2.1 кеңес беру, ұсыныс жасау, өтініш, талап, ету, бұйрық берудің түрлі формалары мен жағдаяттарына сай ұлттық сөз әдебі мен сөйлеу этикеті формаларын қолдана білу	8.2.2.1 түрлі жанрдағы көркем мәтіндерге сүйене отырып, көңіл-күйді білдіруде ұлттық сөз әдебі мен сөйлеу этикеті формаларын қолдана білу	9.2.2.1 коммуникативтік жағдаяттарға байланысты сөйлеу этикеті формаларын дұрыс таңдай білу
3. Орфоэпиялық нормаларды сақтау	5.2.3.1 ауызша мәтіндер құрауда қазақ тіліндегі төл дыбыстардың дыбысталуын, үндестік заңын ескеріп айту	6.2.3.1 ауызша мәтіндер құрауда сұраулы, хабарлы, лепті және бұйрықты сөйлемдердің интонациялық ерекшелігін ескеріп айту	7.2.3.1 ауызша мәтіндер құрауда екпін түрлерін сөз және сөйлем ішінде орынды қолданып айту	8.2.3.1 ауызша мәтіндер құрауда сөз ішіндегі және сөз аралығындағы ілгерінді, кейінді және тоғыспалы ықпал заңдылықтарын ескеріп айту	9.2.3.1 коммуникативтік жағдаятқа сай сөйлеу тіліндегі интонация, кідіріс, логикалық екпіннің мәнін түсініп, өз ойын жеткізу
4. Мәтіннің негізгі аспектілерін анықтау және талқылау	5.2.4.1 шағын көлемді мәтіндердің мазмұнына жоспар құру, соған сүйеніп баяндау	6.2.4.1 шағын көлемді мәтіндегі жеке эпизодтарды сипаттау және тілдік ерекшелігіне салыстыру жасау	7.2.4.1 шығармадағы кейіпкерлерге автор берген мінездеменің тілдік құралдарын талдау	8.2.4.1 идеялық жағынан ұқсас мәтіндердегі оқиғалар желісіне бақылау жасай отырып, мазмұнның	9.2.4.1 шығарманың идеясы мен мазмұнына байланысты «автордың ойын» бағалау

				дамуын салыстыру және талдау	
5. Сенімді және еркін жауап беру	5.2.5.1 берілген сұрақты дұрыс түсініп, лайықты жауап беру, шағын диалогке қатысу	6.2.5.1 коммуникативтік жағдаят бойынша диалогке қатысушылар өзара түсінісіп, ойларын толықтырып отыру	7.2.5.1 диалогке қатысушылар коммуникативтік жағдаяттың талаптарына сай «сөйлеуші →тыңдаушы» позицияларын еркін ауыстыру	8.2.5.1 пікірталасқа қатысушылар берілген тақырып бойынша өз пікірлерін сенімді дәлелдеу және қойылған сұрақтарға еркін жауап беру	9.2.5.1 сөйлеу барысында түрлі стильде берілген тақырып бойынша қажетті аргументтерді орынды қолдану, диалогте, полилогте сенімді сөйлеу
6. Визуалды материалдар арқылы тілді дамыту	5.2.6.1 тірек сөздерді дұрыс қолданып иллюстрацияларды сипаттау	6.2.6.1 тірек сөздерге сүйеніп, сюжетті суреттердің желісі бойынша әңгіме құрастыру	7.2.6.1 кесте, диаграмма, шартты белгілер, суреттер мен сызбаларда берілген ақпаратты сипаттау	8.2.6.1 кесте, диаграмма, нұсқаулық шартты белгілер мен сызбаларда берілген ақпаратты талдау, баға беру	9.2.6.1 кесте, диаграмма, шартты белгілер мен сызбаларда берілген ақпараттарды өзара салыстырып бағалау

3) «ОҚЫЛЫМ»:

Білім алушылар:					
Дағдылар	Оқыту мақсаттары				
	5-сынып	6-сынып	7-сынып	8-сынып	9-сынып
1. Мәтіндегі ақпаратты анықтау	5.3.1.1 мәтіндегі негізгі ақпаратты анықтау	6.3.1.1 мәтіндегі негізгі және жанама ақпаратты анықтау, өмірдегі кейбір жағдаяттар мен байланыстыру	7.3.1.1 кесте, диаграмма, сызба, шартты белгілер түрінде берілген ақпаратты түсіну, қолдана білу	8.3.1.1 перифраз түрінде берілген сұрақ арқылы қажетті ақпаратты анықтау	9.3.1.1 мәтіндегі ақпараттың өзектілігін анықтау, қорытынды жасау
2. Стильдік ерекшеліктерді анықтау	5.3.2.1 хат, хабарлама, жарнама мазмұнын түсіну, стильдік ерекшелігін анықтау	6.3.2.1 ресми стильдегі мәтіндердің стильдік ерекшелігін анықтау (күнделік, мінездеме, түсініктеме,	7.3.2.1 ресми -іскерлік (өтініш, нұсқаулық, ресми құттықтаулар, ұсыныстар) салаға қатысты мәтіндердің тілдік	8.3.2.1 публицистикалық стильдің (мақала, интервью, қысқа очерк, жолдаулар) тілдік ерекшеліктері арқылы	9.3.2.1 ғылыми стильде (аннотация, пікір, тезис, мақала, баяндама, презентация) жазылған еңбектердің

		өмірбаян, түйіндеме)	ерекшелігін анықтап, талдау жасау	мәтіндердің жанрын анықтау	тілдік және жанрлық ерекшелігін анықтап, талдау жасау
3. Көркем шығармаларды оқу	5.3.3.1 фольклорлық және шағын көлемді көркем әдеби шығармаларды түсіну, тақырыбын анықтау	6.3.3.1 орта көлемді шығармаларды түсіну, тақырыбы мен негізгі ойды анықтау	7.3.3.1 прозалық және поэзиялық шығармалардағы кейіпкердің іс-әрекетіне немесе лирикалық кейіпкердің образын талдау	8.3.3.1 прозалық және поэзиялық шығармалардың композициялық құрылымын анықтау, кейіпкердің іс-әрекетіне немесе лирикалық кейіпкердің образына баға беру	9.3.3.1 прозалық және поэзиялық шығармалардағы автордың ойы мен көтерілген мәселені анықтап, оқырманға әсерін бағалау
4. Мәтіндерге салыстырмалы талдау жасау	5.3.4.1 мәтіндердің тақырыбын, мазмұндық құрылымын салыстыру	6.3.4.1 мәтіндердің тақырыбына, мазмұндық құрылымына сүйене отырып, түрлерін салыстыру	7.3.4.1 мәтіндердің идеясын, мақсатты аудиториясын салыстырып, талдау жасау	8.3.4.1 мәтіндердің түрлерін, тілдік ерекшеліктерін салыстырып, талдау жасау	9.3.4.1 мәтіндердің стилін, жанрлық ерекшеліктерін салыстырып, талдау жасау
5. Қосымша ақпарат көздерінен алынған мәліметтерді оқу	5.3.5.1 қосымша ақпарат көздерінен тақырыпқа байланысты мәліметтерді ала білу	6.3.5.1 қосымша ақпарат көздерінен тақырыпқа байланысты мәліметтерді мәтін мазмұнымен салыстыру, қарама-қайшы ақпараттарды анықтау	7.3.5.1 қосымша ақпарат көздерінен алынған мәліметтерді кесте, диаграмма, сызба, шартты белгілер түрінде ұсыну	8.3.5.1 қосымша ақпарат көздерінен алынған мәліметтерді қолдана отырып, мәтінге өзгеріс енгізу, ерекшеліктерді бақылау	9.3.5.1 қосымша ақпарат көздерінен алынған мәліметтерден қорытынды жасау, өз көзқарасын білдіру
6. Өзіндік көзқарасын білдіру және бағалау	5.3.6.1 тақырып бойынша үйренген сөздерін қолдана отырып, мәтінде көтерілген мәселеге өз көзқарасын білдіру	6.3.6.1 тақырып бойынша үйренген сөздерін қолдана отырып, мәтінде көтерілген мәселені шынайы өмірмен байланысты-	7.3.6.1 тақырып бойынша деректер қолдана отырып мәтінде көтерілген мәселеге өз ойын дәлелдеп жеткізу	8.3.6.1 тақырып бойынша бірнеше мәтінде көтерілген мәселелерді салыстыра отырып, баға беру	9.3.6.1 мәтінде көтерілген мәселені ғаламдық мәселелермен байланыстыра отырып сыни тұрғыда баға беру

		ру			
--	--	----	--	--	--

4) «Жазылым»:

Білім алушылар:					
Дағдылар	Оқыту мақсаттары				
	5-сынып	6-сынып	7-сынып	8-сынып	9-сынып
1. Әртүрлі стильде мәтіндер құрастыру	5.4.1.1 ресми стильдің тілдік ерекшеліктері мен талаптарын дұрыс қолдана отырып, хабарлама, хабарландыру, хат жазу	6.4.1.1 мәтіндердің стильдік ерекшелігін сақтай отырып, күнделік, мінездеме, түсініктеме, өмірбаян жазу	7.4.1.1 мәтіндердің жанрлық және стильдік ерекшелігін сақтап, өтініш, түйіндеме, ресми құттықтаулар жазу	8.4.1.1 мәтіндердің жанрлық және стильдік ерекшелігін сақтап, шағын мақала, пікір, интервью жазу	9.4.1.1 мәтіндердің жанрлық және стильдік ерекшелігін сақтап, шағын мақала, аннотация, шолу, нұсқаулық жазу
2. Эссе жазу	5.4.2.1 эссе құрылымын сақтай отырып, адамды, табиғатты, белгілі бір оқиғаны сипаттап жазу	6.4.2.1 эссе тақырыбының желісінен шықпай, әрбір абзацты жүйелі құрастырып, қажетті мазмұнын ашып жазу	7.4.2.1 эссе құрылымы мен дамуын сақтап, көтерілген мәселе бойынша келісу-келіспеу себептерін айқын көрсетіп жазу	8.4.2.1 эссе құрылымы мен дамуын сақтап, тақырыпқа байланысты берілген мәселенің оңтайлы шешілу жолдарын ұсыну	9.4.2.1 эссе құрылымы мен дамуын сақтап, мәселе бойынша ұсынылған шешімнің артықшылығы мен кемшілік тұстарын салыстыра отырып, өз ойын дәлелдеп жазу
3. Көркемдегіш құралдарды қолданып жазу	5.4.3.1 жазба жұмыстарында сипаттау, бейнелеу құралдарын қолданып жазу	6.4.3.1 жазба жұмыстарында теңеу, эпитет сөздерін қолданып жазу	7.4.3.1 жазба жұмыстарында теңеу мен метафораны қолданып жазу	8.4.3.1 жазба жұмыстарында символ мен кейіптеу түрлерін қолданып жазу	9.4.3.1 жазба жұмыстарында афоризмдерді тиімді қолданып жазу
4. Мәліметтерді жинақтау	5.4.4.1 мәліметтерді жинақтай отырып, тақырып бойынша постер жасау	6.4.4.1 мәліметтерді жинақтай отырып, тақырып бойынша постер, сызба-кестелер жасау	7.4.4.1 тақырып бойынша мәліметтерді жинақтап, презентация түрінде ұсыну	8.4.4.1 тақырып бойынша мәліметтерді жинақтап, эссе жазуда тиімді қолдану	9.4.4.1 тақырып бойынша түрлі стильдегі мәтіндер құрауда мәліметтерді жинақтап, дереккөздерін есілтеме көрсетіп жазу

5. Орфография және пунктуация	5.4.5.1 жазба жұмыстарында жалғаулардың ерекшелігін ескеріп, үндестік заңына сәйкес орфографиялық нормаға сай дұрыс жазу; сөйлем соңында қойылатын тыныс белгілерді орынды қолдану	6.4.5.1 жазба жұмыстарында а сөзге қосымша жалғауда үндестік заңын ескеріп, орфографиялық нормаға сай дұрыс жазу; сөйлем соңында қойылатын тыныс белгілерді орынды қолдану	7.4.5.1 тақырып бойынша сөздердің маңызды бөліктерін дұрыс жазу (күрделі сөздер); окшау сөздерге қойылатын тыныс белгілерді орынды қолдану	8.4.5.1 тақырып бойынша сөздердің маңызды бөліктерін дұрыс жазу (жеке сөздер, бірге, бөлек және дефис арқылы жазылатын сөздер); сөйлем ішінде қойылатын тыныс белгілерді орынды қолдану	9.4.5.1 тақырып бойынша бас әріппен жазылатын күрделі, құрама атауларды дұрыс жазу; сөйлем ішінде қойылатын тыныс белгілерді орынды қолдану
-------------------------------	--	--	--	---	---

5) «Тілдік бағдар»:

Білім алушылар:					
Дағдылар	Оқыту мақсаттары				
	5-сынып	6-сынып	7-сынып	8-сынып	9-сынып
1. Сөз таптары	5.5.1.1 мәтіндерден жалпы және жалқы есімдерді ажырата білу, жалғау түрлерін дұрыс жалғау	6.5.1.1 мәтіндерден деректі және дерексіз зат, көптік мәнді есімдерді ажырата білу, жазбаша, ауызша жұмыстарда қолдану	7.5.1.1 мәтіндерден көмекші есімдерді ажырата білу, жазбаша, ауызша жұмыстарда қолдану	-	-
	5.5.1.2 лексикалық мағынасы жағынан заттың түрін, түсін сапасын білдіретін сын есімдерді ажырата білу, жазба, ауызша жұмыстарда қолдану	6.5.1.2 лексикалық мағынасы жағынан заттың сипатын, көлемін, салмағын, аумағын білдіретін сын есімдерді ажырата білу, жазба, ауызша жұмыстарда қолдану	7.5.1.2 Салыстырмалы, күшейтпелі, асырмалы шырайлардың қызметін білу, жазба, ауызша жұмыстарда қолдану	-	-
	5.5.1.3 сан есім (бірліктер, ондықтар, жүз, мың) атауларын	6.5.1.3 реттік сан есімдер мен жинақтық сан есімдерді	7.5.1.3 топтау сан есімдерін жазба, ауызша жұмыстарда	8.5.1.1 болжалдық және бөлшектік сан есімдерді	

	білу, орынды қолдану	жазба, ауызша жұмыстарда орынды қолдану	орынды қолдану	жазба, ауызша жұмыстарда орынды қолдану	
	5.5.1.4 жіктеу, сілтеу, сұрау есімдіктерін жазба, ауызша жұмыстарда орынды қолдану	6.5.1.4 өздік, болымсыздық, белгісіздік, жалпылау есімдіктерін жазба, ауызша жұмыстарда орынды қолдану.	7.5.1.4 одағай түрлерін мәтіннен ажырата алады, ауызша жұмыстарда орынды қолдану	8.5.1.2 еліктеу сөздерді ауызша және жазба жұмыстарда орынды қолдану	
	5.5.1.5 болымды, болымсыз етістіктерді ауызша және жазба жұмыстарда орынды қолдану	6.5.1.5 етістіктің шақтарының (нақ осы шақ, ауыспалы осы шақ, жедел өткен шақ, ауыспалы келер шақ) қызметін білу, ауызша және жазба жұмыстарда қолдану	7.5.1.5 етістіктің шақтары (бұрынғы және ауыспалы өткен шақ, мақсатты және болжалды келер шақ) мен қалау райдың қызметін білу, ауызша және жазба жұмыстарда қолдану	8.5.1.3 етістіктің шартты рай және бұйрық рай қызметін білу, ауызша және жазба жұмыстарда орынды қолдану	9.5.1.1 өздік, өзгелік, ортақ және ырықсыз етістің қызметін білу, ауызша және жазба жұмыстарда орынды қолдану
	5.5.1.6 мекен және мезгіл үстеулерді ауызша және жазба жұмыстарда орынды қолдану	6.5.1.6 сын-қимыл (бейне) және мөлшер үстеулерді ауызша және жазба жұмыстарда орынды қолдану	7.5.1.6 мақсат және себеп-салдар үстеулерді ауызша және жазба жұмыстарда орынды қолдану	8.5.1.4 күшейткіш үстеулерді ауызша және жазба жұмыстарда орынды қолдану	9.5.1.2 мекен және мезгіл үстеулерді ауызша және жазба жұмыстарда орынды қолдану
	5.5.1.7 ыңғайластық қатынасты білдіретін және қарсылықтық қатынасты білдіретін жалғаулықтардың қызметін білу, ауызша және жазба жұмыстарда орынды қолдану	6.5.1.7 талғаулықты немесе кезектестік мәнді білдіретін және себеп-салдарлық қатынасты білдіретін жалғаулықтардың қызметін білу, ауызша және жазба жұмыстарда	7.5.1.7 септеулік шылаулардың қызметін білу, ауызша және жазба жұмыстарда орынды қолдану	8.5.1.5 демеулік шылаулардың қызметін білу, ауызша және жазба жұмыстарда орынды қолдану	9.5.1.3 ыңғайластық қатынасты білдіретін және қарсылықтық қатынасты білдіретін жалғаулықтардың қызметін білу, ауызша және жазба жұмыстарда орынды қолдану

		орынды қолдану			
2. Сөйлем	5.5.2.1 жазба жұмыстарында хабарлы, сұраулы, лепті, бұйрықты сөйлемдердің жасалу жолдарын білу, құрастыру	6.5.2.1 жазба жұмыстарында а сөйлемдегі сөздердің орын тәртібін сақтай отырып жай сөйлем құрастыру	7.5.2.1 жазба жұмыстарында ыңғайлас, қарсылықты, түсіндірмелі салалас құрмалас сөйлемдерді құрастыру	8.5.2.1 жазба жұмыстарында себеп-салдар, талғаулы, кезектес салалас құрмалас сөйлемдерді құрастыру	9.5.2.1 жазба жұмыстарында а (шартты, қарсылықты, мезгіл, себеп, кимыл-сын, мақсат бағыныңқы) сабақтас құрмалас сөйлемдерді құрастыру

Осы оқу бағдарламасы негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9-сыныптарға арналған «Қазақ тілі және әдебиеті» оқу пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасының ұзақ мерзімді жоспарына сәйкес жүзеге асырылады. Ұзақ мерзімді жоспарда барлық сынып бойынша әр тарауда қамтылуы тиіс оқу мақсаттарының көлемі белгіленген.

Тоқсандағы бөлімдер мен бөлімдер ішіндегі тақырыптар бойынша сағат сандарын бөлу мұғалімнің еркіне қалдырылады.

Шет тілін игеру деңгейін бағалаудың жалпыеуропалық жүйесі бойынша B1, B2 деңгейлеріне жету үшін білім алушылар осы Үлгілік оқу бағдарламасының қосымшасына сәйкес оқу басылымдарында көрсетілген лексикалық-грамматикалық минимумды игереді.

Жалпы орта білім беру деңгейінің қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы 10-11-сыныптарына арналған жаңартылған мазмұндағы «Қазақ тілі мен әдебиеті» (жаратылыстану-математикалық бағыт, қоғамдық-гуманитарлық бағыт) пәнінің ерекшеліктері

«Қазақ тілі мен әдебиеті» пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

10-сынып – аптасына 5 сағат, оқу жылында 170 сағатты;

11-сынып – аптасына 5 сағат, оқу жылында 170 сағатты құрайды;

Оқыту мақсаттары арқылы мұғалімдер сөйлеу қызметінің төрт дағдысын (тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым) қалыптастырады, сонымен қатар, оқушылардың жетістігін бағалайды және оқытудың келесі кезеңі туралы ақпарат береді.

Оқыту пәнінің мазмұнын 5 бөлім құрайды:

- 1) тыңдалым;
- 2) айтылым;
- 3) оқылым;
- 4) жазылым;
- 5) тілдік бағдар.

«Тыңдалым» бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

- 7) болжау;
- 8) назарын шоғырландырып тыңдау;
- 9) сөздер мен сөз тіркестерінің мағынасын түсіну;

- 10) көркем шығармаларды тыңдау;
- 11) негізгі ойды анықтау;
- 12) тыңдалым материалдары бойынша жауап беру.

«Оқылым» бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

- 7) мәтіндегі ақпаратты анықтау;
- 8) стильдік ерекшеліктерді анықтау;
- 9) көркем шығармаларды оқу;
- 10) мәтіндерге салыстырмалы талдау жасау;
- 11) қосымша ақпарат көздерінен алынған мәліметтерді оқу;
- 12) өзіндік көзқарасын білдіру және бағалау.

«Жазылым» бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

- 7) әртүрлі стильде мәтіндер құрастыру;
- 8) эссе жазу;
- 9) шығармашылық жазба жұмысы;
- 10) мәліметтерді жинақтау;
- 11) жинақы мәтін құрастыру;
- 12) орфография және пунктуация.

11. «Айтылым» бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

- 7) сөздік қорының алуандығы;
- 8) сөз мәнері мен сөйлеу этикеті;
- 9) орфоэпиялық нормаларды сақтау;
- 10) мәтіннің негізгі аспектілерін анықтау және талқылау;
- 11) сенімді және еркін жауап беру;
- 12) визуалды материалдар арқылы тілді дамыту.

«Тілдік бағдар» бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

- 1) сөз таптары;
- 2) сөйлем.

«Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнінің 10-сыныптағы білім мазмұны:

1) тыңдалым: мәтін үзінділері бойынша болжам жасау, тыңдалған мәтіндегі негізгі ақпараттарды түртіп жазу, оқу-кәсіби, қоғамдық-саяси, әлеуметтік-мәдени тақырыптар аясында қолданылған сөздер мен термин сөздердің мағынасын түсіну, драмалық, прозалық, поэзиялық шығарманы тыңдау, мәтіннен автордың көзқарасын (негізгі ойын) негіздейтін аргументтерді талдай отырып, астарлы ойды анықтау, көтерілген мәселе бойынша әртүрлі дереккөздерден алынған мәтіндерді тыңдау және салыстыру, өз көзқарасын аргументтер негізінде дәлелдеу;

2) айтылым: ғылыми-көпшілік және публицистикалық стильдегі мәтіндерден күрделі сөздердің жасалу жолын анықтау, ғылыми-көпшілік және публицистикалық мәтіндерге сүйеніп, монолог және диалог құрау, сөз әдебі мен сөйлеу этикеті формаларын орынды қолданып, тыңдаушыға әсер ету, сөйлеу ағымындағы интонацияның құрамдас бөліктері: әуен, әуез, тембр, қарқын, кідірісті сөйлеу мәнеріне сай қолдану, мәтіндегі абзацтардың, бөлімдердің орналасу тәртібін, ақпараттың тақырыппен байланысын анықтау, пікірталастың «пікірталас-монолог», «пікірталас-диалог», «пікірталас-полилог» түрлерінде сенімді және еркін сөйлеу, әртүрлі графикалық мәтіндердегі

(иллюстрация, фотосурет, сызба, шартты белгі) ақпараттарды салыстыру, негізгі идеясын түсіндіру;

3) оқылым: мәтіндегі негізгі және қосымша ақпараттарды анықтай отырып, факт мен көзқарасты ажырату, мәтін идеясымен байланысын анықтау, ғылыми-көпшілік және публицистикалық стильдегі мәтіндердің (мақала, эссе, тезис, интервью, баспасөз парағы) құрылымы мен рәсімделуін білу, жанрлық және тілдік ерекшеліктерін талдау, әдеби шығармада көтерілген әлеуметтік-қоғамдық мәселені талдау және кейіпкерлерді шынайы өмірмен салыстырып бағалау, ғылыми-көпшілік және публицистикалық стильдегі мәтіндер (мақала, эссе, тезис, интервью, баспасөз парағы) бойынша салыстырмалы (жанры, құрылымы, тілдік құралдары, мақсатты аудиториясы) талдау жасау, мәтін тақырыбына байланысты қосымша материалдарды энциклопедиялардан тауып, ортақ қорытындылар жасау, мәтін мазмұнындағы деректі ақпаратты толық анықтап, негізгі ойға өз көзқарасын білдіру және оны бағалау;

4) жазылым: публицистикалық стильдің жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай тілдік құралдарды орынды қолданып, мақала, баспасөз парағы, тезис, интервью жазу, қажетті клишелер мен лексикалық құрылымдарды қолданып, көтерілген мәселе бойынша өз ойын дәлелдеп эссе жазу («келісу, келіспеу» эссесі, дискуссивті эссе, аргументативті эссе), шығармашылық жазба жұмыстарында көркемдегіш құралдар мен айшықтау амалдарын тиімді қолданып жазу, тақырып бойынша мәтінге жоспар құрып, әр тармақшаға қажетті негізгі және қосымша мәліметтерді жинақтап ұсыну, ғылыми-көпшілік және көркем мәтіндердегі негізгі ұғымдарды анықтай отырып, жинақы мәтін құрастыру, мәнмәтін бойынша тілдік бірліктерді орфографиялық нормаға сай жазу, сөйлем деңгейінде тыныс белгілерін қолдана білу;

5) тілдік бағдар: сөз таптары, тәуелдік жалғауды (онаша және ортақ тәуелдеу) және көптік мәнді есімдер мен көптік жалғауларды ажырата танып дұрыс қолдану, сын есімнің жасалу жолдарын білу, сан есімнің жасалу жолдарын білу, есімдіктердің жасалу жолдарын білу, мәтін құрауда есімше сөздерді стильдік қызметіне сай орынды қолдану, үстеудің жасалу жолы мен сөйлемдегі қызметін білу, шылаулардың сөйлемдегі қызметін білу, мәтін құрауда орынды қолдану, сөздердің байланысу түрлері мен тәсілдерін орынды қолдану, құрмалас сөйлемдердің (аралас) жасалу жолдарын білу.

«Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнінің 11-сыныптағы білім мазмұны:

1) тыңдалым: мәтін үзінділері бойынша болжам жасау, тиісті ақпаратты анықтай білу, тыңдалған мәтіндегі негізгі және қосымша ақпараттарды түртіп жазу және ақпараттарды жүйелеу, оқу-кәсіби, қоғамдық-саяси, әлеуметтік-мәдени тақырыптар аясында және мамандандырылған тар аядағы арнайы мәтіндердегі сөздер мен термин сөздердің мағынасын түсіну, көркем шығарманы тыңдау, басқа өнер туындыларымен (кино, театр, музыка, би, сурет-мүсін өнері, сәулет) салыстырып, тақырып ортақтығына сипаттама жасау, мәтін бойынша автор позициясын және көтерілген мәселеге қарым-қатынасын, тыңдаушыға ықпал ету тәсілін талдай отырып, негізгі ойды анықтау, көтерілген

мәселе бойынша әртүрлі дереккөздерден алынған мәтіндерді тыңдау және салыстыру, өз ойын логикалық дұрыс, аргументті және айқын жеткізу;

2) айтылым: ғылыми және кәсіби мәтіндердегі күрделі сөздер мен терминдердің жасалу жолын анықтау, ауызша мәтін құрауда орынды қолдану, ғылыми және кәсіби мәтіндерге сүйеніп, монолог пен диалогті үйлестіре қолдану, сөз әдебі мен сөйлеу этикеті формаларын орынды қолданып, тыңдаушылармен қарым-қатынас орнату, сөйлеу ағымындағы интонацияның құрамдас бөліктері: әуен, әуез, тембр, қарқын, кідірісті сөйлеу мәнеріне сай қолдану, кәсіби бағыттағы түпнұсқа мәтіндерден қажетті ақпаратты (деректерді, сипаттамаларды, сандық көрсеткіштерді, сілтемелерді) анықтау, олардың қолданылу мақсатын талдау, көпшілік алдында сөз сөйлеуде маңызды орын алатын тілдік (вербалдық) және бейвербалдық элементтерді қолданып, сенімді және еркін сөйлеу, әртүрлі графиктік мәтіндердегі (кесте, диаграмма, сызба, шартты белгі) мәліметтерді салыстырып талдау, негізгі үрдістерді анықтау;

3) оқылым: мәтіннен детальді ақпараттарды, факті мен көзқарасты, астарлы ойды анықтау, ақпараттың оқырманға әсерін және автор позициясын талқылау, ғылыми және публицистикалық стильдегі мәтіндердің (мақала, аннотация, үндеу, очерк, дәріс, баспасөз парағы) құрылымы мен рәсімделуін білу, жанрлық және тілдік ерекшеліктерін талдау, әдеби шығармада көтерілген әлеуметтік-қоғамдық мәселеге баға беру және әлем әдебиеті үлгілерімен салыстыру, ғылыми және публицистикалық стильдегі мәтіндер (мақала, аннотация, үндеу, очерк, дәріс, баспасөз парағы) бойынша салыстырмалы (құрылымы, қызметі, мақсатты аудиториясы, оқырманға әсері) талдау жасау, қосымша ғылыми-анықтамалық ақпарат көздерінен алынған материалдар негізінде мәтін мазмұнына сыни тұрғыдан талдау жасау, мәтінді негізгі мәселеге баға бере отырып, өзіндік көзқарасын жүйелі, дәлелді жеткізу;

4) жазылым: ғылыми стильдің жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай тілдік құралдарды орынды қолданып, мақала, аннотация, баспасөз парағы, тезис, үндеу жазу, қажетті ақпараттарды орынды қолданып, көтерілген мәселе бойынша өз ойын дәлелдеп эссе жазу («келісу, келіспеу» эссесі, дискуссивті эссе, аргументативті эссе), шығармашылық жазба жұмыстарында көркемдегіш құралдар мен айшықтау амалдарын тиімді қолданып жазу, тақырып бойынша мәтінге жоспар құрып, әр тармақшаға қажетті негізгі және қосымша мәліметтерді жинақтау, дереккөздерге сілтеме көрсетіп таныстыру (тірек-схема, менталды карта, презентация), кәсіби және публицистикалық бағыттағы мәтіндердегі басты лексикалық бірліктерді нақтылап, мәтіннің ақпараттық-маңызды фрагменттерін анықтап, (компрессия) жинақы мәтін құрастыру, мәнмәтін бойынша тілдік бірліктерді орфографиялық нормаға сай жазу; мәтін деңгейінде тыныс белгілерін қолдана білу;

5) тілдік бағдар: сөз таптары, ғылыми және кәсіби мәтіндер құрауда грамматикалық омонимдерді ажырата танып, ауызша және жазбаша дұрыс қолдану, сын есім сөздердің синонимдік қатарын стильдік ерекшеліктеріне сәйкес қолдану, мәтін құрауда сан есімнің мағыналық түрлерін стильдік

ерекшеліктеріне сай қолдану, есімдіктердің мағыналық түрлерін стильдік ерекшеліктеріне сай қолдану, мәтіндерден көсемше оралымды сөйлемдерді анықтап, оларды ауызша және жазбаша мәтіндер құрауда орынды қолдану, үстеудің мағыналық түрлерін стильдік ерекшеліктеріне сай орынды қолдану, мәтін құрауда шылаудың мағыналық түрлерін стильдік қызметіне сай орынды қолдану; сөйлем, оқшау сөздердің қызметін білу, айқындауыш мүшелер (қосалқы, қосарлы, оңашаланған) жасалу жолдарын білу, жазба жұмыстарында орынды қолдану.

Оқу мақсаттарының жүйесі

Бағдарламада «оқу мақсаттары» төрт саннан тұратын кодтық белгімен белгіленді. Кодтық белгідегі бірінші сан сыныпты, екінші және үшінші сандар бөлім және бөлімше ретін, төртінші сан бөлімшедегі оқу мақсатының реттік нөмірін көрсетеді. Мысалы, 10.2.1.4. кодында «10» - сынып, «2.1» - екінші бөлімнің бірінші бөлімшесі, «4» - оқу мақсатының реттік саны.

Оқу мақсаттарының жүйесі бөлім бойынша әр сыныпқа берілген:

1) тыңдалым:

Білім алушылар...		
	10-сынып	11-сынып
1. Болжау	10.1.1.1 - мәтін үзінділері бойынша болжам жасау, өз біліміне сүйеніп тақырыпты жалғастыру	11.1.1.1 -мәтін үзінділері бойынша болжам жасау, тиісті ақпаратты анықтай білу
2. Назарын шоғырландырып тыңдау	10.1.2.1 - мәтінді тыңдай отырып, негізгі идеяларды (ақпараттарды)қысқаша түртіп жазу (конспектілеу), жазбаға сүйеніп мәтін мазмұнын түсіндіру	11.1.2.1 - мәтінді тыңдай отырып, негізгі идеяларды (ақпараттарды) қысқаша түртіп жазу (конспектілеу) және берілген ақпараттарды жүйелеу
3. Сөздер мен сөз тіркестерінің мағынасын түсіну	10.1.3.1 - оқу-кәсіби, қоғамдық-саяси, әлеуметтік-мәдени тақырыптар аясында қолданылған сөздер мен термин сөздердің мағынасын түсіну	11.1.3.1 -оқу-кәсіби, қоғамдық-саяси, әлеуметтік-мәдени тақырыптар аясында және мамандандырылған тар аядағы арнайы мәтіндердегі сөздер мен термин сөздердің мағынасын түсіну
4. Көркем шығармаларды тыңдау	10.1.4.1 - драмалық, прозалық, поэзиялық шығарманы тыңдау, шығармада көтерілген жалпыадамзаттық мәселені айқындау	11.1.4.1 - көркем шығарманы тыңдау, басқа өнер туындыларымен (кино, театр, музыка, би, сурет-мүсін өнері, сәулет) салыстырып, тақырып ортақтығына сипаттама жасау
5. Негізгі ойды анықтау	10.1.5.1 - мәтіннен автордың көзқарасын (негізгі ойын) негіздейтін аргументтерді талдай отырып, астарлы ойды анықтау	11.1.5.1 - мәтін бойынша автор позициясын және көтерілген мәселеге қарым-қатынасын, тыңдаушыға ықпал ету тәсілін талдай отырып, негізгі ойды анықтау
6. Тыңдалым материалдары бойынша жауап беру	10.1.6.1 - көтерілген мәселе бойынша әртүрлі дереккөздерден алынған мәтіндерді тыңдау және салыстыру, өз көзқарасын аргументтер негізінде дәлелдеу	11.1.6.1 - көтерілген мәселе бойынша әртүрлі дереккөздерден алынған мәтіндерді тыңдау және салыстыру, өз ойын логикалық дұрыс, аргументті және айқын жеткізу

2) айтылым:

Білім алушылар...		
	10-сынып	11-сынып
1. Сөздік қорының алуандығы	10.2.1.1 - ғылыми-көпшілік және публицистикалық стильдегі мәтіндерден күрделі сөздердің жасалу жолын анықтау, ауызша мәтін құрауда	11.2.1.1 - ғылыми және кәсіби мәтіндердегі күрделі сөздер мен терминдердің жасалу жолын анықтау, ауызша мәтін құрауда орынды қолдану

	орынды қолдану	
2. Сөз мәнері мен сөйлеу этикеті	10.2.2.1 - ғылыми-көпшілік және публицистикалық мәтіндерге сүйеніп, монолог және диалог құрау, сөз әдебі мен сөйлеу этикеті формаларын орынды қолданып, тыңдаушыға әсер ету	11.2.2.1 - ғылыми және кәсіби мәтіндерге сүйеніп, монологпен диалогті үйлестіре қолдану, сөз әдебі мен сөйлеу этикеті формаларын орынды қолданып, тыңдаушылармен қарым-қатынас орнату
3. Орфоэпиялық нормаларды сақтау	10.2.3.1 - сөйлеу ағымындағы интонацияның құрамдас бөліктері: әуен, әуез, тембр, қарқын, кідірісті сөйлеу мәнеріне сай қолдану	11.2.3.1 - сөйлеу ағымындағы интонацияның құрамдас бөліктері: әуен, әуез, тембр, қарқын, кідірісті сөйлеу мәнеріне сай қолдану
4. Мәтіннің негізгі аспектілерін анықтау және талқылау	10.2.4.1 - мәтіндегі бөлімдердің, абзацтардың орналасу тәртібін, ақпараттың тақырыппен байланысын анықтау, оған түсініктеме беру	11.2.4.1 - кәсіби бағыттағы түпнұсқа мәтіндерден қажетті ақпаратты (деректерді, сипаттамаларды, сандық көрсеткіштерді, сілтемелерді) анықтау, олардың қолданылу мақсатын талдау
5. Сенімді және еркін жауап беру	10.2.5.1 - пікірталастың «пікірталас - монолог», «пікірталас-диалог», «пікірталас-полилог» түрлерінде сенімді және еркін сөйлеу	11.2.5.1 - көпшілік алдында сөз сөйлеуде маңызды орын алатын тілдік (вербалдық) және бейвербалдық элементтерді қолданып, сенімді және еркін сөйлеу
6. Визуалды материалдар арқылы тілді дамыту	10.2.6.1 - әртүрлі графиктік мәтіндердегі (иллюстрация, фотосурет, сызба, шартты белгі) ақпараттарды салыстыру, негізгі идеясын түсіндіру	11.2.6.1 - әртүрлі графиктік мәтіндердегі (кесте, диаграмма, сызба, шартты белгі) мәліметтерді салыстырып талдау, негізгі үрдістерді анықтау

3) ОҚЫЛЫМ:

Білім алушылар...		
	10-сынып	11-сынып
1. Мәтіндегі ақпаратты анықтау	10.3.1.1 - мәтіндегі негізгі және қосымша ақпараттарды анықтай отырып, факті мен көзқарасты ажырату, мәтін идеясымен байланысын анықтау	11.3.1.1 - мәтіннен детальді ақпараттарды, факті мен көзқарасты, астарлы ойды анықтау, берілген ақпараттың оқырманға әсерін және автор позициясын талқылау
2. Стильдік ерекшеліктерді анықтау	10.3.2.1 - ғылыми-көпшілік және публицистикалық стильдегі мәтіндердің (мақала, эссе, тезис, интервью, баспасөз парағы) құрылымы мен рәсімделуін білу, жанрлық және тілдік ерекшеліктерін талдау	11.3.2.1 - ғылыми және публицистикалық стильдегі мәтіндердің (мақала, аннотация, үндеу, очерк, дәріс, баспасөз парағы) құрылымы мен рәсімделуін білу, жанрлық және тілдік ерекшеліктерін талдау
3. Көркем шығармаларды оқу	10.3.3.1 - әдеби шығарма да көтерілген әлеуметтік-қоғамдық мәселені талдау және кейіпкерлерді шынайы өмірмен салыстырып бағалау	11.3.3.1 - әдеби шығарма да көтерілген әлеуметтік-қоғамдық мәселеге баға беру және әлем әдебиеті үлгілерімен салыстыру
4. Мәтіндерге салыстырмалы талдау жасау	10.3.4.1 - ғылыми-көпшілік және публицистикалық стильдегі мәтіндер (мақала, эссе, тезис, интервью, баспасөз парағы) бойынша салыстырмалы (жанры, құрылымы, тілдік құралдары, мақсатты аудиториясы) талдау жасау	11.3.4.1 - ғылыми және публицистикалық стильдегі мәтіндер (мақала, аннотация, очерк, үндеу, дәріс, баспасөз парағы) бойынша салыстырмалы (құрылымы, қызметі, мақсатты аудиториясы, оқырманға әсері) талдау жасау
5. Қосымша ақпарат көздерінен алынған мәліметтерді оқу	10.3.5.1 - мәтін тақырыбына байланысты қосымша материалдарды энциклопедиялардан тауып, ортақ қорытындылар жасау	11.3.5.1 - қосымша ғылыми-анықтамалық ақпарат көздерінен алынған материалдар негізінде мәтін мазмұнына сыни тұрғыдан талдау жасау
6. Өзіндік көзқарасын білдіру және бағалау	10.3.6.1 - мәтін мазмұнындағы деректі ақпаратты толық анықтап, негізгі ойға өз көзқарасын білдіру және оны	11.3.6.1 - мәтіндегі негізгі ойды анықтап, көтерілген мәселеге баға беру, өзіндік көзқарасын жүйелі, дәлелді

	бағалау	жеткізу
--	---------	---------

4) жазылым:

Білім алушылар...		
	10-сынып	11-сынып
1. Әртүрлі стильде мәтіндер құрастыру	10.4.1.1- публицистикалық және ғылыми стильдің жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай тілдік құралдарды орынды қолданып, шағынмақала, баспасөз парағы, тезис, интервью жазу	11.4.1.1 - ғылыми және публицистикалық стильдің жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай тілдік құралдарды орынды қолданып, шағын мақала, баспасөз парағы, аннотация, үндеу жазу
2. Эссе жазу	10.4.2.1 - қажетті клишелер мен лексикалық құрылымдарды қолданып, көтерілген мәселе бойынша өз ойын дәлелдеп эссе жазу («келісу, келіспеу» эссесі, дискуссивті эссе, аргументативті эссе)	11.4.2.1 - қажетті ақпараттарды орынды қолданып, көтерілген мәселе бойынша өз ойын дәлелдеп эссе жазу («келісу, келіспеу» эссесі, дискуссивті эссе, аргументативті эссе)
3. Шығармашылық жазба жұмысы	10.4.3.1 - шығармашылық жазба жұмыстарында көркемдегіш құралдар мен айшықтау амалдарын тиімді қолданып жазу	11.4.3.1 - шығармашылық жазба жұмыстарында көркемдегіш құралдар мен айшықтау амалдарын тиімді қолданып жазу
4. Мәліметтерді жинақтау	10.4.4.1 - тақырып бойынша мәтінге жоспар құрып, әр тармақшаға қажетті негізгі және қосымша мәліметтерді жинақтап ұсыну (тірек-схема, менталды карта, презентация)	11.4.4.1 - тақырып бойынша мәтінге жоспар құрып, әр тармақшаға қажетті негізгі және қосымша мәліметтерді жинақтау, дереккөздерге сілтеме көрсетіп таныстыру (тірек-схема, менталды карта, презентация)
5. Жинақы мәтін құрастыру (компрессия)	10.4.5.1 - ғылыми-көпшілік және публицистикалық стильдегі мәтіндерден негізгі ұғымдарды анықтай отырып, жинақы мәтін (компрессия) құрастыру	11.4.5.1 - ғылыми және публицистикалық стильдегі мәтіндерден басты лексикалық бірліктерді нақтылап, мәтіннің ақпараттық-маңызды фрагменттерін анықтап, (компрессия) жинақы мәтін құрастыру
6. Орфография және пунктуация	10.4.6.1- мәнмәтін бойынша тілдік бірліктерді орфографиялық нормаға сай жазу; Сөйлем деңгейінде тыныс белгілерін қолдана білу	11.4.6.1 - мәнмәтін бойынша тілдік бірліктерді орфографиялық нормаға сай жазу; мәтін деңгейінде тыныс белгілерін қолдана білу

5) тілдік бағдар:

Білім алушылар...		
	10-сынып	11-сынып
1. Сөз таптары	10.5.1.1-тәуелдік жалғауды (оңаша және ортақ тәуелдеу) және көптік мәнді есімдер мен көптік жалғауларды ажырата танып, дұрыс қолдану	11.5.1.1- ғылыми және кәсіби мәтіндер құрауда грамматикалық омонимдерді ажырата танып, ауызша және жазбаша дұрыс қолдану
	10.5.1.2- сын есімнің жасалу жолдарын білу, мәтін құрауда орынды қолдану	11.5.1.2- сын есім сөздердің синонимдік қатарын стильдік ерекшеліктеріне сәйкес қолдану
	10.5.1.3- сан есімнің жасалу жолдарын білу, мәтін құрауда орынды қолдану	11.5.1.3- мәтін құрауда сан есімнің мағыналық түрлерін стильдік ерекшеліктеріне сай қолдану
	10.5.1.4- есімдіктердің жасалу жолдарын білу, мәтін құрауда орынды қолдану	11.5.1.4- мәтін құрауда есімдіктердің мағыналық түрлерін стильдік ерекшеліктеріне сай қолдану
	10.5.1.5- мәтін құрауда есімше сөздерді стильдік қызметіне сай орынды қолдану	11.5.1.5- мәтіндерден көсемше оралымды сөйлемдерді анықтап, оларды ауызша және жазбаша мәтіндер құрауда орынды қолдану

	10.5.1.6- үстеудің жасалу жолы мен сөйлемдегі қызметін білу, мәтін құрауда орынды қолдану	11.5.1.6 - мәтін құрауда үстеудің мағынанылық түрлерін стильдік ерекшеліктеріне сай орынды қолдану
	10.5.1.7- шылаулардың сөйлемдегі қызметін білу, мәтін құрауда орынды қолдану	11.5.1.7- мәтін құрауда шылаудың мағынанылық түрлерін стильдік қызметіне сай орынды қолдану
2. Сөйлем	10.5.2.1- мәтін құрауда сөздердің байланысу түрлері мен тәсілдерін орынды қолдану	11.5.2.1 - оқшау сөздердің қызметін білу, жазба жұмыстарында орынды қолдану
	10.5.2.2 - құрмалас сөйлемдердің (аралас) жасалу жолдарын білу, жазба жұмыстарында орынды қолдану	11.5.2.2 - айқындауыш мүшелелер (қосалқы, қосарлы, оңашаланған) жасалу жолдарын білу, жазба жұмыстарында орынды қолдану

Осы оқу бағдарламасы қосымшада берілген жалпы орта білім беру деңгейінің (жаратылыстану-математикалық бағыттағы, қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы) 10-11-сыныптарына арналған «Қазақ тілі мен әдебиеті» оқу пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасының Ұзақ мерзімді жоспарына сәйкес жүзеге асырылады.

Тоқсандағы бөлімдер және бөлімдер ішіндегі тақырыптар бойынша сағат сандарын бөлу мұғалімнің еркіне қалдырылады.

Билим алғучилар:					
	5-синип	6-синип	7-синип	8-синип	9-синип
1. Орфографиялық норма	5.4.1.1 уйғур тилинің тавушлар системиси, аһаңдашлиқ қануни, имла алаһидиликлирини әскәргән һалда, орфографиялық нормиға мувапиқ йезиш	6.4.1.1 мавзу бойичә сөзләр биллә бөләк вә дефис арқилиқ йезилидиған сөзләрни орфографиялық нормиға мувапиқ йезиш	7.4.1.1 қошумчилар алаһидиликлирини әскәргән һалда, аһаңдашлиқ қануниға мувапиқ орфографиялық нормиға мувапиқ йезиш	8.4.1.1 мавзу бойичә баш һәрип билән йезилидиған мурақкәп намларни орфографиялық нормиға мувапиқ йезиш	9.4.1.1 мәтин бойичә тил бирликлирини орфографиялық нормиға мувапиқ йезиш
2. Орфоэпиялық норма	5.4.2.1 созуқ, үзүк тавушлар тәләппузи, боғумларниң тәләппузи, кирмә, қисқартилған сөзләрниң тәләппузи қанунийәтлиригә мувапиқ тәләппуз қилишни билиш	6.4.2.1 урғуниң түрлирини (сөз урғуси, логикилық урғу) сөз вә жүмлә ичидә орунлуқ қоллиниш	7.4.2.1 нутуқта интонация, логикилық урғуниң мәнәсини чүшинип пайдилиниш	8.4.2.1 нутуқта интонацияниң маһийитини чүшиниш	
3. Лексикалық норма	5.4.3.1 уттур вә көчмә мәнәлиқ сөзләрни, көпмәнәлиқ сөзләр, омоним,	6.4.3.1 конириған сөз, әвфемизм, дисфемизм, неологизм, термин, диалект	7.4.3.1 фразеологизм, мақал-тәмсилләрниң әмоционал мәнәсини,	8.4.3.1 сөз байлиғимизни вә сөз алаһидиликлирини чүшинип	9.4.3.1 лексикалық стилистика қанулирини дурус пайдилиниш

	антоним, синонимларни бәдий алаһидиликклири гә мувапик қоллиниш	сөз, кәспий сөз, табу сөзләрниң қоллиниш даирисини чүшиниш вә ажритишни билиш.	бәдий алаһидиликклирини чүшинип қоллиниш	пайдилиниш	
4. Грамматик илик норма	5.4.4.1 томур сөз, ясалма сөз вә мурәккәп сөзләрни еғизчә вә язмичә тоғра қоллиниш; 5.4.4.2 исимларниң мәнавий түрлирини мәлум бир контекст асасида кошумчилар арқилиқ түрләндүрүп қоллиниш; 5.4.4.3 сүпәтләрниң, униң дәрижилириниң бәдий алаһидилигини тонуш, сүпәтни исим орнида қоллинишни билиш; 5.4.4.4 санның мәнавий түрлирини пәрикләндүрүшни билиш, санны исим орнида қоллинишни билиш; 5.4.4.5 көчүрмә нутук, өзләштүрмә нутук, муәллип нутқиниң ясилиш йоллирини, хизмитини билиш	6.4.4.1 жүмлидики алмашниң хизмитини чүшиниш, алмашниң исим, сүпәт орнида қоллиниш; 6.4.4.2 пейлниң дәрижә категориясиниң түрлирини еғизчә вә йезикчә нутукта қоллиниш; 6.4.4.3 рәвишниң мәнавий түрлирини пәрикләндүрүш, синонимлиқ қатарлирини түрләндүрүп қоллиниш	7.4.4.1 пейлниң сүпәтдаш, рәвишдаш, исимдаш түрлирини, заман, мәйил категориялирини нутук жәриянида қоллиниш; 7.4.4.2 тәклидий сөзләрниң стильлиқ мәнасини чүшинип қоллиниш; 7.4.4.3 бағлиғучиларниң, тиркәлмиләрниң, уланмиларниң түрлирини пәрикләндүрүшни билиш, уларни орунлуқ қоллиниш; 7.4.4.4 имлиқ сөзләрниң түрлирини билиш, уларни орунлуқ қоллиниш; 7.4.4.5 модал сөзләрниң хизмитини чүшиниш, уларни пәрикләндүрүш	8.4.4.1 сөз бирикмилириниң бағлиниш йоллирини, турғун сөзлүк, пейллик сөз бирикмилирини пәрикләндүрүш, қоллиниш; 8.4.4.2 жүмлиниң баш вә әгәшмә бөләклириниң жүмлә ясаштики өзгә хас орнини, хизмитини чүшинип қоллиниш; 8.4.4.3 жүмлиниң бир хил вә изаһлиғучи бөләклирини қоллинишни билиш; 8.4.4.4 аддий жүмлиләрниң мәхситигә вә қурулмисиға бағлиқ түрлирини қоллинишни билиш	9.4.4.1 кошма жүмлиниң ясилиш йоллирини вә кошма жүмлиниң түрлирини билиш; 9.4.4.2 тәндаш кошма жүмлиләрниң мәнавий түрлирини пәрикләндүрүшни вә түрләндүрүп қоллинишни билиш; 9.4.4.3 беқиндилиқ кошма жүмлиләрниң мәнавий түрлирини пәрикләндүрүшни вә түрләндүрүп қоллинишни билиш; 9.4.4.4 арилаш кошма жүмлиләрниң ясилиш йоллирини билиш, қоллиниш
5. Пунктуац иялиқ норма	5.4.5.1 көчүрмә нутук, өзләштүрмә нутук, муәллип нутқиниң тиниш бәлгүлирини тоғра қоллиниш	6.4.5.1 уйғур тилидики тиниш бәлгүлириниң түрлири билән хизмитини чүшиниш, дурус қоллиниш	7.4.5.1 жүмлә ахирида вә жүмлә ичидә қоюлидиған тиниш бәлгүлирини дурус қоллиниш	8.4.5.1 жүмлә ахирида қатар қоюлидиған тиниш бәлгүлирини тоғра қоллиниш	9.4.5.1 кошма жүмлиниң тиниш бәлгүлирини қайдигә рияйә қилған һалда қоллиниш

3. ОРЫС ТІЛДІ МЕКТЕПТЕРДЕ ҚАЗАҚ ТІЛІН ДЕҢГЕЙЛІК ОҚЫТУДЫҢ МОНИТОРИНГІ

Қазақ тілі – Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі. Мемлекеттік тіл – ұлт бірлігінің негізгі факторы. Елбасы Н. Назарбаев: «Мемлекеттік тіл – бұл Отан бастау алатын Ту, Елтаңба, Әнұран секілді нышан және ол елдің барша азаматтарын біріктіруі тиіс», - деген болатын. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының Тіл туралы Заңының 4-бабында былай делінген: «Қазақстан халқын топтастырудың аса маңызды факторы болып табылатын мемлекеттік тілді меңгеру – Қазақстан Республикасының әрбір азаматының парызы» [31].

Оқыту қазақ тілінде емес мектептерде «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнін оқыту мемлекеттік тілдің қоғамдық мәнін түсінетін әрі қазақ тілін қарым-қатынас және таным құралы ретінде қолдана алатын тұлға қалыптастыруды көздейді. Қазақ тілін оқыту арқылы білім алушыға қазақ халқының рухани құндылықтарын, салт-дәстүрін құрметтеуге әрі алған білім, білік және дағдыларын өмірде қолдана білуге үйретеді [32. 33].

Мектеп білім алушыларына қазақ тілін мәдениетаралық қарым-қатынас құралы ретінде меңгерту, білім алушының сын тұрғысынан ойлау дағдыларын қалыптастыру, оның тұрмыста, қоғамдық орында, мәдени ортада тілдік шектеуді сезінбей, өзін еркін ұстауына мүмкіндік туғызу негізгі ұстаным болып табылады.

Жаңартылған білім беру мазмұны бойынша қазақ тілін оқытуда шетелдік және отандық педагог-ғалымдар мен тәжірибелі мамандарының еңбектері басшылыққа алынды. Оқу бағдарламасының дәстүрлі оқыту әдістемесінен айырмашылықтары мен сабақтастығы мынадай:

- Пәннің маңыздылығы қазақ тілінің мемлекеттік тіл мәртебесімен дәйектеледі. Оқыту қазақ тілінде емес мектептің бастауыш сыныптарындағы «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәні екінші тіл болып есептелгенмен де, оның мемлекеттік тіл мәртебесіне әрдайым басымдылық беріледі. «Қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде оқытылуының құқықтық жақтарын мемлекеттік реттеу ұстанымдары айқындаса, ғылыми-әдістемелік бағытын «ҚР Жалпы білім беретін мектептердің даму тұжырымдамасы» мен «Жалпы білім беретін мектептердегі білім мазмұны тұжырымдамасы дәйектейді. Осындай тұғырнамалық құжаттардан бастау алған қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесін бекітетін бірнеше факторлар бар. Бірінші фактор – қазақ тілін үйренуге қажеттілік тудыратын тиімді жолдарды анықтай отырып, оған ықпал ететін мотивтерді толық және жан-жақты іске асырумен байланысты. Тілді меңгерудегі мотивация соңғы нәтижеге бағытталғанда ғана алға қойылған мақсатқа жетуге болады, яғни білім алушы тіл үйренген соң қандай жетістіктерге қолы жеткендігін білгені абзал. Білім алушы тілді үйренерде өзінің болашақ өміріне: әлеуметтік мәртебесіне, бәсекеге қабілетті болуына, мәнсабының өсуіне және кәсіби деңгейде білікті маман иесі болатындығына сенім артуы шарт. Екінші фактор – мектептерде қазақ тілін үйрету әдістемесіне қажет технологиялар мен қазіргі уақыт сұранысына орай жаңа бағыттарды

дұрыс жолға қоюмен байланысты. Осындай себептердің барлығы білім жүйесінде «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнінің әлеуетін арттырып, тілді меңгерту әдістемесін жаңартып, жаңғыртып отыруды қалайды. Бұл осы саладағы жетістіктер мен жетіспеушіліктерді қайта қарап, бүгінгі күнге сай мәселені дұрыс таңдап, іске қосуды қажет етеді.

- Оқыту қазақ тілінде емес мектептің бастауыш сыныптарында қазақ тілін таным құралы ретінде меңгере білу, ойлау әрі түсіну сияқты ұғымдармен тығыз байланысты. Л.С. Выготский «білімнің ар жағында таным бар және ол білімнің қозғаушы күші болып табылады», – деген тұжырым жасайды, ендеше екінші тілді меңгерудің бастапқы деңгейінде жаңа сөзді жаттанды түрде немесе аударма түрінде үйретуден гөрі жаңа ұғымды, ақпаратты қазақ тілінде қабылдап, оның бейнесі мен мазмұнын елестете алу аса маңызды [34].

Белгілі бір ақпаратты қазақ тілінде алу арқылы білім алушы «айналадағы болмысты ойлау нәтижесінде елестету арқылы қол жеткізетін әлем туралы ақпаратты жеке әрі әлеуметтік тәжірибесімен сабақтастыратын танымның белсенді субъектісі» ретінде қарастырылады. Мұнда сөйлеу тілдің психологиялық, коммуникативтік, функционалдық және мәдени сипаттарының өзара байланысы арқылы жүзеге асатыны басшылыққа алынады. Білім алушы қазақ тілінде танымдық ақпарат ала отырып:

- қазақ халқының дүниетанымы, ділі, сөйлеу әдебін түсінеді;
- қазақтың рухани мұраларын, тарихи-мәдени ескерткіштерін біледі;
- ұлтаралық түсіністікке қол жеткізеді.

Білім алушының санасында өз ұлтының мәдениеті мен қазақ халқының мәдениетін жалғастыру, сабақтастыру, салыстыру үдерістері жүреді. Қазақ тілін танымдық тұрғыдан меңгеру білім алушының қазақ тілін түрлі жағдаяттарда еркін қолдану біліктері мен дағдыларын қалыптастырады.

Осыған орай білім алушылардың қазақ тілін меңгеру деңгейін, пән мұғалімдерінің қазақ тілін меңгерту үшін оқу бағдарламасын жүзеге асыру барысында кездескен қиындықтарын, білім алушылардың отбасындағы сөйлеу тілі туралы ата-аналар пікірін зерттеу үшін мониторинг ұйымдастырылды. Қазақ тілін өзге тілді аудиторияда оқыту мәселесін зерделеу үшін Қазақстанның барлық өңірлерінің мектеп мұғалімдері арасында онлайн сауалнама жүргізілді, оқыту тілі орыс тілі болып табылатын сыныптардың ата-аналары арасында да сауалнама жүргізіліп, білім алушылардың «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәні бойынша білім сапасына талдаулар жасалды.

Бұл құжатта мониторинг нәтижелерімен қатар, қазақ тілін өзге тілді аудиторияда оқыту әдістемесінің негіздері туралы, «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәні бойынша жаңартылған оқу бағдарламасының мазмұндық-құрылымдық, педагогикалық-әдістемелік ерекшеліктері мен талаптары туралы және мектепте мониторинг жүргізудің негіздері туралы ақпараттар ұсынылады.

Оқыту қазақ тілінде емес мектептерде қазақ тілін оқытудың әдістемелік негіздері

Өзге тілді аудиторияда қазақ тілін оқыту әдістемесі бірнеше ұрпаққа жалғасқан өзіндік тарихы бар әдістеме. Алдымен қазақ тілін оқыту әдістемесі ана тілін оқыту әдістемесі ретінде қалыптасып, тілді оқытудың әдістемелік негіздерін құрады.

Қазақта қолына «Әліппе» ұстап, «Кел, балалар, оқылық» деп сауатын ашқан баланың барлығы Ыбырай (Ибраһим) Алтынсариннің есімін жақсы таниды. Ғұмырын халық ағарту ісіне, мектеп ашып, кітап бастырып, бала оқытуға арнаған ұлт педагогі Ыбырай Алтынсаринді қазақ ұлттық педагогикасының іргесін қалаушы деп айтуға толық негіз бар. Ұлы ағартушы қазақ балаларына ана тілін оқытудың жолын, принциптерін, қағидасын, маңызын, жолдарын көрсетіп, әдістеме ғылымының негізін салып, артына мол мұра қалдырды. Ы.Алтынсариннің пікірінше, ең алдымен бастауыш мектептегі білім – баланың қалыптасуы мен дамуындағы ең маңызды кезең. Мұнда білім алушылар алғаш рет қоғаммен араласады. Білім алу үшін мектепке келген баланың ақыл-ойы тереңдеп, зейіні ашылады. Әрине, білім ошағында басты орынды мұғалім атқарады. Білім алушы мұғалімнің оқытуымен айналасындағы әлемді танып, жаңа білімнің есігін ашады. Мұғалім білім алушының азаматтық, адамгершілік, зияткерлік көзқарастарының қалыптасуына тікелей ықпал етеді. Бірақ мұның бәрін мұғалімнің өзі жоғары білікті, ақылды, мейірімді әрі жанашыр болған жағдайда ғана дамыта алады [35].

Сонымен қатар, тіл білімінің негізігін қалаған ағартушы-ұстаз Ахмет Байтұрсынов – қазақ тілін оқыту әдістемесінің іргетасын қалаушылардың бірі. Ол – қазақ тілін дыбысқа бөліп оқыту арқылы сауаттандыру әдісінің негізін салды. Бұл тақырыпта бірнеше әдістемелік мақалалар жазып, 1920 жылы Қазан қаласында «Баяншы» деген атаумен әдістемелік кітапша шығарды. Мұнда А. Байтұрсынов мұғалімдерге «Әліппені» пайдаланудың, сауат ашу әдістерінің бағыт-бағдарын көрсетіп берді. Ағартушы ғалым ана тілін оқыту, сауатын ашу бойынша жүйелі бағдарлама құрастырып, сауаттандыру мәселесін біртіндеп шешуге кірісті. Автор білім алушылардың сауатын ашу үшін «Оқу құралы» мен «Баяншыны» жазды. Бірі- оқулық, ал екіншісі – әдістемелік нұқсаулық ретінде жазылды. Бұдан басқа қазақ тілінің жаңа сала ғылым ретінде қалыптасуына негіз болған «Тіл құрал» және «Тіл жұмсар» атты кітаптарын жазды. Оның қазақ жұртшылығы үшін мүлде тың дүние екендігін оқулықтың кіріспесінде автор арнайы атап өтеді. Ол осы оқулықты қазақ грамматикасына қатысты категориялардың әрқайсысына тұңғыш қазақша терминдерді ұсынады. Күні бүгінге дейін қолданып жүрген «зат есім, сан есім, етістік, есімдік, одағай, үстеу, шылау, бастауыш, баяндауыш» деген т.б. сан алуан лингвистикалық ғылыми терминдердің барлығы А.Байтұрсыновтікі. Оқулықтың тағы бір құндылығы қазақ тілінің грамматикалық басты салалары – фонетика – дыбыс туралы ғылым, морфология – сөз құрамын зерттеу, ал синтаксис сөйлем құрылысын зерттеу т. б. Салаларға жіктеп, оқырманға егжей-тегжейлі түсіндіру. Оның еңбектері бүгін таңда өзінің өзектілігін жойған жоқ. Қазақ тілін зерттеуге және оны бастауыш сыныпта оқытуға әлі күнге негіз болып келеді [36].

Телжан Шонанұлы — қазақ ғылымы, оқу-ағарту қызметі мен мәдениетінде өзіндік соқпақ салған тұлға. 1925–1935 жылдардағы қиын да жауапты кезеңде, теориялық мәселелерден гөрі, практикалық мұқтаждық басымырақ болып тұрған шақта, Т.Шонанұлы ғылым, оқу-ағарту қызметіне қызу араласып, әліппе, оқулық, бағдарламалар жазып, халықты сауаттандыру жолында көп еңбек сіңірді. Ана тіліміздің мектепте жеке пән ретінде оқытылумен байланысты туындаған қажеттілікті өтеген Т.Шонанұлының бұл еңбектерін, негізінен, төрт топқа бөліп, жіктеуге болады:

1) әліппе оқулықтары: «Жаңалық» (1928), «Сауаттан» (1929), «Колхоз ауылы» (1930; М.Жолдыбаевпен бірге);

2) бастауыш кластарға арналған тіл дамыту оқулықтары: «Тіл дамыту» (1930), «Қазақ тілі (Грамматика мен емле)» (1934), «Жаңа арна» (1927; М.Жолдыбаевпен бірге);

3) ересектерге арналған қазақ тілі оқулықтары: «Шала сауатты ересектер үшін оқу құралы» (1926); 4) орыс тілді сыныптарға арналған қазақ тілі оқулықтары: «Қазақ тілінің оқу құралы» (1933), «Учебник казахского языка для взрослых» (1934). Кезінде Т.Шонанов ұлы қазақ ойшылдары — Абай Құнанбаев, Шоқан Уәлиханов, Ыбырай Алтынсарин, Ахмет Байтұрсынов еңбектеріне терең бойлай отырып, нағыз педагог ретінде шыңдалғаны байқалады. Мысалы, Телжан А.Байтұрсынұлымен шығармашылық ынтымақта болып, бірлесіп, 1926 жылы мектеп білім алушыларына арнап 412 беттік «Оқу құралын» («Хрестоматия») бастырып шығарады [37].

Қазақ тілі әдістемесінің алғашқы негізін салушылардың бірі – Ғали Бегалиев болды. 1940 жылы “Бастауыш мектептерде қазақ тілінің методикасы» деген еңбегі баспадан шықты. Бұл әдістеме үш бөлімнен тұрады: грамматика, оқыту методикасы, емле және тіл дамыту методикасы. Методиканың қалған бөлімі: хат таныту және кітапты оқыту әдістемесіне арналған. Қазақ тілін оқытудың әдіс-тәсілдері шебер баяндалған. Автор сөздік жұмыстарын ұйымдастырудың тиімді әдіс-тәсілдеріне тоқталады. Ғ.Бегалиев қазақ тілін оқытудағы көрсеткен әдіс-тәсілдерін әлі күнге дейін ұстаздар жетілдіріп, дамытып пайдаланып жүр [38].

Құдайберген Қуанұлы Жұбанов – қазақ тіл білімінің негізін қалаған көрнекті ғалым, тұңғыш филолог, профессор. Құдайберген Жұбанов – қазақ орта мектептерінің 5-7-кластарына арнап жазылған алғашқы оқулықтардың бірі, Қазақ тілі грамматикасын кеңес академик-түркологы С.Е.Маловтың бағалауынша, сол кездегі латын әліпбиіне негізделген қазақ әліппесінің үздік жобасының, сонымен қатар Қазақ тіл білімі мен Қазақ мәдениетін дамыту мәселелері бойынша көптеген практикалық әзірлемелердің авторы болды. Қ.Қ.Жұбановтың ғылыми мұрасы теориялық және практикалық көлемді мәселелерді қамтиды, олардың көпшілігі әлі де болса Қазақстан ғылымы алдында шешімін күтіп тұр. Қазақ тіл білімінің тарихында қазақ тілі, әдебиеттану, педагогика бойынша оны алғашқы монографиялық еңбектердің авторы ретінде мойындайды. Құдайберген Жұбанов еңбектері үшін түркі тілдерінің мәселесінде зерттеудің салыстырмалы тарихи әдісі тән [39].

Қазақ тілін оқыту әдістемесі саласына айрықша көп еңбек сіңірген көрнекті ғалым – Шамғали Харесұлы Сарыбаев. Ол қазақ тілін орыс мектептерінде оқыту мәселесін 1933 жылдан бастап арнайы қарастыра бастады. «Орыс мектептерінде қазақ тілін оқыту әдістемесі» атты тақырыпта кандидаттық диссертация қорғады. Бұл әріптестері атап көрсеткендей, қазақ тілін оқыту әдістемесінен арнайы қорғалған тұңғыш ғылыми жұмыс болатын. Кеңестік республикада мектеп ісін дұрыс жолға қою, мұғалім даярлау, қазақ тілін оқыту әдістемесін жүйелеу секілді ең күрделі іспен айналысып, бірқатар ғылыми әдістемелік еңбектердің авторы атанды. «Қазақ тілі методикасының кейбір мәселелері», «Жазып-үйретудің әдістері», «Мектеп тәжірибелері», «Қазақ тілі методикасының программасы», «Үлкендер үшін әліппе», «1 класс үшін оқу кітабы» және басқа да тәжірибе негізінде жазған еңбектері қазақ ағарту майданында білімнің шамшырағы болып жарық шашты, білімге іңкәр жұрттың көзін ашты [40].

Жиенбаев Сейіл Сарықұлұлы - қазақ тілін оқыту әдістемесін қалыптастыруға елеулі үлес қосқан ғалым. С.Жиенбаевтың “Қазақ тілі” (1930), “Бастауыш мектептегі қазақ тілінің әдісі” (1935), “Үлкендерге хат таныту методикасы” (1935), “Грамматика талдауыш” (1936), “Сөйлемнің тыныс белгілері” (1941), “Синтаксис мәселелері. Құрмалас сөйлемнің топтастырылуы” (1941), “Сөздіктің жасалу мақсаты мен принципі” (1945), т.б. еңбектері жарық көрген. Ол жөнінде әдіскер-ғалым К.Жақсылықова нақтылы дерек береді: «Выявлено, что первые программы и разработки уроков по казахскому языку были составлены в 1930 году видными учеными-языковедами С.Аманжоловым, Ш.Сарыбаевым, Т.Шонановым, и многими другими» [41].

Қазақ тілін оқыту әдістемесінің мәселелеріне қатысты ғылыми мақалалар да жазыла бастады. Қазақ тілін ұлт мектептерінде оқыту, жалпы басқа ұлт өкілдеріне қазақ тілін үйрету мәселесі ХХ ғасырдың 30 жылдарында қолға алынып, түрлі оқулықтар, оқу құралдары, бағдарламалар шығарыла бастады. Осы жылдары қазақ тіл ғылымының белгілі әдіскер ғалымдары Т.Шонанов, Ш.Сарыбаев, С.Жиенбаев т.б. ғалымдардың оқулықтары, әдістемелік еңбектері жарық көрді. Қазақ тілін орыс мектептерінде оқыту әдістемесінің қалыптасуына әсерін тигізген алғашқы тілші- ғалымдардың бірі – М.С.Лапатухин. Ғалымның көптеген жылдардағы жүргізген зерттеу еңбегінің нәтижесі 1940 жылы шыққан «Очерки по методике казахского языка в русской школе» деген еңбегінде жарық көрді. Бұл еңбек орыс мектептеріндегі қазақ тілінің ролі, қазақ тілі сабағына қойылатын талаптар, сабақтың құрылысы, орфоэпияға, ауызша сөйлеуге, жазуға үйрету, лексика және грамматика, қазақ тілінен сыныптан тыс жұмыстар т.с.с. бөлімдерді қамтиды. М.С.Лапатухинның еңбегі орыс мектептерінде қазақ тілін оқыту әдістемесінің тұңғыш үлгісі [42].

1987 жылы Республикада қазақ тілін оқытуды жақсарту туралы үкімет қаулысы қабылданып, 1990 жылы қазақ тілі мемлекеттік тіл дәрежесін алғаннан кейін қазақ тілін оқытуға көзқарас өзгере бастады. Қазақ тілін үйренуге көңіл бөлініп, бұл мәселенің зерттелуі, бағдарламалар, оқулықтар, оқу құралдарын жазу қолға алынды. Оқу орындарының барлығында қазақ тілін оқыту мәселесі

де қолға алынды. Қазақ тілін екінші тіл ретінде оқытуға арналған оқулықтарды, оқу құралдарын, тілашарлар мен сөздіктерді, бағдарламалар шығару сексенінші жылдардың аяғынан бастап қоғамдық саяси сипатқа ие болды. Қазақ тілін дамытуға үлкен бағыт-бағдар жасалып, жұмыстар жүргізіле бастады.

Сонымен қатар қазақ тілін өзге ұлт дәрісханаларында оқытуға арналған бірнеше бағдарламалар жарияланды. Бағдарламалардың алдыңғы қатарында тұрған 1987 жылы профессор Н.Оралбаеваның авторлығымен шыққан «Қазақ тіліні үйрену курсының программасы» болып табылады [43]. Н.Оралбаева жасаған қазақ тілін үйретуге арналған алғашқы бағдарламаны Қазақстан білім беру министрлігі құптап бекітті. Осы бағдарламаның негізінде 1996 жылы «Ана тілі» баспасынан «Орыс тіліндегі мектептерде қазақ тілін оқыту әдістемесі» атты оқулық жарық көрді. Бұл жоғары оқу орындарындағы студенттерден басқа ұлтқа қазақ тілін оқытатын, әдістемелік жағынан жетілген мамандар дайындауға арналған алғашқы ғылыми оқулық. Оқулық 1992 жылы жарық көрген Н.Оралбаева, К.Жақсылықова құрастырған оқу орыс тілінде жүргізілетін мектептерде қазақ тілін оқыту бағдарламасы бойынша жазылған. Оқулықта қазақ тілін орыс мектептерінде оқытудың лингвистикалық, психологиялық, дидактикалық негіздері, тарихи дамуы қарастырылған [44]. Қазақ тілі әдістемесі пәні, оның міндеттері, мақсаттары, қазақ тілін басқа ұлттарға оқыту әдістері, сабақтың құрылысы мен түрлері жүйелі, анық, нақты түрде берілген. Сонымен қатар мұнда тілдік материалды ғылыми принцип негізінде таңдау және сұрыптауда: 1) сөздердің қолдану жиілігі; 2) сөздердің жеңіл-қиындығы; 3) сөздердің синонимдік қасиеті; 4) сөздердің тақырып қажеттігіне сәйкестігі; 5) екі тілге ортақ сөздерді санатқа кіргізбеу; 6) сөздердің сөзжасамдық қабілеті; 7) сөздің тілдің дыбыстық ерекшелігін қамтуы; 8) сөздің білім алушының психологиялық ерекшелігіне сәйкестігі; 9) сөздің оқулықта қайталану жиілігі қасиеттеріне ерекше көңіл бөлінуі қажет деп көрсетілді.

Қазақ тілін оқыту әдістемесі бойынша практикалық және лабораториялық сабақтарды жүйелі топтастырудың алғашқы баспалдағы ретінде Т.Әбдікәрімова, Т.Әбдіғалиева, К.Шаймерденовалардың авторлығымен шыққан «Қазақ тілін оқыту әдістемесі» атты еңбегін атауға болады [45]. Практикалық және лабораториялық жұмыстар, сабақты ұйымдастырудың үлгілері, диктант пен жаттығу жұмыстары, білім алушылардың білімін есептеу ғылыми-практикалық жағынан жан-жақты талданып көрсетілген еңбек оқытушыларға әдістемелік жағынан көмек беретін тұшымды жұмыс болып табылады.

Қазақстан көп ұлтты мемлекет болғандықтан, осында қалыптасқан тілдік ортаға байланысты тілді үйренушілердің өзі – бастауыш топ, жалғастырушы топ болып бірнеше топқа бөлінеді. Қазіргі кезде жиі қолданыста жүрген оқулықтардың ішінде осы топтарға пайдаланып жүрген оқулық – Ш.Бектұров пен А.Бектұрованың «Қазақ тілі» оқулығы. 1998 жылы Т.Аяпованың «Қазақ тілі» деп аталатын үш кітаптан тұратын кешенді оқулығы шықты [46]. Автордың пікірі бойынша оқулық АҚШ-та басылған «70 қадам арқылы қазақ тілін үйреніңіз» атты оқулықтың жалғасы болып саналады. Кешенді оқулықтың мақсаты – «бүкіләлемдік ең актуальды және ұтымды оқыту әдістерін қолдана

отырып, білім алушы білімін тереңдетуге көмектесу және сөйлеуге үйрету». Сонымен, өз алдына дербес ғылым болып табылатын қазақ тілін оқыту әдістемесі – педагогика ғылымының бір саласы. Өйткені оның өзіндік зерттейтін нысаны, мазмұны, зерттеу әдістері мен тәсілдері бар. Қазақ тілін оқыту әдістемесінің зерттейтіні оның оқыту жолдары мен жағдайлары туралы заңдылықтар. Бұл заңдылықтар педагогика, психология және лингвистика ғылымдарының негізінде жинақталған практикалық тәжірибе мен бұрыннан қалыптасқан теориялық қағидалардан, тұжырымдардан шығарылады. Егер нақтылап айтсақ, оқыту әдістемесі мына мәселелерді зерттейді: 1) мақсаттары (не үшін оқыту керек?); 2) мазмұны (нені оқыту керек?); 3) ұйымдастырылуы (қалай оқыту керек?); 4) құралдары (ненің көмегімен оқыту керек?); 5) оқыту кезінде білім алушылардың білімді меңгеру деңгейі, ақыл-ойының дамуы мен тәрбиеленуі арасындағы ұштастық мәселелері.

Оқыту әдістемесі – педагогиканың күрделі саласының бірі – дидактика тарауында қаралады. Дидактика /оқыту теориясы/ гректің *didaktikos* – оқытамын деген сөзінен шыққан. Дидактиканың негізгі проблемалары оқу үдерісінің заңдылықтарын, принциптерін және оқытудың тиімді әдістемелерін көрсетеді.

Мысалы, ресейлік ғалымдар И.Я.Лернер, М.Н.Скатин, оқыту әдісінің бес түрін көрсетеді:

- түсіндіру-көрнекілік немесе ақпараттық-рецептивтік;
- репродуктивтік;
- проблемалық баяндау;
- ішінара-ізденістік немесе эвристикалық;
- зерттеушілік – деп оқытудың бес түрлі әдісіне тоқталса, Г.А.Ильина

«Педагогика» атты еңбегінде оқыту әдістемесін 4 түрге бөлген. Ал академик Ю.К. Бабанский де осындай оқыту әдістерінің түрлеріне тоқталып, оны оқытушының шығармашылық еңбегінің нәтижесі деп көрсетеді. Ә.Исабаевтың «Қазақ тілін оқытудың дидактикалық негіздері» деген 1993 жылғы еңбегінде қазақ тілінен білім беру әдістерін: практикалық жақтан үйрету әдістері, теориялық жақтан үйрету әдістері және теориялық-практикалық үйрету әдістері деп жіктеп, оларды ішінара бірнеше әдістерге топтастырады.

Оқытудың теориясын зерттеген ғалымдар ғылыми еңбектерінде оқыту әдістерінің анықтамасын былай берген. И.Д.Зверев: «Оқыту әдістері дегеніміз – мұғалім мен білім алушылардың өзара әрекетінің барысында білім алу жолдары», - десе, Ю.К.Бабанский: «Оқыту әдістері дегеніміз – мұғалім мен білім алушылардың өзара әрекетінің негізінде білім, тәрбие және таным процесін жетілдіру», - дейді. Д.Әлімжанов, Ы.Маманов өз еңбектерінде: «...Қазақ тілін оқыту әдістемесі – қазақ тілін оқытудағы мұғалімдердің озық тәжірибелерінің қорытындыларына негізделген оқыту әдістерінің жиынтығы туралы ғылыми пән», - деген. Профессор Ә.Исабаев: «Қазақ тілінен білім беру әдістері сан алуан. Осы әдістерді әдістемеде жіктеп көрсетудің мәні зор. Жіктеп көрсетуде, біріншіден, білім алушыға берілетін білімнің сапасы артады, екіншіден, білім алушымен жүргізілетін жұмыстың дәлдігі нығаяды,

үшіншіден, мұғалімнің атқаратын жұмысы жеңілдейді... Білім алушылар тілді практикалық-теориялық және теориялық-практикалық жағынан меңгереді. Қазақ тілінен білім беру әдістерін топтастыру әдістемесінің соңғы жетістіктеріне негізделеді», - дейді.

Ж.Нұржанова өзінің «Қазақ тілін тиімді оқыту жолдары» атты әдістемелік құралында оқыту әдістерін бес түрге жіктейді:

- түсіндіру әдісі – бұл әдіске ауызша баяндау - түсіндіру, әңгіме, сұрақ-жауап, дәріс түрлері жатады.

- кітаппен жұмыс істеу әдісі – мұғалімнің түсіндіргенін кітаптан қарау

- анықтама, түсініктер, жоспар, конспект, тезис, газет, журнал, сөздік, т.б. жұмыстар.

- көрнекілік әдіс – экскурсия, таблица, сурет, схема, карточка пайдалану т.б.

- техникалық құралмен жұмыс істеу әдісінің бірі - демонстрациялық әдіс.

- экран бейнесі арқылы диафильм, кино, фрагмент, т.б, техникалық құралмен жұмыс істеу.

- жаттығу әдісі – ауызша, жазбаша және суретпен жұмыс, тақтамен жұмыс, өз бетінше жұмыс, қайталау, пысықтау кезінде ұлттық ойын элементтерін пайдалану жұмысы.

Мектепте оқылатын қазақ тілі тек тіл туралы білім беретін арнайы оқу пәні ғана емес, ол басқа пәндерді үйрену, меңгеру құралын қалыптастыратын жалпы пәндік маңызға да ие. Сондықтан қазақ тілін оқытудың коммуникативтік бағытын күшейту арқылы ғана оның мектептік білім жүйесіндегі әлеуеті арта түспек.

Елімізде мемлекеттік тілді үйрету мәселелері әр қырынан зерттелді. Мысалы: Ә.Жүнісбек: «Қазақ тілі дыбыстарын үйрету әдістемесі», «Қазақ тілін модельдеу арқылы үйрету әдістемесі»; Ф.Оразбаева «Тілді үйретудің коммуникативтік әдістемесі» [47]; Н.Құрман «Қазақ тілін оқытуда теориялық ойлауды дамыту технологиясы» [48] , «Қазақ тілін үйретудің интерактивтік технологиясы», «Қазақ тілін үйретудің интенсивтік технологиясы» , «Қазақ тілін этнолингвомәдени жүйе негізінде оқыту», «Қазақ тілін үйретудің ақпараттық технологиясы» [49]; Н.Оразақынова «Сатылай кешенді оқыту технологиясы»; С.Рахметова, Т.Әбдікәрімова, Ә.Жұмабаева «Бастауышта мәтінді меңгерту арқылы тіл дамыту әдістемесі»; Г.Қосымова, А.Қыдыршаев «Қазақ шешендігін үйрету әдістемесі»; Ж.Сүлейменова «Қазақ тілін оқытудың белсенді әдістер жүйесі» т.б.

Қазақ тілін оқыту әдістемесі туралы сөз болғанда бұл проблеманың ішінен басқа ұлт өкілдеріне қазақ тілін оқыту мәселесін жеке бөліп қарастырмаса болмайды. Өйткені, қазіргі таңдағы көп жұмыс істеліп, жан жақты қарастырылып отырған проблема – орыс аудиториясында қазақ тілін оқыту проблемасы. Сонымен қатар, бұл мәселе тілдік коммуникацияның тікелей зерттеу объектісі бола келіп, қазіргі кезеңде өзекті мәселе болып

отырған қазақша сөйлеуге үйретудің тиімді жолдарын табуға көмектеседі. Бүгін біздің алдымызда тұрған мақсат - өзге тілді аудиторияны қазақ тіліне үйрету ғана емес, сонымен қатар алдымызда отырған шәкірттердің туған елінің қасиетін сезініп, оның алдындағы ұлт жауапкершілігін ұғынып, ол үшін басын бәйгеге тігер тәуекелге баруы болып саналады. Сол сияқты, барлық халықтармен рухани және материалдық тығыз байланыста болуы, өзі өсіп-өнген аймаққа деген сүйіспеншілігі патриотизмнің қайнар көзі. Қазақ тілді емес аудиторияға мемлекеттік тілді үйрету мәселесімен айналысып жүрген ұстаздар, тілшілер, ғалымдар көптеп саналады. Олардың әрқайсысы әртүрлі мәселелерді қарастыра келіп, қазақ тілін оқыту саласының дамып, жетілуіне үлес қосуда. Бұл еңбектердің авторлары Ш.Х.Сарыбаев, И.В.Маманов, Ғ.Бегалиев, С.Жиенбаев, Т.Аяпова, Ш.Бектуров [50], К.Сариева, А.Жүнісбеков, Ф.Р.Ахметжанова, М.Жанпейісова, Ф.Оразбаева, Қ.Бітібаева т.б.

Қазақ тілін екінші тіл немесе шет тілі ретінде оқыту мәселесі. Қ. Қадашева өз еңбегінде былай деп көрсетеді: «Қазірге дейін тілді оқыту әдістемесінде «қазақ тілін өзге тілді аудиторияда оқыту», «өзге тілді аудитория» деген терминдер пайдалынып келеді. Өзге тілді аудиторияға басқа ұлт өкілдері (орыстар, украиндар және т.б.) қазақ тілін білмейтін қазақ ұлты өкілдері, яғни негізінен орта білімді орыс тілінде алған адамдар тобы жатқызылады. Бұл адамдар үшін қазақ тілі қандай тіл? Бұл мәселені айқындау үшін ана тілі (родной язык) және ана тілі емес тіл (неродной язык) деген ұғымдардан гөрі, біздің ойымызша, бірінші тіл, екінші тіл, басым тіл түсініктері арқылы жіктеу дұрыс болып шығады. Өзге тілді аудиторияларда оқитын орыс халқының өкілдері үшін орыс тілі бірінші тіл, ана тілі (Т1), ал қазақ тілі - екінші тіл (Т2), өйткені қазақ тілі саяси-әлеуметтік шаралар арқылы бекітіліп отырған, қоғам мүшелерінің барлығы білуге тиіс – мемлекеттік тіл. ...Екінші тіл деген ұғымға мынадай анықтама беріледі. Белгілі бір жеке тұлға тұрақты тұратын мемлекетте сол адамның өзінің негізгі ана тілінен басқа мемлекеттік мәртебедегі, қоғамдық-саяси салада коммуникативтік қарым-қатынас құралы ретінде жоғары қажеттілікке ие сол мемлекетте ақпарат алу мен ақпарат берудің негізгі құралы болып табылатын тіл» [51].

Е.Д.Божович өз еңбегінде пәннің коммуникативтік бағытын арттыру тілдің қарым-қатынастық аспектілері мен қызметтерін мынадай жүйеде беруге негізделеді: әлеуметтік (білім алушы әлеуметтенеді); танымдық (білім алушы тіл арқылы дүниені таниды); ақпараттық (түрлі мағлұматтарды қабылдап, түсінеді); қоғамдық (ұжымдық күрделі әрекеттерді орындауға үйренеді); эмоционалдық (білім алушы өз сезімін, көңіл-күйін бөліседі) [52]. Міне, бұлардың барлығы қазақ тілінің жаңа бағытының білім берудің жаңа парадигмасымен толық сәйкестенетінін көрсетеді. Өйткені мәдениетті қатынас жасау, өзгелермен тіл табысу - әрбір адамның күнделікті өмір тәжірибесінде бетпе-бет кездесіп отыратын және оның ішкі рухани әлеміне, тапқырлығы мен ақыл-ойына байланысты жүзеге асатын тіршілік мұқтаждығы.

Қазақ тілінің басты компоненті «қызмет тәсілі» болып саналатын пәндерге жатады. Бұл дегеніміз қазақ тілін оқытудағы басты мақсат ғылыми

білім беру емес, білім алушылардың қазақ тілі құралдарын іс жүзінде қолдана алу дағдысы мен білігін қалыптастыру. Бұдан қазақ тілін үйретудегі басым тапсырмаларды анықтау керектігі айқындалады. Олар мақсатқа жетуге бағытталған қызмет тәсілінің үлгісі, дағды мен білік қалыптастыру алгоритмі, репродуктивті және продуктивті жаттығу, материал түрлерімен қамтамасыз ету.

Тілді оқытудың ұтымды әдістерін іздестіру ғылымда қатысым әдісін алға шығарды. «Коммуникация» сөзінің негізгі мазмұны жалпы қарым-қатынас, араласу, хабарласу, байланыс деген сияқты мағыналарды білдіре келіп, адамдардың тіл арқылы сөйлесу процесін, тілдесу ерекшеліктерін, тілдің әлеуметтік мәні мен қоғамдық қызметін, адамдар арасындағы қарым-қатынасты, өзара түсінушілікті көрсетеді. Сонымен, «коммуникация» - қарым-қатынас, өзара байланыс деген ұғымды білдіреді. Тілді үйретуге қатысты әдісті сөз еткенде, арнайы қарастырған тілші-әдіскер – Е.И. Пассов. Ол қатысымдық әдісті сөз етпестен бұрын, жалпы оқыту әдісіне тән бірнеше белгілерді бөліп шығарды [53].

Мұндай белгілер мыналар:

- әрбір оқыту әдісі белгілі бір мақсатқа жетудің құралы болып табылады.

Қатысымдық әдістің негізгі мақсаты – сөйлеу әрекетінің түрлерін (айтылым, жазылым, тыңдалым, оқылым, тілдесім) меңгерте білу;

- әдіс оқыту процесіндегі тактиканы емес, стратегияны анықтайды, сондықтан да ол (әдіс) оқытудың шартына тәуелді болмайды;

- оқыту әдісінің аумағы өте кең, сондықтан сөйлеу әрекетінің қай түрінде болсын оқытудың барлық жақтары қамтылады;

- әдісте барлық қағидалардың басын біріктіретін ең басты, негізгі идея

болады. Басты идея методологиялық рөл атқара келіп, әдістің жүзеге асуы үшін барлық мәселелердің басын біріктіреді.

Сөз болып отырған әдіске қатысты негізгі идея, басты өзек – қатысым болып табылады. Қазақ тіл білімінде қатысымдық әдістің негізін қалаған профессор Ф.Оразбаева берген анықтамаға жүгінсек, «Қатысымдық әдіс дегеніміз – білім алушы мен оқытушының тікелей қарым-қатынасы арқылы жүзеге асатын; белгілі бір тілде сөйлеу мәнерін қалыптастыратын, тілдік қатынас пен қағидалардың жүйесінен тұратын; тіл үйретудің тиімді жолдарын тоғыстыра келіп, тілді қарым-қатынас құралы ретінде іс жүзінде асыратын әдістің түрі» [54].

Қазақ тілі білім алушының қатысымдық біліктілігін дамытумен қатар, олардың қиялын, есте сақтауын жетілдіруге мүмкіндік береді, өзіндік оқу іс-әрекетін, өз бетімен білім алу және оны іске асыру дағдыларын қалыптастырады. Ф.Оразбаева басқа ұлт өкілдеріне қазақ тілін оқыту барысында қолданылатын қатысымдық әдісті өзіндік принциптер арқылы ажыратады. Олар:

- тіке байланыс;

- адамның жеке қабілетін ескеру;

- сөйлесуге үйретуде жүргізілетін жұмыстардың түрлерін айқындау;

- сатылап даму,

- динамикалық өзгеру;
- өзектілік.

Қатысымдық технология, негізінен: а) оқу материалын меңгеруге бағытталады; ә) білім алушы тұлғасына бағытталады; б) оқытушы мен білім алушының ынтымақтастығына бағытталады, сол арқылы оқу мақсаты жүзеге асырылады. Қатысымдық әдістің пайдаланудың тиімді жолы – оның тіке байланысқа негізделіп, адаммен – адамның тікелей қарым-қатынасы арқылы тілді үйретуді жүзеге асыруында. Тілді оқытуда үйренуші мен үйретушінің арасында бір-бірімен көзбе-көз кездесу, ауызба-ауыз тілдесу, яғни, тікелей қатынас болмаса, сөйлесім әрекеті де іске аспайды. Тілді үйретуге байланысты қандайбағыт-бағдарды таңдап алу керек, оған қатысты орындалатын жұмыстармен тапсырмалар қандай, оны іске асыруда бұл жұмыс түрлерінің алатын орны мен қызметі қандай дегенді анықтап белгілемей, алға қойған мақсатқа жету мүмкін емес.

Дамыту оқыту технологиясы қазақ тілін меңгертудің тиімді тәсілі ретінде педагог қауымға өте жақсы таныс және бұл бағытта еңбек сіңірген ғалымдар көп. Н.Құрманның «Қазақ тілін дамыта оқыту технологиясы» мен Б.А. Тұрғынбаеваның «Дамыта оқыту технологиялары» атты зерттеу еңбектерін атап өтуге болады [55]. Ғалым Н.Құрман өз еңбегінде дамыта оқыту технологиясында білім алушыға жаңа ғылыми ұғымды меңгерту мынадай кезеңдерге бөлінеді деп атап көрсетеді [48]:

- мұғалім жаңа лингвистикалық жағдайлар жасап, соны таныстырады, оған бағытталған міндеттерді шешу керектігін белгілейді;

- берілген лингвистикалық материалға түрліше өзгерту, өңдеу жасалады, соның негізінде білім алушы осы лингвистикалық материалдың бойындағы маңызды, негізгі белгілерін анықтайды;

- танылған жаңа байланыстар мен қатынастарды ерекше таңбалармен (алдын ала келісілген таңбамен) модельдейді;

- алдыңғы кезекте алға қойылған міндетті шешуге қажетті болып тұрған негізгі байланыстар мен қатынастарға жалпы сипаттама беріп, олардың қандай заңдылықтарға бағынатынын анықтайды. Осы еңбегінде ғалым дамыта оқыту технологиясының жалпы болмысын төмендегідей белгілермен танытады:

- жалпы педагогикалық қолданысқа негізделген оқыту жүйесі;

- мәдениет жүйесіндегі, қоғамның өміріндегі ғылымның рөлін абсолюттендіруге негізделген оқыту жүйесі;

- антропоцентристік , яғни адам- субъект, ал бүкіл әлем адам үшін объект деген дүниетанымдық концепцияға негізделген оқыту жүйесі;

- психогендік , яғни адам - өзін-өзі басқарушы жүйе, даму процесі өзіндік реттеу мен өзіндік басқаруға мұқтаж деген концепцияға негізделген оқыту жүйесі;

- дамытушы, яғни адамның организмінде, психикасында, интеллектінде және рухани дүниесінде ішкі және сыртқы факторларға, басқаруға келетін және басқаруға келмейтін факторларға байланысты болатын сандық және сапалық өзгеру процесі деген концепцияға негізделген оқыту жүйесі;

- операциялық ой - машықтары – ақыл - ой тәсілдері, яғни теориялық ұғымның мағынасын осы ұғымды қалыптастыру, қолдану және тексеру кезінде пайдаланатын операцияларды сипаттау арқылы ғана анықтауға болады деген операциялық талдау жасауға негізделген оқыту жүйесі;

- оқытушы, жалпы білім беруші, ізгіліктендіруші оқыту жүйесі;

- сыныптық-сабақтық, топтық, дифференциалдық оқыту формасына негізделген технология;

- білім алушы мен мұғалімнің ынтымақтастығына негізделген педагогикалық жүйе;

- дамытушы, яғни диалектиканың, логиканың, таным теориясының әдістерін қолдануға негізделген оқыту жүйесі;

- альтернативтік оқыту жүйесі.

Тілді меңгерудің жалпыеуропалық құзыреттілігі

Бүгінгі тілдік білім беруде коммуникативтік құзыреттілік оқыту үдерісінің негізгі мақсаты болуы тиіс. Осыған байланысты, біз мына сипаттамаларды көрсетеміз.

Білім алушының тілді жетік білуі, орташа білуі, нашар білуі көптеген факторлармен байланысты. Коммуникативтік құзырет үйренген тіл құралдарын тілдік қарым-қатынаста таңдап пайдалана білуге қабілетін, тақырыпқа сәйкес коммуникативтік жағдаятты бағалауы, жағдаятқа тез арада кері байланыс/реакция жасап, екінші тілде жауап беруі. Коммуникативтік құзыреттілік – қарым-қатынастағы мәдени контексті, вербалды емес, мінез-құлықтық міндеттерді дұрыс түсінуі және бағалауы [56].

Еуропалық тіл үйрету жүйесінде тілдерді үйрену-үйретуге коммуникативтік-бағдарлық тұрғыдан келудің мақсаты:

- түрлі тілдердің ұлттық болмысын, тілдік және мәдени жәдігері болып қалған тілдік қорды сақтап қалу;

- адамдардың ел арасындағы мәдени, ғылыми және техникалық жетістіктерді өзара оңтайлылықпен алмаса отырып игеруіне мүмкіндіктер жасау болып белгіленген.

Коммуникативтік-бағдарлық тұрғыдан келудің негізгі бір түйіні – еуропалықтардың басқа тілді үйренуде нақты өмірлік жағдаяттарды бастан кешу мүмкіндіктерін тіл үйрету сабақтарында қолдану қажеттілігін таныту (Council of Europe. Современные языки: Изучение, преподавание, оценка. «Общеввропейские компетенции владения иностранным языком», Страсбург, 1996). Еуропалық стандартқа сай жаңа тәсілмен оқыту жүйесі бойынша қазақ

тілін үйрету барысында қалыптастырылуы көзделетін коммуникативтік құзыреттің құрамындағы компоненттер (Communicative language competence) еуропалық тіл үйрету стандартына сәйкес мынадай етіп белгіленді:

- тілдік-лингвистикалық құраушы компонент (linguistic component - lexical, phonological, syntactical knowledge and skills);

- әлеуметтік лингвистикалық құраушы компонент (sociolinguistic

component);

- прагматикалық құраушы компонент (pragmatic component - knowledge, existencial competence and skills and know-how relating to the linguistic system and its sociolinguistic variation) [57].

Еуропалық тіл білу құзыреттері жүйесінің ішінде B1 деңгейіне баса назар аударылады. Өйткені еуропалық ғалымдардың пікірінше, B1 деңгейін меңгерген адам күнделікті өмірде өзі үйреніп жүрген тіл-құралын еркін және қажетінше қолдана алатын білік-дағдыларды игеруі тиіс. B1 деңгейіне баса назар аудару арқылы коммуникативтік құзыреттің маңызды тұстары қалыптастырылады деп саналады. Тілді меңгерудің жалпыеуропалық құзыреттілігіне (Common European Framework of Reference, CEFR) сәйкес тілді бағалау құрылымы 6 деңгейге бөлінеді. 2001 жылы Еуропа Кеңесі кез-келген тілде тілдік құзыреттілікті бағалау үшін CEFR қолдану туралы шешім қабылдады. Бастапқыда CEFR шет тілін бағалауға бағытталса, кейіннен ол кез-келген тілді меңгеру деңгейін бағалаудың тірек жүйесіне айналды [58].

CEFR жүйесіне сәйкес тыңдаушылардың тілдік білімі 3 топқа бөлінеді, олардың әрқайсысы өз кезегінде 2-3 топқа бөлінеді. CEFR шкаласы бойынша қазақ тілін меңгеру деңгейі мынадай:

Тілді меңгерудің жалпыеуропалық құзіреті

30-кесте

	A1	A2	B1	B2	C1	C2
тыңдалым	Адам баяу және анық сөйлеген кезде менің отбасыма және дереу нақты жайымызға, өзіме қатысты таныс сөздер мен сөз тіркестерін тани аламын.	Мен ең дереу жеке маңыздылығы (мысалы, өте негізгі жеке және отбасылық ақпарат, дүкен аралау, жергілікті аймақ, жұмыспен қамту) салаларына байланысты сөз тіркестерін және ең жоғары жиілік лексикасын түсіне аламын. Мен қысқа, түсінікті,	Мен жұмыста, білім беру ұйымыте, бос уақытта, және т.б. жағдайларда тұрақты кездесетін таныс мәселелер бойынша айтылған анық стандартты сөздің негізгі мағыналарын түсіне аламын. Жеткізу салыстырмалы қарағанда	Мен кеңейтілген сөз және дәрістерді түсінемін және негізді таныс болып табылатын тақырыпты қамтамасыз ететін дәлелдің тіпті күрделі бөлімдерін орындай аламын. Мен телеарна жаңалықтарының көбісін және ағымдағы іс бағдарламаларын түсіне аламын. Мен стандартты	Мен кеңейтілген сөзді, тіпті, анық құрылымысыз және қарым-қатынасы тек жанама кезде және анық белгіленбеген кезде түсіне аламын. Мен оған тым көп күш салмай-ақ теледидар бағдарламаларын және фильмдерді түсіне аламын.	Маған тікелей немесе таратылым кездегі, тез ана тілі жылдамдығымен жеткізілетін ауызекі тілдің кез келген түрін түсінуге қиыншылық туғызбайды. Менің ақцентпен танысуға біраз уақытым бар.

		қарапайым хабарлар мен хабарландыр улардың негізгі идеясын түсіне аламын.	баяу және анық кезде мен жеке немесе кәсіби қызығушылық ағымдағы істері немесе тақырыптары бойынша көптеген радио немесе теледидар бағдарламаларының негізгі мағынасын түсіне аламын.	диалектісіндегі фильмдердің көбісін түсіне аламын.		
Оқылм	Мен, мысалы, хабарламалар мен плакаттардағы немесе каталогтардағы таныс есімдерді, сөздерді және өте қарапайым сөйлемдерді түсіне аламын.	Мен өте қысқа, қарапайым мәтіндерді оқи аламын. Мен жарнама, даңғылдар, мәзірлер мен мерзімдер сияқты қарапайым күнделікті материалдан нақты, болжамды ақпаратты таба аламын, және қысқа қарапайым жеке хаттарды түсіне аламын.	Мен негізінен жиілігі жоғары күнделікті немесе жұмыспен байланысты тілден тұратын мәтіндерді түсіне аламын. Мен жеке хаттардағы оқиғалар, сезімдер мен тілектердің сипаттамасын түсіне аламын.	Мен жазушылардың, атап айтқанда, көзқарастар мен көзқарасын қабылдайтын қазіргі заманғы проблемалары мен мүдделі мақалалар мен баяндамаларды оқи аламын. Мен қазіргі заманғы әдеби прозаны түсіне аламын.	Мен стиль ерекшеліктерін бағалайтын, ұзақ және күрделі нақты және әдеби мәтіндерді түсіне аламын. Мен, аймағыма байланысты болмаса да, мамандандырылған мақалалар мен ұзағырақ техникалық нұсқауларды түсіне аламын.	Мен нұсқалықтар, мамандандырылған мақалалар мен әдеби туындылар сияқты абстрактты, құрылымдық немесе лингвистикалық күрделі мәтіндері бар жазбаша тілдің барлық нысандарын іс жүзінде оңайлықпен оқи аламын.
ауызша өзара іс-қимыл	Мен басқа адамды нәрселерд	Мен таныс тақырыптар және іс-әрекеттер	Мен сол тілде сөйлейтін аумақта	Мен өз ана тілінде сөйлеушімен тұрақты өзара	Мен өрнектерді аса көп іздеусіз	Мен кез келген қарым-қатынасқа

	<p>і сөйлеудің баяу жылдамдығымен қайталауға немесе өзгертіп айтуға және маған айтуыма тырысып жатқан нәрсені тұжырымдауға көмектестің қарапайым жолмен өзара әрекеттестің аламын. Мен дереу қажеттілігі бар аудандарда немесе өте таныс тақырыптар бойынша қарапайым сұрақтар қойып, жауап бере аламын.</p>	<p>туралы ақпараттың қарапайым және тікелей алмасуын талап ететін қарапайым және күнделікті міндеттермен сөйлесе аламын. Мен, өте қысқа әлеуметтік алмасуды жүргізе аламын, бірақ өзім сөйлесуді жалғастыру үшін жеткілікті түсіне бермеймін.</p>	<p>саяхат кезінде туындауы мүмкін жағдайлардың көбіне шамам жетеді. Мен жеке қызығушылық немесе күнделікті өмірге қатысты (мысалы, отбасы, хобби, жұмыс, саяхат және ағымдағы іс-шаралар) таныс тақырыптар бойынша әңгімеге кіріп кете аламын.</p>	<p>қарым-қатынасты әбден мүмкін жасайтын еркін меңгеру және кенеттен араласу деңгейінде қарым-қатынас құра аламын. Мен, көзқарасымды есепке алу және қолдауы бар таныс контекстіні талқылауға белсене қатыса аламын.</p>	<p>еркін және кенеттен өзімнің ойымды жеткізе аламын. Мен тілді әлеуметтік және кәсіби мақсаттар үшін икемді және тиімді пайдалана аламын. Мен идеялармен қорытындыларды дәлдікпен тұжырымдай аламын және сол үлесімді басқа да баяндамашылардың идеяларымен шеберлікпен байланыстыра аламын.</p>	<p>немесе талқылауға қиындықсыз қатыса аламын және идиомалық және ауызекі сөз тіркестерімен жақсы таныспын. Мен өзімнің ойымды еркін және мағынаның жұқа реңктерін дәл жеткізе аламын. Егер мен бір қиыншылыққа түсіп қалсам, сол қиыншылықтың айналасына не шегініп қайта құрастыруды басқа адамдар әрең түсінетін жолмен жүргізе аламын.</p>
<p>ауызша нәтиже</p>	<p>Мен өмір сүретін жерді және танытын адамдарды қарапайым фразалармен</p>	<p>Мен отбасымды және басқа адамдарды, өмір сүру жағдайларын, менің білім деңгейімді және менің ағымдағы</p>	<p>Мен, тәжірибе мен оқиғаларды, үміт және амбицияларды, армандарымды сипаттау үшін</p>	<p>Мен қызығушылық тарымның саласына байланысты кең ауқымды тақырыптарда нақты, егжей-тегжейлі сипаттау ұсына аламын.</p>	<p>Мен қосалқы тақырыптарды біріктіретін, айқын қадамдарды дамытатын және тиісті қорытындысымен</p>	<p>Мен нақты, байсалды ағымдағы сипаттамамен немесе дәлелді контекстіге тиісті стильде және қабылдауш</p>

	сөйлемдерді қолдана отырып, сипаттай аламын.	немесе ең соңғы жұмысымды қарапайым тілмен сипаттайтын сөз орамы сериясы мен сөйлемдерді қолдана аламын.	фразаларды қарапайым жолмен қоса аламын. Мен пікір мен жоспарларымның себептерін және түсініктемелерін қысқаша бере аламын. Мен әңгіме айтып, фильмнің немесе кітаптың сюжетін қатыстырып, реакцияларымды сипаттай аламын.	Мен әр түрлі нұсқалардың артықшылықтары мен кемшіліктерін беретін өзекті мәселе бойынша көзқарасымды түсіндіре аламын.	дөңгелекте йтін кешенді тақырыптардың нақты, егжей-тегжейлі сипаттамасын ұсына аламын.	ыға маңызды қадамдарды байқауға және есте сақтауға көмектесетін тиімді логикалық құрылымы мен ұсына аламын.
жазылым	Мен қысқа, қарапайым ашықхат жаза аламын, мысалы, мейраммен құттықтауды жібере аламын. Мен жеке деректемелері бар нысандарды толтыра аламын, мысалы, қонақ үй тіркеу формасын	Мен дереу қажеттіліктері бар аудандардағы мәселелерге қатысты қысқа, қарапайым ескертулер мен хабарлар жаза аламын. Мен өте қарапайым жеке хат жаза аламын, мысалы, біреуге бір нәрсе үшін алғысымды білдіре	Мен таныс тақырыптар бойынша немесе жеке мүдделері бар қарапайым қосылған мәтінді жаза аламын. Мен тәжірибе және алған әсерлерін сипаттайтын жеке хаттар жаза аламын.	Менің мүдделеріме байланысты кең ауқымды тақырыптар бойынша нақты, егжей-тегжейлі мәтінді жаза аламын. Мен нақты көзқарасты қолдап немесе қарсы болғанымның себебін жазу немесе ол туралы ақпарат беретін эссе немесе хаттама жаза аламын. Мен оқиғалар мен	Мен өзімді қысқа және нұсқа көзқарастар мен анық, сондай-ақ жақсы құрастырылған мәтінде түсіндіре аламын. Мен елеулі мәселелер деп нені санайтынымның астын сыза отырып, хатта, эсседе немесе хаттамада күрделі тақырыптар	Мен анық, мағынасы тегіс мәтінді тиісті стильде жаза аламын. Мен айтарлықтай тиімді логикалық құрылымы бар жағдаятты ұсынатын, қабыл алышуға маңызды мәселерді байқау және есте сақтауға көмектесеті

	а өз атымды, азаматтығымды, мекен-жайымды енгізе аламын.	аламын.		тәжірибенің жеке маңыздылығын атап өтетін хаттар жаза аламын.	туралы жаза аламын. Мен оқырманның есіне тиісті мәнерін таңдай аламын.	н күрделі хаттар, баяндамалар немесе мақалалар жаза аламын. Мен кәсіби немесе әдеби еңбектерінің рефераттары мен шолуларын жаза аламын.
--	--	---------	--	---	--	---

Тілдерді оқытуда коммуникативтік тәсіл білім алушылардың сөйлесім әрекетінің негізін қалайды. «Қазақ тілі» пәні бойынша материал сол тілде оқытылатын пәндердің мазмұны бойынша іріктеледі. «Қазақ тілі» және «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәндерінің мазмұны CEFR (Common European Framework of Reference – Халықаралық тілдерді оқыту жүйесі негізінде келесі деңгейлермен анықталады [58]:

31-кесте

CEFR деңгейлері		Сыныптар	Қазақ тілі (Т2)		
Базалық	A1	Қарапайым деңгей	1-сынып	A1	A1 бастапқы
			2-сынып		A1 орта
			3-сынып		A1 ілгерінді
			4-сынып		A2 бастапқы
	A2	Бастапқы деңгей	5-сынып	A2	A2 орта
			6-сынып		A2 ілгерінді
			7-сынып		B1 бастапқы
Орта	B1	Базалық деңгей	8-сынып	B1	B1 орта
			9-сынып		B1 ілгерінді
			10-сынып		B2 бастапқы
	B2	Күрделі деңгей	11-сынып	B2	B2 орта

Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің маңыздылығы

Пәннің маңыздылығы қазақ тілінің мемлекеттік тіл мәртебесімен дәйектеледі. Қазақ тілін жүйелі әрі сапалы меңгертуде оқу материалдары қазақ әдебиеті шығармаларымен кіріктіріле беріліп отыр.

Білім мазмұнын іріктеуде көркем шығармалардың жүйелі, ықшамдалып берілуі және әдебиеттің теориялық мәселелері, көркем шығармаларды талдау жүйесі, көркем туындының стильдік ерекшеліктері тұтастай емес, әр сыныпта біртіндеп күрделеніп отырып берілген, мазмұнды іріктеудің **спиральдік** (шиыршық) принципі басшылыққа алынған [33, 59]. Олар білім алушыны ойлауға, сөйлеуге үйретумен қатар эстетикалық талғамдарын да арттыруға, көркем сөйлеу дағдыларын қалыптастыруға ықпал етеді, тіл байлығын молайтады.

Бағдарлама өзге тілде білім алатын негізгі мектеп білім алушыларын қазақ тіліндегі сөйлесім әрекетін мәдениетаралық қатысым құралы ретінде меңгертуді көздейді. Бағдарламада тілді меңгерту бойынша өркениетті елдердің тәжірибесі мен отандық озық дәстүрлер үйлестіріле отырып, өзге тілді мектептің негізгі деңгейінде пәнді оқытудың жаңа бағыттары белгіленді.

«Қазақ тілі мен әдебиеті» пәні (оқыту тілі қазақ тілі емес мектептер үшін) бойынша білім алушылардың білім, білік және дағдыға қойылатын талаптары «Шет тілін меңгерудің жалпы еуропалық құзыреті» (CEFR) деңгейлерін (A1, A2, B1, B2, C1) негізге ала отырып айқындалған және әр деңгейдің соңындағы күтілетін нәтижелер түрінде берілген. Қазақ тілін еуропалық стандартқа сай жаңа тәсілмен оқыту жүйесі бойынша қазақ тілін үйрету барысында қалыптастырылуы көзделетін коммуникативтік құзыреттің құрамындағы компоненттер (Communicative language competence) еуропалық тіл үйрету стандартына сәйкес мынадай етіп белгіленді:

- тілдік-лингвистикалық құраушы компонент;
- әлеуметтік лингвистикалық құраушы компонент;
- прагматикалық құраушы компонент.

Оқу бағдарламасы коммуникативтік тәсіл негізінде құрастырылып, білім алушылардың сөйлеу әрекетінің түрлері бойынша тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым дағдыларын дамытуды көздейді.

Қазақ тілі мен әдебиеті (5-9, 10-11-сыныптар) пәндері бойынша деңгейлік оқу бағдарламалары

Оқу бағдарламасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 қаулысымен бекітілген Орта білім берудің (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру) мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес әзірленген.

Оқу бағдарламасы білім алушылардың жас ерекшеліктерінің танымдық мүмкіндіктеріне сәйкес әр оқу пәнінің/сабақтың мазмұны мен білім, білік, дағдыларының көлемін анықтайтын оқу-нормативтік құжат болып табылады.

Оқу бағдарламасы оқыту үдерісін білім алушылардың пән салалары бойынша білім мен біліктерді саналы түрде меңгеруі үшін әр пәннің әдістемелік әлеуетін пайдалануға, оқу, жоба, зерттеу іс-әрекеттері тәсілдерін меңгеру арқылы дербестігін дамытуға, әлеуметтік-мәдени кеңістікте орнын таба білуі үшін қажетті біліктерді меңгеруге бағыттайды.

Оқу бағдарламасында оқу-нормативтік құжаттың дәстүрлі міндеттері

заманауи білім беру ұйымыте білім беру үдерісін ұйымдастырудың инновациялық тәсілдемелерімен үйлесімді сабақтасқан. Оқытудағы тәсілдемелер пән бойынша оқу бағдарламасының жаңа құрылымын құруда бағдар болып табылады. Құндылықтық-бағдарлық, іс-әрекеттік, тұлғалық-бағдарлық, коммуникативтік тәсілдемелер білім берудің классикалық негізі ретінде оқыту мақсаттарының жүйесі мен білім беру үдерісі нәтижелерінің басымдылығын арттыру үшін қолданылды, оқу бағдарламасының жаңа құрылымында көрініс тапты.

Қазіргі кезеңде білім алушының өз бетімен білімге ие болу барысында оның белсенді іс-әрекетін ұйымдастыру оқу үдерісіне қойылатын негізгі талаптардың бірі болып табылады. Бұл тәсілдеме пәндік білімді, әлеуметтік және коммуникативтік дағдыларды ғана емес, сонымен бірге өзінің жеке мүдделері мен болашағын сезінуіне, сындарлы шешімдер қабылдауына мүмкіндік беретін тұлғалық қасиеттерді де меңгеруге ықпал етеді. Мұғаліммен бірлесіп шығармашылықпен айналысу және серіктес, кеңесші ретінде мұғалімнің қолдауы кезінде білім алушының белсенді танымдық қабілеті тұрақты сипатқа ие болады.

Тұлғалық-бағдарлық білім беруді осындай сипатта жақсарту білім беру үдерісіне барлық қатысушылардың өзара қарым-қатынасында өктемшілікке жол бермей, ынтымақтастығы үшін алғышарттарды құрайтын оқытудың алуан түрлі интерактивті әдістерін қолдану кезінде мүмкін болады. Диалогтік және рефлексивті технологияларды қолдану білім алушылардың жоба және зерттеу жұмыстарын ұйымдастыруымен сабақтасады. Оқу үдерісін ұйымдастырудың барлық инновациялық тәсілдемелері оқытуды білім, идеялар және іс-әрекет тәсілдерімен белсенді түрде алмасуды көздейтін білім алушының шынайы шығармашылық үдерісіндегі қарым-қатынас моделіне айналдырады. Нақты пәннің оқу бағдарламасы жергілікті сипаттағы материалдарды (нысандар, кәсіпорындар, ақпарат көздері) пайдалануға бағытталған оқу-жобалау іс-әрекеттерін ұйымдастыру арқылы танымдық және әлеуметтік тұрғыдан білім алушының белсенділігін арттыруға мүмкіндік береді. Осы пәннің оқу мақсаттары аясында жүзеге асырылатын тәрбиелік сипаттағы жоба жұмысын ата-аналармен, жергілікті қауымдастық өкілдерімен бірлесе отырып, ұйымдастыруға болады.

Пән мазмұнын меңгеру және оқу мақсаттарына қол жеткізу үдерісінде білім алушылардың ақпараттық-коммуникациялық технологияларды, атап айтсақ: қажетті ақпаратты іздеу, өңдеу, алу, құру және көрсету, ақпараттар және идеялармен алмасу үшін бірлесіп әрекет ету, жабдықтар мен қосымшаларды кең ауқымда қолдану арқылы өз жұмысын бағалау және жетілдіру сияқты қолдану дағдыларын дамыту үшін алғышарттар/жағдайлар жасау керек.

Оқу бағдарламасында оқу пәнінің мазмұнын анықтаудың негізі болып табылатын оқыту мақсаттарының жүйесі түрінде ұсынылған күтілетін нәтижелері қалыптастырылған. Мазмұны тұрғысынан оқу бағдарламалары білім алушыны өзін-өзі оқыту субъектісі және тұлғааралық қарым-қатынас субъектісі ретінде тәрбиелеуде нақты оқу пәнінің қосатын үлесін айқындайды.

Оқу бағдарламалары білім беру құндылықтарының өзара байланысы мен өзара шарттылығына негізделген тәрбиелеу мен оқытудың біртұтастығы қағидатын және нақты пәнді оқыту мақсаттарының жүйесі бар білім беру ұйымын бітіргеннен кейінгі нәтижелерін іске асыруға мүмкіндік береді.

Оқу бағдарламаларының тек пәндік білім мен білікке ғана емес, сонымен қатар кең ауқымды дағдылардың қалыптасуына бағытталғаны оның ерекше өзгешелігі болып табылады. Оқыту мақсаттарының құрастырылған жүйесі:

- 1) білімді функционалдық және шығармашылық қолдану, сын тұрғысынан ойлау, зерттеу жұмыстарын жүргізу, ақпараттық- коммуникациялық технологияларды пайдалану, қарым-қатынас жасаудың түрлі тәсілдерін қолдану, топпен, жұппен және жеке дара жұмыс істей алу, мәселелерді шешу және шешім қабылдай алу, алған білімін өмірде қолдана алу (өмірге бейімдей алу) сияқты кең ауқымды дағдыларын дамытуға негіз болады. Кең ауқымды дағдылар білім алушының білім беру ұйымындағы білім алу тәжірибесінде де, келешекте мектепті бітіргеннен кейін де жетістігінің кепілі болып табылады.
- 2) Экономикадағы заманауи инновациялар, еңбек нарығындағы өзгерістер білім алушылардың күрделі міндеттерді шешу үшін немесе оларды шешудің жаңа тәсілдерін табу үшін жағдаятқа, идеялар мен ақпараттарға талдау жасауға және бағалауға, алған білімі мен тәжірибесін жаңа идея мен ақпаратты жинақтау үшін шығармашылық тұрғыда қолдануға мүмкіндік беретін дағдылар жиынтығын меңгеру қажеттілігіне себепші болады. Жігерлілік, алғырлық, өзгерістерге дайындығы, қарым-қатынасқа бейімділігі, өзіне-өзі сенімділік сияқты тұлғалық қасиеттер өзекті болып отыр. Нақты пән бойынша күнделікті білім беру үдерісінің мазмұны оқу мақсаттарына бағынады және білім алушылардың меңгерген білім, білік, дағдыларын кезкелген оқу үдерісінде, өмір жағдаяттарында шығармашылықпен пайдалану даярлылығын қалыптастыруға, жетістікке қол жеткізу жолында қажырлылықты дамытуға бағытталған және өмір бойы білім алуға ынталандырады.
- 3) Кең ауқымдағы дағдылармен қатар «қазақстандық патриотизм мен азаматтық жауапкершілік», «кұрмет», «ынтымақтастық», «еңбек пен шығармашылық», «ашықтық», «өмір бойы білім алу» сияқты жеке қасиеттердің дамуы білім берудің басты құндылықтарына білім алушыларды дағдыландырудың негізі болып табылады. Бұл құндылықтар білім алушының тәртібі мен күнделікті жағымды іс-әрекеттерге ынталандыратын тұрақты тұлғалық бағдары болуы тиіс.
- 4) Жаңартылған мазмұндағы Үлгілік оқу жоспарлары бойынша «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнінен оқу жүктемесінің көлемі [59]:
 - 5-сынып – аптасына 5 сағат, оқу жылында – 170 сағат;
 - 6-сынып – аптасына 5 сағат, оқу жылында – 170 сағат;
 - 7-сынып – аптасына 5 сағат, оқу жылында – 170 сағат;
 - 8-сынып – аптасына 5 сағат, оқу жылында – 170 сағат;
 - 9-сынып – аптасына 5 сағат, оқу жылында – 170 сағат;
 - 10-сынып – аптасына 5 сағат, оқу жылында – 170 сағат;
 - 11-сынып – аптасына 5 сағат, оқу жылында – 170 сағатты құрайды.

- 5) Төмендетілген оқу жүктемесімен Үлгілік оқу жоспарлары бойынша «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:
- 5-сынып – аптасына 4 сағат, оқу жылында – 136 сағат;
 - 6-сынып – аптасына 4 сағат, оқу жылында – 136 сағат;
 - 7-сынып – аптасына 3 сағат, оқу жылында – 102 сағат;
 - 8-сынып – аптасына 3 сағат, оқу жылында – 102 сағат;
 - 9-сынып – аптасына 3 сағат, оқу жылында – 102 сағат;
 - 10-сынып – аптасына 3 сағат, оқу жылында – 102 сағат;
 - 11-сынып – аптасына 3 сағат, оқу жылында – 102 сағатты құрайды.

Лексика – грамматикалық минимум

Орыс тілді мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті пәнін оқытуға арналған лексикалық-грамматикалық минимум [60] :

- бекітілген стандарттарға сәйкес қазіргі қазақ әдеби тілінің лексикалық тілдік бірліктерінің қолданылу жиілігі басшылыққа алына отырып, тілді оқытып-үйретудің деңгейлеріне (A1, A2, B1, B2, C1) қарай топтастырылған;

- тілдік бірліктерді іріктеуде олардың әртүрлі коммуникативтік жағдаятта актуалды болуы, лингвоелтанымдық, тілтанымдық білім жүйесін қамтуы ескерілетін;

- деңгейлерге сәйкес қарапайымнан күрделіге қарай ұстанымы бойынша түзілетін;

- орта білім беру жүйесінде білім алушының қатысым түрлерін (айтылым, тыңдалым, жазылым, оқылым, сөйлесім) меңгеру деңгейіне ықпал ететін;

- бір оқу жылы бойында білім беру ұйымы білім алушысының меңгеруі міндетті және олар арқылы логикалық ойды жеткізуге мүмкіндік беретін;

- білім беру ұйымы білім алушысының лингвомәдени құзыреттілікке ие тілдік тұлға ретінде қалыптасуына үлес қосатын және ықпал ететін;

- орыс тілді мектептерде қазақ тілін оқытуға арналған оқулықтар мен оқу құралдарының құрастырылуына негіз болатын лексикалық-грамматикалық құралдардың жүйелі жиынтығы.

Лексикалық-грамматикалық минимумды анықтау барысында адам танымында әлемнің тілдік бейнесі жүйелі білім қоры концепт ретінде қалыптасады деген когнитивті лингвистиканың негізгі ұстанымы басшылыққа алынып, фреймдік семантика қағидасының негізінде тақырыптық сөздік жиілігінің ментальді картасы құрастырылды. Фреймдік семантика тәсілі сөздік жиілігі мен мүмкін болатын сөйлеу жағдаяттарын, сөйлеу интенцияларын бірнеше деңгейде саралауға көмектеседі. Ментальді кестені құрайтын сөздер мен сөз тіркестерінің қолданыс жиілігі, белсенділігі «Әліпбилі жиілік сөздікте» берілген статистикалық мәліметтермен нақтыланып, сараланып отырды.

Тілді оқытудың тиімділігін арттыру үшін ең алдымен, лексикалық минимум көлемі, шегарасы, саны нақтылануы қажет. Бұл тілде жиі қолданылатын актив сөздер қатарын анықтауға көмектеседі. Лексикалық

минимумды анықтауда актив сөздерді үш түрлі ұстанымы бойынша іріктелді: статистикалық, лингвистикалық және әдістемелік. Бұл ұстанымдар өзара тығыз байланыста қарастырылады:

1. Статистикалық ұстаным лексиканың сандық сипатын анықтауға, сөздердің қолданылу ерекшелігіне, жиілігіне және сөз санын айқындауға негізделеді.

2. Лингвистикалық ұстаным сөздердің семантикасын, құрылымдық ерекшелігін және басқа сөздермен тіркесу мүмкіндігін негізге алады. Мұнда төмендегі мәселелерге айрықша көңіл бөлінеді:

- сөздердің тіркесімділігі: актив сөздердің басқа да көптеген бірліктермен кең шеңберде тіркесуі;
- сөз тудырушы қабілеті: туынды сөздерді жасаудағы әлеуеті;
- сөз қатарын түзудегі мүмкіндігі мен рөлі: ауызша және жазбаша ойын жеткізуге қолайлы сөздер реті.

3. Әдістемелік ұстаным: оқытудың мақсаты, тілді оқыту деңгейлері, қарым-қатынасқа түсу салалары (әлеуметтік-тұрмыстық, отбасылық, ойын, еңбек, әлеуметтік-мәдени, іскери және қоғамдық-саяси) және оқу бағдарламасында көрсетілген жағдаяттық-тақырыптық бағытына қарай жинақталады. Осы ұстанымдардың негізінде қарапайым (A1), базалық (A2), ортадан жоғары (B1) және жоғары деңгейлерінің (C1) лексикалық минимумдары түзіледі. Құжатта қазақ тілі мен әдебиетін қазақтілді емес мектептердің 1-11 сыныптарында деңгейлік тұрғыдан меңгеру мақсатында оқу бағдарламасында көрсетілген тақырыптар бойынша лексикалық минимумдар саны іріктелді.

Практикалық маңыздылығы: лексикалық-грамматикалық минимум қазақ тілін оқыту мазмұны мен технологиясын жаңартуға және тілді меңгеру сапасын арттыруға ықпал етеді. Әр деңгей бойынша сараланған лексикалық-грамматикалық минимум оқытудың мақсаттарын тиімді жүзеге асыруға, оқытудың түпкі нәтижелері мен оны анықтаудың дискрипторларын жүйелеуге, нәтижеге бағытталған жаңа мазмұндағы білім беруді бағалауға, пәнаралық байланысты (әдебиет, тарих) ортақ мақсаттарға ықпалдастыруға мүмкіндік береді.

Сөздер лұғаты

Бейтарап сөздер – тілдің барлық функционалдық стильдерінде қолданыла беретін, экспрессиялық реңкі жоқ лексика. Функционалды грамматика – тіл бірліктерінің қолданыс үстіндегі өзара байланысты қызметін семантикалық өрістер негізінде зерттейтін грамматика саласы. Бейтарап сөздерді іріктеу әдістері, оның тақырып аясында қолданылуы:

1. Статистикалық әдіс: тіл иелменінің табиғи тілдік ортасындағы тілдік бірліктерінің жиілігін ескеру.

2. Когнитивті, саналы практикалық әдіс: оқу материалын іріктеу ұстанымы (грамматикалық өрнектер арқылы сөйлеуді жүзеге асыру); жағдаяттық тәсіл: лексикалық сөйлеу өрнектерінің жиынтығы.

3. Суггестопедия әдісі: өзара қарым-қатынасқа түсу мақсатында ең негізгі

тақырыптар (тақырыпшалар) іріктеледі; сөздердің жиынтығын іріктеу ұстанымы (қанша сөз).

4. Тура әдіс: сөйлеу өрнектері (лексика, функционалды грамматика, тіл және сөйлеу өрнектері).

Лексика-грамматикалық минимум құрылымы

Лексикалық-грамматикалық минимумның құрылымы төмендегінше жүйеленген: әр сынып бойынша лексикалық минимумның көлемі «Жалпы білім берудегі қазақ тілінің жиілік сөздігі» бойынша, ҚР БҒМ тарапынан бекітілген «Қазақтілді емес мектептерде қазақ тілін оқыту бағдарламасында» көрсетілген тақырып негізінде қарапайымнан күрделіге қарай ұстанымына сүйенеді. Сыныптың атауы және көркем-әдеби шығарма атауы көрсетілгеннен кейін сөздер төмендегі үлгі бойынша орналастырылды:

5-сыныпқа арналған лексикалық-грамматикалық минимум үлгісі

32-кесте

1 тоқсан –86 сөз					
Отбасындағы дәстүр мен мерекелер					
М.Мақатаев. «Тоқта, балам, атаң келеді артыңда!»					
№	№	Лексикалық минимум (актив)	СТ	Абсолютті жиілік	Грамматикалық минимум
		балалық	зт	163	Мәтін құрауда жалғау түрлерін дұрыс жалғау
		шақ	зт	567	
		ата-ана	зт	2122	
		жәрдем	зт	399	
		күлкі	зт	403	
		қария	зт	365	
		дәстүр	зт	1402	
		қонақжай	сн	67	
		мерейтой	зт	279	
		ие	зт	9430	
		ауызбірлік	зт	38	
		нәресте	зт	169	
		зейнеткер	зт	179	
		көпбалалы	сн	36	
		сағын	ет	493	
		құрметте	ет	452	
		бесік	зт	511	
		бақытты	сн	267	
		тәрбиелі	сн	183	
		амандас	ет	323	
		сүйінші	зт	130	
		мәпеле	ет	55	
		жай	ет	554	

	тамашала	ет	146
	таңдан	ет	329
	шілдеhana	зт	58
	шығар	ет	4593

ЖОББМ пән мұғалімдері үшін әр сынып бойынша меңгерілетін сөздер көлемі бір сабақ, апта, тоқсан, жыл көлемі бойынша төменде берілген кесте бойынша жіктеліп көрсетілді.

Қазақ тілін меңгерудің лексикалық деңгейі

5-9 сыныптар

33-кесте

Сыныптар	Қазақ тілін меңгерудің деңгейлері	Жылдық оқу жүктемесінің көлемі	Бір сабақта меңгерілетін сөз саны	Т2 меңгерудің лексикалық деңгейі							
				Бір аптада	Оқу жылында	Актив сөздер саны				Норма	
						Тоқсан бойынша				min	max
1	2	3	4								
5	B1	170	3	10	318	80	80	90	80	318	330
6		170	3	10	318	80	80	90	80	318	330
7		170	3	10	318	80	80	90	80	318	330
8		170	3	10	318	80	80	90	80	318	330
9		170	3	10	318	80	80	90	80	318	330
Ескертулер			*-12 сағат. (Жиынтық бағалау)							* Барлығы: 2974/3098	

10-11 сыныптар

34-кесте

Сыныптар	Қазақ тілін меңгерудің деңгейлері	Жылдық оқу жүктемесінің көлемі	Бір сабақта меңгерілетін сөз саны	Т2 меңгерудің лексикалық деңгейі							
				Бір аптада	Оқу жылында	Актив сөздер саны				Норма	
						Тоқсан бойынша				min	max
1	2	3	4								
10	B2	170	3	10	318	80	80	90	80	318	330
11				3							
Ескертулер			*-12 сағат. (Жиынтық бағалау)							* Барлығы: 2974/3098	

«Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнін оқытудың мақсаты мен міндеттері

«Қазақ тілі мен әдебиеті» пәні мектепте гуманитарлық білім берудің бастапқы өзегі болып табылады: білім алушылардың дүниетанымы мен ұлттық болмысын қалыптастыру үшін қазақ тілінің мүмкіндіктері мен сөз өнерінің әлеуеттерін терең меңгеруіне көмектеседі. Білім алушылардың таным кеңістігін қазақ тілі арқылы кеңейте отырып, өз елінің тарихы мен рухани-мәдени мұраларын құрметтеуге, өз Отанын мақтан етіп, халқына қызмет етуге ынталандырады.

Білім мазмұнын іріктеуде көркем шығармалардың жүйелі, ықшамдалып берілуі және әдебиеттің теориялық мәселелері, көркем шығармаларды талдау жүйесі, көркем туындының стильдік ерекшеліктері тұтастай емес, әр сыныпта біртіндеп күрделеніп отырып берілген, мазмұнды іріктеудің спиральдік (шиыршық) принципі басшылыққа алынған.

Бағдарлама өзге тілде білім алатын негізгі мектеп білім алушыларын қазақ тіліндегі сөйлесім әрекетін мәдениетаралық қатысым құралы ретінде меңгертуді көздейді. Бағдарламада тілді меңгерту бойынша өркениетті елдердің тәжірибесі мен отандық озық дәстүрлер үйлестіріле отырып, өзге тілді мектептің негізгі деңгейінде пәнді оқытудың жаңа бағыттары белгіленді.

«Қазақ тілі мен әдебиеті» пәні бағдарламасының ерекшелігі функционалды сауатты, патриот, жауапты, көптілді, жасампаз және сыни ойлайтын, салауатты өмір салтын ұстанатын, өмір бойы оқуға қабілетті білім алушылардың танымдық дағдыларын, олардың сыни және шығармашылық ойлауын, өз білімін өз бетінше үйлестіре білуін дамыту болып табылады.

Негізгі және жалпы орта білім беру деңгейіне арналған «Қазақ тілі мен әдебиеті» бағдарламасының мақсаты–білім алушылардың тілдік дағдыларын дамыту, қазақ тілін қадірлейтін, қоғамдық мәнін түсінетін тұлға қалыптастыру, тіл нормаларын сақтап, дұрыс қолдана білуге, еркін сөйлесуге және сауатты жазуға үйрету.

Бастауыш білім беру деңгейінде (1-4-сынып «Қазақ тілі» пәнін оқыту мақсаты – білім алушылардың тілдік құзыреттіліктерін дамыту, сөздің құдіреті мен әсемдігін түсініп, тілдік құралдар арқылы қарым-қатынас жасау әрекеттерін меңгерту, жазбаша сауаттылығы мен ауызша сөйлеу дағдыларын сабақтастыра қалыптастыру. Бастауыш мектепті бітіргенде білім алушылар қарапайым А1, А2 (бастапқы деңгей) деңгейлерін меңгеруі тиіс [59].

Негізгі және жалпы орта білім беру деңгейлерінде (5-11-сынып) «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнін оқыту мақсаты:

1) Негізгі және жалпы орта білім беру деңгейіне арналған «Қазақ тілі мен әдебиеті» бағдарламасының мақсаты–білім алушылардың тілдік дағдыларын дамыту, қазақ тілін қадірлейтін, қоғамдық мәнін түсінетін тұлға қалыптастыру, тіл нормаларын сақтап, дұрыс қолдана білуге, еркін сөйлесуге және сауатты жазуға үйрету.

2) Білім алушылар негізгі орта білім беру ұйымын бітіргенде В2 - ілгерінді деңгейді, ал жалпы орта білім беру білім беру ұйымын аяқтағанда В2 - жоғары

деңгейді жетік меңгеруі тиіс. Тілді оқыту ортақ тақырыптар негізінде басқа пәндермен кіріктіру арқылы жүзеге асады, академиялық тілді дамыту. «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәні бойынша оқу бағдарламасы негізгі білім беру ұйымында бес жыл оқытылады.

3) Қазақ тілі мен әдебиеті пәнін оқытуға қажетті оқу құрал-жабдықтары мен ақпараттық-коммуникациялық технологиялар

4) Сыныптағы жиһаздар білім алушылардың топпен бөлініп жұмыс істеуіне қолайлы болуы тиіс. Бұл білім алушылардың жеке, жұппен, топпен және тұтас сыныппен жұмыс істеуіне мүмкіндік жасайды.

Қазақ тілі кабинетіне қажетті ресурстар мен құрал-жабдықтар:

- шектеусіз интернет;
- компьютерлер немесе ноутбуктер;
- құлаққаптар (наушниктер);
- аудио, бейне материалдар;
- жылжымалы тақта;
- проектор, экран;
- интерактивті тақта;
- флипчарт;
- маркерлер;
- ламинатор;
- жас ерекшелігіне сай әдебиеттер, оның ішінде ертегілер;
- жас ерекшелігіне сай журналдар;
- шағын және көлемді суретті кітаптар;
- көркем шығармалар қоры;
- ұлттық қуыршақтар (сахналық көріністер үшін);
- ұлттық киімдер, сахналық киімдер, декорациялар;
- ұлттық ойын жабдықтары;
- постерлер;
- дидактикалық материалдар;
- сөздіктер (түсіндірмелі, орфографиялық, орфоэпиялық);
- энциклопедия;
- диалектологиялық сөздік;
- фразеологиялық сөздік.

Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану құзыреттілігі

Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану құзыреттілігі білім алушылардың білім беру ұйымыте, бос уақытында және қарым-қатынаста технологияларды біліктілікпен және шығармашылықпен пайдалануын қамтиды. Бұл АКТ-ны пайдаланудың бастапқы дағдылары арқылы қалыптасады. Білім алушыларға ұсынылатын өздік және шығармашылық тапсырмаларды сапалы орындауға ақпараттық технологияларды қолданудың ықпалы зор. Интернет көздерінен материалдар тауып, оларға талдау жасау, ой қорыту, алынған материалдарды өз жұмыстарында орынды қолдануға үйрететін жұмыстар білім алушылардың ақпараттық мәдениетін дамытуға жол ашады.

Білім алушылар барлық пәндерді оқу барысында ақпаратты табу, құрастыру, басқару, мәліметтер және идеялармен бөлісу, бірлесіп әрекет ету, түрлі жабдықтар мен қосымшаларды пайдаланып, өз жұмысын бағалау және жетілдіру арқылы АКТ-ны қолдану дағдыларын дамытады. Бұл «Қазақ тілі мен әдебиеті» оқу бағдарламасында төмендегідей көрініс табады:

- Онлайн сабақтар арқылы инновациялық әдістер мен ақпараттық технологияларды қолданады;

- АКТ арқылы презентация жасайды, салыстырады, бағалайды, жетілдіреді, зерттейді және бірлесе отырып пікірлерін дәлелдейді;

- интернет ресурстарымен жұмыс (мысалы, веб-сайттағы ақпаратты оқу, керекті материалды іріктеу, жеке құжат немесе файл ретінде көшіру және сақтау) жасай біледі;

- мәтін және слайдтармен жұмыс істеу үшін қарапайым бағдарламадан күрделі бағдарламаға (Word, PowerPoint, электрондық тренажерлер, электрондық оқу құралдары, электрондық тестілеу т.б.) көше алады;

- ақпаратты өңдеп, баспа және электронды түрде сақтау үшін жабдықтарды (принтер, сканер, сандық фотоаппарат) пайдаланады;

- электронды оқулықтарды пайдаланады және т.б.

- **«Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнінің оқу бағдарламасын жүзеге асырудың педагогикалық тұғырлары**

- **«Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнінің оқу бағдарламасын жүзеге асырудың құндылық бағдарлы тұғыры**

- Негізгі орта білім беру деңгейі білім алушылардың бойында тиімді қарым-қатынас жасау дағдылары мен әлем бірлестігінің жағдайында бәсекеге түсе алатын көптілді тұлғаны дамыту мақсатында лингвистикалық құзыреттіліктерді қалыптастыруды көздейді. «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» стратегиясында Елбасы Н.Ә. Назарбаев: «орта білім жүйесінде жалпы білім беретін мектептерді Назарбаев зияткерлік мектептеріндегі оқыту деңгейіне жеткізу керек. Мектеп түлектері қазақ, орыс және ағылшын тілдерін білуге тиіс. Оларды оқыту нәтижесі білім алушылардың сындарлы ойлау, өзіндік ізденіс пен ақпаратты терең талдау машығын игеру болуға тиіс»,– деп атап өтті.

Осы мақсатқа жету үшін негізгі орта білім беру ұйымдары үш тілде білім беру саясатын жүзеге асырады. Негізгі орта білім беру деңгейі қазақ, орыс және ағылшын тілдерін үйретеді, сондай-ақ осы үш тілді басқа пәндерді оқыту үшін қолданады.

Негізгі орта білім беру деңгейінде үш тілді орта құру білім алушылардың тілдерді терең меңгеруіне ықпал етеді. Үш тілді: мемлекеттік тілді – қазақ тілін, ұлтаралық қатынас құралы ретінде – орыс тілін, дүниежүзілік экономикалық кеңістікке кірігу тілі ретінде – ағылшын тілін еркін меңгерген тұлға болуы тиіс. Бұл қосымша ақпаратқа қолжетімділікті және басқа ел мәдениеттерін түсінуге мүмкіндік береді. Үш тілді ортаның арқасында білім алушылардың әлеуеті артады, икемділік, сыни жән шығармашылық ойлауы дамиды, мәдениаралық ынтымақтастыққа қабілеттілік, өзіне және айналасындағыларға құрмет,

басқа тілдерді білуге құштарлығы мен дағдысы қалыптасады. Бұл міндетті шешудің маңыздылығы Қазақстанның жаһандану жағдайында ұлттық білім жүйесінің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға ұмтылысымен анықталады.

Түрлі мәдениет пен көзқарастарға құрмет сезімін қалыптастыру. Түрлі мәдениеттер мен көзқарастарға құрмет сезімі жеке тұлғалық, тұлғааралық және мәдениетаралық құзыреттіліктердің ажырамас бөлігі болып табылады.

Білім алушыларға тиісті мінез-құлық ережелерін үйрету олардың жана қоғамның әлеуметтік және кәсіби өміріне белсенді араласуына мүмкіндік береді.

«Қазақ тілі мен әдебиеті» пәні бойынша оқу бағдарламасында төмендегілер қарастырылған:

- Қазақстан халықтарының келісімі мен ұлтаралық бірлікті сақтау;
- Қазақстанда тұратын ұлт өкілдерінің салт-дәстүріне және әдет-ғұрпына құрметпен қарап, ұлт мәдениетін сыйлау;
- қазақ тілі арқылы қазақ халқының тарихына, мәдениетіне, салт-дәстүріне құрмет сезімін қалыптастыру;
- өзге ұлт өкілдерінің салт-дәстүріне және әдет-ғұрпына құрметпен қарай білу және ұлттық мәдениеттерді құрметтей білуге үйрету;
- білім алушының көптілді, көпмәдениетті қоғамда өзін еркін сезінуі, өз пікірі мен өзгелердің пікірін, өз көзқарасы мен өзгелердің көзқарасын салыстыра отырып, өз ойын ашық жеткізе білу дағдыларын қалыптастыру;
- білім алушыға дағдыларды тілдік жағдаяттар мен көркем шығармалар арқылы үйрету;
- қалыптасқан білім, білік және дағдылар арқылы әртүрлі мәселелерді шеше білу.

Осы аталған құзыреттіліктер тілдік жағдаяттар мен көркем шығармаларды оқу және белсенді оқу әдіс-тәсілдерін қолдану арқылы қалыптастырылады.

«Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнінің оқу бағдарламасын жүзеге асырудың тұлғалық бағдарлы тұғыры

Білім беру жүйесіндегі инновациялардың саны мол екені белгілі. Бірақ шын мәніндегі инновация дегеніміз – мұғалімнің «бәрін білуші», ақпарат, мәлімет беруші қызметі емес, оның орнына білім алушының әрқайсысының жеке басы даму ерекшеліктерін танып, олардың барлығының да танымдық шығармашылық шабытын оятып, сол бағытта жұмыстарды дұрыс ұйымдастыра, жүргізе алатын қызметі алдыңғы орынға қойылған оқыту үдерісін айтамыз.

Тұлғалық бағдарлы оқыту жүйесі мұғалімді осындай тұғырлы орынға қарай өсіреді, ал мұғалім өз кезегінде білім алушының жеке тұлғасын қалыптастыруда осы өрелі жолды ұстанады. Тұлғалық бағдарлы оқыту жүйесінде білім алушының білім алу деңгейін жоғарылататын, сапасын жақсартуда әрбір сабақтың алатын орны маңызды.

Тұлғалық бағдарлы оқыту жүйесіндегі әр пән бойынша ұйымдастырылып өткізілетін әрбір сабақтың мақсаты:

- Білім алушыда өзінің әлеуетті танымдық мүмкіндіктерін жүзеге асыру

тетіктерін қалыптастыру;

- Білім алушыда өзін өзі дамытуға ұмтылыс тетіктерін қалыптастыру;

- Білім алушыда өзінің әлеуетті танымдық мүмкіндіктерін жүзеге асыру тетіктерін қалыптастыру;

- Жаңа әдістерді қолдана отырып, өзінің тұлғасында жақсы қырларды ашуға, дамытуға білім алушының өзі қатысуына бейімделуі тетіктерін қалыптастыру;

- Білім алушы өзінің ішкі мүмкіндіктерін, ортасын, білім мазмұны мен өзінің танымдық күш-қуатын білімді сапалы меңгеруге қарай бағыттауда өзін-өзі реттеп отыра алу тетіктерін қалыптастыру;

- Өзінің өмірлік тәжірибесін қалыптастыруда, білім алу үдерісінің керекті жерінде қолдануға, өз ойы мен білім алу әдістерінің тиімділігіне сенімді болып, өзін-өзі әрдайым қорғай алу тетіктерін қалыптастыру;

- Адамгершілік қасиеттерге және еңбексүйгіштік пен білім, ғылыми ізденгіштікке өзін-өзі тәрбиелеу тетіктерін қалыптастыру.

Тұлғалық бағдарлы оқыту жүйесіндегі сабақтарды әзірлеу, ұйымдастыру, өткізу, оның нәтижесін талдау барысын мына қырлардан қарастырылады:

- Деңгейлі оқыту.

- Саралай оқыту.

- Жекелей оқыту.

- Субъективтік-тұлғалық оқыту.

- «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнінің оқу бағдарламасын жүзеге асырудың әрекет бағдарлы тұғыры

- Білім алушының психикасы – әрекеттің ерекше формасы. Яғни материалдық өмірдің даму барысында ішкі әрекетке, сананың қызметіне айналатын сыртқы материалдық қызмет дамуының жемісі.

Әрекеттің құрылымдық ерекшеліктері мен ішкі деңгейлері «қозғалыс- іс-әрекет-қызмет» триадасы түрінде де, өзара сәйкестігі бірқалыпты емес болып келетін «әрекет, үдеріс, зат, мотив» түрінде де кездеседі.

Әрекеттің ішкі дифференциалды құрылымы пайда болуы – ұжымдық қызметтің салдары. Адам әрекетінің құрылымы өзгергенде, оның санасының да ішкі құрылымы өзгереді. Әрекеттің сыртқы және ішкі түрлері бар. Әрекет теориясының қазақ тілін оқыту үдерісіне байланысты танылуы арқылы әлі де жаңа бағыттар мен жаңа әдістер табылуы болашақтан күтіледі.

Жеке адам ретіндегі білім алушы санасының әрекеттері алуан түрлі: біріншіден, білім алушының санасы қазақ тілін ережелер арқылы танып-білу үдерісіне енген басқа білім алушылардың көзқарасы қалыптасуына ықпал етеді, екіншіден, сана жеке адамның өзін сол қатынастардың өкілі етеді, үшіншіден, сана арқылы білім алушы ізденіп, танып-білу, оқу қызметінің идеалдық бейнесін жасау сияқты психиканың негізге функцияларын дамыта отырып, қазақша сөйлеуді, жазуды, оқуды, тыңдағанын түсінуді оқу-таным қызметі ретінде белсенді түрде ұйымдастыруға қатыса алады.

Қазақ тілі мен әдебиетін оқыту үдерісінде білім алушының танымдық қызмет белсенділігін арттырып, оның ізденіс-зерттеу қажеттіліктерін туғызып,

оның нәтижелі жетістіктерге жету жолын тани білуіне, қойылған проблемаларды шешуде оқу әдістерін саналы қолдана алуына арнайы түрде жағдай жасайтын оқу-танымдық үдеріс деп анықтауға болады.

Әрекеттің түрі мен мазмұны әрбір білім алушының өзіндік ерекшеліктеріне сай болады. Жас ерекшеліктері кезеңдеріне сәйкес әрекет түрлері болады. Солай анықталған әрекет түрлерін бірізділікке түсіру арқылы адамның жас кезеңдерінің генетикалық сабақтастығы танылады. Әрекет теориясына сүйене отырып қазақ тілін оқытудың міндеті - белгілі бір жастың өзіндік ерекшелігіне сәйкес келеді деп саналатын жетекші әрекет негізінде білім алушының психикалық дамуы жүзеге асатынын көрсету және түсіндіру. Мұндайда білім алушының психикалық дамуын мүмкін ететін жалпы қозғаушы күштерін танып-білу маңызды болып саналады.

Оқу және тәрбие үдерісінде білім алушының әрекет типтері мен соған сәйкес қабілеттерді меңгеруі - оның психикалық дамуының жалпы түрі болып табылады. Осының негізінде кіріктірілген қазақ тілі мен әдебиетін 5-9 сыныптарда оқыту технологиясының әдіснамалық, теориялық және практикалық негіздерін тану мақсаты айқындалады.

«Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнінде қолданылатын педагогикалық әдіс-тәсілдер

Оқу бағдарламасы «қалай білім алу керектігін білетін», дербес, ынталы, қызығушылығы жоғары, сенімді, жауапты, ой-өрісі дамыған жеке тұлғаны қалыптастыруға бағытталған қағиданы ұстанады.

Мұғалімдер білім алушылардың бойында бұл қасиеттерді қалыптастырып, дамытуда оқытудың түрлі стратегияларын қолданады. Атап айтқанда:

- білім алушылардың жеке пікірін тыңдау және құптау;
- алған білімдері мен қалыптасқан түсініктерін одан әрі дамыту үшін қолданудың маңыздылығын түсіндіру;
- мұқият іріктелген тапсырмалар мен іс-әрекет түрлері арқылы ынталандыра және дамыта оқыту;
- мәселелерді шешу әдіс-тәсілдерін түсінікті жолмен құру және көрсету;
- білім алуына «Оқыту үшін бағалау» арқылы қолдау көрсету;
- зерттеу жұмыстарын жүргізуге үйрету;
- зерттеу әдіс-тәсілдеріне негізделген белсенді оқытуға бейімдеу;
- сын тұрғысынан ойлау дағдыларын дамыту;
- жеке, топтық және тұтас сыныптық жұмыс түрлерін ұйымдастыру;
- білім алушының қатесі үшін жазалап оқыту емес, қателерін түзету үшін оқыту;
- оқытудағы басты принцип – білім алушының жеке, өзіндік мүмкіндіктерін ескеру;
- дебат тақырыбын таңдау, зерттеу және «жақтаушы, даттаушы» топтарын құру, аргументтерді қолдана білу дағдыларын қалыптастыру арқылы өз ойын жеткізуге, келісімге келуге, шығармашылыққа мүмкіндік беру;
- тапсырмалар (белсенді іс-әрекеттер) арқылы оқу материалын өмірмен байланыстыра отырып, білімді өз бетімен меңгеруге талпындыру;
- оқу үдерісінде білім алушының белсенділігіне назар аударылады, мұғалім оқу

- материалын дайын күйінде бермейді, ашық сұрақ қою, назарын шоғырландырып оқу, шолу жасау, тәжірибе және зерттеу жасауға бағыттайды;
- оқылым және жазылымға негізделген сабақтарды тиімді құру сын тұрғысынан ойлауға мүмкіндік береді, яғни ол қызығушылықты ояту, мағынаны ажырату және рефлексия кезеңдерінен тұрады. Әр кезеңде белгілі бір оқыту мақсатын қоя отырып, мұғалім білім алушыларды мақсатқа жетуге, мәселені анықтауға, талқылауға, жауап іздеуге, қорытынды жасауға, өз ойын білдіруге және ашық қоғамның азаматы болуға үйретеді;
 - интерактивті оқыту әдіс-тәсілі арқылы білім алушы интеллектісіне әсер ету, яғни ақпарат білім алушыдан-білім алушыға, мұғалімнен білім алушыға, білім алушыдан мұғалімге беріліп отыруына мүмкіндік береді. Белсенді оқытуда білім алушылар өз пікірін айта білуді және өзгенің пікіріне құрметпен қарауды үйренеді;
 - ұжымдық оқыту технологиясы жаңа идеяларды ұсынуға және жаңа мүмкіндіктерді қолданып көруге бағыттап отырады.

Ұжымдық оқыту технологиясының мақсаты – қиын істерді атқаруда, топтық жұмыстарда, келісімге келуде, өзін-өзі басқару және ұйымдастыра білуде қажет болатын білім алушы дағдыларын қалыптастыру.

«Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнін үштілді білім беру саясатына сай мазмұнға негіздеп оқыту. Негізгі және жалпы орта білім беру деңгейінің тіл мұғалімдері үштілді білім беру саясатына сай білім алушыларға екінші тіл арқылы меңгерілетін кейбір пәндерді (география, Қазақстан тарихы т.б.) оқытуда қолдау көрсетеді.

Қазақ тілінің мұғалімдері білім алушыларға тиімді болуы үшін екінші тіл ретінде қазақ тілінде жүргізілетін пәндермен байланыс жасай алады және кейбір сабақ мазмұнын сол пәндердің тақырыбымен сәйкестендіріп өткізе алады. Сонымен қатар, мұғалімдер білім алушыларға қазақ тілі, орыс тілі және ағылшын тілінің ұқсастықтары мен ерекшеліктеріне талдау жасата отырып, барлық үш тілге де құрметпен қарауға тәрбиелейді. Бұлардың барлығы тілді меңгертуді және мазмұнға негіздеп оқытуды дамытуға бағытталған.

Қазақ тілі мұғалімдері бағдарламадағы басқа да пәндермен байланыс орнату үшін олардың тақырыптарын / мәтіндерін / дағдыларын / тапсырмаларын / оқыту мақсаттарын өз сабақтарына пайдалана алады. Мұндай байланыс білім алушылардың басқа пәндерді меңгеруге қажетті ғылыми тілдерін дамытуға көмектеседі. Мысалы, тақырыпты әртүрлі мақсаттарға пайдалану, салдар мен себепті анықтау, факті мен көзқарасты ажырату, тақырыпты жан-жақты талқылау, әртүрлі ресурс көздерінен алынған мәліметтерді бағалау, ақпаратты таныстыру барысында қажетті сөздерді қолдану. Тіл мамандары пән мұғалімдерімен сол пәндерде кездесетін мәтіндер мен тапсырмалар туралы кеңесе алады және пәнді игеруге қажетті сөздерді бірлесе отырып анықтай алады.

«Бір педагог – бір тіл» қағидаты басшылыққа алынады, яғни тілдік ортаға енгізу сыныбында жұмыс істейтін педагог орыс тілін білсе де, балалармен тек қазақ тілінде сөйлеседі. Педагог балаларға материалды орыс тіліне аудармайды,

өйткені балалар аудармаға арқа сүйеіп кетуі мүмкін. Бала педагогтің тіл қолданысына еліктейтін болады. Сондықтан да педагог эмоционалды болып, тілді үйретуде шығармашылық танытуы керек.

Мұғалімнің қолдауы (скаффолдинг) білім алушының жалпы түсінігі мен ұғымы болған кезде айтарлықтай көмектесетін әдіс-тәсілдер арқылы оқу үдерісіне тартады, ынталандырады, қызығушылығын арттырады әрі сыни ойлау дағдысын дамытуға әсер етеді. Скаффолдинг дегеніміз – ересектердің бала дамуының жақын аймағын құратын іс-әрекеттері. Скаффолдинг білім алушының өздері істей алатын іс-әрекеттерінен артық іс-әрекеттерді істеуге көмектеседі. Мұғалім ресурстар әзірлеу, білім алушының деңгейіне сәйкес келетін тапсырмалар беру, мысалдар, үлгілер, нұсқаулар беру арқылы білім алушыға қолдау көрсетуі керек. Мұғалім күнделікті қолданған көрнекі құралдарды сынып қабырғасына іліп, «сөйлейтін қабырға» ұйымдастыру арқылы білім алушыларға қолдау көрсете алады. Онда өткен материалды бекіту үшін сыныптың қабырғаларына сабақта қолданылған жеке парақшалар, постерлер, плакаттар мен түрлі көрнекі құралдар қолдану ұсынылады. Мұғалім баланы тілді үйренуге мәжбүрлемей, үнемі үлгі көрсете отырып, ынталандыру керек. Мұғалімнің қазақ тілінде анық және баяу сөйлеп дағдыланғаны дұрыс. Қысқа, нақты жай сөйлемдер қолданылады. Білім алушының жай ғана қайталап айтып көруін өтінеді. Тапсырма бергенде міндетті түрде (ауызша және жазбаша) тапсырманың орындалу үлгісін көрсеткен абзал. Ескерте кететін жағдай, жаңа сөзді меңгертуде әрі жалпы оқу мақсаттарын жүзеге асыру барысында жергілікті аймақтың ерекшеліктерін ескере отырып, әр мұғалім сабақты күрделендіріп немесе неғұрлым жеңілдетіп өткізуіне болады.

Білім алушының психологиялық қауіпсіздігі ескеріліп отырылуы керек. «Тілдік қатынастың психологиялық негізі – тілді оқыту барысында білім алушының сана-сезіміне әсер етіп, пәнге деген оң көзқарасын, қызығушылығын арттыру өте маңызды». Психологтардың ойынша, тіл дамыту әрекетінің барлық сатысында баланың тіл үйренуде қазақ тілінде сөйлесуге жасқанбауына мүмкіндік жасау – өті тиімді стратегия. Балалар сөйлеу тілінде қателіктер жіберсе, сөйлем мағынасы түсінікті болса, жіберілген қатесін түзетпеуге болады. Ең бастысы, бала тілді түсінсе болды, одан кейін біртіндеп сөйлейтін болады. Білім алушының айтқан әрбір сөйлемін қате деп түзете берсе, оның бойында қателесу үрейі туындайды да, баланың сөйлегісі келмей қалады. Мұндай қателер күнделікті тіл дамыту арқылы біртіндеп түзетіледі. Ал жазылым дағдысын қалыптастыру кезінде қатені түзету – қалыпты құбылыс, әрі тілді дұрыс меңгеруге көмектеседі. Ең бастысы – баланың қазақша сөйлей алатынына деген сенімін ояту.

«Қазақ тілі» пәнінің оқу бағдарламасын жүзеге асырудың саралай оқыту тұғыры

Саралай оқытуды жүзеге асыру мақсатында кіріктірілген қазақ тілі мен әдебиеті пәні сабақтарында деңгейлік тапсырмалар жүйесін қолдануға болады. Өзге тілдегі білім беру ұйымдары білім алушыларын қазақша сөйлету немесе үйретуде саралай оқытуды қолданудың екі бағытын атап көрсетуге болады.

Біріншіден, білім алушылардың қазақ тілі мен әдебиетін білу деңгейлерінің түрлі болып келуін ескеру.

Екіншіден, тіл мен әдебиеттен берілетін тапсырмалар жүйесіне саралау тұрғысынан қарауды білдіреді.

Дифференциация сөзі латын тілінен (difference) шыққан және «айырмашылық», «бөлу» деген мағынаны білдіреді. Осы тұрғыдан «дифференциация» - бұл оқулары әр түрлі жүзеге асатын жекеленген білім алушылар тобын бөліп алу [61].

Саралау («Дифференциация» латынша айырмашылық) – білім беру мазмұнын табысты игеруге, білім алушының қабілетін және икемін дамытуға барынша қолайлы білім беру ортасын құру.

Оқытудағы дифференциацияның негізгі мәні білім алушылардың оқуындағы жеке айырмашылықтарды біле отырып және ескерту арқылы олардың әрқайсысы үшін анағұрлым оңтайлы болатын жұмыс түрін анықтау.

Оқу үрдісінде білім алушыларды дифференциациялау сипаты шартты болып табылады. Ол әрбір білім алушыға жекелей тәсілмен қарауға мүмкіндік беретін икемді және өзгермелі болуы тиіс.

Дифференциация балаларды қабілеттері немесе басқа қасиеттері бойынша іріктеуге бағытталмаған. Оның негізгі міндеті білім алушылардың қабілеттерін және бейімділігін дамытуға, білім мазмұнының табысты игеру мақсатында білім беру үдерісінде барынша қолайлы жағдайлар жасау болып табылады.

Оқытуды саралау дегеніміз – білім алушылардың қажеттіліктері мен қабілеттеріне сәйкес әртүрлі сыныптар, топтар, мектептер үшін әртүрлі оқу ортасын құру және әртүрлі топтарда оқытуды қамтамасыз ететін әдістемелік, психологиялық-педагогикалық және ұйымдастырушылық шаралардың кешені.

Ал саралап оқыту дегеніміз: оқыту мен оқуға қатысты анықталған ортақ қасиетті ескере отырып дайындалған, білім алушылар тобына мұғалімнің оқу үрдісін ұйымдастыру нысаны. Саралап оқыту – әрбір білім алушының мақсатқа жетуіне оң ықпал етудің тиімді жолы.

Саралап оқыту дегеніміз – бір материалды барлық білім алушыларға әртүрлі оқыту тәсілдерін қолданып оқыту дегенді білдіреді және мұғаліммен әрбір білім алушының қабілетіне қарай тапсырмаларды қиындық деңгейі бойынша жіктей отырып, сабақты ұйымдастыруды талап етеді.

Нәтиже. Балалар қойылған жалпы мақсатқа сәйкес бірдей тапсырмамен жұмыс істейді, бірақ мұғалім балалардың алдыңғы нәтижелерін ескере отырып, әр баладан әртүрлі нәтиже күтеді. Нәтиже дегеніміз – сабақтың соңында мазмұн бойынша білім алушының алған білімін демонстрациялау әрекеті. Мұғалім мазмұнды меңгерту мақсатында тапсырма береді, барлық білім алушылар бір тапсырманы орындаса да олардың нәтижелері әртүрлі болады. Білім алушылар өздерінің мықты және әлсіз тұстарына қарай жауап береді және жетпей тұрған білімдерін жетілдіру туралы ойлағандары маңызды. Сабақта мұғалім барлық білім алушыларға бағытталған нұсқау бере отырып, олардың әрқайсысының өздерінен не күтетіндігін түсінгендеріне көз жеткізулеріне әрекет жасайды.

Жұмыс қарқыны. Балаларға ортақ тапсырма беріледі, бірақ оларды

аяқтауға жұмсалған уақыт олардың дағдыларына қарай анықталады. Кейбір білім алушылар басқаларына қарағанда жылдам жұмыс істейді. Қосымша тапсырмаларды көп күш жұмсауды талап ететін білім алушылар үшін қолдануға болады. Негізгі тапсырмаларды түсіндіруге көмек қажет ететін білім алушыларға біршама уақыт беріледі. Барлық білім алушылар бір тапсырманы орындаса да, олардың нәтижелері әртүрлі болады. Мұғалім тапсырма береді, бірақ жалғыз «дұрыс» жауап бағытында жұмыс істеуден гөрі білім алушылар өздерінің мықты және әлсіз тұстарына қарай жауап береді. Барлық білім алушыларға бағытталған нұсқау бере отырып, олардың әрқайсысының өздерінен не күтетінін түсінгендеріне көз жеткізу керек.

Қолдау. Балалардың барлығы бірдей тапсырманы орындайды, бірақ олардың кейбіреуіне басқаларға қарағанда көбірек немесе азырақ қолдау көрсетіледі. Бұл тәсілді қолдану мұғалімге ерекше жауапкершілік жүктейді. Мұғалім мәселені шешуде өзінің қарапайым тілде егжей-тегжейлі түсіндіруін қажет ететін білім алушылар және тек диалогке түсу арқылы бағытталуды ғана қажет ететін жоғары деңгейлі білім алушылар тобын анықтауы тиіс. Сонымен қатар, мұғалім қабілеті жоғары білім алушыларды қолдау үшін жоғары деңгейлі сұрақтарды қолдана алады. Тілдік қолдау мен ынталандыру да бұл тәсілде ерекше маңызға ие.

Ресурстар (дереккөздер). Балалар ортақ тапсырманы орындайды, бірақ айтарлықтай дамыған оқу немесе зерттеу дағдыларын қажет ететін әртүрлі ресурстар ұсынылады. Бұл әдісті қолдануды сыныптағы кейбір білім алушылар басқаларға қарағанда әлдеқайда күрделі әрі ауқымды ресурстармен жұмыс жасауға бейім болатынын ескерген жөн және осы арқылы тақырыпты әртүрлі қырынан алу үшін түрлі оқу материалдарын пайдалануға мүмкіндік береді дегенді білдіреді. Кейбір білім алушылар сабақта негізгі мәтінмен жұмыс жасаумен шектелсе, қабілеті жоғары білім алушылар жетілген деңгей сөздіктермен және күрделі идеялармен жұмыс жасауға қабілетті болады. Саралаудың бұл түрі барлығына ортақ оқу нәтижелеріне жету үшін, оқу материалдарын кең көлемде пайдалануға мүмкіндік береді.

Мысалы, үдеріс бойынша төмендегідей ұйымдастыруға болады:

- Визуалдарды оқулықпен қамтамасыз ету;
- Аудиалдарға аудио жазбаларды тыңдату;
- Кинестетиктерге тапсырмаларды өздерінің жасап көруіне мүмкіндік беру.

- Топтау. Балалар ортақ тапсырманы орындайды, бірақ барлығының табысқа жетуін қамтамасыз ететіндей етіп топтастырылған. Оқытудың болжамды міндетіне қарай топ құруда тиімді көптеген тәсілдер бар: мүдделері ұқсас білім алушылар (қиындық деңгейі немесе қолдау деңгейі), талаптары әртүрлі білім алушылар, джигсо топтары, кәсіби дағдыларына қарай бөлінетін топтар немесе сарапшы топ, аралас гендерлік топ, ұйымшыл топ. Топтық жұмысты орындау үшін бір топта қандай білім алушылардың болатыны маңызды емес. Осы жағдайда мұғалім өзі қалаған әдіспен білім алушыларды шағын топқа біріктіреді. Топтың мүшелері кездейсоқ бірігеді. Бұл жағдайда

мұғалімге сыныптағы білім алушылардың бір-бірімен мейлінше араласқаны маңызды.

Екіншіден, аралас топ. Мұғалім мақсатты түрде шағын топқа әртүрлі деңгейлі білім алушыларды біріктіреді. Себебі бұл топтық жұмыс жаңа оқу мақсатына жету үшін қажетті алдыңғы білімдері мен біліктерін қайталап, бір-бірінің есіне түсіру мақсатында ұйымдастырылған.

Үшіншіден деңгейлі топ. Мұғалім ерекшеліктеріне қарай топтарға біріктіреді. Қызығушылығы бір білім алушылар бір топта немесе жоғары деңгейлі, орта және төмен деңгейлі білім алушылар. Оларға арнайы тапсырмалар дайындалады. Бұл топтық жұмысты жоспарлау кезінде мұғалім неліктен білім алушыларды дәл осылай біріктіретінін және неліктен тапсырмаларды беретінін нақты түсінеді.

Төртіншіден, қалаулы топ. Мұғалім білім алушыларға өз қалаулары бойынша отыруға мүмкіндік береді. Сыныпта қандай да бір топтық жоба жұмыстарын жасау керек болған кезде бұл әдісті қолдану тиімді.

Бесіншіден, қыз-ұл деп бөлуге болады. Бұл әдіспен білім алушыларды біріктіру мұғалімге қыз балалар мен ер балалардың оқудағы ерекшеліктерін терең зерттеуге мүмкіндік туындайды.

Рөлдер. Балалар ортақ тапсырманы орындайды, бірақ олардың әрқайсысы әртүрлі рөл атқарады.

Үй жұмысы. Балаларға әртүрлі үй тапсырмалары беріледі, ал жекелеген білім алушыларға сыныпта бастаған жұмысты аяқтау үшін қосымша уақыт қажет болуы мүмкін.

Диалог\Сұрақтарды пайдалану. Мұғалім білім алушылардың деңгейіне қарай өзінің қоятын сұрақтарын және білім алушылардың берген жауаптарын саралайды. Кез келген білім алушы үшін маңызды ресурс – қағаз емес, электронды құрал емес, адами ресурс. Диалог негізінде саралау барысында мұғалім мен білім алушы арасындағы сұхбатқа мән беріледі. Диалог арқылы саралаудың түрлі аспектілері бар.

Бағалау. Сыныптағы саралау әдістері сыныптағы жекелеген білім алушылардың нені үйренгенін анықтауға және оны бағалауға мүмкіндік береді. Мұғалімдер білім алушылардың табысты оқуын қамтамасыз етумен қатар, білім алушының жеке даму аймағын анықтау арқылы нені жақсарту қажеттігін түсінуге мүмкіндік беретін икемді үдеріс. Білім алушылар үнемі бағаланып отырады, осылайша педагогикалық қызмет пен саралаудың басқа да түрлері білім алушылардың қажеттіліктеріне қарай үнемі түзетіліп отырылуы мүмкін. Сонда ғана біз пәнді оқытудан білім алушыны оқытуға қарай ілгерілей аламыз.

Сабақтың барлық сатыларында саралап оқыту тәсілдерін енгізу қажет. Мысалы: үй тапсырмасының орындалуын тексеру барысында, сіз тестілеуді білім алушы ұнатпайтын әрекетке айналдыруға жол бермейтін әдістемелерді пайдалана аласыз. Білім алушыларға саралап оқыту әдісін қолдану білім алушылардың білім сапасын, олардың біліктілік деңгейі мен қабілеттерін жақсартуға мүмкіндік береді. Тәжірибе көрсеткендей, сенімді түрде алға жылжу білім алушыларды шабыттандырып, оларды қарқынды жұмыс істеуге

ынталандырады. Тапсырманың түрлі деңгейде болуы баланың күш-жігеріне деген сенімін нығайтады, оны табысқа жетелеп, танымдық қызығушылығын арттырады.

«Қазақ тілі» пәнінің оқу бағдарламасын жүзеге асырудың коммуникативтік-функционалдық бағдарлы тұғыры

Коммуникация – адамдардың танымдық еңбек қызметінің үдерісінде өзара қарым-қатынас жасау формасының ерекше түрі болып табылады. Адамдар арасындағы қарым-қатынас, негізінен, тіл арқылы жүзеге асады [57].

Тілдің коммуникативтік функциясында оның құралдық-белгілік мәні ашылады. Осыған орай коммуникация кез келген жеке адамның әлеуметтік тұлға ретіндегі қалыптасуының және сол әлеуметтің жеке және топтық ниеттерін қалыптастырушы тетігіне/механизміне айналады.

Тілде коммуникацияға қатысушылар «коммуниканттар» мен «тыңдаушылар» болып табылатын коммуникативтік актілерден тұрады. Олар өз кезегінде мәтін тудырушылар мен ол мәтінді түсініктеме берушілері болып табылады. Ұлттық тіл арқылы жүзеге асырылатын коммуникацияның бастапқы және қорытынды кезеңдері ішкі сөйлеу механизмдеріне, оның терең құрылымдарына барады. Кез келген коммуникация экстралингвистикалық факторлармен шартталады. Ол факторлар жағдаяттылық, ұлттық-мәдени дәстүрлер т.б. болып бөліне береді. Осыған қатысты коммуникация сонда «ақпарат алмасудың ерекше түрі және де ол ақпарат алмасулар эмоциональдық және интеллектуалдық мазмұнда болады. Коммуникацияда маңызды болып табылатыны – ақпарат және пікір алмасу. Коммуникация адам қызметінің талаптарын толықтай қанағаттандыруы тиіс. Сондықтан да тілді меңгеру екі жолмен жүреді: табиғи және арнайы ұйымдастырылған. Ал олардың екеуінің де түпкі мақсаты – тілді қарым-қатынас құралы ретінде игеруді көздеу.

Қазақ тілін коммуникативтік тұрғыдан оқыту - функционалдық-мағыналық тұрғыдан меңгертуді білдіреді. Коммуникативтік технология, негізінен, сөйлеу әрекетінің есту, сөйлеу, оқу, жазу түрлерінің өзара біртұтас байланыстағы кешенді оқытуға сүйенеді. Осы ретте Пассов Е.И. *«Содержание учебного аспекта составляют те речевые умения, которыми должен овладеть учащийся как средствами общения — говорение, аудирование, чтение, письмо (возможен и перевод), а также собственно умение общаться. Каждое из умений основано на определенных навыках и механизмах, обладает определенными качествами. Процесс формирования речевых навыков и развития речевых умений понимается нами как процесс формирования целостного речевого механизма, а формирование речевого механизма — как процесс развития личности. Следствием этого является совершенно иной характер коммуникативной технологии.»* - деп атап өтеді [62]. Ал Құрман Н.Ж. өз еңбегінде *«Қазақша коммуникативтік құзырет дегеніміз – білім алушының қазақ тілін қолдана отырып, тұрмыстық, оқу, кәсіби, мәдени өмірінде өзіне өзекті болып табылатын қазақша тілдік міндеттерді шеше*

алуы; қазақ тілінің нормасына сай қазақша сөйлеу және жазу, тыңдау-түсіну, оқу-түсіну міндеттерін шеше алуы. Коммуникативтік құзырет адамның жеке тұлғалық қасиетіне бірден айналмайды, ол қазақша қарым-қатынас жасау барысында ғана танылады.»-деп көрсетеді [49].

Коммуникативтік технология жүйесімен қазақ тілін үйрету арқылы тіл үйренуші қазақ тілінің түрлі салада қызмет ету тетіктерін түсінеді және қолдану дағдыларын меңгереді. Ондай қызмет ету тетіктері ретінде мыналарды атауға болады:

- 1) тілдің құрал болу қызметі - тілді бір нәрсе туралы ақпарат алу үшін қолданғанда;
- 2) тілдің реттеушілік қызметі - сөйлеуші тілді өз айналасындағы адамдардың мінез-құлығын реттеу үшін қолданғанда;
- 3) тілдің интерактивтік қызметі - сөйлеуші тілді басқа адамдармен өзара байланысу мақсатында қолданғанда;
- 4) тілдің жеке тұлғалық қызметі - сөйлеуші тілді жеке басының ойы мен сезімін білдіру үшін қолданғанда;
- 5) тілдің эвристикалық қызметі - тілді әлемді танып-білу үшін қолданғанда;
- 6) тілдің бейнелік қызметі - тілді қиял әлемін бейнелеу үшін қолданғанда;
- 7) тілдің репрезентативтік қызметі - тілді ақпаратты жеткізу үшін қолданғанда.

Түсініп-тыңдау, сөйлеу, оқу және жазу білім алушылардың қарым-қатынас жасауын қамтамасыз етуге қажет қалыптастырылатын сөйлеу қызметінің түрі болып табылады. Сондықтан да осы сөйлеу қызметі түрлерінің негізі міндетті түрде білім алушылардың бойында **дағды** ретінде қалыптастырылуы керек. Сөйлеу дағдылары жөнінде Т.М. Балыхина былай деп түсінік береді: *«В зависимости от рецептивности или продуктивности, а также от формы общения (устной или письменной) выделяется четыре вида речевой деятельности: чтение, аудирование, говорение и письмо. Речевая деятельность характеризуется предметностью, мотивированностью, целенаправленностью, осознанностью. Структурной единицей деятельности является **действие**, а способом реализации действия — **операция**. Действие может становиться самостоятельной деятельностью, а может превращаться в операцию. Методические категории **речевой навык** и **речевое умение** соотносятся с психологическими понятиями речевая операция и речевое действие.»* Ал Қадашева Қ.Қ. өз еңбектерінде «Әдістемелік терминдер дағды мен білік – сөйлеу әрекеті мен іс-қимылдың нәтижесі. Яғни дағды іс-әрекетті жылдамдату амалы; тілді үйрену үдерісіндегі дыбыстай білу, екпінді дұрыс қою, грамматикалық және лексикалық дағды қалыптастыру тіл нормаларына сәйкестікте орындалып, біліктілікті қалыптастыруға қажеттілікті тудырады. Тіл үйренушінің тілді үйрену үдерісіндегі қалыптасқан **дағды** мен **білік** негізінде түрлі қатысымдық міндетті шешу жағдайындағы сөйлеу әрекетін сөйлеу білігі дейміз. » деп анықтама береді [63].

Қазақ тілін білім алушы толық игеруі үшін коммуникативтік бағыттағы жаттығулардың міндетті түрде динамикалық режимде болуын қамтамасыз етіп отыруы керек. Ондай жағдай тек қана коммуникативтік жаттығулардың

көмегімен ғана жүзеге асып отыратыны белгілі. Сонымен ауызша сөйлеу формасы сөйлеуді есту арқылы түсіну болып табылады, яғни түсініп тыңдау және сол сөйлеуге дұрыс реакция беру. Ал жазбаша сөйлеу графикалық сөйлеуді көздейді, яғни басылған мәтінді түсіну, яғни графикалық берілген ақпаратты пайдалана отырып, өз ойын жазбаша түрде жеткізу.

Түсініп-тыңдау, сөйлеу, оқу және жазу білім алушылардың қарым-қатынас жасауын қамтамасыз етуге қажет қалыптастырылатын сөйлеу қызметінің түрі болып табылады. Сондықтан да осы сөйлеу қызметі түрлерінің негізі міндетті түрде білім алушылардың бойында қалыптастырылуы керек.

Қазақ тілін коммуникативтік технология негізінде оқытуда басты ерекшелік – сөйлеу жағдаяттары мен сөйлеу іс-қылықтарынан құралатын жеке тұлғаның сөйлеу барысындағы мінез-қылығы.

Тілді оқытудың мақсаты – ол «коммуникативтік құзіреттілікті» қалыптастыру. Бұл терминді алғаш рет Хаймс (Hymes) енгізген болатын. Хаймстің коммуникативтік құзіреттілік теориясы сөйлеушінің нақты бір сөйлеу қауымдастығында өзін түсінгендігін білуі болып табылады [57].

Бүгінгі тілдік білім беруде коммуникативтік құзіреттілік – оқыту үдерісінің негізгі мақсаты болуы тиіс. Осыған байланысты біз мына сипаттамаларды көрсетеміз. Үйренушінің тілді жетік білуі, орташа білуі, нашар білуі көптеген факторлармен байланысты. Коммуникативтік құзірет үйренген тіл құралдарын тілдік қарым-қатынаста таңдап пайдалана білуге қабілет, тақырыпқа сәйкес коммуникативтік жағдаятты/ ситуацияны бағалауы, ситуацияға тез арада кері байланыс/реакция жасап, екінші тілде жауап беруі. Коммуникативтік құзіреттілік – қарым-қатынастағы мәдени контексті, вербалды емес, мінез-құлықтық міндеттерді дұрыс түсінуі және бағалауы.

Қазақша коммуникативтік құзырет дегеніміз – білім алушының қазақ тілін қолдана отырып, тұрмыстық, оқу, кәсіби, мәдени өмірінде өзіне өзекті болып табылатын қазақша тілдік міндеттерді шеше алуы; қазақ тілінің нормасына сай қазақша сөйлеу және жазу, тыңдау-түсіну, оқу-түсіну міндеттерін шеше алуы. Коммуникативтік құзырет адамның жеке тұлғалық қасиетіне бірден айналмайды, ол қазақша қарым-қатынас жасау барысында ғана танылады [64].

Еуропалық тіл үйрету жүйесінде тілдерді үйрену-үйретуге коммуникативтік-бағдарлық тұрғыдан келудің мақсаты:

- түрлі тілдердің ұлттық болмысын, тілдік және мәдени жәдігері болып қалған тілдік қорды сақтап қалу;
- адамдардың ел арасындағы мәдени, ғылыми және техникалық жетістіктерді өзара оңтайлылықпен алмаса отырып игеруіне мүмкіндіктер жасау болып белгіленген.

Коммуникативтік-бағдарлық тұрғыдан келудің негізгі бір түйіні – еуропалықтардың басқа тілді үйренуде нақты өмірлік жағдаяттарды бастан кешу мүмкіндіктерін тіл үйрету сабақтарында қолдану қажеттілігін таныту.

Білім алушылардың коммуникативтік дағдыларын дамыту.

Негізгі орта білім беру деңгейіне арналған бағдарлама мақсаттарының бірі - түрлі әлеуметтік топтармен тиімді тіл табысуға қабілетті азаматтарды тәрбиелеу. Осы мақсатқа жетуге қажетті дағдыларды дамыту үшін ынталандырушы және қолдаушы ортаны құру керек. Коммуникацияның түрлі формаларын қолдану құнды болып саналатын мұндай ортада білім алушылар өз пікірін еркін білдіре алады.

Білім беру бағдарламасы аясында білім алушылардың түрлі құралдарды қолдану арқылы сыныптастарымен, мұғалімдермен және көпшілікпен ауызша және жазбаша қарым-қатынасқа түсуі және қазақ тілін сауатты пайдалануы ынталандырылады.

Сөйлеу әрекетінің түрлеріне байланысты қалыптасатын дағды тұтас кешен ретінде әр сынып бойынша оқу мақсаттары түрінде ұсынылады. Ал оқу мақсаттары оқыту процесін жоспарлауға, әдіс-тәсілдерді таңдауға және қалыптасқан дағдыны бағалауға мүмкіндік береді. Сөйлеу әрекетінің түрлері бойынша оқу мақсаттарының негізгі бағыттарын қарастырып көрсек:

35-кесте.

Тыңдалым	T1. Болжау
	T2. Назарын шоғырландырып тыңдау
	T3. Сөздер мен сөз тіркестерінің мағынасын түсіну
	T4. Көркем шығармаларды тыңдау
	T5. Негізгі ойды анықтау
	T6. Тыңдалым материалдары бойынша жауап беру
Оқылым	O1. Мәтіндегі ақпаратты анықтау
	O2. Стильдік ерекшеліктерді анықтау
	O3. Көркем шығармаларды оқу
	O4. Мәтіндерге салыстырмалы талдау жасау
	O5. Қосымша ақпарат көздерінен алынған мәліметтерді оқу
	O6. Өзіндік көзқарасын білдіру және бағалау
Жазылым	J1. Өртүрлі стильде мәтіндер құрастыру
	J2. Эссе жазу
	J3. Көркемдегіш құралдарды қолданып жазу
	J4. Мәліметтерді жинақтау
	J5. Орфография және пунктуация
Айтылым	A1. Сөздік қорының алуандығы
	A2. Сөз мәнері мен сөйлеу этикеті
	A3. Орфоэпиялық нормаларды сақтау
	A4. Мәтіннің негізгі аспектілерін анықтау және талқылау
	A5. Сенімді және еркін жауап беру
	A6. Визуалды материалдар арқылы тілді дамыту
Тілдік бағдар	TБ1. Сөз таптары
	TБ2. Сөйлем

Білім алушылардың коммуникативтік дағдыларын дамыту жүйелі ұйымдастырылған әдіс-тәсілдер негізінде жүзеге асады. Негізгі және жалпы орта білім беру деңгейіне арналған бағдарлама мақсаттарының бірі — түрлі

әлеуметтік топтармен тиімді тіл табысуға қабілетті азаматтарды тәрбиелеу. Осы мақсатқа жетуге қажетті дағдыларды дамыту үшін ынталандырушы және қолдаушы ортаны құру керек. Коммуникацияның түрлі формаларын қолдану құнды болып саналатын мұндай ортада білім алушылар өз пікірін еркін білдіре алады. Осы жөнінде Қадашева Қ., «Тілді үйрену мен үйрету тіл үйретуші мен үйренушінің тығыз ынтымақты байланысы мен өзара түсінігі бар жерде ғана іске асады. Үйретудің ең негізгі қағидасы – үйренушінің танымы, ойлауы арқылы іс-әрекетке, адамдармен қатысымға түсу мүмкіншілігіне ие болу мақсатына жету.» - деп негіздейді [63].

Сонымен қатар, білім алушыларға тілді меңгертуде мәтінді бейімдеп беру ұсынылады. «Мәтін қойылған тақырыбы мен ішкі мазмұны біртұтас, синтаксистік, композициялық және логикалық құрылымы жағынан жүйелі бірлік дегенді білдіреді». Ал оқулықтағы мәтіндер оқу мәтіні деп аталады, оған түрлі көркем, танымдық, ақпараттық мазмұндағы мәтіндер жатады. Оқу мәтіндерін білім алушының жас ерекшеліктеріне сай бейімдеудің тіл дамыту үдерісінде маңызы зор. Белгілі бір тақырыпқа қатысты мәтінді бейімдеудің өзі мұғалімнен жан-жақты дайындықты, қосымша материалдарды дер кезінде жинап, білім алушының білім деңгейіне сәйкес бейімдеуді, сұрыптауды қажет етеді. Осыған байланысты мұғалім әр тақырып бойынша мәтіннің мазмұнын сақтай отырып, білім алушының тыңдап-түсінуін, өзара қазақша тілдесе алатын қабілетін қалыптастыру және дамыту үшін қажетті сөздер мен сөз орамдарын қолдануы керек. Оқу мәтіндерін іріктеуде мәтіннің үйренушілердің білім деңгейіне қарай нақты өлшемдер болуға тиіс.

Жоғарыда көрсетілген кестеге сай әр сөйлеу әрекеті бойынша оқу мақсаттары төмендегідей [59]:

Тыңдалым

36-кесте

Білім алушылар:					
Дағдылар	Оқыту мақсаттары				
	5-сынып	6-сынып	7-сынып	8-сынып	9-сынып
1. Болжау	5.1.1.1 тақырыпты тірек сөздер арқылы болжау	6.1.1.1 тірек сөздер, мәтіннің бастапқы бөлігін тыңдау арқылы тақырыпты және көтерілетін мәселені болжау	7.1.1.1 мәтін үзінділері арқылы оқиғаның дамуын болжау	8.1.1.1 мәтін тақырыбы, тірек сөздер, иллюстрациялар арқылы көтерілетін мәселені болжау	9.1.1.1 тыңдалатын мәтіндегі фразалар мен дәйексөздерді талқылай отырып, тақырып пен көтерілетін мәселені болжау
2. Назарын шоғырландырып	5.1.2.1 тыңдалған мәтіннің негізгі	6.1.2.1 тыңдалған мәтіннің	7.1.2.1 тыңдалған мәтіннің	8.1.2.1 тыңдалған мәтіннің	9.1.2.1 тыңдалған мәтіннің

тыңдау	мазмұнын түсіну және нақты ақпаратты анықтау	негізгі мазмұнын түсіну, негізгі және қосымша ақпараттарды анықтау	негізгі мазмұнын түсіну, ақпараттың өзектілігін анықтау	негізгі мазмұнын түсіну, детальді ақпараттарды анықтау	негізгі мазмұнын түсіну, ақпараттың шынайылығы мен нақтылығын анықтау
3. Сөздер мен сөз тіркестерінің мағынасын түсіну	5.1.3.1 күнделікті тұрмыстық тақырыптарға байланысты жаңа сөздер мен тірек сөздердің мағынасын түсіну	6.1.3.1 тұрмыстық - әлеуметтік тақырыптарға байланысты жаңа сөздер мен тірек сөздердің мағынасын түсіну	7.1.3.1 әлеуметтік - мәдени тақырыптарға байланысты қажетті сөздер мен сөз тіркестерінің мағынасын түсіну	8.1.3.1 оқу-еңбек тақырыптарын а байланысты күрделі сөздер мен тұрақты тіркестердің мағынасын түсіну.	9.1.3.1 әлеуметтік - қоғамдық тақырыптар аясында айтылған сөздер мен термин сөздердің мағынасын түсіну
4. Көркем шығармаларды тыңдау	5.1.4.1 фольклорлық және шағын көлемді көркем әдеби мәтіндердің мазмұнын түсіну	6.1.4.1 әңгіме, хикаялардың және шағын поэзиялық шығармалардың мазмұнын талдай отырып кейіпкерлерге сипаттама жасау	7.1.4.1 повестердің және лирикалық поэзиялық шығармалардан үзінді тыңдау, тақырыбы мен идеясын талдау	8.1.4.1 орта көлемді прозалық, драмалық және поэзиялық шығармалардан үзінді тыңдау, тақырыбы мен идеясын талдау	9.1.4.1 орта көлемді прозалық, поэзиялық шығармалардан үзінді тыңдау, көтерілген (тұрмыстық, әлеуметтік, қоғамдық) мәселені анықтап, өз пікірін білдіру
5. Негізгі ойды анықтау	5.1.5.1 тірек сөздер, жетекші сұрақтар арқылы негізгі тақырыпты анықтау	6.1.5.1 тірек сөздер, жетекші сұрақтар, мәтін тақырыбы арқылы негізгі ойды анықтау	7.1.5.1 тірек сөздер, сөйлеушінің дауыс ырғағы мен сөйлеу мәнері арқылы негізгі ойды анықтау	8.1.5.1 тірек сөздер, автор көзқарасы мен көңіл күйі арқылы негізгі ойды анықтау	9.1.5.1 мәтіннің мақсатты аудиториясын, автордың негізгі ойы мен көзқарасын анықтау
6. Тыңдалым материалдары бойынша жауап беру	5.1.6.1 тыңдалым материалдарының мазмұны негізінде сұрақтарға жауап беру	6.1.6.1 тыңдалым материалдарының мазмұны негізінде шынайы өмірмен байланыстыр	7.1.6.1 тыңдалым материалдарының мазмұны негізінде өз пікірін өзгелердің пікірімен	8.1.6.1 тыңдалым материалдарының мазмұны негізінде деректерді келтіре отырып, дәлелді жауап	9.1.6.1 тыңдалым материалдарының мазмұны негізінде көтерілген мәселеге сыни

		ып жауап беру	салыстыра отырып жауап беру	беру	көзқарасын білдіру
--	--	---------------	-----------------------------	------	--------------------

Айтылым

37-кесте

Білім алушылар:					
Дағдылар	Оқыту мақсаттары				
	5-сынып	6-сынып	7-сынып	8-сынып	9-сынып
1. Сөздік қорының алуандылығы	5.2.1.1 тақырып бойынша меңгерген жаңа сөздерді олардың синонимдерімен, антоним, омонимдерімен қатар қолдану, ойын жеткізе білу	6.2.1.1 тура және ауыспалы мағынадағы сөздерді қолдану, ойын әсерлі, мазмұнды жеткізу	7.2.1.1 мақал-мәтелдер, терминдер мен неологизмдерді орынды қолдана отырып, мәтін мазмұнын дамыту	8.2.1.1 тұрақты тіркестер мен көркемдегіш құралдарды қолданып, ауызша мәтіндер құрау	9.2.1.1 берілген тақырыпқа сай сөздерді орынды қолдана отырып, мақсатты аудиторияға арналған ауызша мәтіндер құрау
2. Сөз мәнері мен сөйлеу этикеті	5.2.2.1 қазақша амандасу мәнері мен ұлттық этикет формаларын пайдалану	6.2.2.1 тақырып бойынша диалогті бастау, жалғастыру, аяқтаудың ұлттық сөз әдебі мен сөйлеу этикеті формаларын білу	7.2.2.1 кеңес беру, ұсыныс жасау, өтініш, талап, ету, бұйрық берудің түрлі формалары мен жағдаяттарына сай ұлттық сөз әдебі мен сөйлеу этикеті формаларын қолдана білу	8.2.2.1 түрлі жанрдағы көркем мәтіндерге сүйене отырып, көңіл-күйді білдіруде ұлттық сөз әдебі мен сөйлеу этикеті формаларын қолдана білу	9.2.2.1 коммуникативтік жағдаяттарға байланысты сөйлеу этикеті формаларын дұрыс таңдай білу
3. Орфоэпиялық нормаларды сақтау	5.2.3.1 ауызша мәтіндер құрауда қазақ тіліндегі төл дыбыстардың дыбысталуын, үндестік заңын ескеріп айту	6.2.3.1 ауызша мәтіндер құрауда сұраулы, хабарлы, лепті және бұйрықты сөйлемдердің интонациялық ерекшелігін ескеріп айту	7.2.3.1 ауызша мәтіндер құрауда екпін түрлерін сөз және сөйлем ішінде орынды қолданып айту	8.2.3.1 ауызша мәтіндер құрауда сөз ішіндегі және сөз аралығындағы ілгерінді, кейінді және тоғыспалы ықпал заңдылықтарын ескеріп айту	9.2.3.1 коммуникативтік жағдаятқа сай сөйлеу тіліндегі интонация, кідіріс, логикалық екпіннің мәнін түсініп, өз ойын жеткізу
4. Мәтіннің негізгі аспектілерін анықтау және талқылау	5.2.4.1 шағын көлемді мәтіндердің мазмұнына жоспар құру, соған сүйеніп	6.2.4.1 шағын көлемді мәтіндегі жеке эпизодтарды сипаттау және тілдік	7.2.4.1 шығармадағы кейіпкерлерге автор берген мінездеменің	8.2.4.1 идеялық жағынан ұқсас мәтіндердегі оқиғалар желісіне	9.2.4.1 шығарманың идеясы мен мазмұнына байланысты

	баяндау	ерекшелігіне салыстыру жасау	тілдік құралдарын талдау	бақылау жасай отырып, мазмұнның дамуын салыстыру және талдау	«автордың ойын» бағалау
5. Сенімді және еркін жауап беру	5.2.5.1 берілген сұрақты дұрыс түсініп, лайықты жауап беру, шағын диалогке қатысу	6.2.5.1 коммуникативтік жағдаят бойынша диалогке қатысушылар өзара түсінісіп, ойларын толықтырып отыру	7.2.5.1 диалогке қатысушылар коммуникативтік жағдаяттың талаптарына сай «сөйлеуші → тыңдаушы» позицияларын еркін ауыстыру	8.2.5.1 пікірталасқа қатысушылар берілген тақырып бойынша өз пікірлерін сенімді дәлелдеу және қойылған сұрақтарға еркін жауап беру	9.2.5.1 сөйлеу барысында түрлі стильде берілген тақырып бойынша қажетті аргументтерді орынды қолдану, диалогте, полилогте сенімді сөйлеу
6. Визуалды материалдар арқылы тілді дамыту	5.2.6.1 тірек сөздерді дұрыс қолданып иллюстрацияларды сипаттау	6.2.6.1 тірек сөздерге сүйеніп, сюжетті суреттердің желісі бойынша әңгіме құрастыру	7.2.6.1 кесте, диаграмма, шартты белгілер, суреттер мен сызбаларда берілген ақпаратты сипаттау	8.2.6.1 кесте, диаграмма, нұсқаулық шартты белгілер мен сызбаларда берілген ақпаратты талдау, баға беру	9.2.6.1 кесте, диаграмма, шартты белгілер мен сызбаларда берілген ақпараттарды өзара салыстырып бағалау

Оқылым

38-кесте

Білім алушылар:					
Дағдылар	Оқыту мақсаттары				
	5-сынып	6-сынып	7-сынып	8-сынып	9-сынып
1. Мәтіндегі ақпаратты анықтау	5.3.1.1 мәтіндегі негізгі ақпаратты анықтау	6.3.1.1 мәтіндегі негізгі және жанама ақпаратты анықтау, өмірдегі кейбір жағдаяттар мен байланыстыру	7.3.1.1 кесте, диаграмма, сызба, шартты белгілер түрінде берілген ақпаратты түсіну, қолдана білу	8.3.1.1 перифраз түрінде берілген сұрақ арқылы қажетті ақпаратты анықтау	9.3.1.1 мәтіндегі ақпараттың өзектілігін анықтау, қорытынды жасау
2. Стильдік ерекшеліктерді анықтау	5.3.2.1 хат, хабарлама,	6.3.2.1 ресми стильдегі	7.3.2.1 ресми - іскерлік	8.3.2.1 публицистикалық стильдің	9.3.2.1 ғылыми стильде

	жарнама мазмұнын түсіну, стильдік ерекшелігін анықтау	мәтіндердің стильдік ерекшелігін анықтау (күнделік, мінездеме, түсініктеме, өмірбаян, түйіндеме)	(өтініш, нұсқаулық, ресми құттықтаулар, ұсыныстар) салаға қатысты мәтіндердің тілдік ерекшелігін анықтап, талдау жасау	(мақала, интервью, қысқа очерк, жолдаулар) тілдік ерекшеліктері арқылы мәтіндердің жанрын анықтау	(аннотация, пікір, тезис, мақала, баяндама, презентация) жазылған еңбектердің тілдік және жанрлық ерекшелігін анықтап, талдау жасау
3.Көркем шығармаларды оқу	5.3.3.1 фольклорлық және шағын көлемді көркем әдеби шығармаларды түсіну, тақырыбын анықтау	6.3.3.1 орта көлемді шығармаларды түсіну, тақырыбы мен негізгі ойды анықтау	7.3.3.1 прозалық және поэзиялық шығармалардағы кейіпкердің іс-әрекетіне немесе лирикалық кейіпкердің образын талдау	8.3.3.1 прозалық және поэзиялық шығармалардың композициялық құрылымын анықтау, кейіпкердің іс-әрекетіне немесе лирикалық кейіпкердің образына баға беру	9.3.3.1 прозалық және поэзиялық шығармалардағы автордың ойы мен көтерілген мәселені анықтап, оқырманға әсерін бағалау
4. Мәтіндерге салыстырмалы талдау жасау	5.3.4.1 мәтіндердің тақырыбын, мазмұндық құрылымын салыстыру	6.3.4.1 мәтіндердің тақырыбына , мазмұндық құрылымына сүйене отырып, түрлерін салыстыру	7.3.4.1 мәтіндердің идеясын, мақсатты аудиториясын салыстырып, талдау жасау	8.3.4.1 мәтіндердің түрлерін, тілдік ерекшеліктерін салыстырып, талдау жасау	9.3.4.1 мәтіндердің стилін, жанрлық ерекшеліктерін салыстырып, талдау жасау
5. Қосымша ақпарат көздерінен алынған мәліметтерді оқу	5.3.5.1 қосымша ақпарат көздерінен тақырыпқа байланысты мәліметтерді ала білу	6.3.5.1 қосымша ақпарат көздерінен тақырыпқа байланысты мәліметтерді мәтін мазмұнымен салыстыру, қарама-қайшы ақпараттард	7.3.5.1 қосымша ақпарат көздерінен алынған мәліметтерді кесте, диаграмма, сызба, шартты белгілер түрінде ұсыну	8.3.5.1 қосымша ақпарат көздерінен алынған мәліметтерді қолдана отырып, мәтінге өзгеріс енгізу, ерекшеліктерді бақылау	9.3.5.1 қосымша ақпарат көздерінен алынған мәліметтерден қорытынды жасау, өз көзқарасын білдіру

		ы анықтау			
6. Өзіндік көзқарасын білдіру және бағалау	5.3.6.1 тақырып бойынша үйренген сөздерін қолдана отырып, мәтінде көтерілген мәселеге өз көзқарасын білдіру	6.3.6.1 тақырып бойынша үйренген сөздерін қолдана отырып, мәтінде көтерілген мәселені шынайы өмірмен байланыстыру	7.3.6.1 тақырып бойынша деректер қолдана отырып мәтінде көтерілген мәселеге өз ойын дәлелдеп жеткізу	8.3.6.1 тақырып бойынша бірнеше мәтінде көтерілген мәселелерді салыстыра отырып, баға беру	9.3.6.1 мәтінде көтерілген мәселені ғаламдық мәселелер мен байланыстыра отырып сыни тұрғыда баға беру

Жазылым

39-кесте

Білім алушылар:					
Дағдылар	Оқыту мақсаттары				
	5-сынып	6-сынып	7-сынып	8-сынып	9-сынып
1. Әртүрлі стильде мәтіндер құрастыру	5.4.1.1 ресми стильдің тілдік ерекшеліктері мен талаптарын дұрыс қолдана отырып, хабарлама, хабарландыру, хат жазу	6.4.1.1 мәтіндердің стильдік ерекшелігін сақтай отырып, күнделік, мінездеме, түсініктеме, өмірбаян жазу	7.4.1.1 мәтіндердің жанрлық және стильдік ерекшелігін сақтап, өтініш, түйіндеме, ресми құттықтаулар жазу	8.4.1.1 мәтіндердің жанрлық және стильдік ерекшелігін сақтап, шағын мақала, пікір, интервью жазу	9.4.1.1 мәтіндердің жанрлық және стильдік ерекшелігін сақтап, шағын мақала, аннотация, шолу, нұсқаулық жазу
2. Эссе жазу	5.4.2.1 эссе құрылымын сақтай отырып, адамды, табиғатты, белгілі бір оқиғаны сипаттап жазу	6.4.2.1 эссе тақырыбының желісінен шықпай, әрбір абзацты жүйелі құрастырып, қажетті мазмұнын ашып жазу	7.4.2.1 эссе құрылымы мен дамуын сақтап, көтерілген мәселе бойынша келісу-келіспеу себептерін айқын көрсетіп жазу	8.4.2.1 эссе құрылымы мен дамуын сақтап, тақырыпқа байланысты берілген мәселенің оңтайлы шешілу жолдарын ұсыну	9.4.2.1 эссе құрылымы мен дамуын сақтап, мәселе бойынша ұсынылған шешімнің артықшылығы мен кемшілік тұстарын салыстыра отырып, өз ойын дәлелдеп

					жазу
3. Көркемдегіш құралдарды қолданып жазу	5.4.3.1 жазба жұмыстарында сипаттау, бейнелеу құралдарын қолданып жазу	6.4.3.1 жазба жұмыстарында теңеу, эпитет сөздерін қолданып жазу	7.4.3.1 жазба жұмыстарында теңеу мен метафораны қолданып жазу	8.4.3.1 жазба жұмыстарында символ мен кейіптеу түрлерін қолданып жазу	9.4.3.1 жазба жұмыстарында афоризмдерді тиімді қолданып жазу
4. Мәліметтерді жинақтау	5.4.4.1 мәліметтерді жинақтай отырып, тақырып бойынша постер жасау	6.4.4.1 мәліметтерді жинақтай отырып, тақырып бойынша постер, сызба-кестелер жасау	7.4.4.1 тақырып бойынша мәліметтерді жинақтап, презентация түрінде ұсыну	8.4.4.1 тақырып бойынша мәліметтерді жинақтап, эссе жазуда тиімді қолдану	9.4.4.1 тақырып бойынша түрлі стильдегі мәтіндер құрауда мәліметтерді жинақтап, дереккөздеріне сілтеме көрсетіп жазу
5. Орфография және пунктуация	5.4.5.1 жазба жұмыстарында жалғаулардың ерекшелігін ескеріп, үндестік заңына сәйкес орфографиялық нормаға сай дұрыс жазу; сөйлем соңында қойылатын тыныс белгілерді орынды қолдану	6.4.5.1 жазба жұмыстарында сөзге қосымша жалғауда үндестік заңын ескеріп, орфографиялық нормаға сай дұрыс жазу; сөйлем соңында қойылатын тыныс белгілерді орынды қолдану	7.4.5.1 тақырып бойынша сөздердің маңызды бөліктерін дұрыс жазу (күрделі сөздер); оқшау сөздерге қойылатын тыныс белгілерді орынды қолдану	8.4.5.1 тақырып бойынша сөздердің маңызды бөліктерін дұрыс жазу (жеке сөздер, бірге, бөлек және дефис арқылы жазылатын сөздер); сөйлем ішінде қойылатын тыныс белгілерді орынды қолдану	9.4.5.1 тақырып бойынша бас әріппен жазылатын күрделі, құрама атауларды дұрыс жазу; сөйлем ішінде қойылатын тыныс белгілерді орынды қолдану

Коммуникативтік құзіреттілік дегеніміз – шынайы диалог, айтыс, келісімдерді, коммуникацияны жүргізу туралы нормалар, ережелер туралы білім жиынтығы. Сондықтан да тілді оқыту сабақтарында тілді жылдам және сапалы игеру үшін міндетті шынайы түрдегі қарым-қатынастар жағдаяттары тудырылуы керек. Мұндай тілдік жағдаяттар тек қана коммуникативтік жаттығулар арқылы жүзеге асырылады. Сондықтан да тілді үйренушілер әр түрлі оқу жағдаяттарына түсіп, тілді саналы түрде игере алады. Тілдің саналы

түрде игерілуі баланың танымдық қабілеті мен таным күштерінің бірігуі арқылы іске асып отырады. Баланың дамуға бейім таным күштерін байқаған мұғалім арнайы жұмыс арқылы оны ұштай түсуі тиіс. Л.С. Выготский былай дейді: «Подобно тому, как садовник определяя виды на урожай, поступил бы неправильно, подсчитав только количество созревших фруктов в саду и не сумев оценить состояние деревьев, не принесших еще зрелого плода, психолог, который ограничивается определением созревшего, оставляя в стороне созревающее, он никогда не может получить сколько-нибудь верного и полного представления о внутреннем состоянии всего развития» [48].

Барлық әдістер өзге тілді білім беру ұйымы білім алушыларының коммуникативтік жаттығулар арқылы қазақ тілінде сөйлеуге қажетті тілдік құралдарды айқын танытын машық-дағдылардың қалыптасуына негіз болуы керек. Коммуникативтік жаттығулар арқылы қазақ тілінде сөйлеуге машықтандыру қазақ тіліндегі сөздердің байланысу тәсілдерінің негізгі қасиеттері мен байланыстарын, қатынастарын айқын танытатындай, сол арқылы синтаксис, одан барып Тіл деген үлкен жүйені танытатындай болып ұйымдасып, содан келіп білім алушының тілді тануы мен қолдануы биік сатыға өсетіндей сипатта болуын қалап отыру керек. Қазақ тіліндегі сөз тіркесінің, сөйлемнің, айтылымдардың топологиялық ерекшеліктерін таныта алатындай сол арқылы сөз тіркесі, сөйлемнің, айтылымның бір жағынан, үлкен тұтастың құраушысы екенін, екінші жағынан, өзі де тұтастық сипатқа ие екенін білім алушы саналы меңгеретіндей қолдануы керек.

Тілдік бағдар

40-кесте

Білім алушылар:					
Дағдылар	Оқыту мақсаттары				
	5-сынып	6-сынып	7-сынып	8-сынып	9-сынып
1. Сөз таптары	5.5.1.1 мәтіндерден жалпы және жалқы есімдерді ажырата білу, жалғау түрлерін дұрыс жалғау	6.5.1.1 мәтіндерден деректі және дерексіз зат, көптік мәнді есімдерді ажырата білу, жазбаша, ауызша жұмыстарда қолдану	7.5.1.1 мәтіндерден көмекші есімдерді ажырата білу, жазбаша, ауызша жұмыстарда қолдану	-	-
	5.5.1.2 лексикалық мағынасы жағынан заттың түрін, түсін сапасын білдіретін сын есімдерді ажырата білу,	6.5.1.2 лексикалық мағынасы жағынан заттың сипатын, көлемін, салмағын, аумағын	7.5.1.2 Салыстырмалы, күшейтпелі, асырмалы шырайлардың қызметін білу, жазба, ауызша	-	-

	жазба, ауызша жұмыстарда қолдану	білдіретін сын есімдерді ажырата білу, жазба, ауызша жұмыстарда қолдану	жұмыстарда қолдану		
5.5.1.3	сан есім (бірліктер, ондықтар, жүз, мың) атауларын білу, орынды қолдану	6.5.1.3 реттік сан есімдер мен жинақтық сан есімдерді жазба, ауызша жұмыстарда орынды қолдану	7.5.1.3 топтау сан есімдерін жазба, ауызша жұмыстарда орынды қолдану	8.5.1.1 болжалдық және бөлшектік сан есімдерді жазба, ауызша жұмыстарда орынды қолдану	
5.5.1.4	жіктеу, сілтеу, сұрау есімдіктерін жазба, ауызша жұмыстарда орынды қолдану	6.5.1.4 өздік, болымсыздық, белгісіздік, жалпылау есімдіктерін жазба, ауызша жұмыстарда орынды қолдану.	7.5.1.4 одағай түрлерін мәтіннен ажырата алады, ауызша жұмыстарда орынды қолдану	8.5.1.2 еліктеу сөздерді ауызша және жазба жұмыстарда орынды қолдану	
5.5.1.5	болымды, болымсыз етістіктерді ауызша және жазба жұмыстарда орынды қолдану	6.5.1.5 етістіктің шақтарының (нақ осы шақ, ауыспалы осы шақ, жедел өткен шақ, ауыспалы келер шақ) қызметін білу, ауызша және жазба жұмыстарда қолдану	7.5.1.5 етістіктің шақтары (бұрынғы және ауыспалы өткен шақ, мақсатты және болжалды келер шақ) мен қалау райдың қызметін білу, ауызша және жазба жұмыстарда қолдану	8.5.1.3 етістіктің шартты рай және бұйрық рай қызметін білу, ауызша және жазба жұмыстарда орынды қолдану	9.5.1.1 өздік, өзгелік, ортақ және ырықсыз етістің қызметін білу, ауызша және жазба жұмыстарда орынды қолдану
5.5.1.6	мекен және мезгіл үстеулерді	6.5.1.6 сын-қимыл (бейне) және мөлшер	7.5.1.6 мақсат және себеп-салдар үстеулерді	8.5.1.4 күшейткіш үстеулерді	9.5.1.2 мекен және мезгіл үстеулерді

	ауызша және жазба жұмыстарда орынды қолдану	үстеулерді ауызша және жазба жұмыстарда орынды қолдану	ауызша және жазба жұмыстарда орынды қолдану	і ауызша және жазба жұмыстарда орынды қолдану	ауызша және жазба жұмыстарда орынды қолдану
	5.5.1.7 ыңғайластық қатынасты білдіретін және қарсылықтық қатынасты білдіретін жалғаулықтардың қызметін білу, ауызша және жазба жұмыстарда орынды қолдану	6.5.1.7 талғаулықты немесе кезектестік мәнді білдіретін және себеп-салдарлық қатынасты білдіретін жалғаулықтардың қызметін білу, ауызша және жазба жұмыстарда орынды қолдану	7.5.1.7 септеулік шылаулардың қызметін білу, ауызша және жазба жұмыстарда орынды қолдану	8.5.1.5 демеулік шылаулардың қызметін білу, ауызша және жазба жұмыстарда орынды қолдану	9.5.1.3 ыңғайластық қатынасты білдіретін және қарсылықтық қатынасты білдіретін жалғаулықтардың қызметін білу, ауызша және жазба жұмыстарда орынды қолдану
2. Сөйлем	5.5.2.1 жазба жұмыстарында хабарлы, сұраулы, лепті, бұйрықты сөйлемдердің жасалу жолдарын білу, құрастыру	6.5.2.1 жазба жұмыстарында сөйлемдегі сөздердің орын тәртібін сақтай отырып жай сөйлем құрастыру	7.5.2.1 жазба жұмыстарында ыңғайлас, қарсылықты, түсіндірмелі салалас құрмалас сөйлемдерді құрастыру	8.5.2.1 жазба жұмыстарында себеп-салдар, талғаулы, кезектес салалас құрмалас сөйлемдерді құрастыру	9.5.2.1 жазба жұмыстарында (шартты, қарсылықты, мезгіл, себеп, қимылсын, мақсат бағыныңқы) сабақтас құрмалас сөйлемдерді құрастыру

«Қазақ тілі және әдебиеті» оқу пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы ұзақ мерзімді жоспарға сәйкес жүзеге асырылады. Ұзақ мерзімді жоспарда барлық сынып бойынша әр тарауда қамтылуы тиіс оқу мақсаттарының көлемі белгіленген. Тоқсандағы бөлімдер мен бөлімдер ішіндегі тақырыптар бойынша сағат сандарын бөлу мұғалімнің еркіне қалдырылады.

Шет тілін игеру деңгейін бағалаудың жалпыеуропалық жүйесі бойынша В1, В2 деңгейлеріне жету үшін білім алушылар осы Үлгілік оқу бағдарламасының қосымшасына сәйкес оқу басылымдарында көрсетілген лексикалық-грамматикалық минимумды игереді. Білім алушылардың сөйлеу дағдылары (тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым) дамыту әртүрлі тақырыптар аясында жүзеге асады: күнделікті-тұрмыстық, әлеуметтік-мәдени, оқу-еңбек, әлеуметтік-қоғамдық тақырыптар.

«Қазақ тілі және әдебиеті» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасын жүзеге асыру бойынша ұзақ мерзімді жоспар үлгісі.

5-сынып:

41-кесте

Тақырыпта р	Көркем шығармалар	Коммуника -тивтік дағдылар	Оқыту мақсаттары
1-тоқсан (45 сағат)			
Отбасындағы дәстүр мен мерекелер	М.Мақатаев «Токта, ботам!» өлеңі	Тыңдалым	5.1.1.1 тақырыпты тірек сөздер арқылы болжау; 5.1.3.1 күнделікті тұрмыстық тақырыптарға байланысты жаңа сөздер мен тірек сөздердің мағынасын түсіну
		Айтылым	5.2.3.1 ауызша мәтіндер құрауда қазақ тіліндегі төл дыбыстардың дыбысталуын, үндестік заңын ескеріп айту; 5.2.2.1 қазақша амандасу мәнері мен ұлттық этикет формаларын пайдалану
		Оқылым	5.3.1.1 мәтіндегі негізгі ақпаратты анықтау; 5.3.3.1 фольклорлық және шағын көлемді көркем әдеби шығармаларды түсіну, тақырыбын анықтау
		Жазылым	5.4.5.1 жазба жұмыстарында жалғаулардың ерекшелігін ескеріп, үндестік заңына сәйкес орфографиялық нормаға сай дұрыс жазу; сөйлем соңында қойылатын тыныс белгілерді орынды қолдану; 5.4.4.1 мәліметтерді жинақтай отырып, тақырып бойынша постер жасау
		Тілдік бағдар	5.5.1.1 мәтін құрауда жалғау түрлерін дұрыс жалғау
Мектеп өмірі. Әдепті бала - арлы бала	Б.Соқпақбаев «Менің атым Қожа» повесі (үзінді)	Тыңдалым	5.1.2.1 тыңдалған мәтіннің негізгі мазмұнын түсіну және нақты ақпаратты анықтау; 5.1.5.1 тірек сөздер, жетекші сұрақтар арқылы негізгі тақырыпты анықтау
		Айтылым	5.2.2.1 қазақша амандасу мәнері мен ұлттық этикет формаларын пайдалану; 5.2.5.1 берілген сұрақты дұрыс түсініп, лайықты жауап беру, шағын диалогке қатысу
		Оқылым	5.3.2.1 хабарлама мазмұнын түсіну,

			стильдік ерекшелігін анықтау; 5.3.5.1 қосымша ақпарат көздерінен тақырыпқа байланысты мәліметтерді ала білу
		Жазылым	5.4.1.1 ресми стильдің тілдік ерекшеліктері мен талаптарын дұрыс қолдана отырып, хабарлама жазу; 5.4.2.1 эссе құрылымын сақтай отырып, адамды, табиғатты, белгілі бір оқиғаны сипаттап жазу
		Тілдік бағдар	5.5.1.1 мәтіндерден жалпы және жалқы есімдерді ажырата білу
Қазақстандағы жан - жануарлар мен өсімдіктер әлемі	Жан - жануарлар туралы ертегілер, жұмбақтар	Тыңдалым	5.1.4.1 фольклорлық және шағын көлемді көркем әдеби мәтіндердің мазмұнын түсіну; 5.1.6.1 тыңдалым материалдарының мазмұны негізінде сұрақтарға жауап беру
		Айтылым	5.2.6.1 тірек сөздерді дұрыс қолданып иллюстрацияларды сипаттау; 5.2.5.1 берілген сұрақты дұрыс түсініп, лайықты жауап беру, шағын диалогке қатысу
		Оқылым	5.3.3.1 фольклорлық және шағын көлемді көркем әдеби шығармаларды түсіну, тақырыбын анықтау; 5.3.5.1 қосымша ақпарат көздерінен тақырыпқа байланысты мәліметтерді ала білу
		Жазылым	5.4.3.1 жазба жұмыстарында сипаттау, бейнелеу құралдарын қолданып жазу; 5.4.4.1 мәліметтерді жинақтай отырып, тақырып бойынша постер жасау
		Тілдік бағдар	5.5.1.2 лексикалық мағынасы жағынан заттың түрін, түсін сапасын білдіретін сын есімдерді ажырата білу, жазба, ауызша жұмыстарда қолдану

«Қазақ тілі мен әдебиеті» пәні бойынша «оқылым» дағдыларын дамытуға арналған әдіс-тәсілдер үлгісі

Оқылым рецептивті (қабылдаушы) дағдылар қатарына жатады. Яғни оқылым дағдысы мәтінді жазу, айтуда гөрі, оған жауап қайтару немесе мақсатқа сай әрекет етуді білдіреді. Қарапайым тілмен айтқанда жазба тілдегі мәтінді түсіну. Ол үшін біз мәтін тілін сөздер деңгейінде, сөйлем деңгейінде және тұтастай мәтін деңгейінде түсіне алуымыз қажет [65]. Сонымен қатар мәтінде берілген ақпараттарды түсіну үшін ғалам туралы білімімізді қолданамыз.

Оқылымның негізгі дағдылары:

Мазмұнын түсіну үшін оқу немесе көз жүгіртіп оқу (skimming) – мәтіндегі жалпы идеяны түсіну үшін тез оқып шығу.

Нақты ақпараттарды табу үшін оқу (Scanning) – мәтін ішіндегі ақпараттарды тауып алу үшін оқу, яғни ол үшін тұтас мәтінді түсініп оқу, мазмұнын білу маңызды емес. Мысалы, мәтіннен қажет пайыздық көрсеткіштерді, жылдарды немесе қажетті сөздерді тауып алу.

Детальді түрде оқу - әрбір сөздің мағынасын түсіну үшін мәтінді сөзбе-сөз оқу. Мысалы, келісімшарттағы талаптарды немесе нұсқауларды түсіну үшін сөзбе-сөз оқимыз.

Сөз мағынасын контекстен ажырату - мәтін ішіндегі таныс емес сөздің мағынасын түсіну (болжау) үшін, оның айналасындағы сөздер мен сөйлемге назар аудару.

Мәтін құрылымын түсіну – мәтін құрылымының ұйымдастырылуын түсіну. Мысалы, кіріспе бөлім, негізгі бөлім, қорытынды бөлім.

Болжай білу – оқылым тапсырмасы алдында қолданылатын тәсіл. Білім алушылар мәтінді оқымас бұрын оның мазмұны мен көтеретін мәселесі жөнінде ойланyp, талқылап көреді. Ол үшін олар мәтін тақырыбына, оған берілген суретке қарап болжай отырып, сол тақырыпта өз білімдерін қолданады. Бұл тәсіл мәтінді оңай түсінуге көмектеседі.

Мәтін түрлерін ажырата білу – әр мәтіннің өзіне тән ерекшелігін, ұйымдастырылуын, стилін ажырата білу. Мәтін түрлері: хат, мақала, жарнама, әңгімелер, поэма, құттықтау қағазы, ақпараттық брошюра, үнпарақ (листовка), хабарландыру, т.б.

Экстенсивті оқылым – үлкен көлемді мақала немесе шығармаларды (роман, әңгіме) оқу.

Интенсивті оқылым – мәтіндегі сөйлемдердің грамматикалық құрылымын, белгілі бір тақырыпқа арналған сөздерді талқылау үшін оқу. Мұндағы мақсат білім алушылардың тілді дұрыс қолдана білудегі білімін арттыру.

Оқылымға арналған сабақ құрылымы төмендегідей:

Оқылым алдындағы тапсырма: мәтін тақырыбын ашуға бағытталған жаттығулар, сөздерді алдын ала үйрету, мәтін мазмұнын болжауға байланысты сұрақтар қою.

Оқылым тапсырмасы: әртүрлі оқылым дағдыларын дамытуға арналған жаттығулар (сұрақтар). Алғашқы жаттығулар жалпы мазмұнын түсінуге бағытталса, кейінгі жаттығулар нақты ақпаратты табуға арналуы тиіс.

Оқылымнан кейінгі тапсырма: мәтінде көтерілген мәселеге, ақпараттарға байланысты талқылау сұрақтары. Мұндағы сұрақтар олар үйренген жана сөздерді, мәтінде кездестірген сөздерді қолдана отырып, жауап бере алатындай ұйымдастырылуы қажет. Сонымен қатар сұрақтар білім алушылардың өмірлік тәжірибесімен де байланысып, өз көзқарастарын білдіруге мүмкіндік бере алатындай жасалуы керек.

«Қазақ тілі мен әдебиеті» пәні бойынша «тыңдалым» дағдыларын дамытуға арналған әдіс-тәсілдер үлгісі

Тыңдалым оқылым сияқты рецептивті дағдылар қатарына жатады. Тыңдалым дегеніміз тілге сай әрекет ету, яғни тілдің дыбыстық мағынасын

түсіну. Ол үшін біз контекстіні, тілді және ғалам туралы білімізді пайдаланамыз. Тыңдалым ауызекі сөйлеу тілін қамтығандықтан, оның тілі жазба тілден өзгеше болып келеді [65].

Тыңдалым түрлері:

Әңгімелесу (диалог), әңгімелер (оқиға), хабарландыру, әндер, нұсқау, лекция және жарнама және т.б.

Тыңдалым келесі дағдылардан тұрады:

Мазмұнын түсіну үшін тыңдау – жалпы мазмұнын, идеясын түсіну үшін тыңдау.

Нақты ақпараттарды алу үшін тыңдау - тыңдалымдағы қажетті ақпараттарды алу үшін тыңдау. Мысалы, теміржол вокзалында өзіңізге қажет уақытты немесе пойызды білу үшін сол ақпаратты ғана тыңдайсыз, басқа ақпаратты қажет қылмайсыз.

Детальді түрде тыңдау- әрбір сөздің мағынасын түсіну үшін әрбір сөзін зер салып тыңдау, түсіну. Мысалы, маңызды жаңалықтарды айтып жатырған кезде оны дұрыс түсіну үшін әрбір сөзін мұқият тыңдап шығасыз.

Сөйлеушінің қарым-қатынасын анықтау үшін тыңдау – сөйлеушінің көңіл-күйін не айтқысы келіп отырғанын түсіну үшін тыңдау.

Интенсивті тыңдалым – сөйлеу барысындағы сөйлемдердің грамматикалық құрылымын, белгілі бір тақырыпқа арналған сөздерді талқылау үшін тыңдау. Мұндағы мақсат – білім алушылардың тілді дұрыс қолдана білудегі білімін арттыру. Мысалы, белгілі бір грамматикалық тақырыптарды өткен кезде тыңдалымды пайдалану, бірақ бұл жерде басқа дағдыларды араластырмайсыз.

Экстенсивті тыңдалым - үлкен көлемді мақала немесе шығармаларды (роман, әңгіме) тыңдау.

Тыңдалымға арналған сабақ жүйесінің мысалы:

1. Тыңдалым алдындағы тапсырма: тақырыпты таныстыру; тыңдалымдағы маңызды сөздерді үйрету; тақырыпқа қатысты сұрақтар құра отырып, сол тақырыптағы білім алушы білімін қозғау.
2. Тыңдалым тапсырмасы: әртүрлі тыңдалым дағдыларын қалыптастыруға арналған жаттығулар тобы; олар жалпы мазмұнын түсінуден бастап, детальді түсінуге бағытталады.
3. Тыңдалымнан кейінгі тапсырма: тыңдалымдағы тақырып туралы сұрақтардан тұрады және ол сұрақтарға өз көзқарастарын білдіре отырып, тәжірибелерімен байланыстыра отырып жауап берулері тиіс. Сонымен қатар сұрақтар жауап беру барысында тыңдалымдағы сөздерді пайдалана алатындай құрылуы қажет.

«Қазақ тілі мен әдебиеті» пәні бойынша «айтылым» дағдыларын дамытуға арналған әдіс-тәсілдер үлгісі

Айтылым тілдік төрт дағдының бірі және ол жазылым сияқты продуктивті дағдылар қатарына жатады. Яғни тілді қабылдап үйренуден гөрі оны қолдану, сөйлеу көрініс тауып отырады. Қарапайым тілмен айтқанда, айтылым дегеніміз – өзге адамдармен қарым-қатынасқа түсу барысында ойымызды жеткізу үшін тілдік бірліктерді қолдану [65]. Сөйлесу барысында кейбір біз әрекеттерді жиі

қолданамыз және олардың тізімі төмендегідей:

1. Сөздерді дыбыстау
2. Сұрақтарға жауап беру
3. Интонацияны қолдану
4. Бірнәрсені түсінбеген жағдайда түсіндіріп беруді өтіну
5. Сөйлеген сөзін бақылау және өзін-өзі түзетіп отыру
6. Пікірталасқа қатысу
7. Сөйлеу барысында қажетті стильді қолдану
8. Диалогке қатысу (әңгімеге араласу)
9. Адамдармен сәлемдесу
10. Сөйлеу сөзін жоспарлау (презентация жасау барысында)
11. Жест, мимиканы қолдану
12. Ақпаратты сұрау немесе айту
13. Грамматикалық бірліктерді қолдану
14. Сөз және сөйлем екпінін қолдану
15. Сөйлеуші сөзін аяқтаған кезде, кезек алып сөз бастау
16. Оқиғаларды баяндап беру
17. Тілді сауатты қолдану
18. Сөйлемді қайта құрастыру (перифраза), яғни бірнәрсені айтып берудің басқа жолын қарастыру.
19. Сөйлеушінің сөзін бөлу
20. Сөйлеу барысында кідіріс жасап отыру.

Жоғарыда айтылған тізімнен шығатын айтылымның дағдылары мынадай:

- тілдік бірліктер мен құрылымдарды және қарым-қатынасқа түсу интенция (қарым-қатынасқа түсу себебі мен мақсаты, мысалы: сәлемдесу, кеңес беру, кешірім сұрау, т.б.) қолдана білу;
 - Сөйлеу барысында қажетті стильді таңдай білу;
 - Сөздерді дыбыс үндестігінің ерекшелігіне сай айта білу;
 - Вербальді емес техникаларды қолдана білу (ым-ишара, мимика);
 - Мәтін түрлерін (сипаттау, әңгімелеу, пайымдау) құра білу;
 - Ауызша флуенттілік (нормаға сай жылдамдықта, аздаған кідіріспен, қайталаулармен өзін-өзі түзете отырып сөйлесе білу және дыбыс үндестігін табиғи түрде қолдана білу);
 - Интерактивтік стратегияларды (сөйлесу барысында адамдарды қызықтырып, тілдесуге тартудың жолдарын білу) пайдалана білу.
- Айтылымның ерекшелігін білу мұғалімге оны терең дамытуға, әртүрлі әдіс-тәсілдерді қолдана отырып сабақты жоспарлауға мүмкіндік береді.

Айтылымға арналған сабақ құрылымы төмендегідей:

1. Кіріспе: сабақ тақырыбын таныстыру және сол сабаққа қажетті жаңа сөздерді немесе тілдік форманы үйрету.
2. Негізгі бөлім: Жаңадан үйренген сөздерді немесе тілдік форманы жаттықтыруға арналған тапсырмалар. Бұл жаттығулар бақылауға алынған практикалық жұмыстардан бастап, жартылай бақылауға алынған практикалық

жаттығуларды қамтуы мүмкін. Оның барлығы сынып деңгейі мен сабақ мазмұнына байланысты.

3. Бекіту бөлімі: білім алушыларға тақырып аясында еркін сөйлеуге және үйренгендерін қолдануға мүмкіндік беретін тапсырмалардан тұрады.

«Қазақ тілі мен әдебиеті» пәні бойынша «жазылым» дағдыларын дамытуға арналған әдіс-тәсілдер үлгісі

Жазылым продуктивті дағдылар қатарына жатады. Яғни продуктивті дағды дегеніміз тілді қолданып сөйлеу немесе жазу. Қарапайым тілмен айтқанда, жазылым хабарды қағаз бетіне түсіруді қамтамасыз етеді. Жазу арқылы коммуникацияға түсу үшін біз әріптер мен сөздерді пайдалана отырып, сөйлем құрай алуымыз керек, ал сөйлемдерді топтастыру арқылы біздер өз ойымызды жеткізе аламыз [65]. Жазылым түрлеріне мыналарды жатқызуға болады: тізім жасау, құттықтау қағазы, электрондық хат, күнделік, хабарлама, әңгімелер, эссе және т.б.

Әр жазылымның өзіне сай ерекшелігі болады: жазу стилінің деңгейлері: ресми (ғылыми, іс қағаздар стилі) және бейресми (ауызекі сөйлеу сөздері, хабарламалар); қағаз бетінде орналасу тәртібі; ақпараттарды орналастыру реті; мәтіннің құрылымы.

Жазылымның дағдыларын екі топқа бөліп қарастыруға болады. Біріншісі – сауаттылық, ал екінші тобы – идеяны (ойды) жеткізе білуі.

Сауаттылыққа қатысты дағдылар:

1. Орфографиялық қатесіз жазу;
2. Әріптерді дұрыс және қосып жаза білу;
3. Пунктуацияны дұрыс қолдану;
4. Қағаз бетіне дұрыс орналастыра білу;
5. Сөздерді дұрыс таңдай білу;
6. Грамматиканы дұрыс қолдану;
7. Сөйлемдерді дұрыс байланыстыра білу;
8. Абзацты (жаңа азат жолдан басталған, бір идеяға ғана негізделген көлемділеу жазылым бөлігі) дұрыс ұйымдастыра білу.

Идеяны жеткізе білуге қатысты дағдылар:

1. Стильді дұрыс таңдай білу;
2. Идеяларды жүйелі ұйымдастыра білу;
3. Мәтін түрлерінің ерекшеліктерін қолдана білу және мағынасын жеткізе білуде қажетті интенцияларды пайдалана білу. Интенцияға сендіру, шағымдану, өтініш білдіру, алғыс айту, қысқарту (бірнеше сөздермен негізгі идеяларға тоқталу), қорытындылау жатады.

Жазылымда қарастырылатын тағы да бір екі аспект - үйлесімділік пен жүйелілік.

Үйлесімділік дегеніміз сөйлеу және жазу тілінде грамматикамен сөздердің логикалық үйлесімде болуы. Ал үйлесімділік құралдарына үстеулер (кейін, сосын, келесі); есімдіктер (ол, сол, бұл,); шылаулар (дегенмен, әйткенмен, себебі), т.б. жатқыза аламыз.

Жүйелілік дегенге келетін болсақ, ол оқырманға түсінікті болу үшін жазу тіліндегі идеялардың жүйелі және логикалық дұрыс байланыста болуы.

Сыныпта белгілі бір жазылым тапсырмасын толық орындау үшін бірнеше қадамдар жасалады:

1. Әуелі жазғың келетін нәрсенің мақсатын анықтап алу (тақырып, идея, оқырман, стиль, жанр).
2. Ойыңды дұрыс жеткізуді жоспарлау.
3. Шимай нұсқасын (өзгертілуі мүмкін жазылым түрі) жазып көру.
4. Түзету (қателерді түзету және мазмұнын толықтыру).
5. Тексеріп шығу (сауаттылыққа тексеру және түзеу).
6. Дұрыс нұсқаны (екінші немес соңғы нұсқаны жазып шығу) жазу.

Жазылымды үйретудің бірнеше жолдары бар. Солардың ең бастылары продуктивті жазылым және процесті жазылым.

Егер үлгі беру арқылы жазылымды үйретсек, мұны продуктивті жазылым деп атаймыз. Яғни білім алушыларды жазылым түрлерінің үлгісімен таныстырып, мәтінмен жұмыс жасатуы керек. Белгілі бір жазылым мәтіні, оның мазмұны, лексикасы, стилі және құрлымымен таныстырып, талдау жасату керек. Сонымен қатар үлгілер білім алушыға қалай жазуы керек туралы идеяны да береді.

Ал егер де мұғалім білім алушыларға жазылымның барлық қадамдарымен жұмыс жасауды қамтамасыз етсе, бұл процесті жазылым деп аталады. Толығырақ айтқанда, білім алушыларға тақырыпты талқылаудан бастап, жазылымды жоспарлау, алғашқы нұсқасын жаздырту, түзету, тексеруге, соңғы нұсқасына дейін орындата отырып, белгілі бір мәтінді құрастырту. Бұл білім алушыларға жазылымның әртүрлі аспектілерін кез келген уақытта жаза білуге дағдыландырады. Мысалы, жоспарлау кезеңінде идеяларды ойлап табады және ұйымдастырады, алғашқы нұсқасын жазу кезеңінде өз ойларын жеткізу үшін қажетті сөздерді, сөйлем құрылымдарын іздейді, түзету және тексеру кезеңінде мәтін құрылымы, сауаттылығы, ондағы идеяларды бағалайды, яғни өз жұмысының артықшылығы мен осал тұстары туралы ойлануға мүмкіндік береді.

«Қазақ тілі мен әдебиеті» пәні бойынша «тілдік бағдар» дағдыларын дамытуға арналған әдіс-тәсілдер үлгісі

Тілдік жаттығулар қажетті тілдік бірліктерді саналы түрде қолдану дағдысын қалыптастыруға бағдарланып таңдалады. Ол жағдайларды жаттығулардың түрлеріне қарай, мынадай тапсырмалар беріледі [57]:

- аудио және бейнетаспалардан дыбыстардың айтылуын тыңдау, қайталау;
- естіген сөздерді дыбыстарға бөліп жазу;
- сөздерді буынға бөлу;
- естіген сөйлемдегі сөздердің санын анықтау, т.б.
- сөздерді семантикалық класына қарай кестелерге жазу;
- мәтіннен теріп жазылған сөздерді сөз таптарына ажыратып жазу;

- суреттерді мәтінге сәйкес орналастыру;
- мәтіннен ортақ түбірлі сөздерді теріп жазу;
- сөйлемдегі бір сөйлем мүшесін басқа сөйлем мүшесімен ауыстыру;
- берілген сөйлемдерді айтылу мақсатына қарай ажыратып айтып шығу;
- сөйлемді оқып, оған түрлі типтегі сұрақтар қою;
- сөйлем фрагменттерін қосып, оқып шығу;
- берілген сөздердің тізімінен қажет сөздерді алып, сөйлемге қойып шығу;
- диалогке жетіспейтін сөздерді қойып шығу;
- сөйлемді берілген үлгімен қысқарту;
- естіген сөйлемді жаңа сөздерді пайдалана отырып, қайта құрып шығу;
- сөйлемге берілген фразеологиялық бірліктерді қолдана отырып, қажет өзгерістер енгізу, т.б.

Грамматикалық бірліктерді алғашқы бекітуге арналған жаттығуларда берілетін тапсырмалар түрлері. Бұл кезеңде грамматикалық құрылымдардың мағынасы, форма түзілуі және қолданылуы бағытында жұмыстар жасалады:

- берілген сөйлемге қажет формадағы етістікті қою;
- белгілі бір грамматикалық формасы бар жай сөйлемдерді көшіріп жазу;
- берілген үлгі бойынша грамматикалық форма жасау, оны сөйлемде қолдану;
- сөйлемдерден берілген грамматикалық формадағы сөздерді теріп жазып, олардың белгілерін атау;
- берілген ситуацияда қолданылатын грамматикалық форманы табу;
- белгілі бір проблема бойынша келісу-келіспеуін білдірудегі грамматикалық форманы қолдану.

Коммуникативтік жаттығулар арқылы білім алушының қазақ тілін өзінің қарым-

қатынас тілі ретінде қолдану дағдылары қалыптасады. Осыған байланысты білім алушының сөйлеу қызметінің (тыңдау, сөйлеу, оқу және жазуда) барлық түрінде коммуникативтік құзыреттілігі қалыптасады.

Оқу жетістіктерін бағалау тұғырлары

«Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнін меңгерудегі нәтижелерді бағалау критериалды бағалау жүйесін қолданумен жүзеге асырылады.

Критериалды бағалау – білім алушылардың оқудағы жетістіктерін нақты анықталған бағалау критерийлермен салыстыруға негізделген (білім алушылар, мектеп әкімшілігі, педагогикалық қызметкерлер, ата-аналар және басқа заңды өкілдер) мен білім алушылардың оқу-танымдық қабілеттерін қалыптастыруға көмектесетін және негізгі орта білім беру мазмұны мен мақсаттарына сәйкес келетін бағалау үдерісі.

Критериалды бағалау оқыту, оқу және бағалаудың өзара тығыз байланысына негізделген. Критериалды бағалау нәтижелері білім беру үдерісін тиімді жоспарлау мен ұйымдастыру мақсатында пайдаланылады.

Негізгі білім беру ұйымындағы критериалды бағалау жүйесі қалыптастырушы бағалау мен жиынтық бағалауды қамтиды.

Қалыптастырушы бағалау – бұл білім алушылардың жаңа материалды

меңгеру кезінде тапсырманы орындау, оқу мақсаттары мен күтілетін нәтижелерді қаншалықты дұрыс жеткендігін түсінуге мүмкіндік беретін, күнделікті сабақта және/немесе үйде жұмыс жасау дағдылары мен білімдерінің меңгеру деңгейін анықтайтын, оқу барысында мұғалім мен білім алушы арасындағы жедел өзара байланысты жүзеге асыратын бағалау.

Жиынтық бағалау – білім алушылардың тоқсандағы оқу бөлімдері бойынша және білім деңгейін аяқтау кезіндегі оқу бағдарламасын меңгерудегі дағдыларының қалыптасуы мен меңгерген білім деңгейлерін анықтайтын бағалау. Сөйлесім әрекетінің түрлері бойынша оқу материалдарына қойылатын талаптар:

42-кесте

Сынып	Тыңдалым		Оқылым	Жазылым	Айтылым	
	Тыңдалым ұзақтығы	Мәтіндегі сөз саны			диалог	монолог
5	2-4 мин	150-200 сөз	150-200 сөз	60-100 сөз	4-6 сөйлем	4-6 сөйлем
6	2-5 мин	150-300 сөз	150-250 сөз	100-140 сөз	6-8 сөйлем	6-9 сөйлем
7	3-6 мин	200-400 сөз	200-300 сөз	140-180 сөз	8-10 сөйлем	9-11 сөйлем
8	3-7 мин	200-500 сөз	200-350 сөз	180-200 сөз	8-11 сөйлем	9-12 сөйлем

Мониторинг әдістемесі мен зерттеу құралдарына жалпы шолу

Мониторинг (monitor) – ағылшын тілінен аударғанда «белгілі бір уақыт аралығында белгілі бір нәрсенің сапасын немесе дамуын тексеру және бақылау» деген мағынаны білдіреді. Мониторинг – ұзақ уақыт белгілі бір мақсат негізінде жинақталған, сақталған ақпараттарды өңдеу, субъектілерді ақпарат нәтижесімен қамтамасыз ететін кері байланыс. Мониторинг қызметі негізінен мақсатты айқындау, ұйымдастыру, ақпаратты өңдеу, шешім қабылдау және болжам жасау кезеңдерінен тұрады.

Мониторинг арқылы келесі бағыттағы шараларды ұйымдастыруға болады:

- белгілі бір саладағы маңызды мәселелер бойынша жүйелі және үздіксіз ақпарат жинақтау;
- белгілі бір жүйе және оның құрамдас бөліктеріне сараптама жасау үшін мәліметтерді жинау, өңдеу, сақтау және тарату;
- өзгерісте енгізу, түзету және нақтылау үшін белгілі бір процесті бақылау, шешімдер қабылдау.

Мониторинг арқылы атқарылатын қызмет түрлері:

1. Бақылау барысына түзетулер енгізу.
2. Мәселерді анықтау және олардың себептерін зерттеу, шешімін табуға ықпал ету.
3. Аралық міндеттердің орындалу сапасын анықтау, түпкілікті нәтижені болжау.
4. Процесті жақсарту үшін тиімді шешімдер қабылдау.

Мониторингтің зерттеу әдістері

Мониторингтің зерттеу әдісі ретінде *сандық, сапалық зерттеу* немесе екеуінің қосындысы ретінде *аралас зерттеуді (mixed method)* басшылыққа алуға болады [66]. Сандық зерттеу құралдарына сауалнама, жабық тест, белгілі бір критерийге/өлшемге негізделген сабақты бақылау құралдарын жатқызуға болады. Ал сапалық зерттеуге мұғалімдермен, мектеп әкімшілігімен, білім алушылармен өткізілген сұхбатты (интервью) және ашық формаға негізделген сабақты бақылау парағын жатқызуға болады. Егер мониторингке аралас зерттеу таңдалса, сандық және сапалық тәсілдердің нәтижелері бойынша триангуляция жасалып, мәселер арасындағы байланыс анықталу керек.

Зерттеу құралдарын жоспарлау үлгісі

43-кесте

Мектепке бару кезіндегі зерттеу әдістерінің негіздемесі: (Қандай зерттеу әдісі таңдалды? Ол не үшін тиімді? Шектеулері қандай?)	
Сабақты бақылау (қандай формада жүргізіледі?)	
Білім алушылармен сұхбат (зерттеу топтары/жеке қатысушылар бойынша)	
Мұғалімдермен сұхбат (зерттеу топтары/жеке қатысушылар бойынша)	
Құжаттарды зерттеу (құжат түрлері бойынша)	
Триангуляция (сандық және сапалық зерттеу нәтижелері арасында байланыс орнату)	

Зерттеудегі шектеулер

Кез келген зерттеудің шектеулері болады. Олар уақыт, ресурс, қандай бір сыртқы факторларға байланысты болуы мүмкін. Мысалы, сабақты бақылауға шектеулі күннің берілуі, мониторинг жасау үшін белгілі бір мектептердің таңдалуы немесе белгілі бір кезеңнің қамтылуы (жыл басы, жыл соңы) және т.б. Сондықтан мониторинг жоспарланған кезде оның шектеулері міндетті түрде көрсетілуі керек. Себебі мониторинг есебімен танысқан мамандарда зерттеу әдістері мен құралдары және нәтижелері бойынша сұрақтар туындауы мүмкін.

Дайындық кезеңі

Мониторингке дайындық кезеңі мониторинг әдістемесін дайындау, зерттеу тақырыбын таңдау, жауапты ұйымдастырушы топты жасақтау, мониторинг бағдары мен проблемалық бағыттарын анықтау, уақытты белгілеу, мақсаттары мен міндеттерін айқындау, мониторинг шараларының графигі мен бағдарламасын дайындау, сандық/сапалық тәсілдер негізінде деректерді жинау құралдарын әзірлеуден құралады.

Жеке бағдарлама үлгісі

Ұйым	
Қызметкерлердің аты-жөні, лауазымы	
Іс-шара атауы	
Негіздеме	
Пән	
Тақырып	
Мониторинг бойынша зерттеу жұмыстарының мақсаты	
Міндеттері	
Жалпы шолу	
Гипотеза (егер сандық зерттеу болса)	
Орталық феномен/мәселе (егер сапалық зерттеу болса)	
Мақсатты аудитория	
Мониторингілеу жұмыстарын өткізудің әдіс-тәсілдері мен ұйымдастырылуы	
Мониторинг кезеңдері	1-кезең: мониторинг өткізу үшін дайындық жұмыстары – болжам, сұхбат жоспарын, сабақты бақылау парағын, мұғалімдер мен білім алушыларға арналған сұрақтарды дайындау.
	2-кезең: мұғалімдер мен білім алушыларға арналған сауалнамалар арқылы ақпарат қорын жинақтау
	3-кезең: 2 кезеңде жиналған ақпаратты талдау жұмыстары
	4-кезең: мектептерге іс-сапармен бару
	5-кезең: мектептерге сапармен бару барысында жинақталған ақпаратты өңдеу
	6-кезең: мониторингтің қорытынды есебін дайындау
Білім беру ұйымдарына сапармен баруға қажетті құжаттар мен	сапар бағдарламасы; сабақты бақылау парағы; әңгімелесуге арналған мұғалімдермен, білім алушылармен жүргізілетін сұхбат сұрақтары;

құрал-жабдықтар	мұғалімдер мен білім алушылардың онлайн-сауалнама нәтижелері; фотоаппарат, ноутбук.
Мониторингілеу барысында талдауды қажет ететін құжаттар	сабақты бақылау парақтары; сұхбаттасу туралы хаттамалар; аудио және фото материалдар; сауалнама қорытындылары; білім алушылардың жұмыстары (қажет болған жағдайда).
Мониторингілеу барысында анықталатын сұрақтар тізімі	
Мониторингілеудің тәжірибелік нәтижесі	

Сандық деректерді жинау: онлайн сауалнама.

Сауалнама онлайн форматта жүргізіледі. Мониторингте онлайн-сауалнама жүргізудің сандық тәсілі белгілі бір құбылыстың, пікірдің немесе қарым-қатынастың таралу аймағын анықтауға мүмкіндік береді [67]. Бұл тәсілдің келесідей артықшылықтары бар:

1. **Ыңғайлылығы.** Респондент сауалнамаға қай кезде қатысатынын өз шеше алады және бұл өз кезегінде берілген жауаптардың сапасына әсер етеді.
2. **Мобилділігі.** Респондент сауалнаманы компьютер немесе өзінің жеке ұялы телефоны арқылы да толтыра алады. Ол үшін онлайн сауалнаманың сілтемесі жіберілсе жеткілікті.
3. **Жылдамдығы.** Сауалнаманы толтыру, тарату және деректерді өңдеу аз уақытты қажет етеді.
4. Респонденттердің анонимділігі.

Онлайн-сауалнаманы жүргізу үшін ең алдымен респонденттер категориясы мен санын анықтап алу керек. Қатысушылар саны неғұрлым көп болса, қателіктер соғұрлым аз болады.

Сауалнама сұрақтары әртүрлі категориядағы респонденттерге арналып дайындалуы керек, яғни сауалнама сұрақтары мақсатты аудиторияға байланысты бейімделіп өзгеріп отырады. Мысалы, педагогтерге арналған сауалнама тілдік тұрғыдан ата-ана мен білім алушыларға арналған сауалнамада өзгеше болады. Алайда үш топқа да арналған сауалнама сұрақтары бір мәселе төңірегінде құрылып, оның әртүрлі аспектілерін ашуға құрылады (ұсынылған тақырыптардың түсініктілігі, білім алушылардың белсенді қатысуы, ресурстардың қолжетімділігі және т.б.).

Онлайн-сауалнама сұрақтары арнайы сервистерге жүктеліп, респонденттерге сәйкесінше сілтемелер жіберіледі. Онлайн форматтағы

сауалнамаға барлық қатысушылар жауап берген соң, деректер қайта жүктеліп талданады.

Онлайн-сауалнама дайындауға арналған сервистердің қызметтері бір-біріне жалпы алғанда ұқсас келеді, сондықтан қажетті сервистің дизайны мен ыңғайлылығын ескере отырып таңдаған дұрыс. Егер сервисте сауалнама сұрақтарын филтёрден өткізу қызметтері болса, оның көп көмегі болар еді. Себебі таңдалған жауап түрлеріне байланысты респондент келесі бөлімге автоматты түрде көшіп отырар еді.

Онлайн-сауалнама жүргізуге арналған тегін сервистер:

- Google Формалар (Google Forms) - бұл Google Docs кеңсе жиынтығында онлайн-формалар мен сауалнамалар жасауға мүмкіндік беретін құрал. Сауалнама сұрақтарының санына шек қойылмайды. Google Forms-те сауалнамалар жасау туралы қысқа бейне нұсқаулық: https://www.youtube.com/watch?v=ATPZGrB_DCA
- Survey Monkey - сұрақтар мен сауалнамалар құруға арналған онлайн-қызмет. Шектеулі тегін тарифі бар - 10 сұрақ. Survey Monkey сервисінде сауалнама жасау туралы қысқа бейне нұсқаулық <https://www.youtube.com/watch?v=tQN6vwbs0vE>

«Қазақ тілі мен әдебиеті» пәні бойынша мониторинг жүргізу үшін педагогтер мен ата-аналарға арасында ұйымдастырылған онлайн-сауалнама Google Forms арқылы жүргізілді.

Сауалнама құрылымы

Сауалнама (анкета) – пікір сұрау өткізу үшін іріктелген респонденттерге бірқатар сұрақтар қойып, олардан жауап алатын пікір сұрау парағы/онлайн құжат. Сауалнама кеңінен қолданылмастан бұрын мұқият жасалып, сынақ жүргізіліп, байқалған кемшіліктері болса жойылуы керек. Пікір сұрау әдісін мәліметтерді жинау кезінде қолданғанда, зерттелетін мәселеге сауалнама сипатының, құрылымының және типінің сәйкестігін анықтау қажет [67]. Сауалнаманы кеңінен қолданудан бұрын, оның кемшіліктерін айқындау және болдырмау үшін тестілеуден өткізу керек. Пікір сұрауды дұрыс жүргізу үшін мынадай ұсыныстарды орындау қажет:

1. Сұрақтарды құрастырудың талаптарын орындау:

- Сұрақ тек бір мәселе төңірегінде болуы тиіс. Бір сөйлемде екі жауапты талап ететін, екі ұшты сұрақтар болмауы керек.
- Сауалдар түсінікті, бір мәнді, нақты және анық сенімді жауап алуға мүмкіндік туғызуы тиіс.
- Сауалнама зерттеу мақсатына және міндеттеріне сәйкес сұрақтардан тұруы тиіс. Сұрақ дұрыс қойылмаса, респондент жауап беруден бас тартуы мүмкін.
- Сұрақтар логикалық сәйкестікпен қойылуы керек. Жеке сипаттағы немесе күрделі сұрақтар сауалнаманың соңында тұруы тиіс.
- Сауалнамада нақты терминологияны, күнделікті тілді, түсінікті, терминдерді пайдаланып, жаргондарды қолданбаған жөн.
- Респондент тәжірибесінен тысқары жайт туралы сауалдарды қоймаған жөн. Ол

хабардар болған сұрақтарды қойған дұрыс. Негізгіні қоймас бұрын сұрақтарды ой сүзгісінен өткізіп алған пайдалы.

- Сұрақты қисындастырып мазмұндау респондентті зерттеушінің көңілі қалайтын жауапқа жетелеп, көндіруге тиісті емес.
- Сұрақтар екі мағыналы сипатта болмауы керек. Мысалы, «кейде», «жиі», «анда-санда» деген сөздер көп мағыналы болғандықтан, олардың орнына нақты сөздер қолданылуы керек. «Сіз» деген сөз кейде ұжымдық сипатта болуы мүмкін, сондықтан сұрақты құрастыру кезінде оның орнына «Сіз өзіңіз» деген сөз нақтылау болады.

2. Сұрақтарды: қарапайымнан – күрделіге, жалпыдан – арнайыларға (тар ауқымдағы) көше отырып қою керек дегендей қағидаларды сақтау қажет.

3. Сұрақтардың қисынын келтірудің бірізділігі: алдымен кіріспе, таныстырма сауалдар немесе респонденттің зерттелетін мәселе бойынша хабардарлығын анықтауға жәрдемдесетін сұрақтар қойылады.

4. Сұрақтар саны сұрақты сауалнамаға кіргізбей тұрып, оның қажеттілігін анықтау керек. Зерттеуге қажет емес артық сұрақтар қойылмауы керек. Сұрақтар аз болған сайын, оларға жауап алудың мүмкіндігі мол.

Сұрақтарды әзірлеу кезінде сауалнама құрылымдық тұрғыдан ұйымдастырылған, сұрақтардың әрқайсысы мониторинг міндеттерімен байланысты жиынтықтан тұратынын есте ұстаған жөн. Құрылымы бойынша сауалнама әдетте кіріспе және негізгі бөлімнен тұрады.

Кіріспе бөлімнің негізгі мақсаты – респонденттерді шынайы жауап беруге ынталандыру. Сауалнаманың тиімділігі көбіне кіріспе бөлімге байланысты болады, өйткені бұл респонденттердің сауалнама жүргізу процедурасына, психологиялық қатынасына, сенімі мен адалдығына деген жалпы қатынасын қалыптастырады.

Әдетте, кіріспеде сауалнаманың атауы көрсетіледі, сауалнаманың мақсаттары мен міндеттері, оның мәні мен нәтижелерін пайдалану перспективалары түсіндіріледі. Сонымен қатар, сауалнамаға қатысқаны үшін респондентке ризашылығын білдіру керек және сауалнамаға қатысудың анонимді екендігін көрсете отырып, оны толтыру ережелерін түсіндіру қажет. Ұйымдастырушылар қатысушыларға бөліскен ақпаратты үшінші тұлғаларға қол жетімді болмайтындығына кепілдік беруі керек.

Сауалнаманың негізгі бөлігі мониторингтің мақсаттары мен міндеттеріне байланысты сұрақтардан тұрады. Сұрақтар формасы мен реті, оларды құрастыру және рәсімдеудің (жабық, яғни ұсынылған нұсқалардан таңдау қажет, ал ашық - еркін жауап қажет) маңызы өте зор.

Жабық сұрақтар респонденттерден шектеулі жауаптардың санынан бірін таңдауын сұрайды. Онлайн-сауалнаманың қағаз түріндегі сауалнамадан айырмашылығы, егер сұрақ параметрлерінде тек бір жауапты таңдау көрсетілсе, адам бірнеше жауапты қатар таңдай алмайды. Бастысы тізімде барлық қажетті жауаптар көрсетілуі керек.

Ашық сұрақтар еркін жауап беруге және қысқа мәтін жазуға мүмкіндік береді. Көбінесе, онлайн сауалнамалардағы мұндай сұрақтар жауапсыз қалады,

өйткені бұл көп уақытты қажет етеді. Мазмұны бойынша сауалнамалық сұрақтарды тақырыптық блоктарға ұйымдастыруға болады, мысалы, оқу мақсаттары, оқыту әдістері, ресурстар және т.б.

Сұхбаттасу

Сұхбаттасу – бұл зерттеуші ауызша сұрақтарды сұрастырып, респонденттердің жауаптарын, кейде қолмен жазады, бірақ көбінесе сандық аудио жазу құрылғысы бар сапалы зерттеу әдісі. Бұл зерттеу әдісі зерттелетін халықтың құндылықтарын, перспективаларын, тәжірибелерін және дүниетанымдық көзқарасын көрсететін деректерді жинау үшін пайдалы және зерттеулерді, фокус топтарды және этнографиялық бақылауды қоса алғанда басқа зерттеу әдістерімен бірге қолданылады. Әдетте сұхбат бетпе-бет жүргізіледі, бірақ олар телефон немесе бейне сұхбат арқылы жасалуы мүмкін. Сұхбат деректерін жинағаннан кейін оны транскрипциялау арқылы жазбаша мәтінге айналдыру керек. Құпиялықты сақтау үшін сұхбат транскрипциясынан жеке тұлғаға қатысты деректер алынып тасталады және сұхбаттағы ақпараттарға талдау жасалып, бірнеше мәселелерге/тақырыпшаларға жіктеледі. Есеп жазған кезде сұхбат берушінің аты-жөні басқа лақап атпен алмастырылып, айтылған ойлары дәлел ретінде қолданылады [66].

«Қазақ тілі мен әдебиеті» пәні бойынша сұхбат сұрақтарының үлгілері:

44-кесте

Пән мұғалімдері	Білім алушылар
<p>«Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнін жүзеге асыру барысында қандай қиындықтарға кезігіп отырсыз?</p> <p>«Қазақ тілі мен әдебиеті» пәні бойынша ұсынылған лексикалық тақырыптар саны қолжетімді ме?</p> <p>Ұзақ мерзімді жоспарда көрсетілген әдеби шығармалар бойынша пікіріңіз қандай?</p> <p>Қай шығармаларды өзгертер едіңіз? Не себепті?</p> <p>Оқу бағдарламасында ұсынылған грамматикалық бірліктерді оқыту барысында қандай қиындықтар кездеседі?</p> <p>Сіздің ойыңызша «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнінен әр тақырып бойынша лексикалық минимум құрастыру қандай мәселелерді шеше алады?</p> <p>Білім алушылардың қазақ тілін білу деңгейіне қандай баға берер едіңіз?</p> <p>Қазақ тілін меңгерту барысында қандай қиындықтарға кезігіп жүрсіз? (оқулық, ресурстар, ата-ана, т.б.)</p> <p>Басқа әріптестеріңізбен осы мәселені талқылайсыз ба? Бірге сабақ жоспарлайсыз ба?</p>	<p>«Қазақ тілі мен әдебиеті» пәні саған несімен ұнайды?</p> <p>Пән қызықты болу үшін сабақтар қандай болу керек деп ойлайсың?</p> <p>Қай тақырыптар сен үшін қызықты болды?</p> <p>Қай тақырыптарды ауыстырғанды қалайсың? Не себепті?</p> <p>Тыңдалым, оқылым дағдылары бойынша қандай қиындыққа кезігіп жүрсің?</p> <p>Айтылым дағдылары бойынша қандай көмек қажет?</p> <p>Жазылым дағдылары бойынша қандай көмек керек?</p> <p>Актив сөздер тізімі ұсынылса, тіл үйренуге көмегі болады ма? Қандай?</p> <p>Ұсынылған көркем шығармаларды оқу барысында қандай қиындықтар кезікті?</p> <p>Жауаптардың бірін таңдап, өз ойыңды жаз. Қандай көркем шығармаларды ұсынғанды қалайсың?</p>

Қандай әдіс-тәсілдерді жиі қолданасыз? Олардың тиімділігін қалай анықтайсыз? Оқу бағдарламасы бойынша әдістемелік қолдауды қандай формада ұсынған тиімді?	
--	--

Сабақты бақылау

Сабақты бақылау үшін зерттеудің мақсаттары мен міндеттері нақты айқындалу керек және соған сәйкес бақылау парағы құрылады. Сабақты бақылау әртүрлі мақсатта жүргізілуі мүмкін. Мысалы: оқу бағдарламасының жүзеге асырылуын тексеру үшін, білім алушыларды сөйлеу әрекеттері бойынша дағдыларын бақылау үшін, мұғалім практикасына баға беру үшін және т.б. Сабақты бақылау барысында мұғалімге алдын-ала ескертіледі. Пән мұғалімінен сабақ жоспарын және өзге де зерттеуге қажетті материалдарды сұрауға болады. Сабақты бақылау барысында барынша сабақ процесін кедергі жасалмауы керек және мұғалімге зерттеу соң кері байланыс беруге болады.

Сабақты бақылау парағының үлгілері

Мектеп атауы: _____

Сынып: _____

Пән: _____

Мұғалімнің аты-жөні: _____

Сабақты 1-2-3 сандарын қолдану арқылы бақылау.

1 – мүлдем қолданылмайды 2- көп көңіл бөлу қажет 3- өте жоғары деңгейде өткізілді

1. Сабаққа шолу. (1) (2) (3)
2. Сабаққа таңдап алынған оқу мақсаттары жүйесінің өзара байланыстылығы. (1) (2) (3)
3. Таңдалған тақырып білім алушы қызығушылығына сай. (1) (2) (3)
4. Бүгінгі сабақ өткен және болашақта өткізілетін сабақпен байланысты. (1) (2) (3)
5. Сабақ материалдарының түсіндірілуі. (1) (2) (3)
6. Сабақтың мақсаты/күтілетін нәтижесінің түсіндірілуі. (1) (2) (3)
7. Жаңа сөздердің/терминдердің анықтамасының берілуі. (1) (2) (3)
8. Қажетті жағдайда тақтаның/ресурстардың орынды қолданылуы. (1) (2) (3)
9. Келтірілген тапсырмалардың шынайы өмірмен байланысы. (1) (2) (3)
10. Білім алушылардың орынды сұрақтары/жауаптары мұғалім тарапынан қолдауға ие. (1) (2) (3)
11. Мұғалім тарапынан қойылған сұрақтар білім алушылардың барлығына түсінікті не түсініксіз екендігі тексеріліп отырады. (1) (2) (3)
12. Білім алушылардың жауаптары үшін қажетті уақыт берілді. (1) (2) (3)

13. Тыңдалым/ оқылым дағдылары бойынша мәтінмен жұмыс кезеңдерінің сақталуы. ① ② ③
14. Жазылым/ айтылым дағдылары үшін қажетті материалдардың ұсынылуы. ① ② ③
15. Білім алушыларға грамматикалық бірліктер мен құрылымдардың ұсынылуы. ① ② ③
16. Сабақ бойынша білім алушылармен кері байланыс жүргізу, рефлексия жасау. бағалау ① ② ③

17. Ұсыныс-тілектер:

18. Сабақ ұйымдастырылуының күшті жақтары –
19. Сабақ ұйымдастырылуының әлсіз жақтары –
20. Оқу мақсатын меңгеру үшін қандай әдіс-тәсілді ұсынар едіңіз?

САБАҚ БАҚЫЛАУ ПАРАҒЫ

Мектеп			
Сынып		Қатысқан күні	
Пән		Оқыту тілі	
Сабақ тақырыбы			
Мұғалімнің аты-жөні			
Бақылаушының аты-жөні			

Сабақ түрі	
Жаңа тақырыпты игеру сабағы	
Білімді бекіту және іскерліктер мен дағдыларды қалыптастыру сабағы	
Оқытылған материалды қайталау, біріктіру және жүйелендіру сабағы	
Білімді, іскерліктер мен дағдыларды тексеру және бағалау сабағы	
Құрама сабақ	

	өте жақсы	жақсы	қанағаттан	жоқ
Оқыту мақсаттары				
Оқыту мақсаттары оқытушы тарапынан сабақ басында ұсынылды	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
Сабақ мақсаттары анық және айқын, оқыту мақсаттарына сай	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
Сабақ мақсаттары білім алушылардың жасы мен	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>

мүмкіншіліктеріне сай Сабақ мақсаттарына қол жеткізілді	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
Тіл мақсаттары				
Оқыту тілі білім алушыларға түсінікті	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
Екі (үш) тілде сөздерді есте сақтау үшін тапсырмалар орындалды	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
Қолданылған терминология/сөздер сабақ тақырыбына сай	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
Білім алушылар пәндік клише мен сөз тіркестерін, пәндік лексиканы дұрыс пайдаланады	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
Оқыту әдістері				
Мұғалім өз пәнін жақсы біледі	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
Мұғалім білім алушыларға жеке жұмыс істеуге және өзара үйренуге мүмкіндік береді	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
Түрлі оқыту әдістері қолданылады:				
Белсенді оқыту әдістері	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
Проблемалы оқыту	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
Білім алушылардың түрлі жұмыс істеу формалары (жеке, жұппен, топпен)	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
Сыни ойды дамыту	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
Оқыту үрдісін түрлендіру, жекелей көзқарасты жүзеге асыру	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
Оқытуды бағалау	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
басқалары	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
— Білім алушылардың тұрақты назарын қолдауға арналған әдістемелік тәсілдер тиімді қолданылады (айқын мысалдар, өмірден алынған мысалдар)	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
Сабақ мазмұны				
Пәндік байланыс, яғни білім алушылардың жаңа білімді осыған дейін меңгерілген білім негізінде қабылдауына даярлық жасалды.	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
Мұғалімнің материалды ұсынуы толық, нанымды және түсінікті.	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
Сабақтың тәжірибелік бағыттылығы.	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>

Әрбір жаңа материал тапсырмалармен не/немесе тәжірибелік жұмыспен бекітіледі.	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
Пәнаралық байланыстар орнатылды.	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
Оқыту ресурстары дұрыс таңдалып алынған.	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
АКТ құралдары, көрнекі және басқа дидактикалық материалдар пайдаланылды.	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
Сабақ барысы				
Барлық білім алушылар сабақ барысына қатыстырылған.	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
Білім алушылардың жоғары белсенділігі.	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
сұрау	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
үйрену	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
бекіту барысында байқалуы	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
Сабақтағы жақсы көңіл-күй және білім алуға қолайлы орта құруы.	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
Тәрбиелік функциялардың жүзеге асырылуы.	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
Сабақ уақытының тиімді жұмсалуды.	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
Оқытуды бағалау				
Білім алушылардың үдерісін бағалау мақсатында мұғалімнің түрлі әдістерді қолдануы.	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
Оқыту мақсаттарына қол жеткізу үшін шешім шығару мақсатында мұғалімнің түсініктемелерді пайдалануы.	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
Бағалау үшін мұғалім қолданатын тапсырмалар оқыту критерийлері мен мақсаттарына сай келеді.	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
Оқытуды жақсарту мақсатында бағалау				
Білім алушыларға оқыту үрдісінің әр кезеңінде өз жұмыстарын қалай жақсарту алатындығы туралы мұғалім тарапынан кері байланысты дұрыс ұйымдастыра білуі.	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
Білім алушыларды өзін-өзі бағалау және құрдастарының оқу нәтижелерін	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>

бағалау үрдісіне тарту.				
Білім алушыларға өз жұмыстарының нәтижелерін талдау үшін уақыт беру	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
Кері байланыс ұсыну				
эр тапсырма орындалған соң	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
сабақтың эр кезеңінен соң	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
сабақтың соңында	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>

Сандық мәліметтерді талдау

Сандық деректерді талдау кезінде негізгі факторлар анықталады, олардың әрқайсысы кендігі (масштабы) мен тереңдігі бойынша талданатын болады. Кендігі дегеніміз - белгілі бір мәселенің пәндер / респонденттердің әртүрлі топтары бойынша қаншалықты жиі айтылатындығын білдіреді. Басқаша айтқанда, белгілі бір мәселені көтерген респонденттер санын өлшеу. Егер респонденттердің басым көпшілігі немесе әртүрлі топтағы қатысушылар сауалнамада қойылған сұраққа ұқсас жауаптар таңдаса (мұғалімдер, студенттер және т.б.), онда бұл мәселенің кең таралғандығын және одан әрі зерттеуді қажет ететіндігін білдіреді. Сонымен бірге бір адам көтерген мәселе субъективті пікірді білдіруі мүмкін.

Анықтамалық-статистикалық ақпарат үлгісі

45-кесте

Пән әдіскерінің аты-жөні, лауазымы	
Пән	
Мектеп бару мерзімі	
Сыныптар	
Мектептер	
Мектепке бару мақсаты	
Гипотеза (егер сандық зерттеу болса)	
Орталық феномен/мәселе (егер сапалық зерттеу болса)	
Сұхбатқа қатысқан білім алушылардың жалпы саны (мектептер, сыныптар және барған мектептер бойынша жиналған мәліметтер кесіндісі)	
Қатысқан сабақтардың жалпы саны (мектептер, сыныптар және барған мектептер бойынша жиналған мәліметтер кесіндісі)	
Сұхбатқа қатысқан мұғалімдердің	

жалпы саны (мектептер, сыныптар, оқыту тілі және барған мектептер бойынша жиналған мәліметтер кесіндісі)	
Сауалнамаға қатысқан білім алушылардың жалпы саны (мектептер, сыныптар және оқыту тілі кесіндісі)	
Зерттелген құжаттардың жалпы саны (құжат түрлері бойынша)	

Сабақ мазмұны (үлгі)

46-кесте

Сабақ кезеңдері	Қысқаша мазмұны	Уақыт мөлшері		Сұрақтар саны		Блум таксономиясы бойынша қолданылған дағды деңгейлері
		Мұғалім	Білім алушы	Мұғалім	Білім алушы	
Сабақ басының ұйымдастырылуы						
Үй тапсырмасын тексеру						
Негізгі бөлім. Жаңа материалды игеру						
Білімді бекіту, біріктіру және жүйелендіру						
Білімді бақылау және өзін-өзі тексеру						
Сабақты қорытындылау						

Рефлексия						
Үй тапсырмасын түсіндіру						

Мониторинг (мектепке бару) нәтижелері

Білім беру ұйымына бару нәтижесі бойынша мәселелерді санатқа бөлу және оларды шешу үшін ұсыныстар дайындау керек болады. Әсіресе, әдіскерлерге білім беру ұйымдарына барып, қажетті ақпараттарды жинаған соң, оларды бірнеше санатқа бөліп, мәселенің шешу жолдарын жинақталған деректер негізінде дәлелді ұсыныстар әзірлеуге болады. Бұл ақпаратты есеп ретінде ұсынуға және таныстыруға өте ыңғайлы.

47-кесте

Мәселе	Мәселенің ауқымдылығы мен тереңдігі (ауқымдылығы – мәселенің айтылу саны, тереңдігі – аталған мәселенің көріну сипаты)	Мәселені шешу жобасы және оның негіздемесі
Оқу бағдарламалары		
Оқу жоспарлары Оқулықтар Күнтізбелік-тақырыптық жоспар		
Оқыту әдістемесі		
Оқыту ресурстары Ғаламтор Мультимедиялық құралдар		
Білім алушылардың тілдік деңгейі		
Ата-аналармен кездесу		
Басқалары		

Орыс тілді мектептерде қазақ тілін деңгейлік оқытудың мониторингі (2021 жыл)

Орта білім беру ұйымдарында 2021 жылы *қазақ тілін деңгейлен оқытудың мониторингін шығару* оқу процесінің жүргізілу барысын және білім алушылардың оқу материалдарын қаншалықты меңгергендігін бақылаудың түрі болып саналады. Білім жүйесінің даму бағытын, оның білім алушыға жеткізілуін, педагогтардың біліктілігін т.б. көптеген ақпараттарды жүйелеу үшін мониторингтік зерттеулер жүргізіледі. Мониторинг латын тілінен аударғанда бақылау, қадағалау деген мағынаны білдіреді. Педагогикалық мониторинг жүргізу арқылы педагогтердің кәсіби деңгейін анықтап,

қажеттіліктерін белгілеуге немесе жұмыстың сапасын арттыруға мүмкіндік береді.

Мониторинг жүргізудің **мақсаты** – білім берудегі проблемеларды түзету жолдарын анықтау арқылы білім алушылардың білім алуудағы жағдайын талдау.

Мониторингтің **зерттеу объектісі** – орта білім беру ұйымдарында қазақ тілін деңгейлеп оқытудың мониторингі

Мониторингтің **зерттеу пәні** – орта білім беру ұйымдарында қазақ тілін деңгейлеп оқыту.

Мониторинг кері байланыс қағидатын сақтауды қамтамасыз етіп, білім алушылардың білім сапасын арттыру бойынша әдістемелік ұсынымдарды іске асыруды көздейді.

Мақсатқа жету үшін **мониторингтік зерттеудің міндеттері:**

- орта білім беру ұйымдарында қазақ тілін деңгейлеп оқытудың мониторингі әдістемесін әзірлеу;
- деректер базасындағы ақпаратты өңдеу, жаңарту;
- ақпарат жинау;
- әдістемелік ұсынымдар дайындау.

Мониторинг жүргізу аясында 2021 жылғы Қазақстан Республикасының аймақтары бойынша білім сапасын анықтау мен оқыту қазақ тілінде емес мектептердегі қазақ тілін оқытуды жетілдіру жөніндегі әдістемелік ұсынымдар әзірлеу көзделген. Мониторинг жүргізу үшін орта білім беру ұйымдарының педагогтері мен білім алушылардың ата-аналарына онлайн-сауалнама жүргізілді. Осылайша, білім алушылардың білім сапасының мониторингі педагогтерге сауалнама жүргізу арқылы оқу үдерісі шеңберінде жүзеге асырылды.

Оқу процесіне байланысты **мониторингтің негізгі түрлері:**

- ✓ орта білім беру ұйымдарында қазақ тілін деңгейлеп оқытудың мониторингі;
- ✓ педагогтердің сапалық құрамының мониторингі;
- ✓ білім алушылардың білім сапасының мониторингі;
- ✓ орта білім беру ұйымдарында қазақ тілін деңгейлеп оқыту бойынша жағымды жағы мен проблемалық тұсын анықтау үшін білім алушылардың ата-аналарының көзқарасының мониторингі.
- ✓ ауылдағы орта білім беру мекемелері;
- ✓ қаладағы орта білім беру мекемелері.

2021 жылғы орыс тілді мектептерде қазақ тілін деңгейлік оқытудың мониторингі оқу процесіндегі келесі мәселелерді анықтау мақсатында төмендегідей сұрақтар бойынша онлайн-сауалнама жүргізді.

1. Мекеніңіздің типін көрсетіңіз.
2. Өз мектебіңіздің атауын көрсетіңіз.
3. Білім беру ұйымдарындағы оқыту тілін көрсетіңіз.
4. Өз жасыңызды көрсетіңіз.
5. Өзіңіздің педагогикалық жұмыс өтіліңізді көрсетіңіз.

6. Өзіңіздің біліктілік санатыңызды көрсетіңіз.
7. Жаңартылған білім беру мазмұны бойынша біліктілікті арттыру курстарынан өттіңіз бе?
8. Оқытатын пәндеріңіз бойынша біліктілікті арттыру курстарынан өттіңіз бе?
9. Өзіңіз сабақ беретін сыныпты (сыныптарды) көрсетіңіз (бірнеше жауап нұсқасын таңдауға болады)
10. Өзіңіз сабақ беретін оқу пәнін оқытуда қандай әдіс-тәсілдерді қолданатыныңызды көрсетіңіз.
11. Өзіңіз сабақ беретін оқу пәні бойынша оқу-дидактикалық, оқу-көрнекілік немесе өзге де көмекші материалдар әзірледіңіз бе?
12. Сізде сабақтардың, сыныптан тыс іс-шаралардың, элективті курстардың т.б. патенттелген әзірлемелері бар ма?
13. Қашықтан оқыту кезінде қандай тілдік құзыреттіліктерді дамытуда қиындықтар туындайды? (бірнеше жауап нұсқасын таңдауға болады).
14. Өзіңіз сабақ беретін пән бойынша білім алушылардың тілдік құзыреттіліктеріне диагностика жүргізіледі ме?
15. Сіздің ойыңызша, оқулықтың мазмұны МЖМБС (мемлекеттік стандарт) және ҮОБ-да (бағдарлама) белгіленген тілдік деңгейге сәйкес келеді ме?
16. Оқу кабинетінде мультимедиялық жабдықтар бар ма?
17. Мектеп кітапханасының пәнді тиімді оқытуға және оқуға арналған оқулықтармен, оқу құралдарымен қамтамасыз етілуін көрсетіңіз.
18. Өзіңіз сабақ беретін оқу пәнін жүргізу барысында кездесетін проблемаларды көрсетіңіз.
19. Өзіңіз сабақ беретін оқу пәнін жүргізу барысында кездесетін мазмұндық сипаттағы мәселелер болса, осы жерге жазыңыз.
20. Аталған мәселелерді шешуде қандай ұсыныс бересіз.
Келесі сұрақтар ата-аналарға арналды (жоғарыда көрсетілді).

Осы сауалнамалардың негізінде оқу процесінде кездесетін төмендегі мәселелер анықталды:

- Пән мұғалімдері тарапынан «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәні бойынша оқу бағдарламасын жүзеге асыру барысындағы қиындықтар.
- Оқу бағдарламасында ұсынылған сөйлеу әрекетінің түрлері мен грамматикалық бірліктерді оқыту барысындағы әдістемелік қиындықтар.
- Оқу бағдарламасы бойынша әдістемелік қолдауды қандай формада ұсынған тиімді?
- «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәні бойынша білім алушылардың білім сапасы қандай және сол арқылы олардың тілді меңгеру деңгейіне берілетін баға.
- Білім алушылардың белгілі бір тілді меңгеру деңгейіне ата-ана мен отбасының ықпалы.

1-кесте. Сауалнамаға қатысқан қала мен ауыл мектептері мұғалімдерінің үлесі

48-кесте

№	Өңірледің атауы	ауыл	қала
	Ақмола облысы	72,8 %	27,2 %

	Ақтөбе облысы	89,5 %	10,5 %
	Алматы облысы	83,7 %	16,3 %
	Атырау облысы	68,1 %	31,9 %
	БҚО	77 %	33 %
	Жамбыл облысы	77,5 %	24,5 %
	Қарағанды облысы	76 %	24 %
	Қызылорда облысы	76,9 %	23,1 %
	Қостанай облысы	74,6 %	25,4%
	Маңғыстау облысы	62 %	38 %
	Түркістан облысы	83,8 %	16,2 %
	Павлодар облысы	85,3 %	14,7 %
	СҚО	88,2 %	11,8 %
	ШҚО	54,3 %	45,7 %
	Нұр-Сұлтан қаласы	7,7%	92,3 %
	Алматы қаласы	-	100 %
	Шымкент қаласы	3,3%	96,7 %
	Барлығы:	63%	37%

1-кестеде сауалнамаға қатысқан ауыл мен қала мектептері мұғалімдерінің пайыздық көрсеткіші берілген. Сауалнамаға белсенді қатысқан облыстар:

- 1) Ақтөбе облысы;
- 2) СҚО
- 3) Павлодар облысы
- 4) Түркістан облысы
- 5) Алматы облысы.

Нұр-Сұлтан қаласынан сауалнамаға қатысқан қала мектептері мұғалімдерінің үлесі 92,3%, ауыл мектептерінен қатысқандардың үлесі – 7,7%-ды көрсетсе, *Алматы қаласынан* 100% қатысқан. *Шымкент қаласы* бойынша ауылдық мектептердің үлесі 3,3% болса, қала мектептерінен қатысқан мұғалімдер 96,7%-ды құрады.


Кестедегі көрсеткіштерге қарағанда сауалнамаға қатысуға белсенділік танытқан мұғалімдердің басым бөлігі ауылдық мектептерде жұмыс жасайтын мұғалімдер. Солардың ішінде *Ақтөбе облысы* бойынша сауалнамаға ең көп қатысқан ауылдық мектептерде жұмыс жасайтын мұғалімдердің пайызы 89,5%-ды көрсетсе, қала мұғалімдерінің үлесі – 10,5%-ды ғана көрсеткен. Келесі орында *СҚО* – 88,2 %, ал қала мектебінде – 11,8 %. *Павлодар облысы* бойынша мұғалімдердің 85,3 %-ы ауыл мұғалімдері болса, 14,7 %-ын қала мұғалімдері құраған. *Алматы облысында* ауыл мұғалімдерінің үлесі *Павлодар облысына* қарағанда 1,6%-ға кем, яғни 83,7 %, керісінше, қала мектебіндегі мұғалімдердің үлесі – 16,3%, яғни 1,6%-ға артық. *Түркістан облысы* бойынша ауыл және қала мұғалімдерінің үлесі *Алматы облысымен* бірдей 83,8 % болса, қала мектебінің үлесі – 16,2%-ды көрсеткен. *Жамбыл облысы* бойынша ауыл мұғалімдерінің үлесі – 77,5%, ал қала мұғалімдері – 24,5%, бұл көрсеткіш *Ақтөбе облысымен* салыстырғанда ауыл мұғалімдерінің 12%-ға аз екендігін, ал керісінше қала

мұғалімдерінің 14%-ға артық екендігін көрсетіп отыр. *Батыс Қазақстан облысында Жамбыл облысына* қарағанда ауыл мұғалімдері 0,5%-ға кем, яғни 77%, ал қала мұғалімдері 33%, яғни 8,5%-ға артық. *Қызылорда облысы мен Қарағанды облысын* салыстырып қарайтын болсақ, *Қызылорда облысы* бойынша ауылдық мұғалімдердің үлесі – 76,9%, ал қала мұғалімдерінің үлесі – 23,1%, *Қарағанды облысында* ауыл мұғалімдерінің үлесі – 76%, қала мұғалімдері – 24%, яғни *Қызылорда облысында* ауыл мұғалімі 0,9%-ға артық болса, қала мұғалімдерінің үлесі, керісінше 1,1%-ға кем. *Ақмола облысынан* сауалнамаға қатысқан ауыл мұғалімдері – 72,8%, ал қала мұғалімдері 27,2%-ды көрсеткен. *Қостанай облысынан* қатысқан ауыл мұғалімдерінің үлесі – 74,6 %, қала мұғалімдері 25,4% қатысқан. *Атырау облысы* бойынша ауыл мұғалімдерінің үлесі 68,1% болса, қала мұғалімдерінің үлесі 31,9%. Ал *ШҚО* бойынша басқа облыстарға қарағанда сауалнамаға қатысқан қала мұғалімдерінің үлесі жоғары, яғни 45,7%, ал қала мұғалімдерінің үлесі - 54,3 %-ды құраған. *Маңғыстау облысы* бойынша мұғалімдердің 62%-ы ауылдық мектептен, қалған 38%-ы қала мектептерінен қатысқан.

Сауалнама қорытындысы бойынша ауыл мектептерінен қатысқан мұғалімдердің үлесі – 63% болса, қала мектептерінен қатысқандар 37%-ды құраған.

Жоғарыдағы кесте бойынша пайыздық көрсеткішті келесі диаграммадан көруге болады. Диаграммада респонденттердің мекені, яғни орта білім беретін ұйымдардың орналасқан мекенінің пайыздық көрсеткіші берілген (1-сурет).

1-сурет



Диаграммаға сәйкес сауалнамаға қатысқан орта білім беру ұйымдарының 63%-ы ауылды мекенде орналасқан болса, 37%-ы қала мектептері екенін байқауға болады.

Келесі кестеде онлайн-сауалнамаға қатысқан орта білім беру ұйымдарының оқыту тілі бойынша пайыздық көрсеткіші көрсетілген (49-кесте).

49-кесте. Онлайн-сауалнамаға қатысқан орта білім беру ұйымдарының оқыту тілі бойынша пайыздық көрсеткіші


№	Өңірледің атауы	Қазақ тілі	Орыс тілі
1	Ақмола облысы	71,3%	28,7 %
2	Ақтөбе облысы	84,2%	15,8 %
3	Алматы облысы	78,3%	21,7%
4	Атырау облысы	87,1%	12,9 %
5	БҚО	77%	23 %
6	Жамбыл облысы	86,8%	13,2 %
7	Қарағанды облысы	48%	52 %
8	Қызылорда облысы	90,8%	9,2 %
9	Қостанай облысы	19,4%	80,6 %
10	Маңғыстау облысы	76%	24 %
11	Түркістан облысы	94,4%	5,6 %
12	Павлодар облысы	28,4%	71,6 %
13	СҚО	23,5%	76,5 %
14	ШҚО	71,7%	28,3 %
15	Нұр-Сұлтан қаласы	69,2%	30,8 %
16	Алматы қаласы	50%	50 %
17	Шымкент қаласы	70%	30 %
Барлығы:		66,2%	33,8%

Жоғарыдағы кестеде оқыту тіліне қарай мектептердің пайыздық үлесі көрсетілген. Қазақ тілінде оқытатын мектептердің пайыздық көрсеткіші – 66,2%, орыс тілінде оқытатын мектептер – 33,8% құрайды. Әр облыстағы мектептерді оқыту тіліне қарай жеке қарастырар болсақ, қазақ тілінде оқытатын мектептердің басым бөлігі Түркістан облысында – 94,4%, одан кейін Қызылорда облысында – 90,8%, Атырау облысында – 87,1% және Жамбыл облысында – 86,8%. Ал орыс тіліндегі мектептердің үлесі Түркістан облысында – 5,6%, Қызылорда облысында – 9,2%, Атырау облысында – 12,9%, Жамбыл облысында – 13,2%-ды құрайды. Алматы қаласындағы мектептердің 50%-ы қазақ тілінде оқытса, 50%-ы орыс тілінде оқытады. Нұр-Сұлтан және Шымкент қалаларында бұл көрсеткіш 70/30%, яғни қазақ тілінде оқытатын мектептердің үлесі – 70%. Ақтөбе облысында мектептердің 84,2%-ы қазақ тілінде оқытса, 15,8%-ы орыс тілінде, Алматы облысында 78,3%-ы қазақ тілінде, ал 21,7%-ы орыс тілінде оқытады. Батыс Қазақстан облысында қазақ тіліндегі мектептердің үлесі – 77%, орыс тіліндегі мектептердің үлесі – 23%, Маңғыстау облысында қазақ тілді мектептер 76%, орыс тілді мектептер 24%-ды құрайды. Ақмола және Шығыс Қазақстан облыстарында қазақ тіліндегі мектептердің үлесі – 72% болса, орыс тілді мектептер 28%-ды құраған. Керісінше қазақ тіліндегі мектептерге қарағанда орыс тіліндегі мектептерінің үлесі басым облыстар да бар. Олар: Қостанай, Солтүстік Қазақстан, Павлодар және Қарағанды облыстары. Қостанай облысында орыс тілді мектептердің үлесі – 80,6%, ал қазақ тілінде оқытатын мектептердің үлесі – 19,4%-ды, Солтүстік Қазақстан

облысында – 76,5%, қазақ тілді мектептердің үлесі – 23,5%-ды, Павлодар облысында орыс тіліндегі мектептер – 71,6%, қазақ тілінде оқытатын мектептер – 28,3%-ды, Қарағанды облысында қазақ тілді мектептердің үлесі - 48% болса, орыс тілді мектептердің үлесі – 52%-ды құрайды.

Жоғарыдағы кесте бойынша сызбаны төменде берілген диаграммадан көруге болады. Диаграммада орта білім беретін ұйымдардың оқыту тілі бойынша пайыздық көрсеткіші берілген (2-сурет).

2-сурет



Диаграммаға сәйкес сауалнамаға қатысқан мектептердің 66,2%-ын қазақ тілінде оқытатын мектептер құраса, 33,8%-ын орыс тілінде оқытатын мектептер құрағанын байқауға болады.

Қазақ тілін деңгейлеп оқытатын орта білім беру ұйымдарындағы респонденттердің жас өлшемі бойынша талдау 50-кестеге сәйкес жүргізілді.


50-кесте. Қазақ тілін деңгейлеп оқытатын орта білім беру ұйымдарындағы респонденттердің жас өлшемі

Өңірлердің атауы	Респонденттер саны	Жасы			
		30 жасқа дейін	40 жасқа дейін	50 жасқа дейін	50 жастан асқан
Ақмола облысы	279	24%	28%	28,7%	19,4%
Ақтөбе облысы	19	21,1%	47,4%	10,5%	21,1%
Алматы облысы	529	19,1%	34,8%	28,4%	17,8%
Атырау облысы	116	19,8%	35,3%	28,4%	16,4%
БҚО	74	20,3%	35,1%	24,3%	20,3%
Жамбыл облысы	53	22,6%	41,5%	30,2%	5,7%
Қарағанды облысы	50	6%	24%	36%	34%
Қызылорда облысы	65	20%	32,3%	33,8%	13,8%

Қостанай облысы	67	11,9%	25,4%	32,8%	29,9%
Маңғыстау облысы	100	26%	33%	22%	19%
Түркістан облысы	142	9,2%	40,8%	31,7%	18,3%
Павлодар облысы	102	15,7%	21,6%	30,4%	32,4%
СҚО	51	7,8%	35,3%	37,3%	19,6%
ШҚО	46	23,9%	26,1%	34,8%	15,2%
Нұр-Сұлтан қаласы	26	7,7%	19,2%	46,2%	26,9%
Алматы қаласы	26	26,9%	23,1%	42,3%	7,7%
Шымкент қаласы	30	13,3 %	46,7%	30%	10%
Барлығы:	1775	66,2 %	32,3 %	31%	19,2%

Қазақ тілін деңгейлеп оқытатын орта білім беру ұйымдарындағы респонденттердің жас өлшемі бойынша жоғарыда берілген кестеден көріп отырғанымыздай, сауалнамаға барлығы 1775 респондент қатысқан, оның ішінде 66,2%-ы 30 жасқа дейінгі, 32,3%-ы 40 жасқа дейінгі, 31%-ы 50 жасқа дейінгі және 19,2%-ы 50 жастан асқан респонденттер. Респонденттер бойынша тоқталып өтсек, Алматы облысының мұғалімдері сауалнамаға барынша белсенділік танытқан, қатысушылардың саны – 529 адам, олардың ішінде 30 жасқа дейінгілері – 19,1%, 40 жасқа дейінгілер – 34,8%, 50 жасқа дейінгілер – 28,4%, 50 жастан асқан респонденттер – 17,8%-ды құраған. Ақмола облысынан 279 адам қатысқан, оның 24%-ы 30 жасқа дейінгі, 28%-ы 40 жасқа дейінгі, 28,7%-ы 50 жасқа дейінгі, 19,4%-ы 50 жастан асқан респонденттер. Түркістан облысынан 142 респондент қатысқан, оның ішінде 30 жасқа дейінгілер 9,2%, 40 жасқа дейінгі респонденттер – 40,8%, 50 жасқа дейінгілер – 31,7%, 50 жастан асқан респонденттер - 18,3%-ды құрады. Атырау облысынан сауалнамаға 116 мұғалім қатысқан, оның 19,8%-ы – 30 жасқа дейінгілер, 35,3%-ы – 40 жасқа дейінгі респонденттер, 28,4%-ы – 50 жасқа дейінгі мұғалімдер, қалған 16,4%-ы – 50 жастан асқан респонденттер. Маңғыстау облысынан 100 респондент қатысты, олардың ішінде 30 жасқа дейінгілер – 26%, 40 жасқа дейінгі респонденттер – 33%, 50 жасқа дейінгілер – 22%, 50 жастан асқан респонденттер – 19%. Павлодар облысынан 102 адам қатысқан, оның 15,7%-ы 30 жасқа дейінгілер, 21,6%-ы 40 жасқа дейінгі, 30,4% 50 жасқа дейінгі, ал 32,4%-ы 50 жастан асқан респонденттер. Маңғыстау облысынан қатысқан 100 педагогтің 26%-ы 30 жасқа дейінгі, 33%-ы 40 жасқа дейінгі, 22%-ы 50 жасқа дейінгі, қалған 19%-ы 50 жастан асқан респонденттерді құраған.

Осы кестенің талдауын келесі диаграммадан көруге болады. Диаграммада респонденттердің жас өлшемі, яғни орта білім беретін ұйымдардағы педагогтердің жас өлшемдерінің пайыздық көрсеткіші берілген (3-сурет).



30 жасқа дейінгі педагогтердің жоғары пайыздық көрсеткішін (26,9%) Алматы қаласынан және ең төменгі пайыздық көрсеткішін (6%) Қарағанды қаласынан аңғаруға болады.

Ал 40 жасқа дейінгі педагогтердің жоғары пайыздық көрсеткішін (47,4 %) Ақтөбе қаласы және ең төменгі пайыздық көрсеткішін (19,2%) Нұр-Сұлтан қаласы көрсеткен.

50 жасқа дейінгі педагогтердің жоғары пайыздық көрсеткіші (46,2%) Нұр-Сұлтан қаласынан, ал ең төменгі пайыздық көрсеткіш (10,5%) Ақтөбе облысынан байқалды.

50 жастан асқан педагогтердің жоғары пайыздық көрсеткішін (32,4%) Павлодар облысы, ал ең төменгі пайыздық көрсеткішін (5,7%) Жамбыл облысы көрсеткен.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2021 жылғы 28 мамырдағы есептік кездесуінде педагог мәртебесі, оқулықтар сапасы және қашықтан оқу туралы сөз қозғалды [38]. Осы мәселені саралау мақсатында 2021 жылғы мамыр айында Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалалары мен 14 облыстың Әдістемелік орталықтары (кабинеттері) арқылы педагогтер тұлғасының сипатына қатысты онлайн-сауалнама жүргізілді. Сауалнаманың негізгі мақсаты – педагогтердің жасы, лауазымдағы еңбек өтілі, біліктілік санаты мен біліктілікті арттыруы туралы мәлімет, сабақты ұйымдастыруы мен оқу жабдықтармен қамтылуы және қашықтан оқу кезінде туындаған қиындықтары туралы ақпарат алу, алынған нәтижеге әдістемелік ұсыным жасау.

Жалпы салыстырмалы түрде қарасақ, елімізде мұғалімдердің еңбек өтілі жоғары. Қазақстанда жас мамандар санатына жұмыс өтілі 5 жылға дейінгі, тәжірибелі мұғалімдер санатына еңбек өтілі 5 жылдан асқан педагогтер жатады.


Онлайн-сауалнамаға қатысқан педагог-респонденттердің жауабын салыстыратын болсақ, қатысқан мұғалімдердің еңбек өтілі – 3, 5, 7, 10 жыл және 10 жылдан аса қызмет жасаған. «Лауазымдағы өтілі» өлшемі бойынша респонденттер саны мен еңбек өтілін 51-кестеден көреміз.

51-кесте. «Лауазымдағы өтілі» өлшемі бойынша респонденттер саны мен еңбек өтілі

Өңірлердің атауы	Респонденттер саны	Лауазымдағы өтілі				
		3 жылға дейін	5 жылға дейін	7 жылға дейін	10 жылға дейін	10 жылдан астам
Ақмола облысы	279	18,3	7,5	5,4	4,7	64,2
Ақтөбе облысы	19	10,5	0	10,5	5,3	73,7
Алматы облысы	529	10,6	7,6	6,4	6,2	69,2
Атырау облысы	116	6,9	1,7	4,3	14,7	72,4
БҚО	74	9,5	4,1	5,4	8,1	73
Жамбыл облысы	53	11,3	3,8	5,7	3,8	75,5
Қарағанды облысы	50	0	2	8	2	88
Қостанай облысы	67	29,9	11,9	25,4	32,8	29,9
Қызылорда облысы	65	10,8	6,2	6,2	3,1	73,8
Маңғыстау облысы	100	8	6	9	12	65
Түркістан облысы	142	2,8	2,8	4,9	9,9	79,6
Павлодар облысы	102	7,8	6,9	2	3,9	79,4
СҚО	51	2	2	0	13,7	82,4
ШҚО	46	15,2	6,5	0	2,2	76,1
Нұр-Сұлтан қаласы	26	3,8	11,5	0	7,7	76,9
Алматы қаласы	26	7,7	7,7	19,2	7,7	57,7
Шымкент қаласы	30	3,3	3,3	10	13,3	70
Барлығы:	1775	9,8	5,3	6,2	8,6	71

Кестеден байқап отырғанымыздай, сауалнамаға 1775 респондент қатысқан. Олардың ішінде белсенді қатысқан облыстар: Алматы, Ақмола, Түркістан, Павлодар және Маңғыстау облыстары. Алматы облысынан қатысқан 529 респонденттің 10,6%-ы 3 жылға дейін, 7,6%-ы 5 жылға дейін, 6,4%-ы 7 жылға дейін, 6,2%-ы 10 жылға дейін және 69,2%-ы 10 жылдан астам жұмыс жасаған респонденттер. Ақмола облысы бойынша 3 жылға дейін жұмыс жасаған респонденттер – 18,3%, 5 жылға дейінгілер – 7,5%, 7 жылға дейінгілер – 5,4%, 10 жылға дейінгі жұмыс өтілімен – 17,8%-ды құраған (4-сурет).

4-сурет



4-сурет

«Лауазымдағы еңбек өтілі» өтілі бойынша талдау диаграммада респонденттердің жалпы санының пайыздық арақатынасын көрсетеді (- сурет). Берілген диаграммаға сәйкес 3 жылға дейінгі еңбек өтілі бар қазақ тілі пән мұғалімдерін Қазақстан Республикасы бойынша 9,8 % -ын құраса, 5 жылға дейін 5,3 %, 7 жылға дейін 6,2%, 10 жылға дейін 8,6% және 10 жылға дейін 8,6%, 10 жылдан астам еңбек өтілін 71% құрайды.

Педагогтерге біліктілік санаттарын беру қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 11 мамырдағы № 192 бұйрығына сәйкес «Педагог мәртебесі туралы» 2019 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңының 14,15-бабының 1-тармағының 3) тармақшасында көрсеткен. Педагогтердің біліктілік санатының жоғары болуы сапалы білім берудегі алғы шарттардың бірі болып табылады. Қабылданған Заң педагогтің қоғамдағы биік мәртебесі мен оның құқықтарын, әлеуметтік кепілдіктері мен шектеулерін, міндеттемелері мен жауапкершілігін белгілеп, Заңда «педагог» түсінігі берілді. Сондай-ақ, Заң нормалары мектепке дейінгі, орта, кәсіптік және техникалық білім беру, қосымша білім беру, мамандандырылған, арнайы білім беру ұйымдарының, әдістемелік кабинеттердің педагогтеріне қатысты талаптарды қамтиды. [69] Осыған орай, өңірлер бойынша педагогтерге жүргізген онлайн-сауалнаманың келесі талдауы – біліктілік санатына арналады. Олар:

- екінші санат;
- бірінші санат;
- жоғары санат;

педагог;
 педагог – модератор;
 педагог – сарапшы;
 педагог – зерттеуші;

Біліктілік санаты бойынша талдау мен зерделеу респонденттерге жүргізілген сауалнамадан алынды (52-кесте).

52-кесте. Біліктілік санаты бойынша талдау мен зерделеу


Өңірлердің атауы	Біліктілік санаты					
	Респонденттер саны	Педагог	Педагог-модератор (2-санат)	Педагог-сарапшы (1-санат)	Педагог-зерттеуші (жоғары санат)	Педагог-шебер
Ақмола облысы	279	24	20,1	25,4	28,7	1,8
Ақтөбе облысы	19	15,8	15,8	52,6	15,8	0
Алматы облысы	529	21,7	18,1	35	24,2	0,9
Атырау облысы	116	11,2	19,8	27,6	37,1	4,3
БҚО	74	14,9	17,6	29,7	35,1	2,7
Жамбыл облысы	53	9,4	26,4	32,1	26,4	5,7
Қарағанды облысы	50	10	10	26	54	0
Қызылорда облысы	65	13,8	13,8	43,1	29,2	0
Қостанай облысы	67	16,4	17,9	34,3	29,9	1,5
Маңғыстау облысы	100	11	22	23	41	3
Түркістан облысы	142	12	13,4	33,1	40,1	1,4
Павлодар облысы	102	14,7	8,8	17,6	56,9	2
СҚО	51	19,6	15,7	37,3	27,5	0
ШҚО	46	23,9	26,1	13	34,8	2,2
Нұр-Сұлтан қаласы	26	15,4	7,7	19,2	42,3	15,4
Алматы қаласы	26	7,7	16,2	19,2	23,1	3,8
Шымкент қаласы	30	10	16,7	40	33,3	0
Барлығы:	1775	14,7	17	29,8	34	26,2

Елімізде педагогтердің іздену, зерттеу, шығармашылық жұмысқа тартуға, білім алушыларды зерттеу жұмысына қатыстыруға, мектепте инновациялық үдерістердің орнығуына жағдай жасалған. Мұғалімдердің үздіксіз психопедагогикалық білім алуы мен өздігінен білімін жетілдірудің басыңқы бағыты да қалыптасқан.

Өңір мектептерінде педагогикалық құрамның сапалық сипаттамасы салыстырмалы түрде әртүрлі. Мұғалімдердің сапалық құрамына жасалған талдау бойынша қарастырсақ, педагогтердің барлығы дерлік жоғары білімі бар. Сонымен қатар, респонденттер арасында «педагог» санаты бойынша ең жоғары көрсеткішті - 529 адам (21,7%) Алматы облысы, ең төмен көрсеткішті - 26 адам (7,7%) Жамбыл облысы мен 53 адам (9,4%) Қарағанды облысы 50 (10 %) және Шымкент қаласы бұл санат бойынша 30 адам (10%) нәтиже көрсетті. Жалпы онлайн-сауалнамаға қатысушылардың біліктілік санатына педагог-модератор

(2-санат) бойынша ең төмен пайыз көрсеткен Нұрсұлтан қаласы (7,7 %), Павлодар облысы (8,8%), Шымкент қаласы (10 %), Маңғыстау облысы (22%), жоғары пайыз көрсеткіш көрсеткендер Жамбыл облысы (26,4%), ШҚО (26,1%), Ақмола облысы (20,1%), Атырау облысы (19,8 %), біліктілік санаты **педагог-сарапшы** (1-санат) бойынша жоғары пайыз көрсеткен Ақтөбе облысы (52,6), Қызылорда облысы (43,1 %), Шымкент қаласы (40 %), Солтүстік Қазақстан облысы (37,3 %), ең төменгі пайыз көрсеткен ШҚО (13 %), Павлодар облысы (17,6 %), Нұр-Сұлтан, Алматы қаласы (19,2 %), **педагог-зерттеуші** (жоғары санаты) бойынша ең жоғары Павлодар облысы (56,9%), Қарағанды облысы (54 %), Нұр-Сұлтан қаласы (42,3), Маңғыстау облысы (41 %), Түркістан облысы (40,1), Атырау облысы (37,1), ең төменгі пайыз Ақтөбе облысы (15,8%), Алматы облысы (24,2%), Жамбыл облысы (26,4 %), Солтүстік Қазақстан облысы (27,5%), Ақмола облысы (28,7 %). Ендігі санат **«педагог-шебер»** бойынша ең жоғары көрсеткішті – 26 адам (15,4%) Нұр-Сұлтан қаласы көрсетті. Бұл санат бойынша Жамбыл облысы 53 адам (5,7%), Атырау облысы 116 адам (4,3%), Алматы қаласы 26 адам (15,4%), Маңғыстау облысы 100 адам (3%), ШҚО 46 адам (2,2%), Павлодар облысы 102 адам, (2%), Ақмола облысы 279 адам (1,8%), Қостанай облысы 67 адам, (1,5%), Түркістан облысы 100 адам (1,4%), Алматы облысы 529 адам, (0,9 %) Ақтөбе облысы, Қарағанды облысы, Солтүстік Қазақстан облысы мен Қызылорда облысы, Шымкент қаласы 0 нәтиже көрсетті (5-сурет).

5-сурет



5-сурет

Осы санаттар бойынша талдау диаграммада берілген (5-сурет). Ол респондент - педагогтердің (1775) қазақ тілі пән мұғалімдерінің біліктілік санатының пайыздық өлшемін көрсетеді. Өңірлер бойынша «педагог» санатының орташа көрсеткіші 14,7 %, «педагог-модератор» санаты бойынша 17%, «педагог-сарапшы» санаты бойынша **29,8%**, «педагог-зерттеуші» санаты бойынша **34%**, ал «педагог-шебер» санаты бойынша **26,2%** құрайды.

Мұғалімнің кәсіби шығармашылығы – оның жан-жақты білімінен ұстаздық

шеберлігімен, оқытудың жаңа әдістерін меңгеруімен өлшенеді. Мұғалім қаншалықты білімді, шығармашыл болса, оның білім беру аясы да соғұрлым кең болмақ. Жаңашыл мұғалім – өзін-өзі жетілдіріп, дамытып отыратын тұлға. Өзін-өзі жетілдіру дегеніміз – өздігінен білім алу, өз бетімен оқу, жетілу процесі болып табылады. Өздігінен білім алудың мақсатының бірі – өз пәнінің саласы бойынша терең білім алу, жалпы біліктілік, білімділік деңгейін жетілдіру. Мұғалім өзін-өзі дамыту барысында ақпаратты әртүрлі білім алу көздерінен алады және алған ақпаратын сабақта немесе өмірде пайдаланады. Осындай ақпарат көздері өзіндік, кәсіби өсуге ықпал ететін білім көздеріне бөлінеді. Өздігінен білім алу көздеріне семинарлар мен конференциялар, шебер-сынып, іс-тәжірибе алмасу бойынша іс-шаралар, біліктілікті жетілдіру курсы және т.б. жатады.

Педагогтердің біліктілігін арттыру - оқыту мен оқыту сапасын арттыру үшін жаңа білім алуға, сондай-ақ бұрын алған кәсіби білімдерін, біліктерін, дағдылары мен құзыреттерін қолдауға, кеңейтуге, тереңдетуге және жетілдіруге мүмкіндік беретін кәсіптік оқыту нысаны. Біліктілікті арттыру курсының тыңдаушысы алған кәсіби құзыреттерін оқу процесінде қолданады.

Мектеп ұстаздарының біліктілігін арттыру - басты мақсат болып табылады. Келесі критерий респондент-педагогтердің біліктілігін арттыруы туралы онлайн-сауалнама түрінде, жаңартылған білім беру мазмұны бойынша курстардан өткен респонденттер талданды (53-кесте).


№	Жаңартылған білім беру мазмұны бойынша біліктілікті арттыру курсынан өту, өтпеуі туралы мәлімет			
	Өңірледің атауы	Респонденттер саны	иә	жоқ
1	Ақмола облысы	279	91,4%	8,6%
2	Ақтөбе облысы	19	89,5%	10,5%
3	Алматы облысы	529	88,7%	11,3%
4	Атырау облысы	116	91,4 %	8,6%
5	БҚО	74	89,2%	10,8%
6	Жамбыл облысы	53	92,5%	7,5%
7	Қарағанды облысы	50	96%	4%
8	Қызылорда облысы	65	92,3%	7,7%
9	Қостанай облысы	67	97%	3%
10	Маңғыстау облысы	100	94%	6%
11	Түркістан облысы	142	94,4%	5,6%
12	Павлодар облысы	102	96,1 %	3,9%
13	СҚО	51	100%	-
14	ШҚО	46	87%	13%
15	Нұр-Сұлтан қаласы	26	92,3%	7,7%
16	Алматы қаласы	26	84,6%	15,4%
17	Шымкент қаласы	30	90%	10%
Барлығы:		1775	92,1	7,9

Осы кестенің қорытындысы бойынша 1775 респонденттің 92,1% -ы

жаңартылған білім беру мазмұны бойынша біліктілікті арттыру курсынан өтсе, 7,9% - аталмыш курстан өтпеген.

Енді диаграммаға (6 -сурет) сәйкес сауалнамаға қатысқан орта білім беру ұйымдарындағы қазақ тілі пәні бойынша сауалнамаға қатысқан 1775 респонденттердің жауабын нақтырақ талдап өтер болсақ, жаңартылған білім беру мазмұны бойынша біліктілікті арттыру курсынан жоғары пайыздық нәтижені Солтүстік Қазақстан облысы (100%), Қостанай облысы (97%) және Павлодар облысы (96,1%), Қарағанды облысы (96 %) Маңғыстау облысы мен Түркістан облысы (94%) нәтиже көрсетті.

6-сурет



Осындай аймақтық саралау арқылы білім сапасының төмендегені немесе көтерілгенін себептерін байқауға болады. Онлайн-сауалнамаға барынша респонденттер тартылғанымен кей өңірлерде (3%) Қостанай облысы, (4%) Қарағанды облысы, Павлодар облысы (3,9%), Нұр-сұлтан қаласы мен Қызылорда облысы (7,7%). Жамбыл облысы (7,5%) респондент қатыспады.

Талдаудың келесі критерийі педагогтердің біліктілігін жаңартылған білім беру мазмұны бойынша арттыру туралы мәселе болды. Онлайн-сауалнама қорытындысы бойынша педагогтердің жалпы саны 1613 адам білім беру мазмұнын жаңарту курстарынан өткені және қай мекемеден өткені туралы болды. (54-кесте).


54 -кесте

№	Жаңартылған білім беру мазмұны бойынша біліктілікті арттыру курсы туралы мәлімет				
	Өңірледің атауы	Респонденттер саны	НЗМ	Өрлеу	Басқа
1	Ақмола облысы	255	16,9%	69%	14,1%
2	Ақтөбе облысы	17	11,8%	70,6%	17,6%
3	Алматы облысы	469	14,9%	78,5%	6,6%
4	Атырау облысы	106	16%	75,5%	8,5%
5	БҚО	66	21,2%	75,8%	2,3%
6	Жамбыл облысы	49	18,4%	73,5%	8,2%
7	Қарағанды облысы	48	8,3%	85,4%	6,3%
8	Қызылорда	60	6,7%	88,3%	5%

	облысы				
9	Қостанай облысы	65	7,7 %	83,1%	9,2%
10	Маңғыстау облысы	94	12,8%	79,8%	7,4%
11	Түркістан облысы	134	13,4%	78,4%	8,2%
12	Павлодар облысы	98	7,1 %	83,7%	9,2%
13	СҚО	51	7,8%	84,3%	7,8%
14	ШҚО	40	7,5%	90%	2,5%
15	Нұр-Сұлтан қаласы	24	16,7%	83,3%	-
16	Алматы қаласы	22	13,6%	81,8%	4,5%
17	Шымкент қаласы	27	7,4%	77,8%	14,8%
Барлығы:		1625	12,2%	68,4%	12,4%

Республикадағы 14 облыс пен 3 ірі қала (Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент) педагогтері Назарбаев зияткерлік мектептері мен «Өрлеу» БАҰО АҚ және басқа да ұйымдар ұйымдастырған жаңартылған білім беру мазмұны жайында біліктілікті көтеру курстарынан өткен. Өңірлер бойынша талдау үшін онлайн-сауалнамаға қатысқан барлық респонденттерді үш бағыт бойынша тізімдеп, пайыздық қорытынды шығарылды. Осы аталған мекемелердің арасында педагогтердің 68,4%-ы «Өрлеу» БАҰО АҚ, 12,4% - ы Назарбаев зияткерлік мектептеріне, 12,2%-ы басқа мекемелерден біліктілік деңгейін көтерген.

7-сурет



Төмендегі диаграммаға (7 -сурет) сәйкес сауалнамаға қатысқан орта білім беру ұйымдарындағы ағылшын тілі пәні бойынша сауалнамаға қатысқан 1625 респонденттердің жауабын нақтырақ көруге болады. Жаңартылған білім беру мазмұны бойынша біліктілікті арттыру курсынан Назарбаев зияткерлік

мектептерінен жоғары пайыздық нәтижені Батыс Қазақстан облысы (21,2%), «Өрлеу» БАҰО АҚ бойынша Шығыс Қазақстан облысы (90%), ал басқа ұйымдардан Қызылорда облысы (88,3%) көрсеткен. Ал осы жаңартылған білім беру мазмұны бойынша біліктілікті арттыру курсынан Назарбаев зияткерлік мектептерінен төменгі пайыздық нәтижені Қызылорда облысы (6,7%). Атырау облысы бойынша сауалнамаға қатысқан 106 респонденттер біліктілікті көтеру бойынша Назарбаев зияткерлік мектептерінен 16%, «Өрлеу» БАҰО АҚ бойынша 75,5%, ал басқа ұйымдардан біліктілікті көтеру бойынша 8,5%-дық көрсеткіш байқауға болады.

Енді берілген диаграммадан байқағанымыздай, педагогтер барынша біліктіліктерін көтеріп жатқанын көруге болады. Біліктілікті көтеру курстары бойынша «Өрлеу» БАҰО АҚ тым жоғары көрсеткіш көрсетуде. Назарбаев зияткерлік мектептері мен өзге ұйымдардың арасы онша алыс емес.

Педагогтердің оқытатын пәні бойынша біліктілікті арттыру курсынан өту, өтпеуі туралы мәлімет зерделеп көрейік. Жоғарыда көрсеткен көрсеткіштер жалпы жаңартылған білім беру мазмұны бойынша біліктілікті арттыру курсы болса, енді педагогтердің оқытатын пәні бойынша біліктілікті арттыру курстарынан өту, өтпеуін саралай келе, пайыздық көрсеткіштің өзгергенін байқауға болады (55-кесте).


55-кесте:

№	Педагогтердің оқытатын пәні бойынша біліктілікті арттыру курсынан өту, өтпеуі туралы мәлімет			
	Өңірледің атауы	Респонденттер саны	иә	жоқ
1	Ақмола облысы	279	88,2%	11,8%
2	Ақтөбе облысы	19	100%	-
3	Алматы облысы	529	85,1%	14,9%
4	Атырау облысы	116	88,8 %	11,2%
5	БҚО	74	85,1%	14,9%
6	Жамбыл облысы	53	83%	17%
7	Қарағанды облысы	50	96%	4%
8	Қызылорда облысы	65	84,6%	15,4%
9	Қостанай облысы	67	95,5%	4,5%
10	Маңғыстау облысы	100	87%	13%
11	Түркістан облысы	142	83,8%	16,2%
12	Павлодар облысы	102	89,2 %	10,8%
13	СҚО	51	94,1%	5,9%
14	ШҚО	46	84,8%	15,2%
15	Нұр-Сұлтан қаласы	26	84,6%	15,4%
16	Алматы қаласы	26	88,5%	11,5%
17	Шымкент қаласы	30	70%	30%
Барлығы:		1775	87,5 %	12,4

Педагогтердің біліктілікті арттыру курсынан өту, өтпеуі туралы онлайн-сауалнама қорытындысы бойынша педагогтердің жалпы саны 1775 адам, иә - (87,5 %), жоқ (12,4%) оның ішінде жоғары көрсеткіште Ақтөбе облысы (100%), Қарағанды облысы (96%), Қостанай облысы (95,5%), Павлодар облысы (89,2), өтпегендігі туралы облыстардың төмен көрсеткіші Қарағанды облысы (4%),

Солтүстік Қазақстан облысы (5,9%), Алматы қаласы (11,5%), Ақмола облысы (11,8%) болды.

8-сурет



Өңірлердегі педагогтердің оқыту пәндері бойынша 87,5% -ы біліктілікті көтеру курстарынан өтсе, 12,5% - әлі аталмыш курстан өтпеген.

Оқытатын пән бойынша біліктілікті көтеру курсынан өтуде 100% көрсетіп, Ақтөбе облысы тұрса, біліктілікті арттыру курсынан өтпеген деген көрсеткіште 4-пайыздық көрсеткішпен Қарағанды облысы тұр.

Педагогтердің біліктілік курсынан өтуін зерделеу арқылы аймақтардағы педагогтердің өздерінің білім берудің қандай сатысында тұрғанын, қандай бағытта даму керек және қажетті деңгейге қалай жету керек екендігін анықтау мақсатында жүргізілді.

Келесі сауалнамада педагогтердің сабақ беретін сыныбы туралы мәлімет сұралады. 2021 жылғы қорытынды бойынша онлайн-сауалнамаға қатысқан респонденттердің (педагогтердің) сабақ беретін сыныбының пайыздық көрсеткіші төмендегі кестеде берілген (56-кесте).

56-кесте

№	Педагогтердің сабақ беретін сыныбы туралы мәлімет			
	Өңірледің атауы	Респонденттер саны	9-сынып	10-сынып
1	Ақмола облысы	213	86,3%	40,4%
2	Ақтөбе облысы	18	83,3%	50%
3	Алматы облысы	456	75%	41,9%
4	Атырау облысы	99	77,8%	43,4%
5	БҚО	67	74,6%	50,7%
6	Жамбыл облысы	51	78,4%	37,3%
7	Қарағанды облысы	46	78,3%	41,3%
8	Қызылорда облысы	52	73,1%	34,6%
9	Қостанай облысы	61	82%	41%
10	Маңғыстау облысы	89	70,8%	48,3%

11	Түркістан облысы	132	71,2%	43,9%
12	Павлодар облысы	92	70,7%	48,9%
13	СҚО	49	65,3%	59,2%
14	ШҚО	43	86%	34,9%
15	Нұр-Сұлтан қаласы	19	89,5%	31,6%
16	Алматы қаласы	21	90,5%	19%
17	Шымкент қаласы	27	66,7%	48,1 %
Барлығы:		1535	77,6	42,0%

Ал осы кестенің диаграммалық кескінін 9-суреттен көруге болады. Педагогтардың сабақ беретін сыныптары бойынша 9 сыныпта жоғары пайыздық көрсеткіші Алматы қаласы (90,5%), Нұр-Сұлтан қаласы (89,5%), Ақмола облысы (86,3%), Шығыс Қазақстан облысы (86%), төмен көрсеткішті Солтүстік Қазақстан облысы (65,3%), Шымкент қаласы (66,7%), ал 10-сынып бойынша жоғары пайыздық көрсеткіште Солтүстік Қазақстан облысы (59,2%), Батыс Қазақстан облысы (50,7%), Ақтөбе облысы (50%), төмен көрсеткіште алматы қаласы (19%), Нұр-сұлтан қаласы (31,6%), Қызылорда облысы (34,6 %), Шығыс Қазақстан облысы (34,9%) болды.

9- сурет



Мониторинг білім алушының түрлі кезеңдегі біліктері мен дағдыларының даму динамикасын анықтауға, педагогтың алдағы іс-әрекетін жоспарлауға, білім алушының жеке дамуына қажетті жұмыстарды жүргізуге мүмкіндік береді. Онлайн-сауалнама бойынша жауап берген педагог-респонденттердің сабақ беретін оқу пәнін оқытуда қолданатын әдіс-тәсілдерін тізбектеп көрейік:

Жаңартылған білім бағдарламасының мазмұндық ерекшеліктері оқытудан күтілетін нәтижелерге оңтайлы қол жеткізуге мүмкіндік беретін стратегияларды, әдіс-тәсілдерді жетік білуді және таңдап қолдануды талап етеді.

Алаш зиялыларының бірі ғалым Ж.Аймауытов: «...Жеке дидактика яки методика дидактиканың жалпы ережелерін жеке пәндерді оқытқанда қалай

жанастыру, қандай әдіс қолдану туралы баян етеді... Оқыту жүзінде білім мен тәжірибе бірімен-бірі астасып, айқасып (реакцияласып) бірін-бірі толықтырып, бірге өркендеуге, бірге кемелденуге тиісті. Мұғалімнің айналысатыны үнемі қозғалып, өзгеріп өсетін, өркендейтін тірі адам болғандықтан, алғашқы бір алған білім мен оған қосымша іс жүзінде тапқан біркелкі әдіспен қанағаттанып, табан аудармай, бір орында тұрып қалуы мүмкін емес. Сабақ беру – үйреншікті жәй шеберлік емес, ол үнемі жаңадан жаңаны табатын өнер... дидактика мұғалімге жалпы жол-жоба көрсетіп, жетекшілік етеді, әйтпесе осы жолдан тайма деп оқытушыға міндет есебінде еш нәрсе ұсынбайды. Ол тек - сыннан өткен ұтымды жолдарды ғана нұсқайды», -десе [70.], ағартушы-ғалым А.Байтұрсынов: «Әдіс деген қатып-семіп қалған догма емес. Жақсы дерлік те, жаман дерлік те бір әдіс жоқ. Олқылықтың белгісі – бір ғана әдісті болу: шеберліктің белгісі – түрлі әдісті болу. Әдіс керектіктен шығатын нәрсе. Әдістің жақсы –жаман болмағы жұмсалатын орынның керек қылуына қарай», - дейді [36.].

Ғалымдардың бұл пікірлері күні бүгінге дейін өз құндылығын жойған жоқ, керісінше әдістеме ғылымында жетекші рөл атқаруда. Оқыту барысында қандай бір жаңашыл әдісті қолданбайық оның түбінде, бастауында жоғарыдағы тағы да басқа әдіскер - зерттеушілердің пікірі жатыр.

Оқытуда қолданылатын әдіс-тәсілдер: құндылыққа, тұлғалыққа, жүйелілікке, коммуникативтік, интегративтік, зерттеушілікке бағдарланады. Осыларға жеке-жеке тоқталар болсақ:

Құндылыққа-бағдарланған тәсіл - білім алушының құндылықтар жүйесін қалыптастырушы, тұлғаның өзін-өзі танытуы үшін алғышарттар құруды көздейді. Орта білім беру құндылықтары: отансүйгіштік және азаматтық жауапкершілік, құрмет, ынтымақтастық, еңбек және шығармашылық, ашықтық, өмір бойы білім алу.

Тұлғалық- бағдарланған тәсіл - педагогтің назарын білім алушы тұлғасының тұтастығына, оның ақыл-ойы, азаматтық жауапкершілік сезімінің ғана емес, сондай-ақ эмоционалдық-эстетикалық, шығармашылық даму мүмкіндіктерімен қоса рухани дамуына да аударуды көздейді.

Жүйелілік-әрекетті тәсіл- оқу-тәрбие үдерісінде білім алушының өз бетінше білім алуына бағытталып, осы мақсатта мұғалімнің тиімді іс-әрекеттің түрлі формаларын қолдануын көздейді.

Коммуникативтік тәсіл - білім алушылардың ауызша және жазбаша сөйлеу дағдыларын дамытуға, қарастырып отырған мәтін, әңгіме мазмұнын түсініп, әр түрлі жағдаятта дұрыс сөйлеп, ойды анық, нақты, түсінікті жеткізе білу үшін тілді орынды қолданып үйренуге бағытталған тәсіл.

Интегративтік тәсіл- оқу үдерісін жобалау және өткізу кезінде әр түрлі оқу пәндерінің мазмұнын өзара кіріктіру есебінен білім алушыда әлемнің тұтас бейнесін қалыптастыруға жәрдемдеседі. Оқыту тілі қазақ тілінде емес мектептердегі қазақ тілі мен әдебиетін деңгейлік оқытуда негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9-сыныптарында қазақ тілі мен қазақ әдебиетін кіріктіруге

және сол арқылы алынатын білімдердің функционалдығына қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Зерттеу тәсілі - зерттеушілік әрекет дағдыларын дамытуға, ғылыми таным әдістерімен танысуға жәрдемдеседі, білім алушыларда танымдық, ізденушілік, зерттеушілік қызығушылықты қалыптастырады.

Осы тәсілдердің барлығы сабақ барысында педагогтің іріктеген интербелсенді әдіс-тәсілдері арқылы жүзеге асады. Интербелсенді әдіс- (inter-аралық, бірнеше, action-әрекет дегенді білдіреді) үйретуші мен үйренушілердің өзара қарым-қатынаста, іс-әрекетте қолданатын амалдары.

Басқаша атап көрсететін болсақ, «интербелсенді оқу» дегеніміз біреумен өте жақын қарым-қатынаста болып, онымен бірлесе әрекет жасау және диалог құру деген мағынаны білдіреді. Яғни интербелсенді оқу - өзара қарым-қатынасқа негізделген оқу мен оқыту, диалог арқылы үйрену және үйрету деген мағынаны білдіреді. Интербелсенді оқытудың ең басты ерекшелігінің бірі- ол білім алушының әрекетке тікелей қатыстылығы. Оны ашып түсіндіретін болсақ, адам өз қолымен жасаған нәрсені есте жақсы сақтап қалады. Кезінде ол туралы қытай ғұламасы Конфуций былай деген: «Маған айтып берсең - ұмытып қаламын, көрсетсең - есте сақтаймын, ал өзіме жасатсаң - үйренемін!». Сонымен интерактивті әдістің мақсаты - тек ақпаратты беру ғана емес, білім алушыларға жауаптарды өз бетінше табу дағдысын меңгерту екендігімен ерекшеленеді. Сабақта интербелсенді әдістерді қолданып жүргізу білім алушы бойына төмендегідей білім, білік, дағды, машықтарды қалыптастырады. Олар: терең ойлану, жеке рефлексиялық қабілеттерді дамыту, өз идеялары мен әрекеттерін талдау және оларға баға беру, ақпаратты өздігімен түсініп, жан-жақты талдап, таңдап алу, өздігімен жаңа түсінік пен білім құрастыру, пікірталастарға қатысып, өз ойы мен пікірін дәлелдеу, шешім қабылдау және қиын мәселелерді шешу. Интербелсенді әдістерді қолдану арқылы білім алушылармен мынадай жұмыс түрлері жүргізіледі: бірлескен жұмыстар (жұптық, топтық, ұжымдық), рөлдік және іскерлік ойындар, пікірталастар, ақпараттың әртүрлі көздерімен жұмыс жасау (кітап, лекция, интернет, құжаттар, мұражай т.б.), презентациялар, тренингтер, интервью, сауалнама т.б.

Педагог сабақ барысында интерактивті әдістерді қолдануда төмендегідей ережелерді басшылыққа алуы қажет: біріншіден, білім алушылар жұмысқа (белгілі бір тақырып бойынша тапсырма талдау кезінде) толығымен қатысуы керек; екіншіден, білім алушылар психологиялық тұрғыдан толықтай дайын болулары керек, яғни сабақ барысындағы сергіту сәті, мұғалімнің білім алушыны белсенділігі үшін марапаттау, баланың өзін-өзі көрсетуіне жол беру т.б.; үшіншіден, кабинет талапқа сай болуы, оқу кабинеттері ыңғайлы және жайлы болуы қажет; төртіншіден, білім алушының өз пікірін, көзқарасын білдіріп, дәлелдеп беруге мүмкіндік жасалуы қажет, сонымен бірге регламентке назар аудару, белгіленген уақыттан асып кетпеу, бөгде кісінің пікірін сыйлау, сөзді бөлмеу, оның ар-ожданын сыйлау т.б.; бесіншіден, мұғалім білім алушыларды сабақ барысында топқа бөлуге мұқият қарауы қажет.

Сабақта интербелсенді әдістерді қолдануда білім алушы мынадай қарым-қатынасқа түседі: - мұғаліммен (сұраққа жауап берген кезде); - сабақ кезінде өзге балалармен (қосақталып жұмыс істеу барысында); - шағын топтармен (3-5 баламен); - балалардың үлкен тобымен (көбіне пікірталас, сынып болып әлдебір мәселені талқылау барысында); балалардың тобымен және халықпен (топ әлеуметтік сауалнама жүргізеді); кейбір техника түрлерімен (компьютермен). Білім алушы бойына функционалды сауаттылықты қалыптастыруда педагог білім алушының өздерінің өмірлік тәжірибелерін білім берудің негізгі көзі ретінде ала біледі.

Мұғалімдер әр сабақ соңында білім алушыдан күтілетін нәтижелерін анықтайды, бүгінгі сабақ білім алушыға не берді, бүгінгі тақырыпқа деген жаңаша түсінік пайда болды ма, немесе сабақ мақсаты іске асты ма деген сияқты тағы басқалары.

Бүгінгі күнде заманның ағымына байланысты оқытудағы басты ерекшелік оқу мен оқытуда ақпаратты көлемді түрде ұсынып және соңында сол ақпаратты жоғары деңгейде практикада бекіте алатын әдістерді қолдануды талап етеді. Бұл талап қазіргі таңда оқыту мен оқудың саласында көптеген инновациялық өзгерістер әкелді. Олар:

- Ақпараттардың ішінен білім алушы өзіне қажетін таңдап алып, оны дұрыс пайдалана білу.

- Мәселелерді шешу және сол жайында дұрыс шешім қабылдау.

- Әр адам өзіндік тұжырым, идеялар, пікір, түсінік келтіру және соларды дәлелдеп қорғай алу.

- Әлеуметтік ортада ауызша және жазбаша қарым-қатынас құра білу, жанжалдарды болдырмай, ортада бірлесе жұмыс жасай білу.

- Өзінің өмірге деген көзқарасын, қажеттіліктерін, құндылықтарын, ұстанатын сенімдерін жалпы адами құндылықтармен байланыстыра білу.

Интербелсенді оқытуда және үйренуде білім алушылар келесідей білім, білік, дағды, машықтарға үйренеді:

- Терең ойлану және рефлексиялық қабілеттерді дамыту;

- Өз идеялары мен әрекеттерін талдау және оларға баға беру;

- Берілген ақпаратты өздігімен түсіне отырып, оны таразылап, оның ішінен керектісін ғана таңдап алуды;

- Ақпаратты жан-жақты талдай білуді;

- Өздігімен жаңа түсінік пен білім құрастыра алу;

- Оқу барысында жеке басының сенімдері мен құндылықтарын қалыптастырып, белсенді өмірлік позиция ұстану;

- Көптеген пікірталастарға қатысу арқылы өз пікірі мен ойын дәлелдей алу;

- Басқа да балама пікірлерді ескере білу;

- Өз бетінше шешім қабылдай білу және кез-келген мәселені шешу;

- Ортақ жұмысқа жұмыла білу;

- Топтағы басқа білім алушылармен қарым-қатынас құра білу, өзара әрекеттесу.

Сабақтың өту кезеңдерін үшке бөліп қарастырсақ:

Бірінші кезеңінде: Білім алушылар өздерінің бұрын білетіндерін еске түсіру арқылы жаңа білімді игеруге үйренеді. Білуге (білімге) деген қызығушылық туады. Білім алушы алдағы уақытта сол қызығушылығы арқылы дамиды.

Екінші кезеңінде: Білім алушылар өз тарапынан танымдық әрекеттер атқарады. Бір-бірімен пікіралмасу арқылы тақырыпқа енеді.

Үшінші кезеңде: білім алушылар алған білімдері жайында ой толғайды, өз араларында пікірлеседі, талқылайды. Осы іс-әрекеттер арқылы жаңаша түсініктер қалыптасады. Жалпы ой тәжірибесінен өткізе отырып, алғашқы алған білімдеріне кейінгі алған білімдерін ұштастыра отырып, білім багажын толықтырады, алғашқы ойлары, пікірлері өзгеруі де, толығы да мүмкін.

Бүгінгі күнде оқытудың нәтижеге бағытталуы оқу үдерісінде білім алушыны бірінші орынға шығаруды талап етеді. Ол үшін бүгінгі білім беру саласында субъект субъектілік қатынасты басшылыққа алып, үйрену мен үйретуді тек өзара белсенді әрекеттерге негізделген қарым-қатынаста жүзеге асыруда сабақта оқытудың интербелсенді әдістерін кеңінен қолдануымыз керек.

Жаңартылған білім бағдарламасымен сабақ жүргізуде ең қолайлысы сабақта интербелсенді әдістерді таңдап-талғап қолдану.

Бүгінгі зерттеуімізде мониторинг жүргізу білім алушының түрлі кезеңдегі біліктері мен дағдыларының даму динамикасын анықтауға, педагогтың алдағы іс-әрекетін жоспарлауға, білім алушының жеке дамуына қажетті жұмыстарды жүргізуге мүмкіндік береді. Онлайн-сауалнама бойынша жауап берген педагог-респонденттердің сабақ беретін оқу пәнін оқытуда қолданатын әдіс-тәсілдерін тізбектеп көрейік:

Ақмола облысы:

- СТО
- Сын тұрғысынан ойлау
- Блум таксономиясы
- ПОПС формуласы
- Дөңгелек үстел
- Дебат
- Сұрақ-жауап
- Автобус аялдамасы
- Диалогтық оқыту
- АКТ қолдану
- Миға шабуыл
- Бес жолды өлең
- Топтық жұмыс
- Жеке жұмыс
- Жұптық жұмыс
- Джигсо

- Фишбоун
- Қар қиыршықтары
- Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлау
- Ауызша-жазбаша әдіс
- Ойындар
- Клип әдістемесі
- ЖББ
- Кейс
- Шаттық шеңбері
- Сұраққа жетіп ал
- Ақылдың алты ойлау қалпағы
- Эдвард де Боно бойынша
- INSERT әдісі
- Вагон ойыны тәсілі
- Аквариум тәсілі
- Коммуникативтік методика әдісі
- Екі жазба күнделігі
- Венн диаграммасы
- Төрт сөйлем
- Екі түрлі түсініктеме күнделігі
- Кувертка әдісі
- Еркін әңгіме әдісі
- Кластер әдісі
- Синквейн
- Автобус аялдамасы
- SWOT-талдау
- Галереяны шарлау
- БИС тәсілдері
- Ыстық орындық
- Бес саусақ әдісі
- Диалогтік әдіс
- Дамыта оқыту
- Сатылай кешенді талдау
- Балық қаңқасы әдісі
- Синквейн әдісі
- Бір сөйлем әдісі

Ақмола облысынан қатысқан 237 респонденттердің жауабын талдап отырғанда байқағанымыз олардың барлығына ортақ әдіс-тәсілдердің саны -52. Оқыту тілі қазақ тілінде емес мектептердегі қазақ тілі мен әдебиетін деңгейлік оқытуда қолданылатын әдіс-тәсілдердің сабақтың әр кезеңінде қолданылатындығын байқадық. Мысалы «Миға шабуыл» әдісін мұғалім білім алушының қандай да бір болмасын ақпаратты қаншалық дәрежеде білетіндігін

анықтау мақсатында жаңа сабақ басталар алдында сұрақ қою арқылы өткен сабақ пен жаңа сабақтың байланысын негізге ала отырып қолданады. Бұл әдістің білім алушыға тиімділігі проблеманы сұрақ қойып зерттеу арқылы ой-өрісін дамытады, ойын еркін жеткізуге дағдыландырады. Мұғалімнің талабына қарай бұл әдісті ауызша да, жазбаша да жүргізуге болады. Мұнда сыни тұрғыдан ойлау да, диалогтық оқыту да жүзеге асырылады. Сонымен қатар айтылым, жазылым әрекеттері де жүргізіледі. Әрі сұрақтар қою арқылы жаңа сабақтың тақырыбы ашылады.

Сол сияқты тағы бір әдіс «Джигсо» әдісін қолдануда берілген тақырыпты білім алушылар топ ішінде талдап, әр түрлі тәсілдерді қолдану арқылы топтық жұмыс жасайды. Басқа топтарға өкілдерді жіберіп өз жұмысы туралы топта талқылайды, идеябөліседі, топтағы білім алушылар арасында ынтымақсаттық дамиды. Ынтымақтастық білім алушылардың бірлікте жұмыс жасауына, яғни білгенін жолдастарымен бөлісіп, тақырыпты ортаға салып талқылауға, ортақ бір ойға келіп, пікір ортақтастығына әкеледі. Бұл әдіс оқыту тілі қазақша емес білім алушылардың тілдік қорын толықтыруға, тілдік орта қалыптастыруға көп мүмкіндік береді.

Пән мұғалімдерінің өз тәжірибесінде осындай интербелсенді әдістерді белсенді қолдануы сабақтың өз мақсатына жетуіне мүмкіндік береді.

Ақтөбе облысы:

Ақтөбе облысы бойынша 18 респонденттердің жауабын талдасақ, 27 әдіс-тәсілдің түрін көрсетеді. Жоғарыдағы айтылған «Миға шабуыл», «Джигсо» әдістерін мұнда да қолданатындығы байқалады. Сонымен қатар мұғалімдердің көптеген интербелсенді әдістермен таныс екендігін көреміз. Мысалы, «Ақылдың алты қалпағы» әдісін қарастырсақ, Білім алушының сыни тұрғыдан ойлауын дамытуға бағытталған әдіс. Талқылауға берілген тапсырманы білім алушылар мұқият таныса отырып, әр қайсысы өз тұрғысынан жан-жақты талдау жасайды, бұл баланың ойлау қызметін жетілдіріп, сананың әртүрлі аспектілерін жандандыру мақсатында жүргізіледі. Бұл әдістің тиімділігі білім алушы ұсынылған мәселе бойынша өз ойына талдау жасайды. Жасаған жұмысы бойынша өз көзқарасына рефлексия жасай біледі. Тілдік орта қалыптасуына мүмкіндік жасалады.

- Сындалы оқыту
- Топтық, жұптық жұмыстар
- Миға шабуыл
- Ыстық орындық
- Қар кесегі немесе қарлы кесек
- Екі дұрыс, бір бұрыс
- Слайд
- Сыни тұрғыдан ойлау
- АКТ
- СТО стратегиясы
- Ақылдың алты қалпағы
- Венн диаграммасы

- Рафт
- Сиквейн
- Тұжырым картасы
- Диалогтық оқыту
- Пікірлер аллеясы
- Мәтіндік талдау үлгілері
- Балық қаңқасы
- Фишбоун әдісі
- Блум түймедағы
- Джигсо
- Дананың кілттері
- SWOT-талдау
- Айналмалы бекет
- Аяқталмаған төрт сөйлем
- Адасқан әріптер

Алматы облысы:

Алматы облысы бойынша 466 респонденттердің жауабын талдасақ, 43 әдіс-тәсілдің түрін көрсетеді. Қатысушылардың жауабын салыстырып отырсақ, педагогтардың басым көпшілігіне ортақ қолданылатын әдіс-тәсілдердің бірі SWOT талдау екен. Бұл талдауды қолданудағы мақсат - білім алушылардың бір мәселе бойынша ойлау, талдау, салыстыру қабілетін дамыту, өз пікірлерін ашық айтуға баулу. Бұл әдіс, әрине, орыс тілді балалар үшін өте тиімді әдіс. Сабақты қорытындылау кезінде, кері байланыс беруде өте қолайлы. Білім алушыларды қызықтыра отырып, оқытуға болады.

- Таза тақта әдісі
- Телефон тәсілі
- Мен бәрін білемін әдісі
- СТО әдісі
- Сыни ойлау әдісі
- Саралап оқыту
- Оңай, қиын сұрақтар
- БББ әдісі
- Джигсо әдісі
- Инсерт әдісі
- Болжау әдісі
- Жұптас, пікірлес әдісі
- Жазушының қойын дәптері
- Синквейн әдісі
- Диалогтық оқыту
- Болжау әдісі
- Танымдық ойындар

- Суреттер сөйлейді
- Екі жақты күнделік
- Адамдар әріптері
- Фила кестесі
- Т кестесі әдісі
- Lesson study
- Jigsaw. Back to screen.hot seat
- НІРР, SWOT, IDEA сын тұрғысынан ойлау тәсілдері
- Дара диаграмма
- Бес жолды өлең
- Постер
- Фейшбоун
- Топтық жұмыстар
- Ыстық орындық
- Аялдама әдісі
- Балық қаңқасы, Кубизм әдісі
- Миға шабуыл
- Әдебиет лотосы
- Пирамида тарихы
- Интерактивті дәріс
- Сатылай кешенді талдау
- РАФТ
- Тізбек әдісі
- Зерттеушілік әдіс-тәсілдер
- Рефлексиялық эссе
- Бестік диктант

Атырау облысы:

Атырау облысынан сауалнамаға 105 респондент қатысып, сабақта өздері қолданатын 46 әдіс-тәсілдің түрін көрсетті. Мысалы, Ыстық орындық әдісін қолдануда мұғалімнің мақсаты білім алушылардың сұрақ қою дағдысын қалыптастыру арқылы өз пікірлерін өзара ашық, еркін айтуға үйрету. Педагог сабаққа осы әдісті қолдана отырып білім алушылардың белсенділігін арттырумен қатар, әр білім алушының мүмкіндігін, қабілетін байқайды, қызығушылықтарын анықтайды. Педагог үшін балаға сабақты оқыта отырып, зерттеуге мол мүмкіндік береді. Мұнда сын тұрғысынан ойлау, диалогтік оқыту модульдері қамтылады.

- Веен диаграммасы
- Табыс сатысы
- Бағдаршам әдісі
- Синквейн әдісі
- Қоржын әдісі
- Аяқталмаған сөйлемдер әдісі

- Джигсо әдісі
- Алтықалпақ әдісі
- Сын тұрғысынан ойлау
- Бесбармақ әдісі
- БББ тәсілі
- Бес жолды өлең әдісі
- Екі жақты күнделік әдісі
- Топтық жұмыстар
- Деңгейлік оқыту
- Миға шабуыл
- Фэшбоун әдісі
- Инсерт әдісі
- Саралау әдісі
- Поис формуласы
- Рафт әдісі
- Сұрақ-жауап әдісі
- АКТ
- Ыстық орындық
- Ойлан, бөліс, жұптас.
- Жетістік ағашы
- Тұжырымдамалық карта
- Венн диаграммасы
- ПОПС формуласы
- Үш қадам, төрт сөйлем әдісі
- Өрмекші, данышпан, үкі әдісі
- Блум әдісі
- Бес саусақ
- Сатылай кешенді талдау
- Графикалық органайзер әдісі
- Кластер
- Хикая картасы әдісі
- Концептуальдық кесте әдісі
- Маңыздылық қаймағы әдісі
- Оқиғалар тізбегі әдісі
- Шеңбердегі екеу әдісі
- Тұлғаны таны әдісі
- Диалог арқылы оқыту әдісі
- Аквариум
- Эссе жазу
- Төрт сөйлем, екі түрлі түсіндірме күнделігі


Батыс Қазақстан облысы:

Батыс Қазақстан облысынан 64 респондент қатысып, 30 әдіс-тәсілдің түрін көрсетеді. Қатысушы респонденттердің жауабын салыстыра отырып байқағанымыз «Ашық микрофон» әдісін барлық педагог өз сабақтарында қолданатындығы. Бұл әдіс білім алушыны жылдам әрі тұжырымды ой айтуға үйретеді. Білім алушылар қолдарына микрофон ұстап, өткен сабаққа байланысты немесе үй жұмысына байланысты бір-біріне сұрақтар қояды, жауап береді. Бұл әдіс баланы жинақылыққа, ойын нақты жеткізуге, сұрақ қоя білуге үйретеді. Әдісті диалогтік оқытуда, кері байланыста, сыни тұрғыдан оқыту модульдерінде қолдануда өте тиімді.

- Сатылай кешенді талдау әдісі
- АКТ
- Галереяны шарлау әдісі
- Жүзіп шығу әдісі
- Хикаялар картасы әдісі
- ПОПС формуласы әдісі
- ФПА кестесі
- Ақылдың алты қалпағы
- Әдеби шеңбер әдісі
- Балық қаңқасы әдісі
- Бинго әдісі
- Саралап оқыту әдісі
- Жылдам оқыту, есте сақтау әдісі
- Стоп-кадр әдісі
- Семантикалық карта әдісі
- Диалогтық оқыту әдісі
- Миға шабуыл әдісі
- «Мен және біз» әдісі
- Дебат түріндегі әдіс-тәсілдер
- Серпілген сауал
- Ашық микрофон
- Автор орындығы
- Графигтік мәтінмен жұмыс
- Пікірсайыс тәсілі
- Ой қозғау тәсілі
- Ой қорыту тәсілі
- Білім алушыларға қолдау әдісі
- Үлестірме материалдар әдісі
- «Құнды, қызық, қиын» әдісі
- Инсерт әдісі


Жамбыл облысы:

Жамбыл облысы бойынша сауалнамаға 45 респондент қатысты.




Қарағанды облысы:

Қарағанды облысы бойынша сауалнамаға 43 респондент қатысты.



Қызылорда облысы:

Қызылорда облысы бойынша сауалнамаға 46 респондент қатысты.



Қостанай облысы:

Қостанай облысынан сауалнамаға 62 респондент қатысып, 22 әдіс-тәсілдің түрін көрсетті.

- Сұрақ-жауап әдісі
- Денгейлік оқыту әдісі
- Биографиялық баяндама әдісі
- Бинго
- Бағдаршам әдісі

- Диалогтік оқыту әдісі
- Сын тұрғысынан ойлау әдісі
- АКТ
- Сатылай кешенді оқыту
- Ассоциация
- Сөздік әдісі
- Ашық-жабық сұрақ әдісі
- Бес өлең жолы әдісі
- Үш сөйлем әдісі
- Сұхбат тәсілі
- Әңгімелесу, сұхбаттасу әдісіКоллаж әңгіме әдісі
- ПОПС формуласы
- Карусель
- Миға шабуыл
- Венн диаграммасы
- Кластер
- Иә-жоқ тәсілі

Маңғыстау облысы:

Маңғыстау облысынан 93 респондент қатысып, 45 әдіс-тәсілдің түрін көрсетеді. Мұғалімдердің қолданатын әдіс-тәсілдері баланы жан-жақты ашуға, сабаққа деген қызығушылығын оятып, ізденуге баулиды.

- Сыни тұрғыдан ойлау
- Шаңырақ әдісі
- Айналым бекеттер
- Т картасы
- АКТ
- Екі жақты күнделік әдісі
- Венн диаграммасы
- Алты қалпақ әдістері
- Екі жақты күнделік
- Миға шабуыл
- Джиксо әдісі
- Шаттық шеңбері
- Фишбоун әдісі
- ABC тәсілі
- Әдебиет лотосы
- Ақындар мен жазушылар
- Ойлан.Жұптас. Пікірлес.
- Деңгейлік тапсырмалар әдісі
- Сатылай кешенді талдау
- Ортадағы қаламсап

- Аяқталмаған сөйлем
- Веер әдісі
- Ыстық орындық
- Қар кесегі
- Кубизм
- РАФТ
- Стоп кадр
- Өрмекші торы
- Төрт сөйлем әдісі
- Синквуин әдісі
- Ашық және жабық сұрақтар
- Қос жазба күнделігі
- Топтастыру
- Салыстыру
- Ішіне-сыртына әдісі
- Үштік сұхбат әдісі
- Дербес пікір әдісі
- Блум түймедағы әдісі
- Балық қаңқасы әдісі
- Тұжырым кестесі әдісі
- Шын/жалған әдісі
- Ой қозғау әдісі
- Ой шақыру әдісі
- БББ- кестесі әдісі
- Графикалық органайзер әдісі

Түркістан облысы:

Түркістан облысы бойынша сауалнамаға қатысқан 128 респонденттердің жауабынан 48 әдіс-тәсілдің түрін өз сабақтарында қолданатындығын байқадық.

- Сын тұрғысынан ойлау
- Блум таксономиясы
- Сұрақ-жауап
- СТО
- Ыстық орындық
- АКТ
- Дөңгелек үстел
- Еркін микрофон
- Картамен жұмыс
- Диалог
- Бес жолды өлең
- Сыни ойлау стратегиясы

- Сатылай кешенді оқыту
- Т кестесі
- ПОПС
- Кім жылдам
- Іздендіру, топтастыру
- Алтын сандық
- Бағдаршам
- Модерация әдісі
- Социограмма әдісі
- Диалог әдісі
- Аударыспақ әдісі
- Интервью
- Әдебиет порталы әдісі
- Кемпірқосақ әдісі
- Адамның әріптері әдісі
- Бес жолды өлең әдісі
- Әдеби үйірме әдісі
- Жұптас, ойлан әдісі
- Ыстық орындық әдісі
- Бес жолды өлең
- Түртіп алу
- Еркін жазу
- ФИЛА
- Смарт
- Сылдырмақ әдісі
- Қарлы кесек әдісі
- Айналма бекет
- Мозайка әдісі
- Керме жіп
- Кинокадр әдісі
- Төрт сөйлем әдісі
- Екі жақты күнделік әдісі
- Қосжазба әдісі
- Байланысқан оқу
- Серпілген сұрақтар
- Ашық микрофон

Павлодар облысы:


Павлодар облысы бойынша сауалнамаға 88 респондент қатысып, 35 әдіс-тәсілдің түрін көрсетеді.

- Сын тұрғысынан оқыту

- Сұрақ-жауап
- Фишбоун,
- Концепт карта
- Түймедақ сұрақ
- Соңғы бес минут
- Перифраз
- Рефлексия
- Әңгімелесу әдісі
- АКТ
- Ой қозғау
- Диалог әдісі
- Интерактивті оқыту әдісі
- Білгірлер сандығы әдісі
- Тыңдап отырған үштік әдісі
- Сұрақтар шеңбері
- Айналымалы бекеттер
- Ой қозғау әдісі
- Сатылай кешенді талдау
- Спикерлермен диалог
- Сұрақтар шеңбері
- Бес шумақты өлең
- Қос күнделік
- Бес тармақ әдісі
- Галерея әдісі
- ПОПС формуласы
- Жигсо
- Веен диаграммасы
- Балық қаңқасы
- Хикая картасы
- Постермен жұмыс
- Серпілген сауал
- Сұраққа жетіп ал
- Кластер әдісі
- Қар кесегі


Солтүстік Қазақстан облысы:

Солтүстік –Қазақстан облысы бойынша сауалнамаға 45 респондент қатысты.




Шығыс Қазақстан облысы:

Шығыс Қазақстан облысы бойынша сауалнамаға 43 респондент қатысты.



Нұр-Сұлтан қаласы:

Нұр-Сұлтан қаласы бойынша сауалнамаға 20 респондент қатысты.



Алматы қаласы:

Алматы қаласы бойынша сауалнамаға 23 респондент қатысты.



Шымкент қаласы:

Шымкент қаласы бойынша сауалнамаға 30 респондент қатысып, сабақтарында белсенді түрде қолданатын 15 әдіс-тәсілдің түрін көрсетті.

- Доп лақтыру
- Тізбек
- Кубизм
- Ыстық орындық
- Балық қаңқасы
- Джиксо қалқанша
- Бес жолды өлең
- Постер қорғау
- Ширату
- Коллаж әңгіме
- Менің сөзім... әдісі
- РАФТ әдісі
- Сұрақ-жауап әдісі
- Сингвейн
- Бес тармақ

Жалпы он жеті өңірден «Өзіңіз сабақ беретін оқу пәнін оқытуда қандай әдіс-тәсілдерді қолданатыныңызды көрсетіңіз» деген сауалнамаға 1556 респондент қатысып, өздері оқу процесінде қолданатын түрлі әдіс-тәсілдерді көрсетті. Сауалнама қорытындысы көрсеткендей, Ақтөбе облысынан қатысқан респонденттердің (18) саны қаншалықты аз болса да, қолданатын әдіс-тәсілдерінің (27) көп екендігін байқадық. Ал сауалнамаға ең көп қатысқан өңір Алматы облысы болса (466), педагогтардың қолданатын әдіс-тәсілдерінің саны (43) аз екендігін байқаймыз. Мониторинг барысында әдіс-тәсіл түрлерін ең көп қолданатын өңір Ақмола облысының (52) педагогтары болса, аз көрсеткен (15) Шымкент қаласының педагогтары болды.

Бұдан шығатын қорытынды, жалпы шығармашыл педагог үнемі ізденіс үстінде болады. Қазіргі қоғам жағдайында жаңартылған білім бағдарламасымен оқып отырған кезеңде мұғалімнің шығармашылығы бірінші орынға қойылады. Себебі, «Мұғалім-адам жанының инженері» десек, алдындағы әрбір баланың болашақта кім болатындығы, жеке тұлға болып қалыптасуы осы мұғалімнің еңбегінің жемісі болмақ. Ізденгіш, шығармашыл мұғалім сабақты оқытпайды, білім алушының өзі ізденіп оқуына ықпал жасайды. Білім алушының өздігінен ізденіп, оқып, зерттеп, қорытынды шығаруына осы жоғарыда көрсетілген әдіс-тәсілдерді орнымен қолдану арқылы қол жеткізеді.

10-сурет



Сабақта алған ақпаратты есте сақтаудың орташы пайызы

Шығармашыл мұғалім сыныпта білім алушыға өзін әрекеттендіру арқылы алған білімін 90 пайызға жеткізе алады. Яғни білім алушының жұмыс жасауына жағдай жасайды, мүмкіндіктер туғызады. Ол мүмкіндіктер әрине, мұғалімнің 45 минуттық сабағын дұрыс жоспарлап, әдіс-тәсілдерді мақсатта түрде қолдануынан шығады.

Мұғалімнің әдіс-тәсілдерді орнымен қолдануының нәтижесінде күнделікті сабақ барысында сынып ішінде ынтымақтастық ахуал қалыптастырып, білім алушылардың көңіл күйлерінің жақсаруы берілген білімді меңгеруде оң әсерін береді. Білім алушылар тақырып аясында өзара ынтымақтаса жұмыс істей отырып, бір нәтижеге жету үшін топ ережелерін үйренеді. Өз-өздерін реттеулері мен көшбасшылыққа ұмтылулары, дарындылары айқындала бастайды.

Келесі сауалнама бойынша: «Өзіңіз сабақ беретін оқу пәні бойынша оқу-дидактикалық, оқу-көрнекілік немесе өзге де көмекші материалдар әзірледіңіз бе?» деген сауалнама бойынша талдаймыз.

Сабақ барысында әр мұғалімге көмекке келетін - көрнекіліктер. Қазіргі жаһандану кезеңінде, ақпараттық технологияның дамыған заманында, әрбір цифрлы – педагог өз пәніне қатысты қажетті көрнекіліктерді қолжетімді қолдана алады. Көрнекілік қолдану сабақ мақсаттарына сай болуы керек.

Бүгінгі педагог, ол - модератор, ол -сарапшы, ол-зерттеуші, ол-шебер педагог. Сондықтан көрнекілік дайындауда бүгінгі мектеп мұғалімдерінің үлес салмағы айтарлықтай жоғары.

Жалпы дидактика ғылымы пәнді оқытуда қолданылатын іс-әрекет заңдылықтарын зерттейтін, әртүрлі әдіс-тәсілдердің қолданылу аясын, сабақтың ұйымдастырылу формасы мен пайдаланылатын көрнекілік құралдарын қарастырады.

Осыған қатысты өңірлерге жүргізген онлайн-сауалнамалардың бір сұрағы педагогтердің сабақ беретін оқу пәні бойынша оқу-дидактикалық, оқу-көрнекілік және көмекші құралдарын әзірлеуі мен әзірлемеуі тұрғысында болған. Респонденттердің берген жауабын талдау үшін 57-кестедегі көрсеткіштерді талдайық.

57 -кесте

№	Педагогтердің сабақ беретін оқу пәні бойынша оқу-дидактикалық, оқу-көрнекілік және көмекші құралдары туралы көрсеткіш			
	Өңірлердің атауы	Респонденттер саны	әзірлейді	әзірлемейді
1	Ақмола облысы	279	72,8%	27,2%
2	Ақтөбе облысы	19	68,4%	31,6%
3	Алматы облысы	529	49,5%	50,5%
4	Атырау облысы	116	39,7 %	60,3%
5	БҚО	74	62,2%	37,8%
6	Жамбыл облысы	53	37,7%	62,3%
7	Қарағанды облысы	50	60%	40%
8	Қызылорда облысы	65	55,4%	44,6%
9	Қостанай облысы	67	55,2%	44,8%
10	Маңғыстау облысы	100	34%	66%
11	Түркістан облысы	142	46,5%	53,5%
12	Павлодар облысы	102	70,6%	29,4%
13	СҚО	51	43,1%	56,9%
14	ШҚО	46	52,2%	47,8%
15	Нұр-Сұлтан қаласы	26	46,2%	53,8%
16	Алматы қаласы	26	50%	50%
17	Шымкент қаласы	30	36,7%	63,3 %
Барлығы:		1775	52%	48%

Кестеде көрсетілгендей өңірлер бойынша сауалнамаға белсенді қатысқандар: Алматы облысы – 529 педагог қатысқан, оның 49,5 пайызы көрнекіліктер әзірлеуге қатысқан болса, 50,5 пайызы мүлдем қатыспайтын болып шықты. Бұл, әрине, облыс үшін төмен көрсеткіш. Педагогтардың тең жартысы қазіргі қоғам талабына сай шығармашыл – ұстаз болу керектігін ескермейтіндігі байқалады.

Ақмола облысы-279 адам, оның 72,8 пайызы оқу-дидактикалық, оқу-көрнекілік және көмекші құралдар әзірлеуге атсалысатын болса, 27,2 пайызы қатыспайтындықтарын айтты. Облыс педагогтарының жетпіспен аса пайызы әдістемелік құралдар дайындап, іздену жолында болса, жиырмадан жоғары пайызы ізденбейтіндіктерін байқатты. Бұл сандар, салыстырмалы түрде облыс педагогтарының белсенділігін байқатады. Бұл жақсы көрсеткіш.

Келесі респонденттердің көп қатысқан өңірі Түркістан облысы -142 адам қатысқан, оның 46,5 пайызы әдістемелік еңбектер дайындауға қатысатын болса, басым көпшілігі, атап айтсақ 52,5 пайызы мүлдем айналыспайтын болып шықты. Бұл, облыс педагогтарының белсенділігінің төмен екендігін көрсетеді. Шығармашыл мұғалімнен шығармашыл білім алушы тәрбиеленеді десек,

әрине, бұл өте төмен көрсеткіш болып саналады.

Атырау облысынан 116 респондент қатысса, оның әдістемелік құралдар әзірлеуге 39,7 пайызы ғана қатысып, белсенділік танытса, қалған 60,3 пайызы мүлдем қатыспайтын болып шықты. Бұл көрсеткіш сол өңірдің білім алушыларының біліміне көрсеткіш болады деп санайтын болсақ, алаңдатарлық жағдай. Педагогтардың пассив болу себебін әлі де зерттеп, анықтап, әдістемелік көмек көрсетілуі қажет деген ойдамыз.

Павлодар облысынан 102 респондент қатысқан, соның 70,6 пайызы әдістемелік көмекші құралдар дайындауға қатысатын болса, 29,4 пайызы әдістемелік құрал әзірлеуге қатыспайтын болып шықты. Салыстырмалы түрде алғанда, бұл жақсы көрсеткіш. Павлодар өңірі педагогтарының маман ретіндегі белсенділігін байқаймыз. Бұл көрсеткіш, әрине, өз кезегінде білім алушылардың білім деңгейіне оң әсерін береді.

Маңғыстау облысы бойынша 100 респондент қатысса, оның 34 пайызы ғана әдістемелік құралдар дайындауға қатысатын болса, 66 пайызы мүлдем қатыспайтындықтары анықталып отыр. Бұл өте төмен көрсеткіш. Әдістемелік кабинеттердің жұмысы сын көтермейтіндігін көрсетеді. Бұл өз кезегінде білім алушы біліміне кері әсер етеді.

Сауалнамаға қатысқан респонденттер саны төмен өңірлердегі педагогтардың әдістемелік құралдар жазудағы үлес салмағына келетін болсақ, Ақтөбе облысы бойынша қатысқан респонденттер саны -19. Олардың әдістемелік құралдар жазуға қатысқан педагогтардың үлес салмағы 68,4 пайызды құраса, мүлде қатыспайтындардың пайыздық көрсеткіші 31,6 пайызды құрайды. Бұл өте жақсы көрсеткіш. Сауалнамаға қатысқан 19 педагогтың 15-і ізденушілік, шығармашылық жұмыспен айналысады деген сөз. Әрине, 19 респондент бір өңірдің көрсеткіші бола алмайды. Дегенмен, қатысқан педагогтардың 68,4 пайызы шығармашылықпен айналысқаны өте жақсы көрсеткіш болып саналады.

Алматы қаласы бойынша сауалнамаға қатысқан 26 респонденттің 50 пайызы әдістемелік құрал, көрнекіліктер дайындаумен айналысатын болса, 50 пайызы қалыс қалатындықтарын көрсеткен.


Нұр-Сұлтан қаласы бойынша қатысқан респонденттердің 46,2 пайызы әдістемелік құралдар жазумен айналысатын болса, 53,8 пайызы шығармашылықпен айналыспайтындықтарын айтады. Егер Алматы, Нұр-Сұлтан қалаларын білім мен мәдениеттің орталығы дейтін болсақ, бұл өте сын көтермейтін көрсеткіш болмақ.

Қорыта келгенде 17 өңірден қатысқан 1775 респонденттің 52 пайызы өзіңіз сабақ беретін оқу пәні бойынша оқу-дидактикалық, оқу-көрнекілік немесе өзге де көмекші материалдар дайындауға қатысатын болса, 48 пайызы мүлдем қатыспайтындықтарын байқадық. Қазіргі қоғамда, білім саласында соның ішінде жалпы білім беретін орта мектептердің мұғалімдеріне модераторлықтан бастап, педагог-сарапшы, педагог-зерттеуші, педагог-шебер біліктілік санатын беріп жатқан кезеңде, әдістемелік құралдар жазумен шығармашылығын шыңдамау қызметтегі міндетін өз дәрежесінде толық атқармау болып

саналады. Мұндай көрсеткіш сапалы білім беруге едәуір кедергісін тигізетіндігінен педагог мамандар хабардар.

Енді осы кестедегі пайыздық көрсеткішті диаграмма түрінде зерделеп көрсек, педагог-респонденттердің сабақ беретін оқу пәні бойынша оқу-дидактикалық, оқу-көрнекілік және көмекші құралдарын әзірлеуде (11-сурет) қаншалық белсенділік танытатындығын байқаймыз.

11-сурет



Келесі сауалнама сізде сабақтардың, сыныптан тыс іс-шаралардың, элективті курстардың т.б. патенттелген әзірлемелері бар ма?

Элективті курстар орта білім беру ұйымдарының жоғары сатысында профильді оқыту жүйесінде маңызды роль атқарады. «Жалпы білім берудің профильді оқыту тұжырымдамасына» сәйкес жоғары сыныптардағы оқытудың мазмұнын дифференциациялауды әр түрлі курстардың 3 типінің (базалық, профильді, элективті) негізінде жүзеге асырылады. Бұл үш типтің әр бір курсы профильді оқыту мәселесін шешуде өз үлесін қосады.

Базалық курс - білім берудің барлық білім алушыларға міндетті инвариантты бөлігі және білім алушылардың жалпы білім алу дайындығын аяқтауға бағытталған.


Профильді курстар - жеке пәндерді тереңдетіп оқытуды қамтамасыз етеді және бірінші кезекте кәсіби білімді алуды жалғастыратын мектеп бітірушілерді дайындауға бағдарланған.

Элективті курстар - әрбір білім алушының жеке білімге қызығушылығына, талап тілектері мен икемділігін қанағаттандыруға, сабақтан тыс іс-шараларды ұйымдастыруда да жүргізуге болады.

Жоғарыда атап өткендей базалық пәндердің профильді және элективті

курстардың көлеміндегі ара қатыс жобамен алғанда оқу жоспарының жалпы сағат санынан сәйкесінше 50%, 30%, 20% болу мүмкін [71].

Ақмола облысы




- 9-10 сыныптарға арналған «Абайтану» факультативі.
- 10-сыныптарға «Сөзжасам туралы ұғымды тереңдету».
- 7-сыныптарға дебат клубтары.
- 8-сынып «Қазақ хандығы» элективті курсы.
- Авторлық бағдарлама «Жыраулар поэзиясы» 10-сынып.
- 4-сынып Диалогтық оқыту.
- «Сыныптан тыс жұмыстарда әдеби қойылымдарды тиімді қолдану».
- «Қазақ тілді емес сыныптарға орыс тілін тереңдете меңгертудің әдіс-тәсілдері арқылы оқыту» элективті курстары.

Алматы облысы

- 5-сыныпқа арналған “Бердібектану” курсына арналған КТЖ
- Абайтану курсы бойынша қмжлар жинағы
- 21 -ғасыр көшбасшысы. АБАЙ-дана, Абай-дара қазақта. Жүз жыл жырлаған абыз т. б
- 5-сыныпқа арналған факультатив
- 7-сыныптар жаңа әдіс-тәсілдерді меңгеру
- 7- сыныпқа қазақ тілінен СТО стратегиялары арқылы шығармашылық тапсырмалар дайындау
- Жылдам оқу жолдары 5-6 сынып
- "Жеті жетекші" оқу-тәрбие бағдарламасы, 1-11 сыныптар
- 8- сыныпқа арналған факультатив сабағы

Батыс Қазақстан облысы



- 6-7 сыныпқа арналған «Туған өлкем өлеңдері».
- 7-сынып «Шешендік өнер» үйірмесі.
- «Білім алушылардың шығармашылық деңгейін арттыру» курсы.
- «Қадыртаным» қолданбалы курсы.
- Өңірлік әдебиет. «Мұқадес шығармаларын қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен оқыту».

Жамбыл облысы

- 6-сынып Тіл қазына.
- Синтаксисті оқытудың креативті жолдары.

Қарағанды облысы

- «Жыр Жалын» жобасы.
- «Тіл таным» курсы.
- «Ғылымтану» курсы.
- «Тіл таным 5-6-сынып» таңдау курсы.
- 9-сынып. Абайтану.
- Тіл шеберлігі 5-8-сынып.

Қостанай облысы



- «Көркем сөз маржаны».
- 10-сынып Абайтану.
- 4-сынып мәтінмен жұмыс.
- 5-сынып «Асыл сөз».

- 7-сынып «Жеті қазына».
- «Ұлттық мұра» вариативтік курсының оқу бағдарламасы (5-6-сыныптарға арналған).
- «Жаңартылған білім беру бағдарламасы аясында қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің оқытылуы мен құрылымы».
- Сал-серілер поэзиясы, 10-сынып.

Қызылорда облысы

- Авторлық бағдарлама 10-сынып. «Би-шешендерше сөйлесейік».
- 9,10,11-сыныптарға арналған «Эссе-жарқын ойдың жаршысы».
- 8-сынып Табиғат ресурстар.

Маңғыстау облысы


«Өнер өрісі» қолданбалы курсының бағдарламасы

Нұр-Сұлтан қаласы



- «Көркем әдебиеттегі табиғатты қорғау және үнемдеушілік» 8-сынып білім алушыларына арналған оқу сауаттылық факультативі.
- 11-сынып «Атау кере» шығармасы бойынша.

Павлодар облысы



- «Абайды оқы, таңырқ!» арнайы курсы.
- Арнайы курс, 7-9- сынып.
- Түркітану арнайы курс, 9-10-11 сыныптарға арналған «Абай жолы» роман-эпопеясы бойынша оқу сауаттылығын дамыту».
- 6-сынып. Тіл шебері.

- Арнайы курс, «Лингвист» 10-сынып.
- «Мәтінтаным» Қазақша үйренейік.

Түркістан облысы

- 6-сыныпқа «Әдебиет әлемінде».
- «Шәкіртімнің жеңісі - ұстазының жемісі».
- Қадіртану.
- Мақал сөздің мәйегі 6-сынып.

Келесі онлайн-сауалнама бұл педагогтердің сыныптан тыс іс-шаралары мен элективті курстардың патенттелген әзірлемелері туралы болады. (58 - кесте)

58- кесте

№	Педагогтердің сыныптан тыс іс-шаралар мен элективті курстардың патенттелген әзірлемелері туралы көрсеткіш			
	Өңірледің атауы	Респонденттер саны	әзірлейді	әзірлемейді
1	Ақмола облысы	279	18,3%	81,7%
2	Ақтөбе облысы	19	31,6%	68,4%
3	Алматы облысы	26	19,2%	80,8%
4	Атырау облысы	116	16,4%	83,6%
5	БҚО	74	32,4%	67,6%
6	Жамбыл облысы	53	15,1%	84,9%
7	Қарағанды облысы	50	16%	84%
8	Қызылорда облысы	65	13,8%	86,2%
9	Қостанай облысы	67	28,4%	71,6%
10	Маңғыстау облысы	100	11%	89%
11	Түркістан облысы	142	20,4%	79,6%
12	Павлодар облысы	102	28,4%	71,6%
13	СҚО	51	9,8%	90,2%
14	ШҚО	46	13%	87%
15	Нұр-Сұлтан қаласы	26	23,1%	76,9%
16	Алматы қаласы	26	19,2%	80,8%
17	Шымкент қаласы	30	16,7%	83,3 %
Барлығы:		1272	20%	80%


Педагогтердің сыныптан тыс іс-шаралар мен элективті курстардың патенттелген әзірлемелері туралы берілген нәтиже бойынша, аймақтардағы респонденттердің жауабына қарап отырсақ, Қазақстанның 17 өңірінен қатысқан 1272 респондентке сабақтың, сабақтан тыс іс-шаралардың, элективті курстардың патенттелген әзірлемелері бар ма деген сауалнамаға 20 пайызы ғана бар деген, 80 пайызы жоқ деген жауап берді. Педагогтардың бұл шығармашылық жұмыстары бойынша белсенді жұмыс атқарғандары: Батыс Қазақстан облысынан 74 респонденттің 32,4 пайызы, *Ақтөбе облысынан* қатысқан 19 респонденттің 31,6 пайызы, *Қостанай облысынан* қатысқан 67 респонденттің 28,4 пайызы, *Павлодар облысынан* қатысқан 102 респонденттің

28,4 пайызында патенттелген әзірлемелер бар болды. Дегенмен, бұл жоғары көрсеткіш көрсетіп отырған облыстарды сауалнамаға қатысушы респонденттер саны тұрғысынан қарасақ *Павлодар* (102-респондент, 28,4%), *Қостанай* (67 респондент, 28,4 %) облыстарының көрсеткіші өте төмен болып саналады.

Онлайн-сауалнама бұл педагогтердің сыныптан тыс іс-шаралары мен элективті курстардың патенттелген әзірлемелері аз, төмен көрсеткіш көрсеткен өңірлер: *Солтүстік Қазақстан облысынан* 51 респонденттің 9,8 пайызының ғана сыныптан тыс іс-шаралары мен элективті курс тан әзірлемелері бар. Келесі *Маңғыстау облысындағы* 100 респонденттің 11 пайызы ғана аталған жұмыстарға қатысады. *Шығыс Қазақстан облысынан* 46 респонденттің 13 пайызы ғана қатысса, *Қызылорда облысынан* қатысқан 65 респонденттің 13,8 пайызы ғана аталған іс-шаралар бойынша әзірлемелер дайындауға қатысқан.

Төмендегі диаграммадан өңірлердегі педагогтардың жүргізген сыныптан тыс іс-шаралары мен элективті курстардың патенттелген әзірлемелері туралы жиналған мәліметтен жоғарғы, төменгі көрсеткіштерді (12 -сурет) аңғаруға болады:

12-сурет



Келесі қашықтан оқыту кезінде тілдік құзіреттіліктерді дамытуда туындаған қиындықтар туралы сауалнаманы талдасақ, 2020 жылдың 16-наурызынан бастап бүкіл әлемді шарлаған пандемия жағдайына байланысты Қазақстан Республикасы халқының қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында елімізде төтенше жағдай жарияланды. Осыған қатысты еліміздегі барлық орта білім беру ұйымдарының білім алушылары IV тоқсаннан бастап қашықтан білім алуға көшті.

Қашықтықтан оқытуды ұйымдастырудың 3 түрлі формасы бар: онлайн (синхрондық), оффлайн (асинхрондық) және кең таралған үшінші түрі вебинар.

Онлайн режимдегі оқыту – интернет ресурстарының көмегімен ағымдағы уақытта белгілі бір қашықтықта педагог экранын көру арқылы оқытуды ұйымдастыру формасы.

Оффлайн режимдегі оқыту – интернет ресурстарының көмегімен (электрондық пошта) педагог пен білім алушы арасындағы ақпарат алмасуды қамтасыз етуге мүмкіндік беретін оқытудың формасы.

Вебинар дегеніміз – интернет желілерінің көмегімен семинарлар мен тренинтер өткізу формасы.

Қашықтан оқыту кезінде өңірлерде тілді оқытуда құзіреттіліктердің қай түрі қиындық тудыруғанын төменде берілген кестеден байқап көруге болады (59 - кесте).

59-кесте

№	Қашықтан оқыту кезінде тілдік құзіреттіліктерді дамытуда туындаған қиындықтар туралы көрсеткіш					
	Өңірледің атауы	Тыңдалым	Айтылым	Оқылым	Жазылым	Тілді қолдану
1	Ақмола облысы	36,2%	51,6%	25,8%	38,7%	34,8%
2	Ақтөбе облысы	31,6%	31,6%	10,5%	36,8%	31,6%
3	Алматы облысы	43,9%	45,6%	21,7%	34,2%	34,4%
4	Атырау облысы	39,7 %	42,2%	17,2%	40,5%	24,1%
5	БҚО	41,9%	47,3%	28,4%	40,5%	31,1%
6	Жамбыл облысы	52,8%	41,5%	32,1%	37,7%	28,3%
7	Қарағанды облысы	50%	60%	14%	26%	30%
8	Қызылорда облысы	52,3%	47,7%	20%	23,1%	36,9%
9	Қостанай облысы	41,8%	61,2%	28,4%	31,3%	52,2%
10	Маңғыстау облысы	49%	58%	24%	29%	28%
11	Түркістан облысы	40,1%	44,4%	18,3%	35,9%	30,3%
12	Павлодар облысы	36,3%	70,6%	19,6%	24,5%	33,3%
13	СҚО	35,3%	56,9%	21,6%	37,3%	39,2%
14	ШҚО	39,1%	47,8%	23,9%	43,5%	34,8%
15	Нұр-Сұлтан қаласы	34,6%	61,5%	11,5%	38,5%	50%
16	Алматы қаласы	30,8%	42,3%	30,8%	53,8%	53,8%
17	Шымкент қаласы	36,7%	56,7%	16,7%	33,3%	46,7%
Барлығы:		41%	51%	21,4%	35,5%	36,4%

Өңірлер бойынша пайыздық өлшем жазылған кестедегі нәтижелерге қарап, жалпы оқыту әрекеттерінің қайсысы қашықтан оқытуда қиындық келтіргенін байқауға болады. Пайыздық көрсеткішпен қарасақ «Айтылым» әрекетінің (51%) қиындық келтіргенін байқаймыз. Одан кейінгі қиындық «Тыңдалым» әрекетінде (41%) байқалады. «Жазылым» (35,5%) мен «Тілдік қолдану» (36,4%) көрсеткіштері, қиындық дәрежесі шамалас болса, қашықтан оқытуда

«Оқылым» әрекетінің оншалықты қиындық келтірмегендігін байқаймыз. Бұл пайыздық көрсеткіштер қашықтан оқытуда қандай әрекеттің қиындық тудырғанын көрсетеді. Жеке талдар болсақ, «Тыңдалым» әрекеті бойынша: *Жамбыл* (52,8%), *Қызылорда* (52,3%), *Маңғыстау облысы* (49%), *Алматы облысы* (43,9%), *Батыс Қазақстан облысы* (41,9%), *Қостанай облысы* (41,8%), *Түркістан облысында* (40,1%) , барлығы жеті облыста қиындық болғандығы байқалады. «Айтылым» әрекеті бойынша: *Павлодар облысында* (70,6%), *Нұр-Сұлтан қаласы* (61,5%), *Қостанай* (61,2%), *Қарағанды* (60%), *Маңғыстау облысы* (58%), *Солтүстік Қазақстан* (56,9%), *Шымкент қаласы* (56,7%), *Ақмола облысы* (51,6%), барлығы 8 облыста сын көтермейтін жағдайда болғандығы байқалады. «Оқылым» әрекетіне келсек: *Жамбыл облысы* (32,1%), *Алматы қаласы* (30,8%) аталған екі қаланың көрсеткішінен оқылым әрекетіндегі қиындықты байқаймыз. «Жазылым» әрекеті бойынша: *Алматы қаласында* (53,8%), *Шығыс Қазақстан облысы* (43,5%), *Атырау облысы* (40,5%), *Батыс Қазақстан облысы* (40,5%), осы төрт облыстың көрсеткіші төмен болып тұр. «Тілді қолдану» бойынша: *Алматы қаласы* (53,8%), *Қостанай облысы* (52,2%), *Нұр-Сұлтан қаласы* (50%), *Шымкент қаласы* (46,7%) төмен көрсеткішті көрсетіп тұр. Бұл талданған мәліметтер қашықтан оқыту кезіндегі оқу әрекетінде қайсысы қолайсыз, төмен нәтиже берді дегенді көрсетеді.

Енді оқыту әрекетінің қашықтан оқыту барысында өз дәрежесінде, жеңіл меңгерілгендерін осы сауалнамаға қатысқан он жеті өңір бойынша қарастырып көрейік. «Тыңдалым» әрекеті бойынша: *Алматы қаласында* ғана (30,8%) қиындық келтіретін көрсеткіштің төмен екенін көреміз. «Айтылым» әрекеті бойынша: *Ақтөбе облысы* (31,6%) ғана қиындықтың аздығын көрсетеді. «Оқылым» әрекеті *Жамбыл облысында* ғана қиындық дәрежесі жоғары болса, қалған өңірлерде қиындықтың көрсеткіші төмен. Бұл, әрине, қанағаттанарлық жағдай. Келесі «Жазылым» әрекеті бойынша: *Қызылорда облысы* (23,1%), *Павлодар облысы* (24,5%), *Қарағанды облысы* (26%) аталған үш облыста осы «жазылым» әрекетінің қашықтан оқытуда өз дәрежесінде жүргендігі байқалады. «Тілді қолдану» әрекетінде *Атырау облысы* (24,1%), *Жамбыл облысы* (28,3%) бойынша қашықтан оқытудың пайыздық көрсеткішін қарап отырып қиындықтың төмен екендігін байқап отырмыз.

Қашықтан оқыту кезінде қай өңірді алсақ та оқылым әрекетінің түрлері әр түрлі дәрежеде меңгерілгендігін көреміз. Мысалы *Павлодар облысында* «айтылым» әрекетін жүзеге асыру 70,6 пайызға дейін қиындық тудырса, «Оқылым» әрекеті 19,6 пайыз ғана қиындық келтірген. «Айтылым» әрекеті бойынша *Нұр-Сұлтан қаласында* қиындық дәрежесі 61,5 пайыз болса, «оқылым» әрекетінің қиындық келтірмегендігін 11,5 пайыз көрсеткіштен байқаймыз. Сол сияқты «айтылым» әрекетінің қиындық дәрежесі *Қостанай облысында* 61,2 пайызды көрсетсе, «оқылымның» 28,4 пайызға төмендегендігін көреміз.

Бұл көрсеткіштер нені көрсетеді, неліктен оқыту әрекеттерінің қиындық дәрежесі әртүрлі деңгейде. Қашықтан оқытуда өте жоғары қиындықта меңгерілетін оқыту әрекеті «айтылым» әрекеті екен. Әрине, қашықтан

оқытудағы қиындықтардың бірнеше себебі бар. Олар: 1. Әр өңірдегі интернет желісінің төмен қызметі, яғни барлығына бірдей қолжетімді болмауы, интернет желісінің нашарлығы. 2. Балалардың сабаққа қатысуларының төмендігі, ол ата-аналар тарапынан өз дәрежесіндегі қадағалаудың болмауы. 3. Ата-ана тарапынан да, мұғалімнің тарапынан да балаға білімнің өзі үшін керектігін ұғындыра алмау. 4. Мұғалімнің білім алушыны сабаққа қызықтыра алмауы. Осы себептермен күресе білсек, қашықтан оқыту да өз дәрежесінде жүзеге асырылады.

Қашықтан оқыту кезінде тілдік құзіреттіліктерді дамытуда туындаған қиындықтарды диаграммаға түсірсек (13-сурет).

13-сурет



Осы көрсеткіштерге қарап, барлық өңірлер бойынша екі оқыту әрекеті (айтылым, тыңдалым) қашықтан оқытуда өзіндік қиындық тудырғанын көреміз.

Онлайн-сауалнаманың келесі сұрағы педагогтардың сабақ беретін пәні бойынша білім алушылардың тілдік құзыреттіліктеріне диагностика жүргізілуі туралы болды. Респондент педагогтер «Иә, оқу жылының басында және соңында», «Иә, оқу жылының басында», «Иә, оқу жылының соңында», «Иә, оқу жылы бойы», «Жүргізілмейді» деген жауаптардың бірін таңдады. Нәтижесі 60 -кестеде көрсетілген.

60- кесте

№	Педагогтердің сабақ беретін пәні бойынша білім алушылардың тілдік құзыреттіліктеріне диагностика жүргізілуі туралы көрсеткіш		
	Оқу жылының		

	Өңірлердің атауы	басында және соңында	басында	соңында	жыл бойы	жүргізілмейді
1	Ақмола облысы	42,7%	5%	10,8%	34,1%	7,5%
2	Ақтөбе облысы	36,8%	5,3%	21,1%	36,8%	-
3	Алматы облысы	46,3%	4,5%	9,1%	35,3%	4,7%
4	Атырау облысы	37,1 %	5,2%	8,6%	33,6%	15,5%
5	БҚО	47,3%	1,4%	6,8%	33,8%	10,8%
6	Жамбыл облысы	47,2%	9,4%	11,3%	30,2%	1,9%
7	Қарағанды облысы	48%	-	2%	44%	6%
8	Қызылорда облысы	46,2%	1,5%	3,1%	43,1%	6,2%
9	Қостанай облысы	44,8%	-	9%	40,3%	6%
10	Маңғыстау облысы	43%	6%	8%	38%	5%
11	Түркістан облысы	41,5%	4,2%	8,5%	36,6%	9,2%
12	Павлодар облысы	44,1%	6,9%	7,8%	35,3%	5,9%
13	СҚО	56,9%	2%	5,9%	35,3%	-
14	ШҚО	47,8%	2,2%	10,9%	34,8%	4,3%
15	Нұр-Сұлтан қаласы	42,3%	11,5%	15,4%	30,8%	-
16	Алматы қаласы	42,3%	11,5%	3,8%	34,6%	7,7%
17	Шымкент қаласы	56,7%	3,3%	3,3%	33,3%	3,3%
	Барлығы:	45%	47%	85%	36%	55%

Берілген кестедегі көрсеткіштерге қарап, сауалнамаға қатысып отырған он жеті өңірдегі мұғалімдердің сабақ беретін пәндері бойынша тілдік құзіреттіліктерге диагностиканы қаншалық дәрежеде жасайтындықтарын анықтадық. Онда, «Иә, оқу жылының басында және соңында» деген жауап - 45%, «Иә, оқу жылының басында» деген жауап – 47%, «Иә, оқу жылының соңында» деген жауап – 85%, ал «иә, оқу жылы бойы» - 36%, «жүргізілмейді» деген жауап (55%) пайызды құрайды.


Әр өңірге жеке тоқталар болсақ, *Солтүстік Қазақстан облысы* мұғалімдерінің пән бойынша оқу жылының басында және соңында диагностика жүргізуі 56,9 пайызды құраса, *Шымкент қаласында* 56,7 пайызды құрайды. *Қарағанды облысында* 48 пайызды құрайды. Ал оқу жылының басында білім алушының тілдік құзыреттілігіне диагностика өз дәрежесінде жүргізілмейтіндігі байқалады. Барлық өңірдің жауабына қарай отырып, салыстырмалы түрде *Нұр-Сұлтан қаласында* 11,5 пайыз, *Алматы қаласында* 11,5 пайыз, *Жамбыл облысында* 9,4 пайыз көрсеткішті көрсетіп тұр. Бұның өзі де әрине, өте төмен көрсеткіш. Оқу жылының соңында жүргізілетін диагностика *Ақтөбе облысында* 21,1 пайыз, *Нұр-Сұлтан қаласында* 15,4 пайыз, *Жамбыл облысында* 11,3 пайыз, *Шығыс Қазақстан облысында* 10,9 пайыз, *Ақмола облысында* 10,8 пайызды құрайды. Қалған өңірлердің пайыздық көрсеткіші өте төмен дәрежеде. Осы он жеті өңірден қатысқан респонденттердің жауабында білім алушылардың тілдік құзыреттіліктеріне жыл бойы диагностика жасаймын деген жауаптың жоғары көрсеткіші: *Қарағанды облысы* 44 пайыз, *Қызылорда облысы* 43,1 пайыз, *Қостанай облысы* 40,3 пайызды құрайды. Қалған өңірлерді бірыңғай пайыздық көрсеткішті көрсетеді. Ал білім алушылардың тілдік құзыреттіліктеріне

диагностика жүргізілмейді деген жауап *Атырау облысында* 15,5 пайыз, *Батыс Қазақстан облысында* 10,8 пайыз, *Түркістан облысында* 9,2 пайызды құрайды. Ал, *Ақтөбе, Солтүстік Қазақстан облысы, Нұр-Сұлтан қалаларынан* сауалнамаға қатысқан респонденттердің 100 пайызы жүргізілмейді деген сұрақты жоққа шығарады.

Жалпы сыныптың ерекшелігіне қарай білім алушыға сапалы білім беру үшін мұғалім оның тілдік құзыреттілік деңгейінің қаншалық дәрежеде екендігін диагностика жасау арқылы анықтап, соған қарай баламен жұмыс жасауы керек. Осы тұрғыдан келгенде жылдың басында мұғалімдердің диагностика жасамауы үлкен қателік болып саналады.

Өңірлер бойынша білім алушылардың тілдік құзыреттіліктеріне диагностика жүргізудің диаграммадағы көрсеткіші (14-сурет).

14 -сурет



Келесі сауалнама оқулықтың МЖМБС және ҮОБ белгіленген тілдік деңгейге сәйкестігі туралы педагогтардың көзқарасы

61-кесте

№	Оқулықтың МЖМБС және ҮОБ белгіленген тілдік деңгейге сәйкестігі туралы педагогтардың көзқарасы				
	Өңірледің атауы	Респонденттер	Толықтай сәйкес	Сәйкес емес	Ішінара сәйкес
1	Ақмола облысы	279	46,2%	11,8%	41,9%

2	Ақтөбе облысы	19	42,1%	15,8%	42,1%
3	Алматы облысы	529	48%	6,6%	45,4%
4	Атырау облысы	116	40,5%	12,1%	47,4%
5	БҚО	74	47,3%	6,8%	45,9%
6	Жамбыл облысы	53	41,5%	13,2%	45,3%
7	Қарағанды облысы	50	58%	8%	34%
8	Қызылорда облысы	65	47,7%	3,1%	49,2%
9	Қостанай облысы	67	53,7%	6%	40,3%
10	Маңғыстау облысы	100	50%	5%	45%
11	Түркістан облысы	142	46,5 %	4,9%	48,6%
12	Павлодар облысы	102	47,1%	9,8%	43,1%
13	СҚО	51	54,9%	2%	43,1%
14	ШҚО	46	47,8%	8,7%	43,5%
15	Нұр-Сұлтан қаласы	26	30,8%	3,8%	65,4%
16	Алматы қаласы	26	53,8%	11,5%	34,6%
17	Шымкент қаласы	30	50%	6,7%	43,3%
Барлығы:		1775	47,4 %	79,8%	44,5 %


Оқулықтың МЖМБС және ҮОБ белгіленген тілдік деңгейге сәйкестігі туралы педагогтардың көзқарасы деген сауалнамадағы сұрақтарға он жеті өңірден қатысқан 1775 респонденттердің жауаптарын саралай келе, оқулықтың мемлекеттің жалпыға міндетті білім беру стандарты мен үлгілік оқу бағдарламасында белгіленген тілдік деңгейге толықтай сәйкес деген жауап 47,4 пайыз, сәйкес емес деген жауап 80 пайыз, ішінара сәйкес деген жауап 44,5 пайызды құрайды. Толықтай сәйкес деген жауапты *Қарағанды облысынан* қатысқан 50 респонденттің 58 пайызы берген, *Солтүстік Қазақстан облысынан* қатысқан 51 респонденттің 54,9 пайызы, *Алматы қаласынан* 26 респонденттің 53,8 пайызы, *Қостанай облысынан* 67 респонденттің 53,7 пайызы берген. Ал сәйкес емес деген жауапты *Ақтөбе облысынан* қатысқан 19 респонденттің 15,8 пайызы, *Жамбыл облысынан* 53 респонденттің 13,2 пайызы, *Алматы қаласынан* қатысқан 26 респонденттің 11,5 пайызы, ал ішінара сәйкес деген жауапты *Нұр-Сұлтан қаласынан* қатысқан 26 респонденттің 65,4 пайызы, *Қызылорда облысынан* 65 респонденттің 49,2 пайызы, *Түркістан облысынан* 142 респонденттің 48,6 пайызы берген.

Жалпы қорыта келе, сауалнамаға қатысқан 1775 респонденттің 47,4 пайызы толықтай сәйкес десе, 44,5 пайызы ішінара сәйкес деген пікір білдіреді. Ал оқулықтың МЖМБС және ҮОБ белгіленген тілдік деңгейге сәйкес емес деген пікірді 79,8 пайызы береді. Мектеп мұғалімдерінің басқа да сауалнамадағы жауаптары оқулықтың МЖМБС және ҮОБ белгіленген тілдік деңгейге сәйкес

емес деген пікірлерін дәлелдей түседі.

Оқулықтың МЖМБС және УОБ белгіленген тілдік деңгейге сәйкестігін диаграмма арқылы көрсетсек (15-сурет).

15-сурет



Келесі сауалнама оқу кабинеттерінің мультимедиалық жабдықталуы туралы (62 -кесте).

62-кесте


№	Оқу кабинеттерінің мультимедиалық жабдықталуы туралы көрсеткіш				
	Өңірледің атауы	Респонденттер	тек пәндік кабинет	барлық кабинеттер	мектепте бәріне ортақ бір орын
1	Ақмола облысы	279	26,2%	31,2%	42,7%
2	Ақтөбе облысы	19	36,8%	15,8%	47,4%
3	Алматы облысы	529	22,1%	37,4%	40,5%
4	Атырау облысы	116	25%	53,4%	21,6%
5	БҚО	74	25,7%	41,9%	32,4%
6	Жамбыл облысы	53	22,6%	45,3%	32,1%
7	Қарағанды облысы	50	22%	60%	18%
8	Қызылорда облысы	65	21,5%	35,4%	43,1%

9	Қостанай облысы	67	26,9%	49,3%	23,9%
10	Маңғыстау облысы	100	15%	40%	45%
11	Түркістан облысы	142	20,4%	27,5%	52,1%
12	Павлодар облысы	102	18,6%	59,8%	21,6%
13	СҚО	51	15,7%	52,9%	31,4%
14	ШҚО	46	19,6%	63%	17,4%
15	Нұр-Сұлтан қаласы	26	23,1%	46,2%	30,8%
16	Алматы қаласы	26	15,4%	57,7%	26,9%
17	Шымкент қаласы	30	10%	70%	20%
	Барлығы:	1775	21,5%	46,8%	32,31

Оқу кабинеттерінің мультимедиялық жабдықталуы туралы сауалнаманы талдайық, қатысқан 1775 респонденттердің 21,5 пайызы мультимедиялық жабдықтау тек пәндік кабинеттерде ғана деп жауап берсе, барлық кабинеттер жабдықталған дегенді 46,8 пайызы айтады, ал мектепте бәріне ортақ бір орында ғана жабдықталған дегенді 32,31 пайызы көрсетеді.

Оқу кабинеттерінің мультимедиялық жабдықталуын диаграмма арқылы көрсететін болсақ (16 - сурет).

16-сурет



Мектеп кітапханасының пәнді тиімді оқытуға және оқуға арналған оқулықтармен, оқу құралдарымен қамтамасыз етілуі туралы.


№	Мектеп кітапханасының пәнді тиімді оқытуға және оқуға арналған оқулықтармен, оқу құралдарымен қамтамасыз етілуі туралы көрсеткіш				
	Өңірлердің атауы	Респонденттер	саны жеткілікті	саны аз	жоқ
1	Ақмола облысы	279	63,8%	28,3%	7,9%
2	Ақтөбе облысы	19	68,4%	31,6%	-
3	Алматы облысы	529	60,9%	31,9%	7,2%
4	Атырау облысы	116	61,2%	36,2%	2,6%
5	БҚО	74	58,1%	37,8%	4,1%
6	Жамбыл облысы	53	66%	34%	-
7	Қарағанды облысы	50	72%	24%	4%
8	Қызылорда облысы	65	50,8%	33,8%	15,4%
9	Қостанай облысы	67	55,2%	41,8%	3%
10	Маңғыстау облысы	100	67%	28%	5%
11	Түркістан облысы	142	55,6%	40,1%	4,2%
12	Павлодар облысы	102	67,6%	28,4%	3,9%
13	СҚО	51	58,8%	33,3%	7,8%
14	ШҚО	46	63%	34,8%	2,2%
15	Нұр-Сұлтан қаласы	26	57,7%	38,5%	3,8%
16	Алматы қаласы	26	73,1%	19,2%	7,7%
17	Шымкент қаласы	30	70%	30%	-
Барлығы:		1775	63 %	32,4 %	46,3 %

Мектеп кітапханасының пәнді тиімді оқытуға және оқуға арналған оқулықтармен, оқу құралдарымен қамтамасыз етілуі туралы сауалнамаға 17 өңірден 1775 респондент қатысып, оқулықтар, оқу құралдарының саны жеткілікті деген жауап 63 пайызды құраса, оқулық, оқу құралдарының саны аз деген жауап 32,4 пайызды құрайды. Ал жоқ деген жауап -46,3 пайызды құрайды. Сауалнама жауаптарына талдау жасап отырсақ, оқулық, оқу құралдары жеткілікті деген жауап 50 пайыздан жоғары көрсеткішті береді. Яғни мектеп кітапханалары біршама оқулық, оқу құралдарымен қамтамасыз етілген деген қорытындыға келуге болады. Ал өңірлердің бірқатарынан қатысқан респонденттердің мектеп кітапханасының жабдықталуына көңілдері толмайтындығы байқалады. Мысалы оқулық, оқу құралдарының саны аз деген өңірлер: *Қостанай облысында* 41,8 пайызды құрайды, *Түркістан облысы* 40,1 пайыз, *Нұр-Сұлтан қаласы* 38,5 пайыз, *Батыс Қазақстан облысы* 37,8 пайыз, *Атырау облысы* 36,2 пайызды құрайды. Ал, кітапханалардың оқулық, оқу құралдарымен жабдықталуы өте төмен екендігін көрсеткен өңірлер *Қызылордадан* қатысқан 65 респонденттің 15,4 пайызы болса, *Солтүстік Қазақстаннан* қатысқан 51 респонденттің 7,8 пайызы, *Алматы қаласынан* қатысқан 26 респонденттің 7,7 пайызы, *Алматы облысынан* қатысқан 529 респонденттің 7,2 пайызы, *Ақмола облысынан* қатысқан 279 респонденттің 7,9 пайызы жоқ деген жауап береді.

Респонденттердің саны бойынша қарасақ, әрине Алматы облысы (529 / 7,2%), Ақмола облысы (279/ 7,9%) бұл үлкен көрсеткіш емес. Ал респонденттер саны аз өңірлер үшін, кітапхана қорының аздығы байқалады. Бұл көрсеткіш өз кезегінде оқу процесіне кері әсерін беретіндігі сөзсіз.

Мектеп кітапханаларының оқулық, оқу құралдарымен қамтамасыз етілуін диаграммаға салып қарасақ (17 - сурет).

17-сурет



Өзіңіз сабақ беретін оқу пәнін жүргізу барысында кездесетін проблемаларды көрсетіңіз.

Онлайн-сауалнама кезінде респондент-педагогтердің оқу пәнін жүргізу барысында кездестіретін **проблемалары** туралы:

Ақмола облысы:

- Тыңдалым дағдысы барысында білім алушылар сұраққа жауап беруде қиналады.
- Ғаламтордың барлық сыныптарда жоқтығы.
- Қашықтан оқу кезінде білім алушылардың кері байланыс жасауы.
- Материалдық техникалық базаның жеткіліксіздігі.
- Кітаптардың жетіспеушілігі.
- Мектепте дұрыс интернет жоқ.
- Сөйлеу дағдыларын жетілдіру мәселесі.
- Оқулықпен ғана жұмыс жасайды, кабинетте заманауи техника жоқ.
- Қазақ тілі пәнінің жаттығу жұмысын жасатуда мәтін мен теория сай келмейді.
- Бағдарлама қиын.
- Ата-ана мен бала әр түрлі тілде сөйлейді.

- Тілді қолдану аясының аздығы.
- Оқулықтағы тақырыпты бекітуге тапсырмалар аз.
- Интерактивті тақтамен қамтамасыз етілсе.
- Тілді жеткіліксіз білу.
- Оқу материалының білім алушыға қиындығы.
- Тілдік қоры.
- Білім алушылар ойларын жүйелі жеткізе алмайды.
- Оқулықтағы тапсырмалардың талапқа сай еместігі.
- Кабинеттер толық жабдықталса.
- Сыныпта интерактивті тақтаның жоқтығы проблемалардың бірі. Білім алушыларға бейнематериалды не ноутбукпен, не ұялы телефоннан көрсету ыңғайсыз.
- Білім алушылар көркем шығармаларды оқымайды.
- Оқулықтардағы орыс сыныптарына арналған мәтіндер күрделі.
- Мәтіндердің мазмұны өте күрделі.
- Мәтінмен жұмыс, сөйлем талдауда.
- Білім алушылардың тілдік құзыреттілігінің жеткіліксіздігі, сөздік қордың аздығы, көркем әдебиетті оқымауы.
- Үш ауысымды мектепте кабинет жетпейді.
- Тілдік бағдарға орай бекіту тапсырмаларының болмауы.
- Дидактикалық материалдардың аздығы.
- Балалардың сөздік, ереже жаттамауы.
- Грамматика толықтай жүргізілмейді.
- Жаңартылған бағдарлама бойынша әдістемелік құралдардың аздығы.
- Грамматикаға аз уақыт бөлінеді.
- Балалардағы интернеттің қолжетімсіздігі.
- Оқулықтың бағдарламамен сәйкес келмеуі.
- Айтылым жұмыстары кезінде.
- Сабаққа арналған көрнекі құралдардың болмауы.
- Ауызша тілді дамыту.
- Білім алушылардың оқуға құлшынысы жоқ.

Ақтөбе облысы:

- Білім алушылардың тілдік қорының аздығы.
- Интерактивті тақта, компьютер жоқ.
- Техникалық құралдар.
- Жазылым кезінде орфографиялық қателерді жіберуі.
- Қосымша материалдардың жоқтығы.
- Әр пән кабинеттерінде компьютердің болмауы.
- Жылдардың қате жазылуы.
- Оқу кабинеті материалдық техникалық жағынан жабдықталмаған.
- Қазақ тіліне арналып жабдықталған кабинет.

- Эссемен қатар диктант жүргізіп тұру керек.
- Практикалық жұмыс аз болуы.

Алматы облысы:

- Сөзге қосымшаны дұрыс жалғамау.
- Ауыл мектептерінің техникалық жабдықталуының төмендігі.
- Орыс сыныптарында айтылым.
- Қашықтықтан оқыту кезінде интернет желісінің баяулығы.
- Аудиомәтіндер.
- Заманауи техникалық құралдар жетпейді.
- Дидактикалық мұғалімге арналған көмекші құралдың жоқтығы.
- Проблема барлық кабинеттер компьютермен жабдықталса.
- Оқулықта олқылық көп.
- Балалардың қызығушылығының жоқтығы.
- Оқулықта грамматикаға байланысты тілдік бағдар аз.
- Оқылым жүзеге аспай тұр.
- Қазақ тілі пәнінен грамматика бойынша тапсырмалар аз. Сол себепті, білім алушылардың сөйлеу және жазу сауаттылықтары төмен.
- Тыңдалым материалдары аз.
- Мультимедиа кабинеттерінің жетіспеуі.
- Әдеби оқулықтар аз.
- Топпен жұмыс жасауда уақыт тығыздығы.
- Жаңартылған бағдарламаның керегі жоқ.
- Оқулықтардың сапасы төмен.
- Оқылым мәтіндерінің мазмұны күрделі, тыңдалым мәтіндерінің аудионұсқасы жоқ.
- Білім алушы эмоциясын көре алмау.
- Әдебиет сабағында әдебиет теориясын түсінуде проблемалар кездесіп жатады.
- Дидактикалық материалдардың жетіспеушілігі.
- Пән бойынша терминдік атаулар мен ережелердің өте аз берілуі.
- Толықтай білім алушылардың сабаққа қатыса алмауы.
- Дидактикалық материалдар, көмекші құралдар жоқ.
- Бағдарламада жүйе жоқ.
- Әдебиет пәнінен берілетін шығармалардың толық нұсқасы жоқ, ғаламтордан да таппаймыз.
- Электронды оқулықтар керек.
- Байланыс түрінің аздығы.
- Қазақ әдебиеті пәнінен хрестоматия жетпейді.
- Ақпарат құралдарын тиімді қолдану қиындық туғызады.
- Эссе жазу. Өз ойларын нақты жеткізе алмайды.
- Кабинеттер толық жабдықталмаған тыңдалым жасай алмау.
- Бағдарламаның қиын болуы.

- Әдеби кітап, хрестоматияның жоқтығы, әдістемелік кітаптар жоқ.
- Интернет желісінің дұрыс жұмыс жасамауы.
- Жазылым тапсырмалары.
- Қашықтықтан оқыту барысында білім алушылардың толық сабаққа қатыспауы.
- Мультимедиялық жабдықтар болса.
- Қазақ тілі сабағында грамматикалық сауаттылығын арттыруға, яғни талдауға арналған нақты тапсырмалар жоқ, қазақ әдебиетінде кейбір кішігірім тақырыптарға бірнеше сағат берілген.
- Көлемді шығармаларды оқытуда, білім алушылардың өз бетімен білім алуына ресурстардың жетіспеушілігі.
- Кабинет толығымен жабдықталмаған.
- Материалдық базаның жеткіліксіздігі.
- Тілдік бағдар аз.
- Оқулықтардағы тапсырмаларды түрлендірсе.
- Білім алушылар көп кітап оқымайды.
- АКТ байланысты кейбір кабинеттерде тыңдалыммен жұмыс жасау мүмкін емес.
- Білім алушы тарапынан сабаққа деген белсенділік аз.
- Нұсқаулықтарда нақтылық жоқ.
- Тапсырмалардың түсініксіз болуы.
- Хрестоматиялар ауылға келмейді, интернет нашар.
- Интерактивты тақтаның жоқтығы.

Атырау облысы:

- Әдістемелік құралдар жеткіліксіз.
- Білім алушылардың ынтасы нашар.
- Жазылым дағдысының жетпеуі, аудиомәтінмен жұмыс.
- Онлайн оқытуда интернеттің жеткіліксіздігі.
- Оқулық өте нашар. Тақырыптары сыныпқа сай емес.
- Тілдік бағдарды игерту қиындық келтіреді.
- Мультимедиялық кабинет жоқтығы.
- Оқулықтардың талапқа сай еместігі публицистикалық мәтіндердің тым көптігі.
- Білім алушылардың өз ойын еркін жеткізе алмауы.
- Барлық білім алушы компьютермен қамтылса.
- Грамматикалық тақырыптар жүйелі түрде берілмегендігі.
- Білім алушылар мен ата-аналардың қашықтықтан оқытуға қиындық келтіруі, ата-ананың баланың сабаққа қатысын, үй тапсырмасын орындауын қадағалауда жауапкершіліктің жоқтығы, орыс тілінде сөйлесетін адамдардың жоқтығы.
- Оқулық мазмұны нашар, оқулық дисклерінің ашылмауы.
- Білім алушылардың айтылым, жазылым дағдыларының орындалу барысында сөздік қордың, тіл байлығының аздығынан білім алушылар қиналады. Өзім

сабақ беретін сыныптарға әдеби шығармаларды оқуға, кітапханамен байланысын қадағалап отырамын.

- Оқулықтар жүйелі жасалса.
- Электрондық оқулықтың болмауы.
- Интерактивті тақта, техникалық көмекші құралдар жетіспеуі.
- Білім алушылардың айтылым дағдысында кездесетін олқылықтар бар.
- Білім алушылардың тіл байлығының жетіспеуі.
- Білім алушы санының сыныпта көптігі.
- Кітап мазмұны және тілдік бағдардың жеткіліксіздігі, пән бойынша тапсырманың болмауы, соған байланысты тапсырмалар дайындау, қағазбастылық болып тұрады.
- Білім алушыға оқулық жетіскенмен, мұғалімге оқулық жетіспейді және пән бойынша қосымша оқу құралдары жеткіліксіз.
- Білім алушы ғылыми жоба жазатын болса соған арналған оқу құралдары жоқтың қасы.
- Оқулық көңілге қонымсыз, теория мүлдем жоқ.
- Онлайн оқыту кезіндегі байланыстың нашарлығы.
- Білім алушылар үшін оқулықтағы тапсырмалар және тапсырмалардың тілі күрделі.
- Оқулықта теориялық, грамматикалық тапсырмалар көптеп берілсе екен. Осындай тапсырмалар жоқтың қасы. Сондықтан білім алушылардың көбі сауатсыздыққа ұшырайды.
- Деңгейлік тапсырмалар әзірлеу.
- Тілдік бағдарға көбірек тоқталу.
- Қазақ әдебиетінен бір тақырып бірнеше сағатқа берілген. Оның орнына ұлы тұлғаларымыздың шығармалар немесе ауыз әдебиетінің басқа да шығармалары енгізілсе.
- Тыңдалым бойынша аудио мәтіндер, дискілер жинағы жоқ.
- Оқулықта тілдік бағдар тапсырмалары аз.

Батыс Қазақстан облысы:

- Онлайн кезінде оқылым, айтылым жұмыстары қиындық туғызып отыр.
- Үйден оқу болғандықтан санат жоқ.
- ТЖБ орындау кезінде айтылымды жүзеге асыру қиын.
- Көркем шығармалардың мазмұнын толық меңгерту қиындық келтіреді.
- Қосымша материалдар аз.
- Жазылым тапсырмасын орындауда білім алушылар ойларын жеткізуге қиналады.
- Интернет желісінің жылдамдығы төмен.
- Әдістемелік көмекші құралдар аз.
- Грамматикалық тақырыптар оқулықтарда екінші тақырып ретінде берілген. Грамматиканы меңгермеген білім алушы жазылым тапсырмасын сауатты

орындай алмайды, сөйлем талдай алмайды.

- Заманауи жабдықтамалардың аздығы.
- Сөйлесу ортасының болмауы.
- Білім алушылардың әдебиетке жалпы оқуға деген құштарлықтарының төмендеуі.
- Оқулықтағы тапсырмалардың мақсатқа сәйкес келмеуі.
- Топтық, жұптық жұмыстарды қашықтықтан оқыту кезінде жүзеге асыра алмаймыз.
- Білім алушылардың тілдік күзiреттiлiктерiнiң жеткiлiктi деңгейде дамымауы.
- Онлайн форматта бiлiм алушылардың тақырыптарды жартылай меңгеруi.
- Ресурстар жеткiлiксiз.
- Балалардың тiлдiк қорлары аз.
- Грамматикалық тапсырмалардың аздығы.
- Оқулықтағы тапсырмалар аздығы, грамматикалық тапсырмалардың аз берiлуi.
- Әдiстемелiк көмекшi құрал аз.
- Бiлiм алушылардың көркем шығарманы толықтай нұсқасын оқымауы.
- Көрнекiлiк жоқ , сайттарға кiре алмаймыз, грамматикалық тапсырмалар жоққа жақын.

Жамбыл облысы:

- Тiлдiк қордың аздығы.
- Бiлiм алушылардың сөздiк қоры, сөйлеу мәдениетiмен жұмыс жасау керек.
- Кей тақырыптар оқулықта жоқ
- Тiл сабақтарындағы ереженiң жұтандығы (оқулықтағы) сауатсыз жазуға әкеп соғады.
- Оқулық бойынша кейбiр сыныптарда тыңдалым материалдарының қолжетiмсiз болуы.
- Бiлiм алушы iзденiсi жоқ.
- Бiлiм алушылар айтылымда қиналады.
- Бiлiм алушылардың жазу каллиграфиясының төмендiгi.
- Интерактивтi тақтаның жоқтығы.
- Оқулықтың жетiспеушiлiгi.
- Лингафон кабинетi, мультимедиялық кабинет жетiспейдi, сөздiктер жоқ.
- Әдеби тiлдiк норма бойынша жаттығулардың аздығы.
- Техникалық құралдар мен оқулықтар жетiспейдi.
- Сөйлеу дағдылары бойынша қиындықтар туындайды.
- Оқулық сапасы нашар.

Қарағанды облысы:

- Қашықтықтан оқу кезiнде интернеттiң дұрыс жұмыс iстемеуi.
- Бiлiм алушылардың тiлдi керек қылмауы.
- Интерактивтiк тақта жоқ.

- Кейбір тақырыптарға бөлінген сағаттың аздығы, жазылымға берілетін тапсырмалардың аздығы.
- Сабақ мақсаттарының күрделілігі.
- Көркем шығармаларды оқуда қиналады, оқымайды, эссе құрылымын толыққанды сақтамайды.
- Білім алушылардың кері байланысқа шығуы төмен деңгейде.
- Кейбір мәтіндердің қиындығы.
- Интерактивті тақта, МТБ жеткілікті емес.
- Баланың сөздік қоры.
- Жазылым өте аз десек те болады. Аудио тыңдау қиын.
- Қосымша оқулықтардың жетіспеуі.
- Оқулықта қазақ тілінің тілдік бағдары жүйесіз. Кіріктірілген пән ретінде оқытамыз.
- Білім алушылардың көркем әдебиетті оқымауы, жазылым дағдыларын қалыптастыру, тілдік ортаның жетіспеушілігі.
- Білім алушылардың сөйлеу қабілеті жеткіліксіз, сөздік қоры да аз.
- Оқулықтарда грамматикалық тапсырмалар аз.
- Айтылым дағдысы бойынша білім алушылар арасында өз ойын еркін жеткізе алмауы.

Қызылорда облысы:

- Интерактивті тақтаның аздығы.
- Кітап қоры аз. Әдістемелік құралдар жоқ деуге болады.
- Білім алушылардың ережелерді меңгере алмауы, лексикалық тақырыпта сабақ өткісі келмейді.
- Тыңдалым мәтінін кей жағдайда тыңдату мүмкіндігі болмауы.
- Оқулықтардың сапасы төмен, әдебиетте бір тақырыпқа өте көп сағат ұсынған. Қазақ тілінде тақырыпқа сай тапсырмалар аз.т.б
- Әдістемелік оқулықтар көп болса.
- Ауылдық елді - мекен болғандықтан интернет жылдамдығы жоқ.
- Күнтізбелік жоспарға диктант, шығарма енгізілсе
- Әдебиет оқулықтарының хрестоматиясы мүлде жоқ. Кітапханаға келмейді.
- Аударма жұмысы көп уақыт алады, өйткені пәніміз орыс сыныбындағы қазақ тілі.
- Оқулықта олқылықтар бар.
- Эссе жазуда білім алушылар әлі де қиналады. Кітап оқитын бала аз.
- Жазылым дағдысы. Білім алушылар жазуға қиналады.
- Электронды құрылғылар аз, лингофон кабинеті керек.
- Қашықтан оқыту барысында білім алушылардың сабаққа толық қатыспауы.
- Электронды оқулықты оқитын құрылғылар аз.
- Лексикалық тақырыптар ұнамайды.
- Оқулық жетіспеушілігі, онлайн тұрғыда әдістемелік көмектің жоқтығы, білім

алушылармен байланысу аздығы.

- Әдебиет пәні бойынша ақын-жазушылар бұрынғыдай көп берілмейді. Жаңартылған бағдарламада әдебиет кезеңдері ретімен оқытылмайды. Қазақтың ірі ақын-жазушылардың шығармашылығымен білім алушыларды таныстыру мүмкіндігі жоқ десе де болады. Берілген шығармаларға өте көп сағат берілген. Білім алушылар жалығып кетеді.
- Оқулық сапасының төмендігі.
- Технологиялармен қамтамасыз етілмеген, интернет желісі нашар.

Қостанай облысы:

- Тапсырмалардың білім алушылар деңгейіне сай келмеуі, оқулықтардың жетіспеуі, тыңдалым бойынша дисклердің жоқтығы.
- Аудио дискілер жоқ. Оқулық бағдарламаға сәйкес емес. Тілдік орта жоқ, балалар қазақша аз сөйлейді.
- Интерактивті тақта саны шектеулі.
- Дидактикалық материалдар қазақ тілінде аз.
- Интерактивті тақта жоқ.
- Сөздік қордың аздығы.
- Әдеби шығармаларды білім алушылар оқымайды, тілдік ортаның болмауы.
- Пәнге жабдықталған арнайы кабинет жоқ.
- Мультимедиялық жабдықтар аз, ескі.
- Оқулықтағы мәтіндердің күрделі тақырыптарын білім алушыларға меңгерту.
- Эссе жазғанда білім алушылар өз пікірлерін толық аша алмайды.
- Кітаптардың жетіспеуі, әсіресе хрестоматия мүлдем жоқ сыныптар бар.
- Оқыту процесінің нәтижелі болуы оқытушының сабақ беру шеберлігіне, сабағын қызығылықты жүргізіп, зейін қойдыра білуіне, білім алушылардың өздігінен білім алуға үйренуіне байланысты.
- Білім алушылардың мемлекеттік тілді үйренуге деңгейі орташа.
- Қосымша дидактикалық материалдың аздығы.
- Білім алушылардың қазақ тілін үйрену деңгейі орташа
- Оқулық баспаларының әртүрлі болуы.
- Проекторлар барлық кабинеттерде жабдықталмаған.
- Балалардың сабаққа дайындығы онша емес.
- Оқу кабинеттерінің жетіспеушілігі. Сынып екі топқа бөлінеді, бір топ сыныпта қалады, екінші топқа тиісті оқу сыныптары болмай қалады.
- Білім алушылар қазақ тілінде сөйлемдерді құрастырғанда, қосымшаларды дұрыс қолданбайды, жазылым тапсырмаларында сондай проблема бар.
- Сабаққа балалардың ынтасы төмен.

Маңыстау облысы:

- Әдістемелік құралдар аз.
- Техникалық жабдықтаудың жоқтығы.
- Оқулық тапшы.

- Сөйлеу, талдауларда тыңдалым мен айтылым дағдыларын қолдануға барлық кабинетте жағдай жасалмаған.
- Интерактивті тақтаның жетіспеуі.
- Көбінесе білім алушылар сөйлеуге қиналады.
- Қазақ тілін екі топқа бөліп оқыту шарт .Өзге тілді тереңінен ұқтырғанмен өз ана тіліміз күрделі. Ең бай тіл.
- Әр кабинет интеракталармен жабдықталғанын қалаймыз.
- АКТ мүмкіндігі, қашықтан оқыту барысында айтылымды ұйымдастыру.
- Қашықтан болғасын кері байланыс алу аздап қиынырақ
- Қашықтан оқыту барысында ғаламтор жылдамдығының аз болуына байланысты онлайн сабақтарға білім алушылардың толық қатыспауы.
- Жаттығу жұмыстары дәл нақты берілсе.
- Білім алушылардың сабаққа қатысы нашар.
- Оқулықтарда грамматикалық тапсырмалардың аздығы, жүйесіз.
- Тақырыпқа қатысты тілдік бағдар жүйелі берілмеген.
- Балалардың оқу және жазу сауаты төмен. Қала балалары орыс тілді ортадан келгендіктен, ойын жеткізе алмайды. Қазақша кітап, журнал оқуға құлықсыз: қызықтырмайтындығын, болашақ мамандықтары үшін тек ағылшын тілін білу жеткілікті деп санайтындығын айтады.
- Орыс сыныптарындағы қазақ тілін оқыту әдіс-тәсілдері бойынша жеке курс жоқ, пәндік олимпиададан басқа өзге ұлт өкілдеріне жеке сайыстар жоқ. - Қазақ тілі пәні мен әдебиеті бір пән болмай, бөлек болуы тиіс.
- Оқулықтар сапасыз, мәтіндер күрделі.
- Білім алушы өз ойын басқа біреуге жеткізе алу дағдысы төмен.
- Білім алушылар тілдік мазмұнын түсінбейді, өзге ұлт өкілдерінің қазақ тілін толық түсінбеуі.
- ҚМЖ құру, білім алушылардың жазу каллиграфиясы нашар, мазмұнды есте ұстауы, зейіні төмен.
- -Оқулықтарда тілдік талдауға арналған тапсырмалардың болмауы.
- Білім алушының орысша ойлауы, ойын жүйелі, нақты жеткізе алмауы.
- Балалардың көркем шығарманы аз оқуы.
- Қазақ тілінде ережеге байланысты жүйелілік жоқ.
- Әдеби шығармаларды оқымау.
- Тілдік бағдар анықтамалары тым ғылыми. Әдеби шығарманы білім алушы мүлдем оқымайды.

Түркістан облысы:

- Оқулықтар бағдарламаға сай жасалмаған.
- Интернет дұрыс істемей қалады.
- Сауытсыз ұрпақтарымыз көбейіп барады. Пәнге деген қызығушылықтары төмендеп барады.
- Дидактикалық дайын ресурстардың аздығы, тыңдалым дағдысы үшін аудиодискінің жоқтығы.

- Грамматикалық қателермен жұмыс жүргізбеу.
- Жаңартылған ББ қиындық туғызады.
- Акт құралдарының азлығы, мультимедиалық кабинет керек.
- Оқу мақсаттарының күрделі болуы, кітаптың тілі ауыр.
- Оқу бағдарламасындағы оқу мақсатының оқулықпен сәйкеспеуі.
- Қазақ тілі мен әдебиеті пәні кабинеті толық жабдықталмаған арнайы интерактивті тақта жоқ. Қосымша кабинет бірлестікке берілмеген.
- Оқулықтардың сапасыздығы. Әдебиетте шығарманың басы берілмей ортасынан берілуі.
- Бір тақырыпты бірнеше сабақ етіп өтілуі.
- Ғаламтор желісінің нашарлығы, грамматикалық сауаттылыққа көп мән берілмей қалады, мәтін тілінің ауырлығы, т. б.
- Қазақ тілі пәнінде тілдік нормалардан білім алушыға ауыр оқулықтан қателіктер кездеседі.
- Интернет желісі баяу. Интерактивті тақталар жеткіліксіз.
- Оқу әдістемелік құралдардың аздығы.
- Интернет желісі жылдамдығының төмендігі
- Оқу мақсатында ережелерді жүйелі түрде берілмеген.
- Оқулық мазмұны қазақ тіліне сай емес.
- Сыныпта бала саны көп болғандықтан үлгермейміз. Қазақ тілін жақсы меңгеру үшін бөліп оқыту керек.
- Жазу дағдылары төмендеп жатыр
- Қазақ тілі оқулығындағы мәтіндер күрделі берілген.
- Білім алушылардың қазақ тіл білімі салалары бойынша білімдерін тереңдете, жүйелі оқуға көңіл бөлінсе.
- Онлайн сабақтан соң білім алушылардың деңгейі төмендеп қалған.
- Білім алушылар эссе жазған кезде қателіктер көп жібереді, соларды жою.
- Жаратылыстану бағытындағы сыныптарда сағат санының аздығы (аптасына 1сағат) . Бұл тақырыпты толық меңгеруге жетпейді.
- Мультимедиялық кабинеттердің аздығы, ұялы байланыстың баяулығы, тапсырмалардың көптігі.
- Қашықтықтан оқыту барысында білім алушылардың сабаққа деген зейіні бәсеңдеген.
- Қазақ тіліндегі ережелер жүйелі берілсе.
- Оқулықтағы тақырыптар қазақ тілі саласына сай емес. Қазақ тілі ережелеріне жаттығулар жоқ.
- Сауаттандыру жұмысын көбірек жүргізу керек.
- Оқулықта грамматикалық ережелер аз көрсетіледі.

Павлодар облысы:

- Оқулықтың мазмұны жүйелі емес. Білім алушыларды тілді меңгеруде (жұлдызнама, сот, шет әд туындылары т.б) керексіз, тиімсіз тақырыптарды алып тастау қажет. Оның орнына салтымызды, тәрбиелі әңгімелерді, әдебиетімізді

қосу қажет. Сөздік мүлдем жоқ. QR код оқылмайды. Өзге ұлт білім алушыларына тапсырмалары тым күрделі. Күрделілік қызығушылықты жояды.

- Білім алушылар эссе жазуға қиналады.
- Мультимедиялық тақтаның жоқтығы.
- Оқулықтар әр түрлі баспадан болуы.
- Балалар шығармаларды аз оқиды.
- Бағдарлама мен оқулық сай келмейді, орта буын мен жоғары буын мәтіндері ауыр.
- Тыңдалымда қиындықтар туындайды. Диск ашылмайды.
- Білім алушылардың қазақ тілінде ойын нақты жеткізуге сәл қиындықтар туындайды.
- Бір тақырыпқа екі сағат берілсе де, артық тапсырмалар көп.
- Жазылым әрекеті бойынша грамматикалық ереже, тапсырмаларды мейлінше көбірек беру.
- Сөйлеу қабілеттері төмен.
- Тілді толығымен қолдануда қажеттіліктің болмауы.
- Ауызекі тілді түсінбеуі.
- Оқулықтардың ішіндегі мәтіндер білім алушылар үшін өте күрделі.
- Оқулықтағы тапсырмалар жүйелі емес.
- Білім алушылардың тіл байлығы жетпеуі, жалқаулық.
- Жаңа сөздерді жаттамауы.
- Тілге деген төмен сұраныс , оқулықтардың нашарлығы, әр түрлі сөздіктер тапшылығы , кабинеттің жабдықталуы.
- Білім алушылардың сөздік қоры аз, эссе жазуда қиындық туады.
- Оқу кабинетінде мультимедиялық жабдықтардың жоқтығы, кітапханада мұғалімге оқулықтың әрқашан жетіспеушілігі тб.
- Оқуға деген қызығушылықтың аздығы.
- Мәтін көлемі тым үлкен және күрделі.
- Білім алушылардың сабаққа қызығушылығының төмендігі.
- Берілген тақырыптардың шағын көлемде берілуі және де орта сыныптарда әдеби сөздердің көптеп кездесуі, қазақ тілі және әдебиеті оқулығында грамматикаға басты назар аудармауы.
- Білім алушылардың сөздік қоры шамалы болғандықтан эссе жазу қиынға түседі.
- Білім алушылардың тілдері жұтаң, әдеби шығармаларды оқымайды. Эссе жазуда қиыншылықтар кездеседі.
- Қазақ тілі пәні бойынша сайт жеткіліксіз.
- Орыс сыныбына мемлекеттік тілді үйретуде аптасына 3 сағаттық жүктеме аз. Бұл 3 сағатта әдебиет пәні қоса жүргізіледі, қазақ әдебиеті пәні жеке өткізілуі тиіс.

Солтүстік Қазақстан облысы:

- Көркем шығармаларды оқуда төмендігі.
- Оқулықтағы тақырыптардың шашыраңқылығы.

- Сабақ мақсатына жету, формативті бағалау.
- Кабинеттер мультимедиялық құралдармен жеткілікті деңгейде жабдықталмаған.
- Оқу кабинеттері заманауи талаптарға сай жабықталса.
- Білім алушылар ауызша жауап бере алмайды, себебі сөздік қорлары аз.
- ТЖБ тапсырмаларында білім алушылар эссе жазуда қиналады.
- Оқулықта қате көп.
- Оқулықтағы кейбір тарсырмалардың білім алушының қабылдауына сай келмеуі.
- Электронды оқулықтың аздығы.
- Дидактикалық материалдардың аздығы.
- Білім алушылардың сөздік қорының аздығы.
- Қазақ тілінен оқулықтарда тілдік бағдардағы ережелер толық берілмеген.

Шығыс Қазақстан облысы:

- Тілдік бағдарға тапсырмалардың аз болуы.
- АТК құралдары, интернет нашар.
- Көрнекі құралдар мен кестелер болса.
- Білім алушылардың айтылым барысында өз ойларын еркін жеткізуде қиналуы.
- Тапсырмалар дұрыс құрылмаған.
- Сөздік қорының аздығы.
- Сабақ барысында кейбір оқу мақсаттары қиындық келтіреді.
- Жазылым кезіндегі қиындықтар.
- Ең үлкен проблема ауызекі сөйлеу тілін қолданатын тілдік ортаның жоқтығы.
- Оқу бағдарламасының мазмұны тілді дамытуға, білім алушыны ауызекі сөйлеуге үйретуге негізделмегені.
- Оқулықта жүйелік жоқ.
- Карантин кезінде былтыр және биыл басқа кабинетте сабақ жүргізіледі.
- Кабинет жетіспеушілігі, білім алушы санына байланысты білім алушылардың топқа бөлінбеуі.
- Оқылым тапсырмаларында эсседен қиналады.
- Мектепте интернет желісі жеткіліксіз болғандықтан жұмыс істеу өте қиын.
- Интерактивті тақтаның дұрыс жұмыс істемеуі. Орындық, парталар жеткіліксіз, компьютерлік жабдық жоқ.
- Мәтіндер өте күрделі, білім алушыларды қызықтырмайды.
- Оқыту кезінде барлық білім алушылардың бағалануы жүзеге аспай қалатын кездер болады.
- Оқулықтар күрделі және жиі ауысады.

Нұр-Сұлтан қаласы:

- Білім алушылардың тілдік қолдануы төмен.
- Тыңдалымға байланысты құралдардың толық еместігі, интербелсенді тақтаның

жоқтығы.

- Білім алушылардың пәнге деген қызығушылығы аз, мемлекеттік тілімізді көп білім алушылар қажетсінбейді.
- Білім алушылардың қызығушылығы аз.
- Дидактикалық материалдар аз.
- Білім алушылар үй жұмысын орындамайды.
- АКТ жабдықталмаған, тыңдалым материалдарын беруде қиындық келтіреді.
- Тілдік қоры аз.

Алматы қаласы:

- Балаларда қызығушылық жоқ.
- Айтылым дағдысы нашарлау.
- Білім алушыларда қазақ тіліне деген құштарлық, қызығушылық жоқ.
- Тыңдалым дағдысына материалдар мен құралдардың жеткіліксіздігі.
- Қашықтан оқыту кезінде білім алушылардың оқылым және сөйлеу дағдысының төмендеп кетуі.
- Қашықтан оқу кезіндегі кейбір білім алушылардағы интернет жылдамдығының төмен болуы.

Шымкент қаласы:

- Орыс сыныптарында эссе жазуда кейбір қиыншылықтар кездеседі.
- Мәтіндердің қиындығы.
- Сабаққа қажетті бейнероликтер көрсету барысында мультимедияның жоқтығы.
- Оқулық саны аз, АКТ аз.
- Практикада қолданбау.
- Оқулықта берілген тапсырмалардағы олқылықтар.
- Білім алушылардың ауыз екі сөйлеуі.
- Оқулықтағы тапсырмалар күрделі.
- Білім алушылардың айтылым дағдысы төмен.
- Оқу бөлмесінде ғаламтор желісі жоқ

Онлайн-сауалнамада мұғалімдерге өздері жүргізетін пән бойынша кездесетін қиындықтары туралы сауалнамаға он жеті өңір бойынша қатысқан респонденттердің жауабын сараласақ, бірнеше факторды алға тартады. Олар:

1. Жаңартылған білім бағдарламасымен сабақ жүргізудің қиындығы:

- Оқулықтардың сапасыздығы (оқулықтағы берілген тапсырмалардың баланың жас ерекшелігіне сәйкес келмеуі, кейбір оқу мақсаттарының оқулықтағы берілетін тапсырмалармен сәйкеспеуі, оқулықтағы мәтін көлемінің тым көп және күрделі болып келуі, оқулықтарда тапсырма беруде кеткен қателіктер, оқулық мазмұнының бағдарламаға сәйкеспеуі, оқу бағдарламасының мазмұны тілді дамытуға, білім алушыны ауызекі сөйлеуге үйретуге негізделмегені т.б.)

- Оқулықтың мазмұны (грамматикалық тапсырмалардың аздығы, берілген тапсырмалардың дұрыс құрылмағандығы, оқулықта жүйеліліктің сақталмауы, тыңдалым әрекетін жүзеге асырудың қиындығы, диск ашылмайды, оқулықта тілдік талдауға арналған тапсырмалардың болмауы, тыңдалым дағдысы үшін аудиодискінің жоқтығы, қазақ әдебиетінен бір тақырыпқа өте көп сағат берілуі т.б.)
2. Кітапхана қоры:
- Мектеп кітапханаларында оқулық, оқу құралдарының саны аз болуы;
 - Әдістемелік құралдардың аздығы;
 - Электрондық оқулықтың аздығы;
 - Дидактикалық материалдардың аздығы.
3. АКТ
4. Мектепте интернет желісінің талапқа сай еместігі;
5. Сыныпта компьютердің аздығы немесе кейбір сыныптарда мүлдем болмауы;
6. Интерактивті тақталардың дұрыс жұмыс жасамауы, кейбір мектептерде мүлдем болмауы;
7. Сыныптардың мультимедиялық құралдармен жеткілікті деңгейде жабдықталмағандығы.
8. Сыныпта білім алушы санының шамадан тыс көптігі.
9. Білім алушының сөйлеуі үшін тілдік ортасының болмауы.
10. Білім алушы мен ата-ананың сөйлеу тіліндегі өзгешеліктер (үйдегі тілдік ортаның болмауы).
11. Білім алушылардың әдеби шығармалар оқуға ынтасының болмауы.
12. Сабаққа, тіл үйренуге деген қызығушылықтарының төмендігі.
13. Орыс сыныбына мемлекеттік тілді үйретуде аптасына беріңдетін 3 сағаттық жүктеменің аздық етуі.
14. Қазақ тілі мен әдебиетінің қосылып оқылатындығы.
15. Оқу мақсаттарының күрделі болуы, 40 минут уақытта бала қол жеткізе алмайтын күрделі оқу мақсаттары бар.
16. Оқулықтың мазмұнына көңіл бөлінсе.
17. Грамматикаға материалдар аз берілген.
18. Оқулықта білім алушы сауаттылығын арттыратын тапсырмалар аз берілген.
19. Оқулықтағы тапсырмалар білім алушылардың деңгейіне сай емес.

Өзіңіз сабақ беретін оқу пәнін жүргізу барысында кездесетін мазмұндық сипаттағы мәселелер болса, осы жерге жазыңыз деген сауалнамаға он жеті өңірден қатысқан респонденттердің берген жауабын сараласақ,

Ақтөбе облысы:

- Мәтіндердің тілі ауыр.
- Шығарманың мазмұнын толық меңгеру.
- Мектепке әдебиет пәнінің хрестоматиялары келмейді, тыңдалым дискілерінің сапасы төмен.

- Оқулықтардың тапсырмалары өте күрделі. Өзге ұлт өкілдеріне қиындық туғызады.
- Оқулық білім жағынан сапасы төмен.
- Грамматика толығырақ енгізілсе.
- Жазылым тапсырмасын орындауда қиындықтар кездеседі.

Алматы облысы:

- - Кабинет толық жабдықталмаған.
- Оқу бағдарламасын қайта қарастыру керек.
- Тақырыптардың әдебиет пәнінен бірнеше сағатқа берілуі.
- Бағдарлама бойынша оқулықтан өтілген күрделі шығармалар мектеп кітапханасынан табыла бермейді.
- Оқу пәнін жүргізу барысында кездесетін мазмұндық сипаттағы мәселелер.
- -БЖБ, ТЖБ-ны алып тастаса.
- Оқулық нашар.
- Қазақ тілі пәнінен грамматика бойынша тапсырмалар аз. Сол себепті, білім алушылардың сөйлеу және жазу сауаттылықтары төмен.
- Әдебиет пәнінен кейбір шығармаларға сағат саны көп, қазақ тілінен тілдік бағдарға уақыт тапшылығы.
- Оқулықтарға тілдік жүйе, тіл салаларын енгізсе.
- Оқулықтардың сапасы төмен.
- Оқулықтағы оқылым тапсырмасы жас ерекшеліктеріне сай емес.
- Әдебиет бағдарламасының мазмұны білім алушыларға өте күрделі.
- - Менің кабинетімде компьютер бар, бірақ интернет ұстамайды. Сол себептен компьютер босқа жатыр.
- Оқулықтағы мәтіндер білім алушының жас ерекшелігіне сай болу керек.
- Бұрынғыдай диктант, мазмұндама жазылса екен.
- Оқулықтағы берілген тақырыптарға сол бөлімге бөлінген оқу мақсаттарында кейде сәйкестік жоқ.
- Тапсырма құрастырғанда қиналуға тура келеді қазақ тілі сабағында қазақ тілінің грамматикасын тереңдетіп оқытуға көңіл бөлінсе, биология, география т.б пәндерге қатысты тақырыптар алынып тасталса.
- Қазақ тілінен грамматика тақырыптары өте аз.
- Қазақ әдебиеті пәні бойынша әдеби шығармалардың аз көлемде берілуі.
- Ережелердің жоқтығы, қазақ тілінен алшақ тапсырмалар.
- Пәнге деген қызығушылықтары таяздау.
- Мақсатқа сай тапсырмалар құрастыру.
- Әдебиет пәнінен 8-сынып оқулығы мен 6-сынып оқулығының мазмұндық жағы нашар.
- Әдіс -тәсілдердің көбірек берілуі.
- Оқулықта көбірек ереже болса.
- Әдістемелік көмек құралдарының болуы.

- Оқулық сапасының төмендегі, тапсырмалардың күрделігі/қазақ тілінде оқитын сыныптармен бірдей деуге болады/, сыныптан сыныпқа өтуге оқулықтың бір-бірімен байланысты болмауы, грамматикалық тақырыптардың байланыссыз берілуі, АКТ құралдарының жеткіліксіз болуы /кабинетте қарапайым компьютер де жоқ/, кабинеттер жетіспеушілігі/кабинеттік жүйенің болмауы/.
- Жинақылық қажет. Өте шұбалаңқы, білім алушыға түсініксіз мәтіндер көп.
- Мәтін мазмұнын жеткізе алмауы.
- Білім алушылардың тілді меңгеруде қиындықтар бар.
- Кей жағдайда мазмұны мектеп жасындағы балаларға түсініксіз тақырыптар бар.
- Мазмұны түсініксіз тапсырмалар.
- Қашықтан оқытуда сыныптағы 28 білім алушының 10 білім алушысы ғана қатысқан кездер көп болады. Мектепке барып оқыса білімді игеру оңтайлы жолға түсер еді.
- Берілген тапсырмалар тілдік дағды түрлеріне бағытталса.
- Оқулықтағы күнделікті тапсырмалардың барлығы бірдей, түрлендірсе.
- Өмірде қолдана алатындай нақты дүниені оқыту керек.
- Мәтіндер білім алушылардың жас ерекшелігіне сәйкес болу керек.
- Қазақ тілінің негізгі грамматикалық тақырыптар тыс қалып отыр.
- - Эссе жазуда білім алушылар көп қиналады. Қазақ тілінен сағат саны аз.
- Қазақ сынып бағдарламасымен оқытылса.
- Оқулықтардағы тапсырмалардың көптігі, тапсырмалардың бір сарындылығы, білім алушы деңгейіне сай келмейтіндігі қиындық келтіреді.

БҚО:

- Кейбір оқулықтардың материалы білім алушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес емес.
- Санатымды көтергім келеді.
- Кітаптардың сапасы қадағаланса.
- Кабинетті техникалық құралдармен жабдықтау.
- Қосымша дидактикалық материал аздығы.
- ӨТН тапсырмалары оқулықтарда жүйелі берілмеген. Қазақ тілі пәнінен талдау тапсырмалары қалыс қалады.
- Лексикалық тақырып екінші тақырып ретінде беріліп, грамматикалық тақырыпты меңгертуге көп уақыт берілсе, ережелер жүйелі рет-ретімен берілсе.
- Оқулықты дұрыстау керек.
- Кейбір авторлар шығармаларының қазіргі заманда өзексіздігі.
- 5-6-сыныпта қазақ әдебиеті пәнінен кейбір шығармалар білім алушы түсінігіне ауыр. "Прописка" әңгімесі. "Бауыр" әңгімесі. Жыраулар толғауы.
- Оқулық мазмұны жүйеленіп, білім алушының жас ерекшеліктері ескерілсе.
- - Қазақ тілі мен әдебиеті пәні балаға қазақ халқының менталитетін көрсетіп, тәрбиелейтін мазмұндағы тақырыптар болу керек.
- Жазылым тапсырмалары тым күрделі және жас ерекшеліктеріне сай емес.
- Оқулықтар сапасыз.

- Мәтіндік тапсырмалар көп кездеседі.

Атырау облысы:

- Бір тақырыптың бірнеше сағатқа берілуі, оқулықтың сол сағатқа сай еместігі.
- Білім алушылардың көбінің интернет жеткіліксіздігінен «Дарынға» кіре алмауы.
- Теориялық мағлұматтар пән оқулықтарында нақты берілмейді.
- Жазылым тапсырмаларын орындау қиындық туғызады, барлығына жуығы публицистикалық стильде берілген мәтіндер.
- Методикалық көмектер көп болса.
- Грамматика тапсырмасы көбірек болса.
- Білім алушылардың ойын еркін жеткізуі, сыни ойлана отырып, кез - келген тақырыпта пікір айтуға дағдыландыруда, қазақ тілі пәнінен грамматиканың толық көрініс бермеуі.
- Оқулықтар қайтадан стандарт талаптарына сай жасақталып апробациядан өтілсе, мазмұны сын көтермейді.
- Тілдік бағдардың жеткіліксіздігі, пән бойынша тапсырманың болмауы, соған байланысты тапсырмалар дайындау, қағазбастылық.
- Оқулықтағы тапсырмалар грамматикалық, теориялық тапсырмалар жоққа тән.
- Оқулықтардың сапасыздығы.
- Тілдік сөздіктермен кабинетті жабдықтау.
- Бағдарлама жүйесіз жасалған деп есептеймін.
- -Оқулықты түбегейлі өзгерту керек. Қазіргі оқулықта не мазмұн жоқ не мән жоқ.
- Қазақ тілінен қазақ тілінің грамматикасы жүйелі түрде берілсе.
- Оқу мақсатын Блум таксономиясына сай талдау.
- Тіл білімі саласына қатысты ережелердің жүйесіздігі.
- Білім алушылардың сабаққа толық қатыспауы.

Жамбыл облысы:

- Қазақ тілі оқулықтарының мазмұны, грамматикалық тапсырмалар ретсіз беріледі.
- Кітап тілі күрделі. Ой мазмұнымен сәйкес келе бермейді.
- Көлемді шығармаларды толық оқымағандықтан талдау кезінде уақыт жетпей жатады.
- Әдеби кітаптарға білім алушылардың қызығушылығының төмендігі.
- Әдебиеттен белгілі тұлғалардың еңбегін алып тастаған, бірақ тест, байқау болғанда балалар оқымаған сол тұлғалардың еңбегі келеді.
- Оқулықтың олқылығы, білім алушыларға қызықсыз.
- Оқулықта грамматикаға көп көңіл бөлінсе.
- Оқулық мазмұны мен оқу бағдарламаларын сәйкестендіру керек.
- Тақырыптардың күрделілігі, мәтін білім алушының жас ерекшелігіне сай емес, күрделі.

- Басқа ғылыми емес, көркем әдеби стильдегі мәтінді көбейту керек.
- Қазақ тілінде дидактикалық материал көп емес.

Қарағанды облысы:

- -Оқулықта тапсырма көп, білім алушылар орындауға үлгермейді
- -Тақырып бойынша берілетін тапсырмалардың мазмұнын сәйкестендіру, жазылым тапсырмаларын көбейту.
- 5-7 сыныптарда оқулықтағы мәтіндердің оқу мақсатымен байланыстың болмауы.
- -Қазақ тілі мен әдебиеті бөлек пән ретінде оқытылса.
- -Сабақ мақсатында әдеби теориялық талдауларға назар көп аударылған.
- ҰБТ-ны мемлекеттік тілде тапсырса, білім алушылардың жауапкершілігі өседі.
- ҰБТ-да қазақ тілі жоқ.
- Мәтіннің күрделілігі (қара өлең жолдары), термин сөздер көп.
- Тілдік бағдарға жаттығулар жеткіліксіз.
- Мәтіндер мазмұны қазақ халқының ғұламалары жайлы жазылған болуы тиіс.
- Ақын-жазушыларымыздың шығармаларына көбірек тоқталсақ.
- Қазақ тілі мен әдебиет кабинеттерін толықтай интерактивті жадықтармен қамтамасыз етсе.
- Қазақ тілі мен әдебиеті пәні бойынша оқулықтарға ережелерін толық кіргізу.

Қызылорда облысы:

- -Кей тақырыптар мен тілдік бағдардың сәйкес келмеуі.
- Мәтін талдауларындағы нақты жауаптарының берілуі.
- Қазақ тілінде лексикалық тақырыпқа баса назар аударылып кеткен, әдебиетте кей тұлғалар назардан тыс қалған, бес арыс, үш бәйтеректердің шығармасы жоқтың қасы.
- Қазақ тілінен грамматикаға көбірек тапсырмалар берілсе.
- Грамматикаға көп сағат берілсе. Тақырып ауқымды, уақыт өте аз беріледі. Бір тақырып бір тоқсан бойы оқытылады. Бала жалығып кетеді.
- Тілдік бағдарға көп көңіл бөлінбей қалды.
- Мәтіндердің күрделі болуы.
- Мәтіндердің мазмұны ауыр.
- Мәтінмен жұмыс жасау кезінде қиындықтар келтіреді, география, биология, физика пәндеріне қатысты мәтіндер келеді, ол мәтінмен жұмыс жасау үшін сол пәнді зерттеп кетеміз, әдебиетке қатысты ақын жазушылардың шығармаларынан үзінді берілсе, сол шығарманы білім алушыларға толық оқытып, талдатар едік, кітап оқуға бағыттар едік деген ойдамын.
- Кітаптағы тапсырмалардың сапасыздығы.
- Тапсырмалардың көптеген білім алушылардың қабілетіне сай еместігі.
- Интернет желісінің, мультимедиялық жабдықтың әр кабинетте жұмыс жасамауы.

Қостанай облысы:

- Оқулықта берілген мәтіндер қиын.
- -Оқулықтарға маңызды ақпараттар мен грамматикалық тапсырмалар қажет.
- Әдістемелік көмек керек.
- Оқулықтағы берілген мәтіндердің сапасы төмен, лексикалық-грамматикалық тақырыптардың жүйесі жоқ.
- Грамматика бағдарламада көбірек болғанын қалаймын.
- «Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы» екендігін есінен бір сәт те шығармай, сапалы оқыта отырып, саналы тәрбие берсе, жақсыдан үйретіп, жаманнан жирентіп, адами қасиеттерді баланың бойына сіңіруге бағытталған тәлімді тәрбие бере отырып, заманауи талаптарға сай біліммен қаруландырса, сөйтіп тұлғалы азаматты қалыптастырса, ұстаздың кәсіби міндетінің шешіліп, азаматтық борышының ақталғаны.
- Сабақтарға аудиоматериалдар жеткілікті емес.
- Мәтіндердің жас ерекшелігіне сәйкес келмеуі.
- Кітапта берілген мәтін өте көлемді, тапсырмалардағы қателер сабаққа кедергі келтіреді.

Маңғыстау облысы:

- -Кейбір тапсырмалар сәйкес келмеуі.
- Айтылымда қиындықтар туындайды.
- Оқулықтардың білім алушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес келмеуі, грамматикалық материалдардың жүйесіз берілуі.
- Оқулықтарда тапсырмаларда әр түрлілік жетіспейді.
- Бір тақырыптың бірнеше сағатқа бөлініп оқытылуы.
- Қазақ тілі оқулығындағы тілдік бағдардың жүйесіздігі (мысалы, фонетика өтпелі лексикаға ауысып кету, т.б.)
- Әдебиет пәнінен бір тақырыпқа 10 сағаттың беріліп, қазақ классиктерінің еңбектері тасада қалуы.
- Әдебиет пәнінен көркем шығармаларды толықтыру.
- Берілген тілдік бағдардың оқулықтағы тапсырмалармен сәйкес келмеуі.
- Жаңа бағдарламада теориялық материалдар сол тақырыпқа сай берілмеген.
- Қазақ тілі оқулықтарында /бағдарламасында да / грамматиканы алдыңғы орынға қою керек. Қазіргі бағдарламамен сауатты ұрпақ қалыптастыру мүмкін емес.
- Білім алушы кейбір оқылым мәтіндерінің күрделі болып келуіне байланысты мәтін мазмұнын түсінбей жатады.
- Дидактикалық және қосымша материалдардың көбі дердік қазақ сыныбына арналған. Оқулық тапсырмалары, әсіресе, мәтіндер мемлекеттік тілді үйренушілерге арналмаған. Мысалы, 6-сынып мектеп баспасы. Кейбір мәтіндер модуль не бағдарламаға, білім алушының жас ерекшелігіне сәйкес емес.
- Оқулықтағы тапсырмалар білім алушы деңгейіне сай келмейді.
- Мәтіндердің өмірмен, күнделікті тіршілікпен байланысына назар аударылса.

- Қазақ тілінен грамматикалық ережелердің, жаттығулардың болмауы.
- Оқулықтағы тапсырмалар жүйелі емес.
- Грамматикалық сауаттылық тапсырмаларды көбейту керек.
- Қазақ тілінің теориялық сатысы жүйелендірілсе.
- Танымдық мәтіндер керек.
- Тілдік талдауларға жаттығу тапсырмалары жеңілдірек берілсе.
- Әдеби шығармаларды көркемдік талдау қиындық келтіреді. Әдеби шығармаларды оқып шығу мүмкін емес. Ақын жазушылар әр сыныпта қайталады.
- Қазақ тіл білімінің негіздері бойынша ережелер ретімен берілсе, соған сай талдау жаттығулары берілуі керек.
- Әдебиетте авторлар мен шығармалар жүйелі таңдалмаған.
- Оқулықтарды таңдауды мұғалімдер еркіне қалдырса.

Түркістан облысы:

- -10 сыныпта бір тақырып бірнеше рет қайталады, білім алушыларды жалықтырып жібереді.
- -Қарым- қатынас аз.
- -ЖБ жұмыстарының жиынтық кітапшалары болса.
- Қазақ тілінен талдау жұмыстары үшін сағат берілсе.
- -Грамматиканы меңгертуге арналған тапсырмалар өте аз.
- ЖББМ бойынша оқыту білім алушы сауаттылығын, жазу сауаттылығын дамытпайды.
- Білім алушылар бұрынғыдай мектепке келсе.
- Оқулықтағы кейбір тапсырмалардың сәйкес келмеуі.
- Сыныптар компьютермен толық жабдықталса.
- Мәтіннің түсінігі балалардың жас ерекшелігіне сәйкес келмейді.
- Қазақ тілі мен әдебиеттен мәтіндердің аудиоларының толық болмауы.
- Оқулықтағы жіберілген қателердің кездесуі. Берілген тапсырмалардың тиянақты болмауы т.б.
- Кітапта ережелер, шығармалар дұрыс жазылса. Толық. Бала бәрібір білімді кітаптан алады.
- Кітап тілінің ауырлығы, берілген тапсырмалардың ғылыми тілде жазылуы, білім алушы каллиграфияға көп мән бермейді.
- Мазмұндық сипаттағы мәселелер нақты берілсе білім алушыға түсінікті болады.
- Тыңдалым материалдарының аздығы.
- Компьютерлерді жаңарту.
- Пән бойынша түрлі дидактикалық кітапшалар қолжетімді болғаны дұрыс.
- Пәнге байланысты ережелер нақты жазылса.
- Интерактивті тақтамен жұмыс жасау, балаға көрсету мүмкіндігі жоқ.
- Қазақ тілі оқулығындағы мәтіндер өте күрделі берілген.

- Жоғары сынып әдебиеті пәнінде бір тақырып өте көп сағатқа берілгені тиімсіз.
- Мектеп пен университеттің талабында айырмашылық көп болмаса: негізгі объектке назар аударылса.
- Қазақ тіліндегі грамматикалардың жүйесіздігі.
- Әдіс- тәсілді тиімді қолдану қиын.
- Функционалдық сауаттылық
- Ұлттық құндылықтарымызды дәріптеу.
- Қазақтың ғұлама ақын-жазушылардың шығармаларынан үзінділер болса. Өлеңдері, поэма, батырлар жыры деген сияқты. Өзге елдің проблемасы мен шығармалары керек емес.
- Қазақ тілі оқулығында қамтылған тақырыптар өзін-өзі танудың, жаратылыстанудың, музыканың, тарихтың, астрономияның тақырыптары сияқты. Таза тілге қатысты ережелер аз енген. Ережелерге байланысты жаттығулар өте аз кіргізілген. Қазақ әдебиеті оқулықтарына қазақ әдебиеті жауһарлары саналатын мазмұны бай әдеби шығармаларды молынан ендірсе дұрыс болар еді. Қазіргі оқулықтарда бір әдеби шығармаға 5-6 сағат берілген, ал шығарма көлемі аз.
- Кей сөздердің орыс тілінен тікелей аудару кезінде сөздердің байланыспауы.
- Әр сыныпта бір тақырып қайта берілмесін.
- Қазақ тілі пәніне лайық жаттығулар болса, биология, география пән мұғалімдеріне сай тақырыптар кездеседі.
- Оқу пәнін жүргізген кезде оқулықтар мен бағдарламаларды сай етіп жасалынса.
- Қазақ тілінде дидактикалық материалдар кемшін.
- Оқу мақсаттары өте күрделі.
- Кейбір тақырыптардың мазмұны ашылмаған.

Павлодар облысы:

- Оқулық жоғары орыс сыныптарына өте қиын құрастырылған.
- Мәтіндер жас ерекшеліктеріне сай емес.
- Ауызша тапсырмалар орындау барысында 11-сыныпта аудиоматериалдар берілсе.
- Негізгінен география, тарих, биология пәндерінің мәтіндерін оқимыз, тілдік материалдар аз.
- Қазақ тілі пәні бойынша талдау жұмыстарына уақыт жеткіліксіз, оқулықта морфология саласы бойынша жаттығулар жеткіліксіз. Тапсырмада талдау берілмеген.
- Оқулықтар мазмұнының мәтіндері орыс сыныбына сәйкес болса екен. Өмірде қолдана алатындай деңгейде. Қазіргі оқулық мәтіндері түсініксіз, әсіресе 8-9-10-сыныптар.
- Бір тақырыпқа екі сағат берілсе де, артық тапсырмалар көп.
- Білім алушылардың қазақ тілін таза меңгере алмайтындығы.
- Мәтіндер күрделі, білім алушыларға аудару қиын.
- Қазақ тілі мен қазақ әдебиеті бойынша оқу материалдарының арасы

ажыратылмаған.

- Оқулықтағы мәтіндер өте күрделі және тапсырмаларға мән беру керек сияқты.
- Білім алушылардың тіл байлығы жетпеуі.
- Оқулық мазмұнында білім алушылардың жас ерекшеліктері ескерілмеген.
- Мәтіндер көлемі ауқымды және тым ауыр. Берілген тапсырмалардың көбі еш нәрсеге үйретпейтін тапсырмалар.
- Сондықтан, өз сабақтарымда оқулықтағы тапсырмалардың көбімен жұмыс істемейміз.
- Оқу кабинетінде мультимедиялық жабдықтардың жоқтығы, кітапханада мұғалімге оқулықтың әрқашан жетіспеушілігі, жиһаздардың ескіруі, басып шығаруға ақ қағаздың жетпеуі.
- Оқулықтардағы оқылым дағдысына арналған мәтіндердің көлемі, мазмұны білім алушыларда қиындық туғызады.
- Оқулықтардың мазмұнында әдебиетке, оның ішінде жазушылар шығармаларына аз көңіл бөлінуінде.
- Кейбір білім алушылардың қазақ тіліне деген қызығушылығының жоғары дәрежеде болмауы, қазақ тілінің маңыздылығын түсінбеуі.
- Мәтіндер көбіне көркем әдеби емес, ғылыми стилде. Басқа пәндік мәтіндер өте көп. Ереже аз.
- Оқулықта жүйелілік жоқ.
- Қазақ әдебиеті пәнін жеке пән ретінде қарастырып, қазақтың ақын-жазушыларын тиісті деңгейде оқылғаны жөн деп білемін.
- Қазақтың ақын жазушыларының шығармаларын оқытуда қиындық туындайды.

СҚО:

- Әдебиет пәнінде кейбір тақырыптар білім алушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес емес.
- Бала жасына сай бейнематериалдардың жоқтығы.
- Грамматикалық тақырыптар жеткіліксіз мөлшерде беріледі.
- Кейбір оқулықтар тыңдалым дискісіз болады, куэр коды да жоқ кезде тыңдалым тапсырмасын әзірлеуге мұғалімнің уақыты кетеді.
- Қазақ әдебиеті пәнінен тақырыптар аз, бір шағын шығармаға көп сағат беріледі, тәрбиелік мәні бар сабақтардың орнына мағынасы түсініксіз фантастика саласын енгізген, жазуға аса көңіл бөлінбейді, түбінде білім алушылар сауатсыз болады, қазақ тілінің ережелері қысқа түрде ғана берілген.
- Оқулықтағы мәтіндердің грамматикалық тақырыпқа сай еместігі.
- Оқулықтарды бір жүйеге келтіру.
- Топтық жұмыстарды жүргізуге мүмкіндік жоқ.
- Эссе жазғанда, сұрақтарға жауап бергенде ойды толық жеткізу қиындық келтіреді.
- Жаттығуларда қате бар.
- Оқу бағдарламасы мен шығып жатқан оқулықтарды білім алушының жас ерекшелігіне сай құрастыру.

- Дидактикалық материалдың жеткіліксіздігі.
- Сөздік қордың аздығы.
- Аудио мәтіндерінің күрделілігі.
- Балалардың сауатсыздығы, көркем әдебиетті оқуға деген құлшыныстарының төмендігі.

ШҚО:

- Оқулық, берілген тапсырмалар сын көтермейді.
- Кейбір қазақ тілі пәніндегі мәтіндер тілдік бағдарға сай емес.
- Пән бойынша тақырыптар білім алушылардың сөйлеу әрекетін дамытуға арналып құрылмаған.
- Оқулықтың мәтіндері күрделі.
- Тіл білімі саласы бойынша тақырыптар жоқтың қасы.
- Көптеген түсініксіз сөздер кездеседі.
- 10- сынып қазақ тілі тапсырмалар аз.
- Мәтіндердің мазмұны өте күрделі.

Нұр-Сұлтан қаласы:

- Оқу бағдарламасындағы кейбір берілген материалдарды өзгерту мысалы көркем әдебиеттердің сынып жасына сәйкес берілмеуі.
- Оқулықтағы тыңдалым бойынша шығарылған дискілер білім алушыларға да қол жетімді болса.
- Грамматика тілдік бағдарда ретімен берілсе.
- Орыс сыныптарындағы оқулық тілді үйретуге негізделмеген.

Алматы қаласы:

- Кейбір модуль тақырыптары өте қиын, қызық емес, керек емес деп те айтуға болады.

Шымкент қаласы:

- Оқу мақсаттарының күрделі болуы. 40 минут уақытта бала қол жеткізе алмайтын күрделі оқу мақсаттары бар.
- Бірізділік жоқ.
- Оқулықтың мазмұнына көңіл бөлінсе.
- Грамматикаға материалдар аз берілген.
- Оқулықта білім алушы сауаттылығын арттыратын тапсырмалар аз берілген.

Өзіңіз сабақ беретін оқу пәнін жүргізу барысында кездесетін мазмұндық сипаттағы мәселелер болса, осы жерге жазыңыз деген сауалнамаға он жеті өңірден қатысқан респонденттердің берген жауабын саралай келе, барлық өңірге ортақ мәселелерді анықтадық.

Олар:

1. Оқулықта білім алушы сауаттылығын арттыратын тапсырмалар аз берілген.

2. Оқу мақсаттарының күрделілігі, 40 минут уақытта бала қол жеткізе алмайтын күрделі оқу мақсаттары бар.
3. Кейбір модуль тақырыптары өте қиын, балаға қызық емес, керек емес деп те айтуға болады.
4. Тіл білімі саласы бойынша тақырыптар жоқтың қасы.
5. Пән бойынша тақырыптар білім алушылардың сөйлеу әрекетін дамытуға арналып құрылмаған.
6. Қазақ әдебиеті пәнінен тақырыптар аз, бір шағын шығармаға өте көп сағат беріледі, тәрбиелік мәні бар сабақтардың орнына бала ұғымына түсініксіз фантастика саласын енгізген, жазуға аса көңіл бөлінбейді, қазақ тілінің ережелері қысқа түрде ғана берілген.
7. Кейбір оқулықтар тыңдалым дискісіз болады, куэр коды жоқ кезде тыңдалым тапсырмасын әзірлеуге мұғалімнің уақыты кетеді.
8. Мәтіндер көркем әдеби емес. Ғылыми стилде көбіне. Басқа пәндік мәтіндер өте көп. Ереже аз.
9. Мәтіндер күрделі, білім алушыларға түсіну, аудару қиын.
10. Оқулықтардың мазмұнында әдебиетке, оның ішінде жазушылар шығармаларына аз көңіл бөлінуінде.
11. Қазақ тілі оқулығында морфология саласы бойынша жаттығулар жеткіліксіз. Тапсырмада талдау берілмеген.
12. Оқулықтар мазмұнының мәтіндері орыс сыныбына сәйкес емес, өмірде қолдана алатындай деңгейде берілмеген, мәтіндері түсініксіз, әсіресе 8-9-10-сыныптар.
 13. Оқулықтардағы оқылм дағдысына арналған мәтіндердің көлемі, мазмұны білім алушыларға қиындық туғызады.
14. Танымдық мәтіндер жоқ.
 15. Қазақ тілі оқулығында қамтылған тақырыптар өзін-өзі танудың, жаратылыстанудың, музыканың, тарихтың, астрономияның тақырыптары сияқты. Таза тілге қатысты ережелер аз енген. Ережелерге байланысты жаттығулар өте аз кіргізілген. Қазақ әдебиеті оқулықтарына қазақ әдебиеті жауһарлары саналатын мазмұны бай әдеби шығармаларды молынан енгізсе дұрыс болар еді. Қазіргі оқулықтарда бір әдеби шығармаға 5-6 сағат берілген, ал шығарма көлемі аз.
16. Мәтіндердің өмірмен, күнделікті тіршілікпен байланысына назар аударылса.

Онлайн-сауалнама кезінде респондент-педагогтердің оқу пәнін жүргізу барысында кездестіретін проблемалары туралы, оқулықтың мазмұндық сипатындағы оқу процесіне келтіретін қиындықтары туралы өз пікірлерін білдірді. Енді осы сауалнамаға қатысып отырған өңірлер бойынша сол мәселелерді шешудегі педагогтардың ұсыныстарын саралап көрейік:

Ақмола облысы:

- Әсіресе жоғарғы сыныптарға білім беру барысында, білім алушылардың дүниетанымының, білімге құштарлығының, қисынды ойлауларының азаматтық

- тұрғыдан қалыптасуы - тәрбиелеуге өте көп көңіл бөлу қажет деп есептеймін
- Сыныпта 20 білім алушыдан асса екі топқа бөліп оқыту.
 - Мәтіндерді жеңілдету.
 - Білім алушылармен жақсы қарым- қатынаста болу.
 - Оқу бағдарламасы жеңілдесе.
 - Біліктілікті арттыру курстарының жоғары сапалылығы.
 - Кітаптарға анықтамаларды толық көрсету керек.
 - Қосамша, жеке жұмыс жүргізу, заманауи әдіс-тәсілдер қолдану.
 - Сөздік жұмыс үшін аудармалар берілсе. Мәтіндерге тірек сөздер екі тілде берілсе.
 - Заманауи технологиялармен жабдықталған болса.
 - Қажет емес мәтіннің мазмұнын өзгерту, теория мен практиканы сәйкестендіру, білім алушы жасына сай емес шығармаларды ауыстыру.
 - Грамматикалық тапсырма көбірек болса.
 - Оффлайн оқу форматы.
 - Оқулықта берілген мәтіндердің мазмұны өзге тілді ұлт өкілдеріне түсінуіне жеңіл болса.
 - Оқу бағдарламасы балаларға түсініксіз.
 - Білім алушылардың өздігінен тілдерін жетілдіруге арналған электронды материалдарын құрастыру.
 - Орыс сыныптарындағы қазақ тілі мен әдебиеті оқулығын қарастыру.
 - Мұғалім барлық электронды құрылғылармен және оқулықтармен қамтамасыз етілсе.
 - Әдістемелік көмек.
 - Күнделікті өмірлік тақырыптар, сөйлесімдер болса.
 - Терминдер азырақ берілсе.
 - Мәтіндер жас ерекшеліктеріне және тілдік қорына сай болуы.
 - Әдістемелік нұсқаулықтар көбірек болса.
 - Грамматикалық тапсырмалар қосу.
 - Бағдарламаға диктант енгізу керек.
 - Ата-аналардың үйде қазақ тілінде сөйлеуі.
 - Оқулықтарды қайта даярлау.
 - Техника жағынан мектептерді қамтамасыз ету.
 - Грамматика көбірек берілсе.
 - Бағдарламаны және оқулықтарды қарастыру керек.
 - Мазмұнын жеңілдету.
 - Қазақ тілді емес мектептерде, қазақ тіл пәнінде география, биология, тарих пәндерін кіріктіргеннен көрі, тілдік қарым-қатынасқа көп көңіл бөлінсе екен.
 - Қазақ тілінде сағат санын көбейту.
 - Оқу құралдармен жабдықтау.
 - Білім алушыларға қажетті құралдармен, тапсырмалармен қамтамасыз ету.
 - Электронды кітаптар, Білім ленд сайтында ақын-жазушылардың шығармалары

берілсе деген ұсыныс жасаймын.

- Мемлекеттік тілді топтарға бөліп оқытса, мұғалімге интеракта, базалық материалдар қол жетімді болса құп болар еді.
- Оқулықтардағы мәтіндерді жас ерекшелігіне сай дайындау. Үзінді алынған мәтіндер өте қиынға соғады.
- Сұхбатқа байланысты білім алушы дәптерін ұсынар едім.
- Оқулықтарды өндеуден өткізіп, қарарастырылса екен деймін.
- Жазушылардың өмірі мен шығармашылығында хронологиялық жүйенің сақталуы.
- Сөздік қордың мол болуы үшін сабақтан тыс оқулықпен көп жұмыс жасау керек.
- Кітаптың мазмұны бойынша жұмыс жүргізілсе немесе басқа кітаптар ұсынылса деймін.
- Оқулықтармен қамтамасыз ету.
- Қосымша тапсырмалар.
- Оқулықтарды қарастыру.
- Кітаптар мазмұнын қайта қарастыру.
- Әр мұғалімнің әдістемелік құрал, авторлық бағдарламалар жазуына тиімді ықпал ету.
- Грамматиканың сұранысын арттырса.
- Мектеп кабинеті толық техника жағынан жабдықталса, курс, коучтар саны артса.
- Оқулықтардың сапалы, балаларға түсінікті болуы қажет.
- Білім алушылардың тілдік қорын дамыту.
- Интернет желісі үнемі жақсы қосылып тұруын қамтамасыз етсе.
- Оқулық республика көлемінде бір баспадан таралып, бағдарламамен сәйкес болғаны дұрыс. Интернет желісі жақсы ұстаса, интерактивті тақталар барлық кабинетте болса.
- Интернет желісін қосу.
- Оқулық мазмұны нақтыланса.
- Дидактикалық материалдар саны көбейтілсе.
- Ата - аналарға түсіністікпен қарап, балаларға барынша шығармашылық құрал жабдықтар алып беруге тырысу.
- Тілге байланысты күнделікті өтетін жаңа сөздерді жаттау.
- Білім алушылар ұялы телефоннан басқа да қажетті техникалық құралмен жабдықталса.
- Берілген тапсырмалар тақырыпқа сай болса жақсы болар еді.
- Мұғалімнің авторлық бағдарлама, әдістемелік құрал жазуына тиімді ықпал ету.
- АКТ құралдармен, көркем және ғылыми оқулықтармен қамтыса.

Ақтөбе облысы:



- ҚР бойынша оқулық авторларымен оқулықтардың Үлгілік оқу бағдарламаларына сай жұмыстардың жүргізілуі.
- Барлық сыныптар бойынша оқулықтардың мазмұндық жағының жас ерекшеліктерге сай әрі Үлгілік оқу бағдарламалары мен сыныптар арасындағы сабақтастықтың болуы.
- 1-11- сыныптар бойынша оқулықаралық сабақтастықтың болуы.
- Сөздік кітаптар санын көбейту.
- Оқулықтардағы грамматикалық материалдардың жүйелі әрі жеткілікті болуы.
- Кітапханаларда шетел тіліндегі әдеби кітаптардың жеткілікті болуы.
- Электронды оқулықтардың жеткілікті болуы.
- Берілген материалдарда білім алушылардың жас ерекшелігінің ескерілуі.
- Педагогтерге арналған оқу-материалдарының жеткілікті болуы.
- Тындалым дағдысына материалдар мен құралдардың жеткілікті болуы.
- Пәнге сай қосымша материалдардың жеткілікті болуы.
- АКТ құралдарының толық болуы.
- Жыл сайын жұмыс дәптерлерінің жаңадан берілуі.
- Жазғы мектептердің дұрыс ұйымдастырылуы.
- Педагогтерге арнайы курстар мен семинарлардың жеткілікті ұйымдастырылуы.
- Лингвистикалық кабинеттердің көптеп жасақталуы.
- ТЖБ - ның дағдыларының азаюы.
- Кабинеттердің техникалық құрал-жабдықтармен жасақталуы.
- Мектептердің сапалы интернет желісімен қамтылуы.
- Ауылдық жерлерге мектептердің салынуы.
- Оқулықтар мен Үлгілік оқу бағдарламасы арасындағы сабақтастықтың болуы.
- Танымдық белсенділіктің қалыптасу деңгейлерін бақылауға арналған тәжірибелік- педагогикалық жұмыстар жүргізу.

Алматы қаласы

20 Аталған мәселелерді шешуге қандай ұсыныс бересіз

26 ответов



Алматы облысы

- Грамматиканы оқулыққа қосу.
- Оқу бағдарламасын қайта қарастыру керек.
- Оқулықты қайта жазу керек.
- Әңгіме, романдардың нақты, түсінікті берілуі.
- Әрбір пән кабинеті заманауи техникалық құралдармен жабдықталса, бағдарлама тақырыптарымен оқулық сәйкес келсе (ауыл мектебі болғандықтан көптеген білім алушылар тек оқулықпен шектеледі).
- Барлық кабинетте құрал жабдықтар жетуі керек. Жаңа оқулық керек.
- Көмекші құралдар, әдебиеттен хрестоматиялар болса.
- Оқулықты жөндеп, грамматиканы қайта енгізсе.
- Көбірек курстар өтсе.
- Қазақ тілі пәні болған соң, білім алушылардың тіл сауаттылығын арттыру үшін оқулықта грамматикалық тақырыптар мен тапсырмалар терең әрі басымырақ болса.
- Лингафондық кабинеттермен жабдықталса жақсы болар еді және интернет желісі барлық мұғалімге қол жетімді болса екен.
- Әдебиет пәніне тағы 1 сағат қосса.
- Грамматикалық талдаударды көбейтуге бағытталған тапсырмаларды енгізу.
- Сауаттылыққа көп көңіл бөлу керек.
- Белсенді әдістерді тиімді қолдану.
- Уақытында мәселені қарап шығу.
- Өзге ұлт өкілдерінің тілді меңгеру деңгейін ескерсе.
- Толықтай пән бойынша ережеге сүйеніп қайта жазу.
- Оқулықты білікті мамандар құрастырса.
- Қазақ әдебиетінің оқу мақсатын жеңілдету.
- Жан-жақты ізденіп білімімді толықтыру.
- Өзім қосымша кітаптарды пайдаланамын.
- Мектепте дидактикалық материалдар , көмекші құралдар болса, интернетке қолжетімді болса сабағым сапалы болар еді.
- Оқу бағдарламасын жүйелеу керек.
- Оқулықтағы тапсырмалар түсінікті болу.

- Ата-аналар және білім алушылар тарапынан жауапкершілікті арттыру.
- Оқулықты қайта қарап шығу керек.
- Интернет желісі дұрысталса.
- Оқулықтардың мазмұндық жағын қайта қарау.
- Сапалы оқулық, интернет желісі қажет.

Атырау облысы

- Сағат санын ұлғайтса.
- Оқулық сапасын арттыру
- Әдіс-тәсілдер көп болса.
- Әр түрлі ақысыз курстар болса.
- Курстар көптеп ұйымдастырылса
- Бірыңғай жауапкершіліктің болуы.
- Мұғалім қандай жағдайда шамасы келсе өзі шешуге тиіс деп ойлаймын.
- Оқулықтың мазмұндық сипатын өзгерту.
- Білім алушының жас ерекшелігіне сай оқулықтарды қайта қарау.
- Ата-ана, білім алушы, мұғалім болып бірігіп, жұмыс жасасақ ешқандай кедергі болмайды.
- Оқулық тақырыптары орыс тілді мектепке күрделі, соны қайта құрастыруды ұсынамын.
- Әдеби көркем шығармаларды оқуға дағдыландыру.
- Интернет желісі күшейтілсе.
- Оқу кабинеттері қазіргі заманауи технологиямен жабдықталса.
- Біліктілікті арттыру курстары жиі оқытылса.
- Оқытуға қажетті ресурстармен қамтамасыз етілсе.
- Мемлекет тарапынан оқулықтардың мазмұнына көңіл бөлінсе.
- Оқу материалында тілдік бағдарға көбірек көңіл бөлінсе.
- Офлайн режимінде оқу.
- Ата-аналармен көп жұмыс жасау керек.
- Көптеген онлайн мастер класс ұйымдастыру керек.
- Оқулықтарға сараптама жүргізу қажет.
- Білім сапасын дамыту.
- Оқулықтың мазмұны қайта қаралса жақсы болар еді.
- Білім алушыларды жан-жақты қалыптастыруға жағдай жасау.
- Оқулықтағы тапсырмалар білім алушылардың жас ерекшелігіне сай берілсе.
- Жаңартылған оқу бойынша кітап мазмұнын,соның ішінде тапсырмалар жинағын көбейту, пәнді терең әрі жеңіл түсіне білу үшін нақты тапсырмалар құру, қағазбастылықты азайту.
- Көрем әдеби стильдегі мәтіндермен жұмыс керек.
- Қазақ тілі оқулықтары тілге қатысты нақты тақырыптарды ғана қамтыса деймін.

- Интернет жүйесін түзету.
- Әдебиетте әдеби шығармалар көбейтілсе.
- Мектепке оқу бағдарламасына арналған кітаптардан бөлек, пән бойынша ғылыми еңбектер жазылған кітаптар керек деп ойлаймын.
- Қазақ тілі оқулықтарына тіл білімінің салалары жүйелі енгізілсе.
- Орыс сыныптарына арналған оқулық ауыстырылып, ішіне салынатын мәтіндер дұрыс іріктелсе, тәрбиелік мәні бар мәтіндер салынса.
- Оқулықты жақсарту.
- Бұрынғы оқулықтардай тапсырма мәнді, теориялық білімі бар, дұрыс мағыналы болса екен.
- Әсіресе, 5,7-сыныптың оқулықтары қайта қаралса, сағат грамматиканы оқытуға берілсе.
- Мұғалімдердің әдістемелік бірлестік отырысында толықтай шешіліп, ұстаздарға әдістемелік көмек көптеп берілуі тиіс.
- Қажетті құралдармен жабдыктаса.

БҚО

- Үйден оқу бойынша пәндік олимпиадалар болса жақсы болар еді.
- Жаңа оқытылған бағдарламаларға көп көңіл бөлу керек.
- Грамматикалық тапсырмаларды қосу.
- Пиза тапсырмаларын құруға бағытталған курс түрлері.
- Бірыңғай оқулықтар шығару.
- Кітаптардың сапасы сын көтермейді.
- Мектептерді офлайн форматқа көшіру.
- Оқулықты жақсарту, грамматиканы қайта енгізу.
- Қосымша материалдар құрау.
- Қол жетімді болуын қарау.
- Жағдай болса, оқулық материалын қарастыру.
- Оқулықтағы бірізділік принципі сақталса.
- Ашық вебинарлар өткізу.
- Дер кезінде талқыланып, ескертіліп отырса.
- Кеңес құрып шешу.
- Оқулықтардағы білім негізін қазақ тілінен тілге қатысты тақырыптар беріліп, ережені түсінуге бағытталған тапсырмалар берілсе.
- Лингофон кабинеті қажет.
- Оқулықты дұрыстау және әр түрлі баспалардан шыққан оқулықтарды бірдейлендіру.
- Заман талабына сай мектепті жабдықтау.
- Талдауға тапсырмалары жүйеленсе.
- Оқулық жүйелі және тапсырмалар оқу мақсатына сәйкес берілсе.
- Грамматикалық тапсырмаларға көңіл бөлінсе.

- Орыс сыныптарына арналған қорытынды аттестаттауға арналған тапсырмалар жинағын шығару.
- Дидактикалық, әдістемелік нұсқаулықтар.
- Офлайн форматына көшу.
- Ыбырай Алтынсариннің " Бақша ағаштары", " Әке мен бала", т.б адамға үлкенді сыйлау мақсатындағы мәтіндер оқулықта берілсе.
- Грамматикалық тапсырмаларға қатысты мәтіндер берілсе.
- Оқулықтағы тапсырмаларды білім алушының жас ерекшеліктеріне сай беру.
- Оқулықтар бір баспадан ғана шығарылса.
- Ауылдық жерлердегі мектепке интербелсінді тақталар берілсе.
- Жаттығулар көбірек берілуі керек.


Жамбыл облысы



Қарағанды облысы



Қостанай облысы



Қызылорда облысы

- Әрбір білім алушының іздену мүмкіндігіне жағдай жасалу керек.
- Мәтіндердің жүйелі грамматикалық талдауларына арналған әдістемелік нұсқаулықтар шықса (көмекші құралдар).
- Оқулықты өзгерту керек.
- Оқулықтағы тапсырма аз, тақырыпқа сай жүйелі болса.
- Оқулықты дұрыстаса екен.
- Электронды оқулықтар қажет.
- Әрбір іс-әрекет педагогтермен ақылдасып жасалса.
- Көркем әдеби кітаптарды жиі оқу.
- Қысқарып қалған қазақ тілі сағаттары көбейтілсе.
- Грамматикаға мән берілсе. Тақырып өте ұзақ өтілмесе.
- Диктант, мазмұндама дегенді қайта енгізсе.
- Білім алушылармен көп жұмыс жасау қажет, жекелей және топтық.
- Оқулық мазмұнын жеңілдету қажет.
- Мәтіндердің тілі жеңілдеу болу керек.
- Материалдық базаны молайту.
- Біздің қазақ тіліміздегі грамматикада жүйелілік жоқ, соны қарастырса, мысалы сөз таптарын 5-6-7-8 сыныптарда өтеміз, әр жерден бір шолып, не жыл сайын қайталанып тұрады, бірізді болса екен деймін, сауаттылықты дамыту бағытында диктант жаздыру қайта оралса деймін.
- Мемлекет қаржы бөлу керек.
- Оқулықтар бағдарламаға сәйкес болса.
- Ақпаратты технологияны дамыту.
- Мектептің қазіргі заманға сай жабдықталуын қалаймын.
- Оқулық сапасын жақсарту.
- Толыққанды жұмыс.
- Тапсырмалардың жас ерекшеліктеріне және қабілеттеріне сай болуы.
- Ізденіс арқылы.
- Оқулықтардың әдістемелік құралдары мектепке берілсе.
- Лексикалық тақырып пен тілдік бағдар арасында байланыс болса.
- Әдебиет пәні бойынша кезеңімен реттілікті сақтау керек деп ойлаймын. Бұрынғы әдебиет қайта енгізілсе деймін. Білім алушылар Сәкенді, Ілиясты т.б. ақын жазушыларымызды білуі керек деп ойлаймын. Сондықтан бұрынғы әдебиетті қайта енгізуін сұрар едім.
- Әр кабинетте АКТ болса.
- Оқулықтың сапасына назар аударылса, жабдықтармен жұмыс жасау тек қағаз жүзінде болмаса екен.
- Әр сыныпта мультимедиялық жабдықталса жақсы болар еді.

Маңғыстау облысы

- Қазақ тілі мен әдебиетін екіге бөліп оқыту, екінші арнайы дәптер шығару.

- Қазақ тілін оқыту барысында тілдің қыр- сырын таныту, білімді парасатты бала тәрбиелеу.
- Мүмкіндігінше ауыл балаларына каникул күндерінде басқа тілдік ортасы бар қалаларға жолдама беріп, демалыс орындарына жіберу.
- ТЖБ мен БЖБ-ны әр пән мұғалімдері өздері дайындаса.
- Оффлайн оқуға көшсек ондай қиындықтар болмайды деп ойлаймын.
- Талапты, дарынды білім алушы білім алу барысында түрлі қиындықты жеңеді.
- Оқулықтағы грамматикалық тапсырмаларда беруде жүйе керек.
- Мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейту, оны жоғарыдан, билік басынан талап ету. Орыс сыныбында отырған 90% білім алушының ұлты қазақ, сонда өзімізден бастауымыз керек. Орыс мектебінің білімі күшті, керемет деп балаларыңызды орыс мектебіне бермей, қазақ мектебінің білім деңгейін көтеріңіз. Орысша сөйлейтін ата-ананың ойынша, қазақ мектебінде білім жоқ. Мен алдымдағы өзге ұлтты емес, өз қазағымды ана тілінде сөйлете алмай жүрмін.
- Қазақ тілі мен әдебиеті сағатын көбейтіп, көп көңіл бөлу.
- Әдебиет тақырыптарына берілетін сағат санын азайтып, қазақ классиктерінің еңбектерін ендіруді ұсынар едім.
- Оқулықтарды қайта қарауды ұсынамын.
- Оқулықты басып шығарғанда тақырыптар жүйелі түрде берілсе екен.
- Шағын метражды фильмдер болса, шығармаға қызығушылық туар еді.
- Оқулықтардағы тақырыптар мен грамматикалық тапсырмалар жүйелі жүргізілсе.
- Бір мемлекетте бір тіл болуы қажет.
- Сауалнама жиі жүргізілсе.
- Бәріне жауапкершілікпен қарау.
- Қосымша әдістемелік құралдар болса.
- Тіл оқулықтарына тек көркем шығарма үзінділерін оқыту керек. Батырлар жыры мен лиро-эпикалық жырларды 5-7-сыныптарға емес, жоғары сыныптарға ұсынған жөн.
- Дәстүрлі білімге өтсек екен.
- Кемшіліктерді назарда ұстау.
- Мәтінмен жұмыс, грамматиканы меңгеру.
- Білім алушылар мен мұғалімдерге қиындық туғызбайтындай жағдайлар жасалса.
- 5- 10 сыныптың қазақ тілі бағдарламасына лексикалық тақырыптардан бастап, әр сыныпқа ескі бағдарламадағыдай жүйемен берілсе.
- Тілдік теорияны білім алушының жас ерекшелігіне сай жүйеге салып, бірізділік танытса.
- Оқулықтарды жетілдіру, 6-8 сынып оқулықтарының сапасы сын көтермейді, коммуникативтік құзыреттілікті арттыратын тапсырмалар болу керек.
- Онлайн форматтан офлайнға ауысу.
- Әдеби шығармаларды оқуға қызықтыру қажет. Шығарма желісімен шағын

метражды фильмдер дайындау мүмкіндіктері болса. Әдеби шығармаларды оқуға қызықтыру қажет.

- Кітапқа жүйелілік енгізу, интернет, желі мәселелері шешімін тапса.

Нұр-Сұлтан қаласы




Павлодар облысы

- Оқулықты жазғанда әр мектептің мұғалімдерімен бірлесіп жұмыс жасау керек. Мектеп болып тіл дамытуға көптеген шаралар өткізсе. Сынып бойынша шығармашылық топтар құрастыру.
- Оқулықтар мазмұнын қарастыру.
- Оқулықты қайтадан қарастыру керек деп ойлаймын.
- 10-11 сыныптағы берілген оқылымдарды жеңілдетсе.
- Аптасына қазақ тілі мен әдебиетті 5 сағаттық оқытуды енгізу.
- Мәтіндердің мазмұнын, көлемін қарастырып өзгерту.
- Бұрынғыдай диктант, мазмұндама, талдау жұмыстарын жүргізу қажет.
- Жаңа мультимедиялық техникамен, жаңа жиһаздармен, ұстаздарды оқулықтармен қамтамасыз ету.
- Басып шығаруға қағазды әр тоқсан сайын беріп отыру.
- Сөздік қорларын молайту.
- 11 сыныпта аудиоматериалдар QR код арқылы берілсе жақсы болар еді.
- Әдеби мәтін болса, ережелер толық оқытылса.
- Көбірек оқып, мақсатқа жету.
- Білім алушыларды компьютермен қамтамасыз ету, тілге деген қызығушылықты арттыру.
- Сөздерді тек жаттатқызбай оларды қолдануға жағдай жасау керек. Сол сөздерге синоним, омоним, антоним, тұрақты сөз тіркестерін анықтап, мақал-мәтел қолдана отырып, сөздердің мазмұнын ашып, сөйлем, мәтін құрастыру.
- Шығармашылық топ құру, тәжірибемен бөлісу.
- Оқулықтағы тапсырмалар жүйелі және жазба жұмыстарына мән берілсе деймін.
- Онлайн сабақ болмай, мектепте білім алушылардың оқығанын қалаймын.
- Қазақ тілін бөлек, қазақ әдебиетін бөлек оқыту керек, айтылым дағдысын дамыту.
- Тілдерін дамыту жұмыстарын жүргізу.
- Үнемі ізденіс үстінде болу керек.

- Жазылым әрекетін дамыту мақсаты бойынша грамматикалық ереже, тапсырмаларды қосу.
- Оқулықтардың мазмұны жеңілдеу болғаны дұрыс.
- Қазақ тілінің грамматикасын бастауыш сыныптан жоғарғы сыныпқа дейін нақты әрі ретті түрде бекіту, берілген тапсырмаларды өтілетін грамматикалық тақырыптарға сай жасау, өзге ұлт білім алушыларына қазақ тілінің маңыздылығы жөнінде түсіндірме жұмыстарын көптеп жүргізу, мәселелерді шешуде тілді жаттықтыру.

СҚО



Түркістан облысы

- Әр сынып оқулығындағы тыңдалым тапсырмаларының дискісі қолжетімді болғаны дұрыс болар еді.
- Қазақ тілін өзге ұлттар жақсы меңгерсе.
- Әдіс-тәсілдерді тиімді қолдану.
- Оқулықта тақырыптар сай болса.
- Қазақ әдебиеті оқулығына белгілі ақын-жазушыларымыздың шығармаларын көбірек берсе.
- АКТ құралдары, интернет жүйесі дұрыс жұмыс жасаса.
- Кітапты құрастырғанда сабақ беретін мұғалімдермен ақылдасса.
- Кітап оқитындай қызығушылығын ояту.
- Оқулықтағы қателерді жою.
- Ізденіс, жаңашылдық, еңбек.
- Интернет желісі жақсы болса.
- Оқулықтарды пән мұғалімдерімен жоғарғы санат мұғалімдерімен бірлесе жоспарлап жазса.
- Оқулықтардағы кемшіліктерді жою үшін жұмыстар жүргізсе.
- Тіл дамытуға арналған жұмыстар жүргізілсе.
- Сапалы оқулық шығаратын баспа болуы қажет деп ойлаймын.
- Келесі оқу жылы барысында білім алушылардың еркін сөйлеу қабілеттерін дамыту.

Шығыс Қазақстан облысы



Шымкент қаласы



Жоғарыдағы сауалнамаға қатысқан респонденттердің жауаптарын саралай отырып, барлық өңірдің мұғалімдеріне ортақ пікірді жинақтап беруге тырыстық:

Мұғалімдер берген ұсыныстар:

1. Жоғарғы сыныптарға білім беру барысында, білім алушылардың дүниетанымының, білімге құштарлығының, қисынды ойлауларының азаматтық тұрғыдан қалыптасуы-тәрбиелеуге өте көп көңіл бөлу қажет деп есептеймін.
2. Сыныпта білім алушының саны жиырмадан асатын болса, топшаларға бөлініп оқытылса.
3. Пән кабинеті заманауи техникалық құралдармен жабдықталса, электронды кітапхана құрылса, бағдарлама тақырыптарымен оқулық сәйкес келсе (ауыл мектебі болғандықтан көптеген білім алушылар тек оқулықпен шектеледі).
4. Сөздерді тек жаттатқызбай оларды қолдануға жағдай жасау керек сол сөздерге синоним, омоним, антоним, тұрақты сөз тіркестерді анықтап, мақал-мәтел қолдана отырып, сөздердің мазмұнын ашып, сөйлем, мәтін құрастыру жұмыстарын жүргізу керек.
5. Әр сынып оқулығындағы тыңдалым тапсырмаларының дискісі қолжетімді болғаны дұрыс болар еді.
6. Әр мұғалімнің әдістемелік құрал, авторлық бағдарламалар жазуына тиімді ықпал ету.
7. Грамматикада жүйелілік жоқ, соны қарастырса, мысалы сөз таптарын 5-6-7-8 сыныптарда өтеміз (әр жерден бір шолып, не жыл соңында қайталанып тұрады, бір ізді болса екен деймін), сауаттылықты дамыту бағытында диктант жаздыру қайта оралса деймін.
8. Акт құралдармен, көркем және ғылыми оқулықтармен қамтыса
9. Білім алушылармен жақсы қарым қатынаста болу
10. Оқу бағдарламасын жеңілдетсе

11. Біліктілікті арттыру курстарының жоғары сапалылығы
12. Кітаптарға анықтамаларды, ережелерді толық көрсету керек
13. Сөздік жұмыс үшін аудармалар берілсе. Мәтіндерге тірек сөздер екі тілде берілсе.
14. Онлайн форматтан офлайнға ауысу
15. Әдеби шығармаларды оқуға қызықтыру қажет. Шығарма желісімен шағын метражды фильмдер дайындау мүмкіндіктері болса. Әдеби шығармаларды оқуға қызықтыру қажет.
16. Мүмкіндігінше ауыл балаларына каникул күндерінде басқа тілдік ортасы бар қалаларға жолдама беріп демалыс орындарына жіберу.
17. ТЖБ мен БЖБ-ны әр пән мұғалімдері өздері дайындаса.
18. Аптасына қазақ тілі мен әдебиетті 5 сағаттық оқытуды енгізу.
19. Жаңа мультимедиялық техникамен, жаңа жиһаздар, кітапханада ұстаздарға да оқулықтармен қамтамасыз ету, басып шығаруға қағазды әр тоқсан сайын беріп отыру.
20. Дидактикалық, әдістемелік нұсқаулықтар, орыс сыныптарына арналған қорытынды аттестаттауға арналған тапсырмалар жинағын шығарса.

2021 жылы ұйымдастырылған мониторинг бойынша сауалнама нәтижелерінің қорытындысы

«Қазақ тілі мен әдебиеті» пәні бойынша жаңартылған оқу бағдарламасы 2016 жылдан бастап, өзге пәндердің бағдарламасы секілді барлық мектептерге енгізілді. Жаңартылған бағдарлама идеясы, мазмұны мен құрылымы мұғалімдердің педагогикалық практикасына елеулі өзгерістер алып келді. Пән мұғалімдері үшін кез келген сабақты жоспарлау барысында оқу мақсаттарын жүзеге асыру үшін қажетті материалдар мен әдіс-тәсілдерді таңдау, білім алушылардың жетістіктерін критерий бойынша бағалау секілді талаптар қойылды. Ал қазақ тілін өзге тілді аудиторияға оқыту барысында пән мұғалімдеріне білім алушылардың тілдік деңгейлерін, жеке тұлғалық ерекшеліктері мен тілді меңгеру барысында туындаған қажеттіліктерін айқындау басты бағытқа айналды. Себебі оқу бағдарламасы коммуникативтік тәсіл негізінде оқытып, білім алушылардың сөйлеу дағдыларын дамытуды көздейді.

«Қазақ тілі мен әдебиеті» пәні бойынша жүргізілген мониторинг оқу процесін жақсарту үшін оқу процесінде кезіккен қиындықтарды анықтау, білім алушылардың білім сапасы мен оқытудың арақатынасын айқындау және ата-аналардың тілді меңгеру ықпалын түсінуге мүмкіндік береді. Мониторингтік зерттеу – әдістемелік тұрғыда көптеген мәселелердің бетін ашады. Білім алушының оқылым, тыңдалым, айтылым және жазылым оқу дағдыларының жоғарғы дәрежеде қалыптасуына зор ықпалын тигізеді. Атап айтқанда, білім алушы оқитын немесе тыңдайтын мәтінін еш қиындықсыз түсінуі және мұғалім тарапынан ұсынылған тапсырманы оңай орындауы үшін мұғалім тарапынан зор әдістемелік білімнің болуы талап етіледі. Мұғалім мәтін көлемінде ұшырасатын күрделі грамматикалық құрылымдар мен лексикалық қорды қамтитындай мәтіналды тапсырмаларын сәтті ұйымдастырған жағдайда ғана оқылым немесе тыңдалым тапсырмасы білім алушы үшін қолжетімді болады. Білім алушылардың продуктивті оқыту дағдыларын қалыптастыруда да лексика-грамматикалық минимумның атқаратын рөлі өте зор. Білім алушылар айтылымға немесе жазылымға кіріспес бұрын нақты ұсынылған тақырып аясында қажетті тілдік құралдармен және сөздік қормен қаруланады. «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәні бойынша оқу бағдарламасы көздеген мақсаттарының тиісті деңгейде жүзеге асып жатқандығын анықтауда білім алушылардың тілдік деңгейі мониторингтік зерттеудің басты бағытына, нысанасына алынуы орынды деп тұжырымдауға болады.

Мақсаты

Мониторингтік зерттеу келесі мәселелерді анықтауға бағытталды:

- Пән мұғалімдері тарапынан «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәні бойынша оқу бағдарламасын жүзеге асыру барысында қандай қиындықтар кездеседі?
- Оқу бағдарламасында ұсынылған сөйлеу әрекетінің түрлері мен грамматикалық бірліктерді оқыту барысында қандай әдістемелік қиындықтар кездеседі?
- Пән мұғалімдері бойынша оқу бағдарламасы бойынша әдістемелік қолдауды

қандай формада ұсынған тиімді?

- «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәні бойынша білім алушылардың білім сапасы қандай және сол арқылы олардың тілді меңгеру деңгейіне қандай баға беруге болады?
- Білім алушылардың белгілі бір тілді меңгеру деңгейіне ата-ана мен отбасының ықпалы қандай?

Міндеті

Мониторингтік зерттеу келесі міндеттерді шешуге бағытталған:

- Аталған пән бойынша мұғалімдердің жалпы іс-тәжірибесін анықтау: еңбек өтілі, біліктілікті арттыру курстарына қатысуы, білімін жетілдіру, әдістемелік құралдар және т.б. материалдар дайындауға қатысуы;
- Аталған пән бойынша мұғалімдердің қазақ тілін тиімді меңгерту үшін жүргізілетін іс-шараларға баға беру: білім алушылардың тілдік деңгейіне диагностика жасау, білім алушыларға қолдау көрсету және тиімді әдіс-тәсілдерді қолдану;
- Білім алушылардың білім сапасы мен өңірлік Қазақстанның өңірлік ерекшеліктері арасындағы байланысты анықтау және білім алушылардың тілдік деңгейлерінің төмен болуы себептеріне болжам жасау;
- Қазақ тілін меңгеру барысында ата-аналардың, отбасының рөлін айқындау және ата-аналарды тілді тиімді меңгерту процесіне қатыстыру жолдарын қарастыру;
- «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәні бойынша білім алушылардың тілдік деңгейін арттыру, оқыту процесін жақсарту және ата-анамен тиімді жұмыс жүргізу үшін ұсыныстар дайындау.

Зерттеу әдісі

Мониторингтің зерттеу әдісі ретінде сандық зерттеу басшылыққа алынды. Сандық зерттеудің сапалық зерттеудің басты артықшылығы еліміздің барлық өңірлерін қамтуға және оқыту процесінде кезігетін қиындықтар ауқымын айқындауға мүмкіндік береді.

Зерттеу құралы: білім алушылардың білім сапасы (құжат) және сауалнама, білім сапасын бақылау үшін 2019-2021 оқу жылдары бойынша Ұлттық білім беру деректер қорының (НОБД/Күнделік) мәліметтері негізге алынды.

Сауалнамаға қатысушылар: ЖОББМ өзге тілді аудиторияға сабақ беретін «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәні мұғалімдері және оқыту тілі орыс тілі болып табылатын сыныптардың ата-аналары.

Шектеулер

Мониторингті жүргізу барысында аралас тәсіл ретінде сандық және сапалық зерттеуді қатар жүргізіп, мәселенің көлемі мен тереңдігін зерттеу, сауалнамамен қатар, сабақты бақылау, сұхбат жүргізу тиімді болар еді. Алайда 2019 жылы басталған COVID-19 пандемия жағдайында әлеуметтік қауіпсіздік шараларын сақтау және мектептердің онлайн форматқа көшуіне байланысты бетпе-бет жүздесуді қажет ететін зерттеу құралдарын (бақылау, сұхбат)

қолдану мүмкін болмады. Сол себепті пандемия жағдайында мұғалімдер мен ата-аналарға жүргізілген онлайн-сауалнама нәтижелері және білім алушылардың білім сапасы бойынша талдау жүргізу тиімді зерттеу құралы ретінде таңдалды.

Ұсыныстар:

1. «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәні бойынша қиындықтарды анықтау және мұғалімдерге тиімді қолдау көрсету үшін алдағы уақытта да мониторингтік зерттеуді тұрақты өткізіп тұру;
2. Пән мұғалімдерінің коммуникативтік тәсіл бойынша практикасын жетілдіру үшін өңір аралық, мектеп аралық тренинг, оқыту семинарлары, дөңгелек үстелдер, кездесулер өткізу;
3. Біліктілік арттыру ұйымдарымен қазақ тілін өзге тілді аудиторияға меңгертудің озық тәсілдері бойынша бірлескен шаралар ұйымдастыру;
4. Білім алушылардың тілдік деңгейіне баға беру үшін сөйлеу әрекеттері (тыңдалым, оқылым, жазылым, айтылым, лексика-грамматикалық минимум) бойынша мониторинг жүргізу.
5. Мұғалімдерге әдістемелік қолдау көрсету үшін әртүрлі әдістемелік құралдар дайындау, озық практикаларды тарату;
6. Мұғалімдердің зерттеушілік қабілеттерін арттырып, өз практикасын жетілдіру үшін «Іс-тәжірибедегі зерттеуді» (Action Research) енгізу.
7. Қазақ тілін өзге тілді аудиторияға меңгерту мәселелері бойынша зерттеу жүргізу, мектепке дейінгі, орта мектеп және жоғары оқу орындарымен бірлесе отырып, ортақ методологияны қалыптастыру, арнайы ғаламтор сайттарын жасақтау, ассоциация құру.

Пайданылған әдебиеттер тізімі:

31. Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 11 шілдедегі N 151 Заңы.
32. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 25 сәуір айындағы № 327 бұйрығымен бекітілген бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты.
33. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 13 мамыр айындағы № 292 бұйрығы мен бекітілген Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты.
34. Выготский Л.С., Психология развития человека. Изд-во Смысл Эксмо, -2005. - 1136 с.
35. <https://strategy2050.kz/news/lt-stazy-ybyray-altynsarin/>
36. Байтұрсынұлы А. Тіл – құрал. Дыбыс заңы һәм жүйесі. Орынбор. 1923 ж. – 46б
37. Шонанов Т. Самоучитель киргизского языка для русских. 4-ое перераб.изд. Кызылорда, Каз.гос.изд., 1927. – 122 с.
38. Бегалиев Ғ. «Бастауыш мектептерде қазақ тілінің методикасы», 1940 ж.
39. Жұбанов Құдайберген/ Жалпы редакциясын басқарған филол.ғ.д., профессор М.Малбақов. – Алматы: А.Байтұрсынов атындағы Тіл білімі институты, 2013. - 448 бет.
40. Сарыбаев Ш. Орыс мектебінде қазақ тілін оқыту тәжірибесінен. Алматы,1940.
41. <https://kk.freejournal.org/38085/1/seyil-sarylly-zhienbaev.html>
42. Лапатухин М.С. Очерки по методике казахского языка в русской школе. Алматы, 1940.
43. Оралбаева Н. Қазақ тілін үйрену курсының программасы. Алматы, Мектеп, 1987. – 75 б.
44. Оралбаева Н., Жақсылықова К. Орыс тіліндегі мектептерде қазақ тілі оқыту әдістемесі. Алматы. Ана тілі, 1996. – 20 б.
45. Әбдікәрімова Т., Әбдіғалиева Т.Шаймерденова К. Қазақ тілін оқыту әдістемесі. Алматы, 1999.
46. Аяпова Т. Қазақ тілі. Алматы, 1998.
47. Оразбаева Ф. Тілдік қатынас: теориясы мен әдістемесі. –Алматы, 2000. - 256 б.
48. Құрманова Н.Ж. Қазақ тілін дамыта оқыту технологиясы. – Монография. - Астана: Мемлекеттік тілді жеделдете оқыту республикалық орталығы, 2007. - 160 б.
49. Құрман Н.Ж. Қазақ тілін оқытудың әдіснамалық негіздері: Монография. – Астана: Тіл комитеті, Ш.Шаяхметов атындағы тілдерді дамытудың республикалық үйлестіру-әдістемелік орталығы, 2008. - 160 б.
50. Бектуров Ш. Бектурова А. Казахский язык. Алматы, Рауан.1994 -240б.
51. Қадашева Қ., Асанова У.О., Ашиқбаева Б.Г. «Қазақ тілін туыс тіл ретінде оқыту әдістемесі», 2012 ж.
52. Божович Е.Д. и др. Языковая компетенция как критерий готовности к школьному обучению Харьков, 2003.
53. Пассов Е.И., «Урок иностранного языка в средней школе.» – М.: Просвещение, 1988 ж.

54. Оразбаева Ф.Ш. Тілдік қатынас: теориясы мен әдістемесі. Алматы., 2001. - 280 б.
55. Тұрғынбаева Б.А. Дамыта оқыту технологиялары, Алматы, 2000, 6-бет.
56. Кубаева И. Қазақ тілін еуростандарт негізінде оқыту әдістемесі. Монография. – Астана, 2007 ж.
57. Құрман Н., «Қазақ тілінің жаңа оқу бағдарламасы негізінде білім алушылардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру», Астана, 2014 ж.
58. <https://ese-edu.com/kk/english-levels/>
59. «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәні бойынша оқу бағдарламалары (1- 4, 5-9, 10-11 сыныптар)
60. Қазақтілді емес сыныптардағы қазақ тілі мен әдебиеті пәні бойынша 1-11 сынып білім алушыларына арналған лексикалық-грамматикалық минимум.
61. Қалиев Ғ. Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі- Алматы. «Сөздік-Словарь», 2005.- 440 бет.
62. Пассов Е.И. Коммуникативный метод обучения иноязычному говорению. изд. М. Просвещение, 1991. - 312 с.
63. Қадашева Қ., «Қазақ тілін оқыту әдістемесі», 2005 ж.
64. Құрман Н.Ж., Есенова Г.С. Өзгетілді мектепте қазақ тілін оқытуда коммуникативтік жаттығуларды қолдану әдістемесі. Монография. – Ақтөбе, 2010 ж.
65. Құлмағамбетова А.Ш., Тілдік төрт дағды бойынша белсенді оқыту тапсырмалары, оқу-әдістемелік құрал. – 2014. - 54 б.
66. Wilson E & Abibulayeva A. An introduction to educational research methods. Введение в образовательные исследовательские методы/ Білім беру-зерттеу әдістеріне кіріспе, University of Cambridge, 750 б.
67. <https://malimetter.kz/saualnama-kurastyru-zhane-pikir-surak-zhurgizu-adistemesi/>
68. <https://primeminister.kz/kz/news/reviews/kr-bgm-eseptik-kezdesui-pedagog-martebesi-okulyktar-sapasy-zhane-kashyktan-okytu-2842459>
69. Педагог мәртебесі туралы. Қазақстан Республикасының Заңы 2019 жыл 27 желтоқсан №293-ҮІ ҚРЗ.
70. Аймауытов Ж. Бес томдық шығармалар жинағы. 4-т. – Алматы: Ғылым, 1998. - 448 б.
71. Орлов В.А.. Элективные курсы по физике и их роль организации профильного и препрофильного обучения// Физика в школе.-2003.
72. Оразахынова Н. «Сатылай кешенді оқыту» технологиясы. Профессор сабағы. Дәрістер жинағы., 2021 ж.

ҚОСЫМША

ПЕДАГОГ КӨЗІМЕН...

Оқыту тілі қазақ тілінде емес мектептерде қазақ тілі мен әдебиетін оқытуда мектеп мұғалімдерінің тәжірибесінен...

1. Оқу мақсаттарын талдау

Талдау критерийлері:

- *Өзіңіз сабақ берген, сабақ беретін сыныптарда «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнінің оқу мақсаттарына шолу жасаңыз. Әр сынып бойынша 7-8 оқу мақсаты*
- *Әрбір сынып бойынша берілген оқу мақсаттары бойынша білім алушылардың жас ерекшелігіне күрделі саналатын оқу мақсаттарына мысал келтіріңіз. Әр сынып бойынша 7-8 оқу мақсаты*
- *Оқулықта білім алушылардың жас ерекшелігіне, деңгейіне, түсінуіне күрделі саналатын оқу тақырыптары туралы пікіріңіз (оқулық атауы, баспасы, шыққан жылы, беті)*
- *Оқулық пен үлгілік оқу бағдарламасының арасындағы сабақтастық немес алшақтық бар деп ойлайсыз ба? Мысал келтіріңіз. (оқулық атауы, баспасы, шыққан жылы, беті)*
- *Оқулықтағы берілген материалдардың баланың жас ерекшелігіне сәйкестігі (оқулық атауы, баспасы, шыққан жылы, беті)*
- *Сабаққа белсенділігі төмен білім алушымен қандай жұмыстар жүргізесіз, нәтижесі? (оқулық атауы, баспасы, шыққан жылы, беті)*
- *Оқулық мазмұны балаға тілді меңгертуде қаншалықты көмек бере алады? (оқулық атауы, баспасы, шыққан жылы, беті)*
- *Білім алушылар тапсырма орындау барысында кездесетін қиындықтары туралы өз пікіріңізді білдіріңіз (оқулық атауы, баспасы, шыққан жылы, беті).*

Оқыту тілі қазақ тілінде емес мектептердегі қазақ тілі мен әдебиетін оқытуда оқу мақсаттарының берілуі, үлгілік оқу бағдарламалары мен оқулықтың сабақтастығы мен алшақтығы, оқулықтағы берілген материалдардың білім алушының жас ерекшелігіне сәйкестігі туралы мектеп мұғалімдеріне жүргізілген сауалнама талданды.

Бұл сұрақтар бойынша мұғалімдердің көзқарасы әртүрлі. Төменде сауалнама жауаптары жинақталып берілді.

А) Өзіңіз сабақ берген, сабақ беретін сыныптарда «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнінің оқу мақсаттарына шолу жасаңыз (дәстүрлі білім беруден ерекшелігі, айырмашылығы). Әр сынып бойынша 7-8 оқу мақсаты

64-кесте

Сыныбы	Оқу мақсаты	Дәстүрлі білім беруден ерекшелігі, айырмашылығы

10-сынып	10.1.1.1 мәтін үзінділері бойынша болжам жасау, өз біліміне сүйеніп тақырыпты жалғастыру; 10.3.2.1 ғылыми-көпшілік және публицистикалық стильдегі мәтіндердің (мақала) құрылымы мен рәсімделуін білу, жанрлық және тілдік ерекшеліктерін талдау;	Дәстүрлі білім мен жаңа бағдарламаны салыстыратын болсақ, онда екеуіндегі білім мазмұнының берілуіндегі айырмашылық жер мен көктей екенін көреміз. Бұрынғы бағдарламада мақсаттың орындалуында нақтылық болмайтын. Барлығы жалпылама берілетін.
10-сынып	10.1.5.1 мәтіннен автордың көзқарасын (негізгі ойын) негіздейтін аргументтерді талдай отырып, астарлы ойды анықтау; 10.4.3.1 шығармашылық жазба жұмыстарында көркемдегіш құралдар мен айшықтау амалдарын тиімді қолданып жазу;	
5-сынып	A6 Тірек сөздерді қолданып иллюстрацияларды сипаттау	Үлкен көлемдегі ақпаратты қысқа мерзімде жеткізу мүмкіндігі
5-сынып	5.05. Қосымша ақпарат көздерінен тақырыпқа байланысты мәліметтерді ала білу.	Дәстүрлі білім беруде білім алушыларға дайын дүниені мұғалім өзі беретін, ал жаңартылған білім беру бойынша білім алушы өзі ізденуге талпыныс жасайды.
6-сынып	6.1.1.1- тірек сөздер , жетекші сұрақтар, мәтін тақырыбы арқылы негізгі ойды анықтау.	Білім алушы нақты әрекеттерді өздігінен жасау арқылы оқу материалын игеруге жағдай жасайды.
	6.4.4.1- мәліметтерді жинақтай отырып, тақырып бойынша постер жасау.	Бұл оқу мақсатында жетістікке жетудің бірден-бір жолы постер дайындау барысында білім алушы тақырыпты терең меңгереді.
	6.1.2.1- тыңдалған мәтіннің негізгі мазмұнын түсіну, негізгі және қосымша ақпаратты анықтау.	Мәтінді тыңдаған кезде білім алушы мұқият тыңдайды, ойы шоғырланады.
	6.3.6.1- тақырып бойынша үйренген сөздерді қолдана отырып, мәтінде көтерілген мәселені шынайы өмірмен байланыстыру.	Білім алушыға мәтінде көтерілетін мәселе практикалық әрекеттерге негізделеді, тақырыпты күнделікті өмірде туындайтын проблемаларды шешу деп қарастырады.
8-сынып	8.1.2.1- тыңдаған мәтіннің негізгі мазмұнын түсіну, детальді ақпаратты анықтау	Білім алушылар мұқият тыңдауға үйренеді, сөздік қорларын қолдануға тырысады.
	8.1.3.1- оқу-еңбек тақырыптарына байланысты күрделі сөздердің мағынасын түсіну	Интербелсенді тәсілдерді қолданып, күрделі сөздерді құрамына қарай талдау арқылы түсіндіру.

	8.1.6.1- тыңдалым материалдарының мазмұны негізінде деректерді келтіре отырып, дәлелді жауап беру	Білім алушылардың мәтінде берілген деректерді сұрақтар немесе суреттер бойынша реттеп әңгімелеу.
5-сынып	5.А 5Берілген сұрақты дұрыс түсініп, лайықты жауап беру, шағын диалогке қатысу.	Білім алушыларға мұғалім тарапынан тірек сөздер беріліп, бүгінгі тыңдайын деп отырған мәтіннің не туралы екендігі сұралады. Балалар өз ұсыныстарын айтып болған соң, мұғалім ертегіні оқып береді.
11-сынып	11.4.1.1 ғылыми және публицистикалық стильдің жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай тілдік құралдарды орынды қолданып, аннотация жазу;	Ресми стильдегі мәтіндердің ерекшелігіне қарамай, жалпылай түрде жүргізілген.
11-сынып	11.5.1.1 ғылыми және кәсіби мәтіндер құрауда грамматикалық омонимдерді ажырата танып, ауызша және жазбаша дұрыс қолдану	Дәстүрлі оқытуда қағида бойынша шығарма жазылады.
5-сынып	5.Ж.5.Жазба жұмыстарында жалғаулардың ерекшелігін ескеріп, үндестік заңына сәйкес орфографиялық нормаға сай дұрыс жазу	Дәстүрлі оқытуда мұғалім кез-келген ақпаратты білім алушыларға өзі беретін.
5-сынып	5.О5. Қосымша ақпарат көздерінен тақырыпқа байланысты мәліметтерді ала білу.	Жаңартылған білім бойынша мұғалім білім алушыға бағыт-бағдар беру арқылы мұғалім мақсатына жетеді, білім алушы өзі толық ақпаратқа жетеді
4-сынып	4.1.3.1.шығарманың тақырыбы және негізгі ойды анықтау, автордың ойын мәтін деректерінен келтіре отырып дәлелде	Дәстүрлі оқытуда мұғалім кез-келген ақпаратты білім алушыларға өзі беретін. Сабақта тек репродуктивті әдіс қолданатын.
4-сынып	4.2.3.1.шығарманың тақырыбы және негізгі ойды анықтау, автордың ойын мәтін деректерінен келтіре отырып дәлелде	Дәстүрлі оқытуда мәтінді оқиды, аударды.
11-сынып	11.4.1.1 ғылыми және публицистикалық стильдің жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай тілдік құралдарды орынды қолданып, аннотация жазу;	Ресми стильдегі мәтіндердің ерекшелігіне қарамай, жалпылай түрде жүргізілген.
11-сынып	11.5.1.1 ғылыми және кәсіби мәтіндер құрауда грамматикалық омонимдерді ажырата танып, ауызша және	Дәстүрлі оқытуда з қағида бойынша шығарма жазылады.

	жазбаша дұрыс қолдану	
4-сынып	<p>4.1.3.1- тыңдаған материалдың (ұзақтығы 2-2,5 мин) мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беру/сөйлемді толықтыру және түйінді тұстарын анықтау/кесте толтыру/кластер құрастыру</p> <p>4.3.5.1* қажетті ақпараттарды табу үшін түрлі дереккөздерді (сөздіктер, инфографикалар, энциклопедиялар, ғаламтор) қолдана білу</p> <p>4.1.5.1-тыңдаған оқиға/әңгіме бөліктерінің жалғасын болжау</p> <p>4.2.5.1* шығарманың кейіпкері туралы пікірлерді (менің түсінігім бойынша, ... оның пікірінше, ... , оның айтуынша, ..., кейбір адамдардың ойынша, ...) салыстыра отырып бағалау</p> <p>4.2.3.1* белгілі бір тақырыпта сұхбаттасу барысында шағын мәліметті (4-5 сөйлем) баяндау, кері байланыс беру, сөйлеу стилін сақтау, дауыс ырғағын келтіріп сөйлеу</p> <p>4.3.4.1* мұғалімнің қолдауымен мәтін мазмұнын және кейіпкерлердің іс-әрекетін бағалауға бағытталған сұрақтар (неліктен? не үшін?) құрастыру және оған жауап беру</p> <p>4.1.1.1* анық айтылған сөзді тыңдап, қысқаша жазба (тірек сөздер) жасау және нақтылау мақсатында сұрақтар құру</p>	<p>Дәстүрлі оқытуда білім алушылар үшін мұғалім мен оқулық дайын ақпарат көзі болып келсе, бұл жағдайда білім алушы сол білімді өз бетімен алуға, талдау, яғни іздену дағдысы қалыптасады. Есте сақтау қабілеті артады. Сонымен қатар, жаңартылған оқу бағдарламасы бойынша мұғалім оқытуда түрлі инновациялық технологиялар мен оқыту әдістемесімен қарулана отырып, білім алушыға бағыт-бағдар береді.</p> <p>Білім алушылар дәстүрлі оқыту бойынша мектеп қабырғасында сапалы, дәйекті білім алды, бірақ оларды өмірлік жағдаяттарда қолдану дағдылары қалыптаспаған. Теориялық ілімді практикамен ұштастыруда қиындық туады. Өз бетімен іздену нәтижесінде білім алушының өз ойын жеткізуге деген сенімділігі артады, сөздік қоры көбейеді, сыни тұрғыда ойлау қабілеті дамиды, бір-бірін тыңдауға, бағалауға үйренеді. Өзіндік ойын, көзқарасын ашық айтуға, жүйелі сөйлеуге төселеді. Тұжырымдама жасау, рефлексия сынды дағдылары қалыптасады және дамиды.</p> <p>Тапсырманы орындар алдында нақты дескриптор беріледі. Білім алушының тапсырманы қалай және нақты нені орындайтыны анықталады. Айтылым мақсатының дағдылары, білімді қолдануы, мұғалім мен білім алушы арасында кері байланысы қалыптасады.</p> <p>Дәстүрлі оқыту мен жаңартылған оқу бағдарламасының ерекшеліктерін саралай келе, жаңартылған оқу бағдарламасының білім алушы тұлғасын дамытудағы маңыздылығын түсінеміз. Өйткені, білім алушының: білу және түсіну, білімді қолдану, ақпарат іздеу, өңдеу және талдау,</p>

		топ ішіндегі ынтымақтастық және жеке жұмыс, тыңдалым, айтылым, жазылым, оқылым, зерттеу жүргізу, функционалдық сауаттылық, тұжырымдама жасау, рефлексия сынды дағдылары қалыптасады және дамиды. Осы дағдыларды қалыптастыру арқылы білім алушының дарындылығын шыңдау мақсаты орындалады.
5-сынып. Қазақстандағы ұлттар достастығы	5.4.4.1-мәліметтерді жинақтай отырып, тақырып бойынша постер жасау.	Дәстүрлі білім беруде материал беріледі, ал бұл мақсатта білім алушы мәліметті өзі жинақтайды. Тақырыпқа постер жасаудың өзі білім алушының сыни ойлауын, шығармашылығын, ақпаратты жинақтай білу дағдысын дамытады.
6-сынып. Отан отбасынан басталады.	6.1.5.1.-тірек сөздер, жетекші сұрақтар, мәтін тақырыбы арқылы негізгі ойды анықтау.	Дәстүрлі білімде тақырыпты көбінде мұғалім өзі түсіндіріп, репродуктивті тапсырмалармен бекітсе, бұл мақсат арқылы білім алушы мәтінді түсіну үшін алдымен мәтіналды жұмысқа араласады, бала мәтінді өзі оқиды, түсініксіз сөздердің мағынасын ажыратады, мазмұнын ашатын тірек сөздерді анықтайды, олармен байланыстырып, сұрақтар әзірлейді, мәтіннің тақырыбы мен идеясын анықтайды. Бұл әрекеттердің бәрінде негізгі рөл білім алушыға жүктеледі. Мұғалім тек бағыттаушы, реттеуші, жетелеуші рөлін атқарады.
7-сынып. Қай спорт секциясына жазылдың?	6.3.6.1 - тақырып бойынша үйренген сөздерін қолдана отырып, мәтінде көтерілген мәселені шынайы өмірмен байланыстыру.	Дәстүрлі оқытуда тақырып бойынша берілген мәтінді оқып, аударып, сұрақтарға жауап беруі мүмкін еді. Бұл мақсатта тақырып бойынша жұмыс жасағанда жаңадан үйренген сөздерді белсенді қолдану арқылы тілдік қорлары кеңейеді; мәтіннің көтеретін мәселесіне назар аударады (СӨС); сол мәселеге өзінің қатысы туралы байланыстырып үйренеді.
8-сынып. Қоршаған орта және энергия ресурстары.	8.1.6.1 - коммуникативтік жағдаятқа сай ғылыми және халықаралық терминдерді, ғылыми деректерді орынды қолданып, диалог, монолог, полилогта өз ойын дәлелді, жүйелі жеткізу.	Дәстүрлі оқытуда кітап тапсырмаларымен шектелуі мүмкін еді. Ал бұл мақсат білім алушының сауатты сөйлей білуіне бағытталған тапсырмалар ойластыруды көздейді. Мысалы, ғылыми, халықаралық терминдерді білуге,

		оларды орынды пайдалануға, диалог, монолог, полилогқа қатысу арқылы коммуникативтік сөйлесу дағдысын дамытуға мүмкіндік беріледі. Және осы әрекеттері арқылы өз ойын жеткізуге машықтанады. Бұл мақсат мұғалімнің де терең ойластырып, шеберлік танытуын талап етеді.
9-сынып. Қазақтың төте жазуы	9.4.2.1 эссе құрылымы мен дамуын сақтап, мәселе бойынша ұсынылған шешімнің артықшылығы мен кемшілік тұстарын салыстыра отырып, өз ойын дәлелдеп жазу	Дәстүрлі оқытуда орыс тілді аудиторияларда эссе сирек қолданылатын. Қазіргі жүйеде эссе үлгісі тапсырмаларда жиі қарастырылған. Білім алушы эссеге қойылатын талаптарды жетік меңгергенде ғана шығармашылық болады, әйтпесе тек мәтін көшіру болып шығады. Өкінішке орай, қазір білім алушылар эссе талаптарын жетік меңгерді деп айту әлі қиын. Бұл мақсатта мұғалімнің басты міндеті - бала алдымен тақырыптың қазіргі таңдағы маңыздылығын түсінуге бағытталған тапсырмалар ойластыруы. Содан кейін ғана білім алушыны шешімнің артықшылығы мен кемшіліктерін талдауға, салыстыруға жетелейтін тапсырмалар ойластырылуы керек. Мұғалімнің міндеті – осы артықшылықтар мен кемшіліктерді анықтағаннан кейін ғана сол ойға өзіндік пікірін айтып, оны дәлелдеуге жетелеу керек. Осы бір мақсаттың өзіне ғана 7 тапсырманы түрлі әдістермен ойластыруға болады: эссе үлгісін меңгерту; тақырыптың маңыздылығын анықтау; артықшылығы мен кемшілігін анықтату; салыстыруға тапсырма; өз ойын айтқызу; оны дәлелдету.
10-сынып. Отандық өнімді пайдаланамыз	10.3.1.1 мәтіндегі негізгі және қосымша ақпараттарды анықтай отырып, факті мен көзқарасты ажырату, мәтін идеясымен байланысын анықтау	Дәстүрлі оқыту барысында бұрын мұндай тақырыптар қарастырылмаған. Қазіргі оқу жүйесіне мұндай тақырыптардың қамтылуы білім алушының экономикалық тұрғыда білімді болуына, өз еліне пайдалы азамат болуына баулуды мақсат еткен. Тақырып бойынша қосымша

		ақпараттарды кеңінен пайдалану керек (бейнематериалдар, аудиолар, Үкімет заңдарынан үзінділер, т.с.). Білім алушы ғаламтор желісінен қажетті ақпараттарды іріктей алуға, оны оқулық мәтіндерімен байланыстыруға, факті мен көзқарастарды ажыратуға, мәтін идеясымен байланыстыра білуге үйренеді.
11-сынып. Тіл. Өнер. Әдебиет. I. Жансүгіровтің «Күй» поэмасы	11.1.1.2. Көркем шығарманы тыңдау, басқа өнер туындыларымен (кино, театр, музыка, би, сурет – мүсін, сәулет) салыстырып, тақырып ортақтығына сипаттама жасау.	Дәстүрлі оқыту жүйесінде бұл әдебиет пәнінде қарастырылар еді. Бұл мақсат тыңдалым арқылы функционалдық сауаттылыққа жетелейді. Оған қол жеткізу үшін оқылым, айтылым әрекеттері қызмет атқарады. Білім алушының тыңдалым арқылы салыстыру, сипаттау дағдыларын дамытатын тапсырмаларды ойластыру керек болады. Мектеп түлектерінің танымдық қызығушылықтарын, әсіресе қазақ елінің туындыларына деген құрмет сезімін оятуға бағыттаған жөн.
6 сынып	Тақырыбы: Электр энергетикасын үнемдейміз. Мақсаты: 6.1.2.1. Тыңдалған мәтіннің негізгі мазмұнын түсіну, негізгі және қосымша ақпараттарды анықтау, мәтінде көтерілген мәселені шынайы өмірмен байланыстыру.	Дәстүрлі сабақтан ерекшелігі қосымша ақпараттарды анықтайды, мәтіннің негізгі мазмұнын түсінеді.
	Тақырыбы: Мағжан Жұмабаев – қазақтың ұлы ақыны. 6.2.5.1-коммуникативтік жағдаят бойынша диалогке қатысушылар өзара түсініп, ойларын толықтыру. 6.4.1.1-мәтіндердің стильдік ерекшелігін сақтай отырып, түсініктеме жазып отыру.	Айырмашылығы ақынның өмірімен ғана танысып қоймайды, жағдаят тудырады, стильін анықтайды.
	Тақырыбы: Туған өлкені жырлаймыз. 6.1.1.1- тірек сөздер, мәтіннің бастапқы бөлігін тыңдау арқылы тақырыпты және көтерілетін мәселені болжау. 6.2.4.1 - шағын көлемді мәтіндегі жеке эпизодтарды	Ерекшелігі: мәтіннің бөліктерін тыңдай отырып көтерілген мәселені анықтайды эпизодтарды сипаттайды. Ал дәстүрлі оқуда мазмұнына көңіл бөлінеді.

	сипаттау және тілдік ерекшелігін салыстыру.	
	Ең жақсы мамандық. 6.5. Қосымша ақпарат көздерінен тақырыпқа байланысты мәліметтерді мәтін мазмұнымен салыстыру, қарама-қайшы ақпараттарды анықтау. 6.5,1.5- етістіктің шақтарының қызметін білу, ауызша және жазба жұмыстарда қолдану.	Қосымша ақпараттарды қолданады, салыстырады.
7 сынып	Тақырыбы: Наурыз – думан. А2. Кеңес беру, ұсыныс жасау, өтініш, талап, ету, бұйрық берудің түрлі формалары мен жағдаяттарына сай ұлттық сөз әдебі мен сөйлеу этикеті формаларын қолдана білу. Ж5. Тақырып бойынша сөздердің маңызды бөліктерін дұрыс жазу . ТБ2. Жазба жұмыстарында ыңғайлас , қарсылықты, түсіндірмелі салалас-құрмалас сөйлемдерді құрастыру.	Ұлттық сөз әдебі мен сөйлеу этикеті формаларын қолдана білуге үйретеді. Дәстүрлі сабақта тек Наурыз мейрамы туралы ақпарат беріледі.
	Тақырыбы: Ұлы Жібек жолы. О2. Ресми-іскерлік(өтініш, нұсқаулық, ресми құттықтаулар, ұсыныстар)салаға қатысты мәтіндердің тілдік ерекшелігін анықтап, талдау жасау. О4. Мәтіндердің идеясын, мақсатты аудиториясын салыстырып, талдау жасау.	Мәтіннің идеясын анықтап, талдау жасайды. Дәстүрлі оқуда жалпы мәлімет беріледі.
	Тақырыбы: Жігіт сипаты. Ақан Сері Қорамсаұлы. Т3. Әлеуметтік-мәдени тақырыптарға байланысты қажетті сөздер мен сөз тіркестерінің мағынасын түсіну. О3. Прозалық және поэзиялық шығармалардағы кейіпкердің іс-әрекетіне немесе лирикалық кейіпкердің образын талдау.	Шығармаларда кейіпкердің іс-әрекетін және образын талдайды.
	Тақырыбы: Футбол ойнаймыз. Т2. Тыңдалған мәтіннің негізгі	Ақпараттың өзектілігін өмірмен байланыстыра анықтайды, білім алушылардың спортқа деген

	<p>мазмұнын түсіну, ақпараттың өзектілігін анықтау.</p> <p>О1. Кесте, диаграмма, сызба, шартты белгілер түрінде берілген ақпаратты түсіну, қолдана білу.</p>	қызығушылықтарын арттырады.
5-сынып	<p>5.1.2.1 -тыңдалған мәтіннің негізгі мазмұнын түсіну және нақты ақпаратты анықтау.</p> <p>5.2.2.1- қазақша амандасу мәнері мен ұлттық этикет формаларын пайдалану.</p> <p>5.2.5.1- берілген сұрақты дұрыс түсініп, лайықты жауап беру, шағын диалогке қатысу</p>	<p><u>Біріншіден</u>, білім алушылар дәстүрлі оқыту бойынша мектеп қабырғасында сапалы, дәйекті білім алады, бірақ оларды өмірлік жағдаяттарда қолдану дағдылары қалыптаспаған. Теориялық ілімді практикамен ұштастыруда қиындық тууда.</p> <p><u>Екіншіден</u>, дәстүрлі оқытуда білім алушылар үшін мұғалім мен оқулық дайын ақпарат көзі болып келді. Білім алушының сол білімді өз бетімен алу, талдау, яғни іздену дағдысы болмады.</p> <p><u>Үшіншіден</u>, дәстүрлі оқытуда білім алушы білімі күндегісін күнде стандартты түрде бағаланды. Бұл бағалау жүйесі білім алушылардың бірде дайындалып, бірде дайындалмай келуіне әкеліп соқтырды. Яғни білім алушының бағаға бағыныштылығы артты десек те болады. Ал критериалды бағалау жүйесі осы мәселенің шешімі болады деген сенімдеміз. Критериалды бағалау негізінде білім алушылардың үлгерімі алдынала белгіленген критерийлердің нақты жиынтығымен өлшенеді.</p>
	<p>5.1.6.1. Тыңдалым материалдарының мазмұны негізінде сұрақтарға жауап беру.</p> <p>5.2.2.1. Берілген сұрақты дұрыс түсініп, лайықты жауап беру, шағын диалогке түсу.</p> <p>5.О1. Мәтіндегі негізгі ақпаратты анықтау</p> <p>5.А2. Қазақша амандасу мәнері мен ұлттық этикет формаларын пайдалану.</p> <p>5.Ж4. Мәліметтерді жинақтай отырып, тақырып бойынша постер жасау.</p> <p>5.3.6.1 - тақырып бойынша үйренген сөздерін қолдана отырып, мәтінде көтерілген мәселеге өз көзқарасын білдіру</p> <p>5.Т6.Тыңдалым материалдарының мазмұны негізінде сұрақтарға жауап беру.</p> <p>ТБ1.1. Мәтіндерден жалпы және жалқы есімдерді ажырата білу.</p>	
7-сынып	<p>7.2.5.1- диалогке қатысушылар коммуникативтік жағдаяттың талаптарына сай «сөйлеуші-тыңдаушы» позицияларын еркін ауыстыру (айтылым)</p> <p>7.3.5.1 – қосымша ақпарат көздерінен алынған мәліметтерді кесте, диаграмма, сызба, шартты белгілер түрінде ұсыну (оқылым)</p> <p>7.5.2.1 – жазба жұмыстарында</p>	

	ыңғайлас салалас құрмалас сөйлемдерді құрастыру (тілдік бағдар)	
	Т.7.1.4.1. Повестердің және лирикалық поэзиялық шығармалардан үзінді тыңдау, тақырыбы мен идеясын талдау; ТБ.7.4.3.1 Жазба жұмыстарында теңеу мен метафораны қолданып жазу.	
Сыныбы	Оқу мақсаты	Дәстүрлі білім беруден ерекшелігі, айырмашылығы
4-сынып	4.3.1.1* мәтінді іштей, түсініп және қажетті ақпаратты тауып/шолып/белгі қойып оқу	Бала өз бетімен тапсырманы орындауға дағдыланады.
5-ынып	5.ТЗ Күнделікті тұрмыстық тақырыптарға байланысты жаңа сөздер мен тірек сөздердің мағынасын түсіну.	Екі білім беру түрінде де өзгешілік жоқ.
6-сынып	6.1.5.1 - тірек сөздер, жетекші сұрақтар, мәтін тақырыбы арқылы негізгі ойды анықтау	Мұғалімнің көмегінсіз жұппен, топпен жұмыс жасайды.
7-сынып	7.А2. Кенес беру, ұсыныс жасау, өтініш, талап ету, бұйрық берудің түрлі формалары мен жағдаяттарына сай ұлттық сөз әдебі мен сөйлеу этикеті формаларын қолдана білу	Білім алушы осы берілген сөйлеу этикеті формаларын әртүрлі жағдаяттарда қолданып үйренеді.
9-сынып	8.2.6.1 кесте, диаграмма, нұсқаулық шартты белгілер мен сызбаларда берілген ақпаратты талдау, баға беру	Осы берілген мақсат арқылы ауызекі сөйлеп үйренеді.
10-сынып	10.2.2.1 ғылыми-көпшілік және публицистикалық мәтіндерге сүйеніп, монолог және диалог құрау, сөз әдебі мен сөйлеу этикеті формаларын орынды қолданып, тыңдаушыға әсер ету	Берілген мақсаттарға қол жеткізу арқылы болашаққа деген сенімділігі артады.
11-сынып	11.3.2.1 ғылыми және публицистикалық стильдегі мәтіндердің (мақала) құрылымы мен рәсімделуін білу, жанрлық және тілдік ерекшеліктерін талдау	Әдеби кітаптарды оқуға құлшынысы артады.
5-сынып	5.Ж4 Мәліметтерді жинақтай отырып, тақырып бойынша постер жасау.	Алдыңғы білімі мен түсінігін, тілдік дағдыларын одан әрі жетілдіреді. Білім алушылар ауызша мәтіндерді

	<p>5.06 Тақырып бойынша үйренген сөздерін қолдана отырып, мәтінде көтерілген мәселеге өз көзқарасын білдіру</p> <p>5.05 Қосымша ақпарат көздерінен тақырыпқа байланысты мәліметтерді ала білу.</p> <p>5.Ж2 Эссе қурылымын сақтай отырып, адамды, табиғатты, белгілі бір оқиғаны сипаттап жазу.</p>	<p>тыңдауға, жауап беруге, таныс тақырыптарда сөйлесуге, жазылған мәтіндерді оқуға және жауап беруге қабілетті болады. Постер жасауға және қорғауға дағдыланады. Олар сөздік қорларын байытады және грамматикалық ұғымдар жөнінде білімін жетілдіреді. Қосымша ақпарат көздерінен ақпаратты тауып, оны қолданысқа жаратуда алғашқы қадамдар жасауға мүмкіндік тудырады.</p>
6-сынып	<p>6.05. Қосымша ақпарат көздерінен тақырыпқа байланысты мәліметтерді мәтін мазмұнымен салыстыру, қарама-қайшы ақпараттарды анықтау.</p> <p>6.Ж4.Мәліметтерді жинақтай отырып, тақырып бойынша постер, сызба-кестелер жасау.</p> <p>6.Т2.Тыңдалған мәтіннің негізгі мазмұнын түсіну, негізгі және қосымша ақпараттарды анықтау.</p> <p>6.Т6.Тыңдалым материалдарының мазмұны негізінде шынайы өмірмен байланыстырып жауап беру.</p> <p>6.02. Ресми стильдегі мәтіндердің стильдік ерекшелігін анықтау (күнделік, мінездеме, түсініктеме, өмірбаян, түйіндеме).</p>	<p>Аталмыш мақсаттар тақырыпқа қатысты мәліметтерді ғаламтор көзінен, қосымша ақпарат құралдарынан (энциклопедия, көркем әдебиет, оқу құралдары, БАҚ) алуға мүмкіндік береді. Жұмыс жасау формалары (жеке, жұптық және топтық) оқу мақсаттары мен тапсырманың ерекшелігіне қарай әр алуан етіп ұйымдастыруға болады. Тапсырмалар ауызша және жазбаша, жұптық, топтық формада орындалады.</p>
10-сынып	<p>10.А2.1.1 ғылыми-көпшілік және публицистикалық стильдегі мәтіндерден күрделі сөздердің жасалу жолын анықтау, ауызша мәтін құрауда орынды қолдану</p> <p>10.Т1.6.1 көтерілген мәселе бойынша әртүрлі дереккөздерден алынған мәтіндерді тыңдау және салыстыру, өз көзқарасын аргументтер негізінде дәлелдеу</p> <p>10.Т1.4.1 драмалық шығарманы тыңдау, шығармада көтерілген</p>	<p>Жоғары сынып білім алушысының сана-сезіміне сай етіп даярланған түрлі мәтіндер мен алуан түрлі ресурстарды қолдана отырып, білім алушылар ондағы көтерілген мәселелерді салыстырып, өз ойын логикалық дұрыс жеткізуге дағдыланады. Кәсіби бағыттағы мәтіндерге сүйеніп, монолог және диалог құрау, сөз әдеби мен сөйлеу этикеті формаларын орынды қолдану, тыңдаушыға әсер ету жолдарын игереді. Түрлі стильдегі мәтіндерді жанрына, қызметіне, құрылымы мен тілдік құралдарына, мақсатты аудиториясына қарай</p>

	жалпыадамзаттық мәселені айқындау; 10.Т1.5.1 мәтіннен автордың көзқарасын (негізгі ойын) негіздейтін аргументтерді талдай отырып, астарлы ойды анықтау 10.А2.2.1 ғылыми-көпшілік және публицистикалық мәтіндерге сүйеніп, монолог және диалог құрау, сөз әдебі мен сөйлеу этикеті формаларын орынды қолданып, тыңдаушыға әсер ету	салыстырады. Жалпыазаматтық мәселе, экологиялық, заманауи экономикалық мәселелерді қамтитын тақырыптарда көтерілген мәселені анықтауға, олардан қорытынды жасауға, өз ойын аргументтермен дәлелдеуге мүмкіндік туады.
6-сынып	6.4.4.1 мәліметтерді жинақтай отырып, тақырып бойынша сызба кестелер жасау	Білім алушылар тек мұғалім берген мәліметті ғана емес, өз бетінше де ізденіп, тақырып бойынша кестелер жасай біледі. Сабаққа деген қызығушылықтары артты.
	6.1.5.1.-Тірек сөздер, жетекші сұрақтар, мәтін тақырыбы арқылы негізгі ойды анықтау	Білім алушылар тірек сөздер арқылы мәтінді, сұрақтарды түсініп, негізгі ойды анықтай алады.
	6.5.1.2 лексикалық мағынасы жағынан заттың сипатын, көлемін, салмағын, аумағын білдіретін сын есімдерді ажырата білу, жазба, ауызша жұмыстарда қолдану.	Мәтіндерден сын есімдерді тауып, ажырата біледі, оларды дұрыс қолдана біледі.
2-сынып	Мұғалімнің көмегімен сөздік, анықтамалықтардан қажетті ақпаратты табу	Өртүрлі қосымша материалдармен жұмыс істеуге баулу.
4-сынып	Қажетті ақпараттарды табу үшін түрлі дереккөздерді (сөздіктерді, инфографикалар, энциклопедиялар, ғаламтор) қолдана білу	Ақпараттың көптігі.
5-сынып	Білімді сыныптастарына түсіндіріп, оқулықтан тыс ресурстар қоса алады.	Бала өзін емін-еркін сезінеді.
6-сынып	Мәтіндердің тақырыбына, мазмұндық құрылымына сүйене отырып, түрлерін салыстыру	Өз ойын еркін жеткізе білуге үйренеді.
5-сынып	5.3.6.1 мұғалімнің көмегімен тірек сөздерді, сөйлем, суреттерді пайдаланып, қарапайым постер/сөйлем/каллиграмма құрастыру 5.01. Мәтіндегі негізгі ақпаратты анықтау 5.А2. Қазақша амандасу	Жаңартылған білім берудің дәстүрлі білім беруден айырмашылығы көп, жаңартылған білім берудің ерекшелігі спиральділік қағидаты бойынша құрылуы және танымдық теорияға негізделген, яғни оқу мақсаттары осыған бағытталған. Бағалау да

	<p>мәнері мен ұлттық этикет формаларын пайдалану.</p> <p>5.Ж4. Мәліметтерді жинақтай отырып, тақырып бойынша постер жасау.</p>	<p>түбегейлі өзгеріске ұшыраған. Критериалды бағалау барысында балалардың үлгерімі екі түрлі тәсілмен жүзеге асады. Қалыптастырушы және жиынтық бағалау – дәстүрлі білім беруден айырмашылығының бірі. Ерекшелігіне келетін болсақ, ол білім алушылардың әрқайсысы өз ойын жеткізуге тырысуда қолданатын әр түрлі жаңа стратегиялар мен әдіс –тәсілдерді түрлендіре отырып, жас ерекшеліктерін және деңгейлерін ескеріп, әр мұғалім шығармашылық қасиеттеріне байланысты қолдануында деп ойлаймын. Қазіргі кезде заманауи технологияларды қолдануға өте көп мүмкіндіктер бар, яғни уақыт үнемдеуге көптен көп септігі тиеді, еңбек жолын бастаған кезде мұндай мүмкіндіктер жоқ еді, барлық қажетті көрнекі құралдарды біршама уақыт кетіре отырып қолдан жасаушы едік.</p>
7-сынып	<p>7.2.3.1 мұғалімнің көмегімен мәтіннің тақырыбы мен негізгі ойын анықтау;</p> <p>7.1.1.1 шығарманың мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беру</p> <p>7.Т2. Тыңдалған мәтіннің негізгі мазмұнын түсіну, ақпараттың өзектілігін анықтау</p> <p>7.Т5. Тірек сөздер, сөйлеушінің дауыс ырғағы мен сөйлеу мәнері арқылы негізгі ойды анықтау</p> <p>7.О1. Кесте, диаграмма, сызба, шартты белгілер түрінде берілген ақпаратты түсіну, қолдана білу</p> <p>7.Об. Тақырып бойынша деректер қолдана отырып мәтінде көтерілген мәселеге өз ойын дәлелдеп жеткізу</p> <p>7.Ж2.Эссе құрылымы мен дамуын сақтап, көтерілген мәселе бойынша келісу-келіспеу себептерін айқын көрсетіп жазу</p>	
6-сынып	<p>6.3.1.1 мәтіндегі негізгі және жанама ақпаратты анықтау, өмірдегі кейбір жағдаяттармен байланыстыру</p> <p>6.1.1.1 тірек сөздер, мәтіннің бастапқы бөлігін тыңдау арқылы тақырыпты, көтерілетін мәселені болжау</p> <p>6.1.5.1 тірек сөздер, жетекші сұрақтар, мәтін тақырыбы арқылы негізгі ойды анықтау</p>	<p>Дәстүрлі оқытуда сабақтың тақырыбын мұғалім өзі айтады, сабақтың мақсаты бірлесіп талқыланбайды.</p> <p>Білім алушылардың қызығушылығын ояту мақсатында (тірек сөздер, бейнебаян т.б.) көрсетіліп, сабақтың тақырыбына, оқу мақсатына болжау жасалады. Білім алушылармен бірге талқыланады. Әр білім алушы өзінің қысқаша ойын айтып өтеді. Дәстүрлі оқытуда сабақтың тақырыбын мұғалім өзі айтады, сабақтың мақсаты бірлесіп талқыланбайды.</p> <p>Білім алушыларға мұғалім тарапынан тірек сөздер беріліп, бүгінгі тыңдайын деп отырған мәтіннің не туралы екендігі</p>

		сұралады. Балалар өз ұсыныстарын айтып болған соң, мұғалім ертегіні оқып береді.
	6.4.4.1 мәліметтерді жинақтай отырып, тақырып бойынша постер жасау	Дәстүрлі оқытуда мұғалім кез келген ақпаратты білім алушыларға мұғалім өзі беретін. Мұғалімнің сабақта тек репродуктивті әдістерді қолданатын.
	6.1.2.1 тыңдалған мәтіннің негізгі мазмұнын түсіну, негізгі және қосымша ақпаратты анықтау.	Дәстүрлі оқытуда мәтінді оқиды, аударады.
	6.3.2.1 ресми стильдегі мәтіндердің ерекшелігін анықтау (күнделік, мінездеме, түсініктеме, өмірбаян, түйіндеме)	Ресми стильдегі мәтіндердің ерекшелігіне қарамай, жалпылама түрде жүргізілген.
	6.4.2.1 эссе тақырыбының желісінен шықпай, әрбір абзацты жүйелі құрастырып, қажетті жазу	Дәстүрлі оқытуда қағида бойынша шығарма жазылады.
5-сынып	5.А5. берілген сұрақты дұрыс түсініп, лайықты жауап беру, шағын диалогке қатысу	Білім алушылар тірек сөздер арқылы мәтінді, сұрақтарды түсініп, шағын диалогке түсе алады. Сабаққа деген қызығушылықтары артты.
	5.05 қосымша ақпарат көздерінен тақырыпқа байланысты мәліметтерді ала білу	Білім алушылар тек мұғалім берген мәліметті ғана емес, өз бетінше ізденіп, тақырып бойынша іздене біледі
	5.ТБ1.1 мәтіндерден жалпы және жалқы есімдерді ажырата білу, жалғау түрлерін дұрыс жалғау.	Әр мақсат тілдік дағдыларға негізделген. Мақсаттардың аясы ауқымды.
	5. А5. берілген сұрақты дұрыс түсініп, лайықты жауап беру. Шағын диалогке қатысу.	
6-сынып	6.1.5.1 тірек сөздер, жетекші сұрақтар, мәтін тақырыбы арқылы негізгі ойды анықтау	
	6.5.1.1 мәтіндерден деректі және дерексіз зат, көптік мәнді есімдерді ажырата білу, жазбаша, ауызша жұмыстарда қолдану	
	6.2.2.1 -тақырып бойынша диалогті бастау, жалғастыру, аяқтаудың ұлттық сөз әдебі мен сөйлеу этикеті формаларын білу,	
	6.4.1.1 - мәтіндердің стильдік	

	ерекшелігін сақтай отырып, мінездеме жазу	
	6.4.4.1 - мәліметтерді жинақтай отырып, тақырып бойынша постер жасау	
	1) 5.Ж4 Мәліметтерді жинақтай отырып, тақырып бойынша постер жасау. 2) 5.А6 Тірек сөздерді дұрыс қолданып иллюстрацияларды сипаттау 3) 5.Ж2 Эссе құрылымын сақтай отырып, адамдытабиғатты, белгілі бір оқиғаны сипаттап жазу. 4) 5.О6 Тақырып бойынша үйренген сөздерін қолдана отырып, мәтінде көтерілген мәселеге өз көзқарасын білдіру. 5) 5.Т6 Тыңдалым материалдарының мазмұны негізінде сұрақтарға жауап беру. 6) 5.Ж3 Жазба жұмыстарында сипаттау, бейнелеу құралдарын қолданып жазу. 7) 5.А2 Қазақша амандасу мәнері мен ұлттық этикет формаларын пайдалану	Ерекшелігі: постер жасау Тірек сөздер Эссе жазу Көтерілген мәселеге өз көзқарасын білдіреді. Тыңдалым материалдары бойынша сұрақтарға жауап береді. Бейнелеу құралдарын қолданады. Ұлттық этикет формаларын пайдаланады
3-сынып	3.4.1.1 тірек сөздер, сызбалар, суреттер, символдарды қолданып, постер/мәтін құрастыру; 3.2.5.1 оқылған/тыңдаған материал бойынша өз пікірін (менің ойымша ..., менің көзқарасым бойынша ..., себебі ...) дәлелдеу; 3.2.3.1 белгілі тақырыптағы әңгімеге қатысу және сұхбаттасын түсіну және олардың ойын толықтыру; 3.1.3.1 тыңдаған материалдың (ұзақтығы 1,5-2 мин) мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беру және сюжеттің даму желісі бойынша иллюстрациялар орналастыру/кесте толтыру/мазмұндау; 3.1.4.1 тыңдаған мәтіннің тақырыбын, жағымды және жағымсыз кейіпкерлерді,	Постер құрастыру болмаған, тек мәтін құрастыратын. Білім алушылар өз ойын (менің ойымша ..., менің көзқарасым бойынша ..., себебі ...) дәлелдейді. Ойын толықтырады. Сюжеттің даму желісі бойынша иллюстрациялар орналастырады. Тыңдаған мәтіннің тақырыбын анықтайды. Аудио/бейне материалдың мазмұнын тірек сөздерді қолданып жазады.

	<p>мұғалімнің қолдауымен оқиғалар ретін анықтау;</p> <p>3.4.2.1 оқыған/аудио/бейне материалдың мазмұнын тірек сөздерді қолданып жазу;</p> <p>3.1.2.1 баяу және анық айтылған жиі қолданылатын сөздер мен сөз тіркестерінен құралған шағын мәтіндердегі сөйлемдердің мазмұнын түсіну</p>	<p>Баяу және анық айтылған сөздер мен сөз тіркестері арқылы шағын мәтіндердің мазмұнын түсінеді.</p>
5-сынып	<p>5.ТБ1.1 Мәтіндерден жалпы және жалқы есімдерді ажырата білу, жалғау түрлерін дұрыс жалғау</p>	<p>Дәстүрлі білім беру кезінде педагог сабақ мақсатын өзі жазады.</p>
	<p>5. А5. Берілген сұрақты дұрыс түсініп, лайықты жауап беру. Шағын диалогке қатысу.</p>	<p>Сұрақты дұрыс түсінуге жетелей отырып, соған лайықты жауап беруге үйретеді.</p>
6-сынып	<p>6.4.3.1 жазба жұмыстарында теңеу, эпитет сөздерді қолданып жазу</p>	<p>Дәстүрлі оқытуда жазба жұмыстарына тереңінен оқытуға аса үлкен мән берілмеген. Барлық жазба жұмыстары жалпылама түрде ғана өткен.</p>
	<p>6.4.2.1 эссе тақырыбының желісінен шықпай, әрбір абзацты жүйелі құрастырып, қажетті мазмұнын ашып жазу;</p>	<p>Дәстүрлі білімде берілген шығарманың құрылымынан шықпай жазады</p>
	<p>6.3.2.1 ресми стильдегі мәтіндердің стильдік ерекшелігін анықтау (түсініктеме).</p>	<p>Дәстүрлі білім беруде ресми стильдегі мәтіндердің стильдік ерекшелігін анықтауда тек қана жаттығулар түрінде өтеді.</p>
	<p>6.3.2.1 ресми стильдегі мәтіндердің стильдік ерекшелігін анықтау (өмірбаян, түйіндеме)</p>	<p>Ресми стильдің ерекшелігімен танысады.</p>
	<p>6.5. қосымша ақпарат көздерінен тақырыпқа байланысты мәліметтерді мәтін мазмұнымен салыстыру, қарама-қайшы ақпараттарды анықтау</p>	<p>Дәстүрлі білімде көбінесе ізденіс жұмыстары жүргізіле бермейді.</p>
	<p>5.Т2 Тыңдалған мәтіннің негізгі мазмұнын түсіну және нақты ақпаратты анықтау</p>	<p>Дәстүрлі білім беруде тыңдалым тапсырмалары мүлде болған жоқ. Жаңартылған білім мазмұнында тыңдалымды дамытуға көп көңіл бөлінеді. Сонымен бірге тыңдалған мәтін бойынша білім алушы түсінік алып, ақпаратты анықтап, тапсырмалар орындауға бейім болу керек.</p>
6-сынып	<p>6.4.3.1 - жазба жұмыстарында теңеу, эпитет сөздерін</p>	<p>Дәстүрлі оқытуда жазба жұмыстарына тереңінен оқытуға</p>

	қолданып жазу	аса үлкен мән берілмеген. Барлық жазба жұмыстары жалпылай түрде ғана өткен.
	6.4.2.1 - эссе тақырыбының желісінен шықпай, әрбір абзацты жүйелі құрастырып, қажетті мазмұнын ашып жазу.	Дәстүрлі білімде берілген шығарманың құрылымынан шықпай жазады.
	6.3.2.1 - ресми стильдегі мәтіндердің стильдік ерекшелігін анықтау (түсініктеме).	Дәстүрлі білім беруде ресми стильдегі мәтіндердің стильдік ерекшелігін анықтауда тек қана жаттығулар түрінде өтеді.
	6.3.2.1 - ресми стильдегі мәтіндердің стильдік ерекшелігін анықтау (өмірбаян, түйіндеме).	Ресми стильдің ерекшелігімен танысады.
	6.5. Қосымша ақпарат көздерінен тақырыпқа байланысты мәліметтерді мәтін мазмұнымен салыстыру, қарама-қайшы ақпараттарды анықтау	Дәстүрлі білімде көбінесе ізденіс жұмыстары көбінесе жүргізіле бермейді.
6-сынып	6.4.3.1 жазба жұмыстарында теңеу, эпитет сөздерді қолданып жазу	Дәстүрлі оқытуда жазба жұмыстарына тереңінен оқытуға аса үлкен мән берілмеген. Барлық жазба жұмыстары жалпылама түрде ғана өткен.
6-сынып	5.6.1 тыңдалым материалдарының мазмұны негізінде шынайы өмірмен байланыстырып жауап беру	Білім алушылардың көпшілігі тыңдалым материалдарының мазмұны негізінде шынайы өмірмен байланыстырып жауап беруге талпынады
7-сынып	T2. Тыңдалған мәтіннің негізгі мазмұнын түсіну, ақпараттың өзектілігін анықтау	Білім алушылар тыңдалған мәтіннің негізгі мазмұнын түсіну арқылы ақпараттың өзектілігін анықтауға үйренеді.
5-сынып	5.Ж2 Эссе құрылымын сақтай отырып, адамды, табиғатты, белгілі бір оқиғаны сипаттап жазу.	Дәстүрлі оқытуда эссе жазбайтын, ал жаңартылған білім беруде эссе жазу - білім алушылардың негізгі дағдысының бірі. Бұрын жазба жұмыстардың жиі қолданылатын түрі – шығарма, диктант, мазмұндама. Қазір білім алушылар эссе құрылымын сақтап, яғни кіріспе, негізгі бөлім және қорытынды бөлімнен тұратын жазба жұмыс түрін жазып үйренуде.
	5.T2 Тыңдалған мәтіннің негізгі мазмұнын түсіну және нақты ақпаратты анықтау	Дәстүрлі білім беруде тыңдалым тапсырмалары мүлде болған жоқ. Жаңартылған білім мазмұнында тыңдалымды дамытуға көп көңіл бөлінеді. Сонымен бірге тыңдалған мәтін бойынша білім алушы түсінік

		алып, ақпаратты анықтап, тапсырмалар орындауға бейім болу керек.
	5.Ж4 Мәліметтерді жинақтай отырып, тақырып бойынша постер жасау.	Дәстүрлі білім беруде постер жасалмайтын. Постер – өте тиімді жұмыс түрі, себебі білім алушы ақпарат жинап, өз білімін шығармашылықпен жеткізе алады.
	5.Ж1 Ресми стильдің тілдік ерекшеліктері мен талаптарын дұрыс қолдана отырып, хабарлама, хабарландыру, хат жазу	Жаңартылған білім мазмұнында хат, хабарлама, хабарландыру жазу 5-сынып білім алушысына мақсат ретінде қойылып отыр. Дәстүрлі оқытуда ісқағаздардың түрлерін жазу жоғары сыныптарда басталатын.
	5.Т6 тыңдалым материалдарының мазмұны негізінде сұрақтарға жауап беру.	Дәстүрлі білім беруде тыңдалым тапсырмалары мүлде болған жоқ. Жаңартылғанда тыңдалымды дамытуға көп көңіл бөлінеді.

Ә) Әр сынып бойынша білім алушылардың жас ерекшелігіне сай келмейтін, күрделі саналатын оқу мақсаттарына мысал келтіріңіз.

65-кесте

Сыныбы	Оқу мақсаты	Себебі
5-сынып	5.А4 Шағын көлемді мәтіндердің мазмұнына жоспар құру, соған сүйеніп баяндау	Мәтіннің мазмұны күрделі, мазмұнын дұрыс түсінбегендіктен, ынта қойып оқымағандықтан, әрі қарай дұрыс әрекет ете алмайды.
6-сынып	6.4.3.1 жазба жұмыстарында теңеу, эпитет сөздерді қолданып жазу	Теңеу, эпитеттің мағынасын толықтай түсінбейді.
7-сынып	7.Ж2 Эссе құрылымы мен дамуын сақтап, көтерілген мәселе бойынша келісу-келіспеу себептерін айқын көрсетіп жазу	Сөздік қорының аздығынан, көтерілген мәселені ашып жаза алмайды.
9-сынып	8.2.4.1 идеялық жағынан ұқсас мәтіндердегі оқиғалар желісіне бақылау жасай отырып, мазмұнның дамуын салыстыру және талдау	Тілдік қорының аздығынан салыстырып, талдай алмайды
10-сынып	10.4.3.1 шығармашылық жазба жұмыстарында көркемдегіш құралдар мен айшықтау амалдарын тиімді қолданып жазу	Уақыттың тығыздығына байланысты өз ойларын толық жеткізе алмайды.
11-сынып	11.2.5.1 көпшілік алдында сөз сөйлеуде маңызды орын алатын тілдік (вербалдық) және бейвербалдық элементтерді қолданып, сенімді және еркін сөйлеу	Тілді толық білмегендіктен еркін сөйлей алмайды және тілдік ортаның болмауы
5-сынып	Об Тақырып бойынша үйренген	Білім алушылардың кейбіреуі тақырып

	сөздерін қолдана отырып, мәтінде көтерілген мәселеге өз көқарасын білдіру	бойынша үйренген сөздерін қолдана отырып, мәтінде көтерілген мәселеге өз көқарасын білдіруде қиналады
	5.06 Тақырып бойынша үйренген сөздерін қолдана отырып, мәтінде көтерілген мәселеге өз көқарасын білдіру.	Мемлекеттік тілде өзге ұлтты білім алушыларға мәтінде көтерілген мәселе бойынша өз көқарасын айту өте қиын. Клише қолдану арқылы білім алушыларға үйретуге болады.
8-сынып	8.3.2.1 публицистикалық стильдің (мақала, интервью, қысқа очерк, жолдаулар) тілдік ерекшеліктері арқылы мәтіндердің жанрын анықтау	Дәстүрлі білім беруде орта буын бағдарламасында стильге байланысты мақсат кездеспеген, тек жоғары сыныптарда болатын. Жаңартылған мазмұнда стильдік ерекшеліктеріне байланысты мақсаттар жиі кездеседі. Жазба жұмыстары да стиль жағынан күрделі түрде берілген. Кей-кезде қиындық келтіреді.
6-сынып	6.2.4.1 Шағын көлемді мәтіндегі жеке эпизодтарды сипаттау және тілдік ерекшелігіне салыстыру жасау	Эпизодтарды сипаттау білім алушыларға қиындық келтіреді
	6.4.2.1-Эссе тақырыбының желісінен шықпай, әрбір абзацты жүйелі құрастырып, қажетті мазмұнын ашып жазу	Эссе жазуда ойын еркін, ұтымды, көркем жеткізуде қиыншылықтар болады.
	6.3.2.1 ресми стильдегі мәтіндердің стильдік ерекшелігін анықтау (өмірбаян, түйіндеме)	Білім алушыларға ресми стильді сақтап өмірбаян, түйіндеме жазу қиынға соғады.
4-сынып	Қажетті ақпараттарды табу үшін түрлі дереккөздерді (сөздіктерді, инфографикалар, энциклопедиялар, ғаламтор) қолдана білу	Бұл жерде басқа ақпараттарды іздегенше, бар ақпаратты оқып тілін жаттықтырса жеткілікті.
5-сынып	Білімді сыныптастарына түсіндіріп оқулықтан тыс ресурстар қоса алады.	Мәтінді түсіндірсе жақсы, бірақ сөзден сөз тіркесін, сөз тіркесінен сөйлемді құрастыра білсе жақсы болар еді
6-сынып	Мәтіндердің тақырыбына, мазмұндық құрылымына сүйене отырып, түрлерін салыстыру	6-сынып білім алушысына мәтінді мазмұндық құрылымына сай салыстыру оңай емес
5-сынып	О1 Эссе құрылымын сақтай отырып, адамды, табиғатты, белгілі бір оқиғаны сипаттап жазу	Бұл оқу мақсаттары 5-сыныптың 1-тоқсанында, білім алушылар 5-сыныпқа жаңа келді, эссені 4-сыныпта жазбайды, сондықтан эссе орнына шағын әңгіме деп алу керек деп ойлаймын. Ресми стиль, мекен, мезгіл үстеуді ажырату осы 5-сыныпта қиындық туғыза ма деп ойлаймын. Оқулықтарда грамматикаға, яғни ережелерге мән берілмеген, жүйе жоқ, бір тақырыптан екінші бір грамматикалық тақырыпқа жүйелі түрде келу жоқ.

8-сынып	8.2.4.1 идеялық жағынан ұқсас мәтіндердегі оқиғалар желісіне бақылау жасай отырып, мазмұнның дамуын салыстыру және талдау.	Мен 8-сынып арнайы білім беру қажеттіліктері бар (ОВР) сыныптарына сабақ беремін, сондықтан осы оқу мақсаттары бұл білім алушыларға қиындық туғызады, мәтіннің идеясын анықтау үшін оны түсіну керек, яғни аудару, бұл жұмыс тек мұғалім көмегімен жүреді, сондықтан өздеріне салыстыру және талдау да қиын.
7-сынып	7.06. Тақырып бойынша деректер қолдана отырып мәтінде көтерілген мәселеге өз ойын дәлелдеп жеткізу	Берілген мәселеге өз ойларын жеткізуі мүмкін, бірақ дәлелдеп жеткізу тек жоғары деңгейлі білім алушылардың ғана қолынан келуі мүмкін, ал салалас құрмалас сөйлемдер құрау осы сынып жас ерекшеліктеріне қиын деп ойлаймын, бұрынғы бағдарлама бойынша құрмалас сөйлемдерді тілді жақсы меңгеріп, түсінетін дәрежеге жеткен кезде, яғни 9-11-сыныптарда өтуші еді.
5-сынып	5.Ж1 Ресми стильдің тілдік ерекшеліктері мен талаптарын дұрыс қолдана отырып, хабарлама, хабарландыру, хат жазу.	Ресми стильдің тілдік ерекшеліктерінің дұрыс қолдана білуіне нақты қағида жоқ.
	5. Ж2. Эссе құрылымын сақтай отырып, адамды, табиғатты белгілі бір оқиғаны сипаттап жазу.	Дәстүрлі білімдегі шығарма түріне ауысқан. Эссе 5-сыныпқа қиындық тудырады.
	5.Ж1. Ресми стильдің тілдік ерекшеліктері мен талаптарын дұрыс қолдана отырып, хабарлама, хабарландыру, хат жазу.	Білім алушыларға ресми стильді сақтап хабарлама жазу қиынға соғады.
	5.Т4 Фольклорлық және шағын көлемді көркем әдеби мәтіндердің мазмұнын түсіну	Фольклорлық, әдеби шығармалардағы көнерген, архаизмы бар мәтінді түсіну қиынға соғады.
	5.Ж2 Эссе құрылымын сақтай отырып, адамды, табиғатты, белгілі бір оқиғаны сипаттап жазу	Білім алушыларға эссе жазуда, ойын еркін, ұтымды, көркем жеткізуде қиыншылықтар болады.
	5.Ж1 Ресми стильдің тілдік ерекшеліктері мен талаптарын дұрыс қолдана отырып, хабарлама, хабарландыру, хат жазу.	Берілген оқу мақсаттары білім алушылар үшін күрделі. Сонымен қатар олардың жас ерекшелігіне сай емес. Стильдер, мәтіннің тілі, ресми ісқағаздар үлгілерін жазу 5-6-сынып білім алушысы үшін күрделі. Олар үшін жалпы стиль ұғымының өзі күрделі.
	5.Ж3 Жазба жұмыстарында сипаттау, бейнелеу құралдарын қолданып жазу.	
6-сынып	6.3.5.1 қосымша ақпарат көздерінен тақырыпқа байланысты мәліметтерді мәтін	

	мазмұнымен салыстыру, қарама-қайшы ақпараттарды анықтау	
	6.3.2.1 ресми стильдегі мәтіндердің стильдік ерекшелігін анықтау (мінездеме);	
	6.2.4.1 шағын көлемді мәтіндегі жеке эпизодтарды сипаттау және тілдік ерекшелігіне салыстыру жасау	
	6.3.2.1 ресми стильдегі мәтіндердің стильдік ерекшелігін анықтау (түсініктеме)	
	6.4.1.1 – мәтіндердің стильдік ерекшелігін сақтай отырып, түсініктеме жазу	
5-сынып	5.Ж2 эссе құрылымын сақтай отырып, адамды, табиғатты, белгілі бір оқиғаны сипаттап жазу	Әдістемелік-нұсқаулық хатта берілген эссе көлемі, сөз саны күрделі берілген.
6-сынып	6.2.1.1 тура және ауыспалы мағынадағы сөздерді қолдану, ойын әсерлі, мазмұнды жеткізу	Сөздердің негізгі мағынасында шатасады, ауыспалы мағынада айтылған сөздерді тілекелей аудару арқылы ауыспалы мағынада қолданылып тұрған сөзді түсінбей қалады
	6.5.1.5 етістіктің шақтарының (нақ осы шақ) қызметін білу, ауызша және жазба жұмыстарда қолдану	Ауызша және жазбаша сөйлеуде етістіктің шақтарын таңдау, тиісті шақта қолдану қиындық туғызады.
7-сынып	7Об. Тақырып бойынша деректер қолдана отырып, мәтінде көтерілген мәселеге өз ойын дәлелдеп жеткізу	Өз ойын жеткізу барысында сөздік қорларының аздығы байқалады.
	7Т2.Тыңдалған мәтіннің негізгі мазмұнын түсіну, ақпараттың өзектілігін анықтау.	Ақпараттың өзектілігін мұғалімнің жетелеуші сұрақтары арқылы ғана анықтай алады.
5-сынып	5.Ж1. Ресми стильдің тілдік ерекшеліктері мен талаптарын дұрыс қолдана отырып, хабарлама, хабарландыру, хат жазу.	Білім алушыларға ресми стильді сақтап хабарлама жазу қиынға соғады.
3-сынып	3.1.3.1 тыңдаған мәтіннің мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беру, сюжет желісі бойынша иллюстрацияларды орналастыру, кесте толтыру;	Қазақ тілін білмейтін білім алушы мәтінді тыңдап, сол бойынша жұмыс жүргізе алмайды. 3-сынып білім алушылары кішкентай болғандықтан оқиға желісін сақтай отырып, мазмұндау қиынға соғады. Сөздік қорлары аз, оқиғалар ретін анықтау қиындық туғызады, себебі мәтінді толық қазақ тілінде түсінбейді, естеріне сақтамайды. Жақсы оқитын бала бір сөзбен ғана
	3.2.4.1 жоспар (сурет, сызба түрінде) және тірек сөздер негізінде оқиға желісін сақтай отырып мазмұндау; 3.2.5.1 оқылған/тыңдаған материал бойынша өз пікірін	

	(менің ойымша ..., менің көзқарасым бойынша ..., себебі ...) дәлелдеу; 4) 3.1.4.1 тыңдаған мәтіннің тақырыбын, жағымды және жағымсыз кейіпкерлерді, мұғалімнің қолдауымен оқиғалар ретін анықтау	жауап береді, сөйлем құрап айта алмайды. Аудио/бейне материалдардан тірек сөздерді атаулары мүмкін, бірақ мазмұнын айту өте қиын.
7-сынып	7.Ж3.Жазба жұмыстарында теңеу мен метафораны қолданып жазу. 7.О4. Мәтіндердің идеясын, мақсатты аудиториясын салыстырып, талдау жасау.	Теңеу мен метафораны қолданып жазу үшін сөздік қоры бай болу керек. Бұл орыс сыныбында мүмкін емес.
10-сынып	10.1.6.1 көтерілген мәселе бойынша әртүрлі дереккөздерден алынған мәтіндерді тыңдау және салыстыру, өз көзқарасын аргументтер негізінде дәлелдеу.	Бұл жұмысты тек бір білім алушы ғана мұғалімнің көмегімен орындай алуы мүмкін. Өз көзқарасын дәлелдеу үшін тағы да сөздік қоры мол болуы керек.
	10.4.5.1 ғылыми-көпшілік және публицистикалық стильдегі мәтіндерден негізгі ұғымдарды анықтай отырып, жинақы мәтін (компрессия) құрастыру.	Білім алушылар бұл мақсат бойынша тек сөздіктің көмегімен жұмыс жасай алады.
5-сынып	О1 Эссе құрылымын сақтай отырып, адамды табиғатты, белгілі бір оқиғаны сипаттап жазу	Эссе құрылымын толықтай меңгермеген білім алушы және де 5-сыныптың білім алушысына қиынға соғары анық.
	5.3.3.1-фольклорлық және шағын көлемді көркем әдеби шығармаларды түсіну, тақырыбын анықтау; 5.4.4.1-ресми стильдің тілдік ерекшеліктері мен талаптарын дұрыс қолдана отырып, хабарландыру жазу	5-сынып үшін қиын, себебі жас ерекшелігіне сай емес.
7-сынып	7.Ж2. Эссе құрылымы мен дамуын сақтап, көтерілген мәселе бойынша келісу-келіспеу себептерін айқын көрсетіп жазу.	Орыс сыныбында оқитын бала үшін-бұл күрделі. Өйткені, білім алушы сыни пікірді қазақша жаза алмайды. Бір нәрсеге келісу немесе келіспеу үшін оған сыни көзқараспен қарау керек.
6-сынып	6.4.21- эссе тақырыбының желісінен шықпай, әр абзацты жүйелі құрастырып, мазмұнын ашып жазу.	Білім алушылардың сөздік қорының жетіспеушілігі, эссе құрылымын сақтамауы.
	6.4.3.1- жазба жұмыстарда теңеу, эпитет сөздерді қолдану.	Білім алушының теңеу, эпитет сөздерді анықтай білмеуі, мағынасын түсінбеуі.
	6.3.3.5- қосымша ақпарат көздерінен тақырыпқа байланысты мәліметтерді мәтін мазмұнымен салыстыру, қарама-	Бір сабақта білім алушылардың мәтін мазмұны мен қосымша ақпарат көзінен алынған мәліметті салыстырып, қарама-қайшы ақпаратты анықтауы

	қайшы ақпаратты анықтау.	мүмкін емес.
	6.3.2.1- мәтіндердің тақырыбына, мазмұндық құрылымына сүйене отырып, түрлерін салыстыру.	Білім алушылар өз бетімен сабақ барысында екі мәтінді оқып, мазмұнын толық түсініп үлгермеуі, мәтін түрлерін салыстыру барысында сөздік қорының жетіспеушілігі.
	6.2.4.1-шағын мәтіндегі жеке эпизодтарды сипаттап, тілдік ерекшеліктерін салыстыру.	Білім алушыларға мәтіннің тілдік ерекшеліктерін салыстыру қиын.
	6.2.1.1-тура және ауыспалы мағынадағы сөздерді қолдану, ойын әсерлі, мазмұнды жеткізу	Білім алушылар ауыспалы мағынадағы сөздерді білмейді, сондықтан мақсат күрделі.
8-сынып	8.2.1.1- тұрақты тіркестер мен көркемдегіш құралдарды қолданып, ауызша мәтіндер құрау.	Білім алушыларға тұрақты тіркестер мен көркемдегіш құралдарды ауызша мәтіндер құрауда қолдану қиын.
	8.3.6.1- тақырып бойынша бірнеше мәтінде көтерілген мәселелерді салыстыра отырып, баға беру.	Білім алушылар бір мәтінді әрең түсінеді, сөйлейтін орта жоқ болғандықтан, ойлау, есте сақтау қабілеттері де төмен.
	8.4.2.1- эссе құрылымы мен дамуын сақтап, тақырыпқа байланысты берілген мәселенің оңтайлы шешілу жолдарын ұсыну.	8-сынып білім алушыларына эссе жазу қиындық туғызады.
	8.1.6.1- тыңдалым материалдарының мазмұны негізінде деректерді келтіре отырып, дәлелді жауап беру.	Тыңдалған мәтінді білім алушылардың көпшілігі түсінбейді, деректерді қолданып, дәлелді жауап арқылы айта алмайды.
5-сынып	5.Ж1 Ресми стильдің тілдік ерекшеліктері мен талаптарын дұрыс қолдана отырып, хабарлама, хабарландыру, хат жазу.	Ресми стильдің тілдік ерекшеліктерінің дұрыс қолдана білуіне нақты қағида жоқ. Бұл оқытуда қиындық келтіреді.
6-сынып	6.2.4.1 - шағын көлемді мәтіндегі жеке эпизодтарды сипаттау және тілдік ерекшелігіне салыстыру жасау.	Басқа ұлт өкілдері үшін қиындық туғызады және қиын тапсырма білім алушының қызығушылық қабілетін төмендетеді
5-сынып	Ж2 Эссе құрылымын сақтай отырып, адамды, табиғатты, белгілі бір оқиғаны сипаттап жазу.	5-сынып білім алушылары үшін эссе жазу қиындық туғызады, себебі сөздік қор аз және ауызекі сөйлеу тілі қалыптасуға уақыт қажет.
9-сынып	9.3.2.1- ғылыми стильде жазылған еңбектердің тілдік және жанрлық ерекшелігін анықтап, талдау жасау. 9.4.2.1- эссе құрылымы мен дамуын сақтап, мәселе бойынша ұсынылған шешімнің артықшылығы мен	Орыс тілді білім алушылар үшін оқу мақсаты күрделі. Шығарманың жанрын анықтағанымен тілдік ерекшелігін анықтау қиындық туғызады. Менің ойымша, жалпы басқа ұлт өкілдері үшін эссе сөзінің орнына жазба жұмысы

	кемшілік тұстарын салыстыра отырып, өз ойын дәлелдеп жазу	немесе басқа тапсырмалармен ауыстырылса. Осы оқу мақсаты кезінде байқағаным, білім алушының көңіл-күйі күрт төмендеп, өз-өзіне сенімсіздік пайда болады.
6-сынып	6.3.5.1 - қосымша ақпарат көздерінен тақырыпқа байланысты мәліметтерді мәтін мазмұнымен салыстыру, қарама-қайшы ақпараттарды анықтау.	Мысалы, «М.Әуезов «Абай жолы» «Қайтқанда» тарауынан үзінді» тақырыбында өтетін сабаққа түсініктеме: 1. «Абай жолы» романынан үзінді 6-сыныптың өзге ұлт білім алушысына түсіндіруге ауыр тақырып. 2. Білім алушы осы тақырыпқа байланысты қосымша ақпараттар ізденіп, оны мәтінде берілген ақпаратпен салыстыра білуі қиын деп санаймын. 3. Салыстыра отырып, оған қарама-қайшы ақпараттарды анықтауы мүлдем қиынға соғады. Бұл мақсатты қазақ мектептерінің орта, жоғарғы буындарында жүргізуге болар еді.
8-сынып	8.2.4.1 идеялық жағынан ұқсас мәтіндердегі оқиғалар желісіне бақылау жасай отырып, мазмұнның дамуын салыстыру және талдау	Бұл мақсатта білім алушы екі немесе одан да көп мәтіндердің мазмұнын білуі, идеялық талдауын жасай алуы, оқиғаларының желісін анықтауы, мазмұнының дамуын салыстыруы, талдау жасауы тым күрделеніп алынған сияқты.
9-сынып	9.3.3.1 прозалық және поэзиялық шығармалардағы автордың ойы мен көтерілген мәселені анықтап, оқырманға әсерін бағалау.	Мысалы, «Көшпенділердің мәдениеті» деген тақырып бойынша автордың ойын, көтерген мәселесін анықтады делік. Ал оқырманға әсерін білім алушы қалай бағалайды? Меніңше, мақсаттарды қойғанда осы тұс дұрыс ойластырылмаған сияқты?..
10-сынып	Айтылым. 3. Орфоэпиялық нормаларды сақтау. 10.2.3.1. Сөйлеу ағымындағы интонацияның құрамдас бөліктері: әуен, әуез, тембр, қарқын, кідірісті сөйлеу мәнеріне сай қолдану.	Өзге тілді балалардың әуен, әуез, тембр, қарқын, кідірісті сөйлеу мәнеріне сай қолдану дағдыларын жеткілікті деңгейде қалыптастыру қиын.
11-сынып	Айтылым. 3. Орфоэпиялық нормаларды сақтау. 11.2.3.1. Сөйлеу ағымындағы интонацияның құрамдас бөліктері: әуен, әуез, тембр, қарқын, кідірісті сөйлеу мәнеріне сай қолдану.	Өзге тілді балалардың әуен, әуез, тембр, қарқын, кідірісті сөйлеу мәнеріне сай қолдану дағдыларын жеткілікті деңгейде қалыптастыру қиын. Тілді меңгергенімен, акцентпен, жаттанды, шаблонмен сөйлеу әлі орын алады.
6-сынып	Тақырыбы: Тауда түнедік. 6.2.6.1-Сюжетті суреттердің желісі бойынша әңгіме	6 сынып білім алушылары суретке қарап әңгіме құрағанда теңеу мен эпитет сөздерін қолдануда қиналады.

	құрастыру, жазба жұмыстарында теңеу, эпитет сөздерін қолданып жазу.	
	Тақырыбы: «Мәңгілік ел» ескерткіші нені бейнелейді? 6.3.2.1-ресми стильдегі мәтіндердің стильдік ерекшелігін анықтау.	Білім алушыларға ескерткіш туралы мәлімет алса жеткілікті.
	Тақырыбы: Кім пайдалы? Кім мықты? 6.2.4.1 - шағын көлемді мәтіндегі жеке эпизодтарды сипаттау және тілдік ерекшелігіне салыстыру жасау; 6.3.2.1 - ресми стильдегі мәтіндердің стильдік ерекшелігін анықтау	Мәтіндегі эпизодтарды сипаттай алса жеткілікті.
	Тақырыбы: . Ә. Ысқақ «Күн ұлымын» 6.2.6.1 - тірек сөздерге сүйеніп, сюжетті суреттердің желісі бойынша әңгіме құрастыру; 6.3.3.1 - орта көлемді шығармаларды түсіну, тақырыбы мен негізгі ойды анықтау;	Шығарманың тақырыбы мен негізгі ойын анықтап берсе болды деп ойлаймын.
	Ө.Тұрманжанов «Қарлығаш» өлеңі 6.1.4.1 - әңгіме, хикаялардың және шағын поэзиялық шығармалардың мазмұнын талдай отырып кейіпкерлерге сипаттама жасау 6.3.1.1 - мәтіндегі негізгі және жанама ақпаратты анықтау, өмірдегі кейбір жағдаяттармен байланыстыру;	Өлеңдегі кейіпкерлерді сипаттай келе, мазмұнын түсіну.
7-сынып	Тақырыбы: Уақыт – сый. Т1. Мәтін үзінділері арқылы оқиғаның дамуын болжау. 7.А5.Диалогке қатысушылар коммуникативтік жағдаяттың талаптарына сай «сөйлеуші →тыңдаушы» позицияларын еркін	Уақытын үнемдей білуге дағдыландыру, диалог құрастыра білу жеткілікті.
	Тақырыбы: Майкл Х.Харт. Альберт Эйнштейн. Т3.Әлеуметтік - мәдени тақырыптарға байланысты қажетті сөздер мен сөз тіркестерінің мағынасын түсіну 7.А5. Диалогке қатысушылар коммуникативтік талаптарына сай «сөйлеуші →тыңдаушы» позицияларын еркін ауыстыру.	Өмірбаяндарымен танысып, сөз тіркестерінің мағынасын түсінсе болды.

	7.Т3 Мәтін үзінділерін тыңдай отырып, оқиғаның дамуы мен аяқталуын болжау	Кейбір білім алушыларға сөздік қорларының аздығынан, сөздердің орын тәртібінен қиналатындығынан қиындық туғызады
5-сынып	5.А4 Шағын көлемді мәтіндердің мазмұнына жоспар құру, соған сүйеніп баяндау	Мәтіннің мазмұнын дұрыс түсінбегендіктен, ынта қойып оқымағандықтан, әрі қарай дұрыс әрекет ете алмайды.
6-сынып	6.4.3.1 жазба жұмыстарында теңеу, эпитет сөздерді қолданып жазу	Теңеу, эпитеттің мағынасын толықтай түсінбейді.
7-сынып	7.Ж2 Эссе құрылымы мен дамуын сақтап, көтерілген мәселе бойынша келісу-келіспеу себептерін айқын көрсетіп жазу	Сөздік қорының аздығынан, көтерілген мәселені ашып жаза алмайды.
9-сынып	8.2.4.1 идеялық жағынан ұқсас мәтіндердегі оқиғалар желісіне бақылау жасай отырып, мазмұнның дамуын салыстыру және талдау	Тілдік қорының аздығынан салыстырып, талдай алмайды
10-сынып	10.4.3.1 шығармашылық жазба жұмыстарында көркемдегіш құралдар мен айшықтау амалдарын тиімді қолданып жазу	Уақыттың тығыздығына байланысты өз ойларын толық жеткізе алмайды.
11-сынып	11.2.5.1 көпшілік алдында сөз сөйлеуде маңызды орын алатын тілдік (вербалдық) және бейвербалдық элементтерді қолданып, сенімді және еркін сөйлеу	Тілді толық білмегендіктен еркін сөйлей алмайды және тілдік органың болмауы
5-сынып	Об Тақырып бойынша үйренген сөздерін қолдана отырып, мәтінде көтерілген мәселеге өз көқарасын білдіру	Білім алушылардың кейбіреуі тақырып бойынша үйренген сөздерін қолдана отырып, мәтінде көтерілген мәселеге өз көқарасын білдіруде қиналады
6-сынып	5.6.1 тыңдалым материалдарының мазмұны негізінде шынайы өмірмен байланыстырып жауап беру	Білім алушылардың көпшілігі тыңдалым материалдарының мазмұны негізінде шынайы өмірмен байланыстырып жауап беруге талпынады, бірақ қиналады.
7-сынып	Т2. Тыңдалған мәтіннің негізгі мазмұнын түсіну, ақпараттың өзектілігін анықтау	Білім алушылар тыңдалған мәтіннің негізгі мазмұнын түсіну арқылы ақпараттың өзектілігін анықтауға үйренеді, қиындығы бар.
8-сынып	8.3.2.1 публицистикалық стильдің (мақала, интервью, қысқа очерк, жолдаулар) тілдік ерекшеліктері арқылы мәтіндердің жанрын анықтау	Дәстүрлі білім беруде орта буын бағдарламасында стильге байланысты мақсат кездеспеген, тек жоғары сыныптарда болатын. Жаңартылған мазмұнда стильдік ерекшеліктеріне байланысты мақсаттар жиі кездеседі. Жазба жұмыстары да стиль жағынан күрделі түрде берілген.
8-сынып	8.3.2.1 публицистикалық	Мысалы, « Мұнай»/70б,1-т/ тақырыбын

	стильдің (мақала, интервью, қысқа очерк, жолдаулар) тілдік ерекшеліктері арқылы мәтіндердің жанрын анықтау	оқып, мұнай туралы мәтінінің стилін анықтайды. Білім алушыға қызықсыз.
6-сынып	6.2.4.1 Шағын көлемді мәтіндегі жеке эпизодтарды сипаттау және тілдік ерекшелігіне салыстыру жасау	Эпизодтарды сипаттау білім алушыларға қиындық келтіреді
	6.4.2.1-Эссе тақырыбының желісінен шықпай, әрбір абзацты жүйелі құрастырып, қажетті мазмұнын ашып жазу	Эссе жазуда ойын еркін, ұтымды, көркем жеткізуде қиыншылықтар болады.
	6.3.2.1 ресми стильдегі мәтіндердің стильдік ерекшелігін анықтау (өмірбаян, түйіндеме)	Білім алушыларға ресми стильді сақтап өмірбаян, түйіндеме жазу қиынға соғады.
2-сынып	мұғалімнің көмегімен сөздік, анықтамалықтардан қажетті ақпаратты табу	2-сынып материалды енді меңгеріп жатыр, сол себепті қосымша ақпараттардың көптігі қажет емес.
4-сынып	Қажетті ақпараттарды табу үшін түрлі дереккөздерді (сөздіктерді, инфографикалар, энциклопедиялар, ғаламтор) қолдана білу	Бұл жерде басқа ақпараттарды іздегенше, бар ақпаратты оқып тілін жаттықтырса жеткілікті.
5-сынып	Білімді сыныптастарына түсіндіріп оқулықтан тыс ресурстар қоса алады.	Мәтінді түсіндірсе жақсы, бірақ сөзден сөз тіркесін, сөз тіркесінен сөйлемді құрастыра білсе жақсы болар еді
6-сынып	Мәтіндердің тақырыбына, мазмұндық құрылымына сүйене отырып, түрлерін салыстыру	6-сынып білім алушысына мәтінді мазмұндық құрылымына сай салыстыру оңай емес
5-сынып	О1 Эссе құрылымын сақтай отырып, адамды, табиғатты, белгілі бір оқиғаны сипаттап жазу	Бұл оқу мақсаттары 5-сыныптың 1-тоқсанында, білім алушылар 5-сыныпқа жаңа келді, эссені 4-сыныпта жазбайды, сондықтан эссе орнына шағын әңгіме деп алу керек деп ойлаймын. Ресми стиль, мекен, мезгіл үстеуді ажырату осы 5-сыныпта қиындық туғыза ма деп ойлаймын. Оқулықтарда грамматикаға, яғни ережелерге мән берілмеген, жүйе жоқ, бір тақырыптан екінші бір грамматикалық тақырыпқа жүйелі түрде келу жоқ.
8-сынып	8.2.4.1 идеялық жағынан ұқсас мәтіндердегі оқиғалар желісіне бақылау жасай отырып, мазмұнның дамуын салыстыру және талдау.	Мен 8-сынып арнайы білім беру қажеттіліктері бар (ОВР) сыныптарына сабақ беремін, сондықтан осы оқу мақсаттары бұл білім алушыларға қиындық туғызады, мәтіннің идеясын анықтау үшін оны түсіну керек, яғни аудару, бұл жұмыс тек мұғалім көмегімен жүреді, сондықтан өздеріне салыстыру және талдау да қиын.
7-сынып	7.06. Тақырып бойынша	Берілген мәселеге өз ойларын жеткізуі

	деректер қолдана отырып мәтінде көтерілген мәселеге өз ойын дәлелдеп жеткізу	мүмкін, бірақ дәлелдеп жеткізу тек жоғары деңгейлі білім алушылардың ғана қолынан келуі мүмкін, ал салалас құрмалас сөйлемдер құрау осы сынып жас ерекшеліктеріне қиын деп ойлаймын, бұрынғы бағдарлама бойынша құрмалас сөйлемдерді тілді жақсы меңгеріп, түсінетін дәрежеге жеткен кезде, яғни 9-11-сыныптарда өтуші еді
5-сынып	5.Ж2 эссе құрылымын сақтай отырып, адамды, табиғатты, белгілі бір оқиғаны сипаттап жазу	Әдістемелік-нұсқаулық хатта берілген эссе көлемі, сөз саны күрделі берілген.
6-сынып	6.2.1.1 тура және ауыспалы мағынадағы сөздерді қолдану, ойын әсерлі, мазмұнды жеткізу	Сөздердің негізгі мағынасында шатасады, ауыспалы мағынада айтылған сөздерді тілекелей аудару арқылы ауыспалы мағынада қолданылып тұрған сөзді түсінбей қалады
	6.5.1.5 етістіктің шақтарының (нақ осы шақ) қызметін білу, ауызша және жазба жұмыстарда қолдану	Ауызша және жазбаша сөйлеуде етістіктің шақтарын таңдау, тиісті шақта қолдану қиындық туғызады.
7-сынып	7.06. Тақырып бойынша деректер қолдана отырып, мәтінде көтерілген мәселеге өз ойын дәлелдеп жеткізу	Өз ойын жеткізу барысында сөздік қорларының аздығы байқалады.
5-сынып	5.Ж1. Ресми стильдің тілдік ерекшеліктері мен талаптарын дұрыс қолдана отырып, хабарлама, хабарландыру, хат жазу.	Білім алушыларға ресми стильді сақтап хабарлама жазу қиынға соғады.
	5.Т4 Фольклорлық және шағын көлемді көркем әдеби мәтіндердің мазмұнын түсіну	Фольклорлық, әдеби шығармалардағы көнерген, архаизмы бар мәтінді түсіну қиынға соғады.
	5.Ж2 Эссе құрылымын сақтай отырып, адамды, табиғатты, белгілі бір оқиғаны сипаттап жазу	Білім алушыларға эссе жазуда, ойын еркін, ұтымды, көркем жеткізуде қиыншылықтар болады.
5-сынып	5.06 Тақырып бойынша үйренген сөздерін қолдана отырып, мәтінде көтерілген мәселеге өз көзқарасын білдіру 5.Ж2 Эссе құрылымын сақтай отырып, адамды, табиғатты, белгілі бір оқиғаны сипаттап жазу. 5.Ж4 Мәліметтерді жинақтай отырып, тақырып бойынша постер жасау. 5.Т4 Фольклорлық және шағын көлемді көркем әдеби мәтіндердің мазмұнын түсіну	Сөздік қорлары аз. Эссе жазулары мүмкін, бірақ құрылымын сақтамайды, себебі тілдері жетпейді. Мәліметтерді жинақтау қиындық туғызады. Әдеби кітаптар оқымайды, қазақша теледидар көрмейді. Қазақша қарым-қатынас жоқ, тіл

	<p>5.А3 Ауызша мәтіндер құрауда қазақ тіліндегі төл дыбыстардың дыбысталуын, үндестік заңын ескеріп айту.</p> <p>5.Т2 Тыңдалған мәтіннің негізгі мазмұнын түсіну және нақты ақпаратты анықтау.</p> <p>5.А5 Берілген сұрақты дұрыс түсініп, лайықты жауап беру, шағын диалогке қатысу.</p>	<p>байлықтары дамымаған.</p> <p>Мәтін қазақша болғандықтан, көп білім алушының тыңдағылары келмейді.</p> <p>Сұрақтың мағынасын түсінбейді.</p>
5-сынып	5.4.2.1. Эссе құрылымын сақтай отырып, адамды, табиғатты, белгілі бір оқиғаны сипаттап жазу.	Берілген оқу мақсаттары білім алушылар үшін күрделі. Сонымен қатар олардың жас ерекшелігіне сай емес. Стильдер, мәтіннің тілі, ресми іс-қағаздар үлгілерін жазу 5-сынып білім алушысы үшін күрделі. Олар үшін жалпы стиль ұғымының өзі күрделі.

Б) Оқулықта білім алушылардың жас ерекшелігіне, деңгейіне, түсінуіне күрделі саналатын оқу тақырыптары туралы пікіріңіз (оқулық атауы, баспасы, шыққан жылы, беті) (сынып бойынша, оқулық беті, мәтін тақырыбы немесе мәтін мазмұны)

66- кесте

Сыныбы	Тақырыбы, мәтін мазмұны	Себебі
5-сынып	Тоқта,ботам! Атаң келеді артыңда... 16 бет 4-тапсырма	Өлең 5-сыныпқа өте күрделі
11-сынып	Кедейлік неден туады? Наноспутник жасаған ғалымдар Жаһандық миграция деген не?	Берілген тақырыптар ауыстырылса, себебі қазақ тілі мен әдебиет пәніне қатысы жоқ.Тарих, география пәндерінен өтілетін тақырыптар деп ойлаймын.
7-сынып	Майкл Х.Харт.Альберт Эйнштейн 132 бет	Бұл тақырып та дәл солай?! Ақын,батырларымыз туралы жазылса, нұр үстіне нұр болар еді
6-сынып	М.Жұмабаевтің «От» өлеңі	Ақынның өлеңі білім алушылардың қабылдауына өте ауыр, ақынның ойын білім алушы өз сөзімен айта алмайды.
6-сынып	Әкім Ысқақ «Күн ұлымын» (110, 111-беттер)	Өлең мазмұнын білім алушылар өз бетімен түсіне алмайды.
	Дүкенбай Досжан «Жібек жолы» (үзінді) (28, 29-беттер)	Романнан алынған үзінді білім алушылардың қабылдауына өте ауыр, мазмұнын баяндап айту қиын.
	«Отырарлық ғалым»	Романнан алынған үзіндіні оқып

	(31-бет) тақырыбы бойынша 3-тапсырма (32-бет) романнан алынған үзіндіні оқып түсіну және мазмұнын айту білім алушыларға қиындық түсіреді.	түсіну және мазмұнын айту білім алушыларға қиындық түсіреді. Бұл тапсырма білім алушылардың жас ерекшелігіне сәйкес емес.
5 -сынып , 74-76-бет	Көшпенділер туралы түсінік	Мәтін өте көлемді. Білім алушылардың есінде қалатындай ғана шағын мәтін керек және есімдіктің түрлеріне мысалдар келтіре кетсе.
7-сынып 56-59-бет	Ғаламдық экология мәселелері.	Білім алушыға берілген мәтін үлкен және тапсырмаларды азайтса.
69-73-бет	Ауыз су қоры не себепті азаятынын білесің бе?	Бұл жерде ауыз суды үнемдеуге шақыратын, ысырап етуге болмайтыны туралы мәтін болса. 70 беттегі диалогтің орнына.
101-103-бет	Б. Ұзақов «Жантаза»	102 беттегі мәтінмен жұмыста тапсырма түрлерін өзгерту керек. Білім алушыларға қызықсыз.
5-сынып	Уа, еркіндік! Сенсің менің ең ғажайып өлеңім. 40 бет Көкжиек-Горизонт 2017ж	Білім алушылардың жас ерекшеліктеріне сай келмейді. Сөздері дыбысталуына ауыр, және мәтінді қабылдауға қиындық тудырады.
	Сырдың сұлу өзеңі 108 бет Көкжиек-Горизонт 2017ж	Мәтінді жалпы түсінуіне пассивті сөздің мағынасын түсіндіру өте ауыр.
7 -сынып	Мен жастарға сенемін 107 б Көкжиек-Горизонт 2017ж	Білім алушылардың жас ерекшеліктеріне сай келмейді. Сөздері дыбысталуына ауыр, және мәтінді қабылдауға қиындық тудырады.
5-сынып	Оқулықтағы тақырыптар өмірде қолданысына қажетті, тек кейбір мәтіндердің көлемі үлкен және білім алушының түсінуіне қиындық тудыратын сөздер кездеседі, мысалы: 2-бөлім 94-бет(қолағаштай мұрыны, алдымен шыққан қасқа) «Көкжиек-Горизонт»2017	Бұл сөздер күнделікті өмірде қолданыста жоқ сөздер.
6-сынып	Алынған тақырыптар дұрыс таңдалған, бірақ ішінара берілген мәтіндер білім алушының өз бетімен түсінуіне қиындық туғызады. 2-бөлім, 5,9-беттегі мәтіндер Көкжиек-Горизонт 2018	Өтілмеген сөздер және сирек қолданыстағы сөздер кездеседі.
7-сынып	Ғаламтормен дұрыс жұмыс жасау – мәдениет бөлімінің	Көлемі ұзақ, білім алушының тұрмысына қажет емес ақпараттар.

	тақырыптары білім алушыларға түсініксіз, мәтіндері де жас ерекшеліктеріне сай келмейді. 2-бөлім, 4-23-бет. Көкжиек-Горизонт 2017	
9-сынып	Тақырыптары көңілге қонымды, түсінікті, жас ерекшеліктеріне сай. Көкжиек-Горизонт 2019	Мәтін қызықты, сөздері түсінуге жеңіл.
10-сынып	Тақырыптары қызықты, мәтіндері оқу- танымдық жүйеде құрылған. Көкжиек-Горизонт 2019	Ұлттық компонентке қатысты ақпараттар молынан берілген.
11-сынып	Өмірге қажетті тақырыптар қамтылған, бірақ мәтін көлемі үлкен. Көкжиек-Горизонт 2020	Мәтінді оқып, талдауға көп уақыт кетеді.
8-сынып	1. Жаһандық энергетикалық дағдарыс	Мәтіндері, жалпы тақырыбы, тапсырмалары күрделі
	2. Болашақ энергиясы	Лексикасы, мәтіні орыс тілді білім алушыларға қиындау
	3. Ш.Айтматов «Кассандра таңбасы»	Орыс сыныбының білім алушыларына көркем шығарманың тілі қиын
	4. С.Мұқанов «Саятшы Ораз» әңгімесі	Орыс сыныбының білім алушыларына көркем шығарманың тілі ауыр.
6-сынып Бәйшешек, баспасы «Көкжиек-Горизонт» 2018	М.Әуезов «Абай жолы» «Қайтқанда» тарауынан үзінді. Бет 20.	6-сынып білім алушыларының жас ерекшеліктеріне байланысты мұндай көлемді шығарманы, үзіндісі болса да, әлі ертерек пе деп ойлаймын, тек үзіндісін оқытсақ та жалпы романға шолу жүргізіп айтуға тура келеді, әдеби көркем тілмен жазылған шығармадан гөрі, шағын білім алушылардың өмірімен байланысы бар әңгімелер дұрыс болар деген ой.
	Қуат көзіне не жатады? 68-бет	Бұл тақырыптар жас ерекшеліктеріне сай, дегенмен қазақ тілі сабағы болғандықтан неге осы тақырыптардың орнына қазақ халқының дәстүрлері, тарихы, әдет-ғұрпы т.б. туралы тақырыптарды алмасқа, неге біз қазақ тілі пәнінде физика т.б. пәндердің тақырыбы аясында тапсырмалар орындауға мәжбүрміз.
5-сынып 2-бөлім Көкжиек баспасы.	«Бір атаның балалары» үзінді берілген.	5-сынып білім алушылары үшін мәтін көлемі үлкен.

2017 жыл 94-бет, 3- тапсырма		
5-сынып	«Көшпелілер туралы түсінік» тақырыбы	Мәтіннің тілі күрделі.
	М.Мақатаев «Тоқта, ботам! Атаң келеді артыңда!»	Өлеңнің мағынасы баланың қабылдауына күрделі. Оны өздігінен түсіну мүмкін емес.
6-сынып	Электр энергиясын үнемдейміз	Мәтіндердегі терминдер күрделі
	Ә.Ысқақ «Күн ұлымын»	Білім алушы қабылдауына қиын.
5-сынып	Уа, еркіндік! Сенсің менің ең ғажайып өлеңім!	Қ.Сариннің өлеңі бала түсінігі үшін өте күрделі
6-сынып	Ш.Айтматов «Ана-Жер-Ана»	Повестің әр жерінен алынған үзінділер беріледі. Олар да күрделі. Бас кейіпкердің монологін қабылдау ауыр.
5-сынып	Көшпелілер туралы түсінік 79 бет 11-тапсырма.	Мәтін көлемі жағынан үлкен; тарих пәнінен орыс тілінде ақпарат алмаған болса, қазақ тілінде тақырыпты түсіндіру күрделі.
	Көшпелілер-жауынгер халық	Қазақстан тарихы пәнінен тақырып түсіндірілмесе, қазақ тілінде оқу және түрлі тапсырмалар орындау қиынға соғады
8-сынып	«Мәңгілік ел идеясы» - болашағымыздың бастауы	Қазақ тілін білмейтін білім алушыға өте ауыр.
	«Алашорда» көсемдері	Мәтіндері күрделі жазылған
	Рухани жаңғыру – тарих пен инновацияның сабақтастығы	Мағынасын білім алушыға түсіну қиын
5-сынып	«Көшпелілер туралы түсінік» тақырыбы	Мәтіннің тілі күрделі
	М.Мақатаев «Тоқта, ботам! Атаң келеді артыңда!»	Өлеңнің мағынасы баланың қабылдауына күрделі. Оны өздігінен түсіну мүмкін емес.

Берілген оқу мақсаттары тақырыпқа сай келе ме? Пән мұғалімі ретінде өзіңіздің пікіріңіз? (70-80 сөз)

Сабаққа қойылған мақсатқа жету мұғалімнің шеберлігіне байланысты Бір сабақта 4 дағдыны бірдей қамту мүмкін емес және кей тақырыптарда артық болады. Мысалы, мәтінмен жұмыс жасау кезінде білім алушылар мәтінді оқып, мазмұнын түсініп, негізгі және қосымша ақпараттарды ажыратып, сұрақтарға жауап бере алса, сабақ мақсатына жетеді. Сондықтан бір сабақта бір немесе екі мақсат қою жеткілікті.

Оқулықта берілген тапсырмалар мақсатқа жетуге көмектеседі әрине. Кейбір тапсырмалар талапқа сай болмай жатса, онда ол тапсырманы алмауға да

болады. Яғни сабақтың мақсатына жетуі мұғалім шеберлігіне байланысты.

Сабақта мақсатқа жету үшін Ассоциация, Кластер, Галерея, Аквриум, Үш тақта, Хикая картасы, Рөлдік ойындар, Ыстық орындық, Еркін микрофон, Инсерт, ПОПС формуласы, Бес жолды өлең, АКТ т.б әдіс-тәсілдерді қолданамын.

Сабақ мақсаттарын мұғалім білім алушының деңгейіне, білім алушы сабақта осы мақсатқа жете ала ма деп сұрақ қоя отырып қойса, онда мақсатқа жетеді. Және де мақсат қойылғанда нақтылы мерзімі мен сол мақсатты жүзеге асыратын орынды құралдары (әдіс-тәсілдері, ресурстары) болу керек деп ойлаймын.

Оқу мақсаттары нені оқып-білу және нені бағалай алу керектігін көрсетеді. Егер нәтижесінде неге қол жеткізуіміз керектігін білмесек, оқу мен оқытудың табыстылығын бағалау да мүмкін емес. Бағалау критерийлері оқу мақсатына жетуге бағытталған қадамдар ретінде қарастырылады. Бағалау критерийлерін нақты анықтамай қалыптастырушы бағалауды тиімді жүргізу мүмкін емес. Сабақтың әдістемелік жобасын құру барысында мұғалім белсенді оқу әдістерін ұтымды қолдану арқылы оқу мақсаттарының орындалуына барынша қол жеткізуді ұстанады. Мұнда оқу-танымдық үдерістің табыстылығына әсер ететін ынталандыру, жағымды психологиялық орта орнату, білім алушылардың жеке және жас ерекшеліктерін ескеру сияқты маңызды мәселелерді басты назарға алу керек. Сол себепті жоғарыда көрсеткендей кейбір оқу мақсаттары тақырыпқа сай келмейді немесе күрделі түрде беріледі. Орыс сыныбында отырған бала үшін, бұл әрине қиын, білім алушының қызығушылығы жоғалады.

- Сабаққа қойылған мақсат сөйлеу қызметінің төрт дағдысын (тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым) өз дәрежесінде, толықтай қамтиды ма?

Сабаққа қойылған мақсаттар сөйлеу қызметінің төрт дағдысын (тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым) өз дәрежесінде қамтитындай етіп жасалған. Бірақ 6-сынып білім алушылары үшін эссе тақырыбының желісінен шықпай, әр абзацты жүйелі құрастырып, мазмұнын ашып жазу қиын болады.

- Оқулықтағы берілген тапсырмалар мақсатқа жетуге көмектесе ала ма?

Тапсырмалардың көбі сабақ мақсатын сәйкес жазылғанымен, мақсатқа жетуге мүмкіндік бере бермейді. Кейбір тапсырмалар білім алушылардың орындауына қиынырақ.

- Сабақта мақсатқа жету үшін қандай әдіс-тәсілдерді қолданасыз?

Көптеген әдіс-тәсілдерді қолданамын. Олар «Ой шақыру», «Кластер», «Өрмекші», «Қарлы кесек», «Синквейн», «Сен – маған, мен – саған», «Ыстық орындық», «ПОПС», «Төрт сөйлем» және т.б.

- Сабақ мақсаттарын жетілдіру үшін сіздің ұсынысыңыз.

Білім алушылардың білім деңгейін, жас ерекшеліктерін ескере отырып оқулықты өңдеу.

3. Сабақ барысында қазақ тілі мен әдебиетін оқытуда бағдарлама

мен оқулық арасында тым алшақтық бар деп ойламаймын.

Оқулықтың мазмұны дұрыс, білім алушылардың жас ерекшеліктері сақталған деп ойлаймын.

Мақсаты: ***Сабаққа белсенділігі төмен білім алушымен қандай жұмыстар жүргіземін.***

Үлгерімі төмен білім алушылармен жыл бойы жұмыс жүргізе отырып, қабілеті төмен білім алушылардың жеке тұлғалық мүмкіндіктерін ашуға көмектесу, пәнге деген қызығушылығын арттыру, мемлекеттік білім стандартын меңгертуді алдыма мақсат қылып аламын.

«Қазақ тілі мен әдебиет» пәні бойынша оқу мақсаттары әр сынып деңгейіне сәйкес динамикалық даму бағытында жасалған, біртіндеп ілгерілеуге, жоспарлауға, бағалауға мүмкіндік береді. Сөйлеу қызметінің – тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым дағдыларын қалыптастырамыз, сонымен қатар, білім алушылардың жетістігін бағалаймыз және оқытудың келесі кезеңі туралы ақпарат береміз.

Оқулықтағы тапсырмалардың сапалысы да, сапасызы да кездесетіні анық. Сабақты жоспарлаған кезде осыны ескеремін. Көпшілігінде тапсырмаларды басшылыққа ала отырып, оларды өзгертіп, түрлендіріп, мақсатқа бағыттап, өзім құрастырып беремін.

Сабақта мақсатқа жету үшін «Сын тұрғысынан ойлау» әдістерін кеңінен қолданамын. Мысалы, «Топтау», «Негізгі идеяны суреттеу», «Түртіп алу», «Ойлану, жұпта талқылау», «Болжау», «Әлемді шарлау», INSERT (түртіп алу жүйесі), «Бес жолды өлең», «Венн диаграммасы», «Еркін жазу», «Семантикалық карта», «Т кестесі», «РАФТ», «Ақыл картасы», т.б. пайдаланамын. Оқулықтағы шығармашылық тапсырмаларды да басшылыққа аламын.

Ұсынысым: Оқулықтың сапасы түзелсе екен, сабақ мақсаттары білім алушының сауатты сөйлеуіне, тілдік қорының кеңеюіне бағытталуы керек.

- Оқулық пен үлгілік оқу бағдарламасының арасындағы сабақтастық немесе алшақтық бар деп ойлайсыз ба? Мысал келтіріңіз. (оқулық атауы, баспасы, шыққан жылы, беті)

- Оқулықтағы берілген материалдардың баланың жас ерекшелігіне сәйкестігі (оқулық атауы, баспасы, шыққан жылы, беті)

- Сабаққа белсенділігі төмен білім алушымен қандай жұмыстар жүргізесіз, нәтижесі? (оқулық атауы, баспасы, шыққан жылы, беті)

- Оқулық мазмұны балаға тілді меңгертуде қаншалықты көмек бере алады? (оқулық атауы, баспасы, шыққан жылы, беті)

- Білім алушылар тапсырма орындау барысында кездесетін қиындықтары туралы өз пікіріңізді білдіріңіз (оқулық атауы, баспасы, шыққан жылы, беті)

Менің пікірім:

Қазақ тілі мен әдебиеті. 10-сынып. 1-бөлім. Тіл-байрақ. Көкжиек-Горизонт. 2019 жыл. Оқулық пен үлгілік оқу бағдарламасының тақырыптары бір-біріне сәйкес.

Оқулықтағы берілген материалдары баланың жас ерекшелігіне сәйкес, кәсіби бағытта құрастырылған. Мәтіндер мағынасы, мазмұны заманауи, балаларға жаңа ақпарат беретіндей, танымдық. (Қазақ тілі мен әдебиеті. 10-сынып. 1-бөлім. Тіл-байрақ. Көкжиек-Горизонт. 2019жыл)

Сабаққа белсенділігі мүлдем жоқ білім алушы болмайды. Бірақ сабақта тілдесімге қатысуға, ауызша сөйлегісі келмейтін білім алушылар болады. Оларды жазбаша (постер, кластер, түрлі модельдер) құрастыртып, сөйлеуге тартамын. Мәтін бойынша конспект, тірек сызбасын жасатамын. (Мысалы, Қазақ тілі мен әдебиеті. 10-сынып. 1-бөлім. Тіл-байрақ. Көкжиек-Горизонт. 2019жыл, 23-бет, 8,9-тапсырмалар).

Оқулық мазмұны (10-сынып. 1-бөлім. Тіл-байрақ. Көкжиек-Горизонт. 2019 жыл) баланың тілін меңгертуге бағытталған, сөйлеу қызметінің барлық әрекет түрлерін қамтыған. Тек жүйелі дайындық, тиянақтылық, ұмтылыс, жауапкершілік және уәж болуы керек. Бағдарлама көлемінде түлектеріміздің көбі жап-жақсы қазақ тілінде тілдесуге үйреніп қалады да, мектепті бітірген соң Ресейге кетіп қалады. Ал өз елімізде шетелге шығуға мүмкіндіктері жоқ, білім деңгейі орта, тілдік дағдылары да орташа білім алушыларымыз қалады, бұл рас.

10-сыныптың «Айтылым» әрекетінде «Орфоэпиялық нормаларды сақтау» мақсаты «10.2.3.1.Сөйлеу ағымындағы интонацияның құрамдас бөліктері: әуен, әуез, тембр, қарқын, кідірісті сөйлеу мәнеріне сай қолдану» деп көрсетілген. Білім алушылар 10-сынып. 1-бөлім. Тіл-байрақ. Көкжиек-Горизонт. 2019 жыл:

32-бетте берілген 8-тапсырманы,

91-бетте 15-тапсырманы орындау барысында «мәтінде сөйлеу ағымындағы интонациялық құрамдас бөліктері – әуен, әуез, тембр, қарқын, кідіріс сөйлеу мәнеріне сай қолданылды ма? Бағала» тапсырмасына қиналды.

- *Оқулықтағы берілген материалдардың баланың жас ерекшелігіне сәйкестігі (оқулық атауы, баспасы, шыққан жылы, беті)*

Мүлдем сәйкес келмейді десем қате болар. Мысалы, 4 сынып оқулығы, 4сынып білім алушылары үшін сұр фонда жасалған, ережелер сұр бояумен сызылған, есте қалатындай қызыл түс болса жақсы еді. Мәтіндер өте қиын.

- *Сабаққа белсенділігі төмен білім алушымен қандай жұмыстар жүргізесіз, нәтижесі? (оқулық атауы, баспасы, шыққан жылы, беті)*

- Педагогикалық жағынан назардан тыс қалған балалармен жұмыс орындау нашар оқитындармен салыстырғанда әлдеқайда тиімді болып табылады. Нашар оқитын білім алушылар оқу-тәрбие үрдісінде көбірек біліктілікті қажет етеді. Бірақ балалардың екі түрінде де жұмыстың жалпы бағыты бірдей. Педагогикалық жағынан назардан тыс қалған балаларды мектепке дейін қолға алу керек. Қазіргі мектептерде балалардың есту, көру, қозғалыс мүшелерін дамытуға аз уақыт бөлінуде. Сондықтан практикалық интелекті балалар өз ерекшеліктерін көрсетіп, өз мүмкіндіктерін дамытуға, қоршаған ортаның назарына ие бола алмайды. Қазіргі мектептерде сөз-логикалық ойлауға үлкен талап қоюда. Ән, сурет, спорт пәндері арқылы көрнекі амалды, нақтылы-бейнелі және практикалық ойлауға сүйенуді талап ету

оқудағы артта қалу мәселелерін шешудің бір жолы болып табылады.

- Оқулық мазмұны балаға тілді меңгертуде қаншалықты көмек бере алады?

- Жаңартылған білім мазмұнын және оқытудың әдістемелік моделін енгізу оқулықтардың құрылымы мен мазмұнына өзгерістер енгізуді талап етті. Оларда жаттау мен еске сақтауға арналған теориялық материалдар көлемі қысқартылды. Оның орнына, өмірдегі жағдайлармен байланысты, білімді іс жүзінде қолдануға және проблемаларды шешуге бағытталған материалдар мен тапсырмалар көбейді. Визуалды мазмұны да күшейтілді: диаграммалар, модельдер, кестелер мен графикалар көп. Жоғарыда аталған модель оқулықтары біздің елімізде алғаш рет әзірленіп отырғандықтан, өтпелі кезең басында жаңа мазмұн мен оқулықтағы әдістемелік тәсілдерді іске асырумен байланысты біршама қиындықтар туындады. Педагогтар қауымы мен ата-аналардың оқыту мазмұны мен әдістерінің өзгеруіне қатысты көптеген сұрақтары туындады. Келіп түскен ескертулерді ескерумен типтік оқу бағдарламалары мен оқулықтарға түзетулер енгізілді. Тағы бір проблема – оқу әдебиетіне баспа ішінде сараптаманың нашар жасалуы. Осыған байланысты баспа редакторларының жауапкершілігін арттыру ұсынылса. Оқулықтарды әзірлеу сапасының артуына отандық және шетелдік ғалымдарды, оқулықтану саласындағы сарапшылар мен әдіскерлерді тарту арқылы Авторлар мектебін құру ықпалын тигізетін болады. Оқулықтар мәселесінің көптеген адамдарға қатысы бар: мұғалімдерге, ата-аналар мен білім алушыларға. Қазіргі кездегі коммуникациялар мен технологиялар жаңашылдықтарға үн қатып, оларды талқылауға, сынауға немесе қолдауға мүмкіндік береді. Алайда, кейбір кемшіліктерді әсірелеуге және тұжырымдауға, жалпы мәтіннен фразаларды алып тастап, негізсіз қорытынды жасауға тырысулармен келісуге болмайды.

- Оқулық пен үлгілік оқу бағдарламасының арасындағы сабақтастық немес ашақтық бар деп ойлайсыз ба? Мысал келтіріңіз. (оқулық атауы, баспасы, шыққан жылы, беті)

- Оқулықтағы берілген материалдардың баланың жас ерекшелігіне сәйкестігі (оқулық атауы, баспасы, шыққан жылы, беті)

- Сабаққа белсенділігі төмен білім алушымен қандай жұмыстар жүргізесіз, нәтижесі? (оқулық атауы, баспасы, шыққан жылы, беті)

- Оқулық мазмұны балаға тілді меңгертуде қаншалықты көмек бере алады? (оқулық атауы, баспасы, шыққан жылы, беті)

- Білім алушылар тапсырма орындау барысында кездесетін қиындықтары туралы өз пікіріңізді білдіріңіз (оқулық атауы, баспасы, шыққан жылы, беті)

1. Мәтіннің оқиғасын өз сөзімен баяндау.
2. Ұсынылған жағдаяттардың бірін тыңдап, сұхбат құрау.
3. Берілген суреттер бойынша мәтін құрау.
4. Өз пікірін дәлелдеу.
5. Мәтінді түсініп оқу.
6. Конспект жазу

7. Кейіпкерлерге мінездеме жазу

- **Оқулық пен үлгілік оқу бағдарламасының арасындағы сабақтастық немесе алыақтық бар деп ойлайсыз ба? Мысал келтіріңіз. (оқулық атауы, баспасы, шыққан жылы, беті)**

- Иа, оқу бағдарламасы мен оқулық арасында әрине сабақтастық бар. Жақсы құрастырылған.

- **Оқулықтағы берілген материалдардың баланың жас ерекшелігіне сәйкестігі (оқулық атауы, баспасы, шыққан жылы, беті)**

- 6 сынып оқулығындағы «Абай жолы» романы 12-17 беттегі мәтіндер баланың жас ерекшелігіне сәйкес келмейді деп ойлаймын.

- **Сабаққа белсенділігі төмен білім алушымен қандай жұмыстар жүргізесіз, нәтижесі? (оқулық атауы, баспасы, шыққан жылы, беті)**

- Үлгерімі төмен білім алушылармен мен көбінде дәстүрлі сабақтар өткіземін. 5 сынып білім алушылармен әрбір сабақта ойын элементтерін қолданамын. Қазақ тілі. Көкжиек. Горизонт. Алматы 2017ж.

- **Оқулық мазмұны балаға тілді меңгертуге қаншалықты көмек бере алады? (оқулық атауы, баспасы, шыққан жылы, беті)**

- Оқулық тілді меңгертуге өте көп көмегін тигізеді. Оқулықтағы әр түрлі тапсырмаларды орындай отырып, білім алушылардың тілдері дамиды.

- **Білім алушылар тапсырма орындау барысында кездесетін қиындықтары туралы өз пікіріңізді білдіріңіз (оқулық атауы, баспасы, шыққан жылы, беті)**

- Жалпы алғанда оқу мақсаттары тақырыпқа сай келеді. Алайда кейбір тақырыптар мен тапсырмалары білім алушылардың жас ерекшеліктеріне сай келмейді. Білім алушылар өз ойларын еркін жеткізуде қиналады, себебі кейбір сөздердің мағынасын түсінбейді. Өз еркілерімен аударғанда, мәтін мүлдем түсініксіз.

- Сабаққа қойылған мақсат сөйлеу қызметінің төрт дағдысын (тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым) өз дәрежесінде, толықтай қамтиды.

- Оқулықтағы берілген тапсырмалар мақсатқа жетуге толықтай көмектеседі деп айта алмаймын, себебі кейбір тапсырмада (мысалы: 6 сынып Туған жер төсінде 95 бет 1 бөлім 5 тапсырма.) тыңдауға мәтін берілген және де осы мәтінге тапсырмалары бар. Алайда мәтіннің өзі жоқ. Немен, қалай, қандай мәтін? деген сияқты көптеген сұрақтар туындайды. Осындай тапсырмалар өте көп кедеседі.

- Сабақта мақсатқа жету үшін келесі әдіс-тәсілдерді қолданамын: «Модульдік технологияның » элементі «Пирамида», «Жауап болса, сұрақ қандай болады?», «Балық қаңқасы», «Ақылдың 6 қалпағы » т.б.

- **Сабаққа қойылған мақсат сөйлеу қызметінің төрт дағдысын (тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым) өз дәрежесінде, толықтай қамтиды ма?**

Сабаққа қойылған мақсат сөйлеу қызметінің төрт дағдысын (тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым) өз дәрежесінде, толықтай қамтиды. Тақырыпты меңгерту үшін сабақ барысында төрт дағдыға қатысты тапсырмалар таңдалып

алынады.

- Оқулықтағы берілген тапсырмалар мақсатқа жетуге көмектесе ала ма?

Оқулықтағы берілген тапсырмалар мақсатқа жетуге көмектесе алады. Себебі, берілген тапсырмалар мақсатқа сай құрылған.

- Сабақта мақсатқа жету үшін қандай әдіс-тәсілдерді қолданасыз?

Сабақта мақсатқа жету үшін «Сұрақ-жауап», «Таңдаңдыр», «Пікір бұлттары», «Жеделхат», «Сократтың екі дөңгелегі», «Жабық көздерімен сипаттау» әдіс-тәсілдерді қолданамын.

- Сабақ мақсаттарын жетілдіру үшін сіздің ұсынысыңыз.

Сабақ мақсаттарын жетілдіру үшін қысқа мерзімді жоспарды білім алушы дәрежесіне ыңғайлы, сай етіп құру, қызықты әдіс-тәсілдерді қолдану, білім алушыны жалықтырмайтын ойын түрлерін сабақта жиі қолданысқа енгізу, ынталандыратын мадақтау сөздерді жиі айту, берілген тапсырмаларды жаңартып отыру.

- Сабаққа қойылған мақсат сөйлеу қызметінің төрт дағдысын (тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым) өз дәрежесінде, толықтай қамтиды ма?

- Сабаққа қойылған мақсат сөйлеу қызметінің төрт дағдысын (тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым) қамтиды. Оқулықта берілген тапсырмалар мақсатқа жетуге көмектеседі, бірақ мен өз практикада белсенді оқыту түрлерін, сын тұрғысынан ойлау әдістерін қолданамын. Мысалы, «Синквейн», «Тасбақа», «Шелек» т.б. Оқулық – тек ресурс, сондықтан сабақтың мақсатына жету мұғалімнің шығармашылығына, тәжірибесіне байланысты деп ойлаймын. Сабақта мақсатқа жету үшін көбінесе білім алушылардың сөйлеу әрекетіне көңіл бөлемін. Жұптық, топтық жұмыс, сын тұрғысынан ойлау стратегиялары білім алушылардың белсенділігін, ойлау қабілеттерін дамытады. Сабақ мақсаттарын жетілдіру үшін менің ұсынысым – сабақта білім алушылармен, біріншіден, тек мемлекеттік тілде сөйлеу, екіншіден, шығармашылық жұмыстар жүргізу, білім алушылармен белсенді оқыту жұмыстарын ұйымдастыру керек деген ойдамын.

Сабақ барысында қазақ тілі мен әдебиетін оқытуда кездесетін қиындықтар:

5-сынып бағдарламасы, жалпы, білім алушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес, бірақ кейбір тақырыптар күрделі, сонымен бірге ауызекі тіл дамытуға қатысы жоқ тақырыптар деп ойлаймын. Мысалы, «Аспан әлемінің құпиялары», «Аспан денелері». Бұл тақырыпқа 5-6 сағаттай беріледі, мәтіндері 5-сыныпқа қиындау ./Ф.Оразбаева .Көкжиек-Горизонт/

Сабаққа белсенділігі төмен балаларға қосымша, жеңіл карточка таратып, тапсырма орындатамын. Сабақтан соң жеке жұмыс жасаймын.

Оқулық мазмұнында күнделікті керек тақырыптар болу керек деп ойлаймын. Мысалы, «Дүкенде», «Дәріханада» т.б. Тақырыптарға лексика берілуі тиіс. Мәтін астында жаңа лексика жазылып тұру керек. Қазіргі оқулықтарда ешқандай сөздер берілмейді. Өзге ұлтты білім алушыларға

осындай күрделі түрінде берілген мәтіндерді жаңа сөздерсіз қабылдауға қиын. Әрине, мұғалім сөздік жұмысын жүргізеді, бірақ жаңа сөздер оқулықта әрқашан болу керек.

Оқулық мазмұны балаға тілді меңгертуге көмек бере алады, бірақ тақырыптардың көбін өмірмен байланыстырып, күнделікті өмірде керегін бағдарламаға енгізу керек деп ойлаймын. /Ф. Оразбаева. Көкжиек-Горизонт/

Білім алушылар тапсырма орындау барысында көбінесе, сөздік қоры жетпегендіктен және мәтін материалдары қиын болғандықтан қиналады.

Жаңартылған оқу бағдарламасына спиральділік қағидаты енгізіліп, жаңа сабақ мазмұны тыңдалым, айтылым, жазылым, оқылым әрекеті арқылы беріледі. Бұл бойынша тақырыптар әртүрлі деңгейде қайталанатын, кейде бір тоқсан аясында, кейде әр тоқсанда. Тақырыптар әрбір келесі деңгейде алдыңғыға қарағанда анағұрлым күрделі әрі тереңдетіліп оқытылады. Деңгей жоғарылаған сайын тақырыптың күрделілігі артып отырады.

- Оқулықтағы берілген тапсырмалар мақсатқа жетуге көмектесе ала ма?

Тапсырмалар мақсатқа жетуге көмектеседі. Дәстүрлі оқуға қарағанда қызықты әрі алуантүрлілігімен ерекшеленеді.

- Сабақта мақсатқа жету үшін қандай әдіс-тәсілдерді қолданасыз?

«Ди, «Қол соғу» «ДЖИГСО», «РАФТ», «Хикая картасы гтоглосс», «АВС», «Эмоция кестесі» - сабақта жиі қолданылатын әдіс-тәсілдер.

Оқулық пен оқу бағдарламасының арасында алшақтық жоқ (Қазақ тілі мен әдебиеті, Бәйтерек, 2-бөлім, Көкжиек-Горизонт баспасы. 2018 (8-сынып). Осы оқулықта кейбір тақырыптар баланың жас ерекшелігіне сай келмейді. Мысалы: «Мәңгілік ел идеясы» - болашағымыздың бастауы. Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан жолы», «Рухани жаңғыру – тарих пен инновацияның сабақтастығы» тақырыптарын 10-11-сыныптарда беруге болады, себебі 8-сыныпта әлі тақырыпты жете түсіне қоймайды.

- Сабаққа белсенділігі төмен білім алушымен көбіне көрнекіліктер қолдану арқылы аудио/бейне жазбаларды қолдана отырып жүргізген тиімді. Мен өз сабақтарымда «Инсерт», «Кластер», «Синквейн», постер жасау, «Пазл» т.б. қызықты әдістерді қолдана отырып, білім алушының белсенділігін арттыруға тырысамын. Осы 8-сыныптың оқулығындағы тілді меңгертуге арналған тапсырмалар қиын, кейбір тапсырмалар түсініксіз. Мысалы: 90-беттегі 10-тапсырма «Елдің болашағы жастардың қолында» деген қанатты сөз Н.Ә Назарбаевтың қай жолдауында айтылды? Дереккөзден осы жолдарды тауып оқыңдар. Осы тақырыпта мақала жазыңдар. Осы тапсырмада «Елдің болашағы жастардың қолында» деген қанатты сөзді тауып оқиды, бірақ мақала жаза алмайды, себебі білім алушы жолдаудың мағынасын түсінбейді, екіншіден сөздік қорлары төмен. Кез келген тапсырманы орындағанда кездесетін қиындықтар: білім алушы ойланғысы келмейді, тіл байлығы жетпейді, ізденгісі келмейді, білім алушы тек қана көшіріп жазатын дайын тапсырмаларды орындағанды жақсы көреді. Бағдарлама бойынша білім алушы іздену керек, талпыну керек, шығармашылықпен айналысуы керек.

4. Сабақ барысында қазақ тілі мен әдебиетін оқытуда кездесетін қиындықтар

- Оқулық пен үлгілік оқу бағдарламасының арасындағы сабақтастық немесе алшақтық бар деп ойлайсыз ба? Мысал келтіріңіз. (оқулық атауы, баспасы, шыққан жылы, беті)

Өрескел алшақтықты байқамадым.

- Оқулықтағы берілген материалдардың баланың жас ерекшелігіне сәйкестігі (оқулық атауы, баспасы, шыққан жылы, беті)

Қазақ тілі. Алматыкітап баспасы. 2019. 4- сынып.

86-бет. 5-тапсырма. «Айға сапар» атты өлең құра. Сөздік қоры шектеулі балаға өлең құра деген тапсырма мүлде артық бұл тақырыпта. Тағы да осы оқулықта 89-беттегі 4-тапсырмада «Мен болашаққа сенемін» тақырыбында өз ойыңды дәлелдеп жаз деген тапсырманы орындау керек. Бұл тапсырманы мектеп бітіргелі жатқан түлектердің өзі ойланып жазады. 4- сыныптың оқулығында бастан-аяқ осындай тапсырмалар жетіп артылады.

- Сабаққа белсенділігі төмен білім алушымен қандай жұмыстар жүргізесіз, нәтижесі? (оқулық атауы, баспасы, шыққан жылы, беті)

Сабаққа белсенділігі төмен білім алушымен жеке жұмыстар жүргіземін. Карточкалар, деңгейлік тапсырмалар, шығармашылық жұмыстар беремін. Мысалы, ол баланың тіл үйренуге құлқы болмаса да, компьютер тілін жақсы меңгерген, сондықтан оған презентация, слайдтар жасау, компьютерде мәтін құрау, мұғалімге сабақ барысында техникалық құралдарды пайдалануға көмектесу сынды жұмыстарға тартамын. Қолдау, қолпаштау, мадақтаулармен мотивциясын көтеріп, ынталандырамын.

- Оқулық мазмұны балаға тілді меңгертуде қанишалықты көмек бере алады? (оқулық атауы, баспасы, шыққан жылы, беті)

Тіл-Байрақ.10-сынып.Көкжиек-Горизонт 2019

Бұл оқулықтағы тапсырмалар тілді меңгертуде көмек бере алады. Мысалы, тыңдалымға аудиомәтін берілген, GR-кодты сканерлеу арқылы тыңдауға өте қолайлы етіп жасалған. Үш рет тыңдағаннан соң әр түрлі деңгейдегі тапсырмалар орындауға болады. Мұхтар Шахановтың «Өркениеттің адасуы» үзіндісінің берілуі өте орынды деп санаймын. Ақынның көп жылдар бұрын жазылған романындағы жағдаяттардың бүгінде жағымсыз құбылысқа айналып отырғаны да ащы болса да шындық. Бұл өлең білім алушыларға ой салып, ойлантары хақ. Осы оқулықтағы 108 беттегі 7- тапсырмадағы жаңа сөздерді анықта деген тапсырма да білім алушының өздігінен ізденіп, жаңа сөздердің мағынасын біліп, тануына жол ашады.

- Білім алушылар тапсырма орындау барысында кездесетін қиындықтары туралы өз пікіріңізді білдіріңіз (оқулық атауы, баспасы, шыққан жылы, беті)

1. Мәтіннің композициялық құрылымын анықта деген кезде тек мұғалім көмегімен ғана анықтай алады.

2. Пікірталас кезінде сөздік қорының жұтаңдығынан қиналады.

3. Сөздерді ретімен қойып, сөйлем құрауда қиналады.
4. Шағын эссе жазғанда тек мағлұмат берумен шектеледі.
5. Тілдік шектеулер өзіндік пікір білдіруге кедергі келтіреді.
6. Қазақ тіліне тән дыбыстарды айту мен жазуда қате жібереді.
7. Тыңдалым кезінде жаңа сөз кездесе мәтінді түсінуі қиындайды.
8. Грамматикалық тапсырмаларды дарынды білім алушылардан өзгелері дұрыс орындай алмайды.

1. Кейбір өлеңдер өте күрделі, әсіресе 5-сыныпта: Тоқта, ботам! Атаң келеді артында...

5-сынып Бәйшешек, Көкжиек-Горизонт 2017

2. 11-сыныпта қазақ тілі пәніне сәйкес келмейтін тақырыптар да бар

Мысалы: Әлеуметтік мәселе, миграция т.б

11-сынып Тіл – Байрақ, Көкжиек-Горизонт 2020

- Білім алушылар тапсырма орындау барысында кездесетін қиындықтары туралы өз пікіріңізді білдіріңіз (оқулық атауы, баспасы, шыққан жылы, беті)

Білім алушылардың тапсырма орындау барысында кездесетін қиындықтары: сөздік қорының жетіспеушілігі, жергілікті тұрғындар тек қана өз ұлтынан болғандықтан, алған білімдерін күнделікті тұрмыста қолданбайды, сондықтан біраз уақытта ұмытып қалады, сол себепті тапсырма орындауда қиындықтар туындайды (Көкжиек-Горизонт 2018).

Енді бір айта кететін қиындық – оқулықта берілген ережелер сапасы, бұрынғы оқулықтарда бұл ережелер жатық, түсінікті тілмен, аудармасымен берілген, белгілі бір жүйе болған, енді кез келген жерде шашыраңқы түрде, түсініксіз беріледі. Мысалы: 74-бет, 6-сынып Бәйшешек, Көкжиек 2018. Өздік және болымсыздық есімдіктер. Осы ережеге байланысты жаттығулар өте аз.

Осындай себептердің барлығы жиылып келіп, әрине, сабақ барысында тапсырмаларды орындауға қиындық туғызады деп есептеймін.

- Оқулық пен үлгілік оқу бағдарламасының арасындағы сабақтастық немесе алшақтық бар деп ойлайсыз ба? Мысал келтіріңіз. (оқулық атауы, баспасы, шыққан жылы, беті)

Оқулық пен үлгілік оқу бағдарламасының арасындағы сабақтастық немесе алшақтық жоқ деп ойлаймын. Өйткені, оқулық бағдарламаға сай құрылған.

Оқулықтағы берілген материалдардың баланың жас ерекшелігіне сәйкестігі (оқулық атауы, баспасы, шыққан жылы, беті)

Оқулықтағы берілген материалдар баланың жас ерекшелігіне сәйкес келеді. («Көкжиек-Горизонт» ЖШС, 2018)

Сабаққа белсенділігі төмен білім алушымен қандай жұмыстар жүргізесіз, нәтижесі? (оқулық атауы, баспасы, шыққан жылы, беті)

Сабақта белсенділігі төмен білім алушымен қосымша, жеке жұмыстар жүргіземін, нәтижесі көңілге қонарлықтай. (Қазақ тілі «Рабочая тетрадь» Алматы «Атамұра» 2011)

Оқулық мазмұны балаға тілді меңгертуде қаншалықты көмек бере алады? (оқулық атауы, баспасы, шыққан жылы, беті).

Оқулық мазмұнының балаға тілді меңгертуде ынталы білім алушыға қосар үлесі өте зор. (1-сынып. Алматыкітап баспасы 2016).

- Оқулықтағы берілген тапсырмалар мақсатқа жетуге көмектесе ала ма?

Тапсырмалар мақсатқа жетуге көмектеседі. Дәстүрлі оқуға қарағанда қызықты әрі алуантүрлілігімен ерекшеленеді.

- Сабақта мақсатқа жету үшін қандай әдіс-тәсілдерді қолданасыз?

- «Қол соғу» «ДЖИГСО», «РАФТ», «555», «Мәтін құрау», «Мозайка әдіс-тәсілдерін сабақта қолданып келемін.

- Сабақ мақсаттарын жетілдіру үшін сіздің ұсынысыңыз.

Сабақтың мақсатын жетілдіру үшін тілдік бағдарға көп көңіл бөлінсе деген ұсынысым бар.

Сабақ бойы барлық әрекеттерді мақсатпен екшеу керек, өлшеу қажет: әр тапсырма, сұрақ пен дидактикалық тәсіл тек мақсатқа жетелейтіндіктен қолданатын құралдар деп танылады. Барлық тапсырма, сұрақ пен тәсілдерді не үшін сабақта қолданамыз? Әрине, мақсатқа жету үшін қолданамыз. Олардың құндылығы – білім алушыларды мақсатқа қандай дәрежеде жақындататындықтарында.

Үлгерімі төмен білім алушыларға арнап топ құра білу. Тапсырманы орындауда дұрыс бағдар беру, көмектесу. Кездесетін қиыншылықтың алдын алуға бағыт беретін карточкалар қолдану.

Үлгерімі төмен білім алушылармен жұмыс.

1. Оқу материалдарының мазмұны таным-түсінігіне сәйкес болуы
2. Ең оңай, қызықты материалды ұсыну
3. Мұғалім және ұжым мейірбандылық көрсету
4. Білім алушының көңіл күйін қадағалау, үнемі бақылауда ұстау
5. Ұжым болып көмектесу
6. Білім алушының жұмыс кезіндегі азғантай табысын мадақтау
7. Өз ойын, пікірін еркін айтуға тәрбиелеу
8. Қатемен жұмысты жиі жүргізу
9. Сыныпта достық қарым-қатынас орнату
10. Жаң тақырып бойынша білім алушыны әңгімеге тарту
11. Білім алушының жұмыс жылдамдығын ескерту
12. Өзін-өзі тексеруге, бағалауға мүмкіндік беру
13. Үлгерімі төмен білім алушыларға жеке тапсырмалар даярлау, ұсыну.
14. Бақылау картасын жасау
15. Жеке және топтық кеңестер беру
16. Үй тапсырмасын орындауға көмектесу
17. Үйірмелерге шығармашылық жұмыстарға тарту
18. Ата-анасына талаптарды түсіндіру, педагогикалық сауаттандыру.

Мадақтау – білім алушының әрекетіне ұнамды баға беру. Мадақтау ықпалы білім алушының ұнамды көңіл-күйін көтереді. Мадақтау балада өзіне деген сенім орнықтырады, жұмысты орындауға деген көңілін арттырады.

Білім алушыларды ынталандыру әдістері:

Тек табысқа жеткен білім алушыны ғана мақтаумен шектелмей, шын ықыласымен еңбектенген білім алушыға да жылы лебіз, мадақ сөзді аянбаған жөн.

- Сабаққа қойылған мақсаттар сөйлеу қызметінің төрт дағдысын өз дәрежесінде толықтай қамти алады деп айту «қиын». Өйткені, кейбір оқу мақсаттары сыныптың жас ерекшелігіне сай келмейді. Сабақ барысында ол мақсаттар көрінбей қалады немесе толық ашылмайды. Мысалы: 6-сыныптарда жазылым дағдысын қалыптастыру үшін сабақта мәтіннің стилін анықтау, стильді сақтай отырып күнделік, өмірбаян, түйіндеме жазу, ресми стильге сүйене отырып түсініктеме жазу сияқты оқу мақсаттары ұсынылған. Меніңше, 6-сынып білім алушыларына ең алдымен стиль ұғымын түсіндіру қажет, ал бұл оқулық бетінен көрінбейді. Сонымен бірге, оқу бағдарламасында грамматикалық тақырыптардың бірізділігі жоқ.

- Оқулықта берілген тапсырмалар әр тақырып сайын қайталанып отырады, тек құрылымы мен мазмұны ғана өзгереді.

- Сабақта мақсатқа жету үшін ПОПС формуласын, Т кестесін, БЛУМ таксономиясын, Миға шабуыл әдісін, ФишБоун әдісін, Ыстық орындық, Ашық микрофон, Галлереяны аралау, Өрмекші торы, т.б. әдіс-тәсілдерді қолданамын. Сонымен қатар, қазіргі таңда танымал сандық технологияларды да ұтымды қолдануға тырысамын.

- Сабақ мақсаттарын жетілдіру үшін ең алдымен білім алушылардың жас ерекшелігін, олардың қазақ тілді емес аудитория екендігін ескеру қажет деп ойлаймын.

- 10 жыл бұрынғы кітаппен салыстырғанда жер мен көктей. Ол кезде бір мәтін берілетін, сол мәтінге қанша қосымша тапсырмалар дайындайтынбыз. Сабақ беріп жүргенде олқылығы бар жерлерді түртіп алмаса немесе анкетаны жылдың соңында жазбаса ойыма ештеңе түсіре алмай отырмын. Жалпы қазір балалардың да тілге деген қызығушылығы бар. Ұстаздар оқытып, бар білімдерін беруде, бірақ тілдік орта болмағаннан кейін сөйлеп кетулері шамалы болып тұр.

- Қолданылып жүрген әдіс-тәсілдер өте көп: бағдаршам, жылдам оқу, мозайка, миға шабуыл, ыстық орындық, даналық ағашы, бес саусақ т.б.

- Оқулық мазмұны балаға тілді меңгертуде жақсы көмек бере алады. 6-сынып Бәйшешек, Көкжиек 2018, 94-бет.

1. Бастауыш сынып пен орта буын сыныптары оқулықтарының және бағдарламасының алшақтығы. 4-сыныптың соңында және 5-сыныпта көп айырмашылық бар, талап бірнеше есе артады.

2. Білім алушылардың сөздік қоры аз, яғни жылдан жылға көбею керек деп есептелінеді, бірақ шындығына келгенде, іс жүзінде олай емес, есте сақтау

қабілеттері нашар.

3. Күнделікті өмірде қазақ тілінің қажеттілігі тумай отыр.

4. Менің ойымша, бастауыш буында, орта буында алдымен ауызекі сөйлесе алуға машықтандырып барып, бірте-бірте күрделендірсе, яғни грамматиканы сөйлесе білгеннен соң кіргізсе, жалпы қазақ тілінде сөйлесе алатын білім алушылар саны артар еді деп ойлаймын.

Сауалнамаға қатысқан мектеп мұғалімдерінің ұсыныстары:

- Білім алушылардың білім деңгейін, жас ерекшеліктерін ескере отырып оқулықты өңдеу.
- Сабақ мақсаттарын жетілдіру.
- Қысқа мерзімді жоспарды білім алушының жас ерекшелігіне сай етіп құру, қызықты әдіс-тәсілдерді қолдану, білім алушыны жалықтырмайтын ойын түрлерін сабақта жиі қолданысқа енгізу.
- БІнталандыратын мадақтау сөздерді жиі айту, берілген тапсырмаларды жаңартып отыру.

Әдістемелік көмек

Білім беру ұйымдары педагогтарының ұсыныстарын ескере келе, әдіскер-ғалым Н.Оразахынованың «Сатылай кешенді оқыту» технологиясымен берілген тіл білімінің фонетика саласын талдау (дыбыстық талдау) түрлерін ұсынуды жөн көрдік.

«Сатылай кешенді оқыту» технологиясы – оқыту мақсаты, міндеттері, әдіс-тәсілдері, деңгейлері, өзіндік ерекшеліктері бар және білім алушыларға білімді ғылыми негізде сатылай, жүйелі, кешенді меңгертіп, оларға ұлттық құндылықтарды бағалай, қолдана білуге машықтандыратын оқыту. «Сатылай кешенді оқыту» технологиясы білім алушыларға кез келген пәннің ғылыми мазмұны мен жүйесін меңгертіп, сол пәннің ғылыми тілінде сөйлеуге үйретіп, сауатты, ғылыми стильде жазу дағдысын қалыптастырады. Төл технологияның бастау көзі – қазақ тілі. Қазақ тілінен бастау алуға түрткі болған Ж.Аймауытовтың төмендегі мына пікірі: *«...Баланы тілге жаттықтырудың мағынасы: баланы сөйлеуге, басқалардың сөзін ұзуға, өз бетімен жазуға, оқуға төселдіру. Бірақ бұл мағынасыз әдеттендіру емес. Сөз, сөйлем, әңгіме дегеніміз – жазуша не ауызша кісінің өзі айтқан ойы, не басқалардан сөзі арқылы жасайтын ақылымыздағы жасырын ой. Сөз бен ой бірінен-бірі айырмайтын қайнаса біткен нәрсе. Сөз – ойдың айнасы. Ойсыз сөз – сөз болмайды. Ой жетілту мен тіл жетілту қатар жүреді. Тілді ойдан бөлек жетілту мүмкін емес.*

Мұғалім тіл сабағында сөйлеуге, жазуға, оқуға, қысқасы, әңгімеге жаттықтырады екен. Ал, басқа пәндерді оқытқанда не істемек? Физиканы, жағрафияны, тарихты оқыту дегеніміз – осы пәндердің құбылысы туралы әңгіме ету емес пе? Ендеше, тілге төселдіру ғой. Есеп үйрету – сан туралы ойлау ғана емес, есеппен айтылған ойды ұзу, ұққанын

айта білу зой. Тереңірек қарасақ, әр пәннің ісі баланың ойын қозғау, ойлағанын ауызша, иә жазумен сыртқа шығару. Олай болса, тілсіз оқылатын, ұғылатын пән жоқ екені анық. [70. 306-б.]. Сондықтан ғалымның осы айтылған пікірлерін «Сатылай кешенді оқыту» технологиясында бастауыш сыныптан бастап он пәнді оқытудың жүйесін жасап келеміз.

Бұл технологияның маңызды тағы бір ерекшелігі – оқушыларды жақсы, жаман, орташа деп бөлмей, тек материалды өте жылдам, жылдам, баяу қабылдауына қарай тапсырманы он деңгейге икемдеп, барлық баланың дамуы үшін қолайлы жағдай туғызуды мақсат тұтады.

«Сатылай кешенді оқыту» технологиясында тіл білімі салаларын оқушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, қарапайымнан күрделіге қарай сатылап беру тиімді. Мысалы, фонетика саласы бойынша әр дыбысқа жеке-жеке мінездеме бере отырып, олардың жасалу жолдарын, дыбыс жасауға қатысатын сөйлеу мүшелерін балаларға көзбен көргендей, қолмен ұстағандай, құлақпен естігендей етіп үйрететін болса, білім олардың санасында ұзақ сақталады. Келесі кезекте дыбыстарға математикалық тәсілмен дыбыстық мінездеме беріледі. Бұл сатыны меңгергеннен кейін дыбыстарды ықшамдау принципімен өрнектеп, дыбыстық мінездеме береді. Келесі сыныптарда сөздегі емес, тұтас сөйлемдегі дыбыстар күрделеніп талданып отырады. Осы арқылы баланың тыңдау, сөйлеу, жазу әрекеттері қатар өріліп, балалардың білімі дағды арқылы саналарында ұзақ уақыт сақталады. Оған Жүсіпбек Аймауытовтың мына пікірі дәлел болмақ: *«Бір нәрсе туралы адамның саңлау мүшелері неғұрлым жапа-тармағай қызмет етсе, соғұрлым ол нәрсені тезірек, нығырақ меңгеріп алмақ. Білімнің қиқымы бейне бір судағы жеміс: бес бармақты батырып, шеңгелдесең, уысыңа түк ілінбейді, іліксе де, аз келеді. Ендеше, білім алуға қармақты тұс-тұсынан салу керек. Ол қармақтар – саңлау мүшелеріміз (көз, құлақ, тіл, мұрын, қол, дене). Балаға сөйлеңіз (тыңдасын!) жазыңыз (көрсін!), айтқызыңыз (тілімен қызмет етсін), жаздырыңыз (қолымен, денесімен істесін!) Міне, тұс-тұсынан қармақ салған деп осыны айтады. Мүшелері жегілсе, оқушы тез меңгеріп, тоқып алады, сабақ сайын оқушының есінде болатын бір мықты әдісі осы болу керек» [72. 213-б.].* Талдау барысында бала тақтаға жазып отырып сөйлейді, өзі айтып отырғанын саналы түрде тыңдайды, талдау барысында жіберілген қателерді өзі түзете алады. Сондықтан ол көзімен көреді, аузымен сөйлейді, құлағымен тыңдайды. Міне, бұл Ж.Аймауытовтың *«білім алуға қармақты тұс-тұсынан салу керек»* деген пайымы – осы. Сонда ғана білім баланың санасында ұзақ сақталады. Осы айтылған теориялық материалдарды практикада қалай қолданамыз. Төменде талдау үлгілері беріледі.

Ә

1. Бұл — **дауысты дыбыс**. Себебі, бұл дыбысты айтқанда өкпеден шыққан ауа ауыз қуысында ешбір кедергіге ұшырамай, ауа еркін шығады.
2. Тілдің қатысына қарай — **тіл алды немесе жіңішке дауысты дыбыс**. Себебі бұл дыбысты айтқанда тілдің ұшы сәл ілгері қарай созылып, үсті сәл төмендейді.
3. Жақтың ашылу дәрежесіне қарай — **ашық дауысты дыбыс**. Себебі, бұл дыбысты айтқанда жақ кең ашылып, ауа еркін шығады.
4. Ерін мен езудің қатысына қарай — **езулік дауысты дыбыс**. Себебі, бұл дыбысты айтқанда ерін жиырылып, езу артқа қарай тартылады.

Б

1. Бұл — **дауыссыз дыбыс**. Себебі, бұл дыбысты айтқанда өкпеден шыққан ауа ауыз қуысында түрлі кедергілерге ұшырап, ауа қысылып шығады.
2. Үн мен салдырдың қатысына қарай — **үяң дауыссыз дыбыс**. Себебі, бұл дыбысты айтқанда үннен гөрі салдыр басым.
3. Айтылу, жасалу тәсіліне қарай — **шұғыл дауыссыз дыбыс**. Себебі, бұл дыбысты айтқанда дыбыстау мүшелері бір-біріне қатты соқтығысып, ауа кілт үзіліп, шұғыл шығады.
4. Жасалу орны мен дыбыстау мүшелерінің қатысына қарай — **еріндік дауыссыз дыбыс**.

12 (а, ә, е, э, о, ө, ү, ұ, у, ы, і, и) □

36 о = $\frac{12 (а, ә, е, э, о, ө, ү, ұ, у, ы, і, и) \square + и, у}{24 (б, в, г, ғ, д, ж, з, к, қ, р, л, м, н, ң, п, с, т, ф, х, һ, ц, ч, ш, щ,)\Delta}$

Себебі, бұл дыбыстарды айтқанда өкпеден шыққан ауа ауыз қуысында ешбір кедергіге ұшырамай, ауа еркін шығады.

Себебі, бұл дыбыстарды айтқанда өкпеден шыққан ауа ауыз қуысында түрлі кедергілерге ұшырап, ауа қысылып шығады.

Дауысты дыбыстардың жіктелуі

а) Тілдің қатысына қарай:

$$12\Box = \frac{4 \text{ (а, о, ұ, ы) тіл арты немесе жуан } \Box}{6 \text{ (ә, ө, ү, і, е, э) тіл алды немесе жіңішке } \Box} + \text{и, у } \Box$$

Себебі, бұл дыбыстарды айтқанда тілдің ұшы сәл артқа қарай тартылып, үсті сәл дөңестенеді.

Себебі, бұл дыбыстарды айтқанда тілдің ұшы сәл алға қарай созылып, үсті сәл төмендейді.

ә) Жақтың ашылу дәрежесіне қарай:

$$12\Box = \frac{2 \text{ (а, ә) ашық } \Box + 4 \text{ (о, ө, е, э) жартылай ашық } \Box}{6 \text{ (ұ, ү, у, і, ы, э) қысаң } \Box};$$

Себебі, бұл дыбыстарды айтқанда жақ кең ашылып, ауа еркін шығады.

Себебі, бұл дыбыстарды айтқанда жақ жартылай ашылып, ауа еркін шығады.

Себебі, бұл дыбыстарды айтқанда жақ тар ашылып, ауа қысылып шығады.

б) Ерін мен езудің қатысына қарай:

$$12\Box = \frac{5 \text{ (о, ө, у, ү, ұ) еріндік } \Box}{7 \text{ (а, ә, э, е, ы, і, и) езулік } \Box}$$

Себебі, бұл дыбыстарды айтқанда ерін дөңгеленіп, алға қарай сүйірленеді.

Себебі, бұл дыбыстарды айтқанда ерін жиырылып, езу артқа қарай тартылады.

Δ – дауыссыз дыбыстар

Дауыссыз дыбыстардың жіктелуі

а) Үн мен салдырдың қатысына қарай:

$$24\Delta = \frac{12 \text{ (қ, к, п, т, с, ц, ф, ш, щ, х, ч, һ) қатаң } \Delta + 7 \text{ (б, в, г, ғ, д, ж, з) ұяң } \Delta}{5 \text{ (р, л, м, н, ң) үнді } \Delta}$$

Себебі, бұл дыбыстар тек салдырдан тұр.

Себебі, бұл дыбыстарды айтқанда үннен гөрі салдыр басым.

Себебі, бұл дыбыстарды айтқанда салдырдан гөрі үн басым.

а) Айтылу (жасалу) тәсіліне қарай:

9 (б, п, д, т, к, қ, г, ц, ч) шұғыл $\Delta + 10$ (в, ф, з, с, ж, ш, щ, ғ, х, һ) ызың Δ

24 $\Delta =$

 1 (р) діріл $\Delta + 1$ (л) ауыз жолды $\Delta +$ (м, н, ң) мұрын жолды Δ

Себебі, бұл дыбыстарды айтқанда дыбыстау мүшелері бір-біріне қатты соқтығысып, ауа кілт үзіліп, шұғыл шығады.

Себебі, бұл дыбыстарды айтқанда дыбыстау мүшелері бір-біріне жуысып, ауа сүзіліп шығады.

Себебі, бұл дыбысты айтқанда дыбыстау мүшелері бір-біріне соқтығысып, ауа дірілдеп шығады.

Себебі, бұл дыбысты айтқанда ауа ауыз арқылы шығады.

Себебі, бұл дыбыстарды айтқанда ауа мұрын арқылы шығады.

б) Жасалу орны мен дыбыстау мүшелерінің қатысына қарай:

24 $\Delta = 3$ (б, п, м) ерін $\Delta + 4$ (з, с, ж, ц) тіс $\Delta + 2$ (в, ф) ерін мен тіс $\Delta + 6$ (л, н, р, ш, щ, ч) тіл алды $\Delta + 2$ (к, г) тіл ортасы $\Delta + 4$ (қ, ғ, ң, х) тіл арты $\Delta + 2$ (т, д) тіл мен тіс $\Delta + 1$ (һ) көмей Δ .

Қадірін білетін халық сөздеріндегі дыбыстарға математикалық тәсілмен дыбыстық мінездеме беру.

Берілгені: қадірін білетін халық сөздерінде қанша дыбыс бар оның нешеуі дауысты, нешеуі дауыссыз?

Шешуі: қадірін білетін халық сөздерінде он тоғыз дыбыс бар. Оның сегізі – олар: **2а, 4і, е, ы дауысты дыбыстар**. Себебі, бұл дыбыстарды айтқанда өкпеден шыққан ауа ауыз қуысында ешбір кедергілерге ұшырамай, ауа еркін шығады. Он бірі – олар: **2қ, д, р, 2н, б, 2л, т, х дауыссыз дыбыстар**. Себебі, бұл дыбыстарды айтқанда өкпеден шыққан ауа ауыз қуысында түрлі кедергілерге ұшырап, ауа қысылып шығады.

8 (2 а, 4і, е, ы) дауысты 0

Шешуі: қадірін білетін халық = $19 \circ = \frac{\quad}{\quad}$;
11 (2 қ, д, р, 2н, б, 2л, т, х) дауыссыз 0

□ дауысты дыбыстар.

а) Тілдің қатысына қарай сегіз дауысты дыбыстың үшеуі – олар: **2а, ы тіл арты немесе жуан дауыстылар**. Себебі, бұл дыбыстарды айтқанда тілдің ұшы сәл артқа қарай тартылып, үсті сәл дөңестенеді. Бесеуі – олар: **4і, е тіл алды немесе жіңішке дауыстылар**. Себебі, бұл дыбыстарды айтқанда тілдің ұшы сәл ілгері қарай созылып, үсті сәл төмендейді.

3 (2 а, ы) тіл арты немесе жуан □

8□ =

 ;

5 (4і, е) тіл алды немесе жіңішке □

ә) Жақтың ашылу дәрежесіне қарай сегіз дауысты дыбыстың екеуі – олар: **2а ашық дауыстылар**. Себебі, бұл дыбыстарды айтқанда жақ кең ашылып,

ауа еркін шығады. Біреуі – ол: ***е жартылай ашық дауысты***. Себебі, бұл дыбысты айтқанда жақ жартылай ашылып, ауа еркін шығады. Бесеуі – олар: ***4і, ы қысаң дауыстылар***. Себебі, бұл дыбыстарды айтқанда жақ тар ашылып, ауа қысылып шығады.

(2 а) ашық □ + 1 (е) жартылай ашық □

8□ = _____ ;

5 (4і, ы) қысаң □

б) Ерін мен езудің қатысына қарай сегіз дауысты дыбыстың сегізі де олар: ***2а, 4і, е, ы езулік дауыстылар***. Себебі, бұл дыбыстарды айтқанда ерін жиырылып, езу артқа қарай тартылады. Сөзде еріндік дауыстылыр жоқ.

3 (2 а, ы) тіл арты немесе жуан □

8□ = _____ ;

Сөзде еріндік дауыстылар жоқ.

Δ дауыссыз дыбыстар.

а) Үн мен салдырдың қатысына қарай он бір дауыссыз дыбыстың төртеуі – олар: ***2қ, т, х қатаң дауыссыздар***. Себебі, бұл дыбыстар тек салдырдан тұрады. Екеуі – олар: ***д, б ұяң дауыссыздар***. Себебі бұл дыбыстарды айтқанда үннен гөрі салдыр басым. Бесеуі – олар: ***р, 2н, 2л үнді дауыссыздар***. Себебі, бұл дыбыстарды айтқанда салдырдан гөрі үн басым.

4 (2қ, т, х) қатаң + 2 (д, б) ұяң Δ

11Δ = _____ ;

5(р, 2н, 2л,) үнді Δ

ә) Айтылу, жасалу тәсіліне қарау он бір дауысты дыбыстың бесеуі – олар: ***2қ, д, б, т шұғыл дауыссыздар***. Себебі, бұл дыбыстарды айтқанда дыбыстау мүшелері бір-біріне қатты соқтығысып, ауа кілт үзіліп шығады. Біреуі – ол: ***х ызың дауыссыз***. Себебі, бұл дыбысты айтқанда дыбыстау мүшелері бір-біріне жуысып, ауа сүзіліп шығады. Біреуі – ол: ***р діріл дауыссызы***. Себебі, бұл дыбысты айтқанда дыбыстау мүшелері бір-біріне соқтығысып, ауа дірілдеп шығады. Екеуі – олар: ***2л ауыз жолды дауыссыздар***. Себебі, бұл дыбыстарды айтқанда ауа ауыз арқылы шығады. Екеуі – олар ***2н мұрын жолды дауыссыздары***. Себебі, бұл дыбыстарды айтқанда ауа ауыз арқылы шығады.

5 (2қ, д, б, т) шұғыл Δ + 1 (х) ызың Δ

11Δ = _____ ;

1(р діріл) + (2л) ауыз жолды Δ + (2н) мұрын жолды Δ

Диалогтік талдау

Жаман, көлеңке сөздеріндегі дыбыстарға математикалық тәсілмен дыбыстық мінездеме беру.

– Берілгені: **Жаман, көлеңке** сөздерінде қанша дыбыс бар, оның нешеуі дауысты, нешеуі дауыссыз?

– Шешуі: **Жаман, көлеңке** сөздерінде он екі дыбыс бар. Оның бесеуі – олар: ***2а, ө, 2а дауысты дыбыстар***.

– Неге?

– Себебі, бұл дыбыстарды айтқанда өкпеден шыққан ауа ауыз қуысында ешбір кедергіге ұшырамай, ауа еркін шығады.

– Жетеуі – олар: **ж, м, н, 2к, л, ң дауыссыз дыбыстар.**

– Неге?

– Себебі, бұл дыбыстарды айтқанда өкпеден шыққан ауа ауыз қуысында түрлі кедергілерге ұшырап, ауа қысылып шығады.

– Тілдің қатысына қарай бес дауысты дыбыстың екеуі да олар: **2а тіл арты немесе жуан дауыстылар.**

– Неге?

– Себебі, бұл дыбыстарды айтқанда тілдің ұшы сәл артқа қарай тартылып, үсті сәл дөңестенеді.

– Үшеуі – олар: **ө, 2е** тіл алды немесе жіңішке дауысылар.

– Неге?

– Себебі, бұл дыбыстарды айтқанда тілдің ұшы сәл ілгері қарай созылып, үсті сәл төмендейді.

– Жақтың ашылу дәрежесіне қарай бес дауысты дыбыстың екеуі – олар: **2а ашық дауыстылар.**

– Неге?

– Себебі, бұл дыбыстарды айтқанда жақ кең ашылып, ауа еркін шығады.

– Үшеуі – олар: **ө, 2е жартылай ашық дауыстылар.**

– Неге?

– Себебі, бұл дыбыстарды айтқанда жақ жартылай ашылып, ауа еркін шығады.

– Сөзде қысаң дауыстылар жоқ.

– Ерін мен езудің қатысына қарай бес дауысты дыбыстың біреуі – ол: **ө еріндік дауысты.**

– Неге?

– Себебі, бұл дыбысты айтқанда ерін дөңгеленіп, алға қарай сүйірленеді.

– Төртеуі – олар: **2а, 2е езулік дауыстылар.**

– Неге?

– Себебі, бұл дыбыстарды айтқанда ерін жиырылып, езу артқа қарай тартылады.

– Үн мен салдырдың қатысына қарай жеті дауыссыз дыбыстың екеуі – олар: **2к қатаң дауыссыздар.**

– Неге?

– Себебі, бұл дыбыстар тек салдырдан тұрады.

– Біреуі – ол: **ж ұяң дауыссыз.**

– Неге?

– Себебі, бұл дыбысты айтқанда үннен гөрі салдыр басым.

– Төртеуі – олар: **м, н, л, ң үнді дауыссыздар.**

– Неге?

– Себебі, бұл дыбыстарды айтқанда салдырдан гөрі үн басым.

– Айтылу, жасалу тәсіліне қарай жеті дауыссыз дыбыстың екеуі – олар: **2к, шұғыл дауыссыздар.**

– Неге?

Себебі, бұл дыбыстарды айтқанда дыбыстау мүшелері бір-біріне қатты соқтығысып, ауа кілт үзіліп, шұғыл шығады.

– Біреуі – ол: **ж ызың дауыссыз**.

– Неге?

– Себебі, бұл дыбысты айтқанда дыбыстау мүшелері бір-біріне жуысып, ауа сүзіліп шығады.

– Біреуі – ол: **л ауыз жолды дауыссыз**.

– Неге?

– Себебі, бұл дыбысты айтқанда ауа ауыз арқылы шығады.

– Екеуі – олар: **н, ң м мұрын жолды дауыссыздар**.

– Неге?

– Себебі, бұл дыбыстарды айтқанда ауа мұрын арқылы шығады.

– Сөзде діріл дауыссызы жоқ.

– **Жасалу орны мен дыбыстау мүшелерінің қатысына қарай қандай дауыссыздар?**

– Жасалу орны мен дыбыстау мүшелерінің қатысына қарай жеті дауыссыз дыбыстың біреуі – ол: **ж тіс дауыссыз**; біреуі – ол: **м ерін дауыссызы**; екеуі – олар: **н, л тіл алды дауыссыздары**; екеуі – олар: **2к тіл ортасы дауыссызы**; біреуі – ол: **ң тіл арты дауыссызы**.

Ықшамдау принципімен өрнектен жазып, айтылым бойынша ауызша талдау

Берілгені: **еңбегін, сатқан, қуаныш** = □ = / Δ

Шешуі: **еңбегін, сатқан, қуаныш** = 19 о = 8 (2е,і,3а,у,ы) □ / 11(ң,б,г,3н,с,т,2к,ш)

Δ

□

а) 8□ = 5(3а,у,ы) □ / 3(2е,і) □;

ә) 8□ = 5(3а) □ U 2(2е) / 3(і,у,ы) □;

б) 8□ = 1(у) □ / 4(2е,і,ы) □.

△



а) 11Δ = 5(с,т,2к,ш) Δ U 2(б,г) Δ / 4(ң,3н) Δ;

ә) 11Δ = 5(б,г,с,т,2) Δ U 2(с,ш) Δ / Δ ∅ U Δ ∅ U 4(ң,3н) Δ;

б) 11Δ = 3(ң,2к) Δ U 1(б) Δ U 1(г) Δ U 4 (3н,ш) Δ U 1(с) Δ U 1(т) Δ U.

Сөзсаяндық талдаудың сызбасы

1. Айтылу, жасалу, жазылу жолдарына қарай: **жуан, жіңішке, аралас** буынды сөздер
2. Буын:
 - а) ашық (а.б.)
 - ә) тұйық (т.б.)
 - б) бітеу (б.б.)
3. Тасымалдануы
4. Екпін
5. Буын үндестігі
6. Дыбыс үндестігі
 - а) ілгерінді ықпал ()
 - ә) кейінді ықпал ()
 - б) тоғыспалы ықпал ()



1. Бұл сөз: **жуан буынды сөз.** Себебі, сөздің құрамындағы дауысты дыбыстар **жуан дауыстылар.**
 2. Бұл сөз: **кі-тап-тар** болып үш буынға бөлінеді. Себебі, сөздің құрамында үш дауысты дыбыс бар. **Кі** буыны – **ашық буын.** Себебі, дауыссыз дыбыстан басталып, дауыссыз дыбысқа аяқталып тұр. **Тап-тар** буындары – **бітеу буындар.** Себебі, буындар дауыссыз дыбыстардан басталып, дауыссыз дыбыстарға аяқталып тұр. **Буын дегеніміз** – сөздегі фонациялық (дыбыс жасайтын) ауаның қарқынымен үзіліп, бөлшектеніп шығатын бір дауысты немесе бірнеше дыбыс тобы.
 3. Бұл сөз: **кі-тап-тар** болып екі жағдайда тасымалданады. Себебі, сөз үш буыннан тұр немесе сөз буын жігіне сәйкес тасымалданған. **Тасымал дегеніміз** – жазып келе жатқанда сөз жолға сыймай қалса, тұтас бір я бірнеше буынды екінші жолға көшіру. Ондай жағдайда сөздің соңғы буындары **дефис (-)** арқылы тасымалданады.
- Қазақ тілінде сөз екпінінің орны біршама тұрақты. Сөзге қосымша жалғанған сайын екпін сөздің соңғы буынына қарай ығысып отырады. Сондықтан бұл

сөзде екпін да буынынындағы ы дыбысына түсіп тұр. *Екпін дегеніміз* – сөз ішінде бір буынның (дауысты дыбыстың) басқа буындардан ерекшеленіп айтылуы.

5. Сөзде түбір мен қосымшаның арасында буын буын үндестігі бар.

Себебі, түбірдің соңғы буыны **тап жуан** болғандықтан, оған жалғанатын қосымшаның (**-тар**) **жуан** нұсқасы келіп тұр.

Сондықтан біз оның **жіңішке (-тер)** нұсқасын алмаймыз. *Буын үндестігі дегеніміз* – сөздің соңғы буынының **жуан, жіңішке** болуына қарай қосымшалардың да біріңғай жуан не жіңішке түрде жалғануы.

6. Сөзде дыбыс үндестігі, түбір мен қосымшаның арасында ілгерінді ықпал бар. Себебі, түбірдің соңғы дыбысы **п қатаң** болғандықтан

өзіне жалғанатын қосымшаның алғашқы дыбысының **т қатаңнан**

басталуын талап етіп тұр. Сондықтан біз оның **ұяңнан**

басталатын (**-дар**), үндіден басталатын (**-лар**) нұсқаларын

алмаймыз. *Дыбыс үндестігі дегеніміз* – түбір мен қосымшаның жігіндегі, сөз бен сөздің арасындағы дауысты және дауыссыз

дыбыстардың көршілес дауыссыз дыбыстардың ілгерінді-кейінді ықпал етіп өзгеруі.

Сөзсазындық диалогтік талдау

Достық

– Бұл сөз айтылу, жасалу, жазылу, жолдарына қарай қандай буынды сөз?

– Бұл сөз айтылу, жасалу, жазылу, жолдарына қарай – *жуан буынды сөз*.

– Неге?

– Себебі, сөздің құрамындағы дауысты дыбыстар жуан дауыстылар.

– Бұл сөз неше буынға бөлінеді?

– Бұл сөз **дос-тық** болып екі буынға бөлінеді.

– Неге?

– Себебі сөздің құрамында екі дауысты дыбыс бар.

– **Дос-тық буындары қандай буындар?**

– **Дос-тық** буындары бітеу буындар.

– Неге?

– Себебі, буындар дауыссыз дыбыстардан басталып, дауысты дыбыстарға аяқталып тұр.

– **Буын дегеніміз не?**

– *Буын дегеніміз* – сөздегі фонациялық (дыбыс жасайтын) ауаның қарқынымен үзіліп, бөлшектеніп шығатын бір дауысты немесе бірнеше дыбыс тобы.

– **Бұл сөз қалай тасымалданады?**

Бұл сөз:

дос -

тық -

болып бір жағдайда тасымалданады.

– **Неге?**

– Себебі, сөз екі буыннан тұр немесе сөз буын жігіне сәйкес тасымалданған.

– **Тасымал дегеніміз не?**

– **Тасымал дегеніміз** – жазып келе жатқанда сөз жолға сыймай қалса, тұтас бір я бірнеше буынды екінші жолға көшіру. Ондай жағдайда сөзді соңғы буындары **дефис (-)** арқылы тасымалданады.

– **Бұл сөзде екпін қайда түседі?**

– Қазақ тілінде сөз екпінінің орны біршама тұрақты. Сөзге қосымша жалғанған сайын екпін сөздің соңғы буына қарай ығысып отырады. Сондықтан бұл сөзде екпін **дық** буынындағы **ы** дауысты дыбысына түсіп тұр.

– **Екпін дегеніміз не?**

– **Екпін дегеніміз** – сөз ішінде бір буынның (дауысты дыбыстың) басқа буындардан ерекшеленіп айтылуы.

– **Сөзде буын үндестігі бар ма?**

– Сөзде түбір мен қосымшаның арасында буын үндестігі бар.

– **Дәлелдеңіз?**

– Түбір сөз жуан болғандықтан, оған жалғанатын қосымшаның да (**-тық**) жуан нұсқасы келіп тұр. Сондықтан біз оның (**-тік**) жіңішке нұсқасын алмаймыз.

– **Буын үндестігі деп үндестіктің қандай түрін айтамыз?**

– **Буын үндестігі дегеніміз** – сөздің соңғы буынының **жуан, жіңішке** болуына қарай қосымшалардың да біріңғай жуан не жіңішке түрде жалғануы.

– **Сөзде дыбыс үндестігі бар ма?**

– Сөзде дыбыс үндестігі, түбір мен қосымшаның арасында ілгерінді ықпал бар.

– **Дәлелдеңіз?**

– Себебі, түбірдің соңғы дыбысы **с** қатаң болғандықтан өзіне жалғанатын қосымшаның алғашқы дыбысының **т** қатаңнан басталуын талап етіп тұр. Сондықтан біз оның ұяңнан басталатын (**-дық**) нұсқасын алмаймыз.

– **Қандай үндестікті дыбыс үндестігі дейміз?**

– **Дыбыс үндестігі дегеніміз** – түбір мен қосымшаның жігіндегі, сөз бен сөздің арасындағы дауысты және дауыссыз дыбыстардың көршілес дауыссыз дыбыстардың ілгерінді-кейінді ықпал етіп өзгеруі.

Диалогті кері талдау

3 а) Сөйлемдегі **жерді** сөзіне сөзсазындық талдау.

– **Сөзде дыбыс үндестігі бар ма?**

– Сөзде дыбыс үндестігі, түбір мен қосымшаның арасында ілгерінді ықпал бар.

– **Дәлелдеңіз.**

– Себебі, түбірдің соңғы дыбысы (**р**) үнді болғандықтан өзіне жалғанатын қосымшаның алғашқы дыбысының **д** ұяңнан басталуын талап етіп тұр. Сондықтан біз оның **қатаңнан басталатын (-ті)** нұсқасын алмаймыз.

– **Сөзде буын үндестігі бар ма?**

– Сөзде түбір мен қосымшаның арасында буын үндестігі бар.

– **Дәлелдеңіз.**

– Түбір сөз **жер** жіңішке болғандықтан оған жалғанатын қосымшаның да **(-ді)** жіңішке нұсқасы келіп тұр. Сондықтан біз оның **(-ды)** жуан нұсқасын алмаймыз.

– Бұл сөзде екпін қайда түседі?

– Қазақ тілінде сөз екпінінің орны біршама тұрақты. Сөзге қосымша жалғанған сайын екпін сөздің соңғы буына қарай ығысып отырады. Сондықтан бұл сөзде екпін ді буынындағы і дауысты дыбысына түсіп тұр.

– Екпін дегеніміз не?

– **Екпін дегеніміз** – сөз ішінде бір буынның (дауысты дыбыстың) басқа буындардан ерекшеленіп айтылуы.

– Бұл сөз қалай тасымалданады?

Бұл сөз:

Жер - | болып бір жағдайда тасымалданады.
ді

– Неге?

– Себебі, сөз екі буыннан тұр немесе сөз буын жігіне сәйкес тасымалданған.

– Тасымал дегеніміз не?

– **Тасымал дегеніміз** – жазып келе жатқанда сөз жолға сыймай қалса, тұтас бір я бірнеше буынды екінші жолға көшіру. Ондай жағдайда сөзді соңғы буындары **дефис (-)** арқылы тасымалданады.

– Жер буыны қандай буын?

– **Жер** буыны бітеу буын.

– Неге?

– Себебі, буын дауыссыз дыбыстан басталып, дауыссыз дыбысқа аяқталып тұр.

– Ді буыны қандай буын?

– Ді буыны **ашық буын**.

– Неге?

– Себебі, буын дауыссыз дыбыстан басталып, дауысты дыбысқа аяқталып тұр.

– Бұл сөз неше буынға бөлінеді?

– Бұл сөз **жер-ді** болып екі буынға бөлінеді.

– Неге?

– Себебі, сөздің құрамында **екі дауысты дыбыс бар**.

– Буын дегеніміз не?

– **Буын дегеніміз** – сөздегі фонациялық (дыбыс жасайтын) ауаның қарқынымен үзіліп, бөлшектеніп шығатын бір дауысты немесе бірнеше дыбыс тобы.

– Бұл сөз айтылу, жасалу, жазылу, жолдарына қарай қандай буынды сөз?

– Бұл сөз айтылу, жасалу, жазылу, жолдарына қарай – **жіңішке буынды сөз**.

– Неге?

– Себебі, сөздің құрамындағы дауысты дыбыстар **жіңішке дауыстылар**

Талдау үшін берілген сөздер:

Балалық, достық, жастық, жақсылық, шеберлік, шындық, бөлме, мінбе, білім, жеңіс, айтыс, қонақ, жатақ, басқын, сүзгіш, жауын.

5. ОРТА БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДА АҒЫЛШЫН ТІЛІН ДЕНГЕЙЛЕП ОҚЫТУДЫН МОНИТОРИНГІ

Көптілді қоғамда педагог пен білім алушының өзара іс-әрекеті және бірлігі арқылы тілдерді меңгеріп, түрлі құзіреттерді қалыптастыру міндеттерін шешу барысында тұрақты әрі үздіксіз жұмыстар негізге алуы тиіс.

Үштұғырлы тіл мәселесі қазіргі заманғы қажеттіліктен туындап отыр. Себебі біздің еліміздің азаматтары бәсекеге қабілетті тілдік тұлға бейнесінде үш тілде еркін сөйлеп және сауатты жаза білетін, өз елінде де, шетелдерде де өзара қарым-қатынасқа түсе алатындай білім алуы тиіс.

Үш тілде білім беру – жай ғана тұжырымдама немесе тіл саясатының жаңа үлгісі емес, ол өмірлік қажеттіліктен туған игілікті іс. Оған себеп: бүкіл әлем елдері қарыштап даму үстінде елдің өркендеп өсуіне ізгі ықпалын тигізетінін ескере отырып, жастарымыздың кем дегенде үш тілді меңгерген маман ретінде заман талабына сай тәуелсіз еліміздің өркендеуіне өз үлестерін қосуы керек.

Тіл – адам қатынасының аса маңызды құралы, сондықтан ана тіліміз біздің өмір сүріп отырған қоғамымыздың тұтас бір бөлігі. Бүгінде елімізде тіл мәселесіне өте көп көңіл бөлінуде, себебі Елбасы өзінің жыл сайынғы халыққа Жолдауларында үштұғырлы тіл мәселесіне қатысты идеяны кезең-кезеңмен іске асыру қажеттігін айтып келеді.

Қазақ халқы үшін ХХ ғасырдағы, яғни кеңес дәуіріндегі орыс тілі – сол уақыттың талабына сай қажеттілікке ие болса, ал ХХІ ғасырдың талабы – ағылшын тілін меңгеру. Біздің ойымызша, адамдар көп тіл білсе, білім өрісі кеңейіп, өркениетті ел қатарына ену мүмкіндігіне ие болады.

Елбасы осы аса маңызды мәселе жөнінде 2012 жылғы Жолдауында «қазақ тілін жаңа сипатта жаңарту, орыс тілін сақтап қалу және ағылшын тілінің жаңа әдістемесінің қажеттілігі» туралы айтқан болатын [154].

Бүгінде қазақ тілі барлық мектептерде оқытылып жатыр. Қазақ тілі – мемлекеттік тіл, сондықтан барлық қазақстандықтар үшін ортақ тіл. Қазіргі уақытта елімізде 130 астам ұлт пен ұлыс өкілдері өмір сүруде. Қазақ тілі – қазақ ұлтының ана тілі. Қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретінде қолданылуы елімізде тіршілік етіл жатқан көпұлтты және көптілді ұлыстардың ұлтаралық бірлігі, достығы мен ынтымағын дамытудың бірегей жолы болып табылады.

Бір азаматтың өз ана тіліне қанық болуы шарт астында өзге бір ұлттың тілін жеттік игеріп, сол ұлт азаматтарымен ойдағыдай тіл табыса білуін үлкен біліктіліктің белгісі деуге болады. Өмірде өзге бір ұлттың тілін игерген адам сол халықтың ішкі жан-дүниесін түсініп, күллі мәдени құндылықтарымен танысу орайына ие бола алады. Азаматтарымыздың қазіргі ай сайын алға ілгерлеп, күн сайын жаңарып, тез қарқынмен дамып бара жатқан өзгерісшең өмірге ойдағыдай сәйкесуі үшін, қос тілді болып қана қалмай, қайта көп тілді болуы төтенше қажеттілікке айналуда. Бұлай істеу әр азаматтың өзіне де, өзгеге де тиімді. Сондықтан қазіргі қоғамда көп тілді болу әрқандай адамды кең өріске, тың өмірге бастайтын жол есептелмек.

Ендеше, мемлекеттік тілді оқытып және оны меңгерудің басты

ұстанымы-тіл үйренушілердің тілдік тұлғасын қалыптастыру заман талабы және қажеттілік болып табылады. Ал тілдік тұлғаға жету деңгейін қалыптастыру міндетін қазақ тілін екінші тіл (шетел тілі) ретінде оқытудың негізгі ұстанымдарының бірі болып лингвистикалық, лингводидактикалық, психолінгвистикалық тұрғыдан қарастырылады. Бұлардың теориялық және әдістемелік жағынан кешенді зерттеулерге негізделуі тілді қабылдау мен осы арқылы тілдерді оқытудың және меңгертудің нақтылы нәтижелеріне қол жеткізіледі.

Қазақстанда көптілділік тақырыбында бірінші рет үлкен еңбек жазған профессор Б.Х. Хасанов болды. Ғалымның пайымдауынша, біздің қоғамдағы барлық этнос өкілдері өз мәдениеті мен тілін дамытудың ұлттық жоспарын жасай отырып, мемлекеттік тіл қазақ тілін меңгеру керек, ағылшын тілін білу бүгінгі күннің өзекті міселесі [155].

Көптілді меңгерген адам әуелі өз тілінде ой қортып, туған халқына өнеге болып, өзге жұртпен бәсекеде ырықты орынды иелеп, сан мәдениетті санасына салып сараптай алса, онда ол өз өмірін қалайда мағыналы өткізетін айтулы тұлға болып жетілері қак.

Тілдердің үштұғырлығын дамытуға «Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылға 29 маусымдағы № 110 жарлығы бағытталған.

Бірқатар нормативтік-құқықтық құжаттар ҚР Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 05 қарашадағы № 622, ҚР Мәдениет және спорт министрінің 2015 жылғы 09 қарашадағы № 344, ҚР Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 13 қарашадағы № 1066 бірлескен бұйрықтар негізінде «жоғары сыныптарда оқыту тіліне қарамастан білім беру ұйымдарына ағылшын тілінде «Информатика», «Физика», «Химия» және «Биология» пәндерін енгізу (таңдау бойынша білім беру ұйымының алқалық шешімі негізінде)», «ЖМБ пәндерін ағылшын тілінде оқытуды енгізуге көшу кестесін әзірлеу және бекіту (кестені аймақ әкімінің орынбасары бекітеді)», «білім берудің жаңартылған білім мазмұнындағы үш тілде оқыту және критериалды бағалау жүйесі мәселелерімен жұмыс істейтін педагогтарға әдістемелік және курстан кейінгі қолдау көрсету» туралы нақты көрсетілген Үш тілді білім беруді дамытуға арналған 2015-2020 жалдарға Жол картасы әзірленген.

Одан әрі құжат тілдік жаңғырту саясатын анықтайды. Бұл құжат Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 15 ақпандағы №636 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспарын бекіту деп аталады, онда «6.7-бастама «Тілдік жаңғырту». Халықты шет тілдерін, әсіресе ағылшын тілін оқыту мүмкіндіктерімен барынша қамту қамтамасыз етілетін болады. Назарбаев Зияткерлік мектептерінің тәжірибесі бойынша білім берудің барлық деңгейлерінде үштілділікті енгізу, орыс тілді мектептер үшін қазақ тілін оқытудың жаңа әдістемесін енгізу жалғастырылады» - деп айтылған.

Тілдік пәндер бойынша білім алушылардың білім сапасының мониторингін ағылшын тілінде және оқу тілдерінде (қазақ және орыс тілдерінде) жүргізу үшін жоғарыда көрсетілген нормативтік құқықтық құжаттар негіз болып табылады.

Бұл мониторингтің өзектілігі Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауларында айтылған тапсырмаларды, ағылшын тілінде оқытылатын ЖМБ пәндерін енгізу бойынша Жол картасының бағыттарын іске асыру болып табылады.

Бұл халықаралық тұрғыда бағытталған тұлғаны тәрбиелеуде тікелей құрал болып есептеледі, яғни өзін өркениетті және тарихи субъект ретінде тани алатын, даму кезінде өз елінің және адамзат тарихын қабылдай алатын, өзі үшін, халқы үшін, мемлекеті үшін, адамзат болашағы үшін жауапкершілік жүгін сезінетін, өзара тәуелділік пен әлем бүтіндігіне, адамзат өркениетінің ғаламдық мәселелерін шешуде мәдениаралық қатынастың қажеттілігін жете түсінетін, адамның азаматтық құқықтарын (мәдениет және тілдік құқықтарын қоса) мойындайтын және саяси бостандыққа ұмтылатын, қоғамдағы гуманизм идеясын жасау үшін басқа адамдармен, қозғалыстармен, қоғамдық институттармен қызмет атқаруға дайындығы мен қабілеттілігін көрсете білетін және де қоғам, адам және табиғат арасындағы ынтымақтастықты қалыптастыратын ұқыпты да тиянақты, білікті маман мен адамды дайындау осы заман оқытушылары мен ұстаздардың алдында қойылатын үлкен заман талабы деп білуіміз керек.

Елбасы Н.Ә. Назарбаев өзінің жылдағы дәстүрлі Жолдауында «Тілдердің үш тұғырлығы» мәдени жобасын іске асыруды жеделдету тиістігіне ерекше мән береді. Сонымен қатар бүкіл қоғамымызды топтастырып отырған мемлекеттік тіл ретінде қазақ тілін оқытудың сапасын арттыру қажеттілігіне ерекше назар аударады. Сондықтан қазақ тілін тереңдетіп оқыту, сонымен қатар көптілділікті меңгеруді жолға қою- бүгінгі таңдағы орта білім жүйесінде педагогикалық үрдістің негізгі бағыттарының бірі. Әлемдік білім беру іс- тәжірибесінде көптілді және билингвалды білім беру жаңалық емес, атап айтқанда, АҚШ пен көптеген Еуропа елдерінде, әсіресе соңғы жылдарда бұл бағытта жетістікке қол жеткен. Бірақ, қазақстандық білім беру жүйесінде көптілді және билингвалды білім берудің халықаралық іс-тәжірибесінде қолданыс тапқан моделдерін енгізу- жаңа педагогикалық проблема, өйткені ол жаңа жағдайларда шығармашылық тұрғыдан іске асырылуы тиіс [156].

Сондықтан қазіргі қоғамда көп тілді болу кез келген адамды кең өріске, тың өмірге бастайтын жол деп есептелінбек. Кезінде халқымыздың «Жеті жұрттың тілін біл, жеті түрлі білім біл» деген аталы сөзі дәл бүгінгі дамыған дәуірімізге сәйкес айтылғандай. Тарихи деректерге жүгінсек, энциклопедист ғалым, әлемде Аристотелден кейін екінші аға ұстаз аталған ұлы ғұлама Әбу Насыр Әл-Фараби бабамыз өз өмірінде 70-ке жуық ұлттың тілін жетік білгендіктен, артына мәңгі өшпес мол рухани құнды мұра қалдырып кеткендігі анық.

Жеткіншек жастардың өз дәрежесінде тұлға болып қалыптасуы, жан-жақты болуы, білімді болуы, қоғамымыздың, өркениетіміздің болашақта дамуына, алдыңғы қатарлы дамыған елдер қатарына қосылуына жол ашады. Жас ұрпақты көптілділікке баулу – жалпы білім беретін мектептерге және жоғарғы оқу орнына берілген мемлекеттік жауапты іс. Бүгінгі білім алушы мен студент – қоғамның ертеңі, болашағы, мемлекет қайраткері. Өркениетті қоғамда тіл адамзаттың баға жетпес құндылығы деп саналады. «Тегінде адам

баласынан ақыл, білім, ар, мінез қасиеттерімен озады» деген ұлы ақын Абай сөзі қай заманда да өз мәнін жоймақ емес. Сондықтан болар білім беру жүйесін дамыту басты бағыт болып саналады.

Тәуелсіз Қазақстан жаһандану заманында көптеген дамыған елдермен өзара тығыз қарым-қатынас құруда. Бүгінгі заманғы жастар үш тілді қатар меңгерсе және сол арқылы бәсекеге қабілетті болса, онда коммуникацияға түсе алады.

Лингвисттер мен әдіскерлер мемлекеттік тіліміз қазақ тілінде сөйлеуге ағылшын тілінің ешқандай қауіп төндірмейтіндігін дәлелдейді. Осыған орай еліміздің жоғары оқу орындарында арнайы үштілділікке мамандандыруда нақты тұғырнамаларын тыңғылықты жасауды ұсынады. Атап айтқанда бұл ұстаным Б. Х.Хасанов, Э.Д. Сүлейенова, Н.Ж. Шәймерденова, Р.Абақова, Ф.Ш. Оразбаева, З. Күзекова, З. Ш. Ерназарова, Қ. Қадашева және шетелдік ғалымдардың еңбектерінде нақты дәйектелген.

Отандық және шетелдік ғалымдардың теориялық және әдістемелік еңбектеріне талдама жасау барысында қостілділікке қатысты негізгі бағыт-бағдарды былайша сипатталды:

- Ғылыми-теориялық және әдістемелік еңбектерге талдама жасалды.
- Үш тілде білім беру туралы әдіскер ғалымдардың еңбектері талданып, ондағы ғылыми жетістіктер мен алынған нәтижелер жөніндегі практикалық ой-тұжырымдар жинақталды: тілдерді деңгейлік оқыту, оның ұстанымдары, оқытудың өнімді инновациялық әдістері және жаңа бағытта оқулық жазудың өрнектері ұсынылды.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 988 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының мақсаты Қазақстандық білім мен ғылымның жаһандық бәсекеге қабілеттілігін арттыру, жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде тұлғаны тәрбиелеу және оқыту деп белгіленген [157].

Осы мақсатқа қол жеткізу үшін жұмыстың **негізгі бағыттары**:

- ✓ қалалық және ауылдық мектептердегі білім берудің сапасы және білім алушылардың білім сапасы арасындағы алшақтықты қысқарту;
- ✓ оқытудың қауіпсіз және жайлы ортасын қамтамасыз ету;
- ✓ үздік практикалар негізінде білім алушылардың, педагогтердің және білім беру ұйымдарының сапасын бағалаудың жаңартылған жүйесін енгізу;
- ✓ оқытудың сабақтастығы мен үздіксіздігін қамтамасыз ету;
- ✓ білім алушының зияткерлік, рухани-адамгершілік және физикалық дамуын қамтамасыз ету;
- ✓ білім беру ұйымдарын цифрлық инфрақұрылыммен және қазіргі заманғы материалдық-техникалық базамен жарақтандыру болып табылады.

Қазіргі уақытта қоғамның білім беруге деген сұранысы «білімді, құзырлы, шығармашыл, өзін-өзі және қоғамды дамытуға қабілетті елжанды тұлға қалыптастыру». Үздіксіз, өмір бойы білім алу өмір талабына айналды.

Бойына ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды қалыптастырған,

кез келген өмірлік жағдайда функционалдық сауаттылық пен бәсекеге қабілеттілікті көрсете алатын білім алушы тұлғасының үйлесімді қалыптасуы мен дамуы үшін қолайлы білім беру ортасын құру – әрбір білім беру ұйымының міндеті.

Білім алушыларының психологиялық және жас ерекшеліктерін (жоғары эмоционалдылық, қозғалғыштық, сезімталдық, шаршағыштық) ескере отырып, оқытудың әдіс-тәсілдерін, формаларын таңдау педагогтің өз еркіне беріледі.

Білім алушылардың бойында жеке тұлғалық қасиеттермен қатар ұлттық құндылықтарды дәріптейтін, Отансүйгіштік сезімін оятатын тапсырмалар үлгілік оқу бағдарламасының ұзақ мерзімді жоспарында көрсетілген барлық тақырыптарда қарастырылуы тиіс.

Орта білім беру ұйымдарында ағылшын тілін деңгейлеп оқытудың мониторингін оқу процесінің барысын және білім алушылардың оқу материалдарын меңгеруін бақылаудың бірыңғай формалары керек. Сол ақпаратқа қол жеткізу үшін мониторингтік зерттеулер жүргізіледі. Мониторинг латын тілінен аударғанда бақылау, ұадағалаушы деген мағынаны білдіреді. Педагогикалық мониторинг жүргізу арқылы педагогтердің кәсіби деңгейін анықтап, қажеттіліктерін белгілеуге немесе жұмыстың сапасын арттыруға мүмкіндік береді. Сондай-ақ, әдістемелік жұмыстардың мазмұны жаңартылады, бағдарлы жұмысқа жүйе қалыптасады. Білім беру сапасының артуы үшін оңтайлы жолдарын табу және оны тәжірибеге енгізу уақыт күттіретін мәселе. Ал мониторинг – үздіксіз жасалуы тиіс процесс. Оның көп аспектісі бағалауға ұқсайды. Айырмашылығы тек жиналған ақпараттардың әр түрлілігінде. Мониторинг жүйенің өзгермейтін тұрақты күйінен даму жолына өту жағдайында қажет. Себебі жағдайға саналы түрде әсер ету қажеттілігі туындайды. Сондықтан бұл ағымдағы жағдайды қадағалауды талап етеді. Сонымен қатар, педагогикадағы мониторинг педагогикалық жүйенің қызметі туралы ақпаратты жинауды, сақтауды, өңдеуді және таратуды ұйымдастыру формасы ретінде де әрекет етеді. Оның жағдайы мен педагогикалық жүйелердің дамуын болжауды үздіксіз зерттеуді қамтамасыз етіп, оның міндеттерінің бірі процесті сипаттай алатын көрсеткіштерді бөлу және пайымдау болып табылады. Мониторингтің педагогикалық бақылау және педагогикалық талдау функцияларымен өзара байланысын көруге болады.

Педагогикалық мониторинг жүргізудің мақсат-міндеттері:

- ✓ педагогтердің жұмысын монитоингке шоғырландыру;
- ✓ мәліметтер қорын жинау;
- ✓ білім алушылардың үлгерімі мен білім сапасын көтеру;
- ✓ педагогтердің шеберлігін арттыру;
- ✓ кемшіліктерді толықтыру.

Мониторнг жүргізу бойынша әр түрлі саладағы ғалымдар (А. Ж. Арыстанова, Н. Вербицкая, Т. А. Степанова, М. И. Иродов, В. Бодряков, Б. А. Қойшыбаев және т.б.) талдау мониторингтің мәнін анықтауды төмендегідей топқа бөліп қарайды:


- бақылау;

- мәселенің нақты жай-күйін бағалау;
- мәселенің жай-күйін болжау;
- болжанатын жай-күйін бағалау.

Осы негіздемеге сүйене отырып, орта білім беру ұйымдарында ағылшын тілін деңгейлеп оқытудың мониторингі тұтас дербес ғылыми-практикалық феномен ретінде сипатталады. Педагогикалық мониторинг шеңберінде барлық педагогикалық іс- әрекеттерді анықтау және бағалау жүргізіледі, бұл ретте педагогикалық жүйе қызметінің нақты нәтижелерінің оның түпкі мақсаттарына сәйкестігі туралы хабардар ететін кері байланыс қамтамасыз етіледі.

Білім алушылардың білім сапасының мониторингі ғылыми тұрғыдан басқару шешімдерін қабылдау, іс-әрекет тәсілдерін түзету және т.б. үшін негіз болады, бұл білім беру процесінің әрбір қатысушысы үшін қолайлы, жеке маңызды болуы тиіс. Мониторинг жасау арқылы ағылшын тілін деңгейлеп оқытудың жағдайын анықтай отырып, қорытынды жасау, болашақты жоспарлау, арқылы білім алушылардың білім сапасын жақсартуға әкелуге болады.

Орта білім беру ұйымдары ішінде мониторинг жүргізу үшін әдістемелік ұсынымдардың бірі әрі үлгі ретінде мониторинг құрудың мынадай схемасын пайдалануға болады (39-сурет):




39-сурет. Мониторинг құру схемасы

Әрбір білім беру ұйымдары оқу процесін жақсарту бойынша және алдағы уақытта жұмыстың жобасын анықтау үшін осындай мониторингтік зерттеулерді жүргізіп отыру қажет. Жоғарыда келтірілген монитоинг құрылымына сүйене отырып, әрбір ұйым өзінің бақылау жүйесін құрауына болады. Басқарудың үш маңызды компонентін былай көруге болады:

- 1) Қызметтің әртүрлі аспектілерін бақылау;
- 2) Қызметтің әр түрлі аспектілерін сараптау;
- 3) Басқаруды ақпараттық қамтамасыз ету жүйесі.

Мониторинг көрсетілген компоненттерге негізделгенімен оларды алмастырмайды. Өйткені олар бақылау да, сараптама да, ақпараттық қолдау жүйесі де бола алмайды. Әрбір білім беру ұйымында жүргізілген мониторинг білім алушылардың білім сапасына қол жеткізудің тиімді жолдарын анықтау мен дамытуына керек білім беру процесінің бір бөлігі. Білім беру ұйымдары өзінің мониторинг жүйесін қалыптастыруда жұмысын жүйелей алады. Сонымен қатар, мониторингті ұйымдастыру үшін үлгі болатын, ұйымдағы ішкі құрылымды басқару жүйесі мен басқаруды қолдау туралы ақпарат пен сараптама негізінде құрылған жүйе пирамиданың пішініне келеді (40-сурет):



40-сурет. Жүйе пирамидасы

Мониторинг жүргізудің **мақсаты** – білім берудегі проблемеларды түзету жолдарын анықтау арқылы білім алушылардың білім алуға жағдайын талдау.

Мониторингтің **зерттеу объектісі** – орта білім беру ұйымдарында ағылшын тілін деңгейлеп оқытудың мониторингін жетілдіру жөніндегі ақпаратты орта білім беру ұйымдары.

Мониторингтің **зерттеу пәні** – орта білім беру ұйымдарында ағылшын тілін деңгейлеп оқыту.

Байқағанымыздай, аймақтар бойынша педагог-респонденттердің 60,4%-ы сабақ беретін оқу пәні бойынша оқу-дидактикалық, оқу-көрнекілік және көмекші құралдарын әзірлеп, олардың 39,6%-ы әзірлемейтін болып шықты. Мұндай көрсеткіш сапалы білім беруге едәуір кедергісін тигезітінін педагог мамандар біледі.

Енді осы кестедегі пайыздық көрсеткішті диаграмма түрінде зерделеп көрсек, педагог-респонденттердің сабақ беретін оқу пәні бойынша оқу-дидактикалық, оқу-көрнекілік және көмекші құралдарын әзірлеуде Жамбыл облысы (77,5%) мен Павлодар облысы (76,9 %) жоғары көрсеткіштік нәтиже көрсетсе, Шығыс Қазақстан облысы мен Шымкент қаласы көрнекілік құралдарды әзірлемейтіндер жағынан 50% көрсеткішпен алдыңғы қатарда тұр (52-сурет).



52-сурет . Педагогтердің сабақ беретін оқу пәні бойынша оқу-дидактикалық, оқу-көрнекілік және көмекші құралдары туралы көрсеткіш.

Берілген диаграммадан жоғарыда берілген кестені сурет түрінде көруге болады. Мұнда аймақтардағы педагог-респонденттердің оқытатын пәндері бойынша көрнекілік құралдарды қаншалықты қолданатыны немесе қолданбайтыны туралы байқау оңай.

Элективті курс-білім алушылардың әртүрлі танымдық қызығушылығын қанағаттандыратын, профильдің мазмұнын толықтыратын, оқу жоспарының жаңа элементі. Элективті курс кез келген тақырыпта болуы мүмкін, яғни жалпы білім бағдарламасының шекарасында жататын және одан тыс аймақта.

Элективті курс, ол оқыту процесін актуализациялау мен индивидуализациялаудың жаңа механизмі. Жақсы ұйымдастырылған элективті курстардың жүйесі білім алушыға белгілі талап тілегіне сәйкес білім алып шығуына мүмкіндік береді.

Элективті курстар орта білім беру ұйымдарының жоғары сатысында профильді оқыту жүйесінде маңызды роль атқарады. «Жалпы білім берудің профильді оқыту тұжырымдамасына» сәйкес жоғары сыныптардағы оқытудың мазмұнын дифференциациялауды әр түрлі курстардың 3 типінің (базалық,

профильді, элективті) негізінде жүзеге асырылады. Бұл үш типтің әр бір курсы профильді оқыту мәселесін шешуде өз үлесін қосады.

Базалық курс-білім берудің барлық білім алушыларға міндетті инвариантты бөлігі және білім алушылардың жалпы білім алу дайындығын аяқтауға бағытталған.

Профильді курстар - жеке пәндерді тереңдетіп оқытуды қамтамасыз етеді және бірінші кезекте кәсіби білімді алуды жалғастыратын мектеп бітірушілерді дайындауға бағдарланған.

Элективті курстар - әр бір білім алушының жеке білімге қызығушылығын, талап тілектерімен және икемділігін қанағаттандырумен байланысты. Сондықтан ол мәні бойынша жеке білім беру бағдарламаларын жасаудың маңызды құралы болып табылады және мейлінше әр білім алушының қызығушылығына, қабілетіне, өмірлік жоспарына сәйкес таңдауына байланысты болады.

Жоғарыда атап өткендей базалық пәндердің профильді және элективті курстардың көлеміндегі ара қатыс жобамен алғанда оқу жоспарының жалпы сағат санынан сәйкесінше 50%, 30%, 20% болу мүмкін [158].

Мектепте элективті курстар білім беру мекемесінің білім алушы компонентіне бөлінген сағаттардың есебінен жүзеге асырылады. Элективті курстар әдетте 10-11 сынып білім алушыларына өткізіледі. Сонымен бірге оқушыларға кәсіби таңдауына бағдар беру мақсатында мектептің 9 сыныптарында кәсіп алдындағы дайындықты өткізуді қарастыруға болады. Бұл үшін базистік оқу жоспарында арнайы ұйымдастырылған қысқа мерзімді курстарға аптасына 2 сағат (68 сағ) бөлінеді. Олардың мақсаты білім алушыларға жоғары сыныптағы профильді оқытуға қатысты өз шешімін табу. Жоғарыда айтып өткендей бұл жағдайда оқу жылы барысында оқушы 8 әр түрлі курсты (бір ай мерзімде), 4 курсты (тоқсан ішінде) немесе 2 түрлі курсты тыңдауы мүмкін.

Орта білім беру ұйымдарында элективті курсты енгізе отырып, оған бағдарлама мен оқу құралы қажеттігі мен қоса оны оқытудың толық әдістемелік жүйесі керек екендігін есекеру қажет. Элективті курстардың жұмыстарын ұйымдастыру келесі ретке сәйкес жүргізеді:

1) оқу пәндері мен ендірілетін элективті курстардың жиынтығы анықталады;

2) білім алушы өзінің қызығушылығына, жоспарлаған кәсібіне байланысты таңдаған профилі мен оған қатысты элективті курстарға сәйкес жеке жоспар құрады да мектеп әкімшілігіне өткізеді;

3) алдыңғы екі пунктті ескеріп мектептің келесі оқу жылына оқу жоспары жасалады;

4) соған сәйкес сабақ кестесі құрылады. Сабақ кестесінде сыныптар, элективті топтар, қатар жүретін базалық топтар және қатар жүретін прфильді топтар ескеріледі. [160].

Сабақтың басты мақсаты- білім алушылардың шетел тіліне қызығушылығын тудыру және бекіту. Педагог білім алушыларға қалаған шетел

тілі туралы ақпаратпен таныстырады, олардың дүниеге көзқарасын қалыптастыру үшін лингвистикалық білімнің адамның тіл үйренудегі мәнін ашу, өз ана тілінің алдында тұрған проблемаларды атау, тілдерді оқыту пәнінің басқа ғылымдармен байланысын көрсету болып табылады.

Жалпы шетел тілін үйретуде білім алушылардың алдымен өз ана тіліне деген сүйіспеншілігін аша отырып, өз тілін құрметтей отырып, өзге тілді білуін басты назарға алу – бүгінгі күннің басты мәселесі болып отыр.

Енді осы элективті курстағы оқыту процесін аймақтағы педагогтер актуализациялау мен индивидуализациялаудың жаңа механизмін қолдануы мен оның ұйымдастырылуын аймақтар бойынша қалай жүзеге асырып жатқанын зерделеп (172- кесте) көрейік. Онлайн-сауалнамада бұл педагогтердің сыныптан тыс іс-шаралары мен элективті курстардың патенттелген әзірлемелері туралы болды.

172- кесте. Педагогтердің сыныптан тыс іс-шаралар мен элективті курстардың патенттелген әзірлемелері туралы көрсеткіш.

№	Педагогтердің сыныптан тыс іс-шаралар мен элективті курстардың патенттелген әзірлемелері туралы көрсеткіш			
	Өңірледің атауы	Респонденттер саны	әзірлейді	әзірлемейді
	Ақмола облысы	103	32%	68%
	Ақтөбе облысы	36	30,6%	69,4%
	Алматы облысы	419	18,1%	81,9%
	Атырау облысы	45	28,9%	71,1%
	БҚО	109	23,6%	76,4%
	Жамбыл облысы	151	19,9%	80,1%
	Қарағанды облысы	28	25%	75%
	Қызылорда облысы	84	21,4%	78,6%
	Қостанай облысы	15	40%	60%
	Маңғыстау облысы	168	23,2%	76,8%
	Түркістан облысы	278	17,6%	82,4%
	Павлодар облысы	26	26,9%	73,1%
	СҚО	33	21,2%	78,8%
	ШҚО	36	25%	75%
	Нұр-Сұлтан қаласы	35	17,1%	82,9%
	Алматы қаласы	29	27,6%	72,4%
	Шымкент қаласы	18	16,7%	83,3 %
	Барлығы:	1613	24,4%	75,6%

Педагогтердің сыныптан тыс іс-шаралар мен элективті курстардың патенттелген әзірлемелері туралы берілген нәтиже бойынша, аймақтардағы респонденттердің жауабына қарап, Қостанай облысы (40%), Ақтөбе облысы (30,6%) пайыздық көрсеткішке жетсе, аталған материалды әзірлемеуден Шымкент қаласы (83,3%), Нұр-Сұлтан қаласы (82,9%), Алматы облысы (81,9%), Түркістан облысы (82,4%) және Жамбыл облысы (80,1%) жоғары көрсеткішке жеткенін аңғаруға болады.

Элективті курстарды таңдау кезінде өзектілігі және білім алушылар үшін жаңашылдығы деңгейіне, дәлелденген және дамыған әлеуетіне назар аударылды. Бағдарламалардың мазмұны білім алушылардың зияткерлік, шығармашылық, эмоционалдық дамуына ықпал етеді, белсенді оқу әдістерін кеңінен пайдалануды, заманауи білім беру технологияларына бағдарлануды пайымдайды.

Элективті курстар төмендегідей міндеттерді шешуге бағытталады:

- білім алушының өзін-өзі анықтауына және одан әрі кәсіби қызметін таңдауына ықпал етеді;
- жоспарланып отырған бейінде оқытудың жағымды уәждемесін жасауға;
- білім алушыларды осы бейін үшін жетекші қызмет түрлерімен таныстыру;
- білім алушылардың танымдық қызметін жандандыру;
- оқушылардың ақпараттық және коммуникативтік құзыреттілігін арттыру.

Элективті курстар Қазақстан, Ресей, Сингапур, Ұлыбритания, АҚШ және тағы басқа мемлекеттердің үздік білім орталықтары мен кәсіпорындарының базасында өткізіледі [161].

Өңірлердегі респондент - педагогтердің сыныптан тыс іс-шаралар мен элективті курстардың патенттелген әзірлемелері туралы берілген нәтиже бойынша алынған нәтижелерге қарап, Қостанай облысы (40%), Ақтөбе облысы (30,6%) пайыздық көрсеткіші мен аталған материалды әзірлеуден Шымкент қаласы (83,3%), Нұр-Сұлтан қаласы (82,9%), Алматы облысы (81,9%), Түркістан облысы (82,4%) және Жамбыл облысы (80,1%) жоғары көрсеткішке жеткенін төмендегі диаграммадан (53-сурет) аңғаруға болады:



53-сурет. Элективті курстардың патенттелген әзірлемелері туралы көрсеткіш.

Элективті курстарда шетел тілін оқыту тілдік тек қана коммуникативтік мақсатта ғана емес, сонымен қатар әлемдік шеттілдік ортаны тану құралы

ретінде қолдану болып табылады. Ағылшын тілі құралдары арқылы білім алушылардың танымдық әрекеттерін ары қарай дамыту: ойлау есте сақтау, назар аудару, ерік – жігер қасиеттері және шетел тілін ары қарай меңгеру мен білімін жетілдіру үшін қызығушылықтарын арттыруда элективті курстардың маңызы зор.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев 2020 жылдың 16-наурызынан бастап Қазақстан Республикасы халқының қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында елімізде төтенше жағдай енгізді. Осыған орай еліміздегі барлық орта білім беру ұйымдарының білім алушылары IV тоқсаннан бастап қашықтықтан білім алуға көшті.

Жалпы «қашықтықтан оқыту» деген ұғымға тоқталатын болсақ, қашықтықтан оқыту – адамның білім мен ақпарат алуына деген құқықтарын іске асыратын үздіксіз білім беру жүйесі нысандарының бірі ретінде мамандардың негізгі қызметін атқара жүріп білімін, біліктілігін арттыруға мүмкіндік беретін үрдіс.

Қашықтықтан оқытуды ұйымдастырудың 3 түрлі формасы бар: онлайн (синхрондық), оффлайн (асинхрондық) және кең таралған үшінші түрі вебинар.

Онлайн режимдегі оқыту дегеніміз – интернет ресурстарының көмегімен ағымдағы уақытта белгілі бір қашықтықта педагог экранын көру арқылы оқытуды ұйымдастыру формасы.

Оффлайн режимдегі оқыту дегеніміз - интернет ресурстарының көмегімен (электрондық пошта) педагог пен білім алушы арасындағы ақпарат алмасуды қамтасыз етуге мүмкіндік беретін оқытудың формасы.

Вебинар дегеніміз – интернет желілерінің көмегімен семинарлар мен тренинтер өткізу формасы.

Осындай сындарлы сәтте сан қырлы, әрі күрделі мәселелерді жүзеге асыруда педагогтың атқарар рөлі зор. Оған әрі ауыр, әрі жауапты міндет жүгі жүктеледі: ол қысқа мерзімді оқу жоспарын дайындап, оны қашықтықтан білім беру жүйесімен астастырып бейімдейді, оқу үрдісінің барысын қадағалап, тапсырмаларды орындау барысында, өз бетімен бақылау-пысықтау жұмыстарын орындау жөнінде ұсыныстар береді. Бұл ретте қашықтықтан оқыту жүйесінің әдістерінде көрсетілгеніндей, көңіл-күй, психологиялық қарым-қатынас бой көрсетеді. Қашықтықтан оқыту тәсілі бойынша жұмыс істейтін педагог оқытудың жаңа технологиясын, оқытудың компьютерлі және тораптық жүйелерін жетік біліп, олармен іс жүргізу ісін орындауы керек.

Тілдерді оқытуда тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым және тілді қолдану құзіреттіліктері барын ескерсек, кей құзіреттілік қашықтан оқытуда қиындық тудрары анық. Осыны зерделеу барысында өңірлердегі педагогтерге онлайн-сауалнама жүргізіп, сауалнамаға қатысқан респонденттердің жауаптары жиналып, сұрыпталып, зерделенді. Осылайша шетел тілін оқытудағы тілдік құзіреттіліктердің


Қашықтан оқыту кезінде шетел тілін үйретуде өңірлерде тілді оқытудың қандай құзіреттіліктерде қиындықтар туындағанын онлайн-сауалнамадан алған жауаптарға (173-кесте) қарап саралап көрейік.

Тілдерді оқытудағы құзіреттіліктердің қай түрі қиындық тудыруда басымдық танытқанын төменде берілген кестеден байқап көруге болады:

173-кесте. Қашықтан оқыту кезінде тілдік құзіреттіліктерді дамытуда туындаған қиындықтар туралы көрсеткіш.

№	Қашықтан оқыту кезінде тілдік құзіреттіліктерді дамытуда туындаған қиындықтар туралы көрсеткіш					
	Өңірледің атауы	Тыңдалым	Айтылым	Оқылым	Жазылым	Тілді қолдану
	Ақмола облысы	55,3%	62,1%	17,5%	30,1%	30,1%
	Ақтөбе облысы	58,3%	63,9%	13,9%	22,2%	44,4%
	Алматы облысы	50,1%	59,2%	22,9%	29,6%	42,2%
	Атырау облысы	42,2 %	51,1%	24,4%	20%	44,4%
	БҚО	54,5%	74,5%	19,1%	27,3%	41,8%
	Жамбыл облысы	49,7%	47,7%	36,4%	31,8%	37,7%
	Қарағанды облысы	64,3%	57,1%	21,4%	21,4%	42,9%
	Қызылорда облысы	45,2%	46,4%	29,8%	28,6%	24%
	Қостанай облысы	73,3%	66,7%	13,3%	13,3%	13,3%
	Маңғыстау облысы	52,4%	69,6%	19%	14,3%	35,7%
	Түркістан облысы	53,2%	56,1%	23,7%	21,6%	40,6%
	Павлодар облысы	57,7%	69,2%	7,7%	23,1%	46,2%
	СҚО	57,6%	75,8%	18,2%	21,2%	30,3%
	ШҚО	50%	50%	25%	30,6%	44,4%
	Нұр-Сұлтан қаласы	60%	54,3%	14,3%	42,9%	28,6%
	Алматы қаласы	48,3%	44,8%	27,6%	13,8%	27,6%
	Шымкент қаласы	72,2%	38,9%	27,8%	27,8%	16,7%
	Барлығы:	55,5%	58,1%	21,2%	24,6%	37,7%

Өңірлер бойынша пайыздық өлшем жазылған кестедегі нәтижелерге қарап, тілдік құзіреттіліктердегі «айтылым» - 58,1%, «тыңдалым» - 55,5%-ды беріп, қашықтың оқытуда қиындық тудырғанын көруге болады. «Тілді қолдану» дағдысы – 37,7 %-ды көрсетсе, «Оқылым» - 21,2% және «Жазылым» - 24,6% - ды көрсетіп отыр. Енді осы көрсеткішті диаграммадан көру үшін, оның екі түрі беріліп отыр (54-55суреттер).



54- сурет. Қашықтан оқыту кезінде тудыратын тілдік құзіреттіліктер.



55- сурет. Қашықтан оқыту кезінде тудыратын тілдік құзіреттіліктер.

Осы көрсеткіштерге қарап, бүкіл өңірлер бойынша үш дағды (айтылым, тыңдалым, тілді қолдану) қашықтан оқытуда өзіндік қиындық тудырған.


Онлайн-сауалнаманың келесі сұрағы педагогтердің сабақ беретін пәні бойынша білім алушылардың тілдік құзіреттіліктеріне диагностика жүргізілуі туралы болды.

Респондент педагогтер «Иә, оқу жылының басында және соңында», «Иә, оқу жылының басында», «Иә, оқу жылының соңында», «Иә, оқу жылы бойы», «Жүргізілмейді» деген жауаптардың бірін таңдады. Нәтижесі 174-кестеде көрсетілген.

174- кесте. Педагогтердің сабақ беретін пәні бойынша білім алушылардың тілдік құзыреттіліктеріне диагностика жүргізілуі туралы көрсеткіш

№	Педагогтердің сабақ беретін пәні бойынша білім алушылардың тілдік құзыреттіліктеріне диагностика жүргізілуі туралы көрсеткіш					
	Өңірлердің атауы	Оқу жылының			жыл бойы	жүргізілмейді
		басында және соңында	басында	соңында		
	Ақмола облысы	52,4%	1%	3,9%	36,9%	5,8%
	Ақтөбе облысы	50%	5,6%	8,3%	36,1%	0%
	Алматы облысы	55,1%	6%	5,5%	28,4%	5%
	Атырау облысы	46,7 %	6,7%	13,3%	28,9%	4,4%
	БҚО	47,3%	8,2%	6,4%	30%	8,2%
	Жамбыл облысы	47,7%	4,6%	9,9%	33,1%	4,6%
	Қарағанды облысы	50%	7,1%	0%	35,7%	7,1%
	Қызылорда облысы	40,5%	4,8%	7,1%	40,5%	7,1%
	Қостанай облысы	66,7%	6,7%	0%	20%	6,7%
	Маңғыстау облысы	46,4%	9,5%	11,9%	25%	7,1%
	Түркістан облысы	40,3%	7,6%	11,5%	30,2%	10,4%
	Павлодар облысы	46,2%	7,7%	3,8%	42,3%	0%
	СҚО	33,3%	6,1%	12,1%	39,4%	9,1%
	ШҚО	41,7%	11,1%	16,7%	27,8%	2,8%
	Нұр-Сұлтан қаласы	48,6%	5,7%	0%	45,7%	0%
	Алматы қаласы	48,3%	24,1%	10,3%	17,2%	0%
	Шымкент қаласы	33,3%	0%	16,7%	50%	0%
	Барлығы:	46,3%	7,2%	8,1%	33,3%	4,6%

Төменде берілген диаграммаға қарап, тілдік құзыреттіліктерге диагностика жасау барысында өңірлердегі көрсеткіштерге қарап, «Иә, оқу жылының басында және соңында» деген жауап - 46,3%, «Иә, оқу жылының басында» деген жауап – 7,2%, «Иә, оқу жылының соңында» деген жауап – 8,1%, ал «иә, оқу жылы бойы» - 33,3% - ды құрап отыр. Аймақтар бойынша «жүргізілмейді» деген жауапты – 4,6% құрағанын байқауға болады (56-сурет).



56-сурет. Тілдік құзыреттіліктерге диагностика жүргізу.


Респондент-педагогтердің жауаптарына қарап, оқулықтың жаңартылған мазмұндағы Үлгілік оқу бағдарламасын тілдік деңгейге сәйкес не сәйкес еместігі туралы пайыздық өлшемді өңірлер бойынша зерделейік.

Өңірлердегі респондент - педагогтердің оқулықтың жаңартылған мазмұндағы Үлгілік оқу бағдарламасын тілдік деңгейге сәйкес не сәйкес еместігі туралы берілген нәтиже бойынша алынған нәтижелерге қарап, Қостанай облысы «толықтай сәйкес» (86,7%), Қарағанды облысы (78,6%) пайыздық көрсеткіші мен аталған материалды әзірлемеуден Шымкент қаласы (83,3%), Нұр-Сұлтан қаласы (82,9%), Алматы облысы (81,9%), Түркістан облысы (82,4%) және Жамбыл облысы (80,1%) жоғары көрсеткішке жеткенін төмендегі диаграммадан (175-кесте) аңғаруға болады:

175-кесте. Оқулықтың МЖМБС және ҮОБ белгіленген тілдік деңгейге сәйкестігі туралы педагогтердің көзқарасы.

№	Оқулықтың МЖМБС және ҮОБ белгіленген тілдік деңгейге сәйкестігі туралы педагогтердің көзқарасы				
	Өңірледің атауы	Респонденттер	Толықтай сәйкес	Сәйкес емес	Ішінара сәйкес
	Ақмола облысы	103	56,3%	5,8%	37,9%
	Ақтөбе облысы	36	44,4%	5,6%	50%
	Алматы облысы	419	49,4%	10,5%	40,1%
	Атырау облысы	45	57,8%	8,9%	33,3%
	БҚО	110	56,4%	0,9%	42,7%
	Жамбыл облысы	151	51%	12,6%	36,4%

Қарағанды облысы	28	78,6%	3,6%	17,9%
Қызылорда облысы	84	52,4%	8,3%	39,3%
Қостанай облысы	15	86,7%	0%	13,3%
Маңғыстау облысы	168	47,6%	8,9%	43,5%
Түркістан облысы	278	38,5 %	10,8%	50,7%
Павлодар облысы	26	46,2%	7,7%	46,2%
СҚО	33	54,5%	12,1%	33,3%
ШҚО	36	30,6%	22,2%	47,2%
Нұр-Сұлтан қаласы	35	48,6%	0%	51,4%
Алматы қаласы	29	62,1%	0%	37,9%
Шымкент қаласы	18	27,8%	22,2%	50%
Барлығы:	1574	52,2%	8,9%	39,4%




57-сурет. Оқулықтардың МЖМБС, ҮОБ тілдік деңгейге сәйкестігі туралы педагогтердің көзқарасы

Оқу кабинеттерінің мультимедиалық жабдықталуы туралы көрсеткішіне сәйкес «тек пәндік кабинет» Ақмола облысы 24,3 %, Жамбыл облысы 15,2 % және Алматы қаласы 44,8 пайызды көрсетті. Ал, «барлық кабинеттер» Атырау облысы 55,6%, Нұр-Сұлтан қаласы 57,1% жабдықталған. Мектепте бәріне ортақ бір орын Ақтөбе облысы 44,7%, Қостанай облысы 13,3% құрады. (176-кесте)

176-кесте. Оқу кабинеттерінің мультимедиалық жабдықталуы туралы көрсеткіш

№	Оқу кабинеттерінің мультимедиалық жабдықталуы туралы көрсеткіш				
	Өңірледің атауы	Респонденттер	тек пәндік кабинет	барлық кабинеттер	мектепте бәріне ортақ бір орын
	Ақмола облысы	103	24,3%	47,6%	28,2%
	Ақтөбе облысы	36	22,2%	36,1%	41,7%
	Алматы облысы	419	23,6%	35,6%	40,8%
	Атырау облысы	45	24,4%	55,6%	20%
	БҚО	110	20%	41,8%	38,2%
	Жамбыл облысы	151	15,2%	50,3%	34,4%
	Қарағанды облысы	28	39,3%	50%	10,7%
	Қызылорда облысы	84	13,1%	28,6%	58,3%
	Қостанай облысы	15	26,7%	60%	13,3%
	Маңғыстау облысы	168	19,6%	24,4%	56%
	Түркістан облысы	278	21,6%	29,1%	49,3%
	Павлодар облысы	26	26,9%	50%	23,1%
	СҚО	33	21,2%	30,3%	48,5%
	ШҚО	36	38,9%	36,1%	25%
	Нұр-Сұлтан қаласы	35	17,1%	57,1%	25,7%
	Алматы қаласы	29	44,8%	44,8%	10,3%
	Шымкент қаласы	18	22,2%	16,7%	61,1%
	Барлығы:	1613	24,7%	40,8%	34,3%




58-сурет. Оқу кабинеттерінің мультимедиялық жабдықталуы

Мектеп кітапханасының пәнді тиімді оқытуға және оқуға арналған оқулықтармен, оқу құралдарымен қамтамасыз етілу саны Қызылорда облысы респонденттерінің жауаптарына сәйкес 66%, Түркістан облысы 51,8% жеткілікті деп жауап берсе, Маңғыстау облысы 30,4 %, Шымкент қаласы 55,6% оқуға арналған оқулықтар және оқу-құралдарымен қамтамасыз етілу саны аз деп көрсеткен.(177-кесте)

177-кесте. Мектеп кітапханасының пәнді тиімді оқытуға және оқуға арналған оқулықтармен, оқу құралдарымен қамтамасыз етілуі туралы көрсеткіш

№	Мектеп кітапханасының пәнді тиімді оқытуға және оқуға арналған оқулықтармен, оқу құралдарымен қамтамасыз етілуі туралы көрсеткіш				
	Өңірледің атауы	Респонденттер	саны жеткілікті	саны аз	жоқ
	Ақмола облысы	103	66%	31,1%	2,9%
	Ақтөбе облысы	36	63,9%	22,2%	13,9%
	Алматы облысы	419	57,5%	32,7%	9,8%
	Атырау облысы	45	82,2%	17,8%	0%
	БҚО	109	64,5%	31,8%	3,6%
	Жамбыл облысы	151	66,9%	31,1%	2%
	Қарағанды облысы	28	78,6%	21,4%	0%
	Қызылорда облысы	84	57,1%	32,1%	10,7%
	Қостанай облысы	15	80%	13,3%	6,7%
	Маңғыстау облысы	168	63,1%	30,4%	6,5%
	Түркістан облысы	278	51,8%	43,9%	4,3%
	Павлодар облысы	26	69,2%	23,1%	7,7%
	СҚО	33	48,5%	36,4%	15,2%
	ШҚО	36	41,7%	47,2%	11,1%
	Нұр-Сұлтан қаласы	35	80%	20%	0%
	Алматы қаласы	29	89,7%	6,9%	3,4%
	Шымкент қаласы	18	38,9%	55,6%	5,6%
	Барлығы:	1613	64,6%	29,2%	6,1%



59-сурет. Мектеп кітапханасының оқу құралдарымен қамтамасыз етілуі.

Онлайн-сауалнама кезінде респондент-педагогтердің оқу пәнін жүргізу барысында кездестіретін **проблемалары** туралы:

Ақмола облысы:

- Оқулық, методикалық әдебиеттердің жоқтығы;
- Интерактивті тақтаның жеткіліксіз немесе жоқ болуы;
- Мультимедиялық құралдардың жетіспеуі;
- Интернеттің жоқтығы немесе жылдамдығының төмендігі;
- Материалдардың жеткіліксіздігі;
- Білім алушылардың сөйлеу дағдысын қалыптастыру;
- Ауылдық мектептерден келген білім алушылардың ағылшын тілі пәнінен білім деңгейлерінің төмендігі;
- Оқу пәні кабинеттерінің жабдықталмауы;
- Тыңдалым мен айтылым дағдыларын жетілдіруге материалдардың (аудио және видео жазбалардың) жоқтығы;
- Бастауыш сыныптардың оқулықтарының сапасының төмендігі;
- Мультимедиялық құралдардың жетіспеушілігі;
- Білім алушылардың тіл бойынша деңгейлерінің әртүрлілігі;
- Қашықтан оқу;
- Уақыттың жетіспеуі;
- Білім алушылардың пәнге қызығушылығының жоқтығы.

Ақтөбе облысы:

- Үлгілік оқу бағдарламасы мен оқулықтардың сәйкессіздігі;
- Оқулықтар мен ресурстардың жетіспеуі;
- Оқулықта тақырыпқа сай жаттығулардың жетіспеушілігі;
- Тыңдалым дағдысына құлаққаптардың жоқтығы;
- Кабинеттерде интерактивті шаралардың болмауы және жұмыс жасамауы;
- Білім алушылардың пәнге қызығушылығының жоқтығы;
- Айтылым дағдысындағы қиыншылықтар;

- Материалдың аздығы, болса тек ағылшын тілінде жазылған әрі аудармасыз шетелдік басылымдар;
- Мультимедиялық кабинеттердің жоқтығы;
- Монолог және диалог түрінде сөйлеу іскерлігі;
- Оқулықтардың беті жазбаға толып, келесі білім алушының тапсырма орындауына кедергі болуы, жаңадан жұмыс дәптерлердің берілмеуі;
- Ата-аналардың шет тілі пәнін маңызды деп санамауы;
- Лингофонды кабинеттің болмауы;
- Тілдік ортаның болмауы;
- Оқыту әдісінің (методика) қиындығы.

Алматы облысы:

- Интерактивті тақтаның жоқтығы;
- Білім алушылармен қашықтықта қарым-қатынас жасау;
- Тыңдалым дағдысына материалдардың жеткіліксіздігі;
- Тілді қолдану дағдысы;
- Білім алушылардың тыңдалым дағдысының тапсырмаларынан қиналуы;
- Қашықтан оқыту барысында интернеттің нашар болуы;
- Білім алушылардың пәнге қызығушылығының жоқтығы;
- Ата-аналар тарапынан жауапкершіліктің аздығы;
- Пәнге арналған кабинеттердің талапқа сай жабдықталмағаны.

Атырау облысы:

- Білім алушылардың айтылым дағдысынан қиналуы;
- You tube каналына сабақтарымды жүктеу;
- Кабинеттердің жабдықталмауы;
- АКТ қолдану;
- Оқулықтардың тыңдалымға арналған дисктерінің болмауы;
- Педагогтерге сабаққа әзірленуге оқу-материалдарының жоқтығы;
- Кабинеттердің компьютермен және интернетпен жабдықталмауы;
- Интернеттің жылдамдығының төмендігі;
- Мектепте ағылшын тіліне арналған кабинеттердің жоқтығы;
- Педагогтердің кабинет жабдықтауға қаражатының жеткіліксіз болуы;
- Тыңдалым дағдысына материалдардың жеткіліксіздігі;
- Ағылшын тілінен лингофондық кабинеттің жоқтығы;
- Оқулықтар мазмұны үлгілік оқу бағдарламаларымен сәйкес келмеуі;
- Оқулықтағы мәтіндердің мазмұны білім алушының жас ерекшелігіне сәйкес болмауы;
- Әрбір кабинетте интерактивті тақтаның болмауы және оның интернетке қосылып тұрмауы;
- Білім алушылардың үй жағдайында интернеттерінің болмауы.

Батыс Қазақстан облысы:

- Оқулықтың ғылымилығы терең болғандықтан, білім алушыларға қиындығы;
- Тыңдалым дағдысына материалдардың жеткіліксіздігі;
- Қашықтан оқу кезінде білім алушылардың интернет желісіне кіре алмай, сабақты түсінбей қалуы;
- Үш тілде тапсырма құру;
- Оқу-материалдардың жетіспеушілігі;
- Оқулықтардың мазмұнында жас ерекшеліктерді екермегендігі;
- Білім алушылардың тілдік деңгейінің әртүрлілігі;
- Арнайы жабдықталған кабинеттердің жоқтығы;
- Лингафон кабинеттердің болмауы;
- Сыныптарда интербелсенді тақтаның жеткіліксіздігі;
- Оқулықтарда бағдарламаға сай материалдардың аздығы;
- Интернет желісінің жылдамдығының жоқтығы;
- Білім алушылардың пәнге қызығушылығын жоғалтуы;
- Ақпараттық технологияның жеткіліксіздігі;
- Электронды оқулықтардың жоқтығы;
- Білім алушылардың тілдік тосқауылы;
- «English Plus» 7 сынып оқулығының кейбір тақырыптарының сәйкес болмауы;
- Ата-аналардың балаларының сабағына жеткілікті көңіл бөлмеуі;
- Тілдік кедергілер;
- Грамматикалық тақырыптардың жүйесіздігі;
- Дидактикалық материалдардың жеткіліксіз болуы.

Жамбыл облысы:

- Тыңдалым дағдысына материалдардың жеткіліксіздігі;
- Интернеттің жоқтығы немесе жылдамдығының төмендігі;
- Лингафон кабинеттердің болмауы;
- Интерактивті тақтаның жоқтығы;
- Оқулықта грамматикалық тапсырмалардың аз болуы;
- Лексика мөлшерінің тым көптігі;
- Оқулық сапасының төмендігі;
- Сандық құрылғылардың аздығы;
- Дидактикалық құралдар тапшылығы;
- Оқулықтың үлгілік оқу бағдарламасына сай келмеуі;
- Берілген материалдарда білім алушылардың жас ерекшелігінің ескерілмеуі;
- Сынып мультимедиялық технологиялармен жабдықталмағаны;
- Тақырыптардың қиындығы;
- Оқулықтың қиындығы;
- Тыңдалымды қолдануға құралдардың жоқтығынан ұялы телефонды қосқанымен оның дауысының төмен шығуы;
- БЖБ, ТЖБ тапсырмаларын орындауға берілген уақыттың аздығы;
- Оқу кабинеттерінің жетіспеуі.

Қарағанды облысы:

- Ата-аналардың балаларының сабағына жеткілікті көңіл бөлмеуі;
- Тыңдалым дағдысына материалдар мен құралдардың жеткіліксіздігі;
- Оқулықтың қиындығы;
- Қашықтан оқу кезінде білім алушылардың сабаққа толық қатыспауы;
- Оқу кабинеттерінің жетіспеуі;
- Білім алушылардың үй тапсырмасын орындауда ата-аналардың қадағаламауы;
- Тілдік ортаның аздығы;
- Интерактивті тақтаның әр кабинетте болмауы;
- Техникалық құралдардың жетіспеушілігі.

Қызылорда облысы:

- Оқулықтың қиындығы әрі ескілігі;
- Тақырыптардың қиындығымен қоса, сабақтастықтың жоқтығы;
- Интерактивті тақтаның жоқтығы;
- Оқулықтардың мазмұны жағынан сапасыздығы;
- Тыңдалым, айтылым дағдыларына қажетті құрал-жабдықтың жоқтығы;
- Интернеттің жоқтығы немесе жылдамдығының төмендігі;
- Жұмыс дәптерлерінің аздығы;
- Оқулықтың үлгілік оқу бағдарламасына сай келмеуі;
- Компьютерлердің жетіспеушілігі;
- Оқыту пәніне сай кабинеттердің жабдықталмауы;
- Білім алушылардың пәнге қызығушылығының жоқтығы;
- Лингафон кабинетінің жоқтығы;
- Оқулықтың жетіспеушілігі;
- АКТ жетіспеушілігі;
- Берілген материалдарда білім алушылардың жас ерекшелігінің ескерілмеуі;
- Тыңдалым дағдысы бойынша тапсырмалардың қиындығы;
- Оқулықтарда қателердің көптігі;
- Дидактикалық материалдардың аздығы.

Қостанай облысы:

- Оқулықтар мен жұмыс дәптерінің жетіспеушілігі;
- АКТ жетіспеушілігі;
- Мектепте әр кабинетте интернеттің жоқтығы;
- Лингафон кабинетінің жоқтығы;
- Оқулықтардың мазмұны жағынан сапасыздығы.

Маңғыстау облысы:

- Интерактивті тақтаның жоқтығы;
- Тыңдалым дағдысына материалдар мен құралдардың жеткіліксіздігі;
- Берілген материалдарда білім алушылардың жас ерекшелігінің ескерілмеуі;
- Интернет пен компьютердің жеткіліксіздігі;
- Білім алушылардың сабаққа ынтасының жоқтығы;

- Жаңа термин сөздердің білім алушыларға қиындық тудыруы;
- Оқулықтың үлгілік оқу бағдарламасына сай келмеуі;
- Оқулықтардың мазмұны жағынан сапасыздығы;
- БЖБ, ТЖБ тапсырмаларын орындауға берілген уақыттың аздығы;
- АКТ жетіспеушілігі;
- Лингафон кабинетінің жоқтығы;
- 5,7 сыныптарға арналған English Plus оқулығы бағдарламаға сәйкессіздігі;
- Кабинеттердің оқыту пәніне сай жабдықталмауы;
- Балалардың тәртібі;
- Лингафон кабинеттердің болмауы;
- Ағылшын тілі пәнінде тыңдалым дағдысы бойынша құлаққаптардың жоқтығы;
- Білім алушылардың сабаққа ынтасының жоқтығы.

Түркістан облысы:

- Тыңдалым дағдысына материалдар мен құралдардың жеткіліксіздігі;
- Оқулықтардың мазмұны жағынан сапасыздығы;
- Оқулықтардың баспасының әр түрлілігі;
- Интернет пен компьютердің жеткіліксіздігі;
- Кабинеттердің оқыту пәніне сай жабдықталмауы;
- Білім алушылардың пәнге қызығушылығының жоқтығы;
- Жұмыс дәптерлерінің жетіспеушілігі;
- Лингафон кабинетінің жоқтығы;
- БЖБ, ТЖБ тапсырмаларын орындауға тақырыптардың қиындығы мен берілген уақыттың аздығы;
- Ағылшын тілі пәнінде тыңдалым дағдысы бойынша құлаққаптардың жоқтығы;
- Қашықтан оқу кезінде білім алушылардың сабаққа толық қатыспауы;
- Оқулықпен бірге тыңдалым дағдысына арналған дисктің берілмеуі;
- Лингафон кабинеттердің болмауы;
- Кабинеттердің оқыту пәніне сай жабдықталмауы;
- Сыныптардың жетіспеушілігі немесе оның тарлығы;
- Оқулықтың жетіспеушілігі;
- Оқулықтың үлгілік оқу бағдарламасына сай келмеуі;
- 10 сыныпқа арналған «Action» сәкессіздігі;
- Білім алушылардың сабаққа ынтасының жоқтығы;
- Интернет пен компьютердің жеткіліксіздігі.

Павлодар облысы:

- Лингафон кабинеттердің болмауы;
- Білім алушылардың қашықтықта оқуына байланысты интернет желісінің нашарлығы;
- Кабинеттердің оқыту пәніне сай жабдықталмауы;
- Интерактивті тақтаның жоқтығы;
- Тыңдалым дағдысына материалдар мен құралдардың жеткіліксіздігі;
- Білім алушылардың пәнге деген қызығушылығының төмендігі;

- Педагогтерге арнайы оқыту-материалдарының жеткіліксіздігі;
- Қосымша оқу-материалдардың жоқтығы;
- Сыныптардың жетіспеушілігі немесе оның тарлығы;
- Кабинеттердің (қыста суық, жазда ыстық) жайсыздығы.

Солтүстік Қазақстан облысы:

- Білім алушылардың пәнге деген қызығушылығының төмендігі;
- Оқулықтың үлгілік оқу бағдарламасына сай келмеуі;
- Тыңдалым дағдысына материалдар мен құралдардың жеткіліксіздігі;
- Бастауыш бойынша оқулықтардың мазмұндық сапасының төмендігі мен жүйесіздігі;
- Интерактивті тақтаның жоқтығы;
- Білім алушылардың танымдық қабілеттерінің төмендігі мен пәнге қызығушылығының жоқтығы;
- Білім алушылардың шетел тілін үйренудегі сөз жаттау, оны ауызекі тілде қолдану қиыншылығы;
- Бастауыш сыныптарға арналған жұмыс дәптері жеткіліксіз, орта, жоғары сыныптарға (5-10) арналған тыңдалым дисктердің жоқтығы;
- Берілген материалдарда білім алушылардың жас ерекшелігінің ескерілмеуі;
- Қосымша оқу-материалдарының жоқтығы.

Шығыс Қазақстан облысы:

- Қашықтан оқу кезінде білім алушылардың сабаққа толық қатыспауы әрі тыңдалым дағдысындағы қиындықтардың болуы;
- Тыңдалым дағдысына материалдар мен құралдардың жеткіліксіздігі;
- Білім алушылардың танымдық қабілеттерінің төмендігі мен пәнге қызығушылығының жоқтығы;
- Кабинеттердің оқыту пәніне сай жабдықталмауы;
- Жеке оқушымен жұмыс істеу мүмкіндігінің жоқтығы;
- ЖМБ пәндерін ағылшын тілінде оқытуға байланысты әдістемелік ұсынымдардың жоқтығы;
- Дидактикалық материалдардың аздығы;
- Оқулықтың жетіспеуі мен оқулықпен қатар жүретін білім алушыға арналған жұмыс дәптерінің болмауы;
- Интернеттің қол жетімсіздігі;
- Интерактивті тақтаның жоқтығы;
- Қашықтықтан оқытуда интернет желісіне барлық білім алушының қосыла алмауы;
- Грамматикалық жаттығулардың аздығы;
- Жыл сайын оқулықтардың өзгеріп отыруы.

Нұр-Сұлтан қаласы:

- Кабинеттердің оқыту пәніне сай жабдықталмауы;

- Қашықтықтан оқытуда интернет желісіне барлық білім алушының қосыла алмауы;
- Интерактивті тақтаның жоқтығы;
- Ауызша сөйлеу дағдыларындағы қиындықтар;
- Бейне жазбалардың жетіспеушілігі;
- Білім алушылардың танымдық қабілеттерінің төмендігі мен пәнге қызығушылығының жоқтығы;
- Қашықтан оқуда білім алушылардың үй тапсырмасын өз деңгейінде орындамауы;
- Ата-аналардың балаларының білім алуына қадағаламауы;
- Педагогтерге арналған оқу-материалдарының жоқтығы;
- Кабинеттердің (қыста суық, жазда ыстық) жайсыздығы.

Алматы қаласы:

- Тыңдалым дағдысына материалдар мен құралдардың жеткіліксіздігі;
- Қашықтықтан оқыту кезінде білім алушылардың оқылым және сөйлеу дағдысының төмендеп кетуі;
- Қашықтан оқу кезіндегі кейбір білім алушылардағы интернет жылдамдығының төмен болуы;
- Көрнекіліктердің жеткіліксіздігі;
- Тілдік ортамен қамтамасыз етілмеуі;
- БЖБ, ТЖБ тапсырмаларын орындауға тақырыптардың қиындығы мен берілген уақыттың аздығы.

Шымкент қаласы:

- Тыңдалым дағдысына материалдар мен құралдардың жеткіліксіздігі;
- Сөйлеу және тыңдау дағдыларын оқытудағы қиындықтар;
- Оқулықтардың жетіспеушілігі;
- Тыңдалымға арналған аудио дисктердің жоқтығы;
- Педагогтерге арналған «Teachers book» қажетті көмекші құралдардың аздығы;
- Мультимедиялық тақтан мен лингофон кабинетінің жоқтығы;
- Оқулықтардың білім алушыларға түсініксіздігі;
- АКТ құралдарының жоқтығы;
- Кабинеттердің оқыту пәніне сай жабдықталмауы.

Онлайн-сауалнама кезінде респондент-педагогтердің оқу пәнін жүргізу барысында кездестіретін проблемалары туралы жазды. Енді аймақтар бойынша сол мәселерді шешудегі педагогтердің ұсыныстарын тізбектеп көрейік:

- ҚР бойынша оқулық авторларымен оқулықтардың Үлгілік оқу бағдарламаларына сай жұмыстардың жүргізілуі;
- Барлық сыныптар бойынша оқулықтардың мазмұндық жағының жас ерекшеліктерге сай әрі Үлгілік оқу бағдарламалары мен сыныптар арасындағы сабақтастықтың болуы;

- 1-11- сыныптар бойынша оқулықаралық сабақтастықтың болуы;
- Сөздік кітаптар санын көбейту;
- Оқулықтардағы грамматикалық материалдардың жүйелі әрі жеткілікті болуы;
- Кітапханаларда шетел тіліндегі әдеби кітаптардың жеткілікті болуы;
- Электронды оқулықтардың жеткілікті болуы;
- Берілген материалдарда білім алушылардың жас ерекшелігінің ескерілуі;
- Педагогтерге арналған оқу-материалдарының жеткілікті болуы;
- Тындалым дағдысына материалдар мен құралдардың жеткілікті болуы;
- Пәнге сай қосымша материалдардың жеткілікті болуы;
- АКТ құралдарының толық болуы;
- Жыл сайын жұмыс дәптерлерінің жаңадан берілуі;
- Жазғы мектептердің дұрыс ұйымдастырылуы;
- Педагогтерге арнайы курстар мен семинарлардың жеткілікті ұйымдастырылуы;
- Шетел тілі пәнінің мұғалімдерін шет елге тәжірибелік курстарға жіберуді ұйымдастыру;
- Лингвистикалық кабинеттердің көптеп жасақталуы;
- ТЖБ - ның дағдыларының азыюы;
- Кабинеттердің техникалық құрал-жабдықтармен жасақталуы;
- Мектептердің сапалы интернет желісімен қамтылуы;
- Ауылды жерлерге мектептердің салынуы;
- Оқулықтар мен Үлгілік оқу бағдарламасы арасындағы сабақтастықтың болуы;
- Танымдық белсенділіктің қалыптасу деңгейлерін бақылауға арналған тәжірибелік- педагогикалық жұмыстар жүргізу;
- Лингофон кабинеттердің болуы.

Ата-аналар

5 Өздеріңіздің үй кітапханаларыңыз бар ма? (бірнеше жауап нұсқасын таңдауға болады)

8 Балаңыз үйде қандай тілде/тілдерде сөйлейді?

10 Мектептегі оқыту тілін көрсетіңіз

11 Балаңыздың қазақ тілін білу деңгейі сізді қанағаттандырады ма?

12 Балаңыздың орыс тілін білу деңгейі сізді қанағаттандырады ма?

13 Балаңыздың ағылшын тілін білу деңгейі сізді қанағаттандырады ма?

14 Сіз бір немесе бірнеше жаратылыстану-математикалық бағытындағы пәндерді (химия, физика, биология, информатика) ағылшын тілінде оқу идеясын қолдайсыз ба?

15 Сіздің ойыңызша, білім алушыларға болашақтары үшін қандай тілдерді меңгерген дұрыс?

16 Тілдерді оқытуға байланысты ұсыныстарыңыз бар болса, осы жерге жазыңыз

178-кестеде Білім алушылардың үй жағдайында кітапханасының болу, болмауы туралы ақпарат берілген. Талдау нәтижесіне сәйкес Ақтөбе облысы респонденттері 53,9% , БҚО 59,3% кітаптар қазақ тілінде екенін көрсеткен. Орыс тілінде оқылатын кітаптар Атырау облысында 13,5%, СҚО 35,2% және Алматы қаласы 46,9% құрады.

178-кесте. Білім алушылардың үй жағдайында кітапханасының болу, болмауы туралы көрсеткіш.

№	Білім алушылардың үй жағдайында кітапханасының болу, болмауы туралы көрсеткіш						
	Өңірледің атауы	Кітаптар					
		респонденттер	қазақ тілінде	орыс тілінде	ағылшын тілінде	басқа тілдерде	жоқ
	Ақмола облысы	2 804	57,5%	32,1%	10,1%	8,3%	34%
	Ақтөбе облысы	634	53,9%	23%	8%	6,5%	39,7%
	Алматы облысы	6 548	56,5%	20,7%	7,6%	9,6%	36,1%
	Атырау облысы	2 389	47,7%	13,5%	4,9%	6,2%	46,2%
	БҚО	1 453	59,3%	28,4%	7,8%	5,9%	35,5%
	Жамбыл облысы	1 027	53,2%	22,9%	8,1%	8,4%	37,6%
	Қарағанды облысы	729	61%	28,7%	11,4%	11,1%	30,3%
	Қызылорда облысы	315	56,2%	19,7%	6%	7%	37,5%
	Қостанай облысы	153	42,5%	20,9%	3,9%	3,9%	54,9%
	Маңғыстау облысы	1 377	46,6%	12,9%	5,5%	4,6%	49,7%
	Түркістан облысы	1 574	56,1%	12,2%	5%	8,8%	37,7%
	Павлодар облысы	399	58,4%	36,1%	10%	7,8%	33,6%
	СҚО	159	54,1%	35,2%	6,9%	7,5%	34%
	ШҚО	303	60,4%	26,7%	8,9%	10,2%	29,4%
	Нұр-Сұлтан қаласы	679	59,9%	35,5%	17,8%	9,9%	33,1%
	Алматы қаласы	96	60,4%	46,9%	21,9%	9,4%	27,1%
	Шымкент қаласы	681	42,3%	24,8%	13,2%	24,5%	34,4%
	Барлығы:	1613	54,4%	25,8%	9,2%	8,8%	37,1%




60-сурет. Білім алушылардың үй жағдайында кітапханасы туралы көрсеткіш.

Өңірлердегі респонденттердің жауаптарына қарап баланың үйінде қолданатын тілі Нұр-Сұлтан қаласы бойынша 46,1%, Шымкент қаласы 52 % қазақша екені көрсетілді. Ақмола облысында 5%, Павлодар облысында 11% баланың сөйлесетін тілі орысша деп жауап берілген. (24-сурет)

179-кесте. Баланың үйінде қолданатын тілі

Өңірлердің атауы	респонденттер саны	Баланың үйінде қолданатын тілі			
		қазақша	орысша	ағылшынша	аралас
Ақмола облысы	2 804	44,7%	5%	0%	50,3%
Ақтөбе облысы	634	55,7%	0,9%	0%	43,4%
Алматы облысы	6 548	63,1%	2%	0%	34,9%
Атырау облысы	2 389	73%	0,7%	0%	26,3%
БҚО	1 453	58,2%	1,2%	0%	40,6%
Жамбыл облысы	1 027	59,9%	1,7%	0%	38,4%
Қарағанды облысы	729	49,5 %	1%	0%	49,5%
Қызылорда облысы	315	77,1%	0,3%	0%	22,6%
Қостанай облысы	153	44,4%	3,9%	0%	51,7%
Маңғыстау облысы	1 377	76,4%	0,7%	0%	22,9%
Түркістан облысы	1 574	79%	0,4%	0%	20,6%
Павлодар облысы	399	26,8%	11%	0%	62,2%
СҚО	159	44%	6,3%	0%	49,7%
ШҚО	303	58,1%	2%	0%	39,9%
Нұр-Сұлтан қаласы	679	46,1%	1,3%	0%	52,6%
Алматы қаласы	96	40,6%	2,1%	0%	57,3%
Шымкент қаласы	681	52%	3,1%	0%	44,9%
Барлығы:	1613	55, 80%	3%	0%	41, 64%



61-сурет. Білім алушының отбасында қолданатын тілі.


Ата-аналардың баласының қазақ тілін білу деңгейін бағалауы жоғары, төмен және жауап беру қиын деген 3 категория бойынша қарастырылды. Осы зерттеуге сәйкес Маңғыстау облысы 96,4%, Қостанай облысы 90,2%, Алматы қаласы 93,8% «жоғары» деп жауап берген. Ал, Жамбыл облысы 97,6% төмен десе, ШҚО 3% жауап беруге қиналатынын атап өткен. (180-кесте)

180-кесте. Ата-аналардың баласының қазақ тілін білу деңгейін бағалауы.

№	Ата-аналардың баласының қазақ тілін білу деңгейін бағалауы				
	Өңірледің атауы	Респонденттер	жоғары	төмен	жауап беру қиын
	Ақмола облысы	2 804	84,5%	9,7%	5,8%
	Ақтөбе облысы	634	95,3%	2,2%	2,5%
	Алматы облысы	6 548	96,5%	2,1%	1,4%
	Атырау облысы	2 389	97,1%	1,8%	1,1%
	БҚО	1 453	94,1%	3,6%	2,3%
	Жамбыл облысы	1 027	97,6%	1,5%	1%
	Қарағанды облысы	729	91,6%	4,3%	4,1%
	Қызылорда облысы	315	99%	1%	0%
	Қостанай облысы	153	90,2%	7,2%	2,6%
	Маңғыстау облысы	1 377	96,4%	1,7%	1,9%

Түркістан облысы	1 574	97,8%	1,1%	1,1%
Павлодар облысы	399	81,2%	11,3%	7,5%
СҚО	159	90,6%	3,1%	6,3%
ШҚО	303	95,4%	1,7%	3%
Нұр-Сұлтан қаласы	679	85,1%	9,4%	5,4%
Алматы қаласы	96	93,8%	5,2%	1%
Шымкент қаласы	681	90,7%	5,9%	3,4%
Барлығы:	1613	92,2%	4,4%	3,4%

Берілген кетенің диаграмма суретіне қарап ата-аналардың баласының қазақ тілін білу деңгейін «жоғары» деп бағалайтынын анық көруге болады. (62-сурет)



62-сурет. Білім алушының қазақ тілін білу деңгейі.

Ата-аналардың баласының орыс тілін білу деңгейін бағалауына тоқталатын болсақ, Алматы облысы 69,4%, Қарағанды облысы 84,5% жоғары екені анықталды. Шымкент қаласы 36,3%, Қызылорда облысы 31,4% балаларының орыс тілін білу деңгейі «төмен» деп бағалаған. (181-кесте)

181-кесте. Ата-аналардың баласының орыс тілін білу деңгейін бағалауы

№	Ата-аналардың баласының орыс тілін білу деңгейін бағалауы				
	Өңірледің атауы	Респонденттер	жоғары	төмен	жауап беру қиын
	Ақмола облысы	2 804	75,3%	18,4%	6,3%
	Ақтөбе облысы	634	71,8%	21,8%	6,5%
	Алматы облысы	6 548	69,4%	24,5%	6,1%

Атырау облысы	2 389	62%	31,7%	6,3%
БҚО	1 453	73,3%	21,1%	5,6%
Жамбыл облысы	1 027	73,6%	20,6%	5,7%
Қарағанды облысы	729	84,5%	11,8%	3,7%
Қызылорда облысы	315	61%	31,4%	7,6%
Қостанай облысы	153	84,3%	10,5%	5,2%
Маңғыстау облысы	1 377	50,8%	43,5%	5,7%
Түркістан облысы	1 574	48,4%	43,3%	8,3%
Павлодар облысы	399	83,5%	8,8%	7,8%
СҚО	159	86,2%	8,8%	5%
ШҚО	303	78,5%	16,8%	4,6%
Нұр-Сұлтан қаласы	679	64,7%	27,1%	8,2%
Алматы қаласы	96	78,1%	16,7%	5,2%
Шымкент қаласы	681	54,2%	36,3%	9,5%
Барлығы:	1613	70,5%	23,1%	6,31%

Диаграммаға сәйкес респонденттер білім алушылардың орыс тілін білу деңгейі жоғары екенін көрсеткен. Бұл көрсеткіш 50%-дан кем емес. (63-сурет)



63-сурет. Білім алушылардың орыс тілін білу деңгейі.

Балаларының ағылшын тілін білу деңгейін Атырау облысы 43,8%, Түркістан облысы 35,5% «жоғары» деп көрсетсе, БҚО 12,9%, Нұр-Сұлтан қаласы 8,2% «жауап беруге қиналатынын» атап өткен. (182-кесте)

182-кесте. Ата-аналардың баласының ағылшын тілін білу деңгейін бағалауы

№	Ата-аналардың баласының ағылшын тілін білу деңгейін бағалауы				
	Өңірледің атауы	Респонденттер	жоғары	төмен	жауап беру қиын
	Ақмола облысы	2 804	37,4%	45,2%	17,4%
	Ақтөбе облысы	634	45,4%	38,5%	16,1%
	Алматы облысы	6 548	43,5%	43,1%	13,4%
	Атырау облысы	2 389	43,8%	44,4%	11,8%
	БҚО	1 453	47,6%	39,5%	12,9%
	Жамбыл облысы	1 027	49,4%	34,7%	16%
	Қарағанды облысы	729	52,5%	33,2%	14,3%
	Қызылорда облысы	315	42,5%	41,6%	15,9%
	Қостанай облысы	153	37,3%	43,8%	19%
	Маңғыстау облысы	1 377	37,3%	52,9%	9,9%
	Түркістан облысы	1 574	35,5%	52%	12,5%
	Павлодар облысы	399	47,6%	35,8%	16,5%
	СҚО	159	59,1%	27,7%	13,2%
	ШҚО	303	78,5%	16,8%	4,6%
	Нұр-Сұлтан қаласы	679	64,7%	27,1%	8,2%
	Алматы қаласы	96	43,8%	44,8%	11,5%
	Шымкент қаласы	681	36,7%	50,5%	12,8%
	Барлығы:	1613	47,2 %	39,5%	13,2%


Білім алушылардың ағылшын тілін білу деңгейі қазақ тілі және орыс тілін білу деңгейіне салыстырғанда алшақтық бар екенін аңғарамыз. Қазақ тілін білу деңгейі 80-100% аралығын, орыс тілін білу деңгейі 50-85% аралығын көрсетті, ал ағылшын тілін білу деңгейі шамамен 35-50% аралығы. Тек ШҚО респонденттері балаларының ағылшын тілін білу деңгейін жоғары бағалаған, көрсеткіш 78% құрады. (64-сурет)



64-сурет. Білім алушылардың ағылшын тілін білу деңгейі.

183-кесте. Білім алушылардың ағылшын тілін білу деңгейі.

Тілдер	Жоғары	Төмен	Жауап беру қиын
Қазақ тілі	92,2	4,4	3,4
Орыс тілі	70,5	23,1	6,4
Қазақ тілі	47,2	39,5	13,3
Барлығы	69,9	22,3	7,7




65-сурет. Білім алушылардың тілдерді меңгеруі жөнінде ата-аналардың көзқарасы.

Сонымен қатар, онлайн-сауалнамада ата-аналар балаларына ЖМБ пәндерін ағылшын тілінде оқыту идеясына көзқарасын білдірді. Талдау нәтижесінде ЖМБ пәндерін ағылшын тілінде оқытуды Ақмола облысының респонденттері 51,4%, БҚО 55,7%, Түркістан облысы 64,5% қолдайтынын білдірсе, Жамбыл облысы 30,5%, Алматы қаласы 28,1% қолдамайтынын және Павлодар облысы 17,3%, Нұр-Сұлтан қаласы 10,2% жауап беруге қиналатынын көрсеткен. Бұл туралы толығырақ ақпарат 29-суретте.

183-кесте. Ата-аналардың баласына ЖМБ пәндерін ағылшын тілінде оқыту идеясына көзқарасы.


№	Ата-аналардың баласына ЖМБ пәндерін ағылшын тілінде оқыту идеясына көзқарасы				
	Өңірледің атауы	Респонденттер	қолдайды	қолдамайды	жауап беру қиын
	Ақмола облысы	2 804	51,4%	35%	13,6%
	Ақтөбе облысы	634	59,5%	29,3%	11,2%
	Алматы облысы	6 548	61,3%	29,8%	8,9%
	Атырау облысы	2 389	59,6%	33,2%	7,2%
	БҚО	1 453	55,7%	33,6%	10,7%
	Жамбыл облысы	1 027	60,1%	30,5%	9,4%
	Қарағанды облысы	729	59,4%	28%	12,6%
	Қызылорда облысы	315	57,1%	31,7%	11,1%
	Қостанай облысы	153	37,3%	49%	13,7%
	Маңғыстау облысы	1 377	60,6%	31,1%	8,4%
	Түркістан облысы	1 574	64,5%	28,4%	7,1%
	Павлодар облысы	399	57,4%	25,3%	17,3%
	СҚО	159	66%	24,5%	9,4%
	ШҚО	303	55,1%	33,3%	11,6%
	Нұр-Сұлтан қаласы	679	55,2%	34,6%	10,2%
	Алматы қаласы	96	63,5%	28,1%	8,3%
	Шымкент қаласы	681	62,1%	27,6%	10,3%
	Барлығы:		57,9	31,3	10,6

ЖМБ пәндерін ағылшын тілінде оқу идеясына ата-аналар көзқарасы




66-сурет. ЖМБ пәндерін ағылшын тілінде оқу идеясына ата-аналар көзқарасы.


Күнделіктен алынған ақпаратқа сәйкес 2019-2020 оқу жылындағы тілдік пәндер бойынша 8-сынып білім алушылары ағылшын тілінен 68%, 9-сынып 79% және 10 сынып 78% білім сапасын көрсетті. Бұл көрсеткіштер қазақ тілі және орыс тіліне салыстырғанда жоғары. Демек, білім алушылардың ағылшын тіліне деген қызығушылықтары бар екенін аңғаруға болады. Бұл сынып білім алушылары келесі, яғни 2020-2021 оқу жылында да ағылшын тіліне деген қабілеті жақсы екенін көрсетті. Нақтырақ айтсақ, 8-сынып 70%, 9-сынып 80% және 10-сынып 82% құрады. Жалпы тілдік пәндер бойынша білім сапасы 60%-дан жоғары. Бұл жақсы нәтиже. Алайда, 2-3 %-ға болса да қазақ тілі пәнінің білім сапасы жоғарыда аталып өткен екі тілге қарағанда төмен.(67-68суреттер)




69-сурет. 2019-2020 оқу жылындағы Тілдік пәндер бойынша білім сапасы.




31-сурет. 2020-2021 оқу жылындағы Тілдік пәндер бойынша білім сапасы



70-сурет. 2019-2020 Тілдік пәндер бойынша 8,9 сынып білім сапасы



71-сурет. 2019-2021 Тілдік пәндер бойынша 9,10 сынып білім сапасы



72-сурет. 2019-2021 Тілдік пәндер бойынша 10,11 сынып білім сапасы




Ұлттық тестілеу орталығының сараптамасына сүйенсек, 2019 жылғы 48750 ауыл түлектері ағылшын тілін таңдаған. Оның ішінде, 35%-ы 0-49, 33% 50-69, 24% 70-99, 8% 100-129, ал 0,50% 130-140 аралығында балл жинаған. 2020 жылы бұл көрсеткіш 70-99 аралығында балл жинағандар 30%, 100-129 20%-ға дейін көтерілген. Бірақ, таңдаған білім алушылар саны шамамен 400-ге азайған. Қала түлектеріне келер болсақ, 2019 жылы 47284 білім алушы ағылшын тілін таңдап, оның ішінде 70-99 балл аралығында 31%, 100-129 аралығында балл жинағандар 27%-ға тең. 2020 жылы ағылшын тілін таңдау пәні ретінде таңдаған түлектер саны 1000-ға жуық көбейді. (184-сурет)

184-кесте. 2019 жылы ағылшын тілін таңдаған ауыл және қала түлектері.

		Барлығы	0	0-49	50-69	70-99	100-129	130-140
ауыл	2019	48750	0,02%	35%	33%	24%	8%	0,50%
	2020	44154	0,03%	25%	25%	30%	20%	1%
қала	2019	47284	0,04%	20%	20%	31%	27%	2%
	2020	56875	0,02%	29%	30%	30%	11%	0,30%



Ақпараттық-аналитикалық орталықтан ақпарат алынып, қала және ауыл мұғалімдерінің жас мөлшері сараланды. Бұл суретте 2017 және 2021 жылғы көрсеткіш салыстырылды. 25-жасқа дейінгі мұғалімдер ауылға қарағанда қалада көп екендігін байқай аламыз. 2017 жылы 35-44 жас аралығындағы қала және ауыл мұғалімдерінің саны тең, яғни 28% көрсетті. Алайда, бұл жастағы қала мұғалімдері 2021 жылы 37% көрсетті, ауыл мұғалімдері керісінше 39%-ке көтерілді. (35-сурет)




73-сурет. Қала және ауыл мұғалімдерінің жас мөлшері.

Келесі 36-суретте 2017-2021 жылдары аралығында 1 компьютер неше білім алушыға тиесілі болғанын көре аламыз. Қалада тұратын білім алушыларға 2017 жылы 1 компьютер 13 адамға ортақ болса, ауылда 9 адам пайдалана алды. 2017-2020 жылдары аралығында бұл көрсеткіш бірқалыпты болды, тек 2021 жылы өзгеріс болды. Өзгеріске сәйкес, қала және ауыл білім алушыларына 1 компьютер 6 адамға тиесілі.




74-сурет. Қала және ауыл білім алушыларына тиесілі компьютер көрсеткіші.



75-сурет. Ауыл және қала түлектерінің ағылшын тілінен жинаған баллдарының пайыздық көрсеткіші.

Төменде берілген X-суретте 2021 жылы ауыл және қала педагогтерінің біліктілік санаты пайыздық мөлшерде көрсетілді. Екінші категориялы педагогтер 12,2%, қала 8,8% құрады. Педагог-сарапшы мұғалімдер ауылда көбірек екені анық байқалады. Бірақ, педагог-зерттеуші біліктілігіне ие мұғалімдер қалалық жерде 21,1 пайызды құрады және бұл көрсеткіш ауылға қарағанда 8% көп.



76-сурет. Педагогтердің біліктілігі, 2021ж.



WORLD BANK Дүниежүзілік банк тарапынан алынған сауалнамаға сүйенсек, жаңартылған білім беру мазмұны мектеп жүйесін білім алушылардың қажеттіліктері мен қызығушылықтарына қарай көбірек бағыттаған деген сұраққа 48,2 % респонденттер «келісемін», 25,2% «ішінара келісемін», 5,5% «келіспеймін» және 3,3% «жауап беруге қиналамын» деп жауап берді. (X-сурет)




77-сурет. Жаңартылған білім беру мазмұны мектеп жүйесін білім алушылардың қажеттіліктері мен қызығушылықтарына бағыттауы

Келесі 40-суретте педагогтердің сабаққа сапалы дайындалуға, мектеп құжаттарын толтыруға, кәсіби дамуға және т.б. категориялары бойынша уақыты қаншалықты жеткілікті екені талданған. Жауаптар нәтижесі сабаққа сапалы дайындалуға 52,27% «толығымен жетеді», 19,97% «аздап жетіспейді» және 2,75% «мүлдем жетіспейді» деп көрсетті. (40-сурет)




78-сурет. Педагогтердің уақыт жеткіліктілігі көрсеткіші.

Ал бұл суретте педагогтер уақыты не себепті жеткіліксіз екенін көрсеткен. 6,5% мұғалімдер «сынып жетекшіліктің» бар болуымен байланыстырса, 21,8%-ы уақыттың аздығын оқытушылық қызметке байланысты емес деп белгілеген. (41-сурет)



79-сурет. Уақыт жеткіліксіз болу себептері.

Диаграммаға сәйкес педагогтердің 25 жастан 60+ жасқа дейінгі мөлшерінің пайыздық көрсеткіші берілген. 25-29 жас аралығындағы педагогтер 16%, 30-39 жас аралығында 32%, 40-49 жас аралығында 27% екенін көре аламыз. (79-сурет)



80-сурет. Педагогтердің жас мөлшері.

ОББҰ ЖМБ-ны ағылшын тілінде табысты іске асыру барысында мұғалімдердің оқытудағы кәсібилігі 34,2%, әкімшілік өолду 29%,, еңбекақының көтерілуі 24,9 және ішкі бақылаудың тиімділігі 26,6% көрсетті. (42-сурет)




81-сурет. ОББҰ ЖМБ-ны ағылшын тілінде оқытуды табысты іске асыру.



82-сурет. ОББҰ ЖМБ-ны ағылшын тілінде оқытуды табысты іске асыру.

Төменде ауыл және қала педагогтерінің үштілді білім беру саясатына көзқарасын біле аламыз. Оған сәйкес ауыл 34,4%, қала 48,7% «келісемін», ауыл педагогтері 22,3%, қала 42,9% «келіспеймін» деген жауап көрсетті. (44-сурет)



83-сурет. Педагогтердің үштілді білім беру саясатына көзқарасы.

Жалпы орта білім беру деңгейінде Шетел тілін («Ағылшын тілі», «Неміс тілі», «Француз тілі») оқытудың мақсаты – талдау, бағалау және шығармашылық ойлауын дамытуға ықпал ететін әртүрлі тапсырмалар арқылы білім алушылардың тілдік дағдыларын дамыту. Сонымен қатар, оқу бағдарламасы ауызша және жазбаша дереккөздердің кең спектрімен жұмыс жасауды көздейді. Сол білім беру деңгейіндегі «Ағылшын тілі оқу пәнінің бағдарламасында көрсетілген тілдік деңгейлер шетел тілін меңгеру құзырлығының жалпыеуропалық жүйесіне (Common European Framework of Reference, CEFR) сәйкес әзірленген.

ЖМБ бойынша оқу пәндерін ағылшын тілінде оқытатын педагогтерге:

1. Сабақтарда тілдік дағдыларды дамыту және пәндік мазмұнды оқытуды біріктіру.

Мұғалімдер білім алушылармен сабақтың жоспарланған пәндік және тілдік мақсаттарын (оқыту мақсаты емес) сабақтың басында тілдік мақсаттар пәндік мазмұн мақсаттарына қол жеткізуге толық байланысты болуы тиіс.

Педагог сабақта пәндік мазмұны мен тілдік мақсаттары бойынша оқытудың таңдап алынған мақсаттарын ескере отырып, барлық оқу іс-әрекетін қалыптастыруы қажет (мұғалім оқушылардың сабақтың барлық кезеңдерінде олардың сабақтарға қол жеткізуіне үнемі назар аударады, сондықтан білім алушылар олардың үйреніп жатқанын және неге екенін түсіндіре алады). Басқаша айтқанда, педагогтер оқу нәтижелерін қалыптастыра білуі тиіс.

2. Ағылшын тілінде және оқу тілдерінде түсінікті, терең және қажетті мазмұнмен қамтамасыз ету. Оқылатын пәндік мазмұнды қабылдауды жеңілдету.

		<p>9.6.4.1 use an increased variety of determiners including all, half, both [of] in pre-determiner function on a range of familiar general and curricular topics;</p> <p>9.6.8.1 use a growing variety of future forms including present continuous and present simple with future meaning on a range of familiar general and curricular topics;</p> <p>9.6.10.1 use present continuous forms for present and future meaning and past continuous, including some passive forms, on a range of familiar general and curricular topics;</p> <p>9.6.13.1 use a growing variety of modal forms for different functions: obligation, necessity, possibility, permission, requests, suggestions, prohibition on a range of familiar general and curricular topics;</p> <p>9.6.15.1 use infinitive forms after a limited number of verbs and adjectives, use gerund forms after a limited variety of verbs and prepositions, use some prepositional verbs and begin to use common phrasal verbs on a growing range of familiar general and curricular topics</p>
The World of Work	Content	<p>9.1.1.1 use speaking and listening skills to solve problems creatively and cooperatively in groups;</p> <p>9.1.3.1 respect differing points of view;</p> <p>9.1.10.1 use talk or writing as a means of reflecting on and exploring a range of perspectives on the world</p>
	Listening	<p>9.2.2.1 understand with little or no support most specific information in extended talk on a wide range of general and curricular topics;</p> <p>9.2.7.1 recognize typical features at word, sentence and text level of a growing range of spoken genres;</p> <p>9.2.8.1 understand extended narratives on a wide range of general and curricular topics</p>
	Speaking	<p>9.3.2.1 ask more complex questions to get information about a growing range of general topics and some curricular topics;</p> <p>9.3.3.1 give an opinion at discourse level on a wide range of general and curricular topics;</p> <p>9.3.6.1 link comments with some flexibility to what others say at sentence and discourse level in pair, group and whole class exchanges;</p> <p>9.3.7.1 use appropriate subject-specific vocabulary and syntax to talk about a range of general topics, and some curricular topics;</p> <p>9.3.8.1 recount some extended stories and events on a range of general and curricular topics</p>
	Reading	<p>9.4.2.1 understand specific information and detail in texts on a growing range of familiar general and curricular topics, including some extended texts;</p> <p>9.4.6.1 recognise the attitude or opinion of the writer on a growing range of unfamiliar general and curricular topics, including some extended texts;</p> <p>9.4.9.1 recognise inconsistencies in argument in short texts on a limited range of general and curricular subjects</p>
	Writing	<p>9.5.2.1 write with minimal support about real and imaginary past events, activities and experiences on a range of familiar general topics and some curricular topics;</p> <p>9.5.3.2 write with moderate grammatical accuracy on a</p>

		growing range of familiar general and curricular topics
Use of English		<p>9.6.5.1 use questions which include a variety of different tense and modal forms on a range of familiar general and curricular topics;</p> <p>9.6.6.1 use a variety of pronouns including indefinite pronouns anybody, anyone, anything and quantitative pronouns everyone, everything, none, more, less, a few on a range of familiar general and curricular topics;</p> <p>9.6.7.1 use a variety of simple perfect forms to express recent, indefinite and unfinished past on a range of familiar general and curricular topics;</p> <p>9.6.8.1 use a growing variety of future forms including present continuous and present simple with future meaning on a range of familiar general and curricular topics;</p> <p>9.6.10.1 use present continuous forms for present and future meaning and past continuous, including some passive forms, on a range of familiar general and curricular topics;</p> <p>9.6.11.1 use some reported speech forms for statements, questions and commands: say, ask, tell including reported requests on a range of familiar general and curricular topics</p> <p>9.6.13.1 use a growing variety of modal forms for different functions: obligation, necessity, possibility, permission, requests, suggestions, prohibition on a range of familiar general and curricular topics;</p> <p>9.6.17.1 use if / unless/ if only in second conditional clauses and wish [that] clauses [present reference], use a growing variety of relative clauses including why clauses on a range of familiar general and curricular topics</p>

6. ЖМБ ОҚУ ПӘНДЕРІН АҒЫЛШЫН ТІЛІНДЕ ОҚИТУ ПРОЦЕСІНДЕ ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚИТУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫН ҚОЛДАНУ

Қашықтықтан білім беру технологиялары ұғымы әртүрлі дереккөздерде әртүрлі жолдармен тұжырымдалған. Жалпы алғанда қашықтықтан білім беру технологиялары – мұғалім мен білім алушының қашықтықтан өзара әрекеттесуі кезінде заманауи ақпараттық және телекоммуникациялық технологияларды қолдана отырып жүзеге асырылатын бірқатар білім беру технологиялары дегенді білдіреді.

Қашықтықтан оқыту технологияларын пайдалана отырып оқыту процесінің негізі – білім алушының мақсатты өздік жұмысы болып табылады. Білім алу процесі білім беру ұйымының әкімшілігімен және білім алушының ата-анасымен келісіліп жүзеге асырылуы мүмкін, бірақ белгілі бір жағдайларда және білім алушының кейбір физикалық және психологиялық мүмкіндіктерін ескеріп, оған ыңғайлы уақыт, оқу қарқыны, жеке оқу бағдарламасы белгіленеді. Бұдан қашықтықтан оқытудың мақсаты анықталады, ол – халықтың барлық топтары үшін, соның ішінде ересектер үшін сапалы білімге қол жетімділікті қамтамасыз ету.

Қазіргі уақытта қашықтықтан оқыту технологиялары тек орта мектепте ғана емес, кәсіби білім берудің әртүрлі бағыттарында да белсенді қолданылады. Кәсіптік білім беруде қашықтықтан оқыту технологияларын пайдалану білім алушының жасына, отбасылық жағдайына қарамастан, жұмыстан қол үзбей басқа да қажетті білім алуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар қашықтықтан оқыту технологиялары қосымша білім алуға, біліктілікті арттыру және қайта даярлау курстарынан өтуге мүмкіндік береді.

Қашықтықтан білім беру технологияларын қолдану мектеп оқушыларына мектеп бағдарламасын игеріп қана қоймай, оған қоса білім деңгейін едәуір арттыруға, оқу пәндерінен қосымша білім алуға мүмкіндік береді. Мұның бәрі білім алушылардың оқуда қажетті биіктерге жетулеріне және беделді жоғары оқу орындарына түсуіне мүмкіндіктерін арттырады.

Осыған сүйене отырып, «қашықтықтан оқыту технологиясы» деген ұғымның мағынасы кеңейгенін көреміз, яғни қашықтықтан оқыту технологиясы – оқытуда қолданылатын жеке тұлғаға бағытталған тәсілдердің негізгі принциптерін жүзеге асыру құралы.

Оқыту процесінде қашықтықтан оқыту технологияларын пайдалану бойынша халықаралық және отандық тәжірибелерді зерделеу және талдау

Қашықтықтан білім беру технологияларын қолдана отырып оқыту – оқу процесі оқытушы мен білім алушылардың аумақтық ара қашықтықта қазіргі заманғы ақпараттық және телекоммуникациялық технологияларды пайдалана отырып жүзеге асырылатын оқытудың түрі.

Қашықтықтан оқыту оқу процесінде қолданылатын түпнұсқа материалдардың санын көбейтуге, оқу пәндерінің мәдени және пәнаралық компоненттерін кеңейтуге тамаша мүмкіндік береді. Алайда, түпнұсқа материалдарды пайдаланғанда мәдени ерекшеліктер мен мақсатты аудиторияны

ескеру қажет. Материалдардың мазмұны мемлекеттік стандартқа, үлгілік оқу бағдарламаларына және қазіргі заманғы ғылыми білім негіздеріне сәйкестендірілуі тиіс және білім алушылардың жынысына, ұлтына және тұрғылықты жеріне қарамастан оларға оқу материалдарын қолжетімді де, түсінікті болатындай етіп бейімдеу қажет.

Қашықтықтан оқыту форматында мұғалімдер төмендегідей қолжетімді ресурстарды пайдаланады (84-сурет):

1. Кешенді ресурстар: теория және практика
2. Пәндік интеграцияланған оқыту
3. Бейнесабақтар
4. Оқыту мәтіндері, интерактивті жаттығулар
5. Анықтамалық материалдар
6. Мобильді қосымшалар
7. Электрондық оқулықтар

Қашықтықтан оқыту XVIII ғасырда білім беру элементтерінің біріне айналды. Бүгінгі күнге дейін қашықтықтан білім беру тұжырымдамасы өзгеріссіз қалды, тек оны іске асыру технологиялары өзгерді.

Кейбір зерттеулердің нәтижелері бойынша қашықтықтан білім беру тарихы дамудың төрт кезеңіне бөлінеді.

Бірінші кезең XVIII ғасырда басталып, 1960 жылдарға дейін жалғасты және «корреспонденттік оқыту» деген атау алды. Бірінші кезең стенографиямен сипатталды. Қашықтықтан білім берудің бастауы 1728 жылы Бостонда хат алмасу арқылы елдің кез-келген жерінде стенографияны үйрену үшін студенттерді қабылдау болды. Бірінші кезеңнің негізгі сипаттамасы қандай да бір технологияларды қолдану болды: бұл баспа өнімдері, пошта, радио және теледидар болды. Бұл студенттердің радио арқылы үйде дәрістерді оқу мекемесінде айтылған формада тыңдай алатындығына, ал қағаз тапсырмалар мен баспа форматындағы дәрістер пошта арқылы келуіне ықпал етті. Оқытудың бұл түрі кең таралған, студенттердің көп бөлігін қамтыған және оқытушы мен студенттер арасындағы байланысты дамытқан.



84-сурет. Қашықтықтан оқыту ресурстары

Екінші кезең – 1965 жылдан 1980 жылға дейінгі мерзім. Осы екінші кезең мерзімінде компьютерсіз бірнеше технологиялар қолданылды, аудио және бейне кассеталар, факстар және т. б. арқылы ақпарат берудің жаңа тәсілдері пайда болды.

Үшінші кезең жаңа ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (АКТ) пайда болып, мен байланысты қашықтықтан оқытудың дами түскен кезеңі. Бұл кезең 1980 жылдан бастап, 1995 жылдарға дейін жалғасты. Бұл кезеңде негізгі қызметтен «қол үзбей» оқу кеңінінен тарап, әлемде көптеген білім алушылардың таңдаған оқу формасына айнала бастады.

Төртінші кезең алдыңғы кезеңдердегі технологиялармен қатар өткізу қабілеті жоғары жаңа компьютерлік технологияларды, мысалы, бейнеконференциялар мен вебинарларды, сондай-ақ телерадио хабарларын таратуды пайдаланудың жоғары дәрежесін қамтиды. Төртінші кезең 1995 жылдан басталып, қазіргі уақытқа дейін жалғасуда.

Қашықтықтан оқытуды дамыту бойынша зерттеулер тек ХХ ғасырдың басынан бастап кезеңдеудегі кейбір айырмашылықтарды көрсетеді. Бұл туралы ғалымдар С.Г. Бондарева, Н.А. Завалко өздерінің «Состояние, тенденции и этапы развития дистанционного образования в мировой и отечественной теории и практике» атты мақаласында әлемдік және отандық теория мен практикадағы қашықтықтан білім беруді дамытудың жағдайын зерттеп, тенденциялары мен кезеңдері туралы жазған. Қашықтықтан оқытуды дамыту мәселесі осы проблема бойынша дереккөздерге талдау жасауды талап етеді. Ғалымдар қашықтықтан оқыту кезеңдерінің төмендегідей бөлуді ұсынды (85-суретті қараңыз):

- Бірінші кезең – 40-50 жылдар;
- Екінші кезең – 50-60 жылдар;
- Үшінші кезең – 70-80 жылдар;
- Төртінші кезең – 90-шы жылдардан бастап қазіргі уақытқа дейін.

Қашықтықтан оқытудың дамуының әр кезеңінің өзіндік ерекшеліктері бар. Қашықтықтан оқытудың бірінші кезеңінде «аудиовизуалды құралдар» (магнитофондар, күйтабақ ойнатқыштар, теледидарлар және т.б.) сияқты ақпарат берудің әртүрлі техникалық құралдары пайда болды.

Екінші кезең – бағдарламалық оқытудың дамуы кезіндегі қашықтықтан оқытудың қалыптасу кезеңі. Бұл кезең Еуропа мен АҚШ-тың көптеген елдерінде «оқу пакеттері» арқылы оқыту, сондай-ақ алыс қашықтыққа ақпарат беру кеңінен таралғанымен ерекшеленеді.

Үшінші кезеңнің негізгі ерекшелігі – компьютерлік зертханалардың, компьютерлік сыныптардың, интерактивті бейне құралдарының, сондай-ақ оқу материалының ақпараттық бағдарламаларының құрылуы. Бұл – қашықтықтан оқытудың қалыптасуындағы тіпті жаңа кезең болды.

Төртінші кезең қашықтықтан оқыту жүйесін жетілдірумен сипатталады, ол қашықтықтан оқыту ұйымдарының басқару құрылымын жаңғыртуды, мұғалімдер де, студенттер де қолданатын оқу-әдістемелік материалдардың

сапасын жақсартуды, қашықтықтан оқытудың әртүрлі ұйымдарын біртұтас әлемдік білім беру кеңістігіне біріктіруді қарастырады.



85-сурет. Қашықтықтан оқытуды кезеңдеу

2020 жылы әлемде орын алған **COVID-19** пандемиясы кезінде әлем елдерінде бүкіл дәстүрлі мектептер жаппай жабылып, қашықтықтан оқытуға көшті. Осы кезеңде мемлекеттер білім алудың ерекшеліктері мен қолда бар ресурстарды ескере отырып, ел үшін қолжетімді форматта білім алуға бағытталған іс-шаралар өткізді.

АҚШ

1873 жылы Элиот Тикнор американдық сырттай білім беруді және үйде (атап айтқанда әйелдер үшін) оқуды ынталандыруды ең алғашқы ашушы болды. Бұл әйелдер білімінің алғашқы қадамы болды. АҚШ-та сырттай оқытатын алғашқы мектептер ашылды. 1984 жылы қашықтықтан оқыту бағдарламасы Ұлттық технологиялық университетте (National Technological University) пайда болды. Сонымен қатар, 1987 жылы Американың қашықтықтан білім беру қауымдастығы (United States Distance Learning Association) ашылды, оның негізгі мақсаты – ауылдық жерлерден немесе шалғай аудандарда тұратын физикалық тұрғыдан мүмкіндіктері шектеулі адамдарды оқыту болды. Адамдардың бұл санаты белгілі себептерге байланысты оқу орындарына жете алмады. Бұдан басқа, қашықтықтан оқытуға арналған келесі топ әскери қызметшілер болды.

Қазіргі уақытта кез-келген ата-ана, егер оның баласы күндізгі оқу форматында оқуды қаламаса, онлайн оқытуға ауыстыра алады. Америкада K12 International Academy порталы жұмыс істейді, онда кез-келген адам қаласа, толық орта білім туралы аттестат ала алады. Бұл порталда америкалық оқушылар вебинарларға, бейне дәрістерге, дөңгелек үстелдерге қатыса алады,

онда әр балаға куратор жетекшілік жасайды. Оқу қорытындысы бойынша оқушылар дәстүрлі бітіру емтихандарын (SAT) тапсырады.

Егер пандемия салдарынан болған ағымдағы онлайн-оқытуға тоқтала кететін болсақ, бұл жағдай сабақтан қалу санының ұлғаюына әкелгенін айта кету керек. Америкалық БАҚ көптеген америкалық мектеп оқушыларының қашықтықтан білім беру жүйесіне тіркелмегендері, сабақтарға қатыспағандары, үй тапсырмаларын орындамағандары туралы ақпараттар жариялаған. Мұндай сипаттама аз қамтылған отбасылардан шыққан балалары бар мектептерге берілді, өйткені онда қашықтықтан оқыту үшін жағдай жасалмаған: тиісті жабдықтар және/немесе интернетке қосылу жоқ. Мұндай мәселелер оқу үлгерімінің бұзылуына және әлеуметтік теңсіздіктің айырмашылығының артуына әкелуі мүмкін, өйткені сол уақытта Американың элиталық оқу орындарында дәстүрлі форматта оқу жалғасып жатты.

АҚШ оқытушылары платформалар мен форматтардың кең спектрін қолданды: Flipgrid арқылы бейне хабарламалармен алмасты, YouTube-те бейне сабақтарды жариялады, Blackboard Learn және Google Classroom мамандандырылған қызметтері арқылы сабақтар өткізді. Қалалардың білім беру департаменттері, мысалы, Нью-Йорк қаласының білім беру департаменті өз сайтында тапсырмалар, әртүрлі пәндер бойынша бағдарламалар және онлайн-платформаларға сілтемелер бар Learn At Home бөлімін ашып, қашықтықтан оқытуға оң ықпал етті.

АҚШ мектептерінің негізгі және басты міндеті – мектептерді техникалық жабдықтармен қамтамасыз ету болды, өйткені көптеген оқушыларда компьютер мен жоғары жылдамдықты интернет жоқ. Білім беру ұйымдары, кітапханалар да қашықтықтан оқытуды ұйымдастыру үшін жағдайлар жасады: мысалы, кейбір мектептер аз қамтылған отбасылардан шыққан балалар тұратын үйлер мен көшелерге интернетке кіру нүктелері бар автобустарды жіберді; сондай-ақ кітапханалар тәулік бойы тұрақтардан қосылуға мүмкіндік беретін Wi-Fi желілерін қосулы күйінде қалдырды. Кейбір штаттарда оқушыларға ноутбуктар мен планшеттер берілді. Білім беру контентін баспа өніміне тарату үшін HP компаниясы Time for Kids, Britannica және NASA-мен бірлесіп Turn to Learn бағдарламасын іске қосты.

Сонымен қатар сарапшылар Америкадағы өзінің әлеуметтік қарама-қайшылықтарға толы бұқараға арналған әмбебап америкалық білім беру жүйесі осыған дейін де жақсы жұмыс істемегенін айта келе, қашықтықтан оқытуға көшкенде теңсіздіктің мүлдем күшейгенін айтты, өйткені әр оқушының ата-анасының қаржылық жағдайы, техникалық мүмкіндіктері мен оқуға деген уәждемелері әртүрлі.

Мінсіз деген жағдайларда – ата-анасының екеуінің де үйден жұмыс істеуге мүмкіндігі бар, балалары жоғары сыныптарда оқиды, компьютерлер жеткілікті және жоғары жылдамдықты интернет қосылған. Жоғары сынып оқушыларының көбіне мұнадай режим ұнайды, әсіресе егер мектептен алыс тұрса, өйткені кешірек тұруға болады, себебі жолға уақыт кетпейді. Бірақ басқа да жағдайлар бар, бұл жағдай ондаған миллион мектеп оқушыларына байланысты. Кейбір оқушылар тапсырмалардың көлемі үлкен деп

шағымданады, ал басқалары әр мектеп аумағында қолданылатын сансыз оқыту платформаларына шағымданады. Біріншіден, технологиялық кедергі, бұл мәселе компьютерлермен де, жоғары жылдамдықты интернетпен де қамтамасыз етілу проблемалары бар елдің бір түкпірінде тұратын ондаған миллион америкалықтарға қатысты. Кейбір мектеп округтері мұндай теңсіздік мәселесін карантин енгізілгеннен кейін бірден шешуге тырысты. Мысалы, Джексонвиллде (Флорида) сауалнама жүргізілді, онда 69 мың оқушының ішінен шамамен 27 мыңында мұндай құрылғылары жоқ екені анықталды. Олардың барлығына уақытша ноутбуктер мен кіру нүктелері берілді. Кейбір мектептер онлайн сабақтарға қағаз жүзіндегі баламаны ұсынады, яғни оқушыларға өз бетінше сабақ оқу үшін басылған оқу материалдарын жібереді.

Екінші кедергі – ол оқу орындарының бұрын қолданыста болған қосымшалары қашықтықтан оқыту үшін дербес платформа ретінде емес, оқуға қосымша ресурс ретінде болған. Бұл жағдайда оқушыларға басылған оқу материалдары жіберіліп, білім арудың балама түрі ұсынылды.

Тағы бір кедергі – бұл америкалықтардың өмір салты, бұл жерде ата-ананың екеуі де жұмыс істеуге мәжбүр болғандықтан, үлкен балалары кішілеріне қарайды. Қаржылық тұрақсыздық бұл жағдайда үйдегі интернеттің болу-болмауы әсер етеді. Бұл жалғыз бір ғана емес, көптеген отбасының проблемасы.

Оқушылардың жеке бір санаты – ағылшын тілін білмейтін оқушылар, яғни елге көшіп келген тұрғындардың балалары. Оқушыларының үштен бір бөлігі – әлемнің түкпір-түкпірінен келген қоныс аударушылардың балалары және аз қамтылған отбасылардың балалары оқитын мектептер де бар. Бұрын олар үшін ағылшын тілінде қосымша сабақтар ұйымдастырылған, қашықтықтан оқыту кезінде бұл біршама қиынырақ болып отыр, өйткені онлайн-платформалармен жұмыс істеу туралы нұсқаулар көбінесе тек ағылшын тілінде.

Әлеуметтанушылардың пікірінше, осындай қиындықтардың нәтижесінде америкалық оқушылардың ата-аналарының көпшілігі қашықтықтан оқыту олардың балаларының білім сапасына теріс әсер етуі мүмкін деген пікірде.

Ұлыбритания

Ұлыбританияда қашықтықтан оқыту 1836 жылдан Лондон университетіндегі (University of London) жоғары білім беруден басталды. Бүкіл әлемнің барлық кандидаттары, студенттері үшін, олардың бұған дейін қайда және қалай білім алғанына қарамастан осы университетте емтихан тапсыруға мүмкіндіктері болды. Оқытудың бұл түрі студенттері университеттің бағдарламасына сәйкес «пошта арқылы оқитын» көптеген колледждердің ашылуына себеп болды.

Компьютерлік технологиялар ашылғанға дейін 1840 жылы сэр Исаак Питман студенттерді қашықтықтан жылдам жазу және стенография дағдыларына үйрете бастады. Исаак Питман шәкірттеріне пошта арқылы сабақтар жіберді, өйткені, оның пікірінше, жоғары білім материалдық және әлеуметтік жағдайына, саяси және діни көзқарастарына қарамастан халықтың барлық топтарына қол жетімді болуы керек.

1963 жылы Англия премьер-министрі Г. Вильсоннан «эфирлік университет» ашу туралы ұсыныс түсті, ол қашықтықтан білім беруді пайдаланатын барлық оқу орындарын біріктіруді көздеді.

Қазіргі уақытта 1969 жылы ашылған Ашық университет (Open University) жұмыс істейді. Ол өте танымал, онда әртүрлі елдерден түрлі бағыттар бойынша 200000-нан астам студент оқиды.

Егер орта мектептегі оқуға тоқталатын болсақ, мектептерде онлайн сабақтар арқылы оқыту күннің бірінші жартысында жұмыс күндері өтеді, онда білім алушылар мұғалімдерге мәтіндік хабарламалар, микрофон арқылы сұрақтар қоя алады. Арнайы жабдықтарды қолдану және сарапшылардың бақылауымен жүргізілетін химиядан зертханалық тәжірибе жұмыстарынан басқа барлық пәндер қашықтықтан оқыту форматында оқытылатын болады. Оқушылар оқуды аяқтағаннан кейін тиісті емтихандарды тапсырады (мысалы, GCSEs – біздің ҰБТ аналогы және A-Levels – тестілеу аналогы) және мемлекеттік үлгідегі аттестат алады.

Пандемия кезінде мектеп мұғалімдері мессенджерлер мен Skype, Zoom бағдарламаларын қолданбаған, себебі деректердің қорғалмауына байланысты қауіп туындаған. Осыған байланысты көптеген мектептер, атап айтқанда жеке мектептер, мысалы, ер балаларға арналған Далвич колледжі қашықтықтан оқыту үшін өздерінің онлайн-платформаларын қолдана бастады. Мемлекеттік мектептер үшін бұл мүмкіндік қол жетімді емес, сондықтан көп жағдайда тапсырмаларды электрондық пошта арқылы жіберу мүмкіндіктері пайдаланылды және пайдаланылуда. Бірақ үкіметке ата-аналар тарапынан оқушыларды оқытуға арналған тиісті компьютерлік жабдықпен қамтамасыз етілмеу туралы шағымдар түскен жағдайлар да болған.

Ресей

Ресейде қашықтықтан оқыту тарихы «корреспонденттік оқыту» әдісі ретінде XIX ғасырдың соңында басталды. Қашықтықтан білім беруді дамыту 1997 жылы 30 мамырда Ресей Федерациясы Білім министрлігінде қашықтықтан оқытуды қолдану бойынша эксперименттер жүргізуге мүмкіндік беретін бұйрыққа қол қойылғаннан кейін басталды.

Қазіргі уақытта Ресейде балалар орта білім ала алатын 15 шақты онлайн-мектеп жұмыс істейді. Онлайн мектептерде қашықтықтан оқытудың ыңғайлы әдістері қолданылады, олардың мәні – білім алушыларға жеке білім беру маршруттары жасалады. Барлық онлайн-мектептерде ММУ, МФТИ, ЭЖМ және басқа да алдыңғы қатарлы жоғары оқу орындарының педагогтері жұмыс істейді. Мұндай мектептерде оқу мерзімі дәстүрлі мектептегідей өтеді және қыркүйек айында басталып, сәуір-мамырда аяқталады. Каникулдық кезеңдердің мерзімі де белгіленген – қысқы және жазғы уақыт. Бірақ білім алушылардың әрқайсысына оқу процесін бағдарлауға көмектесетін жеке кураторлар тағайындалады.

Егер бұрын қашықтықтан оқыту платформалары негізінен қосымша білім беру рөлін атқарса, пандемия кезінде олар мектеп бағдарламасын оқыту үшін өте белсенді қолданыла бастады. Платформаларды пайдалану кезінде оқу процесін жүйелендіру үшін Ресейдің Ағарту министрлігі бірқатар қызметтер

тізімін ұсынды, мұнда мұғалімдер өз жұмыстары үшін ең ыңғайлы және қолайлы қызметтерді таңдаған.

Жоғары сынып оқушыларын бітіру емтихандарына дайындау мақсатында «Моя школа в online» телевизиялық арнасы іске қосылды, ал ОРТ телеарнасында «Мое просвещение» сабақтары өткізілуде.

IT-компаниялар онлайн-сабақтардың тиімділігі үшін түрлі жобаларды іске қосып, қашықтықтан оқытуды ұйымдастыруға сүбелі үлестерін қосты. Білім беру платформалары өз қызметтерін мектептердің қажеттіліктеріне бейімдеп, тегін қолдануға мүмкіндік берді.

Алайда пандемия онлайн-оқытудың проблемаларын да көрсетті: өңірлердің дайын болмауы, қажетті жабдықтардың жоқтығы, педагогтердің IT-құзыреттерінің жоқтығы немесе жеткіліксіздігі, күнделікті сабақтар мен конференциялардың үлкен ағымы үшін компьютерлік қызметтердің дайын еместігі.

Бұл проблемалар Ресейге ғана емес, сонымен қатар елдің аумақтық ауқымына байланысты көптеген елдерге, соның ішінде Қазақстанға да тән. Бұл мәселелерді тез арада шешу мүмкін емес, оларды шешу үшін белгілі бір уақыт қажет.

Қашықтықтан оқыту кезінде Ресей оқушыларына 50 мың дана компьютерлік жабдық берілді. Бірақ қашықтықтан оқытудың көптеген мәселелері мен сұрақтары әлі де шешуді қажет етеді.

Қазіргі уақытта Ресей астанасындағы бастауыш сынып оқушылары мен бесінші сынып оқушылары оқудың күндізгі түріне оралды. Бұл бірнеше себептерге байланысты жасалады. Біріншіден, олардың жоғары сынып оқушыларына қарағанда коронавирусты жұқтыру қаупі аз, оны дәрігерлер растайды. Екіншіден, бұл жастағы оқушыларға қашықтықтан оқуға бейімделу қиынырақ. Сонымен қатар, олар үйде ересектердің бақылауында болуы керек, бұл көбінесе мүмкін емес, өйткені ата-аналары жұмыста болады. Бесінші сынып оқушылары үшін бұл – орта мектептегі бірінші жыл, жаңа сынып жетекшісі және жаңа мұғалімдер болғандықтан, бұл кезең бала үшін стресске толы. Сондықтан олар үшін мектепте күндізгі түрде оқыған сабақтар жақсы болады.

Финляндия

Қашықтықтан оқытуға ауыртпалықсыз көшкен елдердің бірі – Финляндия. Мектептердегі қашықтықтан оқыту стандартты кесте бойынша жалғасып, әртүрлі провайдерлердің сынып-менеджмент құралдары қолданылды. Мұғалімдер мен оқушылар бұл қызметтерді бұрын да қолданған. Бірақ мұғалімдер, оқушылар және ата-аналар арасындағы қарым-қатынасқа арналған қосымша платформа ретінде жаңадан ұйымдастырылған Wilma платформасы болды, онда күнтізбе, пошта, күнделік және хабарландыру тақтасы салынды. Компьютерлері жоқ балалардың барлығына дерлік үйге ноутбуктер берілді.

Финляндияда IT-технологиялар дәстүрлі мектепте әдеттегі жұмыс жағдайында да кеңінен қолданылады. Фин ұлттық білім беру агенттігі мектептерге әртүрлі икемді оқыту тетіктерін құруға және ұйымдастыруға көмек

көрсетеді. Толық онлайн режимінде оқыту үшін жиі қолданылатын құралдар Moodle, Google Classrooms, Ville, Teams, O365, Skype және Zoom. Сонымен қатар, VirtualAutoedU, Sandbox немесе DigiVirtu сияқты білім беру ойындары мен симуляторлар да қолданылады.

Жалпы, Финляндияда Wilma, Helmi, Studentaplust, Sopimuspro сияқты онлайн-платформалар арқылы үй мен мектеп арасындағы байланысты ұйымдастырудың бұрыннан қалыптасқан тәжірибесі бар. Сондай-ақ қосымша ресурстар – контентке арналған құралдар және қоймалар құрылды: Финляндияның Yleisradio ұлттық қоғамдық телерадиокомпаниясы, Ашық білім беру ресурстарының кітапханасы, Finna.

Франция

Францияда қашықтықтан оқытудың дамуы ХХ ғасырдың бірінші жартысында басталған. Қашықтықтан оқыту саласында Ұлттық қашықтықтан оқыту орталығы – CNED, осы елдің барлық оқу түрін ұйымдастыру тәжірибесі ерекше қызығушылық тудырады. Бұл орталық 1939 жылы Үкіметтің шешімімен Екінші дүниежүзілік соғыстың басталуына байланысты ауырып немесе мүгедектігі бойынша қарапайым мектептерге бара алмайтын балаларға арналған ұлттық сырттай оқыту орталығы (CNEC) ретінде құрылды. 1980 жылдан бастап орталық қазіргі уақыттағы атауына ие болды (<http://www.cned.fr>).

Бұл мекеме құрылған сәттен бастап көптеген даму кезеңдерінен өтті. Қазіргі уақытта оның құрылымдық ұйымдарында 8 000-нан астам адам жұмыс істейді, олардың 5500-і штаттық қызметкер. Орталық мемлекеттік білім беру жүйесінің техникалық және әкімшілік қызметкерлерінің қызметтеріне жүгінеді, бұл қосымша жұмыс орындарын құрады. Орталықтың құрамына 8 институт бар, олардың әрқайсысы белгілі бір қызмет саласына мамандандырылған. Олар 1956-1992 жылдар аралығында құрылған және белгілі бір дәрежеде Франциядағы қашықтықтан оқытудың даму тарихын көрсетеді. Онда қашықтықтан оқыту мамандары да, мемлекеттік білім беру жүйесінің оқытушылары да пайдаланатын әдістемелік материалдар, педагогикалық бағдарламалар, оқу жоспарлары және оқу курстары әзірленеді. Ванвадағы орталықтың ең көне институты жалпы білім беретін мектептер мен жоғары оқу орындарында оқытушылық жұмыс үшін мамандар дайындайды; Лиондағы институт – білікті хатшылар, іс жүргізушілер мен бухгалтерлер, медицина және соған байланысты салалардағы мамандар; Лилльдегі институт – жергілікті сайланған лауазымдар үшін мамандарды және заңгерлерді даярлайды. Гренобльдегі институт техникалық мамандықтар бойынша, қонақ үй және мейрамхана шаруашылығы, туризм және спорт саласындағы мамандарды; Руан, Тулуза, Ренн және Пуатье-Фюжюроскоптағы (Париж) институттар – өнеркәсіп, медицина, кітапхана ісі, әлеуметтану, қызмет көрсету саласы, шетел тілдері және т. б. Салалар мамандарын даярлауды жүзеге асырады.

Статистика бойынша Ұлттық қашықтықтан білім беру орталығында жыл сайын әлемнің түкпір-түкпірінен 300 мыңнан астам адам білім алады. Сондықтан Францияда пандемия кезінде қашықтықтан оқытуға бейімделу процесі қиындықсыз өтті. Сол кезеңде осы орталықтың негізінде балаларды

оқытуға арналған *Ma classe à la maison* платформасы жұмыс істей бастады. Бастапқыда сервисті шамадан тыс жүктеуге байланысты қиындықтар болды, соның салдарынан оқушылар мен педагогтер сабақтар мен тапсырмаларды беру үшін, сондай-ақ үй жұмыстары бойынша кері байланыс үшін жеке сайттарын пайдалана бастады. Бірақ төменгі және жоғары сыныптарды оқу уақыты бойынша бөлу туралы шешім қабылданып, нәтижесінде мәселе шешілді.

Орталықтың өзінің қажеттілігін қамтамасыз ету үшін кадрларды даярлау мен қайта даярлау мәселесін олар өздері шешуде. Осы мақсатта 1997 жылы қашықтықтан оқыту мамандарын даярлайтын мектеп ашылды. Ол сондай-ақ Орталықтың практикалық тәжірибесін халықаралық деңгейде танымал ету үшін қызмет етеді, еуропалық бағдарламаларға белсенді қатысады. Жұмыста заманауи ақпараттық және коммуникациялық технологияларды қолдана алатын мамандарды дайындаумен қатар, мектеп үнемі болатын ғылыми-техникалық прогреске байланысты үздіксіз кәсіптік оқытуды ұсынады. Барлық әлеуетті оқушыларды шартты түрде үш топқа бөлуге болады: CNED – Ұлттық қашықтықтан оқыту орталығының қызметкерлері, мемлекеттік білім беру жүйесінің қызметкерлері, өздерінің білімі мен практикалық дағдыларын толықтырғысы келетін басқа салалардың мамандары.

Оқу процесінің барлық қатысушылары арасында неғұрлым берік және кең байланыс орнату мақсатында 1997 жылы интернетте өзіндік платформа – университеттік электрондық қалашық (*le Campus Electronique*) құрылды. Оның ақпараттық және анықтамалық қызметтері барлығына қол жетімді: үй компьютерін пайдаланушыдан бастап жоғары білікті маманға дейін; Францияда немесе Интернет бар кез-келген басқа елде; оқуды, кеңес алуды, өзінің білім деңгейін тексеруді немесе өзін-өзі тәрбиелеуді қалайтындарға. Француз тілінен басқа, шетелдік пайдаланушылар ағылшын және испан тілдеріндегі нұсқаларын таңдай алады (<http://www.campus-electronique.tm.fr>). Оқуды бастағысы келетіндер формулярды толтыру арқылы тапсырыс береді, оны толтырып, тиісті институтқа жібереді. Содан кейін оларға жазылу туралы куәлік және төлемді алғанын растау қағазы; білім алушының шартты паролі немесе оның тіркеу нөмірі жіберіледі, оны ол орталықпен қарым-қатынас кезінде одан әрі пайдаланатын болады; барлық әкімшілік және оқу мәселелері бойынша практикалық ақпарат; қосымша әдебиеттер тізімі; үй тапсырмаларын сәйкестендіруге арналған штрих коды бар өздігінен жабысатын этикеткалар; оқытудың жекелеген түрлеріне арналған бағдарламалар. Орталықта құжаттарды өңдеу 2-3 аптаға созылады. Алғашқы тапсырмалар келісімшартқа қол қойылғаннан кейін – бірден, оқу материалдары (тапсырмалар, баспа курстары және т.б.) оқыту ұзақтығына байланысты кезең-кезеңімен жіберіледі. Сонымен қатар, басқа дидактикалық материалдар бар: аудио таспалар, слайдтар немесе бейне таспалар, компьютерге немесе CD-ROM дискілеріне дискеталар, интерактивті теледидар мен бейне дәрістер бағдарламалары. Оқу процесін куратор (*le tuteurat*) басқарады, бірақ білім алушылар өз жұмыстарын өздері ұйымдастырады. Оқу топтарын жинақтау кезінде орталық білім алушыларға өздерінің жеке мүмкіндіктеріне сәйкес бейімдеуге болатын күнтізбелік жоспарды ұсынады.

Қашықтан оқытуда интерактивті теледидарға үлкен мән беріледі, оның бағдарламалары әрдайым тікелей эфирге шығып, спутник арқылы таратылады. Оларды педагогикалық ұжымдар әзірлеп Фютюроскопта орналасқан CNED – Ұлттық қашықтықтан оқыту орталығының аудио-бейне бөлімінің техникалық топтары дайындайды. Білім алушылар Франция аумағында және одан тыс жерлерде орналасқан 133 аймақтық қабылдау орталықтарының кез-келгенінен сабаққа тікелей қатыса алады. Хабар тарату кезінде тарату орталығымен байланыс үшін кідірістер қарастырылған. Бағдарламаға қатысушылармен виртуалды диалог тікелей түсірілім алаңында орнатылады. Сонымен қатар, үзілістер бағдарламаға қатысушылар арасында пікір алмасуға және жалпы проблемалық мәселелерді дайындауға арналған. Жергілікті телеорталықтар хабарлардың мазмұнына араласа және өзгерте алмайды, сондай-ақ олардың бейнежазбаларын жасай алмайды. Интерактивті теледидарды таратудың жалпы көлемі жылына 200 сағатты құрайды.

Еуропалық Одақ елдерінде қашықтықтан оқыту мәселелері бойынша салыстырмалы зерттеулер жүргізген еуропалық мамандардың пікірінше, XX ғасырдың аяғы мен XXI ғасырдың басы халықтың білім алуға және өзін-өзі тәрбиелеуге деген қызығушылығының артуымен, қоғамның мәдени, әлеуметтік және технологиялық деңгейінің жоғарылауымен сипатталады. Интернет желісіне қол жеткізу дәстүрлі университеттердің студенттеріне ақпараттық жүйелер арқылы базалық білімін қайталауға немесе басқа пәндер бойынша өздігінен білім алуға мүмкіндік береді. Компьютерлердің көмегімен олар жеке түрде баға алу немесе тестілеуден өту үшін өздерінің білім деңгейлерін тексере алады. Сонымен қатар, виртуалды қалашықтарды пайдалану қосымша тапсырмалар, кеңестер алу және оқу процесін ұйымдастыруды жақсарту мақсатында оқытушылар мен студенттер арасындағы кез келген ыңғайлы уақытта тікелей байланыстарды кеңейтуге мүмкіндік береді.

Қытай

Қытай 2020 жылдың 9 ақпанында басталған COVID-19 пандемиясы кезінде қашықтықтан оқытудың мәселелерін шешудің жаңа, тиімді тәсілін көрсетті. Қытайдың 200 миллионға жуық оқушысы қашықтықтан оқыту форматына көшті. Осы мақсатта елдің Білім министрлігі «Сабақтар тоқтатылған жағдайда кедергісіз оқытуды қамтамасыз ету» жобасын ұсынды, оның мәні мектептерді басқару органдарымен, онлайн-платформалар және онлайн-курстарды жеткізушілермен, телекоммуникациялық қызметтерді жеткізушілермен және осы бастаманы іске асыру бойынша барлық мүдделі тараптармен кездесулер, телеконференциялар және талқылаулар ұйымдастыру болды. Жұмыс барысында Білім министрлігі Өнеркәсіп министрлігімен бірлесіп белгілі бір іс-шаралар өткізді, ең алдымен бұл: онлайн білім беру үшін, атап айтқанда, қызмет көрсету жеткіліксіз болып отырған өңірлерге интернетке қосылуды кеңейту мақсатында телекоммуникациялық қызметтердің негізгі жеткізушілерін жұмылдыру. Сонымен қатар, онлайн-білім беру платформаларының өткізу жүйесі жаңартылды, әсіресе бір уақытта миллиондаған кірушілерге қызмет көрсететін білім беру ресурстары мен мемлекеттік қызметтерге арналған ұлттық бұлтты платформа бойынша.

Әлеуметтік ресурстарды жұмылдыру нәтижесінде университеттердің студенттері үшін 24 мыңнан астам онлайн курс қол жетімді болды. Бастауыш және орта мектептерге арналған жасанды интеллектпен қамтамасыз етілген бұрын қолданыста болған және тексерілген 22 тегін онлайн курс мектептер үшін жұмылдырылды. Мектептер мен мұғалімдерге онлайн-платформалардың жергілікті электрондық пошталары арқылы, цифрлық теледидарлар мен мобильді қосымшалар арқылы жеткізудің тиісті тәсілдерін таңдау бойынша нұсқаулықтар берілді. Оларға онлайн оқулықтарды тікелей таратуды қоса алғанда, оқыту әдістемесі бойынша нұсқаулық берілді. Қашықтықтан оқыту сағаттарының саны сыныпқа байланысты өзгерді. Телекоммуникациялық сектормен және онлайн-платформалардың қызмет көрсетушілерімен ынтымақтастық күшейтіліп, жандандырылды, соған сәйкес психоәлеуметтік қолдау көрсетілді және білімді тарату және вирустан қорғау курстарын өткізу қамтамасыз етілді.

Alibaba, Baidu және Huawei сияқты ірі компаниялар қашықтықтан оқытуды ұйымдастыруға қатысса да, бірнеше апта бойы Қытайда оқу бағдарламасына, электронды оқулықтарға, анықтамалық материалдар мен 12 мектеп пәні бойынша тестілерге негізделген 169 бейне сабақ жүктелген бірыңғай ұлттық онлайн платформа құрылып, іске қосылды. Бұл жүйені бір уақытта 50 миллионға жуық қатысушы қолдана алды, өйткені бұл платформа жеті мың серверді біріктірген.

Италия

Италияда қашықтықтан оқытудың әртүрлі нысандарын жандандыру мәселесі бойынша мектептерді қолдау мақсатында Үкімет Istruzione веб-сайтын құрды, онда платформалар мен құралдарды пайдалануға мүмкіндік беретін әртүрлі бөлімдерге сілтемелер берілді. Сонымен қатар, олар білім беру мекемелеріне тегін қол жетімді болды. Осы кезеңде мұғалімдер әртүрлі қызметтер мен платформаларды қолданды, бірақ олар 8 миллион мектеп оқушысын бір уақытта қосқан кезде ондай жүктемеге төтеп бере алмады, көптеген оқушылар жүйеге кіре алмады.

Корея

Пандемия кезінде Кореяның Білім министрлігі көктемгі семестрдің басталуын 2020 жылдың наурызынан сәуіріне ауыстырды. Бұдан басқа, Үкімет білім беру онлайн-платформаларын, нөлдік рейтингі бар қоғамдық білім беру сайттарын қолдау үшін, сондай-ақ мектептен кейінгі бала күтімі бойынша қызметтерді кеңейту, мұғалімдер мен оқушылар үшін қажетті медициналық жабдықтарды сатып алу мақсатында және т.б. үшін төтенше бюджетті пайдаланды.

Кореяның Білім және зерттеулер туралы ақпарат қызметі (KERIS) білім беру мен хабар тарату жүйесін (EBS) және барлық мемлекеттік білім беру қызметтері мен жүйелерін ұсынды. EBS өзінің контентінің көп бөлігін бейнеформатта ұсынды, ал KERIS білім беру платформасы цифрлық оқулықтар қызметін ұсынды (3-9 сыныптарға арналған қоғамтану, математика және жаратылыстану ғылымдары бойынша). Олар Wedorang және e-Nakseupteo cyberlearning services сияқты білім беру онлайн-платформаларының

ашықтығына қол жеткізді, онда мұғалімдер онлайн-сынып құра алады, онлайн тапсырмалар орналастыра алады және сыныпта ашық талқылау үшін топтық чаттарға қатыса алады, сонымен қатар студенттердің оқу үлгерімін бақылай алады. Кореяда орта және жоғары сынып оқушылары үшін тегін онлайн курстардың қолжетімділігі де кеңейтілді. EBS ұсынатын шет тілдері және гуманитарлық ғылымдар бағдарламаларын қосу үшін курстар каталогын кеңейтті. Білім беретін телевизиялық және радиобағдарламалар Корей телевизиясында көрсетіледі, сондай-ақ EBS веб-сайтында орналастырылады, онда барлық хабар тарату кестелері көрсетіледі.

Испания

Пандемия кезінде Білім беру және кәсіптік даярлық министрлігі мектептердің жұмысын тоқтатату салдарын неғұрлым азайтудың тиімді жолы ретінде әр өңірге автономды білім беру бойынша қашықтықтан оқытуды ұйымдастыруды өздеріне тапсырып, түрлі шаралар қабылдады. Өңірлердегі қалыптасқан жағдаяттар мен туындаған мәселелер бойынша шығарылған шешімдер әртүрлі болды, бірақ олардың мәні оқушылар мен студенттердің өзін-өзі оқшаулауы, жаңа ресурстар құру болды. Осы мақсатта мұғалімдерге, отбасыларға және студенттерге әртүрлі онлайн-ресурстарға (материалдар, оқу курстары, платформалар, құралдар және т.б.) қол жетімділікті қамтамасыз ету мақсатында Recursos para el aprendizaje en línea веб-сайты (онлайн оқытуға арналған ресурстар) құрылды. Сондай-ақ, RTVE испан қоғамдық теледидары Білім беру және кәсіптік даярлық министрлігімен бірлесе отырып, Ұлттық білім беру технологиялары және мұғалімдерді даярлау институты арқылы студенттер мен отбасыларға арналған білім беру құралын іске қосты. Educlan – бұл елдің негізгі білім беру баспаларының платформаға арналған ең үздік білім беру материалдарын (мысалы, EDEBE, ANAYA, SM, McGraw Hill, Smile & Learn) таңдау бойынша ынтымақтастығын көздейді. Бұл ресурстар оқу орындарының әкімшіліктері жүзеге асыратын материалдарды толықтырды.

Бірақ сонымен бірге Испанияда білім сапасының күрт төмендеуіне алаңдаушылық та болды. Ата-аналар қауымдастығы қосымша білім алу үшін жаз бойы мектептерді ашу туралы білім министріне, өңірлер билігіне ұжымдық үндеу жазып, таратты.

Германия, Австрия

Австрияда ORF 1 ұлттық телеарнасы оқушыларға арналған білім беру бағдарламаларын жасына және уақытына қарай бөле бастады: 06.00-ден 09.00-ге дейін – төменгі сынып оқушыларына арналған трансляциялар, содан кейін – 10 жастан асқан оқушыларға арналған танымдық репортаждар мен деректі фильмдер. Оқушылар бағдарламаларды қарап қана қоймай, арнайы хабарлама жүйесі арқылы сұрақтар қоя алды.

Германияда қашықтықтан оқытуға «Үйдегі мектеп» бағдарламасын бастаған ARD қоғамдық-құқықтық телеарнасы қосылды. Телеарна мектеп жасына дейінгі балалар мен бастауыш сынып оқушыларына арналған ойын түріндегі оқытумен қатар маңызды мультимедиялық оқу материалдарын және жоғары сынып оқушыларына арналған виртуалды сабақтарды ұсынады.

Израиль

Израильде балалар мектепке 6 жасында барып, 12 жыл оқиды. Көптеген діни отбасылар хоумскулингті (отбасылық оқыту) таңдайды. Барлық оқу орындары үшін бірыңғай бекітілген оқыту бағдарламасы жоқ. Мектептер оқытудың әдістері мен құралдарын өздері таңдайды, бірақ үкіметтің бақылауында болады.

Сондай-ақ, мемлекеттік қызметтер үйде оқитындарды бақылап отырады. Жылына бір рет оқушыға білім беру офицері келіп, оның даму деңгейін бағалайды. Баланы әлеуметтендіруге ерекше көңіл бөлінеді. Бірақ қашықтықтан оқыту мектебіне қабылданған, бекітілген жоспарлар бойынша оқитын және күндізгі кездесулерге қатысатын балаларға офицерлердің көзқарастары жақсы.

Пандемия кезінде Израильде барлық мектептер жабылды, балалар қашықтықтан оқиды. Алайда, барлық мұғалімдер онлайн режимінде сабақ өткізуге дайын болмай шықты. Израиль ақпарат құралдарының біріне «Менің барлық мұғалімдерім интернетте қалай сабақ беруді білмейді, мұғалімдерге көптеген жылдар бойы қашықтықтан оқытуға арналған тренингтер өткізген жоқ, өйткені ешкім мұндай жағдайды күткен жоқ», - деді мектеп директоры. Жақында жүргізілген интернет-сауалнамаға сәйкес, оның қатысушыларының 62%-ы коронавирустық індет кезінде Израиль мектептерінде онлайн оқуға көшу қажетті және негізделген шара болғанын атап өтті. Бірақ сонымен бірге респонденттердің 75%-ы Израильде жаңа оқу жылына дайындық жеткіліксіз деп санайды.

Үндістан

Үндістандағы жағдай одан да ауыр. Үнді мектеп оқушылары пандемия кезіндегі эпидемиологиялық жағдайда радио мен теледидар арқылы оқиды. Балаларға онлайн сабақтар ұсынылса да, іс жүзінде көптеген отбасыларда компьютерлер мен ноутбуктер ғана емес, тіпті ұялы телефондар да жоқ еді. Бұл жағдайдан шығудың жолы ретінде үнді оқушыларына радио мен теледидар арқылы оқыту ұсынылды. Олар сабақтарды тыңдайды және тапсырмаларды орындайды, бірақ оларға нақтылайтын сұрақтар қоя алмайды, сондықтан бұл елде қашықтықтан оқыту мәселелері әлі де ашық күйінде қалып отыр.

Чехия

Чехияда қашықтықтан оқыту қыркүйек айының соңында, мектептер қашықтықтан оқытуға көшкен кезде басталды. Бірақ қашықтан оқыту форматы бірден оң түрде қабылданған жоқ. Бұл формат, мұғалімдердің пікірінше, бастауыш мектеп үшін ыңғайсыз, өйткені балалар ата-аналарының көмегімен сабақ оқуға мәжбүр. Сонымен қатар, көптеген мектептер онлайн сабақтарға арналған жабдықтарды алып үлгермеген.

Қазақстан

Қашықтықтан оқыту саласындағы білім беру технологияларын Қазақстанның халықаралық білім беру кеңістігіне интеграциясы ретінде қарастыруға болады. Қазақстан үшін жоғары сапалы қашықтықтан білім беру технологияларын енгізу және ашық білім беру маңызды әлеуметтік проблеманы шешу болып табылады. Біздің республикамыздың үлкен аумағы бар, ал салыстырмалы түрде халқының саны аз, тығыздығы төмен. Халықтың едәуір

бөлігі қалалардан, облыстық және аудандық орталықтардан шалғай жатқан ауылдарда және елді мекендерде тұрады. Мұндай жағдайларда халықты қашықтықтан оқытумен қамтамасыз ету басты міндет болып табылады.

Қазіргі жағдайда біз қашықтықтан білім беруді спутниктік теледидар, радио, компьютерлік байланыс және т.б. сияқты қашықтықтан ақпарат алмасу құралдарына негізделген мамандандырылған ақпараттық білім беру ортасын қолдана отырып, елдегі және шетелдегі халықтың көпшілігіне ұсынылатын білім беру қызметтерінің жиынтығы ретінде қарастырамыз. Қазіргі уақытта қашықтықтан оқыту өздігінен оқу принципіне негізделген білім беру процесінің жаңаша ұйымдастырлуы.

Қазақстандық зерттеушілер Қазақстанның халықаралық білім беру кеңістігіне кірігу мәселелерін қарастырды. Зерттеушілер әртүрлі тұжырымдамаларға негізделген білім беру жүйелерінің үйлесімі қазіргі халықаралық білім беру қоғамдастығына тән, яғни қашықтықтан оқыту жүйесі қашықтықтан білім алу мүмкіндігін, сонымен қатар оқытудың икемділігін қамтамасыз етуі керек деген қорытындыға келді. Бірақ қашықтықтан оқытуды дамытудағы проблемалар көбінесе экономикалық, саяси және әлеуметтік сипаттағы дағдарыстық құбылыстарға байланысты екенін атап өткен жөн. Сонымен қатар, аумағы орасан зор және сан жағынан халқы шашыраңқы орналасқан Қазақстан үшін қашықтықтан оқытудың нысаны, алға қойылған негізгі мақсаттардың бірі – жоғары зияткерлік әлеуеті бар мемлекет болу.

Нормативтік құқықтық құжаттарда, атап айтқанда Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында қашықтықтан білім беру технологиялары – «білім алушы мен педагог қызметкердің жанама (қашықтықта) немесе толық емес жанама өзара іс-қимылы кезінде ақпараттық-коммуникациялық технологиялар мен телекоммуникациялық құралдарды қолдана отырып жүзеге асырылатын оқыту» делінген.

Соңғы жылдары Қазақстан Республикасында қашықтықтан оқыту формасын дамыту ұлттық білім беру моделін жетілдірудің негізгі бағыттарының біріне айналды. Бұл бағыттағы белсенді іс-қимылдар Қазақстан Республикасының білім беру жүйесін ақпараттандырудың мемлекеттік тұжырымдамасы, орта білім беру жүйесін ақпараттандырудың, бастауыш және орта кәсіптік білім беруді ақпараттандырудың мемлекеттік бағдарламалары шеңберінде жасалынууда.

Қазақстан Республикасында қашықтықтан оқыту проблемаларына арналған зерттеулердің ішінде қашықтықтан оқытуды білім беру қызметтерінің көп функционалдылығымен, оқыту әдістерінің ерекшелігімен, білім беру процесі субъектілерінің белсенділігі деңгейінің жоғары болуымен сипатталатын оқытудың жаңа түрі ретінде айқындайтын Д.М. Джусубалиеваның іргелі зерттеуін атап өткен жөн. Д.М. Джусубалиева бұл еңбегінде қашықтықтан оқытудың мынадай принциптерін атап көрсеткен:

- интерактивтілік принципі
- ашықтық принципі
- икемділік принципі
- бейімделу принципі

- модульділік принципі

1. Қашықтықтан оқытудың интерактивтілігінің тиімділігі оқу материалдарын тарататын және электрондық пошта мен компьютерлік конференц-байланыс құралдары арқылы өзара бір мезгілде әрекеттесуге мүмкіндік беретін компьютерлік конференциялар жүйесі арқылы жүзеге асырылатын телематиканы пайдалануға байланысты. Осылайша оқу процесіне қатысушылар арасында байланыс орнатылып, мемлекеттің әр түкпірінде орналасқан студенттер топтары арасында пікірталас қамтамасыз етіледі. Ғалым қашықтықтан білім берудегі интерактивтілік принципін іске асыру үшін спутниктік технологияның болашағы өте зор екенін атап өтті, өйткені бұл принцип спутниктің көмегімен жүзеге асырылатын өзара әрекеттесудің басқа түрлерімен: компьютерлік конференциялардың, аудио конференциялардың көмегімен, спутниктік телебағдарламаларға дейін және одан кейін студенттер тобының ішіндегі байланыс орнату арқылы, топ жетекшісін таңдау немесе оқудың өзара әрекеттесу процесінде ассистентті пайдалану және т.б. байланыс түрлері арқылы қосымша дамиды.

2. Ғалым Д.М. Джусубалиеваның пікірінше, ашықтық принципі ақпаратты сақтаудың, өңдеудің және берудің жаңа технологияларын енгізу арқылы жүзеге асырыла бастаған үлкен ұйымдастырушылық жаңалықтарға алып келді. Қашықтықтан білім берудің ашықтық принципі білім алушылар қатарына қабылдау және жеке оқу жоспарын жасау еркіндігін, сондай-ақ оқытудың орны, уақыты мен қарқынының еркіндігін білдіреді.

3. Икемділік принципі, ғалымның пікірінше, қашықтықтан оқыту процесін ұйымдастырудағы оқу материалының негізгі сипаттамасы болып саналады. Икемділік мұғалімге оқу процесін оқушының жеке ерекшеліктеріне бейімдеуге мүмкіндік береді, бұл оның белсенділігінің көрінісі үшін қажет. Оқу материалы жақсы құрылымдалған, ұйымдастырылған және дамыған жағдайда икемді болуы мүмкін. Бұл принцип заманауи ақпараттық технологиялар негізінде оқу материалын әзірлеудің барлық кезеңдерінде тиімді және қажет болып табылады.

4. Модульділік принципі оқу материалының икемділік принципін жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Оқу бағдарламаларының әрбір жеке курсы белгілі бір пән саласы туралы тұтас түсінік қалыптастырады. Бұл жеке немесе топтық қажеттіліктерге сәйкес келетін жеке-жеке модульдер жиынтығынан оқу бағдарламасын қалыптастыруға көмектеседі.

5. Бейімделу принципі оқу бағдарламасын білім алушылардың ерекшеліктеріне бейімдеудің ашық тәсілі дегенді білдіреді.

Қашықтықтан оқыту қазақстандық ғалым М.Ж.Журиновтің еңбектерінде де көрініс тапқан. Ғалым қашықтықтан оқыту деп білім алушы мен оқытушының мақсатты жанама немесе толық емес жанама өзара іс-қимылы олардың орналасқан жеріне және уақыт бойынша бөлінуіне қарамастан, педагогикалық ұйымдастырылған ақпараттық технологиялар негізінде, ең алдымен телекоммуникация құралдарын пайдалана отырып жүзеге асырылатын білім беру технологияларының жиынтығы екенін атап өтті. Ол модульдік оқыту принципіне тоқталады. Бұл принципке сәйкес оқу пәні немесе пәндер модуль

деп аталатын логикалық жабық блоктарға бөлінеді, жаңа материалды зерттеу де, оның игерілуін тексеру бойынша бақылау шаралары да модульдің ішінде жүзеге асырылады.

М.Ж.Журиновтің пікірінше, қашықтықтан оқытуда мынадай принциптерді атап көрсетуге болады:

- гуманизм;
- жаңа технологияларды қолданудың педагогикалық орындылығы;
- қашықтықтан оқыту жүйесінде айналымдағы ақпараттың қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
- білім берудің бастапқы деңгейі;
- оқыту технологиясының сәйкестігі;
- оқытудың ұтқырлығы.

Қашықтықтан білім беру ІТ-технологиялар саласындағы әлемдік жетістіктер негізінде білім беруді ақпараттандыруды көздейді. Осыны ескере отырып, стратегиялық мақсат ретінде білім беруді ақпараттандырудың негізгі бағыттары бойынша дәйекті жүйелі саясат айқындалды. Бұл бағыттарға мыналар кіреді:

1. нормативтік-құқықтық қамтамасыз ету;
2. компьютерлік паркті компьютерлендіру және жаңарту;
3. программалық қамтамасыз ету;
4. білім беру және басқару ұйымдарын интернеттендіру;
5. отандық цифрлық білім беру ресурстарын құру;
6. білім беру ұйымдарын мониторингілеу, талдау және басқару жүйесін автоматтандыру;
7. педагогикалық және басқару кадрларын даярлау.

Мемлекет отандық цифрлық ғылыми және білім беру ресурстарын құруды басым стратегиялық міндет ретінде қарастырады. Қазақстанда біліктілік талаптарына сай келетін және білім беру жүйесінің қажеттіліктерін қанағаттандыратын өзіміздің отандық электрондық білім беру ресурстарын әзірлеу өндіріс жолына қойылуы тиіс. Барлық ресурстар үш тілде – қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде әзірленуі қажет.

Елімізде білім беруді ақпараттандырудың стратегиялық бағыттарының бірі – білім беру ұйымдарын мониторингілеу, талдау және басқарудың жоғары технологиялық автоматтандырылған жүйесін құру. Ол білім беру ұйымдарында құжат айналымының тиімділігін және есептілігінің нысандарына сәйкес келетін стратегиялық деректердің жүйелі базасын қолдауды қамтамасыз етуге тиіс. Сондай-ақ жалпы және өндірістік-білім беру қызметінің әрбір бағыты бойынша білім беру жүйесінің объективті жай-күйінің сапалы мониторингі қамтамасыз етілуге тиіс.

Білім беруді ақпараттандыру саласында педагогикалық және басқару кадрларына басты рөл беріледі. Орта, техникалық, кәсіптік және жоғары білім беру жүйесінде педагог кадрларды даярлаудың оқу жоспарларына ІТ-технологиялар негізінде білім беру әдіснамасы бойынша курстар енгізу ұсынылады.

Аталған стратегиялық бағыттар білім беруді ақпараттандырудың, қашықтықтан және ашық білім беруді дамытудың барлық практикалық аспектілерін қамтиды. Мұндай кешенді тәсілді қолдану мәселені шешуде тиімді болатынына сенім мол.

Қашықтықтан оқыту тек мұғалімдер үшін ғана емес, сонымен қатар білім алушылар үшін де – оқытудың жаңа түрі. Егер бұл жаңа, өзіндік жүйе болса, онда оның оқу процесінде тиімді жұмыс істеуі үшін оған сәйкесінше көңіл бөліп, ерекшеліктерін қарастырып, оны зерттеу қажет. Қашықтан білім беру мәселесі отандық арнайы әдебиеттерде және интернет беттерінде бірнеше жыл бойы талқыланып келеді. Тәжірибе көрсеткендей, қашықтықтан оқыту – университеттің де, мектептің де біліміне қатысты болашағы зор модель. Негізінде кез-келген идеяға формалды түрде қараса, оны балаға зиян келтіретіндей етуге болады. Қашықтықтан оқыту форматында оқу процесін ұйымдастыру көп жағдайда нақты білім беру ұйымына, оның басшысына, педагогтерге және білім алушыларға байланысты болады.

Жалпы, білім берудегі өзгерістер, білім берудегі инновациялық процестер, қашықтықтан оқыту форматы әлемнің барлық дерлік елдерінде дәстүрлі оқыту формаларына тікелей әсер етті. Шетелдік тәжірибеге сүйене отырып, әлемдік білім беру жүйесі өзгертін жағдайға бейімделе алуы керек деп айтуға болады, өйткені бұл бір мезгілде білімді беру және тәжірибе болатын бір әдіс.

Еуропа елдерінде жүргізілген зерттеулер қашықтықтан оқытуды ұйымдастыруда айтарлықтай айырмашылықтар бар екенін көрсетті. Бұл айырмашылықтар, ең алдымен, мәдениеттердің айырмашылығына, тілдердің лексикалық ерекшеліктеріне, ресурстарға, интернетке қол жетімділік деңгейіне және басқа себептерге байланысты.

Зерттеулер көрсеткендей, барлық елдерде дерлік мұғалімдер цифрлық тұрғыдан жеткілікті білімді емес, ал ата-аналар оқу процесін ұйымдастыруға, үйдегі интернеттің болмауына наразы.

Білім беру саласындағы сарапшылар аралық қорытынды жасады. Олардың байқауынша, сабақ өткізудің әдеттегі жүйесінің өзгеруі негізгі проблема болды. Біріншіден, бұл қашықтықтан оқытудың әртүрлі қырлары. Еуропа елдеріндегі зерттеулер онлайн оқыту жеке өмір мен жұмыс арасындағы шекараны жойғанын және үйдің жұмыс орнына айналғанын көрсетті, өйткені әлемнің көптеген елдерінде бұған дейін оқыту барысында үй тапсырмасына емес, сыныпта жұмыс істеуге баса назар аударылған. Екіншіден, бейнечаттарда бәрі бірдей тәртіпті сақтай бермейді. Үшіншіден, әлемдік тәжірибе педагогтердің де, білім алушылардың да онлайн оқытуға дайын еместігін көрсетті. Осыған байланысты қашықтықтан жұмыс істеу және сабақтарды әзірлеу бойынша педагогтердің біліктілігін арттыру курстарының бағдарламаларын дайындау қажеттілігі туындайды. Еуропалық мектептерде бірыңғай стандарт жоқ екенін, балалар әртүрлі бағдарламалар бойынша оқитынын, сондықтан мұғалімдерге жүктеме артатынын айта кету керек.

Шетелдік және отандық сарапшылар қашықтықтан білім беру технологияларын қолданудың *жағымды жақтарын* да атап өтті:

✓ Жеке қарқынмен оқу мүмкіндігі, пәндерді оқу уақыты мен жылдамдығын өз бетінше белгілеу.

✓ Технология ұсынған икемділік пен еркіндік білім алушыларға өздері оқу үшін ең маңызды деп санайтын пәндерді таңдап, жеке бағдарлама құруға мүмкіндік береді.

✓ Қол жетімділік, яғни уақыт пен орналасқан жеріне қарамастан оқу мүмкіндігі.

✓ Ұтқырлық – мұғаліммен өзара әрекеттесу процесі қажет болған жағдайда және нақты мәселе бойынша жүзеге асырылады.

✓ Технологиялылық – бұл білім беру процесінде заманауи және өзекті технологияларды қолдану.

✓ Жынысына, жасына, ұлтына, тұратын жеріне, денсаулық жағдайына және т.б. қарамастан білім алуға тең мүмкіндіктер беруді көздейтін әлеуметтік тең құқылық.

✓ Шығармашылық әр оқушының шығармашылық жағынан өзін-өзі көрсетуі үшін қолайлы жағдайларды анықтайды.

✓ Объективтілік әр түрлі бақылау формаларында оқушының білімін жан-жақты бағалауды қамтиды және бақылау формаларының саны аралық аттестаттауды мұғалімнің қатысуынсыз автоматты түрде өткізуге мүмкіндік береді.

✓ Қашықтықтан білім беру технологияларын қолданудың көптеген жағымды жақтарына қарамастан, бірқатар *жағымсыз жақтары* да бар:

✓ Барлық оқушылар өздігінен білім алу дағдыларын игермеген, бұл білім беру ұйымы тарапынан қосымша бақылауды талап етеді.

✓ Оқу жұмысын және оқу уақыты мен зерттелетін материалды бөлу жұмысын дұрыс ұйымдастыра алмау.

✓ Көбінесе күндізгі режимде білімді тексеру қажеттілігі. Денсаулығына байланысты проблемалары бар білім алушылар үшін мұғаліммен байланысты болдырмау теріс болып табылады, өйткені көбінесе бұл оның сыртқы әлеммен жалғыз ғана байланысы.

✓ Қашықтан оқытуды ұйымдастыруға арналған жабдықтардың қымбаттығы (ДК, ноутбук, интернетке шығу және т.б.), оларды бәрі бірдей сатып ала алмайды.

Қашықтықтан білім беру технологиясының түрлері:

➤ Кешенді кейс-технологиялар. Қашықтықтан білім беру технологияларының бұл тобы кейс нысанында ұсынылған және дәрістерді, семинарларды, тренингтерді және т.б. қамтитын мультимедиялық және баспа оқу-әдістемелік материалдарын өз бетінше зерделеуге негізделген.

➤ Әрбір кейс аяқталған бағдарламалық-әдістемелік кешен болып табылады, онда барлық материалдар бір-бірімен байланысты және біртұтас нәрсені құрайды.

➤ Компьютерлік желілік технологиялар. Қашықтықтан білім беру технологияларының бұл тобы білім алушылардың оқу процесінде қолдана алатын әртүрлі компьютерлік оқыту бағдарламаларын, электронды оқулықтар мен электронды әдістемелік әдебиеттерді қолданумен сипатталады. Ұсынылған

материалдар интернет желісінде немесе оқу орнының жергілікті желісінде ашық қолжетімді болады.

➤ Теледидар желілері мен спутниктік деректерді беру арналарын пайдаланатын қашықтықтан оқыту технологиялары. Бұл технология материалды немесе оқу пәнін модульдерге бөлу принципіне негізделген, олардың әрқайсысы аяқталған блок болып табылады, оны үйрену нәтижесінде студент өзінің білімі мен модульді игеру сапасын тексеру үшін аралық бақылаудан өтеді. Пәнді тапсыру және сол пән бойынша сынақ алу үшін оқу пәнінің барлық модульдерін оң нәтижемен аяқтау қажет. Соңында қорытынды электрондық тест өткізіледі.

Кез-келген оқыту түрі сияқты, қашықтықтан білім беру технологияларын қолдана отырып оқытуда да меңгерілген білім бойынша төмендегі мониторинг түрлерінің өткізіруі қарастырылған:

- дәрістік тестілеу (нақты бір модульде тыңдалған дәрістер қорытындысы бойынша);
- жеке компьютерлік тренинг (ЖКТ), ол пәннің әртүрлі модульдерінен тест тапсырмаларының кешені болып табылады;
- шағын практикалық тапсырмалар (есептер);
- игерілген модуль қорытындысы бойынша электрондық тест тапсыруды қарастыратын модульдік тестілеу;
- жазбаша емтихан;
- тақырыпты, тарауды игеру нәтижелері бойынша емтихандық тестілеу.

Қашықтықтан оқытуға көшуге байланысты өзгерістер білім беру ұйымдарына жаңа жағдайларға бейімделуге мүмкіндік береді. Бірақ барлық білім беру ұйымдары контентпен жұмыс істей алмайды, оны білім алушыларға дұрыс бере алмайды, онлайн ортада дұрыс қарым-қатынас жасай алмайды. Осы жағдай техникалық тұрғыдан да дайын болмауымен қатар қажетті білім мен дағдылардың жетіспеушілігін көрсетті.

Оқшаулануға көшуге мәжбүр болған кезеңдегі алынған тәжірибе көрсеткендей, мектептегі қашықтықтан оқыту платформалары мен қызметтері пандемия кезінде ғана емес, басқа уақытта да қажет мүмкіндіктер екендігін көрсетті.

Арнайы платформаларда қашықтықтан білім беру өте танымал бола бастады, өйткені көптеген ата-аналар мектептерде дәстүрлі оқытудың сапасы мен оқыту тәсіліне қанағаттанбайды. Қазірдің өзінде отбасылар қашықтықтан оқыту форматын және оқушылардың сыртқы әлемдегі физикалық белсенділігін жақсы үйлестіреді.

Әрине, онлайн құралдар әдеттегі сабақтарды толық алмастыра алмайды. Бірақ дәстүрлі әдістерді толықтыра отырып, қашықтықтан білім беру технологиялары оқытушыларды күнделікті күйбең шаруадан босатып, әр оқушының ерекшеліктері мен қажеттіліктеріне жеке қарауға көбірек уақыт қалдырады. Сонымен қатар, заманауи технологиялар оқу процесін ұйымдастыруда да пайдалы, контентке, соның ішінде мультимедиялық кең таңдауларға қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Елімізде қашықтықтан білім беру технологиялары (ҚБТ) жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру саласында 2000 жылдардың ортасынан бастап қолданылып келеді.

«Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңында қашықтықтан оқыту педагог пен білім алушылардың қашықтықтан, оның ішінде ақпараттық-коммуникациялық технологиялар мен телекоммуникациялық құралдарды қолдана отырып өзара іс-қимылы жасауы кезінде жүзеге асырылатын оқыту деп белгіленген.

Қашықтықтан білім беру – онлайн және / немесе офлайн режимінде оқыту мүмкіндігі. Қазақстанда 2019 жылғы 1 қаңтардан бастап сырттай оқу түрі тоқтатылғандықтан, отандық жоғары оқу орындары өздерінің оқу жоспарлары мен бағдарламаларын қашықтықтан оқытуға бейімдей бастаған. Сырттай оқыту түрінің тоқтатылуы осы формада оқитын студенттердің күндізгі бөлімде оқитындардың оқу көлемінің 65%-ын ғана игеруіне байланысты болды. Ал дипломдары бірдей болатын. Қашықтықтан оқыту кезінде студенттер оқу бағдарламасына сәйкес барлық ақпарат көлемінің 100%-ын оқиды. Бүкіл оқу процесі интернет және телекоммуникациялық құралдар арқылы байланысқа негізделген.

Қазақстанда қашықтықтан жоғары білім алу мүмкіндігін мемлекеттік және жеке меншік жоғары оқу орындары ұсынады. Сондықтан қазіргі кезде елімізде қашықтықтан оқуға болатын мамандықтарды саны өте көп. Бүгінгі таңда көптеген жоғары оқу орындары мүмкіндікті пайдалана отырып, арнайы бағдарламалар әзірледі, бұл бағдарламаларды меңгеріп, жоғары білімді қашықтықтан алуға болады, сонымен қатар олар қазақстандықтарға кәсіби біліктілігін арттыруды немесе мүлдем жаңа мамандық (мысалы, екінші жоғары білімді) қашықтан алуды ұсынады.

100 нақты қадам – Ұлт жоспарының 79-қадамын (Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президентінің 2015 жылғы 20 мамырдағы бағдарламасы) орындау шеңберінде Қазақстанның кейбір жоғары оқу орындары көптілді оқыту топтарын ашып, ғылыми цикл мамандарын ағылшын тілінде қашықтықтан оқытуды бастады. Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарында көптілді оқыту топтарын ашу мақсаттарының бірі – білім берудің орта деңгейдегі ұйымдарын В2 деңгейінде ағылшын тілін меңгерген және болашақта оқу пәндерін ағылшын тілінде оқытатын мамандармен қамтамасыз ету.

Қашықтықтан оқыту экономикалық себептерге байланысты жоғары оқу орнын немесе оның филиалын орналастыру мүмкін емес шалғай елді мекендердің тұрғындары үшін сапалы жоғары білім мен беделді оқу орындарының дипломын алуға мүмкіндік берді.

Қашықтықтан оқыту мүмкіндігі ірі қалалардың тұрғындары үшін де маңызды, өйткені ол оқу орындарын таңдауды кеңейтіп, оқу процесінде кез-келген қызмет саласында кәсіби өсудің негізі болып табылатын заманауи компьютерлік технологияларды игеруге мүмкіндік береді.

Оқу процесінде қолданылатын қашықтықтан оқыту технологиялары студенттің орналасқан жеріне қарамастан, университеттің ақпараттық білім

беру ресурстарына қол жетімділігін қамтамасыз ету үшін ғаламдық және жергілікті компьютерлік желілерді пайдалануға негізделген.

Жоғары оқу орындары хореография, аспаптық орындаушылық, авиациялық техника мен технологиялар, құрылыс, теңіз техникасы мен технологиялары, денсаулық сақтау, әскери іс, жоғары білім негізінде ветеринария сияқты оқу процесіне студенттердің тікелей физикалық түрде қатысуын талап ететін бағыттардан басқа, кадрларды даярлаудың барлық бағыттары бойынша толыққанды қашықтықтан білім береді.

Алайда қазіргі кезде елімізде қашықтықтан білім беру әлі де қалыптасу кезеңін өтіп жатыр – курстардың бағдарламалары, оқыту әдістері, кеңес беру мен бақылау бағдарламалары және т. б. әзірленіп, олардың қайта қаралу жұмыстары жалғасуда.

Жоғары оқу орындарында қашықтықтан оқыту мүмкіндігін ескере отырып, оқытудың бұл нысаны екінші жоғары білімді қажет етін жұмыс істеп жүрген және іссапарға жиі баратын мамандарға, бала күтімі бойынша демалыста жүрген ата-аналарға және жүріп-тұруы шектеулі талапкерлерге ыңғайлы деп айтуға болады.

«Білім туралы» Заңға сәйкес қашықтықтан оқыту тек жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында ғана емес, білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындайтын орта, қосымша, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында да жүзеге асырылатынын атап өту қажет. «Қашықтықтан білім беру технологиялары бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 20 наурыздағы № 137 бұйрығында орта білім беру деңгейінде қашықтықтан оқытуды қандай жағдайларда қолдануға болатындығы көрсетілген: білім берудің барлық деңгейлерінде ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар тұлғаларға; денсаулық мүмкіндіктері уақытша шектелген және білім беру ұйымдарына тұрақты түрде баруға мүмкіндігі жоқ тұлғаларға, сондай-ақ мекемеде тиісті техникалық жағдайлар болған кезде қылмыстық-атқару жүйесінің мекемелерінде ұсталатын және бас бостандығынан айыруға байланысты емес жазаларға тартылған адамдарға қатысты қолданылады (Қашықтықтан білім беру технологиялары бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 20 наурыздағы № 137 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 22 сәуірде № 10768 тіркелді).

2020 жылға дейін орта білім беруде қашықтықтан білім беру технологиялары тек жоғарыда көрсетілген жағдайларда ғана қолданылды. Пандемияға байланысты 2020 жылы коронавирустық инфекцияның таралуына жол бермеу мақсатында орта білім берудің барлық деңгейіндегі білім алушылар қашықтықтан оқыту нысанына көшті.

Пандемия жағдайында Үкіметтің міндеті қазақстандықтарды, ең алдымен балаларды қауіпті вирустан барынша қорғау болды. Осыған байланысты бірінші тоқсанда, одан әрі екінші тоқсанда және оқу жылының үшінші

тоқсанында білім алушылардың негізгі бөлігін қашықтықтан оқыту форматына көшіру туралы шешім қабылданды.

2020 және 2021 жылдары Қашықтықтан оқытуға қатысты орта білім беру саласындағы нормативтік-құқықтық құжаттарға түзетулер мен толықтырулар енгізілді. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына төтенше жағдай, шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин енгізілген жағдайларда тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктерде (жекелеген объектілерде), төтенше жағдайлар жарияланған жағдайларда білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен барлық білім алушылар үшін қашықтықтан оқытуға көшу туралы түзетулер енгізілді («Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III Заңы).

Ағымдағы жылдың сәуір айында өткізілген ЮНЕСКО-ның жаһандық экспресс-талдауы елдердің білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау тапсырмаларын шешуге әр түрлі тәсіл қолданғанын көрсетті. Мысалы, 58 ел емтихандардың уақытын шегерді, 11 – алып тастады, 23 – онлайн немесе үйде тестілеу сияқты балама әдістерді ұсынды, 22 – емтиханды өткізді. Орта білім беру ұйымдарының қашықтықтан оқыту нысанына көшуіне байланысты Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 «Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарындағы білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылау, оларға аралық және қорытынды аттестаттау жүргізудің үлгілік қағидалары» бұйрығына өзгерістер енгізілді» (Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы N 125 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2008 жылғы 21 сәуірде Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 5191 болып енгізілді). Бұйрыққа сәйкес тиісті мемлекеттік органдардың шектеу шаралары, оның ішінде карантин, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларында білім алушылардың оқу жетістіктері балдар қоя отырып, формативті бағаланады. 2-11-сынып білім алушыларының оқу жетістіктерін бағалау бір балдан 10 балға дейін жүзеге асырылады. Бұл ретте барлық пәндер бойынша бөлім немесе ортақ тақырып үшін бір жиынтық бағалау және тоқсанының соңында ТЖБ өткізіледі. БЖБ және ТЖБ өткізу процесі қашықтықтан білім беру технологияларын қолдана отырып ұйымдастырылады. Тоқсандық баға формативті бағалауды, бір БЖБ және ТЖБ нәтижелерін ескере отырып қойылады.

Нормативтік-құқықтық актілердегі барлық өзгерістер мен толықтырулар қашықтықтан оқыту нысанына күрт көшудегі қауіптер ескеріле отырып енгізілді. Қашықтықтан оқыту нысанына көшу педагогтер үшін де, білім алушылар үшін мынадай артықшылықтар берді:

- уақытты үнемдеу (білім беру ұйымына барудың қажеті жоқ);
- интернетке шығу мүмкіндігі бар әлемнің кез келген нүктесінен оқуға мүмкіндіктің болуы.

Артықшылықтарымен қатар, қашықтықтан оқыту түріне көшуде кемшіліктер де болды. Егер біз оқытудың осы түріне көшудің қысқа мерзімдерін ескеретін болсақ, онда бұл процесс білім алушылар мен мұғалімдерді қашықтықтан оқыту үшін байланыс құралдарымен (компьютерлер, планшеттер, телефондар және т.б.) жабдықтау сияқты кейбір қиындықтар туындады. Цифрлық білім беру ресурстары мен білім беру платформаларының жетіспеушілігіне байланысты мәселелер қашықтықтан оқытуға көшу кезінде де өзекті болды. Жаратылыстану-математикалық бағытындағы жекелеген пәндерді ағылшын тілінде оқытын білім алушылар да қиындықтарға тап болды, өйткені тілдік құзыреттілікті дамыту үшін тілдік орта қажет. Қашықтан оқыту жағдайында тілдік ортаны құру қиын іс.

Қашықтан оқытудың кемшіліктеріне оқыту уақытын қысқартуды да қосуға болады, өйткені мұғалімдер оқу материалдарын барынша ықшамдап беретін болды. Білім алушылар көптеген сұрақтарға жауап табуға және тапсырмаларды өз бетінше шешуге мәжбүр болып, бұл өз кезегінде үйде оқу жағдайында білім алушылардың оқу уақытын арттырды. Осыған байланысты Білім және ғылым министрлігі тарапынан еліміздің педагогтері үшін тек оқу уақытында ғана емес, сонымен қатар сабақтан тыс уақытта да оқу міндеттерін орындау кезінде білім алушыларға бағыт беру бойынша ұсынымдар әзірленді. Ол үшін оқушыларға, педагогтер мен ата-аналарға «Күнделік», «Білім ал», «Мектеп KZ» электронды журналдарына және демалыс уақытында басқа да ресурстарға қолжетімділік қамтамасыз етілді.

Қашықтықтан оқытуды жүзеге асыру компьютерлерді, планшеттерді және оқытудың басқа да техникалық құралдарын тұрақты пайдалануды, сондай-ақ интернетке және цифрлық білім беру ресурстарына қолжетімділікті талап етеді. Орта білім беру ұйымдарының қашықтықтан оқытуға көшуі кезінде білім алушылар мен педагогтерді техникалық құралдармен қамтамасыз ету мәселесін шешу жергілікті атқарушы органдарға жүктелсе, цифрлық білім беру ресурстарына, білім беру онлайн-платформаларына байланысты мәселелер әлі де өзекті болып қала берді. Осы мәселелерді шешу үшін Білім және ғылым министрлігі «BilimMediaGroup» компаниясымен бірлесе отырып, теледидардан сабақтарды түсіру және тарату үшін «OnlineМектеп» жобасын іске қосты. Осы жоба аясында 2019-2020 оқу жылының 4-тоқсанының сабақтары түсірілді. 2020-2021 оқу жылында 1, 2 және 3 тоқсан сабақтарын тарату үшін «Хабар» агенттігі TV-сабақтарын түсіруді жалғастырды. Аталған жобалар аясында «Физика», «Химия», «Биология» және «Информатика» пәндері теледидар арқылы тек қазақ және орыс тілдерінде түсіріліп, көрсетілді. Жаратылыстану-ғылыми бағыттағы пәндерді ағылшын тілінде толық және ішінара енгізу режимінде оқытын білім алушылар тек онлайн білім беру платформаларын қолданды.

ЖМБ пәндерін ағылшын тілінде оқытатын мұғалімдерді білім беру ресурстарымен қамтамасыз ету үшін «Bilim Media Group» компаниясы әзірлеген «Bilim Land» сияқты білім беру платформаларының ресурстары қолдануға ұсынылды.

«Bilim Media Group» - бұл Қазақстан үшін электрондық оқыту (e-learning) нарығын қалыптастыратын компания. Компания оқыту контентін, сондай-ақ онымен байланысты технологиялар мен қызметтерді әзірлеумен, орналастырумен және таратумен айналысады.

«Bilim Land» қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде ресурстар ұсынады. Ағылшын тіліне қарағанда қазақ және орыс тілдерінде материалдар әлдеқайда көп, бірақ «Физика», «Химия», «Биология» оқу пәндері бойынша негізгі және жалпы орта білім беру деңгейлерінің 7-11 сыныптары үшін ресурстар табуға болады.

Осы электрондық платформада «Физика» оқу пәнінің «Principles of physics», «Mechanics», «Molecular physics», «Electrodynamics», «Optics», «Quantum physics» бөлімдері бойынша 194 сабақ; «Химия» оқу пәнінің «General chemistry», «Organic chemistry», «Inorganic chemistry», «Laboratory technics and spectrometry» бөлімдері бойынша 240 сабақ орналастырылған. Әр сабақта тақырыптар мен тапсырмалар бойынша бейне және аудио ресурстар бар. Тапсырмаларды орындау барысында қиындықтар туындаған жағдайда көмек беру қарастырылған, бұл білім алушылардың оқу тақырыбын игеру процесін айтарлықтай жеңілдетеді. Әр сабақтың соңында қорытынды жасалып, дұрыс жауаптардың пайызы, пайдаланылған көмек саны, сондай-ақ қателер саны көрсетіледі. Білім беру процесінде интербелсенді сабақтарды тиімді қолдану білім беру сапасын арттырумен қатар қаржылық ресурстарды үнемдеуге де ықпал етеді, қауіпсіз, экологиялық таза орта қалыптастырады.

Аталған сабақтардан басқа сайтта ағылшын тілінде «Физика», «Химия», «Биология», «Математика» және «География» оқу пәндері бойынша виртуалды зертхана бар. Виртуалды зертханалар интербелсенді зертханадағы параметрлерді өзгерте алатындай етіп жасалған және бұның қандай нәтижелерге әкелетінін 3D форматында көруге болады. Зертханалық процестер виртуалды режимде өтеді, процестің барлық әрекеттері анимациялық нұсқада ұсынылады. Виртуалды зертхана жұмыстарын сыныпта сабақ материалдарына қосымша ретінде көрсетуге болады, өйткені бұл түрдегі зертханалардың айтарлықтай артықшылықтары бар. Мысалы, виртуалды зертханаларда жұмыс істеу қымбат жабдықты, материалдар мен реагенттерді сатып алуды қажет етпейді. Қаржыландырудың жеткіліксіздігінен орта білім беру ұйымының көптеген зертханалық кабинеттерінде ескі жабдық орнатылған (кейде зертхана жиынтығының толық болмауы да кездеседі). Осындай жабдықтар мен материалдарды пайдалана отырып жүргізілген зертханалық жұмыстардың тәжірибелерінің нәтижелері бұрмалануы мүмкін, сондай-ақ ескірген жабдық білім алушылар үшін де, жалпы білім беру ұйымдары үшін де қауіптің ықтимал көзі болуы мүмкін.

«Химия» пәні бойынша зертханалық жұмыстарды жүргізу, жабдықтардан басқа, шығын материалдарын, мысалы, құны өте жоғары реактивтерді қажет етеді. Компьютерлік жабдықтар мен бағдарламалық жасақтаманың құны да қымбат, бірақ компьютерлік техниканың әмбебаптығы мен оның кең таралуы бұл кемшіліктің орнын толтырады.

Виртуалды зертханаларда практикалық жұмыстар жүргізу оқыту мақсатына қол жеткізуге, сондай-ақ оқушылардың пәнді одан әрі оқуға деген ынтасын арттыруға көмектеседі. Өйткені олар зертханалық зерттеудің параметрлері немесе шарттары өзгерген жағдайда нәтижелерді компьютер экранында көрнекі түрде көрсету; зертханалық жағдайда мүмкін емес процестерді модельдеу мүмкіндігіне ие болады. Заманауи компьютерлік технологиялар қосымша техниканы қолданбай-ақ мысалы, бақыланатын бөлшектердің мөлшерлерінің тым кішкентай болуына қарамастан, оларды байқауға; бұл процестердің қыр-сырына енуіне және уақыттың басқа масштабында болып жатқан оқиғаларды байқауға мүмкіндік береді, бұл бірнеше секунд ішінде немесе керісінше бірнеше жылға созылатын процестерді бақылау үшін маңызды.

Сонымен қатар жоғары кернеулермен немесе химиялық заттармен жұмыс жүріп жатқан жағдайларда виртуалды зертханаларды пайдалану қауіпсіздік жағынан да олардың маңызды артықшығы болып табылады.

2020 жылы короновирустық инфекция пандемиясына байланысты елдің орта білім беру ұйымдары қашықтықтан оқыту нысанына көшкен кезде көптеген республикалық, мамандандырылған, жеке және жалпы білім беретін мектептер қашықтықтан оқыту нысаны жағдайында оқыту сапасын арттыру мақсатында өз зерттеулерін жүргізе бастады. Осындай оқыту форматына көшу барлығы үшін күтпеген жағдай болғандықтан, мектептердің педагогикалық ұжымдары да, орта білім беру ұйымдары да, білім алушылар мен ата-аналар да осындай ауқымдағы ақпараттық технологиялар мен техникалық құралдарды пайдалану арқылы білім беру процесіне дайын болмады. Әдеттегі тәртіптің, оқытудың және өзара әрекеттесудің моделдері өзгеріске ұшырады.

Қашықтықтан оқыту формасына көшу кезінде оқу процесінің сапасы көбінесе мұғалімдерге, білім алушылар мен олардың ата-аналарына өзара әрекеттесу мен оқыту процесінің қалыптастырылып, түсіндірілуіне байланысты болды. Бұл өз кезегінде әдіскерлерден, әдістемелік бірлестіктер мен мектептердің әкімшіліктері тарапынан қашықтықтан оқыту процесін ұйымдастыруда қосымша іс-шаралар өткізуді талап етті.

Назарбаев Зияткерлік мектептерінде қашықтықтан оқыту нысанына көшу

Назарбаев Зияткерлік мектептерінде (бұдан әрі – НЗМ) қашықтықтан оқыту шеңберінде 2019 – 2020 оқу жылының 4-тоқсанында 250 мыңнан астам онлайн сабақтар және 75 мыңнан астам онлайн консультациялар өткізілді. НЗМ-де жаратылыстану-математикалық бағыттағы (және тек осы бағыттағы ғана емес) жекелеген пәндер ағылшын тілінде оқытылатынын атап өткен жөн.

Қашықтықтан оқытуға көшкеннен кейін НЗМ қызметкерлері қашықтықтан оқыту форматында білім беру сапасын арттыру мақсатында мектептердің педагогикалық ұжымы, білім алушылар мен ата-аналар арасында сауалнама жүргізді. НЗМ жүргізген сауалнамаларға сәйкес ата-аналар мен білім алушылар өткізілген сабақтардың сапасын оң бағалады. Қашықтықтан оқытудың техникалық және әдістемелік компоненттерін игерудің

қиындықтарына қарамастан, НЗМ барлық филиалдарының педагогтері мен әкімшілігі білім беру процесін ұйымдастыруда жоғары құзыреттілік танытты.

НЗМ-да қашықтықтан білім беруді іске асыруға жүргізілген зерттеу нәтижелері мұғалімдердің, білім алушылардың және ата-аналардың көпшілігі (60%-дан астамы) қашықтықтан оқытуға көшкеннен кейін оқу жүктемесінің ұлғаюын, ал білім беру бағдарламасының көлемі өзгеріссіз қалғанын көрсетті. Сондай-ақ, мұғалімдер күніне орта есеппен 10 сағат (сабақтар мен кеңестерді дайындауға 4 сағатты қоса) жұмыс істегендері анықталды. Жоғарыда айтылғандай, қашықтықтан оқыту кезінде мұғалімнің жұмыс жағдайлары, сабақтың ұзақтығы, сабақ кестеге қойылатын талаптар, оқыту әдістері, бағалау, білім алушыларға кері байланыс беру және оқу тапсырмаларын тексеру талаптары өзгерді. Сыныптағы сабақ жүйесінде тиімді қолданылатын технологиялар мен механизмдерді әрдайым пайдалану мүмкіндігі болмағандықтан, сабаққа дайындалуға жұмсалатын уақыт ұзарды.

Қашықтықтан оқытуды сәтті жүзеге асыру үшін НЗМ түрлі деңгейде мектептерді қолдауды қамтамасыз етті. Білім беру бағдарламалары мен педагогикалық өлшемдер орталықтары педагогтерге көмек ретінде оқыту нәтижелерін бағалау және сабақтың мазмұны бойынша нұсқаулық-әдістемелік материалдар әзірледі.

НЗМ ДББҰ (дербес білім беру ұйымы) ресми сайтында қашықтықтан оқыту нысанына көшуге байланысты білім беру процесінің барлық қатысушыларына қолдау көрсету үшін арнайы бөлім құрылды. ДББҰ НЗМ-да ұйымдастырушылық, техникалық сипаттағы мәселелерді, оқыту мазмұны мен бағалау мәселелерін жедел шешу үшін жұмыс тобы құрылды. Сабақтар мен консультацияларды ұйымдастыру және өткізу барысында туындайтын мәселелер бойынша оқу процесін мониторингілеу және педагогтерге кеңес беру мақсатында call-орталықтары құрылды.

Қашықтықтан білім беру процесін қолдау мақсатында Telegram-бот (@Teams_manual_bot) іске қосылды, онда Microsoft Teams-ты пайдалану бойынша нұсқаулықтар мен бейнероликтерді табуға, қашықтықтан оқытуды ұйымдастыру бойынша ұсынымдар алуға, сондай-ақ әрбір Зияткерлік мектептің техникалық қолдау чатына жүгіну мүмкіндіктері жасалды.

Мұғалімдерді қолдау үшін осы кезеңде мұғалімдердің нақты кәсіби қажеттіліктеріне негізделген онлайн-форматта педагогтерді курстан кейінгі әдістемелік қолдау қамтамасыз етілді. Webinar.ru, Zoom және MS Teams платформалары мұғалімдердің өзара әрекеттесуі және педагогикалық деңгейлерін көтеруі үшін кездесетін негізгі орынға айналды.

Әдістемелік қолдау көрсету мақсатында мұғалімдердің онлайн сабақтарын бақылау бойынша жұмыс ұйымдастырылды. педагогикалық шеберлік орталығының (ПШО) тренерлері 7-11 сыныптарда 305 онлайн-сабағын бақылады.

Бақылау онлайн сабақтарды ұйымдастыру мен өткізуде тиімді және әлсіз жақтарды анықтауға мүмкіндік берді. Бақылау нәтижелері төменде келтірілген:

- мұғалімдер мен білім алушылар сабаққа қосылуға және белсенді қатысуға қажетті АКТ дағдыларын меңгеген;

- барлық онлайн-сабақтарда оқу материалы қарастырылып отырған тақырыптың алдыңғы тақырыппен байланысты;

- пәнаралық байланыс байқалды, білім алушылар практикалық міндеттерді шешу үшін түрлі салаларда білімдерін қолданды;

- онлайн-сабақ барысында мұғалімдер білім алушылардың әрқайсысын есімдерімен атады, бұл олардың арасындағы коммуникацияны нығайтуға ықпал етеді;

- сабақ барысына педагогтер тарапынан білім алушыларды сабаққа белсенді тарту әдістерін қолданылуы байқалды;

- мұғалімдердің көбі бейнеклиптерді, интерактивті ресурстарды және қолданылатын бағдарламалардың функцияларын шебер қолданды. Бұл зертханалық жұмыстарды жүргізуге, физикалық әсерлерді визуализациялауға мүмкіндік берді.

ЮНЕСКО-ның білім беру жөніндегі бас директорының орынбасары Стефания Джаннини атап өткендей, егер мектептердің жабылуының алғашқы күндерінде қашықтықтан оқытуды енгізу туралы шешім қабылдауға баса назар аударылса, қазіргі кезде мұғалімдер мен отбасыларға академиялық және эмоционалды қолдау көрсетіледі.

НЗМ әкімшілігі мұғалімдерді қолдауға бағытталған қосымша шаралар қабылдады. Пән мазмұны мен бағалау мәселелері бойынша кеңес беру үшін пәндік мамандар басқаратын 16 пәндік онлайн топ құрылды. Барлық пәндер, сыныптар және оқыту тілдері бойынша оқу ресурстарының бірыңғай банкін құру жүзеге асырылуда, оны апта сайын Зияткерлік мектептердің мұғалімдері білім беру бағдарламалары орталығының әдістемелік және консультациялық қолдауымен TEAMS платформасында толықтыратын болады. Қашықтықтан оқыту жағдайында практикалық және зертханалық жұмыстарды жүргізу бойынша; білім алушылардың өзіндік жұмысы бойынша, бейнебайланыста техникалық проблемалар туындаған жағдайда қашықтықтан оқытудың баламалы стратегиялары бойынша әдістемелік ұсынымдар әзірленді.

Ақпараттық технологиялар орталығы Зияткерлік мектептердің IT-мамандарымен бірлесіп әртүрлі мессенджерлер мен чат-боттар арқылы мектеп порталдарынан ыңғайлы қол жеткізу үшін педагогтер мен білім алушыларды техникалық қолдаудың 2 деңгейлі қызметін ұйымдастырды.

НЗМ қызметкерлері еліміздің жалпы білім беретін мектептерімен де жұмыс істейді. Наурыз айында Педагогикалық шеберлік орталығы мұғалімдер, білім алушылар және олардың ата-аналарына арналған қашықтықтан оқытуды ұйымдастыру бойынша ұсынымдары бар 9 түсіндіру бейнеролигін дайындады, оларды 840 мыңнан астам адам қарады, сәуір-маусым айларында 250 мыңға жуық адамды қамтыған 5 мыңнан астам іс-шара өткізілді.

Педагогтердің жұмысын талдау мақсатында 1 020 жетекші мектепте қашықтан 2 мониторингтік зерттеу жүргізілді (респонденттер саны 18 мыңнан астам адам). Респонденттердің 93,5%-ы сабақ уақыты мен қарқынын таңдау еркіндігі, оқу материалын өз бетінше игеру тәжірибесін қалыптастыру, қосымша материалды тереңдетіп оқу мүмкіндігі, онлайн-оқыту жүйесімен жұмыс істеу дағдысын игеру қашықтықтан оқытудың артықшылықтары болып

табылатынын атап өтті. Бұл ретте, педагогтердің 85,3%-ы білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау, тиімді және сындарлы кері байланыс, білім алушылардың өзін-өзі тәртіпке салуы мен өзін-өзі реттеуі, ата-аналармен ынтымақтастық сияқты мәселелерде сыртқы әдістемелік көмекке қажеттілікті сезінеді.

Онлайн-сабақтар мен мониторингтік зерттеулерді бақылау нәтижелері «Қашықтықтан оқытуды үйренемін» жаппай ашық онлайн-курсының негізін қалады. Іске қосылған сәттен бастап, 2020 жылғы 27 шілдеден осы күнге дейін, курсты білім берудің барлық деңгейлерінде жұмыс істейтін 300 мыңға жуық педагог аяқтады.

Біліктілікті арттырудың онлайн курстарын, педагогтерге әдістемелік қолдау көрсетуді ұйымдастыру мен өткізу тәжірибесі орасан зор. Шұғыл түрде оқыту форматын ғана емес, оқу контентін де әзірлеп, ұсыну философиясын (жаттықтырушыға не айту керек, ал тыңдаушының өзі нені зерттей алатыны), цифрлық ортадағы тәртіп этикасын (онлайнда жұмыс істеудің белгілі бір дағдыларын дамыту қажет), барлық деңгейдегі менеджерлердің ойлауын өзгертуге тура келді (сала тарылған жоқ, кеңейе түсті, жеке деректер мәселелері пайда болды, сенімді және қауіпсіз бизнес-процестерді құру қажет болды). Деректерді қауіпсіз, жүйелі сақтау басты мәселеге айналды. Бұл интеллектуалды еңбекті де, білім беру процесіне қатысушылардың жеке деректерін де сақтауға қатысты болды.

Haileybury Astana мектебінде қашықтықтан оқыту жүйесіне көшу
(<https://www.haileybury.kz/>)

Haileybury Astana мектебіне негізі қаланғаннан бастап IGCSE және IB емтихандары бойынша жоғары нәтижелер көрсететін және Ұлыбритания, АҚШ, Еуропа, Азия және т.б. элиталық университеттерге түсетін білім алушыларды дамытуға бағытталған. Осыған байланысты мектепте негізгі оқу пәндері ағылшын тілінде оқытылады.

2020-2021 оқу жылында қашықтықтан оқытуға көшу кезінде мектеп оқушыларға, ата-аналар мен мұғалімдерге арналған «Haileybury Astana жоғары сыныптарына арналған онлайн-оқыту, 2020 жылдың 1-семестрі» нұсқаулығын әзірледі, онда онлайн-оқытудың мәні мен болжамдары баяндалады. Бұл нұсқаулықтың мақсаты – онлайн-оқытуда ықтимал қауіпсіздікке қатысты проблемаларды жою және оларды тиісінше қарастырып, шешуін қамтамасыз ету.

Мектепте қашықтықтан оқыту режимінде оқу процесін жүзеге асыру төменде көрсетілген бағдарламалар мен білім беру платформаларын қолдана отырып жүргізілді:

- Firefly – онлайн оқыту платформасы;
- ManageBac – білім беру онлайн платформасы;
- Google Drive – бұлтты сақтау;
- Мектеп электрондық поштасының адресі – электрондық хаттармен алмасу үшін;
- Zoom – бейнеконференция байланыс құралы.

Онлайн-оқыту кезінде мектептегі негізгі жұмыс платформалары Firefly және ManageBac болды. Аталған платформаларда күнделікті сабақтар өткізіледі, оқушылардың оқу тапсырмалары мен жұмыстары жіберіледі. Бұл оқу және оқыту құралдары жақсы ұйымдастырылған, қауіпсіз және берік білім беру ортасын құрайды. Сондай-ақ, педагог білім алушылардың жұмыстарын бағалап, платформа арқылы кері қайтара алады. Платформалар маңызды материалдарды жіберуге және сақтауға қосымша орын ұсынады. ZOOM бейне конференциясына арналған платформамен қоса олар сабақтарды нақты уақытта өткізуге мүмкіндік береді.

Онлайн-ортада сыныптастармен және мұғалімдермен өзара әрекеттесу білім алушылар үшін ең маңызды мәселе, сондықтан нақты уақыттағы сабақтар Zoom онлайн платформасы арқылы өткізілді. Zoom платформасы білім алушыларды оқытуға, олардың мұғалімдермен және құрдастарымен әлеуметтік қарым-қатынасқа түсуі арқылы менталдық тұрақтылықтарын сақтауға көмектеседі. NaileburyAstana мектебі оқу ортасын тиімді пайдалануға көмектесетін визуализаторлар мен веб-камералар сияқты жаңа технологияларға инвестиция жасады. Нақты уақыттағы сабақтар тұрақты болмауы мүмкін, өйткені сабақ барысында білім алушылар әртүрлі тапсырмаларды орындайды. Алайда, олар сабақтың кіріспе бөлігін, сабақ барысында интербелсенді тапсырмаларды немесе сабақтың соңында қорытынды жиналысты қамтиды. Сабақтар нақты уақыттағы оқытудан, жазбаша тапсырмалардан, онлайн ойындар/ интербелсенді тапсырмаларды орындаудан, бейнежазбаларды ккруден немесе дыбыстық жазбаларды тыңдаудан, сұрақтар мен түсініктемелерден тұрады.

Қашықтықтан оқыту орта білім деңгейінде оқытудың жаңа тәсілі болғандықтан, әлеуметтік оқшаулау физикалық және психикалық денсаулыққа әсер етуі мүмкін. NaileburyAstana мектебі қауіпсіз білім беру ортасын құру, мазасыздықпен күресу және білім алушылардың психикалық және физикалық денсаулығына қамқорлық жасау жолында түрлі іс-шаралар ұйымдастырды, мысалы:

- Well-being Week;
- CRC Events;
- House Countdown;
- House Maths Olympiad;
- HouseQuiz;
- ParadiseRegained.

Жалпы білім беретін мектептердің әкімшіліктеріне де қашықтықтан оқыту кезінде қауіпсіз цифрлық білім беру ортасын және білім алушылардың психикалық және физикалық денсаулығына қамқорлық жасауды қамтамасыз ету мақсатында іс-шаралар өткізу ұсынылады.

«Мирас» халықаралық мектебінде қашықтықтан оқыту нысанына көшу.

Мектеп қоғамдастығындағы қарым-қатынас тілі ретінде ағылшын тілін қолданатын және оқу пәндері негізінен ағылшын тілінде оқылатын мектептердің бірі – Халықаралық «Мирас» мектебі. Коронавирустық

инфекцияны таратпау мақсатында карантин жариялау себебінен білім беру ұйымының жабылуы жағдайында «Мирас» мектебі арнайы құрылған қашықтықтан білім беру ортасын пайдалана отырып, баламалы қашықтықтан оқыту нысанына көшу арқылы өзінің білім беру қызметін жалғастырды (https://www.miras-astana.kz/static_page/distantionnoe-obuchenie).

Қашықтықтан оқытуды жүзеге асыруда мектеп қоғамдастығының барлық мүшелерінің ынтымақтастығы мен серіктестігіне ерекше мән береді, өйткені қашықтықтан оқытудың сәттілігі мектеп педагогтерінің оқу процесін мұқият дайындауы мен жоспарлауына, білім алушылардың тиісті уәждемесі мен қызығушылығына, сондай-ақ ата-аналардың қажетті жағдайлар жасауларына және мектептің баламалы жұмыс режимінде балаларға оқуда күшті қолдау көрсетуіне байланысты. Осы шарттарды орындау білім алушылардың жақсы оқуларына, олардың эмоционалды және физикалық денсаулығын сақтауға көмектеседі.

Нұр-Сұлтан қаласындағы «Мирас» халықаралық мектебінде қашықтықтан оқыту әртүрлі цифрлық сервистер мен ресурстарды пайдалана отырып, Microsoft Teams, ManageBac, Outlook электрондық поштасы және Whatsapp мессенджерді қоса алғанда, онлайн және оффлайн режимде де әртүрлі жұмыс түрлерін ұштастыру арқылы жүзеге асырылады.

Қашықтықтан оқытудың өзекті мәселелерін анықтау мақсатында Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы 2020 жылғы 29 сәуір - 6 мамыр аралығында жалпы білім беретін мектеп оқушыларының, ата-аналары мен педагогтерінің білім беру үдерісіне қатысушы ретіндегі пікірлері мен ұстанымдарын зерделеу арқылы мониторингілік зерттеу жүргізді.

Мониторингілік зерттеудің мақсатты аудиториясын:

- 17 өңірден жалпы білім беретін мектептердің 37 933 оқушысы;
- республиканың жалпы білім беретін мектептерінің 54 845 педагогі (бастауыш сынып мұғалімдерін, орта және жоғары буын мұғалімдерін, директорлардың оқу және тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарларын, мектеп директорларын, психологтерді, әлеуметтік педагогтерді қоса алғанда);
- республика бойынша 100 123 ата-ана құрады (188-кесте).

188-кесте. Зерттеуге қатысушылардың сапалық құрамы

Аймақ	Барлығы	Ауыл	Қала	ШЖМ
Оқушылар саны	37 933	18 593	18 629	711
Педагогтер саны	54 845	29 356	22 938	2551
Ата-аналар саны	100 123			

Дереккөз: Зерттеу дерекқоры

Деректерді ақпараттық жинау GoogleForms қызметін пайдалана отырып, онлайн-сауалнама арқылы жүзеге асырылды.

Оқушыларға арналған сауалнама 32 сұрақты қамтыды, олар контекстік, мазмұндық, эргономикалық, психоэмоционалдық және аспаптық-технологиялық аспектілер бойынша 5 блокқа бөлінді.

Зерттеуге бастауыш, негізгі және жалпы орта білім беру деңгейінің оқушылары қатысты, олардың ішінде қатысушылардың ең көп үлесін негізгі білім беру деңгейінің оқушылары құрады (58%).

Жүргізілген мониторинг нәтижесінде білім алушылардың айтарлықтай үлесі – шамамен 88%-ы үшін қашықтықтан оқытуға арналған тиісті жағдайлар жасалғаны анықталды. Бұл ретте іс жүзінде ауылдық және қалалық мектептердегі білім алушылардың көрсеткіштері тең деуге болады. Сонымен қатар, ауылдық мектеп оқушыларының 58%-ында үйлерінде қашықтықтан оқуға арналған жеке жұмыс орны жоқ екендігі анықталды. Оқушылардың оқуға деген ықыласы көбінесе жұмыс орнының болуына байланысты. Білім алушының жеке бөлмесі болмаған жағдайда оқуға арналған жұмыс орнын пәтердің басқа аймақтарында уақытша ұйымдастыруға болады. Оқуға деген мотивацияның пайда болуы немесе жоғалуы қашықтықтан оқыту кезінде білім алушының ата-аналарының оның жанында болуына байланысты. Әсіресе, ЖМБ пәндерін ағылшын тілінде оқытқан кезде мектеп оқушыларының көбі ата-анасының немесе аға/әпкесінің алдында ағылшын тілінде сөйлеуге (сөздерді айтуға) ұялуы мүмкін. Оқытуды тиімді ұйымдастыру үшін педагогтер қашықтықтан оқыту кезінде білім алушылардың стреске түсуі мүмкін барлық жағдайларды қарастырып, олардың алдын алуды қамтамасыз етулері керек еді. Сондай-ақ, мектеп оқушыларын үйде оқыту үшін жағдай жасау қажеттілігі туралы мәселені ата-аналармен алдын ала талқылау қажет болды.

Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА өткізген мониторингінің нәтижелеріне сәйкес оқушылардың 87,8%-ында қашықтықтан білім алуға мүмкіндік бар. Оқушылардың 9,1%-ы қашықтықтан оқытуға арналған құрылғыны немесе техникалық құралдарды аға-інісімен және/немесе әпке/қарындасымен бірлесіп пайдаланады. Оқушылардың 3,1%-ының қашықтықтан оқуға мүмкіндігі жоқ (техникалық құралдармен қамтамасыз етілмеген).

Бұл көрсеткіштер ЖМБ пәндерін ағылшын тілінде оқыту үдерісі тоқтаусыз және аз шығынмен өтуде деп үміттендіреді.

Мониторинг жүргізудің маңызды факторы қашықтықтан оқытуда қолданылатын әдістемені анықтау болды. Сауалнама нәтижелері жаңа материалды оқытуда ең көп қолданылатын әдістер – презентациялар, мұғалімнің электронды күнделікте немесе пошта/мессенджер арқылы ұсынған тірек карталары екенін көрсетті (39,9%).

Білім беру порталдарында тапсырмаларды өз бетінше орындайтын мектеп оқушыларының үлесі 14,5%-ды құрайды, бұл педагогтердің білім алушыларды оқытудың жаңа форматына белсенді түрде тарту үшін цифрлық құралдарды толыққанды пайдаланбайтынын білдіреді.

Сондай-ақ, мониторингіге қатысқан білім алушылар үлесінің тек 22,2%-ы ғана қашықтықтан оқыту кезінде мұғалімдерінің сабақтарды бейне байланыс режимінде өткізетінін айтты. Мониторингіге қатысқан білім алушылардың 23,4%-ы мұғалімнің берген тапсырмасы бойынша баспа басылымдарын

(оқулықтар, энциклопедиялар, кітаптар, дәптерлер және т.б.) пайдалана отырып, өз бетінше жұмыс істейтіні анықталды. Осы фактілерден цифрлық сабақты әзірлеу және оны цифрлық контентпен толтыру дағдылары Қазақстан педагогтері үшін әлі де өзекті болып тұрғаны белгілі болды.


Аумақтық тиістілік бөлінісінде бейне байланыс және телесабақтар арқылы оқыған ауылдық оқушылардың көрсеткіші қалалықтармен салыстырғанда жоғары (қала – 7,7%, ауыл – 13,9%). Қала оқушылары негізінен мұғалімнің электронды күнделік немесе пошта/мессенджер арқылы жіберетін оқу материалдарын қолданып оқыды. Оқытудағы мұндай тәсіл мұғалімнен әр сабаққа дайындық кезінде айтарлықтай уақытты жұмсауды және педагогикалық шеберліктің деңгейі жоғары болуын талап етеді.

ШЖМ оқушылары қашықтықтан оқыту кезінде бейне байланыс пен телесабақ ресурстарын жиі пайдаланатынын атап өтті.

Мониторингілік зерттеу қашықтықтан оқыту мектеп оқушыларының білім алу жетістіктеріне әсер етуі мүмкін деген болжамды алға тартты. Нәтижесінде ауылдық және қалалық мектеп оқушыларының оқудағы табыстылықтары бойынша өзін-өзі бағалауда айтарлықтай айырмашылық болмағаны анықталған.

Мониторингтің басында болжам жасалғандай, **18 815** оқушы қашықтықтан оқыту кезінде анағұрлым дербес болғандарын айтты. Жазбаша жұмыс сияқты маңызды дағдылардың деңгейін 13 466 респондент жақсартты.

Бұл зерттеуде құнды болғаны – қашықтықтан оқыту кезеңінде білім алушылардың бойында дамыған ең маңызды дағды туралы мәселе. Мұндай дағды ретінде ақпаратты іздеу дағдысын атап көрсеткен респонденттердің оң тренді анықталды (49,8%). Сонымен қатар жаңа бағдарламалар орнату және басқаларға компьютермен жұмыс істеуге көмектесу сияқты техникалық дағдылар мектеп оқушыларына әлі де қиындықтар тудыруда (86-сурет).



Дереккөз: Зерттеудің деректер қоры

86-сурет

Сондай-ақ, ҚР БҒМ қашықтықтан оқытудың ұсынылған ресурстарынан «Балапан» және «Еларна» телеарналарында көрсетілетін TV-сабақтарды білім алушылардың 60%-дан астамы пайдаланатыны анықталды. ШЖМ білім алушылары үшін телесабақтар арқылы оқу қолайлы болды.

Bilimland.kz онлайн платформасының мүмкіндіктерін респонденттердің 36,2% пайдаланды және бұл жерде ауылдық және қалалық білім алушылардың жауаптарында айтарлықтай айырмашылықтар жоқ екенін атап өткен жөн.

Бұл ретте оқыту тілдері бөлінісінде білім беру ресурстарын пайдалану көрсеткіштерінде аздаған айырмашылық байқалды. Орыс тілінде оқытатын мектептердің оқушылары Bilimland.kz және Orig.kz білім беру ресурстарын көбірек пайдаланады. Ал қазақ тілінде оқытын оқушылар TV-сабақтарды жиі қолданады.

Мониторингілік зерттеу нәтижелері бойынша қашықтықтан оқыту нысанына көшудің мынадай *оң аспектілері* анықталды:

- тапсырмаларды орындау үшін қажетті қарқын мен қолайлы форматты таңдау кезінде білім алушыларға еркіндік беру (білім алушылар сабақтың жазбасын бірнеше рет тыңдай алды, тапсырмаларды орындауға бар ынтасын салды, ойын бөлді және т.б.). Бұл артықшылық, әсіресе пәндерді шетел тілінде оқытын білім алушылар үшін пайдалы, өйткені олардың тыңдалым дағдысын дамытуға (қажет болған жағдайда қайта тыңдауға) және сол арқылы шетел тілінде сөйлеуді қабылдауды жақсартуға мүмкіндігі бар;

- кәсіби өмірде және шығармашылық әуестенуде қажет болатын жауапкершілік, өзін-өзі тәрбиелеу және өзін-өзі бақылау сияқты білім алушылардың жеке қасиеттерін дамыту (қашықтықтан білім ала отырып, олар неғұрлым жауапты болғанын көрсеткен білім алушылардың үлесі 12,1%-ды құрады; респонденттің 3,3%-ы жеке оқудың жайлылығын атап өтті);

- білім алушылардың оқуға қызығушылығы мен ынтасын арттыру (респонденттердің 24,1%-ы қашықтықтан оқыту форматында сабақтар қызықты өтеді деп жауап берді). Оқытуда цифрлық технологияларды қолдану білім алушыларды оқу процесіне белсенді тартуға ықпал етеді. Қашықтықтан оқыту форматында бұл көрсеткіш қалалық оқушылармен салыстырғанда ауылдық оқушыларда жоғары, сондай-ақ ШЖМ білім алушыларына да тән;

- цифрлық кеңістікте жұмыс істеу үшін қажет дағдыларды дамыту (мысалы, интернеттен ақпарат іздеу және т.б.). Осыған байланысты шынайы ақпаратты іздеудің маңыздылығын атап өту қажет, өйткені білім алушы нақты емес немесе дұрыс емес (жалған) ақпаратты алуы мүмкін. Әсіресе, мұндай жағдай ағылшын тіліндегі ақпаратты іздеу кезінде туындауы мүмкін, өйткені интернет кеңістігінде басқа тілдермен салыстырғанда ағылшын тіліндегі ақпараттың үлесі әлдеқайда көп, сәйкесінше ағылшын тіліндегі жалған деректердің үлесі де жоғары болады;

- оқулықтар мен ОӘК-ден басқа оқыту ресурстарын пайдалану мүмкіндігі (білім алушылардың 15,5%-ы бұл мүмкіндікті оң құбылыс деп атап өтті).

Мониторинг қорытындысы бойынша қашықтықтан оқытудың *теріс аспектілері* де анықталды:

- білім алушыларда әлеуметтік қарым-қатынастың болмауы. Білім алушылардың дамуы үшін қажетті тыңдау және есту, топта жұмыс істеу немесе топтық жұмысты басқару сияқты маңызды дағдыларды игеру арқылы жеке тұлға қалыптасатын орта өте маңызды. Әлеуметтік қарым-қатынастың болмауы мектеп оқушыларының дербестігі мен жинақылығының, ойын жинақтау қабілетінің, басқа адамдардың шамадан тыс назары мен қамқорлығын және олардың тарапынан жасалатын бақылауды жеңу деңгейінің төмендеуіне әкелуі мүмкін;

- қашықтықтан оқыту үшін тиісті жағдайдың жасалмауы немесе оның төмен деңгейлі болуы (респонденттердің 60%-дан астамы қашықтықтан оқуды ыңғайлы деп жауап берді, респонденттердің 20%-дан астамы салыстырмалы дәрежеде кейбір қолайсыздықтар болғанын және 10%-дан астамы тиісті жағдайдың жасалмады деп жауап берді). Жоғарыда айтылғандай, үйде оқыту үшін жайлы орта (жеке жұмыс орны) құру қашықтықтан оқытудың маңызды аспектісі болып табылады, тиісті жағдайдың жасалмауы мотивацияның және жалпы оқуға деген құлшыныстың жоғалуына әкелуі мүмкін;

- ата-аналар мен оқытушылар ұжымы тарапынан бақылаудың болмауы немесе қашықтықтан оқытуды ұйымдастыру барысында туындаған мәселелердің толық шешілмеуі. Зерттеу нәтижелері білім алушылардың көпшілігі компьютердің алдында күніне 3 сағаттан артық уақыт өткізбегенін көрсетті. Компьютер алдында 4 сағаттан артық уақыт өткізетін білім алушылардың үлесі ауылдық жерлердің білім алушыларына қарағанда қалалық білім алушылар арасында жоғары. Бұл көрсеткіш қалалық жерлерде шектеу шараларының (карантиннің) қатаң режимін (локдаун) сақтаумен байланысты;

- әр түрлі тапсырмаларды орындау үшін қажетті қарқын мен қолайлы форматты таңдау кезінде білім алушыларға еркіндік беру. Бұл аспектіні оң жағынан да, теріс жағынан да қарастыруға болады. Бұл уақыт шектеуі болмағанда кейбір білім алушылардың тапсырмаларды орындау кезінде уақытты бақылау қабілетінен, оқу уақытын жоспарлау қабілетінен айырылуы қаупімен байланысты;

- білім алушылардың жаңа оқу материалын игеруі (респонденттердің 12%-ы жаңа, күрделі материалды игеруде қиындықтар бар екенін көрсетті). Қашықтықтан оқытуға көшу кезінде бұл аспект, әсіресе пәндерді ағылшын тілінде оқытын білім алушылар үшін күтілетін нәтижелер қатарында болды. Шетел тілінде тікелей байланыста болған кезде білім алушылар сабақтың мазмұнын, талқыланатын материалды, терминнің мағынасын немесе сөздердің мағынасын мұғалімнің қимылдары мен интонациясынан болжауға мүмкіндіктері бар. Бұл өз кезегінде тілдік ортаға енуге және сөйлеуде ана тіліне аудармай-ақ, сөздердің мағынасын түсінуге көмектеседі. Қашықтықтан оқыту форматына ауысуға байланысты көптеген білім алушылар бейне сабақтарды жүкте алып (қажет болған жағдайда бірнеше рет), тыңдаған, ал бұл өз кезегінде тапсырмаларды орындауға кететін уақыттың ұлғаюына әкелуі мүмкін;

- білім алушылардың денсаулығына әсері (респонденттердің 41%-ы көру қабілетіне салмақ түсетінін және 25%-ы күн тәртібінің бұзылуын көрсетті);

- интернетке қосылудың немесе жалпы байланыстың болмауы (білім алушылардың 32%-ы бұл тармақты қашықтықтан оқытудағы басты қиындық ретінде көрсетті).

Зерттеу нәтижесінде оқушылардың 80%-дан астамы қашықтықтан оқыту кезінде смартфондарды қолданатыны анықталды. Бұған әртүрлі факторлар әсер етуі мүмкін: қаржылық компонент немесе смартфондарды пайдалану ыңғайлылығы. Оқытудың онлайн-платформаларын жасау кезінде әзірлеушілер бұл көрсеткішті ескеруі керек, өйткені қашықтықтан оқытуға арналған платформалар әртүрлі құрылғыларды пайдалану үшін бейімделуі керек.

Мониторингілік зерттеу сондай-ақ білім алушылардың қандай мүмкіндіктер арқылы ең көп білім алғанын көрсетті:

- мектеп оқулығын пайдалану – 66,9%;
- пән мұғалімімен онлайн байланыс (бейнеконференция) арқылы байланысу – 10,7%;
- YouTube және басқа да электрондық ресурстарды пайдалану – 9,8%;
- электрондық оқулықтарды пайдалану – 9,2%;
- TV-сабақтарлы көру – 3,5%.

Осы көрсеткіштерге сүйене отырып, қашықтықтан оқыту формасына қарамастан оқулықтар арқылы оқыту басым екенін анықтауға болады.

Қашықтықтан оқыту кезінде білім алушылардың, педагогтердің және ата-аналардың психоэмоционалдық жағдайын анықтау мониторингілік зерттеудің негізгі аспектілерінің бірі болып белгіленген. Қашықтықтан оқыту кезінде білім беру процесінің барлық қатысушылары короновирустық инфекцияның пандемиясына байланысты оқшауланғанын, яғни көптеген жағдайларда ата-аналар мен білім алушылардың бір жерде болғанын ескерген жөн.

Уақытша шектеу шараларына байланысты білім беру процесінің барлық қатысушыларының психоэмоционалды жағдайы туралы мәселе көтерілді, өйткені бөлмедегі ішкі атмосфера материалдың меңгерілуіне, кері байланысты ұсынуға / жауап беруге, оқуға деген ынтаға және жалпы оқу процесіне біршама әсер етеді.

Мониторингілік зерттеу нәтижелеріне сәйкес, қашықтықтан оқытуға бейімделу процесі білім алушылардың 47,6%-ы үшін «оңай», білім алушылардың 32%-ы үшін «қиын», респонденттердің 20,4%-ы үшін «өте қиын» (10,2%) немесе «өте оңай» (10,2%) болып тең мөлшерде өтті. Нәтижелер білім алушыларда қашықтықтан оқыту немесе оған бейімделу әлдеқайда оңай өткенін көрсетеді. Бұл ретте білім алушылардың 9,6%-ы ата-аналарынан интернетке қосылуға байланысты мәселелер бойынша, ал 20,7%-ы жаңа материалды игеруге немесе тапсырмаларды орындауға байланысты оқыту мәселелері бойынша көмек сұраған. Мониторингілік зерттеу қашықтықтан оқытуға көшу кезінде білім алушылардың көпшілігі тапсырмаларды мұғалімдердің немесе оқу процесіне басқа қатысушылардың көмегінсіз дербес орындады деген гипотезаны дәлелдеді. Білім алушылардың 43,3%-ы интернетке өз бетінше қосылатындарын, тапсырмаға немесе жаңа тақырыпқа байланысты қосымша ақпаратты өздері іздейтіндерін және бұл ретте оқуда ерекше қиындықтар болмайтындығын атап өтті. Ал респонденттердің 26,5%-ы ерекше

қиын жағдайларда ғана ата-аналарына өтініш білдіретіндерін атап өтті (Орта білім беруде қашықтықтан оқыту бойынша мониторинг нәтижелері. I бөлім. Білім алушылар. Ы. Алтынсарин атындағы ұлттық білім академиясы. Нұр-Сұлтан, 2020).

Мониторингілік зерттеу нәтижелері педагогтердің 80%-ы дәстүрлі (күндізгі) оқыту форматына оралғысы келетінін көрсетті (Орта білім беруде қашықтықтан оқыту бойынша мониторинг нәтижелері. II бөлім. Педагогтер. Ы.Алтынсарин атындағы ұлттық білім академиясы. Нұр-Сұлтан, 2020). Бұл ең алдымен оқу сапасына байланысты. Білім алушылардың көбі қашықтықтан оқыту формасына тез бейімделгеніне қарамастан, дәстүрлі емес форматта оқыған кездегі білім сапасына байланысты көптеген сұрақтар туындайды. Қашықтықтан оқыту форматының нәтижелері толығымен зерттелмегендіктен, алдыңғы оқу жылына қарағанда білім сапасы бірнеше пайызға төмендегенін болжауға болады. Мониторинг нәтижелері көрсеткендей, көп жағдайда ауылдық жерлерде білім алушылар интернетке қол жеткізе алмаған немесе қашықтықтан оқыту кезінде мұғалімдермен байланыса алмаған. Аталған проблемалар қала мен ауыл мектептері арасындағы білім беру сапасындағы алшақтықты арттыруы мүмкін.

Қашықтықтан оқыту кезінде мұғалімдер үшін жедел шешуді талап ететін тағы бір мәселе мектеп бағдарламасын оңтайландыру болды. ҚР Білім және ғылым министрлігі білім алушыларды шамадан тыс жүктемеуге кеңес берілді. Қашықтықтан оқыту режимінде сабақ уақыты қысқартылғандықтан, педагогтерге қашықтықтан оқыту үшін күнтізбелік-тақырыптық жоспарлар мен үлгілік оқу бағдарламаларын оңтайландыру мақсатында оларды қайта қарауға тура келді.

Қашықтықтан оқыту кезінде оқылған материалды білім алушылардың игеруі туралы өзекті мәселе көтерілді. Мониторинг нәтижесіне сәйкес, ата-аналардың 47%-ы қашықтықтан оқыту кезінде балалар оқу материалын толық игереді деп санайды, ал ата-аналардың 48%-ы «ішінара меңгереді» деген жауапты таңдаған, респонденттердің тек 5%-ы «меңгермейді» деген жауапты таңдады. (Орта білім беруде қашықтықтан оқыту бойынша мониторинг нәтижелері. III бөлім. Ата-аналар. Ы. Алтынсарин атындағы ұлттық білім академиясы. Нұр-Сұлтан, 2020)

Сондай-ақ, ҚР БҒМ тарапынан түскен барлық ұсынымдарға қарамастан, қашықтықтан оқыту кезінде мұғалімдердің жұмыс көлемі ұлғайғая түскенін атап өту қажет. Дәстүрлі оқыту түрінде мұғалімдер оқу процесінде бір уақытта бірнеше білім алушымен (жұптық, топтық, жобалық жұмыс) жұмыс істей алды, ал қашықтықтан оқыту кезінде олар әр оқушымен жеке жұмыс істеуге мәжбүр болды. Білім алушылармен сараланған және жеке жұмыстар, әрине, құпталады, бірақ егер бір сыныпта кемінде 20 оқушы болып, ал бір параллельде бірнеше сынып (әсіресе қалалық мектептерде) болса, онда мұғалімнің күнделікті жұмысының көлемі бірнеше есе артады. Ата-аналардың көпшілігі қашықтықтан оқыту кезінде мұғалімдердің жұмысына оң баға берілгенін (ата-аналардың 80%-дан астамы) айта кету керек.

Егер қашықтықтан оқытуға көшудің жағымсыз аспектілері ретінде мұғалімдер қашықтықтан оқыту форматында жұмысты ұйымдастыру бойынша әдістемелік қолдаудың жетіспейтіндігі, білім алушыларда білім беру сапасының ықтимал төмендеуін, оқу бағдарламасын оңтайландыру проблемаларын, сондай-ақ жұмыс көлемінің ұлғаюын атап өтсе, ал оң аспектілері ретінде білім алушылар тарапынан белсенділіктің артуы, мотивацияның артуы, оқуға деген қызығушылықтың байқалуы аталды. Бұл фактіні ата-аналардың сауалнамасының нәтижелері де растады, оған сәйкес барлық сұралғандардың 59%-ы оң жауап берді, оның ішінде ата-аналардың 31%-ы «иә» деп оң жауап берді.

Мониторингтің жоғарыда аталған барлық нәтижелерін ескере отырып, қашықтықтан оқыту нысанына көшу осы салада қосымша зерттеулер жүргізуді талап ететінін атап өткен жөн.

Сондай-ақ, Қазақстан Республикасындағы орта білім беру жүйесін қашықтықтан оқытуға көшіру проблемаларын анықтау мақсатында «PaperLab» орталығы зерттеу жүргізді, оның нәтижелерімен «Қазақстандағы қашықтықтан білім беру мұғалімдер мен сарапшылардың көзімен: қиындықтар мен мүмкіндіктер» тақырыбындағы жұмыстан танысуға болады (Авторлары: Камила Ковязина, Махаббат Боранбай, Серік Бейсембаев. Жоба Сорос-Қазақстан қорының қаржылық қолдауымен жүзеге асырылды).

Жүргізілген зерттеу нәтижелеріне сәйкес қашықтықтан оқытуға көшудің негізгі проблемалары білім алушылар мен мұғалімдерді техникалық құралдармен және байланыс құралдарымен (компьютерлер, смартфондар, планшеттер) жарақтандыру болып табылады. Техникалық байланыс және интернет құралдарымен жарақтандырудың жетіспеушілігі ауылдық жерлерде және халықтың әлеуметтік осал топтарында ерекше байқалады. Көптеген білім беру платформалары немесе берілген балама оқыту ресурстары әртүрлі жағдайларға бейімделмеген, нәтижесінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылар зардап шекті.

Педагогтерді қашықтықтан оқыту әдістемесіне оқыту туралы мәселе де көтерілуде, өйткені оқытудың осы формасына күрт көшу кезінде көптеген мұғалімдер қашықтықтан оқытуға дайын болмады және оларға көптеген техникалық құралдарды, ЦБР (цифрлық білім беру ресурстарын) өздігінен игеруге, оқыту әдістемелерін және онлайн немесе офлайн оқыту режимінде жұмыс істеуге тура келді.

2020-2021 оқу жылынан бастап қашықтықтан оқыту нысанына қарамастан, мұғалімдер ЖМБ пәндерін 10-11 сыныптарда ғана емес, негізгі орта білім беру деңгейінің 8-сыныбынан бастап тұрақты компонентте ағылшын тілінде оқытатынын атап өткен жөн

Коронавирустық инфекцияның таралуына байланысты орта білім беру ұйымдары ауысқан қашықтықтан оқыту нысанына қарамастан, «Физика», «Химия», «Биология» және «Информатика» пәндері ағылшын тілінде оқытылатын мектептер саны оңтайлы өсуді көрсетіп отырғанын атап өткен жөн.

Жекелеген оқу пәндері бойынша статистикалық деректер ағылшын тілінде оқытылатын жаратылыстану-математикалық бағыттағы төрт оқу пәнінің біркелкі қамтылғанын көрсетеді (87-сурет):

- «Физика» оқу пәнін ағылшын тілінде оқытатын мектептер саны 4 040 мектепті (58%-ды) құрайды, оның ішінде толық кіріктіре оқыту режимінде – 573 (14%) мектеп, ішінара кіріктіре оқыту режимінде – 3 611 мектеп;

- «Химия» оқу пәнін ағылшын тілінде оқытатын мектептер саны 3 342 құрайды, оның ішінде 480 мектепте – толық кіріктіре оқыту режимінде, 2 715 мектепте – ішінара кіріктіре оқыту режимінде;

- «Биология» оқу пәні 4 366 мектепте ағылшын тілінде, оның ішінде 620 мектеп толық кіріктіре оқытылады, 3 746 мектеп ішінара кіріктіре оқытылады;

- «Информатика» оқу пәні ағылшын тілінде 4 366 орта білім беру ұйымдарында оқытылады, бұл ретте аталған пән 563 мектепте толық, 3 803 мектепте ішінара оқытылады.

ЖМБ оқу пәндерін ағылшын тілінде оқытуға көшу үшін сыныптарды таңдау оқушылардың тілдік құзыреттіліктерін диагностикалау негізінде анықталды, оны директордың оқу ісі жөніндегі орынбасарлары ағылшын тілі мұғалімдерімен және пән мұғалімдерімен бірлесіп жүргізді. Диагностика нәтижелері бойынша ЖМБ пәндерін ағылшын тілінде оқу кезінде кіріктіре оқыту режимі де анықталады. (Ұлт жоспарының 79-қадамын іске асыру бойынша талдамалық анықтама. Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының үштілді білім беру орталығының жыл сайынғы мониторингінен алынған статистикалық мәліметтер).



87-сурет

Қашықтықтан оқыту нысанына көшудің әртүрлі аспектілерін, барлық кемшіліктері мен артықшылықтарын ескере отырып, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі білім беру ұйымдарына қашықтықтан оқытуды ұсыну бойынша талаптар мен қашықтықтан оқыту бойынша оқу үдерісін ұйымдастыру қағидаларын, сондай-ақ шектеу шаралары кезеңінде орта білім беру ұйымдарында оқу үдерісін ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдарды әзірледі (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің

2020 жылғы 13 тамыздағы № 345 «Коронавирустық инфекцияның таралуына байланысты шектеу шаралары кезеңінде білім беру ұйымдарында оқу үдерісін жүзеге асыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды бекіту туралы» бұйрығы (14.01.2021 ж. жағдай бойынша өзгерістермен).

Әдістемелік ұсынымдарға сәйкес, оқыту форматы (дәстүрлі, аралас, қашықтан) аймақта коронавирустық инфекцияның таралуына байланысты анықталады. Осыған байланысты Қазақстан мектептері ЮНЕСКО мәліметтері бойынша ішінара ашық мектептер тізіміне енді. Төменде 88-суретте коронавирустық инфекцияның таралу қаупіне байланысты орта білім беру ұйымдарының жабылуы туралы жаһандық мониторинг берілген.

ЮНЕСКО ұсынған мәліметтерге сәйкес, бүгінгі таңда әлемдегі көптеген мектептер ішінара немесе толығымен ашық. Unesco.org сайтында COVID-19 таралу қаупі пайда болғаннан бастап (2020 жылғы 16 ақпанын) мектептердің жабылуы немесе қайта ашылуы туралы өзгерістерді көруге болады.

Сондай-ақ, сайтта коронавирустық инфекция қаупіне байланысты мектептерді жаппай жабу кезінде әлемнің әртүрлі елдері ұсынған ұлттық білім беру платформалары мен ресурстарын көруге болады. Қашықтықтан оқыту кезінде ата-аналарды, мұғалімдерді, мектептің әкімшілік қызметкерлерін және әдіскерлерді қолдауға арналған ресурстарға қосымша сілтемелер берілген. Бұл ресурстардың көбі ағылшын тілінде, бірақ көбінің басқа тілдерге аудармалары бар. Ресурстардың мазмұны санаттар бойынша ақпаратты табуға болатын оқыту форматына бағытталған, мысалы, психологиялық қолдау (ДДҰ ұсынымдары), қашықтықтан оқыту процесін ұйымдастыру және басқару (менеджмент), онлайн/офлайн режимінде қашықтықтан оқыту және қашықтықтан оқытуды ұйымдастыруға арналған қосымша ресурстар (<https://en.unesco.org/covid19>).



88-сурет

(<https://ru.unesco.org/covid19/educationresponse>-26.03.2021ж. жағдай)

Қашықтан оқыту технологиясы – оқу үрдісі кезінде оқып үйренушілер мен оқытушылар арасында интерактивті өзара іс-әрекетте оқытылып,

материалдың негізгі көлемін оқып үйренушілерге жеткізуді қамтамасыз ететін, оқылған материалдарды меңгеру бойынша, сонымен бірге оқу үрдісі барысындағы оқып үйренушілердің өз бетімен жұмыс істеуіне мүмкіндік беретін ақпараттық технология.

Қашықтан оқыту – компьютерлік және телекоммуникациялық технологияларға негізделген оқытудың құралдары мен түрлері, білім беру үрдісінде үздік дәстүрлі және инновациялық әдістер қолданылатын, күндізгі және сырттай білім алу ретінде білімді қабылдау түрі болып табылады. Қашықтан оқыту кезіндегі білім беру үрдісінің негізін жеке кесте бойынша өзіне ыңғайлы жерде оқуға мүмкіндігі болатын, оқытудың арнайы құралдары жиынтығы өзінде бола отырып, электронды және қарапайым пошта, телефон арқылы оқытушылармен келісілген байланыс жасауына, сонымен қатар, күндізгі бөлімде де мүмкіндігі болатын, оқып үйренушінің мақсатқа бағытталған және бақыланатын қарқынды өзіндік жұмысы құрайды.

Қашықтан оқыту білім жүйесі жоқшылыққа, географиялық немесе уақытша оқшаулануға қатысты себептермен, әлеуметтік қорғаны жоқ және дене бітімі жетілмеуіне байланысты білім мекемелеріне бару мүмкіндігі жоқ немесе өндірістік және жеке жұмыстары болу себебінен, ешкімнің оқуға мүмкіндігін шектеуге болмайды деген гуманистік қағидаларға жауап береді.

Қашықтан білім беру – жаңа ақпараттық технологиялар мен мультимедиялық жүйелер негізінде күндізгі, күндізгі-сырттай, кешкі және сырттай оқытудың элементтері үйлестірілген ерекше, жетілген түрі.

Қазіргі замандағы телекоммуникациялық және электронды басылымдар дәстүрлі оқыту түрінің барлық құндылықтарын сақтай отырып, кемшіліктерін жеңіп шығуға мүмкіндік береді.

Мектеп оқушыларының көбі мектептен бос уақытын интернет желісінде өткізетіні ешкімге құпия емес. Виртуалды өмір балаларымыздың шындығына айналып бара жатқаны белгілі. Бірнеше жыл бұрын интернет тек әлеуметтік желілер арқылы байланыс жасау деген түсінікті білдірсе, бүгінгі күнде балаларымыз желі арқылы білім алу мүмкіндіктеріне көбірек қызығушылық таныта бастады. Мұғалімдер цифрлық әлемде туылған» оқушыларына тәлімгер болуы керек. Бұл революция емес, кітапты басып шығаруды ойлап табумен салыстыруға болатын қажеттілік.

«Цифрлық әлемде туылған баланы» үйренген табиғи ортасыз оқу үдерісіне тарту барған сайын күрделене түсуде. Сол себепті заманауи цифрлық білім беру ортасын дамыту өте өзекті болып отыр. Мектепте цифрлық технологияның уақыты туып отыр. Біз тек өз пәніміз бойынша білім беріп қана қоймай, балаларды өзгермелі әлемде өмір сүруге, техникалық және әлеуметтік жаңалықтар туралы ойлауға үйретуіміз керек. Осындай жаңашылдықтардың бірі білім беру үдерісінде цифрлық құралдарды (білім беру платформаларын, қызметтер мен қосымшаларды) пайдалану болып табылады.

Цифрлық білім беру ортасы балалардың оқу дербестігі мен жауапкершілігін дамытуға көмектеседі, оқушыларға өнімді іс-әрекеттің әртүрлі құралдарын ұсынады. Ақпараттың үлкен көлемі арасында өз бетінше білім мен бағдар алу мүмкіндігі – бұл қазіргі жұмыс берушілердің

қызметкерлерден талап ететін қасиет. Электронды білім беру контенті бүгінгі оқушыларға ертеңгі күні еңбек нарығында сұранысқа ие болуға мүмкіндігін береді.

Ақпараттық-білім беру ортасында сабақтар өз ерекшеліктеріне ие болады: сабақтағы мұғалімнің ұстанымы өзгереді, оқу үдерісі дараланады, осыған байланысты білім алушылардың танымдық белсенділігі, бір білім беру ұйымынан тыс танымдық іс-әрекеттің әртүрлі формаларын біріктіру мүмкіндігі белсендіріледі. Педагогтерден АКТ-ны жоғары деңгейде меңгеріп, осы бағытта тұрақты түрде жетілу талап етіледі. Заманауи білім берудің негізгі трендтерінің бірі желілік белсенділік, әлеуметтік желілерді білім беру ресурстары ретінде пайдалану және қашықтықтан сабақ, тренинг өткізу болып табылады. Желілік технологияларды пайдаланатын цифрлық білім берудің тән ерекшеліктері икемділік, ұтқырлық, технологиялылық, диалогтік және интерактивтілік, медиа ағындарды қабылдау үшін бағдарлау болып табылады. Соңғы уақытта білім беруде көп нәрсе өзгеріп отыр. Сабақтың құрылымы мен мазмұны да өзгеруде. Ең бастысы, қазіргі уақытта оқытудың негізгі мақсаты оқушының белгілі бір білім, білік, дағдыларды жинақтауы ғана емес, сонымен қатар білім алушыны «білім беру қызметінің дербес субъектісі ретінде» дайындау болып табылады.

Мұғалім оқу үдерісін жасырын басқарып, білім алушыларды шабыттандырушыға айналуы тиіс. *Уильям Уордтың: «Орта деңгейдегі мұғалім айтып қана қояды. Жақсы мұғалім түсіндіреді. Көрнекті мұғалім көрсетеді. Ұлы ұстаз шабыттандырады» деген сөздері қазір өзекті болып отыр.*

20-30 жыл бұрын жаңа білім алғысы келген адам оқу орындарына, кітапханаларға үнемі баруға мәжбүр болды. Ал бүгін оқыту үшін бізге интернетке қолжетімділігі бар компьютер қажет.

Бүгін, біз қаласақ та, қаламасақ та, қашықтықтан оқыту танымал бола бастады.

Қашықтықтан оқыту – мұғалім мен оқушылардың арасындағы оқу үдерісіне тән барлық компоненттерді (мақсаттарды, мазмұнды, әдістерді, ұйымдастырушылық нысандарды) көрсететін және интернет-технологиялардың ерекше құралдарымен немесе интерактивтілікті көздейтін басқа да құралдармен іске асырылатын өзара іс-қимылы.

Қашықтықтан оқыту ақпараттық-телекоммуникациялық желінің көмегімен жүргізіледі, ол арқылы оқушылар мен мұғалімдер бір-бірімен өзара іс-қимыл жасайды. Қашықтықтан оқыту – мұғалім мен білім алушылар арасындағы қашықтықта оқытуды жүзеге асыруға мүмкіндік беретін заманауи ақпараттық және телекоммуникациялық технологияларды пайдалануға негізделген оқыту үдерісін ұйымдастыру тәсілі. Қашықтықтан оқыту технологиясының мәні – бұл оқыту және материалдың меңгерілуін бақылау интернет компьютерлік желісі арқылы жүзеге асырылуында. Қашықтықтан білім беру технологияларын оқыту жүйесіне енгізу мақсаты тұрғылықты жеріне, әлеуметтік және денсаулық жағдайына, т.б. қарамастан білім алушылардың сапалы білімге қолжеткізуін қамтамасыз ету болып табылады.

Қашықтан оқытудың ерекшеліктері классикалықпен қатар салыстыру бойынша мынандай жетістіктерге ие:

- Жеке адамның үздіксіз әлеуметтену мүмкіндігі;
- Икемділік (оқытудың уақыты, орны, көлемі және қимылы бойынша);
- Жеке оқу жоспарын қолдану мүмкіндігі;
- Оқу ақпаратына қол жеткізу, оны жедел жаңарту;
- Экономикалық (оқу алаңы, транспорты, техникалық құралдардың шығынын қысқарту есебінен);
- Жаңа технологияларды қолдану;
- Оқып үйренушілердің әлеуметтік құқығының теңдігі (олардың тұратын жерлері мен денсаулық жағдайына қарамастан);
- Барлық елдегі ақпараттық – оқыту ресурстарының шығысы мен кірісі;
- Материалдарды көбейту мәселелерінің жоқтығы, оларды тарату ыңғайлылығы;
- Оқып үйренушілердің өз-өзіне бақылау жасауын қамтамасыз ету.

Ақпараттық технологиялармен оқытудың айрықша тиімділігі, қашықтықтан оқыту үрдісін автоматтандыру үшін, барлық қажетті компоненттерді шоғырландырушы қашықтан оқытудың арнайы ақпараттық жүйесі бағдарламаларын қолдану болып табылады.

Кез келген қашықтан оқыту жүйесіне қажетті, аса маңызды сипаттары:

- *Құрылымының ашықтығы.* Жүйе ашық жүйе үрдісіне сәйкес құрылуы тиіс.
- *Сәйкестілігі.* Ақпараттық ресурстарды сақтау форматы сәйкес келуі тиіс. Халықаралық стандартты қолдану керек.
- *Кеңейгіштігі.* Жүйенің құрылымы модульді болуы керек және жүйенің функционалды компоненттерін өсіруге мүмкіндік беру.
- *Жан-жақтылығы.* Жүйе көп функциялы және қолданыста жан-жақты болуы керек.
- *Сенімділігі.* Ақпараттар ресурстарын сақтау сенімді болуы керек. Мүмкін болатын қауіптер әсерінен ақпараттар жоғалмауы тиіс.
- *Үлестірімділігі.* Жүйе әр түрлі желі конфигурациясы жұмысына бағытталуы керек (әртүрлі жедел жүйелерді басқаруға негізделген Интранет, Интернет) және үлестірілген ақпараттық ресурстарды сақтауды қолдауы керек.
- *Масштабталуы.* Әр түрлі конфигурация жұмысы үшін жүйенің құрылымы масштаб жүйесін өзгерте алуы тиіс.
- *Қолданушының ортақ интерфейсі.* Қолданушының интерфейсі қарапайым, түсінікті болуы тиіс.
- *Өңдеудің қарапайымдылығы.* Өңдеу жылдам және тиімді болуы тиіс.
- *Тасымалдануы.* Жүйе әртүрлі аппараттық – бағдарламалы тұғырнамада жұмыс істеуі қажет.
- *Жүзеге асыруды орындау тәуелсіздігі.* Жүйені ақпараттық толықтыру оны нақты жүзеге асырудан тәуелді болмауы тиіс.
- *Қауіпсіздігі.* Ақпараттық ресурстарды сақтау қауіпсіз болуы тиіс.

- *Басқару қарапайымдылығы.* Интерфейс басшысы жеткізерліктей, қарапайым және ыңғайлы болуы тиіс.

- *Көпмәнділігі.* Жүйе бірнеше қолданушылардың сұранысын қатар өңдеу керек.

- *Жұмыстың тиімділігі.* Жүйенің құрылымы оның аталуын (аты-жөнін) әдеттегі аппараттық-бағдарламалы тұғырнамасында есінде тұту керек.

Жүйенің кеңінен дамуы үздіксіз оқыту мен ақпараттық ортада жеке тұлғаны әлеуметтендіру табысын қажетті мүмкіндіктермен қамтамасыз етеді.

Қашықтан оқыту жүйесін құру қағидалары:

1. Оқытудың адамгершілік қағидасы.

Оның ішкі мазмұны оқытуға үндейтін және әлеуметтік жинақталған тәжірибені оқып үйренушілердің меңгеруі үшін жоғары қолайлы шарттарды туғызып, білім беру үрдісіндегі бүтіндей адамға бағытталады.

2. ҚО жүйесінде білім беру үрдісін жобалау кезінде педагогикалық көзқарастың басымдылығының қағидасы.

Бұл аталған қағиданың мәнісі, ҚОЖ-ін жүзеге асыруға болатын көріністердің дидактикалық үлгілерін құрайтын теориялық тұжырымдамаларды талдаудан бастау қажет екендігінен тұрады.

3. Педагогикалық мақсатқа лайықты жаңа ақпараттық технологияларды қолдану қағидалары.

Ол жобалаудың әрбір қадамының тиімділігіне және ҚОЖ жасауға педагогикалық баға беруді талап етеді. Сондықтан да, ең бірінші жоспарға техниканы енгізуді емес, білім беруге қызмет ететін және оқу курстарының сәйкес мазмұнды толықтыруларын қою қажет.

4. Білім беру мазмұнын таңдау қағидалары.

ҚО жүйесінің білім мазмұны ҚР-ның Мемлекеттік білім беру стандартымен сәйкес келуі тиіс.

5. ҚОЖ-де таралатын ақпараттардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету қағидалары.

Ұйымдастырушылық және техникалық тәсілдердің қажеттілігі жағдайында керекті мәліметтерді қауіпсіз және құпиялы сақтауды, қолдану мен беруді қарастыру, оның қауіпсіздігін сақтау, беру мен қолдану кезінде қамтамасыз ету қажет.

6. Білім беру деңгейінің бастапқы қағидасы.

ҚОЖ-де тиімді оқыту білім, білік, дағдыларының нақты жиынтығын талап етеді. Мысалы, оқуға, кандидаттың нәтижелі оқуы үшін, өзіндік оқу еңбегінің ғылыми негіздерімен таныс болуы керек, компьютермен және т.б.жұмыс жасай алатын нақты дағдыларына ие болуы тиіс.

7. Оқыту технологиясының сәйкестендіру қағидалары.

Оқыту технологиясы Қашықтан оқыту үлгілерімен сәйкес болуы қажет. Сонымен, дәстүрлі пәндік үлгіде оқытуда ұйымдастыру түрін оқыту ретінде дәрістер, семинар және практикалық сабақтарда, боямалы немесе іскерлік ойындар, зертханалық сабақтар, өзіндік жұмыстар, өндірістік тәжірибелер, курстық және дипломдық жұмыстар, білімдерінің меңгерілуін бақылау қолданылады. болу керек, ҚО жүйесі қалыптасу барысында, қажет

жағдайда оған қосуға болатын жаңа үлгілері пайда болуы мүмкін. Оқытудың ұйымдастырушы түрі қатарындағы осы үлгілерінде компьютерлік конференциялар, телеконференциялар, ақпараттық сеанстар, телеконсультациялар, жобалау жұмыстары және т.б. қолданылатын болады.

8. Оқытудың ұтымды қағидалары.

ҚО жүйесі жобасы қажетті әлеуметтік және экономикалық тиімділік шарты бойынша, егер Бұл білім алушының оқып жүрген оқу орнында сәйкес қызмет көрсетулер болмаған жағдайда, қажетті бағыттағы өзінің білім беру бағдарламасын түзетуге немесе толықтыруға ықпал ететін ақпараттық жүйелерді және қашықтан оқыту үшін берілген білім базалары мен банктерін құруда жасалады.

9. Білім берудің ҚО қолданылатын түрлеріне қайшы емес қағидалары.

Егер жасалған және енгізілген ақпараттық технологиялар жоғары білім берудің дәстүрлі жүйесінде бөтен емес элемент болып, яғни оған біріктірілетін табиғи бейнеде болса, ҚО жобасы қажетті әлеуметтік және экономикалық тиімділігін бере алады.

10. Білім берудің алдына шығу қағидалары.

Бұл оқытудың қағидасы өткен ұрпақтан қалып жинақталған ғылыми және мәдени мұраларын кейінгі буындарға жеткізу ғана емес, сонымен қатар, қазіргі ұрпақтың өзгеріп отыратын заманға тез бейімделіп, оның сана – сезімі мен дүниетанымын қалыптастыруға көмек жасау болады.

Қашықтан оқыту жүйесінің типтері:

Қашықтан оқыту типтерін бірнеше көзқарас төңірегінде көрсету мүмкін. ҚО тағайындау бағдарында білім берудің толық масштабтағы және сайланатын жүйесі деп бөлуге болады. Білім берудің толық масштабтағы жүйесінде оқу жоспарының толық орындалуын қамтамасыз етеді. Демек, мұндай жүйеде барлық жоспарланған пәндерді оқып үйрену үшін, құралдардың жеткілікті түрде(оқулықтар мен оқу құралдары, зертханалық ұсынымдамалар) бар болуы қажет.

Білім берудің сайланатын жүйесі деп аталған шартты жүйесі өнеркәсіп қызметкерлерінің біліктілігін жоғарлату үшін, қосымша (екінші) жоғарғы білім алу үшін, білім берудің қызмет көрсетулерін пайдаланатындарға жеке сауалдарын қанағаттандыру үшін бағытталады. ҚО жүйесінің әрбір типтерінен оқу үрдісін жабдықтау және ұйымдастырудағы ерекшеліктері қатарына қарамастан, орындалатын функциялар мен ұқсас тағайындауларының құрылымды компоненттерін көрсету керек.

ҚО жүйесінің құрылымына келесі кіреді:

- Оқыту мақсаты. Оқу мен оқытудағы дағдыларды білім алушылардың меңгеруі.

- Оқыту мазмұны. Әлеуметтік сұраныстың педагогикалық үлгісі. Оқыту үрдісі, әдістері мен ұйымдастыру түрлерінің жүзеге асырылуы оның мазмұнымен анықталады.

- Оқыту объектісі. ҚО білім беру қызметін пайдаланушылар білім алатын берілген түрінің объектісі болып табылады (студенттер, тыңдаушылар, оқушылар және т.б.). ҚО тыңдаушылары білім алудың дәстүрлі түрі

студенттерінен өзгешелігі, ерекше қайсарлық, білімге деген құштарлық, ұйымдастырушылық көрсетіп, өз бетімен жұмыс істей білу, компьютермен жұмыс істей білу және телекоммуникациялық айланыс құралдарымен дағдысы болу керек.

- Оқыту субъектісі. ҚО субъектісі оқытушылар болып табылады. Оқытушы- ҚО білім беру үрдісінің жоғары тиімділігін қамтамасыз ететін басты буын. ҚО оқытушысы іс-әрекетіне тән бірқатар ерекшелік тьютор терминін енгізу қажеттілігін туғызды. Ол-кеңес беруші-оқытушы, информатика және телекоммуникация іргетасы негізін білетін болу керек, оның білімділігі алдыңғы озық сипатта болу керек.

- Оқыту әдістері. ҚО түрі: ақпараттық – ереже жиынтығы, репродуктивті (дауыс күшейткішін реттеу), мәселелі мазмұндау, теориялық зерттеудегі логикалық тәсілдер мен ережелер жиынтығы мен зерттейтін 5 жалпы дидактикалық оқыту әдістерінен тұрады. Олар оқытушы мен білім алушылардың өзара іс-әрекеті педагогикалық актілерінің барлық жиынтығын қамтиды.

- Оқыту құралдары. ҚО білім беру үрдісінде оқытудың дәстүрлісі қалай қолданылса, компьютерлік техниканы және телекоммуникацияны, сонымен бірге білім беру технологиясы облысындағы соңғы жетістіктерін қолдануға негізделген инновациялық оқыту құралдары да солай қолданылады.

- Ғылыми – білім материалдық базасы. Оқу бағдарламасына сәйкес оқу үшін қажетті материалдық және техникалық құралдар жиынтығы. Олар оқу және оқу-көмекші бөлмелері; зертханалық қондырғылар, техникалық оқыту құралдары, оқулықтар, оқу құралдары және басқа да оқу - әдістемелік материалдардан тұрады.

- Идентификациялық бақылау жүргізу жүйесі. ҚО кіретін бақылаудың ерекшелігі абитуриенттің кәсіптік сапалары мен қабілеттерінің даму деңгейін бағалау, тиімді құралдар мен оқыту әдістерін тандайтындай, онымен сәйкес әлеуметтік психологиялық бейнесін құру болып табылады.

Қашықтан оқыту үлгілері:

Педагогикалық практикада танымал оқыту түрлері қалыптасқан. Олардың ішіндегі ең кең тарағандары: дәрістер, семинарлар, зертханалық жұмыстар, бақылау жұмыстары, емтихандар және т.б.

- *ҚО дәрістері*, дәстүрлі дәрісханалықтан айырмашылығы, оқытушымен бетпе-бет қатынасуды болғызбайды. Дегенмен, бірнеше артықшылық жақтары да бар. Дәрістерді жазу үшін аудио және бейне-кассеталар, CD-ROM дискілерді және т.б. қолданады. Жаңа ақпараттық технологияларды (гипермәтін, мультимедиа, ГИС-технологиясын және т.б.) қолдану дәрістерді көрнекі және мазмұнды түрде береді. Мұндай дәрістерді кез келген уақытта, кез келген қашықтықта оқуға болады.

- *ҚО семинарлары* оқу сабақтарының белсенді түрі болып табылады. ҚО семинарлары бейнеконференциялардың көмегімен жүргізіледі. Олар пікірталасқа оның дамуының кез келген жерінде кіруіне мүмкіндік береді және бұдан бұрынғы айтылған сөздерді оқып, бірнеше қадам артқа қайта оралады. Оқытушы материалдың менгерілуін пікірталасқа қатысушының белсенділік

дәрежесі бойынша бағалай алады. Білім алушылардың арасында өзара іс-әрекет ету саны артады, ал оқытушы тең құқылы әріптес ретінде көрінеді.

- *ҚО кеңестері* пәнді өз бетімен оқып үйренуде білім алушыларға жетекшілік жұмысын жасау және оларға көмек көрсету түрлерінің бірі болып табылады. Телефон және электронды пошта, сонымен бірге телеконференциялар қолданылады.

- *ҚО зертханалық жұмыстар* материалды тәжірибелік меңгерілуі үшін беріледі. Дәстүрлі білім беру жүйесінде зертханалық жұмыстар мынаны талап етеді: арнаулы жабдықтарды, макеттер, имитаторлар(бірдемені мүмкіндігінше дәл қайталайтын аспап), тренажерлар, химиялық реактивтер және т.б. ҚО жүйесінің келешекте мультимедиялық технологиялар, ГИС-технологиялар, имитациялық үлгілеулер және т.б. қолдану есебінен зертханалық практикумдарды жүргізу міндеттерін қысқартуға маңызды мүмкіндігі болады. Білім алушыларға қарапайым жағдайда көрсетуге өте күрделі немесе мүлде мүмкін емес құбылыстарды виртуалды шындық көрсететін мүмкіндігі бар.

- *ҚО бақылау* – бұл білім алушының оқу материалын теориялық және практикалық меңгеруі нәтижелерін тексеру. ҚО өзін дәлелдете білді және тестік бақылаудың лайықтылығын құптайды. Тест ережесі, пән бойынша кеңейтілген сұрақтар тізімін қамтиды, олардың әрбіреуіне бірнеше жауаптар нұсқасы ұсынылады. Білім алушы осы нұсқалардан дұрыс жауапты таңдауы керек.

Қашықтықтан оқытудың артықшылықтары.

Қашықтықтан оқыту:

- мұғалім мен білім алушылардың, мұғалім мен оқу тобының, жеке білім алушы мен оқу тобының өзара іс-қимылы кезінде интерактивті қарым-қатынас мәселесін шешуге;

- оқу материалын меңгеру деңгейіне тұрақты бақылауды қамтамасыз етуге;

- білім алушыларды әртүрлі ақпараттық серверлерде және телекоммуникациялық желілердің дерекқорларында сақталатын оқу материалдарымен және оқу ақпаратымен қамтамасыз етуге;

- оқушылардың өз бетінше білім алу қабілетін дамытуға;

- пән бойынша жеке құрылған курсты өту мүмкіндігі бар икемді оқытуды қамтамасыз етуге;

- ерекше білім беру қажеттіліктері бар, сондай-ақ жиі ауыратын балаларды оқытуды қамтамасыз етуге;

- дарынды балалармен жұмысты (жоғары деңгейдегі жеке қосымша тапсырмалар беру арқылы) ұйымдастыруға;

- білім алушыларға мектеп курсына жекелеген тақырыптарды немесе бөлімдерді өз бетінше игеруге көмек көрсетуге;

- оқушыларды қызықтыратын пәндерді бейінді оқыту бойынша көмек көрсетуге;

- сырттай оқу нысанында қолдануға;

- жобалар мен зерттеу жұмыстарының орындалуын ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

Бүгінгі таңда оқытудың бұл формасы коронавирустық инфекцияның таралуына байланысты өзекті.

Карантин адамдарды өмір салтын түбегейлі өзгертуге және қашықтан жұмыс түріне көшуге мәжбүр етті. Біреулер тез үйреніп алып, жұмыс пен үй міндеттері арасында тепе-теңдікті сәтті жүргізуде. Алайда мұғалімдер үшін қиындау болды: әдеттегі сабақтардың форматын толық өзгертумен қатар, оқу үдерісін ұйымдастыру үшін жаңа технологияларды игеру қажеттігі туындады. Қашықтықтан оқыту технологияларын пайдалану педагогті үнемі өз бетінше білім алып, өзін-өзі дамытуға ынталандырады, өйткені ол:

1) әртүрлі электрондық анықтамалықтарда, деректер базасында, ақпараттық-іздістіру жүйелерінде іздеу жүргізу;

2) ақпаратты сақтауды ұйымдастыру, оған талдау жүргізу және қазіргі заманғы мультимедиялық технологиялардың көмегімен оны ұсынудың барабар нысандарын таңдау;

3) нақты шығармашылық және проблемалық міндеттерді шешу кезінде алынған деректерді пайдалану білігін талап етеді.

Қашықтықтан білім беру технологияларын білім беру үдерісіне енгізуде бірқатар мәселелер және қиындықтар туындады.

Қашықтықтан оқытудың кемшіліктері:

1. Білім алушылар мен оқытушы арасында бетпе-бет қатынастың болмауы. Яғни, жеке көзқарас пен тәрбиеге байланысты барлық сәттер жойылады. Ал білім алушының, әсіресе мектеп жасындағылардың жанында білімді эмоционалды түрде беретін адамның болмағаны – бұл айтарлықтай кемшілік.

2. Бірқатар жеке психологиялық жағдайлардың қажеттілігі. Қашықтықтан оқыту үшін қатаң түрде өзін-өзі тәрбиелеу қажет, оқыту нәтижесі оқушының өзіне қояр талаптары мен санасына тікелей байланысты.

3. Ақпарат көздеріне үнемі қол жетімділік қажеттілігі. Жақсы техникалық жабдықтар қажет: компьютер және интернетке байланысы.

4. Білім алушыларды тұрақты түрде бақылау болмайды. Ал бақылау күшті ынталандыру екені баршаға белгілі.

5. Қашықтықтан білім беруде оқыту негізі тек жазбаша түрде жүзеге асады. Кейбіреулер үшін өз білімдерін ауызша түрде жеткізе алмау қиындық тудырады.

6. Көп балалы отбасылар тең емес жағдайға тап болды: барлық балаларға бірден қашықтықтан оқытуды ұйымдастыру өте қиын, кейде мүмкін емес.

7. Мұғалім үшін қашықтықтан оқыту дегеніміз – жұмыс күні белгіленген нормадан асуы. Бұл білім сапасына әрдайым оң әсер етпейді.

8. Кішкентай балалар үшін қашықтықтан оқу қиындық туғызады. Оларға бақылаусыз, өздігінен оқу қиынның қиыны және ондай оқудың нәтижесі сәтті бола бермейді. Бірінші сынып оқушыларының қашықтықтан қалай оқитынын елестету қиын. Балалар мектепке баруды, бірінші мұғаліммен, сыныптастарымен араласып, сөйлесуді күндіз-түні армандайды. Бала қалайша дұрыс оқу керектігін де түсінбейді.

9. Кейде сыныпта балалардың тәртібін бақылау қиын, ал интернет арқылы олардың тәртіптерін бақылау мүлдем мүмкін емес сияқты. Әсіресе, егер әрдайым қиындықтар туындайтын болса: байланыстың нашар болуы, файлдың ашылмауы, тіпті компьютердің бұзылуы орын алуы мүмкін.

10. Техникалық құралдардың білім алушыларға әсері (монитордың бұлдырауы, жүйелік блоктың немесе ноутбуктың, динамиктердің, микрофонның шуы, экран немесе электронды тақта сәулелерінің шағылысуы).

Қашықтықтан оқыту технологияларын қолдана отырып оқыту кезінде қиындықтарды жою үшін виртуалды кеңістікте білім алушының мотивациясы мен қызығушылығы үлкен рөл атқаратынын ескеру қажет. Оқу үдерісін оңтайландырусыз тіпті ақпараттық және психологиялық-педагогикалық сияқты ең озық технологиялардың өзі де кері әсер етуі мүмкін, сондықтан сапалы және қол жетімді білім беру үшін қашықтықтан білім беру жүйесін оқыту үдерісіне енгізу жеткіліксіз, бұл іске шығармашылық көзқарас керек, мұғалімдер мен білім алушылардың оқу іс-әрекетін ұйымдастырудың жақсы жүйесін құру қажет. Өйткені қашықтықтан білім беру технологияларын қолдана отырып оқыту – бұл дәстүрлі оқу процесінің негіздерін өзгертуді және педагогикалық қызмет принциптері мен әдістерін қайта қарауды қажет ететін оқытуды ұйымдастырудың ерекше формасы.

Оқыту қалайша жүзеге асырылады? Қашықтықтан оқуға ауысу оқушылар үшін ауыртпалық туғызбайтындай етіп және мұғалімге білім беру процесіне қатысушылардың оқу деңгейі төмендемейуіне көмектесу үшін оқытуды қалай жалғастыруға болады? Қашықтықтан оқыту технологиялары қашықтықта болса да, оқушы мен мұғалім арасындағы қарым-қатынасты қамтиды. Бірақ ештеңе жазып, көрсете алмай, тілдеспей, тақта мен борсыз сабақты қалай жүргізуге болады? Мүмкін, 2020 жылғы көктемде жасағанмыздай, жаңа тақырыпты үйрену үшін бейне сабақтардың сілтемелерін ғана көрсетсе, жеткілікті болар ма? Бірақ әр білім алушы мұғалімнің көмегінсіз жаңа тақырыптарды толығымен оқуға өзін бейімдей алмайды. Сонда мұндай оқыту орынды бола ма? Сондықтан онлайн сабақтарды өткізу өте қажет. Ең қиыны – сабақты онлайн-сабақ дәстүрлі сабақ болып қала беретіндей етіп өткізу, бірақ ол онлайн-трансляция режимінде және мұғалімнің дәстүрлі сабаққа қойылатын барлық талаптарын сақтай отырып өткізіледі.

Ең алдымен, қашықтықтан оқытуға арналған сабақты әзірлеу кезінде оқушылардың оқшаулануын ескеріліп, оқу материалдарына қажетті нұсқауларын немесе түсіндірмелерін қоса дайындалады.

Келесі мәселе – сыныптағы білім алушылардың дайындық, қабілет және мотивация деңгейі әртүрлі екенін ескереміз. «Сизиф жұмысын» жасамау үшін, барлығын «бірдей жақсы» оқытуға күш жұмсамай, оқушы қандай деңгейге сәйкес келетінін анықтап алу керек. Қиын міндет болса да, оның шешімін табу өте қажет. Осылайша, біз кем дегенде 2 міндетті шешеміз: жұмыспен жүктейміз, жақсы үлгерімді, ынталы білім алушылардың дамуына көмектесеміз және үлгерімі нашар білім алушыларға олар орындай алмайтын тапсырмаларды орындауға мәжбүрлемей, базалық дайындық деңгейіне жетуге көмектесеміз. Қашықтықтан оқыту кезінде сараланған тәсіл туралы ұмытпау керек. Жаңа

материалды жақсы деңгейде меңгерген білім алушылар тобына өз бетінше шешім қабылдауды талап ететін тапсырмалар берілді. Ал онлайн-сабаққа мұғалімнің көмегіне мұқтаж білім алушылар шақырылады. Немесе онлайн-сабақтарда білім алушылардың бір бөлігімен күрделілігі жоғары тапсырмалар талданып, қалғандары осы уақытта базалық деңгейдегі тапсырмаларды өз бетінше орындайды (9-10 сыныптар).

Көпшілігіміз Zoom платформасын таңдаған шығармыз. Бұл платформа 40 минутқа созылатын конференцияны ақысыз (бұл да маңызды) ұйымдастыруға, конференцияға қатысушыларды басқаруға мүмкіндік береді. Бағдарлама жеке сабақтарға ғана емес, сонымен қатар топтық сабақтарға да жарамды, оқушылар компьютерден де, планшеттен де, телефоннан да кіре алады. Сілтеме немесе конференция идентификаторы бар кез келген адам бейнеконференцияға қосыла алады.

Zoom мұғалім мен білім алушылар арасындағы кері байланысты қамтамасыз етеді. Zoom-да сабақ өткізудің ең оңай жолы – білім алушыларға баспа оқулықтарын ашқызып, сабақ өткізу. Қазіргі уақытта мұғалім оқулықтың электронды нұсқасын компьютерде аша алады, оқушыларға не істеу керектігін, қандай сұрақтарға жауап беру керектігін және қандай тапсырманы орындау керектігін көрсету үшін Zoom-да экран көрсетілімін қоса алады. Жаңа тақырыпты зерделеу кезінде бейнесабакты, презентацияны және т. б. қосуға болады.

Қандай да бір тақырыпты оқудың бір жолы: мұғалім жаңа тақырып бойынша онлайн-сабақты өткізеді, үй тапсырмасы ретінде бейнесабакқа сілтеме беріледі немесе презентация тіркеледі, оқулықтар мен нөмірлердің беттері көрсетіледі. Келесі сабақта білім алушылар сұрақтарға жауап береді, мұғалім құрастырған тапсырмаларды орындағандарын көрсетеді. Тапсырмалардың орындалуын тексеруден кейін жаңа білімді меңгеру деңгейін бағалауға болады, нәтижелерді ескере отырып, тақырыпты оқуды жалғастыруға болады.

Тапсырмаларды орындау барысында білім алушылардың бір-бірінен көшірмеулерін қалайша алдын алуға болады? Мұндай жағдайда қарапайым жұмыс алгоритмі бар:

1. Тапсырмаларды мұғалім өзі құрастыруы керек (5-8классы).
2. Тапсырмаларды басқа оқулықтардан, жинақтардан алуға болады.
3. Егер тапсырмалар оқулықтан алынса, онда міндетті түрде қосымша тапсырма беріп немесе тапсырманы орындау талабын қосу керек.

Қашықтықтан оқыту кезінде қандай қиындықтар туындауы мүмкін?

1. Коммуникацияның артық болуы

Оқушылармен қашықтықтан жұмыс жасай отырып, мұғалім оқу үдерісін ұйымдастыру үшін олармен қандай да бір қарым-қатынас жасауы керек. Көбісі әлеуметтік желілерді немесе бейне чаттарды пайдаланады, бірақ көпшілігі әлі де бұрынғы электрондық пошталарға сүйенеді. Осы байланыс әдістерінің кез-келгенінде қиындықтар туындайды: чаттар да, пошталар да тез толып қалады.

Педагог аса көп хабарлар мен хаттардың ішінде қалай жұмыс жасауы керек? Шешімі айқын: қарым-қатынасты азайтып, оны дұрыс ұйымдастыруыңыз керек. Бұл тек тапсырмаларды жіберіп, оларды тексеру үшін

қайтарып алу жеткілікті деген емес. Оқушылармен қарым-қатынас, әрине, сақталуы керек. Алайда, ол қажетсіз хаостың туындатпай, қосымша жұмыс жасамау үшін құрылымдалған болуы керек. Белгілі бір байланыс ережелерін орнатуға тырысыңыз. Мысалы, оқушылар үй тапсырмасын тексеруге жібергенде, хат тақырыбында тиісті жазбалар жасасын (мысалы, «хат тақырыбында осы жұмыстың нөмірін көрсету міндетті» деген талап). Түнгі сағат екіде жіберілген хабарландырулардан оянбау үшін оқушыларға арналған уақытты белгілеу де маңызды.

2. Тапсырмаларға қол жеткізу

Оқу материалдары оқушыға қол жетімді болған жағдайда ғана қашықтықтан оқыту тиімді болады. Қазіргі балалар жаңа технологиялар әлемінде өмір сүрсе де, олардың кейбіреулерінде әлі де компьютер мен смартфонға жіне интернет байланысы жоқ. Егер сізде осындай білім алушы болса, онда оның оқуын қалай ұйымдастыруға болады деген сұрақ туындайды.

Ең дұрыс шешім – сынып жетекшісіне хабарласу, ол өз кезегінде оқушының ата-анасымен байланысып, бірнеше күннің тапсырмалар тізімін беруі керек. Бірақ содан кейін бұл тапсырмалар қалай тексіледі – бұл педагогтің шешетін мәселесі. Егер бұл өздік немесе сынақ жұмысы болса, онда біз барлық жұмыстар тексеріледі. Егер бұл күнделікті орындалатын үй тапсырмасы болса, онда біз жұмыстың кем дегенде 25%-ын тексереміз, яғни егер сыныпта 24 оқушы болса, онда біз осы сыныпта күніне кемінде 6 жұмысты тексереміз.

3. Бейнесабактар

Қашықтықтан оқытуға көшу көптеген мұғалімдер үшін тосын жағдай болды. Бейтаныс жағдайға тап болғанда, инерциямен әдеттегі схема бойынша әрекет етуге тырысамыз. Көптеген мұғалімдер қарапайым мектеп сабақтарын онлайн режимінде қайталауға тырысады. Алайда, қашықтықтан оқыту балаларды тарту үшін материалдар мен әдістерді ұсынудың басқа тәсілдерін қажет етеді. Бейне сабақтар ақпаратты беру үдерісін едәуір жеңілдетеді және сыныптағы жағдайға ұқсас жағдай жасайды: балалар мұғалімді көріп отырады және болып жатқан оқиғалардың көрнекі бейнесін алады. Алайда, сабақты өткізудің бұл әдісі көптеген қиындықтарды тудырады. Тікелей эфирді бақылау қиын, әсіресе үйде мұғалім жалғыз болмаса. Жұмысқа кедергі келтіруі мүмкін мысықтың немесе иттің камерада пайда болуы ең қорқынышты жағдай емес. Егер үйде шулап ойнайтын немесе ата-анасына үнемі бөгет жасайтын кішкентай бала болса, бұл, әрине, қиындық тудырады. Мұндай тәжірибе мұғалімдерді ыңғайсыз жағдайға қалдыратыны анық. Әрине, мұғалім тікелей эфирде жұмыс істеуге үйренбеген болғандықтан, сабақ өткізетін адам үшін шынымен стреске толы екені сөзсіз және оқытудың бұл форматы дайындық жұмыстарына көп уақытты қажет етеді. Бірақ біз бейне сабақтарды өткізу қажеттілігіне тап болғандықтан, сынақ түріндегі бейне сабағын жазуға тырысу керек. Бұл мұғалімге тікелей эфир кезінде қажетсіз күйзелістер мен жағымсыз оқиғаларды болдырмауға көмектеседі. Сонымен қатар, жазбаның сақталуы сабақ мазмұнының кез-келген уақытта қол жетімді болатындығын білдіреді, яғни оқушы әрдайым бейнені қайта қарап, өткен материалды қайталай алады.

Қашықтықтан оқыту форматында балаларды сабаққа тарту қиынырақ. «Иә» және «жоқ» дегенді білдіретін қимылдарды ойлап тауып, оларды жабық сұрақтарға жауап ретінде көрсетуді сұраңыз. Оқушылардың атын атап отырыңыз, олардан чатқа жауап жазуды сұраңыз.

4. Кері байланыс беру

Қашықтықтан оқыту коммуникацияда белгілі бір қиындықтар туғызатынын жоғарыда айтып кеткен болатынбыз, осындай қиындықтардың бірі – кері байланыс беру. Білім алушылармен онлайн режимінде жұмыс жасай отырып, олар әлі де сұрақтар қоятынын және мұғалім ретінде оларға жауап беру керек екенін есте ұстаған жөн. Егер бірнеше сұрақ болса, онда бұл қиын емес, бірақ уақыт өте келе жиналған сұрақтарға мұғалімнің жауап беруге көп уақыт жұмсамауы үшін бір амал жасау керек. Қойылған екі-үш сұраққа жауап жазып қою мүмкін нәрсе, ал жиырма сұраққа жауап беру мүлдем басқа. Үй тапсырмаларының нәтижелері туралы кері байланысқа да қатысы бар: мұғалім ондаған жұмыстарға түсініктемені қалайша аз уақыттың ішінде комментарий жаза алады? Кері байланыс беруді жеңілдету үшін дауыстық хабарларды жауап ретінде пайдалануға болады. Осылайша сіз білім алушылармен қарым-қатынас үдерісін тездетіп, уақытыңызды үнемдей аласыз. Егер оқушылар тапсырманы/жұмысты қандай да бір себептермен (техникалық, отбасылық) уақытында, сабақ барысында орындай алмаса, онда оған осы жұмысты аяқтауға және оның нәтижелерін ұсынуға мүмкіндік беріп, жұмысты тапсыру мерзімін нақты белгілеу керек. Білі алушылар үй тапсырмасының суреттерін мұғалімнің электрондық поштасына жіберуді жалғастыруда. Әрине, экран арқылы тексеру өте ыңғайсыз: фотосуреттің сапасы нашар, қателерді түзетуге мүмкіндік жоқ. Алайда біз әр оқушыға қателіктері туралы кішігірім пікір жазып жібере аламыз (алдында айтылғандай барлық жұмыстардың 25%-ын тексеретін болсақ). Дұрыс орындалған жұмыстардың бірін мұғалім сынып тобына үлгі ретінде жібере алады немесе келесі сабақ кезінде экранда көрсете алады.

5. Қазіргі балалардың ерекшеліктерін ескеру

Мұғалімнің қашықтықтан жұмыс істеуі мүмкіндігінше тиімді болуы үшін қазіргі балалардың ерекшеліктерін ескеру қажет: қазіргі жасөспірімдер үшін чаттар мен мессенджерлердегі қарым-қатынас өзара әрекеттесудің әдеттегі формасы екені белгілі болса да, бұл қарым-қатынас мәдениетін әдетте ешкім бақыламайтыны да жасырын емес. Балалар қарым-қатынас иерархиясына ие болмай, желідегі өзара әрекеттесудің әлеуметтік нормаларын білмейді және түсінбейді. Олар мұғалімге беймезгіл уақытта жазулары мүмкін, қарым-қатынаста әдеттегі қысқартулар мен «интернет сөздерін» қолдана алады. Сондықтан сынып жетекшілері білім алушыларға желідегі «бала-мұғалім» форматтарындағы тәртіп ережелерін сақтауын талап ету керек. Және қажеттілігіне қарай топта осы туралы ескертіп отырған жөн.

6. Тапсырмаларды сауатты тұжырымдау

Балалардағы ерікті назар аударудың жетіспеушілігі мәселесі қазір өте кең таралғандықтан, **тапсырмаларды қысқаша (20 сөзге дейін) және нақты етіп құрастыру қажет**. Бұл жағдайда тексеру парағы сияқты технология өте жақсы көмектеседі. **Тексеру парағы** – бұл кез-келген жұмыста белгілі бір нәтиже алу

үшін орындалуы керек қадамдық дәйекті әрекеттердің тізімі. Оны құрастыру кезінде ұзын пунктiлерден аулақ болу керек. Балалардың онлайн оқыту кезінде алатын тапсырмаларының мiндеттi шектеулерi (көлемi, жұмыс уақыты, мазмұны бойынша) болуы тиiс. Мысалы, биология пәнінен тапсырмасында – ертеңгi сабаққа оқулықтың нақты параграфын оқып қана қоймай, сонымен бiрге бұрыннан таныс материал тұсына плюс белгiсiн, жаңа материалға – минус белгiсiн және түсiнiксiз ақпаратқа – сұрақ белгiсiн қою. Бұл сұрақтарды тұжырымдап, талқылау үшiн жалпы чатқа жiберудi сұрауға болады.

7. Бiлiм алушылардың назарын аударыңыз

Ересек адам үшiн де, бала үшiн де ұзақ уақыт бойы бiр кескiнге қарап отыру қиын. Балалардың назарын жиi ауыстырып отырыңыз: бейнелердi қолданыңыз, материалдарыңызға иллюстрациялар мен қызықты ақпараттық графикасын қосыңыз. Егер сабақ барысында сынып оқушыларының жаттығу орындаулары жоспарланса, алдын-ала тиiстi тапсырмалары бар платформаны таңдап, балаларға сiлтеме жiберiңiз. Балаларға қызықты болады, ал сiзге фотоға түсiрiлген дәптерлердi тексеруге қажет болмайды. Егер сiз өзiңiздiң компьютерiңiзде бiрдеңе ауыстырып жатсаңыз немесе бағдарламаны ашуға тырыссаңыз, балалар оны көрмейдi, сондықтан өз әрекеттерiңiзге түсiнiктеме берiп, не iстеп жатқаныңызды айтып отырыңыз. Осылайша сiз балалардың назарын аударасыз.

8. Денсаулық

Компьютер бала мен мұғалiм денсаулығына зиянды ма?! Ия, бұл зиянды, бiрақ компьютерсiз жұмыс жасай алмайтындықтан, балаларыңызға компьютердiң зиянын азайтуға және бұл машинадан зияннан басқа пайда да табуды үйрету керек. Онлайн сабақтарда денсаулық сақтау – мұғалiмнiң мiндетi. Онлайн оқыту баланың компьютерде көп жұмыс жасауын талап етедi. Экранның алдында ұзақ отыру баланың денсаулығына зиянын тигiзедi ме? Денсаулық сақтау принциптерiн қадағалап оқытатын болсақ, онлайн сабақ үстiнде оқушының психологиялық және физикалық жағдайын сақтай аламыз. Ақпаратты қабылдаудың қиындықтары – әрдайым жақсы байланыс болмауы, визуалды және есту аппараттарына күш түсуi, эмоционалды стрес. Мiндеттi түрде сабақты дұрыс құрастыру (қызмет түрлерiн ауыстырып тұру) керек, iзгi ниеттi, қолдаушы эмоциялық фон берiп, көзге түскен күштi жоюға арналған физикалық сергiту жаттығуларын жүргiзу керек.

Қашықтан оқыту кезiнде өскелең ұрпақтың денсаулығын қамтамасыз ететiн ережелердi сақтау қажет: уақыт қатаң түрде реттелiп, мөлшерленген болуы тиiс, мiндеттi түрде демалып отыру керек, монитордың оңтайлы параметрлерiн қолданған жөн. Барлық жақсы нәрсенiң белгiлi бiр мөлшерде болғаны жөн екенiн ұмытпауымыз керек! Қашықтан оқыту арқылы ұйымдастырылған тiптi ең керемет және пайдалы сабақтың өзi де балаға зиян тигiзуi мүмкiн. Компьютердiң алдында тым ұзақ отыру көру қабiлетiнiң нашарлауына, виртуалды әлемге деген психологиялық тәуелдiлiкке әкелуi мүмкiн. Бiрақ «алтын орта» ережесiн барлық жағынан ескеретiндер мұндай қиындықтарға ешқашан кезiкпейдi. Олар үшiн компьютер тек дос болмақ.

ЖМБ пәндерді ағылшын тілінде оқыту барысында қашықтықтан оқыту технологияларын пайдалану бойынша әдістемелік ұсынымдар

Қашықтықтан оқыту – қашықтықтан білім алуға мүмкіндік беретін технологиялар арқылы оқыту. Қазіргі уақытта қашықтықтан оқыту Интернетті пайдалану арқылы жүргізіледі де, пошта жүйесі сирек қолданылып келеді.

Қашықтықтан оқыту жаңашылдығының арқасында бүкіл әлем бойынша түрлі білім беру ұйымдары жинаған үздік әдістемелік тәжірибеге, қазіргі заманғы білім беру және жалпы қоғамның қажеттіліктеріне сәйкес болатын заманауи және тиімділігі жоғары педагогикалық технологияларды пайдалануға бағдарланады. Қашықтықтан оқыту курстары «әдістемелік» еркіндік пен тәуелсіздігінің арқасында ондаған жылдар бойы қалыптасқан университет немесе мектептегі дәстүрлі біліммен салыстырғанда оқытудың инновациялық тәсілдеріне негізделген.

Республиканың жеке және жалпы білім беретін мектептерінің мұғалімдері қашықтықтан оқыту режимі кезінде пайдаланатын құралдарды, білім беру платформалары мен ресурстарын толығырақ қарастырайық.

Microsoft Teams – қашықтықтан оқыту бағдарламасы, ол бірнеше ондаған жылдар бұрын жасалынған және қолданылып келеді, бірақ бұл бағдарлама COVID-19 пандемиясына байланысты шектеу шаралары енгізілгеннен кейін ғана жаһандық ауқымда қолданыла бастады.

Көптеген орта білім беру ұйымдары қауіпсіздік мақсатында қашықтықтан оқыту нысанына көшіп, бірінші кезекте үйде оқытуды іске асыру – үйде отырғандарды жаңа жетістіктерге қалай ынталандыруға және олардың жетістіктерін қалай бақылауға болады деген мәселе туындады. Microsoft Teams педагог пен білім алушы арасындағы кеңістіктік алшақтықты толығымен жоюға дайын құрал болып шықты. Төменде «Физика», «Химия», «Биология» және «Информатика» оқу пәндерін қашықтықтан оқытуда Microsoft Teams бағдарламасын қолданудың артықшылықтары келтірілген.

➤ Сабақты онлайн режимінде стриминг ретінде ұйымдастыру мүмкіндігі (стриминг бұл – онлайн-қарау. Стриминг нарығы негізінен киберспорт сегментіне жатады, мұнда геймерлер онлайн режимінде ойындарды қалай өткізетіндерін көрсетеді. Сондай-ақ, стримерлер деп музыка, тамақ дайындау, саяхат және басқа да бағыттар жанрындағы бейне блог авторларын атайды (<https://rb.ru/story/chto-takoe-strim/>). Стриминг режимінде мұғалімдер алдын-ала дайындалған мультимедиялық материалды көрсете алады немесе компьютерде жүйелік бейне/аудионы бөлісу арқылы тікелей стримингтерді өткізе алады. Сол сияқты, виртуалды сыныптағы барлық материалдармен мұғалімнің жеке компьютерінің экранының түрімен бөлісуге, оған презентация көрсетуге немесе оны интерактивті тақта ретінде пайдалануға болады.

➤ Мәтінді иммерсивті оқу режимінде оқу мүмкіндігі (мазмұнның оқылуын жақсартуға мүмкіндік беретін толық экранды оқу режимі). Teams-ке кіріктірілген иммерсивті оқуды қолдау әр түрлі білім беру қажеттіліктері бар білім алушылардың материалды меңгеру сапасын арттыруға мүмкіндік береді;

мәтінді қабылдауды жеңілдетеді; білім алушыларды пікірталастарға белсенді қатысуға итермелейді.

➤ Сайттар мен қосымшаларға қол жеткізудің бірыңғай интерфейсі. Платформа кез-келген басқа бір веб-сайттарды ресурстар ретінде бөлек беттерде ашуға мүмкіндік береді, оларды сессия мүшелерімен бірлесіп қолдануды қамтамасыз етеді. Мұғалім қанша қосымша сайттарды, платформаларды немесе ресурстарды пайдаланса да, оларды бір жерде жинауға болады.

➤ Виртуалды сынып бөлмесінде жұмыс істеу мүмкіндігі. Teams-мультимедиялық мәліметтермен көп жақты, көп ағынды алмасудың әмбебап құралы. Бұл платформа өзінің икемділігінің арқасында шынайы виртуалды сынып бөлмесін ұйымдастыруға— кең таралатын хабарларды қолдауға және екіжақты әңгімесуге, файл алмасуға, жеке тапсырмалар беруге, білім алушылар орындаған тапсырмаларды қабылдауға және тексеруге мүмкіндік береді. Бұған қосымша, жоғарыда аталған барлық әрекеттерді кез-келген мобильді құрылғыда немесе классикалық жеке компьютерде браузердің бірыңғай терезесінде жүзеге асыруға болады. Бұл мүмкіндік «Физика», «Химия», «Биология» оқу пәндерінің мұғалімдеріне жұмыстарды орындау барысында онлайн режимінде виртуалды зертханалық жұмыстарды жүргізуге, «Информатика» пәні бойынша кодтар жазуға немесе бағдарламалар/бағдарламалық қамтамасыз етуді әзірлеуге және білім алушылардың сұрақтарына жауап беруге де жағжай жасайды.

➤ Онлайн режимінде процеске қатысушылардың оқу тақырыбын немесе міндеттерін талқылау мүмкіндігі. Білім алушылар не болып жатқанын түсіндіре алады, жаңа тақырыпты талқылайды, мәтіндік және дауыстық чатта сұрақтар қоя алады. Сонымен қатар, чаттағы мәтінді әртүрлі тілдерге аудару мүмкіндігі бар. Мұғалімде сөзді тек бір сөйлеушіге беруге және жалпы эфирді жұмыс үстелінен кез-келген басқа үстелге ауыстыруға арналған құралдар бар (тақтаға шақырудың қашықтағы аналогының бір түрі).

➤ Teams-те сессияларды жазу мүмкіндігі (сабақтар, жаңа тақырыпты түсіндіру, кодтарды жазу және т.б.). Мұғалімдер Teams сессияларын кейіннен пайдалану үшін, сондай-ақ оқу процесін жақсарту мақсатында қайта қарау үшін жаза алады; білім алушылар білімдерінің олқылықтарын толықтыру мақсатында немесе материалды қайталау үшін жаза алады.

➤ Білім алушылар үшін енгізілген хабарламамен сабақ кестесін құру мүмкіндігі. Мұғалімнің білім алушыларға кіріктірілген күнделіктің көмегімен келесі сабақтың басталатын уақытын ескертуге, ал сабаққа қатыспағандарға — өткен сабақ туралы хабарлауға мүмкіндігі бар.

➤ Бірлесіп жұмыс істеу және жұмысты бағалау мүмкіндігі. Білім алушылардың материалды меңгеруін бағалауды жүргізуге Teams-ке жеңіл кіріктірілетін Microsoft Forms сауалнамалары мүмкіндік береді. Word, PowerPoint, Excel, OneNote, Sway, Forms қосымшаларын пайдаланып, сессияның бірнеше қатысушысының бірлескен жұмысын ұйымдастыруға болады. Teams мұғалімдерге жиынтық немесе формативті бағалау жүргізуге ыңғайлы.

➤ Оқыту сапасын жақсарту мақсатында сарапшылардың / қонақтардың сабаққа қатысу мүмкіндігі. Teams-тегі оқу сессиялары үшінші тұлғалардың кіруі үшін жабық түрде құрылады, бірақ сыртқы адресі бар үшінші тарап пайдаланушыларына: сарапшыларды, ата-аналарды, мектеп кеңесінің бақылаушыларын, зерттелетін тақырыпқа қатысты қосымша ақпарат алуға болатын адамдарды (зерттеушілер, профессорлар, ғылым докторлары, бағдарлама жасаушылар және т.б.) бір реттік кіруге шақыру жіберіп, сабаққа кіргізуге болады.

➤ Сабақтан тыс қызметті ұйымдастыру мүмкіндігі. Teams көмегімен сыныпта қашықтықтан оқытатын сабақтарды ғана емес, виртуалды үйірмелерге қатысуды да ұйымдастыру оңай. Оқылғанды бірге оқу және талқылау, шахмат ойнау, жобалау жұмыстарын жасау, тіпті бүкіл сыныпқа тірі табиғатты немесе физикалық құбылыстарды терең зерттеуге арналған виртуалды экскурсия өткізу – жоғарыда аталған барлық іс-әрекеттерді MicrosoftTeams-те жіберуге болады (<https://news.microsoft.com/ru-ru/features/remote-learning/>).

➤ **ManageBac** – барлық тапсырмалар орналастырылған және оларды кейін тексеруге мүмкіндік беретін, мектепте қолданылатын қашықтықтан оқытудың онлайн-платформасы.

Қашықтан оқыту режиміндегі *ManageBac* артықшылықтары:

ManageBac-та жұмыс істеу кезінде білім алушыларда біртіндеп дербес цифрлық портфолио құрылады. Білім алушылардың мұғалімдерге бағалау үшін жіберілген жұмыстары немесе алған тапсырмалары профильдерінде жинақталалады. Білім алушының оқу үлгерімін оның профиліндегі оқу мақсаттары мен ұсынылған жұмыстары арқылы бақылауға мүмкіндік бар. Барлық ұсынылған жұмыстары автоматты түрде әр пән бойынша оқу мақсаттары көрсетіліп, жеке-жеке топтастырылады. Портфолионы PDF файлдарына экспорттауға немесе сұрау салушы органдарға немесе білім беру мекемелеріне ұсыну үшін басқа бағдарламалармен синхрондауға болады.

➤ ManageBac бірыңғай қашықтықтан оқыту платформасы ZOOM, AssessPrep және KeyChat сияқты басқа да оқыту платформаларымен интеграциялануға мүмкіндік береді – бұл өз кезегінде синхронды немесе асинхронды оқыту сияқты қашықтықтан оқытудың әртүрлі түрлерін ұйымдастырудың жақсы мүмкіндігі.

➤ Виртуалды сабақты бейнеконференцбайланыс құралы арқылы жоспарлауға немесе кіріктірілген интеграция мен масштабтау функциясын қолдана отырып, сабақты мұғалімнің күнтізбесіне сәйкес белгіленген уақытта бастауға болады.

➤ IB Middle Years Program (MYP) жоспарлаушысы педагогке өзінің оқу жоспарын бағдарламалық жасақтамамен бірге ресурстар арқылы ұйымдастыруға және дамытуға мүмкіндік береді.

➤ MYP жоспарлаушысы сондай-ақ педагогке оқу жоспары бойынша әрбір білім алушының жетістіктерін көруге мүмкіндік береді.

➤ IB философиясы оқу жетістіктері мен білім алушылардың нәтижелеріне бағытталған нақты деректердің бай банкін құруға мүмкіндік береді; оқу процесінің барлық элементтерін білім алушылардың бірыңғай

портфолиосына жинақтайды; бағалау процесін оңтайландыру үшін білім алушылардың нәтижелері мен жетістіктерін көрсетеді.

➤ ManageBac мектептердің жаңа IB стандарттары мен тәжірибелеріне көшуін қолдайды, ол үшін олар мектептерге IB-ге сәйкес оқу процесін жоспарлау бойынша нұсқаулық береді. Бұл бағдарлама мектептегі мұғалімдердің жоспарлауы мен ынтымақтастығының IB философиясын қолдай отырып, үздіксіз ойлау мен жетілдіру мәдениетін қалыптастыруға ықпал етеді. Мысалы, мұғалім ManageBac-та сынып құрған кезде мұғалімдерге қысқа мерзімді оқу жоспарын (КТП), ресурстарды, тапсырмалар мен тапсырмаларды көп күш жұмсамай-ақ бірлесіп қолдануға мүмкіндік беретін дайын пәндердің бірін таңдай алады. Бұл ретте сыныптарда жекелеген білім алушыларға ресурстарды пайдалануға және бағалау үшін тапсырмаларды бөлек орындауға мүмкіндік бере отырып, оқыту процесіндегі дифференциация жүзеге асады.

➤ Ал мұғалімдер оқу жоспарын қайта қарап, түзетулер енгізген кезде, ManageBac-тегі оқу жоспары автоматты түрде өзгереді. Бұл өз кезегінде мектептерге жыл сайын сансыз сағатты үнемдейді және оқу жоспарының дәлдігі мен өзектілігін қамтамасыз етеді.

➤ МҮР жоспарлаушысы, мектептердің бірегей қажеттіліктеріне бейімделе отырып, сынақ кітапшаларын, кіріктірілген бағалау және аннотация құралдарын икемдеуге, сондай-ақ жобалау немесе жеке жұмыстарды ұсыну үшін GoogleDocs-пен және плагиаттың алдын алу үшін TurnItIn-мен интеграциялауға мүмкіндік береді (<https://www.managebac.com/ib-myr>).

«Физика», «Химия», «Биология» және «Информатика» пәндерінің мұғалімдері Firefly / ManageBac платформасында өз сыныптарын құрып, білім алушыларға шақыру жібере алады. Пошта арқылы электрондық шақыруларды алған білім алушылар, өз кезегінде, жүйеге алғаш кірген кезде шақыруға жауап беруі керек. Пән мұғалімдері осы процесте білім алушыларға көмектесіп, оларды бағыттайды.

Әр сабақ үшін мұғалімдер нақты нұсқаулар мен материалдары бар тапсырма құрастырады, сонымен қатар білім алушылардың сабаққа үнемі қатысулары үшін оларды тіркеу туралы мәселені шешу керек. Оқу тапсырмалары Firefly/ManageBac-та оқушылардың тапсыру мерзіміне байланысты реттеліп отырады, осылайша білім алушылар өз жұмыстарын дұрыс жоспарлай алады. Бұл білім алушыларға құнды ұйымдастырушылық дағдыларды игеруге көмектеседі және қажетті ресурстарды көруге мүмкіндік береді.

Берілген тапсырманың түріне байланысты оларды суреттер, PDF файлдары, Word немесе Google құжаттары, электрондық кестелер немесе бейнелер түрінде тапсыруға болады.

Егер білім алушыларға өздерінің қолмен жазылған жұмыстарын, мысалы, шығарма, есептеулер немесе жеке жұмыстарды сканерлеу қажет болса, олар смартфондағы PDF форматындағы файлдарды алуға арналған көптеген тегін қосымшаларды пайдалана алады. Педагогтер білім алушылардың осы құралдарды барынша пайдаланулары үшін қолдау көрсетулері керек.

Егер педагогтер басқа онлайн-сервистерге немесе платформаларға сілтемелер жасаса, олардың кәсіби бағалаудың қажетті деңгейіне қойылатын талаптарға сәйкестігіне (мысалы, толық бейнені қарау және т.б.) көз жеткізуі қажет.

G-Suite бұл – нұсқаулықтарды және қашықтықтан оқытуды жүзеге асырудың онлайн платформасы, ол негізінен орта білім беру ұйымдарында қолданылады.

G-Suitefor Education (GoogleWorkspaceforEducation) – Google-дің қазіргі заманауи оқытуды ұйымдастыруға арналған құралдар жиынтығы. G-Suite көмегімен педагогтер сабақ таратуды ұйымдастырып, сабақ жазбасын жасай алады, формативті және жиынтық бағалау жүргізе алады, тапсырмаларды саралап, бөле алады, сондай-ақ олардың орындалу барысын бақылай алады.

G-Suite-тің артықшылықтарының бірі – ол операциялық жүйеге қарамастан кез-келген құрылғыда жұмыс істейді, бұл өз кезегінде педагогтер үшін де, ата-аналар үшін де ақша қаражатын үнемдеу тұрғысынан өте тиімді нұсқа (компьютер немесе ноутбук сияқты қымбат техникалық жабдықты сатып алудың қажеті жоқ).

G-Suitefor Education жиынтығы электрондық поштаны, бұлтты сақтау орнын, құжаттармен, кестелермен және презентациялармен синхронды бірлесіп жұмыс істеуге арналған құралдарды, бейнеконференцбайланысты, мессенджерді, күнтізбелерді, сонымен қатар веб-сайттар құруға арналған қарапайым конструкторларды қамтиды.

Google Workspace for Education бұл – үйде немесе қашықтықтан оқытуға арналған ұйымдар мен оқу орындары үшін арнайы жасалған Google құралдары мен қызметтерінің жиынтығы. Ол тиімді бірлесіп жұмыс істеуге, оқу процесінің ыңғайлылығына және барлық қатысушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге арналған.

Google Workspace for Education оқу үрдісін ұйымдастыруға арналған түрлі нұсқаларды ұсынады. Мысалы, Google Workspace for Education Fundamentals, Google Workspace for Education Standard, Teaching and Learning Upgrade және Google Workspace for Education Plus.

Негізінен, ұсынылған барлық нұсқаларға класс, Google Meet, Google құжаттар, Google формалар және Google Chat сияқты оқу және оқыту құралдары кіреді. Бірақ оқу процесін ұйымдастырудың кейбір нұсқалары қауіпсіздік пен басқарудың қосымша мүмкіндіктерімен жетілдірілген, бейне байланыс мүмкіндіктері және қатысушылардың жетістіктерін бақылау сияқты басқа да мүмкіндіктер қосылған.

Барлық аталған нұсқаларды оқу процесін ұйымдастыруда қолдануға болады, бірақ қаржылық компонентті ескере отырып, нұсқаларды таңдау білім беру ұйымдарының күзіреттілігіне қалады (https://support.google.com/a/answer/7370133?hl=ru&ref_topic=3035696).

Zoom – хабарламалармен алмасу және нақты уақыттағы мазмұнды беруге арналған бейнеконференцбайланыс құралы (<https://zoom.us/ru-ru/meetings.html>).

Бейнеконференцбайланысқа арналған осы онлайн-платформа тек орта және жоғары білім беру ұйымдарында ғана емес, сондай-ақ конференцияларды

(халықаралық және жергілікті), семинарларды, жұмыс кездесулерін өткізуде, сондай-ақ қызметкерлер қашықтықтан оқыту режимінде жұмыс істейтін басқа да салалардың жұмысында кеңінен қолданылады. Коронавирустық инфекцияның пандемиясына байланысты шектеу шаралары кезінде осы платформаны пайдаланудың қол жетімділігі мен ыңғайлылығы оның Қазақстанның барлық аумағында кеңінен таралуына себеп болды.

ZOOM пайдалана отырып онлайн сабақтар өткізу қашықтықтан оқыту режиміне көшу кезінде оқыту сапасын жоғалтпауға мүмкіндік береді. Мысалы, «Физика», «Химия», «Биология» және «Информатика» оқу пәндерінен ағылшын тілінде сабақ беретін мұғалімдер қашықтықтан оқыту кезінде мессенджерлерді немесе электрондық пошталарды пайдаланса, білім алушылардың тыңдау және сөйлеу дағдыларын дамытуға еш мүмкіндіктері болмайтыны анық. Қашықтан оқыту кезінде бейнеконференцбайланыс арқылы сабақ өткізу онлайн және оффлайн оқыту арасындағы алшақтықты жоюға мүмкіндік береді.

Бейнеконференцбайланыс кезінде білім алушылар жаңа тақырыптың ағылшын тіліндегі түсіндірмесін тыңдай алады, сұрақтар қоя алады және талқылау арқылы мәселелерді шеше алады. Бұл оларға ЖМБ пәндерін оқыту кезінде ағылшын тілді ортаны қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Moodle – жеке оқу ортасын құру үшін бірыңғай сенімді, қауіпсіз және интеграцияланған жүйені мұғалімдерге, мектеп әкімшілігіне және білім алушыларға ұсынуға арналған оқыту платформасы (<https://moodle.org/?lang=ru>).

Moodle онлайн оқытуды басқарудың жүйесі мұғалімдерге өзіндік жеке веб-парақ құруға мүмкіндік береді, мұғалімдер оны жеке курстармен, оқу бағдарламаларымен толтыра алады, ал білім алушылар кез-келген уақытта және кез-келген жерде оны пайдалана алады.

Moodle білім беру платформасы мұғалімдер мен оқушылардың да, мектептің әкімшілік қызметкерлерінің де қажеттіліктерін қанағаттандыра алады. Moodle білім беру платформасының басты артықшылықтарының бірі – заманауи, қолдануға оңай интерфейс. Жоғарыда айтылғандай, дербес компьютерлер және мобильді құрылғыларда жұмыс істеуге және оқуға мүмкіндік беретін ыңғайлы интерфейс қазіргі заманғы білім беру платформаларының басты қасиеттерінің бірі болып табылады. Білім беру ұйымдарының, педагогтердің, білім алушылардың және олардың ата-аналарының техникалық және қаржылық мүмкіндіктерін ескере отырып, білім беру платформаларындағы осы мүмкіндік білім алуға қолжетімділік мүмкіндігін кеңейтіп, қашықтықтан оқыту нысанында алынатын білім сапасын арттырады.

Сабақ өткізуді жоспарлау, сол арқылы жоспарға сәйкес сабақ өткізу процесін бақылау мүмкіндігі де білім беру платформасының артықшылықтарының бірі болып табылады. Бұл мұғалімдерге оқытуға, сондай-ақ сабаққа дайындалуға бөлінген уақытты бақылауға мүмкіндік береді. Бұл платформа көптілділік саясатын қолдайтындықтан, ЖМБ пәндерін ағылшын тілінде оқытатын мұғалімдерге аса пайдалы болады. Moodle платформасы әлемнің 120 тіліне аударылған және бұл сан әлі де өсу үстінде.

Moodle білім беру платформасы түрлі құралдармен жұмыс жасайды және бірлескен іс-шараларды өткізуді болжайды. Мысалы, білім беру платформасының форумдарында білім алушылар жоба немесе тапсырмалар бойынша бірге жұмыс істей алады, вики-сайттарды, глоссарийлерді, деректер базасын және т.б. бірлесіп пайдалана алады.

Moodle-де күнтізбені ұйымдастыру құралы педагогтерге білім беру ұйымының академиялық күнтізбесін (оқу жоспарын), бағалау жүргізу (жиынтық немесе формативті) мерзімдерін, жұмыс жиналысын, ата-аналар жиналысын және басқа да жоспарланған іс-шаралардың жүргізілуін бақылауға көмектеседі.

Тағы бір қосымша артықшылығы – файлдарды басқарудың ыңғайлылығы. Мысалы, платформада мұғалімдер MS OneDrive, Dropbox және GoogleDrive сияқты бұлтты деректер қоймаларынан файлдарды жүктей алады.

Пайдаланушылар Moodle-де мәтіндерді өңдей алады. Мысалы, редактордың көмегімен мәтінді өңдеуге, суреттер мен гиперсілтемелерді қосуға болады. Бұл ретте мәтіндік редактор осы білім беру платформасында жұмыс істеу үшін қосымша оқыту курстарынан өтудің қажеті жоқ болатындай етіп жасалынған.

Ескерту функциясы пайдаланушыларға, біздің жағдайда мұғалімдер мен білім алушыларға жаңа тапсырмалар туралы немесе тапсырманы орындау мерзімі туралы автоматты түрде ескертулер алуға, форумда хабарламалар жіберуге, сондай-ақ бір-біріне жеке хабарламалар жіберуге мүмкіндік береді.

Педагогтердің жекелеген қызмет түрлерін немесе ресурстарды мониторингілеудің әртүрлі нұсқалары арқылы және пәндік оқыту деңгейінде білім алушылардың оқу үлгерімін, тапсырмаларды орындау кезеңдерін қадағалауға мүмкіндігі бар.

Қашықтықтан оқыту жүйесіне көшу кезінде Білім және ғылым министрлігі тарапынан жоғарыда аталған құралдар мен білім беру платформаларын ғана емес, сонымен қатар «Күнделік» сияқты электрондық журналдарды, электрондық пошталарды, WhatsApp және Telegram сияқты әртүрлі мессенджерлерді, сондай-ақ opik.kz, Daryn.online және т.б. қолдану ұсынылды. Осыған байланысты біз орта білім деңгейінде жоғарыда аталған білім беру платформаларынан бірнеше есе көп қолданылатын құралдар мен білім беру ресурстарын қарастырамыз.

«Күнделік» электрондық журналы

«Күнделік (Kundelik)» – Қазақстандық IT-компания, педагогтер, білім алушылар, ата-аналар, білім беру ұйымдарының әкімшілігі, сондай-ақ білім беруді басқару органдарының өкілдеріне арналған бірыңғай электрондық білім беру ортасын әзірлеуші (<https://kundelik.kz>).

Компанияның флагмандық өнімі – білім беру ұйымдары үшін электрондық құжат айналымы мүмкіндіктерін және білім беру процесінің барлық қатысушылары: педагогтер, ата-аналар және білім алушылар арасындағы әлеуметтік желілік өзара қарым-қатынас жасау құралдарын біріктіретін «Күнделік» атты автоматтандырылған білім беру ақпараттық жүйесі.

«Күнделік» білім беру порталының көмегімен педагогтер білім алушыларға тапсырмаларды жібере алады, олардың жұмыстарына пікір білдіре алады (Кері байланыс бере алады) және БЖБ мен ТЖБ бағаларын қоя алады. Қашықтықтан оқыту нысанына жаппай көшу кезінде «Күнделік» білім беру платформасына «TV-сабақтар» жобасы шеңберінде түсірілген сабақтарды көру үшін бейнесабақтар бөлімі қосылды. Дәл сол уақытта «Күнделік» компаниясы қашықтықтан оқыту режимі шеңберінде сайттың мүмкіндіктерін түсіндіру мақсатында «Жалпы білім беру ұйымдарында қашықтықтан оқытуды ұйымдастыру бойынша әдістемелік нұсқаулықтар» әзірлеген.

«Күнделік» білім беру порталын пайдалану еліміздің педагогтеріне бірден қашықтықтан оқыту нысанына көшу кезінде оқу процесін үзбеуге мүмкіндік берді. Бірақ сонымен қатар, тек осы порталды пайдалану педагогтен сабаққа дайындалуға, әсіресе ағылшын тілінде «Физика», «Химия», «Биология» және «Информатика» пәндерін оқытатын мұғалімдерден көп уақыт жұмсауды талап етеді. Қазақстанның білім беру кеңістігінде жекелеген пәндерді ағылшын тілінде оқыту үшін ресурстардың жетіспеушілігі байқалатындықтан, мұғалімдерді ағылшын тілінде пәндік ресурстармен қамтамасыз етудің өзектілігі бірнеше есе өсті.

Республика бойынша педагогтер мен білім алушыларды қашықтықтан оқыту режимінде ресурстармен қамтамасыз ету мәселесін шешу үшін **Ориқ**-ке қолжетімділік берілді (<https://www.opiq.kz/#section-partners>).

Ориқ – электронды кітапханадағы барлық оқу жиынтығына қол жеткізуге мүмкіндік беретін платформа. Оқу жиынтығына оқулық материалы мен жұмыс дәптері кіреді. Оқу жиынтықтарын баспа басылымдарымен бірге де, бөлек де пайдалануға болады.

Ориқ-тің негізгі принципі – мұғалімдер мен білім алушыларға жетекші мамандар құрастырған жоғары сапалы оқу әдебиетін ұсыну.

Іздеудің кең мүмкіндіктері мен интеграцияланған мазмұны қажетті тақырып бойынша қарапайым және күрделі материалдарды оңай табуға, сонымен қатар оларды басқа пәндермен байланыстыруға мүмкіндік береді.

Бұл платформада ҚР БҒМ бекіткен тізімге енетін оқулықтар мен ОӘК табуға болады, бірақ мұнда да «Физика», «Химия», «Биология» және «Информатика» пәндері бойынша ағылшын тілінде ресурстар табу мүмкін емес.

Әлеуметтік жағдайы мен қашықтығына қарамастан, білім алушы жастарды сапалы білім беру ресурстарымен қамтамасыз ету мәселелерімен **Daryn.online** (<https://daryn.online/ru>) да айналысады.

Daryn.online білім беру платформасында әрбір оқу пәні бойынша әр сыныпқа арналған ресурстарды табуға болады. Білім алушылар үшін оқу пәнінің әрбір тақырыбы 2-10 минуттық бейнесабақпен түсіндіріледі және тақырыпты бекіту үшін бейне соңында тест сұрақтары беріледі. Дұрыс жауап үшін 1d. балл (daryn.online бағалау жүйесіне сәйкес) беріледі.

Білім алушылардың жеке кабинетінде пайдаланушының оқу пәндері бойынша жетістіктері көрсетіледі. Онда білім алушының бейіндік пәндеріне байланысты бағыттар мен мамандықтар тізімін көруге болады. Сондай-ақ ЖОО

тізімімен, мамандық кодтарымен танысып, әр университеттерге мамандық бойынша бөлінетін гранттар санын білуге болады. Сонымен қатар, 11-сынып оқушылары үшін ҰБТ-ға дайындық бөлімі қарастырылған. Байқау тестілеуінен алған балдарды көрсете отырып, білім алушының қандай мамандық пен қай оқу орнына грантқа түсу мүмкіндігі бар екенін білуге болады. Daryn.online платформасында білім алушылармен немесе мектеп әкімшілігімен бейне-конференциялар өткізуге болады.

Қашықтықтан оқыту кезінде оқулықтардың электронды форматтары үлкен сұранысқа ие болды. Оқу материалдарын өз бетінше тауып, таңдап, жаңа оқу тақырыптарына тапсырмаларды әзірлеуі керек болатын электрондық ресурстарды қолдануына қарағанда, оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді пайдаланса, мұғалімнің сабаққа дайындық уақыты едәуір қысқарады. Оқу-әдістемелік кешендердегі тақырыптар мен міндеттердің жүйелі орналасуы, мысалы, қарапайым лексикадан немесе грамматикадан күрделіге қарай берілуі, өз кезегінде білім алушыларға пәндік білімді ғана емес, сонымен қатар ағылшын тілін меңгеру дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді. Жаратылыстану-математикалық бағыттағы пәндерді ағылшын тілінде оқыту кезінде оқу контенті МЖМБС талаптарына және ЖМБ пәндерінің үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес болуы тиіс екенін айта кеткен жөн. Ағылшын тілінде оқулықтар мен ОӘК құрастыратын авторлар Қазақстанның білім беру кеңістігінде онша көп емес. Солай дей келе, егер «Физика», «Химия», «Биология» және «Информатика» оқу пәндерін ағылшын тілінде оқитын білім алушылар санының өсуін есепке алатын болсақ, ағылшын тілінде ЖМБ жекелеген пәндер бойынша оқу-әдістемелік кешен ұсына алатын баспалар саны өседі деген болжам жасауға болады.

Электрондық оқулықтар мен ОӘК әзірлеу кезінде алдымен ЖМБ пәндері бойынша үлгілік оқу бағдарламаларының тілдік талаптарын салыстыру және мүмкіндігінше оларды білім алушылардың ағылшын тілін білу деңгейімен байланыстыру қажет. Негізгі орта білім беру деңгейінің 7-9 сыныптарындағы ЖМБ пәндерінің ерекшеліктерін ескере отырып, мәтіндерді азырақ және көрнекі ресурстарды, бейне материалдарды, анимацияларды көбірек пайдалану ұсынылады, сонымен қатар зертханалық жұмыстар мен эксперименттерге арналған тапсырмаларды әзірлеуге назар аударылады. Бұл өз кезегінде білім алушыларды оқу пәнін өз бетінше оқуға ынталандыруы керек. Төменде ЖМБ жекелеген пәндері бойынша ағылшын тілінде оқулықтар мен ОӘК әзірлейтін баспаларға шолу жасалады.

«Астана кітап» баспасының авторлары негізгі және жалпы орта білім беру деңгейлерінің 7-11 сыныптарына арналған «Informatics», «Physics», «Chemistry», «Biology» (қазақ-ағылшын тілдерінде, орыс-ағылшын тілдерінде) билингвалды оқулықтарын әзірледі. Бұл оқулықтардың жобалары <http://books.astanakitap.kz/ru/books/30> және okulyk.kz сайттарында орналастырылған. Бұл оқулықтардың артықшылығы – оларды кез-келген құрылғыда on-line оқуға болады, сонымен қатар оқулықтар беттерінде жазбалар жасауға болады, бұл оларды қашықтықтан оқыту барысында қолдануға ыңғайлы етеді.

Сондай-ақ, «Express Publishing» баспасының авторлары негізгі және жалпы орта білім беру деңгейлерінің 9-11 сыныптарына арналған ағылшын тіліндегі «ICT», «Physics», «Chemistry», «Biology» оқулықтарын әзірледі. Бұл оқулықтардың жобалары мына сайтта орналастырылған: <https://expresspublishing.kz/>.

«Назарбаев Зияткерлік мектептері» баспасының авторлары негізгі орта білім беру деңгейінің 7, 8, 9-сыныптарына арналған «Физика», «Химия», «Биология» және «Информатика» оқу пәндерінен оқулықтар әзірледі. Әзірленген оқулықтар жаңартылған білім беру мазмұнының үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес келеді және үш тілге: қазақ тілі, орыс тілі және ағылшын тіліне аударылған. Бұл оқулықтардың жобалары мына сайтта орналастырылған: <https://textbooks.nis.edu.kz/>.

Қашықтықтан оқыту формасына бірден көшу психологиялық шиеленіспен қатар жүрді, өйткені балалар ғана емес, сонымен бірге ата-аналар да оқу процесінің жанама қатысушылары болды. Мысалы, Австралияда мұғалімдер арасында жүргізілген ұлттық сауалнамаға сәйкес (Ziebell және т.б. 2020) қашықтықтан оқытудың білім алушыларға әлеуметтік және эмоционалды әсері, оқуға қол жетімділігі және мұғалімдердің жүктемесінің артуы мектептер мен Үкіметтің назарын аударуы керек негізгі мәселелер болып табылады.

Сондықтан әкімшіліктер, мектептердің психологиялық қызметтері, Білім және ғылым министрлігінің құрылымдық бөлімшелері психологиялық қолдау механизмдерін көздеу, эмоционалды күйзелісті басу үшін педагогтерге әдістемелік қолдау көрсету мүмкіндіктерін кеңейту қажет.

Сонымен қатар, халықаралық зерттеулер көрсеткендей, тәртіпті және байсалды білім алушылар қашықтықтан оқыту форматына оңай бейімделген. Австрия, Германия және Швейцария оқушыларының, ата-аналарының, мұғалімдерінің және мектеп әкімшілігінің арасында жүргізілген «Мектеп барометрі» сауалнамасына сәйкес, аптасына 25 сағат немесе одан да көп уақыт оқитын оқушылар (сұралған балалардың жалпы санының 31%) дәстүрлі сыныпқа қарағанда қашықтықтан оқытатын форматта көбірек білім ала аламыз деп санайды; оларға таңертең ояну, күнделікті тапсырмаларды орындау оңайырақ, олар өз күндерін дұрыс жоспарлап, үйде спортпен де көп шұғылдана алады (Huber&Helm, 2020). Демек, қашықтықтан оқыту форматының оқу процесінде тиімді қолдануға болатын бірқатар артықшылықтары бар.

Австралияда жүргізілген зерттеу (Ziebell және т.б., 2020) көрсеткендей, мұғалімдердің пікірінше, қашықтықтан оқыту білім алушылардың достық, ынтымақтастық, эмпатия және мейірімділік сияқты ұғымдарды көбірек бағалайтындығына әкеледі. Бұл жағдайда баланың әлеуметтік өміріндегі қашықтықтан оқытудың теріс әсерін азайту үшін отбасы маңызды рөл атқарады. Сондықтан болашақта әлеуметтік және эмоционалды жағдай мәселелері мектеп бағдарламаларының маңызды бөлігі болуы мүмкін.

Ата-аналар да, мұғалімдер де, білім алушылар да үйреніп қалған дәстүрлі штаттық оқытуды қашықтықтан оқыту форматымен салыстыру қиын. Қашықтықтан білім алу үшін мектеп оқушысы өзін-өзі қатаң тәртіпке салып, өзін-өзі бақылауға алуы керек, әйтпесе тиісті нәтиже болмайды. Еліміздің

жалпы білім беретін мектептерінің қашықтықтан оқыту нысанына көшуі мынадай мәселелерді анықтады және өзекті етті:

- қашықтықтан оқытуды ұйымдастыру үшін отандық білім беру платформаларының, құралдар мен ресурстардың жетіспеушілігі;
- қашықтықтан оқыту процесін ұйымдастыру үшін білім алушылар мен педагогтерді техникалық құралдармен қамтамасыз ету;
- қашықтықтан оқыту форматында оқыту үдерісінде педагогтерді әдістемелік қамтамасыз ету және әдіснамалық сүйемелдеу;
- қашықтықтан оқыту барысында білім алушыларды, ата-аналарды және педагогтерді психологиялық тұрғыдан қолдап, бағыттау;
- білім беру сапасын арттыру мақсатында орта білім беру деңгейінде қашықтықтан оқытудың табысты ұйымдастырылуы бойынша зерттеу жүргізу.

Алайда, сонымен қатар, қашықтықтан оқыту формасына көшу жалпы оқу процесіне және оны ұйымдастыруға оң өзгерістер енгізді. Мысалы, еліміздің педагогтерінің көпшілігі оқыту процесінде озық техника мен оқыту технологияларын қолдана бастады; оқу уақыты мен сабаққа дайындық уақытын дұрыс үлестіре бастады.

Білім алушылар жаңа материалды игеру, сабаққа дайындық немесе оқу тапсырмаларын орындау кезінде қосымша ақпарат іздеу сияқты оқу процесінде өздігінен жұмыс істеу қабілеттеріне ие болды. Қашықтықтан оқыту түрі оқу процесін дұрыс ұйымдастыруға, білім алушылар мен педагогтердің уақытын үнемдеуге көмектеседі (мысалы, оқу ұйымына барудың қажеті жоқ).

Жоғарыда келтірілген ақпаратқа байланысты қашықтықтан оқытуды болашақтағы білім беру процесінің ажырамас бөлігі болатын оқыту формаларының бірі ретінде қарастыруға болады.

Әдістемелік ұсынымдар ретінде педагогтерге қашықтықтан оқыту форматына бағдарланған оқыту технологиялары ұсынылады. Ең алдымен, бұл – білім алушылардың топтық жұмысына, ынтымақтастықта оқытуға, белсенді танымдық процеске, әртүрлі ақпарат көздерімен жұмыс істеуге бағытталған технологиялар. Дәл осы технологиялар зерттеу, проблемалық әдістерді кеңінен қолдануды, алынған білімді бірлескен немесе жеке іс-әрекетте қолдануды, өздік сыни ойлауды ғана емес, сонымен бірге қарым-қатынас жасау мәдениетін, бірлескен іс-әрекет барысында әртүрлі әлеуметтік рөлдерді орындай білуді қарастырады. Сондай-ақ, бұл технологиялар жеке тұлғаға бағытталған оқыту мәселелерін тиімді шешеді. Бұл технологиялар қашықтықтан оқытудың әлемдік тәжірибесінде белсенді қолданылуда.

Жоғарыда аталған технологиялардың әрқайсысына толығырақ тоқталайық.

Ынтымақтастықта оқыту.

Оқытудың бұл технологиясы дәстүрлі сыныптағы сабақ жүйесіне балама ретінде пайда болды. Оның авторлары ұжымда оқыту, шағын топтарда оқыту идеяларын бір үдеріске біріктірді. Осылайша, ынтымақтастықта оқыту деген атауы пайда болды.

Ынтымақтастықта оқыту кезінде оқу процесіне әсер ететін негізгі аргумент – бұл дәстүрлі оқытуда қолданылмайтын ұжымның, оқу тобының әсері.

«Ынтымақтастықта оқыту» технологиясын пайдалану кезінде әлеуметтік сипаттағы мынадай практикалық міндеттер шешіледі:

- егер бала ұжымның басқа мүшелерімен әлеуметтік байланыс орната алатын болса, білім алушының жетістіктері, сондай-ақ оны оқыту процесі сапалы болады;
- ұжымның басқа мүшелерімен қарым-қатынас жасай білу білім алушының сауатты және логикаға сай жаза білуіне әсер етеді;
- білім алушылар арасында әлеуметтік байланыстар орнату арқылы белгілі бір білімі бар және бір-бірімен қарым-қатынас пен бірлескен танымдық іс-әрекет процесінде жаңа білім алуға дайын адамдардың оқу қауымдастығы пайда болады.

Осылайша, ынтымақтастықта оқыту – бұл нәтижесінде білім алушылар бірлесіп жұмыс істеп, жаңа білімді дайын күйінде тұтынбай, ұжым ішінде түзетіп, қалыптастыратын бірлескен (бөлінген, үлестірілген) оқыту.

Топтық жұмыс.

Бұл технологияның мәні мынада: педагог білім алушыларды топтарға бөледі де, оларға тапсырма береді (электрондық пошта, сайтта ақпаратты ілу және т.б. арқылы). Бұл тапсырмада оқуға арналған жалпы тақырып (проблемалық жағдай, тақырып бойынша жеке сұрақ және т.б.) беріледі. Синхронды немесе асинхронды оқыту формасын қолдана отырып, оқушылар берілген тапсырманы талдап (құрылымдап), бірнеше тапсырмаға (екіден төртке дейін) бөлуі керек. Содан кейін білім алушылар топтағы өз жұмыстарын жоспарлап, тапсырманың белгілі бір бөлігі үшін жауапкершілтерін анықтайды.

Топтардағы жұмыс белгілі бір кезеңдер бойынша және жоспарға сәйкес құрылады:

Бірінші кезең – сарапшылардың байланысы. Нақты сұраққа жауапты білім алушылар бұл кезеңде дәл осындай тапсырма алған басқа топтардағы «әріптестерімен» желі арқылы байланыс орната алады. Олардың бірлескен міндеті – бір-бірімен осы материалды іздеу және топтың басқа мүшелеріне ұсыну стратегиясын талқылау, зерттелген мәселе бойынша белгілі ақпаратпен алмасу.

Екінші кезең – ақпаратты іздеу және талдау. Бұл кезеңде білім алушылар жеке жұмыс істейді, ақпарат жинап, талдайды. Олардың осы кезеңдегі міндеті – сұрақпен егжей-тегжейлі танысып, материалды осы саладағы «сараптама» деңгейіне жетуге мүмкіндік беретіндей етіп оқу.

Үшінші кезең – сарапшыларды оқыту. Ақпаратты жинап, алғашқы талдаудан кейін сарапшылардың бірлескен жұмысы басталады. Олар жиналған ақпаратты бір-біріне (немесе үшінші тұлғаға, мысалы, шақырылған «тәуелсіз» сарапшыға) ұсынады, атқарылған жұмыстың қорытындысын шығарады, осы тақырып бойынша презентацияның соңғы нұсқасын жасайды да, топтың басқа қатысушыларына ұсынады.

Төртінші кезең – бүкіл топтың жиналуы. Әр сарапшы өз тобында презентация өткізеді. Оның міндеті ең аз уақыт ішінде өзінің топтастарына өзі білгендерін үйретіп, семинарға дайындық кезінде өзі қолданған оқу материалдарын ұсыну. Желіде мұндай іс-шараларды білім алушылардың қарым-қатынасы түрінде жіберілім шеңберінде (мәтіндік материалдарды да, PowerPoint презентациясын да жіберуге болады) немесе мультимедиялық телеконференция (бейнеконференция) түрінде өткізу де ыңғайлы.

Топтағы жұмыстың бесінші кезеңі – жұмысты талдау. Презентациялармен алмасу аяқталып, барлық мәселелер талқыланғаннан кейін кейін презентацияларда сұрақтардың мазмұны жеткілікті түрде ашылмаса, айқын көрсетілмесе, білім алушылар кіші топтың жұмысын тұтастай талқылауға және бағалауға көшеді. Әркімнің ортақ іске қосқан үлесі атап өтіледі, команда болып жұмыс істей алуы, оқу процесі (бір-бірімен қарым-қатынас жасау қаншалықты ыңғайлы болды, бәрі түсінікті болды ма және т.б.) талқыланады. Топ жұмысының сәттілігі мұғалімнің топтардың жұмысын жоспарлау қабілетіне және оқушылардың жеке жұмысын жұптағы және жалпы топтағы жұмыспен үйлестіре отырып, олардың оқу іс-әрекетін ұйымдастыра білуіне тікелей байланысты. Мұндай жұмыстың мақсаттары оқушыларға түсінікті және қол жетімді болуы керек. Білім алушылар бұл олардың бірлескен әрекеттері екенін және олардың әрқайсысы осы жұмыста өз нәтижесін беретінін, өзінің даралығын сақтайтынын түсінуі тиіс.

Жобалар әдісі.

Жоба әдісін оқытудың кешенді әдісі деп те атауға болады, бұл білім беру процесін білім алушылардың мүдделеріне сүйене отырып ұйымдастыруға мүмкіндік беріп, соңында белгілі бір қажетті нәтиже алынатын оқу-танымдық іс-әрекетін жоспарлауда, ұйымдастыруда және бақылауда дербестігін көрсетуге мүмкіндік береді.

Орындалған жобаның нәтижесі нақты болуы керек, яғни егер бұл теориялық мәселе болса, онда оның нақты шешімі, егер практикалық жұмыс болса, іске асыруға дайын нақты нәтиже болуы тиіс. Жобалар әдісінің негізінде оқушылардың танымдық, шығармашылық қызығушылықтарын, өз білімін өз бетінше құрастыра білуін, ақпараттық кеңістікте бағдарлай білуін, сыни ойлау біліктерін дамыту жатыр. Жобалар әдісі әрқашанда білім алушылардың өзіндік жеке, жұптық, топтық іс-әрекетіне бағытталған, оны білім алушылар белгілі бір уақыт аралығында орындайды. Бұл әдіс бірлесіп оқыту әдісімен, проблемалық және зерттеу әдісімен үйлеседі.

Бұл әдісті таңдау кезінде педагог білім алушымен бірлескен жұмысты жоспарлап, талқылауы керек. Педагог жобаны орындау мен талқылаудың нақты мерзімдерін көрсетіп, жобаның мазмұндық бөлігін құрылымдайды.

Жоба бойынша жұмысты мынадай 9 негізгі кезеңге бөлуге болады:

1. Ұйымдастырушылық;
2. Жобаның басты идеясын, мақсаттары мен міндеттерін таңдау және талқылау;
3. Оқушылардың жұмысын ұйымдастыру бойынша талқылау;
4. Оқушыларға арналған тапсырмаларды бөлу;

5. Ресурстар мен қажетті материалдарды іріктеу;
6. Жобамен жұмыс;
7. Қорытындылау;
8. Нәтижелерді ресімдеу;
9. Жобаны таныстыру.

Бұл жағдайда ең бастысы – білім алушылардың тақырып ерекшеліктерімен, бірлескен іс-әрекеттің мақсаттарымен, жобаға қатысушылардың мүдделерімен анықталатын жоба бойынша бірлескен жұмысты ұйымдастыру формаларын анықтау қажет. Мұндай жұмыстың он нәтижелілігі мен тиімділігі топтың дұрыс ұйымдастырылуына, міндеттердің нақты бөлінуіне және жобаның орындалатын бөлігінің жауапкершілігіне байланысты.

Оқытудың **зерттеу әдістері** жобалық іс-әрекеттің негізін құрайды. Зерттеудің оқыту әдісінің негізгі идеясы белгілі бір оқу мәселесін шешуде оны ғылыми тұрғыдан қарастыру екені белгілі. Білім алушылардың жұмысы ғалымдардың қызметіне тән ғылыми зерттеудің барлық әдістері мен тәсілдерін пайдалана отырып, классикалық ғылыми зерттеу жүргізу логикасы бойынша құрылады.

Зерттеу әдісін қолдану кезінде оқу қызметін ұйымдастырудың негізгі кезеңдері:

1. Зерттеудің жалпы тақырыбын, зерттеу пәні мен объектісін анықтау. Тақырыпты анықтау кезінде таңдалған тақырыптың әлеуметтік, мәдени, экономикалық маңыздылығына назар аудару керек. Таңдалған тақырыптың идеясы белгілі бір білім, әлеуметтік құбылыс, экономикалық мәселе және т.б. жүйеде қарастырылуы керек.

2. Жалпы проблеманы анықтау және оны тұжырымдау. Педагог білім алушыларға бірқатар проблемалар, мәселелер қояды, оларды талқылау келесі қадамға – жеке мәселелерге негізделген жалпы проблеманы қалыптастыруға әкеледі. Сондай-ақ, зерттеудің өзектілігі мен жаңалығын талқылау қажет, осының нәтижесінде тұжырымдалған мәселелерді шешуге мүмкіндік туады.

3. Болжамды тұжырымдау. Білім алушылар педагогтермен бірлесіп қажетті ақпаратты іздестіруде бағдар болып табылатын зерттеу гипотезасын тұжырымдайды. Болжам екі немесе одан да көп оқиғалар, құбылыстар арасындағы белгілі бір қатынастар негізінде тұжырымдалады.

4. Ұсынылған болжамдарды растау үшін деректерді жинау және өңдеу әдістерін анықтау. Ынтымақтастықта оқыту әдістемесінің элементтерін пайдалану белгілі бір проблема бойынша деректерді жинау және өңдеу әдісін жинауда тиімділі. Жұмыс шағын топтарда (3-4 оқушыдан) ұйымдастырылады, онда бірлесіп зерттеу әдістері (бастапқы дереккөздерді зерттеу, сауалнама, сұхбат, т.б.) және оларды уақыт пен мерзім бойынша үйлестірілуі анықталады. Сонымен қатар ақпарат алу әдістері мен көздері, ақпаратты өңдеу әдістері бойынша ресурстар да талқыланады.

5. Деректер жинау. Осы әрекетті жүзеге асыру үшін білім алушылар дербес зерттеу жүргізеді немесе шағын топтарда жұмыс істейді. Бұл үшін деректерді өңдеу тәсілдері, нәтижелерді (газетке, журналға, желілік

конференция ғылыми мақала, бейнефильм, Интернетте презентация жасау және т.б.) ресімдеу тәсілдері де айқындалады.

6. Алынған мәліметтерді талқылау. Жиналған материалдар педагогке және топтың басқа да мүшелеріне алдын-ала келісілген әр түрлі формада беріледі, мысалы:

- желілік конференциядағы есеп;
- чат;
- тақырып бойынша веб-беттер;
- дәлелдеу;
- рөлдік ойындар және т. б.

7. Болжамдарды тексеру. Егер ұсынылған мәліметтер топ пен мұғалімді қанағаттандырса, зерттеудің келесі кезеңі басталады, ол – болжамдарды тексеру. Мәселе мен болжамдар қайтадан бүкіл топқа ұсынылады. Оны растау үшін жеткілікті дәлелдері бар болжамдар ғана таңдалады.

8. Түсініктерді, түйіндеуді, қорытындыларды тұжырымдау. Жиналған мәліметтер бойынша барлық болжамдар ескеріле отырып, жинақталады.

9. Қорытындыларды, тұжырымдарды қолдану. Жұмыс нәтижесінде білім алушылар алынған тұжырымдарды өмірде қолдану туралы қорытынды жасайды және жаңа мәселелерді тұжырымдау қажеттілігін анықтайды.

Телекоммуникациялық жобалар әдісі жоба әдісінің бір түрі ретінде білім алушылардың компьютерлік телекоммуникация негізінде ұйымдастырылуы тиіс бірлескен оқу-танымдық, шығармашылық немесе ойын әрекеті болып табылады. Компьютерлік телекоммуникация, өз кезегінде, жалпы нәтижеге қол жеткізуге қызмет етіп, ортақ мақсатқа, келісілген әдістерге, әс-әрекет әдістеріне ие.

Телекоммуникациялық жобаларды келесі мақсаттарды қолданылады:

- мәселені шешу үшін әртүрлі аймақтарда мәліметтер жинауды қажет ететін зерттеу құбылысының бірнеше, жүйелі, бір реттік немесе ұзақ мерзімді сипатын бақылау үшін;
- белгілі бір тенденцияны анықтау немесе ұсыныстарды қабылдау, шешу, әзірлеу үшін салыстырмалы талдау жасау мақсатында;
- бір мәселені, қолайлы шешімді анықтау міндеттерін шешу әдістерін қолдану тиімділігін зерттеу және салыстырмалы талдау үшін;
- бірлескен шығармашылық қызмет, қызықты оқиғалы бірлескен ойындар, жарыстар өткізу үшін.

Телекоммуникациялық жобалар үшін негізгі типологиялық белгілер келесідегідей:

1. Басым әдіс: зерттеу, шығармашылық, рөлдік ойындар, анықтамалық-индикативті.
2. Жобаны үйлестіру: тікелей, жасырын.
3. Байланыс сипаттамасы (бір оқу орнының, сыныптың, қаланың, аймақтың, елдің, әлемнің әртүрлі елдерінің қатысушылары арасында).
4. Жобаға қатысушылар саны.
5. Жобаның ұзақтығы.

Бұл жоба бірнеше кезеңде жүзеге асырылады. Қазіргі уақытта телекоммуникациялық жоба бойынша жұмыстың негізгі кезеңдері жоғарыда көрсетілген жобалар әдісіндегідей.

Телекоммуникациялық жобаларды жоспарлау кезінде оқушылардың жұмысын ұйымдастыру формаларын ойластыру қажет. Бұл формалар келесідегідей әртүрлі болуы мүмкін:

- жеке жобалар (басқа үлкен жобаның ішінде);
- жұптық жобалар, мұнда жұптағы серіктестер бір жобада жұмыс істейді;
- топтық жобалар, мұнда жобаға екі жақтың топтары немесе тіпті бірнеше аймақтардың топтары қатысады.

Жобалар электрондық поштаны, телеконференция немесе Web-квест түрінде жүзеге асырылуы мүмкін.

Жобалар бойынша бірлескен іс-әрекетті ұйымдастырған кезде білім алушылардың өзіндік іс-әрекеттері әртүрлі болуы мүмкін. Оқушылардың жобалық іс-әрекетінің сәттілігі көбінесе топ ішіндегі жұмысты ұйымдастыруға, міндеттерді нақты бөлуге және жұмыстың орындалатын бөлігі үшін жауапкершілік нысандарын нақты белгілеуге байланысты болады.

Проблемалық оқыту технологиялары. Бұл технологияны қолданған кезде, ең алдымен, танымдық міндет ретінде қызмет ететін және маңызды практикалық немесе теориялық қызығушылық тудыратын мәселені шешу қажет. Мәселені дұрыс тұжырымдау арқылы бұл проблема жаңа ақпаратты іздеу бағытын анықтайтын логикалық құралдың функциясын орындайды, бұл өз кезегінде осы мәселені шешуге бағытталған қызметтің тиімділігін қамтамасыз етеді.

Жұмыс бір оқушының айналасында немесе шағын топта құрылады, ал мұғалім бақылаушы рөлін атқарады және белсенді қолдау функцияларын орындайды. Жұмыстың бұл түрі білім алушының қызығушылығын тудырып, жаңа білім мен ақпаратты өз бетінше меңгеріп, игеруіне ықпал етеді, сыни ойлау, талдау, ұсынылған мәселені шешу үшін қажетті ақпарат пен ресурстарды іздеу қабілетін дамытады.

Осы технологияны қолдану кезінде туындаған проблемалар оқшауландырылмай, жүйеде болуы қажет, яғни осы проблема арқылы болашақта жаңа мәселелерді шешімін табады деп тұжырымдауға болады, олар оқу материалын күрделендіруге, ақпаратты бір деңгейден екінші деңгейге іздеуге бағытталған. Бұл әдіс жоғарыда аталған барлық әдістермен өте тығыз байланысты және көбінесе жаратылыстану ғылымдары пәндерінде қолданылады. Педагогтің басты міндеті – проблема мен тапсырмаларды әзірлеу, тұжырымдау.

Жеке және сараланған оқыту.

Оқытуда жеке тұлғаға бағытталған тәсілді қолданған кезде педагогтер білім алушылардың жеке қабілеттерін анықтау әрі жан-жақты дамыту міндетін алға қояды. Қазіргі уақытта оқытудың бұл тәсілі білім беруде жеке оқытуда, оның ішінде қашықтықтан оқытуда көбірек пайдаланылады. Мұғалім білім алушы дайындығының бастапқы деңгейін, жеке қабілеттерін дәл анықтаған жағдайда ғана онымен жеке тіл табады, ал бұл тек мұқият тестілеу жүргізу

негізінде мүмкін болады. Ары қарай қажетті оқыту құралдарын таңдау және жеке консультациялар өткізу арқылы (оның ішінде нақты осы білім алушыға арналған оқытудың жеке траекториясын құру әдістемесі бойынша) білім алушы қойылған оқу міндеттеріне сәйкес қажетті білім мен дағдыларға ие болады.

Іс жүзінде жеке оқыту сирек қолданылады. Көбінесе жеке оқыту сараланған оқытумен біріктіріледі, яғни саралау негізінде жүзеге асырылады.

Қашықтықтан оқыту жағдайында саралаудың түрлері мен формалары әртүрлі деңгейдегі білім алушылар топтары жиналатын желілердегі оқытудың ерекшелігіне байланысты. Сондықтан, кейбір жағдайларда білім алушыларды даярлық деңгейлері, мысалы, А, В және С деңгейлері бойынша қарастырылады.

Қашықтықтан оқыту кезінде саралау мәселесі күндізгі оқуға қарағанда анағұрлым маңызды болады, өйткені бір топқа біріктірілген білім алушылардың контингенті әртекті болуы мүмкін. Сондықтан әрбір осындай курс оқушылармен танысудан және оқытудың осы бағыты бойынша дайындық деңгейін анықтауға арналған тестілеуден басталады. Тестілеу нәтижелерін ескере отырып, педагог әрбір оқушыны оқытудың барлық тактикасын құрастырып, серіктестік топтарын қалыптастырады.

Модульдік оқыту. Педагогика мен әдістемеді модуль бүкіл жүйенің маңызды бөлігі ретінде қарастырылады, модуль жайлы білім болмай, дидактикалық жүйе жұмыс істемейді.

Модульдік оқыту оқу ақпараты мен оқыту мазмұнын қатаң түрде құрылымдауды, сонымен бірге оқушылардың толық әрі логикалық аяқталған оқу блоктары (модульдері) бар жұмысын ұйымдастыруды көздейді. Модуль атауы оқу пәнінің тақырыбымен сәйкес келеді. Алайда, модульдегі тақырыптан айырмашылығы, модульде бәрі өлшенеді, бәрі бағаланады: тапсырма, жұмыс жасауы, сабаққа қатысуы, оқушылардың бастапқы, аралық және қорытынды деңгейі. Модульде осы модульді оқытудың мақсаттары, міндеттері мен деңгейлері нақты айқындалған, дағдылар мен іскерліктер аталған. Модульдік оқытуда барлығы: оқу материалын зерттеу дәйектілігі ғана емес, сонымен қатар оны игеру деңгейі және игеру сапасын бақылау да алдын-ала бағдарламаланған.

Модульдік оқыту – бұл ғылыми дәлелденген мәліметтерге негізделген, оқытудың бұл әдісін қолдануда басқа әдістердегідей, экспромтқа жол берілмейді, бұл – нақты құрылған оқыту технологиясы.

Модульдік оқыту барысында білім алушылар әрқашан оқу материалын меңгеру сапасын бағалаудың цифрлық өлшемімен қоса, әрбір нақты модуль бойынша негізгі ұғымдардың, дағдылар мен біліктердің тізбесін білуі тиіс. Осы тізбенің негізінде модуль бойынша барлық жұмыс түрлерін қамтитын мәселелер мен оқу міндеттері жасалады және модульді зерделегеннен кейін бақылауға алынады. Әдетте бақылау формасы – тест.

Оқу модульдері мен тестілерді компьютерлік оқыту ортасына оңай ауыстыруға болады. Бұл технология көптеген білім алушыларды оқу процесіне қамтуға, оқуды белгілі бір ағынға қоюға мүмкіндік береді.

Оқу курсы, әдетте, кемінде үш модульді қамтиды. Бұл жағдайда теориялық блок та, практикалық жұмыстар да, қорытынды жобалар да жеке модуль бола алады.

Модульді әзірлеу кезінде әр модуль білімнің белгілі бір тәуелсіз бөлігін беріп, қажетті дағдыларды қалыптастыруы керек екендігі ескеріледі. Әр модульді оқығаннан кейін білім алушылар ары қарай жұмыс жасау үшін мұғалімнен ұсынымдамалар алады. Білім алушы жинаған балл саны бойынша үлгерімін өзі бағалай алады.

Модульдік оқыту кезінде білім алушылардың білімі мен дағдыларын бағалауда рейтингтік бағалау жиі қолданылады. Оқытудың рейтингтік бағасы жоғары сенімділік деңгейінде оның осы мамандық бойынша дайындық сапасын сипаттауға мүмкіндік береді. Алайда, кез келген рейтинг жүйесі бұған мүмкіндік бермейді. Өз бетінше таңдалған, оның тиімділігі мен орындылығы туралы дәлелдерсіз таңдалған рейтинг оқу процесін ұйымдастыруда формализмге әкелуі мүмкін. Басты мәселе – білім мен дағдылардың, сондай-ақ оларды бағалаудың критерийлерін әзірлеу өте көп уақытты қажет етеді.

Рейтингтік жүйе іс жүзінде қалай жүзеге асырылады?

Модульдік оқыту бағдарламалары модульдер жиынтығы ретінде қалыптасады. Курс бойынша жалпы бағаны анықтау кезінде рейтинг нәтижелері оған осы курсты әзірлеген автор-оқытушылар белгілеген тиісті салмақ коэффициенттерінен құралады.

Модульдік оқытуда әр тапсырма балмен бағаланады, оның рейтингі мен мерзімі белгіленеді (тапсырманың белгіленген уақытында орындалуы да тиісті балл санымен бағаланады), яғни рейтингтік бақылаудың негізгі қағидасы – білім алушылардың жүйелі жұмысын ескере отырып, білім мен дағдылардың сапасын бақылау және бағалау.

Оқуды аяқтағаннан кейін модульдік бағалар негізінде жалпы баға анықталады, ол пән бойынша қорытынды бақылау нәтижелерін анықтау кезінде ескеріледі.

Қорытынды бақылау жұмысын жүргізу кезінде емтихан сұрақтары жалпылама болып, курстың негізгі ұғымдарын көрсетуі керек және модульдік бақылау сұрақтарын қайталамауы керек, сонымен қатар бұл емтихан сұрақтарын білім алушылар алдын-ала білуі керек. Оқуды аяқтағаннан кейін модульдік бағалар негізінде жалпы баға анықталады, ол пән бойынша қорытынды бақылау нәтижелерін анықтау кезінде ескеріледі.

Ойын технологиялары. Ойын технологиялары оқытуда бұрыннан бері қолданылады. Қазіргі уақытта олар тек бастауыш білім беру саласында кеңінен қолданылады, орта және жоғары мектепте сирек қолданылып келеді. Қашықтан оқыту жағдайында ойын технологиялары виртуалды байланыстың білім беру ортасының ерекшелігінен туындаған көптеген мәселелерді шеше алады. Сонымен қатар, Интернет ойын ортасына айналады, оқытудың осы технологиясын дидактикалық іске асырудың өз заңдарын шығарады.

Бір жағынан, болашақ виртуалды оқу топтарының білім алушылары бір-бірімен танысқан кезде оқытудың бастапқы кезеңдерінде ойындарды сәтті қолдануға болады. Бұл жағдайда ойындарды қарым-қатынас дағдыларын дамытуға арналған түрлі психологиялық-педагогикалық тренингтермен сәтті біріктіруге болады. Екінші жағынан, ойындарды тікелей оқу процесінде қолдануға болады.

Әдістемеде педагогикалық ойындардың келесі түрлері белгілі:

- оқыту, жаттықтыру, бақылау және жалпылау,
- танымдық, тәрбиелік, дамытушылық,
- репродуктивті, өнімді, шығармашылық,
- коммуникативтік, диагностикалық, кәсіби бағдар беру,

психотехникалық және т.б.

Ойын техникасының табиғаты бойынша тақырыптық, сюжеттік, рөлдік, іскерлік, имитациялық және драматизация ойындары деп бөлінеді.

Ойынның кейбір түрлеріне нақтырақ тоқталайық:

- **Имитациялық ойындар.**

Қандай да бір ұйымның, кәсіпорынның, фирманың қызметіне еліктеу. Оқиғалар, адамдардың нақты (жиналыс, жобаны әзірлеу және т.б.) қызметі, сондай-ақ оқиға орын алатын немесе қызмет жүзеге асырылатын жағдайларға еліктеу арқылы өткізіледі. Имитациялық ойын сценарийінде сюжет, имитациялық үдерістер мен объектілердің құрылымы мен мақсаты сипатталған.

- **Операциялық ойындар.** Олар кез келген нақты операцияларды орындауға (мысалы, электрондық поштамен жұмыс істеу немесе іздеу жүйесін пайдалану дағдысын қалыптастыруға) көмектеседі. Ойындар нақты жағдайға еліктеу арқылы өткізіледі.

- **Рөлдерді орындау.** Белгілі бір адамның мінез-құлқы, іс-әрекеті, функциялары мен міндеттерін орындау тактикасы көрсетіледі. Модель-пьеса сценарийімен әзірленіп, рөлдер қатысушылар арасында бөлінеді.

Кез келген ойынның құрылымында келесі элементтерді бөліп көрсетуге болады, олардың әрқайсысы ойын басталғанға дейін мұқият ойластырылып, жоспарлануы керек:

- Білім алушылардың өздері орындаймын деген рөлдері;
- Осы рөлдерді жүзеге асыру құралы ретіндегі ойын әрекеттері;
- Нақты заттарды алмастыратын ойын құралдары;
- Ойыншылар арасындағы нақты қарым-қатынас;
- Ойынның сюжеті (мазмұны).

Педагогикалық ойындардың жалпы ойыннан айырмашылығы оның айтарлықтай сипаты – оқытудың нақты мақсаты және оған сәйкес педагогикалық нәтиже, оқу-танымдық бағытқа ие болуында.

Сабақтың ойын формасы білім алушылардың танымдық белсенділігін арттыруға мүмкіндік беретін ойын әдістері мен жағдайлары арқылы жасалады.

Ойынды жоспарлау кезінде дидактикалық мақсат ойын тапсырмасына айналып, оқу әрекеті ойын ережелеріне бағынады, оқу материалы ойын құралы ретінде пайдаланылады, оқу іс-әрекетіне дидактикалық тапсырманы ойынға аударатын бәсекелестік элементі енгізіледі, ал дидактикалық тапсырманың сәтті орындалуы ойын нәтижесімен байланысты болады.

Ойын технологиясындағы маңызды рөл соңғы өткенді шолатын талқылауға жатады, онда білім алушылар ойынның барысы мен нәтижелерін, ойын (имитациялық) моделі мен шындықтың арақатынасын, сондай-ақ өзара оқу-ойындық әрекеттесу барысын бірлесіп талдайды.

«Ми шабуылы» әдісі

Ынтымақтастықта оқыту, жобалар әдісі, проблемалық оқыту, ойын технологиялары білім алушылардың топтық бірлескен жұмысын қамтиды. Оның сәтті болуы үшін білім алушылар бірқатар алгоритмдерді, әдістерді, бірлесіп шешім қабылдау технологияларын игереді, іс-әрекеттің жалпы стратегиясын жасайды және туындаған мәселелерді шешеді, болашақта желілік пікірталастар, жобалар және т.б. барысында сәтті қолданылатын шешімдерді іздейді. Сонымен қатар, кейде ұжымдық шешім қабылдау немесе жаңа идеяны өте аз уақытта қалыптастыру қажет болатын жағдай туындауы мүмкін. Бұл жағдайда «ми шабуылы» сияқты әдіс ұсынылады (дәстүр бойынша бұл терминологиялық тұрғыдан дұрыс болмаса да, әдіс деп аталып кеткен).

Бұл әдістің жүзеге асырылуы: интернет (электрондық пошта, телеконференция, чат) көмегімен әр топтың серіктестері өз идеяларын көшбасшыға жеткізеді. Бұл идеялар серіктестердің компьютерлерінде жазылады да, есте сақталады және байланыс аяқталғаннан кейін топтарда әрі қарай талқылау үшін принтерге қажетті мөлшерде басып шығарылады. Сессия барысында айтылған идеялар талқыланбайды, бірақ жай ғана бекітіледі.

«Миға шабуыл жасау» аяқталғаннан кейін топ қатысушылары көшбасшының басшылығымен жиналып, қатысушылардың көпшілігі ұсынылған идеяларды ең ұтымды болуы тұрғысынан іріктеп, талқылайды. Егер идея авторы болса, оған өз идеясын түсіндіруге мүмкіндік беріледі.

Мұндай пікірталастарда көшбасшының жеке қасиеттері өте маңызды, ол «мейірімді бақылаушы» тактикасын ұстануы керек. Сонымен, егер мұғалімнің пікірінше, білім алушылар дұрыс емес шешімдер қабылдаса, оларды «түзетуге» болмайды. Ақыр соңында олар дұрыс болуы мүмкін. Оқушылар өз қателіктерін өздері тауып, түзетуі керек. Топтың таңдалған және негізделген идеялары компьютерде өңделген мәтін түрінде дайындалады, содан кейін серіктестерге электронды пошта арқылы жіберіледі. Серіктестер де солай жасайды. Кейінгі талқылаулар барысында серіктестер бәтуаластыққа келіп, бірлескен шешім туралы келіседі.

«Миға шабуыл» қысқа уақыт ішінде көптеген идеяларды дамыту әдісі ретінде он екі адамнан аспайтын топтағы мәселелерді шешуді ұжымдық іздеуде тиімді. Топтың әр мүшесі мәселені шешу үшін кем дегенде бір идеяны ұсынады. Идеялар бағалауға, талқылауға немесе сынға жатпайды. Миға шабуыл оңтайлы ұзақтығы шамамен 30 минутты құрайды. Интернетте бұл әдіс мультимедиялық, аудио және бейнеконференциялар мен онлайн-чаттарда, яғни нақты уақыт режимінде қарқынды байланыс жағдайында тиімді.

«Миға шабуылдың» негізгі кезеңдері:

- мәселені анықтау
- идея генераторлары мен сарапшыларды таңдау
- мәселені талқылау және ұсынылған идеяларды жазу
- идеяларды талқылау және оларды маңыздылығы бойынша саралау
- басымдықтарды анықтау және ең құнды идеяны ұжымдық таңдау.

Әдетте идеяларды әзірлеу және талқылау үдерісі қалай құрылады? Мәселе қойылғаннан кейін, жетекші қатысушылар алдына мәселе бойынша

ақпарат алмасу қажеттілігін айтып, міндет қояды. Бұл кезде ақпарат алмасу тек нақты және объективті сипатқа ие болады және қатысушылар ақпаратты бағалаудан аулақ болуы тиіс. Ақпарат алмасып, ми шабуылын жасаған қатысушылар оны талдауға көшеді. Енді оларға жиналған деректер туралы не ойлайтынын айту мүмкіндігі беріледі. Осы кезде жүргізуші барлық айтылған пікірлерді тіркейді (жазады), мәселені шешуге мерзімінен бұрын көшуге тырыспайды. Әрі қарай, жүргізуші топқа мәселенің шешімін табуды ұсынады. Бұл кезең максималды қиялды қажет етеді. Топ басшысы ұсынылған шешімдерді тіркейді. Топ ұсынылған шешімдерді екін кезінде жүргізілген талдаумен салыстырады. Кейбір идеялар алынып тасталады, кейбірі топты барлық қатысушыларды қанағаттандыратын түпкілікті шешімге әкелетіндей етіп біріктіріледі. Қорытынды шығару кезінде басты сұрақ қойылады: проблемалық жағдай шешілді ме (мақсатқа қол жеткізілді ме)? Сондай-ақ, «миға шабуылға» қатысушылар үшін барлық жағдай түсінікті ме, проблемасын шешу тәсілдері, критерийлері дұрыс таңдалды ма, сондай-ақ практикалық іс-әрекеттер үшін ұсынымдар әзірлеу мүмкін болды ма екенін анықтау маңызды.

Әдістің артықшылықтары:

- мәселені талқылауға және идеяларды ұсынуға ми шабуылы тобының әр мүшесінің тең қатысуын қамтамасыз ету,
- шешім қабылдау үдерісінің кез келген сатысында өнімділіктің бірдей жоғары болуы,
- барлық ұсынылған идеяларды тұрақты жазу және белгілеу мүмкіндігі,
- идеялардың «тізбекті реакциясы» әсерінің пайда болуы үшін қолайлы жағдайлар.

Әдістің кемшіліктері:

- бір немесе екі көшбасшының – топтың ең белсенді мүшелерінің үстемдік ету мүмкіндігі,
- бір типтегі идеяға «айналу» ықтималдығы,
- өткізуге шектеулі уақыт

Интернетке бағытталған педагогикалық технологиялар

Бұл тарауда күндізгі оқыту жүйесінде бұрыннан белгілі болған кейбір оқыту технологиялары келтірілген, бірақ соңғы уақытта біршама өзгертілген түрінде қашықтықтан оқытуда жиі қолданыла бастады.

1. Жеке оқыту

Жеке тәлімгерлік. Желілік тәлімгер – белгілі бір пән саласындағы кәсіби маман, ол оқушыға белгілі бір мәселені оқу бағдарламасы аясында да, одан тыс жерлерде де өз бетінше игеруге көмектеседі (әсіресе талантты балалармен жеке жұмыс туралы айтатын болсақ). Оқушылармен жұмыс жасаудың бұл түрі Интернетті пайдалану үшін өте қолайлы, өйткені білім алушылар ересек тәлімгермен жеке бетпе-бет сөйлескеннен гөрі электронды пошта немесе чат арқылы сөйлескен кезде өзін еркін сезінеді. Кешіктірілген байланыс сұрақтар мен жауаптарды неғұрлым нақты тұжырымдауға мүмкіндік береді. Тәлімгерлік білім алушы тапсырманы орындаған кезде немесе тақырыпты түсінген кезде аяқталады.

2. Жұптық оқыту

Дайындық. Топтың екі қатысушысы бірлесіп қорытынды презентацияға (жобаны ұсыну, конференцияда баяндама жасау және т.б.) дайындалады. Олардың әрқайсысы өз презентациясын дайындады. Алайда, олардың алдына жаңа міндет қойылады – осы презентацияларды бір-бірінің алдына «ойнап беру», содан кейін олардың сапасын талқылау, мүмкіндігінше бір-біріне көп сұрақ қойып, болашақ ресми жоспарланған презентация кезінде бүкіл топ алдында қандай жағдайлар туындауы мүмкін екенін болжауға тырысу. Алдын ала қарап, талқылаудан кейін оқушылар өз материалдарын түзетеді, бір-біріне оларды пысықтауға (қайта өңдеуге) көмектеседі. Жұмыстың осы түрімен білім алушылар зерттелетін мәселенің мәнін тереңірек түсінеді, презентацияның барлық материалын алдын-ала «айтып береді», бұл келесі мәселелерді шешуге мүмкіндік береді:

- көпшілік алдында сөйлеу үрейі жойылады;
- өзіне деген сенімділік артады;
- материал есте қалады;
- барлық кемшіліктер алдын-ала түзетіледі (бұл болашақта презентацияның тексерілген, қатесіз нұсқасын ұсынуға мүмкіндік береді);
- оқушылар желілік ресурстар мен технологияларды пайдалануда тағы да бір рет (мысалы, бейне конференцияға немесе чатқа қатысу кезінде) жаттығады.

Хат алмасу бойынша достар. Интернет арқылы білім алушылардың қарым-қатынасының «классикалық» түріне айналып отыр. Электрондық пошта арқылы хат алмасу, чаттарда хабар алмасу шет тілдерін үйренуде, тілдік дағдыларды қалыптастыруда және басқа тіл тасымалдаушысымен қарым-қатынас жасауға өте тиімді. Алайда, интернеттегі білім алушылармен жұмыс істейтін оқытушылардың көпжылдық тәжірибесі көрсеткендей, белгілі бір тақырыпсыз және мұғалімнің бақылауынсыз жай ғана хат алмасу тиімді болмайды және де ондай хат алмасу басталысымен бірден тоқтап қалуы да мүмкін. «Хат алмасу бойынша достарға» нақты тапсырмалар беріліп, олардың қызметі белгілі бір оқу курсына сәйкес келуі тиіс және хат алмасу жоспар бойынша жүзеге асырылуы керек. Бұл жұмыс формасы білім алушыларды жобалық әдістеме бойынша оқытуда, гуманитарлық пәндер жобаларында жиі қолданылады.

Бірлескен шығармашылық жұмыс. Бұл әдіс телекоммуникациялық жобалар аясында оқушылармен жұмыс істегендердің барлығына да белгілі. Оқушылар екі адамға бір шығармашылық тапсырма алады және онымен қосалқы автор ретінде жұмыс істей бастайды. Сонымен қатар, бірлескен іс-әрекеттің әртүрлі схемалары болуы мүмкін, оларды білім алушылар өздері таңдай алады немесе оқытушының кеңесімен таңдайды.

Рецензиялау. Оқушылардың бірлескен жұмысының бұл түрі бір-бірінің жұмысына пікір алмасуды қарастырады. Мұғалім екі оқушыға сынақ жұмысы ретінде реферат жазуға, содан кейін осы рефераттармен алмасып, пікір жазуға тапсырма береді. Жұмыс аяқталғаннан кейін білім алушылар өз жұмыстарын

(жазылған реферат пен рецензияларын) электронды пошта арқылы мұғалімге жібереді, мұғалім оларды тексеріп, өз пікірін жазады.

3. Ұжымдық оқыту

Пікірталас. Пікірталас – бұл көпшілік алдындағы дау, білім алушылармен жұмыс жасауда жиі қолданылатын тәсілдердің түрлерінің бірі. Әдетте өзекті мәселелерді талқылауға арналған. Пікірталастар асинхронды байланыс арқылы (тарату тізімдері, форумдар арқылы) және телеконференция түрінде нақты уақыт режимінде жүргізілуі мүмкін.

Пікірталасты мұқият жоспарлау керек, ал пікірталасқа қатысушылар оны өткізгенге дейін тақырыппен танысып, өз көзқарастарын дәлелдеу үшін дереккөздердің жеткілікті санын зерттеуі керек.

Әрі қарай, пікірталас бейнеконференция түрінде өтеді, ол дәстүрлі пікірталасқа өте жақын немесе асинхронды конференция түрінде өтеді. Бұл жағдайда қатысушылардың бірі немесе оқытушы кіріспе жазады. Әр оқушы (оқушылар жұбы, тобы) конференцияда өз баяндамасын жариялайды; содан кейін дәлелді талқылау өтеді, онда үйлестіруші негізгі рөл атқарады. Асинхронды диспуттың ұзақтығы, әдетте, екі аптадан аспайды.

Пікірталасты рөлдік ойындармен, жеке немесе командалық ойындармен біріктіруге болады.

Баяндама (презентация). Көпшілік хабар, бағдарламаның белгілі бір тақырыбын, мәселесін кең баяндау. Баяндаманы оқу процесінің әртүрлі қатысушылары ұсына алады:

- оқытушы (лектор, үйлестіруші және т. б.);
- шақырылған сарапшы;
- білім алушы;
- білім алушылар тобы.

Сонымен қатар, егер күндізгі оқудағы баяндамашы мен оқу тобы бір жерде болса, қашықтықтан оқыту кезінде барлық қатысушылар бір-бірінен қашықтықта болады, ал баяндаманың өзі нақты уақыт режимінде телеконференция түрінде жүргізіледі.

ЖМБ оқу пәндерін ағылшын тілінде оқыту процесінде электронды технологияларды қолдана отырып қашықтықтан оқытуға көшу кезінде пәндерді онлайн немесе синхронды түрде ұйымдастыруда ыңғайлы құралдың болуы маңызды. Ағылшын тілінде ЖМБ оқу пәндерін қашықтан оқыту форматы барысында компьютерлік телекоммуникацияларды қолдану үшін:

Чат сабақтары – чат технологиясын қолданатын сабақтар. Чат сабақтары барлық қатысушылар бір уақытта чатқа кіргенде синхронды форматта өткізілетін сабақтар.

Веб-сабақтар – қашықтықтан өткізілетін сабақтар, конференциялар, семинарлар, іскер ойындар, зертханалар, шеберханалар және білім берудің басқа нысандары телекоммуникация құралдары және интернеттің басқа да мүмкіндіктерінің көмегімен жүзеге асырылады.

ЖМБ пәндері бойынша білім беру телеконференциялары оқушылардың электрондық почтаны қолдану негізінде өткізу ұсынылады.

Мұғалімдерге онлайн режимінде оқытудың әртүрлі формаларын қолдануға кеңес беріледі, мысалы:

➤ сабақ тақырыбының теориясын түсіндіру (нақты уақыт режимінде, басқару элементтерімен, бейне және аудио элементтерімен);

➤ сценарий бойынша өзіндік жұмыс (іздеу, зерттеу, шығармашылық және т.б.);

➤ чат конференциясы;

➤ форум конференция;

➤ ұжымдық жоба жұмысы;

➤ жеке жобалық жұмыс;

➤ жаттығулар;

➤ бақылау жұмысы (тестілеу, бақылау сұрақтарына жауаптар);

➤ жеке және топтық кеңес.

Оқытудың осындай қызықты формаларының комбинациясын қолдана отырып, мұғалім, әртүрлі типтегі сабақтарды құра алады. Педагог пен білім алушылар бұлт технологияларын мысалы, Dropbox файл алмастырғыштары, SkyDrive, Yandex, Disk, Google дискілері және т.б. сияқты технологияларды қолдану арқылы жұмыс нәтижелерімен алмаса алады.

Сондай-ақ білім алушылар жұмыс нәтижелерін, яғни оқу тапсырмаларын әлеуметтік желілерде WhatsApp және Telegram сияқты мессенджерлер арқылы талқылай алады.

Қашықтықтан оқыту болмаған жағдайда, ЖМБ оқу пәндерінің мұғалімдеріне оқу тапсырмаларын білім алушыларға телефон арқылы ұйымдастыру ұсынылады. Оқу материалдары қол жетімді, түсінікті және орындау алгоритмі нақты болуы керек.

Қашықтықтан оқыту технологияларын қолдана отырып, физика, химия, биология және информатика оқу пәндерінен қашықтан оқытуды ұйымдастыру үшін мұғалімдерге материалды ұсыну тәсілін сынып жұмысына байланысты өзгертіп, шығармашылық жұмысқа көп уақыт бөліп, оқушылармен кері байланыс орнату ұсынылады.

Тікелей байланыстың жетіспеушілігін жою үшін мұғалім оқушылармен кері байланыс формасын анықтауы керек, бұл оқушының эмоционалды жағдайын, оның оқу процесіне қатысу дәрежесін, оқу дәрежесін анықтауға мүмкіндік береді.

«Информатика» және «Робототехника» пәнінің мұғалімі – Кутурбаев Б.Ж мұғалім өз пәнін ағылшын тілінде оқыту кезінде оның кәсіби дамуы мен жаңа мүмкіндіктерін қарастыру оқушылармен тиімді қарым-қатынас жасаудың ресурсы мен тиімді тәсілі деп санайды. Ол өз сабақтарында 5E және PBL (Project based learning - жоспарлау мен оқытудың) екі нұсқаулық моделін ұстануға тырысады.

5E моделі конструктивизм теориясына негізделген және оқытудың дәстүрлі тәсілінен ерекшеленіп, қашықтан оқу процесінде технологияларды қолдану барысында өте тиімді. Ұтымдылықтың басты идеясы – оқушылар өздері үшін білімдерін қалыптастырады. Ал мұғалімдер оларға тапсырмаларды ұсына отырып көмектеседі және әр оқушының әлеуетін ашуға сабақта жағдай

жасайды әрі оларды сыни тұрғыдан ойлауға және конструктивті жолмен есептерді шығаруға үйретеді. Сол үшін оқу материалдарын әзірлеу кезінде оқушылардың зейініне басты назар аударылу керек. Өйткені оқу материалдарын игеру деңгейі оқушының өзіне байланысты болады.

Кутурбаев Б.Ж сабағы 5Е моделі бойынша төмендегідей кезендерден тұрады:

- *Engage*
- *Explore*
- *Explain*
- *Elaborate*
- *Evaluate*

Әдетте Кутурбаев Б.Ж сабақты мәселеден немесе сұрақ қоюдан, кейде қызықты оқиғадан бастайды. Мысалы: «Біз ақпаратты бір форматта қалай сақтау керектігін білеміз, мысалы, жас немесе ағымдағы температура. Егер температура туралы ақпаратты бір ай, бір жыл, екі жыл ішінде сақтау және өңдеу қажет болса, біз не істейміз...?»

Engagement Phase бөлімінің мақсаты - білім алушыларды оқу үдерісіне тарту. Мұғалім оқушылардың бұрынғы тәжірибесі мен білімін бағалайды. Бұл олардың мықты тұстарын анықтап, білім алудағы кемшіліктерін толықтау керектігін түсінуге көмектеседі.

Сондай-ақ, **Engagement Phase** бөлімі оқушылардың алдыңғы тақырыпқа қызығушылық таныту үшін олардың қызығушылығын анықтауға көмектеседі. Әдетте мұғалім ашық сұрақ қойып, оқушылардың беделін қалыптастыру үшін жауабы бар жазбалар жасайды.

Бұл тиісті тапсырмаларды дайындауға немесе дайын жоспарды тезарада бейімдеуге көмектеседі.

Engagement Phase бөлімінде Кутурбаев Б.Ж оқушыларға пікірталасқа қатысып, бірінші бөлімнің сұрағына бірлесе отырып, өз жауаптарын табу үшін тырысуға кеңес береді. Сонымен қатар жаңа тақырыпқа сай бейнежазбалар, мақалалар, подкасттар мен көрнекі құралдарды қолдану қажет.

Engagement Phase бөлімінде оқушылар жаңа тақырыпты тікелей жаңа тәжірибе арқылы меңгереді. Мұғалім оқушылардың жаңа тақырыпты зерттей алатын, пікір алмасатын, алған мәліметтерін жүйелеп, құрылымдай алатындай жағдай жасайды.

Engagement Phase бөлімінде мұғаләм белсенді бола бастайды және ТТТ (Teacher Talking Time) басталады. Мұғалім оқушыларға алған білімдерін қортындылауға көмектесіп, олардың барлық сұрақтарына жауап береді.

Мұғалім сабақтың теориясына кіріспес бұрын, оқушылар Explore бөліміндегі ақпараттарды қалай қабылдағандарын түсіну керек. Кутурбаев Б.Ж әріптестеріне теорияны түсіндіруді семинар және бейнесабақ түрінде екіге бөлуді ұсынады. Екі жағдайда да ақпарат бірдей. Тек бейнесабақта ақпарат суреттердің қатыстыруымен ықшамды түрде беріледі. Сондай-ақ, тиімділік үшін оқушылардан білгендерімен бөлісуін және түсінгендерін өз сөздерімен жеткізуін сұрау керек. Осылайша олар ақпаратты бұрынғы тәжірибесіне сүйене отырып өздері арқылы өткізе алады. Осыдан кейін ғана мұғалім жаңа

терминдер, ережелер мен ақпараттарды түсіндіре отырып, оқушыларға егжей-тегжейлі толық мәлімет бере алады. Exploration Phase кезінде Кутурбаев Б.Ж оқушылармен **Google Meet** – арқылы байланыста екенін әрі сабақтың тақырыптары мен тапсырмаларын түсіндіру барысында экран арқылы бөлісу мүмкіндігіне ие екенін атап көрсетті. Google Meet – бұл Google Suite for Education ұсынған құралдар жиынтығының бір бөлігіне жатады. Оқушылар бейне сұқбаттасу үшін браузер немесе мобильді қосымша арқылы байланысқа шыға алады. Бейне чат құрылғаннан кейін барлық байланысқан оқушылар бірбірін көре алады және нақты уақыт режимінде сөйлесе алады. Бейнебайланыс кезінде алдын ала дайындалған оқу-материалдарын жұмыс үстелі арқылы ағынмен жіберуге болады. **Google Meet** қолдану барысында берілген талаптары сақталуы тиіс.

1. Қолданыстағы операциялық жүйелер:

Apple ® macOS ®

Microsoft ® Windows ®

Chrome OS

Ubuntu ® и другие Linux Debian на основе.

2. Қолданыстағы веб-браузер:

Браузер Chrome.

Mozilla ® Firefox

Microsoft ® Edge

Apple ® Safari

Сондай-ақ, Кутурбаев Б.Ж Exploration Phase кезінде қажет болған жағдайда экранға жазу үшін Wacom қаламды планшеті мен Eric Pen қолданады. Осы пайдалы бағдарламаның көмегімен интерактивті қаламдар сияқты ыңғайлы құралдарды пайдалана отырып, экранға тікелей жаза аласыз және барлық оқушыларға жазбаңызды көрсете аласыз. Осылайша сіз бәрімен байланыста бола аласыз. Бұл бағдарлама сурет салуға, жазуға кей элементтер мен веб-беттерді ерекшелеуге мүмкіндік береді. Мұғалім экранның бетіндегі әйнекке сурет салып жатқандай көрінеді.

Elaborate Phase бөлімі арқылы жаңа дағдыларды нығайту үшін көп нәрсені сынап көруге және бірлесіп жұмыс істеуге болады.

Бұл бөлімде оқушылардың алған білімін бекіту және тақырыпты тереңірек түсінуді дамыту үшін оқытушы Кутурбаев Б.Ж. Google Classroom виртуалды сыныбының көмегімен нақты тапсырмалар береді немесе жоба әзірлейді.

Google Classroom – оқушыларды қашықтан оқытуды жеке және топтық жұмыс кезінде ұйымдастыруды және басқаруды жеңілдетеді. Оның көмегімен мұғалім оқушыларға материалдар жібере алады, оқушылардың тапсырмаларды орындау процесін бақылайды, олардың жұмысын бағалайды, сонымен қатар түсініктемелер қалдырып, кері байланыс алады. Сондай-ақ, осы бөлімде Кутурбаев Б.Ж ағындар ж.ргізеді, мұнда оқушылармен бірге сюжет ойлап тауып, Greenfoot бағдарламалық жасақтамасында ойын жазады. Greenfoot әдетте оқушылар арасында үлкен қызығушылық тудыратын компьютерлік ойындар жасауға бағытталған. Сабақтың **Evaluate Phase** кезеңінде мұғалім

барлық оқушылардың жаңа тақырыпты түсінген – түсінбегенін көреді және кері байланыс жасайды. Яғни мұғалім мен оқушылардың сабақта жасаған жұмысын және олардың жаңа тақырыпты қалай түсінгендігін бағалау үшін біріздену пайда болады. Бұл үшін Кутурбаев Б.Ж. оқылған материалдарды жинақтауға және бағалауға көмектесетін тестілерді қолдануды, сондай-ақ, әр оқушымен жеке сұқбат жүргізуді ұсынады.

Нұр-Сұлтан қаласындағы ҰБА РФММ «Информатика» және «Робототехника» пәні мұғалімі Кутурбаев Б.Ж. сонымен қатар **PBL (Project based learning)** әдісін желідегі сабақтарда оқушының өздік жұмысына бағытталған оқытудың тиімді инновациялық әдістерінің бірі ретінде қарастырады. Бұл оқушылар ұзақ мерзімді зерттеу барысында және танымдық әрі күрделі сұраққа жауап іздеу кезінде немесе күрделі мәселені шешу барысында білім мен дағдыларды игеретін оқыту әдістемесі. Бұл әдіс оқушының сабақтың тақырыбын кеңейтуге және тереңірек түсінуге үйретеді.

Өйткені ол берілген практикалық мәселені шешуге тырысып, білім беріп қана қоймай, одан да белсенді роль атқарады.

PBL мүмкіндіктеріне мыналар жатады:

- жеке бағдар
- проблема төңірегіндегі оқу процесін ұйымдастыру
- шағын топтардағы жұмыстарға назар аудару

Топта жұмыс жасай отырып, оқушылар сыныптастарымен еспеті шешу үшін қандай қадамдар жасау керектігін анықтап, содан кейін оқушылар өздері жүзеге асырады.

Яғни бұл әдістің мәні –жаңа тақырыпты үйреніп, есте сақтау ғана емес, бірлесе жұмыс жасап, оның нәтижесін сыныппен бөлісу болып табылады.

Кутурбаев Б.Ж. «Информатика» және «Робототехника» сабақтарына PBL (Project based learning) әдісін қолдануда төмендегідей қадамдарды ұсынады:

- оқушылардың шешілуі керек мәселелерін ұсынуы;
- мәселені шешу үшін қажетті ақпараттар мен әрекеттер алгоритмін анықтау;
- қажетті ақпаратты табу жоспарын құру;
- мәселені зерттеу;
- мәселенің оңтайлы, шығармашылық шешімін табу;
- мультимедиалық технологияларды қолдана отырып, өз шешіміңізді аудиторияға ұсыну.

Төңкерілген сабақ дегеніміз мұғалім оқушыларға үй жағдайында орындауға теориялық тапсырма беріп, ал сыныпта берілген сабақтың практикалық түрін орындау болып табылады.

Төңкерілген сабақты орындау үшін водкасттар (vodcast), подкасттар (podcast), және преводкастинг (pre-vodcasting) қолданылады.

Кутурбаев Б.Ж: «Мұғалім қолданатын 5Е пен PBL оқу нұсқаулықтары қатып қалған шаблондар емес, бұлар негізінен, контекст пен мақсатқа байланысты кейбір элементтер алынып тасталуы немесе ауыстырылуы мүмкін құрылым» деп бөліседі.

Жоғарыда аталған оқыту модельдерімен қатар, Кутурбаев Б.Ж. әріптестеріне «Информатика» пәнін ағылшын тілінде оқыту процесінде «Төңкерілген сабақ» (Flipped Class) ретінде білім беру үдерісінің моделін қолдануға кеңес береді. Бұл оқушылардың оқу үдерісіне қатысуы мен ынтасын арттырады.

Мұғалім қашықтан оқытудың жалпы платформасына тақырыпқа сай видео ресурстарды (водкасты), аудиодәрістерді (подкасты), мәтіндерді, сондай-ақ, тесттерді жібереді.

Оқушылар подкасттарды өз құрылғыларына, ұялы телефондарына жүктеп, онлайн режимде дәрістерді тыңдай алады. Кутурбаев Б.Ж. тақырыптарды дәл қамту үшін өз әріптестерімен бірлесіп, тақырыпқа сай бейне материалдарды өздігінен жазуға тырысқан.

Олардың бейне сабақтарының сілтемесі мысал ретінде ұсынылып отыр:

<https://www.youtube.com/watch?v=4Ks-czfane8>

<https://www.youtube.com/watch?v=WpuJbEqj-90&t=136s>

Төменде Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің №1 мектеп-лицейінің мұғалімі Д.Төлепбергенова құрастырған ағылшын тіліндегі информатика сабағының 9-сыныптағы (қашықтан оқыту форматы) ұсынымдық сипаттағы қысқа мерзімді жоспары берілген. Қысқа мерзімді жоспар аппараттық және бағдарламалық жасақтаманы ескере отырып жасалған. Оқушылардың монитор алдында өткізе алатын 20 минутқа дейінгі уақыты сақталады. Сабақ бар білік пен білімге сүйене отырып, практикалық жұмыстарға кесте құру барысында, информатика пәнін оқытудағы ерекшеліктер ескеріле отырып, жаңа тақырыптармен толығыады.

«Информатика» оқу пәні бойынша

қысқа мерзімді сабақ жоспары

9-сынып

Subject - Informatics, grade 9

Lesson number 14


Full name of the teacher - Tolepergenova Dina Dosymovna

Lesson topic - Sort and filter data.

Objectives: 9.2.2.3 to search, sort and filter data

Time	Text	What is used
1	<p>Hello guys! How are you? Do you hear me? Do you see the slide? Let's wait a bit? I think we can start our lesson! What do you see on the slide? Answers: scanword Найдите в сканворде слова. Find the words in the scanword. Я вам в чате отправила ссылку. Откройте это задание на своих на компьютерах. Выполните задание. I sent you a link in the chat. Open this task on your computers. Complete the task. I give you 3 minutes. OK? Проверим! Check it out! Let's go to the demo. Let's see the result. Well done all did it. Отлично! Fine! Great job! Какие термины мы не использовали при работе с таблицами?</p>	1 слайд

	What terms have we not used when working with tables? Кто может ответить? Who knows? Who can answer?													
2	<p>Тема сегодняшнего урока: «Сортировка и фильтрация данных». The theme of our lesson: "Sort and filter data." Сегодня на уроке мы научимся: осуществлять поиск, сортировку и фильтрацию данных; создавать базу данных в электронной таблице; Today we will learn: search, sort and filter data; create a database in a spreadsheet;</p>	2 слайд												
	<p>На прошлом уроке мы познакомились с Методами поиска информации. In the last lesson, we have learned Information search methods . Выполним задание: Установите соответствие между заменяемыми символами и методами поиска информации.</p> <table border="1"> <tr> <td>?(Вопросительный знак)</td> <td>A. Заменяет любое количество сим</td> </tr> <tr> <td>*(Звёздочка)</td> <td>B. Устанавливает вопросительный звёздочку</td> </tr> <tr> <td>~(Тильда)</td> <td>C. Заменяет один символ</td> </tr> </table> <p>Let's complete the task: Who can read? Match the replaced characters and methods Information search methods</p> <table border="1"> <tr> <td>?(Questionmark)</td> <td>A. Replaces any number of characters</td> </tr> <tr> <td>*(Asterisk)</td> <td>B. Sets a question mark and an asteris</td> </tr> <tr> <td>~ (Tilda)</td> <td>C. Replaces one character</td> </tr> </table> <p>Подумайте! Кто может ответить? Молодцы Well think please! Who can answer? Все так думают? Everybody thinks so? Well done! Let's check answers Ответ 1) C, 2) A, 3) B</p>	?(Вопросительный знак)	A. Заменяет любое количество сим	*(Звёздочка)	B. Устанавливает вопросительный звёздочку	~(Тильда)	C. Заменяет один символ	?(Questionmark)	A. Replaces any number of characters	*(Asterisk)	B. Sets a question mark and an asteris	~ (Tilda)	C. Replaces one character	3 слайд
?(Вопросительный знак)	A. Заменяет любое количество сим													
*(Звёздочка)	B. Устанавливает вопросительный звёздочку													
~(Тильда)	C. Заменяет один символ													
?(Questionmark)	A. Replaces any number of characters													
*(Asterisk)	B. Sets a question mark and an asteris													
~ (Tilda)	C. Replaces one character													
	<p>Приступим к изучению новой темы Let's start learning a new topic Для чего используются методы "Сортировка" и "Фильтрация"? What are the Sort and Filter methods used for? Когда у нас большой объем данных, трудно найти конкретную информацию о необходимом элементе. Из-за этого нам пришлось использовать инструменты сортировки или фильтрации. <i>When we have a big amount of data it is difficult to find specific information about a required item. Because of that, we need to use sorting or filtering tools.</i> (Дамир, прочитай пожалуйста, текст на слайде) (Damir, please read the text on the slide) Сортировка данных используется для анализа и систематизации информации. Data sorting is used to analyze and organize information.</p>	4 слайд												
	<p>Сортировать записи таблицы можно по любому полю, задав настраиваемую сортировку You can sort table records by any field by setting a custom sorting</p>	5 слайд												

		
	<p>Давайте посмотрим видео о том, как выполнить сортировку, фильтрацию и поиск данных в базе данных. Let's watch a video explanation on how to sort, filter and search data in a database.</p>	6 слайд
	<p>Итак, вы знаете как выполнить сортировку и фильтрацию данных So you know how to sort and filter data. Ребята, попробуйте выполнить на своём компьютере задания из видео. Guys, try to complete the tasks from the video on your computer. Я отправлю вам в чат файл для работы I will send you a file in the chat to work. I give you 3 minutes. OK? Я думаю у вас все получится. I think you will succeed. Кто готов продемонстрировать свою работу. Who can show their work?</p>	7 слайд
	<p>А теперь повторим материал <u>Now let's repeat the material of our lesson</u> <u>Now let's repeat the material</u> Exercise 1. Answer the question: a set of data organized according to certain rules, B) a set of programs for storing and processing large amounts of information, C) an interface that supports filling and manipulating data, D) a certain set of information. Teacher: Let's check answer. Who knows? Yes, you're right. Good! Excellent!</p>	8 слайд
	<p>Exercise 2. Answer the question: Запись БД – это столбцы таблицы, образующие структуру базы данных, B) набор данных об одном объекте, <u>C) строки таблицы, содержащие определенную информацию,</u> D) заголовок таблицы базы данных, E) строка заголовка реляционной таблицы. A DB entry is A) table columns that form the database structure, B) a set of data about a single object, <u>C) table rows containing certain information,</u> D) the title of the database table, F) the header row of the relational table. Teacher: Let's check answer. Who knows? Yes, you're right. Great</p>	9 слайд

	job!																																																		
	<p>Exercise 3. Answer the question:</p> <p>HOW MANY ENTRIES IN THIS FRAGMENT MEET THE CONDITION: "Gender = 'm' OR Chemistry > Biology"?:</p> <table border="1"> <thead> <tr> <th>Name</th> <th>Gender</th> <th>Mathematica</th> <th>Russian</th> <th>Chemistry</th> <th>ICT</th> <th>Biology</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td>Pupil1</td> <td>female</td> <td>18</td> <td>92</td> <td>83</td> <td>28</td> <td>61</td> </tr> <tr> <td>Pupil2</td> <td>female</td> <td>33</td> <td>25</td> <td>74</td> <td>38</td> <td>46</td> </tr> <tr> <td>Pupil3</td> <td>female</td> <td>71</td> <td>63</td> <td>56</td> <td>82</td> <td>79</td> </tr> <tr> <td>Pupil4</td> <td>female</td> <td>82</td> <td>56</td> <td>46</td> <td>32</td> <td>70</td> </tr> <tr> <td>Pupil5</td> <td>male</td> <td>54</td> <td>74</td> <td>68</td> <td>75</td> <td>83</td> </tr> <tr> <td>Pupil6</td> <td>male</td> <td>43</td> <td>52</td> <td>45</td> <td>74</td> <td>23</td> </tr> </tbody> </table> <p>Answer: 4</p>	Name	Gender	Mathematica	Russian	Chemistry	ICT	Biology	Pupil1	female	18	92	83	28	61	Pupil2	female	33	25	74	38	46	Pupil3	female	71	63	56	82	79	Pupil4	female	82	56	46	32	70	Pupil5	male	54	74	68	75	83	Pupil6	male	43	52	45	74	23	10 слайд
Name	Gender	Mathematica	Russian	Chemistry	ICT	Biology																																													
Pupil1	female	18	92	83	28	61																																													
Pupil2	female	33	25	74	38	46																																													
Pupil3	female	71	63	56	82	79																																													
Pupil4	female	82	56	46	32	70																																													
Pupil5	male	54	74	68	75	83																																													
Pupil6	male	43	52	45	74	23																																													
	<p>Teacher: Let's check answer. Who knows? Yes, you're right. Good! Excellent!</p>																																																		
	<p>Exercise 4. Answer the question:</p> <p>В табличных базах данных полем называется:</p> <p><u>столбцы таблицы, образующие структуру базы данных,</u></p> <p>В) строка заголовка реляционной таблицы,</p> <p>С) набор данных об одном объекте,</p> <p>Д) строки таблицы, содержащие определенную информацию,</p> <p>Е) заголовок таблицы базы данных.</p> <p>In tabular databases, a field is called:</p> <p><u>A) table columns that form the database structure,</u></p> <p>B) the header row of a relational table,</p> <p>C) a set of data about a single object,</p> <p>D) table rows containing certain information,</p> <p>E) the title of the database table.</p> <p>Teacher: Let's check answer. Who knows? Yes, you're right. Good!</p>	11 слайд																																																	

Нұр-Сұлтан қаласы ҰБА РФММ химия пәнінің мұғалімі Райсханова Г. С Химия сабағын қашықтан оқытудағы педагогикалық дизайн Internet пен IT-технологиясының мүмкіндіктеріне сүйене отырып, оқыту мен оқудың заманауи әдістері негізінде құрылған деп санайды. "Instructional design" педагогикалық дизайн термині оқыту мен «шығармашылық үлгі» ықпал ететін іс-шара болып табылады. Педагогикалық дизайн процесі кезінде бірегей білім беру өнімін жасау үшін ғылыми теориялық және практикалық білім, бақылау, шығармашылық, интеллектуалды және зерттеушілік қабілеттер мен дағдылар қолданылады. Қашықтан оқытудың педагогикалық дизайнының мақсаты – оқыту ортасын жобалау және білім алуда жетістікке жетудің жағдайларын жасау, үйретудегі мүмкіндікті кеңейтіп, топтық және жеке оқушылар үшін білім мен біліктің әдістемелік нұсқаулығын тиімді құру болып табылады. Оқыту формасын өзгерту стандартты емес режимде сабақты жоспарлау синхронды және асинхронды, аралас және жеке оқыту процесін құру арқылы қамтамасыз етіледі. Педагогикалық жобалауға негізделген педагогика ғылымының қолданбалы аспектісі – білім беру технологиялары қолданыстағы және жаңа тәсілдерді іздестіруде белгілі бір мақсатпен жүзеге асырылатын «іс-қимыл жоспарын» білдіреді. Ең алдымен, қазіргі жағдайда, виртуалды қарым-қатынаста әлеуметтену дағдылары мен өзін өзі ұстау мәдениетін және белгілі бір коммуникацияны жүзеге асыра білу қабілеті мен Internet қосымшаларымен

жұмыс істеу қабілеттерін дамыту қажет. IT құзыреттері мен дағдыларын (skills) алдын ала анықталған нәтиже. Ең алдымен, қазіргі жағдайда, виртуалды қарым-қатынаста әлеуметтену дағдылары мен өзін өзі ұстау мәдениетін және белгілі бір коммуникацияны жүзеге асыра білу қабілеті мен Internet қосымшалары және IT құзыреттері мен дағдыларын (skills) алдын ала анықтап, оның нәтижесімен жұмыс істеу қабілеттерін дамыту қажет.

Педагогикалық жобалаудың негізгі мақсаты – оқытудың өнімділігін қамтамасыз ету және әр түлі білім беру ресурстарының: оқу-әдістемелік кешендердің компоненттері (оқулық, жұмыс дәптері мұғалімге арналған нұсқаулық) және сандық білім беру өнімімен, әр түрлі білім беру ресурстарының ұтымды көрінісімен байланысы негізінде интеграцияланған, жаңартылған және кіріктірілген оқу бағдарламалары мен мақсаттарына сәйкес оқу ортасын құру. Сонымен бірге білім беру үдерісіне қатысушылар психологиялық тұрғыдан жайлы және педагогикалық тұрғыдан дамып келе жатқан процеспен қамтамасыз етіледі.

Педагогикалық жобалаудың негізгі кезеңдері:

- **талдау:** алдағы оқу жұмысының құралдары мен шарттарын, үйрету мен оқытудың мақсатын анықтау;

- **жобалау:** жоспар дайындау, прототип жасау, негізгі шешімдерді талдау, сценарийлер құру;

- **әзірлеу:** жоспар, сценарий, прототиптерді оқу материалының жиынтығына айналдыру;

- **қолдану:** оқу материалдары оқу процесінде қолданылады;

- **бағалау:** оқу-жұмысының нәтижелері бағаланады, бағалау - оқу материалдарын түзету үшін қолданылады.

Оқушылардың рефлексиясын үнемі ынталандыру және қолдау үшін әр түрлі тиімді тұжырымдамалар мен қағидаларды «кеңейтілген қолдану» арқылы жүзеге асыруға болады. Таным процесінің өнімділігі мен жылдамдығының маңызды шарты – бұл заманауи таным формаларындағы әдіс-тәсілдер, сонымен қатар, сабақты дизайндау кезінде Миллер ережесін ескеруді қажет етеді. Миллер ережесі – бұл адам бір уақытта 7+2 немесе ары кетсе 2 элементті ғана есте сақтау қабілеті және танымдық жүктемені дұрыс бөлу болып табылады.

Райсханова Г. С. химия сабағында заттар арасында болатын құбылыстарды қол жетімді ғылыми принциптерге негізделген визуализациямен қамтамасыз етіп, функционалды негізге ие зерттеу шешімдерін қарастыруды ұсынады. Қашықтан оқу кезінде тақырыпты теориялық жағынан түсіну мен көзқарасқа жауапкершілік деңгей артады. Оқушылар реакция нәтижелеріне болжам жасап, құбылыстарды түсіндіреді, тәжірибелерін бақылап нәтижесін бейнересурстармен немесе сандық құрылғылармен бөліседі. Сабақтың практикалық бөлігін жүзеге асыруда химияны қашықтан оқыту мен үйретуде жаңартылған оқу бағдарламасына сай виртуалды зертханалар, бейнематериалдар мен тапсырмалары бар BilimLand, iTest, Twig-bilim.kz., сынды онлайн білім платформасынан қолдау табуға болады. Қашықтан оқуда білім беру мекемесінің зертханаларында жұмыс істеу мүмкіндігі болмаған

кезде виртуалды зертхананы пайдаланудың маңызды артықшылығы бар. Виртуалды зертхана өзімен «тікелей байланысқа түспей, шынайы құрылғы ретінде қамтылатын аппараттық-бағдарламалық кешенді» ұсынады.

Химия пәні бойынша виртуалды химиялық зертханалар виртуалды эксперименттер мен виртуалды лаборотриялық жұмыстар – химиялық білім беру мен алуда мұғалімдер мен оқушылардың назарын өзіне аудартатын зор сала болып табылады. Виртуалды зертханаларды білім беру практикасына енгізудің өзектілігі ақпараттық заман талабы. Сабақта жаңа тақырыпты түсініп, алған білімді бекіту үшін Райсханова Г.С. «Хабар» телеарнасындағы мұғалім өзінің барлық тәжірибесін көрсетіп, қалай бақылау керек екенін туралы түсіндірген бейне сабақтарын пайдаланады. Мұндай сабақтардың мазмұнының ерекшелігі – теориялық практикасы интеграцияланған PISA қолданбалы аспектісімен деңгейлес.

Мысалы, 7-сыныпта «Химиялық және физикалық құбылыстар» тақырыбын қорытып, бекіту мақсатында, күнделікті тұрмыста болатын физикалық және химиялық құбылыстар туралы бейнеролик құру, болжам жасау, таңдаған құбылысын физикалық немесе химиялық құбылысқа неге жатқызғанын дәлелдеу туралы тапсырма беріледі. Нұсқаулықта эксперименттерді жүзеге асыру барысында қауіпсіздік шараларын сақтау және ересек отбасы мүшесінің қатысуымен жүзеге асуы көрсетілген. Төмене Нұр-Сұлтан қаласы ҰБА РФММ

Педагог-магистр Г.Райсханова құрастырған «Химия» пәні бойынша 7-8 сыныптарда (қашықтық формат) ағылышын тілінде қысқа мерзімді жоспарлау үлгісі ұсынылды:

7 сынып бойынша «Химия» пәнінен қысқа мерзімді жоспарлау үлгісі

Chemistry. Grade: 7

Topic: Physical and chemical phenomena.

In this lesson you will learn: what a physical change and a chemical change involve; to give examples of physical changes and chemical changes; the methods for representing a chemical change; the importance of chemical reactions.

You should already know: what a mixture is; the basic types of mixture; what a phase change involves.

<https://bilimland.kz/en/courses/chemistry-en/general-chemistry/basic-concepts-and-laws-of-chemistry/lesson/physical-and-chemical-changes>

Question to the class: according to the purpose of the lesson, determine what concepts, terms you know?

